

ӘБДІЖӘМІЛ
НҰРПЕЙІСОВ

ҚАН МЕН ТЕР

Трилогия



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
Алматы — 1976

Каз2
Н86

Нұрпейісов Әбдіжәміл
Н86 Қан мен тер. Трилогия.
Алматы, «Жазушы», 1976.
1-ші кітап, Ымырт.
2-ші кітап, Сергелдең.
3-ші кітап, Күйреу.
824 бет

Әбдіжәміл Нұрпейісов — қазір әлемге аты әйгілі есімдердің бірі. Үш кітаптан тұратын бұл трилогияның әрбір парағынан жусан иісі мен Арал даласының аптабы, теңіз сарыны есіп тұрады. Кешегі аумалы-төкпелі замандағы дала тұрмысының қат-қабат шежіресін шерткен «Қан мен тер» бұл күндері талай жерді аралап кеткені оқушыға аян. 1974 жылы бұл трилогия СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды.

Каз2

Н 70303—003
402 (07) 76 Доп. — 75

АБДИЖАМИЛЬ НУРПЕИСОВ

КРОВЬ И ПОТ

Трилогия


(на казахском языке)

Редактор *У. Иманбаева.*
Художник *М. Палаткин*
Худ. редактор *Б. Табылдиев.*
Техн. редактор *М. Злобин*
Корректор *Н. Исмаилова.*

Сдано в набор 31/VII 1975 г. Подписано к печати 4/I 1976 г. Бумага № 1. Формат 84×108 1/32—23,75—43,26 усл. п. л.+3 цветные вклейки (48,4 уч.-изд. л.). Тираж 60 000 экз. Цена с припрессовкой 1 р. 77 к., без припрессовки 1 р. 69 к. Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105.

Заказ № 129. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 38.

УЧЕБНАЯ БИБЛИОТЕКА



Бірінші кітап

ЫМЫРТ

«Друзья мои! Чтобы живо чувствовать всю дерзость человеческого духа, надобно быть в открытом море, где одна тонкая дощечка, как говорит Виланд, отделяет нас от блаженной смерти»

Карамзин.
«Остров Борнгольм».

Бірінші бөлім

I

— Бетім-ай!.. Масқара-ай!..

Тырыл арық Қарақатын жерқазбаға танаурап сөйлей кірді. Құшағындағы отынды аласа қазандықтың жанына аудара тастады. Салпы етек бөз көйлектің бір шалғайын жоғары көтеріп, ышқырлығына қыстыра салды да, қызыл қарын жас немересін алдына алып ыңылдап отырған қайын ененің қасына қол таяна тізе бүкті.

Жерқазбаның терезесі дәл төбесінде; оған шелін алған шыңылтыр қой қарнын тұтқан-ды; батып бара жатқан күннің соңғы сәулесі қой қарнынан өлеусіреп қана түсіп тұр. Үй іші күңгірт. Қарт ананың жүзі көрінбейді. Тек ананың қақырадай биік ақ жаулығы ғана бозғылданады.

— Ене-ау, не есіткенің бар? Әлгі Қаратаздың... қойлы таздың інісі бар емес пе? Тәңірберген деген сері інісі бар еді ғой,— деп, Қарақатын енесіне қарай тағы бір ысырылып отырды. Сонан әрі бейуақ кешті біртүрлі құпиялы сырға бөлеп, ерні сүйреңдеп сыбырлай сөйледі.— Не басыңды ауыртайын сенің. Сол сері жігіт кеп, Еламанның үйіне түсті. Аты қаратер. Қанжығасында бір қоян, бір түлкісі бар. Қояны ақ тушадай-ау, ақ тушадай! Ақбала сыртқа шығып, сері жігітті аттан түсірді. Ал екеуінің қалай көріскенін көрсең... Масқара-ай.. Бетім-ай! О, жүзі қара! О, қара бет!..

Қалың киімді біреу жерқазбаның аласа есігіне сыймай, зорға кіріп келе жатты. Қарақатын тезірек от жағып жібермек болды. Оттық іздеп жанталасып жүріп, жолда тұрған қара құманды қағып кетті. Онан шелекке сүрініп, данғырдұңғыр болды да қалды.

— О, көктігілгір! О, қарабайлаңғыр! Есіз қалғырдың мүлкі, түге. Тап жаңа ғана тап-түйнақтай ғып, орын-орнына жинап қойып едім. Баласы құрғырлар-ау, жүретін жолға қойған.

Үй иесі үнсіз. Осының бәрі күнде есіте бергесін еті өліп кеткен. От басының берекесіз ластығына, қатынының салақтығы мен шаңқылдаған ашы даусына үйреніп, көніп алған. Ол қолына ұстай кірген бір асымдай тоң балықты босағаға тастай салды. Сонан соң жеңінің аузына мұз қатқан су-су киімін босағада тұрып шешті де, етігімен төрге шықты.

Қарақатын бықсып, жанбай жатқан отты үрлей түсті де, әлденеге мырс етті:

— Еламанды айтам-ау!.. Сорлының үйі бүгін сонша ұятты қалай көтеріп тұр екен.

Аққемпір келініне көз қиығын тастап: «Ә, құдайым!— деді ішінен,— қайтейін!.. Бұ да өзгеге күледі, өзіне күлетін кісі жоқ па екен, сонда!»

Қарақатын күйеуінің асты-үстіне түсіп, жалпылдап жатыр.

— Бізді асыраймын деп-ақ жаныңды жалдап жүрсің. Күн ұзын нәр татпаған кісіде әл қайдан болсын. Кел, етігіңді тартып жіберейін.

— Өзім шешем! Асыңды болдыр!

Қарақатын осы ауылда Ақбаламен өш. Ақбаланың жастығын, сұлулығын көре алмайды. Бәрінен бұрын күйеуі ұрысқан сайын: «Өзіңдей Ақбалаға қарашы! Жүріс-тұрысына ішпей-жемей ырза боласың»,— деп, сұлу келіншекті бұның бетіне салық қып басатын.

— Еламанның үйі жаққа көзің түсті ме?..— деді Қарақатын сықырлы жүзі жымыңдап.— Ақбаланы айтам-ау... Күйеуінің көзі тірісінде, тапа-тал түсте жігіт күтіп алып... Сонда, ол сорлы еркектің кәдесіне жараса екен-ау! Анау, шытыр жеген түйедей шерміп отырған түрі.

— Әй, жетер! Қой, енді!— деді Дос етігін шешіп жатып.

Қарақатын көсеумен жерді салып қалды.

— Қой, қой деп маған қожаңдағаны несі! Маған қойғызғанмен ел аузына қақпақ бола алмайсың. Қыз күніндегі желігін келіншек болғасын да баса алмай жүр. Осы өңір тегіс көріп, түңіліп отыр. Айта берсең, Ақбаланың ішіндегі баланы да Тәңірбергендікі екен деп...

Дос байпақты етікпен қатынын көк желкеден қойып қалды. Желкесіне тиген зілдей етік Қарақатынның жұлынын үзе жаздап, көзінен жас ыршып кетті. Дос қолындағы

етікті қайта сілтей бергенде, Аққемпір ұстай алды. Баласының қолынан етікті жұлып алып, есікке қарай лақтырып жіберді.

— Тарт қолыңды! Берекетін алма отымның басының!

Дос тіл қатайын деп еді, Аққемпір ақырып, тыйып тастады:

— Жә, тыңдамаймын сөзіңді. О заман да бұ заман, жаман қатынды сабап жақсы еткен жігітті көргем жоқ.

Қарақатын күйеуінің енді қол қата алмасын біліп, бүк түсіп отыра қап, ошаққа маңдайын сүйеп солқылдап жылады. Ол көз жасымен күйеуінің жүрегін жібіте алмасын білді. Үй ішінен өзіне жақтасатын жанашыр да іздеген жоқ, өзінің дәрменсіз сорлылығын мойындап, сағы сынып, налып жылады. Үй ішінің лаңынан зәбі боп қалған балалар әлден үрейі ұшып, шырқырап жылап, шам жақпай, қоңыр кеугім тартып тұрған үйдің іші азан-қазан болды да кетті.

Дос далаға жүгіре шықты. Өн бойына ессіз өшпенділік кернеген жігіт босағада сүйеулі тұрған тоң шотты қолына ұстай ұмтылды. Ашу үстінде бір лаңды істеп салуы сөзсіз еді. Осы кезде үйіне жақындап қалған Еламанды көрді де, шот қолынан түсіп кетті. Ол тек Еламан үйінің алдында қаңтарулы тұрған күміс ер-тұрманды бәйге күреңге жалт етіп, тістене қарады:

— Тьһ! Неше, сірә, қатын жанды болғанда да...

Дос ызаға булыққан қалпы ішке кірді.

II

Бас тоқсан кіргелі алдақашан. Бірақ, көптен бері күн жылымық тартып, ұлы теңіз ұстаса қоймады. Биылғы жел біртүрлі есірік. Жағалау қаймақтанып, кілегейлене бастаса-ақ арқадан шыққан қатты жел әлсіз мұзды бет ашыққа айдап, кетіп тұрған. Кешеден бері ғана күн ызғары шұғыл қатайып, бір түннің ішінде Тұщыбас бұғазы көз ұшына дейін ұстасып, Еламан, Мөңке, Дос, Рай секілді төрт-бес балықшы қазандық балық үшін бастарын қатерге тігіп, мұз үстіне шығып жүр. Әлсіз мұз аяқ астында майысып, сықырлап жатқасын балықшылар бір араға шоғырланып топтанып жүруге қорықты. Онда да тереңге бармай, азғана ауын теңіздің тайыз басына салып, үй ішінің кешке қазан қайнатқанын нәпақа көрді.

Бұған Еламан дән риза. Екіқабат әйеліне жас сорпа ішкізгеніне мәз. Қолтық ұстасқалы ұйқысы қашып кетті.

Таң атқанша шыдамай, түнде әлденеше қайта оянып жағаға барады. Жаңа ұстасқан мұзды аяғымен теуіп көреді. Әсіресе күн батар алдында да балықшы жігіт сыртқа әлденеше рет шығып, үйінің бет алдындағы бнік жар басынан теңіз жаққа көз салады. Күз айының қара қатқақ суығына қарамастан кешкі ауа буалдырланып ала-бөле теңіз жақ түксиіп апты. Жерде жұқалаң қар бар. Көз ұшына кеткен көк тайғақ мұз күндіз көз қарығандай жалтырап жатқанды. Ымырт үйірілісімен мұз бетінде күңгірт көлеңке тұтасып, түксиіп, жабырқау, жүдеу реңге ауысыпты.

Көз байланған бойда қап-қара аспанда ірі-ірі жұлдыздар тұтап құжынап қоя берді. «Ертең күн шағырмақ ашық болады екен»— деп түйді Еламан.

Ол бүгін тіпті ерте оянды. Жып-жылы боп ұйқтап жатқан әйелінің қойнынан ақырын шығып, теңізге тартты. Ау қарап жүріп, жиі-жиі басын көтеріп күн сәулесінің астында жалтыраған кілегей мұзға көз салады. Әлсіз жел түнде жауған ұлпа қарды боратып, көк тайғақ мұз бетін жаланаштап, ырситып ашып тастапты.

Балық аз түсіпті, әрі тайызға салған аудың арқалығы мұзға жабысып қатып қалған екен. Еламан сырт кимін сыпырып тастап, жаңа қатқан мұзды талмай ойып, аудың арқалығын тіліп алды. Соның арасынша қысқы күн кештетіп қап еді. Күні бойы мұз ойған жігіттің кешке қарай екі алақаны дуылдап жанып кетті.

Тұла бойы бусанып, еті қызып ентігіп тұрды да, кенет әйелі есіне түсіп асыға бастады. Ертең тағы балық керек екенін білсе де, ауын басқа жерге аударып салуға асықты.

Еламан күні бойы мұз үстінде жалғыз болды. Басқа балықшыларды байқаған да, көрген де жоқ. Төбесінде көк аспан, табаны астында көк теңіз. Жабырқау ойды жанына серік қып күндегі әдетінше күйбектеп ау қарап жүр. Теңіз үстінде ғана емес, өмірде де жалғыз екенін ойлады. Бір кіндіктен жалғыз. Әке-шешесінен ерте айырылды. Әкесімен бірге туған Есбол деген ағасы бар, бірақ бұл арадан бір күншілік жерде тұратын баласыз, жалғыз жетім шалдан қайыр жоқ. Ендігі жанашырдан жалғыз немере інісі Рай... бірақ оның жас екенін ойлады, өзі сияқты о пақыр да әке-шешесінен жастай жетім қалды. Қарт әжесі екеуі өз алдына қос болып түтін түтетіп отыр.

Еламан күрсінді. Аяғы астында жатқан бір-екі тоң балықты етігінің тұмсығымен қағып, ары ысырып тастады да, аудың арқалығын қайта ұстады. Еш нәрсе жөнінде ойламауға тырысты. Ау құралын тез-тез жинап, ымырт

үйрілмей тұрғанда үйге жеткісі келіп еді. Ойламаған жерден қайын атасы — Сүйеу қарт есіне түсті. «Жалғыз кісіге ой үйір келеді-ау»,— деп түйді. Осыдан бір жеті бұрын қайын атасы: «балықшыға сәлем айт, ауыз ашқасын барам»,— деп, қатынаған біреуден хабар айтып жіберген екен.

Сүйеу ел ішіне сыймысыз, тікбақай, тентек шал. Өз үйінде де жыландай ысқырып отыратын болғасын, қатын-балалары оның қай жағынан шығып қаларын білмей, қыпылдасып болатын. Осы қытымыр, қатал шал дегенде Еламанның шығарда жаны басқа. Еламанға Сүйеу қарттың да ықыласы басқа. Күйеу баласын «балықшы» деп атап, оған айтқан бар сөзін әзілге шаптырып, өзінен-өзі осқырынып күліп отырады. Жақсы көріп, әлде шыныменен жек көріп отырғанын айыру қиын.

Ондайда шал көңілін жалғыз Еламан ғана дәл танып, қажап айтқан әзілдің арғы жағынан әке жүрегінің ыстық ықыласын сезетін.

Қайын атасының келетін хабарын есіткелі балықшы жігіттің жүрегі алып ұшып жүр. Күнде ертеңгісін ұйқыдан оянғанда басқа дүние қамынан бұрын әуелі қайын атасы есіне түсіп, ауыз ашуға енді қанша қалғанын есептеп жатады.

Сүйеу қарттың келгеніне басқадан бұрын Ақбала қуанды. Биылғы жыл, шынында да, Ақбалаға ауыр тиіп жүр. Балықшылар ауылына келін боп түскелі құсаланып бітті. Еш нәрсеге зауқы шаппады. Жұмысы болмаса көрші отырған үйдің біріне бас сұқпады. Онан сайын ауыл ішінде Ақбалаға ала-көз көбейді. Күндес әйелдер оның жүргентұрғанына дейін сықақ қылды. Қарақатын секілділер Ақбаланың ажарын да күндеді. Оның әлі күнге қыз кезіндегі сәні мен салтанатын сақтап, бұл ауылдың бетке ұстар қыз, келіншегінен озып кінігенін өсек етті. Бұның бәрі Ақбалаға жетіп жатты. «Тәкаппар», «меңмен»,— деп өзіне тақкан талай атақты есітті; бірақ Ақбала бұның бірін құлағына ілмеді. Қайта, ол өзіне құдай берген ажар-көрікті көре алмай, күндеп жүрген қатындардың алдынан әрқашан тәкаппар басын тік ұстап өтетін.

Олар тұрсын, Ақбала қойнында жатқан күйеуіне емешесі құрып өліп-тірілген жоқ. Келіншегінің сырына алғашқыда Еламан да түсінбеді. Әрине, оған теңіз жағасының сүреңсіз, жүдеу тірлігі ұнамасы анық. Оған жар басында жарбиған, жер-қазбалар мен балық сасыған ауа да жат. Байдың қызы болмаса да, бұрын дәл мұндай жүдеу өмірді көрген жоқ. Бұрын көктем шыға қалың елмен қаптай кө-

шіп, кең жайлау, салқын сабатқа үй тігетін. Қатар қонған ауылдың жастары таң атқанша ақ сүйек ойнап, асыр салатын. Жаңа жерге қонғанда жас төл — қозы, лақ қандай рахаттанады. Үй іргесіндегі отқа кеңеліп, оймақтай аузымен жас көкті бырт-бырт үзіп жеп жатады. Ал, кең жайлау көз жеткен жерге дейін шұбартқан мал. Сағым көтеріп, тырнадай тізіліп кетіп бара жатқан көш. Жалғыз-жарымдаған салт атты жолаушы көз ұшында құлдырап өтеді. Дала өмірінің бейжай тыныштығы тек кешке қарай өзгереді. Кешке өрістен мал құлар алдында қырдағы ауыл қатты әбігерленіп, қыз-бозбалалар лақ қуып, қозы көгендеп, бота байлап азан-қазан, у-шу. Сонан қашан мал сауылып, қозы-лақ көгенделіп болғанша маза жоқ. Тек көз байланып, ымырт үйірілгесін ғана әр үй ошағына от жағып, қазан көтеріп, дастарқан басына дөңгелене отырады. Ірге түрулі. Есік жабық. Түндік ық беттен жарылып ашылған. Киіз үйдің іргесінде, көген басында, күйіс қайырып жатқан түйелер ауық-ауық пысқырып қояды. Қойлар мекіренеді. Ақбала әлі күнге көшпелі ауылдың осы бір кішкентайдан қанына сіңген өзгеше тірлігін аңсап, ішқұса боп жүр. Жұрт көзінше сыртын бүтін ұстағанмен, от басында оңаша қалса қай-қайдағы ойлар басын торлап айықпас мұң көзінің алдын көлеңкелеп, кірпігін төмен салып жүреді.

Сол кезде Еламан өз әйелін өзі танымай қалатын. Басынан базары өткен кісінің ендігі қалған тіршіліктен ешқандай қызық күтпейтін үмітсіз халін таныған болатын. Енді бір кез ата-анасын анық сағынып, іштей мұңданып күйзеліп жүргенін байқады.

Ақбаланың қасіреті ұлғая түсті. Берегірек келгесін, керек десе, балықтан шаршап қайтқан күйеуін күтіп алмай, теріс қарап жататын болды. Бір рет тіпті әйелінің жылап отырған үстінен шықты. Төркін жұртынан жаман хабар есітті ме деп, Еламан шошып кетті. Жүгіріп барып, Ақбаланың қасына отыра қап, неге жылағанын сұрап еді, Ақбала көз жасын тыйып ала қойды. Лəм-мим деп тіл қатпастан тұрып жүре берді. Еламан сонан бері ойда. Қандай да болса жас келіншектің жанын жеген қасірет бар. Рас, ол қыз күнінде басқа бір жігітпен көңілдес боп, балықшыға барғысы келмей көп бұлғақтап еді. Еламан соның бәрін білсе де, көңілін қызғанышқа бермеді. Ол тек өзінің бұрынғы дағдылы тыныштығынан айрылды. Ақбаланың қиналғаны шымбайына батып, қуанышты шақтарында да әйелінің қасы мен қабағына қарап күле алмады. Теңіз үстінде ол қайта көңілі көтеріңкі жүрді. Теңіз үстінде ол

күннің ауа райын, жел-құз жайын ойлады. Теңіз суының биыл тасу болғанын, ағысы қатты да болып ау салсаң тосап басып тастайтынын ойлады. Балықтың келуі мен кетуі жайында да ұзақ-ұзақ ойлап, әрқашанда уақыттың қалай өткенін білмей қалатын. Теңіз үстінде әйелі жайында да ойлады. Алғашқы кезде ол бір түндік астында бірге тұрғасын бойы үйреніп кетер деп үміттенді. Кешкісін үйге кеп, әйелінің бетіне бір қарағаннан-ақ көңілі суып салатын. Тар төсекте тығылысып қатар жат, қаласаң мейлі құшақта, сүй — ерік өзіңде. Құдай қосқан некелі жарың екені рас. Қасыңда құр сұлдесі жатқан келіншектің сен тек тәніне иесің, ал жаны мен жүрегі мұлде басқа жақта екенін көргенде балықшы жігіт моқап қалатын.

Соның өзінде де ол Ақбаланы кінәға қимады. Оның қандай қылығын да кешіруге әзір. Зәті жуас, момын кісілерге тән қасиетпен балықшы жігіт әрқашан кінәні өзінен іздеді. Әйелінде жазық жоқ, бар нәрсеге бұның өзі... бір өзі кінәлі. Ата-анасынан, бауыр басқан ыстық ұясынан, көшпелі өмірден айырып алып, теңіз жағасына матап қойды. Ағарған жоқ. Қара азық емге жоқ. Балық бірде болса, бірде болмай қалады. «Бейшара қайтсін, мен кінәлімін. Ие, ие, мен ғана кінәлімін»,— деді Еламан ішінен.

Ой қажытты ма, әлде күні бойы мұз ойғандікі ме, ол әйтеуір кешке қарай өз денесін өзі әрең қозғады. Быртиып ісініп кеткен саусақтары икемсіз. Кешкі қатқыл жел ауызынан шыққан демін ыққа қарай әкетіп тұр. Басқа нәрсеге көңілін аударғысы келсе де, әйелі жайында қайта-қайта ойлап кете береді.

Биыл көктемнің басында Ақбала бала көтерді. Күн санап бойы ауырлап, сүлеленіп жата беретінді шығарды. Еламан бұнан бұрын да балықтан келе сала екі білегін сыбанып жіберіп, үй шаруасын Ақбаламен бірдей істеуші еді; енді мынадан кейін, ол әйелінің қол-аяғын қимылдатпады. Бұл кезде Ақбала біртүрлі боп өзгерді. Әшіндегі қатты райынан қайтып, қазір көбінесе күйеуіне оң қабағын беретін болды. Үй шаруасын істеп жатқан Еламанға кейде сырт жағынан кеп, күлімсіреп қарап тұрады. Еламан мұның кеш оянған махаббат емес екенін білді, сөйтсе де, кей кезде Ақбаланың жанарына жылылық жиып, жаны үзіліп, мөлдіреп қараған көз қарасынан ана рахымындай ықылас сезетін. Соның өзі Еламанға қатты әсер етіп, тұла бойына тәтті сезім шымырлап қоя беретін.

Сүйеу қарттың келетін хабарын есіткелі ерлі-зайыпты екеуінің арасы жақындай түсті. Әкесінің хабарына айрық-

ша Ақбала қатты қуанды. Балықтан келген күйеуіне өмірде істемегенін істеп, алдынан маздатып от жағып, ас-суын әзірлеп жылы шыраймен жайраңдап күтіп алатын боп жүр еді. Кейінгі күндері қайтадан кіржіңдей бастады. Онда да ертең әкесіне сойып беретін мал болмағанына қынжылып, балықтан шаршап қайтқан Еламанға: «Азамат емессің бе? Елді-күн бір лақ таппайсың ба?»— деп қылғанда, балықшы жігіт қиналғаннан терлеп қоя беретін. Өзінің осыншалық дәрменсіз сорлылығына ыза боп кетуші еді. Бүгін ауға түскен балық аз да болса мәз екен. Еламан шәугім бас сары сазанды қапқа салып жатып, күтіп отырған қонақтары, тым құрыса, осындай ажарлы кезде келмейді-ау деп ойлады.

Күн кештетіп қапты. Жел ызғары қатая бастаған. Ауын суырып алғасын, Еламан денесіне тер қатып, тоңази бастағанын сезді. Кешкі ымырт тез тұтасып бара жатты; ауды басқа жерге аударып салуға үлгіре алмасын білді. Бұл кезде батып бара жатқан күн алыстағы қоңыр жалдың біріне иегін сүйеп, еңкейіп қалған еді. Құбыла бет тұтас қызарып, жел жыртып дода-додасын шығарып тастаған бұлттар батар күннің шапағына баурын бояп алаулап апты. Не қылса да кең әлемді құшағына алып тұтасып келе жатқан мына түн қараңғылығына жол бермей, жанталасып шарпысып жатқан жалғыз тірлік осы-ау! Ендеше, өмір мен өлім сияқты қараңғы мен жарық та кезек жеңіп, тірлік үшін бұлар да тартысып жатады. Әр тірлікке төнер бір-бір зауал бар. Кезегі келгенде күн басына да зауал төніп, қара кебінге оранып, бар әлем тіл тартпай, түн құшағына кіріп бара жатады...

Еламан күрсінді де, балық салған қабын арқалады. Бүгін күні бойы әйелін ойлап, мазасызданып бітті. Үйге жеткенше асығып, бет жағын кірбік қар шалған мұзды тайғанақтап басып келе жатыр. Қыршық қар қышыр-қышыр етеді. Ойында әлі Ақбала. Отын-суын күні бұрын ішке кіргізіп беріп кетсе де, алды түн болғасын, күні жуықтап қалған жас келіншегінен қорқа береді. Өзі жоқта жалғызсырап, елегізіп қалғандай қорқады. Осы күні Ақбала қатты кіржисе де, зәресі ұшып қоя береді. Бойына біткен баласына, не әлде өзіне зақым болғандай шошып, жүрегіне суық үрей шабады. Өзі түзде жүргенде тұңғыш құрсақ көтерген келіншектің қасында бас-көз боп отыратын естияр біреудің болмағанына көбірек қынжылатын-ды.

Кенет, ол үйінің алдына тоқтаған салт атты біреуді көр-

ді «Бұл кім болды екен»,— деп ойлап, аттылы кісіден көзін айырмай келе жатыр.

Бұл өңірдің балықшылары бір тайпа ел. Өздері жұмыртқасын жалаңаш құзға салған тау қыраны сияқтанып, жел-құздың өтіне қоныс тепкен. Жерқазбаларын ұлы теңізге төніп тұрған биік жардың ұшар басына мінбелете салғандықтан, әдетте, мұз үстінде жүрген кісінің көзі балықшылар аулына мол жететін-ді.

Еламан анық көріп келеді. жолаушы қабарлас қылды білем, іштен ақ көйлекті әйел шығып, ат тізгінінен ұстады. Еламан Ақбаланы таныды. Құрметпен күтіп алған түріне қарап, мына жолаушының Сүйеу қарт екеніне шек келтірмеді. Қайын атасының ауыз ашқанын тоспай, уәделі күннен бұрын келгеніне қуанды. Екі көзін үйінен айырған жоқ. Ақбала жолаушыны алып ішке кірген бойда шолақ моржадан түтін бұрқ ете қалды. Асыққан әзірде жар басына қиялап шығатын жолды қашықсынып, үйінің дәл тұсына кеп тік жарға төтелеп салды. Бір қолымен қапқа сап арқалап алған балықты ұстаған, екінші қолымен қарсы баурайға қиялай біткен кендір жусан мен қырбық қызыл түзгенге жармасып, мысықша тырмысып өрлеп келеді. Қадірлі қонағына сойып беретін малы болмаса да, ажарлы балыққа деп келгеніне қуанып, жар басына қара тер боп алқынып шығып еді, осы арада... есігінің алдында қаңтәрулы тұрған бәйгі күреңге көзі түсті. Мейіздей боп жараған. Еті қызып апты. Әшейіндегі ұрыншақ мінезі ұстап тұяғы қозып ,отты көзі қанталап сулығын шайнап шыршық атып тұр екен. Еламанның жаны аяғының басына кетіп, жар кемердің жиегінде сілейіп қалды. Сол сәтте әлдеқайдан сары қаншық жүгіріп кеп, балық исі шыққан киімін ніскеді. Онан сары қаншық мұп-мұздай тұмсығымен бұның қолын жалап алды. Еламан бойын жиып ала қойды...

III

Өз үйіне өзі әзер кірді. Және кірер жерде күйбектеп, жөтелді. Суық қапқан бойы сықырлап, аласа есіктен ақырын кіріп келе жатқан үй иесін көргенде төрде отырған жас жігіт өзінің осыған дейінгі нығыз қалпынан айрылып қап, жеп-жеңіл боп лып етіп түрегелді:

— Ассалаумалейкум.

Еламан салқын амандасты. Сонан артық тілге келмей, суық қапқан киімі сықырлап, есік алдында теріс қарап тұрып шешіне бастады.

Ақбала «ә» дегенде сүп-сүр боп кеткен-ді. Бірақ тез есін жиып, бет-өңін билеп ала қойды. Істеп жатқан шаруасын қоя сап, жүгіріп барып күйеуінің су кімдерін қолынан алды. Ошақ жанында үюлі жатқан отын үстіне тастай салғысы кеп бір тұрды да, ол ойдан бірақ тез айнып пешке жайды. Онан тағы күйеуінің бабын істеп, пеш үстіне төсек салды.

Еламан өз орнына оза берді. Жас қонақ оған жайдары жүзін бұрып:

— Елаға, біз көріспегелі қай заман. Ауыл-ел аман ба?

— Шүкір.

— Балық талабы қалай?

— Қайдағы балық...

— Мұз қатпай тұр ғой. Қыстың кештеткені шаруаға жақсы болғанмен сендерге қиын шығар.— Еламан үндеме-ді. Тәңірберген оның ыңғай бермеген түрін байқаса да, ырғалып қойып:

— Елаға,—деп әңгімесін соза түсті,— көрші отырған қоныстас ауыл едік. Тойыңа шақырар деп дәметіп едім...

«О, сұм, қай бетімен айтады екен»,— деді Еламан ішінен. Көз қиығымен әйелін байқап отыр. Ақбала бойы ауырлап, отырып-тұруы қиындап қалғанына қарамай, қонақ келгелі бәйек боп ұшып-қонып жүр. Әкесіне сақтап жүрген сыбағалы мүшені солайымен қазанға бір-ақ салды. Онан соң шайды да тез демдеп әкелді. Үйде жоқ нәрселерді жүгіріп барып көршілерден әкеліп жүр. Бұл ауылға келін боп түскелі бас сұқпаған үйлерге осы жолы себеппен бір-бір кіріп шықты. Қонаққа қажет нәрселердің қиындықсыз оп-оңай табылып жатқанына өзі де таң қалып ішінен құпиялап қуанып қояды.

— Шай алыңыз,— деді Ақбала, жас қонақтың алдына кесені қойып жатып.

Еламан Тәңірбергенге әлі бір рет тура қараған жоқ. Шай үстінде ол Ақбалаға да назар салмауға тырысып бақты. Келіншегіне көзі түскен сайын көңіл түбіндегі күдігін анықтай түскендей болады. Ақбала қай кезде де бойын сәндей білетін. Бұрыңғысына қарағанда бұл жолғы киімдерінің сәні мүлде бөлек. Үстінде қос етек ақ торғын көйлек, басында ақ жібек шәлі. Басқа әйелдердей бетін жаулықпен жарылай бүркеп тұмшалап тартпағаны да жарасып тұр. Ақ жібек жаулық жас келіншектің онсыз да үлбіреген аппақ жүзін айқындап ашып, қасы, кірпігі қап-қара боп қиыла қапты. Және қолын созып кесе әперген сайын қонақ жігітке көзінің астымен қарап іркіліп қалады,

Сондай бір кезде ол әйелінің көзінен түнгі өрттің шарпуындай сұмдық сәуле көріп, шошып кетті. Онан сайын Еламан салқын қанды қалпын сақтағысы кеп, басын баурына алып, мұртына қатқан мұзды үгіп отырған.

— Еламан аға,— деді Тәңірберген,— білем, бізге өкпелісің. Өкпең орынды да...

— Жә, қайтесің...

— Жоқ, Елаға, көңіл кірі айтса кетеді. Мен алдымен өз ағамды мақұл демеймін. Ол менің қай айтқанымды тыңдап жүр. Әйтпесе, іргелес отырған ағайынмен жауласпа, бір-біріңнің есіктеріңнен бас сұғып, жүзіңді жылытып ал деп талай кеңес бердім.

Еламан мырс етіп күліп жіберді. Ақбала Еламаннан төменірек жерде шай құйып отырған-ды. Күйеуінің мына қылығына қонақтан бұрын ол қысылды. Ал қонақ жігіт түк сезбеген кісідей, түсін алдырмады.

— Бір-бірімізге кек сақтап қайтеміз. Аталас болмасақ та, екі ауыл аядай жерде іргелес отырғасын бір дәнді жарып жеп, бір малдың сүтін бөліп ішкен бүтіндікке не жетсін,— деді қонақ жігіт.

Ақбала ұйып тыңдады. Ырза болғаны соншалық, бір рет, тіпті күйеуінің көзінше қонақ жігіттің қолынан кесені алып жатып, оған көзін тоқтатып анықтап қарады. Кесеге созған қолы да дастарқан үстінде асылған қалпы іркіліп тұр. Оны өзі де әбестеу сезді. Және күйеуінің шытына қалған түрін байқады ма, қызарып кетті.

Мұнда келгелі Тәңірберген ерлі-зайыпты екеуінің арасын білгісі кеп, Ақбала мен Еламаннан көзін айырмай отырған-ды. Ол Ақбаланың Еламанды сүймейтінін байқады; бәрінен бұрын Ақбаланың өзіне деген ықыласына ырза боп, «айналайын-ай, енді қайтсін-ау! Осыдан артық не істесін. От ала жүгірсін бе, мына тоңмойынға»,— деп ойлады. Ол өзінің әлгі айтқан сөздерінің бірде-бірі үй иесіне әсер етпегенін байқады. Оған онша қынжылған жоқ. Әрі-беріден соң осы үйде өзі мен мына аппақ сұлу келіншектен басқа кісінің бары-жоғын да байқай қоймағандай; ол, қайта, осы кеш Ақбаланың өзіне деген ықыласын көргесін бұрынғыдан бетер батылдана түсті. Ақбала екеуі іштей одақтасып, тізе қосып алғысы келгендей. Ибалық үшін үй иесіне әлдеқалай бұрылып қойғаны болмаса, көбіне көзін Ақбаладан айырған жоқ; қолында домбыра, көңіл түкпірінде қайта тұтанған құмарлық сезім бір кез жас жігіттің көз жанарында ұшқындап, қос ішекті ақырын қағып тыңқылдатып отыр; Ақбалаға деген ыстық ықыласын

жасыра алмай осы отырғанда қанды қызыл бетіне бір сәт күлкі ойнап көңілдене түседі; енді бір кезде әлгі қуаныштын біреу ұрлап алғандай, қабағы салбырап ойға шомып отырып қалады.

Қыз күнінде қанша ойнап-күлсе де құмары тарқамаған екен. Бір жылдан кейін, күйеуге шыққан Ақбаланы қайта көргенде, сөніп қалған от оның кеудесінде қайта тұтады.

Ақбаланың баяғы қыз кезіндегі ажары сынбапты; қыз кезінде талдырмаш, нәзік болатын; кәзір, қайта, бала көтергесін беті толығып, бұғағы білініп, бар мүшесі бір түрлі балғын тартқан; жүзіне ұялаған жұмсақ нұр да келіншектің жанын жұмсарта түскендей екен. Ол Ақбалаға үйлене алмағанына өкінді; кінә Ақбаладан болған жоқ, кінә бұның өзінен, сол тұста екі ағасы Ақбалаға үйлендірмей, іргелі бір елге арқа тіреп отырғысы кеп, бұған Аяққұм бойындағы Тілеуқабақ руының белді бір байының қызын алып беріп еді. Сүйген жігітінен күдер үзгесін Ақбалаға қалған өмірдің бәрібір секілденіп, жанбай жатып сөніп, ата-анасы қосқан кісінің шалғайынан ұстап кете барды. Оған да жылға жуық уақыт өтті. Сонан бері ол Ақбаланы көрмей қара үздіріп кетті. Ақбаланың алдындағы өз кінәсін сезгендей боп, өкпелетіп алған шығармын деп қысылып жүрген-ді. Енді, міне, жас келіншектің ешқандай кінә артпай, өзін осынша бір ыстық ықыласпен қарсы алғанына қуанып, іштей түлеп отырған үстіне... Мөңке келді.

— Ақсақал, төрге шығыңыз! — деді қонақ серпіліп, жоғары жағынан орын ұсынып.

— Бала, тырп етпе! Біз төрге шығып не бітірер дейсің. Қазақ баласы сендер төрде жүрсеңдер біздің басымыз жерде қалмас,— деп Мөңке қонақтан төменірек отырды да,— ие бала,— деп Тәңірбергенге тыжырына қарады,— келе қоймайтын ауылың еді ғой, бұл. Жәй жүрсің бе?

— Аң аулап шығып едім.

— Ә! Қалай, қанжығаңды қандадың ба?

Тәңірберген көңілдене түсті.

— Өткен жолы бір түлкіден айрылып қалғам, сәті түсіп соған кездескенім.

— Апыр-ай, ә?!

— Сары қаншық түлкіні көп қумаушы еді. Осы жолы біраз шалғаны. Сіздің ауылдың сырт жағындағы қоңыр төбеге келгенде жетті. Келетін ойым жоқ еді, түлкі әкелді де:

— Жарайт, жарайт...— деп Мөңке лекіте күлді де, ке-

нет қонақ жігітке оқыс бұрылды,— бала, осы сенің іниң қайда?

— Жасанжан Орынборда, оқуда ғой. Жақын арада келеді,— деді Тәңірберген тілдесетін кісі табылғанына қуанып, Мөңкеге қарай бұрылып еді.

Мөңке кенет Еламанға бұрылып, екі балықшы енді өз ара шүйіркелесіп кетті.

— Сені Оралскі байы шақырды дейді ғой?

— Иә, шақырды. Мұз үстіне қашан шығасыңдар дейді.

— Сен не дедің?

— Не дейін... Мұз әлсіз, көп адам боп шоғырланып жүру қауіпті дедім.

— Дұрыс айтқансың. Ал, Шодыр не деді?

— Шодырың балық керек деп шолтаңдап тұр.

— Дәмесін қарай гөр! Байға балық керек болса, кедейге жан керек емес пе екен?

Еламан үндемеді Мөңке әңгімеге араласпай, сыртқары қалған Тәңірбергенге бұрылды:

— Қонақ бала, мен осы бір әңгіме есіттім ғой... Сенің қойлы ағаң болыстың сайлауына түсті деген не? Сол рас па?

Құдайменде байды ел арасы Қаратаз деп кемітіп атайтын. Мөңке бұл арасын сыпайылап келтірсе де, аржақ көмейінде «қойы болмаса, тәйірі со да кісі ме» — деген кекесін тұрды. Көңілі жүйрік Тәңірберген оның сол ниетін сезіп:

— Я, ол кісі сайлауға түсті,— деп салқын ғана жауап бере салды.

— Қадамы қайырлы болсын! — деді Мөңке. Құдайменденің болыс болғанына шын көңілінен тілектестік білдіріп жатқан тәрізді. Әдепкіде Тәңірберген де солай түсініп қалған-ды. Аздан кейін Мөңке тағы да аяқ астынан мінез шығарып, Еламанды тақымынан басып қойып,— көрдің бе, бала! Азуы пышақтай, арқасы ошақтай ағаларың, әне, анау. Үйірге түскісі кеп жүр. Ертеңгі күні құтпан айғырдай, ел шетін торып, азынап шыға келер, әлі-ақ!— деп босаңдау ғана лекіте күлді де,— жә, мен кетейін,— деп түрегелді.

— Асқа қарасайшы!

— Рақмет! Ауру бақкан үйміз ғой... Жеңгең жалғыз қалған, үйге барайын.

Мөңке кеткесін үй ішін тағы үнсіздік басты. Тәңірберген көңілсіз. Мөңкенің әлгі кекесініне орай өзінің бір ауыз

Национальная библиотека
Каз. гос. университета
им. С. М. Кирова
055515

сөз қайтара алмағанына ренжіп, сұлу бетіне ызалы мыс-қыл ойнап, сызданып отыр. Ас үстінде де ықлассыз бол-ды. Дастарқан жиналған бойда түрегеліп, тымағы мен қамшысын қолына алды. Әуелі үй иесімен қоштасты. Онан Ақбалаға бұрылды:

— Сау бол, Ақбала!

Ақбала ернін ғана қимылдатты. Қоштасар жерде жа-бырқау жүзін көтермесе де, қонақ жігітке кейін шегініп жол берді. Ал, Еламан қонақ жігітке не дегенін де білмеді. Күңгірлеген көңілсіз дауыспен бірдеңе деп күбірледі де, пеш түбінде қала берді.

Қонақ жігіт шыққан бойда, сыртта ат оқыранды. Іле-шала ат тұяғы үй іргесін дүрсілдетіп өтті. Онан соң шаба-ландап иттер үріп, бейуақта аттанған жолаушыны ауыл сыртына ұзатып салды.

Еламан тырп еткен жоқ. Ат тұяғының дүбірі құлағын-да тұр. Бағана бір көргеннен-ақ бәйгі күреңнің бұл өңір-дің жылқысынан түсі бөлек екенін аңғарған-ды. Шамасы, сірә, бұл ат та Кәлен қолынан шыққан болар деп ойлады. Қуса — жетіп, қашса — құтылатын ат. Баяғыда... өз әке-сін Тәңірбергеннің әкесі — Абыралы найзамен шаншып өлтіргенде, оның астында да, бәлкім, дәл осы бәйгі күрең-дей жүйрік ат болған шығар?

— Тұр... төсек салайын! — деді Ақбала.

Еламан әйеліне көз салмастан нығына шолақ сары то-нын жамылып сыртқа шықты. Дала тастай қараңғы. Жел бұрынғысынан қатая түсіпті. «Мұзды қуып кетпесе қайт-сін?»— деп ойлап, Еламан теңіз жаққа қарады. Қара түнектен көзіне ештеңе ілінбеді.

Еламан ізінше ішке қайтып кірді. Ақбала шамды сөн-діріп, жатып қапты. Еламан шам жақпады. Нығына жа-мылған киімді есік алдына іле салды да, кең төсектің бір шетіне қисая кетті. Жатқан бойда көзін жұма түсті де, іле-шала қайтадан ашып алды. Есіне бәйгі күрең түсті. Адай табынан шыққан ат емес пе екен деп ойлады. Сонан соң өз әкесін ойлады. Аты нашар боп сорлады; әйтпесе, бірме-бір шайқаста Абыралыға алдырмас еді-ау деп ойлап, қа-раңғы үйде көзі ашық жатыр.

Жас та болса әкесінің өлімі есінде. Араларында бұрын-нан кикілжіңі бар екі ауыл бір жолы Ақмарқаға қатар қонды. Малы, жаны көп ауыл салған жерден суға алакөз-дік істеді. Кедей ауылға ауыз судың өзіне іш тарлық істеп, құдық басына барған қатын-баланы сабап жіберді. Қолы-на қада ұстаған сотқар жігіттер аналардың азғантай малы-

на дейін суартпай құдық басында сіресіп тұрып алды. Осылайша кедей ауылдың жігіттеріне зорлық істеп зығырын қайнатып отырды да, ақыры Абыралы жағы атқа қонып құдық үшін ұрыс салды.

Абыралы найзакер, атқа да тақымы берік болатын; қарсы келген кісіні көк найзамен түйреп түсіріп, кедей ауылдың жігіттерін қоймай бара жатқан соң, оған Науан қарсы шапты. Бұның қолындағы қаруы бұзау тіс қамшы; осындай төбелеске лайықтап, өзегіне қорғасынын құйып өргізген. Бірме-бір ұрыста бұ да көк сүңгіден кем түспейтін қару.

Науан әп-сәтте Абыралының екі жігітін құлатып, енді өмір түбінен өштесіп келе жатқан жауының тап өзіне шүйлікті. Ол әлгіде ел үстіне жау тигенде белдеуде тұрған мінезсіз, үркек байталға жайдақ міне шапқан-ды. Екі жау алғаш айқаса кеткенде желқуық байтал жалт беріп басын ала қашты. Осы сәтті күткендей, анау да астындағы атын бұның ізіне салып жіберді. «Ә» дегенше болмай алымды ат сыпыртып жетіп келді. Абыралы көк сүңгіні Науанның аш бүйіріне қос қолдап ырғап салған бойы ат екпінімен ағызып өте шықты; бірақ ат үстінен аударып түсіре алмады; найзаның ұңғысы омырылып, бір тұтам темір мұздай боп Науанның ішінде кетті. Науан ат басын бұруға ғана шамасы келді. Есік алдында өзін еңіреп құшақтай алған жас келіншегіне сүйенді. Бір қолымен қан шаптырған сүбесін басып, мықшиып отырып, кішкентай Еламанын құшағына қысты. «Сорлы жетімегім!.. Сенің ендігі күнің не болар?..» Сонан артыққа күші жетпей, от басына шөгіп құлай кетті. Жас ана жесір қалды. Ағайын-тума қаумалап қоймаған соң, жесір әйел тасқұлақ саңырау шалға тиді. Бір жыл өтпей, анасы құсадан қайтыс болды. Жетім бала шеттеп, әр үйге бір қонып жүрді де, кейінірек өз аулының қозы, лағын бақты. Ержеткесін жеті жылдай Құдайменденің жылқысын бақты. Бір жолы Еламан жылқыны серігіне тапсырып, Сүйеу қарттікіне кетті. Осы шалдың бойжетіп отырған сұлу қызы жылқышы жігіттің жатса-тұрса есінен шықпай қойған бір арманы. Оның үстіне қыздың өке-шешесі бұған ыңғай беретін. Баяғы кезде Науан мен Сүйеу көңілдес боп, Ақбала мен Еламанды жастайынан атастырып қойған еді.

Еламан Көлқора табанында отырған Сүйеу шалдың үйінде болды. Сол түні Құдайменденің жылқысына қасқыр шауып, Аяққұм бойындағы құдасынан алған жүйрік атын жарып кетті.

Бұл хабар тиген бойда Құдайменде бір топ жігітпен сау ете қалды. Еламан аттан түскен, ашулы байға қос қолын созып, сәлем бермек боп еді. Құдайменде оны қамшымен қақ бастан тартып жіберді.

— Әй, ит! Сен үйірге салатын айғыр ма едің? Сен менің жылқышым бола-тұң.

Еламан атына қарғып мінді. Өліктей бозарып о да өз атын омыраулатып, тебініп келіп қалған-ды. Бірақ Құдайменденің қасында әзір тұрған жігіттер жолын кеселеп жібермеді.

— Әй, Құдайменде!.. Күнім туса көрермін. Ұмытпа осыныңды,— деді де, Еламан атының басын бұрып ап, құйындатып шаба жөнелді...

Со жылы Орал қаласынан Федоров деген бай орыс кеп, теңіз жағасынан промсол[1] ашып жатқан. Еламан орыс байына жалданды. Федоров қарауындағы кісілерге қатал болатын. Осындай абыржынның тұсында амалсыз-ды. Әйтпесе ол орыс-герман соғысы басталғалы балықшыларға тыным бермей, күндіз-түні қуалап жүрген-ді.

Бұл өңірдің балықшылары жылдағыдан гөрі биыл коңторғай. Бас тоқсан түссе де, жылымық күннің аяғы тұманға айналып ұлы теңіз ұстаса қоймады. Ендігі жерге күн шұғыл суытып, теңіз тез қатпаса күйлері таятын түрі бар.

Осы жай қинап жүргенде, бай ауылдың жас мырзасы кеп, от басының тыныштығын бұзып кетті. Еламан түнімен ұйықтай алмады. Ақбала да ояу. Бұған сыртын беріп теріс қарап жатқан күйінен әлі қозғалған жоқ. Еламан алғаш рет әйелін жек көріп, жаны жиырылып жатыр. Денесіне әйелінің денесі тиіп кетсе де, жылан тәрізденіп сұпсуық боп қарып, түні бойы бүйірінің бір жағын мұздатып шықты. Басқа кісі болса, кәзіргідей реніште кезде, әйелін көк ала торғайдай қып сабар еді. Не әлде ішін өртеген ызаны сыртына ақтарып салар еді. Ал, Еламан, үнсіз; ішінен тынып жатыр. Оқта-текте қараңғы үйде қимылсыз көзінің қарашығы тұтап ұшқындап кетеді. Абыралы әулеті өмір бойы ізінен қалмай қойды. Әкесін әкесі өлтірді. Оның бержағында бай ауылдың сері, сал жігіттері, қалағанын киген, тәбеті шапқанын ішкен, сүйгенін құшқан сері жігіттер өмірден татам ба деген азғана қызығыңның өзін аузыңнан қағып әкетіп жүр.

Еламан ұйықтай алмады. Бір кезде басы ауырып, бере-

---

[1] Балықшылар промыселді осылайша атады. Тілшілерден кешірім сұрай отыра, біз де өзгертпей алғанды жөн көрдік.

кесі кетті. Ұйқыдан әбден күдер үзіп, қалжырап мең-зең боп жатып, таң алдында ғана көзі ілінді... Қанша кеш ұйықтаса да, күндегі дағдысына бағып ерте оянды. Үй іші әлі қараңғы екен. Тек төбедегі соқыр терезеден таң сәулесі саз беріп бозарып келе жатты. Сыртта жел көтеріліпті. Жынды жел шалқыған теңіз бен мидай жазық даланың, ұйқыда жатқан ауылдардың үстінен асып соғып, азынап тұр. Жапқысы жоқ бір мойын пештің көмейі гүрілдеп, үй іші ызғып кетіпті.

Еламан оянған бойда Ақбалағың баурына тығылып, бұйығып жатқанын көрді. Ерлі-зайыпты екеуі күнде осылай тәтті татулықпен төсекте табысады. Осы сәт Еламанға қатты ұнайтын; әсіресе күн санап әйелінің денесі ұлғайып, екеу ара жатқан тар төсектің көбірек жерін ол ала бастағанын көріп қуанатын. Әрқашан оянған сайын әйелінің босануына қанша күн қалғанын ойлап жататын-ды.

Ол бүгін де ояна салысымен әйелінің аяғы ауырлап қалғанын есіне алды. Жеті айлық бала. Кәзір бар мүшесінің бәрі бар. «Қайсымызға ұқсар екен? Көре қал, өзі тентек болады»,— деп ойлады. Сүйткенше болмай, кенет әлдекандай бітімсіз бір нәрсе Еламанның Ақбала жақ бүйірінің тұсынан бұлк-бұлк ете қалды. Бұнысы, бейне: «Әрмен жат! Мені қысып тастадың»— деп бұған ашу білдіргендей қимыл еді. Еламан күлімсіреді. Шапшаң серпіліп, ары ысырылып жатқанын сезбей қалды; ет бауыры елжіреп, бұрын-соңды татпаған белгісіз бір сезім (бірақ сондай ұытты, ыстық сезім) жүрегін шымылдатып бара жатты. Ана құрсағындағы осы бір өз тірлігін әлден танытып, тыпыршып жатқан кішкене баласын қысып сүйгісі кеп кетті; бір кезде Еламан көзінен жылып аққан жасты сезіп, өзінің көңілшектігіне таңғалды. Еріксіз езу тартып «бұнымды адам көрмесін»,— деді ішінен.

Еламан тез киінді. Соңыра балық салып ала қайтатын қапты қойнына тығып, есіктен шыға берген-ді. Ол кенет босағада, отын үстінде жатқан бір түлкі, бір қоянды көріп, тұла бойын аяз қарығандай мұздап қоя берді. Тағы да бір сәт түндегі жай есіне түсіп, есік аузында сілейіп қалды.

IV

Балықшылар шетінен сіңірі шыққан кедей. Қарға адым жерге аударылып қона алмай, қысы-жазы жерқазбалары жар басында жарбиып тұратын шерменде. Анадан туғалы теңізге иек асып келеді. Осы өңірде өздері бірыңғай. Су

үстінде бір кемеде кетіп бара жатқан кісілер тәрізді тілегі, талабы бір, тобы бір.

Осы бүгін Райдікіне Түбектегі ауылдан қадірлі кәрия — Есбол келді. Кезінде ел арасының сөзін ұстаған кісі. Рай мен Еламанға жақын туыс болған себепті баласы жоқ, жетім шал бұл екеуін сағалайды. Жылда ел қыстауға кіргесін бір соғып кететін қадірлі қонақ. Оған бір жағынан сылтауы да бар; Райдың қолындағы қарт әжесі — бұның көз көрген, бастас жеңгесі. Соған жылда сыбаға әкелуші еді. Бұ жолы үйткен қой келді. Рай қарт әжесіне тұтас қойды бұзып берді де, жары етін қазанға салып, көршілерін шақырды.

Әрі-беріден соң ет қайнап, үй ішін сүр иісі алып кетті. Балықшылар көңілді-ақ! Сүр иісімен қуана дем алады; қыс аяз соғып, жаз күнге күйіп, бір ыстық, бір суыққа шынығып сіңірдей боп алған, шетінен жылтыр қара. Күлгенде ақсиып бар тісі көрінеді. Осы отырғанда балық бөлісіп жатқандай, үйді бастарына көтере қауқылдасып, бірнешеуі бірден жамырап, жарыса, қабаттаса сөйлеп кетеді. Күлкілері де қатты; бар ықыластарымен ақжарыла күледі. Үй іші гу-гу! Балықшылар осылай үйді басына көтеріп, дуылдасып жатқанда, ана жақта қазан маңында он шақты қатын бір жерге ұйлығып, сыбыр-сыбыр сөйлеседі. Піш-піш, шу-шу! Ақ жаулықтар екеу-екеуден түйіседі. Кейде үш ақ жаулық бір жерге түйісіп, сыбырласып, піш-піштесе қалады.

— Піш-піш! Бетім-ау... Ақбала қайда?

— Беу, адам-ау, оның неге келмеген? Шүу-шүу...

— Ол байғұсқа не сын бар, тұңғыш көтерген баласы. Күні толған сайын аяғы ауырлай береді ғой.

— Адыра қалсын! Не қылған-ау! Кеше емес пе еді, сері жігіт келгенде желдей есіп, аяғы-аяғына тимей кеткені қайда?.. Осы үйлерді шетінен адақтап шыққаны қайда? Бір үйден кесе, бір үйден дастарқан, бір үйден табақ жиып, есімізді алып біткен жоқ па еді? О, жүзі қара! О, қара бет!..

Мосқалдау бір әйел Қарақатынды түртіп қалды. Төр жақта отырған Еламанды ымдап, ернін тістеп «қой» дегендей ишара етті. Еламан оны байқаса да, өңін алдырмай, көзін төмен салып тұнжырай түсті. Ертеден бері көңілді жиын арасында әңгімеге араласпай, тұйық отырған сол ғана. Қалғандары қауқылдасып үйді басына көтеріп жатыр. Гу-гу... ду-ду...

— Биыл мүз кеш қатуға қарады-ау.

— Иә, ашқа тартқан кешке тартады. Осы алаасапыран абыржы, айрықша балықшыға батады.

— Қайта, басат-басат ұстасып, абыройыңды жауып тұр ғой.

— Есеп бар ма! Мен бүгін сүген[1] ұстадым. Бұйырған дегенді қойсайшы, аудың жалғыз көзіне сағалынан ғана ілініп тұр екен.

— Ол неменің асау болатыны қайда?

— Сөзіңе болайын. Қыста балықта қауқар қала ма. Жалғыз шөңгеге ілінсе болғаны тырп етпейді. Жазда ғой, бұ немелердің күшіне мініп, жынданып ұмтылатындары.

— Балықтың ішінде, жарықтық, бекіре ғой жуасы. Қойға мінетін көбең тұғыр сияқты қолға тұра беретінін айт.

Ертеден бері үнсіз отырған Мөңке басын көтеріп алды.

— Қой әрі! Аузы төмен қарағасын қасқайып жүр, бұл бекірең. Әйтпесе, аузына түссе аянайын деп жүрген жоқ. Ақылсыз, әумесер неме ғой.

Есбол қария шиық-шиық күлді. Ол Мөңкені баяғы бала кезінен біледі. Ел қыдырып жүріп бір жолы біраз адам түстеніп отырғанда бұлардың үстіне аласа, бірақ шойындай сом тұлғалы қара бала кіріп сәлем берді. Сонда оған көп ішінен Есбол назар аударып: «Мынау қай бала? Бадамшасын-ай, өзінің. Көлдің тоқпақбас қара мөңкесіндей екен» — деп жұртты ду күлдіріп еді. Аузы дуалы қарияның сол айтқаны елдің есінде қап, Рәбіл баланың атын жұрт әр саққа шаптырып: «Қара Мөңке», «тоқпақбас Мөңке», «балықшы Мөңке»,— деп атап кетті.

Мөңке ерте үйленді. Қара тырыспай жылы өлген ағасының жас келіншегін бұған зорлап алып берді. Жеңгелей алған әйелінен ол он бала көрді. Тек қолы құтаймай соның бәрі қазір қара жердің құшағында. Ата-анасының қолында қалған соңғы алданышы оныншы бала да бір айдан бері ауру. Есбол қария Мөңкенің сынық жүзіне көз салып отырып: «Пұсырдан қалған бұ да жалғыз із, соңғы зурият! Ойдәйт десейші!..» — деп, басын изеп-изеп қойды.

Мөңке асқа қарамады. Ол кеткесін балықшылар тағы да қауқылдасты:

— Қара білек, мықты жігіт!

— Әй, осы имансызда жан жоқ па деп қалам. Ертеден қара кешке дейін мұз ойғанда, бұл заңғар бір терлемейді-ау.

---

[1] Қазды кейде сүген деп те атай береді.

— Тесік өкпе ғой! Өзін, тек бала мұқатып тұр. Сорлының жылына бір баласы өледі.

Ет асқан тай қазан сарқылдап қайнап жатыр. Қазанның маңында жүрген бір әйел Райдың қарт әжесіне тұзын көр деп, зереңге сорпа құйып берді. Сорпа ішінде бір асымдай жұмсақ ет бар еді, кәрі әже соны қызыл иегімен қажап, қос ұрты ұзақ бұлкілдеп жұта алмай отыр.

Осы кезде біреу:

— Ассалаумаләйкүм! — деп кіріп келді. Онымен бірге лап берген мұздай желден соқыр шам сөніп, үй іші тастай қараңғы боп кетті.

— Уа, бұл қайыссың?

— Өзіміз. Ауылдан тайлақ іздеп шығып едім...

Балықшылар ду күлді.

— Е, дегендей келдің. Тайлағыңды тай қазанға былқытып асып жатырмыз.

— Әй, шам жақсаңдаршы!

Сіреңке таба алмай әбігер болды. Бір кезде шам жанып, жұрттың бәрі ішке кірген кісіге қарап еді. Ақ сеңсең тымақ астынан тұздай көк көзді, сары сақалды, шикіл сары кісі күліп тұр екен. Үстінде ақ тері тон. Белін көкіректің тұсынан шарт буып алған. Тонның тысы жоқ, бидай шүберегі алба-жұлба. Балықшылар тани кетті. Қаратаздың жалшысы — Жалмұрат. Жұрт оны реңінің сарылығына қарап «орыс Жалмұрат» деп бұрып атайтын. Әдетте қолға тұратын жуас малды бала-шағаға дейін басынып, әр кісінің тақымы астында бір кететіні сияқты, заты жуас Жалмұратты бұл өңір тегіс мазақтайтын.

— Жалмұрат қарағым, асқа кел,— деді кәрі әже.

Балықшылардың алдына екі табақ тартты. Бір бауыр жерге дейін, әлгі дуылдаған көңілді жиынның үні өшіп үй іші тына қалды. Тек Рай: «Жалеке, тайлағыңның етіне тойып ал»,— деп күліп қояды. Астан кейін балықшылар Жалмұраттан «аулыңда келді-кетті кісі бар ма?» — деп сұрап еді, Жалмұрат кірпігі жыпылықтап, жер шұқылады да қалды:

— Бай, бәйбішеден басқа... олардан басқа кісі көзіме түспеді. Бай үйінің бір сары тайлағы... жамандатқыр, күнде мал қоралар кезде, жоқ боп шығады...

— Судыр Ахметтен сұрауың ғой,— деді Рай күліп.— Ол байғұс, сені талай ізге салар еді-ау!

— Әй, қысыр әңгімені қойыңдар! Жалмұрат қарағым, аулыңда қандай жаңалық бар? Болыс кім болды?

— Жаңалық... басқа жаңалықты білмеймін... Бай үйінің сары тайлағы жоғалып, берекетім кетті...

Балықшылар жарыла күлді. Айрықша, Рай дем ала алмай, сілесі қатып жатыр.

— Қызықсыңдар! Жалекеңнен ауыл арасының әңгімесін сұрап не жындарың бар. Онан сары тайлақ жөнінде сұрасаңдар ғой, әлхисса ғып бір түн жырлап беретін еді,— деп күлді де, өзін әлі кезге балаша еркелететін ағасы — Еламанның алдына қисая кетті.

Бүгін болыс сайланатын күн болғасын жұрттың бәрі елеңдесіп, жел жаққа құлағын түріп отырған-ды. Жалмұрат кеткесін балықшылар қайта дуылдап, бірі Құдайменде болыс болады деді. Екінші біреулер Торжымбай руының Ожар Оспан деген байын атады. Ояз алдында Құдайменденден көрі сол абыройлы көрінеді десті. Оған аналар көнбей, балықшылар бір-бірінен даусын асырғысы келгендей, жамырап бара жатқан-ды. Кәрі әже үйден тұра қашқандай боп, құлағын басты.

— Әй, өңшең дуылдақ! Кім болыс болғанда сендерге ауыр-жеңілі не. Бір ел жақсысы болар.

Ертеден бері үнсіз отырған Еламан осы тұста басын көтеріп алды.

— Әй, әже-ай! Баяғы ескі көңілмен ел жақсысы дей бересің-ау! Сондай-ақ елде жақсы қалды ма? Қазір жаманның бағы өрлеп тұрған жоқ па? Ел ішінде өзінен бір адамның бойы артылып бара жатса, етегінен басып бәрі жабылады. Су түбіне батырғанша асығады. Үйтпей қайтсін. Жақсы кісінің қасында жүрсе, жұрт жамандығын күнде көрер еді ғой.

Рай албырт болатын. Ағасына ырза боп, сүйсіне қарады.

Есбол кәрия да Еламанның сөзін қостағандай, кеудесіне түскен басын изеп қойып:

— Я, осы кездегі ел жақсысы деп жүргендердің пиғылы бұзылып болған. Жаман тымағын миқитып киеді, жаман тұғырын мінеді. Қосшы-қолаңын соңынан шұбыртып, жемтік аулаған құзғын құсап, қай үйде сойғызатын тоқты бар деп шығады, ел жағалап. Уоу, осыдан басқа кәсіп қалмаған жақсыда қандай қасиет, қандай көрген болсын? Қатын-баланың қамын жемей, аузындағы асын тартып жеп жүр ғой, бұлар. Әр үйдің қазанына ашқарақтана үңілген ел басыда қадір қала ма? Қадір қалды ма? Ойдай, заманай! — деп тақия киген аққұйқа басын түңіле изеді. Сонан кейін өзіне өзі күбірлегендей боп,— шер жұтқан ел анау!

Бойына шел жұқпай, сорға батқан. Сорлы елге содыр басшы тап келіп, титықтап тұрмыз ғой, не қылса да,— деді.

Балық майына батырған білте шам ністеніп, түтеп жанып, аласа жерқазбаны ала көлеңкелеуге ғана жарап тұр. Үй іші лық толы. Төрде қонақ шал. Басында қара сырмақ тақия. Ақ жаға көйлектің сыртынан қара жегірен бешпет киген. Бұл шақта кәріліктен титықтап, шөгіп кеткен. Біреуге тіктеліп тіл қатар кезде ғана басын көтереді. Басқа кезде тас басына қонған кәрі күшіген тәрізденіп тобы кішірейіп, аққұйқа басы кеудесіне түсіп мұлгіп отыратын. Рай атасының мұншалықты қартайып қалғанын бұрын неғып байқамағанына таң қалды. Еламан болса сұп-сұр.

Шолақ сары тонын киіп, тымағын алып тұрды да жүре берді.

Балықшылар қыбыр етпей отыр. Райда да үн жоқ. Есбол мен Еламанның сөзі қатты әсер еткен. Әсіресе, осы ағасы бір түрлі; әшінде, ауыл-үйдің әңгімесінен бойын аулақ ұстап, тұк сезбейтін кісідей тұйық жүретін жуас қана жігіт.

Жуастығының арқасында, кейде кешегі Тәңірбергенге, кейде тіпті қойнындағы әйеліне есесі кетіп жатқандай көретін.

Рай әлгі бір ала қалжың, әзілқой мінезінен тыйылып, Есбол атасына ойлы кескінде көз салып отырды да, тұрып кетті. Балықшылар бір-бірлеп тарай бастады. Есбол үй оңашаланғасын қарт әжеге бұрылды. Кемпір оның оңашалап айтқысы келген бір құпия әңгімесі барын сезіп, кимешек астынан құлағын шығарып, бастасына қарай ысырылып отырды.

— Мырзаңды үйлендірмейсің бе?

Кемпірдің түсі кіріп қоя берді.

— Осы күнгі жас ойындағысын ойласпай істейтін боп жүр ғой. Сөйтсе де, байқаймын, баланың көңілі ауып жүрген бір сайқал бар.

— Қатын ба? — деп Есбол тіксініп қалды.

— Жоқ, қыз. Бірақ, бала-ау, өзі анау-мынау қатынға бергісіз.

— Не дейді?

— Шошыма! — деп кемпір жүзіне жылы нұр теуіп жымыңдап алды, өздерінің баяғы жастық кезі есіне түсіп, өшіп қалған қоламта арасынан болымсыз ұшқын жылт-жылт ете қалғандай;— ол қызды сен де білесің. Мөңкенің әйелі — Әлизаның туған сіңлісі...

— Ау, оның Әлібидің кіші қызы болды ғой?

— Я, сол! Ұлы болмағасын, Әліби байғұс, осы қызын ұлша киіндіріп, еркелетіп өсіріп жүр.

— Ә-ә!..

— Сол айналайын ауыл қызы боп, ызылып жатпайды. Оты бетіне шығып, жарқылдап тұрған бала.

Осы арада ерке қыздың бір мінезі есіне түсіп, кемпір күліп алды.

Сөйтіп отырып көзіне жас кеп қап, кимешегінің шалғайын іздеді:

— Өзі осында жиі келеді. Домбыра тартып, ән айтып отырады да, кейде мойнымнан құшақтай алады... менің бетіме, дәл осылай бетін тақап тұрып: «Әже!.. Әжеке, саған келін боп қалайын да! Мені жібермеші»,— деп қиылады сол қарағым. Енді қайтейін!

Есбол дыбысын шығармай, мырс-мырс күлді.

— «Кәртайғанда кәрі тарлан жорға ашады»,— деп... Қой, сен де бұзылайын деген екенсің,— деп ол ірге жақта жатқан шидем күпісін алып, түрегелді. Кемпір онан қалмай, есікке дейін қатарласып, еріп барды:

— Жыныстасың ғой! Және о баланың Еламан екеуіңнен басқа қай бір жақыны бар. Сен де ақылыңды айт! Құлағына құйып кет менің арманымды. Не ойлап жүргені бар екен.

Есбол кәрия қоламтада тұрған құманды алып, тысқа шықты.

V

Ауру бала әл үстінде. Қол-аяғынан жан кетті. Кеуде жағында қалған болмашы тынысы да сарқылып, көрер көзге әлсіреп, әке-шешенің соңғы үмітін үзіп барады. Талай баласын жерлеп, жүрегі шайылып қалған анада зәре жоқ. Дауыс салып жылауға күйеуінен қаймығып, баласының бас жағында үнсіз егіліп отыр.

— Әлиза, мықты едің ғой.. Шыда! — деп Мөңке әйеліне басу айтып қояды.

Әлиза бұдан бұрын да тоғыз баласы өлген әйел: алты ұл, үш қызы үй сыртындағы қара молада. Енді, міне, ана баурындағы соңғы алданышы — қырықтан асқасын көтерген сүт кенжесі....

— Сорлы анаңды сен де тастап кетуге қарадың ба? — деді Әлиза иегі кемсеңдеп.

Ішке Әліби кірді. Онсыз да өзін шаққа ұстап отырған Әлиза әкесін құшақтай алды.

— Құдай-ай!.. Не пиғылымнан таптым? — деп, Әліби-дің ығына бетін басып, өкіріп қоя берді.

— Балам, шаршаған шығарсың... Азырақ дем алшы,— деп Әліби қызын сүйеп апарып, төсегіне жатқызды. Жаны-нан үлкен ақ шыт орамал алып, көзіндегі жасты сүртті.— Балам, бекем бол!.. Құдайдың салғанын көрерсің,— деп, қы-зын жұбатпақ боп отырып, көңілшек шал қосыла жылады. Сонан кейін ол өзін'ң осалдығын жуып-шаятын сылтау іздегендей,— біздің үйдің тентегі ере келмек боп еді, ұрысып қалдырып кеттім,— деді. Әліби еркелетіп, ұл орнында өсіріп келе жатқан қызы — Бөбекті осылай атайтын.

Мөңкенің үйі таң атқанша кісіден құр болмады. Ел жата Есбол, Еламан, Рай келді. Кейінірек Дос келді. Өзге балық-шылар да кезектесіп келіп, қайғылы үйге қара көрсетіп жүр. Олар Мөңкені ауру баласының қасында қалдырып, ауын қарап қайтқылары кеп еді. Оған Еламан көнбеді. Ауру ба-ланың жанында езіліп отыра бергеннен гөрі бір мезгіл мұз үстіне шығып, бой жазып, сергіп қайтқанын жөн көрді. Осыған пәтуа басқан соң Еламан таң біліне Мөңкені ертіп ауға кетті. Қасында Рай, Дос бар, Құлтума деген жігіт бар. Құлтума Қабақ руынан. Оның ішінде Уақ деген іргелес отырған аз ағайын. Биыл кәсіп іздеп, қатын-баласын ата қонысына қалдырып, салт басы кеп жатыр. Қара жұмысқа қабілетсіз болғанмен бала секілді елгезек: айтқаныңды екі етпей, ыңғайыңмен айналып елпілдеп тұратын кішкентай, қағылез ғана жігіт. Ептеп әңгілеу. Өлең айт десең іркілмей-ді, домбыраның орнына кішкене көзгелдек сұрап алып, аузын желпіп, жіңішке даусын безілдетіп бебеулей жөнеледі.

«Шөп те өлең, шөңге де өлең, өлең де өлең,
Шоқытып көк есекпен желіп келем,
Ой қасқа, қасқа-қасқа, қасқа-қасқа...»

Балықшылар күнде мұз үстінде жүргенде оның «ой қас-қасын» айтқызып, күліп алатын-ды. Қазір онан тыйылып, бәрінің бағатыны — Мөңкен'ң қабағы. Күні бойы Мөңке-кің қайғыға уланып, үнсіз жүргені жандарына батады. Мөң-ке олардың алдында сыр бере қойғысы келмей, тістеніп шыдап бағады. Тек анда-санда үрейлі жүрегіне суық үрей шауып, шошып қап басын көтеріп ап, ауыл жаққа қарайды.

Бүгін ауға балық тәуір түскен екен. Олар асымдықтан ауысқанын, бес-он қадақ та болса, гирге өткізгісі кеп, пром-солға тартты. Бәрінің соңында бір-бір ит шана. Қарын үр-леп тастаған көкшіл мұзды тайғанақтап басып, көп кісі қауқылдасып келеді:

— Балық аудың тайыз басына түсіпті.

— Апыр-ай де!.. Не қылса да кешелі-бүгін балық тайыздан соғып тұр-ау?!

— Ой, қыстағы балықта мәлім жоқ... Арқасын мұз, баурын қайыр қағып кептеліп қалғанша жосып тайызға тарта береді,— деді Еламан.

Балықшылардың ілгері жағынан, теңіз жағасындағы биік нар шоқалақтарды бауырлай салған үш-ақ үй көрінеді. Балық тапсыратын промсол осы. Онан көрі берегіректе балық тоңдататын үлкен мұз қала бар. Іші көл-дария. Сырттан кірген кісіге балықтың күлімсіген шырыш исі мұңк ете қалады. Мұз қаланың түп жағынан кісі тәні түршіккендей ызғар соғып тұр. О жақ күңгірт, көңілсіз. Әр жерден балық сойып жатқан орыс, қазақ әйелдерінің жаулығы ағаранданайды. Балықшылардың қауқылдаған дауысын есітіп, мұз қаланың түкпірінен еңгезердей біреу шықты. Бұл — Федоровтың бөдіретшігі Курнос Иван Федоровтай емес, балықшыларға іш тартқансып, жылы шырай беріп тұратын кісі.

— Еламан... Еламанушка,— деп ол балықшыларды алыстан көріп, арсаландап күліп келе жатты.

— Мынауың екі өкпесін қолына алып келе жатыр ғой,— деді Мөңке.

— Әй, қойшы осыларды. Бізге не бауыры бітіп бара жатыр дейсің, дорбаңдағы бес-он қадақ балығың да көңілін босатып келе жатқан,— деді Еламан. Курнос Иванға көңіл бөлмей ішке кіргесін де әлдекімді іздегендей жан-жағына қарады.— Сары бала қайда?

— Андрей ме? Осында, керегі бар ма еді?

— Мына балықты қабылдамай ма?

— Кел, мен қабылдайын.

Еламан оның жалақтаған түрін жақтырмады. Балықшылардың жазу-сызу білмейтінін пайдаланып, балықты кем жазатын.

— Кел! Кел! — деді Курнос Иван. Еламан енді оған қайрылмады. Андрейді іздеп мұз қаланың түп жағындағы үлкен есікке кіріп кетті Сәлден кейін шашы жалбыраған ұзын бойлы сары жігіт екеуі әзілдесіп, күліп шықты. Бұл — осы промсолда қара жұмысшы. Қыс болса мұз қалаға мұз үйеді. Қолы боста балық қабылдайды. Жаз айларында балықты бабына келтіріп тұздайтын солельщик.

Қазіргідей аласапыран абыржының тұсында промсолда жұмыс азайып, қол босайды. Сол кезде Андрей ығытын тауып, қазақ аулына барып тұратын. Қазақтар Андрейдің

ибалығын ұнатып, оны өздерінің бір адамындай көріп, «біздің сары бала»,— деп іш тартып тұратын. Андрей де балықшыларды көрсе үйіріле кететін. Қазір де ол жайраңдап күліп кеп, балықшылардың мұздай қолын бір-бір қысты. Бірақ бәрінің бетінен уайым табын көріп, қарт балықшының баласы кешегісінен де нашарлап қалғанын білді. Қазақтар балықтарын тапсырып, үнсіз салбырап сыртқа шықты. Сыртта қара киім киген бір топ кісі тұр екен Ішінде промсол ұстайтын бай орыс — Федоров. Мінезіне қарай ел арасына «Тентек Шодыр» атанған кісі. Күз айы жел-құзды болған себепті көптен бері балық ауланбай, орыс байының қабағы түсіп жүр еді. Еламан көріп тұрып соқпай кетуге бата алмай, орыс байының алдына қорқа-қорқа барды:

— Сәлематсыз ба, бай.

— Ну, балық қалай?

— Қырсыққанда мұз қатпай тұр ғой...

— Немене, балық жоқ па?

— Аз.

— Аз?

— Ие, аз. Кісі басына қырық-отыз қадақтан ғана тапсырдық.

Федоров тұздай көк көзін Еламаннан тайдыра берді. Үлкен алақанымен трубкасын сығымдап қысып ұстап, сұпсұр боп шірене басып тұр.

— Өзі азғантай балықтың жарым-жартысын қайтып әкетіп бара жатқандарың не?

— Тақсыр, асымдық балық.

— Бұл жаққа мен нман іздеп кеп жатқаным жоқ.

Еламан үндемеді.

— Ендігі жерде менен ұлықсатсыз бір қадақ балық алмайсыңдар.

— Тақсыр, ол... қалай?

— Айттым — бітті. Қашан көп балыққа кенелгенше, жеуге жалғыз шабақ та бермеймін.

Федоров жалт етіп, тұздай көк көзімен Еламанға қадала қарады.

— Солай! Ана алып бара жатқан балықтарыңды қайтып тапсырыңдар.

— Тақсыр...

Бұл өңірдің балықшылары Федоровтан қорқатын. Еламан да кездескен жерде оған тура қарамай, көзін тайдырып әкететін-ді. Осы жолы Еламан, әншейіндегі сақтығын ұмытып, орыс байына тура қарады.

— Жарайт, тақсыр,— деді де бұрылып жүре берді.

Анадай жерде иіріліп тұрған балықшыларға жетіп кеп, Мөңкеден басқасының балығын сыпырып алды да, лабазға апарып төге салды. Балықшылар аң-таң.

— Еламан қарағым-ау, мұның не?

— Бала-шағамыз қайтеді, кешке аш жата ма?

Еламан үндемеді.

— Асымдық балығыңды тартып алып жатқан Еламан дейсің бе. Бар пәле ана сары сайтаннан болып тұр ғой,— деді бір балықшы Федоровты нұсқап.

Орыс байының ұзап кеткенін көрді ме, енді Құлтума күшке мінді:

— Мені жаратқан жалғыз құдай қарашекпеннің байы емес еді ғой. Бұл қай қорлағаны? Жібер қолымды! — деп жұлқынып еді, Еламан:

— Өшір үніңді. Жүр-р!..— деп жекіп, кішкентай қағылез жігітті дедектетіп сүйрей жөнелді.

VI

Күн екіндіге тақау еді. Салт атты біреу Беларанның кезіне ілікті. Өкше ізі Көлқара. Астындағы қара білек торы ат қатты терлепті. Бар түгін қырау шалып, тегіс қыланданып, бусанып алған. Сонда да жүріске берік. Беларанның кезіне сыдыртып шықты. Осы арада ат үріккендей боп қос құлағын шұғыл тігіп, өкпе тұсында қалып бара жатқан оба тасқа осқырына қарады.

Шидем күпілі, сеңсең тымақты, бұжыр қара кісі ат үріккен жаққа жылан көзін жылдам тастады да, тізгінін сәл тежеді. Беларанның кезіне шыққанда бар өңір жайылып сала берді. Айрықша, Беларанның ық бетінде отырған төрт-бес ауыл түп-түгел көз алдында: иек астында Пірмән, Шірмән аулы отыр. Онан әрегіректе биік жар кемердің ұшар басында балықшылар аулы. Ал олардан да төрі әрегіректе, теңіз жағалауындағы ығы мол нар шоқалақ арасында Әлібн қыстауы бар. Судыр Ахметтің қыстауы да сол маңда.

Ал теңізден сырт шалғайда шағыл құм — Ақбауыр жатыр сұлап. Құм арасында құдық көп, шөбі де соны болғасын Құдайменде аулы қыстауын осы құмның іргесіне салған-ды. Кешкі тымықта бай ауылдың түтіні шаншылып шығып, суыт келе жатқан жолаушыға «мен мұндалап» көш жерден қол бұлғап тұрғандай. Осы жақтан үрген иттің даусы естіледі. Кешке қарай қораға қамаған қойлар маңырап, сиырлар мөңіреп, түйе боздап, малды ауылдың дағ-

дылы әбігер'н танытты. Әне! Тай мінген бір бала төбе басына шауып шықты. Бала қолымен көзін көлегейлеп, айнала өңірді шолып өтті. Іздеген жоғын көрді ме, кенет бала тайдың басын кейін бұрып, құнжыңдап тебініп қалды да, теңіз жақтағы жантақты бұйратқа құйғытып шаба жөнелді.

Жолаушы атының басын Ақбауырға бұрды. Өзі аса ірі, екі тізесі аттың екі құлағын қаққандай. Күпінің ұзын жең'нен қамшы ұстаған қолы көрінбейді. Сом денесін ерге құйып тастағандай. Ол күн бата биік ақ шоқалақтың ық бетіне арқасын тірей отырған бай ауылдың шетіне кірді. Б'р атадан тараған бұл ауыл малды, жанды еді, асыранды итте тіпті есеп жоқ. Үй басына бес-алты маң төбет, дорбауыз қайыңқаптал мен қасқыр алатын дегдар тазыны аталас жігіттер б'р-бірінен асырғысы кеп, бәсекелесіп асырайтын. Осы ауылдың итінен қорыққан көршілес ағайынының қатын-баласы аяқ баспайтын. Қандай ер жүрек жігіт те бұл ауылдың қызын оятам деп дәме қылған емес-ті.

Мынау жолаушының қарасы көріне бергенде, шеткі үйдің бірінен сақ құлақ, ақ қаншық шәу етті. Сол, сол-ақ екен, әр үйден он-ондаған ит қаптап шығып, арсылдап, аттылы кісіге ұмтылды. Бірақ жолаушы айылын жияр емес. Кең күпінің мол шалғайын қымтап, тақымына басып алды. Сонан соң дойыр қамшыны оң қолына қымқыра ұстады да, бұлаң құйрық бұлкекпен ел шетіне кіре берд'.

Ат басын туралаған еңсесі биік үйдің есік жақтағы екі терезесінен кешкі от жылт етті. «Ә, Алдекең ауыз ашуға отырған екен»,— деп ойлағанша болмай, шұнақ құлақ, күж қара төбет аттың мінер жағынан арс етті. Жолаушы бұрылған жоқ. Итті әншейін жасқай салғандай, қамшысын ақырын сілтеп еді, қара төбет оған қайтпады. Кісіге шапқандағы машықты тәсілмен алдыңғы аяғын аттың саурына тіреп, жолаушының сырт жағынан шапши берген-ді. Сол сәтте жолаушы қамшының ұшымен қағып қалып еді, қамшы иттің тұмсығына тиіп, қара төбет жалп етіп, тымақтай ұшып түсті. Бірақ тайдай қызыл қайыңқаптал сған қарамады. О да өзінің жау жүректігіне басып, тістерін ақсита ұмтылып еді, жолаушы оны да бір қағып, ұшырып түсірді де, өз жөніне кете берді.

Жолаушы қой қораны айналып өтіп, әлгіде екі терезесінен от жылт еткен үйдің алдына ағын байлады.

— Кеш жарық!

— Уа, қай баласың?.. Ә, Кәленбісің. Көзім көрмейді. Сені сырағыңнан танып жатырмын. Құста көккұтан, адамда

сен сиракгысың ғой,— деді бурыл сақалды, бұғақты сем'з қара шал кеңкілдеп күліп.

Бұл Құдайменде мен Тәңірбергеннің ағасы — Алдаберген. Күні кеше осы елдің тері-терсегі мен жүн-жұрқасын жинып сауда-саттық істеген кісі. Қалтасы қалыңдаған бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды желге шашып, ақырында жер соғып қалды. Сонан бері тәубаға кеп, дүние әңгімесінен тыйылып жүр.

— Ау, шалғайың жыртылмапты ғой! Әлде ауыл адамының біріне ілесіп келдің бе?

— Жоқ, өзім келдім.

— Апыр-ау, нанайын ба, жоқ па? Ана үйлердің ит! болса бір сәрі... бұл ауылға келген кісіні біздің үйдің Аламойнақтары шаужайдан бір алып қалатын еді ғой. Аузы бір іліксе Аламойнақтар арыстан ғой! Онсын аузында кісінің саны кетеді, не шалғайын әкеледі, ха-ха-ха!

Ауылына келген кісіге баласынан бұрын итін мақтайтын Абырáлы әулетінің ежелгі бір әдеті еді. Кәлен оның сөзіне көңіл бөлмеді.

— Шыныңды айтпай тұрсың ғой? Жасырма!.. Аламойнақтың тісі қай жеріңе тиді? — деді Алдаберген.

— Әй, Алдеке-ай, күшігінен қолда өсіргесін дәріптей бересіз ғой. Әйтпесе, Аламойнақ дегенің де ала күшік емес пе? Күшік кісі қауып не қиратсын.

— Тәубе!.. Субыхан алла! Саған дауа жоқ.

Кәлен сараң шалдың жоғары шық, дәм тат деп айтпасын біліп, есік жақтан кеткісі кеп, самауыр құйып отырған жас келіншектің (Алдабергеннің былтыр үйленген үшінші әйелінің) жанына, тері тулаққа тізе бүкті. Аяғында бітеу бас етік. Үстінде шидем күпі. Бұл өңірдің үлгісінен бөлек тігілген жалпақ төбелі, елтірі қара тымақтың құлағын шарт байлап алған. Тымақтың жалбыр жүнінен Кәленнің бұжыр қара беті жарылап қана көрінеді. Бауырсақ шайнаған әзірде қалың тымақ астында шықшыт сүйегі бұлкілдеп, қасы-қабағы қозғалып, бір сондай қатты ынтымақты, қауырт қимылды танытқандай. Алдаберген оның осы түріне шошына қарады. «Оңаша жерде кездессең, мынау ма... мына ұры кімді де аямас».

Кәлен Құдайменденің үйіне барды. Құдайменде қонақасыға мырза. Оның ішінде, әсіресе, пейілі түскен кісіге ағыл-тегіл. Күні ұзын ат үстінен түспей, ашығып келген Кәлен осы үйден асқа тоятынына сенді. Және ас үй жақтан келіп тұрған жылқы сүрінің иісімен дем алып, көңілдене түсті. Онан Құдайменде бұрылды.

— Бір жаққа жүргелі жатырсың ба?

Құдайменде үндемей, ысылдап-пысылдап байпақты етігін кие берді. Кәлен күліп:

— Жә, жұмысың болса жүре бер. Қатының мен қара казаныңды қанжығаға байлай кетпесең болғаны,— деді. Сөзінен осы үйді билеп-төстеп қалған кісінің базынасы сезіледі. Келесі жолы да ол әзіл-қалжыңын араластыра тіл қатты:— Байеке, көлгірсіп көңліңді аулап сөйлейін бе, әлде ашы да болса ел арасынан көріп келген шындықты айтайын ба?

Құдайменде оған көзінің астымен сүзіле қарады:

— Сенің нағашың Қарабас Кәрібай еді ғой. Соған тартпасаң қайтсін. О да барған аулының итін сабайтұн-ды.

— Е, ит сабаса қайтеді екен? Қатын мен итті қазақтың қай еркегі сабамаған дейсің,— деп Кәлен күліп, Құдайменденің қырысы осы бір әзілмен оп-оңай жазылып кетердей көрді.

— Қой әрі! Иттерді сабап, ауыл үстіне қамшы ойнатып бізге істеген қай қырың, ол? — деп Құдайменде түгін бетіне шаншып түтігіп отырды да,— осы сен мен жөнінде бірдеңе дейтін көрінесің ғой? Соны өз аузыңнан есіткім келеді, — деді.

Кәлен оның неге қыржиып отырғанын біле қойды. Осыдан үш-төрт күн шамасында Құдайменденің Ебейсін деген бір жігіті Кәленнің үйінен түстік жеді. Дастарқан басында, көп кісі отырған. Оңнан, солдан жиналған кісілердің алдында Ебейсін Құдайменді жер-көкке сыйғызбай мақтады. Кәлен жақтырмады.

Басқа бір әңгіме айтып, анзның сөзін бөлейін деп еді. Ебейсін:

— Несін айтасың, бұл өңірде Құдакеме тең келетін жігіт туған жоқ қой,— деп, тағы да Құдайменді дәріптей бастаған соң, Кәлен шыдамай:

— Қой әрі! Жер бетінде Қаратаздан басқа жақсы құрып қалды дейсің бе. Қанша мақтасаң да, сол Қаратаз дүние боғын домалатқан қарақоңыз емес пе? — деп ақырып тастады. Мына жігіттің бар сөзін бұлжытпай Құдайменде жеткізерін білді. Кесек денелі Кәлен қалың күпі жамылғанда үй ішіндегі кісілерден иығы асып, айдыны шыға түсіпті. Дастарқанның бір шетіне қырындап отырып, үлкен бас шекөрді тізесіне қойып, шапашотпен асықпай шауып түсіріп жатып:

— Құдай өзі берген жанын өзі алар. Соңырағы күні зауал шағымда менің жан аларым Қаратаз боп келсе, пе-

шенемнен көрермін. Жеткізер болсаң, әй, залым, осы сөзімді де жеткіз,— деп Ебейсінге қадала қарап, түйіліп айтты. Осы сөз ел аузына тарап, Қаратазды кеміткісі келген кісілер: «Дүние боғын домалатқан қарақоңыз»,— деп мысқылдап күліп жүрген. Әсіресе, болыс сайлауына түскен бақталас кісілер жағы Кәленнің осы сөзін оңды-солды айтып, Қаратаздың қытығына тиіп алған-ды. Кәленді көргенде оның қаны қайнап кетті:

— Кәне, сен ер болсаң ел арасына таратып жүрген сөзіңді айтшы! Өзіме айтшы!

Кәлен етігін киді. Күпі сыртынан қайыс белбеуін буып алды. Қамшысы мен тымағын қысып ұстады да, жылан көзі жалт етіп Қаратазға қарады. Кеждікке ғана біткендей кішкентай құлағының ұшы дуылдап қызарып бара жатты.

— Мен саған адал жүрегіммен келіп едім. Сен маған сыртыңды беріп отырсың-ау. Өкінерім жоқ. Уа, жалынбаймын да. Ал, бірақ ел арасының өзің туралы не ойлайтынын айта кетейін.

— Сен осы не дей-туң? Не деп оттай-туң, а?

— Мен оттап отырғам жоқ. Ел арасында к... өзің боқтап алып отырсың. Ертең болыс сайлауында аяғың аспаннан келгелі тұр. Саған соны айта келдім.

Құдайменде Кәленнің ін түбінен, әріден қадалған көзінен жасқанбай тура қарады.

— Ой, сорлым-ай! Бұрын бір ұры достым артық болатын, енді көп болса бір ұры жауым артық болар. Менен қашқан кісілердің жар басындағы жаман балықшыларды сағаларын білем. Сен де ендігі жерге маған кезеген ағаш оғыңды солардың арасынан атарсың. Бар, жолың ашық.

«Е, барса қайтеді? Барам, қосылам»,— деп Кәлен басына келген шұғыл ойдан ширыға түсті. Осыдан кейін жанжал десе жаны кіріп қоя беретін әшіндегі ақкөз ерлігіне басып, қолындағы жуан дойырды көкпен сығымдап қыса түсті:

— Ендеше бар-ау, мен сені өз отыңның басында, қатын-балаңның көз алдында қор ғып кетейін,— деп Кәлен атып тұрды. Иесіне түскен ызалы бүркіттей, ірі қара кісінің үстіне төніп қалғанын көрсе де, Құдайменде қозғалмады.

— Мына ұрыны байлап тастаңдар,— деді осы кезде есік ашылып лап беріп ішке кіріп келген жігіттеріне қарап.

Кәлен Құдаймендені қақ бастан тартып жіберді де, сырт жағынан келіп қалған жігіттерге жалт қарады. Олар

да осы ауылдың кіл өңшең қарулы, ұр да жық жігіттері екен.

Бірақ, бетпе-бет келгенде Кәленге бірі бата алмай, ұйлығып қалды. Кәлен енді ес жиғызбай жуан дойырды қаһарлана көтеріп ап:

— Өлгілерің келмесе кет былай! — деп ақырып, қарсы ұмтылып еді.

Жігіттер жуан дойыр астында жел соққан қамыстай жапырылады. Кәлен бір ытқып сыртқа шықты. Торы атқа тақымы тигесін-ақ асықпады. Ауыл үстіне жылан көзін жылдам тастап шолып өтті де, торы атты тебініп қап жүріп кетті.

VII

Құдайменде дәл бір тас тиген жыландай, көпке дейін қозғалмады. Басын қорғаймын деп қамшыға қолын тосқан-ды. Қолы сынғандай, сырқырап ұйып бара жатты.

— Құде-ке... қа-лай-сыз?

Ашу қысқанда Құдайменде ауырған жерін де ұмытып атып түрегеледі.

— Шық!.. Шық үйден, ей өңшең ез!

Жігіттер сұмсиып шығып кетті. Құдайменде өлердей қорланды. Үстіне кірген әйеліне де үндемей киімшең бойымен теріс қарап жатыр.

Болыстықтың түкке керегі жоқ еді. Алғаш пәлені бастаған софы ағасы. Онан кіші інісі жабысты. Тәңірберген ағасының тілін тауып көндірді. Болыстық сайлауға бір түсіп алған соң, оның өзіне де қызу пайда болды. Ала-бөле кейінгі күндері басқа жұмыстың бәрін тастап, болыстыққа жан-тәнін салып кірісіп еді. Ел ішінен келген жаңағы Кәлен: «Ертең болыс сайлауында аяғың аспаннан келеді»,— деп зіл тастап кетті.

«Халық қоймаса, қоймасын... бұйырса, болыстықты ақтылы ала қойым алып бере-түң»,— деді Құдайменде ішінен. Сонан кейін шынымен-ақ болыс боп сайланып қалған кісідей, қаһарға мініп: «Сонда сөйлесермін сендермен. Сен Кәлен, сен Еламан, тұра тұр! Соңыра бойларыңды кездетіп, қазынаның қолына бір берсем... торлы терезенің ар жағынан мойындарыңды созып, мөлиіп тұрғандарыңды көрсем еді!..» — деп кіжінді.

VIII

Теңіз жайында әңгіме шерткен қандай ләззат. Құй өзің сөйле, құй өзгені сөйлетіп қойып, тым-тырыс жиын арасында ұйып тыңда мейлің. Өзің сөйлегенде бір құлағыңды басқа кісінің әңгімесіне тігіп қойып көппен бірге ілесе тыңдап отырасың Өзіңнің айтатыныңда, өзгеден есітетініңде баяғы бір ескі жыр. Биыл балық бағыты қалай, тереңге неге кетті, тайызға қашан соғады? Бүгін күн қызарып бұлтқа батты, ертең жел көтеріле ме, жоқ па?

Балықшылар бүгін де Райдың үйіне жиналып алып, теңіз жайында, балық жайында әңгімелеп қауқылдасып жатыр еді. Аттылы біреу есік алдына тоқтады. Аттан түсті. Шылбырын босағаға байлап салды да, сәлем беріп кіріп келді. Алып тұлғасын қанша исе де, аласа жерқазбаның төбесін тымағы тіреп тұр. Балықшылар Кәленді танып, бастарын көтеріп алды. Бір жас жігіт:

— Ағажан, отырыңызшы! Жаман үйіміздің төбесін мойныңызбен іліп әкетерсіз,— деп әзіл қатып еді, бірақ іштей арбасып қалған кісілер міз бақпады. Үй іші жымжырт. Кәлен төрге шықпай, бір тізесін басып, отыра қап:

— Әй, Еламан, саған келіп отырмын,— деп ойындағы сөзін ірікпей, тура бастады. Кәсіп іздеп келдім.

— Е, ат ұрлауды қойып, енді балық аулауға шықтың ба? — деді Рай.

Балықшылар шошып қалды. Мұнан кейін бір шатақтың анық шығарын біліп, қыбыр етпей Кәленді бағып отыр. Кәлен асықпады. Ар жағынан ақырын оянып келе жатқан ашуды танытқандай қара бұжыр беті дуылдап барады. Көз жанарынан суық сәуле ұшқындап, бар қаһарын бетіне жиып, түтігіп алды да, Райға бұрылды. Үй іші тынып тұр. Енді жұрт назары Кәленнің қимылымен қозғалып, арбалған торғайдай боп қалып еді; кенет, Кәлен жұрт күтпеген мінез істеді. Ар жағынан қаптап келе жатқан ашуын қатты тежеп, өзін өзі оп-оңай билеп алды да, түк болмаған кісідей, аяқ астынан жадырады:

— Бала ғой деп жүруші едім, бақсам, сен де башайдан тартуға жарап қапсың ғой.

Балықшылардың арқа-етегі кеңіп сала қалды. Кәленнің мына мінезіне көбі ырза боп, сүйсініп қалды. Тек Еламанның түсі жібімеді:

— Жә, шаруаңды айт?

— Саған кісі керек дейді ғой. Мені пайшерік қып алуға қалайсың?

— Қаратазың қайда?

— Әй, бала, өткенді қазбалап қайтесің. Олай десең бір кезде сен де Қаратаздың қосын жеккенсің. Өзіңе мұз оятын адам керек пе?

— Ал, керек.

— Ендеше мені ал!

— Шодырға бар... билігі сонда.

— Міне сөз! Қаратазды қайтесің. Ендігі жерге сендермен бірге қарашекпеннің де қосын жегіп көрейік. Әуселесін кейін көре жатармыз.

— Уә, болыс кім болды? — деді төр алдында көлбеп жатқан біреу.

— Болысың — Қаратаз!

— Ой, құдай-ай!.. Бақытты да көзі соқыр сорлы екен ғой,— деді Рай.

Есбол кәрия мырс ете қалды:

— Уә-ә!.. Итсигек екеш итсигек те мәуелеп өседі-ау, бір...

Балықшылар енді ғана есін жиғандай, бір-біріне қарап тіл қата бастады:

— Енді оңарсың. Олай бассаң Қаратаз, былай бассаң қарашекпеннің байы...

— Е, құдайым! «Бақ адасса батпаққа қонады»,— деп, бұрынғылар біліп айтқан ғой.

— Осы күні бақ дегеннің де құны төмендеп кетпеді ме. Татар байының дүкеніндегі қызыл ала кездеме сияқты, қалтасында пұлы бар қазақ бақты да сатып алатын боп жүр ғой.

Еламанның ойы бұлардан бөлегірек. Құдайменде болыс болғанмен түпкі қазық Тәңірбергенде. Құдайменде оның қолындағы шоқпары ғана. Сілтегенде зілдірек тиюі үшін ағасын әдейі болыс ғып отыр.

Ол бірақ бұл арада үндемеді. Бірдеңе айтайын десе, Тәңірберген мен Ақбаланың арасы бетіне шіркеу боп, тілі күрмеліп отыр.

Балықшылар үйді басына көтеріп жатыр:

— Қора-қора қойлардың арқасында Қаратаз да кісі санатына кірді... Қатарға қосылды.

Есбол атасының жанында шынтақтап жатқан Еламан осы тұста басын көтеріп алды.

— Қой әрі! Ол таз қой баға білді. Бірақ халық қой емес еді ғой. Көрерміз оның да әуселесін.

Есбол Еламанға сүйсіне қарады:

— Жақсы айттың-ау, балам. Халық қой емес,— деп

қостады. Сонан кейін кәрия өзінің жұмбақтап бастаған әлгі бір ілгеріректегі ойына қайта оралып,— естеріңде бар ма, балалар... Қатындар сабын қайнатамыз деп, күздігүні итсигек шауып, күл ғып өртеп жататын еді-ау! Қаратазды да тосқан алдында күзі бар шығар,— деп балықшыларға жағалай қарап, көз салып өтті.

Осы кезде сырттан бір оғаш дауыс шықты. Не аңның ұлығанына, не адамның күңіренгеніне ұқсамайтын дауыс. Әйелдің жоқтауына да келмейді. Ер кісінің көй-көй салған азалы даусы да емес. Не де болса әйтеуір кісінің сай-сүйегін сырқырататын зарлы үн әлдеқайдан оқыс шықты да, күңіреніп тұрып алды. Бірде желдей үйлдеп, енді бірде ботасын жоқтап, тұлыпқа боздаған іңгендей аңырап кетеді. Қайдан болса да қара түнді қақ жарып, күңіреніп шыққан сұмдық үннен мұндағы кісілердің төбе құйқасы шымырлап қоя берді.

— О, эттегене-ай! Мынау Әлизаның даусы ғой,— деді біреу.

Ешкім үндемеді. Үйткені бұндағы кісілердің бәрі де қарт әйелдің даусын білетін. Ал... мына дауыстың түрі басқа. Сонан келе жұрттың есіне қарт әйелдің әл үстінде жатқан баласы сап ете қалды. Он баладан қалған соңғы баласы көптен бері өлі мен тірінің арасында, кірпігі азар-азар қимылдап жатқан-ды. Шықпаған жаннан дәме бар, тек әйтеуір кемді-күн дәтке-қуат демесең кемпір-шалдың қолда ұстап қалған мына соңғы баласы да бұл дүниелік емес екенін балықшылар әрқайсысы өз ішінен біліп жүрген-ді.

— Мынау... Әлизаның даусы ғой!

— Иә, соның даусы! Сорлы Мөңкенің соры қайнап қалды-ау!

IX

Жұрт жаңа ғана есін жиды. Дүрліге көтеріліп сыртқа шықты. Әншінде аяғы ауырлау Еламан да атып түрегелді. Жолында тұрған кісілерді қаға-маға, сыртқа атып шықты. Есі шығып кетіпті. Киімін киюге де үлгірмеді. Көйлекшең. Көйлектің омырауы ашық. Жалаң бас. Қараңғыда көзі ештеңе көрмесе де, аңырап дауыс шыққан жаққа қарай алау-далау боп жүгіріп келеді.

Қазалы үйге басқалардан бұрын жетті. Тек кірер жерде ғана әлденеден жүрексінгендей іркіле түсті де, қайта жүрді. Онда да алдына үлкендерді салып, өлік жатқан үйге ақырын кірді. Бұлар жеткенше Мөңкенің аласа тар үйіне

кісі-қара толып кетіпті. Соқыр шам есік жаққа қойылған екен. Сығырайған соқыр шамның жарығы іштегі кісілердің аяқтарына түсіп, сатырлаған қайыс етіктердің ақжем тұмсығын бозғылдауға ғана жарапты. Және қазанда қайнаған судың буынан үй іші кіреукеленіп, бірде-бір кісінің беті-жүзі жөнді көрінбеді. Ал, әрегіректе қара көлеңке бұрышта тұрған кісілер қарауытып, ауыр қаза астында мұлгіп қапты.

Еламан Есбол атасы бастаған шалдарды төрге өткізіп жіберді де, ал өзі есік жақтау, елеусіз көптің арасында тұрып қалды. Ішке кіргелі Әлиядан көз айырмады. Әлиза баласының өлгеніне әлі де болса сенбейтін сияқты. Кәрі ана, қайта, кісі-қараның келгенін көріп кәзір жылауын қойған. Жасын да тыйыпты. Ұзақ ауырған баласы күтпеген жерден тәуір болып, осынша шеккен азаптан кейін, жас тән қалжырап, көзі ілініп, кеткендей көре ме? Топырлап кіріп жатқан мына кісілерді де қуанышына құтты болсын айта келгендей көретін болар? Сондай бір әлсіз үміт ана көңілін алдарқатып, өң мен түстің арасындай есірік халде жүр ме? Әйтеуір қарт ана қайта-қайта басындағы орамалын жөндеп тарта берді. Онан кейін келген кісілерге тұрып, орын ұсынғысы келді. Бірақ, сол бойда жұрт қарт ананы өз орнына қайта отырғызды.

Кенет, қарт ана басын көтеріп алды. Рай мен Дос табытта жатқан баланың бетін жауып, екеулеп көтеріп апарып, оң босағаға қойып еді. Қарт ана оқыс есін жиып алды.

— Ойпырм-ай!..— деп өкіріп, жас жуған бетіне тырнақ салып, қанын ағыза осып-осып жіберді. Қанша кісі жабыласа да, күйік көтерген әйел қолда тұрмай, жұлқып шықты. Ажал шеңгелі жалғыз баласын бүріп алып, жұпыны жер үйдің бір жағын омсырайтып ойып әкетіп бара жатқанын көрді. Қара шашы жайылып кеткен. Үрей қаптаған көздерінің ағы айналып, ұясынан шыға ақшаңдап: «Жан ботам-м!..» — деп зарлап, қос қолын созып ұмтыла берді де, құлап түсті. Үй ішінде жыламаған жан жоқ. Еламан да жылады.

Үш-төрт жігіт солқылдап жылап жүріп, ес-түссіз жатқан әйелді көтеріп апарып төсекке салды. Балықшылар мұңды жүзбен мұлгіп отыр. Әйелдер қаза үстінде де күйеулерінің қасы мен қабағына қарап дауыс шығара алмады. Жаулығының шетімен аузын басып, үнсіз егіліп жас төгіп тұр. Төр жақтан құран оқыған қартаңдау біреудің мыңқылдақ мақамы естіледі.

Әлиза әлі есссіз; оқта-текте ғана тұрғысы келгендей қос қолымен ауаны қармап, «а-ah!..» — деп күрсінеді.

Мөңке баланың бетін жабарда алақанымен бетін баса қап, өкіріп теріс қарап құлай кетті. Бар өмірден безіп, суынып алды. Жанына кеп жұбатпақ болған кісілердің бірде-бірінің, бір адамның сөзіне құлақ аспай, теріс қарап жатқан-ды. Қасына Есбол кәрия кеп отырды. Бір-екі рет тіл қатқысы кеп оқталып еді. Тамағына жас тіреліп тоқтап қалды.

Біраз отырып, бойын жиып алғаннан кейін ғана:

— Уәй, Мөңке,— деп өктем тіл қатты. Жұрт тына қап, тегіс кәрияның аузына қарады.— Уә, жарқыным, басыңды көтер. Құдай өзінің бергенін өзі алды. Алланың әмірі-не қай пенденің араша болғанын көріп едің. Неге айналаңа көз салып, тәубаға келмейсің! Уа, мен сенсн кем бе едім. Сен өлген балаңа жылап жатырсың. Менің, тым құрыса, молада да тілекшім жоқ екенін неге ойламайсың,— деп, жасы үлкендігін арқаланып, зілдене сөйледі.

Еламанның онсыз да қатты соғып тұрған жүрегін осы арада әлденс аямай сығып жіберді.. Мынау Есбол атасының өмірі аузынан шықпаған ащы сыры. Тобы кішірейіп, титықтап шөккен мына кәрі дене қандай ауыр азапқа да мыңқ етпей, үнсіз арқалап келген.

Еламан өкіріп жылап жібере жаздап, ащы өксік қысқан кеудесі көтеріліп-басылып тұр. Бетінде бір тамшы қан жоқ. Тынысы тарылып, танауы қусырылып кеткен. Қимылсыз көзіне жас толып, шарасы кеңейіп барады.

Есболдың сөзінен кейін Мөңке басын көтерді. Күш шақырып, шынтағының астына қойған жастыққа сүйеніп отыр. Шай үстінде сақ құлақ сағада шалдар әңгіме айтып, баласын оң босағаға қойып отырған ата-ананың көңілін аулады. Шалдар жағы Мөңкенің қасында қап, қалған жұрт үйді-үйіне тарады.

Еламан да үйіне қайтты. Ол Ақбаланың ере шыққанын байқамады. Үйіне жақындап келе бергенде сырт жағынан солқылдап жылаған әйел даусын естіп, қайырлып тұр. Ақбала жаулық шетімен аузын басып апты. Тосып тұрған күйеуін байқамай, тұсынан үнсіз өтіп бара жатты. Еламан Ақбаланы қолтығынан алды. Жұбатқысы кеп оқталса да, аузына сөз түспей, қатарласып жүріп келеді.

Күні бойы от жанбаған үй ызғып тұр екен. Шам жақпады. Қараңғыда сырт кімдерін ғана шешіп, пеш түбіндегі жер төсекке қисайды. Еламан әдеті бойынша көзін жұмды. Онан әйеліне сыртын беріп, іргеге қарап аударылып

түсті. Ұйқы келмеді. Өзім жайында ойлады. Орыс байы мен сері, сал жігіт жөнінде, онан өзінің болашақ баласы жөнінде ойлап ұйықтай алмай, қиыр-шиыр боп жатты. Ақ бала да үнсіз, ұйықтап кеткені, әлде ояу жатқаны белгісіз. Ол жаңа, күйеуінің отжағынан кеп, көрпе астына кіріп жатқасын енді қайтып қозғалмады. «Ұйықтаған болар»,— деп ойлады Еламан.

Осы кезде есік сықырлады. Іле-шала бейсауат біреудің ішке кіріп келе жатқанын сезіп, Еламан жастықтан басын жұлып алды. Қараңғыда кісі ырабайсыз үлкейіп кете ме... әйтеуір ол өзіне қарай ақырын қозғалып келе жатқан кісінің репетінен секеніп, қолымен маңайын сипалады.

— Мен ғой... Сыртқа шығып кетші.

Еламан «Сары баланы» даусынан таныды. Мезгілсіз уақытта келісінен секем алса да, сыр берген жоқ. Көрпе астында қол-аяғын бауырына алып бүйыққандай болып жатқан әйеліне созылып қарады. Ұйықтап жатқан сияқты. Ақырын тыныс алады. Қараңғыда қолына түскен киімді иығына іле салды да Сары баланың соңын ала сыртқа шықты. Әйелін оятып алам ба деп қорқып, қол тисе сықырлап қоя беретін «жылауық» есікті ақырын ғана жапты.

Бірақ Ақбала ояу еді; күйеуінің ізінше ұшып түрекелді; жалаң аяқ, жалаң бас қалпы мұздай еденді қараңғыда қорғалақтап басып есікке жетті. Аттай тулап кеткен жүрегін тоқтатып алды. Сонан соң әлгі екеуінің соңынан, шала жабылған есіктің жоғарғы жағындағы саңылауға созылды. Ол екеуі ұзамапты. Есік алдында, екі-үш қадамдай ғана жерде тұр екен.

Ақбала күйеуінің қарулы екенін білетін. Ана кісінің де осал емес екенін көрді. Қайта, оның бойы Еламаннан гөрі ұзындау, нықтылау сияқты. Даусы да күңгірлеп шығады. «Курнос Иван емес пе екен?» Ақбала ссы кәржік мұрын қара орыстан қорқатын. Қатты соғып кеткен жүрегін қолымен басып тұрып, сыртқа құлағын тосты. Сыртта жел көтеріліп, ызғырып тұр екен. Және ол екеуінің сөзін ауыздан шығар-шықпаста ық жаққа қағып әкете берді. «Жаңа сайланған болыс Федоровқа қонақ боп кетті»,— деген бір сөзді құлағы қағастау шалды. Еламан ызалана мырс етіп: «Ойбай-ау, оның маған оқ атпаған күні бар ма»,— деді.

Олардың осыдан кейінгі сөздері тіпті естілмеді. Мына кісінің кім екенін білмеді. Бір қуанғаны — кім болса да жаман ниетті кісі емес, жау емес, дос. Жаңа сайланған болыстың орыс байына барып жар басындағы балықшыларды

жамандағанын айтып алдын ала сақтандырып тұрған сияқты.

Еламан жылы төсектен желең шыққан-ды. Жел өтінде тұра алмай, ол ықтап есік алдына кеп тұрды.

Ақбала есік жапсарына жабыса қалды. Ол екеуінің сөзін енді анық есітті.

— Федоров аудың балығы жарытымсыз деп жатыр. Ертең сені бар кісіңмен мұз үстіне айдап шығатын түрі бар.

— Мұз әлсіз емес пе?

— Оны мен де айттым. Бірақ Федоров тыңдайтын емес. Сақ бол!

Еламан үйге беттеді. Ақбала жүгіріп барып төсегіне жата қалды. «Сақ бол»,— деген сөзден шошыды. Соған қарап күйеуінің өміріне төнген қандай да болса бір қатер барын сезіп денесі дірілдеп жатқан. Күйеуі кеп көрпе астына кіріп, аяғын көсіле беріп еді, әйелінің әлгіде ғана мұздай жер басқан аяғына аяғы тиіп кетті. «Тоңып қалыпты ғой» деп ойлап, Ақбаланың аяқ жағын көрпемен қымтай беріп еді, Ақбала күйеуіне қарай аударылып түсті.

— Сен ояу ма едің? — деді Еламан таңданып. Жауап қатпай бауырына үнсіз кіре берген Ақбалаға бұл да шұғыл ұмтылды. Кейінгі күндері түсін бермей томсарып жүрген жігіт тар төсекте әйелімен қалай татуласқанын байқамады. Осыған дейінгі өкпе-кінәның бәрін ұмытты. Жас мырза келіп кеткелі жүрегіне темір тікендей қадалып жүрген қызғаныш та есінен шықты. Ақбаланың бұл шақта құшаққа сыймай кеткен толық денесін құшақтады.

— Жаңағы кім?

— Кім дейсің бе? — деді Еламан, Сары баланы есіне қайта алып.

— Иә, ол кім?

Осы кезде ішін тіреп жатқан әйелінің үлкен қарнынан бітімсіз бір нәрсе бұлқынып қалды. «Ой, тентек!..» деп ойлап, әр кездегідей Еламан елжірей күлімсіреді. Әйелінің сауалы есінен шығып кетті. Өзі мен әйелінен басқа тағы бір тәтті гірліктің таяу арада дүниеге келетінін ойлап, қашан көзі ұйқыға кеткенше күлімсіреп жатты.

Ол оянғанда, үй іші әлі қараңғы еді. Ұйқысы қанбапты. Басы зілдей боп жастыққа тартып сіңіріп бара жатқасын, ұйқы қысқан көзін жұма түсті де, кенет іле-шала қайта ашып алды. Түндегі ауыр қаза есіне түскенде, ұйқысы шайдай ашылды. Карт балықшының бір бөлме үйінде өлікті ұзақ ұстауға болмайтынын ойлады. Бүгін қалай да

жерлейтін болғасын, жедел кірісетін жайлар бар. Басқасынан бұрын әуелі орыс байына барып бір күнге ұлықсат сұрап алуы керек. Тез тұрғысы кеп еді; бірақ Ақбала түндегі жатқан күйінен қозғалмапты; бауырына тығылып ақырын ғана тыныс алып жатыр екен.

Еламан жас келіншектің таң алдындағы тәтті ұйқысын қимады. Қозғалса оянып кететіндей көріп, біраз уақыт келіншегінің тынысын тыңдап, қараңғы үйде көзі ашық жатты. Қарт балықшы есіне түсті. Онан ес-түсінен айрылып, талып жатқан Әлиза есіне түсті. Талай ананың азасын көре жүргенде, дәл осы қарт ананың кеудесін жарып шыққан күйіктей күйікті кездестірген жоқ-ты.

Ақбала қозғалды. Екеу ара жамылған көрпені өзіне тартып, ыңырсып әрі қарай аударылып түсті. Еламан тез киініп сыртқа шықты. Дала тастай қараңғы. Жұлдыздар көрінбейді. Іштен шыққан бойда суық жел бірден бетін қарып алғасын, ықтап бұрылып кетті. Теңіз көрінбеді. О жақ түксиіп, суық қарауытады. Көңілге болмаса осы теңіздің өкірген даусы да түн ішінде алыстап кеткендей. «Бос биеден бергі жер ұстасқан-ау, шамасы»,— деп ойлап, ыңыранған теңіз үніне құлағын салды.

Жағаға түсті. Кеше жауған ақ ұлпа қарды жел айдап, мұз бетін ырситып жалаңаштап кетіпті. Көк тайғақ кілегей мұзды Еламан табанына нәл қаққан ауыр етігімен кірш-кірш басып келеді. Мұзды байқағысы кеп, бір рет ол әдейі әрегірек барып аяғымен теуіп көрді.

Күні кеше жас баланың еңбегіндей басқан жері былқылдап майысып жататын-ды. Қазір қалай тепсе де мыңқ етпеді.

Бұрынғы жағдайда балықшылар бұған қуанар еді; ал, бүгін мұз қатқанын Еламанның іші қаламады; орыс байы әй-шайге қаратпай ашық теңізге айдап шыға ма, қайтеді деген күдікпен көңілі күпті.

Сары баладан есіткен түндегі әңгіме де есінде. Құдайменде болыстыққа сайланған бойда орыс байына барып: Балықшыларың жылы жерде жанын баққанды тәуір көреді. Сосын балық қайдан болсын. Ерегіскен соң өздерінен ауқұралыңды сыпырып ал! Олардың орнына ел арасынан қарулы жігіттер тауып берем,— деп, орыс байын бұларға айдап салған көрінеді.

X

Еламан Құдайменделеден қай кезде де жақсылық күтпейтін. Оның болыс болғаны балықшыларға сор болғанын сезетін. Ол тек мұншалық шұғыл кірісе қояр деп ойлаған

емес-ті. Осы жай әсер етті ме. Еламан орыс байына тура баруға тайсалып, әуелі Курнос Иванды басбалдақтап көргісі келді.

Курнос Иван тұрыпты. Ас ішіп жатқан үстіне кірді. Есікті ашар-ашпастан-ақ үй ішінен қазақтар қатты жиіркенетін қышқыл капуста мен қандаланың күлімсі иісі бұрқ етті.

— Е, Еламан...— деді Курнос Иван; ол, бірақ астан басын алған жоқ. Еламанға басын изеп қойып, түннен қалған балықты қарпып асай берді. Екі шықшытын балыққа сидалап толтырып алған. Көпке дейін жұта алмай, аузы-басы қобырлап, кең танауы шуылдап, жампаңдап шайнап жатып:— Неге келгеніңді білем. Сен... Федоровқа бар. Тек абайлап сөйлес,— деп ескертті. Түн асып кебіртектеніп қалған балықты зорлап жұтпақ болғанда, түйіліп қап көзінен жас ыршып кетті.

Еламан Федоровқа барды. Бұл кезде бай үйі тұрып, аппақ жас келіншек ауызғы бөлмеде ас даярлап жатыр екен. Еламанды көрген бойда келіншек ісін қоя салды. Басындағы қызыл шыт орамалын жөндеп тартып тұрып, үстіне кірген кісіге асықпай, анықтап қарап алды. Өзі көріп жүрген қыр қазақтарынан мына жігіттің бар түрі бөлектеу, айта қалғандай ажарлы болмаса да кең кеуделі, иықты ірі жігіттің бой тұлғасында әйел нәсіліне ұнайтын, әлдеқандай бір қасиет барын байқай қойды. Үстіндегі киімдері де ып-ықшам. Бәрінен бұрын оның қайратты сұлу тұлғасына қызықтап қарап, нәпсі сезім жас көңілдің түкпірінен сұғанақтанып бой көрсетіп қалғандай болды.

Еламан бұрын-соңды әйел баласында дәл мұндай әдепсіз жанды көрмеген-ді; онша ұялшақ болмаса да осы тұста ол мына келіншектен қысылып, өңі қызғылт тартты. Келіншек оның қысылғанын қызық көріп, іштей ынтығып, жігіттің кінәсіз ұяң кескініне аса бір сұғанақтықпен ішіп-жеп қарады.

— Бай... үйде ме? — деді Еламан.

Келіншек сәл ғана езу тартты да, шұғыл бұрылып төргі бөлмеге кіріп кетті. Осы арада келіншектің аппақ балтыры аспалы шамның жарығына шағылысып, ақ бөкеннің таңындай бір жарқ етті де, көзден ғайып болды.

Еламан: «Мына сайтан қайтеді?» — деп ойлап, назарын басқа жаққа аударып еді, тұсына мүйіз кілем тұтқан болскей кереуетке көзі түсті. Ақ шілтерлі төсек жапқыш жерге малынып тұр. Кереуетке жинаған мамық жастық та дала қазағына екі құлағын тігіп таңдана қарап қалғандай.

Еламан еріксіз езу тартты: «Сары сайтанның салымдысын қарашы...» Еламан тағы да ақ келіншек жөнінде ойлап бара жатқан күнәкәр көңлін аңғарды. Өзінің ұстамсыздығына ызасы кеп: «Маған не боп кетті?! Әлгі сайқал қайда?» — деп ойлады.

Ел қазағының осындай жердегі өзімшіл, омырау мінезіне басып, төргі бөлмеге баса-көктеп кіріп барды. Келіншек қысылып қап, Федоровтың құшағынан сытылып шықты. Орамалын жүріп бара жатып, асығыс жөндеген күйі үлкен ұялы көздің отты қарашығы жарқ етіп, Еламанға әдейі ұзын кірпігін дірілдетіп, сайқылана қарады да, шығып кетті.

Еламан Федоровтың кескіні қатты бұзылғанын көрді. Федоров жасынан қара жұмысты көп істеген апай төс, ірі сары орыс болатын. Түсі суық; айрықша ашулы түрі жаман. Бір сәтте бетінің қаны қашып кететін-ді. Осы жолы да жұқа еріндері тісіне жабысып, сұп-сұр боп алыпты. Сүзетін бұқаша басын баурына алып, бұған тұздай көк көзінің астынан кірпік қақпай қадала қарап, жақындай берді.

Еламан өзінің бұл кірісі сөлекеттеу болғанын сезіп, ыңғайсызданып қалды.

— Тақсыр...

— Аз-и-ат! — деп, анау Еламанды жағынан тартып жіберді. Еламан дір-дір етіп өзін зорға ұстап қалды.

— Тақ-сыр!.. Меңкенің жалғыз баласы қайтыс болды. Бүгін жерлейтін күніміз еді...— деп, оны қатты бетінен қайырмақ болды; Федоров Еламанды енді екі жағынан шартылдатып ұра бастады. Еламан қол қатпады. Жағына шапалақ тиген сайын дір-дір етіп, екі беті бозара түсіп:— Мұз да жұқа... қауіпті... Мұз үстіне шығатын кісілер әр үйдің маңдайындағы бір-бір азаматы...— дей берген-ді.

Федоров құлаштап қойып жіберді. Шойындай жұдырық балықшы жігіттің аузына тиді. Аузы қанады. Көзі қарауытып кетті. Еламан бойын жиып алды,— жоқ, біз баланы жерлемей, мұз үстіне шықпаймыз,— деп кесіп бір айтты да, бұрылып жүре берді.

Федоров ізінше ұмтыла түсті де, тұрып қалды. Екі алақаны шоқ басқандай дуылдап тұр. Балықшы жігіттің жаңағы қылығын тегін қалдырмасын білді. Не де болса, тек ашу үстінде істегісі келмей, дірілдеген қолымен темекісін тұтатты. Ашы темекіні құныққандай, кең танауы делиіп үсті-үстіне сорды да, лақтырып тастады. Имек тұмсығының ұшынан тер білінді. Долы ашу басылып, бет өңі әлгіден көрі азырақ жұмсарған. Үй қабырғасында ілулі

тұрған жас офицердің суретіне көзі түсті. «Неге хабар болмай кетті? Соғысқа жіберіп қоймады ма екен?» — деп ойлады.

XI

Жақсы көретін баласы. Офицер. Былтыр бір ай демалысқа кеп, Марков деген І-гильді көпестің қызына үйленіп кетті. Ал, Марков... Арал қаласына алғаш үлкен үйлер салғызып, шеркеу, мейманхана салғызып, Хиуа атты акционерлік қоғам ашқан әйгілі бай. Арал теңізінің балығы мен Хиуа хандығының тай-тай мақтасы бір өзінің қолынан өтіп жатқан айтулы көкжал.

Марковпен құда болғалы өзінің де дәулеті тасыды. Бұрын бірде тұз жетпей, бірде балығын жөнелте алмай, кіріптарлық басына күнде түсетін. Бәрінен бұрын құдасы мұның мықты бір жауы — Арал теңізінің батыс бетіне екі жерден промсол ашып, халық арасына «Ақсақ Жагор» атанған бақталас байды құлатып берді. Осы күні жығып алған жауына құдіретті құдасы арқылы тізесін күнде батырады. Ақсақ Жагор, айрықша, биыл тұзға жарымай, бір жазда балығы үш рет шіріді... «Ақсақ сайтан... саған ол әлі аз»,— деді ішінен мырс етіп. Ендігі арманы — бақталас жауын құлатып, оның Көкарал мен Сарыбас атты екі промсолын басып алу. Осы ойын құдіретті құдасына сездіріп жүр. Осы хатта ойын баласы мен келініне ашық айтқысы кеп, қолына қағаз, қарындаш алды. Көптен бері мойны жар бермей келген хатты отыра қалып жазып тастаудың орнына, ол тағы да ызалана мырс етті:

— Тұра тұр... әлі талай шірітерсің!..

Кенет, жаңағы өлгенін білмейтін өжет қазақ есіне түсті. Жағына шапалақ тиген сайын тілін тартпай, өліктей қуарып алған қара сұр жүзі көз алдында тұр. Ол тегін кеткен жоқ.

Федоров қарындашты лақтырып тастады. Келіні мен баласына бастап жаза түскен хатты аяқтамай, дереу Курнос Иванды шақырып алды:

— Аналарға бар. Бірі қалмай мұз үстіне шықсын. Егер, бүгін мұз үстіне шықпаса, айта бар, менен жақсылық күтпесін. Күні ертең бәрін қуам.

— Мұз әлсіз болмас па екен?

— Ол сенің жұмысың емес.

— Дегеніңіз білсін. Мен тек ау-құралдан айрылып қалмайық деп жатырмын.

— Жаңа құралды берме, и точка!

Курнос Иван бұрылып жүре берді. Екі нығының салбы-

рап, үнсіз шығып бара жатқан түр'не қарап, Федоров әлденеге күліп жіберді. Кей адам жылқы малы тақылеттес; әсіресе, осы жігіт тақымыңды қыса түскенді сүйеді.

Оған істемегені жоқ; осыдан бес жыл бұрын бір қиянат істеді: онда Федоров Арал теңізіне алғаш рет аттанбақ боп жатқан; оқуға баратын балалары болғасын үйін қозғамай, Арал теңізіне сыбай-салтаң кеткенін жөн көрді.

Меңіреу далада мал табудан басқа ермегі жоқ кісіге ұзақ жыл әйелсіз тұру қиын болатынын білсе де, жүрер алдында оны ойлауға мұршасы келмеді. Алуан түрлі шаруаның бірі бітсе, бірі бітпей, жеңіл тарантаспен Арал қаласын күніне он айналып, жортып жүрген'ді; бір күні шеркеу алдында қайыр-садақа сұрап тұрған жас қызды көрді. Үстіндегі киімі ебіл-себіл, жұпыны, жүдеу екен. Бірақ Федоров оған көңіл бөлмеді. Кәнігі күпес ертеңгі күні үлбіретіп киіндір'п алсаң, құлпырып шыға келетінін біледі. Оның үстіне өзіндей қайратты кісі ыстық құшағына алып, жас тәннің бұрын-соңды татпаған әзәзүрін тауып берсе, мына қыздың күні ертең түгі түлеп шығатын еді. Ол тек ұзақ жолға жүрер алдында әйелінің көңіліне сезік туғызғысы келмей, қызды Курнос Иванға алып берді. Оны да дәл жүретін күні қас пен көздің арасында істеді. Үлбіреген сұлу қызбен қатарласып шеркеуге кір'генде Курнос Иванның төбесі көкке жетті. Онсыз да кең танауы делдіп, түбі түскен шелектей үңірейіп, қаттырақ шуылдап, тойға жиналған кісілердің көзінше Федоровты бас салып сүйіп алды.

— Ақымақ! — деді Федоров Курнос Иванның сол сілекейі бетінде әлі былжырап тұрғандай жиіркеніп.

XII

Курнос Иван Шураны көрген сайын ауыр сезім бойын басып, сүлеленіп қалатын. Ол балықшылардың аулына көңілі құлазып келді. Сол бойда балықшыларды жиып алды. Оларға Федоровтың әмірін өз сөзіндей қып, бұлжытпай жеткізді де, көп ішінен Еламанға қарады.

Еламан айтқан тілін алмасаң орыс байы ау-құралын сыпырып аларын білді. Өзімен қоса өзгелерді де арандатқысы келмей:

— Өздерің шешіңдер! — деп салмақты балықшыларға салды.

Балықшылар әрі-бері толқып, ақыр аяғында Тентек Шодырдың дегеніне көнейік деген пәтуаға келді. Ендігі қинап отырған жәй Мөңкенің баласы. Мөңке ертеден бері

әңгімеге араласпай, басын алақанына сүйеп отырған-ды. Жолдастарының қиналған түрін көргесін:

— Жігіттер, Тентек Шодырсыз күніміз жоқ. Өлген бала үшін тірі балалардың обалына қалмайық. Ертерек келсек, бәлкім, бүгін де жерлерміз,— деп байлауын өзі айтты.

— Жә, онда жүріңдер! Кеттік! — деді де, Еламан шырақ басып сыртқа шықты.

Бар әлем бір түрлі бүркеу. Суық жел ызғып, шаңғытып тұр. Қиғаш түскен қиыршақ қатты қар кісі бетін тілгілеп шып-шып ұрады. Қабағын түйген қытымыр күннен қаңтар айының таяу тұрған ашу кәрі сезіледі. Еламан күн мінезін жақтырмай, жүрегі шайылып тұр еді, қасына бір топ балықшы келді. Ішінде Мөңке, Дос, Рай бар. Бәрі де күн қабағына қарап, көңіліндегі қорқынышын айта бастады:

— Сөз жоқ, дауыл болады.

— Өшір үніңді. Аузыңнан жақсы сөз шықсайшы.

— Өй, құдай-ай! Сөзбен жарылқауға болса, жақсылықты төбеңнен үйіп тастар едім.

— Жасыратын не бар. Мұз әлсіз. Жел арқадан шықса, аяқтай мұзды алады да кетеді.

— Тентек Шодырмен тілдесіп көрсе қайтер еді?

— Ештеңе шықпайды.

— Апыр-ай, бұл не деген безбүйрек ит.

Бұлардың қасына кісі-қара жинала бастады. Итжемес те ссылай қарап, маймаңдап келе жатыр. Итжемес Сүйеу қарттың абызындағы адам. Биыл әйел әперіп, еншісін беріп бөлек шығарды. Сонда да болса, ол өз аяғына мініп кете алмай, сыйлы қарттың абыройын сыртынан азық қып, ел арасында қақпай-соқпаймен күн көріп жүр. Кейде кіре тартып, қалаға қатынайды, кейде Еламанды сағалап, қазіргідей көкше мұздың тұсында балықшыларға соғатын. Алғашқы бетте аянбай қимылдап, күшін сарқып алады. Сонан қажыры қайтып, күнде мұз үстіне шығарда жоқ нәрсені сылтауратып жырылып қалатын. Сүйеу қартты сыйлайтын жұрт Итжемес жұмыс істемесе де, оны үлестен қалдырмай, қыс бойы өлі сыбаға боп кеп еді.Сол Итжемес тағы келді. Қалаға қатынап жүргенде бір орыстан сатып алған болу керек үстінде ескі қара күрте. Жеңін қайырып алыпты. Соның өзінде әкесінің кнімі секілденіп қолпылдап тұр. Рай оның бас-аяғына сықақтай қарап.

— Қарашекпеннің байы екен десем, ау, құда, өзің бе едің? — деп күліп еді, жігіт сөзін шұбыртып салдырлай жөнелді:

— Бұ-бұрын қара киімдіден қорқатын едім. Осы күні өзім қара кі-киім кидім де, қорықпайтын болдым.

Кенет, ол біреу алқымынан алып буындыра қойғандай, тұттығып қалды. Қасындағы кісілерге қиналған кескінде кірпігін жыпылықтата қарап булығып тұрды да:

— Мұ-мұз үстіне шық-шыққалы жатқан көрінесіңдер. А-ал, іске сәт! Талап қайырлы болсын. Теңіз балықты болсын! Ме-мені де серіктеріңе алыңдар. Мал ортақ, жан ортақ,— деп не бермей, төпеп кетті. Бір кісі оның сөзін бөлгісі кеп еді, Итжемес тыңдамай, кең танауы желпіл-деп, екілене түсті. Рай оның өңінен көз алмай, қарап қапты. «Ақ киіктің танауындай, кәпірдің танауының шелектейін қарашы»,— деп ойлап тұрды да:

— Әй, жарқыным, тоқташы,— деп еді, Итжемес:

— Жо-қ, тоқтамаймын,— деп өзінен басқаның сөзіне құлақ аспайтын әулекілігіне бақты.

— Ау, тым құрыса тыңдасаңшы.

— Ой, әк-ке-ке-сінің аузын... тыңдамаймын,— деп қолын сілкіп қалды да, маймаңдап басып жөнеле берді.

Еламан Итжеместі көзімен ұзатып салды да, ішке кірді. Ақбала пеш түбінде кіржиіп отыр екен. Әлдеқандай жаманшылықты іші сезгендей, күйеуінің кескініне шошына қарады да, ауырлау қозғалып түрегелді.

— Ақбала, біз мұз үстіне шыққалы жатырмыз. Сен қорықпа...

Еламан тілін тістегендей, тоқтай қалды. Абайламай көңліндегі қорқыныштың шетін шығарып алып, қипақтай бастады. Қолғабын іздеген боп, аяқ астынан үйдің ішін әбігерге салды. Ақбала қолғапты тауып берді де, күйеуінің қолынан ұстап, бұлтартпай көзіне тура қарады.

— Неден қорқатыныңды айт!

— Жоқ, ештеңе де емес...

— Көңліндегі қорқынышыңды менен жасырма,— деп Ақбала қадала түсті. Өткен түні таң алдында ұрланып келген кісі Еламанды оңашалап шығарып алып тұрып: «сақ бол!» — деп ескертіп кеткелі, Ақбалада зәре жоқ. Еламан бұлтара алмасын білді де, әйелін құшақтап:

— Күн райы ұнамайды. Терістіктен бұлт шығып, түнеріп кетіпті. Ал, сен қорықпа! Біз нені көрмеген бейбақ дейсің,— деп күлді. Сонан кейін құшағын жазып, кетуге ыңғайланып еді, Ақбала оның шалғайына оралып:

— Күн райы маған да ұнамайды. Қорқам... неге екенін білмеймін, тұла бойымды үрей алып барады. Мені бүгін жалғыз қалдыра көрме,— деп пана іздеген балаша күй-

еуінің баурына жабыса түсті. «Тұңғыш көтерген баласы болғасын күні жақындаған сайын қасынан кісі-қараның кетпегенін қалайтыны-ау, не қылса да?!»— деп ойлады Еламан.

Ақбала мең-зең. Күйеуі кеткесін көпке дейін өзіне-өзі келе алмай, ыстық басын босағаға сүйеп, тұрып қалды. Ауыр салмақ бойын басып барады. Оның үстіне үй іші аңғал-саңғал, көшкен ауылдың жұртындай, көңілін құлазытып жіберді. Осы үйде кешке дейін отырса құсадан өліп кететін секілді. Мұндай хал Ақбаланың басында жиі болатын. Бұрын өз үйіне өзі сыймағанда, сырлас абысыны — Әлизаға бара қоятын. Енді Әлизаның күні анау! Ақбала күйеуі келгенше ойын бөлетін ермек тапқысы келді; бірақ отын кіргізулі, су әкелулі, ең аяғы үй ішінің азғана дүниесі де тап-тұйнақтай; соның бәрін істеген Еламан; әйелінің аяғы ауырлағаннан бері күнде ертерек оянып, үйдің бар шаруасын тындырып кететін-ді.

Басқа істің реті бола қоймағасын, Ақбала күбіге көже асып құйғысы келді. Осы ойы өзіне ұнап, көрші үйден келі, келсап әкелді. Бұл шақта бойының ауырлап кеткеніне қарамастан бір табақ бидайды бұрқыратып түйіп, қауызын алды да, тай қазанды толтырып көже асты. Ескі пеш тартпайтын; бүгін тіпті көмейіне күл толып қалғандай, ащы түтін қақалып, қайта лоқсып, лақ-лақ құсады; үйдің іші көк ала түтін. Дем ала алмай бара жатқан соң Ақбала есікті шалқайтып ашып тастады.

— Үйің өртеніп жатыр екен десем... беу, адам-ау пештен шыққан түтін бе еді?! — деді Қарақатын есіктен кіріп келе жатып.

Ақбала қасына кеп қол таянып отырып жатқан Қарақатынға қарауға қорықты.

— Келіншек-ау, сен не білдің... күннің сынайын байқадың ба? Жаңа отынға барғанда көрдім. Жағалаудың мұзы қабыршақтай-ау, қабыршақтай... Жас баланың еңбегі сияқтанып, аяғыңның асты былақ-былақ етіп ойыла жаздап жатыр.

Ақбала жүрегі аузына тығылып, әлі құрып бара жатқанын сезіп, қазандыққа сүйене қалды. Іші де түйіліп бара жатқан соң бір сәт көзін жұмып, қиналып отырды да:

— Алдаразы болсын... қойыңыз-шы!..— деп сыбырлай тіл қатып еді, Қарақатын:

— Сорлы-ай! Сорың қайнап қалмаса не қылсын,— деп Қарақатын енді тіпті айбаламын үдетіп дауыс салып кеп, Ақбаланы сырт жағынан қапсыра құшақтай алды. Ақба-

ланың әлсіз қарсылығын елемей, зорлап апарып пеш түбіне жатқызды.— Неден шошыдың? Көзіңе бірдеңе елестеді ме? Тіліңді кәлимаға келтір. Жүрегіңді бас! Жеті айлық бала, біреу тәйт десе де түсе қалады. Қазір нағыз шепік көзі... ақ ауыз шағы ғой.

— Ал-да-ай!.. Маза беріңізші...

Қарақатының түсі лезде бұзылды. Онсыз да кірпік-қасы үйтілгендей, қан-сөлсіз қара сұр кескінін долылық буып:

— Мазаңды алып мен не қылыппын,— деп екі бүйірін таянып, тепсініп шыға келді.— Тұңғыш құрсақ көтерген тұмса келіншек қой деп, ақылымды айтқаным ба жазығым? Мендей абысының ақыл айтпағанда, кім айтады. Маза берші деп... адыра қал-ау! Ол қай басынғаның?

Осыдан кейін ол көршілерге кіріп: «Ақбала шошып бала тастай жаздады. Барыңдар!.. Барып шығыңдар!» — деп, суық хабар таратып жіберді. Оңаша қалғасын да Ақбала өзіне-өзі келе алмады. Көңілдегі күдігі мен қаупін қара пәленің дәл өз аузынан есіткесін, иманы тас төбесіне шықты. Қарақатын келіп кеткелі төсегінен жылан шыққандай үй іші үрейге толып, көзі түскен нәрсенің бәрінен шошып, денесі дірілдеп отыр. Қарақатыннан кейін ауылдас әйелдердің топырлап келіп, дүрлігіп кеткенінен секем алды. Болмашы дыбысқа дір етіп, әдемі танауы үрейлене қусырылып, жалт қарады. Онан күйеуі есіне түсті. Онан үйде отыра алмай, сыртқа шықты.

Ызғырық жел сүйегінен өтіп бара жатқасын асығыс қымтанып төңірекке көз тастады. Көк жүзін суық бұлт торлапты. Қыршық қатты қар әлі қыламықтап тұр. Көкше мұз бетін кірбік басып бозарып қапты. Балықшылар көз ұшында қыбырлап қана көрінеді. Олардан арғы жер қата қоймаған, шалқыған қара су. Сол беттен, сонау аңғардың дәл өзінен зор гүріл талып естіледі. Күші бойына сыймай, бұрқанып жатқан ызасы ма? Көбіне теңіз беті бір сарынмен суылдап, ыңыранып жатады да, кей-кейде әлдекімге қаһарын тігіп қаптап кететіндей, әупілдеп, аңғар беттен ызғар еседі. Кенет, Ақбала жоғары қарады. Жүз қаралы қарға әлденеге жаны қалмай, қанаттары сатырлап әбігерленіп азан-қазан боп ыққа қарай ұшып бара жатты. «Тегін болса жарар еді?»— деп, Ақбала көңілі жетпеген бір жамандықты үрейлене ойлады. Тағат таппай теңіз жағасына барды. Көңілге болмаса жел әлгіден де гөрі қатая түскен сияқты. Жағалаудың селдір сары қамысы суылдап шайқалып, суық жел астында елбек қаға бастады. Мұз

жнегін қызыл су қаптаған. Қақырап сөгілген мұз көбелігі кей жерлерде, ырсиып ашылып, жағалықтан қашықтап кетіпті. Мұны көргенде Ақбаланың тіпті есі шықты: «Құдай-ай! Жар бола көр, сақтай көр. Сорлы жалғыз еді... Өзінен басқа сенері де, сүйенері де жоқ еді»,— деді ішінен.

Қарғалар көрінбей кетті. Бір жамандықты сезгендей, олардың осынша байбалам сап азан-қазан болған түрінен шошып, неге жорырын білмеді. Ақбала қайтып келсе, үйдің іші көк ала түтін екен. Бидай көже қайнамай, қоюы түбіне шөгіп тұнып қалыпты. Ақбала ошақ алдына тізе бүкті. Ентіге дем алып отырып, шала жанған қамысты қазандықтың көмейіне қарай ысыра беріп еді. Осыған дейін түтін тартпай, бықсып жатқан пештің көмейі, кенет гүр ете қалды. Әлдеқандай алып күш шала жанған қамысты сыртқа қарай суыра тартып, пеш көмейі желдеп гүрілдей жөнелді. Ақбала әдепкіде не болғанын білмей, аңырып қалды да, кенет сыртқа ұмтылды. Есіктен шыға бергенде сүрініп құлады. Сол бойда ұшып түрегеліп, көйлегінің етегін көтеріңкіреп ұстап, далаға жүгіріп шықты. Көк жүзін қапелімде қара бұлт басып, қап-қара боп түнеріп, жерге бауырын төсеп, жоңкіп көшіп жатыр екен. Жел де дәл темір қазықтан шығып алған. Қаптай соққан қара дауыл бүкіл әлемді былғалап, бірді-бірге соғып, ойран қып жатқандай; жердің топырағын суырып, шаңдатып, ышқына, ұлан соғады. Қатты жел үйден шыға берген Ақбаланың басынан жаулығын ұшырып әкетті. Бет-аузына құм сабалап, қиыршық тастар тиген жерін тесіп жібере жаздады. Есіріп алған қатты жел бұның өзін де дедектетіп, табанын жерге тигізбей ұшырып бара жатты. Ақбаланың жүрегі алқымына тығылды. Демі бітіп, талықсып бара жатқасын қолымен қармап жүріп жерқазбаның босағасынан ұстай алды да, мұз үстіне қарады. Әдепкіде түк көрмеді. Шашы бұрқырап, көзін жауып кете берді. Ақбала жан дәрмен дегенде шашын кейін қайырып, мұз үстіне қарап еді, өзінің осыған дейін зәресі қалмай қорыққан сұмдығын көрді.

— Еламан!..—деп ышқына бір шыңғырды да шалғымен қырыққан қамыстай, есін тана құлап түсті. Дәл осы сәтте ана етегінен шар ете қалған жас шарананың даусын қаптай соққан қара дауыл қағып алып, қылғытып жұтып жібергендей болды.

XIII

Жалмұраттың үстінде ақ сеңсең тон, астында жүрдек ақ ауыз атан, алдында бір қора түйе, әшейінде кісі алдында құты қашып, ыбылжып қалатын бұйығы жігіт, алдына түйелерді салып ауылдан аулағырақ шықса аруақтанып кетеді. Ол ақырғанда қандай қашаған қыңыр іңгендер қайқаңдап қоя беретін. Жалмұрат қазірде шетке шыққанын қайырып, қалың көпірге қуып тығып, бар түйені үркердей иіріп, теңіз жағасына айдап келеді. Мұрны тесілмеген қашаған сары тайлаққа көбірек шүйілігеді. Көп түйенің ішінен осы тайлаққа құсы түсіп, көзінің қырын айырмай, қит етсе ақырып қап, жағаласып болды. Сары тайлақ жөнге түсе бастаса-ақ, Жалмұрат көп түйенің ішінен сары іңгенді іздейді. Үкі жүні желкілдеген, сүтті сары іңген дегенде жаны басқа. Оны өзі үйінің бір кісісіндей көреді. Сары тайлаққа қанша ашуланып, түтіп жегісі кеп кіжініп жүргенде де, көзіне сары іңген түссе жүзі жылып қоя беретін. Басқа түйелерге қатал болғанмен сары іңгеннің қандай оғаш қылықтарын да кешіре салатын. Ең аяғы сары іңген кішкентай тайлақтарға жөнсіз ұрынып, шыңғыртып тістеп жатқанда да оған ұрсып көрген емес. Қайта, Жалмұрат сары іңгеннің жағына шығып: «Ойнақтайтын неме ғой, осылай құлағынан тартып қойшы өзін»,— деп, жақсы көретін іңгеніне жазықсыз тайлақты жығып бере салады. Іңгеннің биыл, әсіресе, бабы қатты.

Жылдағыдан ерте қайыды. Буаз іңгендердің ішінде ертерек боталайтыны да осы. Сондықтан, сары іңгеннің қасы мен қабағына көбірек қарап, сұлы көзінен жабырқау ажар көрсе де, жаны шығып кетеді. Жаз бойы оған жүк артқызбай, бай үйінің әйелдерімен жауласып боп еді.

Жалмұрат қазір осы іңгеннің мұрны шуылдап, ауырлау желіп келе жатқанын көрсе де, көңіл бөле қоймады. Көк жүзін сеңдей басып келе жатқан қорғасын салмақты қара қошқыл бұлттан жүрегі шайлығып, шошына қарап келеді. Қысы-жазы далада, мал соңында жүріп, күн қабағын бағып өскен малшы жігіт бүгін аса мазасыз. Жалмұрат күн райын бай-бәйбішенің қасы мен қабағындай топшылайтын. Ауа райының бұзылатынын өзінен гөрі оның денесі бұрынырақ сезіп, әуелі алақаны мен табаны қызады. Кейде сүйек-сүйегі сырқырайды; енді бірде жіліншігі қақ айырылып бара жатқандай боп, белі кірелеңдеп, бойын ала алмай қалатын-ды.

Қазір де тұла бойы құрыстап, терісі тарыла бастады.

Осындайда ескі тонның жыртық бүйірінен шаншудай қадалып, ызғырып соққан жел де шекесінен шығып бара жатты. «Дауыл болмаса қайтсін...» — деп ойлап, күн ажарын ұнатпады. Дегенмен есі-дерті теңіз жақта. Балықшылар майлыққа жақындап қапты. Еламанның қолы ашық, Жалмұрат онан талай сыралғы алып дән татқан жігіт, қатын-баласын бүгін де жас балықтың сорпасына бір тойдырып тастағысы кеп, түйелерін ніріп айдап теңіз жағасына құлатты. Жағалаудағы ащы сораңға аузы тиген түйелер қатты желге ықтамай, табан тіреп жайылатын. Түйелердің сол сырын білгесін Жалмұрат ақ ауыз атанның аяғына тұсау салып қоя берді де, теңізге тартты. Қыл жиекте екі қара киімді жүр екен. Бұл өңірдің орыс-қазағын түстеп танитын Жалмұрат мына кісінің қолапайсыз, қорбиғандау бірі — Курнос Иван да, екіншісінің — Андрей екенін танып, оларға алыстан ыржиып, күлімсіреп келе жатыр еді; қалай болғанын білмейді, әлгі ызғырық жел арқа бетке шығып алып, кенет үілдеп-ұлып, ышқынып соғып жіберді. Қамыстар жапырыла құлап, топырақ борап, дүние алайтүлей болды да кетті. Жалмұрат табан тірей алмай, тері тонның екі етегі тізесін сабалап, ыққа қарай дедектеп бара жатты.

Осы қарбаласта Андрейдің көзі бір сұмдықты шалды: қатты соққан қара дауыл мұз көбесін қақыратып, ырситып ашып жіберді. Жаңа ғана қиыр шеті көз ұшына асып, сіресіп жатқан жалпақ мұзға зобалаң туған; мұз бар аумағымен қозғалып, аңғарға қарай жөңкіп бара жатты; сол сәтте теңіз үсті түтігіп, суық мұнар басып, ығып бара жатқан балықшыларды көрсетпей жіберді.

Андрей Курнос Иванды әй-шәйға қаратпай, сүйрей жөнелді. Топырақ борап, көзін аштырмай қойды. Олар жағаға шығарып тастаған қара қайыққа жетті; Курнос Иван жолдасының ойына осы арада ғана түсініп:

— Есің дұрыс па? — деп бойын аулақ сала берді.

— Әне, қоралы кісі ығып барады. Көре-тұра...

— Подумаешь! Ықса барсын!

Андрей не істерін білмеді. Қолымен бетін көлегейлеп желге қарсы тартып бара жатқан Иванға бір, теңізге бір қарады. Онан түйешіге қарап: «Жалмұрат» деп айқайлады. Өз дауысын өзіне есіттірмей, жел қағып әкетті. Жалмұрат жүгіріп келді. Бірінің ойын бірі көзінен ұқты. Екеулеп жабылып қайықты суға түсірді. Андрей қайыққа қарғып мінді. Түйеші қазақ та тері тоны қаудырлап, қайыққа кеудесімен асыла берді. Табаны суға тиер-тиместен-ақ

қатты жел қайықты үйіріп ала жөнелді. Жалмұрат өмірі қайыққа мініп көрмеген-ді. Сәл қозғалса суға құлап кететіндей дірілдеп, қайықтың кенерінен тас қып ұстап алды. Андрей қайықтың басын бұра алмай, арпалысып жүргенде, бұлар жағадан ұзап та кетті.

Теңіз үстінің дауылы тіпті қатты еді. Қара дауыл қу қайықты қаңбақтай ұшырып әкеледі. Теңіз күші бойына сыймай қайнап жатыр; ереуіл толқындар қыр көрсеткендей үйдей-үйдей боп теңіз бетіне жұлқынып ойнап шығады; онан сайын Жалмұраттың зәресі ұшты. Андрей есіп келеді. Көңілінде қорқыныш бар. Қайық-майығымен суық дүние құшағына кіріп бара жатқанын байқады. Үстінде түнерген аспан; табанының асты түпсіз құрдым; ары басқан сайын айнала төңіректі суық мұнар басып, түнеріп, бар әлемді бір-ақ уыс қып сығып барады, жағадан алыстаған сайын толқындар есіре түсті; бұларға сәт сайын қаһарын төгіп, гүрілдеп кеп, қайықты төсімен қағып жібереді. Қайық төңкеріле жаздап, қырындап кетеді; сөйткенше болмай, кейінгі жақтан екінші толқын шап беріп қу қайықты лебімен тартып, іліп әкетеді; бас еркінен айырылған қайық бойын жинай алмай, малтығып, екі қапталымен су сабалай бастады.

Жалмұраттың басы айналды. Көзі қарауытып, жүрегін зәнырап қысты, қара жер көрінбейді, қай жағына қараса да көк теңіз көзінің алдында дөңгеленіп, үйіріліп жатыр. «Құдай-ай, сақтай көр! Шиеттей бала-шағаның көз жасына... ойпыр-ай!..— деп, ол кейінгі жақтан күркіреп келіп қалған толқынға иманы ұша қарады. Онсыз да қалтылдап бара жатқан қу қайықтың кенерінен су шапшып, бүркіп қалды. «Өзің сақта!.. Өзің қолда!.. Қолдай көр!»— деді Жалмұрат шырқырап. Үсті-басы малмандай су. Тағы бір үйдей толқынның келіп қалғанын көрді; бұл да күркіреп кеп қайыққа тап берді. Қалтылдаған қайықты баурына тартып ап, бүгерлеп, теңіз түбіне бір-ақ батыратындай. Жалмұрат ытқып қайықтың басына шықты. Қайық та тірі жәндіктей, суға енді кетті-ау дегенде бұлт етіп, кісі қолтығының астынан жылп бергендей тәсіл жасады; қайық екеш қайық та өмір үшін жанталасып, ажал тырнағынан сытылып шығып жүр.

Күн кештете дауыл тіпті қатайды. Сыпырта соққан дауыл, енді құм емес, су бүркіп, теңіз беті түтігіп кетті. Толқын қайықтың тұмсығына, қапталына ұрып, су құя бастады.

Андрей қай жерде келе жатқанын шамалай алмады.

Мұзға ыққан кісілерге жете алмасын білген соң, қайық басын жағаға қарай бұрды. Қос ескекті суға көміп, жұлқынып есіп келеді.

Әлгіде ыққа қарай құлдилап шапқан қайық, желге қарсы баспай, төсімен толқындарды сабалап малтығып тұрып алды.

Андрей алқына бастады. Әрі-беріден соң бойындағы киімдерін ауырлады. Пысынап бара жатқасын сырмақ күртесін сыпырып тастады. Ескекті тарта-тарта алақаны дуылдап кетті. Күн кештетіп, көз байлана бастады. Сонау батыс бетте тұтасқан қара қошқыл бұлттың көбесі сөгіліп, сұрғылт аспанның шеті көрінді. Сол ызаттан жалқын қызыл сәуле білінді. Бұлт бауры қып-қызыл. Жөңкіп көшкен бұлттар баурын дала дөңдеріне соғып, сүйретіп, қансырап бара жатқандай Андрей күннің батып бара жатқанын топшылады; теңіз үсті де суық тартып түксиіп, қарауыта бастады. Андрей қараңғы түскесін халдерінің мұнан да гөрі қиындайтынын білді. Жалмұрат болса әлден әлсіреп, тілжағы байланып, меңдеп қалды; қасы, кірпігіне мұз қатып, Андрейге тығылып, жас балаша ыңырсып, қалшылдап отыр.

Андрей көзіне құйылған терді сүртіп тастады. Қос ескекті ызаланып, жұлқи тартып еді. Бір ескегі сынып кетті. Ескегі сынған қайық қанаты сынған құстай, бойын билей алмай, ыққа қарай қисая жөнелді.

— Енді бітті...— деп Андрей қайық түбіне отыра кетті. Ес-түссіз жатқан Жалмұратты тас қып құшақтап алды, өзінің де үсті-басы су-су, әрі-беріден кейін тер қатып аяз қысқан денесі қалшылдап, жаурай бастады.

Күн батты, теңіз үсті тастай қараңғы, қай маңда келе жатқанын болжау қиын, қайықтың қара құсы да көрінбеді. Тек, ашулы теңіздің өкірген дыбысы ғана естіледі. Оқта-текте ыққан мұздар қайыққа соғып, бүйірін тырналап күтірлетіп өтеді. Кейде мұз қаттырақ соқса, қайық сына жаздап қалтырап кетеді.

Андрей тірліктен әлі үміт үзген жоқ; іш есебі бойынша бұлардың ілгері жағынан, қырық-отыз шақырымдай жерден Қаратүп шыңы кеселеуге тиіс. Бұл — үлкен қақпаның бір босағасы сияқтанып ұлы теңізге шығар ауызда, дәл мінбеде тұрған көк қатпар шың. Үшкөң тұсынан ыққан мұз, бір қанатымен көлбей барып, осы шыңға ілігер деп үміттеніп еді; енді ойлап қараса қара дауыл қуған мұз үлкен аңғарға шығып кеткен сияқты. Ендеше теңіздің арғы бетінен — Қарақалпақ елінен бір-ақ шығады; әлден жау-

рап бара жатқан түрі мынау... ассыз-сусыз, әлсіреген кісілер қиян-қашыққа қалай жетеді?

Андрей қараңғыда қайықтың тұмсығы мұзға тірелгенін байқады; сол сәтте кейінгі жақтан тағы бір үлкен сең кеп соқты. Екі мұздың арасында қалған қайық күтірлеп қирап, күл-талқаны шықты. Қаусаған ағаштар Андрейдің аяғын қысып қалды. Андрей жанталасып, мұз үстіне секіріп шықты. Қайықпен бірге суға батып бара жатқан жолдасын сыртқа сүйреп шығарды. Жалмұраттың қол-аяғы серейіп кетіпті. Жанталасып жүріп Андрей бір аяғын жарыққа тығып алды да, етпеттей құлады. Көзі қарауытып кетті, есін жинап, тұрғысы кеп талпынып еді; мұзға не шынтағын, не тізесін демей алмай, тайып жығыла берді.

Андрей жанталаса бастады. Бір аяғы суда. Мұздай су қарыған аяғы әрі-беріден кейін дуылдап ашып, қатты азап шегіп, ыңырсып жатты да, қайта ұмтылды. Көшкен мұзға қолы ілінбеген соң, ол енді тырнағын салды; көп ұзамай қалжырады; бауырын мұздан көтере алмай, бір уыс боп жиырыла түсті де, қайта жазылып сұлық тоқтады. Жас балаша солқылдап жылады.

XIV

Бұл түн жар басындағы балықшылар ауылында бір жан көз ілмеді. Қатын-бала у-шу. Мұзға ыққан ер-азаматтардың алдын орап кісі шаптырайын десе, көлік жоқ. Жылы кнім жоқ; ауылда қалған жігіттер жаяу-жалпылап көмекке жүгіріп кетті. Әйелдер жағы Әлиза мен Ақбаланың төңірегінде. Ақбала әлсіз. Кешеден бері жөндеп ас ішкен жоқ. Көрші әйелдер шала туған жеті айлық баланы құрақ көрпеге орап, анасының ірге жағына салып берді де, үйлеріне кетті. Жалғыз қалғасын Ақбала қол созым жерде тұрған шамды да жаға алмай, түнімен көрдей қараңғы үйде жатты.

Әлизаның халы онан да нашар; жалғыз ұлын оң босағаға салып отырған анада құр сүлде ғана. Түнімен есін білмей, сандырақтап шықты. Әліби мен Есбол қария басында күзетте отырды.

Қарақатыннан қайыр жоқ. Ол кешеден бері қарасын басына салып, еңіреп жылаумен жүр. Таң атқалы Судыр Ахметтің үйіне екі рет барып, мұз үстіндегі кісілерге құмалақ салдырып қайтты. Алғашқыда Судыр Ахмет құмалақты ақ тоқымға тартып еді; соңғы жолы төр алдында жаюлы жатқан жыртық алашаға қырық бір құмалақты

құр шашып жіберді. Шалғайырақ шетке бытырап түскен бес-он құмалаққа иегін уыстап, ойлана көз жіберіп отыр. Қарақатынның орамал-шаршысын көрмегесін көңілсіз. «Кісінің ұйқысын бұзып, жып-жылы төсегінен суырып алғанда жақсы-ақ. Тым құрыса, бір-екі қақпыш балық әкелсе қайтеді екен? Балаларға тартқылатып қойсақ, түс ауғанша тамақ сұрап мазаламас еді ғой»,— деген реніш бар көңілінде. Сонан болар, Судыр Ахмет салған жерден суырыла жөнелген жоқ; бес тал сақалын тістеп, көзін тас қып жұмып алды, мынадан кейін Қарақатынның жаны қалмады. Бірдеңе деуге бата алмай, тікен үстіне отырғандай қипақтап қозғала бастады. Анау онан сайын қыбыр етпеді. Әулиелігінің құдіретін көрсетіп қалғысы келген кісіше аузын бағып отырған әйелді әдейі зарықтырып, жан тыласымға тақап алды.

— Құмалағы жақсы емес. Қайдам, пәруәрдігар жар болмаса.. пақырлардың басына бір зауал анық төнген сияқты.

— Алда-ай!.. Алда-ай!.. Қайнағаеке-ай! Қайта тартшы құмалағыңды.

— Қой әрі! Құмалақты қайталап тартып, құдайдың кәрін жеңілдеткен әулиені көргем жоқ,— деп Судыр Ахмет күпісінің шалғайын ашулана қағып, түрегеліп кетті.

Қарақатын көй-көйін сап қайтып келе жатқан-ды. Промсолдан шыққан бір топ атты тасырлатып шауып өтті. Кіл қара шекпенді. Ішінде Федоров пен Курнос Иван бар. Федоров атқа міне сала шабатын. Оның үстіне бүгін мінгені алысқа сілтейтін ат. Былтырғы жылы Құдаймендеден құнын беріп сатып алған; сонан бері бай ауылдың жылқысына қосып жіберіп, күзге қарай, аң ауларда ғана ұстап еді. Беларанның кезінен асқанша тоқ ат өкпесі қарлығып, ырсылдап келе жатты; Федоров онан сайын ызаланып қос өкпесін тепкілей түсті. Тоқ ат бір-екі рет құмалақ тастады. Бір кезде түгі буланып, қос құлақтың түбінен тер білінді; екі-үш аттан оп-оңай озып, оқ бойы алға шығып кеткен Курнос Иванның атымен құйрықтасты, бірақ басып-оза алмады, Курнос Иваннан әлде де кейінде, құла қасқаның созылған басы, ана аттың құйрығының деңгейінде келеді; сонан екі ат Көлқораның құлауына дейін бірінен бірі оза алмай, жаға буды боп жесіп келе жатқан. Бір кезде құла аттың мойны тегіс терледі. Федоров ат мінезін жақсы топшылайтын, тер шыққан сайын өз атының тынысы кеңейіп, аяқ алысы жеңілдеп, қиналмай, еркін сілтей бастағанын байқады. «Әй, жануар-ай! Саған берген ақшам адал екен

ғой»,— деп ойлап, ол енді қамшы сілтемей, қос тізгінімен демеп келеді.

Осы сәттен бастап құла аттың бауыры жазылып, суырылып алға шыға берді. Көлқораның табанына құлағасын бұрылып артына қарап еді, Курнос Иван көрінбеді. Федоров аттың басын тартпады. Ат тұяғының дүбіріне делебесі қозып, екі көзінен жас парлап, ағызып келе жатып ілгері жағына көз тастап еді. Кеше ыққан мұз Қаратүп шыңының тұсында кептеліп тұр екен. Федоров көзі жасаурап, ат жалына қарай ұсына шауып келе жатып, жолын кеселеп тұрған кісіні байқамады. Құла ат осқырынып жолдан шыға жалт бергенде, Федоров ер үстінен ұшып кете жаздады. Тізгінін тежеп, ат үріккен жаққа қараса... қарсы алдында Еламан... Федоров аттан қарғып түсті. Тізгінінен жетелеп Еламанға келді:

— Ау-құралдарың қайда?

Еламанның үсік шалған беті қап-қара. Еріндері тілініп кеткен. Федоровқа тымақ астынан қарап, көзімен атып барады. Еламанның көзіне көзі түскенде, күні кеше осы жігітті ұрып, аузын қара қан қылғаны есіне түсті.

— Ау-құралдарың қайда? — деді ол ақырып. Еламан қолындағы сүйменді сығымдап ұстады. Федоров сүйменді жаңа байқап, жолдастары келе жатқан жаққа жалт қарады.

— Сен ит... адамдарың қайда деп неге сұрамайсың, а? — деп Еламан қарсы ақырды. Темір сүйменді де құлаштай сілтеді. Федоров тізгін ұстаған қолымен басын қорғап, бұға қалды. Ат осқырып ата жөнелді. Алғашқы соққыдан Федоров есеңгіреп кеткен-ді. Ол басын шайқап жіберді де, қалың киімді бойымен Еламанды астына баса бүгірлемек болды. Еламан кейін қарай бір ытқып түсті де, қайта ұмтылады. Темір сүймен бұ жолы Федоровтың дәл қара құсына тиді. Басы жарылған болу керек, құлақшын астынан қан ағып, бетін жуып кетті. Қалың киімді, батыр тұлғалы кісі гүрс етіп құлады. Еламан сүйменді лақтырып жіберді.

XV

Балықшылар қараңғыда қайдан шыққанын білмесе де, үлкен мұздың тұмсығы ілгері жағынан бір тұйыққа тірелгенін сезді. Таң атқасын болмаса, мына қараңғыда қозғалуға қорықты. Және қалай қарап жүрерін білмей, ашық мұз үстінде, жел өтінде бір топ кісі бүрсеңдеп тұр.

Кешегі күні олар тірі қаламыз деп ойлаған жоқ-ты. Те-

ңізге шыққасын жұқа мұз быт-шыт боп, балықшылар бет-бетіне ығып кетті. Тоқымдай мұздың бірінен-біріне секіріп жүргенде, Итжемес тайып, теңізге құлады. Онан үш балықшы үсіп өлді. Құлтума да шалажансар, кірпігі ғана қимылдайды. Іштеріндегі тыңы Еламан, Кәлен, Мөңке, Дос қана. Әзір Рай *аяғынан басып жүр. Аяғындағы етікке су* өткен-ді. Аязға шыққасын қайыс етік құрысып қалды; қанша сыр бермейін десе де, таң алдындағы сары аяз шыдатпай, жас жігіт жаурап, Еламанның ығында дір-дір етіп тұр. Ауық-ауық жүгіріп алады, онда да құрысқан қайыс етік аяғын сығып, ауырсынып тұра қалады.

Бір кезде бозарып таң атты. Дауыл басылған. Жел жыртқан бұлт дал-дұл. Таң саз берген шақта шығыс жақтан биік шың қарауытып, бар тұлғасымен бермен жылжып кеп, бұлар ыққан үлкен мұзды кеудесімен тіреп тұра қалғандай.

— Қаратүп...

— Қаратүпті қара!

— Біз Қаратүптен шығыппыз,— деп балықшылар шулап қоя берді. Түрлерінен адам шошығандай. Сақал-мұрттары қырау. Бетінің түгіне дейін қырау шалып, түксиіп апты. Қаратүп шыңын көргесін көңіліне үміт оянды білем, жан-жағына сергек көз салып, даурығып сөйлеп жатыр:

— Ана қарайған не?

— Қайсы?

— Әне! Әнекей!

Кәлен көзі шалған нәрсеге қарай жүрді. Мөңке мен Еламан, Рай бар, тағы бірнеше кісі қатарласып келеді; бұлар жақындай бергенде қарайған дененің үстінен қарғалар ұшты. Еламан мен Кәлен жеделірек келіп еді, қарайғанның бірі шалқасынан жатыр екен. Балықшылар түйеші Жалмұратты бірден таныды. Ал мұз үстінде етпетінен жатқан екінші кісіні Кәлен мен Еламан қолдасып көтеріп шалқасынан салды. Тырнақтары алынып қапты. Мұз беті қан. Өмір үшін жанталаста қолы жеткен жерді тырнағымен осып, жоса-жоса қып айырып тастапты.

— Бізді құтқармақ боп қайық сала қуды-ау, шамасы? — деді Кәлен қасындағыларға көз тастап. Балықшылар самсоз. Мөңке жылап жүр.

— Жылағанмен бұлар енді тірілмейді,— деді Кәлен.

— Білем ғой... Жалмұрат сорлы... артында шиеттей бала-шағасы қалды,— деді Мөңке кемсеңдеп.

— Амал қайсы...

— Мына бала да... тілі, діні басқа болғанмен бауыр басып кетіп еді. Промсолдағы жалғыз жан ашырымыз осы сары бала еді...

— Ендеше, есебін тауып жалғыз жан ашырыңды да құртты, жә, тұрмалық. Талап қылалық.

Мөңке жасын тыйды. Басқалар да еңсесін тіктеді. Кәлен Еламанға бұрылды:

— Сен қасыңа Райды ал. Тезірек елге жет. Ал, біз жарымжан кісілерге бас-көз боп, осы арада қалайық.

Еламан үн-түнсіз жөнеле берді. Кетіп бара жатып Райға «жүр» дегендей иек қақты.

— Еламан, тоқта,— деді Кәлен. Жүгіріп барып анадай жерде жатқан сүйменді алды. Еламан қайырылып күтіп тұрған-ды.

— Мә, мынаны ал! Шың астымен жүресің. Ит-құс кездесіп қап жүрер.

Еламан сүйменді қолтығына қыса кетті. Табанына нәл қаққан ауыр етігімен көк тайғақ мұзды кірш-кірш басып барады. Рай Еламанға ере алмады. Мұз үстінде ұшып кете жаздады. Жүрген де оңайға түскен жоқ. Шамалы жүргесін қайыс етік аяғын қажап, әсіресе екі өкшесі күлдіреп алынып қалды.

Еламан оған қайырылмады. Жағаға шыққасын бір рет бұрылып қарады да, ілгері тарта берді. Кешеден бері үнсіз. Кісі жүзіне көз салмай, төмен қарап түйіліп алған. Әне, әншіндегі қақпақтай кең жауырыны күжірейіп тартып барады.

Әрі-беріден соң оның қарасы көрінбей кетті. Рай таяқ алмағанына өкінді. Аяғын басса маңдайынан тер білінді. Тезірек жүрейін десе болғаны қайыс етік қысқан аяғы бұрынғыдан бетер қатты ауырып, дыбысын шығармай тістене қалады. Таяқ осындайда демеу болар еді деп ойлады. Бірнеше рет көзі қарауытып кетті. Төбесіне жыңғыл өскен бөрік бас шоқалақтар кенет киіз үй секілденіп, көзін уқалап жіберіп қайта қарады. Шаршағандікі болар деп ойлады. Әрі-беріден соң денесі қызды. Үстіндегі киімдерін ауырлай бастады. Тынысы да ауырлады. Безгек буғандай, бір кез өн бойынан қалшыл сезді. Кенет, Андрей мен Жалмұрат есіне түсті. Үсіп өлер алдында бәлкім ол екеуі де, дәл осылай бойын топырақ басқандай сүлесоқтанып, әлсіреп, үстіндегі киімін ауырлаған шығар деп ойлады.

Онан сайын өлгісі келмеді.

Қалжыраған бойынан күш шақырып, қан қақсап бара

жатқан аяғымен тәлтіректеп басып бір қадам, екі қадам болса да ілгері жылжыды.

Қанша жүргенін білген жоқ. Үлкен ақ шолақтың күнгей бетіне кеп, ырсылдап екі нінінен дем алып тұр. Оқтатекте миы мәңгіріп басы айналып кетеді. Тағы да өлім жайлы ойлады. Өліммен осы кәзір жағаласып, бірме-бір келіп қалғанын ойлады. Ажалдың жан түршігерлік суық жүзін соншалық анық сезді. Былайғы кезде де ажал шеңгелі адам жағасын бір сәт босатпапты-ау!

Рай аяғын баса алмай, ырсылдап тұрып әр кісінің соңында ізін бағып, торуылдап жүрген бір-бір ажал болатынын ойлады. Жалпы тірліктің соңына салып аңдытып қойған ажал қайда бір кісінің әлсіреген сәтін іздеп тұратын болар. Рай өзін қолға түсірдім деп тұр-ау деп ойлады. Ол, бірақ қорыққан жоқ. Бір күн ішінде ең бір жан ашыр жақын кісілердің өлімін көргесін бе, оған, әйтеуір, өз өлімі бұрынғыдай зәре-құтын ұшырардай қорқынышты көрінбеді. Ол тек жан шығар алдындағы ақтық демінің ағайын-туман мен кәрі әжеңнен аулақта, жапан түзде, жыңғыл, шоқалақтар арасында жеткеніне қынжылды. «Ақтық дем? Ақтық демім осы ма?»— деп ойлады. Өлер алдында сары бала да дәл осылай өз өмірінің ақырғы сәтін сезді ме екен? Бейшара, сары бала енді бұл пәнидің пендесі емес. Ол енді жоқ... Онымен соңғы рет мұзға ығар алдында ғана кездескен-ді. Аяғында ұзын қоныш етік. Үстінде сырмақ күрте. «Бізбен бірге балық ауламақсың ба»,— деп Рай әзілдегісі келсе де, бұ жолы, бірақ Андрейдің ызалы түрін көріп үндемеді. Балықшыларға ара түсем деп, Федоровпен ұрысып қалғанын есіткен-ді. Күн қабағын о да ұнатпай, түнерген бұлтты аспанға қайта-қайта қарап тұрды. «Тереңге бармаңдар»,— деді ол Еламанға.

Сол күні Андрей балықшылармен бірге мұз үстінде боп, тек кешкісін жағаға шықты. Онда да, аңдаусызда майлыққа аяғын тығып алып, амалсыз кептіріліп қайтуға кетіп еді...

Рай көзіне кеп қалған жасты сезбеді. Андрей екеуі айрықша көңілдес болатын. Қазақтардың «сары бала» дегеніне орай, о да Райды «қара бала»— деп бұрып атайтын. Бейшара, кішіпейіл еді... Қолы босаса, балықшылар ауылына жүгіріп келетін. Райдың үйіне кірмей кетпейді. Қарт әжені сылтау қып асымдық балығы мен әшмөңке шайын ала келеді. «Екі сүр бойдақ кездесіппіз. Шай қайнатып іше алсақ жарар еді»,— деп күліп, онан әрі әжеге: «қара баланы үйлендірмейсің бе?»— дейтін. Кәрі әже немересін

«қара» дегенге көнбейді. «Ақ де. Аққозым ғой менің»,— деп өзеуреп, үнемі Андреймен ұстасып қала беретін. Қашан Андрей кеткенше үй іші күлкіден тыйылмайтын. «Енді ғ жерге промсолға кіру қиын болар»,— деп ойлады Рай. Үнсіз аққан жас үсік шалған қара қошқыл бетінің ұшына барғанда мұп-мұздай боп қатып жатты.

Рай ілгері жүрді. Аяғын сүйретіп басып келе жатқанды. Кенет болмашы бірдеңеге сүрініп, ұшып түсе жаздады. Әлі құрып қалжырағаны соншалық, жаңағы жерде құлағанда күш жинап тұра алмас едім деп ойлады.

Оқта-текте басы айналып, ақыл-ойынан адасып қала берді. Ауырған жоқпын ба деп ойлады. Денесі неге күйіп, жанып барады? Сырт кимін тастады. Өзі тастағанын, әлде иығынан сыпырылып түсіп қалғанын білмеді.

Ағасына айқайлады. Бірақ, қанша айқайласа да, дыбысы шықпайтын секілді. Бар болғаны кеудесі қабынып, ырсылдап бара жатқасын үстінде қалған кимнің өңірін жаланаштап ашып, төсін тырналай берді. Күн тұтылды ма, кәйтті, бір кезде, бар дүние қызарып, көз алдындағы сыпсида жыңғылдар мен қамыстар жалқылдап кетті.

— Ел...аға-а!..

Кенет, ол жолында қарайып жатқан бір нәрсеге кимелеп тұра қалды. Андрей секілденіп кетті. Ұмтылып кеш көтеріп алса... жаңа ғана иығынан түсіп қалған өзінің сырт кимі. Рай шатаса бастағанын сезді. Енді қалай жүрерін білмей, миы мәңгіріп, толықсып тұрған-ды. Еламанның ізіне көзі түсті. Басын сілкіп қап, шатаса бастаған санасын ұйқыдан оятып алғандай болды. Бір шоқалақты айналды ма, жоқ па, Андрей есіне түсті. Онан Жалмұрат елестеді. Онан кешегі өкірген теңіз, күтір-күтір сынған мұз, тоқымдай-тоқымдай сеңдер елестеді. Басы жоқ, аяғы жоқ, үзік-үзік елес. Жан ұшырған кісілер мұздан-мұзға секіріп жүр.

Кенет, Итжемес тайып құлады. Теңізге батып кетіп, шақыр-шұқыр соғысқан екі сең арасынан қайта шықты. Қызыл шақа қолдарымен сең шетіне жабысты. Бірақ, қолға ілігетін бұдыр жоқ. Көк тайғақ мұзды тырнағымен тіліп, сырғып суға батып кетті. Тырнақ ізінде жосылып қан қалды. Қан... қан... қан...

Рай аяғының ауырғанын ұмытып кетті. Ілгері ұмтылып ырсылдап, сүріне-қабына басып келеді. Ақшоқалақты айналып өтті. Осы арада құлағы дыбыс шалды. Жалт қараса, шылбырын сүйреткен ат әлденеден үріккендей, селдір сары қамыстың шетінде қос құлағын тігіп, оқыранып тұр. Онан көрі әрегіректе, селдір қамысты жарып өтетін

жалғыз аяқ жолдың үстінде бірдеңе қарайғандай болды. Рай көзін уқалап жіберді, қарайғанның қасына кеп анықтап қараса, Федоров... тізесін астына ала құлапты. Рай ағасын жаңа көрді.

Басы кеудесіне түсіп сұлық тұр. Еламан қасына келген Райды да сезбеді.

XVI

— Осы сендер не ойлай-тұң? Ал, мен көресіні мына Кәленнен көріп жүрмін ғой. Болыстық қолыңа ұстатқан қанды қара балта болса, әуелі Еламан мен Кәленге сілтесем қайтеді? — деді Құдайменде ағасы мен інісін оңашалап, ақылдасуға шақырып алып отырып.

Болыс болғалы ел аралап, өткен түні қас қарая келген. Ертең тағы бір жаққа жүретінін аңғартып отырып: «Ертеңгі шайды біздең ішерсіңдер, ақылдасатын шаруа бар еді»,— деп құлаққағыс қылды. Алдаберген ас-суы әзір үйге барам ғой деп ойлаған еді. Ас кешіккен сайын кәрі софы көңілсіздене түсті. Ас үй жақтан көңірсіген иіске шелектей кең танауын тесеп қойып жатыр. Ертеңгі астың қамымен кіріп-шығып жүрген даяшы әйелге қарап жаутаңдап қалады. Тәңірберген онан көзінің қиығын алмай, мұртынан күліп отыр.

— Сендерге не болды? Кәленді сімірге айдатсам қайтеді деп отырмын,— деді Құдайменде шытынып.

— Ол ұрымен ұстасып қайтесің. Ол ұры от алғалы тұрған қара мылтық емес пе. Өзіңді жазым етіп жүрмесін,— деді софы.

— Е, ол қу кедей мені қалай жазым ете-тұң?

— Ол арасын бір алла біледі де. Менің білетінім — өзіңнің тыныштығыңды ойласаң, онымен қайта тату бол. Бір рулы елді жауықтырып соңыңа салсаң да, оны өзіңе қарсы қоя көрмегейсің.

— Омайт шіркін-ау. Ол сондай-ақ кім екен. Қолынан екі келсе бірін қылсын. Олай десең бар-ау, оразамды ашпай тұрып, өзімнің құттыхана мешітімде, не тілеудің үстінде отырып айтайын, мен де оны аямасқа ант етем. Сібірге айдатам.

Кәленмен жауласқанды Тәңірберген де мақұл көрмейтін. Кәлен желісіне мал әкеліп байлаған қара білек мықты ұры. Тышқаншылап ауыл арасының тайлы-тұяғын ұрламай, сонау Қоңырат асып, ірі мойын үлек әкелетін. Маңғыстау жаққа жалғыз жортып, Адай, Табынан үйірге салатын құтпан айғырлар, ел ақтаған саңлақтар әкелетін

де осы Кәлен еді; Тәңірберген сырт көзге бұл ауылдың мал-жанымен ісі жоқ кісі секілденіп, бойын аулақ салып жүргенмен, түптеп келгенде, мал қамын мына екі ағасынан артығырақ ойлайтын жігіт. Былтырдан бері қолдағы малдың тұқымын асылдандырып ұстауды арман етіп жүрген. Кәленмен араздасқалы сол үміті қырқылғандай болды. Ендеше, татуласудан дәме қалмады. Болыс ағасын көндірсе де, ерегіске басып кеткесін енді Кәленнің иілмесі белгілі. Иілмеген басты қағып тастағанды жөн көрді; тек ондай сырды софы ағасының көзінше айтқысы келмеді де, алдына жайған дастарқанның өз жақ шетін қайырып түрегелді. Інісінің үнсіз шығып бара жатқанын көріп, Құдайменде қыржия түсті. Алдаберген екі інісінің дүниелік күйкі мінезіне көңіл бөлген жоқ. Сәлден соң атжал қып төккен ақ бауырсақтың софы жақ шеті омсырайып қалды.

— Сен, әлгіде Кәлен, Еламан туралы бірдеңе дедің бе? — Құдайменде ыңғай бермей, суық томсарып отыр. Софы оның неге түйіліп отырғанын өзінше топшылап:

— Тәйірі, Тәңірбергенді қайтесің. Жақсы атқа мінсін, әлем-жәлем боп киініп, қыз, келіншегі бар ауылдың шетінде көлбеңдеп жүре берсін, ләйліп,— деп түк басқан жалпақ жүзін жоғары көтеріп, кеңкілдеп күлді. Сонан кейін тағы да бауырсақты жеп, шайды ішіп отырып,— Абыралыға қарағанда сенен малды, сенен бақты жоқ. Ақылдымыз да сенсің. Өз жолыңды өзің аңғарасың ғой. Тек менің айтар ағалық бір ақылым бар, оны құй ал, құй алма... ерік өзіңде,— деп тоқтады. Мамық жастықты қолтығына басып, дастарқанның бір шетінде көлбеп жатыр. Жасында палуан болған; денесі кесек, сақал-мұрты сиякты қасы да бурыл; бетінің әр жерінде тал-тал ұзын қылдар бар. Үйқы мен ояу аралығында, бей-жай халде маужырап, мұлгіп жатып, асықпай, ақырын ығыстыра сөйлеп кетті.

— Сен, асылы Кәленнен аулақ жүр. Өз басым онан қорқам. Ол әне бір кезде, ауыз ашып отырған үстіме келді. Біздің үйдің Аламойнақтары шалғайыңды жыртқан жоқ па деп сұрап едім, ол кәпір күліп: «Ой, Алдеке-ай, құр дәріптей бересің ғой. Әйтпесе Аламойнақ дегенің ала күшік емес пе?»— деді ғой...

Құдайменде ағасының келеңсіздігіне күйіп отыр. Енді бірдеңе дегенде, тілге келіп қалатын еді. Абырой болғанда, Алдаберген софы астан кейін ауырлап кеткен денесін баяу қозғап, түрегелді. Пұшпақ ішігін киіп, күміс деңментпен белін буды да, жылысып басып тысқа шықты.

Ол кеткен бойда ішке Тәңірберген кіріп, қақ төрге жайғасып отырды.

— Шайды жина,— деп ол жеңгесіне әмір етті де, дастарқанның бір шетіне кірпідей жиырылып жатқан ағасына бұрылды: — Болыс аға, бақыт басыңа мықтап қонды. Бірақ бақыт ер салып, құйысқандап мінген ат емес. Ат туласа да тақымыңның астында ғой. Бақыт — басыңа қонған құс, қолына шыбық ұстаған баладан да үркеді. Өзім байқаған бір тәжірибем: ер жігітке қонған бақыт, бұқара халықтан үркек келеді. Бұқараңа сақ бол. Шеңгеліңнен сәл босаса-ақ, олар басыңа сырығын сілтейді. Тағы айтам, тыңдайды деп айтам: үкімің жүріп тұрғанда, халық ішінде бұғалығыңнан шығып жүрген, ана Кәлен, Еламан, Сүйеу шалдарды шеңгеліңде сығып ұста. «Жау аяған — жаралы болады»,— деп, біліп айтқан. Қолда күшің барда ұстасқан кісіңмен аямай ұстасқайсың. Аумалы-төкпелі дүние ғой, бірде жауыңның үстіне шықсаң, бірде жауыңның астына өзің түссең де арманың жоқ.

Мына сөз көкейіне қонса да Құдайменде қабағын ашпай, әлі қыржиып отыр.

— Сені білмеймін,— деп Тәңірберген сөзін жалғады,— ал өз басым, ана құрым киіз астында түтін түтеткен қара тобырдан қорқам. Бұлар қыстан қоңы тесіліп шыққан мал тақылеттес. Жас көкке аузы бір тиіп, отығып алды дегенше-ақ жалына қол тигізбей кетеді. Күшің барда қарашаларыңа қоң бітірме.

Бір ашуланса Құдайменде көпке дейін шешіле алмай, күрмелген жіптей түйіле беретін. Ол үндемеді.

Тәңірберген де өзінің айтқанынан ағасының шықпасын білді. Қамшысы мен тұлкі тымағын алды да, түрегелді. Құдайменде ол кеткесін де қозғалмады. Інісі өз ойының үстін басты. Екеуінің үні үндес шыққанын ішінен ұнатып, ертеңгі күні Кәлен мен Еламанға істер жаулығын ойлай отырған-ды.

Сол үстіне біреу кірді. Етігін есік алдына шешіп, кілем төсеген еденді мәсісімен имене басып кеп, Құдаймендеге қос қолын созды.

— Ассалаумағалайкөм,— деп, үй іші мен мал бастарының амандығын сұрап жалпылдап жатыр. Мұның бәрі бұл үйге келген кісілердің дағдылы мінезі болғасын Құдайменде жібін қойған жоқ. Ертелетіп жүрген жүрісіне қарап, бұл жолы да ел ішінің бір әңгімесімен келгенін шамалады. Бірақ қашан өзі тиіп айтпайынша асықтырмай, ала тақия киген басын бауырына таман алып, тұқырайып отыр.

Анау:

— Байеке...— дей түсті де, күмілжіп қалды. Бүгінде Құдаймендені «Болысеке» деудің лайық екенін біліп, тікен үстіне отырғандай қипақтап, қозғала бастады. Құдайменде жаратпай, дұңқ етті:

— Неге бөгелдің? Жайшылық па?

— Жайшылық дейтін жайшылық та емес. Ауыл арасының бір жаманатын айтқалы келдім...

— Ол не?

— Еламан Тентек Шодырды өлтірді.

Құдайменде шұғыл жадырап, басын көтеріп алды. Болыстың ажарына қарап ана кісінің де еңі өзгере бастады. Өзі айтқандай жаманат хабар емес, бұл үйдің жандарына ең бір жақсы хабар әкелгенін сезіп, о да көңілденіп сала берді.

— Орыстар Еламанды шанаға таңып промсолға әкелді. Айтпақшы, қасында Рай бар. Промсол басы бұлан-талағай...

— Ие?

— Шодырдың үйінде ақ келіншек бар емес пе еді...

— Ие, ал?

— Сол келіншек Курнос Иванның қатыны боп шықты. Некелі қатыны екен. Шодыр өлгесін Курнос Иван нені тыңдасын... Шодырдың үйіне баса-көктеп кіріп барған да, қатынды...

— Жә, оны қой, әлгі Еламанның жайын айтшы.

— Еламанның айтатын несі қалды. Орыстар оны сізге әкеліп, әкті-мәктісін жасатып, дереу өйезге жөнелтеді деп есіттім...

— Ә, солай де! — деп Құдайменде ыңыранып отырды да,— әй, Ебейсін,— деп хабар әкелген кісіге қарады.— Сен пешірді тап... өзімізге қараған үйдің біріне қонып шыққан шығар...

— Айта беріңіз, Алдекеңнің үйінен шығып жүргенін көрдім.

«Сол үйге үйір боп кетті. Сұмша жігіт софының ақ тоқалымен көңілдес боп қалмасын? Онда біздің қатынның сезігі дұрыс болды ғой»,— деп ойлады да, Құдайменде:

— Жә, мейлі... Сен пешір баланы маған жібере ғой,— дей салды.

— Жарайды,— деді ол.

Ебейсінің үйден шығуы мұң екен, Құдайменде қар-

қылдап үйді басына көтере күлді. Жалпақ жұмыр денесі селк-селк етеді.

— Есем кетіп жүргеннің бірі еді. Құрығы ұзын құдай оның тағдырын да... ха-ха-ха-а... енді, міне өзі қолыма әкеліп берді.

XVII

— Әже, үйге қонақ кеп қалды.

— Атамнан әрмен! Кетсін әрі. Қондырмаймын!

— Қой, әже! Ұят болар. Бірі оқыған жігіт. Теңіз жағасын қыстайтын жалпақ ел — Жақайым руынан. Қабырға болысы Құдайменденің..

— Кімнің?

— Құдайменде деген болыс бар емес пе?

— Аты қалай еді, патшағардың?! — деді кемпір күбірлеп. Бірақ әлгідей емес, беті қайтып қалған. Мына қонақтар қыс болса қалада тірек ұстайтын татар байына тоң балық тасып, шұбырып жататын қадірсіз кіреші емес. Қаладан көйлек-көншектік мата мен шәй-шекерін алып қайтуға шыққан салт атты жолаушы да емес. Мына келген қонақтар Құдайменде болыстың інісі болғасын қақаған суықта қондырмай, қуып жіберудің ыңғайсыз екенін білді. Бірақ бір дегеннен қондырмайтын жайын айтып салғасын, қорыққан кісіше ізінше райынан қайтып, тізгін еркін балашағаға бере салу да ыңғайсыз. Кемпір үндемеді. Осындайда бала-шағаға сыр алдырмай, сыртын суық ұстап, сазарып отыратын тәкаппар мінезі болушы еді. Қазір де ағаш кереует үстінде күлге шөккен түйедей жардай боп, бөксе жағын көрпемен қымтап ап, өңін бермей отыр: «Қонақ шіркін, тек қонып кете ме. Мұсалдат боп мойныңа міндетін арта келеді. Өзіне ет керек, атына шөп керек. Ол иттер таң атқанша келін-кепшік, қыз-қырқыныңа тағы тыным бермейді»,— деп ойлап, өз көңілінен наразылық қана іздеп отырған-ды.

Үсті-басының қарын қағып, суық қапқан киімдері сықырлап екі адам кіре берді. Бірі — төртбақ, жатаған. Екіншісі — жұқа, қағылез. Екеуінің де қасы, кірпігі қырау. Жұқа өңді жігіт қала үлгісімен тіккен қара драп пальтоның сыртынан қасқыр ішік киген. Ішке кіре бере ішікті иығынан сыпырып тастады. Ал, төртбақ жігіт алдын ала кіріп үй иесі кемпірге сәлем берді. Бойындағы киімімен төрге шығып, көрпе үстіне жайғасып отырды. Сонан соң ғана тымақты жұлып тастап, табанына сіреу қатқан бітеу бас етігін шешті. Төр алдына жайған қара киізге оның

ауыр етігінің ізі түсіп, ақ қар боп жосылып жатты. Ол етігін шешті де, дүрс еткізіп ірге жаққа тастай салды.

— Жасанжан, қарағым, былай шық! — деп жас жолдасына қасынан орын көрсетті. Төріне бір шыққан қазақтың барған үйіне қожалық етіп, билеп-төстеп кететін әдеті.

Жасағанберген сырт киімін есік алдында шешіп, төрге бойын жеңілдеп шықты. Күнұзын от жақпай, есік-терезесінен жел үлеп, ызғып тұрған үйде қолын уқалап, бүрісіп отыр. Жолдасы оның басы-аяғына мысқылды көзбен күлімсірей қарады: «Сыпайы тоңбайды, қалтырайды деген рас екен-ау! Күзгі қара суықтағы жүнін қырыққан ешкідей бүрсеңдеуін, шіркіннің»— деп ойлады да, онан:

— Қалай, қосшым, тоңған жоқсың ба? — деп сұрады.

Бүгін Шалқар шаһарынан күн шықпай атқа қонды. Аттары мықты болғасын қалай да елге жеткісі келген-ді. Хан жалынан асып, Көкмешітке бел шешіп жылынып алсақ деген ойы болған. Оған аттары болдырды. Өздері де шаршады. Ұзақ жүріске, әсіресе, Жасағанберген шыдамай, белі талып, тақымын ер қажап тастады. Ол құрысқан аяғын созып, үй ішіне көз салып отыр. Үй жайдақ бір бөлме. Жүдеу. Төр жақта біріне бірін аяқтастырып қойған екі кереует. Үстіне жиған көрпе-төсек пен тұсына ұстаған терме алашаға дейін бірінен бірі аумайды екен. Жасағанберген үй иесі жігіттің екі әйелі барын шамалады.

Шымылдық пеш түбіндегі кереуетте екі ұрты салбыраған кемпір отыр. Үш жағы ісік тәрізденіп жұмбазданып тұратын етжеңді мұрнының бір танауында бүйідей қара мең. Сол меңнің сыпыра көбелігінде сояудай ақ қылдар түксиіп, кемпірдің онсыз да еркек тақылеттес, кесек бітімін суыта түседі.

Жасағанбергеннің қасындағы Ебейсін деген пысық жігіт еді. Төрге шығып отырғасын ол кемпірге тіл қатты. Кемпір жақтырмай, алақанымен құлағын қалқалап, қонақтарға кереует үстінен еңкейді:

— А?.. Қаттырақ айт!

Ебейсін құлағы мүкістеу екен ғой деп ойлап, кемпірге қарай созылып:

— Қай туған боласыздар? — деп дауыстап еді, кемпір тыжырынып: «іші-баурыңа кіруін қарашы»,— деп ойлады да, өңі әлгіден де көрі салқын тартты. Кемпір қонақтың жауап күтіп отырғанын байқады.

— Тыныш жат! — деп аяқ жақта, көрпе астында бұлкілдеген әлдечені салып қап еді, ол бала екен, үйді басына

көтере аңырап қоя берді. Ебейсін Жасағанбергенге қарай бұрылды. Саңырау кемпір есіте қояр дейсің бе деген оймен:

— Бала, қонысымыз келіскен екен. Көре қал, мына қақпас қара су да татырмайды,— деп еді.

Кемпір жымиып күлді. Ішке екі жас келіншек кірді. Бірі — ақ сұр, ұзын бойлы. Онан кейінірек кірген келіншек толық, дөңгелек жүзді. Анадан гөрі аласалау, бірақ кесектеу. Екеуі де шекпеннің шалғайына сары қи толтырып әкелді. Күні бойы мал астын жайлап қой қора мен үйе қорада жүрген келіншектердің үстінен ескі көң мен қойдың күлімсі шайыр иісі бұрқ етті. Екі келіншек төрде отырған қонақтарға еріндерін жыбырлатты да, бұрылып кетті. Олай қарап енді қайтып назар салған жоқ. Жасағанберген ішке кіргелі қаттырақ тоңды. Жел тимеген бозғыл өңі тұктеніп, жақ жүні үрпиіп отырғанды. Келіншектер от жағып, қазанға ас салған соң, бұ да көңілдене бастады. Тек қой қарнын тұтқан терезеден үілдеген жел, жас жігіттің ту сыртынан қадалып, берекетін алып тұр. Айрықша, есікті ашқан-жапқанда жаман. Есікті ашып қалғанда, ішке лап берген желмен терезеге керген қарын «уф-ф!» деп сыртқа теуіп, үрген қуықтай торсиып кетеді. Ал есікті жауып қалғанда, әлгі қарын кейін теуіп, фуф-ф!» деп, үй ішіндегілерге ұртын торсита қояды. Есік енді бір ашылғанда, ауа керіп, «уф-ф» деген шықылтыр, жұқа қарын тырс етіп жарылып кетті де, терезеден мұздай жел үілдеп соғып жіберді.

— Біте, ана жау жегір терезені! — деп кемпір келіндеріне ақырды да,— осы Айғанша қайда? — деп сұрады.

— Көрші ауылға кетті ғой...

— Е, онда не бар екен?

— Отырмақ болады дей ме...

— Тұра тұр, сен қыз!

Кемпір қоламтада тұрған құманды алып, сыртқа шықты. Ебейсін жалма-жан жанындағы жігіттің құлағына сыбырлады.

— Қосшым, жағаңа түкіре бер. Бұл үйде қыз бар екен.

Қазандықтың астына қалаған сары қи маздап жанып, үй іші жылына бастады. Бір келіншек қидың шоғын ошақтың алдына қарай тартты. Осыған дейін май шам жарығы ала көлеңкелеп тұрған үй ішіне көктен күн сәулесі түскендей, көңілденіп сала берді. Соны сезді ме, жыртық көрпе арасынан бір баланың басы қылтиды. Онан гөрі кішірек

тағы екі бала басын көтерді. Бұл екеуі анадан гөрі күрбелдеу. Өздері бауырын көтермеген мысық баласындай. Көздері жылтырайды, тәмпік мұрындарын кіржитіп, қи шоғының исімен қуана дем алады. Қазан астындағы қызыл шоққа қарап еді, көздерінде шоқ ұшқындап қоя берді. Онан аналарына қарады. Онан төрде жатқан қонақтарға қарады. Ересек бала шаш қойған жігіттің көзіне көзі түсіп кетті де, көрпе астына басын тыға қойды. Жасағанберген күлімсіреді де, жолдасы екеуі атты жайлап келмек боп далаға шықты. Үй оңашарған соң ересек бала көрпе астында жатып бүлік салды. Қасындағы екі кішкентай баланың бірін табанынан қытықтап, ықылық аттырып қойы да, екіншісін санынан бұрап үзіп алды. Ол жылан шаққандай, шар етті.

— Мына ар-р-рам ит баланы өлтірер,— деп ақ сұр келіншек ұмтылып еді, тапал келіншек:

— Өлтіріп көр. Өзің тірі қалар ма екенсің! — деп, тепсініп тұра қалды. Осы кезде үйге қарай келе жатқан күйеуінің жөтелі естілді.

— Тұра тұр, бәлем!..— деп ақ сұр келіншек күндесін ынқ еткізіп аш бүйірден бір түйіп қалды да, жүре берді.

Үй иесі ішке кірді.

— Тоңып келген шығарсыңдар. Шайды от алдында отырып ішейік,— деді ол өзімен бірге кірген қонақтарға.

Жасағанберген шоққа беті қызып, маужырай бастады. Ебейсін мен үй иесі бұл суық шұғыл түсіп, қораға алған қолдағы малдардың ұшып бара жатқанын үлкен үреймен әңгімелеп отыр. Ебейсін мал қыстатуға жағалықтың тиімді екенін айтты. Теңіз жағасындағы қалың қамысқа қанша малды айдап жіберсең де ығы жетеді. Қамыстың сабағын қажасада, жан созып, қыстан қоңы жығылмай шығатынын айтып, үй иесін елітіріп қойды.

Жасағанберген әңгімеге араласпады. Ұйқы қысып, көзі құм түскендей түйіліп жатыр. Ана екеуінің даусы алыстап, әлдеқайдан күңгірлеп талып естіледі. Кейде қара қазанда былқып қайнап жатқан сүр иісі танауын қытықтап, асқа аңсары ауып, басын шыдамсыздана көтеріп алады. Май шам сөніп барады. От сәулесі түскен ошақ алды ғана жарық. Басқа жақ, айрықша, үлкен үйдің бұрыш-бұрышына қара көлеңке үйіліп, тұнжырап тұр. Тапал келіншек күйеуімен тақымдасып, шай құйып отыр. Ұзын бойлы, ақ сұр келіншек қазан маңында; екеуі де ажарлы. Қи шоғына беті қызып, гүл-гүл жайнап кетіпті. «Сорлылардың өмірінде осыдан басқа не қызық бар дейсің?»— деп Жаса-

ғанберген ішінен. Ұзақ уақыт үлкен қалада боп, қазақтың кең даласын, өзінің туып-өскен өлкесі мен елі-жұртын сағынып, жүрегі алып-ұшып келе жатқан-ды. Мынадан кейін оның көңілі кәдімгідей құлазып жүдеп, қоңырайып қалды.

XVIII

Ебейсін астан кейін ақау татыған іріміктеу ағарғаннан бір зеренін құлата сап, иіге алмай, ыңқылдап отыр. Ішін қысып бара жақан соң тон шалбардың ышқыр бауын босатып қойды. Ас ішкеннен бері кереует үстінен өзіне оқтай қадалған кемпір көзін байқаса да, көңіл бөлген жоқ. Ондай оқты көздер талай көрген жауы. Ас-суын ішіп, бүгінгі күннің басты бір шаруасын бітіріп, көңілі тыныштық тапқан соң, ауыр тонның шалғайын астына басып теңкиіп жатыр. Енжар. Әңгімеге тіпті зауқы жоқ. Үй иесі жігіттің атын ұмытып қала берді. Анау да ерінбей, өз атын қайталап, «есімім Төлеу»,— деп қояды. «Ә, Төлеусің бе?»— дейді Ебейсін. Сүр ет пен құрт езген майлы сорпаның иісі айыға қоймаған ыссы үйдің ауасына мұрнын төсеп қойып, манаурап жатқан-ды. Үй ішінің төсек салатын ыңғайын байқаған соң Жасағанбергенді оятып, тысқа шықты. Осы кезде қора шетінен иттер үріп, шұқырда отырған жалғыз үйдің үсті азан-қазан болды. Бұлар әдепкіде қасқыр ма деп қауіптеніп, ит үрген жаққа қарай қозғалды. Ай жарық еді. Қос атты парлап жеккен жеңіл шаналы біреулер бұлардың жанынан жез қоңырауы шылдырлап, ағызып барып қораға кірді.

Жасағанберген шана үстінде отырған төрт кісіні көрді. Бірі — ат айдап, екіншісі — тонға оранып апты. Қолында мылтық. Қалған екі кісінің қолын артына қайырып байлап, шананың жапсарына сірестіріп таңып тастапты.

— Бұлар кім болды екен? — деді Жасағанберген.

— Еламан ғой.

— Кім?

— Е, сен сұлу келіншегі бар балықшы жігітті білмеуші ме едің? Ол келіншекке бір кезде Тәңірберген ағаңның көңілі құлап, ауаланып жүрген...

— Ал?..

— Еламан сол сайқалдың күйеуі. Қасындағы інісі — Рай. «Құтырған бура несіне түседі»,— деп... жақында қарашекпеннің байын өлтірді.

— Ал?

— Шырағым-ау, сенің бұл алың, қай ал? Кісі өлтіргесін оны кім аясын. Болыс қол-аяғын кісендеп, бойын кездетіп, қалаға айдатқалы жатыр еді...

Жасағанберген иығынан сыпырылып түсіп бара жатқан пальтоны жағасынан жоғары тартып қойды да, үйге беттеді. Төлеу мен Ебейсін кейінірек келді. Олар жолаушыларды тосып, салулы төсектің үстінде шешінбей отырған; бір кезде есік тез ашылып, ішке екі жас кірді; екеуі де көңілді, әсіресе, қыз бала қатты күліп, өзімен таласып, бұрын кірмек болған ағасын — томай құлақ, дөкір жігітті итеріп жіберді; қыздың түріне адам күлгендей; үстінде үлкен ағасының қалың қара тоны, байпақты етігі. Осы бір қолапайсыз, ерсі киімдерін қыздың өзі қызық көріп, күлкісін тия алмай, мәз боп жатыр.

— Еркем-ау, саған не болған, үйде қонақ бар ғой,— деді үлкен жеңгесі.

Қыз қонақ жаққа назар аударmады. Қала мен теңіз арасында шұбыртып жататын көп жолаушының бірі болар деп ойлап еді; үлкен жеңгесі қайын сіңлісін шешіндіріскен боп жатып, жұрт көзін ала бере, құлағына сыбырлай қойды:

— Үйде оқыған жігіт отыр.

Қыз күлкісі тыйыла қалды. Шам жарығы ала көлеңкелеп тұрған абажадай үй іші де тым-тырыс. Қыз ақырын бұрылып төр жаққа көз салып еді, оқыған жігіт бір жастықты қолтықтап, төр алдында қисайып жатыр екен. Қыздың қарағанын байқап, қысылып қап, көсіліп жатқан аяғын жиып ала қойды. Қыз шаш қойған, орысша киінген, арық, аққұба жігітке жұрт көзінше анықтап қарады да, бұрылып кетті. Өңі қызғылт тартты. Киімін шешіндіріспек болған жеңгесінің қолын қағып тастады да, ешкімнің көмегінсіз өзі шешінді.

— Айғанша қарағым-ау, осынша кеш жүргенің не? — деді Төлеу.

Салқын ауада жүріп қайтқан Ебейсін қазір сергек. Қызды көргенде ұйқысы шайдай ашылып кетті. Айғанша қысылса да, бір бөлмелі үйде бой тасалайтын жер болмағасын теріс қарап тұрып шешіне бастады. Сырт киімдерін шешкен сайын аржағынан қауызын жарып келе жатқан гүлдей, талдырмаш бойлы қыздың әдемі мүсіні әшіндегі өзінің анық ажарын тауып, айқындала түсті. Ебейсін қызды көзімен ішіп-жеп барады. Қасындағы жігіттің де тақымынан шымшып мазасын алып бітті.

— Ассалаумалейкум!

— Ассалаумалейкум! — деп қосарлана боздап, екі кісі кірді.

Сақал, мұртына мұз қатқан. Қалың киімдері қорбаңдап, сөлекет қозғалып, төсек салулы жатқан төрге шықты. Құдайменде болыстың оқудан қайтып келе жатқан інісін олар осы арада ғана көрді.

— Оу, Жасанжан!.. Ой, айналайын-ай, өңің қандай құп-қу!

— Апырай, тіпті өңінде қан-сөл жоқ. Оқу адамды жеп тастайды деген рас-ау!

— Ден саулығың қалай?

— Ауылды да сағынған шығарсың?

— Алдыңда аға, жеңгелерің де күтіп отыр. Сенің жолыңа қарай-қарай, сорлылардың екі көзі төрт болды,— деп ол екеуі екі жақтан жалпылдай бастады.

Ебейсін оларды жақтырмады. Тақа болмағасын өзіне таяу отырған қаба сақалды, жуан қараны бүйіріне түртіп қалды:

— Қастарыңда тағы біреулер бар емес пе еді?

— Ой, енесін с... екі жаман балықшы ғой. Шалқарға айдап апара жатырмыз.

— Олардың қайда?

— Түйе қораға қамап тастадық.

— Күзет қоймадыңдар ма?

— Ит жер дейсің бе? — деді қаба сақалды күліп,— қашып кете алмайды, қол-аяғы кісендеулі.

Айғанша әлденеге көңілсіз тартқандай боп, қос тізесін құшақтап отыр еді. Қаба сақалды кісіге ол енді ғана анықтап қарап, жүрегі мұздай болды.

Қыз көңілін таныған дай, Жасағанберген сөзге араласты:

— Оларды ішке алса қайтеді? Сорлылар тоңады ғой...

Ебейсін мырс етті. Сырт айналып, бір жастықты бауырына басып қисая кетті.

Жасағанберген өзі сөйлеген әзірде Айғаншаның ерекше көңіл бөле қойған ықыласты түрін байқады. Үнсіз сазарған кісілердің әрқайсысына бір қарап:

— Ағалар, бұларың кісілік емес. Ұят қайда? — деді. Бозғыл беті ду етіп, ызалы жас көзіне кеп қалды. Суыққа шалдыққан жіңішке даусы да шыңылтырланып, шырқырап шықты.

— Жасанжан-ау, сен не деп отырсың? Олар қылмысты кісі емес пе? — деді қаба сақалды.

— Солайы... солай шығар. Бірақ, ағалар-ау, олар да адам баласы ғой...

— Түсінсем не дейсің. Кісі өлтірген кісіге аяныш бола ма екен?

Жасағанберген ызақор баладай, дерек таба алмай, қызараңдап қалды.

— Әй, залым,— деп қара кемпір қаба сақалдыға қарады,— мына бала жалынғанда адам түгіл, қара тас та бір төңкеріліп түсер еді ғой. Сенің дәтің неғып шыдап тұр.

— Жә, қайтесің. Бұл сен араласатын жер емес.

— Не дейсің? Мына залым не дейді, әй?

Айғанша бұрын-соңды анасының дәл мұндай қатты бұзылған түрін көрмеп еді, мынадан кейін анасының бір жанжал шығарарын білді. Кемпір енді кереует үстінен шұғыл еңкейіп:

— Бұл үйге қонғың келсе, бар, аналарды алып кел,— деп ақырды.

— Кәрия-ау, олар кісі өлтірген, қылмысты...

— Қой әрі! Қанша кісі өлтірсе де, олардың қылмысы тап сенің күнәңнан артық болмас.

Ебейсін қаба сақалдыны сөйлетпей, бүйірінен нұқып қалды.

— Өшір үніңді. Қарсыласпа. Бүгінше осы қақпастың айтқанын істейік,— деп сыбырлады да, ананы әй-шәйға қаратпай сыртқа сүйрей жөнелді.

Айғанша анасына ырза. Жас қонаққа да өзгеше бір ықыласпен қарап отыр. Бір көргеннен-ақ оның басқа кісілерге ұқсамайтын оқшау түрін байқап еді. Түнде төрінде қонып жатып, төсектің от жағынан қол салатын қазақ ауылының жігіттерінен мұның құлқы басқа. Мұнда келгелі ол Айғаншаға да әлі бір рет көз салған жоқ. Әлдеқалай қыз көзіне көзі түссе де, ұяң жастың жұқалаң өңіне қан тебеді.

Кідірмей Ебейсін мен қаба сақалды қара екі кісіні алдарына сап кірді. Екеуі де жауыраған, әсіресе, бала жігіттің қатты жаурап, ұшып бара жатқанын көрген Айғанша жүгіріп барды да жылы жерге төсек жайды.

— Отқа жақындаңдар! — деді кемпір де оларға жылы шырай беріп.

Бала жігіт дір-дір етеді. Ішке кірген бойда от алдына отыра қап, қи шоғына кеудесін қақтап, үстіне түсіп бара жатыр. Онан кейіндеу кірген ірі денелі кісі де тоңып, ерні көгеріп, құп-қу боп кеткен екен. Бірақ ол болыстың оқу-

дан қайтқан кенже інісін бірден таныды. Оның алдында осалдығын сездіргісі келмей, өзін-өзі тежеп қалды. Отқа да жақындамай, үй ішімен амандасқаннан кейін төрге шығып отырды.

Кемпір оның ұстамдылығына ырза болды:

— «Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл» деген, шырағым, есімің кім?

— Ел-а-ман...

— Мына бала ше?

— Менің інім. Аты — Рай.

— Қай рудан боласыңдар?

— Жақайыммын.

— Іргелі елдің баласы екенсіңдер ғой?

— Жоқ, қадірлі ана, біз теңіз жағасында тұратын балықшылар аулынанбыз.

— Е-е! «Адамның басы, алланың добы» деген ғой, не боларына кімнің көзі жеткен,— деді кемпір күрсініп. Аздан кейін ол Еламанға қайта қарап, жүзін тіктеп отырып,— жөніңді білмесек те, жүзіңді көріп отырмын. Мынадай сені кісі өлтірді деп отыр. Қайдан білейін, адам баласы ішінде ғой, түріңе қарасам, иманмен қаптап қойғандай,— деді.

Еламанның үсік шалған беті темірдей қатайып алды:

— Кісі өлтіру кәсібім емес еді, балықшы едім. Аулаған балығымды қарсы базар қағып жеп, күн көріп жүр едім. Құдіреті жүріп тұрған кісілер оған қойды ма,— деп ол демікпендей боп тоқтады да,— қысқа күнде қырық өле бергесін, тым болмаса, бірін өлтіріп жастығымды алып жатқым келді. Қадірлі ана, біздің жайымыз осы,— деді.

Үй іші жым-жырт. Еламанның ентігіп, ауырлау дем алған тынысы ғана естіліп тұр. Айғанша онан көз айырмай, негін тізесіне сүйеп ұйып қапты.

— Әй Төлеу,— деді кемпір үлкен баласына,— тұр, мына балаға бір малыңды сойып, жақсылап қонақ асы беріп жөнелт!

— Апа-ау... осы үйде өлі ет те бар ғой...

— Қой әрі! Ас тауысылғанда үнемшіл болатын жаман қатындардай, бұл шіркіннің қолдағы барды құртып алғасын мал жанды болғанын қайтейін. Бар, кіші қара тоқтыны сой. Қалған етін кейін балалар қызылдар.

Төлеу екі әйелін ертіп, сыртқа шығып кетті. Айғанша анасының үлкен, кесек бітіміне сүйсіне қарады. Әлі күнге анасының сырына түсініп болмай жүр. Анасын іші тар, саранң көретін.

Келіндерінің қазан-аяқ ұстағанына ырза болмай, үнемі үй ішін қырына алып, жыландай ысқырып отыратын қытымыр анасының, кейде, дәл осылай кісінің кісілігі сыналатын жерде қолы ашылып кететіні бар. Ондайда анасы қолда барын аямай, тістесіп ұстап отырған азғана дәулетті лақ еткізіп төге салатын жомарт.

Ебейсін қалғып отырған-ды. Мал сойылатын болғасын көңілденіп сала берді.

Кемпір оған көңіл бөлмей, Еламанға ғана назар аударып:

— Бір істі істеп салған екенсің. Оң-терісін біз қайдан білейік. Тек, әйтеуір жаман кісілерше қор боп күнде өле бергеннен көрі, бір тірлікте бір өлген де дұрыс шығар,— деді.

Бойы жылығасын Рай асқа қарамай, ағасының тізесіне басын салып ұйықтап кетті. Еламанды да ұйқы қысып, өзінөзі зорға ұстап отыр.

Астан кейін, Айғанша үлкен жеңгесі екеуі қонақтарға төсек салды. Кенжекей Еламанның басының астына салатын жастық таба алмай, қиналып тұр еді, Айғанша жүгіріп барып, өзінің жастығын әкеліп берді:

— Мә, мынаны сал!

— Еркем-ау, өзің қайтесің?

Айғанша ызалана қарады.

— Асты жұмсақ болсын, тағы бір көрпе сал! — деді оған.

Шамды сөндірмей, сығырайтып, білтесін басып қойды. Кеш жатқан жұрт жастыққа басы тиер-тиместе қор ете қалды. Еламан да қатты қалжырап отыр еді, жатар жерде ұйқысы ашылып кетті.

Бері жүрердің алдында Мөңке, Кәлен, Дос кеп қоштасып қалды. Ақбала әлсіз екен, келе алмады. Жеті айлығында шала туған баласы сүт емеді, жыламайды, тыныш деп, жолдастары көп мақтау айтты. Еламан олардың сөзіне илана қоймады. Жеті айлығында шала туған баланың қатарға қосылуы қиын екенін білді. Еламан ұйқылы-ояу халде, түтіккен долы теңіз, сапырылысқан сеңдер, мұзға ыққан балықшылар көңіліне орала берді. Онан соң сібірлеп атқан таң. Қаратүп шыңы елестеді. Онан бір аяғын астына баса құлаған Федоров елестеді. Еламан істеген ісіне өкінбеді. Артында қалған әйелі мен баласының келешегі қайтеді деп қана қиналады.

Ой қажытқан Еламан таң алдында қалжырап, көзі жаңа ғана ілініп бара жатыр еді, қаба сақалды қара:

— Әй, тұр.— деп, Рай екеуін бір-бір теуіп тұрғызды. Еламан денесін зорға қозғады. Райдың да ұйқысы қанбапты. Бойын ала алмай, былқ-сылқ етіп тұрған інісін Еламан қолтығынан алып, сүйемелдей берді. Аяғындағы ауыр кісен шылдырап, тұсаулы аттай, кібіртіктеп қозғалып келе жатыр еді; дәл есіктен шығар жерде, түндегі жас қыз жүгіріп кеп, толы жұрттың көзінше қоламтадан алған ыстық күлшені Еламанның қойнына тықты. Бұл жолы да бір жаннан қысылған жоқ. Еламан жас қыздың батылдығына қайран.

Қыз енді жалт бұрылып жүгіре жөнелмек болғанда, Еламан оның нәзік білегінен ұстай алып, жібермей, кеудесіне қысып тұрып:

— Алда айналайын-ай! Тұмсығымен шымшып әкеп су тасыған қарлығаштай, қасіретті ағаңа кешеден бері шерепетіңді тигізумен жүрсің-ау! Ал, айналайын, сау бол. Жамандық көрме, мұңсыз өс! — деп қызды маңдайынан сүйді.

Айғанша жылап жіберетін болғасын жасын жұтып, шиедей қызыл ерінін тас қып тістеп алыпты. Өңі құп-қу. Жас толған көзін Еламанға көрсетпей, сырт айналып кетті.

Олар сыртқа шықты. Жол ұзақ. Осыдан алдын кештете ғана Шалқарға жетеді. Жолда ел жоқ. Қар басқан мидай жазық дала бетінде бұлыр жоқ. Еламан ат шананың үстінде дірілдеп ұшып бара жатқан інісін тас қып құшақтап алды. Шұқырда отырған жалғыз үйден аттанғалы әлі тіл қатпай, әркім өз ойымен оңашаланып, үнсіз сазарып алған.

Күн көтеріле Еламан тоңа бастады. Әсіресе, темір кісен жалаңаш білегін қарып, ызғар сүйегінен өтіп, шекесі шаншып барады. Шамалыдан кейін Еламан жаурады. Шексіз-шетсіз далада, сарылған ұзақ жол үстінде дір-дір етіп жаурап келе жатса да, бағана аттанар алдында жас қыз қойнына тыққан ыстық күлше суымай, жүрегін шоқтай қарып тұрғандай сезеді.

XIX

Теңіз жағалауымен екі аттылы аяңдап келеді. Бірі — Жасағанберген, екіншісі — ана жолы оны Шалқардан алып қайтқан кісі — Ебейсін. Сонан бері ол жас жігіттің қасынан бір елі қалған жоқ. Оқудан келген жас жігітті әуелі ағайын-тумаларына апарды. Онан Құдайменденің сілтеуімен ру басы ақсақалдарды адақтап, әуелі Көлқора

табанында отырған Рамберді, Жылқыбай секілді байлардың үйіне бір-бір түстеніп шықты.

Сонан кейін мықты бір парыздан құтылғандай боп теңіз жағалауымен үйіне қайтып келе жатқан беті еді. Жас жігіттің қабағында ұйқы бар. Күн сайын талай үйден ет жеп, іркіт ішіп, ер үстінде отыра алмай, былқ-сылқ етіп қалжырап келе жатқан. Алдарынан, ақ шоқалақ арасынан бір қыстаудың төбесі көрінді. Іле үрген иттің даусы шықты.

— Мынау Сүйеу қарттың қыстауы емес пе?

— Ой, оны қой. Болыс ағаң, қазір қызыл көз шалмен қырғи қабақ.

— Қызық екенсіз, Ебейсін аға,— деп ренжіп, Жасағанберген атының басын жалғыз қыстауға қарай бұрды. Мына түрі есейіп қалған жастың көңіліне адамгершілік еніп, аға жетегінен шыққан кейпін танытты. «Ағаларым Сүйеу қартпен қырғи қабақ екен деп, мен қалай қырын қарамақпын. Бұру болса бір сәрі, жол үсті, жасы үлкен кісіге сәлем беріп шықсақ біздің ат-тонымызды шешіп алмас»,— деген оймен осы арада тізгінін өз қолына айық алғандай еді.

Сүйеу қарт үйінде екен. Аппақ құдай сақал-шашы терезеден түскен қысқы күннің сәулесіне шағылысып, нақ төрде шаншылып отыр. Қонақтарды көрсе де қозғалмады.

— Ә, бала, амансың ба?

Іштегі ызғарын сыртына жиып, сүп-сүр боп түйіліп, тура алдына қарап отыр. Қонақтарға қағысып төрден орын ұсынбады. Саған лайығы осы деген кісіше, өзінен төменіректен орын көрсетіп,— бала, отыр! Елге келген хабарыңды біз де есітіп жатырмыз...— дей түсті де, іркіліп қалды.

— Иә, ақсақал, елге келгелі көп болды.

— Ә-ә! Бізге деп келгені осы да! Жарайт, жарайт!.. Бұл, үйіңе қайтып бара жатқан бетің шығар?

— Иә, ақсақал,— деді Жасағанберген, бұл жерде тағы да бұлтара алмай қалып.

— Өзім де солай шамалап едім. Жол үсті ғой. Бой жылыта кеткендерің бөтен емес.

Ебейсін басын төмен салып, сазарып отыр. Сүйеу қарт та оған назар аударmады. Жақсы көретін күйеу баласы ұсталғалы көңілсіз. Үй ішіне тіпті қатал. Шалқардың түрмесінде жатқан Еламан мен Райға бара алмағаны жанына батып, ызасын кімнен аларын білмей, бала-шағаға жылан-

дай ысқырып отыр еді. Жек көретін аулының жігіттері кеп жынына тиді.

Жасағанбергенге бір-екі рет ашулы көзі шатынап, осқырына қарады. Онда да жас жігіттің бұты-қолын сындырып, құрыстырып тастаған тар киіміне мысқылдай қарап: «Бала, тағы оқисың ба»— деп сұрады. Бұнысы да кекесін. Осы түрі оқыған азаматқа: «Өзге жұрт сені төре деп төбесіне көтере берсін Өзің де төре болуға тырысып, өңіріңе жез түймелерді жалтыратып таға бер... Бешпет, шалбарыңды да сыптай ғып тарылтып, тыраштансаң да, сен әлі шіп-шикі баласың»,— деп кекетіп отырған сияқты.

Елге келгелі Жасағанберген әркімнен әртүрлі қошамет сөздер есіткен-ді. Көп мақтау оған осы жолдан киіп қайтқан сый шапанындай, көңілі өсіп қалған-ды. Сый шапанын мына қызыл көз шал сыпырып шешіп алғандай әсер етті. Бұл үйден кеткенше асығып, шайды да бір шыныаяқ ішіп, кесесін қисайта салды.

— Бала, неге аз іштің?

— Рахмет, ақсақал.

— Ә, орыс болдың ба? Бол! Бол!

Жасағанберген сыр бермей, үй ішімен сыпайы қоштасып, жүріп кетті. Былай шыққасын Ебейсін:

— Бармайық дегенім осы ғой. Бұл шал тіліне у-зәрін жып алып отырған осы даланың улы жыланы ғой,— деп еді; жас жігіт оның реніштi күңкілін есіткісі келмей, атын тартып қап шаба жөнелді. Ауылға келген бойда шешініп жатып қалды. Сонан ол ертеңіне сәскеде тұрды. Шәй-суын ішті де, әуелі софы ағасына сәлем берді. Онан болыс ағасына барды. Үстіне қара костюмі мен сары түймелі пальтосын киген-ді. Құдайменде інісіне күле қарады:

— Біздің Жасанжан қызық. Тірек ұстайтын татар байлары құсап, бұты-қолын сыптай ғып, қалада кнетін қара шекпенін ауылда да тастамайды.

Жасағанберген осы ағасының тілін қызық көретін. Оның сөзіне жауап қатпай, үй ортасына аш мықынын таянып, сылқ-сылқ күліп тұр.

— Қой, шырағым, қала сәнін ауылға әкеліп опа таппайсың. Абыройдан айырылып қаларсың.

— Неге?

— Ауыл арасын қаландай көресің бе. Тамына тамы бөксесін тақап тұрған қалада кісі тоңат дейсің бе? Көп бөлмелі татар байының үйін аралағандай шығар. Қыс бойы бір үйден шыға сап, қол созым жердегі екінші үйге кіріп, көбең боп, жаман үйренбей кәйттім дейсің.

Жасағанберген бұл жолы да сылқ-сылқ күліп, деректесетін жерде тайқып шықты. Қалада болған аз жыл ішінде күлкісіне дейін өзгеріп қайтқан. Баяғы балаpақ кезіндегі кінәсіз қылықтарын Орынбор шаһарінің қай көшесінде, қай үйінің мүйісінде қалдырып кеткенін ойлап, Құдайменде інісіне салқын қабақ астынан қарап отыр. Қаладан келгелі талай байқады; інісі жас адам боп, бірде болмаса бірде қызып кетіп, желпініп сөйлеген емес. Өз сезімін қолға үйретіп алып, тізгіндеп тежеп отыратын сияқты. Күлсе де, сөйлесе де, мейлі біреумен сырласса да, бір мөлшерден асырмай, саран қатынның қолынан шыққан дүниедей сығымдап, шым-шымдап қана шығарып отырады.

Құдайменде осы байқағанын бір күні Тәңірбергенге сыр ғып айтты.

— Оқытып алтын иық төре етеміз деп жүргенде, осы бала бұзылып кетпесе кәйтсін.

Жасағанберген үшін ағайынды жігіттер әлі ұрысатын. Екі үлкен ағасы Жасағанбергенді діни оқуға бергісі келсе де, оған Тәңірберген көнбей, Орынборға апарып өз қолынан оқуға түсіріп еді.

— Орыс оқуы кеудесінен жанын сығып әкеткен. Түбі, көрерсің де білерсің, өз үмбетіміздің шығып, шоқыншық орыс боп кетеді.

— Ой, аға-ай, оның несіне шошисың. Орыс болса, қайта оязға бастық боп келеді.

Құдайменде іркіт құйған местей, майға бөгіп лықылдап тұрған денесін шайқап, ырқ-ырқ күлді. Тәңірберген ірге жағында жатқан түлкі тымағын алып, түрегелді.

— Әй, Тәңірберген, тоқтай тұршы,— Тәңірберген үнсіз қайрылып тұр.

— Сен жар басындағы балықшылардың аулына барып жүретін көрінесің ғой?

Тәңірбергеннің әдемі қара мұртының шалғысы әнтек жыбыр етті. Тыныш жатқан сезімге тас тиіп, бір бұлк ете қалғандай.

— Бір есептен барып тұрғаның да дұрыс,— деді Құдайменде,— қазір жолыңа кесе тұратын жан жоқ. Құдай айтқандай күйеуі келмеске кетті.

— Тағы не айтпақсың?

— Кеулің шапса қатын үстіне ал! Баяғыда екеуің Ләйлі — Мәжнүндей едіңдер ғой.

— Қазаққа қатын алу қиын емес еді ғой. Оны қоя тұрып әуелі басқа шаруамызды бір ыңғайлап алайық та.

— Ол не тағы?

— Кәленді айтам. Баста сол пәлемен жауласпай, аулақ жүру керек еді. Жауласқасын — екінің бірі. Айтпады деме: қазір оның көзін құртпасаң, соңырағы күні ол бассалудан да тайынбайды.

Құдайменде кенет тас тиген жыландай жиырыла қалды. Тәңірберген болыс ағасына бұрыла қарап, күле түсіп:

— Әлде сол ұрыдан шыныменен-ақ жасқанып жүрсің бе? — деді. Ағасын бір іске айдап саларда әуелі дәл осылай қытығына тиіп, қайрай түсетін әдеті.

— Елге ұлық шығады деген не? — деді Тәңірберген.

— Рас. Таяу арада келіп те қалар,— деді Құдайменде көңілсіз ғана.

— Е, онда сәті келіп тұр екен. Аянатын не қалды. Ол желіңнен мал алып жүрген ұры. Ұрлығы да ештеңе емес. Ертеңгі күні Еламан сияқты бұ да кісі өлтіреді.

Құдайменде бұ жолы да үндемеді; бірақ інісінің мына сөзі өз көңіліндегі күдігінің үстінен түсті.

— Шодырдың баласы Аралға келіпті,— деді Тәңірберген.

— Я, сондай бір сыбыс бар.

— Анық көрінеді.

— Болса болар. Әкесінің құнын қуып келе жатқан да.

— Орыс құнды қайтсін. Менің есіткенім рас болса, әкесінің промсолын сататын сияқты. Дәмелі кісілер осында жиналатын көрінеді.

— Апыр-ай, ә? Малға айырбастай ма екен, әлде тазалай ақшаға сата ма екен?

Тәңірберген күліп жібере жаздап, өзін күшпен тежеп қалды. Болыс ағасының мұндайда құттайдан кілт ете қалалатын кінәмшіл мінезін білетін-ді.

— Ақшаға сатады ғой,— деп ол іркіле түсті де,— байқайсың ба, болыс аға, заманның түрі өзгеріп барады-ау! Кешегі ата-бабамыздың тұсында қол астындағы қарашаның қайсысы бетіңе кеп сөз айтушы еді. Құлақ кесті құлың еді ғой. Қазір малшы-жалшының бәріне құлаш-құлаш тіл бітті. Көңіліне жақпасаң бір күн қосыңды жекпейді. Қатын, баласын қолынан жетелеп, іргеңде отырған балықшылар ауылына тайып тұратынды шығарды. Кейінгі екі-үш жылдың ішінде қанша жарлы-жақыбай малыңды тастап, балықшы боп кетті. Бүйте берсе, көре қал, түбі малыңды бағатын кісі қалмайды.

«Осы-ақ білгішсіп, алдыңды орай береді екен. Аузын ашса, сары уайым... ақыр заманды үстіңе төндіре бастайтұң»,— деді Құдайменде ішінен.

— Болыс аға, осы жайды ойладың ба?

— Ал, ойладым. Сонда қайт дей-тұң, маған?

— Жөн білетін кісілер заманына қарай амалы демеуші ме еді...

«Не айтқың кеп отырсың, осы сен?» — деген кескінде Құдайменде інісіне бұрылып қарады.

— Шодырдың промсолын сатып алсақ қайтеді?

— А?

— Промсолды сатып алсақ дейм.н. .

Ертеден бері қырысы жазылмай отырған Құдайменде осы арада әлденеге шұғыл жадырады. Қарқылдап күлген бойы сырт жағындағы ақ жастыққа шалқалап жата кетті:

— Жоқты соға-тұң. Тәйірі, орыстың кәсібі қазақтың қолынан келетін бе еді...

— Е, несі бар. Орыс та өзіміздей адам емес пе..

— Қой, айналайын, қанша құдай болсаң да орыстың өнеріне жете алмай-тұң. Сенікі жөн дегенге жоқты соға берме...

— Жоқ, аға, жөн айтып отырмын. Промсолды қолыңа алсаң, осы даланың құдайдан кейінгі қожасы бір өзің боласың. Ол кезде кедей-жалшының барар жері, басар тауы қалмас еді.— Құдайменде інісінің аржақ ойын енді ғана аңғарды. Промсолды өз қолына алса, ол кезде, шынында да, балықшылар ауылын бүріп ұстап отыратыны сөзсіз. Алғашқы сәтте мынаған Құдайменде де ауаланып, қызығып қалса да, пәтуа байлар жерде қолын бір сілтеді:

— Қой шырағым, ата-бабаң әуестенбеген кәсіп екен, соңыра халық алдында күлкі боп жүрерміз.

Тентек Шодырдың баласы Арал қаласына келіп, құдіретті қайын атасы Марковтың үйінде жатқан хабар теңіз жағасын дүбірлеткелі талай күн. Бұл хабар алғашқыда қауесет боп тараған-ды. Кейін рас жайы анықталды. Әкесінен қалған мұраны сатпақ боп жас офицер Петроградтан әдейі арнап кепті.

Көп ұзамай Тентек Шодырдың промсолынан дәмесі бар қалталы кісілер ойдан-қырдан ағыла бастады. Көбі орыс көпестері. Соның бірі — Ақсақ Жагор. Қалтасы жұқарып қалса да, Федоров өлгесін еңсесін көтеріп есін жия бастаған.

Олардың соңын ала Шалқардан Темірке келді. Бұ да осы өлкенің белгілі байы. Ұлықұм бойында қыруар малы бар. Шалқар қаласындағы ең үлкен дүкен осынікі. Екі-үш ояздың жүн-жұрқасы мен тері-терсегі де бір өзінің қолынан өтеді. Көптен бергі бір арманы — теңіз боп жүрген-ді.

Сол тілегіне қарай Федоров қаза тауып, Темірке көп

кісімен теңіз жағасына кеп Құдайменденің ауылын басып жатыр.

Татар байына Тәңірберген бала күнінен үйірсек болатын. Бұл жолы бірақ Тәңірберген қадірлі қонағының қасында бола алмады. Теміркеден осы жаққа урядниктің келе жатқанын есіткелі жас мырза пешірді шақырып ап, үстеріне ешкімді кіргізбей ұзақ шүйіркелесті. Көлденең кісіден тек Ебейсін ғана кіріп-шығып жүр. Онда да, Ебейсінді көрші ауылдарға жұмсап, керек кісілерін шақыртып ап, қысқа-қысқа тілдесіп қайтадан аттандырып жіберіп жатты.

Осының бәрін сырттай байқап жүрген Темірке бір күні қасындағы жігіттеріне Тәңірбергеннің үйі жақты кегімен нұсқап:

— Нағыз болыс шушының өзі ме деп жүрмін,— деді.

Күн бата урядник кеп, болыстың үйіне түсті. Құдайменде бұл ауылдағы орысша білетін жалғыз тіламаш — пешірге дереу кісі жүгіртті. Пешір келгенше Құдайменде ұлық алдында «тақсыр-тақсыр» дегеннен басқа түк айта алмай, сақау кісіше ымдасып қана отырған. Екі жағы да қайтерін білмей, сөйлесе алмағандарына қиналып бітті. Әрі-беріден кейін урядник ашулана бастады. Онан сайын болыс қара терге түсті. Соның үстіне Тәңірберген келді. Ол ұлықпен жақсы таныс екен. Нағыз таныстық өткен жазда басталыпты. Тәңірберген қалаға көп мал айдатып апарып, Ебейсінге сатқызып тұрған үстіне осы урядник кеп амандасыпты. Қазақ байларына араласып, жырындықор боп қалған урядник сол арада Тәңірбергенді қолынан жетелеп әкеп, қаланың қақ ортасынан салғызып жатқан шатырлы үйін көрсетіп тұрып: «мирза байгази бир»,— деп өзі білетін екі ауыз қазақшасын кәдеге асырып кетіпті. Мұндай жерде мал аямайтын Тәңірберген екі ірі қараның пұлын урядниктің қолына қыса салған еді. Тәңірберген келді де, тым-тырыс үй ішіне тіл бітіп жүре берді. Тәңірберген де орыс тілін білмейтін. Болыс ағасындай, ол бірақ білмейтінін өз басының мініндей көріп қысылып жатқан жоқ. Салған жерден еркінсіп, күліп кеп, ұлықтың қос қолын алып қазақшылап амандасты. Онан кейін де орыс қонақтың дәл қасына тақымдаса отырып ап, қазақша сөйлей жөнелді:

— Тақсыр, хош келдің!

— Раки-мет!..

— Ат-көлігің аман ба?

— Ра-ки-мет!..

— Жол ұзақ, қыс іші, қалай, шаршаған жоқсың ба?

— Ра-ки-мет!..

Құдайменде інісіне бір, ұлыққа бір қарады. Ұлық алдына барған сайын өзі әрқашан ойындағы сөзін айта алмай (ал тілмаш арқылы сөйлескенде де бір түрлі айызы қанбай, шала құмар боп), булығып шығатын-ды. Ол енді інісіне қарап аң-таң. Орысша білмегені інісінің ойына да кіріп шыққан жоқ. Қазақша білмегеніне қайта ұлықтың өзі қысылып, кипақ қаға бастағандай.

— Мына ұлықпен сен осы ауылдағы көп қазақтың біріндей шұрқырастың ғой. Мұнымен қашаннан бері таныс едің? — деді Құдайменде қаға берісте.

Тәңірберген тура жауаптан тайқып, қашырта күлді:

— Ағаң болыс болса жер бетінде іңіні білмейтін ұлық бар дейсің бе?

Құдайменде кеңкілдеп күлді. Тәңірберген болыс ағасының осы бір пейілді кезін пайдаланып қалғысы кеп, сұлу мұрты жылтырап қосыла күлді.

— Кәленнің ісін дереу қарату керек,— деді ол күлкі соңында.

Құдайменде үндемеді; бірақ ертеңіне шай үстінде ұлық ел ішінің жайын сұрағанда, Құдайменде осы әңгімені ұлыққа өзі бастап айтты:

— Ұры-қары көбейіп кетті.

— Мал ұрлай ма?

— Ие, тақсыр, мал ұрлай-туқ. Маза бермей-туқ.

— Кісі өлтіріп жатқандар да бар,— деді Тәңірберген.

Урядник аузына апара берген асын кейін тартып ап, болысқа көк көзі шатынай қарады:

— Бізге неге хабарламадың?

— Тақсыр, үлгіре алмай, жатырмыз.

— Безобразие! Ну, олар кімдер?

— Еламан деген бір ұры таяу арада ғана орыс байын өлтірді. Оны айдатып жібердік. Енді Кәлен деген ұры бар. Қауіпті. Кісі өлтіруден тайынбай-туқ.

— О, конечно... Ондай кісіні ұстау керек.

Тәңірберген ұлыққа таман ысырыла түсті:

— Тақсыр, Кәленнің мал-мүлкін үптеп, Сібірге айдату керек.

— Фактісі толық болса, конечно. Сібірге айдатамыз.

— Актысы бар. Кәленнің қолындағы малдың бәрі әр ауылдан ұрлаған. Қазір иесі шығып жатыр.

Құдайменде інісінің сөзін жақтырмады. Урядниктің көзін ала бере ол інісіне таман қисайып, күңк етті.

— Шамадан аспа, шырағым, соңыра тексере қалғанда өтірігің шығып, ұлық алдында ұятты боп қалмайық.

— Бір ауыз өтірігі жоқ, бәрі шын.

— Иелері шығып жатқаны да шын ба?

— Шын болғанда қандай. Арыздары бар.

— Оны мен неге білмеймін?

— Сенің пұршаң боп жатыр ма. Жарғақ құлағың жастыққа тимей, ел қамымен жүрген жоқсың ба. Ал арыз деген пешіріңе кеп түсіп жатыр.

Құдайменде ойланыңқырап қалды. Інісі қанша сендірсе де, болыстың көңлінде әлі де болса күдік бар:

— Ол кісілерің... Кәленнің қолындағы малдарының түрі-түсін біле ме екен?

— Білгенде қандай. Пагорнойына дейін бар.

— Нанайын ба, жоқ па?! Деп-демде біреудің қорасындағы малдың түрі-түсін, таңбасын қайдан біле қойдыңдар?

— Болыс ағам бала секілді. Ол ұрының қорасындағы бар малы — бір кезде өзіміздің қолымыздан шыққаны қайда!..

Құдайменде жас жігіттің қара мұрты қиылған сұлу жүзіне таңдана қарады. Шынында да, енді ойлап қараса інісінің айтқаны рас: баяғы көңіл түзу кезде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды. Кәлен зәті ат аяғы жететін жерге жалғыз жорытатын ер көңілді кісі. Ол олжа малдың басы-көзіне қарамай, бұйдасынан тізіп әкеп, Құдайменде мен Тәңірбергеннің желісіне байлай салатын. Құдайменде мен Тәңірберген оған бойыңа сіңімді болсын деген сылтаумен өз малдарының ішінен тайлы бие, тайлақты түйе беретін. Олар да өзінің төл малы емес, әр ауылдан әлдеқалай келіп қалған түбі шикі малдар болатын-ды.

Құдайменде енді ойлап қараса: шынында да, Кәленнің қолындағы бар малы — бұл ауылға түрі, түсі танымал. Үрлап алған мал деп ұлыққа көрсетуге сыймды-ақ! Жаулық ниетке шындап мінген Тәңірберген пешірге алдын ала Кәленнің қолындағы бар малын пагорнойлатып, қаттап қағазға түсіріп апты. Сонан кейін осы малдардың бәрін қабырға болысына қарасты елдерден ұрлаған етіп, әр ауылдан несін шығарып арыз түсіріп тастаған екен. Құдайменде інісіне қарап отырып, басын шайқады: «Апыр-ау, осының бәрі... ойына қайдан келе береді!»

XX

Кәлен сәскеде болыс аулына келді. Қасында Мөңке мен Дос. Жаяу. Құр қол. Тек Кәлен жуан дойырын ала шыққан. Баяғы ат жалын тартып мінген кезде өзегіне қорғасын құйдырып, бұзау тіс қып, мығымдап өргізген дойыр. Жарымын жеңінің ішіне тығып, бүктеп ұстаған. Ауылдан шыққалы үнсіз. Бір пәлені іші сезіп томсарып алған. Оқта-текте Мөңке ғана:

— Ай, Қаратаз... сол кәпір таз қыстырылды-ау, бұл араға,— деп көңілдегі күдікті айтып қояды.

Кәленнің ойында Еламан. Еламаннан хабар болмай кетті. Әне бір кезде артынан іздеп бармақ боп, әзірленіп отырғанда, жағаға суық хабар тарады: Судыр Ахмет секілділер: Шодырдың баласы әкесінің құнын қуып келіпті, деп көйтті. Кәлен, қауіпті кезде Еламанның қатын-баласын тастап кете алмай, қарайлап жүген-ді. Урядник келгесін Құдайменде дереу балықшылар аулына жаушы шаптырды. Кәлен қасына адам алғысы келмеп еді, бірақ оған балықшылар көнбей, сойыл соғарлығы мол, екі-үш жігітті ертіп жіберді.

Тәңірберген бұларға айдалада кездесті. Кәлен мен Мөңке байқамаған боп өтіп кеткісі келсе де, Тәңірберген оларды алыстан көріп әдейі бұрылып кеп сәлем берді. Әсіресе, атынан түсіп, үлкен алдында ызылып тұрған әдепті жасты көргенде, қарт балықшы араларындағы жаулықты да ұмытып кетті:

— Ауыл-елің аман ба, шырағым.

— Шүкір, жол болсын, ағалар?

— Сенің аулыңа бара жатырмыз.

— Е, дегендей. Шақырып келтіре алмайтын қадірлі кісі екенсіздер. Ауылда болыс ағам да жоқ еді, мен бармасам болмас. Ал, ағалар, жүріңіздер.

— Рахмет, шырағым. Біз ұлық шақырып жатыр дегесін келе жатырмыз.

— Е, оның сіздерде не шаруасы бар екен?

— Білмедік, шырағым. Құдай алдында кінәміз болса да, ұлыққа жазығымыз жоқ еді.

— Жә, кеттік! — деді Кәлен мыналардың сөз ілезін жақтырмай.

Тәңірберген атының қанжығасынан алтайы қызыл түлкіні алып, қарт балықшының алдына тастай салды:

— Теңіз секілді ұлық та тілсіз жау ғой. Бір талапқа

бет алып бара жатыр екенсіздер. Жолдарыңның оң болуына, жақсы тілекпен тартам.

— Рахмет! Өз теңіңнің алды бол! — деді Мөңке. Былай ұзап шыққасын ол жанындағы екі жолдасына қарап,— не десе де, осы жігіт әдепті. Ағасындай емес, жүзінде иман бар,— деді.

Кәлен үндемеді.

Ел қазағы ұлық үстіне ұлықсат сұрап кіретін. Сонан кейін де ұлық алдында бас кнімін алып, белін бүгіп, ніліп тұрып сөйлесетін әдет болатын-ды. Басын кәтерге тіккен Кәлен ол кәдені белінен басып, екі жолдасын бастап, ұлық үстіне баса-көктеп кіріп барды.

Урядник ірі сары орыс екен. Жалаң бас. Сары шашы үрпе-түрпе. Қоңырға да, сарыға да жатпайтын күл түстілеу мұртынан темекі нсі шығады. Ұзын мұрттың қос шалғайлығы қазақ күпісінің екі жеңі тәрізденіп, төмен қарай салбырап кетіпті. Қалың кнімді үш кісі ұлықсат сұрамай, қарлы аяғы сықырлап, сырттағы аязды ішке ала кіргенде, урядник екі қолын артына ұстап, кең үйдің төсек жайған төрінде, арлы-берлі ьезіп жүр екен. Мына кісілерге шұғыл бұрылды. Ақырып айдап шыққысы келген-ді. Бірақ ол төбесімен үй тірегендей, қара бұжыр, ірі кісінің үстіне кіріп келе жатқанын көріп, бойын жиып алды. Жайшылықта өзінің дала қазағына істейтін тоң айбатын шақырып, салақтап санына соғып жүрген сары ала қылыштың тұтқасын сол қолымен ұстады. Ол тіктеліп қараса, әдетте, қандай ер қазақ та шыдамай, көзін тайдырып әкетуші еді. Ал мынау ығатын емес. Сеңсең тымақ астынан кірпік қақпай қадалған кішкентай жылан көзі тесіп барады.

Урядник көзін тайдырып әкетті. Арт жағында тұрған тапалтақ жігітке бұрылып: «Бұ кім?»— деп сұрады. Тапалтақ жігіт болыс пешірі. Оқудан келгелі қарны шығып, бас-аяғы домаланған жұп-жуан. Таңқы танау, екі беті быттиып бедіреңдеп тұратын қызыл қоңыр жігіт урядниктің Кәленнен ығысып қалғанын сезді. Урядник сескенген кісіден өзінің айылын да жимайтынын көрсеткісі кеп, ол урядник пен Кәленнің екі арасына тұра қалды. Өзінен қол созым бнік кісіге бұл сұқ қолын шошайтып, ызғармен безеп тұрып:

— Кәлен деген ұры осы! — деп еді.

— Калин? — деп урядник қайырып сұрады.— Вот что, царь Калин? — деп Кәленге тікелей тіл қата түсті де, кенет тоқтай қалды. Оның орысша түсінбейтіні есіне түсіп,

тағы да пешірге бұрылып,— ел ішінен ұрлаған малдарын мойнына ала ма екен. Соны сұра! — деді.

— Есіттің ғой! Ұлыққа шыныңды айт!

— Әй, жарықтығым, әркімнің атар таңы, батар күні бар ғой...

— Ақсақал, күн-түнді қайтесің. Онан да ұрлаған малдарыңды мойныңа ал.

— Інім, ұрлығың не? Мен бүгінде ол кәсіпті қойған кісімін. Мына жігіттер-ақ айтсын,— деп Кәлен Мөңке мен Досты куәлікке тарта сөйледі.— Осы күні маңдай терімімен тапқан адал нәсібімді қалжалап жүрмін. Мені қажай бермесін, соны айт! Өз сөзімдей ғып бұлжытпай жеткіз, мына аузы түкті кәпіріңе...

— Тіліңді тарт! Сенің кәйтіп тірлік ететініңді біле-міз.

— Е, дегендей, көргенің болса айта ғой.

— Айтам. Ұлық пен төре алдында ақетек ишан бола қалуын. Сені түнде, ел жатқаннан былай қарай көрер ме еді... қоралы елдің ортасына кіріп қотаннан қой алып қашатын өгіз мойын көкжалдың нағыз өзі болар едің ғой.

Кәленнің айғыр жалындай мұртының әр талына дейін ызғармен тікірейіп барады. Ол пешірге төне түсті. Енді бір қимылмен пешір баланы желкесінен бүріп алатындай. Жұрт сондай сойқанды күтіп, тынып қалғанда, әлгі Кәлен аяқ астынан жадырады. Мөңке мен Досқа бұрылып:

— Е, паруардігар!.. Мына таңқы мұрын, торы шолақ бала ғой, Құдайменденің алдында құрдай жорғалайды, ал бізге келгенде бұның өзі құдай бола кеткенін қарашы...

— Е, алла де! Әркімнің бір әлі жетері бар деген осы екен ғой,— деді Мөңке.

Жасағанберген кірді. Оны біреу көріп, біреу көрген жоқ; Жасағанберген Кәленнің пешірді таңбалап атағанына мәз боп, шегі түйілгенше күлді. Пешір қып-қызыл. Уряднык түкке түсінбей, аң-таң. «Ах, черти азнаты. Не болды? Не деді?»— деп, пешір мен Жасағанбергенге кезек қарады. Пешір есін жиды.

— Тақсыр, бұл баукеспе ұры. Кісі өлтірген. Осы қазір сізге де тілін тигізді.

Урядниктің көк көзі ежірейіп кетті:

— Ах, мерзавец? Сібірде шірітейін сені.

Мөңке мен Дос бір-біріне таңдана қарады:

— Бұл орысқа тіл тигіздік пе? Атаң жақсы, анаң жақсы дегеннен басқа, бір ауыз сөз айтқан жоқпыз ғой.

Бұл кезде пешір Кәленді өлтіре жамандап, көре көзге

қол-аяғын матап беруге қараған-ды. Жасағанбергеннің ақшыл жүзінде ашу білінді.

— Сені де халқың оқыған, көзі ашық азаматым дейді-ау! Орыс тілін сен өз әлсізіңді талау үшін ғана үйренген екенсің ғой,— деді Жасағанберген. Сонан соң, ол мұнда болған жағдайды урядникке жеткізді. Кәленнің пешірге қойған атына дейін айтқан-ды. Урядник көзінен жас ақ-қанша күлді.

— Ай, түсің жаман екен. Сірә, ел арасында мал ұрлап, кісі өлтіргенің рас шығар,— деді ол, әлі де болса Кәленнің кескініне сенімсіздене қарап.

Жасағанберген оның сөзін қазақшаға аударғанда, Кәлен күліп:

— Тақсыр-ау, тергеуде отырған кісіде түс қайдан болсын. Қайта кеудемнен жаным шықпай, тірі тұрғанымды айт,— деп жауап берді.

Урядник Кәленнен тезірек құтылғысы келді білем:

— Айда, кет! — деп қолын сілікті.

— Жасанжан, өмірлі бол! Өркенің өссін! — деп Кәлен жас жігітке шын көңілімен алғыс айтты.

Жасағанберген екі көзін Кәленнен айырған жоқ; «желіден мал алуды ғана білетін ұры ма десем, бұл өзі ақылды да қазақ екен»,— деп ойлап, жүкке жауырынын сүйеп тұрып қалды.

Құдайменде қолына тиген болыстықты қастасқан кісіден кек алатын күштей көрді. Қолына болыстық тигелі ертеректе есесі кетіп жүрген кісілерден кек ала бастады. Ел ішіндегі талай жақсының басына оның құрығы мен сырығы кезек тиіп келе жатыр. Құрығы әуелі Еламанға түсті. Енді бүгінгі күні ол құрығын Кәленге сілтеп еді. Бұл араға кіші інісі араласып, бітіп тұрған істің бетін қайырып тастапты. Осы хабар жеткен бойда Құдайменде Түбектегі бар шаруасын тастай салып аулына шапты. Келе сала ол Тәңірберген мен пешір баланы шақырып алды:

— Не болды, айтыңдар?

Тәңірберген ызадан жарыла жаздап отыр еді.

— Ойбай-ау, өз күшігіңнің өзіңді қапқаны жаман екен...

— Ол кім?.. Жасанжан ба?

— Ие, сол. Оқу бітіріп кеп азамат болады екен, әліміз келмей жүрген жауымызды мұқатып береді екен десек, бұл күшіктің айналып кеп өзімізді қапқанын қалай кешірейін.

Құдайменде алдымен Тәңірбергенге де ызалы. Өзінің тілін алмай, Орынборға апарып, орыс оқуына беріп жүрген осы.

— Сен кеткелі тағы бір жаңалық — Алдаберген ағаңның екі қара аты жоқ...— деді Тәңірберген.

— Қасқыр қуып кеткен шығар?

— Адамның қасқыры болмаса кәйтсін...

— Не дейсің?.. Сонда, ол кім?

— Болыс ағам қызық. Жоғының ізіне мені сала береді,— деп Тәңірберген төмен қарап, мұртынан күліп отырды да,— мал жоғалса — ұрыдан іздемеуші ме еді, осы,— деді.

— Ой, сонда да... ұрың кім?

Тәңірберген еңсесін тіктеді. Құдайменді болыс екен деп айбынып жатқан жоқ. Оған қайта өктемдік сездіріп, сыздана қарап отырып, көңіліндегі күдігін айтты: софы ағасының екі қара атын алған жау алыста емес, қыс айында алыстан ұры келмейді.

Құдайменде дереу ру басыларын шақырып алды. Болыс үйінде жақсылардың бастары жиі қауышатын боп жүрген-ді. Олар бұл жолы да өздерін бір қауырт шаруамен шақырғанын білді. Тәңірберген мен пешірден басқа бұл жиында урядник болды. Жасағанберген де қатысып отырды.

Шақырған кісілер жөтелісіп төрге жайғасып отырғасын, Құдайменде урядникке көзінің қиығын тастап қойды да сөз бастады:

— Уә, ағайын! Кәлен желіңе шабатын ежелгі көкжалың. Қашанғы тиюсыз жібересің. Софы ағамның екі қара атын тағы әкетті.

Жасағанберген Кәленге ара түсті. Урядник жаңа ғана ныгыздап асқа тойып алған-ды. Осы қазір, ол екі иінінен дем алып, тісін шұқып отыр. Ал ру басылар «Сібірге айдату керек» деп даурығып, үйді басына көтеріп жатты. Урядник әдепкі кезде үй ішіндегі әңгімеге құлақ қойып, не деп жатыр деп пешірден сұрап отырды. Бірақ ол тез жалықты. Онан ұйқысы кеп, ызаланып, қолын сілтеп тұрып кетті.

— Черт вас разберет. Сенің інің... оқыған азамат соның жағында. Әуелі іниңмен сөйлесіп, келісіп алыңдар. Ал, ана ұрыны... аты қалай еді?..

— Кәлен!

— Иә, Калин. Оны ұстау бізге қиын емес,— деді де, урядник шығып кетті. Оның соңын ала қалғандары да та-

рады. Құдайменде мен Жасағанберген оңаша қалды. Жасағанберген ағасына ар, ұят, намыс жөнінде біраз маслихат айтты.

Құдайменде қыбыр еткен жоқ. Інісіне көңіліндегі барды айтқызып алғасын ғана қолына тымағын ұстай түрегелді. Інісіне назар салмай, есікке беттеп бара жатты. Жасағанберген ағасының үндемей кеткеніне ренжіп қап еді. Құдаймендe есіктен шығар жерде кейін қарай оқыс бұрылды. Онда да бөксесін сыртқа салып, есіктен басын ғана сұғып тұрып:

— Сен ар дедің... адамгершілік дедің. Орыстың кітабындағы сөзді сен бұл араға салма. Бұл араның ары да, адамгершілігі де онан бөлек. Сен әлі шіп-шікі баласың. Түктің мәнісін білмей-туң,— деді де, інісі тіл қатам дегенше, есікті тарс еткізіп жауып, шығып кетті.

XXI

Ебейсін сүріне-қабына кірді. Есік алдында тұрған біреуді қағып кетті.

— Мырза... бір қарайған көрінді. Келе жатыр!

— Сол болар...

— Басқа кім дейсің, әрине, сол ғой!

— Иә, алла, қолдай көр. Ал!.. Ал, жүріңдер!

Шіреніп, сыздап отырған ығай мен сығайлар, кенет есікке ұмтылады. Қарбалас үстінде бірінің алдына бірі түскісі кеп, итермелеп, кимелеп жатыр. Бұлардың бірі Құдайменде болса, бірі Темірке, бірі Тәңірберген, Ақсақ Жагор, Курнос Иван... Ақсақ Жагор бір аяғын сылтып басатын, ісік кеуде, ірі қара орыс. Байлығы жүрмеген кезде, күшке, омырауға салып кететін озбыр. «Келе жатыр»,— деген хабар тигенде, Ақсақ Жагор жанындағы кісілерден бұрын тұрды. Бұрынырақ есікке жетті. Салған жерден алға түсіп, күміс шалулы қара таяғын шалт сермеп, бұрынғыдан да көрі қаттырақ ақсаңдай басып бара жатты.

Тәңірберген Теміркені шынтағымен түртіп қалды:

— Көрдің бе? Құдай бір аягынан айырып қойғанның өзінде алдыңды орап кеткенін. Бұл көк соққанның аяғы сау болса қайтер еді, ә?

— И-й, айтпа, айтпа. Ұл шоқыншық арам вит... арам вит.

— Иә, арамдыққа аяқтың керегі жоқ та шығар-ау!

Промсол алды ынтірескен халық. Ығы-жығы, абыр-жабыр. Әлдекімге дауыстап, әлдеқайда жанталасып жүгіріп жүрген кісілер.

Қонақ түсетін үйді күні бұрын әзірлеп қойған болатын. Енді қазір есік алдының қарын күреп, топырақ сеуіп жатты.

— Күлшелі бала сүюге жақсы деген-ау!..— деді Темірке.

— Апырай де! Тап бір гүбірнаторды күткендей болдық қой,— деп қостады Тәңірберген.

Осыдан кейін ешкім үндемеді. Құлдилап келе жатқан көз ұшындағы қарайғанға жұрт қолын көлегейлеп, мойнын созып шыдамсыздана қарап тұр. Ақ қар күн сәулесі астында жалтырап, жылт-жылт етіп кісі көзін қарып барады. Бұлар көп күткен жоқ. Соңында бес-алты нөкері бар, жеңіл шанаға мінген жас мырза аттарын ақ қырау қып ағызып кеп, өзін күтіп тұрған жиын алдына тоқтады. Сол бойда жылпос жігіт секіріп түсіп, шана жанында қол қусырып күтіп тұра қалды. Жас Федоров қасқыр ішікті ығынан сыпырып тастады. Бір жаңа көз салмай, сыздап суық томсарып алды да, алтын погоны жарқырап, шанадан ақырын түсті.

Құдаймендс, Темірке, Ақсақ Жагор бас боп күтіп тұрған кісілер жас Федоров алдында жел соққан қамыстай жапырылып, ніліп-бүгіліп жатыр. Тілі жеткені орысша, тілі жетпегені қазақша, татарша амандасып:

— Аман, тақсыр!

— Здрасти!..

— Ассалаумалейкум!

— Добро пожаловать, ваше высокородие! — деп шулап жатты.

Офицер басын ғана изеді. Қыс айындағы сарылған ұзақ жолдан шаршап, ат айдаушыны асықтырып болғанды. Мыналарға енді оның жыны келді. Бет-бетіне жапырлап, шулап жатқан кісілерге тыжырына қарап: «Нәлет атқыр азиаттар»,— деп ішінен, Азия халқын ол жөндеп білмейтін. Оның ойынша Азия халқы шетінен алаяқ, айлакер. Бойыңды тартып ұстамасаң, бауырыңа қалай кіріп кеткенін білмей қаласың деп ойлайтын. Осы казірде шұбар ала топтың уылжып күлімсіреген, ніліп-бүгілген түріне сенімсіздене қарады. «Азиялықтардың айласы»,— деп ойлап, бір жаңа пейіл бермей, бойын аулақ сала берді.

Тәңірберген Тентек Шодырды жақсы білетін-ді. Ол бір дегеннен мына жас офицердің әкесіне қатты ұқсайты-

нын байқады. Бұ да әкесі сияқты ірі, кесек. Бұның да ат жақты беті сұп-сұр боп, сырын бүгіп суық томсарып тұр. Кішілеу көк көзі кісіге қарағанда, әсіресе әкесінің көзіне ұқсап, себепсіз тұнжырай қалады екен.

— Кәпірдің әкесінен аумай қалғанын қарашы,— деді Тәңірберген.

— Апырай де!.. Иттің сідігі қандай асыл еді! — деп қоштады Құдайменде,— жүр, жақынырақ барайық!

Тәңірберген қозғалмады. Басқалардай, ол көзге түсуге тырысқан жоқ. Иіліп-бүгілген де жоқ, қайта мына көп шуылдақ бұның өзіне де ерсі көрінгендей мысқылды күлкі бетіне шауып, мұртынан күліп, бір шетте оқшау тұрған-ды. Жас Федоров шуылдаған шұбар ала жиынға жай ғана, немқұрайды ғана көз салып келе жатып, кенет Тәңірбергенге көзі түсті. Қайта қарады.

Жалбақтаған қазақ байлары мен татар, орыс көпестерінің ішінде сұлу бойы иілмей, оқшау тұрған тәкаппар, пақ жігітке таңдана қарады. «Прямо как степной принц!» — деді ішінен.

Федоров кенет шұғыл бұрылып, жас мырзаға жақындап келді:

— Как зовут?

Тәңірберген түсінбеді. Темірке жетіп кеп:

— Есімің нешік деп сұрайды,— деп сыбырлады.

— Тәңірберген.

— Қалай? Тан... Танир-р...

— Ваше высокородие... бұл аса бай жігіт. Тәңірберген деген мырза,— деді Темірке сыбырлап.

— Танир...— дей түсті де, жас Федоров тілі келмесін біліп, қабағын шытып тоқтап қалды.

Өзіне даярлап қойған үйге барды. Жуынды. Киімін алмастырып киді. Қасына еріп келген қосшысы — жылпос жігіт кірді.

— Ваше высокородие, қалай ұнады ма?

— А-а?..

— Амал қайсы, Азияның аты Азия. Әсіресе, алғашқы кезде қиын. Кейін, бірақ, үйреніп кетесің. Сізді бүгін күтіп алған кісілер... кезінде бәрі де сіздің әкеңізбен істес болған кісілер. Ептеп тілдескеніңде болатын еді...

— Ну их к черту!

Федоров ас-су ішіп әлденіп алды. Жатты. Тынықты. *Сонан соң сыртқа шықты. Жылпос жігіт ере шықты.*

— Марқұм әкеңізден қалған... промсол осы,— деді ол теңіз жағалауындағы екі-үш үй мен лабазды көрсетіп.

Федоров төбеге ұрғандай тоқтай қалды:

— Осы ғана ма? Қой, шырағым...

— Не дегеніңіз, мырза! Промсолдың кемі жоқ.

Федоров Курнос Иванды ертіп ап промсолды аралап шықты. Курнос Иван қазір бір түрлі. Жас Федоровқа тіл қатқысы келсе де, демі жетпей, тұттығып, қақалып-шашалып қала берді. Аралға келгелі ішпей-жемей жинаған ақшасы бар-ды. Федоровтан кейін ол ешкімнің қосын жеккісі келмеді. Бес жүз құлаш қара торды сатып алып, ендігі жерге өз бетімен талап қылуды арман етті.

— Қадірлі мырза... Ғұмыр бойы ұмытпайын. Маған әкеңнен қалған.

— Не-е?..

— Әкеңнен қалған ескі қара торды сатшы.

— Жә, повереннге бар!

Иван жүгіре жөнелді. Жас Федоров Волга бойынан бай көпестердің талай балық заводын көргені бар. Әкесінен қалған мұра солардай үлкен өндіріс болмаса да осы жолы өзін біраз байлық тосып тұрған шығар деп ойлаған-ды. Ол енді әкесінен қалған дүниенің сонша жерден ат сабылтып келген еңбегіне тұрмайтынын көрді. Абырой болғанда әскери қатал тәрбиенің тезінен өткен жігіт қасындағы кісілерге көңіл күйін байқатпады. Және әйелін жолшыбай қайын атасының үйіне тастап кеткеніне қуанды. Әйтпеген күнде бай көпестің қызы мазақтап күн көрсетпей қояр еді.

Жас Федоров онсыз да өз тағдырына ырза емес. Әкесі қарапайым ғана кісі болды. Еті тірі, қайратының арқасында ғана кісі қатарына қосылды. Онда да көп дәулетке қолы жетпепті. Жастайынан үлкен қалаларда оқуда, онан әскери қызметте жүріп, ата-ана тірлігінен шеттеп, бауыры суып кеткенін байқамады. Қайда жүрсе де ол ішер ас, киер кімнен тарықпады. Астана жастарының арасында ол нақ бір бай-патшалардың баласындай ақшаның беті-жүзіне қарамай, ағыл-тегіл шашты. Жас Федоров өзі судай шашып жүрген ақшаның, ана жақта әкесіне қандай қиындықпен түсіп жатқанын білмейтін. Тіпті білгісі де келген жоқ-ты. Енді байқаса, әкесі ат аяғы жетпейтін алыста, қу дала-құба мекенде, жабайы халық арасында айлап-жылдап күн кешіпті. Соның аяғы, міне... қатын-баласынан аулақта, кісі қолынан қаза тапты. Сорлы әкесін өлгесін де күл шыққан адамдай, алыстағы бір төбеге апарып жалғыз өзін жерлепті. Жерлеген кезде өлік басында жан ашыр кісі де болмай, тізеден қазған шұқырға жұмарлап тыға салған

болар. Ең аяғы қабыр басына шанышқан тақтай крести де, түйе сүйкеніп құлатып тастапты.

Жас Федоров әкесін аяды. Әкесінен қалған байлыққа тіпті көңілі толмады. Жас Федоровқа Шура ғана ұнады. Курнос Иванның қолына түскелі үсті-басы кірлеп, көзінің алдын мұңды көлеңке кіреукелеп, жүдеп, жабырқап қапты. Соның өзінде мына келіншектің заманында ажарлы болғанын жас жігіт сезді. Ол әкесі мал табудан басқа тұк білмейтін кісідей көретін. Енді байқаса әкесі әйел нәсілінен салымсыз болмаған сияқты.

Жас Федоров езу тартып күле түсті де, тез тыйыла қалды. Жылпос жігітті қасына шақырып алды:

— Балықшы киргиздар қайда тұрады?

— Ана жақта... Жар басында.

— Көп пе?

— Жетеді... жүзден астам үй. Ваше благородие, барып көргіңіз келе ме?

«Қайтып кетсем бе екен?»— деді Федоров ішінен. Көңілі құлазып тұр. Келгеніне өкінді. Бәрінен бұрын полктағы жігіттерге әкемнен көп байлық қалды деп айтқанына өкінді. «Ақымақ екенмін ғой. Түһ. Түһ». Осы жолға аттанарда өзін Петроградтағы жолдастарының қалай шығарып салғаны есіне түсті. Араққа қызып алған жел өкпе жастар сол күні бұнан көз айырмай қызыға қарады. Күзетте бірге тұрып, қызға бірге барып, ойын-сауық кешіп жүрген жолдастары сол күні бұны өз атымен атамай, бірде Ротшильд, бірде Рябушинский, Рокфеллер деп атап, әкесінен қалған байлыққа әлден қалтасын қалыңдатып жатты. Жолға шығарда арақ қанша ішілді. Әсіресе, жас Федоров қызара бөртіп, көңілденіп, әншінінде тұнжырап тұратын көк көзінде күлкі ұшқындады. Күн аяз еді. Перрон абыр-сабыр. Жолаушылар мен жүк көтерген кісілер вагонға жүгірді. Аяқ астында сары табан қар сықырлайды. Паровоз пысылдап жүруге әзір тұр. Онан әрі қарауытқан рельс таспадай созылып жатты. Ал оның арғы жағында сарылған ұзақ жол, қарлы дала, жып-жылы купе. Онан соң қарт Азия, киіз үй, меңіреу дала, қар, әлдеқандай Арал теңізі, қырғыз-қайсақтар елі... Сонан соң әкесінен қалған мұра, түпсіз байлық, байлық...

Араққа қызып алған полк офицерлері бір кезде бұны құшақтай бастады. Жиіркеніп ары итерген сайын сілекей еріндерімен бұның бетінен аймалап сүйіп, бірінің құшағынан бірі жұлып әкетіп кезек-кезек оңашаға шығарып ап, осы сапарынан қайтып келгесін қарызға ақша берерсің деп өтін-

ді. Жас Федоровтың қолы ашық болатын. Ақша сұраған жолдастарының бәріне де ол соңыра қарыз беретін боп уәде етіп еді.

Әкесінен қалған мұраның сықын көргенде, жас Федоров өзінен-өзі тыжырынып, өңі суып сала берді. Ана жақта арақ-қа қызған жолдастары қалыңдатып жіберген қалтасын жолжөнекей біреу теріс айналдырып қағып әкеткендей болды.

Жас Федоров ертеңіне төсектен тұра сала жылпос жігітті шақырып алды:

— Мен қазір қайтам.

— Мырза, бұныңыз қалай...

— Мұнда не істемекпін?

— Пәлі! Ертең торг... Басы-қасында болғаныңыз дұрыс қой.

— Басы-қасында өзің боларсың,— деді Федоров күлімсіреп.

Түс кезінде үй алдында аттар пысқырып, қоңырау сылдырады. Жас Федоров қасқыр ішікке оранып алған. Шығарып салған кісілерге басын изеді де, жүріп кетті.

XXII

Көлқора табанына бір топ атты сау ете қалды. Жүрістері суық. Беттерінің түгін қырау шалған. Ат тұяғының дүбірі Көлқора табанында отырған ауылдың иттерін әбігерге салды. Иттер бір пәлені сезгендей бар жанын салып, шабалаңдап үрді. Қайсы бірі бойкүйез. Мал қораның қуысынан шықпай, жылы шабына тұмсығын тығып, бұйығып жатып мыңқылдап үрді.

Аттылы кісілер оқшаулау отырған жалғыз үй — Кәленнің үйіне туралап келді. Кәлен үйде еді. Шалқар түрмесінде жатқан Еламанға дидарласып қайтпақ боп, ұзақ жолға мінетін торы атын таң асырып, кір-қоңын жудырып отырған.

Кәлен от басына тыныш. Қатын-балаға кең. Үйге отырғанда үстіне келі түйсең де қыңқ етпейтін кісі. Осы кеңдігінен оны қатын-баласы жақсы көреді. Ол бір жақтан келген күні қазан асылып, от жағылып, үй іші қуанышқа толып, мәзмейрам боп қалатын. Бұл үй бүгін тіпті шат. Кәлен жуынған, сақал-шашын алғызған, кірсіз ақ көйлек үстінде. Төр алдында көлбеп, жастыққа шынтақтап жатыр. Балалары сағынып қапты. Әсіресе, кішісі — Кәленнің өзіне тартқан шот маңдай, шүңірек көз қара бала — екі күннен бері әкесінің мойнынан құшағын жазбады. Әкесінің ығына мінді, басы-

на секірді. Ал түнде шырт ұйқыда жатып мезгіл-мезгіл шошып оянып, әкесін іздеп төсегін сипалап қалады. Әкесін көргесін ғана көңілі жай тауып, ұйқылы көзімен күлімсіреп, Кәленнің кеудесіне бетін басып жабысып алады.

— Ой, ит-шошқа... осы жаман неме кімге ұқсап елжірек болды,— деп Кәлен күледі.

— Қайдан білейін, осы баланың сен дегенде ықыласы басқа ғой.

— Жаман ит, не біліп жақсы көреді екен?

— Сен келгелі жапырағын жайып, бір жасап қалып еді. Ертең сен кеткесін, сорлы бала, тағы да жүдеп қалатын болды. Еламанмен дидарласқасын, босқа жата бермей, тезірек қайтарсың.

Кәлен қатын-баласы жалғызсырайтынын байқады. Күйеуінің бетіне өмірі жел боп тимейтін сабырлы әйел балаларын бетке ұстап отырып, өз көңіліндегі бір назын айтып салды.

Жамал бір еркектің орнына жүретін қайратты әйел, Кәлен көбіне түзде болғандықтан бұл үйдің бар шаруасы бір өзінің мойнында. Отын, шөбін шауып, балаларын бағып, малын жайлайтын бір өзі. Жайшылық өмірде әйеліне арқа сүйеп, сеніп қалған Кәлен сыбай-салтаң адамдай, артына қайрыла қоймайтын. Кейде, тіпті шырқап алысқа кетіп, ат арқасында айлап жүріп қалатын. Сондай кезде қатын, бала жүдеп-жадап, жетімсіреп қалатын сияқты. Өзі жоқта бар қиындық басына түсіп, тар дүниенің тауқыметін тартып жүрген, бірақ соның біріне сыр бермей, шыдаммен төзіп келген әйелін Кәлен шын көңілінен аяп жатыр. Түнімен көп жайларды ойлап, көз ілмей шықты. Осы күні өткен өмірінен безініп жүр. Желіден кесіп мал алды. Онысы жетімдікі ме? Әлде жалғыздікі, әлде әлсіздікі ме? Малына мал қосқан Құдайменденен не опа тапты?

Осы ойдан Кәлен ертеңіне де айыға алмай, өмір-тірліктен жаңа бір жол іздегендей боп іштей қиналып, тебіренумен болды. Шайдан кейін жас баласын алдына алып, көңіл күйін домбыра сазынан іздеп, қос ішекті тыңқылдатып отыр еді. Бір кезде ат тұяғының дүбірін есітіп, тұсындағы терезеге созылып, сыртқа көз тастады. Үй алдына иіріліп тоқтай қалған түсі суық кісілердің түрін ұнатпады. Ішінде Құдайменде мен Ебейсін бар. Құдайменде ат үстінде тұрып, қора жаққа қамшысын сілтеп, қатулана тіл қатып еді. Төрт-бес кісі аттан түсе-түсе қалды да шабаландап үрген иттерді қамшымен жасқап, мал қораға беттеді.

— Сен отыра тұр, мен барып біліп келейін.— деді Жамал.

— Білетін ештеңесі жоқ, мен танысам мынау — жау,— деп Кәлен алдында отырған баласын жерге қойды.

Ол киінем дегенше жанжалдан қорыққан Жамал сыртқа жүгіріп шықты. Қораның аузын аңқайтып ашып тастапты. Таң асырып, байлап қойған Кәленнің тоқпақ жалды торы атын әкетіп бара жатқан біреуді көрді. Басқа кісілер де қорадан бір-бір қараны жетелеп шығып жатыр екен. Жамалдың жүрегі аузына тығылды. Жау жетегінде кетіп бара жатқан әр малына бір жабысып:

— Азаматтар-ау, бұларың қалай? Тал түсте үйімізді үптеп, малымызды талауға салғандай не жазығымыз бар еді? — деп, сөзбен жібітпек боп еді, бірақ аналар түсін бермей, түйіліп алыпты. Бұл лаңның Құдаймендеден келгенін біліп, Жамал енді жүгіріп барып, ат үстінде шіреніп отырған болыстың шылбырына оратылды.

— Азамат емессің бе, өздерің де қатын-бала асырап отырсыңдар ғой. Тоқтат мыналарыңды.

Болыс оған назар салмай, басқа жаққа қарап, қыңырайып алған суық қалпынан жібімеді.

— Не істеп жүрсіңдер? Мына қатын аяққа оратыла берді ғой,— деп ол Ебейсінге күңк етті.

Ебейсін атының басын бұрып Жамалға ұмтылды. Жамал балаларына сауып беріп отырған қараша іңгенге жүгірді.

— Кәлен, қайдасың? Шық тез!

— Е, ол не істейді бізге! — деп Ебейсін атын омыраулатып, ақырып келді де, қатынды қақ бастан тартып өтті. Жамал бетін басып отыра қалды. Екі бала шырылдап қоя берді.

— Ой, бөрінің бөлтірігі! — деп Ебейсін балаларды аттың омырауымен қағып, жалп еткізді.

Кәлен іштен дәл осы кезде шықты. Қолына қару алуға үлгірмей, бір-бір киімін асығыс киe сапты. Ол талауға түскен малын көрді. Бетін қан жуып, бүк түсіп, қалған әйелін көрді, Кәленді үйде жоқ деген оймен Ебейсіндер еркін кетіп жүр еді. Алып денелі бұжыр қара кісіні көргенде, олар жетегіндегі малды тастай-тастай сала аттарына ұмтылды. Ебейсін байқамай қалды. Кәлен оған тап берді. Бір қолын бос сақтаған күйі екінші қолымен шап беріп, жағасынан ұстай алғанда, Ебейсіннің жаны қара бақайына кетті. Қорыққаннан дыбысы шықпай қалды. Кәлен оны деректесуге келтірмей, буындырып, сығып алды да, енді бір қимылмен жұлқи тартып, ат үстінен аударып тастады.

— Ойбай, өл-дім-м!..

Құдайменде аттың басын асығыс бұрып, сырттап жөнеле

берді. Ұзаңқырап шыққасын Кәленнің жалғыз екенін көрді. Қарусыз, құр қол екенін көргенде, Құдайменде ат басын тартты. Жігіттерін өз төңірегіне дөреу топтап алды.

— Қайта! Қаптаңдар! — деді Құдайменде.

Кәлен Ебейсіннің үстінен қарғып түрды. Өзінің құр қол екені есіне түсіп, қарманып, жан-жағына көз тастады. Қамыс қораның іргесіне қаққан жиде қаданы жұлып алды да, ақырып қарсы ұмтылды.

— Ой, су жүректер! Қаптаңдар! — деді Құдайменде іркіліп қалған жігіттеріне айқайлап. Жігіттер үйлыға түсті. Құдайменде жалғыз болғанмен бетпе-бет кеп Кәленді ала алмасын білді. Көп ішінен өңкиген ұзын қара жігітке қарап, мойнына арқан таста,— деп айқайлады. Ызалы жігіттер енді екіге бөлінді. Кәленді ортаға алып, екі жағынан қусырып, сығып келе жатыр. Бұлар ортаға түскен Кәленнің қапысын бағып, арбасып тұрғанда, әлгі ымек қара ақ жал айғырды тебініп қалды. Кәленді сыртынан айналып өтті. Кәлен оны байқаса да, бетпе-бет тұрған жаудан жүз аудара алмады. Ұзын қара жақындап кеп, ер үстінен ұмтылған бойы қолындағы қыл арқанның тұзақтап алған басын Кәленнің мойнына тастап жіберді. Ат басын сол бойда шұғыл бұрып, арқан ұшын тақымына басып ап сүйрей жөнелді. Кәлен жиде қаданы лақтырып тастады. Жандәрмен арқанға жармасты. Бірақ, арқанды мойнынан шығара алмады. Қарға омбылап, бір құлап, бір тұрып сүйретіліп бара жатты. Үсті-басы бет-ауызы қар-қар. Алқынып ырс-ырс дем алып, жүгіріп барды да, жалп етіп қайта құлады. Жалаңаш мойнын буындырып сығып бара жатқан арқаннан қос қолымен ұстай алды. Табаным жерге бір тисе деп ойлады. Табаны тисе шіреніп тартып, ұзын қараны ат үстінен аударып түсіретін еді. Бірақ Кәлен бойын жиям дегенше көп жау қаптап кетті. Құдайменде ат үстінің ұрысына мықты, қолы да қарулы еді. Ағызып кеп қамшымен Кәленді қақ бастан тартып өтті. Келесі соққы да қатты тиіп басы жарылды. Қан тамып, қар беті қызарып қалды. Кәлен сонда да құламай, қылғындырып бара жатқан арқаннан қос қолдап ұстап, шіреніп тұр.

— Әттең... арманда кеттім ғой,— деді қырылдап, келесі соққы тигенде көзі қарауытып, есін тана құлап түсті.

Бір кезде көзін ашса үй сыртында, қардың үстінде жатыр. Қол-аяғы байлаулы. Жатқан жері қызыл ала қан. Екі баласы қасынан кетпей дірдектеп жылап жүр. Жамалдың да қол-аяғы байлаулы екен.

— Тірі екенсің ғой. Кеудеңде жаның бар екен ғой,— деді Жамал күйеуінің есін жиғанына қуанып.

Кәлен әйелінің көзіне тура қарай алмай, жау зәбірі жанына батып жатыр.

Үлкен бала әкесі мен шешесінің қолын шеше алмай әлек.

— Мына ауылға жүгір,— деді Жамал.

Кәлен тістеніп алған. Басы зілдей. Денесі сынып бара жатты. Көрші ауылдан кісілер кеп, қолын шешкесін де тіл қатпады. Ауыл адамдары: «Бұнысы не лаң? Бұнысы не қиянат?» — деп елеуреп, содыр болысқа сырттан жұдырық түйіп, шығырланып, жинала бастап еді, Кәлен: «Жау жоқта ер көбін қайтейін. Қойыңдар, әрі!» — деп ақырып, көлденең кісілердің көлгір сөзін тыйып тастады.

Өз өмірінде ол алғаш рет адамнан қорлық көрді. Алғаш рет өзінің жалғыздығын сезді.

Кәлен жау талаған үйіне келді. Кішкентай баласын көтеріп, әйелін қолтықтап алған. Жаз шығып жер аяғы кеңігесін үй ішін балықшылар аулына көшіріп алатын боп нық байламға келді. Қатын-баласын ішке кіргізді де, Кәлен қора жаққа барды, Жау әкеткен малға қиналған жоқ. Атсыз, жаяу қалғаны ғана жанына батты.

Кәлен жарақатты басын ақ шүберекпен таңып, киініп алды:

— Ал, қатын, мен кеттім.

— Бізді тастама, өзіңмен бірге ала кет.

— Жаз шықсын, оған дейін шыдаңдар.

— Қорқам...

Кәлен суық қабақ астынан шаншыла қарап еді, осы кезге дейін безектеп, болмай отырған Жамал жым болды.

XXIII

Сәске түсте қаладан қайтқан кірешілерге ілесіп, арып-ашып Рай келді. Қылмысы болмағасын қамаудан босатыпты. Ана жолы мұзға ыққанда екі беті суыққа шалдығып еді. Түрмеде емдемей бетінің ұшы қара қотырланып кеткен екен. Қарт әжесі Райды даусынан таныды.

— Қоңыр қозым, ботам, келші!

Рай шайдан кейін жеңгесінің үйіне барды. Ақбала ауырлау түрегелді. Баладан кейін оңалып кете қоймапты. Бұрын бойын күтіп жүретін тәкаппар, пақ әйелдің үстіндегі киімдері қалай болса солай, күн бойы от жақпай, ызғып тұрған үй іші де көңілсіз екен. Ақбала қайнысының келгеніне қуанды, төрге төсек салды.

— Аман-есен оралдың ба?

— Шүкір...

— Ағаң аман ба? Бізге... не айтты? — деді Ақбала. Қанша қатайса да, көзіне мөлтілдеп жас кеп қалды.

Рай тіпті тіл қата алмай, ернін тістелей берді. Жым-жырт үй ішінен екеуінің дірілдеген демі ғана естіліп тұрды. Ақбала көңілін тез біледі. Қазанға ет салды. Онан самауырға шай қойды да, балықшылар аулының қазіргі бас көтерерлері Кәлен, Мөңке, Досқа бала жүгіртті. Жасы үлкен кісілер ер-азаматы жоқ үйге бас сұға қоймайтын әдет бар. Райдың түрмеден босанып келген сылтауымен Ақбала осы ауылдың сыйлы кісілерінің басын қосып, қонақ қып жібермек болды.

Ақбаланың *бір әдеті: қанша қиындық көрсе де, кісіге* шағынбайтын. Өзінің жоқ-жітік жайын ол қазір де тілінің ұшына алмады. «Жағдайың қалай?» — деп Рай да сұрамады. Онсыз да, жеңгесінің жұпыны, жүдеу түрін көріп көңілі жабырқап отыр. Ақбаладан көзін тайдырып, пеш түбінде құндақтаулы жатқан балаға қолын созды. Рай құрақ көрпе арасынан жас сәбидің қызылшақа бетін шаққа тапты.

— Мырзамыздың түрі осы,— деді Ақбала күлімсіреп.

Рай тағы да дірілдеген ернін тістеп отырып қалды. Қанша ойламайын десе де, Еламан есіне түсті. Сібірге айдар жерде Еламан жылап жіберем бе деп қорқып, бетін бұрып басқа жаққа қарады. Қозғалған сайын темір кісені шылдырап кете берді. «Басқа түскен бейнетке төзерсің-ау! Тек, дариға-ай, артында шырқырап жас балаң қалған қандай қиын еді»,— деп демі дірілдеп тоқтап қалды да, «сорлы жетімегімнің сенен басқа кімі бар... көз қырыңды сала жүргейсің» — деп ақыры ол өзін ұстай алмай, жылап жіберіп еді. Сол сәбидің құрақ көрпе арасында қыбырлаған болымсыз тірлігін көргенде, Рай бір түрлі боп кетті. Көңілі толқып бара жатқанын сезіп, көз жасын күшпен тежеп, тістеніп алды. «Мұным не? Ақымақ екенмін ғой»,— деді ішінен. Мұның босаңсығанын байқаса, онсыз, да өзін күшпен ұстап отырған қам көңілді әйелдің еңіреп жылап жіберуі мүмкін еді.

— Мына күшік қайтеді? Үйіне қонақ келсе де ұйықтай бере ме? Әй, тұр! Тұр енді! — деп Рай күліп, құндақтаулы жатқан баланың танауын шымшылады. Бала көзін ашпады. Кішкентай аузымен әлдене іздегендей, қаймаңдап ернін қозғай бастады.— Жеңеше, домбыра қайда? Мен мұны, ендеше, әнмен оятайын,— деп Рай күле түсті де, баланы бауырына қысып отырып, домбыраға даусын қосып шырқап кетті.

Осы кезде ішке Кәлен, Мөңке Дос кірді. Рай әнін үзген жоқ, нағыз әншілердің машығына түсіп, қасын жоғары керіп,

жайдары жарқын жүзі күлімдей түсіп, «Қарғаш» әнін қоңырлап соза берді. Төрге шыққан бойда Меңке мен Дос Ақбалаға ақырын тіл қатып:

— Келін қарағым, хал-жайың жақсы ма?

— Бөпең өсіп келе ме? — деп амандық-саулық сұрасты.

Кәлен отырған бойда Райға бұрылды. Ағасының орнына келгесін жас жігіттің есіне әр нәрсе түсіп, көңілі бұзылып отырған үстіне барады екенбіз деп ойлап еді. Оның орнына жас жігіттің күлімдеген жарқын жүзін көргенде: «Жігіт екен ғой, мынау!» — деп ойлап, Кәлен де көңілденіп сала берді. Ол төр алдына отырып жатып, ығына жамылып келген күпіні шынтағымен сілкіп тастады да:

— Бала, бері әкел,— деп, Райдың қолынан домбыраны алды. Сол бойда ол домбыраны құшырланып, қаттырақ қағып-қағып жіберді де, Сарының әніне шырқай жөнелді. Кәлен жігіт кезінде серілік құрған, әнші, домбырашы кісі. Бұл өңір оның әніне құштар. Ол қатысқан ойын-сауыққа аяқ жетер жердегі халық іздеп баратын.

Кәлен бейне айдалада ат үстінде сар желіп бара жатып ән салғандай, өзінің асқақ зор даусымен шырқай жөнелді. Ол ән салғанда көршілес балықшылар үйлерінде отыра алмай, көтеріле сыртқа шықты. Шамалыдан кейін Ақбаланың үйі лық толды. Жас балаларын көтеріп әйелдер де келді. Кәлен бұл кеш жазбастан Сарының әндерін шырқады. Басқа жұрт қайғырған кезде де, Сары өз бойын сергек ұстап, әніне әзіл-қалжыңын араластырып, көңіл күйін қырық құбылтып отыратын өр жан еді. Оның әнін шырқағанда Кәлен де дәл бір әруақ қонған әншідей жанындағы кісілерден жотасы асып, айбаттана түсетін. Қазір Кәлен бірде ойнақы, бірде назды әндерді бірінен соң бірін айтты. Балықшылар қыбыр етпеді. Кемпір, шалдарға дейін көздері ұшқындап, ұйып қапты. Онан сайын Кәлен өзінің кең тынысты, зор даусына салып құйқылжыта түсті. Кәлен бір кез баяу қоңыр дауысқа сап, жабырқау, мұңды әндерді де айтты. Ондай кезде әркім де тізесіне иегін сүйеп мұлгіп қалды. Қараңғы түнде жым-жырт даламен жалғыз келе жатқандайсың. Төбеңде жұлдыздар ғана жымыңдайды. Сарылған ұзақ жол. Қайдан басталып, қай арадан бітетінін ойламайсың. Сырын жасырып, қараңғы түнде жым-жырт боп томсарып алған дүние. Тек түнгі қоңыр салқында жолаушы көңілін ашып, жан-жағыңнан жусан исі аңқыған жазық дала шетсіз-шексіз...

Кәлен ұзақ ән салды. Балықшылар түн ортасына таяп

қалса да үйлеріне қайтатын емес. Ертең таң қараңғысынан тұрып, мұз үстіне шығатыны есінен шығып кеткен.

Ақбала да көңілді жиыннан айрылғысы келмей, астан кейін қонақтарына қайта-қайта шай беріп, түннің бір уағына дейін ірікті. Өзін ән баурап алған. Бет ажары ән сазына қарай өзгеріп, бірде ой билеп, келіншек жүзі кәпелімде жабырқау тартады. Енді бірде өңі шұғыл жадырап, жүртпен бірге қосыла күліп кетеді. Ондай кезде, бейне Кәленнің әнінен күш алып, іштей рухтанып тұлеп қалатын тәрізді. Рай мен Кәлен кезектесіп ән айтқалы Ақбала өзгеріп кетті. Істеп жүрген шаруасына қолы бармай, қазандыққа шынтақтап сүйеніп отырып, бар пейілімен ықылас-ынтасы әнге ауып қалған. Осыған дейінгі өз басындағы қайғы-қасіретті ұмытып, аналар айтқан әнді бұ да ішінен созып отырды. Қыз кезіндегідей, екі беті алаурап гүл-гүл жайнады. Ерні де қып-қызыл. Ақбаланың көңілі көтерілгенін байқағасын Кәлен мен Рай кезектесіп ән айтып, түн ортасы ауғанша шырқады...

Кәлен қолына көптен домбыра ұстамаған-ды. Ол тамағы қарлығып, шаршап қалғанын сыртқа шыққансын ғана білді. Раймен қоштасып, өзі жатқан үйге беттеп келеді. Көңілі сергек. Бүгінгі өткізген кешіне орасан ырза. Еламан ел азаматы болатын. Азғана уақыт бірге істескенде оның өздерінен бір артықшылығын байқады. Балықшылар аулы атанған көп тобырға оның өз көңілінде құрттай алалық жоқ еді. Талай рет көрді: қосы басқа балықшылар кей күні қазан қайнататын балық ұстай алмай қайтқанда, әр кез Еламан оларды шақырып алып, қолындағы барын бөліп беретін. Іші тар кісілер реніш білдіре қалса, Еламан ақырып, тыйып тастап:

— Қой әрі. Онсыз да ат төбеліндей азғантай қазақты алалап, бірін — жат, бірін — жақын тұта алмаспын. Маған балықшылар аулының бәрі туыс. Біз бәріміз ру, туыс қуалап табысқан жоқпыз. Бізді тағдыр табыстырды. Ал тағдыры бірдің — қазаны бір,— деп үнемі бүтіндікке, бірлікке шақыратын. Балықшылар аулының басын қосып, біріктіріп отырған ұйтқысындай еді. «Қайран, Еламанай!» — деді Кәлен ішінен. Ол Еламанның қатын-баласына кіріп, хал-жайын біліп қайтқанына қуанды. Көптен көңілінде жүрген бір шаруасы тынғандай болды. Кенет, ол үй алдына кеп тоқтаған түйелі қатынды көрді. «Бұл кім болды екен?» — деп ойлап, тезірек басып келсе... өзінің әйелі екен. Кәлен қуанып кетті. Қараңғыда қалауыш арасын тінтіп, балаларын тауып алып жатып:

— Мына әтеңе нәлеттер қайда тығылып қалған?! — деп күлді де, екі баласын екі қолтығына қысып ішке кірді. Кіші баласы көзін ашпады. Кәлен оны ұйықтап жатыр екен деп ойлап, маңдайынан ніскеп сүйе беріп еді. Ернін шоқ қарып алғандай, баланың денесі лапылдап жанып жатқанын байқап, шошып қалды. Сол кезде үлкен баласы әкесіне қарап әлдекімнен көрген әзбір-жапасын айтқысы келгендей, ерні кемсеңдей бастады.

— Мыналарға не болған?

— Кешір... балаларыңды ауыртып алдым.

— Не дейді?..

Жамал аузын жаулығының шетімен басып, жасын жұтып отыр еді. Кәлен шыдамай:

— Не болды? — деп ақырды.

— Сен кеткесін Қаратаздың жігіттері қайта айналып соқты ғой. Балаларды далаға дірдектетіп айдап шықты. Қора-қопсыны тартып алды. Біздің үйге салыққа жиған малдарды қамады.

Кәлен сырқат балаларының басын алақанымен сипап, сазарып отыр. Аздан соң үлкен баласының маңдайынан тер шықты. Тынысы кеңіп, қатты аурудан қалжырағаң ұыз тән бір сәт рахат тауып ұйықтап кетті. Кәлен кіші баласын аса жақсы көретін. Әшейінде алдына алып, ән айтып отырып ұйықтататын ерке қара бала көзін ашқан жоқ. Қайта жылы үйге кірісімен жас сәбидің тынысы ауырлап, танауы қусырылып, еріндері кезеріп, кішкентай аузын қиналап ашып, алқынып жатыр. Жас сәби жаны қиналып, кеудесі сыр-сыр етіп алқынған сайын, бұның да тынысы ауырлап, ентіге түсті. «О, қанышезер, оқ атсаң — өзім бар емес пе едім. Балада нең бар еді»,— деген ой Кәленнің ыстық басын аяздай қарып кетеді.

Таң алдында Жамал қалжырап, киімшең бойымен көзі ілініп кетіп еді, іле-шала шошып оянды. Соқыр шамның майы таусылып, сығырайып өлеусіреп қана жанып тұр екен. Үй ішін қара көлеңке басып, бұрыш-бұрыш тұнжырап кетіпті.

Үй ішінен Кәленнің ірі тұлғасы қараусытады. Жамал әдепкіде күйеуін қалғып отыр екен деп ойлады. Ауру баланың жанында басы иіліп, мұлгіп қапты. Оған: «Шаршаған шығарсың, азырақ көзіңді іліндіріп, мызғып алсайшы,»— деп айтқысы келді. Кенет, күйеуінің екі иығының басы дір-дір етіп, өксігін ішінен тартып қалғанын көргенде, Жамалдың үйқысы шайдай ашылды. Атып түрегеліп, баланың бетіне үңі-

ліп еді. Баланың нәзік денесі бұрынғысынан да созылып, ұзара түсіпті. Қапырық үйдің ауасы жетпей, тұншығып бара жатқандай, кішкентай аузы әнтек ашылып, ұсақ қылқанақ тістері ақсиып жатыр екен. Жамал өкіріп жылап, жансыз жатқан баласын құшақтай алды. Кәлен сирек мұртының әр талы айғыр жалындай тікірейіп:

— Уа, Қаратаз, тұра тұр! Қан өтеуін қанмен ғана қайтарармын! — деп кегі қайнап, тістене сыбырлады.

Екінші бөлім

I

— Уу-у! Қандай суық! — деді Курнос Иван үйге үсті-басы аппақ қар боп, аюдай қорбаңдап, сөлекеттеу кіріп келе жатып.

Ызғырық жел есіктің қарсы алдынан соғып тұрған. Курнос Иван есікті жабам дегенше жынша есірген боран ішке лап беріп, уілдеп ұлып, ауызғы бөлмені ызғытты да жіберді.

Иван ысылдап-пысылдап үстінің қарын есіктің алдында тұрып қақты да, ұлтанына сіреу қар қатқан етігін сықырлата басып төрге беттеді.

— Шура, асың әзір ме? Асыңды әкел!

Шура мұңды жүзін терезеге тақап, сыртқа көз салып отыр еді. Курнос Иванға назар аудармады. Есінеп, көңілсіздеу созылып түрегелді. Иван кимдерін ас ішерде де шешкен жоқ. Үстінен шикі балықтың исі шығады. Суық шалған беті қара қошқылданып, қабарып кетіпті. Саусақтары бартиып ісінген. Өзі әлденеге көңілденіп сырттан танауы талақандай боп, ыржиып күліп кірді. Қасы, кірпігі қырау. Үңірейген қос танаудан эншінде сояудай қылдар қарауытып, түктеніп сыртқа теуіп тұратын. Қазір оны да қырау шалыпты.

Курнос Иван қолын демімен үрлеп, уқалап жіберді де, асқа отырды. Жылы үйге кіргенсін қасы-қабағындағы қырау еріді. Танауының іші қарауытып түктене бастады.

Бір түйір тамшы жалғыз қыл ұшында мөлдіреп, ілініп тұрған-ды. Балықты қарбытып асай бергенде, о да мөлт етіп, алдындағы кастрюльге тамып кетті. Шура жиркеніп, бетін бұрып әкетті.

— Балық көп шықты. Бес мың пұттан асады,— деді Иван, кешеден бері сан рет айтқан сөзін тағы қайталап.

Шура үндемеді. Жағынан бастыра бір тартқан ақ шыт

орамал жүдеу бетін бүрістіріп, шүңкитіп жіберіпті. Үрты солып, көзінің алдына көлеңке ұялаған. Курнос Иван өз қуанышына өзі мәз...

— Осы жасыма дейін қуғаным байлық еді. Қолыма бүгін ғана түсті. Шура, енді маған мұрагер керек. Өзіңе жібек көйлек әперем.

Шура Орал қаласындағы бір кішілеу шеркеудің звонарының қызы еді. Шешесі ыңырсып ауыратын да жататын. Әкесі ішкілікке салынып ақыры бір күні мас қалпымен қоңырау мұнарасына көтеріліп бара жатып, құлап түсті. Кішкентай кезінде әкесіне еріп шеркеуге баратын. Әсіресе, кәделі мерекелерді жақсы көретін. Мерекелерде әкесі мұнара басына шығып күмбірлетіп қоңырау соғып жатқанда, төменде ығы-жығы халық. Шеркеуге итермелеп сығылыса түседі. Осы маңда қайыршылар, ақсақ-тоқсақтар. Олардың өткен-кеткенге қолын созып: «ради христа!..»— деп, қайыр-садақа сұрағанын көрген-ді. Басқа амалы құрығасын Шура шеркеуге барды. Алғашқы күндері екі беті дуылдап, бір жанға тура қарай алмады. Кісі жоқта қолын созғанмен қасына біреу жақындаса, жалма-жан қолын баурына тартып ала қоятын. Кей күндері бір құдірет күш тықсырып апарып, шеркеу босағасына жапсырып шегелеп тастағандай ертеден қара кешке дейін тырп етпейтін. Оның үстіне Шура бір кішкентай қайыршы баладан зәбір көрді. Әлгі бала қыздың ұялшақтығын байқап, ықтап басынып алды. Кісі аяғы басылғасын Шураның алды-артына шығып, аузы-басын қисаңдатып, мазақ қылды. Кейде қыздың қайыр-садақа сұрағанын салып, үйіне дейін ізінен қалмайтын. Бір күні сотқар бала Шураны қуып жетті. Онан тағы бір бұзық қылық күтіп, сасқалақтап қалған қыздың сумкасына, бала жүгіріп кеп жаман кепкасындағы бар тиынын ақтара салды. Оның бұл қылығына таң қалған қыз аузын ашам дегенше, бала: «Қайыр сұрағанша, бикеш, күйеуге шықпайсың ба»,— деді де, жүгіріп кетті.

Көп ұзамай тосын бір оқиға тап болды. Түс кезі. Күн ыстық болғасын халық көлеңкеге тығылып, көше қаңырап қалған. Зілдей бақырлар Шураның алақанын шоқтай қарып жатқан-ды. Біреу Шураның халыққа созған қолын әлгі бақырымен қоса қысып уыстай алды. Қыз басын көтеріп алса... қира сары сақалды, имек тұмсықты біреу бұған күлімсірей қарап тұр екен. «Жүр, кеттік»,— деді көпес. Қыз дір-дір етіп тартыншақтай берді. «Қорықпа! Жүр. Қарның тоқ болады»,— деді көпес. Соның аяғы, міне.

Дәм-тұзы көтеріліп Арал теңізінен шықты. Көзі тірісінде Федоров Шураны алақанына салып бақты. Ол бір-ақ рет Шураның көңілін қалдырды. Арал теңізіне келгесін бір жылдан кейін екі қабат боп қалды. Шура бойына біткен баланың өмірін сақтағысы кеп жалынып та, жылап та көріп еді. Федоров жібімеді. Қыс айында Шалқарға апарып, таныс дәрігер арқылы баланы түсіртіп тастап еді. Өлген адамға кінә артқысы келмесе де Федоровтың сол қатал дығын, қыс айындағы сапарды ұмыта алмады. Баурымда балам болса тірлігім басқаша болар еді деп ойлады. Курнос Иван Федоровтың көзі тірісінде ішінен тынып жүрген екен. Федоров өлгесін удай мас боп ішіп ап баса-көктеп кірді. «Сенің құдай қосқан қосағың мен... мына менмін»,— деп Шураға тарпа бас салды. Сонан бері Шураны талай сабады. Бір рет жығып сап, өлтірем деп буындырып жатқан жерінен көршілері арашалап алды. Аз уақыт ішінде Шураны жүн қып жіберді. Дүние қадірін білмейтін дала суандықпен екі бетінен қаны тамған жап-жас келіншекті кәпелімде ұйпалақтап тастады. Курнос Иван соңғы кезде тағы бір мінез шығарды: «Жақында байимын. Соңыра өзім өлгенде малыма не болатын мұрагер тап... Бедеу қатын маған қажет емес»,— деп, Шураға қыңқылдап жүр.

Курнос Иван асын жеп болғасын аузын сүртті. Қос өңірі ас ішкен баланың омырауындай бір қылқан, бір балық боп қапты.

— Шура! — деді ол тұрып жатып. Айтқанына қозғала қоймаған әйелін ығынан сығымдап ұстады да, ожар қимылмен өзіне қарай жұлқып қалды. Әйелінің көзіндегі жасты көріп — немене, Федоровты азалап отырсың ба? Қой енді! Ну-ну!..— деп жекірді.— Шура! — деді ол.— Мен бүгін кеш қайтармын. Бәлкім, келе алмаспын. Маған тамақ жеткізіп бер. Ұқтың ба?

Шура басын изеді. Курнос Иван сыртқа шықты. Дала әлі ақ түтек. Қар көктен жауып, жерден борап ұйытқып тұр. Промсолдан екі дауыстай жерде, бет ашық мұз үстінде мол балық үйіліп жатыр. Ақ түтек борасын арасынан иен байлық таудай боп мұнартып, көзін арбап келеді.

Осы өңірдегі төрт-бес ауылдың адам-қаралары балық басына жиналған. Аттысы, жаяуы бар, бас-аяғы жүзге тартады. Иттер де көп. Әр иттің аузында бір-бір балық. Көк жүзі қарғадан көрінбейді. Курнос Иван жақындай бергенде бір пәле бастарына төнгендей, қарғалар оқыс дүрлігіп, қаркылдап ұшты.

— Бұрын маған бір жан жуымайтын. Енді, ана қара-

шы!.. Байлыққа қалай үймелейді. Көздері жеп барады. Ең аржағы қара қарғаларға дейін менің байлығымды бір-бір шұқып қалмақ.

Курнос Иван қалың жыннан оқшаулау шығып, ұйлығып тұрған бір топ кісіні көрді. Балпанақтай, өңшең жуан. Аттары да семіз. Өзге малдардай ық іздеп тықыршымай, қаптай соққан желде құйрық, жалдары суылдап, ыққа қарай күлтеленіп желбіреп тұр. Курнос Иван оларды тани кетті.

— Әй, болыс, аман-сау барсыз ба? — деп ол Құдаймендеден бастап қол алып, шіреніп тұрған осы елдің байлары мен билеріне амандасып шықты. Курнос Иванның қос танауына қар кіріп тығындап тастаған еді. Ол судан шыққан балықтай, аузымен дем алып,— бұрын байдың қосын жегетін едім, енді өзім баймын. Қарқалләзи боп жатырмын. Сыралғы қонақ болдыңдар. Ал, кәне, сыралғы алыңдар! — деді саңқылдап. Қиын сөздің өзіне мүдірмей, дәл қазақтай тақпақтап, шіреніп сөйледі. Аналар үндемеді. Бірақ тегін олжаны бөтен көрмей тұрғанын біліп, Курнос Иван майлық аузында жал боп үйіліп жатқан балыққа қарай беттеді. Аналар да аттарын тізгінінен жетелеп еріп келеді. Құдайменде өзімен қатар келе жатқан семіз сары кісіге — өзі бай, өзі би Рамбердіге мойын бұрып:

— Ыссы тары көженің де буы бола-туң. Ал байлықтың буы тіпті әлемет-ау! Мына кәржік мұрын қара орыс қалай паңқып тұр, ә?! — деп күліп еді, Рамберді Курнос Иван есітіп қалды ма деп қауіптеніп, Құдайменденің осындай жердегі келеңсіз әңгілігін жаратпайтын әдетпен кіжің етті. Сұйық сары мұртын сипап қойып, өзінің әншейіндегі әрі маймақ әккілігіне бағып:

— Мұндайда үндемеген озады,— деп күңк етіп,— ауызға түсейін деп тұрған несібеңді аяғыңмен теппе, бала,— деп, сөзінің аяғын мұрнымен созып, ыңылдап бітірді. Онан ол Кәленді ымдап:

— Досыңды көрдің бе? — деді.

— Ой, енесін...

Кәлен оларды тіпті көрмегендей. Балықшыларға бас болып мол балықты майлықтан сүзіп, жанын салып жатыр.

Курнос Иван майлық аузында жал боп үйіліп жатқан балыққа келді. Тоң балықты аяғымен қақ жарып, мыналарға беретін сыралғыны бір шетке қарай бөліп келе жатқан-ды. Рамберді осы арада шегіншектеп Құдайменденен жырылып кейіндеу қала берді. Ол жан-жаққа қарап алып,

ана жақта қалып бара жатқан көп балықтың ірілеуін аяғымен қағып, сыралғыға қарай сырғыта бастады. Курнос Иван оны байқап қап:

— Қақ! Қақ. Рамберді! Қағатын сапарың, бұл! — деп күлді. Осы арада Кәлен сап ете қалды. Ол Курнос Иванға қарап, бірақ ана шонжарларға анық есіттіре дауыстап:

— Алудың есебін сен үйретпей-ақ қой. Халық үстіндегі адам қағып та, соғып та жей береді,— деді.

Құдайменде түтігіп кетті Бірақ үндемей, бұрылып жүре берді.

Рамберді де атына қарай сырт айналып, әлденені міңгірлеп, түсініксіздеу ыңылдап бара жатты. Курнос Иван сасып қалды.

— Ау, байеке,— деп ол жүгіріп барып Құдайменденің етегіне оратылып еді, ашулы болыс:

— Кет әрі! — деп қағып жіберді.

Рамберді былай шыға бере Құдайменде ге қатарласты.

— Мына ұры досың қырғидай тиді ме, қалай? — деп ол мырс-мырс күлді.

Құдайменде намысына тиетін әңгіме жөнінде сөйлескісі келмей, торы атты тебініп қап, желе жөнелді. Курнос Иван аңырып тұрып қалған-ды. Олар ұзағасын Кәленге тап берді:

— Есің дұрыс па? Болыспен ұстасып өзің өле алмай жүрсің бе?

— Әй, сен неге әкіреңдейсің? Болысың өзіңе...

— Кет. Қараңды батыр! Керек емессің.

— Мен жалғыз кетпеймін. Менімен бірге мына кісілердің бәрі кетеді,— деп Кәлен, Курнос Иванды көзімен атып тұрып, майлық аузында балық сүзіп жатқан жолдастарын нұсқады.

— Жарайт...— деді Курнос Иван міңгірлеп.

Иван Федоров промсолын сатып алған татар байының алдын орап, бұл араның тәжірибелі, талапкер балықшыларын таңдап алған.

Осы деректі татар байымен екеуінің арасында кикілжің бар-ды.

Кәлен балықшыларға келді. Мөңке, Рай, Дос майлық аузына үймелепті. Үсті-бастары су-су. Жеңінің аузына мұз қатқан. Бірақ бірде-бірі шаршағанын сезбей, қызу қауқылдасып жатты.

Мөңке Кәленге бұрылды.

— Аналарың немене... жер бетінің жемтігін тауысып, енді теңіз түбін тіміскілеуге шыққан ба?

— Әй, қойшы, соларды! Қанды ауыз қасқыр емес пе? Қызылға келіп жатқан да. Әйтпесе, осы мұз үстінен иман іздеп жүр деп пе едің. Маған бер сүзгіңді.

Көлен сүзгіге қол созды. Бетіндегі түгін қырау шалып, түксиіп алған.

II

Болыс аулына белгілі бай — Темірке келді. Ол қазір осындағы промсолдың қожасы. Тәңірберген Федоровтың промсолын сатып ала алмағанына әлі күнге өкінеді. Тегін жатқан байлықты татар байы аузынан қағып әкеткендей көріп жүр. Тәңірберген өзінің осалдығын сезетін. Көп нәрсені кеулі таныған мен кем талаптық қырсық боп, талай сыбағасынан құр қалды. Ақша өнген жерден ар-ұятты көрген жоқ. Ақша қуған кісілер, құдды, мына Ебейсін секілді бетіне көн керіп алғандай, жүзі шімірікпейтін болу керек. Оны қойғанда, осы Теміркелердің өзі көк дүкенге кіргенде қазан-аяқ ұстаған қатындай. Прилавканың аржағына тұра қап, кір, ластан жиіркенбей, көк ніл бояуға дейін ой-мақтап сата жөнелгенін көрді.

Тәңірберген басқа біреудің қолымен пайда таппақ болады. Осы ниетпен ол Ебейсінді саудаға шығарды. Ебейсін қазір Қабырға болысының жүн-жұрқасын жинатын жалдап. Қалаға қатынаған сайын Тәңірбергенге соқпай кетпейді. Мырзаның базарға салатын малдарын үйір-үйірімен айдап апарып, ақшаға айналдырып қайтып жүр. Бай ауылдың кездемесі мен шай-шекері де қазір Ебейсіннің мойнында.

Тәңірберген татар байының Ебейсінді жақсы көретінін, әлде жек көретінін білмейді. Бір байқағаны: қандай да болса онан татар байының жүрегі шайлыққан жері бар. Ебейсін әңгіме бола бастаса татар байы жүн-жұрқа жинатын жігіттің ана жақтағы әлдекандай істерін есіне алып, тақия киген басын таңдана шайқап: «И-и, ул әпендеңі қой! Ул, ул, бик қнын жігіт»,— деп күбірлеп отырады.

Тәңірберген болыс ағасы мен татар байын көңіліне қатар қойып, үнемі іштей салыстырып жүреді. Басына қанша бақ қонса да, болыс болса да өз ағасы, мына ілмиген қалқан құлақ татар байының қойнына кіріп кететіндей. «Шіркін, байлықтың күші әлемет-ау!»— деп ойлап, Тәңірберген Теміркеге жақындап ысырла түсті.

— Курнос Иван сыралғы шықты. Есіткен шығарсың, тағы майлатып салды.

— Куп мә?

— Бес мың пұттан асады деседі.

Үстінде мұздай су құйып жібергендей, Темірке қол-аяғын баурына жиып бүрісе қалды. Тәңірберген қара мұрты қимылып күлімдей түсті.

— Сенің промсолыңа жұмыс табылады. Бес мың пұттай балықты қабылдау саған да оңай болмас. Тек, қайдам, тұзың жетсе...

— Иоқ, иоқ! Мен Иванның балығын қабылдай алмаймын. Шуші күні өз балығымды солит итәргә дә тұзым иоқ.

— Сонда, ол сорлы балығын қайтеді?

— Онда менің жұмысым қанша. Маған десе балығын суға ағызсын.

Тәңірбергеннің Курнос Иванда өші жоқ. Болыс ағасы алған сыралғы балықты он екі түйе қып, Шалқарға жөнелтіп жіберді. Ертеңгі күні бұйырса бұл балықтан түскен пайдадан бір-бір ат мінетіндері хақ.

Үй іші үнсіз. Темірке күйген терідей боп бүріскен күйінен қозғалмады. Құдайменде болса көмейіне келген сөзін қалай бастаудың ретін таба алмай сыздап, булығып, күрмеліп отыр.

— Болыс ағамның сізге айтқысы кеп, көптен кезеніп жүрген бір шаруасы бар еді,— деді Тәңірберген.

Темірке кенет қан исін сезген кәрі жыртқыштай дүр сілкініп, басын көтеріп алды. Осыған дейін жұмылып кеткен шүңірек көзі де шоқ түскендей жарқырап кетті.

Ол алақанымен құлағын қалқалап, бар бойымен Құдайменде созылды.

— Иә, бай?..

Құдайменде ырғалып қойды.

— Біз... ертең жайлауға көшеміз,— деді ол әңгімені құлықсыз бастады. Өзі қаламайтын іске Тәңірберген зорлап отыр. «Кәленді құртқаннан іс бітпейді, сәті түсіп тұрғанда балықшылар аулына тізе батырып алайық»,— деп Тәңірберген болмай қойды. Бұның өз билігіне сәлса, алдымен Кәленді құртпақшы. Мұз үстіндегі оқиғадан кейін оған, әсіресе, қаны қатып, кектеніп алды. Құдайменде қазір қастасқан кісісін Сібірге айдатсам дейтін.

— Біз ертең жайлауға көшеміз,— деп болыс құлықсыз бастаған сөзіне қайта оралды.— Сонан қашан күз түсіп, жерге кірбік қар жауғанша жағаға келмейміз. Мойын алысқа түскесін ел тізгінін ұстаған кісі басқа жаққа бұрыла алмай кете-туң.

— Әлбетте! Ие, бай?..

— Саған ескертетінім,— деп Құдайменде басын көтеріп, Теміркеге тура қарады.— Сендердің балықшыларың түктің мәнісін білмей-тұң. Бәрі де анадан туғалы түйе баққан қыр қазағы... Өздері қыр құсы сияқты, тіпті тобығы бататын судан қорқа-тұң.

Темірке көйлек жағасынан қылқиып шыққан ұзын мойнын Құдаймендеге құлықты созып, құлағын оның дәл аузына тосты:

— Ие, ие, бай?

— Ана, жар басындағы балықшыларды білесің ғой?

— Әлбетте, әлбетте, бай...

— Білсең олар анадан туғалы теңіз кешіп, тор сүйретіп жүрген кәсіпшіл кісілер. Теңіздің астын өз отының басындай біле-тұң.

Тәңірберген жылжып кеп, Теміркенің дәл қасына отырды.

— Сырт кісі көреген келеді. Мен де байқап жүрем: балығы көп жерге олар өздерінің ау-торын жайып, сендердің балықшыларыңды қақпайлап шетке қуа береді. Сендер солардан қалған торта-тобырға ғана мәз боп жүрсіңдер.

— Мырза дұрыс айтып отыр,— деді Темірке қошемет білдіріп, тақиялы басын тез изеп. Тәңірберген күлімдей түсті.

— Асылы, сен балығы көп жерлерді болыстың қағазымен өз меншігіңе қаратып ал,— деп епті жігіт бұлардың басына келмей отырған бір ойды көземелдей қойды.

— Құдайменде шошынып:

— Әй, қайдам... қиянаттың да шегі бар. Ол дұрыс болар ма екен? — деді.

— Болады. Әбден болады. Бұл, бик ғажап ақыл. Мұндай ақылды ақшаға сатып ала алмайсың,— деп Темірке жүзі жайнап отырды да,— шүші матур... бик матур жігіт,— деп ол Тәңірбергенге ырза боп, арқасынан қағып-қағып қойды.— Ендігі жерге біз балығы көп жерлерді запретная зона істейміз.

— Қазірет дейсің бе? — деді Құдайменде.

— Жоқ, запрет... запретная зона. Ондай жерлерге өз бетімен балық аулап жүрген кісілердің...

— Әсіресе, ана Кәлен, Мөңке, Рай, Дос сияқтылардың аяғын қия бастырмау керек.

— Я, я, мырза дұрыс айтады. Запрет жерлерге олар ау салса...

— Ауын сыпырып ал! Қайтарып берме.

— Матур жігітсің, бик, бик матурсың.. Ауын қайтарып бермеймін. Сосын... балық қора-қорасымен жүріп, лай болған жерлер де біздікі.

Бұған Тәңірберген рахаттана күлді:

— Байдың бұнысы асық ойнағанда әлмендірек баланың: «Бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі»,— деген көзсіз зорлығындай болды ғой.

Темірке жас мырзаға көзінің астынан қарады. Оның сыбаға дәметететін сыңайын танып, денесіне тікен қадағандай, ұзын мойнын ішіне тартып, бір уыс боп жиырыла қалды:

— Сенің еңбегіңді, байеке, іншалла ұмытпаспын.

III

Жұмыс істеп, жаны қинала бастаса, Қарақатын үй ішінен жанжал іздейтін. Ол бүгін де бір арқа отынды есік алдына жыға салып: «Үһ, қара байланғырдың арқаны нығымды қиып кетті ғой»,— деді.

Аққемпір үндемеді. Ал Қарақатынның Балкүміс деген бойжеткен қызы төр алдында тізесін құшақтап, сазарып отыр. Бір пәленің болғанын қалап, бет-аузын долылық буып сыздап алған екен. Қарақатын қызының мекерлігін жаратпады:

— Ой, бетің тіліңгір! Ақбала құсап бедіреюін қарашы!

— Өзіңнің бетің оңып тұрған шығар!

— Е, менің бетімнің несі бар екен? Көп болса отын арқалап, жаным қиналғасын қарайып кеткен шығар.

— Ие, басқа кезде аппақ деген ..

Қарақатын қызына оқты көзімен ата қарады:

— Мөңкенің қатыны құсап, балпылда да отыр солай.

— Өзің балпылдамайтын шығарсың.

— Тұтақ! Сен мендей де болмайсың. Ана Судыр Ахметтің қатыны құсап, соңыра байың күнде шашыңнан сүйрелеп, таяқ астында жүрерсің-ау, сен бейбақ. Соныңды көрсем екен соңыра.

Балкүміс жылап жіберді. Тұралатып, сілейтіп тастамай, басынан сөз асырып алғанына күйініп, көктік буып кетіп еді.

Қызын жеңгесін Қарақатынның ашуы тарқады. Өзінің қызыл тілді шын безеп, сөз таластырған кезде алдына жан

салмайтын діңмарлығына ырза болды. Онан соң өзінің ұл-қыз өсіріп отырған көргенді ана екені есіне түсті.

— Сен жақсы болсын деп айтам,— деп ол бықсып жанбай жатқан отты үрлеп қойып,— соңыра барған жеріңде абысын-ажындарың болады. Олар сенің маңдайыңнан сипап, «Алла айналайын-ай, айтсаң да өнегелі, көргенді ананың қолынан өніп-өскен қыз ғой»,— десе, өзіңе де, бізге де жақсы. Көрінгеннің аузында сөз болатын сен әлдекімнің қызы емессің. Құдайға шүкір, анаңды осы ел тегіс біледі. Осы елдің бас-аяғы бір ауыздан... Бұл оты құргырға не болды? Неге тұтамай жатыр? — деді түтін кірген көзі ашып. Көп қозғаған от тұтамай Қарақатын ызалана бастады. Осы кезде қайын енесі қасынан өтті. Оның сыртқа шығып, төсек көрпені қағып келгені жынына тиді. Осы жұрттың өзін Қарақатын, ал оны Аққемпір деп атайтыны да есіне түсіп, күйініп кетті:

— Отты жағып қойсаң қайтеді? Қолыңа жұғатын ба еді?

Аққемпір үйде отынның болмағанын айтып еді, Қарақатын үдете түсті. Ұрыс бастау үшін оған сылтаудың қажеті шамалы. Ұрыс тілеп тұрғанда, Қарақатын сылтау іздемейтін. Оған от басынан ұрысатын біреу табылса жетіп жатыр.

Аққемпір бәлекөр, мекер қатынның сөзін құлағына ілмеді. Ақ жаулық тартқан тәкаппар басын шалқая ұстап, сыртын беріп отыр. Үндемегені Қарақатынның қытығына тиді. Енесін тілдеп, жер-жебіріне жетіп барады. Осының бәрін азсынғандай, ақырында ол долылық буып, енесімен қатты жауығып, көтеріп алды да:

— Саған... сен қақбасқа, бүгін осы үйден қара су татырсам ба,— деді.

— Ей, шырағым, асың өзіңе. Тек тыныштығымды берсең болады.

— Тыныштық па, саған!..

Аққемпір келініне бұрылып қарап еді, төсегінен жылан көргендей, тұла бойы тітіркеп кетті. Арық әйелдің қансөлсіз беті қара сұр тастай қатып қапты. Қасы, кірпігі үйтілгендей, құйқасы шығып түр. Аузы үлкен. Еріндері түрік. Қара кешке дейін салғыласып, ерінбей ұрысатын кейіп бар. Екі елі аласа маңдай мен қалақ қара бетінде рақымның ізі жоқ екен. Аққемпір көзін тартып алды. «Қазынесі кең құдай-ай, бұл пәлені жалғызымның маңдайына қайдан тап қылдың»,— деді ішінен.

Қарақатын енесіне кешкі астан да татырған жоқ. Балаларын тамақтандырған соң, күйеуінің келуіне қарамай, шамды басып жатып қалды.

Дос түн ортасы ауа келді. Үсті-басы малмандай су. Аяғын басқан сайын байпақты етік қорқ-қорқ етеді. Кимешең қисайған Аққемпір орнынан түрегеліп баласының сырт киімін шешіндірді. Шұлғауын сығып алды.

— Біздің аузымызға ас әкеп салам деп титықтап болдың-ау! Мынау не көрім! Таңның бір уағында кетіп, түннің бір уағында келдің. Үстің су. Жаурап өліпсің ғой.

Келіні тұрам дегенше, Аққемпір от жақты. Қазандықтың қарсы алдына көрпе жайып, баласының шынтағынан жастық қойды.

Арқасына жылы киім жапты. Соның өзінде Дос бойы жылымай, тоңазып отыр. Ыстық ас ішкесін ғана аз-аздап өзіне келе бастады.

Достың бар мінезі анасына тартқан. Сырын сыртқа шығара қоймайтын, сыпайы, момын жігіт от басының татулығын ойлайды. Күні ұзын теңіз үстінде боп, үйге кейде ерте, кейде кеш келгенде, есіктен кіре бере анасының қасы мен қабағына қарайтын. Аузы жаман қатын анасына тіл тигізіп, ренжітіп тастады ма деп қорқатын-ды. Осы қазір де ол әйелінің қабағынан айыға қоймаған ашу көріп, іші мұздап отыр.

— Апа, алсайшы! — деп ол алдындағы асты анасына қарай ысырып еді. Аққемпір:

— Әй, балам-ай, пештің түбінде отырған анаңды қайтесің. Бізге жылы үйдің ауасы да ас,— деді де, түрегеліп кетті. Пеш түбіндегі өзінің дағдылы орнына отырғасын,— балықтарың не болды? Өткізе алдыңдар ма? — деп сұрады.

— Балық құрыды. Ит пен құстың аузында кетіп жатыр.

— Ана... Темірке шіркін, алмады ма?

— Жоқ.

— Қайырымсыз, қатыгез кісілер шықты ғой! — деді Аққемпір күрсініп.

Дос таң алдында бір сағаттай ғана мызғыды. Ояна сала анасы даярлап қойған асты ішті де, асығыс киініп сыртқа шықты.

Дала тастай тұман. Теңіз жағасына жақындаған сайын ақсұт тұман іркілдеп тұнып тұр. Өлі дымқыл тыныстан жүрмей, Дос алқынып, аяғын ауыр қозғап келеді.

Кәлен мен Мөңке үйге қайтпапты. Қасында бес-алты балықшы. Мұз үстінде үйілген балықтың қасында үнсіз ні-

ріліп тұр. Көңілсіз. Қатты торыққан кейіп бар. Мұз қатқалы осы тұрған кісілердің балық іздеп, бармаған жері жоқ. Олар әуелі Көлқораның қайырымын сүзді. Онан соң бекіре, қаяз шығатын дәмелі бір қайырым еді деп, Бозбиенің тұсын сүзді. Соның бәрінен балық шықпай, салы судан қайтып, қалжырап жүргенде, құдай беріп, Зайырдың тұсынан қарық болды. Қаратор балыққа сірелеп бөгіп шықты. Балықшылар күн-түн сүзді. Бірақ Темірке қабылдамады. Балықшылар басқа амалын іздеді. Арал, Қазалы, Қамбаш, Шалқар шаһарларында тірек, дүкен ұстаған татар байларына тоң балықты көтере сатпақ боп, ел арасынан кіреші іздеп еді. Жүк тартатын мықты көлік шықпады. Көлігі бар байлар несиеге сенбей, ақшаңды әуелі алақаныма сал деп отырып алды. Сүйткенше он-он бес күн өтті. Балықтар үси бастады. Ит-құстың аузында кетті. Бала-шаға ұрлады. Оның үстіне көктем күні шұғыл жылып, қар еріп, мұз үсті шұрқ-шұрқ тесіліп қызыл су басып бара жатты.

Бүгін, әсіресе, түске қарай күн қатты жылып, тоң балықтар қызыл су бетінде қалқып жүрді. Түс ауа жазғытұрғы әлсіз мұз жарық ашып, көп балық теңізге кетті.

Курнос Иван промсол жақтан иығы салбырап келе жатты. Түнімен ұйқы көрмей, жылап шыққан тәрізді. Екі көзі қып-қызыл. Ешкіммен амандаспады. Бір жанға тіл қатпады. Тау боп үйіліп жатқан балықтың қасында құтырған қасқырдай жұлқынып жүрді де, кенет «әх-х-х!» деп өз басын өзі түйіп қалды. Есірік халде екі көзі түк көрмей, сенделіп жүріп, жарыққа түсіп кетті. Балықшылар оны судан сүйреп шығарды.

— Үсіп өлесің. Тезірек үйге жет!

Курнос Иван құлақ аспай, су-су басын сілкіп қалды.

— Қанша балық еді? Өмір бойы іздеген байлығым... сары алтыным, мына сары сазандар емес пе еді! — деп, ол суда қалқып жүрген балықтарға қолын күйікпен қалшылдай созды. Күлгені, әлде жылағаны ма, әйтеуір беті бұзылып, тістері ақсиып, ыржиып тұрды да, кенет,— құрыдым... біттім!..— деп өкіріп жылап жіберді. Іші күйіп өртеніп барады. Бір орында тағат тауып тұра алмай, тағы да промсолға тартты.

Темірке үйінің алдындағы ақ шоқалақтың басына шығып тұр еді. Ол Курнос Иванды жер түбінен көрді. Беті бірден суық тартып: «Ә, шоқыншық. Саған бұл әлі аз»,— деді ішінен. Курнос Иванға оның қаны қатқан жері бар. Федоровтың промсолын сатып алғаннан кейін, ол Курнос

Иванға: «Балық аулаудың мәнісін білесің ғой. Маған бөдіретшік бол»,— деп өтінді. Жалынып та көрді. Темірке жалынған сайын анау шалқайып, жиған-терген ақшасына сатып алды. Онан тағы да Теміркенің алдын орап, осы Федоровтың бес жүз құлаштық қара жылымын дербес өңірдегі ең тәжірибелі балықшыларды жалдап алып еді.

— Әй, Темірке! Көкетай!..

Курнос Иван даусы дірілдеп тоқтап қалды.

— Байек-е!..

— Нәрсә?

— Тым құрыса қалған балығымды алсаңызшы!

— Иоқ, иоқ! Сенің үсіп кеткен балықтарыңды қайтем.

— Байеке-ай!..

— И-и, алла! Қой енді. Нешік биберекет адам едің өзің. Сенің үсіп кеткен балықтарың түгіл, өзімнің балығымды солит итәргә дә тұз иоқ. Ал, хош! — деп Темірке үйіне кіріп бара жатты да, есікті жабар жерде бұрылып қарады. Есік алдында үсті-басы су-су боп ес-түссіз сілейіп қалған Курнос Иванға күлімсірей қарап,— хош, әпенде Иван! — деді де, ол бірдеңе дегенше есікті жауып алды.

Курнос Иван үмітін үзді. Балық басына қайтып бармады. Үйіне сүлдері жетті. У ішкен қасқырдай, тістері ақсиып, бүкіл беті бір жағына қарай қисайып кетіпті.

Есірік көзін әйелінен айырмай, аяғы аннан-саннан бір тиіп, толықси басып келе жатыр.

Шура күйеуінің түрінен шошып, қолдары құр ауаны қармалап, сасқалақтап артына қарай шегіне берді. Кенет, жауырыны жарға тіреле қалды. Курнос Иван оның ығынан бүріп ұстады. Үрейі ұшып кеткен әйелдің көзінен көзін айырмай, тесіле қарап тұрды да, кенет:

— Мұрагер!.. Ха-ха-ха-а! — деп қарқылдап, жарыла күліп жіберді.

IV

Кәлен қазір бір түрлі. Қолы бос кезде жүрттан жырылып оңашалана береді. Кейде түннің бір уақытына дейін ұйықтамай, көзі ашық жататын боп жүр. Курнос Иванды ойлайды. Сорлы қаңғып кетті. Күш қазір татар байында, өзі білетін байлардың ішіндегі Федоровтан кейінгі көкжалы осы. Онан Құдайменде қорқады.

Ең аржағы ізін білдірмей жүретін айлалы, әккі Тәңірберген де татар байының тырнағына түсіп қалатындай оның алдында етек, жеңін жиып отырады. Ал, Курнос Ивандарың... Теміркенің бір тарпығанынан шықпады.

Курнос Иванның қарауында істеп келген балықшылар күн көріс кәсібінен айрылып, жерге қарап қалды; Темірке оларға ау-құрал бермейді; ол әсіресе, Рай, Дос, Мөңке, Кәлендерге жауығып промсолдың маңына жуытпай қойды.

Баяғыдай емес, бұл күнде балық жұмысына жалданатын кісі көп. Жұтқа ұшыраған кедей ауылдар ежелгі ата мекенін тастап, теңіз жағасына ағылып келіп жатыр.

Жазғытұрғы аласапыран балықшыларға қай кезде де жайсыз еді. Жар басындағы балықшылар аулы биыл тіпті қатты күйзелді. Мал жоқ. Балық аулайтын ау-құрал тағы жоқ. Басқа кәсіп таба алмаған соң ала қардың түсында Кәлен кірешілерге ілесіп, Шалқар шаһарына тартты. Ол бір жетіден кейін ғана қайтып оралды.

Үсті-басы сары-ала батпақ. Сақал, шашы өсіп, көзі үңірейіп жүдепті. Қалада тұратын таныстарынан ау тоқитын жіп сұрап әкеп, балықшыларға аз-аздан бөліп берді.

Кәлен мұнымен қиындықтан шыға алмасын білді. Ол тағы да талап қып, қасына Райды ертіп, Түбектегі ауылға кетті. Рай Есбол атасының бурасын сұрап алды. Кәлен бір көңілдесінен түйе мініп қайтты. Ол екеуі өздеріне қарасты үйлердің іске асар лыпасын жинып алды да, көрші ауылдың астықшыларына ілесіп, Қоңыратқа тартты. Қоңырат сапары қауіпті. Қалашылар жүретін керуен жолының бойында ұрылар көп екен деген суық хабар ел ішінде дүңкілдеп естіліп жатқан-ды.

Ақбала Райдың астыққа барғанына қарсы болды. «Улап-шулап жатқан бала-шағамыз жоқ, көппен бірге күнелтерміз»,— деп қайнысын азғырып көріп еді, бірақ Рай көнбеді. Кәлен екеуі түс ауа жолға шықты. Ақбала қасына Бөбекті ертіп, қайнысын ауыл сыртына ұзатып салды. Жастар қысылмасын деп ойлаған Кәлен ілгері озып кеткен қалашының ізіне түсіп, түйесін тайрақтатып желе жөнелді. Тақымына қара шоқпарды басып алған. Қалың қара тымақ пен қалың күпілі нар тұлғалы кісі жазылы түйе үстінде отырғанда, тіпті айдынынан именерліктей. Сырт қараған кісіге қарт батыр сияқтанып, қарасына ырза болғандайсың.

Кәленді көргенде Ақбаланың жүрегі орнына түсті. Кәлен бір қырдың астына түсіп, көрінбей кетісімен Ақбаланың көңілін үрей қайта биледі.

Ақбала ұстамды болатын. Бұрын қандай жағдайда да тәкаппар, пақ жүзі шімірікпей, қасын керіп тастап, байсалды бір қалпынан жазбайтын. Осы жолы өзін-өзі ұстағысы кеп, іштей қатайып бақты. Онсыз да, қауіп-қатерге басын

байлап бара жатқан қалаушы жігіттің алдында көңілді боп көрінуге тырысып еді.

Бірақ онысынан ештеңе шықпады. Қайнысының қасында өңі қуарып, жабырқау жүзін төмен салып, тұйық келе жатты:

— Ал, жеңеше, енді қалыңдар! — деді Рай.

Ақбала қайнысын енді қайтып көрмейтіндей, жаулығының шетімен аузын басып, егіліп жылай берді. Бөбек те жылады.

Рай сыр бермеуге тырысса да, көңілі босап бара жатқанын сезіп, желе жөнелді.

Қайнысын шығарып салғасын. Ақбала өзінің жалғыздығын бұрынғыдан гөрі қаттырақ сезді. Үйге келді. Үй ішінің төсек орны жиналмаған, адам тұрғысыз аңғал-саңғал. Құндақтаулы бала пеш түбінде жатыр. Күні толмай шала туғасын ба осы бала жыламайды. Мезгілімен оятып емізбесең өздігінен оянбайды. Ақбала кейде өліп қалғандай көріп, жүгіріп барып құндақтаулы жатқан баланы көтеріп алатын. Сондай кезде жас ананың жүрегі аузына тығылып, алқынып кетуші еді.

Еламан ұсталғаннан бері Ақбаланың әр күні азаппен өтті. Үйден шықпады. Күндіз-түні жалғыз... Райдың үйінен басқа бір жерге бас сұқпаған соң көбінше қаңыраған бос үйде қос тізесін құшақтап, көңілі құлазып отыратын. Кейде дәл осылай жалғыздық жанын қинап, жер бетіне сыймай кеткен шақта, жас баланың жылағанын аңсаушы еді.

Қайнысын шығарып, үйге қайтып келгесін Ақбала тіпті қатты құсаланды. Не істерін білмейді. Іші күйген кезде ұрынуға қара таппады. Өмірі от басына істемеген әдетін істеп, жолда тұрған ыдыс-аяқтарды теуіп, үйдің ішін әңкі-тәңкі қылды. Күйік көтерген әйел, бірақ бұған да міне тұтпай, бойын долылық буып, қалшылдап көгеріп алды. «Құдай-ау, енді маған істемеген нең қалды? Әлде...» Осы арада есірік көзі балық соятын пышаққа түсті. Қатты соғып тұрған жүрегі, кенет алқымына тығылып тоқтап қалғандай болды. Селебе пышақтан көзін айырмай, ажал аузында арбалып, сеспей қалғандай боп: «Әлде... өзімді-өзім өлтірсем бе екен?»— деп ойлап, бір жамандыққа ниеті ауып бара жатты. Күйініші үстінде істеп салуы да мүмкін еді.

Осы арада көзі балаға түсіп, өзінің ойынан өзі шошып кетті. Жас ана кішкентай Әшімін құндағымен көтеріп алды.

— Әй, азаматым. Әй, қасымдағы қарам!.. Қашанғы ұйықтай бересің. Тұрсайшы... сен бір кез көзіңді аш-

сайшы,— деп ұйықтап жатқан баланың мұрнын шымшылады. Онан баланың аузына емшегін салды. Бала оянбады. «Құдай-ау, не жаздым? Не пиғылымнан таптым?»— деп ойлап, Ақбала қайтадан құсалана бастады. Балаға деген әлгі ыстық ықыласы, енді бір лезде ренішке айналды. Ызғыған мұздай үйдің ішінен жабырқау жүзбен селқос қарап өтті. Мұнды көзін қаңыраған бос үйдің бір бұрышына тігіп, кем-кемнен көз шарасы кеңейіп, жасқа толып бара жатқанын сезбей қалды.

Еламан айдалып кеткелі көз жасы құрғамады. Алғашқы кезде оңаша үйге жалғыз жатуға қорықты. Кей түні елегзіп, таң атқанша көз ілмей шығатын. Жалғыздық зарын тарта бергесін әкесінің қолына көшіп барғысы келді. Бір-екі рет анасы арқылы әкесіне сөз салып көріп еді. Сүйеу қарт: «Қой, қызым, қой! Қой!.. Көзім тіріде Еламанның шаңырағын құлатқызбаймын»,— деп кесіп тастады. Сонан бері Ақбаланың амалы құрып, басына түскен шарасыздыққа шыдап келе жатқан-ды. Кешке қарай құбыла беттен қара дауыл көтерілді. Бір кезде жел жерқазбаның қарсы алдынан соқты. Топсасы босап тұрған жаман есіктен жел ызғып, сықырлап, сартылдап ашылып кете берді. Май шам сөніп қалды. Ақбала басын көтеріп алды. Жүрегі тайдай тулап кетті. Мөрже үілдеп тұр. Кейде соның мөрже екенін ұмытып, қорыққан көңілге үй іргесін тырналап, ұлып жатқан қасқыр секілденеді. Үй іші кенет қап-қара бірдеңелерге толып кеткендей болды. Өздері ырсылдап, пысылдап сарт-сұрт етіп, үй ішінде қаңдап жүрген сияқты. Ақбала өзін-өзі билей алмады. Қорыққан әзірде қойнында жатқан баланы ұмытып, бір уыс боп пеш түбіне тығылып алды.

Қозғалуға қорқып, тастай қараңғы үйге екі көзін атыздай боп үрейі ұша қарап қапты. Әлдекімнің ішке ұрланып кіріп келе жатқанын көріп, Ақбала шыңғырып жіберді.

Сол сәтте:

— Қорықпа. Бұл мен... мен ғой,— деп ішке кірген кісі іле дыбыс берді. Сырттан әзірлеп келген оттығын жағып жарық қып, ілгері жүрді.

— О, тәңір-ім!.. Тәңір-бер-ген! — деді Ақбала демі дірілдеп.

Әлгі бір үрей аңдаған қап-қараңғы дүниені дәл өзі ысырып тастағандай, түлкі тымақты, қара мұртты, қызыл шырайлы жігіт оттық ұстаған қолын алдына созып, күліп деп келе жатты, ұятты көзін әйелге тігіп алған. Пеш жанында әлі есін жия алмай, өң мен түстің арасындай бір хал-

де қолын кеудесіне қысып күп-ку боп тұрған Ақбалаға ұмтылып кеп, құшақтай алды. Ұлықсат сұрап жатқан жоқ. Алғашқы бетте-ақ ол Ақбаланың басын шалқайтып, төсегіне жыға берген күйі дәл ернінен қадалып сүйді. Ақбала қарсыласпады. Үрей есін алып қалжырап қапты. Алғашқы сәтте әл-дәрмені құрып, құр сүлдерімен жігіт құшағына құлай кетті. Қызусыз, жалынсыз, тек әйтеуір қорыққан шақта қарасын көрсеткен кісі болғасын онан сүйеу іздегенбей боп, кеудесіне бетін баса қалды; сол, сол-ақ екен, Ақбала күні бүгінге дейін тағдырдан көрген бар зәбір-жапасы есіне түсіп, солқылдап жылады. Тәңірберген үнсіз аймалап сүйе берді. Бір кезде жігіттің ыстық ернінен жас тәнге шоқ ұшып түскендей болды. Сұлық жатқан келіншек... сол бойда шұғыл ес жиды. Өз бойында оқыс тұтанған ыстық жалынмен құшырлана ұмтылып, Тәңірбергенді мойнынан тас қып алды. Ақбала осы сәттен бастап өзінің жалғыздығын ұмытты. Өмірден шеккен зәбір-жапасы да есінде жоқ. Тірліктің тәттілігін жаңа ғана білгендей. Жігіт денесіне өз денесімен жабысып, жыланша сығып оратылып алды. Сонан кейін ол Тәңірбергеннің жаланаш төсіне бетін басып, еркек кісінің исіне елітіп тыныштық тапқандай болды.

Тәңірберген Ақбаладан шошына бастады. Тәңірберген кеткісі келгенмен Ақбала жібермей қайта-қайта жабысты. Тәңірберген таң атып қалғанын айтып, келіншектің құшағынан шаққа босанды. Тез киініп, тымағы мен түрме белбеуін кетіп бара жатып алды. Есіктен бұғып шықты. Осы арада жан-жағына абайлап көз салып өтті де, ұрлана басып ауыл сыртындағы сары төбенің астына тұсап кеткен атына келді. Жалғыз жайылып, қара іздеп тұрған бәйгі күрең несін көргенде, басын көтеріп алды. Қос құлағын шұғыл тігіп, оқыранып жіберді.

Тәңірберген атқа мінді. Қорқынышын басып, көңілденіп ән салғысы кеп кетті. Тәңірберген бәйгі күреңге тақымды басып, Ақбауырда отырған аулына қарай ағызып бара жатып, бұрылып артына бір қарады.

V

Ертеңіне Ақбала сәске түсте оянды. Бойы ал-сал. Қалжыраған денесін қозғауға ерініп, көзінің алдын тәтті кіреукке тұтып, бар дүние бұлдырап жатқан. Кенет, әлдене есіне түсіп басын шұғыл көтерді. Күнде қойнына алып жататын баласы қазір қасында жоқ. Бір шетте жетімсіреп жалғыз жатқан баласын көргенде, Ақбала не болғанын білмеді.

Ызалы жас алқымын буып, жүрегі дірілдеп отыр еді. Сүйеу қарт кірді.

Еламан ұсталып кеткелі жалғыз қалған қызына жні қатнап жүр. Бұрын пұттап-сандап қара азық әкелетін. Бұ жолы Сүйеу қарт жалғыз қойын үйітіп әкеп, босағаға дүрс еткізіп тастай салды. Етігін шешіп, тымағы мен тонын былай қойды. Көзі қырағы шал ішке кіргеннен-ақ қызының *жабырқау жүзін жаратпай, шытына қалды.* Бірақ тіл қатпады. Төрге шығып, тіп-тік шаншылып алған күйі үнсіз түйіліп, сыздап отыр. Шайды да аз ішті. Дастарқан жиналысымен түрегелді.

— Қазанға ас салайын...— деп Ақбала жасқана тіл қатты. Сүйеу ырай бермей, қолын сілкіп қалды. Есіктен шығып бара жатып, әлдене осы арада ғана есіне түскендей:

— Шешең қуатты. Сәлем айтып жатқан,— деді де, сонан артық тілге келмей жүре берді.

Әлібидің үйіне барды. Қызына келген сайын бір соғып кететін жақсы бастасы. Сүйеу дегенде Әлібидің де ықыласы бөлек. Кемпір қыстан қалған сүрді үлкен қазанға толтыра асып, ақ самауырды сыртқа ала жүгірді.

— Шайға дейін бесін намаз оқып алайық.

— Не дейді?.. Болып та қалғаны ма?

— Мұнан өтсе қаза жіберіп аламыз.

— Рас шығар. Бесін намазың бір пәле. Көктемдегі сауын малындай, тым мазасыз,— деп Сүйеу түрегелді. Далаға шығып іш дәрет алып келді. Бесін намазынан кейін, олар сары бауырсақ, сары ірімшікті ат жал ғып төккен үлкен дастарқанды ортаға алып, шайға жаңа отыра берген-ді. Сол сәтте бір жігіт жүгіріп кіріп, сыртта Алдаберген софының аттан түсіп жатқанын хабарлады. Әліби ұшып түрегелді. Өзінің әшейіндегі салмақты мінезінен айрылып, кебісін кие алмай, қалбалақтап сасып жатыр:

— Кемпір, тұр. Оттың басын қағып-сілкіп.. былай, нетіп қоярсың.

Сүйеу қарт бастасының мінезін жақтырмады. Қан-сөлсіз беті суық тартып, тұсындағы терезеден сыртқа көз қиығын салды. Үй алды адам-қараға толып кетіпті. Қошеметшіл көп шуылдақтың ішінен Алдаберген софының ірі денесін таныды.

Алдаберген пұшпақ ішіктің омырауын ашып тастапты. Тобылғы сапты қамшы ұстаған қолымен бір бүйірін таянып ап, *көп алдында тұмсығын көтере сөйлеп тұр екен.* Сүйеудің бетіне ащы мысқыл шапты:

— Пah, пah!.. Мына жаманның жер бетіне сыймай тұрғанын-ай!

Ішке бес-алты кісі кірді. Алдында Алдаберген софы. Ол төр алдында отырған Сүйеу қартты көрсе де, көңіл бөлген жоқ. Сүйеу де сұп-сұр боп түйіліп алған.

Жібитін емес. Олардың іш араздығын сезетін Әліби өз отының басында бір бүлік шығып кете ме деп қорқып, Сүйеу мен Алдабергеннің алдында қалбалақтап жатыр:

— Жақсы келдіңіз. Асқа дегендей келдіңіз.

— Бұл менің мақтап жүретін үйім ғой,— деп софы сүр исін сезіп, қазан жаққа көңілдене көз тастады. Асқа отырардың алдында бұл да әуелі бесін намазын оқып алғысы кеп, сырт кимін шешіп бойын жеңілдеп жатып:

— Қысты күні жоғалған екі қара атым табылды. Мына көршілес Қабақ руынан тапты. Соның дауынан қайтып келем,— деді.

Жұрт ыңғайсызданып қалды. Осы екі аттың жаласын Құдайменде Кәленнен көріп, күшпен мойнына қиып салған-ды. ОныСүйеу қарт та ішіне түйіп, қайымы қашан келеді деп қыбыр етпей аңдып отыр. Үлкен қыр мұрынының танауы қусырыла түсіп, беті жыбырлап, ақ кірпігін ашумен қағып-қағып қалды.

Ашқарақ софы дастарқан басына тезірек отырғысы кеп, іш дәреттің ырымын ғана істеді. Асыққанда мәсуегін де ұмытып аузын құр сумен шая салып еді. Сүйеу соны сөзге ілгіш қып:

— Әй!.. Әй, Алдаберген,— деп даусы шаңқ етті,— эне бір жолы көргенімде аузыңды қазықпен арлы-берлі сұққылап, іш дәреттің кәдесін қиындатып жіберіп едің. Бұл жолы өйтпедің ғой. Әлде екі қара ат есіңді алды ма? А?

Алдаберген софы тұк басқан бетін салмақпен бұрды.

— Е, сорлым-ай! Сенің тілің зәрлі ғой. Бірақ, есіңде болсын, менің қоңым қалың. Шыбынның шаққаны құрлы көрем бе екен сөзіңді.

— Ә!.. Ә, дегендей! Доңызға таяқ қана өтеді деген бар ғой...

Софы түтігіп кетті. Жанжалдан қорыққан Әліби «сендерге не болды, қойсаңдаршы»,— деп басалқы айтып көріп еді, софы өрекпи түсті:

— Ей, ақшұнақ шал, абайла. Ақ патшаның кісені көп. Күйеу баланың қол-аяғына салған кісен, шындасам, саған да табылады.

— Ә, ә, зымиян, аржағыңа түсіндім. Бұл заманда бір ерге бата тиіп, бір ерге қате тиіп жүргені рас. Ал... ал, бі-

рақ дүние кезек. Абралы әулеті, келдек басы өзіңе тигенде... сенің әуселеңді сонда көрерміз.

Алдаберген асқа қарамады. Бесін намазын оқыды да, асығыс киініп, жүріп кетті. Сүйеу үнсіз, Әліби бір-екі рет тіл қатып көріп еді, оған да қыбыр етпеді. Ақ кірпігін андасанда бір қағып қап, тіп-тік боп тура алдына қарап отырған-ды. Кенет, әлденеге осқырына күліп:

— Тұтақ!.. Тұтақ шіркін! Пұшпақ бөркін бір шекесіне осқырта киіп, өзі де маған одырая қарайды. О, жаман! — деді.

Әліби бұл жанжалдың арты тегін кетпесін — Сүйеуді түбі бір пәлеге ұрындырарын біліп, дастарқан жиналғасын да қыбыр етпестен ауыр ойда мүлгіп отыр.

VI

Үй ішіне қара көлеңке үйірілген кешкі зауал шақ; бірақ әлі бір үй шам жаққан жоқ; қаладан қашық тұратын ауылға бәрі қат, бәрі зәру; кіріптарлық басына күнде түсе берген қазақ әйелдері керосинге дейін үнемдеп, қас қарайғанша шам жақпай, қазан астында жанған оттың сәулесін жарық қып, жүдеу өмірді онан сайын тұтата түседі. Кей үйдің шамы төсек саларда ғана сығыраятын.

Осы бүгін Әліби үйінің шамы жанбады. Ас ішер кезде Бөбек үйден үн-түнсіз шығып кетті.

— Кемпір, тентегің неге көңілсіз жүр?

— Қайдан білейін.

— Сен бірдеңе деген жоқсың ба?

— Мен не деуші едім. Құдайға жазықты болсақ та, оған жазығым жоқ.

— Енді неге көңілсіз? Жүзі сынық қой.

— Мен қайтейін. Қолдағы жалғыз бала болғасын қасы-қабағына қарайсың. Қайдам, сорлы ата-ананың көңілі балада болғанда, баланың көңілі басқа жақта ма деп...

— Қой әрі! — деп Әліби кемпірінің сөзін тыйып тастады. Мұздай бірдеңе тәнін қарып, тітіркеніп қалғандай болды.— Не деп бықсытып барасың?

— Құдай-ай! Жаны күйген тәңірісін қарғайды деп, сен де маған дап-дайын тұрасың-ау. Бір ілгіш тауып, найзаңды бүйірімнен сұққылайсың да жатасың,— деді де, кемпір жеусіз қалған етті көтеріп ала жөнелді.

Бұрын мыңқ етпейтін. Енді бір ауыз сөзді көтере алмай, аяқ астынан тулағанына Әліби аң-таң. Кемпіріне барлай қараған күйі от сәулесінің жарығында ойланып қал-

ды. Кемпір бұрын істемеген жат мінез көрсетіп, ыдыс-аяқтарды лақтырып жүр.

— Балаңды жақсы көретінің шын болса, көзіңнің тірісінде құтты жеріне қондыр.

— Әй, қойсайшы енді.

— Мен не деп қоямын... Көз бар ма өзіңде, көрмейсің бе қызыңның анау, бой жетіп...

Ішке Бөбек кірді. Кемпір тыйыла қап, теріс қарап бұрылып кетті. Бөбек ата-анасының ұрысын есітпесе де, ол екеуінің өзі жайында түс шайысып қалғанын сезді. Бұрылып қараған әке назарын да байқады. Бірақ Бөбек әкесіне қарамай, көзін төмен салып төсегіне өтіп кетті. Қонақ келсе үй іші көңілденіп қаңғыр-күңгірге толып қалады. Ал қонақ жоқ күндері кешкісін қара көлеңке үйде екеуден екеу төбесі шошайып отырған қарт ата-анасына Бөбек қарай алмайтын. Олардың алдында өзін кінәлідей сезіп, қысылып жүретін-ді.

Есейген сайын Бөбек өзінен басқа қорғанышы жоқ қарт ата-анасын аяды. Көзі ұйқыға кеткенше үнсіз жатып жас төгетін боп жүр. Ол осы жолы да іш толқынына әлі келмей, кеудесін өксік қысып, негі кемсеңдеп бара жатқанын сезді де, бетін жастыққа баса қалды. Анасы екі құрсақ көтерді... Екеуі де қыз. Үлкені Әлиза. Қолдағы жалғыз бала болғасын Бөбекті кішкентайынан ұл ғып өсірді. Қарт ата-ана қызының қас-қабағына қарап, ол күлсе жыртық үйдің жабығынан күн түскендей көңілденіп қалады... Сәл мұңайса, кемпір-шал қосыла жабырқайтын болғасын, бұл күнде Бөбек үй ішінде үнемі күліп жүруге тырысты. Тек кейінгі кезде өзінің осы бір жалған халінен жалыға бастады. Бала кезінен бері өзінің қыз екенін жасырып келеді. Қызға ұқсамау үшін әдейі ер баланың кимін киді. Ер балалармен ғана ойнады.

Ауыз жеңіл біреу әлдекалай оған қыз екенін айта қалса, ызақор қыз жылап қоя беретін. Ондайда ұлы жоқ, ызалы ана қосыла жылап, Әліби де назырқап қалатын болғасын мұңды, момын шалдың көңілін аулап, Бөбектің қыз екенін бүкіл ауыл боп жасырып келіп еді. Осы жалған халі қазір қыздың өзін қажыта бастады.

Оның үстіне сүйген жігіті астыққа кеткелі зәресі жоқ; осы елдің Қоңырат, Шымбайға кеткен талай қалашылары тоналып қайтып жатыр, онан сайын Бөбектің иманы ұшып, талай түнді ұйқысыз атырды, көп ойлағандықтан көрмейтін түсі жоқ; бір жолы түсінде сеңсең құрайышты, шүңірек көз кісілер астықшылардың көшіне тиіп, көзді ашып-

жұмғанша үйпалақтап тастады. Қарсыласпақ болған Райдың мойнына бір қара түрікпен қыл шылбыр салып жіберді; шылбырдың бір ұшын тақымына басып ап, атпен сүйретіп шаба жөнелгенде, Рай қырылдап демі үзіліп бара жатты. Бөбектің жүрегі аузына тығылды. «Ра-а-а-й»— деп шыңғырып жіберген даусы шошып оянғанда да құлағында тұрды.

Қызының бой жетіп қалғанын Әлібиден көрі ана жүрегі бұрынырақ сезді. Қарт ана қызының Райды жақсы көретінін де сезетін. Бірақ, Райдың өзі де жақсы көргесін, атастырып қойған жері болса да, қызының қалаған жігітіне қарсы келмеді. Осы жолы да үндемеді. Тек қызының төсегіне қатарласып жатып:

— Бөбекжан, неге шошыдың? — деп сұрап еді, Бөбек шешілмей: «Қолымды жылан шағып алған екен»,— дей салды. Ертеңіне қыз балықшылардың аулына тартты. Жұртқа көз қылып әуелі апа-жездесінің үйіне кіріп шықты, сонан соң Райдың әжесіне барып, амандық-саулық біліп отырып, бір сөздің ретінде кәрі әжеден түсті қалай жору керек деп сұрады. Кәрі әже Бөбектің аржағында айта алмай отырған қорқыныштың бірдеңе барын сезіп:

— Қайдам... біз не білейік. Бұрынғылар түсіңде қорықсаң өңіңде қуанасың деуші еді,— деп күмілжіп отырды да, кенет қыз жүзіне көзін тігіп,— немене, сен шіркін, астықшыларға түс көргеннен саумысың? — деді.

Бөбек кәрі әжеге де шынын айтпады. Пеш мойнында тұрған Райдың домбырасын алып, шаңын сүртті; жаңадан перне байлап, шек тақты; қасында отырған кәрі әжеге ақырын ыңылдап отырып, ән айтып берді:

— О, Қарғам, сен қайтесің мен дегенде
Боламын мен сергелдең сен дегенде...

Кәрі әже қыз жүрегінің мұңды шерін кимешектен құлағын шығарып, иегін тізесіне сүйеп, бір уыс боп бүрісіп отырып тыңдады. Кәрі көңіл иісініп кетіп:

— Заржақ-ай! Сай-сүйегімді сырқыратып біттің ғой,— деп жеңімен көзін сүртті.

Бөбек үйіне кеш қайтты. Қарт әже кешке қарай сырқаттанып қалды. Ақбала әкелген асты аузына да алмады. Келесі күні де төсектен тұрмай, сүлесоқтау жатқан-ды. Түс ауа Бөбек келді. Қарт әже әдепкіден оны танымады. Бұрын жігіт киімін киіп жүретін Бөбек қазір біртүрлі; басында қамшат бөрік, үстінде бүрмелі қос етек көйлек; бірақ қыз киімін киген жігіттей бар мүшесі біртүрлі ебедейсіз; аяғын

кібіртіктеп, қаймығып басады. Жеркәзбаның аласа есігінен кірер жерде ұзын көйлектің етегін кебістің тұмсығымен басып кетіп, сүрініп құлай жаздады.

— Мынау кім? Бөбек пе? Е, сұбыхан алла, тағы не шығарғансың? — деп кәрі әже жағасын ұстады.

Бөбек күлкісін күшпен іркіп, ернін тас қып тістеп алыпты. Малынған ақ бәтес көйлектің етегін алдыңғы жағынан көтеріңкіреп алды да, күміс шұбыртпалы қара сүрік кебісті тықылдатып тез-тез басып жетіп келді:

— Әже, қалай, үйлесе ме?

— Үйлесуін үйлесер-ау... бірақ қайдан білейін...

Бөбек қарт әженің көмейін аңғарып, мойнына асыла отырып еді, гүлге қонған ақ көбелектей, қыз үстіндегі ақ бәтес көйлектің бүрмелі етегі желбіреп, аяғының басын көме бұрқ етті.

— Ай, әже-ай! Жігіт киімін қанша кигенмен затың әйел болғасын қиын екен. Нәсілің жібермейтін көрінеді. Бұрын баларақ кезімде ештеңе емес еді... Жасың келген сайын кемді күнгі алданыштың да жолы тарыла түсті. Жігіт болсам, осы елдің бұғағынан үзілейін деп тұрған қыздарын өзім таңдар едім. Қыз болғасын кіріптарсың, жігіттің көзіне түсіп, қашан сөз айтқанша сарғайып бітесің. Ал жігіттер шалбар киген қызды қайтсін,— деп шын сырын да сықаққа айналдырып, кәрі әженің иығына бетін басып, сықылықтап күлді.

Кәрі әже қыздың қолын алақанымен сипап, қоштағандай басын изеп отыр.

— Өзімнің қыз екенімді Рай астыққа кеткелі білдім. Ата-анамды алдарқатпақ боп жүріп, өзімді де алдап келіппін. Соны білгесін үстімдегі жігіт киімін сыпырып тастадым да, өзіміздің ауылдың жігіттеріне бір-бірден үлестіріп бердім .

— Рас шығар?!

— Сізге өтірік айтып қайтейін...

— Ата-анаң мұқап қалады-ау, енді. Жігіт киімінің астында қыз жүрегі соғып жатқанын, ол пақырлар білмейтін келіп еді...

— Оны да ойладым. Бірақ аз күнгі алданыш ата-анаға қанша талшық. Соның бәрі аш баланың саусағын сорғандай, құр әурешілік екеніне көзім жетті. Оның бер жағында сүйерің мен күйерің басқа жақта болғасын, осы күні, әже-ке-ау, нансаңыз, өз үйім өзіме жат. Қонақ секілдісің.

Кәрі әже Бөбектің әдемі қара торы бетін жаспен сулап, қысып сүйді:

— Екі қозымның... егіз қозымның бірі.

— Әже, осы қалашылар неге кешікті?

— Қайдам, бұрынғылар «аңшының кешіккенінен сүйін» дейтін. Көп олжамен ырғап-жырғап жете алмай келе жатқан шығар.

— Ана, Судыр Ахмет...

— Ал?

— Сол Судырақ қалашыларға құмалақ салған екен...

Әженің көзі атыздай болды. Бөбектің аузын аштырмай, қолын сермелеп:

— Қой, қой, жарқыным. Жағына жылан жұмыртқаласын, ол Судырақтың,— деді.

Осыдан кейін ешқайсысы үндемеді. Екеуінің де көңіл түбіндегі бір жұбанышы — Кәлен. Қиындықта қасындағы жолдасын жауға бермейтін сенімді кісі. Және Қоңырат, Үшсай, Үргеніш Кәленнің мұнан бұрын да талай болған, жалғыз жортқан жерлері. Қалашы сапарларының қай жерінде жол тосар ұры-қары, басқыншы кездесерін Кәлен жақсы білетін еді.

— Кәлен қарағым сау болса, қалашыларды жауға бермес. Аман-есен, ырғап-жырғап келер әлі-ақ,— деп қарт ана Кәленді көңіліне дәтке қуат қып отыр.

VII

Биыл көктем кеш шықты; қар бір еріп, бір жауып, жазғытұрғы сілемік күн ел еңсесін көтертпей қойды. Көк жүзіне бұлт айналып, көбіне ызғырықтау боп тұрған. Бұл өңірдің ауқатты байлары ерте көктемнің осындай жайсыз мазасыздығына қарамай, кең жайлауға алдақашан көшіп кетті .Малдары күйлі. Киіз үйлері жылы, ақтүтек үскірік соғып кетсе де ығы мол. Ер азаматтары да сайлы, ал бірлі-жарым мал ұстаған шаруалардың жөні басқа. Олар қыстан қоңсыз шыққан арық-тұрық мал жайын ойлап, күннің қабағына қарап, қай ауыл бастап көшер екен деп бірін-бірі қарайлап отырғанда, ұсақ мал төлдеп қалды. Жылы қорадан шыққысы келмей, сылтау іздеп, бойкүйезденіп отырған алакөбең шаруаға, бір жағынан о да етек басар. Енді жас төлдің қаратабан боп жер басып кетуін күтті. Қыстан қалған шөп күн сайын ақсиақтанып, сақ тартып барады.

Жаңа тебіндеген жас көк те ауыз толтырмай, сауын малы ақ үрпіленіп божырап кетті. Теңіз жағалауындағы ауылдарға етек басар болып отырған тағы бір жай — қалашылар. Үшкөңді қоныстаған үш ауыл — Судыр Ахмет-

тің, Пірмән, Шірмәннің, Әлібидің ауылы қалашыларға қарайлап әлі қорада отырған-ды.

Осы үш ауыл бүгін үлкен әбігерде. Таң алдында Қоңыраттан астықшылар келді; ат-көліктері аман, бәрі де олжалы қайтқан; түйелерінің жүгі толық; әр түйеге алты қап астық артып, ырғап-жырғап келді.

Бүгін осы хабар бар адамның аузында; бірінің аузынан шыққан сөзді бірі қағып алып, ел ішіне мәнерлеп, өсіріп таратады. Астықшылардың аман келгенін лақап қып таратып, үлкен аңызға, жырға айналдырып жіберді. Бұрын ел ішінде кім көрінгенге ит түрткі болып жүрген қор кісілер де астыққа бір шығып кеп ауызға ілікті. Ең аржағы оларға дейін ел ішінде үлкен құрметпен айтылып жатыр. Бала екеш балаларға дейін қарық. Қолына ұстатқан бір-бір кірендарын қалай жеудің, кімге көрсетіп мақтанудың есебін таба алмай, үй-үйге шапқылап, үйір-үйір болып жүгіріп жүр. Жүгері қуырмай, сөк ақтамай жатқан үй кемде-кем.

Осы бүгін жар басындағы балықшылар ауылы да қуанышты. Астықтан Кәлен мен Рай келді. Екеуі де алты қаптан астық әкеп, үйлерінің алдына үйіп тастады.

Кәлен үйі кісіге толы. Көп кісіні Кәлен танымаса да, қырдан құлаған келімсектер екенін іші сезді. Биыл қырды қыстайтын ауылдардың малы қырылып, тігерге тұяқ қалмағанын білетін. Малынан айрылған ауылдардың ер-азаматтары кәсіп іздеп, көктем кіргелі ұбырып-шұбырып жағаға құлап жатқанын көрген-ді. Аш кісілер промсолды басып жатыр. Еңбек ақы сұрамайды. Қолына ау-құрал бергенге ырза. Сондай босқындар биыл, айрықша, Ақсақ Жагордың промсолына көп құлапты деп есітті.

Кәлен үсті-басы алба-жұлба, жүдеу кісілерге қарай алмай, көзі тайып кете берді. Әңгімеге де селқос.

— «Талапты ерге нұр жауар» деген рас қой. Сапарың қайырлы болды. Енді, міне, бір жылдық азығыңды әкелдің,— деді Дос.

— Айналаң аузын ашып аш отырғанда, кісі қарны тойып ас іше алады дейсің бе...

— Е, несі бар. Әркім тапқанын ішеді де. Халықтың бас-аяғын түгендеу қай пенденің қолынан келген.

Кәлен Досқа бұрылып бір қарады да, көзін тайдырып әкетті:

— Жоқ, мен жапан түзде жалғыз үй отырғам жоқ, халықтың арасында отырмын. Өле жегенше, бөле жеймін. Әй, қатын, бар, халықты жи.

Жамал қолындағы барын көршілерімен бөлісіп отыратын қолы ашық әйел еді, ол күйеуінің ниетіне түсініп, ішінен үнсіз құптағандай боп, сыртқа көңілденіп шықты.

Дос Кәленнің сөзіне сенер-сенбесін білмей, дағдарып отырды да:

— Әй, Кәлен,— деді бір кезде,— осы сен ойланбай айтып отырсың-ау. Алты қап астығың бір үйге алты ай азық болса да, көпке бөлгенде қай тобырдың аузынан табасың. Көпті жарылқай алмайсың.

Кәлен жалт етіп, Досқа түсі бұзыла қарады:

— Ол ақылың өзіңе. Бір қатын, бір баламды беліме байлап жүріп жұмыс істесем де, тамақ тауып берем.

Дос ләм-мим деп тіл қатпастан тұрды да, шығып кетті. Оның ренжігеніне Кәлен қынжылмады. Досқа ырай бермей, ашулы жүзін сырт салып, суық томсарып отырған қалпынан қозғалмады. Достың іш тарлығына ренжігенде, есіне Еламан түсті.

Балықшылар жиналғасын Кәлен сыртқа шықты. Екіүш жігітті қасына шақырып ап:

— Мына астықты балықшыларға бөліп беріңдер,— деп әмір етті де, баласын қолынан жетелеп, жүріп кетті. Беті — ауыл сыртындағы қара мола. Қыстыгүні қайтыс болған баласы осы қорымға жерленген-ді. Жамал жас кеп қалған көзін жаулықпен сүртіп тұрып қалды.

Бүгін Райдың үйі де толған кісі. Рай қарт әжесіне Қоңырат базарынан әкелген базарлығын беріп жатыр. Бірақ қарт әженің базарлықпен жұмысы болған жоқ. Сүйікті немересін ендігі жерде көзінен екі елі таса қылмасын айтып, қолымен қысып жабысып алды.

Рай үйіне жиналған кісілердің ішінде Ақбаланың жоғын көріп, тынышсызданып отырды да, ақыры ол:

— Еламан ағамнан не хабар бар? — деп сұрады.

— Ешқандай хабар жоқ. Жер түбіне айдап әкетті емес пе.

— Ие, сабаз ер, ақыры ат жетпес, атан жетпес жерге көз асып кетті ғой. Жоқ болды ғой!

— Баласы... аман ба?

Есік жақтан Қарақатын күңк ете қалды.

— Сол көрдемше өлетін бе еді...

— Ақбаланың күйі-жайы қалай?

Балықшылар үндемеді, бұл жолы тағы да Қарақатын күңк етіп:

— Оның несін сұрай береді екен. Алты қап астық әкелген сенен күйлі,— деді.

Рай осы үйдегі кісілердің жаңағы жерде Қарақатынды беттен қағып, тыйып тастамағанына таң қалып отыр. Соған қарап Райдың өз көңілінде де сезік оянып, ойы жаманшылыққа бұрып бара жатты. Осыдан кейін ол көңілсіз тартып, үй ішіндегі әңгімені тыңдамай, кәрі әженің қасында қоңырайып қана отыр еді.

— Әй, өңшең шуылдақ! Үйлеріңе барыңдар! Баламмен оңаша қалдырыңдар, түге! — деді кәрі әже. Осы ауылдың үлкені болған соң Райдың әжесі балықшыларға өзімсініп, әмір етіп сөйлейтін және айтқанын істететін-ді. Балықшылар бір-бірлеп тарай бастады. Аздан кейін жұрт аяғы басылып, үй іші оңашарды. Бірақ кәрі әже бастапқы бұйығы қалпынан қозғалмай, тізесін құшақтап, бір уыс болып бүкшиіп қана отырған күйі:

— Еңкей! Құлағыңды бері әкел! — деп немересіне әмір етті. *Бөбек жөнінде бірдеңе айтарда, әжесінің әуелі* дәл осылай түсін суытып, зекіп сөйлейтін қиғаш мінезін тани қойды; Рай шұғыл жадырап әжесін құшақтай алды.

— Сен сонша не біліп қуандың? Күлімдеп қоя бердің ғой.

Рай қызарып кетті. Тіл-жағы байланғандай, тұк айта алмай, бар болғаны, кәрі әжесін құшырлана қысып, жабыса түсті.

— Ой, жәдігөй! Ой, шірік неме! Әжеңе әшейінде жабыссаң қайда қалдың?! — деп күліп,— сенің әлгі жүгірмегің кеше де келіп кетті. Маған келеді дейсің бе, сен ғой оның ынтызары. Бәлденіп, зарықтыра бермей, барып қайт! — деді.

Әлібидің қыстауы жақын, үрген иттің даусы естіліп тұратын-ды. Рай сүйген қызының аулына тез жетті. Бүгінде Әлібидің өз үйі қорадан шығып, қыстаудың сырт жағына киіз үй тігіп отыр екен. Қоңыр түндік салған алты қанат боз үй Райдың көзіне оттай басылды. Үй алдында бір топ кісі тұр; орталарында Алдаберген софы, бәрі соның аузына қарап, қошемет көрсетіп, жалпылдап жатқанын көрсе де, Рай қасақана, алдымен софының қолын алмай, шетінен амандасты. Жас жігіттің бұл қиқарлығын Алдаберген түсініп, Райға ол да көз салмай, сызданып, сырт айнала берді. Рай оны елеген жоқ. Үй алдындағы сай бойынан бұлақ еткен үкі шоғын көріп, жалт қарап еді қамшат бөркін бір шекесіне сәндеп киген қара торы қыз кешкентай қошақанды баурына қысып отырып, сай бойының жас көгін жұлып беріп жатыр екен. Райды көргенде о да қуанды. Әдепкіде қуаныш көтеріп әкеткендей

ұшып түрегелді. Осы бетте жүгіріп барып, жігітті құшақтай алатындай еді, бірақ қыз ұяты сонан артыққа жібермеді; оның үстіне ауыл адамдарынан қысылып, амалы құрып, құшағындағы көк қозыны баурына қысып, құшырлана сүйіп алды; қара көзі ұшқындап қуана күліп, Райға қозының тасасынан ұрлана қарап тұр. Көкіректегі көп сырды көзбен ұғысқысы келгендей, жігіттің бұрылғанын бағып тұрған. Есік алдында тұрған кісілер қауқылдасып, үйге қарай беттеді. Ішке кірер жерде Рай басқа кісілерге жол берген боп, кейіндеп қала берді. Осы арада ол шұғыл бұрылып, қызына қарап, бас изеді де, ішке кіріп кетті.

Райдың көзіне көзі түскенде Бөбек қуанып, көк қозының құлағына аузын тақап құпиялап сыбырлады:

— Біздікіне кім келгенін білдің бе? Оның аты — Рай... Райжан! Ал, бар! Бара ғой!

Бөбек қошақанды жерге түсірді де, бүрмелі ақ бәтес көйлегінің қос етегін көтеріңкіреп ап, үйге қарай дүрілдеп жүгіре жөнелді.

VIII

Алдаберген софы төрде көлбеп жатыр. Сиыр сәскеде оянса да, түндіктен түскен көктем айының шуағы астында маужырап, көзін ашып-жұмып қалғып кетеді. Қалашы әңгімесіне құлықсыз. «Енеңді... с... жаман балықшылар, бес-алты қап астық әкелдім деп, көйлегіне сыймайды. Қоңырат шаһарын шауып келгендей, түге»,— деп ішінен боқтап қояды. Өз аулының астығы әкелулі, малы бағулы. Осы үйдің қайнап жатқан шайы мен асылып жатқан асын күткеннен басқа алып-жұлып бара жатқан шаруа жоқ. Мал, дүние тізгінін тетелес екі інісі — Құдайменде мен Тәңірбергенге беріп қойды. Олар тірі тұрғанда ата малының мұрты шағылмасын біледі. Өздеріне қараған ауыл қыстан бимл да күйлі шықты.

Қарт софы екі інісінің нысапсыздығынан шошынады. Құдайменде ырзық-несібеге шүкіршілік етіп, тәубе қылып отырудың орнына күн санап ындыны ашылып барады.

Діндар шал інілерін асылыққа ұшырай ма деп қорқып, бес мезгіл намаз оқыған сайын құдайдан кешірім тілеп шаждаға басын қояды.

Софының қарсы болғанына қарамай, екі інісі бимл тағы жайлауға шыққан бойда алдағы жылдың қамын ақылдасты. Жыл санап малына мал қосылып мыңғырып байып бара жатқан ауылды көбіне көп шабындық жайы қинайтын. Оны қарт софы да біледі. Оның бар айтатыны:

«құдайға сеніңдер. Бәрін өзім істеймін, бермесін алам деп, тәңірінің кәріне ұшырап қалып жүрмеңдер»,— деп тәубеге шақырып еді. Інілері құлақ аспады. Әсіресе, Тәңірберген болыстық қолда тұрғанда теңіз жағасының шұрайлы шабындығын өздеріне қаратып алғысы кеп, софы ағасының дегеніне көнбей қойды. Ол екеуінің көптен бері көзін тігіп жүрген жері — Қандыөзек. Қоңсы отырған үш-төрт ауыл — Әліби мен Пірмән, Шірмәннің, Судыр Ахметтің ауылы осы Қандыөзектің екі бетіндегі құрақты талай жылдан бері бөліп шауып келе жатқан. Үш-төрт ауылдың малдары аузы-мұрнынан шығатын. Теңіздің бұл бетінде көк құрақтың қаулап шығатын бітік жері осы еді; тек бір қиыны — суы терең, қайықпен ормаса, жаяу кісіні баргызбайтын; бұл өңірде қайық Құдайменде ғана бар. Ол жылда өзек бойының құрағын шабатын ауылдарға қайығын жалдап, мал тауып жүр.

Тәңірбергеннің ақылын тыңдаған Құдайменде биыл Қандыөзектің құрағын бір өзі шапқысы келді. Сол ниетпен софы ағасын теңіз жағасынан әлі көше қоймаған ауылдарға жіберіп, Әліби мен Пірмән, Шірмәнға сәлем жолдады. «Қандыөзек рахаты мен бейнеті бірдей жерің еді. Биыл өзектің екі бетінің құрағын мен алайын. Сендер жағалаудағы менің шабындығыма не болыңдар. Қолында қайығы жоқ кісіге құдай қосқан жер. Суы тайыз, сарықтық. Шөбіңді шапқан жеріңе суындап үйіп, шөмелелеп жинап кете бересің»,— деп Құдайменде қолқа салды. Ондағы ойы — Қандыөзекке табаны бір іліксе, ол жерге өмір бойы өзі не боп қалмақ. Кісі жүзін жыртпайтын Әліби мен момын шаруа Пірмән, Шірмәннің соңырағы күні шаршы топқа түсіп жер дауламасы аян. Олар өтінішін орындай қоймаған күнде де Құдайменде мен Тәңірбергеннің есебі түгел. Ағайынның күні бұрын алдынан өткенін сылтау қып, соңыра пішеншілерін жағаға бұрыныраң жіберіп, өзектің екі бетіндегі құрақты құлатып тастамақ. Оларда дауласатын дәрмен жоқ. Дауласа қалса өзінен асып кімге барады.

Алдаберген софы інілерінің бұл ойын кейін ұқты. Болыс інісінен көрі бұның бәрі Тәңірбергеннің ісі екенін іші сезіп: «Сұм... сұм!»— деп, басын шайқап қойды. Астықшылар әңгімесін жөндеп тыңдаған жоқ. Ашқарақ софы әр кездегідей түстеніп отырған үйінің қазанын көбірек ойлады. Мал соймағаны анық. Қыстан қалған сүр бар ма? Әлде балық асып жатыр ма?

Қарт софы сыртта, жер ошақ басында күбірлеген әйелдердің сөзіне құлақ тігіп тыңдап қалады. Сырттан кірген

кісіге үміттене қарайды. Әсіресе, ас қамымен кірген-шыққан әйелдерге тұмсығын бұрып, қазандағы астың нісін аңғармақ болады. Бауырсақ нісін анық сезеді. Сүр нісі де сезіле ме, қалай?

Ішке Бөбек кірді. Төр алдында мұлгіп жатқан қарт софы басын көтеріп алды. Алдында жайған дастарқанды, атжал қып төккен сары бауырсақты көргенде, қарт софы кенет көңілденіп кетті.

— Иә, балам, лэппай,— деп ол Райға ықыластана қарады,— сонымен... Қоңыраттан астықтарыңды алып, бері қарай шұбалып бір шықтыңдар ғой... Кэне, сонан кейінгі жөндеріңді ұқтыршы!

Рай ыссы шайды бір-екі ұрттап қойды. Көп ортасында аздап қысылып отыр. Айрықша, Бөбектің үй толы кісіден қымсынбай, өзіне ұзағырақ қарап қалғанын сезіп, жігіт жүзі сәл қызғылт тартты.

— Қоңыраттан алдымызды түн қыла шықтық. Онан бергі жағында да Кәлен ағам үш ауылдың қалашысын бір өзі бастап отырды.

— Ұры-қары кездеспеді ме?

— Жоқ. Кәлен ағам қалашыларды түнде бастап жүреді. Күндіз көзге түспейтін тасаға бекініп, тасаланып жатып аламыз.

— Несін айтасың! Кәлен жауға алдырмайды ғой. Ал, сонан кейінгі әңгімеңді айтшы.

— Жер қарақатқақ кебу еді. Қоңыраттан шыққансын Әзберген бағына көлігіміз талмай жетті.

— Қалашыға, сірэ, Әзберген бағынан бергі жер ғой қиыны...

— Иә, бергі жол ауыр соқты. Қар әлі айықпаған, кей жер алақанат. Қайсы бір жерлерде табан қар жатқан ерте көктем емес пе. Көп қалэшы шың жағалап, сыпыра үстіртпен тартып отырдық. Астымыздағы семізден қатқан кіл жардай атандар. Несін айтасың, жолға түсіп бір жүріп кеткесін түйе жарықтық бой бермейді екен. Тек Қасқажол, Қаратамаққа келе бергенде теңіз беттен қатты жел соғып, жапалап қар жауып берсін... Сонан табандатып тоғыз күн жауды.

— Құдай сақтаған екен,— деді жұрт гүілдеп.

Алдаберген үндемеді. Қазір ол көбіне Бөбекті бағып отыр. Әлібидің осы қызы Ожар Оспанның жарымес баласына атастырулы болатын. Кейінгі жылдары Рай мен Бөбектің көңілі жақын екен деген сыбыс шығатын-ды.

Осында келгелі қарт софы екі жастың бір-біріне деген ыстық ықыласын көрді. «Ризамын. Енеңді с... көп Торжымбай қарасына сеніп, күпсіп жүргенде, мына қу жігіт жесірінің іргесінде жатып, шаруасын реттеп апты»,— деп ойлады. Көптігіне сеніп, болыс інісіне тізгінін бермей жүрген Ожар Оспанның осы арада белін бір сындырғандай көрді.

Райға да ырзалықпен қарады.

— Ал, сонымен қарға не амал істедіңдер?

— Қар бел алып жауа берді. Қиын кезде Кәлен ағам бәрімізге күш берді. Түйелерді шөгеріп, бар астықты қоршалап қаладық. Үстіне сайғақ, сырғауыл шаншып, өзімізге баспана істеп алдық. Азық мол, ық бар, айылымызды жияйық па. Қоңырат базарынан алып шыққан етті қарашықтап, тары көже мен жүгері көжені асып түсіре бердік.

— Е, ас ішіп, аяқ босатар болдық десеңші. Көлікті қайттіңдер?

— Үш ауылдың ортасынан сайланып шыққан, өңшең сақадай жігіт емеспіз бе?.. Ішімізде мына кірме күйеудей нар жігіттер де бар?.

Рай қасында отырған топай ауыз, торсық ұрт жігітті нұқып қойды.

Бұған жұрт ду күлді. Алдаберген софы өзінің сауалын балықшы жігіттің қиқарланып күлкіге шаптырып отырғанын ұнатпады. Ол сақалын салалап, алақанына толтыра сипап төр алдында дөңбектей боп жатқан-ды. Кенет, басын шұғыл көтеріп, Райға мысқылдай қарады.

— Япыр-ау, осы сен бала не деп отырсың. Сол Қоңыратқа баяғы жас кезімізде біз де барған едік. Қостанып керуен тартып, көп түйемен астық әкелгеніміз бар. Сонда көріп едік... Шыңның сырт жоны кіл қарабаялыш болатын. Жолсыз жүріс те түйенің табанын сояды. Жайылымға және кеміс еді ғой. Түйенің бабын таптық деп жеңістік бермейсің. Өз басыңды біlмеймін, ал әкеңді көріп едім... Пақыр көпірме болатын. Қызыл сөзді желге шашқан, дуасыз ауыздың нағыз өзі еді ғой,— деп қарт софы кеудесін көтеріп, кеңкілдеп күлді.

Рай ду ете қалды және Бөбектің шай құя алмай, қып-қызыл боп төмен қарап қалған түрін көргенде, жас жігіт, әсіресе, қатты ширықты.

— Аталас болмасақ та қоңсы отырған көрші едік. Оның үстіне әкеммен тұстас болған соң, сізді тіпті бөтен

көрмейміз ғой. Әке орнында сыйлауға парызбыз...— деді Рай.

— Е-е, адасқан жоқсың. Осы бетің нағыз жау түсіретін жігіттің тәсілі,— деп көңілдес бір жігіт Райды қошеметтеп, көтермелеген боп отырып, қолтығына дым бүрікті. Алдаберген өзінің ағат кетіп қалғанын ұқты. Мына жігіттің енді аямасын біліп:

— Е, бұл бала сыйлы сөзбен сазайымды тарттыруға қарады,— деп қауқарынан айырылып, жанында жатқан жастыққа жантая кетті.

— Әй, Рай! Қарағым, қоя ғой, енді,— деді Әліби араға түсіп.

Бөбектің бұл алғаш рет шай құйғаны еді; қонақтардың кесесін қайта-қайта шатастырып, шайдың қызылын кесіп алумен отырған. Ол қазір де алдында ніріліп қалған кеселерді байқамай, Райдың оты шыққан бетіне сүйсіне қарады.

Осы кезде аққұба келіншек сырттан екінші аққұманды демдеп әкелді. Сыйлас қайын сіңлісі жұрт көзіне түсіп қала ма деп қысылып, есік жақтан елеусіздеу боп келді де, басқалардың көзін ала бере қайын сіңлісін шымшып алды. Жалт қараған Бөбекке:

— Еркем, шайың кесіліп қалыпты ғой, енді демдеп әкелген аққұманнан құярсың,— деп сыбырлады да, сыртқа шығып кетті.

Үйдегі кісілер қалашы әңгімесіне қайта оралды:

— Ал, түйені қайттіңдер?

— Бәсе соның жөнін ұқтыршы. Шың үстінде қарабайлыштан басқа түйенің тісіне ілінетін не бар дейсің.

— Жоқ, шың үсті керім от, іріп тұр екен. Несін айтасың, бой алып өскен сарбалақ бұйырғын кілк-кілк етеді. Жүк тартқан түйе нені шыдатсын, ерні үйіргеннің бәрін шалып оттап отырды. Қотыр қараның кіл басын шалып отын алды.

— Ау, қатты желде қай мал да жайыла алмай, ықтап кете беретін еді ғой, сендер қайттіңдер?

— Кәлен ағам бұған да тіл тапты. Түйелерді түнемелікке қарай қостың ығына шөгеріп, тізерлеп тастады. Ал күн шыға бар түйені тізіп алады да, борап жауған қатты желге бет қояды. Желге қырындамай, тіке тартып кетеді. Сонан ол барып-барып ап, түйелердің бұйдасын мойнына салып, ыққа қарай қоя береді. Шетке шыққанын қайырып, онша көп ұзамай, қара беріп отырсаң өзге малдай емес, түйе жануар табан тіреп іркіле жайылады екен.

— Алыр-ай, ә?

— Рас шығар-ау! Кәленнің көріп-білгені осы дейсің бе? Жол жүрген адам ғой, мал сырын білетін. Әйтпесе кісі қанша мал ұстап, бірер қараның сүті мен қоңына неқ артып машықтанғаның болмаса, мал сырын түйе бермейтін көрінесің ғой.

Кірме күйеу осындайда сөзге кіріскісі келіп билігі қыштап отыратын.

— Қазір осы елдің жүн-жұрқасын жиятын кім? — деді ол. Оның сөзіне жөнді жауап бермейтін. Бұл жолы да оны жұрт тәлкек қып:

— Е, оны қайтесің? Қай түйеңнің жүнін өткізейін деп едің? Әлде өз бойыңдағы қыл-қыбырыңды күзеп бересің бе? — деп күлді.

— Шын айтам. Мініп келген атанымның мойын шудасын жұлып едім...

— Ендеше қарық бола ғой. Қазір жүн-жұрқа жиятын Ебейсін.

— Ол қашан боп еді? — деді Рай. Төр алдында дөңбектей болып жатқан Алдаберген софыға күле қарады. Алдабергеннің кешегі жылға дейін ел арасының жүн-жұрқасы мен тері-терсегін жиып, осы жұртты безбеннен жеп келгені аян еді.

— Сорлы орнын жаңа тапқан екен. Кәпір, өзінің де бет-аузы қалың, қасқыр сияқты еді. Жылы қанға тұмсығын күнде тығып, ел ішін іреп жеп жатуға лайықты-ақ еді. Қап, не қыласың, қонысы келісіп кеткен екен,— деп күлді де, үйден шығып жүре берді.

Алдаберген софы қап-қара боп кетті. Тек Бөбекті күлкі қыстап, кесе-аяқ жиғанша өліп бара жатты. Баяғы жасырақ кезі есіне түсті. Ол кезде ауылға Алдаберген келсе, кішкентай қыздар түні бойы ұйқы көрмейтін: әсіресе кішкентай Бөбек со күні құдайдан түннің қараңғы болғанын тілейді. Ай туғанша күлге шөккен түйелердің мойын шудасы мен балақ жүнін жұлып, бір етек қып Алдабергенге апарады.

Тіл қатпай есік алдында төмен қарап, кірпігі жыпылықтап тұрады. «Ә, балам, кел! Бері кел! Тек жүнің аз екен, өлшеуге толмайды»,— деп Алдаберген мұның әкелген жүнін бір-ақ бүріп, қанар қаптың түбіне атып жібереді де, Бөбектің қолына алты-жеті түйір өрік салатын. Бөбек қанша жасырғанмен келесі күні анасы оның ұрлығын біліп қап: «Түйенің бар жүнін жұлып алыпсың ғой»,— деп ұрсатын еді.

Бөбек күлкіге бұлығып, кесе-аяқты шақ жиды. Үндей алмай жатқан софыдан сол есесін енді қайырғандай боп: «Ризамын-ау!.. Бәлем, сазайыңды тартқан шығарсың!»— деп табалады.

IX

Ел ішіне Еламан өліпті деген хабар тарап кетті. Өз ажалынан өлмеген, Жаманқалаға[1] айдап алып бара жатқанда қашып, солдаттар атып тастапты. Жаманат хабарды қарт әжесі де білетін сияқты. Астықтан келгесін, бір жолы, Рай кешкісін шам жақпаған қоңыр кеугім үйге кіріп еді. Қарт әже оңаша үйде өз қайғысына өзі уланып, Еламанның атын атап, көй-көйлеп күңіреніп отыр екен. Қарт әже қысылып қап:

— Еламан есіме түсті. Қандай қарағым еді! — деп, болмашы бір сылтаумен жуып-шайып жатыр,— жұрт не демейді, бірақ өз көңілім жамандыққа қимады. Тірі болар, қарағым.

Рай жаманат хабарды есіткелі жабырқап, мұңданып жүр. Оның үстіне, бір жағынан Ақбаланың азары батып барады. Астыққа жүрерде осы жеңгесі адам аяғандай болатын. Бір айдай жол жүріп, қайтып келгенде жеңгесін танымай қалды. Бұғағы шығып, бар тұлғасы біртүрлі балғын тартып, баяғы бақытты кездегі ажарын қайта тауыпты. Азғана уақыттың ішінде қарға аунаған түлкідей, түгі жылтырап жайнап кеткен.

Рай ағасын аяды. Тірі болса, сол секілді асыл азаматтың көзіне шөп салғызып қою қиянат. Өлген кезде де ағасының аруағын қорлатып қойғаны ұят. Ақбаламен сөйлескісі кеп, әлденеше рет оқталды; бірақ бір кезде жақсы көрген, сыйлас жеңгесімен кездескенде жүзі шыдамады. Бір жағынан кісіге сөзін жібермейтін ұстамды әйел: «сүйікті қайным-ау, осы сен не деп тұрсың? Қай жігітті қойнымнан ұстап алып едің?»— деп ақырын айтса да, аузын аша алмай қаларын білді.

Рай Ақбалаға қатынауын сиретті. Онда да ағасынан қалған жас сәбиге бола барып, асымдық балығын апарып беріп жүр. Қанша барса да Ақбалаға көз салмай, қолға алуға кеп қалған жас сәбиді ғана баурына басып кетеді.

Рай отырғанда Ақбала да кінәсіз жанша көзін төмен салып, монтиып жүрді. Кейде өзіне-өзі әлі келмей қалатын

---

[1] Арал, Шалқар маңының халқы Орск қаласын күні кешеге дейін дәл осылай атап келді.

кезі болады. Жұрт алдында шын сезімін жасырғысы кеп тырысса да, бірде болмаса бірде көңілін билеген желік жалындап, түнгі өрттің сәулесі сияқтанып, жас келіншектің бетін шарпып қалғандай болатын. Рай шошына бастады. Бір күні балықшылар аулына тағы бір сыбыс тарады. Тәңірберген ел жата Ақбаланың қойнына келеді екен деп есітті. Рай сол бойда Кәленге барды. Қолы боста әр нәрсені істей салатын ұсынақты Кәлен астықтан келгелі әйеліне етік тігіп жатыр еді, Рай оның қасына отырды:

— Кәлен аға!

— Иә?

— Кәлен аға, Ақбала ардан безіп барады.

Кәлен етігін тіге берді.

— Басқасын қайтейін, Тәңірберген сұм түнде келіп жүретін көрінеді.

Кәлен қолындағы етікті қоя салып, Райға бұрылды:

— Қой, өтірік болар.

— Рас, Кәлен аға.

— Өз көзіңмен көрдің бе?

— Жоқ, бірақ көрген кісі бар. Таң алдында Ақбаланың үйінен шығып бара жатқанын Қарақатын көріпті.

— Жә, кете бер!

Рай шығып кетті. Кәлен етікті ірге жаққа тастай салды да, сыртқа шықты. Еламанның төсегін ластатып қою оның артында қалған достарына өлім. Бұл қорлыққа көзі тіріде қалай төзеді. Ол сұмды қалай да қолға түсіріп, мойнына тас байлап, теңіз түбіне бір-ақ атады. «Сонан кейінгі керді көріп алармын»,— деді Кәлен ішінен.

X

Қыс бойы иттері үріп, адам-қаралары шулап, азан-қазан боп жатқан теңіз жағалауындағы малды-жанды ауыл бұл өңірден алдақашан көшіп кеткен. Ақбауыр жақ жымжырт. Көп ауыл Қоңыраттан астықшылар келгесін у-шу боп үйлерін жығып, асығыс жөнеп кеткен-ді. Қазір теңіз жағасында балықшылар аулы мен Әлібиге қарасты бес-алты үй қалды. Және ой жақтағы қыстаулардың бірінде жалғыз үй отыр. Бұл — Судыр Ахметтің үйі. Жылдағы әдетіне бағып, ол биыл да ерте дүрлікті. Оның өз отының басына салған әбігері қоңсы отырған көрші ауылдарға да мазасыздық әкелді. Құдайменденің бәйбішесі ертеңгі шай үстінде күйеуіне кеудесін бұрып:

— Ау, осы сен не ойлап жүрсің? Көші-қон жөнін ауыз-

ға алмай кеттің ғой. Мына Судырақтың ауылы көшкелі жатқан көрінеді,— деп құлақ қағыс қылып еді, Құдайменде шайын қоя сап, қарқ-қарқ күлді:

— Ой, қатын-ай сен не біле-туң. Судыр Ахметтің сыры бізге белгілі. Оның жайын менен сұра. Кәпірдің нағашысы, мына Кішіқұм бойындағы Бестоқал Бақай, Шақай деген ағайынды екі мазасыз еді. Бұл Судырақ та жылда елден бұрын дүрлігіп, ақыры өзі бар елдің соңында бақырауық іңгенімен жалғыз үй қала-туң,— деген-ді.

Құдайменденің сол айтқаны шынға соқты. Қазір Судыр Ахмет бүкіл бір ауылдың жұртында жалғыз үй төбесі шошайып отыр. Ол кеше де қатынына ертең ертелете көшпек боп, буынып, түйініп, әзір отыр деп әмір беріп жатып еді. Ертеңіне сәскеде бір-ақ оянды. Онда да әйелі бас жағында байғұздай қақсап отырып алған соң, Судыр Ахмет көзін бір уқалап жіберіп, күзен бел ұзын денесімен созылып сыртқа терезеден көз салды.

— Тал түс қой! Шекең күнсіп, бұрымың сірке-сірке боп тал түске дейін жатқансың ғой? — деп ол әйелін жеп жібере жаздады.— Әйел болып, сен де бір күн ерте тұрсаң қайтеді? Енді, осы ыссыда жалғыз түйені қан сорпа ғып, көшпек пе ақылың? Өшір үніңді! Ой, ақымақ! Ой, иттің әсыраған төлі!

Мұндайда бетіне келген — шамы. Бетіне келген кісіге Судыр Ахмет дедектеп жетіп барады. Жеп жіберетіндей, ұзын мойнын өршелене созып, күре тамыры білеудей боп көгеріп, бастырмалатып қылғына сөйлеп кететін-ді. Әйелі қайбартып, үндемей қалды. Судыр Ахмет бел ала берді:

— Мен көшелік дегелі қашан. Осылай боларын біліп, саған... сен келеңсізге орта тоқсаннан бастап қақсадым ғой. Ау, қатын-ау, көшейік! Көшейік! — деп құлағыңа құюмен келдім ғой.

— Көшелік десең... мен бе сені көшірмеген.

Судыр Ахмет бұған дерек таба алмай қап, қатынына қамшы ала жүгірді. Көші-қон жөнінде кінәласқысы келмеді. «Көшелік» — деп ел алды боп айтқаны рас. Үй ішін де әбігерге сап, ерте бастан әзірлеп қойды да, тап көшер жерде атына мініп ап, ел аралап кетті. «Амандық болса бір-екі күнде оралам. Мына Көлқора табанындағы ауылдардан көшкенде жүк артатын бір-екі түйенің майын сұрап әкелем. Қатын, сен үй-ішін буып-түйіп, бұйдаңды есіп, жазыңды жамап әзір отыр»,— деп кеткен-ді.

Судыр Ахмет сол кеткеннен мол кетті. Көлқора табанындағы Рамберді ауылы мен Жылқыбай ауылын өз қо-

лынан көшірісіп ұзатып салды. Онан жолшыбай қонған, түстенген үйлеріне бай ауылдардың малдары ығы-жығы боп қара құрттай қаптап, жайлауға қарай ұбап-шұбап көшкенін ауызынан суы құрып, жыр ғып айтып отырды. Сөйтіп жүріп жылы көктемнің қалай келгенін білмей қалды. Бойға жұққаны жоқ. Не жетекке алғаны жоқ, жаман тұғырын жалына қақпалап, жағада жалғыз үй қалған қатын-баласына шаққа жетті. Әйелі жалғыз түйемен жүкті жеңілдеп көшкенді қалап еді, оған Судыр Ахмет көнбеді:

— Ау!.. Ау, қатын-ау! Күл шыққан адамдай жалғыз үй көшкен ырымға жаман-ды. Жоқ, қатын, қара керек! Мына арадағы Пірмән, Шірмән аулына барып келейін.

Пірмән, Шірмән аулы ертең таң біліне көшетін боп, үйлерін жығып, дүние-мүлкін теңдеп отыр екен. Судыр Ахмет олармен бірге көшпек боп уәделесіп қайтты. Жүрісі жаман торы ат қайта-қайта құмалақ тастап өзінің сиыр бұлкіліне сап жұлынын үзе жаздап келеді. Судыр Ахмет ызасы қайнап, торы атты түтіп жердей боп: «осыдан хан жайлауға көшіп алған соң, сен, арам қатқырдың көзіңді құртпасам ба»,— деп кәріне мініп келе жатқан-ды. Кенет киіз қалпақ астынан бір бұру қалып бара жатқан балықшылардың аулын көрді. Онан жерқазбалардың моржасынан шыққан түтінге көз қиығы түскенде: «Құдай біледі, осы үй, дәуде болса, балық асып жатыр»,— деп шілқұйрық сақалының ұшын ойлана тістеп тұр. Көш-қон жайы ойында болса да, жақсылап пісірген жас балыққа аңсары ауып кетті.

Ол Қарақатынның үйіне түсті. Аққемпір екеуі араз. Доспен де онша емес. Сондықтан бұл үйге келсе, көбіне Қарақатынмен шүйіркелесетін. Осы жолы да ол Қарақатынға қарап сұңқылдап соғып отырып, түннің бір уақыты болғанын байқамай қалды. Сыртқа шығып жұлдыздарға қарағасын ғана санын соқты:

— Алда құдай-ай. Таң атып қапты-ау!

Судыр Ахмет қалбалақтап асыға басып атына барды. Шылбырдың ұшын беліне қыстырып, ат арқасына қонғалы бір аяғын үзеңгіге сала берді де, «ау!»— деп оқыс ойлана қалды. «Ау!.. Жеті қараңғы түнде қайда барам? Онан да ертең елең-алаңда кетсем... О, тәйірі, атты кісі көзді ашып-жұмғанша жетіп бармай ма?» — деп ойлап, үзеңгіден аяғын алды. Ертең елең-алаңда жүретін болғасын шешінбей, Қарақатын салған төсекке киімшең бойымен қисая кетті. Қақпа шекпенмен басын түйықтап бүркеп алып, үнсіз жатқан-ды. Бір кезде ол жылан шаққандай, шекпенін аяқ жаққа қарай серпіп тастап, атып түрегелді.

— Ойбай... ойбай, жарып кетті!.. Жарып кетті!

Шырт ұйқыда жатқан үй шошып оянды. Дос басын жастықтан үрейлене жұлып алды:

— Аха... ол не?

Не дерің бар ма. Қандала... Өзі де тайдай екен! Міне, алақанымда тулап жатыр.

Аққемпір шытынып қап, іргеге қарай аударылып жатты: «Заңғардың тынышсызы-ай! Пайғамбар жасында болып тұрғаны мынау. Бала кезінде қандай болды екен. Анасы сорлы ошаққа түсіріп алмай, қалай өсірді екен десейші!»

Судыр Ахмет ұйықтай алмай, жыбырлап, тынышсызданып жатыр. «Ертең көшкенде қиын. Түнімен көрші ауылдың қызын оятып, өрелі таңды көзінен атырған жігіт құсап... ат үстінде басым бұлғаңдап кесір қылады-ау,— деп ойлады. Осы ойы өзіне де қызық көрінді білем, шекпен астында бүркеніп жатып шық-шық күлді. Осыдан таң алдында ғана көзі ілінді. Аңшылар сияқты балықшылардың да ерте тұратын әдеті. Достың үйі ерте тұрды: Судыр Ахмет те ұйқысы қанбай, терісі тарылып, қытымырланып түрегелді. Оның үстіне түнде, байқаусызда атқа тұсауды кең ашулы салыпты. Торы ат ұзап кетіп, түске тарта тапты. Ертеңгі салқынмен көшкен Пірмән, Шірмәннің ауылы бұл кезде, сөз жоқ, Үйобаның не Сырғақтының деңгейінде кетіп бара жатқан болу керек...

Судыр Ахмет кімге ұрынарын білмей, бойын ашу кернеп, түйіліп келсе... үй іші көшуге әзір отыр екен. Әйелінің жалғыз іңгенді жазылап, есік алдына шөгеріп қойғанын көрді:

— Өй, әтеңе нәлет! Өй, ернің аққа тимегір! Өй, мал көрмеген көргенсіз! — деді Судыр Ахмет; аузынан сөз шыққан сайын иегінің ұшындағы шілқұйрық шоқша сақалы шошаңдап, шоршып тұр.— Былқылдап боталайын деп тұрған іңгенді тал түске дейін матап тастағаны несі? Әй... әй, ол қай қылығың, ә?

— Маған қайт дейсің?.. Көшеміз деп дүрліктірген...

— Ана қарашы! Тілін қарашы, сала құлаш!.. Көшеміз дегенде, саған... сен көргенсізге буаз түйені тал түске дейін матап таста деп пе едім... Кәне, айтшы! Қашан сүйдеп едім?

Судыр Ахмет ішке кірді. Қатын-баланың қай жерінен мін табам деп, шытынып, өңін бермей келеді. Алдынан шыққан екі-үш баласына да өңі жылымады. Көзіне түсіріп киген киіз қалпақ астынан үй-ішіне ызғарлана көз тастап,

табалдырықтан аттай берді де, есік алдында қалтиып тұра қалды. Көшуге әзірленіп отырған үй іші астаң-кестең. Төсек-орындарға дейін артып жүре беретін етіп, тең-тең ғып буып-түйіп қойған екен. Судыр Ахмет жүктің әр қайсысын бір теуіп, ыдыс-аяқтарды сындырып, үй ішін опан-топан қылды. Онан босағаға жабысып тұрған қатыны мен балаларын бөріктіре сабап, тыныш отырған үйді көзді ашып-жұмғанша у-шу қылды да, жөн-жосығын айтпастан, атына мініп алып тартып кетті.

XI

Әліби әзәзі жуас кісі. Үй ішіне билігі жүре бермейді. Биыл да қызы мен кемпірінің дегенінен шыға алмай, ыссы түскенше теңіз жағасында отырып қалды. Жұртпен бірге жайлауға көшпегені жанына батады. Сыртына шығарып айтпағанмен ішінен ренжулі. Қызы, кемпірімен сөйлеспей қойды. Көршілеріне де қатынамады. Күнде қызыл іщірден жататын. Бүгін алдақашан оянса да, ертеңгі асқа тұрмады. Күндегідей басын көрпемен бүркеп алып жатқан-ды.

Сырттан кемпірі сүріне-қабына кірді.

— Әй, тұр!.. Тұр!

Әліби қозғалмады. Кемпір әй-шәйге қарамай жұлқылай бастады.

— Тұр... тұр деймін, ойбай!

— Не... не боп қалды? — деп Әліби күңкілдеді де, ірге-ге қарай аударылып түсті. Осы арада кенет кемпіріне көзі түсіп, басын көтеріп алды.

— Жай ма?

— Тұр ойбай. Қыр жақтан дүбір шығады...

— Дү — бір?

— Иә, дүбір...

Әліби көйлекшең, дамбалшаң бойымен сыртқа ұмтылды. Есіктен шығар жерде сүрініп кетті. Үй сыртына кісі — қара жиналып қапты. Бәрінде де түс жоқ, өң жоқ. Әліби әркімге бір қарады. Құлағы шулап, қол-аяғы қалжырап барады. Әлі ештеңе көрінбесе де, үй сыртындағы жасыл төбенің арғы жағынан ат тұяғының дүбірі анық естіле бастады.

— Тегін болмас. Түрікпендер.. емес пе екен?

— Жап... жап аузыңды!

— Кемпір... әй, кемпір... Тентек қайда? Сен оны көзден тасалай тұршы.

— Иә, иә, сүйтейін... Бө-бек, Бөбекжан,— деп дауыстап кемпір жүгіре жөнелді. Дәл осы кезде ауыл сыртындағы

жасыл белден жиырма-отыздай аттылы шауып шықты. Әлібі тілін көлнмаға келтірді. Түрікпен шапқыншыларын талай көрген. Олар қауғадай қара елтірі құрайш кнетін. Ал, мыналар басын ақ шыт орамалмен шарт байлап апты. Қолдарында сойыл, шоқпар. Сыртта үрпнісіп тұрған кісілерді көрсе де, әдеп сақтап ат басын тартпады. Бейбіт ауылдың бүкіл итін шулатып, тасырлатып шауып келді. Үй алдында тұрған Әлібнді баса жаздап, аттарын омыраулата тоқтады.

Жасы үлкен кісіге сәлем берген жоқ. Жиырма-отыз жігітті бастап келген қаба сақалды біреу тебініп қап, бүйірін соғып ентігіп тұрған торы аттың тұмсығын Әлібидің кеудесіне тірей тұрды.

— Ақсақал, бізді танидың ба?

Әлібн жігітке қарай алмай, көзін төмен салып тұр. Кеудесіне тіреген ат тұмсығы да ожар ауыл жігіттері әкелген озбырлық сияқты. Қара тер қып шауып келген аттың қос танауынан шыққан ыстық демі шал денесін түршіктіріп барады.

— Ә, ұмытайын деген екенсің. Танымадың-ау деймін? — деді қаба сақалды.

— Танидым ғой... танып тұрмын, қарағым. Құда-құдағи қалай? Дені-қары сау ма?

— Дені-қарыңды қой. Әуелі мынаны айт: сенің қызың, біздің болашақ келініміз, қайдағы бір қара борбай балықшымен ашына дейді...

Әлібн аузына сөз түспей, еріндері дірілдеп кетті. Көзінде жас.

— Шырақтарым-ау, тым құрыса шашымның ағын аясаңдар нетті. Бәрің де ұл өсіріп, қыз асырап отырсыңдар ғой...

— Біздің қызымыз жаман балықшымен жүрмейді.

Жігіттер қарқ-қарқ күлді. Әлібидің қасына ауылдастары жиналып қалды. Олар момын шалға ара түспек болып еді, қаба сақалды дойырмен тартып қалды. Бір кісінің басын жарды. Қаба сақалды атының басын бұрып ап, Әлібиге қайта шүйлікті:

— Бізді құдаң жіберді. Жанжал керекпесе жайлауға көшсін деді. Жаңа жүртта, жақсы тілеу үстінде екі жастың тойын жасап, некесін қиямыз деді. Көнсең осы. Көнбесең, обалың өзіңе. Онда, мыналар,— деп анталап тұрған әпербақан жігіттерді көрсетті,— аулыңды шабады. Қызыңды күшпен тартып экетеміз.

Әлібн қарсыласа алмады. Лаң тигендей, үйін асығыс жығып, көшіп кетті. Ожар Оспанның жігіттері кетпей, Әлібиге қараған бес-алты үйді өз қолдарымен көшірісті. Олар

Бөбектің аяғын қия бастырмады. Керек десе Әлиза апасымен қоштасып қайтуға рұқсат етпеді.

Қас қылғанда сол күні балықшылар аулынан да бір жан қатынамай қойды. Әлібиге қараған азғана үй екі қонып, үшінші күні Жаман Боташтың етегіндегі кең алақапқа қонды.

Әлібі осы арада Ожар Оспанның жігіттерін еліне қайтарды.

— Құдама сәлем айтыңдар. Антты аттап, батаны бұзайын деп жүрген мен жоқ. Рас, бетіне қарап отырған жалғыз бала болғасын ел қызынан ерекшелеу өсірдік. Балаға деген ата-ана көңілі белгілі ғой. Өзімізге салса, әлі күнге бес жасар бала сияқты...— дей беріп еді.

Құда аулының бір жігіті күліп жіберді. Әлібі қуарып кетті. Көкірегі көпті таныганмен кісіге қыры жоқ, момын, жан тағы да жер боп қалды. Көзіне құйылған жасты қарсы алдында анталап отырған әпербақан жігіттерге көрсеткісі келмей, төмен қарап, жер шұқылап қалды. Әпербақан жігіттер бір-біріне қарап таңданып отыр. Жаңағы күлетін жігіт қолында сығымдап ұстаған қамшымен жер шаңдағын бұрқ еткізіп бір тартып қап:

— Біз жүреміз. Ал, құдаңа не дейсің? — деді.

Әлібі жабырқау жүзін көтермей, күрмеліп үнсіз отырды да:

— Оспанға сәлем айтыңдар! Бір жетіден кейін тойын жасаймыз. Өзім той қамымен болам ғой. Қыздың сырын кім біліп болған. Күйеу баланы жіберсін. Ендігі жерге жесірін өздері бағып алсын,— деп соңғы сөзін зілмен айтты. Бір жанның бетіне қарамай, көзін төмен салған күйі тұрып жүре берді.

Бұл күндері Әлібі үйіне жуымай, жатарда да көршілеріне қонып жүрді. Оған, айрықша, Бөбекті көру қиын. Көңілшек шал қызымен қосыла жылармын деп қорықты.

Әлібі Ожар Оспанға қайран. Осыған дейін ұн-түнсіз жүріп кеп, енді аяқ астынан неге тулағанына дал боп еді; Әлібі оның себебін кейін білді. Пәле Алдабергеннен шығыпты. Карт софы ана жолы шабындық жайымен теңіз жағасына келгенде, ішінен Райға кек түйіп кеткен екен. Жайлауға келе сала кәрі софы алты-жеті кісіні жиып апты. «Тәйірі, Ожар Оспанда көз бар ма. Ана жақта жаман балықшы жесірін бұзып жатыр. Әлібидің жайлауға көшпей отырғаны — қызынан көрінеді»,— деп карт софы сол отырыста оқшау өсекті ел ішінің сыбыр-жыбырын бақкан кісілердің құлағына құйып жіберіпті.

Ақшиліде отырған қара түндікті Торжымбайға бұл ла-

қап бір күнде тараған. Ожар Оспан рас-өтірігін тексеріп жатқан жоқ. Ел ішіндегі ең бір есер жігіттерді іріктеп жиып алып, дереу құдасына шаптырған еді. «Дәм-тұзым атсын»,— деді Әліби Алдабергенге ренжіп.

Ертеңіне қосшы-қолаңын ертіп күйеу келді. Ата жолын қуып ұрын келген сапары болса да, әдеп сақтап жатпады. Оқыс жігіт қалыңдығының аулына ана жақтағы өз әкесінің ожар мінезін ала келді. Үлкен, кіші алдында бірдеңені түйеден түскендей ғып дүңк еткізіп айтып салып отыратын қылан көз, құж қара жігіт кедей ауылдан айылын жимады. Жұрттың бәрін өзінің алдында кінәлідей көріп қырып жібере жаздады.

Қалыңдығының аяғын қия бастырмай қойды. Қыздың басқан ізін аңдып, күндіз-түні қасында жүрді. Бөбек үйден шықса ере шығады. Ең арғысы жақын-жуық жеңгелері тілдессе де оқыс жігіт қарақшыдай бағып қасында тұрады. Той үстінде де қалыңдығынан көз айырмай, әр қимылын аңдумен болды. Бүгіннен кейін көңілі бір жай боларын біледі; салт бойынша бүгін той тарасымен екі жасты оңаша қалдырады. Отау үйде екі жастың төсектері әлдеқашан салулы тұрғанын қасындағы қосшы жігіттері бұған күні бұрын хабарлап кеткен-ді. Сонан бері күйеу бала тойдың тезірек тарағанын қалап, ойын-сауық ұзаған сайын көңілсізденіп, тұнжырай бастады. Сауықшыл жастарды ішінен боқтап: «Ой, желөкпе! Өй, ,әңгі!..» — деп ала көзімен атып отыр.

Бірақ көңілді жастар жуық арада тарайтын емес, кезек-кезек өлең айтып, жыр жырлап, түннің бір уақытына дейін алты қанат үйде асыр салып жатқан. Ойын-сауық қызған кезде Бөбек қызыл масаты қамзолын жамылып түрегеледі. Оның тысқа шығатын ынғайын танығасын, қатар отырған үш-төрт қыз шашпаулары сылдырап ере түрегеліп еді, Бөбек:

— Отыра беріңдер. Жезделерің күзетші болуға жарап жүр,— деп күлді.

Күйеу бала қыздың алдын орағытып, есікке қарай барып қалған екен. Бөбек тысқа оның артын ала шықты. Есіктен шығар жерде босағаға сүйеулі тұрған темір мосыны қолтығына қыса кетті. Жел жоқ; аспан ала бұлт; төбеден ауып бара жатқан толық ай бұлт тасасын қорғалап, ұзақ уақыт көрінбей қойды. Жаман Боташтың кең жазығынан той боп жатқан ауылдың тынысы сезіледі. Ән салған, күлген, әзілдескен қыз-бозбала. Сүйекке таласып, ырылдасып жатқан иттер мен қараңғыда кісінеген аттардың дауысы шығады. Ошақ басында табақ көтерген жігіттер мен шаңқылдап сөйлеген

әйелдер қараңдайды. Бөбек осылардың бәріне құлақ салып, ауыл шетіне қарай тартып барады. Артына бұрылып қарамаса да, күйеуінің ізіп бағып, қалмай келе жатқанын сезді. Бөбек шұғыл бұрылып:

— Әй, малғұн!..— деді күйеуіне,— ит емессің ғой. Қалатын кезің болды ғой.

Күйеу бала өз ісінің сөлекеттеу болғанын сезіп, тұрған орнында сілейіп қалды. Бөбек күдік туғызғысы келмей, онша ұзаған жоқ; анадай жерге барып, шапанын басына бүркеп, бір түп шинге бой тасалай отырды. Жігіт қыздан қара үзбей тұр; қыз қозғалатын емес; сүт пісірімнен астам уақыт өтті. Табанынан сарсылып тұрғасын бір кезде жігіттің аяғы ауыра бастады. Шыдамы таусылып, наразылау күңкілдеп қояды. Дыбыс беруге батылы жетпей, қыздан айбынып тұр еді; ауыл жақтан өздерін іздеп шыққан кісілердің дауысы естілді. Кідірмей бір топ жігіт жүгіріп кеп:

— Ау, Ожырай! — деп бұны ортаға алды,— жарқыным, мұнда неғып тұрсың?

— Бәсе, жеңгеміз қайда?

— Жеңгең бар болсыншы! — деді Ожырай.

— Е, неге түңілдің? Не болды?

— Не болатын еді... Отыр ғой, әне! — деп Ожырай қыз отырған жақты сілтей салды. Жігіттер ши түбіндегі қарайғанды жаңа ғана көріп, бірін-бірі шымшылап мырс-мырс күле бастады.

— Атаңның бастарына күлесіңдер ме? Ой, өңшең дуылдақ!.. Өңкей жәркелеш! — деп Ожырай жігіттерді тыйып тастады да,— ана жақта дырду бітті ме? — деп сұрады.

Шеткерек тұрған екі жігіт күлкісін күшпен іркіп, «Қайтсін сорлы! Қалыңдығы қолына тимей, өліп-ақ тұр екен»,— деп сыбырлады. Етке тойып есіріп алған жігіттер көңіл ашар ермек табылғанға қуанды. Олар аяғын ұшынан басып ши түбінде отырған қыздың сырт жағынан жақындап барып, дыбыс беріп еді. Қыз қозғалмады. Сосын есерлеу біреуі:

— Жеңгеміз ғой, тәйірі, несіне ұяламыз,— деп күлді де, қызға жетіп барды. Мойнын созып қараса... Манадан бері қыз деп сыртынан торуылдап тұрғандары үш аяқты темір мосы. Қыз мосыны алаасалау ғып құрып, үстіне мақпал қамзолын бүркеп кетіпті.

— Мәссаған-н...— деді жігіттер санын соғып. Сосын есін жиып, анадай жерде ніріліп тұрған өзге кісілерге:— Әй! Әй, бері келіңдер! — деп дауыстады да, аналар жақындай бергенде мосыға жапқан қыз қамзолын лақтырып жіберді.

XII

Бөбек ұзақ жүгірді. Өкпесі алқынып барады. Жолында қарайған бұталардан қорқып, жалт беріп бұрылып кетеді. Кенет, ауыл сыртында ол жайылып жүрген атқа кездесті. Шамасы, құдалардың аты болу керек. Ерін алмай, шылбырдың бір шетімен алдыңғы қос аяғын тұсап жіберіпті. Екі күннен бері мүшеге шауып, борбайын созып тастаған аттар терін әлі баспапты.

Таң білінді. Бөбек күн шығуға әлі көп барын байқады. Шығыс жақтан күн шапағы жаңа-жаңа сыз беріп, сары қабақтанып келе жатты. Бөбек салған жерден ат басын Беларанға тұралап, сыдыра-шоқытып келеді. Шығыс жақ қызара бастаған елең-алаңда, тастақ жерге тұрған қаққа көп тіреледі. Айналып өтуді қашықсынып, тұп-тұнық боп қоңырайып жатқан қақ суын кешіп өтті. Су әуелі ат шашасынан келді. Ілгерілеген сайын тереңдеп, ат тізесінен асты. Енді тереңдейді-ау деп қауіптенгенде, қақ суы кенет тайыздап, тағы да ат шашасынан кеп, шалпылдатып кешіп келе жатты. Кей жерінде ат тұяғы су астындағы тасқа тиіп, шақылдап кетеді. Бөбек ат үстінен еңкейіп, шалпылдаған су мен шақылдаған тас үнін тыңдап келеді.

Ат ырсылдап ентігіп қалды. Бөбек жан-жағына сергек көз тастап қояды. Кейінгі жақтан шаң көрінбейді. Түндегі ала бұлттардың қәзір етек жағы ыдырап, аспан әлемі кеңіп, көгілдірленіп жарқырап ашылып келеді. Жаз шыққалы мал жайылмаған жағалаудың реңі тіпті басқа. Жасыл даланың түгі түлеп, жаңа шыққан күн сәулесінің астында құлпырып жатыр. Шөп бастарынан сіркедей шықтар жылт-жылт етеді. Таңертеңгі жұпар ауадан жас жусанның исі аңқып, тыныстыжарып барады. Таң сәріден шырылдаған боз торғай, әлі талған жоқ. Кейде боз торғай бұның атының аяғының астынан пыр етіп ұшып, лақтырған тастай, шырқай көтеріледі. Қыздың тас төбесіне шығып ап, көз ұшында, бір орында қанатының ұшы жыбырлап, шыр-шыр етіп тұрып алады. Өз сырын өзі ұрлап жым-жырт боп жатқан мына кең даланың бетіне су шашып оятқандай. Осы бір кішкене ғана құмыр құстың бал татыған көмейінен мың бұралып шыққан әуез қыз бойын шымырлатып әкетіп бара жатты. Бөбек жас баланың жұдырығындай сұр торғайдың кіп-кішкентай тұмсығын, баурына қысып алған аяғын көрді. Бүтін денесі сұп-сұр болғанмен бауры аппақ. Өзі көтеріліп алған сонау шырқау биігінен кең дүниеге көз тастап, жер бетіндегі жан-жануардың тірлігіне жалғыз өзі куә болғандай. Қиянатты көп кө-

ре ме? Бұл сорлы жерге түспей, неге осынша боз ала таңнан безек қағып, шыр-шыр етеді екен? Кенет Бөбек осы торғайдың бағанадан бері бір орынан жылжымай, көз ұшында тұрып алғанын көріп шошып кетті. Өзі де бағанадан бері бір орында ілбіп тұрып қалғандай көріп:

— Шүу! Шүу, жануар! — деп атын тебіне бастады.

Белараның кезіне шауып шықты. Ілгері жақтан ұлы теңіз жарқырап, балыққа тойған өгіз шағалалардың өкірген даусы естілді. Онан жар басында жарбиған жерқазбаларды көргенде, қыз қуанышы қойнына сыймай, күліп қоя берді. Белараның кезінен төмен қарай құлап келе жатып, кейінгі жағына бұрылып қарап еді, кенет көз ұшынан түйдек-түйдек шаң көрінді.

— Шүу! Шүу!.. Айналайын... көкетайым! Енді бір бауыр жер қалды Мына тұрған жер ғана...— деді Бөбек атты басқа-көзге төпелеп. Тілі жеткенше тәңірге сыйынды. Арғы-бергі ата-бабалары мен үйде қалған анасына жалбарынды. Бұл кезде ат әбден болдырды. Аузынан көбік ағып, ырсылдап тұрып қала берді. Ауылға жақындағанда ат сүрініп құлады. Бөбек ұшып тұрды. Ат тізгінін лақтырып тастап, орамалын бұлғап, шырылдап жүгіріп келеді. Бұл кезде куғыншылар Белараның кезінен бермен қарай құлап, селдей қаптап келе жатты. Олар Бөбекті көрді. Бөбекке көмекке жүгірген балықшыларды көріп, ақ көз есер жігіттер «Қапта! Қапта!» — *деп ұран тастады.*

— Райжан... құтқар!

Бөбек жүгіріп кеп, жігіт құшағына құлай кетті. Балықшылар жан-жақтан жүгіріп кеп жатыр. Қолдарында қада, қадағаш. Қырық-елудей кісі қызды қоршалап абыр-жабыр бола түсті де, кенет куғыншыны көріп демін жұтып тына қалды. Жерқазбаларға арқасын бере шеп құрып тұр. Куғыншылар аржағынан ағызып келген беті лап берген жоқ. Жарға соққан толқынша аттарын шапшытып, суық сұспен бетпе-бет тоқтады.

Көздері Кәленде. Оның, әсіресе, өз тобының алдына шығып, құлаштан астам болат сүйменді қу таяқ құрлы көрмей, шірене басып тұрған нар тұлғасын көргенде... қай кісінің де жүрегі шайлығып қалды. Кәленнен тек Ожырайдың жүзі ығатын емес. О да өз елінде аты шыққан ақ көз жігіт. Кәленнің қарсы алдында есік пен төрдей ғана жерде тұр. Астында Оспанның әйгілі ақбақай аты. Оң қолы білегіне дейін сыбанулы. Сол қолымен ат тізгінін тежеген күйі оң қолымен емен найзаны сығымдап ұстап, ат жалына жабысып қапты.

— Уа, ағайын,— деп дауыстап Мөңке ілгері шықты.— Не керек сендерге? Қайтыңдар!

— Жесірімізді беріңдер!

— Жесірімізді алсақ өзіміз де қайтамыз.

— Бұл сенің жесірің болса, менің балдызым. Әйелімнің туған сіңлісі. Бұтаға қорғалаған торғайдай бір бала шырылдап кеп баурымызға тығылған екен...

— Уай, ондай мәмелең өзіңе. Әй, жігіттер!.. Не тұрыс бұл, уа, қаптаңдар!..— деп аналардың ішінен қаба сақалды, зор денелі біреу ұзын сойылын зәрлене көтеріп алды. Қалың аттылының қатары қозғалып, жылжыған сеңдей лап беретіндей ілгері қарай ұмтыла бастады. Осы сәтте Бөбек жүгіріп ортаға шықты. Бетінде бір тамшы қан жоқ. Көзінде жас дірілдеп, екі жаққа да тоқта дегендей қолын көтерді. Бөбек әуелі балықшыларға бұрылды:

— Сендердің босағаларыңды қандатпаймын. Не де болса тағдырдың салғанын көрейін.

Балықшыларға қолын бір қақты да, аржағында анталап тұрған аттыларға қарай жүре берді. Аналар қозғалам дегенше, жан ұшырған Рай мына жақтан жүгіріп барып, қызды ала қашты. Сол сәтте Ожырай:

— Қаптаңдар!..— деп айқайлап, атқа тақым басты.

Ию тіресіп тұрған қалың нөпір лап қойып, екі жақ айқаса кетті. Аттар кісінеп, сойылдар сартылдай жөнелді. Екі жақта да үн жоқ. Тек бір-біріне ыза, кекпен ұмтылған кісілердің тістері шықырлап, сойылдары сарт-сұрт етеді. Шаң арасында аттар пырылдап, кісілер ырсылдап, ентіге дем алып жүр. Соққыға жығылған кісілер қансырап құлап жатыр. Ұзын сойылын бұлғай ұмтылған Ожырай жағының жігіті — қаба сақалды қара, Кәленге бетпе-бет кездесті. Кәлен жалт беріп сойыл астынан сытылып шықты. Екінші айқаста өзіне сілтеген сойылды Кәлен тағы да денесіне тигізбей, темір сүйменмен қағып жіберді де, қаба сақалдыны қақ басқа қойды. Аттылы кісіге қолы жетпей, сойылы иықтың басына жанап тиді. Қаба сақалды толықсып, құлай жаздап, ат жалына жабыса қалды.

Алғашқы айқаста Ожырай Райға тап берген-ді. Бірақ, ол балықшылардың ортасына түсіп қап, оңнан, солдан соққылар жауып кетті. Ожырай оралып кеп Райға қайта шүйлікті. Осы арада бір балықшы жігіт Райды қорғап, қадасын көтере ұмтылды. Ожырай оған дәл жүректен найза салды. Бірақ найзасын суыра алмай, ат екпінімен ағып өтті. Найзаны тастай сала аттың басын қайта бұрды. Көзіне қан толып алған. Шаң арасынан қаша ұрыс сап бара жатқан Райды

көрді. Ожырай ақтабан атты тебініп қалды. Қалың топты қақ жарып кеп, жуан дойырмен Райды ұрып жықты. Бөбек шыңғырып жіберді. Кәлен Райды көзінен таса қылмай жүр еді. Жас жігіттің соққыға жығылғанын көргенде, өзін ортаға алып, жан-жағынан анталап тұрған аттыларға ақыра ұмтылды. Темір сүйменді құлаштап сермеп, жолын бөгеп тұрған екі жігітті аттан ұшырып түсірді. Кәлен жеткенше, Ожырай ақтабан атпен шүйлігіп келді де, қызды көкпар лағындай іліп әкетті. Аттың басын асығыс бұрған күйі қызды алдына ұзыннан сұлата салды. Қалғандары да аттарын бұрып ап, құйындатып шаба жөнелді.

Кәлен жүгіре түсті де, ат шаңына тұншығып тұра қалды. Қолындағы темір сүйменді күйінішпен қысып дір-дір етіп тұрған. Қасына Рай келді. Шекесінен аққан қан бетін жуып кеткен. Көзінде ызалы жас дірілдейді:

— Кә-лен, ағаеке-ай, қорлығы өтті-ау мыналардың. Мынадан кейінгі тірлігі құрсын да!

XIII

Судыр Ахмет теңіз жағасында, несіз қораның арасында жалғыз үй қалған қатын-баласына екі айдан кейін ғана оралды. Аты күйлі. Өзі ажарлы. Көйлегінің жағасына дейін кірсіз. Ердің арт жағына бөктерген жетім қозы қарнындай екі бөлек түйіншегі бар.

Судыр Ахмет үйге жеткенше шыдамай, анадай жерден айқайлап, балаларының атын атап келеді. Қаланы базарлап, іші-сырты майға бөгіп қайтқан кісідей. Ол асыққанмен астындағы алқабел торы аяғын басар емес. Жаз шыққалы көкке тойынған. Оның үстіне салқын сабат кең жайлауға қонған ақ үйлердің белдеуінде тұрып малды, жанды ауылға үйреніп қалған-ды. Енді айналасына қамыс шәлі тартқан, үңгір-шүңгірі көп, үнсіз мелшиген қыстау үрей туғызып, торы ат қос құлағын төбесіне тіге осқырып, кейін қарай ығысып, шегіншектей берді. «Ау, ау, бұ қалай? Тірі жанның жоғы несі?» — деп ойлап, Судыр Ахметтің жүрегіне суық үрей шапты. Үлеңгіге аяғын тіреп, бүйік шәлі үстінен созыла қарап:

— О, қатын! — деп дауыстап еді, есік, терезесі жоқ, үңірейген несіз там іле жаңғырығып: «о, қатын-н-н!» — деп қайталады.

Судыр Ахметтің екі көзі атыздай болды. Әшейінде, от басында, қатын-баланың алдында ерсінгені болмаса, бұл өзі зәті қорқақ кісі. Несіз қыстау, елсіз жердегі молалардан,

айрықша, қатты қорқатын-ды. Есік, терезесі жоқ, иесіз үй бұған бейне екі көзін ойып алған кісідей, үрей туғыза, үңірейе қарады. Судыр Ахмет тілін кәлимаға келтіруге жарамады. Атының басын бұра алмады. Үркек ат осқырып жалт бергенде, ол ерден түсіп қала жаздады. Онда да қос қолымен ердің қасынан ұстай алған бойы тақымының астынан суырылып бара жатқан аттың жалына қарай жабысты. Қанша шапқанын білмейді. Қай жерге келгенін де шамалай алмады. Бір кезде торы аттың шабысы жайылып, ырсылдап қалғанын сезіп тізгінін тартты. Киіз қалпағы көзіне түсіп кетіпті. Үстіндегі қақпа шекпеннің қос шалғайы тақымынан шығып, жалпылдап келеді екен. Есін жиған кезде, ердің қасында ілулі тұрған ат дорбаның қайда қалғанын білмеді.

Ол ат үстінде дұрысталып алды да, төңірегіне көз тастап еді, күншығыс жақ тұтасып жатқан теңіз екен. Кәдімгі өзінің желсіз тымықтағы дағдысы: күн сәулесінің астында үлкен айдын аппақ боп жалтырайды. Шырадай ақ тымық! Теңізден көз ала бергенде, бережіректен қозыкөштей жерден балықшылар аулының түтіні көрінді. Осыдан кейін Судыр Ахметтің жүрегі орнына түсті. Есі кеткенше шапқанын оғаштау көрді білем, сасық күзендей шаңқылдап, даланы басына көтере күлді.

Судыр Ахмет жалғыз аяқ ешкі ізбен терең сайға қиялап, ақырын түсіп келе жатыр. Сай бойының реңі тіпті басқа: Талдыбекенің көлеңкелі тұнық табанына құба тал біткен. Тал арасында тұщы суы мол беке-бұлақтар сылдырап ағып жатыр. Және сай бойы керім от, іріп тұр. Басқа жерден гөрі бұлақ маңының шөбі қау.

Айрықша, бір-бірімен таласа өскен сарысолма, изен, таспа боз кер жусан бойшаң, балғын. Бәрі де баурына көлеңке сақтап, хош иісі аңқып кілкілдеп тұр екен.

— Пah! Пah! Түлеп-ақ тұр екен! Жарықтық, осы Талдыбеке жер шұрайлы ғой,— деді Судыр Ахмет аңқып, мұрнын жарып бара жатқан кер жусан исімен құшырлана дем алып.

Ол балықшылар аулына атын ілбітіп келді. Бұл ауыл қазанын сыртқа шығарып, есік алдына құрып апты. Сыртта, жіп кермеде қақтаған балықтар алыстан жаутылдап, көз құртын жеп барады. Судыр Ахмет сілекейін тартып алды. Ауыл іргесіне тақап келгенде шыдамай, атын тебініп қаттырақ бастырып, емпеленделп келе жатқан-ды. Кенет, көзі шеткі жолым үйге түсті. Желі басында жатқан жас ботаны көргенде тіпті көңілденіп «ә, қараша іңген... О, жануар, аман боталаған екен ғой»,— деп ойлады. Үй жанында май шаң-

дақты бұрқылдатып, шауып жүрген екі қара домалақ бала — бір ұл, бір қыз көзіне оттай басылды:

— О қозыларым!.. Боталарым!..

Көзіне жас құйылып кетті. Дауыстайын деп еді, даусы шықпай, көмейі бүлкілдеп, мұрны суланып бара жатқанын сезді де, ат үстінен еңкейіп мұрнын дың еткізіп бір сіңбірді.

Сәлден кейін Судыр Ахмет жолым үйдің қақ төрінде отырды. Екі тізесінде екі баласы. Көңілді-ақ.

— Е, сөйтіп көшіп алдым де... Ал мұның ақыл болған.

— Ақыл болды ма, әлде ағаттық істедім бе, тап сол арада өлшеп-пішкен мен жоқ. Мойынның алысқа түсіп кеткенін білдім де, балықшы қайныларымның қасына көшіп алдым.

— Міне, ақыл! Мен ел қыдырып кеткенде, ау... ау, Бибіжамал-ау, сенің өзіңе үйір табатыныңды біліп кеттім ғой. Ал, сонан қараша іңген боталады де. Үйге де береке келді десейші...

— Иә, ерніміз аққа тиді. Балалар балыққа тойып оңып қалды.

— Осал екенсің! Бәсе, біздің қатын бас пайдасын білсе керек еді ғой. Ау, үй шаруасын артымда сен бітірсең, түз шаруасы менен қалмайды. Осы сапар мен де қармақты талай жерге салып келдім. Алғаным да бар, алмағаным да бар. Бірақ, қатын, тұра тұр... түбі бір қарық қылам. Әлгі ала қоржын қайда? — деп Судыр Ахмет ірге жаққа қолын созды.

Қоржын деп осынша қампайтқаны — ер артындағы екі түйіншек. Оның бірінде көк бүйрек үлкен ақ құман. Екінші түйіншекте — бір-екі қадақ шай мен арзанқол кәмпит. Оны да Шалқар қаласында тұратын бірге туған ағасы — Нағмет әперді. Нағметтің баласы жастайынан қала ішіне кетіп, аяқ жолын білгендей орысша үйренген жігіт. Өлермендігінің арқасында соңғы кезде сот кеңсесіне тырнағы ілікті. Қазір сотта болмашы ғана бір қызметте. Сонан келе нағыз сот өзі секілденіп көшеге сыймай жүреді. Жұрт ұғымында да солай. Айрықша, алып қаштысы көп ел іші оны сол деп дәріптеп, істі болған кісілер осы күні Нағметтің шалғайына оралады. Судыр Ахмет те «сот» інісіне жиі барғыштап жүр. Нағмет пен Ахметтің арасын адам түсінбейді. Ағасының баласы «сот» болғалы, бұл екеуі, айрықша қырғи қабақ. Судыр Ахметтің көңілінде қуаныш та, қызғаныш та бар. Қалаға барған сайын жұрттың Нағметті — «соттың әкесі» деп құрметтеп жүргенін көреді. Істі болған кісілердің Нағметке қошемет көрсетіп, жалпылдап жатқанын көргенде, Судыр Ахмет жа-

рылып кете жаздап: «Ау, бұл қалай? — деп ойлайды,— Нағмет Маралбайдың баласы болғанда, мен... ойбай-ау, мен жерден шықтым ба екен? Бұ халық мені неге «соттың ағасы» демейді? Әлде... көшенің ортасына тұра қалып, өзім айғайласам ба екен?»

Кей күні ағасының үйіне барып, төрге таза көрпе салғызып отырып алады. Сырт кісі болса тіпті жаман. Онсын осы үйдің бар жанын бір өзі билеп-төстеп отырған кісідей, от басының ұсақ--түйек шаруасына дейін араласып, әркімге бір әмір етіп, зықын алып бітеді. Үйде інісі болса, Судыр Ахмет оның отырған жағына шығып: «Қабенжан!..» — деп асты-үстіне түседі. Қабен осы ағасын онша жақтырмайды. «Сот» інісі бір жолы Судыр Ахметке: «Сонымен үйің жағада қалды ма? Е, ендігі жерде ел ішіне «балықшы Ахмет атанам десеңші!» — деп күлді. Судыр Ахмет қатты әбірленді. Тап сол сәтте: «Сен итті енді көрмеспін»,— деп ойлаған-ды. Інісі кейін ағасына көйлек-дамбал кигізді, Жеңгесіне арзанқол шыттан көйлек, жаулық әперіп, аз нәрсемен ағасын ырза қып аттандырып еді. Сөйтсе де Судыр Ахметтің көңілінде бір дық кетті. Шаршы топтың алдында «балықшы Ахмет» деп кекеткені есінен кетпеді. Теңізге жақындаған сайын осы атақ жанына бата түсті. Маңдайына қара күйелеп баттитып жазып жібергендей. Құлағы шалған дыбыс «балықшы Ахмет!..» — деп ызыңдап тұрғандай. Жол бойы бұны бір көк шымшық басынып алды. Қаладан шыққалы шымшық қалып та қоймай, озып та кетпей, торы аттың алдына түсіп ап, таяқ тастамдай жерге ұшып-қонып, құйрығы қылп-қылп етіп отырып, бұған бейне «балықшы Ахмет... Балықшы Ахмет...» — деп шық-шық ететін сияқты.

Тәңірі жарылқағыр, Тәңірберген ғана бұнымен тең адамша сөйлесті. Судыр Ахметтің жағаға кетіп бара жатқанын есітіп, оны қонақ қып сыйлап отырып, өлердегі сөзін айтып, егер, соңыра осы өтінішімді орындасаң астыңа ат мінгізем деп уәде етті. Оның бержағында үйіне кеп көңілі көтеріледі. «Сот» інісінен есіткен әбірі есінде де жоқ. Қатын-баласына қауышты. Қараша іңгеннің аман боталағанын есітті. Желіде байлаулы жатқан ботаның жанына барып, тұмсығынан шымшылап қайтты. Сонан кейін қаладан әкелген базарлығын үлестіріп, үй ішін қарқ қылды. Өзі де көңілді-ақ! Өзі әкелген кәмпитті тістеп, өзі әкелген шайға қара тер боп қанып алды. Қатын-баласының арасында бетінен қағатын бір жан жоқ, өзі би, өзі хан боп, сұңқылдап сөйлеп отыр. Ал, сыртта, есік алдында бір қазан балық былқып пісіп жатыр. Тү-

рулі есіктен сүр балықтың жеңсік исі мұрнына кеп, танауын қытықтап барады.

— Қатын, түсіретін уақытың болған жоқ па? Сүр балық бір бұлк етсе пісіп қалатын еді ғой,— деп Судыр Ахмет өндіршегі тоқпақтай ұзын мойнын созып, қазан жаққа үңіреңдеп, ашқарақтана көз тастап қояды. Осы қазір әйел, балаға да ықыласы артықша. Айдары күнсіп, үсті-бастары балық сасыған екі баласын екі тізесіне мінгізіп ап:

— Әкең жақсы ма? Қаладан кәмпит әкеліп берді ме? Ә-ә! — деп қыт-қыттап күледі. Бір кезде Ақбаланы есіне алып,— пақырға бір қайнатым шай, бір тістем кәмпит берші! Тірі жетім боп отыр ғой,— деді мүсіркеп.

Сүр балыққа тойып алғаннан кейін, Судыр Ахмет тіпті көңілденіп кетті:

— Ана жақтағы ауылдар... кедейің бол, байың бол, бір ағарғанмен отырады. Қара азық емге жоқ. Тісіңе дән тимейді. Оу, оу, Бибіжамал-ау, теңіз... бұл теңіз ше... мына үй іргесінде шалқып жатқан көк теңіз бар-ау, түбі жоқ ырзық қой. Көктен салбырап түсіп тұрған несібең ғой... Пісулі асың ғой, бұл! Тек, шалқаңнан аузыңды ашып жат та, қылғып жұта бер... жұта бер! Жұтуға ерінбесең болғаны,— деп мұндағы бар шаруаға көңілі бітіп, ырза боп кетіп,— қатын, не қыласың, биыл бізге құдайдың қарасуының кемі жоқ,— деп әйелінің тізесін құшырлана басып қойды.

Ас-суын ішіп болғаннан кейін ауылдастары келді. Амандық-саулық сұрасты. Судыр Ахмет салған жерден-ақ жұрттың зәресін ала сөйледі:

— Есітken құлақта жазық жоқ, патша қазақтан солдатқа жігіт алайын деп жатқан көрінеді.

— Қой, жарқыным, жамандықты шақырып қайтесің. Онсыз да келісіп отырғанымыз шамалы,— деп Мөңке шошып қап еді.

— Өтірік емес. Өз құлағыммен есіттім,— деп Судыр Ахмет өзеурей түсті,— қала іші қазір гу-гу... Құдайменде болысты қалаға шақырып әкетті.

Балықшылар тез тарады. Олар кеткен бойда Ақбала келді. Құшағында құндақтаулы жас бала. Өңі жұбау, бірақ үсті-басы таза. Ақ бәтес көйлек шағалалдай. Оның сыртынан көк масаты жеңсіз киіп, қос бұрым ғып өрген ұзын шаштың бір тұтамын өрмей, баяғы қыз кезіндегі сәнмен күлтелеп тарай сапты.

Судыр Ахмет басын жастықтан жұлып алды. Еламанның бар жайын білетін. Сібірге айдалып кеткелі хат-хабар жоғы да аян еді.

— Топ басы болмаса да, мына жаман балықшылардың тәуірі сол еді,— деп ол келіншектің қытықты жеріне тиіп өтті. Ақбала ыңғайсызданып, күн тимеген аппақ маңдайына ыстық қан соқты.—Ол енді су түбіне кеткен адам ғой. Иманды болсын, пақыр! Өзін жақсы көруші едім. Дұғама жні кіргізетін боп жүрмін,— деп Судыр Ахмет көңілі босап, көзіне жас алып отырды да, әйеліне шыға тұр деп ымдады. Екеуден екеуі оңаша қалғасын, ол жасын тыйып Ақбалаға қарай ысырыла түсті. Осы үйде өздерінің сөзін тыңдап тұрған кісі жоқ болса да, аузын Ақбаланың құлағына тақап, құпиялап сыбырлады.

— Өлгенмен бірге өлмек жоқ... тірі кісі тірлігін істейді. Шырағым Ақбала, сен де қор болмас жағыңды ойла. Белінің күші, бетіңнің қызылы бар кезде қатарыңды тауып ал! — деп, Ақбаланың қолын қос қолдап ұстап, қысып-қысып қойды. Сыр сүзіскен көңілдес құрбы сияқты. Қам көңіл келіншектің іші-баурына кіріп барады. Ақбаланың әдемі иегі дірілдеп, өксік буып, булығып отыр.

— Сөз салған ешкім жоқ па? — деді Судыр Ахмет. Ақбала беті шыдамай бұрылып кетті. Судыр Ахмет дедектеп жүгіріп барып, келіншектің қарсы алдына жүзбе-жүз тоқтады: — шырағым, саған бұл дүниеде тілегі түзу бір адам болса, бір адамды дос көрсең, сырыңды сенетін бір жан бар деп білсең... Ақбалжан, ол кісі — мен.

Жасы кіші кісі ғой деп қысылған жоқ. Қайта, Ақбала қысылған сайын, ол еркінсіп:

— Осы, мына Тәңірберген сөз салды ма? — деді.

Ақбала дір ете қалды. Қорыққаны, әлде кінәлағаны ма, ол, әйтеуір Судыр Ахметке жас дірілдеген көзі ұясынан шыға қарады. Әдепкіде осы кісінің түрінен сескеніп қалды. Өн бойында ойдағыдай ғып жасаған бір мүшесі жоқ. Не артық жасалып арбиып кеткен, не кем жасалып, ойсырап мін боп тұратын. Бір бармен бір беталдының өзінде талай оғаштық бар: ұстарамен тықырлап алғызған басы шақшақайдың жұмыртқасындай көгіс. Төбе жағы сопақ. Сонысына қарамай құлағы аса үлкен, ақ жарғақ, аламан құлақ. Алыстағы бір дыбысты сезіп, соған елең етіп, жарғақ құлағын алдына қарай шұғыл тігіп, тың тыңдап бағып қалғандай, құлақ бітісінде қапысыз сәт бар екен. Ақбаланың тұла бойы мұздап кетті.

— Ақбалажан, сырыңды менен бүкпе! Мен саған дос адаммын. Тілекшіңмен артыңдағы.

Ақбала үнсіз. Судыр Ахмет:

— Кіммен қара болсаң сонымен ақ бол деген...— деп қадала түсті. Тақа болмағасын, Ақбала:

— Мынаны қайтем...— деп қолындағы емізулі жас баласын көрсетті де, беті шыдамай бұрылып отырды.

Судыр Ахмет бір жайды шұғыл ойлап кеткендей, иегінің ұшындағы бес тал сақалын түбінен сығып, көзін тас қып жұмып отырып қалған-ды Бір кезде көзін оқыс ашып алды.

— Ә, таптым... Бұл балақайды... аты қалай балақайдың?

— Әшім...

— Ә, Әшім бе? Аты жақсы екен... Алда, айналайын-ай! Құртақандай екен, өзі де... Бұл балақайдың туғанына қанша болды?

— Алты ай...

— Е, алты ай де?! Өзі біраздан келген екен. Қарақұлақтанып қалған екен ғой! Қыртпыш екенсің ғой! Қытық-қытық... Асылы, адам баласы шабан өседі-ау! Алты айдағы сиқы мынау. Тіпті бір жаста да бала мүлік емес. Қаз балапаны... ана көгілдірлердің жұмыртқасын жарған бойда жаутылдап суға мініп-мініп алатынын қайтерсің түге! — деп Судыр Ахмет шықылықтап мәз бола күлді де, кенет Ақбалаға қарай шұғыл еңкейіп,— Ақбалажан, бұ балақайды сен әкешешеңе апарып бер, Сүйекең жиен баласын бақпай не бітіреді. Асылы, сен сөйт! — деді.

— Күйеуге шығатынымды білсе... мені үйінің маңына да жүргізбейді. Анам байғұс шыдамас еді... әкем жібімейді. Оның мінезі белгілі ғой.

Судыр Ахмет көп ойланған жоқ; бұ жолы да тез ақыл тауып, қуанғаннан алақанын алақанына шарт еткізіп салып қалды:

— Сен оларға күйеуге шығатыныңды айтпа! Тіпті сездірме! Жас бала мойнымды бұрғызбайды де. Осы күні асымды пісіріп іше алмай жүрмін де. Мына жиендеріңді өздерің бағып өсіріңдер деп, апарып көрші. Сонда олар қалай қолқ етіп түсе қалмас екен.

Ақбаланың өңі аппақ қудай. Баласын құшақтай түрегелді. Есіктен шығар жерде әлдене айтқысы келгендей, сәл қайрылып тұрды да, лəм-мим деместен жүре берді. Ол ыза-лы басып есіктен шыға берген-ді; Судыр Ахмет шұғыл жадырап, санына алақанымен салып қалды:

— Болды бір қызық!

XIV

— Ойбай!.. Ойбай! Мынау азап қой, нағыз дозақ мұнда ғой. Бағанағы ішкен асымның қайда кеткенін білмеймін,—

деп Судыр Ахмет тастай қараңғы үйде жаны қыдырып жүгіріп жүр.

Сары маса сыңсып тұр. Бірін өлтірсең бірі келеді. Және құлағының тұсына кеп, ызылдап тұрып алғанда, бейне біреу шекеңе бұрғы сап, қадалып тесіп жатқандай болады. Судыр Ахмет сыртқа шығып түтіндік салды. Қараңғы түнде ақ көйлек, ақ дамбалы ағараңдап, жүгіріп барып, ащы түтіннің ішіне сүңгіп кетті.

— Ал!.. Ал... Ер болсаң, сен маса енді келші. Ә, солай ма екен?

Түтіннің астында ұзақ отыра алмады. Көмейі мен көзіне ащы түтін кіріп, дем алмай тұншығып бара жатқасын түтіндік астынан жүгіріп шықты. Жаны төзбей бара жатқасын ол жаппасына қайтып кірді. Сары маса қанша сыңсып тұрса да, әлгі бір әзірде өзі тұрып кеткен төсектің от жағында бүркенбей беті ашық ұйықтап жатқан әйелін көріп, одырайып тұра қалды: «Осы ит-шошқа өліп қалған жоқ па?» — деп ойлап, құлағын әйелінің кеудесіне тосты. «Тірі. Әй мынау тірі ғой?!» — деді таңданып. Өзі жанын қоярға жер таппай жүргенде, бұл найсаптың рақаттанып ұйықтап жатқанын көріп, ызаланып кетті.

— Қатынның қырық жаны бар деген рас шығар?! — деді Бибіжамалдың бүйіріне теуіп қап,— тұр!

— Жайшылық па?

— Тұр, үйді жық! Көшеміз.

— Таң атсын.

— Е, таң атқасын менің өлігімді көргің келе ме?

— Құдай шебер-ай, шыбын шаққаннан өлген кісінің моласын көргем жоқ.

— Сұбыхан алла! О, дінсіз!.. Көрмесең, енді көрерсің. Мына маса мені өлтірмей қоймас. Өлтірер!.. Өлтірер! — деп Судыр Ахмет қақпа шекпенмен басын бүркеп ап, зарлап жатты да,— ау, ау, қатын-ау...— деп, шыдамай басын тағы көтеріп алды.— Мына сары масаң самсаған сары қол ғой. Бір де кем емес! Құлағының нақ тұсына ызылдап, ілмиіп қана келеді... Өзі де әп-әлжуаз. Қолыңа ұстап қарасаң тұмсығы да мүлік емес. Ал, сонан келе, сол тұмсықпен кісіні шағып алғанда ше... тап бір найза сұққандай! Міне-е!..

Судыр Ахметтің алақаны арқасына сарт етті. Осыдан ол таң алдында ғана көз ілді. Онда да таң алдында теңіз жақтан салқын самал соғып, сыңсыған маса сап болды. Судыр Ахмет оянғанда балықшылар ауларын қарап келген екен. Сыртта, жер ошақ жанында әйелдердің жаулығы ағараңдайды. Бибіжамалдың кісідей сары сазанды шыптаға

салып, қабыршақтап жатқанын көріп, Судыр Ахмет үстіндегі шекпенді аяғының басына қарай серпіп тастап, атып тұрды. Дамбалшаң, көйлекшең. Жалаң аяқ, жалаң бас. Төсектен тұрған күйі қыт-қыттап күліп, балық сойып жатқан қатынының қасына келді:

— Осал екенсің! — деп ол Бибіжамалды арқасына қағып-қағып қойды да, күйбеңдей басып Мөңкенің үйіне барды.

Үй толған кісі. Кәлен, Рай, Дос бар. Рай жаралы басын ақ шыт орамалмен таңып апты. Балықшылардың әңгімесіне араласпай, көзін төмен салып отыр. Судыр Ахмет мұнда болған төбелесті Шалқарда жүріп есіткен. Ожырай, қазір ел ауызындағы батыр. Оның бір балықшыны найзамен түйреп өлтіріп, Райды ұрып жығып, қызды өңгеріп ап кеткен ерлігіне қанық еді. Судыр Ахмет Райдың мұңды жүзіне мысқылдай қарады. Қызынан айрылып қалған жігітті кекеткісі кеп, тілі қышып отыр. Басқа жағдайда өзін тежемес еді, ол Кәленнен қаймықты.

Кәленнің қазіргі түрі аса суық екен. Бір жанға көз салмай, тұнжырап алыпты. «Кәпірдің бетін аулақ қыла көр. Бұл ма... бұл кісі өлтіруден тайынбайды»,— деп ойлап, көзін Кәленнен тайдырып әкетті.

Судыр Ахмет көп ішінен Ақбаланы көрді. Келіншектің өңі кешегіден гөрі жұбау. Көзі қызарып кетіпті. Судыр Ахмет оның түні бойы ауыр ой билеп ұйқы көрмей шыққанын білді. Оны да өз ішіне жақсы нышанға жорып: «Әйелдің көңіліне желік кірді дегенше, құдай төбесінен ұрды дей бер»,— деп түйіп, Тәңірберген берем деген ат тақымына тигендей, көңіленіп сала берді. Құдайменде аулы әңгіме болса, Ақбаланың ықыласпен тыңдай қалғанын да байқады.

— Несін айтасың, су жарықтық ел ырысы ғой. Мол су қоймапты. Жылда көні құрысып жататын Ақмарқаның беткей, бөктері тегіс көктепті. Құдайменде болыстың ауылы көктемде бес-алты қап бидайды жусан арасына шаша салған екен... Қазір сол далалыққа көк егін қақалып шығыпты. Тұнып тұр-ау!.. Тұнып тұр! — деп, осы мақтауы аз болғандай, Судыр Ахмет көзін тас қып жұмып, басын шұлғып-шұлғып қойды.

Мөңке мен Судыр Ахметтің әйелі екі-үш атадан қосылатын апалы-сіңлілі еді. Мөңке Судыр Ахметтің өз басын қанша жек көрсе де, осы жағынан байлана беретін. Ол Судыр Ахметтің Құдайменде аулын мақтағанын жақтырмай:

— Қаратазды биыл көбеңдеу атап жүр еді ғой,— деп, әдейі кеміте сөйледі.

— Көбеңің не?! Қазір Құдаймендe болыстың көкке сермеген құрығы айға түсіп тұр.

— Не дейді, нанайын ба, жоқ па?

— Нан, нанба, еркің білсін. Осы қазір оның дәулеті тасып тұрған кезі. Жеті атасына бітпеген дәулет Құдаймендe мен Тәңірбергенге орнады. Өз аяғымен жайылатын малда есеп жоқ. Қырдағы жусанның жүзі қойдан көрінбейді. Ал, үйден суарылатын қызыл қозылар дуадақтай-ау, дуадақтай! Есік алдынан былқ-былқ етіп құйрықтарын тарта алмай өтеді. Көзіңнің құртын жеп-жеп кетеді,— деп, ол көп ішінен Ақбалаға қарады.

Ақбала жерге кіре жаздады. Артық отыра алмай, жас баласын сылтау ғып сыртқа шығып кетті.

«Құдай қаласа бай мырзасының бір сәйгүлігі біздің тақымға түскен шығар»,— деп ойлап, Судыр Ахмет мұртынан күліп отыр. Осы арада өзінің мініп жүрген аты есіне түсті. «Арқасы қырғыштай жаман тұтырдан... сол жамандаткырдан құтылсам екен. Жол жүргенде-ақ қиын. Ит бүлкілі ішіңді түсіреді».

— Әй, суқит!..— деді Мөңке,— Қаратаздың мақтауын жеткіздің. Саған сның арманы жоқ. Жә, сен енді қаланың әңгімесін айтшы. Ақ патшаның қазақтан жігіт алатыны рас па? Сол сөзіңнің түбі шикі емес пе?

Судыр Ахмет аяқ астынан тулады.

— Құдаймендедей бола алмайсыңдар. Оның басқан ізіне де тұрмайсыңдар,— деп бұрқылдап, тұрды да жүре берді.

Осыдан кейін жаман жаппасын Ақбаланың жерқазбасының жанына тігіп алды. Ақбаланың үйі болмаса, басқа бір үйге басын сұқпады. Екі үйдің арасын жалғыз өзі жол қып тастады. Жүргенде күзенбел ұзын денесі күйбең қағады. Кебіс киген аяғы да ашу буғандай дыбырлап, жол шаңдағын бұрқ-бұрқ басады. Дене қимылында да бір түрлі күйбектік, тежей түскендік бар. Аса ызалы. Үйіне келгелі әлі тұқ бітірген жоқ. Атын тұсап жібергелі бір жетіден асты. Іздегісі кеп талай оқталды. Кеше кешкісін ол тіпті, ноқтасын қолтығына қысып, сыртқа да шықты. Бірақ, соның бәрінде де, болмашы бір сылтау есіне түсіп, ізінше қайта оралды.

Кеше атын іздемек боп жігерге мініп отырғанда, қараша іңгеннің мұрындығы есіне түсті. Әйелінің әне бір күні шоқалақ арасынан бір тұтам түзген сындырып әкеп, «Аққозының әкесі, мынаны түйеге мұрындық істеші»,— деген өтініші де бар еді. Есінен шықпай тұрғанда, әуелі түйеге мұрындық істеп тастағысы кеп, әйелі әкелген түзгенді қолына алды. Онан түзгенді жонып отырып қолын пышақ кесіп, әйелі киіз

күйдіріп басып, үй іші әпі-шәпі болды. Онан басы қышып, шашын алдырғысы кеп, Мөңкенің үйіне барып еді. Ол ауын басқа жаққа аударып салмақ боп, жағаға кеткен екен. Сол Мөңке бүгін де қолына түспегесін, атын іздемек боп жүгенін қарына іліп сыртқа шығып еді. Күлге шөгіп жатқан қараша іңгәнді көрді. Адам аяғандай, іші қатып, мықшиып қапты. Мұрнына құрт түсіпті. Басын сілкіп пысқырып жатқанын көріп Судыр Ахмет жатты да ашуланды. Судыр Ахмет ептеп ерке балаға ұқсайтын. Егер, ертеңгі жалғыз атын қасқыр жеп, не ұры алып кетіп, бір бақытсыздыққа ұшырай қалса, ол өзін кіналамайды. Тым құрыса, өткен жолы атын іздемек боп үйден шығып тұрып, ізінше кері қайтқанына да өкінбейді. Сол арада оның есіне мұрындық түседі. Оның аржағын түптеп қазбаласаң, түйеге мұрындық істерсің деп түрткі болған әйелі. Шоқалақ арасынан түзген сындырып әкеліп жүрген сол! Сайып келгенде, ескі қазақ аулында келдектің қай басын басса да әйелге тиіп, шекесі жарылып жататын.

— Өзіме қалғанда алдақашан тауып әкелетін ат еді. Осы қатынның-ақ ісі бітпейді... Ананы бір істе, мынаны бір істе деп... ақыры, енді міне...

Судыр Ахмет дедектеп, жүгіре басып кеп, жаппасына кірді. Бірақ онда көп айналмады. Бір кезде ол жаппадан есі шыққан кісідей алау-далау боп, жүгіре шықты.

— Ақбала! Уа, Ақбала! Үйдемісің? — деп шыдамай, сырттан дауыстап келеді. Кебісін киюге де асыққандай, жалаң аяқ, жалаң бас. Енді болмаса өрт ішінде қалатындай, есіктен ентігіп, сүріне-қабына кіріп,— Ақбала қарағым, кешке біздің қатын отыннан келер кезде соғарсың,— деді.

— Жай ма?

— Қайдан жай болсын. Жай болса, сені шақырам ба. Үй ішін жинап жүріп, аққұманды сындырып алдым... Ана жолы қаладан әкелетін көк бүйрек аққұман. Нағмет ағаекем сатып әперетін.

Ақбала аң-таң. Бұның өзі сындырған аққұманға отынға кеткен қатынның қандай қатысы барын біле алмай, дал боп отырған-ды.

— Ойбай-ау, мен... мен бейбақ мұндайда шыдамаймын ғой. Аққұманның сынған ызасын кемпірден алам ғой. Ақбала қарағым, кемпір келер кезде соғарсың,— деді де, Судыр Ахмет шығып кетті.

Ақбала ойда. Осы Судырақтың ақылымен емізулі жас баласын ана сүтінен айырып, қарт анасының қолында қалдырып кетті. Жас бала бие сүтін ашырқанып, лоқсып құ-

сып, жылап қалды. Сондағы шарылдаған дауысы, әлі күнге Ақбаланың құлағынан үзілмей, жүйкеңді жұлып, безек қағып тұрғандай. Айрықша, жерқазбада жалғыз отырған да қиын. Оңаша қалса-ақ ойына баласы оралады. Ондайда шырылдап жылаған бала даусы үй алдына келіп қайтып: «Қайдасың, анам... анам!.. Анам?..» — деп қақылдап, дәл құлағының тұсында тұрды. Бала зары, кейде тастай қараңғы үйде жалғыз жатқанда шығады. Айрықша, көзі үйқыға кетіп бара жатқанда, дәл қасынан бала үні шыққандай боп, Ақбала жалма-жан қолын созып, сипалап қалады. Қайсы бір кезде Қарақатынның екі ор лағы топырлап жүгіріп кеп, сыртта, есік алдында нәзік бір үнмен маңырай қалса да, ана жүрегі дір етеді.

Бір жолы шөлдеп жүрген шығар деп аяп, осы екі лаққа су бергені бар. Лақтар әдепкіде келіншектен мұндай мейірім күтпей, кінәсіз көздері жалтақтап қарай берді. Сонан екі ор лақ кішкене ауыздары шөпілдеп, тұщы суды шыпшып ішті. Онан сайын Ақбаланың жан жүйесі босап, күшпен іркіп, тежеп келген көз жасына ие бола алмады. Ол Судыр Ахмет пен Тәңірбергенге, өзіне, осы бар әлемге лағнат қарғысын айтып, байдан да, байлықтан да безіп, талақ дегісі келді. Мойнына бұршақ сап, құс қанаты күйгендей осы ыстықта жазықсыз жас сәбиін... жетім лағын іздеп кеткісі келді. Сондай кезде ол кішкентай жетімектің әкесін аяды. Осы бала Ақбаланың бойына біткенде, ол сорлының қалай қуанғаны есінде: ана құрсағындағы баланың қимылдағанына мәз болды. Қақаған қара суықта күні бойы теңіз үстінде жүріп қайтқанда, басқа балықшылар қалжырап, аяғын баса алмай қалатын. Сол кезде де ол өмірі шаршау, қабақ шыту дегенді білмейтін. Қайын жұртына барып, қалыңдығын көріп келген жігіттей, үнемі үйге шаттанып, күліп кіретін. Балық салған дорбасын босағаға тастай салып, сырттан келген бойда үй шаруасына кірісіп кететін. Ондайда Ақбалаға ойын-шынын араластыра әзілдеп: «Адам өз бойын шаққа алып жүргенде, сен дыңдай бір кісіні көтеріп жүрсің ғой. Маған бер»,— деп күліп, үй шаруасын өзі істеп тастайтын. Сол, сорлы Еламан әйелінің құрсағындағы балаға қуанып, мәз боп жүргенде, ақыры, міне қол-аяғына кісен түсіп айдауда кетті. Судыр Ахмет секілділер оны алдақашан жерлеп қойды. Ас артынан құран оқып, қол жайып тие берсін айтып жүр. Ақбалаға да: «Шырағым, тие берсін де! Өлі аруақ артында қалған адамнан дұға дәметеді»,— деп зорлап отырып, бір-екі рет тие берсін айтқызып еді...

Кешкі қара көлеңкеде өз қайғысына өзі уланып отырған Ақбаланың үстіне Судыр Ахмет кірді. Етегіне сүрініп, дауырығып, үйді басына көтере келді:

— Ау, Ақбала-ау!.. Ақбалажан-ау!.. Қарағым-ау, кел дегенім қайда? Есік ашылған сайын қарайым. Әне келер, міне келер деп күтіп, өзімді ұстап-ақ бақтым. Қайтейін, келмедің... сосын, мінекей, кемпірмен шиедей боп төбелесіп қалдым.

— Тегі ұрғансыз ғой?

— Я, ұрдым! Шекесі жарылды. Келіп арашаламадың... енді, оны өзің барып жұбат. Мен осында күте тұрайын.

Ақбала ықылассыздау түрегелді. Есіктен шығар жерде Судыр Ахмет оны соңынан қуып жетіп, кейін тартып, қайтадан ішке алып кірді.

— Ал, Ақбалажан... буынып-түйініп, әзір отыр. Бүгін...— дей түсті де, әлденеден сақтанғандай, үй ішіне айнала қарады. Ес-түсінен айрылып, сілейіп қалған Ақбаланы ол өзіне қарай тартып, аузын құлағына тақап, құпиялай сыбырлады.— Бүгін... таң алдында келеді. Қамсыз болма, білдің бе?

Ақбала бетіне қаны қашып, отыра кетті. Қуанғаны, әлде қорыққаны белгісіз. Өмір жолы басында бұралаңмен басталса да, ақыр аяғында, адаспай кеп тәңірі қосқан жарын тапты ма?

Ертеңіне балықшылар аулы у-шу болды да қалды. Тәңірберген бір топ жігітпен кеп, таң алдында Ақбаланы алып қашыпты. Ақбала үйден шыққанша өздері ауыл сыртындағы қоңыр төбенің астына кеп, иіріліп күтіп тұрған екен.

Бай мырзасының мына қылығына балықшылар қатты көтеріліді. Ызалы жандардың ішінде үнсіз жүрген жалғыз — Кәлен. Әне бір кезде Тәңірбергеннің Ақбалаға ұрланып кеп жүретінін есітті. Өзге де емес, Рай кеп айтқасын Кәлен талай түн Тәңірбергенді тосып, өрелі таңды көзінен атырып еді. Ел жатар кезде жалғыз өзі ауылдың шетіне шығып, Ақбаланың үйін алыстан торып жүрді. Тәңірберген келмеді.

Бір жеті өткесін Кәлен күдер үзді. Ажарлы әйелге ауылдағы қыз, қатындар өш боларын білетін. Бұ да солар таратқан көп өсектің бірі болар деп ойлап, ұйқысы шала боп шаршап жүрген Кәлен өткен түні алаңсыз жатып қап еді. Тәңірберген осы кезде кеп, Ақбаланы алып қашты.

Кәлен әйелді шығарып берген кісі барын білді. Басқа емес, бір кісіден қатты сезіктенді. Тап қазір де Кәлен онан көзін айырмай, бағып тұр.

Ызалы халық дем арасында топталып жиналып қалды.

— Қалың тобырымызбен қаптап барып, кегімізді неге алмаймыз осы,— деді Мөңке. Ызалы халық оны қоштап шулап бара жатыр еді, кейінгі жақтан Кәлен бағып тұрған кісі дедектеп жүгіріп келді. Жолында тұрған кісілерді кимелеп жарып кеп, жаңағы сөзді айтқан кісіге шап берді:

— Әй, Мөңке! Әй, әй, айналайын-ау ес жоқ екен ғой, өзіңде. Қазір көк тәңірі — құдай да, жер тәңірі — Құдаймендe боп тұрған жоқ па, Құдаймендеге не істей аласың?

Кәлен мына жақтан үнсіз түйіліп кеп, оның ұзын мойнын дәл желке тұсынан сығып ұстады да, бүркіт ілген қояндай, аяғын жерге тигізбей көтеріп ала жөнелді.

— Құдаймендеге ештеңе істей алмасам да, сен сұмырайдың өндіршегіңді жұлып алу қолымнан келеді. Сені суға атпасам... Кәлен атым құрысын!

— Ойбай... ойбай... өлдім! Бибіжамал... Бибіжамал, қайдасың!

Бір жан тырп етпеді. Бибіжамал балаларын баурына қысып, балықшылардың арасында тапжылмай тұр. Кәлен қаны қатып алған. Үн жоқ.

Судыр Ахмет өзіне ара түсетін бір жанның жоғын көрді. Онан сайын есі шықты. Кәленнің қолында ойбай сап, құлындай шырқырап бара жатып, кенет ол іш киімін сасытып жіберді.

— Ту, хайуан! — деп Кәлен жиіркеніп, бетін бұрып әкетті. Қолында тыпырлап жатқан кісіні сол сәтте басынан асыра көтеріп ап, терi тулақтай лақтырып жіберді.

Анау есін танып, талып жатыр. Бір жан басынан сүйемеді. Тек Бибіжамал бір қолымен мұрнын басып, қиналып кеп, ауызына су тамызды.

XV

Сүйеу қарттікіне теңіз жағасындағы ауылдан Кәлен кеп түсті. Кәлен Сүйеу қарттың ауылда жоғын есіткен. Қазір ел ішінен біреуді біреу табу қиын. Қазақ жігіттерін майданға алатын болғалы бұл ауылдың ер-азаматы үлкен әбігерде. Жастар жағы тегіс атқа мінді. Осы ыссыда аттарын сабылтып, ауыл мен ауылдың арасында жүйткіп жосып жүрген-ді.

Кәлен атын белдеуге байлап жатып, ауыл тірлігіне көз салып өтті. Теңіз жағасының маса, сонасынан аулақта, кең жайлау, таза ауада киіз үй тігіп отыр. Күн кештетіп қапты. Өрістен мал келетін күндегі дағдылы кез болған соң ауыл ішінің қимылы, әсіресе, қауырт. Қатын, балалар қозы, лақтын көгендеп, бота, бұзауын қуалап жүгіріп жүр. Боташ

тауының биік тұмсығын ықтай қонған көп ауылдың үсті у-шу екен.

Кәлен ақырын басып ішке кірді. Сүйеудің кемпірімен амандық сұрасқаннан кейін, Кәлен үй ішіне айнала қарады.

— Шеше, Еламанның баласы қайда?

— Қарағым, қорықпай-ақ қой. Бала тірі. Атасының тымағында жатыр.

Күніне толмай, шала туған баланы он айға дейін тымаққа салып, керегенің шұнақ басына іліп қоятын ескі ауылдың ежелгі бір ырымы болатын. Кәлен қашан кетер-кеткенше ағаш төсек тұсында, керегенің шұнақ басында ілулі тұрған сеңсең тымақтан көзін айырмады.

— Келе бермейтін бала едің, отырып ас-су ішіп кет.

— Рахмет, асығыспын. Ағарған ауыз тигізсеңіз болады,— деді Кәлен тезірек кету жағын көздеп. Ат соғып, шөлдеп келген-ді. Жылы ағарғанды мейірі қанып іше алмай, бір-екі ұрттады да қайырып берді. Сонан соң ол өзінің тартынбай, тура айтатын мінезіне басып, өткен күні Тәңірбергеннің Ақбаланы алып қашқанын айтты да, түрегелді. Кереге басындағы тымақты алды. Бастың шайыры сіңген тымақтың ішінде танау қағып, терлеп жатқан сәбиді көргенде, аяныш қысқан жүрегі аузына тығылды: «О, пақыр!.. О, сормаңдай балапан!..» Ауа жетпей буынып бара жатқасын, бір қолымен көйлегінің жағасын тартып қап, түймесін үзіп жіберді. Баланың жалындаған ыстық маңдайын сүйді де, тымағымен көтеріп кереуеттің үстіне жатқызды. Кемпірмен қоштаспастан сыртқа атып шықты.

Кемпір Кәленнің қалай кеткенін байқаған жоқ. Қайырып берген зеренді де алмай, ұршық ұстаған қолы тізесіне түсіп отырып қалды... Ертеңіне келді. Шалының ашулы түрін көріп, кемпір аяғын ұшынан басып жүр. Жиен немересінің әлсіреп жатқанын да айта алмады. Сүйеу осы қызын өлердей жақсы көретін.

Еламан айдауға кеткелі қызына айрықша ықыласы құлады. Еламанның орнын құлатпай, баласын бағып, өз алдына үй боп түтін түтетіп отырғанын мақтаныш көретін. «Менен ұл туған жоқ... тек, осы қызым... Ақбалам болмаса...» — деп Сүйеу үйде, түзде бірдей мақтанатын. Оның үстіне намысшыл, ызақор, ашушаң шал ел ішінде қайда бағы өрлеп тұрған кісілермен ұстасатын. Соған бағып, ол Құдаймендемен түс шайысып жүрген-ді. Сол қызының қайда қаны қас кісінің інісіне қатын үстіне шыққанын есітсе... аршыл шалдың ызадан жарылып кетуі мүмкін еді. Кемпір бата алмады.

Үй іші оңаша. Дала шыжғырған ыстық. Қозы, лақ үй

іргесінен көлеңке іздеп, әлдеқайдан топырлап жүгіріп кеп, үйге сүйкенді. Ірге түрлі. Аңызақ желдің ыстық аптабы бетке соғады. Кейде жазғы жел жынша ойнап, кереге көгінде ызылдайды. Сүйеу төр алдында тіп-тік боп шаншылып отыр. Ай татырда, ін аузында шаншылған саршұнақ тәрізді. Үстінде ақ бөз дамбал, ақ бөз көйлек, өзі сөлсіз арық. Және аппақ. Сақал-шашы да аппақ құдай. Бармағына толтыра салған көк бұйра насыбайды екі танауымен кезек ніскеп, құшырлана тартып қояды. Екі көзі жасаурай түсіп, бүтіл беті жыбырлап отыр. Шалының осы түрінен қаймыққан кемпір, Кәлен әкелген сұмдық хабарды көмейіне жұтып қалды.

Сүйеу кісі ажарын танығыш еді. Ол кемпірінің сынық түрін байқады. Және бірдеңе айтқысы келгендей кемпірінің әлденеше рет оқталған түрін көрді. Сүйеу кемпірінің жасқаншақ мінезін жақтырмай, бір-екі рет суық назарын шұғыл қадап, осқырына, шытына қарап отырды да, көзін тайдырып әкетті. Көңілі жүйрік шал бірдеңені сезіп қалғандай.

— Қызың Тәңірбергенге қатын үстіне шығыпты,— деді кемпір.

Үй іші жым-жырт. Сүйеу қыбыр еткен жоқ. Кемпір оған қайран. Әншейінде мыршай тұлкідей ашушаң, шақар шалдың бұ жолы үндемегеніне ыза болды. Күшпен іркіп келген ашу ананың да ішіне сыймай бара жатқан-ды.

— Мақтаулы қызың... елде жоқ асылың ғой өзіңнің,— деп ол шал ашуын өзі шымшылағандай болды.

Сүйеу қарттың ашуы бұған да тұтанбады. Ол, тек ширығып:

— Не оттап отырсың өзің. Құдайдың бергені де. Мен оны қайбір hауана, hауатадан таңдап алды дейсің,— деді.

Кемпір қарсы дау айтпады. Сыртқа шықты. Үй іргесінде ойнақ сап жүрген көрші үйлердің қозы-лағын қуалап, әрі айдап салды да, қайтып келді. Шалына көз қиығын тастап еді. Сүйеу әлі қозғалмапты. Көз алабы қып-қызыл. Жанарында суық ұшқын бар Жотасы көтеріңкілеу болғанмен жұқалтай қырғыш мұрнының қос танауы қусырылып, шыңылтырланып кетіпті. Аппақ құдай боп тура алдына тесіле қарап отыр екен. Бір кезде шұғыл бұрылды. От басында жатқан тері тулаққа отыра берген кемпіріне ол жалт етіп, осқырына қарады:

— О несі-әй? Ол не дегені-әй? Бір жыл болмай жатып, күйеусірей қалса, мен қайтпек екем? — деп ащы даусы шаңқылдап, үзіп-үзіп сөйледі. Ашу емес. Соның бәрі жүрегін кернеп бара жатқан іштегі реніш, ыза, күйік секілді еді. Кенет, ақ кірпігі серпіліп, қызыл жиек, ашулы көзі шатынап

ұясынан шыға қарап, кемпіріне үнсіз тесіліп, жеп жібере жаздады. Бір кезде тағы оқыс шаңқ етіп: — О несі-әй? Маған айтқан несі-әй? Күйлеген қаншықтың арлан ертпеген күні бар ма? Оны маған айтқан несі? Ол несі-әй? Пайғамбар жасына келген шағымда, мен енді қолыма аса алып, күйлеген қаншығыңның соңына ерген қай арланды қуам... Қайсыбірін қуам... Әлі жүні түспеген, жабағы құйрық төбеттерді қуам ба? О несі-әй? Әй, сен қақпастың бұл қай қорлығың, а? — деп атып түрегелді.

Кемпір қозғалған жоқ. Теке сақал, ақ кірпік, қызыл көз шал талай көрген жауы. Сүйеу қарт қамшыны ала сала былқ етпей ұршығын ніріп отыра берген кемпірінің шашын білегіне шапшаң орап-орап алды да, бортылдата жөнелді. Кемпір ұршық ұстаған қолымен бетін көлегейлеп, әлсіз қорғанып:

— Ау, енді қойсаңшы,— деп ренішсіз, дықсыз, ақырын ескертті.

Сүйеу бұрын бір-екі қамшы сілтегесін қоятын. Бұ жолы тоқтамады. Қайта, кемпірдің сабырлы қалпы ызасына тиіп, жындана ұмтылды. Шалының сыңайын байқағасын, кемпір ұшып түрегелді. Қолынан қамшыны оп-оңай жұлып алды да, түрулі тұрған есіктен сыртқа қарай лақтырып жіберді.

— Болды ғой, енді! Қайратың асып бара жатса, бар, ана қызыңды... елден шыққан жүзі қараны тыйып ал!

Қанша қорғаласа да, қамшы ұшы кемпірдің бетіне тиіп, қанталата осып кеткен екен. Соны көргесін Сүйеу қарт бұрылып кетті. Енді қайтып үндемеді. Түйе жүн шекпенін жамылды да, іргеге қарап, бүк түсіп жатып қалды.

XVI

Кәлен қырда айналмады. Қайтып келе жатып жолшыбай соққан ауылдың бәрінде де қатын-баладан басқа бір жан кездеспеді. Ел ұлтаны боп есептелетін Торжымбай, Бұламық, Андағұл-Бадық. руларының ер-азаматтары тегіс атқа қоныпты. Осы өңірдің жігіттері Ақшиліде отырған Ожар Оспан аулына ағылып, ақ патшаға жігіт бермейміз деп күпіл-десіп жатқан көрінді. «Сорлылар... Ожардан не опа табам дейді екен? Ол аққөз, орға жығады ғой»,— деді Кәлен ішінен.

Таралғысын қанша қысқартса да, екі аяғы жерге тиіп салақтап келеді. Көңілсіз. Қырдағы ауылда берекет қалмапты. Ер-азаматынан айрылып тұл болғалы тұрған елді көріп, көңілі жабырқап қайтты. Кәлен ымырт үйірілмей, ақ пен қызыл арасында жаман атын қан сорпа қып, Беларанның кезі-

не ілікті. Сол бойда ілгергі жағынан балықшылар аулының жерқазбалары құжынап қоя берді. Бар адам сыртта жүр. Ауыл үстінде әбігерлік бар. «Тегін болса жарар еді,— әлде патша жарлығы бұл жаққа да жетті ме екен?»

Үйреншікті аулын көргесін Кәленнің алқа бел торысы да ықыластанып, аяғын шұрақ басып келеді.

Ауылға тақай бергенде, алдынан Рай шықты. Екі езуі екі құлағында. Ырсылдап жүгіріп кеп ат жалына асыла кетті:

— Ела-ман ағам...

— Ела-ман?

Рай күле берді. Кәлен жігіт жүзіндегі жас пен күлкінің қайсысына сенерін білмей, ат үстінен еңкейіп.

— Хабар бар ма? — деп сұрады.

— Өзі.. келді.

Кәлен күліп жіберді. Қаттырақ бастырып кеп, ат тұмсығын үй алдына тірей тоқтады:

— Ал, қалайық, қуаныштарың құтты болсын!

— Әумин! Айтқаның келсін! Ішке кір. Әй, жігіттер, ағаларыңа жол беріңдер!

— Көрімдік берсін!

— Кәлен аға, көрімдік! Көрімдік бермесе көрсетпейміз.

Жұрт лап қойды. Былайғы кезде бұжыр қара кісіден қаймығатынын ұмытып, бірі шалғайынан, бірі қолынан тартып үйме-жүйме болды да қалды. Кәленнің үстінде қалың киім. Аяғында биік қоныш етік. Қанша кісі жабылса да бір орнынан қозғалмай, қайта жиын арасына түскенде батыр тұлғасы бір түрлі іріленіп, айдыны шығып кетті.

— Әй, жігіттер, көрімдікке не аласыңдар? Астымда атым болса бір ауыз сөзге келмей түсіп берер едім. Үстімде асыл шапаным болса шешіп берер едім. Менде оның бірі жоқ.

— Кәлен аға, өлең айт!

— Ие, көрімдіктің қармысын өлеңмен қайыр.

Кәлен айтқысы келген кезде қолқалатып сұратпайтынды. Бұ жолы да үйдегі-тыстағы жұрт тегіс тына қалғанын байқап, өзінің кең тынысты зор даусымен Сарының әнін шырқай жөнелді:

Аяқты басар Тарлан екіленіп,
Қонаға жем сұрайды мекіреніп,
Шабыстан қажымайтын жануарым,
Арбаның белағашы секілденіп,
Шідерім күдеріден күміс тнек,
Бір малсың шөп жемейтін төре сүйек,
Көк тер қып шаулып келіп байлай салсаң,

Тұрушы ең негіңді үйге сүйеп,
Тарлан ат, бас аяғың ұрынбай-ақ,
Салбырар төбе шашың тұлымдай-ақ
Жем беріп сауырыңды сипап тұрсам,
Аэбарда ойнаушы едің құлындай-ақ.—

деп осы арада өз даусын ат мінезінің еркелігіне сап көмейінде қоңыраулатып құйқылжытып әкеп, кенет кілт үзді. Балықшылар Кәленнің даусын көптен есітпей, сағынышты бір дидарын тоскандай іштей ынтығып жүрген-ді. Кәлен даусын кілт үзгенде, ән баурап алған кісілер қыбыр еткен жоқ. Әсіресе, Рай қасындағы бір жігіттің қолын қысып қатып қапты. Сұйық қара мұрт жаңа-жаңа ғана тебіндеп келе жатқан үстіңгі ерні сәл түріле түскен күйі ғажайып сурет көрген жас баладша аузын ашып тамашалап қалған-ды. Ән үзілгенде демін бір алды. Жанындағы жігітке қарап күліп жіберді.

— Әттең, қыз болсам Кәлен ағаға ғана ғашық болар едім!

Іштегілер де Кәленнің келгенін әннен білді; ән тоқтаған бойда бәрі бірден есікке қарады. Осы кезде есік алдында тұрған кісілердің арасынан оның ірі тұлғасы көрінді. Жол бере қоймағандарды түйіп тастап, баса-көктеп келеді. Тертедей серейген ұзын аяғымен жолында отырған бірнеше кісінің үстінен аттап өтті. Өзін көріп құшағын жая қарсы ұмтылмақ болған Еламанды да көтерілуге үлгіртпей, отырған жерінде бас салды.

— Қайтсін, сағынған ғой,— деді кемпір-шалдар көңілі босап.

Кәлен құшағын жазды. Еламанды қақ төрге, өзі мен Мөңке екеуінің арасына отырғызып жатып, бас-аяғына көз тастады. Үстінде тептік көйлек. Аяғында жайын ауыз ботинка. Сақал-шашы өсіп, жел қаққан жүдеу беті қарайып, осы отырған кісілерден өзгешелеу көрініп тұр.

— Жұрт сені өлді деп дұғасына кіргізіп жүр еді. Өзің о дүниеден келгеннен саумысың,— деді Кәлен күліп.

— Келсе несі бар. О дүние де орыстың түрмесіндей-ақ болар,— деп әзілге орай Еламан да күліп жауап берді.

— Адам шіркін, нт жанды ғой, басқа түскесін тозаққа да көнеді.

— Тозақты о дүниеден іздеудің қажеті жоқ көрінеді. Өміріңнің өзі тозақ екен.

Кемпір-шалдар жағы күрсініп қойды.

— Кәне, жөніңді ұқтыршы, сені өздері босатты ма,— деді Кәлен.

— Жоқ, қашып шықтым.

— Бәсе, қолға бір түскесін босатат дейсің бе? Сен қай жерлерде болдың?

— Шалқардан айдағасын бізді бірден Жаманқалаға апарды.

— Жаманқалаң... ау, ау, Еламанжан-ау, ол өзіміздің жылда астық әкеліп жүрген жеріміз ғой.

Үй лық толы. Сырттан кісі кірген сайын жеркәзбаның жаман есігі сына жаздап сықыр-сықыр етеді. Аласа үйдің ауасы ауырлап, балық шырышы мен тер сіңген киімнің күлімсі иісі қолқа атып бара жатты. Үлкендер жағы бір-екі рет есік жақта тұрғандарға «үйді пысынатпай, сыртқа шығыңдар»,— деп құлақ қағыс қылып еді; оған ешқайсысы қозғалмады. Қайта ішке кіре алмай, кейінірек тұрғандар алдындағы кісілерді ысырып үнсіз сығылыса бастады. Еламан есік жақта тұрғандардың көбін танымады. Өткен жылғы жұтта қырды қыстайтын көп ауыл малын қырып алды деп есіткенді. Мына бейтаныс, жүдеу жандардың қырдан көшіп келген кірме екенін іші сезіп отыр. Сол қыста Рай екеуін Шалқарға айдап апара жатқанда, жолшыбай бір қонып кететін шұңқырдағы жалғыз үйдің жандары есіне түсті. «Пақырлар, қыстан қалай шықты екен? Қайда екен?» — деп ойлады.

— Шай! Шай келеді... Жол беріңдер! — деген дауыс Еламанның ойын бөліп жіберді. Төрде отырған кісілер жалма-жан серпіліп, алдарына жайған дастарқанға орталарынан орын ашты. Еламан шөлдеп отырғанына қарамастан шайға зауқы шаппады. Ауылға келген кездегі ыстық қуанышы біраз басылған. Үй ішіндегі әңгімеге ықылас қоймай, көбінше ой-қиялын басқа бір нәрсе билеп, екі нығының басы салбырап, сақал-мұрт басқан жүдеу беті жабырқау тартып отыр. «Мүмкін, жалғыз тұру қиын болғасын әкесінің үйіне.... жоқ, жоқ, әкесінің үйіне кетсе, мыналар мұнша қиналмас еді ғой. Иә, қиналмас еді... ал, мыналар шынымен қиналып отыр...»

Күдігін анықтағысы келгендей, Еламан қасындағы кісілерге қарады. Бір нәрседен беті күйгендей, аналар Еламанға қарай алмай, бетін бұра берді. Басқаны қойғанда кісіден жүзі ықпайтын Кәлен де сырын ішіне тығып бітеуленіп апты. «Тегін болмас»,— деді Еламан ішінен.

— Қырдағы ауылдар қалай екен? — деді Меңке Кәленге қарап тіл қатса да, көз қиығымен Еламанды бағып.

— Оларда да береке қалмапты. Байлар жағы болмаса, басқа халықта басы бүтін үй аз.

— «Жыртық үйдің құдайы бар» деген. Қайта, құдай оңдап біздің ауыл бүліктен аман отыр десейші,— деді Дос көңілденіп. Кәлен шытынып қалды:

— Қой, Дос! Шанышқыдан жырылған балықтай жалғыз сенің амандығыңның рахаты қанша.

Мөңке осы екеуінің қырбай жүргенін байқайтын. Екеуі тілге кеп қала ма деп қорықты. Ертеден бері қалай айтарын білмей отырған әңгімесін де бастап кетті.

— Еламан қарағым,— деді оған өз қолымен кесесін алып беріп жатып.

Еламан кесеге созған қолының қалтырап кеткенін байқады. Бір қолымен ұстаса кесені түсіріп алатындай сезініп қос қолымен ұстады. Қарт балықшының қинала бастаған түріне қарап, ертеден бері жүрегі сезіп отырған сұмдықты есітетінін және тап осы кісінің өз аузынан есітетінін білді де, қыбыр етпей сіресіп отыр.

Үй іші жым-жырт. Сырттан қатты қайнатып әкелген ескі жез самауыр ғана ентігін баса алмай ыжылдап тұр.

— Еламан қарағым, сен де тұзақтан босанып келген құстайсың. Туған жеріңе қанатың талып кеп отырсың. Сен кеткенде, артыңда үмітіңді ұстап қалған үйің бар... еді,— деп Мөңке күрсініп, кеудесін қысқан күйікті босатып алды да.— Ер жігіт ел-жұртын аңсап, құстай ұшып келгенде, әттең дариғай...— деп, кенет жасқа булығып қалды. Мөңке сөйлей бастағаннан-ақ Судыр Ахмет білдірмей шығып кеткісі кеп еді. Бірақ Кәленнің көз-қиығын сезіп қозғала алмады. Сонан соң сөзге өзі араласқысы кеп қипақтап, қозғалақтай бастады. Мөңке тоқтағанда қуанып кетті.

— Әй, әй, Мөңке,— деп ол бір бүйірден киліқті.— Көлгектейтін не бар. Көмейіңді буып, қылғынып сөйлеуді қой. Әйел ауыр қаза емес. О, тәйірі, теңіз жағасында ең таңдаулы әйел мықты бір қараның пұлынан аспайтын боп тұр ғой.

Еламан Судыр Ахметтің аузын қан қып жібергісі кеп кетті. Уысында қысқан кесенің сықырлап сынып бара жатқанын сезбеді.

— Ойбай-ау, бұрынғылар біліп айтқан ғой. Бұл әйел жеті дүспанның бірі ғой. Ер жігітке опа берген бе. Ау! Ау, Еламанжан-ау, Ақбала да опасыз боп шықты. Сен кеткесін...

Судыр Ахмет Кәленнен бір пәле күткендей, кілт тоқтай қап, көзінің қиығымен қорқақтап қарады. Кәлен осы әңгімені қайта Судыр Ахметтің айтқанын қалап отырған. Судыр Ахмет соны сезді.

— Құрсын, айтатыны жоқ, Тәңірбергенмен ыржаңдасып жүрді де, ақыры бір күні қашып кетті.

Еламанның уысында қысып отырған кесе кенет күтір етті. Алақанына төгілген ыссы шайды сезген жоқ.

— Еламанжан, қиналма. Саған әйелді өзім тауып берем. Көре қал, сол сайқалдың әкесіндей әйел тауып бермесем...

— Ой қырт, шық үйден! — деді Кәлен ақырып.

Судыр Ахмет жалт қарап, Кәленнің қатты бұзылған түрін танады. Жым бола қап, үй толы кісілердің арасымен жылысып кетіп бара жатып, қашан есіктен шыққанша бұжыр қара кісіден көзінің қиығын айырмады.

Осы кезде әлдекім балықшылар аулының итін шулатып шаулып кеп, есік алдына мінбелей тоқтады. Іштен шыға берген Судыр Ахметті басатындай атын омыраулатып қимелеп бара жатты.

— Ау, көзіңе қара! Қырасың ба?

— Бұл ауылдың ер-азаматтары қайда?

— Е, мені әйел деп кім айтып еді?

— Қыршаңқысын, мұның. Балықшылар қайда деп тұрмын...

— Е, немене... балықшыдан басқа кісі кісі емес пе?

— Әй, қырт...

— Өзің қырт! Сен... сен қара сақалды, киіз керекапты қыртсың. Ызам ішіме сыймай, қара тырнағыма дейін күйіп тұрсам. Ойбай-ау, бұның... бұл жаманның басының... Ойбай, өлдім.. өл-дім...

Іштегі кісілер бір-біріне үрейлене қарасты. Қара сақалды киіз керекапты кісіні Қабырға болысына қарасты ел жақсы білетін. Әсіресе, дәл қазіргідей бүліншілік кезде бұл кісінің жақсылықпен жүрмегенін білді.

Судыр Ахмет шар ете қалғанда есікке жақын тұрған Рай сыртқа ытқып шықты. Судыр Ахмет ат аяғының астында ала құрттай жиырылып жатты. Қара сақалды оған қайта шүйлігіп, қамшысын қайта-қайта көтеріп алған екен. Рай қамшыға қарсы ұмтылып, қара сақалдының қолына жармасты:

— Ақсақал, бұның жарамайды...

— Жібер қолымды.

— Кісіні жазықсыз әбірлеме.

— Әй, бала, сенің атың Рай ғой, осы?

— Иә, Рай...

— Ендеше, патша қызметіне баратын жеті жігіттің бірі боп тізімге іліктің. Бар, әзірлен...

Іштегілер сыртқа жүгіре шықты. Олар Рай жөнінде анық есітті. Қалған алты жігіттің кімдер екенін сұрауға бата алмады. Сұрай қалса, мына киіз керекапты кісінің аузынан әркім өз атын есітетіндей сезіп, суық үрей жүректерін дірілдетіп тұр еді.

Қалған алты жігітті ат шабардың өзі атап берді. Балықшылар ес жиям дегенше атшабар «әзірлене беріңдер!» деп әмір етті де, аттың басын бұрып ап, келген жағына құйындатып шаба жөнелді.

Еламан, Кәлен, Мөңке қозғалмай отырып қалған-ды. Атшабар кеткесін балықшылар ішке қайтып кіріп, үнсіз отырып жатты.

— Әлгі ит азғантай қуанышымызды да улап кетті ме? — деді Мөңке.

— Оның қолында не тұр дейсің. Болыстың жетегіндегі қарғылы төбет қой ол. Болыс «айт» десе, арс етіп шалғайыңнан ала кетеді.

— Қалай кемітсең де, саған сол жаманның да әлі жетіп жатыр! Тыныш отырған аулыңды жау тигендей у-шу етті де кетті, әне?

Есік жақта отырған бір кәрия, кенет зарлап қоя берді:

— Апыр-ай, енді кәйттік? Ендігі күндерің не болады?

Жауап күткендей, ол әркімге бір қарады. Ешкім үндемеді. Олардың да өзіндей дәрменсіз түрін көрді де, кәрия өкіріп жылап жіберді. Оны ешқайсысы жұбатпады. Кәлен былайғы кезде басына қандай іс түскенде де босаңсыған кісіні жақтырмай, жекіріп тастаушы еді; бұ жолы үндемеді.

Әлгі кәрия жасын тыйды. Қолымен жер тіреп, ілгері таман жылжып келді де, Еламанның алдында тізе бүкті:

— Шырағым, жас та болсаң осы ауылға бас едің. Кәрі кісі де бір — кәріп кісі де бір. Қысылғанда өздеріңе қол созамыз. Ер-азаматыңды қозыдай көгендеп әкетуге қарады. Бұған не істейміз? — Еламан не дерін білмеді. Өзін қинаған сауалға кәриямен бірге мыналар тегіс жауап күтіп отыр. Көріне келген ажалдай, патша жарлығы да бір жан араша тұра алмайтын ауыр нәубет. Оған не деп жауап береді. Рас, ол түрмеден қашып келе жатып жолшыбай талай патшаға жігіт бермейміз деп қаруланып жатқан халықты көрді. Айрықша, мына Шалқар, Ырғыз, Торғай маңының қазақтары...

— Әй, балам, еңсеңді көтер! Халық жөн таба алмай, торығып тұр ғой,— деді кәрия оның үндей қоймағанын ұнатпай. «Жөн тауып беретін кісіні тапқан екенсің»,— деді Еламан ішінен.

Еламан өзінен жауап күтіп отырған кісілерге көзінің қарашығы ауырлап, сабырлы салмақпен қарады:

— Өздеріңнен артық мен нені біледі дейсің. Бір бай-

қағаным: патша жарлығы бір біз емес, барша халыққа тегіс көрінеді. Қай жерде де халық наразы...

— Е, мынау бір жақсы лепес қой...

— Бәсе, бұға бермей, ендігі жерге халық та халықтығын істер.

— Бүкіл халық көтерілсе, бәлкім патша да бата алмас.

Кәлен халықтың кеу-кеулеп, делебесі қозып бара жатқанын байқады.

— Ей, Еламан. Алдыңда тұрған мына өндірдей жігіттерді көремісің. Ертеңгі күні бұларды қатын-баласының алдында қозыдай көгендеп бергенше, алысып өлсек болмас па. Тым құрыса, ана Қаратаздан кегімізді алар едік қой.

Қызба жігіттер Кәленнің сөзіне көтеріліп кетті. Кейбір ақ көз есерлері қолма-қол қаруға шақырып:

— Кәлен аға, Еламан аға, бізді де бір бастаңдаршы,— деп еліріп бара жатыр еді, Кәлен ақырып тыйып тастады да, тағы да Еламанға бұрылды:

— Қырдағы ауылдарды да көріп келдім. Бір адам айқайлап шықса бәрі көтерілгелі тұр. Тайсақтайтын түгі қалмады...

— Солай, бірақ, Кәлен ағау, біз бәріміз де қара-жаяу емеспіз бе. Жаяу жүріп кімге қайрат қыламыз.

Желігіп тұрған жігіттер жым боп, ықтары салбырап үн-түнсіз үйді-үйіне тарап бара жатты. Кәлен мен Еламан ғана қозғалмай, әрқайсысы өз ойымен оңашаланып, тұрып қалды.

XVII

Балықшылар Райдың көңілін делбемек боп, кезек-кезек шақырып, қонақ қып сыйлауда. Қашаннан көңілдес жандар қимайды. Жақын жеңгелер де солай. Жеңгелері жылайын деп көңілі босап келе жатса, Рай әзілге шаптырып:

— Солдаттықтың өзі артық па деймін. Екі-үш күннен бері ұзатылатын қыздай бұл ауылға бағым асып тұр,— деп күліп, бойына қайғы дарытпай қойды.

Райды бүгін Мөңке шақырды. Осыған дейін Рай іштей тістеніп қатайып алған-ды. Мөңкенің үйіне келгесін жасып кетті. Әсіресе, сіңлісіне қатты ұқсайтын Әлизаны көргенде өзінің сүйген жары... Бөбегі есіне түсіп, жас көңіл жүдеп, бір жанға тіл қатпады. Көбіне домбыраның жалғыз шегінен саз іздеп, тыңқылдатып отыр. Әлиза ас жабдығымен үйге кіріп-шығып жүріп, сіңлісінің көп айтатын және сүйіп айтатын әні — «О, қарғам, сен қайтесің мен дегенде?..»—деген саздың домбыра шегінен үзілмей отырға-

ның аңғарды. Мұның да өз ішіндегі айтып жеткізе алмай жатқан арманы сияқты. Жасқа толы көзі бұлдырап, іштей тістеніп, сазарып алған. Мөңке жас жігіттің ішіндегі зары мен мұңын үнсіз ұғып, көзін төмен салып отыр.

Алдарына ас әкелгесін, Рай домбыраны амалсыз ірге жаққа сүйей салды.

— Ай, Мөңке ағай-ай! Бұл өмір кімге опа берген дейсің. Басы жұмыр пенденің күңіренбей өткені, жүрегі бүтіні бар дейсің бе?

Әлиза көңілі босап бара жатқанын сезіп, түрегеліп кетті. Асты бір адам татып алмаған соң, Мөңке әйеліне алып кет деп ишара етті.

Сол үстіне Кәлен кеп:

— Рай шырағым, бүгін кешке біздікінде боларсың,— деп ескертті. Ол Райды кеше шақырмақ болған. Бірақ кеше үйінен қонақасыға лайық ештеңе табылмаған-ды. Әйелі қонақасының ретін бүгін де ертерек құлаққағыс қылса да, Кәлен:

— Ауға балық түскен шығар! — деп саса қоймады.

— Қайдам... суға сену қиын ғой.

— Әй, қатын, қара аспанды қапылтпа! Асым болмаса пейіліммен риза қылам. Өзіне келістіріп тұрып Сарының әнін шырқап берем,— деді де, Кәлен теңізге тартты.

Ауға тәуір балық түсетініне сенімі мол. Кеше ауын запрет жерге салды. Оны да ерегіспен істеді.

— Ау, бұл «қарашекпеннің байы» қазып шығарған теңіз емес еді ғой. Құдай берген, әммемізге бірдей теңіз емес пе еді? Сонан келе таңдаған жерін Темірке алып, тастағаны бізге тиетіні несі? Жоқ, жетер осы! Қашанғы ез боп, есек боп өтеміз. Есек те ых-х! деп ығына шүқи берген-де, бір мөңкуші еді ғой,— деп Кәлен балықшылардың намысын оятпақ болса да, бұйығы жігіттер ондай ерлікке баспады. Кәлен олардың еадігіне ызаланып, осындайда өзінің алды-артын ақылға сап, пәмдеп жатпайтын ақ көз ерлігіне басып кетті де, кеше ауын жолы тар, запрет жерге салып еді.

Кәлен жағаға келсе... бар балықшы теңіз үстінде жүр екен. Жел жоқ. Аспан ашық. Теңіз беті шырадай тымық. Ақ шағалалар мен өгіз шағалалар аушылардың үстінде торуылдап ұшып жүр. Айрықша, өгіз шағалалар балыққа құныққан, қомағай. Қанат қағысы да сөлекет. Өңменін салып, өңкілдеп ұшып кеп, ау қарап жатқан балықшының тас төбесіне төніп, аса бір сұғанақтықпен мойнын төмен созып, үңіле қарап өтеді.

Кәлен теңіз үстінің осы бір үйреншікті тірлігіне көз тастап өтіп, қара қайықты суға салды. Қос ескекті малшылап ақырын есіп келе жатқан. Кенет, ол:

— Ана қара!.. Курнос Иванды қара! — деген әлдекімнің үрейлі даусын есітті.

Жалпақ қара қайық су бетін бауырымен сызып келді де, кішкене қопаққа тұмсығын тіреді. Кәлен қос ескекті қайықтың кенеріне сүйей сап, тез еңкейіп аудың құлағынан ұстады. Балық көз сайын құр емес, сірелеп бөгіп қапты. Дені сазан. Қаракөз бен айнакөздер де қыз өңіріне қадаған күміс теңгедей жалтылдайды. Қайсыбірі ауға бір құлағынан ғана ілініп, қалаш құйрығын ақырын қозғап қойып, су ішінде қалқып тұр.

Кәлен балықтарды сығып алып жатып, көз қиығын кейінгі жағына тастап еді, Курнос Иван жеңіл ақ қайықтың қара құсын бұған туралап, жостыртып, есіп келеді екен. «Мына әумесер қайтеді?»— деді Кәлен ішінен.

Курнос Иван есіп келе жатып бұған бұрылып қарап қояды. Кәлен де көз қиығын онан айырған жоқ. Курнос Иван биыл балығын шірітіп алғаннан бері бар дүниеден баз кешті. Бірнеше ай қаңғып кетті де, ақыр аяғында азып-тозып қайта соқты. Қазір Теміркенің қарауында істейді. Балығы көп жерге зәпрет сап, қызғыштай қорып жүретін қатал қорықшысы. Бұл күнде ол мүлде өзгерген. Бұрынғыдай қазақ жігіттеріне іштартқансып, жылмаңдап сыртымен алдап тұрмайды. Қазір ол жар басында тұратын балықшыларға өш. Әсіресе, Кәлен мен Меңкеге қаны қатып алған. Ерегіскен жерде морт кететін ожар мінезін аңғара бастады. Балығы мол жерге құрсаң ауың мен балығыңды тартып алады. Қолына түскенін қайтарып бермейтін қатал. Қазақ жігіттерінің жуастығын пайдаланып, соңғы кезде, тіпті, көре көзге зорлық істейтін болды, зәпрет жер болмаса да, біреу балықты көп ұстаса Курнос Иван қайығының тұмсығын тірей тоқтайды. Қос бүйірін таянып, көк көзі қара әйнек астынан үрей туғыза қарап, суықтау жымиып тұратын әдеті жаман. Осы түріне қарап балықшылар оны кейде «Әзірейіл»,— деп те атайтын-ды.

Сол әзірейіл енді міне Кәленге түйіліп келе жатыр. Астындағы жеңіл ақ қайық сүйір тұмсығымен суды айыра тіліп, екі езуі ақ көбіктеніп, жостыртып кеп, мұның қайығына қатарласты. Сол бойда Курнос Иван қос ескегін жия салды да, әй-шайға қарамай, шап беріп Кәленнің қолындағы ауға жармасты.

— Әй, тамыр... тиме!

Курнос Иван тыңдамады. Кәленнің қолындағы ауды арқалығынан ұстап, білегіне орап-орап алды да, бар күшімен тартып қап еді, қайығы шайқалғаны болмаса, Кәленнің өзі былқ еткен жоқ. Курнос Иванның қолын кендір жіп қиып, терісі сыдырылып кетті.

— Тиме дедім ғой, тамыр,— деп Кәлен суықтау жымиды.

Курнос Иван күшпен ала алмасын біліп, аудың арқалығын қоя берді. Ол шұғыл еңкейіп, қасында сүйеулі тұрған қос ауызды көтеріп алды. Енді кезеймін дегенше болмады, Кәленнің қолы мылтыққа сарт етті.

Ажалдай үңірейген қос ауызды ол өзінен тайдыра бұрып, қағып жіберді де, енді бар қимылмен ананың қолынан оп-оңай жұлып алды.

Курнос Иван Кәленнің жаулыққа басқанын байқады. Әсіресе, кісіге шабатын бурадай қатты бұзылған түрінен қорқып:

— Әй, батыр, қой енді. Ойнасақ та біраз жерге шаптық қой,— деп күліп, қатты бетінен қайтарғысы кеп еді, Кәлен құлағына ілмеді. Ендігі қимылы тіпті шалт. Ес жиюға келтірмей, ананы бас салып, өз қайығына көтеріп алды. Табанын жерге тигізбей, басынан асыра көтерген күйі су бетінде бұлтылдап, толқып тұрған қайықтың басына апарды.

— Қой, қой енді! Қой деймін саған!

Кәлен үнсіз. Курнос Иван қара тұнық суға зәресі ұшып қарады. Жөндеп жүзе де білмеуші еді. Ол жалынғаннан ештеңе шықпасын білгесін енді не де болса, қарсыласып өлгісі кеп қанша бұлқынса да, екі қолы Кәленнің жағасына жетпей, ербеңдеп жатыр. Екі аяғы да тарбаң-тарбаң етеді. Бұл кезде бар балықшы ауларын қарамай, Кәлен мен Курнос Иванның арпалысын бағып, не істер екен деп қатып қап еді.

Кәлен Курнос Иванды қайықтың тұмсығы тиіп тұрған қамыс қопаққа атып жіберді. Әлі ләм-мим демей, оның қайығын өз қайығына тіркеп алды да, ақырын есіп ұзай берді. Курнос Иванның есі шықты. Кішкене, шірік қопақ табан тіреуге келмей, өз салмағымен су түбіне шөгіп кеңірдегіне дейін қылқылдап бара бергенде, ол жан ұшыра қимылдап, қатты бір ырғып, қопақтың басқа жеріне табаны ілікті. Өзі де су жұтып, бырқырап жан ұшыра дауыс салып жатыр:

— Құтқар!.. Құт-қар!..

Анадай жерде ау қарап жатқан балықшылар оны құт-

қармақ боп қайықтарының басын бұра беріп еді, Кәлен қасақана Курнос Иванға есіттіре:

— Кетіңдер! Бұл ара запрет! — деп ақырып, балықшыларды қайтарып жіберді.

Кәлен Курнос Иванды ажалдан құтқарғанмен түбі оның өзін оңдырмасын біледі. Еламанға істегенін бұған да істеп, мұны да түрмеге апарып бір-ақ тығуы сөзсіз.

Жағаға шыққасын Кәлен қайықтан қос ауыз мылтықты алды да, жүгіріп үйіне келді.

— Не бетімді айтайын. Қонақты қайттік? — деді Жамал балыққа кеткен күйеуінің құр қол келгенін көріп.

— Қатын, сөзді қой! Тез барып Еламан мен Мөңкені шақырып кел!

— Тыныштық па?

— Бар дедім ғой, саған.

Жамал бір сұмдықтың болғанын сезіп, жүгіріп кетті. Көп кідірмей ол Еламан мен Мөңкені ертіп әкелді.

— Жоғары шығыңдар! Бері отыр, Еламан. Осы елдің бір тентегі: «Істеп салдым бір істі, алла оңғарсын бұл істі»— деген екен. Бір істі мен де істеп кеп отырмын,— деп Кәлен күлді де, болған оқиғаны қысқаша баяндап берді.

— Әнтек істеген екенсің,— деді Мөңке қынжылып.

Еламан Кәленнің мұндайда қиналғанды жаратпайтын мінезін білетін. Оның үстіне қазір қайрат бергеннен басқа амалдың қалмағанын көрді.

— Мына іс аяқсыранша бір жерге бой тасалай тұрғаның дұрыс болар.

Кәлен құптай қоймады. Курнос Иван аман құтылды ма, жоқ па? Оның көзін құртқанмен артында құнын іздейтін кісісі бар. Құдайменде, Тәңірберген, Теміркелер балықшылар аулының ер-азаматын кәйтсек құртамыз деп сылтау іздеп жүр.

— Бір сыласын тапқанша, кемді күн қамыс арасына тығыла тұрғаның мақұл болар,— деді Еламан шамына тимей, ақырын ғана ескертті.

Кәлен кеткен бойда жар басындағы балықшылар ауылына Курнос Иван бастаған бір топ кісі келді. Курнос Иван түтігіп апты. Су жұтып өлуге қарағанда оны со маңда жүрген балықшылар құтқарған еді.

Курнос Иван Кәленнің үйіне баса-көктеп кірді. Қарулы кісілерді көрсе де қозғала қоймаған әйелге Курнос Иван жетіп барды да, аяғымен теуіп қалды:

— Күйеуің қайда?

— Тарт аяғыңды. Мен Кәленге қатын болсам да, саған қатын емеспін

— Қарай ғой бұны. А ну-ка, күйеуіңнің қайда екенін айтасың ба, жоқ па?

— Күйеуім қайда жүретінін қатынымен ақылдаспайды.

— Ах, так!..

— Не дейді мына кәржік мұрын ақымақ?

Курнос Иван қатынды шашынан алып сүйрей жөнелмек болғанда, бір топ кісі сыртта, есік алдына топырлап кеп қалды. Іле-шала есік ашылды.

— Тарт қолыңды!

Курнос Иван бұрылып қарамаса да, ту сыртынан тосын шыққан дауысты таныды. Әйел шашын уысынан жібере қоймаса да, келген кездегі қатты бетінен біраз қайтып қалғандай. Өзімен ық тіресіп тоқтаған, ірі денелі кісіге, бұ да бөрі айбатын алдырмай, өгіз мойны күдірейіп ақырын бұрылды.

— Мен қылмысты кісіні іздеп жүрмін. Ал, сен неге араласасың бұл араға?

— Қылмысты құтылмайды.

— Көрерміз.

— Қазақтың жақсы мақалы бар еді. Қалай еді, тышқан інге кіре алмай жүріп құйрығына қалжауыр байлап алады деуші ме еді, осы?

— Онымен не айтпақсың?

— Айтқым келгенін айттым. Өзгенің жөнін жөндеп қайтесің, сен, асылы, өз басыңды ойласаңшы.

Еламан мына кәржік мұрын қара орысты желкелеп қуып шыққысы кеп, кегі қайнап тұр.

— Айналайын, сенің жайыңды жақсы білем. Сен орыс байын өлтірген Еламансың ғой. Жылыңды өтемей түрмеден қашып келіп жүрсің.

— Я солай! Мен барда бұл ауылдан аулақ жүр.

— Айналайын, үкіметтің құрығы ұзын...

— Оны көрерміз. Ал қазір менің құрығыма түспей тұрғаныңда шық үйден!

Курнос Иван сырт айбатын алдырмай тұрса да, Еламан шын тіктелгенде шошып кетті. Еламанмен бірге ішке кірмей, сыртта, есік алдында қалған балықшыларды да ұмытқан жоқ. Еламаннан әмір болса олардың осы қазір лап беріп, баса-көктеп кіріп, қарсыласқан кісіні байлап тастарын білді де. Курнос Иван қасындағы кісілеріне қарап, кеттік деп ымдады.

Бұл ауылда аяқ артар көлік жоқ. Ендеше қара жаяу Кәленнің алысқа ұзап кете қоймағанын іші сезді. Сыртқа шыққасын Курнос Иван екі жігітті балықшылар ауылында қалдырды.

— Ол ұры осы маңда бір жерде тығылып жатыр.

— Қамыс арасына тығылмасын.

— О да мүмкін. Сендер қатты аңдуға алыңдар. Әсіресе, Кәленнің үйінен көз жазбаңдар,— деп әмір етті де, Курнос Иван қалған жігіттерді ертіп промсолға тартты.

XVIII

Үй ішінен төсек салатын ыңғай байқағасын Еламан әңгімені үзіп тастады да, тысқа шықты. Алғашқыда қараңғыға көзін үйрете алмай, есік алдында іркіліп қалды. Күн шықпай тұратын кәсіпшіл ауыл алдақашан ұйқыға кетіпті. Жерқазбалардың бәрінде де шам сөнген. Еламан төсек салғанша ауыл сыртына шығып, сергіп қайтқанды жөн көрді. Күні ұзын кісі көп жиналған қапырық үйде сары жамбас боп езіліп ұзақ отырғандікі ме, сыртқа шыққасын да өз денесін өзі ауырлағандай дел-сал боп ақырын басып келеді.

Ай батқан. Тастай қараңғы. Сұйық сұрғылт бұлт күндіз көк жүзін лайлап, бірде жауар күннің ажарын таныттып, түтіндеп, тастөбеге шоғырлана түссе, енді бірде дал-дұл қып жел жыртып, шудалап түтіп-түтіп тастап тұрған-ды. Түнемелікке қарай жел басылып, шырадай тынды да, күндізгі Арал бойының жынды желі қуалап біткен мазасыз бұлт көк жүзінде қайта тұтасып қорғасын самақпен жылжымай шөгіп алды. Жұлдыздар көрінбейді. Теңіз беті қап-қара боп түксиіп жатыр. Алғашқыда Еламан Беларанды да көре алмады. Шамалыдан кейін ғана балықшылар ауылының арқа бетінде қысы-жазы қалқан боп жататын шымылдық таудың ауыр тұлғасы түн түбегінен қалқып шықты. Онан басқа бір нәрсе көрінбесе де, осы арада туып-өскен жігіт ата қонысының әр бұтасына дейін өз көкірегінде тірілтіп ап, қай жерде не барын жұмулы көзбен де сезіп тұр. Беларанның теңізге тірелген тұмсығының бергі жақ құлай берісінде, шамасы, әне бір тұста Талдыбеке сайы, онан көрі бөрегіректе Кендірлі сай бар. Ақбауыр да онша қашық емес. Өз ауылы... кейінгі жақта, бір қырдың астында қалды. Теңізге төніп тұрған тік жардың дәл ұшар басына мінбелеп салған жерқазбаларды шығыс жақ шетінен санағанда үшінші үй өзінікі... Үйленге-

сін бір жылдай тұрған ыстық ұясы. Әлі есінде: төбесінен тесіп шығарған соқыр терезені кей түні қатты борасында қар басып қап, ертеңіне таң атқанын білмей қалатын. Ондай күндері кеш оянады. Өзі тұрып кеткен төсекте көрпе астында бүрісіп қана жатқан келіншегінің көңілін көтерем бе деген оймен «мына соқыр иттің алдап соққанын қарашы»— деп күлетін. Еламан жерқазбаның есігіне «жылауық» деп ат қойып алды. Кірген-шыққан сайын екі бүктетіліп еңкейіп кіріп, еңкейіп шығатын аласа есік, шынында да ашқан сайын бір жері сынып бара жатқандай сықырлап қоя беретін-ді. Есік алдынан көлбей тартқан шымылдық пеш те, әлгі жылауық есік те, соқыр терезе де өз қолымен істеген дүние болғасын ба, өзіне бір түрлі ыстық. Осы қазір өз ұясын еске алғанда көз жанары қараңғыда қаттырақ ұшқындап, жүзі ыстық елесті қия алмай ірке түсті. Жаңа үйленген жас жігіт сол кездері бір түрлі өзгеріп кетті. Қуанышы қойнына сыймай үнемі жарқылдап күліп жүретін. Өмірі шаршамайтын. Күні ұзын толқынмен алысып титықтаған кісілер кешкісін, әдетте, үсті-бастары малмандай су боп қайтатын. Осындай кезде оларға жар басындағы жерқазбаларына жету ақырет. Басқа кісілер әлденеше дем алып, ырсылдап шықса, бұның аяғы жерге тимейтін. Арқасындағы асымдық балықтың да салмағын сезбей, жар басына жүгіріп шығатын. Жаңа түскен жас келіншегін көргенше көңілі алып-ұшып ынтығып тұратын болды. Алдақашан құлаған ата шаңырағын осы келіншек түскесін қайта көтеріп, ел қатарлы үй болғанына қуанды. Қуаныш үстінде келіншегінің кейбір қытыққа тиер қылықтарын байқамапты. «Жоқ, байқадың»,— деді Еламан кей кісінің көзінше айта алмай, сыртынан күңкілдеп жүргенін біліп. Мұзға ығар алдында, бір күні тіпті Дос оңашалап алып шығып: «Әй, шырағым, сенен басқа кісілер де қатын алған. Келінді тым өбектеп кеттің. Басыңа шығарып алма. «Баланы — жастан, қатынды — бастан, дегенді білесің ғой»,— деп бетіне айтқаны қайда?

Еламан жүрегіне уын жайып бара жатқан ойды осы арада үзіп тастады да, ілгері жүріп кетті. Еш нәрсе жөнінде ойлағысы келмеді. Ауыл сыртының оты қашаннан қалың болатын. Ащылық-сораңы айырбас. Көк майқара жусан мен қызыл изен дендеп өсетін қалың қауға осыдан қашан күз түсіп, соңыра Құдаймендеге қарайтын малды, жанды ауыл жаз жайлаудан қайтқанша тұяқ тимей тұнып тұратын-ды. Еламан қалың қауды қонышынан кешіп келеді. Ілгері басқан сайын түнгі таза ауада көк майқара

жусан иісі жан-жағынан аңқып, танау жарып бара жатты. Кеудесі кеңіп, жүрегі лүпіп соға бастады. Осы қазіргі халіне өзі қайран. Жұпар иісі аңқып, жым-жырт боп тіл тартпай жатқан мына дала түнін өмір бойы көрмей-білмей жүріп, кенет ойламаған жерде, тосыннан тапқандай бір халде. Тынысын жарып бара жатқан көк майқара жусан иісіне еліткендей, көзін жұмып, құшырлана дем алып келе жатқан-ды. Көде түбінен боз торғай пыр етті. Аңдаусызда, аяқ астынан ұшқасын ба, Еламан дір етіп тоқтай қалды да, өзінің осынша шошығанына күліп қайта жүріп кетті. Баяғыда, түнде жылқы күзететін. Көзіне ұйқы тіреліп ат үстінде қалғып келе жатқанда көде түбінде қонақтаған боз торғайлар дәл осылай аяқ астынан пыр ете қалатын. Аңсызда ат үстінен түсіп қала жаздап, ұйқың шайдай ашылып кететін. Жеті жыл жылқы күзетіпті. Құдай-ау, осы тірлікте өзіне тиер осыдан артық сыбағасы болмағаны ма? Жеті жыл... Енді, міне жеті жігітіңді қозыдай көгендеп әкеткелі жатыр. Бірі өзіңнің бауырлас жалғыз туғаның. Бұғанасы қатпаған жас жігіт... Бейшара баланың көз ашқалы бағы бір жанбады. Көз ашқалы қиянат көріп, зәбір шегіп, жас жүрегін жаралаумен келеді.

Еламан өзінің әлгі дәмесін іштей мысқылдағандай, мырс етті: өмірден артық сыбаға талап етіп... Құдіретті кісілер өзіңе тиген азғантай сыбағаңды да көпсініп аузыңнан қағып әкетіп жатқан жоқ па? Сен қосымша сыбаға дәметесің... Мұзға ығар алдында, осы өмірден тиген азғантай сыбағаң өзіңе жетпейтін бе еді? Үстіңде үйің, қойныңда некелі жарың бар еді. Бүгін екеу болсаң, ертең осы оттың басына тағы бір тәтті тірлік қосылып, қызығы мен қуанышы молая түсетіндей көретін. Енді, енді міне... тірнектеп тұрғызған ұяңды өзің жоқта тас талқан қып, тағы да соқа басың сорайып жалғыз қалдың. Жалғызсың, жалғызсың...

Еламан қайтып келе жатып, осы сөзді ішінен әлденеше рет қайталады. Шаршағанын жаңа ғана сезді. Ой меңдетіп қажыған денесін күшпен қозғап, шырт ұйқыда жатқан ауылдың шетінен ақырын кіре берді. Шеткі бір үйдің жанынан өте бергенде жылаған әйел даусын есітті: «Сенен қалып, біз кімге тұлға боламыз. Мына шеттей балаларыңды тастап...» Еламан тезірек өтіп кетті. Ертеңгі күні азаматынан айрылғалы тұрған әйел зарын есіткісі де, ойлағысы да келмеді.

Төсекті сыртқа салған екен, Еламан шешініп жатып қалды. Таңның таяу екенін сезіп, сол бойда ұйықтап кет-

кісі кеп көзін жұмса да, жаңағы жылаған әйел даусы құлағынан кетпеді. Ер-азаматынан айырылғандағы күні не болмақ? Қалай күн көреді? Азаматы тізімге іліккен жалғыз сол үй ме? Осы түні талай қайғыға уланып, аһ ұрып ұйықтай алмай жатқан болар! «Дүние не боп барады? Ер-азаматын алғанда да ешкім қол қақпай, күңіреніп қала бере ме? Көне бере ме?»

Еламан жаңа, жастыққа басы тисе ұйқтап кететіндей көріп еді. Ой қажытып қатты қалжыратты ма, ұйқы буып жатып та ұйқтай алмады. Тақа болмағасын жастықты жұмарлап баурына қысып ап, бір мезгіл етпетінен жатып көріп еді, оң жақ кеудесінің астында бармақ басындай бір нәрсе тесіп жібере жаздады. Еламан ұйқылы-ояу қалпы қозғалуға ерініп жатып: «Бұл не болды екен?»— деп ойлай түсті де, кенет бір сәтте ұйқысы шайдай ашылып кетті. Сырға... Түрмеден қашып шыққасын кісі көзіне түспеуге тырысып, қайда бір елсіз жерлермен жүріп отырғанды. Шалқарға соғар-соқпасын білмей, екі ойлылау келе жатқанда, алдынан кішкентай қаланың шағаладай аппақ үйлері жарқырап қоя берді. Көлікті кісіге осы арадан үш күншілік қана жерде өз аулы, қатын-баласы, қарт әжесі, інісі... Еламан күн барында құттай да болса қатын-баласына жақындай түскісі кеп, қалаға туралап келе жатқан бетінен кілт бұрылды. Қалаға соқпай, көлдің арғы, елсіз бетімен кеткісі кеп, ширақ басып келе жатқан-ды. Жаз айларында суы тартылып қалатын кішкентай өзеннің көлге құяр сағасына тақап келе бергенде, дәл жанынан дауыс шықты. Еламан тоқтай қап, ілгері жағына көз салды: үш кісінің төбесі көрінді. Еламан мұндайда көзге түспей, бой тасалап кететін әдетпен бұрылып бара жатқан.

Ана кісілер:

— Әй, азамат, бері кел!— деп дауыстады.

Еламан бірден байқады: қалаға, базарға түскелі келе жатқан дала қазақтары. Өздері үш кісі. Шамасы: бір елдің Ебейсіні сияқты. Тері-терсек тиеген алқа бел ырдуан арба өткелден өтер жерде батпаққа батып, бір жағына жамбастап жатып қалыпты. Татар байларына еліктеп киінген екі жалдап қып-қызыл боп апты.

Жәрдем берудің орнына ат айдаушы жігітке екеуі екі жағынан қожаңдап: — «ой, ит, өйт-бүйт»,— деп зекіріп жатты.

Еламан арбаны қалай шығарудың жолын ойлап тұрған. Аналар оны басқаша ұғыпты. Қол ұшын бермей кетеді деп қорқып:

— Қазақ баласысың ғой... Айналайын, бір тоқтының пұлын береміз,— деп екеуі екі жағынан жабысты.

Еламан тіл қатпастан екеуін итеріп жіберді. Парлап жеккен қос күрең таяқ жеп запы боп қапты. Қасына жақындасаң болғаны дір-дір етіп, ала жөнелетіндей осқырып тұр екен. Еламан алдымен ауыр жүктерді жағаға тасып, арбаны жеңілдетіп алды. Сонан кейін арбаны шығарды. Жүктерді қайта тиеп, жуан-жуан арқандармен үстінен бастырып таңды.

— Қандай қайраттысың! — деді арбакеш жігіт Еламанға сүйсіне қарап.

Ана екеуі оның осынша сұқтанғанын жақтырмай, әкіріп тастады:

— Ой, шірік! Нәсілсіз ит! Өзің-ақ істей салатын опоңай нәрсе ғой...

Еламан еңбек ақысын сұрады. Арбасын шығартып алғасын ана екеуі жөндеп сөйлеспей, сырт айнала бастады. Ертеңгі базардан кешігіп қаламыз деп асығып тұрып, абайламай ақысын артық айтып қапты. Олар болмашы бірдеңемен құтыла салғысы кеп, тиын-пиын іздей бастап еді, Еламан сыпайлықты қойып, жағадан ала кетті: «Бір тоқтының пұлын әкел!»— деп қозғалтпай тұрып, тиесілі пұлын түп-түгел құсқызып алды.

Еламан қалаға соқты. Ауылға бас-аяғын бүтіндеп барғысы кеп, ертеңіне базарға түсті. Жаймада тұрған кнімдерді аралап келе жатып, кенет алтын жалатқан сырғаға көзі түсті. Жылтыраққа құмар келіншегіне мынадай асыл сыйлық апарғысы кеп, сырғадан көзін айырмай үңіліп қалғанын өзі де байқамаған-ды. Сатушы оның аржақ ойын білгендей; «ал, ал, келіншегіңді бір қуантасың»,— деп тыққыштай бастады.

Еламан алғысы кеп қызықса да, ақшасы жетпейтіндей көрді. Бәсін сұрауға, саудаласуға қорқып, қолында қысып тұрған ақшасын сатушының алақанына сарт еткізіп ұстата салды. Сатушы санаймын дегенше сырғаны қойнына тығып алды. Әйелі әшінде қаншама дініне берік болса да, мына ұсақ шытыралы алтын сырғаны құлағына тақ-қанда іштегі алғысын жасыра алмай, аппақ беті алғыспен ду етіп қызарып кетерін білді...

Еламан бауырындағы жастыққа бетін басып, тырп етпей жатқан. Бір кезде таң саз беріп, балықшылар оянып сыртқа шыға бастады. Енді ұйықтай алмасын біліп, Еламан түрегелді. Есік алдындағы жарға беттеп келе жатып

қойын қалтасындағы сырғаны алды. Сырғаға көз сап қарамастан жар басында тұрып төмен қарай лақтырып жіберді.

XIX

Судыр Ахметтің иті қырын жүгіре бастады: сауып отырған сүті бұлақтай, қараша іңген жаман шөп жеп арам өлді. Іле-шала аяқ артып отырған торы ат із-түзсіз жоғалып кетті. Судыр Ахмет атын іздеп қайтпақ боп ауылдан ұзап шыға бергенде, қас қылғандай аяғына шөңге кірді де, үзеңгісін сүйретіп үйге жетті.

Күйеуінен күдер үзген Бибіжамал тор атты өзі іздеп тауып әкелді. Сонан бері Судыр Ахмет әйелінің алдында қипақ қағып жүр. Өз үйіне өзі сыймағандай сипақтап ішке кіріп-шығып жүрді де, бір күні тал түсте атқа қонды. «Ие, алла, жол бере көр!» — деді ішінен.

Қара жаяу балықшылардың арасында өзінің атқа мінгенін де мақтаныш көретін. Судыр Ахмет шыт көйлектің жағасынан шыққан мойнын құрықтай созып, ауыл үстіне қодилана қарады. Сыртта тірі жанның жүрмегеніне жыны келді. Үйден қозы көгеніндей жер ұзап шыға берді де, «осы ештеңе ұмытқан жоқпын ба?» — деп ойлап, ат басын тартты.

Судыр Ахмет ырымшыл болатын. Ол тап жаңа ғана қолына ұстап отырған балтаны ұмытып кеткеніне қынжылды. Осыдан кейін бет алып шыққан жағына барғысы келмей: «Сірә, жолым болмас,— деп ойлады да, кенет «әй, нар тәуекел!» — деп атын тебініп қалды.

Қой торының жайсыз, қорт-қорт желісі жұлынын үзіп барады. Көзінен жас шығып кетті. Жаман аттың ит бүлкіліне шыдай алмағасын аяңға көшіп еді. Пәле қылғанда шілде айының ыстық күні тас төбеге кеп шақырайып, тесіп бара жатты. Судыр Ахмет жанын қоярға жер таппай, бағана ертеңгі салқынмен шықпағанына ызаланды. «Әй, сірә, жолым болмас»,— деген ой мазалай берді. Құдайменде қыстауының сыртындағы шағыл құмға кіріп, үлкен кәрі жиденің жанына тоқтады. Ат үстінде тұрып ол әуелі жиденің мәуесін теріп жеп, аузының дәмін алды. «Үйге барғасын балалар қолыма қарайды ғой», деп ойлап, екі уыстай жидені үгіп ап, орамал шетіне түйді. Сонан кейін ғана жидені шабуға кірісті.

Осы жидені үш күн шауып, төртінші күні шаққа құлатты. Бұл күні үйіне тау жыққандай боп көйлегіне сыймай келді. Ауыл шетіне кіргеннен-ақ әйеліне дауыстап:

— Бижамал!.. Уа, Бижамал!..— деп торы атты қаттырақ тебініп дүбірлетіп желіп келді.

Үйде ау тараштап отырған Мөңке елең етті: «Дауысы пәтті шықты ғой, не бітіріп қайтты екен, бұл Судырақ?» Карт балықшы бажасының үйіне барып еді, Судыр Ахмет көйлекті сыпырып тастапты. Күлдәрі дамбалдың ышқырын түріп алған. Қолында өткір шапашот. Кісі беліндей қара жидені омырауға алып, ырс-ырс шауып жатыр екен.

— Іске сәт!

— Әумин...

— Қатты кірісіпсің ғой?

— Енді қайтейін, қатын-бала қамы ғой...

— Аха, бұл істеп жатқаның не?

— Ой, мына қатыны түскір келі шауып бер деп құлағымның құртын жеп болғаны. Бір қадалса бұлар... ойбай-ау. Мөңкежан-ау, құлағыңның тұсында сары масадай ызылдап тұрып алады ғой. Сосын, қайтейін... осы қатынның-ақ дегені болсын деп... келі істеп берейін деп жатқаным.

— Ағаш шабатын да өнерің бар ма еді?

— Е, болғанда қандай! Тек мен қол білген өнерді көп аса тұтына бермеймін ғой... Соным бар ғой...

Судыр Ахмет маңдайынан сорғалаған терді сұқ қолымен бір іліп тастады, деңкиіп жатқан қара жидені ары бір, бері бір аударып қарап алды да, жаңқалап шаба бастады. Шапашотты сілтеген сайын қабырғалары ыржыңдап, ентігіп ырс-ырс дем алады. Мөңке оның ынт-шынтымен аянбай қимылдап жатқан түріне қарап: «Пақыр, қайтсын... пайдаға шындап қараған екен»,— деп ойлап, іші жылып отырған. Сүйткенше болмай Судыр Ахметтің қолы ала-бөле жиденің бір бүйіріне батып бара жатқанын байқады. Бірақ оны Судыр Ахметтің өзі сезер емес. Қызыл танау боп есіріп апты. Шапшаң сермеген шапашоттың өткір жүзі лыпылдап күн көзінде жарқ-жұрқ етіп, күпшек жиденің ала-бөле бір бүйіріне жыны түскендей қадалып, үңгіп шауып жатыр.

— Мына Тәңірберген ит екен. Өз ісін орайына келтіріп алғасын, маған сыртын тосып шыға келді. Сонан бері... ау, Мөңкежан-ау, менің де амалым құрып, ішіме тікен қадалғандай боп жүрмін ғой,— деп, бұл білмейтін бір бүйір әңгімеге басып бара жатты.

Мөңке шыдамай:

— Тоқтай тұршы! — деп оның қолына жабысып еді, Судыр Ахмет күйіп кетіп:

— Тоқтамаймын! Ау, мен неге тоқтаймын? — деп, өткір шапашотты енді ызалы ашумен кіжіне сермеп, жиденің

онсыз да ойсырап қалған жерін жарпақ-жарпақ аударып тастады.— Менің ішіме өкпенің үлкені де, кішісі де сияды. Тісімнен шығармай тістеніп жүрсем де болар еді...

— Жә, тоқташы! Қолың батып кетті ғой.

— Не? Не деп отырсың? — деп Судыр Ахмет қақпанға түскен сасық күзендей, шаңқ етіп Мөңкенің бетінен алды. Бет бақтырар емес. Бұл тұрғанда кісіге зәредейден көңілі қалатын кінәмшіл де шамшыл. Өзінің қисығын көрудің орнына қайта құсы бұған түсіп, қуырып жеп жібере жаздап тұр. Мөңке оның сөз ұқпайтын сыңайын байқағасын:

— Ой, ісің бар болсын,— деп түңіліп шығып кетті.

Судыр Ахмет оңаша қалғасын жидені бұлдіріп алғанын көрді. Өшін кімнен аларын білмей терісі тарылып отырған үстіне бір кемпір келді. Былтырғы жұтта бар малы қырылып, басқа күн көрістері қалмаған соң теңіз жағасына құлаған жүдеу ауылдың жетім кемпірі. Кнімі жұпыны. Жалғыз баласы қысты күні ақ түтек боранда ығып кеткен азғана малын іздеп жүріп, үсіп өліпті. Келіні кәрі енесін тастап, төркініне кетіпті. Содан бері жетім кемпір өгей баласының қолында қалған екен. Кемпір бұл ауылға күнде келіп, мұңын шағып, іштегі шерін тарқатып кететін-ді.

Ол бүгін де:

— Арық көңіл жарық деген емес пе. Келінімнің әр сөзі өңменіме атқан оқтай қадалады,— деп үйреншікті сөзін бастады... Бұрын желдей есе жөнелетін Судыр Ахмет бұ жолы үндемей, күйбектей берді.

— Үстімде, мынау... бүйірі жыртылған ескі көйлек ылым-сылым...

— Ә-ә!

— Өз балам, өз келінім болса, осылай ебіл-себіл боп жүрем бе?

— Ым-м...

— Құрысын түге, жоқтық пен қорлықты кәрілікте көрдім ғой, міне.

— Е-е!

— Шалым барда қандай едім, бес аршын ақ жаулықты қарқарадай қып тартып, ақ іңгенге алшаң мініп шыққанымда, алдыма қатын түсетін бе еді!

— Ә-ә-ә!

— Шалым ерте өлді. Соның бәрі сорлының өліміне көрініп жүр екен. Аз жасында не істемеді ол бейбақ. Тек өлгесін өзін-өзі көмген жоқ дсмесің...

— Шек! Шек, әй! — деп, Судыр Ахмет шауып жатқан жидені тастай сала, атып тұрды. Есіктің алдына кеп, шелек-

ті даңғыратып жатқан Қарақатынның екі өр лағын таяқтап қуып, әрман асырып тастады. Сонан ол қашан кемпір кеткенше үйге кірмеді. Кемпірден де бұрын көлемі кішірейіп кеткен жидені көрсе, шыдай алмасын білді. Онсын арқасы ұстаған бақсыдай жыны қозып кетері белгілі. Ызаланғанда әшінде ашуын басып алатын әйелі де үйде жоқ. «Әтеңе нәлет, осы қатынның-ақ жұмысы бітпей қойды. Айдың күні аманда атқа пішен шабам деп... ойбай-ау, басқа малдай емес, ат жарықтық қыста да өз отын тұяғымен теуіп жей, бермей ме? Ол әтеңе нәлеттің соны да білмегені ме, әй?!»

Судыр Ахметтің жиде шауып жатқаны жағадағы ауылға әп-сәтте тарады. Кешеден бері балықшылар жұмыстан қолы босаса осы үйге жиналып, Судыр Ахметтің жиде шапқанын ермек ететін боп жүрген-ді. Олар бүгін Еламанды ертіп әкелді.

Судыр Ахмет үйіне келген кісілерге ыңғай бермеді. Сыншы көзден қысылды ма, жидеге қолы бармай, күйбектеп жүр.

— Қақбастың қайдан келгенін білмеймін. Шалым барда бес аршын жаулықты қайқайтып тартып, ақ іңгенге алшая міниіп шыққанда алдыма әйел түсетін бе еді дейді. Ой, атаңа нәлет! Ой, қақбас ит!

— Қап, не қыласың! Әңгімеге алаң боп, қолың тайып кеткен-ау, шамасы.

— Не, не, сүйтті ғой, сүйтіп құртты ғой мені. Мына бір шапашогы құрғыр да қылпып тұр екен. Аңдаусызда, жау алғырға қолым батып кеткені.

— Енді, қалай... келі шықпай ма?

— Жоқ! Жоқ, келі шықпайды. Бижамалға келі, келсапты сәті түссе басқа кезде шауып берем.

— Мұнан енді не істемексің?

— Өзіме ер шауып алам. Не қыласың, жаман ер ат арқасын алып тастап еді...

Күлкіге булығып отырған балықшылар сыртқа ата-ата жөнелді. Олардың соңын ала Еламан да шықты. Кәлен жайы кешеден бері ойынан кетпей жүрген-ді. Өзі күйзеліп жүргесін бе, ол әйтеуір мына дап-дардай кісілердің дәл осы арада неге мәз болғанына түсінбеді. Бір жағынан желөкпе жастарға еріп кеткеніне ренжіді. Үйге кірмей теңіз жағасына барып бой жазып қайтқысы келді. Қасындағы кісілерден бөлініп, үй алдындағы тік жардан қиялап түсе бергенде, дәл алдынан жоғары көтеріліп келе жатқан Меңке қарсы кездесті.

— Еламан қарағым, жағдай қиынға айналды. Курнос Иван Кәленді таба алмағасын ашынған тәріздi. Теңіз жағасындағы қамысқа от қойғалы жатыр.

— Оны кім айтты?

— Өз құлағыммен естідім.

— Қорқыту үшін айтқан қоқанлоқы болар.

Қарт балықшы төменде, теңіз жиегінде қыбырлап жүрген кісілерді нұсқады.

— Көрдің бе, анау Курнос Иванның кісілері. Жаңа олар бір бөшке қарамайды домалатып әкеп, қамысқа шашып өрт қоймақ боп жатқан үстінен шықтым. Кәлен қайда кетер дейсің, табылар. Бір кісіні ұстаймын деп, осынша дүниені қарап қыласың ба, мына қамыстар жағаны қыстайтын елдің шабындығы. Қыс осы қамыстың ішіне мал жаяды, соңыра бүтіл елді өзіңе қарсы қоясың ғой деп, Курнос Иванды әзер тоқтаттым. Кім білсін, оның кейін не істейтінін.

Еламан істің насырға шауып бара жатқанын байқады. Жалғыз Курнос Иван болса бір жөн. Кәленге қазір Құдайменде мен Теміркенің де қаны қатулы. Кәлен болса еш нәрседен хабарсыз. Өз тағдырын артында қалған жолдастарына сеніп, қамыс арасында қаннен-қапersіз жатыр. Енді қайтті? Не амал бар? Еламан қарт балықшының көзінен де дәл осы сұрақты байқап, шамасы келгеншс оған қарамауға тырысты. Жел қатайып барады. Қамыс сасқалақтай сұдырлады. Көк теңіз түтігіп, қарауытып қайнап жатты.

Тұщыбас қолтығының арғы беті — сыпыра көк қатпар шың күңгірттеніп, көзден қашықтап кеткен екен.

— Қараңғы түскесін қайыққа отырғызып теңіздің арғы бетіне өткізіп жіберсе қайтеді? — деді Еламан.

— Ой, айналайын-ай, Курнос Иван бұл арада да алдыңды кесіп кетіп тұр ғой.

— Қа-лай?

— Оның жігіттері жаңа жағадағы бір қайықтың ескегі мен таяуын сыпырып әкетті.

— Е, мейлі, әкете берсін. Ерегескесін, екі ескекті өзім істеп берем.

— Шырағым-ау, бұл ауылдан сығық ағаш таба алмайсың ғой.

Еламан мұртынан күліп тұр. Бір сенгені бар сияқты. Мөңкеге жөнін айтпастан желдей басып жиде шауып жатқан үйге барды.

— Ағажан, тоқташы! — деп жүгіріп кіріп, Судыр Ахметтің қолындағы шапашотқа жармасты,— осы жидені маған қишы.

Судыр Ахмет ентігін баса алмай, ырсылдап тұр. Осы жиденің өзіне абырой бермесін сезе бастаған. Алғашқы сәтте бір сөзге келмей итере салғысы келді. Ол тек өзі құтыла алмай отырған ағашқа мына жігіттің осынша қиылғанын көргенде, қайран қалды. «Балкім мен бұның қадірін білмей тұрған шығармын» деп ойлап, жидені жалма-жан өзіне тартып алды. Жидені астына басып атша мініп отырды да:

— Сен... бұны қайтесің? — деп сұрады.

— Керек боп тұр.

— Маған керек емес екенін қайдан білдің?

— Құдай шебер-ай!.. Қиындата бермей, қайныма бере салсаң қайтеді.

— Әй, қалын, тек отыр. Бұл сен араласатын шаруа емес. Не, ал... сен бұны не істемексің?

— Ескек...

— Ә, балмққа шықпақсың ба? Жөн, жөн... бірақ, бұл менің өзіме де қажет боп тұр ғой.

— Босқа сұрап тұрғам жоқ, ақысын төлер едім...

Судыр Ахмет атып тұрды. Жаңа ғана атша мініп отырған жидені жерден көтеріп алды. Неге бүйткенін өзі де білмей, қайтадан жерге қойды.

— Ойбай-ау, Еламанжан-ау, салған жерден сүйдемейсің бе? Сүйдесең, жаман ағаң сенен ештемесін де аямайды ғой. Сенен аяғанды ит жесін!

Еламан оңай көнгеніне қуанды. Судыр Ахмет айнып кетпей тұрғанда тезірек әкеткісі кеп еді.

— Жоқ, жоқ, ескекті саған өзім істеп берем,— деді Судыр Ахмет.

Еламан оның бұлдіретінін біліп, жалынып көрді. Бірақ онан ештеңе шықпады. Қайта, неғұрлым жалынған сайын, соғұрлым анау «өзім істеп берем»,— деп өзеурей түсті. Тіпті ол қолма-қол істеп бергісі кеп, қара жидені қайтадан омырауға алып пысылдап-пысылдап шаба бастады. Жидені ескектің қалағына лайықтап екіге бөлді. Алғашқы кезде жуан жинде жұқарып, ескектің қалағына ұқсап келе жатты. Еламан оның қолынан бірдеңе келетініне сеніп:

— Аха, мен бір айналып келсем қайтеді? — деді.

— Бар, барып кел! Құдай қаласа, сен келгенше келістіріп ескек істеп қоям.

Еламан Меңкені тауып ап, ескек дайын болатынын айтты. Қас қарая Кәленді қайыққа отырғызып, арғы бетке өткізіп жіберу жайын ақылдасты да, Судыр Ахметке қайтып келді. Жиденің көлемі бұрынғысынан әлдеқайда кіші-

рейіп, бітімі өзгеріп кеткен екен. Оны Судыр Ахмет те сезген болу керек, Еламанның тез оралғанына тыжырынып, теріс айналды.

— Мынаған не болған? — деді Еламан. Судыр Ахмет жидені теуіп жіберді.

— Қаратаздың қыстауының жанындағы құмнан шауып алып едім. Қайырсыз ит емес пе, жидесінде қайдан қайыр болсын.

Еламан дағдарып тұр. Судыр Ахмет кінәсін сезіп, сипақ қаға бастады.

— Ескек шықпайтын болды. Енді ескекті қойдым. Менің епте етік тігетін де өнерім бар ғой. Енді қалып істеймін. Көре қал, осы жаз өзіме келістіріп тұрып етік тігіп алам...

Еламан бұрылып жүре берді. «Осы қасиетсізден бірдеңе шығады деп жүрген... Жаным-ау, мынау кім?» Көзін уқалап жіберіп анықтап қарады. Сол, соның нақ өзі. Қолында қос ауыз. Басы пысынағасын елтірі қара бөрікті қолына алып, қос ауыз мылтықпен қосып ұстапты. Курнос Иванның аңдытып қойған жігіттерін көрсе де, айылын жимастан тапатал түсіе қамыс арасынан шығып ауылға беттеп келе жатты.

Еламан оның бір есептен бұлай істегенін дұрыс көріп, алдынан қарсы шықты. Еламан жеткенше Мөңке де жүгіріп келді.

— Шырағым-ау бұның не?

— Әй, қашанғы тығыла берейін. Маса шіркіндер мазамды алып бітті.

— Не дейді, есің дұрыс па?

— Ақсақал, саспа. Ажал шын төнсе, төсектің арасына тығылсаң да табады. Әй, қатын,— деп бұжыр қара кісі үй жаққа дауыстады,— шай қой. Жанымды алар әзірейіл келгенше келістіріп шайға қанып алайын. Сонан кейінгісін көре жатармын.

Балықшылар жиналып қалды. Бір топ жас жігіт пен Рай да жүгіріп кеп, бұжыр қара кісіні орталарына ала тұра қалды:

— Кәлен аға, сені жауға бермейміз.

— Жоқ, қалқам, сендер араласпаңдар. Бұл өзім бастаған іс еді, өзім аяқтайын.

— Көпке жалғыз топырақ шаша алмайсың. Асылы, жігіттерді жиғанымыз жөн болар,— деді Еламан да.

— Қойыңдар, араласпаңдар! — деп Кәлен бет бақтырмай, тыйып тастады,— қолымда он патроным бар. Сонымен

әуелі он Курнос Иванды жайратып салмай, ағаң ешкімнің де қолына түспейді.

Курнос Иванның жігіттері мылтықтан қорықты ма, әлде оның дәл қазір қамыс арасынан қанын торсыққа байлап шыққан суық түрін таныды ма, әйтеуір ауылға кірмей, сырттан торуылдап жүрген-ді. Кәлендер ішке кірген кезде олар тез бас қосып, ақылдасып алды да, бір кісіні дереу промсолға жүгіртті.

Дәл осы кезде қара сақалды, киіз керекапты атшабар тағы да құйындатып шауып кеп, Кәленнің үйіне ат тұмсығын тірей тоқтады. Қабырға болысына түскен жігіт санын тоятыра алмай, Құдайменденің жаны қысылып жатқан. Кешеден бері атшабарлар қайта-қайта шапқылап, балықшылар аулына келгіштеп кетті. Жаңадан тізімге іліккен жігіттердің атын есіттіріп, әзірлік қамын ескертіп жүрген.

Бұ жолы Құдайменде Кәленнің бес жасын кемітіп, тізімге іліктірген екен. Бұл хабарға Кәлен таңданбай, үнсіз тыңдады.

Атшабар:

— Жинал, бол енді! — деп әмір етіп еді, Кәлен күтпеген жерден жымиып:

— Мен әзірмін ғой,— деді де, шабарманнан бұрын сыртқа ытқып шықты. Белдеудегі атқа да ол шабарманнан бұрынырақ жетіп, аяғы үзеңгіге тиер-тиместе ырғып мінді.

— Ойнама, аттан түс!

Кәлен ала жөнелген аттың басын тартып, шабарманға қайрыла қарап:

— Болысқа сәлем айт: адал кәсіп маған нәсіп емес екен. Пешенеме жазылмаған болды. Торы аттан күдер үзсін. Ұрлық мал ұрының бойына ғана жұғады,— деді де, атты тартып қап Беларанның кезіне қарай тасырлатып шаба жөнелді.

XX

Соңғы баласы өлгелі Мөңке үйінен берекет қашты. Тілін жұлған қоңыраудай, қаңыраған үйде кемпір мен шал екі жерде үнсіз томсарып отырады.

Бір күні Әлиза кешкі астан кейін әңгіме бастады:

— Ей, Мөңке!.. Сенімен отасқалы да біраз заман екен. Құдайдың құрамағаны болмаса, қойным құтсыз болған жоқ... он балаға ана боппын. Қандай қарақтарым еді...

Әлиза тамағына жас тіреліп, даусы дірілдеп бара жатқасын сәл тоқтап, көңілін басып алды.

— Баста да саған жеңгелей тиіп едім ғой. Сол жеңгелік жолым жол... Енді сені өзім аяқтандырам.

— Не деп тантып отырсың?

— Әй, жарқыным, бұл үйде менің алдыма шығар адам жоқ. Сөзім — сөз. Сені өзім аяқтандырам. Қарақатынның аузы ластау демесең, қашаннан бергі көршіміз. Ыдыс-аяғымызға дейін араласып отыр. Оның Балкүмісі қызымдай болған бала еді... Балкүмісті саған әперіп, оған абысын, саған жеңге боп, ендігі қалған өміріме сен екеуіңнің тілеуіңді тілеп, балаларыңды бағып өсірсем арманым жоқ,— деп сөзін түйді. Сонан әрі Мөңкенің келісімін күтпей, тысқа шығып кетті. Әншейінде күйеуінің ыңғайымен жүріп елпілдеп отырған Әлиза емес. Қазіргі түрінде үй ішіне ауыз ашқызбай билеп-төстеп қалған ана айбары бар. Мөңке әйелінің қалай уысынан шығып кеткеніне қайран. Тым құрыса мына халықты қатты күйзелтіп тұрған ауыр жағдай бір ыңғайланып, ел іші тыныштасын деп айтып көріп еді, бірақ Әлиза тыңдамады. Келесі күні ол өзінің дегенін істеп, Мөңкеге Қарақатынның қызын алып берді. Сонан бері бұл екі үй бір-бірімен араласып, әйелдер жағы абысын-ажын боп ауыз жаласып кетті. Дос пен Мөңкенің арасы тіпті жақын. Азғана ауларын қосып, балықты бірігіп аулап жүр. Қарақатынның да қағанағы қарқ. Әсіресе алғашқы кезде Мөңкенің үйінен шықпай қойды. Қызына үй ішін ұстап-тұтудың ретін айтып, бай күтіп, бала бағудың жолын үйретіп жүр.

— Құтты жеріңе қондырдым. Еркек кісі алпыста да қыршын жас! Көре қал, Мөңке әлі де бір әйелді қартайтады.

— Ие, қойшы! Ұялам...

— Не дейді, мына жүзі қара?! Қатын боп, басына ақ салғанның несі ұят? Бір жігіт көз салмай, әкеңнің оң босағасында отырып қартайсаң қайтер едің? Қой, шырағым! Мына сөзіңді менен басқа бір адам есітпесін,— деп қызын тыйып тастады,— от басынан кеткенмен сен әлі өзімнің қанатымның астындасың. Мен тұрғанда қор болмайсың, қызым. Бақыттысың, қызым! Білмегеніңді былай істе деп көрсетіп беріп отыратын анаң бар қасыңда... Алдыңда Әлизадай абысының бар...

Қарақатын бұнымен қойған жоқ, Әлизаға да ауыл арасының сыбыр-жыбырын жеткізе берді. Әлиза Қарақатынның сөзін құлағына ілмеді. Аққемпірге қай кезден ықыласы басқа. Оның үстіне бұл кезде оны құдағай тұтып,

Мөңке ірі балық әкелген күні асқа шақыра қолды. Ақкемпір де Әлизаға барғыш. Анасына тартқан мінезсіз Балкүміс жетім кемпірге тіл тигізіп, жаралы жанын тырнап тастай ма деп қорқады.

«Е, қос қақбас, бастарың қосылған екен! Не бауырларың бітіп бара жатқан дейсің. Мен шығар жамандайтындарың»,— деп ойлады Қарақатын. Келесі жолы ол қызын Әлизаға айдап салды.

— Ол сені оңдырмайды. Ізіне қара ермеген бауры құтсыз қақбастан опа таппайсың. Қу тақырды гүлдетем деп, сен әлек. Көре қал, ол сенің ізіңе тікен егеді. Оны айтасың ба, ол қақбас ертең сенің балаңды баурыңнан шырылдатып тартып алып, өзінің қойнына басқалы жүр. Сосын, өз балаң өзіңе жат боп кетеді. Балаңды берме! Үй ішінің билігін де өз қолыңа осы бастан ал!

Балкүмістің асты үстіне қарай қайқайып біткен түрік ерні жайшылықта да шоқ түскендей, сөз тілеп, ұрыс тілеп жыбырлап тұратын-ды. Қазір тіпті долданып, көбіне ыдыс-аяқтарды теуіп қап, бұртаңдап бет алдына сөйлей берді. Әлиза оның сөзін елемей, үй ішінің бітпей жатқан шаруасын істеп, елпілдеп жүгіріп жүр. Мөңкеде үн жоқ; бұрын от басының тыныштығына үйренген кісі септеп жатқан ауы қолынан түсіп, Балкүміске таңдана қарап отырды да, тұрып кетті. Сыртқа шықты. Кішкентай бәлекейдің жаңағы долылығы есінен кетпеді. Оның Қарақатынға қатты ұқсайтынын алғаш рет осы қазір ғана байқады. Балалы болғасын қояр деп үміттенді. Досты іздеп тауып алды.

— Теңізге шықпаймыз ба?

Дос ықылассыз түрегелді. Ау-құралдары тапшы. Бір ай бойы екеуі жатпай-тұрмай ескі ауларды жамап-жасқап, арқалық, табан байлаған-ды. Мөңке мен Дос ау-құралын арқалап, теңізге беттеп келеді. Қара сирақтары шыт-шыт. Шөгір-шөңгесі мол жағалауды жалаң аяқтарымен жасқанбай басып, қауқылдасып сөйлеп келеді.

— Теңізде ағыс бар-ау деймін. Сарылдауын көрдің бе, заңғардың,— деді Мөңке көк бұйра теңіздің ашулы түрін ұнатпай.

— Ағыс болса келіспеді ғой?

— Ие, ағысты суда балық жүрмейді. Асылы, қай мақұлық та тыныштық іздейтін көрінеді ғой. Оның үстіне дауылда ауды шалаң басып, жабағы жүндеп, есіп тастайды.

Теңіздің қыл жиегі судырлаған бала құрақ. Бітік тұсы

баурына салқын көлеңке сақтап, қара тұнықтанып сыбырлай бастады. Жағаға шығарып кеткен ақ қайық бұларға бала құрақтан бойын созып қарап тұрғандай. Бір қарға қайықтың қара құсына қонып алыпты. Бұларды көрсе де ұша қоймады. Мінезсіз бай-бай сорлы мойнын қылғына созып: «ғақ-қ!.. ғ-ғақ...» — деп жаман, тарғыл даусы жыртыла айрылады. Бұнысы, бейне бір жақта жүрген жұбайын қарғап-сілеп «Жер жұтты ма, сені?.. Қайдасың, ғы-ғақ!.. Қайдасың,. ғы-ғақ?..» — деп дауыстап шақырып жатқандай екен. Мөңке күліп жіберді.

— Пай-пай, мына қара мырзаның құдайы беріп, қонысы келісіп-ақ отыр екен.

Қарға бұларды көрсе де, ұшқысы келмей, бір-екі қопаңдады. Сұлы үркек көзімен бұларға алаң-құлаң етіп, үркектей қарап алды да, ақырында: «Қой, болмас» деп қолды бір сілтегендей, қанатын шапшаң сермеп байбалам сала дауыстап көтеріліп кетті. Мөңке мен Дос су ағатын лақсалау жаман қайықтың қасына тоқтады.

Күн тынық. Сонан келе аңғар жақ гүрілдеп, ұлы теңіздің ашулы ызасы естіліп тұр. Қараған нан қарап жатып, көк теңіз ырғалып, кәрін тіге ыңыранып қояды.

Мөңке теңіз тынысын бағып өскен кісі — мына өксікті ұнатпады:

— Дауыл болады... көрмейсің бе, мына заңғар ырғалып жатыр ғой.

— Ие, солай! Ау салмасақ, асылы, өзекке барайық. Кешкі салқынмен қимылдасақ, тәйірі, қоямыз ба, кісі басы бір-екі түйеден көк құрақты құлатып тастаймыз ғой..

— Бұның ақыл екен. Ендеше, сен қайықпен Қандыөзекті мойындап біткен құрақты шап. Ал, бергі сарықтық бойының құрағын мен шабайын.

— Ол араны кеше Судырақ шабам деп, алақанына түкіріп отыр еді ғой?

— Ой, оны қой. Түк бітірмепті. Бір шабындық бүтін емес, бір-бір арқадан шөп алып, бәрін арамдап тастапты.

— Жолатпайтын кісі еді, сен болдың ба,— деді Дос күңкілдеп. Оның осындай іш тар күйкілігі де бар еді.

Мөңке үндемей, шалғысы мен шарығын алды да, шөпке кетті. Балық өнімсіз болғасын, биыл бұлар бай аулына бір-бір тоқтыға жалданып, өзектің құрағын шауып жатқан. Судыр Ахметтің күйі тайып бара жатқасын, Достың наразылығына қарамай, Мөңке оны өздерінің селебесіне алып, өзектің шөбін бірлесіп шаппақ болған-ды. Онысынан

пайда таппады. Судыр Ахмет бір бауыр жерге дейін алым-берім істеді де, белі шойырылып отыра кетті. Тым құрыса өзгелердей кісі бойы көк құрақтың шетінен түсіп, қою-сұйығын араласа шаппай, бітіктерін теріп, арамдап шапты. Бір уыс орған шөбіне бір қарап, қыт-қыттап күліп Мөңкеге барады:

— Орып жатырсың ба? Ор, ор!

— Е, сен неғып жүрсің?

— Бел жазып алмасам болатын емес.

— Орғаныңнан бел жазғаның көп, жұмыс қашан өнеді?

— Қой әрі, жан қиналатын жұмыс істесем бір тоқтыны қайдан алмаймын. Сонша өлімімді сатып нем бар? Сондай-ақ Тәңірберген маған ақысына құйрығын қарыстап қой беріп пе,— деді де, Судыр Ахмет кетіп қалды. Қостанып шөп шауып жатқан бай ауылдың пішеншілеріне барып, Мөңкені жамандады.

Мөңке көк құрақты құлатып тастады. Сонан үйге қайтар кезде ғана басын көтерді. Қарақатынның ешкі-лағына екі бау бала құрақ орып алып, күн бата үйге қайтты. Ертеңіне күн дауыл боп, Мөңке мен Дос көк құрақты тағы да құлатып тастады. Онан олар шапқан пішенін сарықтау жерге шығарып, суындап үйді. Бұл күні Мөңке сіркесі су көтермей, үйіне қалжырап қайтып еді, Судыр Ахмет алдынан жайраңдап күліп шықты:

— Бала, мен бүгін де шөпті өндіре алмадым.

— Кем талапсың, шөп қайдан өнсін. Арқасына күн өткен ешкі құсап үйден шықсаң-ақ шыбжықтап қайтып кете бересің.

— Кетпесіме лаж бар ма? Үйіңде ауызын ашып отырған... анау бала-шағаның түрі. Бәрі маған қарап отырғасын теңізге тор жайып, торта-шабақ аулап кеткенім рас.

— Көріп отырмыз ғой... оны да келістіріп жүргенің шамалы.

— Ау, Мөңке-ау... Мөңкежан-ау, қасыңдағы өндіршегі қуарған жаман шалға тап-тап бергенше, сен мықты болсаң, ана көктегі құдайға айт... Жердің, көктің қожасына... баршамызды өргізіп-тұрғызатын патша құдайға айт! Мына Ахметтің ауына балық түсір де. О несі әй, маған кіжіңдеп... Балық түспесе, су астына сүңгін бе?

— Сөз емес. Су астына ешкім де сүңгіп жүрген жоқ. Үлкен теңізге шығып, былайырақ беттеп, айдынға өрлей ау салсаң ірі балық қаппай қоймайды.

— Ол балықты саған бергенім. Көк теңіздің түбіндегі балық түгіл қара жердегі... ойбай-ау, мына... мына...— деп Судыр Ахмет табаны астындағы жердің шаңын бұрқылдатып, теуіп-теуіп қалды.— Ойбай-ау, мен мына қара жерге шашылған ризық несібемді теріп жей алмай жүрмін ғой. Маған шалқып жатқан көк теңіздің... тілсіз жаудың.... кісі жұтатын құрдымның түбінде тырағайлап жүрген балықты ұста дегені несі. О, несі-ай?.. Ойбай... ойбай!..— деп долылық буып, отыра қалып өз маңдайын өзі төпеледі. Оның талай қылығына қанық Мөңке мына мінезіне қайран. Осымен қос боп жүрген өзіне ренжіді.

XXI

Ер-азаматынан айрылғалы отырған ауылдың үш күн бойы әбігері басылмады. Тізімге іліккен жігіттердің жүретін күні жақындаған сайын қатын-балалар жылап, балықшылар аулы у-шу боп жатқан-ды. Қан сәскеде Беларанның кезінен шаң бұрқ етті.

— Уай, мынау не?

— Кім білсін...

— Тұтас қол ғой. Беті қалай қатты?

— Қаратаз қаладан әскер шақырды деп еді, сол болмаса қайтсін.

«Әскер» деген сөзді есіткенде ауыл үсті әбігерге түсті. Ата-аналар балаларын іздеп, қыз-келіншектер зып беріп өрешеге кіріп кетті.

Ер-азамат сыртта тұрып қалды. Шаң ауылға жақындап келеді. Әне-міне дегенше Беларанның кезінен бері құлап, тұяқ астынан түйдек-түйдек ұшқан шаң арасынан жылқылардың жоны көрінді. Балықшылар аң-таң. Жаңа ғана жүзі қатты бір жамандықты сезгендей, жүрегі мұздап тұрғанды. Бұлар есін жиям дегенше торы атты біреу жүз қаралы жылқыны дүркіретіп қуып әкеп, балықшылар аулының дәл үстінен құлатты.

— Әй, мынау... Кәлен ғой.

— Дәл өзі.

— Алда есіл ер-ай! Арқа сүйер азаматым-ай! — деп үлкендер жағы риза боп жатыр.

Дос кейіндеу тұрған-ды. Осы арада Қарақатын жүгіріп кеп, әлденені күйеуінің құлағына сыбырлады. Дос орнынан қозғала қоймады.

— Мына сорлыға не болған. Сыбағаңнан қаларсың.

Барсайшы бұрынырақ,— деп Қарақатын енді ыза боп күйеуін итермелей бастады.

Дос жылқыға басқалардан соңырақ жетті. Саяқ аттардың арасында әлдеқалай бір құла байтал ілесіп келіпті. Бие қарнындай іші жер сызады. Сан еттері де шелектей боп сыртына айналып кетіпті. Дос салған жерден құла байталдың күдірейген кереге жалына қызықтап қарап, көзін алалмай тұр. «Бас тоқсанда жығып алсаң, пай-пай, жануар-ай, бір үйдің аузынан ақ майын ағызып қояр еді-ау»,— деп ойлап, құла байталдың қасына жақындады.

Кәлен жылқыны теңіз жағасына іріп тастады да, торы аттан түсіп тізгінін бір жігітке ұстата салды.

— Жігіттер! — деді ол алдынан шыққан балықшыларға бұрылып,— мынау Қаратаздың жылқысы. Мойнына қарыз болады деп ойламаңдар. Бір-бірден ұстап мініңдер.

Дос құла байталға ындыны кетіп, қызықтап тұрған-ды. Кәленнің сөзін шала естіп, қасындағы кісіге еңкейді.

— Не деп тұр, мынау? Мінуге әкелген бе?

— Е, сен сойып жеуге әкелді деп пе едің? Бұртима, жүр, онан да, тақымға толық біреуін ұстайық.

Дос қозғалмады. Қасында өзімен ыңғайлас жүретін бірнеше кісі бар. Арты даулы малдарға ыссылай ұрынбай, аңысын аңдағандай түрлері байқалды.

Ал қалған балықшылар аттарды бір жерге іріп, құрмалап ұстап жатыр. Еламан ұзын тор қасқа атқа елден бұрын бұғалық тастап, ноқталап апты. Елге келгеннен бері еңсесін тіктегені осы. Үлкен ала көзінің қарашығы қатырақ ұшқындап, жігерлене түскен.

— Жігіттер! Бұрын қара жаяу болғасын күресуге дәрменің жоқ болушы еді. Шерменде едің. Енді... міне, астарыңда бір-бір ат...

— Қару болмағасын, аттан не қайыр. Құр қол кімді қиратамыз? — деді сырт жағында тұрған біреу. Еламан Досты даусынан таныды.

— Кекті — қару емес деп кім айтты...— деді Еламан.

Жігіттер шулап кетті:

— Бізді тек бастаңдар!

— Сойылмен де сазайын береміз.

Еламан кейінірек тұрған Кәленге мойын бұрды. Аз сөзбен ақылдасып алды да, жігіттерге қолын көтеріп «тынышталыңдар» — дегендей белгі етті.

— Тараңдар! Даярланыңдар!

Дос Кәленнің сырт жағынан кеп, жеңінен тартты.

— Қаратаз кейін мына малын даулап жүрмей ме?

Кәлен қарқылдап күлді:

— Қаратаз о дүниеде болмаса, бұ дүниеде мал даулауды қоятын шығар. Солай емес пе, Еламан?

— Иә, солай. Сосын, Қаратаздың малында мына кісілердің қайсысының маңдай тері мен табан ақысы жоқ. Ол итпен осы жолы мықтап есеп айырысамыз.

Дос санын соқты: желөкпе жігіттер тәуір аттарды таңдап әкеткен. Досқа қыс бойы қойға мінген аққаптал шабдар ғана қапты. Мінезсіз жаман тұғыр қасына жақындағаннан құлағын жымып, қос аяқтап тепкелі бөксесін бұра берді.

Еламан Досты көзінің қиығымен бағып күліп тұрған. Қасына Мөңке келді.

— Бұрын біздің заманымызда халық мінезі бір түрлі еді. Қазіргідей алаңсапыранда ата баладан безіп, әркім өз басын қайттап кететін. Сен болсаң жігіттердің басын біріктіріп жатырсың. Осы жұрт қара келлесін азар алып жүрсе, сен қоралы кісінің өлім-жітімін мойныңа арқаладың. Кәне, сен сонда кімге сендің?

— Сендерге сенем, Мөңке аға.

— Е, сондай-ақ біз кімнің шікірасы екенбіз?

Еламан бұ жағын ойламаған-ды. Қарт балықшы соны біліп, ой салу үшін әдейі сұрап тұр ма?

— Жә, қу бала, адаспай отырсың. Қиын кезде халыққа сенгенің дұрыс. Бірақ... сүйтсе де, сен ендігі жөніңді ұқтыршы? — деді Мөңке.

Еламан төңірекке көз тастап өтті. «Ендігі жөнім... ендігі жөнім...» деп екі-үш рет ішінен қайталады. Ендігі жөнім? Жел қатайып бара ма қалай? Және кешеден бері бірыңғай аңғар беттен қадалып соғып, ұлы теңіздің ашуызасы бойына сыймай ыңыранып өкіріп жатқан-ды. Еламан көптен бері қол үзіп кеткен теңіз өмірінің осы бір өзгеше ыстық тынысынан әсер алып, аңғар беттен соққан желге қарсы қарап кеудесін тосып отыр. Ендігі жөні... Бәсе, бұл істің ендігі жөні қалай болады? Ауыл сыртындағы жазық бетте бір топ жас ат үстінде сайыс сап, қайың сойылдары сарт-сұрт етіп жатты. Олардың да ойында ештеңе жоқ. Ендігі жөнін бірде-бірі ойламапты! Басқа кісілер бұған сенсін, ал өзі кімге... қай құдіретке сенді? Ұзын құлақ хабардан есітуі: ел ішінде наразылық басталғасын болыс ояздан әскер сұрапты. Қару асынып, зеңбірек сүйреткен әскер Шалқардан шығып, қазір жол үстінде келе жатқан көрінеді. Болысқа тигенің патшаға тигенің. Сонда,

сен басы-аяғы жүз қаралы жігітпен патшаға қарсы көтеріліс ашпақсың ба?

— Сенен жасыратын не сыр бар, Мөңке аға, жағдай ауыр. Бірақ бар-ау,— деді Еламан сөзін салмақтап,— соңырағы күні сәтсіздікке ұшырап туым құлар, тағы кісендер. Тіпті әрілесе қабырғамды бір-бірлеп сөгіп алар болса да, бұл бетімнен қайтпаймын.

— Иә, енді тайсақтаудың жөні қалмады.

— Күн кештете аттанамыз. Жайлаудағы жалпақ елді көтереміз.

— Жолың ғой, Сүйекеңе дидарласа кеткенің дұрыс болар. Сен дегенде өзінің жаны жоқ. Сен үшін жалғыз қызын да көрмей кетті ғой.

Еламан әйелінің аты аталғанда да сыр бермей, үй ішгесінде шуылдап өкіріп жатқан көк теңізге көзін тігіп қыбыр етпей отыр. Көз қиығымен ауыл сыртындағы жазық бетті шолып өтті. Қара жаяу жігіттер тақымына ат тигенсін есіріп кеткен. Бір-бір сойыл қолында. Екеу-екеуден кездесіп әлі де сойылдары сарт-сұрт айқасып жатыр. Ертеңгі күні мылтықты, зеңбіректі әскерге кездескенде де дәл осылай...

— Не боп қалды? Мына шаң-шұң не? — деді Мөңке ауыл жаққа шыдамсыздана қарап.

Еламан қарт балықшының түрегелгенін байқап, ой басқан бойын ауырлау қозғады; ауылға үнсіз беттеп келеді. Әлгі ойдан тіксініп қалған; ертеңгі күні мылтықты, зеңбіректі әскерге кездескенде де, мына жігіттер дәл осылай қу сойылмен қарсы шаба ма?

Дос үйінің алдына адам-қаралар үймелеп жатыр. Басқалардан көрі Қарақатынның даусы шаңқылдап басымырақ шығады.

— Мына пәле бірдеңе істеді-ау шамасы,— деп Еламан жүрісін тездете түсті.

Бұлар жақындағасын байқады: Қарақатын үйінің алдында байлаулы тұрған семіз құла байталдың қарнын пышақпен жарып жіберіпті. Байтал несі бұл кезде іште қаннен-қаперсіз шай ішіп жатыр екен. Құла байталдың құлындай шырқыраған дауысын есітіп сыртқа жүгіріп шығып: «жеңеше, мұның не? Мен енді жаяу қалдым ғой»,— десе, Қарақатын:

— Ой, сүдінің құрсын. Қаратаздың жылақысы бәріңе де жетеді. Бір үйір жылқыдан бір жапырақ ет аузымызға тимейтін не сорымыз бар,— деп бой бермей, шаңқылдап жатыр екен.

Еламан мырғынан күліп жақындай берді. Атсыз жаяу қалған жігіт Еламанды көріп, Қарақатынды тастай сала жүгіріп келді.

— Елаға, енді кәйттім?

— Оқасы жоқ, бір сыласы болар. Ал, мына құла байталдың етін бөлісіп алыңдар.

— Не дейді, қайным-ау, жұдырықтай байталдың несін бөлеміз. Өзім дербес алам,— деп Қарақатын қасында тұрған кісілердің бәрінен қызғанғандай, ала көзімен ата бастады.

XXII

— Мөңке аға, енді аттанамыз.

— Сапарларың оң болсын, қарақтарым. Құдайым жандарыңа жамандық бермесін.

— Әумин! — деп Еламан бетін сипады.

Әзір тұрған жігіттер аттарына мінді. Сойыл, шоқпарларын тақымына басты. Атсыз қалған жігіт те бір кісінің артына мінгесіп ұлы дүрмектің ішінде кетіп бара жатты.

XXIII

Еламан төбе басында отыр. Жалғыз. Жаңа күн батар алдында үш жүздей жігітпен осы қоңыр төбенің етегіне *көп аттан түсті. Жорыққа шыққалы бөрі құрсақтанып үңіреңдеп жүрген жігіттер тоқтаған бойда тез ас қамына кірісті.* Бірнеше жерден от жағып, жорық кезіндегі жол дорбаларын алдына алып жатқанда, Еламан мая жүн шекпенін иығына желең сап осы төбе басына өз ойымен оқшауланып шыққан-ды.

Қазір қас қарайды. Жел тынды. Күндізгі ала шабыр бұлт көк жүзінде тұтасып зілдей боп басып апты. Бірақ бұ жолы тағы да жаумай тарқайтын түрі бар. Желсіз тымырсық түн қапырықтанып пысынап тұр. Маса ызылдайды. Еламан осының бәрін әлдеқалай үстірт сезіп отыр. Ойлы көзін қараңғыға қадап апты· өзі отырған төбенің етек жағынан дабырлаған дауыстар естіледі. Бір жерде, бастас қатар жігіттер әзілдесіп күлісіп мәре-сәре боп жатса, екінші жерде ән салып жатыр. Қайсыбіреулер қараңғыда жолдасынан көз жазып қап, айқайлап іздеп жүр:

— Ербоз!.. Ер-боз! Әй, жігіттер, Ербоз көздеріңе түспеді ме?

— Көзіме түсті десең, кел де көзімді ашып қара.

Жігіттер ду күлді. Еламан да езу тартты: «Ербоз?..

Бізде ондай жігіт бар ма еді? Әлде... кейін қосылған жігіттердің бірі ме? Осы жігіттер қандай көңілді?»

Көп кісі түнгі оттың төңірегіне жиналыпты. От кейде әлсіреп сөніп бара жатады да, ойламаған жерден қайта лапылдап жанып кетеді. Сол кезде Еламан от маңында қаранадаған кісілердің тұлғасын көріп, кейбірін түстеп танып қап отыр. Бір рет Кәленнің кесек, қара бұжыр бетін көрді. Бір топ жігіттің ортасында әлденені қызу әңгімелеп тұр. Бәрі көңілді. Ертеңгі екіталай күн ешқайсысының ойына кіріп шығатын емес. Тоқта, мыналар кім?

Еламан қараңғыға көзін тіге қалды. Бір қора кісі аттарын ақырын бастырып кеп, түнгі от сәулесіне мінбелеп тоқтады. Теңіз жағасынан шыққалы талай жігіттер топ-тобымен кеп қосылып жатқан-ды. Еламан мыналардың бірден апақ-сапақ боп араласып кетпей, ат үстінде тұрып сөйлескен түріне қарап алыстан келген кісілер екенін топшылады. Дабырлаған дауыс арасынан әлдекалай «Ұлықұм» — деген сөзді құлағы шалды. «Ұлықұм» бойынан келген Тілеуқабақтың жігіттері болды ғой, шамасы»,— деп ойлап, бір жағынан аттанып шықпай жатып өз атының әлден алысқа кетіп қалғанына таңданды.

Кәлен екеуінің алғашқы қадамы әзір сәтті боп келеді; ояздан шыққан әскердің әлі күнге Ұлықұм бойындағы наразылықты баса алмай, жарты жолда шырмалып жатқанын есіткесін, бұлар онша асыға қоймаған-ды. Болыс аулына жеткенше қол салмағын күшейтіп алу жағын ойлап, кедей ауылдардың үстін басып әдейі ақырын жылжып келе жатқан. Теңіз жағасынан шыққаннан бері екі күн ішінде екі жүздей жігіт қосылды.

Кәленмен ақылдасып жіберіп, жігіттерді жүздікке бөлді. Әр жүздікке бір-бір кісі белгілеп, ұрыс кезінде басқаруға ыңғайлап алды. Қазір, тек қару жағы тапшы. Шоқпар, сойылдан басқа кешеден бері қосылған жігіттердің кейбірінде шиті мылтық, шашақты найза, айбалталары бар. Кеше бір қарт ұста алдынан шығып, бұған өзі соққан қылыш сыйлады:

— Кекке суарылған. Қаратаз түгіл қаратасты шапсаң да қақ айырады,— деп қарт ұста қылышты Еламанның беліне өз қолымен байлап еді.

Осы күндері Еламан өз басының қасіретін ұмытып кетті. Өз ықтиярынан тыс басталған осы бір істің ақыры немен тынарын білмей, уайымы ауырлап отыр. Би, болыстан қашып бұтә түбін паналаған торғайдай боп, жер аяғы қияннан іздеп кеп жатқан мына сорлы жігіттердің ертеңгі

күні не болар? Осынша қол жиғасын алдағы күні бір шайқастың болары анық. Шайқас... құр қол жігіттер зеңбірек сүйреткен қарулы әскерлермен қалай шайқасады? Қызыл ала қан ғып қырып тастамай ма? Қырғын, қан... қан...

Еламан басы айналып бара жатқандай сезді. Күн өтті ме деген оймен қос самайындағы көк тамырлар шаншып қатты соғып кеткен басын ұстады. Алақанына мұздай тер біліңді. Күн өткен болды-ау, шамасы? Әлде, ылдидағы түнгі оттың қызғылт сәулесіне ұзақ қадалып көзі талды ма? Не де болса, әйтеуір көзі қарауытып бар дүние қанға батып, қан қызыл сәуле көз қарашығында тұтап, лыпылдап кетті.

Еламан есін жиғанша, ту сыртынан ат пысқырды. Ілешала бір топ аттылы қараңғыда дабырлап сөйлеп кеп, төбе басында жалғыз отырған Еламанға қатарласа тоқтады.

— Кімсіңдер?

— Сүйеу аулынанбыз...

«Сорлы балам!..»— деді Еламан ішінен; жалғыз, жетім баласын ойлауды да ұмытып кеткеніне қынжылды.

— Еламанның сарбаздары осы ма?

— Сүйеу аулынанбыз дедіңдер ме?

— Ие, Сүйеу аулынанбыз.

— Сүйеу ауылда ма?

— Ауылда.

— Қанша жер?

— Онша қашық емес. Еламанның сарбаздары...

— Иә, осы. Бара беріңдер.

Аттылар ақырын қозғалды. Еламан ертеңгі күннің екі талай екенін білді. Ертең екінің бірі: не болыстың басын алады, не болыс бұның басын алады. Қырғын алдында, тым құрыса сорлы жетімегін бір көруге ынтықты. Бір рет те болса ыстық әке кеудесіне қысып, мауқын басып қайтқысы кеп, іштей нық байламға келді. Осы ойын жалғыз Кәленге ғана айтты да, қасына бір жігіт алып түнделете тартып кетті.

XXIV

Теңіз жағасындағы бұл оқиға болыс аулына да жетті. Онсыз да осы қазір патшаға жігіт бермейміз деп ереуілдеп, бой көрсетіп жатқан ауыл көп еді; бірақ соның бәрінен мыналардың беті қатты екенін Тәңірберген бірден білді. Басқа ауылдар қанша наразылық білдіргенмен ашуызадан аспайтын. Жаумайтын бұлттай тектен-тек шоғырланып топтана беретін-ді.

Балықшылар бір дегеннен қимылдан бастап, болыс ауылының бір үйір жылқысын қуып алды. Аямайтын, тайсалмай тура шабатын түрін танытты. Бұлар жаяу алған жылқысының соңында әлі күнге құрыншы аттандыра алмай, шырмалып жатқанда, олар бас-аяғын жиып ап бар тобырымен түйіліп келе жатыр.

Ел ішін Еламанның дақпырты алып барады. Оның осылай қарай келе жатқан хабарына қуанып, дуылдасып жатыр. Жайлаудағы жалпақ елге ертең оның өзі келгенде не болмақ? Бар ел сыпырылып шығып соған қосылып, іргесін жалаңаштап кетпей ме? Орыс байына қол көтерген кісінің өздерінен тіпті шайтаны сескенбесі белгілі-ау. Және бұрынғы кектің үстіне Ақбаланың ызасы қосылып, несіне түсетін бүркіттей қанына қарайып келе жатқан шығар? Иесіне түсетін бүркіт?! Тәңірберген аңшылық қыла жүргенде, әлі бір рет иесіне түскен бүркітті көрген жоқ. Бірақ, сегіз найзасын қадап, тас төбеңнен түйіліп төніп қалған ызалы қыранды көз алдына келтірсе қаны мұздап қоя береді. Осыдан кейін ызалы қыран көз алдынан кетпей қойды. Ояздан шыққан әскердің алдынан адам шаптырды. Олар қашан жетеді? Үлгіре ме? Олар жеткенше, теңіз жағасынан аттанған ызалы қыран жаныштап, тапап кетпей ме? Айналасындағы арқа сүйер халықтың түрі мынау. Ызалы халық дәл қазір үюлі жатқан дәрідей, жазатайым ұшқын түссе де лау етеді. Өртті өшіру қиын. Онан соң, бұ жақтағы өрт етек алып жайылып, ана Ырғыз, Торғай жақтағы өртпен тұтасып кетпей ме?

Болыс ағасы осыны неге ойламайды? Тәңірберген болыс ағасының тұк әрекет істемей қойғанына ыза болды. Асылы, ағасынан қайран шамалы. Ол мұндайда өткел аузындағы түйедей, ілгері баспай, кегежектеп кейін тарта береді.

Жас мырза бұрын бұндай жағдайда көріне араласпай, бойын сырт салып жүретін-ді. Бұ жолы қатер алдында қатты шырықты. Теңіз жағасынан келе жатқан мына нөпірді қайткен күнде де ауыл үстіне жібермей, алдынан шығып ел шетінде күтіп алу керек еді. Тәңірберген қауырт кірісті. Күндіз-түні үй көрмей, ат үстінде шапқылап, біреуді күшпен ықтырып, енді біреуге бетінің ажарын сап жүріп екі күн ішінде жүз қаралы жігіт жиып алды.

Үшінші күні түс кезінде бәйгі күреңді қара тер қып ентіктіріп кеп, болыс ағасының үйіне түсті. Жас мырза күнге күйіп тұтігіп кетіпті. Жүдеген. Кірлеген. Үсті-басы шаң. Көз жанарында ызалы ұшқын лапылдайды.

— Ал, не бітіріп қайттың? — деді Құдайменде.

Тәңірберген ағасымен оңаша сөйлескісі кеп отырғанды. Есік алдында әмір күтіп тұрған малай жынына тие бастады.

— Бар, атты суарып әкел!

Малай жүгіре жөнелді. Оның шығуын күтіп тұрғандай, кенет құйын соқты. Түс кезіндегі ыстықта талмаусырап отырған ауылдың түндігі желпілдеп, сыртта жүрген қатын-балалар у-шу болды да қалды. Арал маңының алаяқ құйыны үй ішіне лап беріп, ұйқы-тұйқы қып топырақ борап кетті. Көзіне құм түсті ме, әкесінің алдында ойнап отырған кішкентай қыз бала шар ете қалды.

— Әй, қайсысың барсың... алып кетіңдер мына заржақты,—деді Құдайменде сыртқа дауыстап.

Ішке Ақбала кірді. Басқадан бұрын күйеуін байқады. Бірақ үлкен алдында әдеп сақтап оған назар аудармады. Табалдырықтан аттап кіре бере сұлу бойын сәл иіп, болыс қайнағасына сәлем етті де, тез басып кеп бала жанына тізе бүкті.

— Көзіңе құм түсті ме?

— И-не...

— Сен жылама. Жақсы балалар жыламайды,— деп жас баланы алдарқатып отырды да, таза, ақ орамал шетімен көзіне түскен топырақты қағып тастады.

Тәңірберген осы келіншегін балаға қатал болар деп ойлайтын; осы ауылға келін боп түскелі оның әлі бір балаға иіліп, маңдайынан сипағанын көрген жоқ-ты. Тап осы арада оның тас бауыры елжіреп кетіп, жылаған баланы сонша лық бір аналық мейіріммен баурына қысып, тез жұбатып ала қойғанына қайран. «Әлде, тастап кеткен баласын қия алмай жүр ме екен? Солай шығар-ау...»— деп ойлап, сызыла басып шығып бара жатқан келіншегін тап жаңа көрген кісіше аңыра қарап отырып қалды.

Құдайменде інісін жақтырмай, көз қиығымен қырыстана қарады: «Осы ит, қатынжанды бола-туң ба, қалай?»— деп ойлады да, наразы дауыспен дұңк етті:

— Кәне, не бітіріп қайттың?

— Осы... Сүйеу қарттың қолында баласы бар еді-ау?

— Ие, бар,— деді Құдайменде інісінің кімді айтып отырғанын білсе де, аржақ ойын аңғара алмай.

— Сүйеу қарттың аулы оның жолында ғой?

— Ие, жолында... Ал, болса қайтеді?

— Аэғана бұрулау.

— Ие, бұрулау...

Тәңірберген шұғыл жадырады;

— Е, сүйтіп теңіз жағасынан шыққан көкжал жолынан құрған қақпанды байқамай, дәл үстіне туралап келеді де...

— Пай, пай, сенің осы бір жұмбағың бітпей-ақ қойды-ау.

Тәңірберген түрегелді, келген кездегідей емес өңі сергек.

— Болыс аға, жұмбақ ештеңесі жоқ, бәрі түсінікті. Баласын ол туғалы көрген жоқ. Осы жолы баласына соқпауы мүмкін емес. Ал, біз алдын ала Сүйеу қарттың аулына кісі жіберіп аңдытып қоямыз.

— Апыр-ай, ә?! Міне, мынаның жаны бар. Кімді жібересің?

Тәңірберген о жағына қиналмады. Оның әлі де болса ойлап отырғаны — Еламан баласына жалғыз соға ма, жоқ па? Сүйеу қарттың аулы біраз бұрулау отырғандықтан бар кісісімен шұбатылып жүрмей, бір өзі барып кетер деген қисынға көңілі ауа берді.

Тәңірберген дереу Ебейсінді шақырып алды. Ебейсін қазір епті-епті қоң жия бастаған. Басқа түгіл Тәңірбергеннің тілін бірде алса, бірде болмашы сылтаумен бұлдана қалатын. Тәңірберген мына іске басқа кісіден көрі Ебейсінді дұрыс көрді. Ел ішінен жүн-жұрқа жиған кісі боп, елеусіз жүре алады. Оның келген-кеткенінен ешкім сезіктене қоймайтын болғасын, осы араға Ебейсінді салды.

Ебейсін оңай көнді. Әйелінің ағасы тізімге ілігіп, болысқа күні түсіп тұрған.

— Жарайды, мырза, өтінішіңді орындайын. Өзің де менің өтінішімді...— дей бергенде, Тәңірберген сөзінің арғы жағын айтқызбай:

— Мақұл! Уәде осы болсын,— деп, алақанына шарт еткізіп соғып қалды.

Ебейсін қасына екі кісі алды. Екеуі де күреске түсіп жүрген палуан. Ебейсін атқа мініп, ана екеуі қант, шай, өрік, мейіз артқан түйеге мінгесіп, тайрақтатып желіп кеп Сүйеу қарттың аулына түсті. Тең арасына тығып алған мылтықтары бар.

Сүйеу қартгың аулы шұқырда отыр екен. Ер-азаматы Еламанға қосылмақ боп аттанып кетіп, ауылда қатын-бала, кемпір-шал қапты. Мұнда келгесін Ебейсін өзінің дағдылы кәсібіне кірісіп, жұрттың тері-терсегін шай, шекерге айырбастай бастады. Ауылдағы қатын-қалашты қақпай-соқпайлап безбеннен ұтып жүріп көз қиығын Сүйеудің үйінен айырмады. Күшке қарай, кісі аяғы басылғасын

Ебейсін өздері түскен үйдің ірге жағын түргізіп қойды. Сыртқа кіріп-шыға бергеннен көрі іште отырып іргеден бақылаған дұрыс.

Ел орынға отырған кезде екі-үш аттылы дыбыс шығармай, ақырын кеп, Сүйеу қарттың үйіне түсті. Аттарын белдеуге байлады. Жан-жағына көз тастап, сып етіп ішке кірді.

— Дайындалыңдар,— деді Ебейсін.

Еңгезердей екі жігіт мылтығын ұстай түрегелді. «Қарсыласса атыңдар»,— деген Тәңірбергеннен пәрмен болған.

Еламан шам жақпай, от жарығының сәулесімен отырған үйге сәлем беріп кірді. Сүйеу қарт Еламанды көріп, ақ кірпігін шұғыл серпіп қалды:

— Ә!.. Ә, келдің бе?

— Жасаған нем-ау... мынау, Еламан ба?.. Алда, қарағым-ай!..— деді кемпір қалбалақтай сасып. Көзіне жас алып жүріп төрге төсек жайды. Сүйеу қарт қасына отырған жігітке көзінің қиығын тастады да, тез тартып алды.

— Аман-сау барсың ба?

— Шүкір...

— Е-е, естіп жатырмыз. Бұрын қара борбай балықшы едің, енді қол бастап келе жатырған көрінесің. Дабылың бізге де жетіп жатыр. Біз де есітіп жатырмыз.

— Әй, ата-ай, қайбір қарық болғаннан істеді дейсің. Ел басына күн туғасын үйде жата алмадық...

— Жә!.. Жә, құдай беттеріңнен жарылқасын!

Еламан үй ішіне шыдамсыздана көз салды. Сүйеу қарт оның көңілін таныса да, үндемеді.

— Сорлы бала... науқастан шықпай қойды,— деді кемпір шыдамай.

Еламан атып тұрды. Жер төсекте жатқан баласының қасына қалай жетіп барғанын білмеді.

— Жаңа ғана көзі ілініп еді,— деді кемпір оятпағанын тәуір көріп.

Еламан қатал шалдың қыбырсыз бағып отырғанын байқады. Оның алдында осалдығын көрсеткісі келмей, өзін-өзі тежеп бақты. Балаға еңкейіп қарап, нағашы әжесі айтқандай ұйықтап жатпағанын көрді. Ауру жеңіп талықсып кеткен. Кішкентай кеудесі көрпе астында көтеріліп-басылып, өкпесі сыр-сыр етеді... Еламан елге келгелі әйелін бір рет тілінің ұшына алмай, ойынан аластап, мәңгі-бақи ұмытқандай боп жүрген-ді. Ауру баланы көргенде, Ақбала есіне түсті. Кеудесі кекке толып кетті.

Еламан баланы қолына алды.

— Құлыным... сорлы балам,— деп ерні дірілдеп, тоқтап қалды. Осыдан артық өзін ұстай алмай, өкіріп жылап жіберді. Жас сорғалаған бетін баласының алаулаған ыстық денесіне басып, жабыса қалды. Бала көзін ашты да, қайта жұмды. Еламан абайлап ұстамаса бір жерін майып қып алатындай қорықты. Бала денесіне қолы темірдей тиетіндей сезгесін алақанына сап абайлап ұстады. Күйіп-жанып жатқан баланы қалай тастап кетем деп қиналды. Тым құрса балаға батқан дертті бөліп көтере алмағанына күйінді. Осы кезде сыртта ұйқы-тұйқы, бір қимыл болды. Іле-шала ішке Ебейсін кірді. Соңында еңгезердей екі жігіт.

— Қолын байлаңдар! — деді Ебейсін.

Кемпір жүгіріп барып, Еламанның қолынан баланы жұлып алды. Ебейсінмен екі жігіт Еламанға бас салды. Үшеулеп жабылып, қолын артына қайырып байлап жатқан, Еламан осы арада ғана есін жиды. Қатты жұлқынып, қолын байлаған арқанды бір үзді де, шап беріп Ебейсіннің жағасынан ала кетті.

— Ойбай, өл-дім...

Еңгезердей екі жігіттің бірі тез есін жиды. Еламанның сырт жағына шығып мылтық дүмімен көк желкеден қойды. Еламан тәлтіректеп екі аттады. Алдына созған қолымен есіктің босағасына сүйеніп қалды.

— Байлаңдар!.. Байлаңдар тез! — деді Ебейсін.

Сүйеу жүгіріп барып, есіктің алдына тұра қалды. Аппақ құдай боп есікті керіп тұр.

— Уа, қара бет!.. Қара бет!.. Менің өлігімді аттап өтесің...

Ебейсін жолын бөгеп тұрған шалды түйіп құлатты да, үстінен аттап өтті. Екі қолын артына қайырып байлаған Еламанды да өздерімен бірге сүйреп әкетті.

XXV

Болыс үйі лық толы. Құдайменде төрде. Осы елдің ңгі жақсылары оның оңы мен солын ала, қақ жарыла отырыпты. Жиын ішінде Тәңірберген мен таңқы мұрын Торшолақ бала бар.

Сәлем беріп кірген Ебейсінге елден бұрын Тәңірберген жалт қарады. Көзінде шыдамсыз сұрақ. Бірақ Ебейсін аңғармаған кісідей, көзін төмен салып сылбыр басып кеп жас мырзаның жанына отырды.

— Иә, сөйле! — деді мырза.

— Ұстадым.

— Қайда?

— Сыртта.

— Қашып кетпесін.

Ебейсіннің тобарсыған бетіне күлкі тепсінді.

— Ішке кіргізейін бе?

Тәңірберген басын изеді. Бірақ Ебейсін түрегеліп, есікке беттеп бара бергенде жас мырза осы ісі қате болғанын сезді. Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қыларын кештеу ұқты. Жас мырза ішінен ығысып қысыла түсті де, теп-тез бойын билеп ала қойды. Жұрт су сепкендей тына қап, Ебейсін шыққан есіктің қайта ашылғанын күтіп отырғанды. Сүйткенше болмай, еңгезердей екі жігіт Еламанды екі жағынан итеріп, күшпен кіргізді.

Тәңірберген есікке көлденеңін беріп бір қырын отырған-ды. Үстіне кіргізген тұтқынға ол тура қарамай, көзінің қиығын ғана тастады. Тұтқынның қолын қайырып байлапты. Басы жарылған, бет-аузы қан. Теңіз жағасынан көп қолды бастап келе жатқан әлгі несіне түсетін ызалы қыран... Тәңірберген мырс етіп күліп жіберді.

— Алып кет!

Екі жігіт Еламанды екі жағынан тырп еткізбей сығып ұстап тұрған-ды. Мырзадан әмір болған бойда олар тағы да тұтқынды күшпен бұрып, сүйрей жөнелді. Осы кезге дейін қару қылмаған Еламан есікке барған жерде ғана табан тіреп тұра қалды. Шіреніп тұрып артына қайрылып, көп кісі ішінен жалғыз Тәңірбергенге тістене қадалып:

— Әй, түлкі... осы жолы қолыңнан келгеніңді аяма, істеп қал. Айтып қояйын. Дүние кезек. Соңыра менің қолыма сен түссең, теріңді соймай сыпырып алам,— деп соңғы сөзін айқайлап, сыртқа шығып бара жатқанда айтты. Үй толы кісілер бір-біріне көз салуға бата алмай, бастары салбырап отыр. Жалғыз Тәңірберген ғана сұлу жүзін жоғары көтерген күйі бастапқы маңқиған нығыз қалпынан қозғалмады.

— Мына кісілер сусап кеткен болар. Қымыз әкеліңдер! — деді ол есік жақта тұрған бала жігітке.

Жігіт жүгіре жөнелді. Тәңірберген қаз даусы қаңқ етіп:

— Әй, бала,— деп іле дауыстады,— осы үйдің қатындары қайда екен? Қымыз құйып берсін.

Бәйбіше көрші ауылға қонаққа кеткен. Мырзаның жақында түскен жас келіншегі өз алдына отау тігіп отырғанды. Бала жігіт отауға жүгіріп келсе, Ақбала үй ортасында түс жоқ, өң жоқ құп-қу боп түрегеп тұр екен.

— Мырза шақырып жатыр,— деді бала жігіт. Ақбала есітпеген сияқты. Жаңа үлкен үй жақтан шыққан оқшау дауысты анық есітті. Сондай таныс дауыс. Оның «түлкі» деп кімді айтқанын да білді. Болыскей кереует алдында кесте тоқып отырған келіншек атып тұрды. Қолынан кестесі түсіп кетті. Есікке қарай ұмтыла түсті де, үй ортасына жете бере сілейіп тұрып қалды.

Бала жігіт Ақбалаға таңдана қарады. Есітпеген болар деп ойлап:

— Жеңеше,— деді қаттырақ дауыстап,— мырза шақырып жатыр.

Ақбала оқымен кездестіру үшін өзін әдейі шақырып жатқандай көрді. Қара көзі қаттырақ ұшқындап, ширыға түсті. Бала жігітке көз салмастан сыртқа ытқып шықты.

Тәңірберген келіншегінің түріне таңдана қарады. «Есі дұрыс па?»— деп ойлады. Ақбала ішке кіре бере үй толы кісінің арасында оның жоқ екенін көрді. Осы арада ғана өз мінезінен қысылып, есік алдында бөгеліп қалды. Көз жанарында тұтаған ұшқын да тез сөніп, имене басып кеп кісілер алдына жайған дастарқанның шет жағына отырды. Сонан қайтып көзін көтерген жоқ.

Тәңірберген кісілердің көзін ала бере бір-екі рет келіншегінің өңіне бұрылып қарады.

— Ебейсін жігіт екен. Енді, бұл кәпірдің көзін тезірек құрту керек,— деді Құдайменде. Тәңірберген ағасының сөзін жақтырмай, тыжырына қалды. «Осының келеңсіздігінен-ақ өліп болдым-ау»,— деді ішінен.

Қымыз ішіліп болғасын жас мырза әйеліне кете бер деді. Әңгіме тұтай алмай, үлкендер жағы бір-бірінің қасы мен қабағын бағып күрмеле түсті. Құдайменде болса көптен көңілсіз. Ел ішінде наразылық етек алып барады. Байлар баласын бермеді. Бағы, бетінің ажары бар кісілер болыс аулын басып кетті. Ағайын-тумалар, ертеректе қыз алысып, қыз беріскен ілік-шатыстар да көбейіп, «қара орманымды алсаң да, жалғыз балама тие көрме»,— деп қолқа салушылар жүргізбей қойды. Қабырға болысына түскен жігіт саны толмай, бір жағынан ояз начальнигі жаның алып барады. Ояздан таңқы мұрын Торшолақ бала келді. Онсыз да терісі тарылып жүрген кісіге кешеден бері о да таскенедей жабысып, дігерлеп бітті.

— Еламанды мықты күзетпен дереу қалаға жөнелту керек,— деді Торшолақ бала.

Құдайменде Еламанды бір кісінің санағына іліктіріп, солдаттыққа жібермек боп отырған-ды. Құдайменде үнде-

меді. Біраз уақыт өткесін ол көзінің астымен інісіне қарады. «Бұған сен не дейсің»— деп, інісінен ақыл сұрағандай ажар бар өңінде.

— Оны тізімге іліктіру керек,— деді Тәңірберген.

— Мырза, оның жөні жоқ. Кісі өлтірген қылмысты адамды Сібірге ғана...

— Әй, айналайын, Сібірді қой. Сол Сібірің ұнамай барады, байы қуып жіберген қатынның төркінінде тұрақтамай қайтып келе беретініндей бірдеңе ғой, тегі.

Төрде қатар отырған екі кісі — екеуі де осы елдің жуан байы — жымың етіп, бірін-бірі түртіп қалды. Үй ішіндегі кісілердің ықыласын өзіне аударып алғанын сезіп, Тәңірберген енді тіпті еркін сөйледі.

— Сібірден жұрт қашып келе беретін боп жүр. Онан да, оны солдаттыққа айдаған дұрыс. Ажалдың аузына түсіп көрсін, онан аман қайтқанын көрейін.

— Жоқ, мырза, ол заңға жатпайды. Ертең ояз начальнигі біліп қалса не дейміз?

— Қой әрі, қазақтың ішінде не боп жатқанын орыс қайдан білсін.

Торшолақ бала күлді. Қарсы дерек айтпай қолтығына тартқан мамық жастықты басып, төр алдына көлбей кетті. Тәңірберген өзінің дегені боларын біліп, жылтыр қара мұртын сипап күлімсірей түсті. Ертеден бері үй несінің ыңғайын бағып, үнсіз отырған кісілер де осыдан кейін шұғыл жадырап көңілдене бастады. Ауыз жеңіл кейбіреулер әзіл қатып, үй іші жаңа райлана бастап еді.

Тәңірберген тыйып тастады:

— Жә, желігетін ештеңе жоқ. Аулың әлі қатерде. Менің тілімді алсаң, болыс аға, жау басшысыз қалды. Енді қолда бар жігіттерді тез қаруландырып, қапысын тап та бұйқыт соқ.

Құдаймен де үн-түнсіз түрегелді. Үйдегі кісілерді бастап, тысқа шықты.

XXVI

Бала әлсіреді. Сүйеу қарт соны байқаса да балаға жақындамай, суық жүзін сырт салып сыздап отыр. Кемпір шалына көз тастады:

— Ау, мынаның иманын үйірмейсің бе?

— Иман?.. Анасында иман жоқ, мұнда қайдан иман болсын.

— Астафир алла... Жазықсыз сәбиге...

— Тәйт!.. Тәйт!..— деп Сүйеу кемпірін ауыздан қаққандай ақ көйлектің жеңін ашумен сілкіп, тысқа шығып кетті.

Көптен бері үй іргесінде күнсіп жатқан ерін арқалап қалталақтап басып атына барды. Қызының атын есіткісі келмейді. Тәңірбергенге қатын үстіне шыққанын есіткенде, қатыгез шал қатты ширығып: «Шіріген жұмыртқа. Ана жатырынан ұшынып туған қыз. Сайқал!»— деп түйді де, тыйылды. Сонан бері бір жанға тіс жарып тіл қатпай, өз күйігіне өзі өртеніп булығып қалған-ды. Ол үйден неге шыққанын білген жоқ. Қайда баратынын да ойламады. Бір *қырдың астында жайылып жүрген атын ерттеп міне сала* тебініп шаба жөнелді. Бір-екі қырдан асқасын аттың басын тартты.

Сүйеу аз қыдыратын. Үй жағалап жүріп ет жеген кісілерге жыны түсіп, сыртынан боқтап отыратын. Осы жолы ол бір ауылға қонып, бір ауылға түстеніп ел жағалап жүр. Бұрын аз сөйлейтін шал, бұ жолы тіпті тұйық. Еш нәрсеге зауқы шаппады. Қонған, түстенген жерінде тамақ ішіп жарымады.

Қаңғалақтап ел қыдырып жүріп бір күні ол Ожар Оспанның үйіне түсті. Оспанның Шалқар шаһарынан келіп отырған беті екен. Ана жолы қыз үшін төбелес салып, бір балықшы қаза тапқаннан бері бұлардың аулына бұлт үйірілді. Қалаға шақырып тергеу алды. Ожар Оспан бір айдай түрмеде жатты. Істің түбі насырға шауып бара жатқанын байқағасын пара-пайданы басып беріп, ұлықтың аузын алып, әке-көкелеп шыққан-ды. Өзі мықтап жүдепті. Кнімі кір. Тар қапастан шыққанмен, бірақ сағы сынбаған. Аман-есен аулына кеп, өзін әлдекандай көретін ағайын-тумасына қауышқасын кешегі кіріптар күнін ұмытып, есіріп отыр.

Шалдар жағы:

— Оспан қарағым, ояздың да алдында болыпсың ғой? —деп сөз тартып еді.

Оспан:

— Ой, ояздың енесін... болса қайтеді, о да өзіміздей адам емес пе,— деп екіленіп, көтеріле түсті де, тағы бір көпшікті тақымының астына басып алды. Үлкен ала көзі алаң құлаң етіп, жұлынып сөйлеп отыр.— Қайығым желге өрлеп тұрғанда, о тәйірі, неден тайынайын. Тартынбадым. Өзекті жанға бір өлім. Көзді тарс жұмып алып, ояздың қаһарына өзімнің аққөздігімді қарсы салып, беріп кеп кетейін.

— Е, бәсе! Тусаң ту-ай! Ой, ер-ай!

— Ал, қызық. Сонан кейін не болды?

— Не болсын. Ұлық ақжал арыстан болса, мен енді соның алдында бота тірсектеніп маймақтап тұрар деп пе едің. Ұлықтың ашуына атаң қазақтың аққөздігін салып, тура ұмтылсаң, не өз басың қалады, не оның басын аласың. Екінің бірі...

— Паһ, паһ...

Сүйеу қарт ішейін деп отырған шайға қарамай, тұрды да жүре берді. Іште ұмыт қалған қамшысына да қайта оралып бармады. Есік алдында самауыр қайнатып жатқан қара торы келіншекті көріп, селт етіп тұра қалды. Түтіні бықсыған самауырға жүзін тасалай берген жас келіншекке жетіп барды. Келіншектің налалы ұяң жүзіне қызғылт қан тепті. Самауыр тасасында көзін төмен салып тұрып, ақырын ғана амандасты.

— Е! Е-е! — деп аяғаны, әлде кекетіп тұрғаны белгісіз басын изеп-изеп қойды.— Райға да ноқта түсті. Құрығы ұзын ғой, бұлардың! Құрығы ұзын ғой!..

Келіншектің басы ніліп барады. Көзін жапқан кірпігінің арасынан ақмоншақ жас үзіліп кетті. Сүйеу қарт артық айналмай «е-е» деп міңгірлеп жүре берді.

Араға бір қонып үйге жетті. Терең сайды іргелей орналасқан азғана ауылдың сырт жағында бөлек қара төбенің басында үлкен қорым бар еді. Сүйеу қарт әуелі соған соқты. Атын шылбырынан жетелеп жүріп, моланы аралап шықты. Көп моланың ішінен кішкентай жас қабыр көзіне түспеді.

— Е, бақ! Е, бақ! — деп жүдеу шалдың қан-сөлсіз күпқу өңіне кенет қуаныш лап берді .Буындары дірілдеп, өзінің әншейіндегі безбүйрек қаталдығынан айрылып, кемсеңдей бастады. «Е, бақ! Е, бақ!» Атына мінер жерде үзеңгіге аяғын сұға алмай, әлек болды. Онан кейін де өмірінде істемеген әдетін істеп, арық атты борбайлап шауып келді. Кемпір сыртқа жүгіріп шығып:

— Ақырын. Есің дұрыс па, сорлы баланың көзі жаңа ғана ілініп еді,— деді.

Сүйеу аттың басын тежей қойды. Бет өңі де шұғыл өзгеріп, өзінің әншейіндегі зәр жиып тұратын суық ажарын қайта тапты. Ішке кіргесін де кереуетте жатқан бала жаққа қарамай, қырыстанып, мойнын сырт салып отыр. Арық денесі тіп-тік. Бармағына салған көк бүйра насыбайды екі танауымен кезек тартып, қызыл жиек көзі жайшылықтағысынан гөрі молырақ жасаурап, бүкіл беті жыбырлап, ашық күнде ашу шақырып, түйіліп алған. Кемпір сыр мінез шалына көз қиығын тастады да, миығынан күліп, қара мосы

мен қара шәйнекті алып сыртқа шығып кетті. Кемпірі кеткен бойда Сүйеу қарт тез қозғалып, сырқат балаға жетіп барды. Бала әлсіз екен. Боп-боз бетінде айыға қоймаған ауру табындай көгіс көлеңке бар. Қос шекесінде көк тамыр білеуленіп, бүлк-бүлк соғып жатты.

Сүйеу қарт езу тартты:

— Ой, күшік! Ой, жаман неме! Жанының сірісін. Ой, күшік!. .Күшік!..

Кенет, сырттан тықыр шыққанын сезді де, босаңсып бара жатқан бет-өңін бір лезде билеп ала қойды. Төрдегі өз орнына жетіп барды да, қазықтай шаншылып отыра қалды.

XXVII

Жазғы таң сары қабақтан жаңа саз беріп келе жатқан. Жер беті қылаңданып алыс, жақындағы бар-бар дүние бедерін бермен бере бастаған-ды. Кешегі күні ақ пен қызыл арасында Еламанның жасағы кеп тоқтаған боз төбе баурайына осынау елең-алаңда салт атты біреу тасырлатып шауып келді. Қара тер болған аттан қарғып түсті. Қатты дауыстап Кәленді сұрады. Түні бойы Еламанды күткен Кәлен таң алдында ғана көзі ілініп кеткен еді. Ат тұяғының дүсірінен оянды. «Бұл кім болды екен?» деп ойлап, қолына ұстай түрегелген шекпенінің жеңін асығыс кие берді.

— Бұл қайссың?

— Сүйекең жіберді.

— Жайшылық па?

— Еламаннан айрылып қалдық.

— Не дейсің?

— Тәңірбергеннің жігіттері ұстап әкетті.

«Нанайын ба, жоқ па»,— деп ойлап,Кәленнің тұла бойы мұздап қоя берді. Мына сұмдық хабардың шын екеніне көңілі сенгеннен кейін ғана ол «аттаныңдар!» — деп айқайлады.

Сергек жатқан жігіттер көзін асығыс уқалап атып-атып тұрды. Аттарын тұсап жібермей шылбыр ұшын қолына ұстап жатқан-ды. Апыр-жапыр атқа қонып, сойыл, шоқпарын алдына өңгеріп әзір тұр. Кәлен басы, аяғына көз тастап өтті де, тақым астында тыныш тұрған торы атты тебініп қалды. Сіңірлі мықты ат салған жерден топ алдына түсіп баурын керіп сыдырып келеді. Ертеңгі салқынмен біраз жер өндіріп тастаса да, шілде айының ыстық күні лезде қайнап кетті. Түнгі салқында қырдың көк жусанына керелеп алған тоқ аттар әрі-беріден кейін тынысы ауырлап

барлығып қалды. Болыс аулы әлі бірәз жер. Кәлен аттарды тынықтырып алудың керек екенін сезіп келе жатқан. Сиыр сәскеде көлігін қансорпа ғып дүрлігіп көшіп келе жатқан бірнеше ауылға кездесті. Қара жалға қалың қол қаптап шығашыға келгенде, көш бойындағы қатын, балалар у-шу болды. Кәлен үрейін алғысы келмей ат басын тартып, ніріліп тұрып қалды. Көштің кейінгі жағында кең жазықта қара құрттай қаптаған мал. Сол жақтан қапсағай бойлы ұзын қара жігіт бастаған алпыс шақты кісі құйындатып келе жатты. Жол-жөнекей қатын, балаларға айқайлап, ызы-шу боп жатқан көшті тыныштандырып шауып келді де, Кәленге бетпе-бет тоқтады.

— Кәлен аға, ассалаумалейкум!

«Осыны қайда көрдім?» — деп ойлады Кәлен. Бір көрген кісісін ұмытпайтын. Ал мына «ағалап» жалпылдап жатқан жігітті есіне түсіре алмағанына таңданып, көзін тайдырып әкетті. Қапсағай бойлы жігіт салған жерден сөйлеп жөнелді: биыл жаз бойы үш ауыл кең жайлауды қатар жайлапты. Төскейге малын қатар өргізіп тастап, қыз-боз-балалары күнде асыр салып күліп-ойнап отырған елдің ақ патша жарлығы ұйқы-тұйқысын шығарыпты. Үш ауылдың ақсақалдары әрі-бері ақылдасқаннан кейін патшаға жігіт бермейміз деп, ауыз біріктіріп апты. Іргелерін алдырмай тас түйін боп отырғанда, бүгін азанда бұлар суық хабар есіткен. Болыс аулына ояздан әскер кепті деген хабар құлақтарына тиген бойда үш ауыл үйлерін асығыс жығып үркіп көшіп келе жатқан беті екен.

— Жолдарың болсын! — деді Кәлен.

Қапсағай бойлы жігіт өзінің кісілеріне барды. Оңашаланып шүйіркелесіп сөйлесіп алды да, үш ауылдың ер-азаматы түгелдей Кәленге қосылды. «Ендігі жерде не көрсек те сіздермен бірге көреміз» — деді олар. Кәлен жігіттердің басы құралғанын жақсы көрсе де, олардың соңына ерген қатын, баланың аяққа оралғы боларын білді. Сондықтан ол мына ию-қию көшті теңіз жағасына ілгері өткізіп жіберді.

Кәлен оқ бойы алда отырды. Желсіз ауа қапырық. Тас төбеге келген ыстық күн жер дүниені күйдіріп барады. Ат тұяғынан ұшқан шаң жүрісін ауырлатып, танауға толып жиі-жиі пысқырынып қояды. Ұзақ жолды суыт жүріспен өндіріп алғысы келген кісілер, қара жусанды қатқыл даланы ат тұяғы дүбірлетіп сыдырды да отырды.

— Құдық алыс па? — деді Кәлен.

— Енді қашық емес,— деді қапсағай қара.

Кәленнің түтігіп алған бетіндегі түктері дала шаңдағы-

мен бозғылдана түскен. Жол бойы Еламан жайы ойынан шықпай келеді.

— Қаратаз аулы отырған жердің бергі жағында терең сай болушы еді ғой? — деді ол.

— Я, бар, бар,— деп қапсағай бойлы тез қостады да, Кәленнің аржақ ойын ұққысы кеп, қатарласа бере көлденеңнен көз тастады,— Кәлен аға, қолыңа тізгінімізбен бірге тірлігімізді де беріп отырмыз. Сен бастасаң осы жігіттер отқа түсуге де әзір. Тек не істесең де алдын ала бізге айтып... бұрынғылар айтқан ғой, ақылдасып пішкең тон...

— Тон? Ол қай тон?

— Жоқ, тон болғанда... бұрынғы ата-бабаларымыз айтыпты ғой. «Ақылдасып пішкен тон келте болмайды» деп.

Кәлен ішінен әр елдің осындай бір-бір етек басары болады деп ойлады. Қасындағы жігітке рай бермей, ұзын торы атқа тақым қысып қатты сыдырып суырылып шығып алға түсті. Осыдан ол торы аттың басын жаз бойы жаңағы үш ауыл жайлаған жұртқа келгенде ғана тартты. Осы арада бұлар күн ыстығы қайтқанша болды. Кәлен бір жігітті болыс аулына астыртын жіберіп алды. Ауыл іргесіндегі көл табанға жылма-жыл қар суын тоғандап қақ іркілетін. Өріске өз аяғынан жайылып барып қайтатын Абыралыға қараған үлкен ауылдың ірі қаралары жаз ортасы ауғанша осы қақтан су ішетін. Түс ауа оралған жігіт жүзден астам солдат осы көл табанның көк құрақ өскен салқын сабатында шатыр тігіп жатқанын айтып келді. Бәрінде бесатар. Қылыш асынған. Екі зеңбірегі бар.

Буны есіткенде жігіттер су сепкендей боп желігі басыла қалды. Әркім өз ойымен оңашаланып аласа бұта баурындағы көлеңкеге басын тығып жатыр. Қайсыбірі тізгінінен тұқыртып ұстап отырған ат баурындағы көлеңкеге тығылып апты. Кәленнің де көңіліне күдік енді. Бұрын не көрсе де жапан түзде жалғыз жортатын. Енді қазір қоластында жүздеген кісі бар...

Күн қызарып батып бара жатқанда Кәлен жігіттерді көтеріп, тегіс атқа қонды. Бір жан тіл қатқан жоқ. Күндізгі тоғы басылып, баурын тартып алған аттар кешкі қоңыр салқында төрт аяғы денесін ауырламай ширақ басып, жортып келеді. Ел орынға тегіс отырды-ау деген кезде қатты жорытқан қол болыс ауылының төменгі жағындағы терең сайға ілікті. Кәлен аттан түсті. Айыл тартпасын тартты. Мылтығы бар жігіттерді қасына шақырып ап, соңымнан қалмай еріп отырыңдар деп әмір етті. Сай бойымен шұбы-

рып келеді, шөп арасынан шегіртке шырылдайды, ілгерғі жақтан үрген иттің даусы естіледі. Кәлен көзін үнемі алдына тігіп, ат жалына еңкейіп алған. Үзеңгі алқымына сақалатып сұғып жіберген қара былғары етіктің қонышына салқын шөп басы қайрылып соғып шып-шып ұрады. Ақшилі сайының жыл сайын қақалып тұратын қалың көгіне биыл да мына ауылдың жас төлі — қозысы, лақ — жайылғаны болмаса, ірі қараның әзір тұяғы тимеген. Қаулап өскен көкті ат омыраумен жарып келе жатқан мына кісілердің жан-жағынан көк майқара жусан иісі бұрқырап есіп тұрған.

Сайдан шығар жерде Кәлен ат басын тежеді. Соңында шұбырған үнсіз топты қасына жақындатып, бас-аяғын жып алды. Сонан соң аттарын ақырын бастырып сайдан шықты. Осы арада Кәлен өзінің әне бір ұрлық қып жүрген кездегі машығына басып, бар бойымен ілгері қарай созылып ат жалына жабысып алды. Торы аттың едірейтіп алдына тіккен құлағы арасынан ілгергі жағына көз тастады. Сыртта жер ошақта от жылтылдайды. Іргесін түріп тастаған шеткі үйдің жалаңаш керегесінен іштегі шамның сәулесі сығырайды. Үй маңында кісі-қара мол сияқты. Дабырлаған дауыстар шығады. Кенет шабалаған иттер үрді. Сыртта тұрған кісілер даурығып бір-біріне дауыстап жатыр:

— Уәй, ауылға жылқы құлады.

— Бұлар бағана су ішіп өріп кеткен жоқ па еді?

— Қап, ауыл үстін шаңдатып жіберетін болды-ау.

— Ары айдаңдар!

— Қуыңдар!

Кәлен үй тасасынан жүгіріп шыққан біреулерді көрді. Жеке ұмтылуға жүрексініп тұрған иттер енді қазір айтаққа еліріп арс-арс үріп келеді. Кәлен ат жалына жабысқан бойын осы арада оқыс тіктеп көтеріп алды. «Қаптаңдар!»— деп айқайлап, шаба жөнелді. Қалғандары да Кәленге іле дауыс қосып, «Қапта! Қапта! Аруақ!» — деп түс-түстан айқайлап, қараңғы түнді дүбірлетіп барады. Кәленмен құйрықтасып жеткен жігіттер қарсыласқан жан кездеспеген соң ат екпінімен ағызып бара жатып, ақ боз үйлердің уығын сындырып, киіз сыртынан қайың сойылмен сарт-сұрт соғып өтті.

Кәлен үлкен үйге ағызып келді. Киіз есікті бұл найза ұшымен көтере бергенде, қасында қоян-қолтық қимылдап жүрген жігіттер жүгіріп кеп, шиті мылтықтарын кезеп ішке кіріп-кіріп барды.

— Таста қаруларыңды!

Төрт солдат кілем жайған үйдің төрінде үрпиісіп тұр.

Өздеріне оқталған мылтықтың үңірейген аузына бір, ірі қара кісіге бір қарап, сыртындағы сары ала жүкке жаурындарымен жабысып қапты. Бұл тұрғанда қарсыласатын қауқар жоғын байқаған соң Кәлен ілгері аттады. Қолдарындағы қаруын жұлып-жұлып алды. Үй іші жым-жырт боп тына қалды. Сырттағы ат тұяғының дүбірі мен айқай-сүрең ұлғайып кетті. Кәлен көзін үй ішіне тастады. Осы ауылдың бір топ ақсақалы Алдаберген софыны араларына алып, ес-түссіз үрпиісіп тұр екен. Кәлен кәрі софыға жетіп барды:

— Еламан қайда?

— Кәлен қарағым... айналайын...

— Еламан қайда?

— Оллаһи білмей...

Кәлен қарт софының кеуде толы көк сақалын уыстап қысып алды.

— Айналайын... алла атымен ант етем. Құран ұрсын...

— Кәрі қырт, бауыздап тастаймын...

— Бағана күндіз... айдап әкетті.

— Қайда?

— Білмедім. Айналайын, шыбын жанымды...

— Тәңірберген қайда?

— Үйінде.

— Үйі қайсы?

— Сайдың арғы бетінде.

— Қаратаз ше?

— О да сонда...

Кәлен софыны бір түйіп қап жалп еткізді. Сыртқа атып шықты. Торы атқа бір-ақ ырғыды. Бұл кезде солдаттар да ес жиған сияқты. Үлкен ауылдың әр тұсынан орысша сөздер естіліп, оқтар зу-зу аға бастады. Ауыл үстіндегі айқай-сүргін ішінен кенет Кәлен бір топ аттылының осылай қарай тасырлатып шауып келе жатқанын байқады. Сол бойда ол: «Қайт, қайт!» деп айқай салды. Қараңғыда бір-бірінен көз жазып қалған жігіттер Кәленнің әмірін әр тұстан қайталап «Қайт, Қайт!» деп, ат басын асығыс бұрып жатты.

Солдаттар қуа түсті де, ауылдан ұзап бара жатқасын ат басын тартты. Кәлен қуғыншыдан қара үзіп алғасын ат басын тартып, текіректеп сыдыртып отырды. Жаудан құтылғанына қуанса да, бүгінгі әрекетіне ырза емес. Еламан жайын ойлаған сайын қабағы түйіліп тұнжырай түседі. Күндіз дем алған жерге жеткесін жұрт жапырлап аттан түсе бастады.

Жаз айының қысқа таңы қылаң берді. Жігіттер жау қотанына құйындай тиіп есіріп шапты. Бірінің сөзін бірі бөліп, қатты даурығып жатыр. Жаңағы сарт-сұрт айқаста жауды ұйпалақтап тастаған ерліктері мен тапқырлықтарын айтып даурығады.

Кәлен көңілсіз. Еламанды құтқара алмады. Иретіліп жатқан жыланның үстіне іздеп барып құйрығын басты. Ашу-ызасын оятты. Бұның арты не болады? Тыныш жатқан далаға өздерінің өктем озбырлығын ала келген орыс солдаттарының түрі анау. Ақ патшаның айтқанына көніп, айдауына жүрмегесін сен ендігі жерге орыстардың қас жауысың.

Кәлен ат мойнына асылып тұрған бойын ақырын тіктеп төңірегіне көз тастады. Жігіттердің желігі әлі басылмаған. Кәлен атын тізгінінен жетелеп, күлімсіреп келеді. Мына жігіттердің әңгімесіне құлағын салса да, көңілі басқа жақта: құғыншы бола ма, жоқ па? Мына пақырлардың ендігі тірлігі қалай болады? — деп ойлады.

Кәленнің көрген жалғыз қоқайы бұл емес. Бірақ ол бұрын не көрсе де дәл бұншалық тебіреніп, толғанып жатпайтын. Басына келген ойды бұрын ол іркілмей істеп салатын да, кемді күн тірлік кешіп жүрген осынау әлмегайып дүниені белінен кесе басып жүре беретін. Өз басын қатал заманның қай соқпағына салса да, салт атпен сары жонда жалғыз жорытып жүргенде бұл бейбақ бір жаннан айылын жимайтын еді-ау! Бәйгеге тіккен бір бас, зауал жеткен күні, тәйірі, қай жерде, қандай шұқырда қалды не. Әлде күші асып, аруағы үстем түскен құдыретті біреудің қанжығасында кетті не деп ойлап, осынау итшілеп өмір сүрген азғана тірлікте ұрлық істесе де, балық ауласа да, төбелессе де, татуласса да, ол онша алды-артын ойлап, басын қатырып жатпастан ілгергі бір күндегі өзін тосқан қуанышқа да, ренішке де, өмірге де, өлімге де көзін жұмып жіберіп тартып кете беретін.

Ал енді... соңына ерген осынша халықтың түрі мынау. Өздері көзінен тізілген өндірдей қыршын жас. Бұлардың әрқайсысы болашақта бір-бір үйдің бақыты, боздағы...

— Шаң шықты.

— Құғыншы... құғыншы...

— Атқа қонындар! — деді Кәлен айқайлап.

XXVIII

Ізіне қуғыншы салып алған Кәлен бес жүзден астам жігітпен осынша кең даладан бас сауғалайтын бір уыс пана таба алмай, елсіз, сусыз сары жонда жосып жүр. Талай күннен бері әлі бір түн бел шешіп, ат арқасынан ерін алып дем алған жоқ. Қуғыншылардан қара үзіп құтылып кеткісі-ақ кеп, шілде айының не бір қайнаған ыстығына қарамастан күндіз демей, түн демей, аттарын қан сорпа ғып сыдырып тартады да отырады. Бірақ соңына сұғын қадап түсіп алған қуғыншы құтқармады.

Кәлен баяғы ұрлық қып жүрген кезде не бір жырынды қор қуғыншыларды да оп-оңай адастырып кете беретін. Осы жолы да тықыр таянғанда қолданатын өзінің ежелгі бір машықты тәсілдеріне салып, бір кез бұл із түспейтін қатқылға салып көрді. Онан ештеңе шықпаған соң тығылатын қолтығы мен қойнауы көп тауға тартты. Талай заманнан бері елсіз жонда, күн мен желдің өтінде айнала маңындағы бар дүниеден бойы озып тұратын заңғар таулардың аңырайған-аңырайған аңғарларына кіріп, жым арасына жоғалып та кетті. Тақа болмаған соң Кәлен бар кісісімен Ұлықұмның ішіне қалыңдап кіріп, бытпылдақ арасына сіңіп жоғалып кетермін деп еді, бірақ оған да болмады. Жүз қаралы солдат жолында кездескен ауылдан әлсін-әлі ат алмастырып мініп, ағарған-сусынға қанып, әл жиып алысымен қаһарланып қайта қуады.

Кәлен қатты дағдарыста. Тақа құтыла алмасын білген соң, әй, тәйірі, өзекті жанға бір өлім деп өзінің ежелгі бір көкбет өжеттігіне басып, соңынан қалмай қойған қуғыншыға қарсы шабайын деп еді, оған бірақ құр қол жігіттерді қырып аламын деп қорықты. Рас, қазір он шақты шиті мылтықтары бар, анадағы тұтқиыл шабуылда жаудан төрт бесатар қолға түскен-ді.

Жігіттер үнсіз. Кәлен де тұнжырап барады. Қанша күннен бері соңында үн-түнсіз жортып отыратын жігіттердің арғы жағындағы ойын біле алмай дал. Обалына не керек, әйтеуір, қанша қиындық көрсе де, әлі бірі қыңқылдап қабақ шытқан жоқ. Бұрын-соңды жорық, жортуыл көрмеген жандар. Көбі кешегі малшы, жалшы, су кешкен қара борбай балықшы жігіттер. Ат үстінде өткізген осынау сүргінде күн өтіп, жел қағып қара сіңірленіп алған ашаң беттері іште қайнаған ызамен қатуланып, тастай боп шымыртып алған. «Осы шіркіндер неге үндемейді? Тілі байланып қалған ба?»— деп ойлады Кәлен.

Ат үстіндегі ұзақ-ұзақ жортуылда бір сәрі. Кейде бұлардың тұла бойы түп-түгел терге малшынып, қос бүйірін ырс-ырс соққан аттарды тынықтырып алғысы кеп, кейінгі жақтағы бір төбеге қарауыл қойып, азды-кем аялдайтын кезі болады. Кәлен қырбық бұта баурындағы болар-болмас қана көлеңкеге басын бере қисайып жатады да көз қиығын жігіттерге тастайды. Жігіттер әр кездегідей үн-түнсіз жүріп ат арқасынан ерді алады. Малшынған терліктің су-су бетін жоғары қаратып қауқиған бір бұтаға жая сғлады. Сонан соң уысын толтырып шөп жұлып алады да терлік астында тер қатып ақсортақтанып тұрған қос бүйірі мен қолтығын, омырауын осқылап ысып-ысып жібереді. Сонан кейін ғана қоржын түбінен сақырлап қатқан құрт алып, аузына сап ұрты бұлтылдап, төмен қарап сазарады да отырады. Бұларға не болды? Неге үнсіз сазарады? Әлде арғы жағында реніш бар ма? Ондай жағдайда ойдан, қырдан жиналған осынша кісінің ішінен бұған тіке қарап тұрып тура айтып тілдіріп түсетін қасқыр бет бір жігіт табылмағаны ма? Өтпейтін пышақтай тобан аяқ, түйте мінезден жаман не бар.

Не әлде осы жұрт қасқырдан қашқан сұр көжектей жан сауғалап жоси беруден жалықты ма? Кәлен мырс етіп күліп жіберді. Төмен қарап үн-түнсіз тұнжырап алған жігіттерге бұл енді қызылсыз күле қарады. Кенет ол өзінің әне бір заман түзу кездегі ерлігіне басып, Батақтың Сарысының Жармола түрмесінен оралып келе жатқанда айтқан асқақ әнін ашы даусқа салып, қазір тап осы арада, осы мына ұнжұрғасы түсіп кеткен шикі өкпедей жігерсіз жасық енеңді ұрайындардың алдында айқайға басып жібергісі кеп кетті. Қашаннан бері бұның өзінің де зығыры қайнап, түгі сыртына теуіп түтігіп алған қара бұжыр бетіне тап жаңағы тұста сайқы мазақ күлкі сәл ғана жылылық беріп тепсініп қалды. Ін түбінде әріде жылтыраған жылан көздің жанарында әлгі ұшқын тұтана түсті де, тез өшті. Жалбыраған қабақ қайта жабылып, түнеріп кетті.

Кәлен тізесіне тіреген қамшы сабына маңдайын сүйеп қалғып кетті. Құғынға түскелі бір рет бел шешіп қаннен-қаперсіз жатпаған соң бұл осы күні құс ұйқыланып алды. Көзін жұмып қайта ашса тұла бойы сергіп қоя беретін боп жүр. Иә, адам шіркін ит жанды ғой. Жамбасы жерге тигесін үш күннен кейін кісі көрге де үйренеді деген рас.

Кәлен қамшы сабы батқан шекесін алақанымен ерсі-қарсы уқалап жіберді де, отырған жерінен түрегелді. Көз ілін-діріп алған жігіттер де бас көтеріп тұрып жатыр екен. Осы

кезде кейінгі жақтан қарауылға қойған жігіт ес-түсі қалмай құйындатып келе жатты. Кәлен қуғыншылардың тақау екенін білді. Бір жанға көз салмастан атқа қоныңдар деп әмір етті. Азғана аялдағанның өзінде аттар да, адамдар да әл жиып қалған екен. Көлік тың тұрғанда қара үзіп кеткісі кеп, бұлар салған жерден жіті жүріп кетті. Көп ұзамай айнала төңіректі айсыз қарақғы түн қымтап алды. Кәлен қуғыншылар енді қалар деп дәмеленіп еді, бірақ бүгін ертеңгісін ғана ат алмастырып мінген солдаттар сірісін жапырып өкшеледі де отырды. Тек түн ортасы ауа бергенде ұйқы қысып, тәлықсыған солдаттар ат басын тартты.

Кәлен бұл жолы олардан қара үзіп құтылып кете алмасын білді. Аттар әбден болдырды. Ертеңгі жортуылға жарар-жарамасы неғайбыл. Кәлен көз ілмеді. Бүгін түн бір амал істеу керек екенін білді. Таң алдындағы тәтті ұйқының бір тұсында ол аты тың, қолы қарулы қырық кісіні таңдап алды. Бұл кезде ай туған-ды. Солдаттар жатқан жерге сай-жыраны қуалап ұрланып барды да, қалғып отырған күзетшіні өлтіріп, қаңтарулы тұрған аттарды қуып әкетті. Ай далада аяқ артар көліксіз қалған солдаттар жаяу-жалпылап екі күн жүрді. Үшінші күні Ақшиліде отырған болыс аулына шаққа жетті.

Бұл екі арада Кәленнің жігіттері тал түсте болыс аулына тиіп, бір үйір жылқысы мен бір қора түйесін қуып әкетті. Кәлен болыс аулынан қашып келген жылқышы жігіттен Еламан мен Райды кемемен Қазалыға жөнелтіп жібергенін есітті. Жылқышы жігіт бұларға жан түршіккендей тағы бір сұмдықты жеткізді: Кәленді қолға түсіре алмай әбден ыза болғаннан кейін Тәңірберген жар басындағы балықшылар аулын шауып, Кәленнің қатын, баласы мен Мөңке, Дос сияқты бетке ұстар ер-азаматын тұтқынға алу керек деп ақыл беріпті. Соны есіткеннен кейін Кәлен бір жерге аялдамастан жағаға жетті. Балықшылар аулын дереу көтеріп, атқа, түйеге мінгізіп алды да, алдын түн ғып тартып кетті. Қатын, баламен жүрген соң бұлар, сақтық жағын әсіресе, қатты ойлады. Кәлен бұл маңның қауіпті боларын білді. Жас балалардың түн қатқан мазасыз жүрісті ауырлап қыңқылдап жылағанына қарамастан үнемі үдере тартып отырды. Ұлықұм мен Кішіқұмға жетті. Осы өлкенің оты, суы мол кең алқабын көсіле жайлаған іргелі рулар — Тілеуқабақ, Төртқара, Тама ауылдарының үстін басып өрлей тартты да отырды.

Бұлар жүрген жердің бәрін лаң шалған. Қайсы бір ауылдың ер-азаматы әрі толқып, бері толқып, ақыры Кә-

ленге қосылады. Ал Кәленнің соңына ерген жігіттердің қазіргі қарамы мыңнан астам. Бұл өңірдегі ел ішінде Тілеуқабақ ежелден ерлікті сүйетін жауынгер ру. Кешегі жылдары Қарақалпақ жеріне астыққа барып жүріп Қоңырат, Шымбай базарынан қару-жарақ сатып ала беріпті. Кәленге қосылған Тілеуқабақ жігіттерінде біраз бесатар, қылыш бар екен.

Кәлен бір ауыл, екі ауыл емес, бүтіл халық көтеріліп жатқан соң кісі-қараның басы құралғанын құп көрді. Ерте ме, кеш пе, алда бір сұрапыл шайқас болары сөзсіз. Бұл жаққа да ояздан әскер шыққан. Бұл тұрғанда беті қатты көрінеді. Жолында кездескен ауылдарды қан қақсатып, қырып-жойып келе жатқан хабары ел ішінің зәресін ұшырып, ауыздан-ауызға тарап, дүңк-дүңк естіліп жатты. Кәлен бұл далада басы бүтін ауыл қалмағанын байқады. Қайда барса да көшкен, босқан ел. Сасқан халық. Дағдарған ер-азамат. Дәл бұндай жағдайда не істеу керек екенін ол әлі білген жоқ. Қашанға дейін қатын-баласын түйе қомына тиеп ап сабылып қаша береді? Табан тірейтін, тоқтайтын жер бар ма?

Шұбалған көш ақырын қозғалады. Түйе артқан теңтең жүктің жан-жағына байлаған қазан, шелек жол бойы даңғыр-даңғыр етеді де отырады. Кебеже кенерінен мойны қылқиған жас балалар қыңқылдап шешесінен сусын сұрайды.

Көш қапталында Судыр Ахмет пен Мөңке. Судыр Ахмет, өй несін айтасың, көңілді. Оған осындай абыр-сабыр тірлік ұнайды. Астында ұрыншақ үркек байтал. Көрінген нәрседен үркіп, ер үстінде қоқырайып отыратын Судыр Ахметті талай рет тастап кете жаздады. Ал Мөңкенің астында қарны жер сызған жуас көк ат. Жағадан шыққалы көш қапталында ілбіп отырады. Күн қарыған көзін қашан ыстық қайтып, көлеңке басы ұзарғанша аша қоймайды. Ауызға ілігер шөпті жалмаңдап жұлып жеп отыратын қойшы тұғырдың бас еркін өзіне беріп қойған. Қолынан әлдеқашан түсіп кеткен тізгінге ол ат мойнынан сыпырылып бара жатқанда ғана жармасады.

Судыр Ахмет көш-жөнекей шықылықтап күліп, қылжақ қып бітеді. Біреу болмаса біреу қасына жуып кетсе Судыр Ахмет оны қамшы сабымен түртіп қап, негімен Мөңкені нұсқай қояды:

— Ана қарашы! Сүдінін қарашы!

— Ол сорлыны тақымдай беріп қайтесің. Босқан елдің қай кісісінде сиық келісіп тұрады дейсің.

— Оу, құдай да ұрғанды ұрады. Тексіз нәрсе емес пе. Қара борбай жаман шалды Кәленжан теңгерем деп қанша көтермелесе де, сен, ана қарашы. Кескінін қарашы. Кәпір, атқа отырғанда өзіміздің ауылдың ошақ басында от жағып отырып, көсеуге сүйеніп қалғып кететін кір балақ қатыннан аусайшы. Хи-хи...

Оқта-текте көш басына Кәлен соғып кетеді. Мөңке осы кезде ғана еңсесін тіктеп, қасына кеп атын қатарластыра берген Кәленге кеудесін бұрады. Тас төбеде шақырайып тесіп бара жатқан күн сәулесін қорғалап, көзінің үстіне қолын көлегейлеп төңірегіне көз салады.

— Апыр-ай, мына дала неткен түпсіз еді. Теңіз жағасынан шыққалы тұяғымыз қыбырлап жүріп келеміз, жүріп келеміз. Әлі алыс па?

— Шынын айтқанда өзім де білмеймін...

— Я, жел қуған қаңбақтан жөн сұрағанмен не айтады.

— Шаршаған боларсың.

— Ой, мені қойшы. Мен ит жыртқан қара тері. Қатын-баланы бекер қозғадыңдар ма деп қорқамын.

— Тәңірбергенге сене алмадым.

— Оның да дұрыс шығар. Адам адамға сенбейтін тас бауыр заманға тап боп тұрмыз ғой,— деді Мөңке күрсініп.

Кәлен ақырын басқан ат үстінде қамшы ұстаған қолымен бүйірін таянып түнжырай түседі. Қол басқару ойында жоқ еді; ат жалын тартып мінгелі істеген кәсібі — ұрлық. Көз көрмейтін қашыққа кетіп — жалқы ұрлады. Не бір көзге түртсе көрінбейтін қараңғы түнде қаннен-қапersіз ұйқыда жатқан ауылдың шетінде таң алдындағы қоңыр салқында пыр-пыр пысқырып қойып, рақаттанып жайылып жатқан жылқының ық жағына кіреді. Ат қапталына аунап түскен ірі денесімен ілгергі жағына созылып, қараңғыға көзін тігеді. Сонан кейін ол ер үстінде қалғып-шұлғып отырған бейқам жылқышының үйірін ың-шыңсыз ұрлап әкету амалына бұл өмірде бір жаннан сұрап көрген емес. Егер жазатайым жылқысын алдырған жігіттер біліп қап, соңынан ұры қуғанда да, бұл онша саса қоймайтын. Қуғыншы екеуүшеу болса, бұл былайғы кезде боз шекпеннің ұзын жеңінен үш жағы шығып тұратын жуан дойырды зәрленіп көтеріп алады. Қиқулап келе жатқан қуғыншыдан айылын жимастан атын кеселеп тосып тұрады. Ал, егер қуғыншы көп болса... Кәлен жылқыны алдына салып қиқулап қуа жөнеледі. Аты жүйрік қуғыншылар созылып жалғыз-жалғыздап кетеді. Бұған да керегі сол. Жуан дойырды анадан бұрын сермеп, жеткенін жеткендей ат үстінен аударып тү-

сіріп ілгері тарта беретін. Бұның бәрі көз ашқаннан бері қанына сіңіп әбден машықтанып алған кәсібі еді.

Ал, енді Кәлен көш жаққа көз қиығын қыжыла тастады. Ауыр жүк артқан түйелер қауқайған-қауқайған құ шағырдан басқа қылтанақ шөбі жоқ сусылдаған құмды ыңыранып басады. Көш басындағы қатындар жаулығының бір шетімен аузын байлап алған. Бәрі үнсіз. Тек әлденеге күйіп-піскен Қарақатын ғана шаңқылдап жатты.

— Қайын енем күйінде екен,— деді Мөңке күліп.

Қарақатын кенет Кәленді көре сала астындағы семіз биенің басын асығыс бұрды. Кәлен жаңа байқады: Қарақатынның астындағы құла бие ақсап, алдыңғы бір аяғын баса алмай қапты.

— Бұл жануарға не болды екен? — деді Кәлен.

— Ет жегісі келген ғой.

— А-а?

— Жә, ештеңе емес.

— Жануар, тіпті аяғын баса алмай қапты ғой. Ана жолы да осы Қарақатын бір семіз биенің тобығы шықты деп сылтауратып...

— Бұған ыңыршағы айналған арық жылқы тауып бермесең, қоңы бар атты құтайтпайды.

Қарақатын қарт балықшыға ашулы көзін алыстан қадап келді де, Кәленмен екеуінің арасынан құла бие мі кимелетіп кіре берді. Әншейінде тобығын қағып жүретін ұзын көйлекті шалбарланып алған. Қолында қамшы. Қобырап жүретін шашын желкесіне жиып түйіп алған, тырлы арық денесін ықшамдап, үйлесіп тұр. Өзге қатындардай емес, бұл өзі атқа да тақымын тез үйретіп алып еді.

— Маңдайымдағы жалғыз қызымды берсем де, мені мақтамайтыныңды білем,— деді ол.

— Ойбай, ене-ау, сені сыртыңнан тек мақтап...

— Жә, жетер! Әй, батыр қайным, мына халқыңның күйі тайып барады. Суы бар жерге тоқтамасаң болмас...

— Құдық енді онша қашық емес.

— Шөлден кісі өлмейді. Аштық өтіп барады.

— Шүкір, көже-быламық бар еді ғой?

— Ой, қайным-ай! Сенікі батыр — аңқау дегеннің кебі ғой. Ашығып жүрген кісі ара-тұрада болмаса шикілі-пісілі бір-бір қызылдап алмағасын күбі болмаса. Құдай оңдап, әзір, әйтеуір жаудың бетін арман қаратып жүр ғой. Егер, жазатайым, жабындыдан жау шықты бар-ау, мына соңыңа ерген кісілеріңнің ішінен қайрат қып қарсы тұратын бір жігіт табылмайды.

Мөңке Қарақатынның астындағы семіз биеге көз қиығын тастап, мырс-мырс күлді:

— Үюлі еттің үстінде отырсың ғой.

— Осы шірікке қыз беріп жүрген мен оңбаймын.

Ілгергі жақта кетіп бара жатқан кісілер кенет абыр-жабыр болды да қалды. Аттысы атын, түйелісі түйесін бор-байлап, бір-біріне дауыстап ілгері қарай ұмар-жұмар ұмтылды. Кәлен мен Мөңке аң-таң боп тұрды да, аттарын қиқулап желіп келсе, бұл кезде көштің алды ылдиға құлапты. Жал-жал болған нар шоқалақтардың ортасында кең алқап көсіліп жатты. Қыруар мал көгін тапап тастаған төрт құдыққа кісі-қара үйме-жүйме боп қапты. Шаң-шұң дауыс. Қап-қара боп түтігіп кеткен кісілер құдықтан шыққан шелекке тұс-тұстан қол созып таласып жатыр. Мұздай суды мейірі қанғанша ішіп, ал қайсыбірі беті-қолын жуып, тіпті үстіне құйып жатыр.

Кәлен кезерген ернін жалады. Тісіне топырақ қышыр-қышыр тиді. Қаназасы кеуіп бара жатса да сыр бермеуге тырысып құдыққа көз салмады. Астауға ұмтылған торы аттың да тізгінін тартып алды. Ала жаздай ауыл жайлаған өңірде тіс тиер шөп қалмаған. Шаңдағы шыққан сары жұрт. Алайда құдығы, суы болған соң Кәлен бүгін осы араға тоқтап, қатын, балаларға тыныс беріп, көлік белін суытып алғысы келді.

XXIX

Келесі күні ол ерте оянды. Жаз айының желсіз таңы тамылжып баяу атып келе жатты. Кеше осы араға талықсып жеткен кісілер қызыл іңірде көзі ұйқыға кеткеніне қарамастан әлі оянбаған. Құм арасындағы кең алқапта түйе арасынан түсірген тең-тең жүктер мен айқұш-ұйқыш жатқан кісілерден көз сүрінеді. Елең-алаңдағы көкшіл кіреукө көтере ме, әйтеуір таң асырып тастаған аттар, отын алғысы кеп ұрынып тұрған жазылы түйелер сирағы серейіп кәукиіп-кәукиіп көрінеді.

Кәлен сыбырлаған дауыстан сезіктеніп, басын көтерді. Сүйтсе бұның сырт жағында он шақты кісі дөңгелене отырыпты. Өңшең ауызы дуалы ақсақалдар ішінде Мөңке мен Дос бар. Судыр Ахмет те солардың арасында. Судыр Ахмет аса көңілді. Әлде неге ырза боп кетіп, кенет ол ақ қалпағын басынан жұлып алды. Жерге құшырлана атып ұрып:

— Ау! Ау, алты рудың ақсақалдары жиналып, ақ киізге көтеріп...— дей берген-ді. Біреу оны жаратпай:

— Саған қалған не бар. Қыстырыла кететінің не,— деді.

— Е, мен неге қыстырылмаймын.

— Қой енді!

— Ал, қоймағаным. Сонда не істейсің?

— Ақырын!

— Әй, әй, сен тіпті жынына тиіп, ерегістірер болсаң...

— Жә, тыныштал! Әне, Кәлен де оянды.

Ақсақалдар шапанының шалғайын қағып, аспай-саспай ақырын тұрып жатыр. Кәлен де түрегелді. Шалдардың жанында екі жігіт тізгінінен тұқыртып ұстап тұрған ақ арғымаққа көзі түсті. Атақты Теке-Жәуміт тұқымынан шыққан ыстық қанды арғымақ көзі қанталап, сәл қозғалса да қаз мойынның қыр арқасында керегеленген сұйық жал дір-дір ете қалып тұр. Арғымақ осқырып, сулығын созып-созып қалып бүйірлеп кете береді. Кәлен жетіп барды. Ақ арғымаққа қызыға қарап, құлын түгіндей жылтыраған арқасын алақанымен сипап:

— Пай, пай, жануар жылқы-ақ екен. Бұл кімдікі? — деді Мөңкеге қарап.

— Ұнады-ау деймін?

— Айтары жоқ. Кімдікі?

— Сенікі.

— Қалайша?

— Кәлен қарағым,— деп қарт балықшы сөз бастады,— соңына ерген халқың әрі ақылдасып, бері ақылдасып ақыры бір пәтуаға кеп отыр...

Қарт балықшының сыртын ала тұрған әр рудың ақсақалдары да іле-шала қостап, бастарын изеп-изеп қалды. Түкке түсінбеген Кәлен қарт балықшыға таңдана қарады. Қарт балықшы көзін алып қашты. Жаңа ғана арғы жағында сайрап тұрған сөзі де ауызына түспей, өзінен-өзі күрмеліп тоқтап қалды. Судыр Ахмет шалдар арасынан дедектеп жүгіріп шықты.

— Кәленжан,— деп салған жерден сайрап жөнелді. Кейінгі жақтан шалғайынан тартқылап жатқан кісілерге де қарамады.— Уа, мына... жау жағадан алып, елдің елдігі сынға түскенде де сен айқайлап ұран тастадың. Осы тұрған бәріміз ойдан, қырдан ағылып, сен көтерген тудың астына жиналдық. Есін жиған елің ескі ата-баба жолын еске алып, уа, Кәленжан, ендігі жерге сенің етегіңнен ұстамақшы. Дәл Абылайша ақ киізге көтеріп, сені хан сайламақшы. Қарадан шыққан хан! Кәлен хан!.. Хан Кәлен! Құдай бізді бұл күнге де жеткізді. Жетілдім ғой... жеттім ғой...

Судыр Ахмет танауы суланып бара жатқасын сырт айнала бере дың еткізіп сіңбіріп тастады. Кәлен көңілденіп сала берді. Мыналары ойын ба, шын ба? — деген кескінде көп ішінен ол Мөңкеге қарап еді; қарт балықшы көзін қашыртып, шегіншектеп барды да, сырт жағында тұрған шалдардың арасына сығылысып кірді. Ақсақалдардың да жүні жығылып кеткен. Сәті қашқан іс болғанын іштері сезіп тұр. Қап, не қыласың, бұл бір күні бұрын қапысыз ойластырған ұлы іс еді. Алты рудың сөзін ұстаған әтібірлі ақсақалдар кеше күні бойы сабылып жүріп, мына ақ арғымақты тапты. Арқасына күміс ер-тұрман салды. Бүгін бұлардың бәрі таң қараңғысынан оянып, таза киімдерін таңдап киді. Бүгінгі таң намазға бар ықыласын салып, іш дәретті аса бір ыждаһатпен қайта-қайта шайынып еді. Қашып-пысып жүрген жандар бес мезгіл намаздың бұрын ырымын ғана істеп, жол үстінде жүрдім-бардым оқитын. Бұл жолы құбыла жаққа бет беріп тұрғанда бәрінің жүзінен бір тілекке бой алдырып сарылып кеткен нағыз діндар, мұсылманның мінажат еткен дұға үстінде ұйып қалған ажары танылған. Көңілін аққа ұйытып алып, бәрі жиналып барып Кәленге салмақ салмақшы еді. Осынша әспеттеген ұлы оқиғаны қырсық шалып, қайда бір дуасыз ауыздың қор қылғанын қарасайшы.

Судыр Ахмет шалдардың оқтай атқан көзін сезіп, қарамауға тырысты.

— Уа, Кәленжан, ханда қырық кісінің ақылы бар дейді. Осы өңірдің халқында өзіңнен асқан ақылды да, батыр да, білікші де кісі жоқ...

— Жә, болды, жетер енді! — деп ақ сәлделі кәрия асасын ашулана көтеріп алды. Ширақ басып ілгері шықты,— Кәлен қарағым, халық сені хан сайлауға ұйғарып отыр.

— Қадірлі кәрия, мен ұрымын ғой. Мені ақ биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге көтеріп, қанша әспеттесеңдер де, әй, құдай біледі, тап менен хан шыға қоймас-ау...

— Астифир-алла! Астафир-алла!..

— Кәлен хан болдым не, Кәлен ұры болдым не. Екі талай кезеңде осы халықты ұрысқа бастап кірсем жетпей ме. Ал, сыйға тартқан аттарыңа рахмет! Кәне, кәрия, батаңды...— Дәл осы кезде бір жігіт атын борбайлап, алыстан айқайлап келе жатты. Шалдар боп-боз боп үрейлене жалт қарады. Жігіт шауып кеп аттан домалап түсті.

— Жау... жау кеп қалды.

— Көп пе?

— Жер қайысады. Зеңбірегі бар.

— Алыс па?

— Құм шетіне жақындап қалды.

Кәлен ақ сәлделі, асалы кәрияға бұрылып қолын жайып:

— Ал, ата, батаңды бер! — деді. Ат дүбірінен оянған жігіттер апыл-құпыл атып тұрып жатыр. Алды жүгіріп кеп, Кәленнің сыртын ала тізерлеп отыра-отыра қалды да, бәрі бір тілекпен қол созып бата тілеп қапты. Не тілеген тілегің орындалатын елең-алаң шақ. Күншығыс жақ бетті тұтас алып көлбеп жатқан жал-жал шоқалақтардың арғы жағынан жаңа ғана қылтиып шыққан күннің әлсіз ақшыл нұры жадырап, жер беті сәулеленіп келе жатқан.

Кәрия бата берді. Жігіттер абыр-жабыр атқа қонды. Кәлен қатын, балалардың көшін құм ішіне қалыңдап кіре беріңдер деп әмір етті де, қол астындағы жігіттерді екіге бөлді. Бір мың жігітке ұзын қараны мың басы ғып тағайындап, тез аттандырып жіберді. Олар құм шетіне жау әскерінен бұрын жетіп, ірі нар шоқалақтардың тасасына тығылып алуға тиіс. Қалған жігіттер мен Кәлен қарсы алдынан лап қойғанда, аналар дәл сол сәтте сыртынан соғуға тиіс-ті. Бастапқыда бәрі де бұлардың ойлағанындай болды: құм ішінде жосылып жатқан көш ізі мен шұбырып кірген жау әскерінің алды құдыққа жетті. Кәлен бар кісісін бой тасалап отырған үлкен ақ шолақ тасасынан дүрк көтеріп, қаптатып жіберді. Қалың қол аттарын борбайлап, айқай-сүреңге басып лап қойғанда, ұзын қара да ат үстінде әзір тұрған жігіттерге нек қақты. «Ә» дегенде аз аяда ұйлығып тұрған жігіттер үзеңгі қағысып, ат бүйірі соғып опыр-топыр боп қалды. Тек шоқалақ тасасынан жігіттер кең алқапқа шаба бергенде... кенет ілгергі жақтан зеңбірек күркіреді. Не бәрі екі-ақ рет атты. Екеуінде де Кәленнің жігіттерін атқан-ды.

Бірақ соның өзінде әәресі қалмады. Шайдай ашық аспанда құдайдың күні жарқырап тұрғанда жаз айының сары уыз тыныштығын шатыр-шұтыр еткізіп күркіреп қоя берген қаһарлы дауыстан естері шығып кетті. Жаңа ғана кіжініп көтерген қылышы ұзын қараның қолынан түсіп кете жаздады. Ат жалына жабысып жата қалды. Сірісін жапыра жалт берген ат арқасынан ұшып түсе жаздады. Тізгін ұстаған қолымен шоқтықтан тас қып жабысып алды. Қалғандары да ес-түстері қалмай бет-беттеріне бытырап, безіп қашып бара жатты.

XXX

— Апыр-ай, құм жиналып тас болмас деп бекер айтпаған екен ғой. Кеше ғана қыруар халық едік. Бәріміз жиналғанда жау сескенер айбарымыз, сұсымыз бар еді. Шіркін-

дер, бір айқасқа да жарамады. Тым құрыса, алқымына пышақ тақаған лақ құрлы тұяқ серпуге жарамады-ау! — деді Кәлен бүгіндікке жұмған аузын ашпай қойған қарт балықшыға көз қиығын қысқалау тастап. Кейінгі күндері ішінде үнсіз тұншығып қалған реніші мен ызасын ақыры бүгін сыртына шығарды.

Мөңке жолдың екі қапталындағы көкті жалмаңдап жұлып жеп келе жатқан қойшы тұғырдың үстінде басы былғақтап отырған. Кәлен таусылып айтқан сөздің түпкі астарын кеш ұққан сияқты. Уақыт өткізіп барып, ұйқылы-ояу қалпынан азырақ сергігендей болды. Кеудесіне түскен басын изей түсіп:

— Я, құм жиналып тас болмас,— деді де, өзінің ертеден бергі енжар, сұлық қалпын қайта тапты.

Кәлен көз қиығын қарт балықшыға қайта тастады. Осы Мөңке теңіз жағасында қатын, бала қазанына күнбе-күн шабақ әкеп салып жүргенде қасындағы жұрттың бәрінен бойы озық, білгір сияқты еді. Әсіресе, көз жетпейтін тұңғиық түбіндегі сырларды топшылағанда алдына жан салмайтын. Ондайда тап бір сәуегей дүлейдей үй іргесінде ыңыранып жатқан кәрі серігі — қарт Аралдың тамырын дәл басып, алдағы тірлікке бірнеше күн бұрын болжау айтып отыратын. Өкіріп жатқан теңізден былайғы жұрттың жағада тұрып жүрегі айнып, жаны зәр түбіне кетіп жатса да, ал бұл кәрі бейбақ қанша қаһарланып, екі ныгын жұлып жеп жатқанда да оның бір осалдығын байқап мырс-мырс күлетін. Ұзақ кешкен тірлікте бар өмірі аралас-құралас өткендіктен бе, әйтеуір қарт балықшы кәрі Арал бойынан адам мінезін көп аңғарып, осы шіркіннің бірде орынсыз, жөнсіз қаталдығын көрсе, енді бірде жайма-шуақ, жайдары бола қалады. Маужырап керіліп жатқан ақ тымық шағында бұ да аумалы-төкпелі адам мінезін танытып, тұла бойы түп-түгел мейірге толып тұрады.

Кейде ақбас толқын әупіріп жағаны сүзгілеп жатқанда арғы жағында әредей де зығыры болмайды. Бұнысы балпылдап ұрысып жүріп те балаларының аузы-басына тыққыштап жататын мейірбан ана мінезінен аумайды. Қанша долданса да бұның аяғы балықшы аулына бір бөлек несібеге, ырысқа айналып, қазан аузын жоғары ұстап отырған жандарды қарық қып тастайтын сыңайын қарт балықшы басқалардан әлдеқайда бұрын білетін.

Сол кісі қазір бір түрлі. Қара қайықты қамыс арасына тастап, «иә, алла, жөн бере көр»,— деп мес қарын тұғырға мініп шыққалы бұл өзі ескек, таяуынан айрылған қайық

сияқтанып, көп дүрмекке ілесіп, ұлы ағыс бетінде қалқып ығып келеді.

— Елге қайтсақ қайтеді? — деді Мөңке ұзақ үнсіздіктен кейін.

Кәлен лəм-мим деместен атын тебініп қап, ілгері ұзап кеткен көш соңынан сар желіп кетті. Ойдан, қырдан жиналған қыруар халық кешегі соғыстан кейін тоз-тоз боп құрыды. Қолда қалған балықшылар аулының қырық-елудей үйімен Кәлен біресе Ұлықұмға, біресе Кішіқұмға тығылып, талай күннен бермен қарай түйе қомынан түспей тынымсыз жосып жүр. Жұрт жүдеген. Сақал-мұрттары өсіп, көздері шүңірейіп кеткен. Кәленнің көзінше іштегі наразылығын ашық айтпаса да, шаршап-шалдыққан жұрт шын тарыққанда күңкілдеп қалады. Қатын-балалар ерні кезерген, қолы күс-күс. Кішкентай тықыр шықса да таң алдындағы тәтті ұйқыдан шошып оянады. Үрейлі жандар атып-атып тұрып, түйеге, атқа міне сала ұмар-жұмар тайып береді.

Берекесіз өмірден мазасы кеткен балалар қыңқылдап жылай бастаса, ызалы жандар арс етеді:

— Өшір үнін!

— Бас аузын!

— Аузына құм құйып қатырып тасташы! — деп бəрі бірден тіл қатады.

Ондайда жалғыз сыр бермейтін Кəлен. Қасында қырық жігіт. Көш дүрліге қалса да Кəлен атын қамшылап, хауіп күткен жаққа қарай шоқытып барып, бір бөлек басынан қарауыл қарап қайтады. Ендігі жерге қанша жау болса да, қатын-баланың жел жағына шығып табан тіреп қайрат қылатын осынау соңына ерген азғантай топ.

Бір күні Кəлен көшті кісі аяғы баспайтын қалың құм арасына орналастырды. Қасына Мөңке мен Досты алды. Және он шақты жігіт ертіп, құм жиегінде отырған ауылға тартты. Кешегі дүние асты-үстіне шыққан алаңсапыранда тоғы шайқалмай қалған Төртқара руының іргелі аулы. Бір жағынан Кəленнің əйеліне алыстан қосылатын, ілік-шатысы болған соң қазіргідей қиын кезде қарны ашқан қатын-балаға азық-түлік сұрамақ. Өтініші өтімді бола ма деген ниетпен осы жолға Кəлен өзімен бірге он екі жасар ұлын да ерте шықты. Бұрын есік ашпаған жас жиен сəлем берем деген сылтаумен нағашыларына əдейі арнап бара қалған жағдайда пейіл ашылып кетуші еді.

Құм шетіндегі көк тепсеңде көсіле отырған ауылға бұлар күн кештете жетті. Кəлен қасына бала мен Мөңкені, Досты алып, үлкен ауылдың шет жағында оқшаулап тіккен ақ

үйге ат басын туралады. Қалған жігіттер де әр үйді сыртынан белгілеп төрттен, бестен бөлініп түсті. Кәлен тоқтаған үй несі — осы ауылдың сөзін ұстаған инабатты кісі екен. Ақылды кісі ат үстіндегі алым-берім әңгімеден-ақ мына қонақтардың арғы жағындағы көңілін ұғыпты. Төсек салар кезде сыртқа шығып, жаңа қонақтарға қызмет еткен бір жас жігітті жұмсап осы ауылдың ер азаматтарын жиып алды. Үй сыртында оңашаланып отырып, өзара ақылдасқаннан кейін сойысқа бір үйір жылқы, бір қора қой беруді ұйғарды.

Кәлен бұған дән ырза. Сыртынан есіткені болмаса, бұрын-соңды көрмеген кісілердің тарығып жүргенде дәл бүншалық кең пейіліне қарық болды. Көптен бері қатыңқы қабағы жадырап сала берді. Кәлен ұйықтай алмады. Қараңғы үйде қорылдаған кісілердің арасында көзі ашық жатыр. Үй іргесінде белдеуде байлаулы тұрған аттар тынышсызданып қозғалақтап кете береді. Терін басып тыныгып қалған жануарлар түнгі салқынмен жайылғысы кеп ұрынып тұрған сияқты. Қасында бір шекпен астында тығылып жатқан баласы түнімен тырп еткен жоқ. Әкесінің бүйіріне бетін басып, пыс-пыс дем алған бала қаннен-қапersіз ұйқыда...

Таң ата ауыл шетіне кеше қарауылға қалдырып кеткен жігіт шауып келді. Кәлен, Мөңке, Дос қаруларын қолына ұстап, сүріне-қабына сыртқа ұмтылды. Ауыл шетінен ат тұяғының дүсірі шығып, тарс-тарс мылтық атыла бастады. Белдеудегі аттар үркіп, ал кешке Кәленнің баласы мініп келген тай шапшып шылбырын үзіп кетті.

— Қашыңдар! Молаға тығылыңдар! — деді Кәлен айқайлап. Іштен ала шыққан баласын қайтерін білмей дағдарып тұр. Жігіттер ауыл шетіндегі көп қорымға ат басын қойып, тырағайлап шауып барады. Тек қарт балықшы Кәленге қарайлап, анадай жерге барып ат басын тартып тұр.

Кәлен тықыршыған атқа ырғып мінді. Ақ арғымақ ала жөнелді. Кәлен қатарласып жүгірген баласын қолынан іліп әкетті. Ат артына мінгестіріп алды. Оқтар жоғарғы жақтан зу-зу ақты. Кәлен ат жалына жабыса бере артына асығыс көз тастады. Шабдар атты солдат емініп жетіп қапты. Түнде бұлар түнеп шыққан ақ боз үйдің бет алдындағы жер ошақтан шабдар атты қарғытып өтті. Желіде байлаулы жатқан жас төлдер — бота, бұзау — үркіп басындағы ноқтаның сағақ бауын тартып жұлқып-жұлқып қалды.

Солдат кенет қолындағы тізгінді қоя беріп, ағызып келе жатып ат үстінен атып-атып жіберді. Бір оқ Кәленнің оң

құлағын дыз еткізіп жалап өтті. Екінші оқ екі-үш таяқ тастамдай алда кетіп бара жатқан Меңкенің атына тиді. Ырс-ырс етіп алқына ауыр дем алған мес қарын көк, кешет сүрініп кеткендей болды. Тұяқ астындағы топырақ бұрқ етіп, төңкеріліп түсті. Қарт балықшы құлаған аттың алдына қарай домалап-домалап кетті... Кәлен кейінгі жағына қайырыла бере өзін өкшелеп қуған солдатты атып құлатты. Денесін оңтайлап ер үстіне енді түзеліп отыра бергенде қарт балықшы да шаң арасынан апалақ-құпалақ атып тұрды, жанынан құйындатып өтіп бара жатқан бір жігітке қолын соза ұмтылып еді, бірақ анау қайрылмады.

Кәлен зығыры қайнап, тістеніп алған, көзіне тер құйылып кетті. Қанталаған жанары қамшылар жағындағы ақ құмды шалып қалды. Осы сәтте құстай ұшып келе жатқан ақ арғымақтың да ілгері созған мойны қарт балықшымен қатарласып қалған екен. Кәлен қайрыла бере ер артында белінен тас қып жабысып алған баласын ат арқасынан жұлып алды. Үрейі ұшып кеткен бала жүзіне көз сап қарамай, жаңағы ақ жүлге құмға лақтырып жіберді. Мінер жақ үзеңгіден аяғын шығара берген күйі ат қапталына қатарласып қалған қарт балықшыны ағызып бара жатып іліп әкетті.

XXXI

Көлігі қан сорпа болған көш ақ пен қызыл арасында бір шұқырға кеп түйелерін шөгерді. Қара терге малшынған аттардың арқасынан ертоқымын алмай, ақ шоқалақтың тасасына тізгінінен түйістіріп байлап тастады. Жігіттер қаруын ер басына іле салды да, қолына күрек, кетпен алды. Екі шоқалақ аралығындағы ойпаңның көк қияқ өскен тұсынан құдық қазды. Қарулы жас жігіттер көйлегін шешіп, дамбалын жуан санға дейін түріп алған. Көзді ашып-жұмғанша белуарға дейін қазып тастаған құдыққа екеу-екеуден түсіп, сыртқа өліп-тіріліп топырақ атады. Әрі-беріден кейін құдық кісі бойынан асты. Іштегі кісілер көрінбеді. Тек алқынған кісілердің ырсылдаған демі естіледі. Және сыртқа шапшаңдап атқан сыз топырақ құдық кенерісіне төңкеріліп топ-топ түсіп жатты.

Шалдар құдық жанында нірілеп тұр. «Су шығар ма екен»,— деген үнсіз тілекпен құдыққа телміріп көз тігіп қалған. Төртқара аулының үстінде болған кешегі ұрыс бұларды әбден титықтап тастады: сол ұрыста үш жігіт оққа ұшты. Бір жігіт жараланды. Ал Кәленнің жалғыз баласы жау қолында қалды. Кәлен жігіттерімен ауыл шетіндегі

қорымға тығылып, табан тіреп атыс салды. Бірнеше солдат оққа ұшқасын қалғандары ат басын ауылға бұрып шегіне бастады.

Жау беті қайтқан бойда Кәлен өлгендердің денесін атқа өңгеріп таса-тасаны бетке ұстап тайып тұрды. Құм ішінде қалдырып кеткен көшке келе сала қатын-баланы тез көтеріп, бір күн, бір түн қашты. Адамдаар мен аттар, түйелер қаталап шөлдеп бара жатқан соң бұлар осы араға амалсыз тоқтап еді.

Шалдар үңірейген құдыққа қайта-қайта мойын созып:

— Әй, су шыққан жоқ па? — деп қалды.

— Жоқ. Бірақ топырақта ылғал молайды.

— Шаршадыңдар ма?

— Әліміз бітті.

— Ендеше шығыңдар. Кәне, қайсың түсесің, кімнің кезегі? Бол! Тез!

Құдық басына Кәлен келді. Жетегіндегі ақ арғымақ оқыранып, тізгінін созып барып ылғал топырақты ніскеді. Шалдар жүдеу жүзін жоғары көтерді. Кәленге бәрі бет бұрды.

— Шырағым, біз қажыдық. Қатын, баланы шулатып, аттың жалы, атаның қомында өтіп жатқан өмірден ақ нық болдық.

— Райдан қайталық.

— Ілгеп басты қылыш кеспес деген. Жаздық-жаңылдық деп кешірім сұрасақ, орыс патшасы осынша халықтың қайсы бірін қырар дейсің.

— Жөн сөз. Бұл осы тұрған бәріміздің ойымыз.

Кәлен байқап тұр: шалдардың ішінде жалғыз Мөңке ғана үндемеді.

— Сен не дейсің?

— Мен не дейін. Кісі басқа түспегенсін білмейді екен ғой. Қазақ жері кең болғанмен соңыңа орыс түссе тығылатын тесік табылмай қалады екен.

— Апыр-ай де. Аспан аядай, жер тебінгідей боп кетті-ау.

— Ойланатын кез жетті. Орысты жеңе алмаймыз. Қашанда көп қорқытқан, терең батырған.

— Жә, жарайды! Бұл шіркіндерді күшпен алам деп жүрген кім бар. Біздікі тек әншейін алқымына пышақ таяғанда тұяқ серіпкендей ғана ғой. Кәйтпек керек. Біздің қатынға...— дей түсті де, Кәлен тоқтап қалды. Жалғыз баласының жауда қалғанын есіткенде сорлы ана есінен танып, шөгіп жатқан түйенің мойнына құлай кеткен-ді. Сонан бері

кіресілі-шығасылы есі бар. Көшкенде қоршаулы түйе үстінде екі қатын екі жағынан сүйемелдеп отырады.

Кәлен бір жанға көз салмады. Күп-күрең тілі тас қайрақтай таңдайына түрпідей тиеді. Жұтынғанда тісінің арасына тұрып қалған топырақ қышырлап, бұжыр қара беті тыжырынып кетті.

— Сау болыңдар! Біздің қатынға көз қырыңды сала жүр! — деді де, Кәлен ақ арғымаққа асықпай мінді.

— Жарқыным, жөніңді ұқтыршы, қайда барасың? — деді Мөңке.

— Мені кәйтесің. Мен де осы даланың жонында жорытқан жаралы бір бөрісі...

— Тұм құрыса жөніңді айтып...

Кәлен ақ арғымақты тартып қап, шаба жөнелді. Қызарып батқан күн сәулесінің соңғы жарығы сонау батыс бетте шоғырланған қап-қара бұлттың бауырын алаулап, қызыл қоңырланып жалқылдап тұр. Жалғыз аттың маңдайын осы жаққа тұралап, көз ұшында құйындай жосылтып бара жатты. «Ай, әттегене-ай, ашумен барып аранға жығылмаса кәйтсін»,— деді Мөңке ішінен. Сонан соң ол үнсіз тұнжырап қалған кісілердің өңіне жағалай қарап өтті. Осы топтың ішіндегі ендігі қалған кісілердің өзінен аруақтысы жоқ екенін сезгендей, жанында тұрған екі жас жігітке иек қақты:

— Құдыққа түсіңдер!

XXXII

Дала қуаң. Шөп құрап, сидаң тартқан. Кешегі күні жұрттың бәрін есеңгіретіп кеткен лаңда ел табаны аумай ұзақ отырып қалған жайлау, бұл шақта сары жұрт боп, шаңдағы шығып жатыр. Күн шырадай тынық. Леп жоқ. Тас төбеге келген күн шақырайып тесіп барады. Маа тұяғы тапап, тозаңы шыққан төбе баурайында қараша үйлер қалқияды. Олар да оба тастай мелшиіп, үнсіз шөгіп қапты. Кедей ауылдан екі дауыстай әрегіректе Ақшилі табанында ақ үзікті, ақ ауылдар шаңқияды. Өзгелерден оқшау қонған үш ақ үйдің түндігі тегіс жабық. Есіктері түсірулі. Тыста тірі жан жоқ. Тек шеткі үйдің көлеңкесінде төрткөз қара төбет жатыр. Қызыл тілі салақтап кеткен. Сілекейі сорғалап, өкпесін ентіге соғып, ырс-ырс дем алады. Түске тарта иттің сілесі қатты. Күн түскен бөксесін қайда тығарын білмей, көлеңкеге қарай созылып, үй іргесіне тығыла түсті.

Оқта-текте сары сона мен бөгелек соғады. Бұл да

бір бөлек мазасыздық әкеліп тұр. Қара төбет сергек елең етіп ызылдап келе жатқан ұнамсыз дыбысқа құлағын тіге қояды. Бұл түрі, бейне: «ай, сен пәле тыныштымды аласыңау»,— деп ойлап, сақтана қалған әзірлігіндей. Мазасыз ызыл бір сәт қолмен үзгендей тыйыла қалды. Сонаның қайда кеткені белгісіз. Төрткөз төбет бір пәледен аман құтылғанына қуанып, тілі қайта салақтап, ырс-ырс ете берген-ді. Кенет, ыршып түсті. Былқылдақ тұмсығымен жұқа шабына түйіп қап, ақсиған өткір тісі сарт-сарт етті. Сол сол-ақ екен, тамылжыған әуеге әлгі зыңыл шаншылып тіптік көтеріле жөнелді. Осы бір оқтай ағып, жоғалып бара жатқан зыңылға қара төбет бар бойымен еңсеріле қарап, «қап, не қыласың»,— деген ызалы өкінішпен қимылсыз қатып қалды.

Сона кеткенмен итте маза жоқ. Тас төбеге кеп, тапжылмай тұрып алған күн тіпті ыстық. Ит пейілі әбден тарылды. Денесінің бір жері сәл жыбырласа да жаратпай қап, ырылдап, күші жүніне тісін басып-басып алады. Осы кездегі қозы-лақ қас жауы. Көлеңке іздеп дүрлігіп жүгіріп келген ақылсыз лақтарға тісін ақситып ырылдап жатқан-ды. Үй үстінен құйын өтті. Басынғандай мінез көрсетті. Үй сыртындағы сары төбенің шаңдағын өз бойына, жын ойнағына үйіріп ап, дөңгеленіп, жүйткіп, жосып барып, сонау ойпаңға қарай құлдилай жөнелді. Сол арадан шыға алмай, құйрығымен ойнаған иттей шыр айналып, үйірілiп-үйірілiп тұрды да, Борбас төбеге тартты. Ол маңда үш құдық бар. Селдір сұйық қамыстары селтиіп, ащылық сораң өскен алқап еді. Соған жетуі мұң екен, әлгі сұр құйын лезде аппақ боп ұзарып шыға келді. Борбас төбенің басына шығып ап, жынша құтырып, өз қылығына өзі мәз боп ойнақтап кетті. Қара төбет бір көзінің қиығын айырмай жатқан. Құйын әуеге қарай өрлеп, ирелеңдеп тұрды да, кенет әйел жаулығын ала қашқан тентек баладай жалт беріп, бермен қарай салды. Қара төбет атып тұрды.

Сол кезде ортаңғы ақ үйден:

— Құдайы құрғыр-ай! — деген әйел даусы естілді.— Құйын келіп қалды. Түндік бауын тартып байла.

Сәлден кейін құйын өтіп, ауыл үсті өзінің бұйығы тыныштығын қайта тапты. Үш-төрт сауыншы әйел ғана сыртта жүр. Құйын бұлдіріп кеткен оны-пұнылаарды қағып-сілкіп, жиыстырып жатқан. Іштен Алдаберген софы шықты. Қолында бұхардың нір мойын жез құманы. Сабалы денесіне мәя жүн шекпенді желең жамылған. Шекпен шалғайы аяғының басын қауып, сызылып кетіп барады. Жер де сұр, үстін-

дегі шекпен де сұр. Тек бір шалғайына бастырған көз ойдым боз жамау сұр шекпенді аламыштап тұр. Сөфының семіз тұлғасы, сұр шекпені, баяу қозғалысы, ең аяғы бір шалғайына бастырған боз жамауына дейін осы далалықта жайылатын бауыры боз, сырт жоны сұр дуадаққа келеді. Алдаберген әудемдей жерге барып, ауылға сыртын бере жалп етіп отырды.

Осы кезде салт атты біреу нек атпадан қылт етіп шыға келді. Күннің ыссы жайсыздығына қарамай жүрісі суыт. Шеткі үлкен ақ үйге — Құдайменде болыстың үйіне ат басын туралап, еңкілдеп төніп қалды. Алдаберген әдепкіде мына жолаушының суыт жүрісіне таңданып еді. Кенет мына кісінің ат құлағын қаққандай қос тізесіне көзі түскенде құман ұстаған қолы қалтырап қоя берді. Алдаберген шешкелі жатқан дамбал бауын асығыс байлай салды. «Бұл сойқан... тірі ме еді?! Баласы қолға түсетін ұрыста өзі де оққа ұшып өлді деп, осы елдің даурығып жүргені қайда? Апырай, мына сойқанның жүрісі сөлекет екен. Құдайменде де қаннен-қапersіз, бейқам отыр еді...» — деп ойлап, асығыс түрегелді.

Жолаушы шеткі үйге софыдан бұрын жетіп тұмсығын сықырлауыққа тіреді. Осы ыссыда үстінде шидем күпі, басында сеңсең тымақ. Өзі еңгезердей ірі. Ол аттан түсіп, шылбырдың шетін босағаға іле салды. Осы кезде іштен: «Қай жөргенсіз? Кім бола-туң?.. Білші»,— деген дауыс шықты. Жолаушы баса-көктеп кіріп келді. Қарсы кеп қалған қара сұр әйелді ығының басымен бір қағып жіберді де, жылан көзін үй ішіне асығыс тастады. Құдайменде төрде, ақ болыскей кереуетте жатыр екен. Балтыры шелектей аяғын кереуеттің басына асқан. Бүкіл сирағы мен башайларының сырт жоны ұйысқан қара шуда.

— Иманыңды үйір! — деді жолаушы жетіп барып.

Бұл күтпеген жағдай еді. Құдайменде де «э» дегенде түсім бе, өңім бе деп ойлады. Бетін жалын шарпып бара жатқандай, ол үстіне төніп қалған бұжыр қара кісіге тура қарай алмады. Құдды түсінде марту басқан кісідей, үні бітіп, дыбысы да шықпай қалды. Бұл ес жиям дегенше бұжыр қара кісі шап беріп алқымынан ала кетті. Бұғақ астында іркілдеген майға темірдей саусақтар кеулеп кіріп, бұлтылдаған өндіршекке жетті. Құдайменденің дыбысы шықпады. Көзінің ағы айналып, аспанға қарай ақшаңдап, қос езуінен көбік ағып, бырқырады да қалды. Бәйбіше шыңғырып жіберді.

Жолаушы қолының қанын болыстың омыраулына бір үйкеп сүртіп алды да, ытқып сыртқа шықты. Ұрынып тұрған ат тізгінін шеше берген-ді.

— Әй, Кәлен!.. Жарқыным, жөніңді ұқтыршы, неғып жүрсің? — деді Алдаберген софы. Ол інісінің үйінен шар ете қалған әйел дауысын естіп, тізесі дірілдеп, аяғын баса алмай тұр еді.

— Есеп айырысып жүрмін, ақсақал,— деді Кәлен. Осыдан артық тіл қатпады. Үзеңгіге аяғын салып жатпай, баяғы ұрлық қып жүрген кездегі үйреншікті машығына басып ақ арғымақтың арқасына бір-ақ ырғыды. Сол бойда ағындап ала жөнелген аттың басын былайырақ ұзап шыққасын теже-ді. Бұл ауылдың белдеуінде ақ арғымаққа жететін дәмелі ат жоқ. Және бір-жар кісі бұны түсірем деп дәме қылмайды. Көп қуғыншы сайланып шығам дегенше, ел шетінен ұзап кетері даусыз. Кәлен артынан шыққан айқай-ойбайға қарамай, сыдыра шоқытып тарта берді.

XXXIII

Көгалға көсіле қонған бай ауылы көңілді. Жұмыртқадай ақ үйлердің ең үлкені — Тәңірбергеннің үйіне жұрт жиналып жатыр. Ояздан келген қадірлі қонаққа сәлем беруге асық. Үйге сыймаған жұрт іргеден сығалай бастады. Қонақ жігіт көбіне Тәңірбергенмен тілдесіп, ауыл-аймағының амандығын сұрап отыр.

Тәңірберген нығыз. Қазір тасы өрге домалап тұрған шағы. Қастасқан жауының бәрін құртты: Еламан, Рай әскерде. Кәленнің қолға түскен баласын қарулы күзетпен қалаға айдатып жіберді. Оны да ел жатқасын істеді. Сондықтан өзінен басқа бір жан білмей қалды. Ал Кәлен басын қайттап жүр. Рас, ол кісі мойнында кегін жібермейтін жау. Тірі болса қайта айналып соғуы хақ. Сондықтан жас мырза қапысыз қалмау жағын ойлап, ел ішіне сақұлақ кісілерден жансыз жіберіп тың тыңдатып отыр. Ақшиліге ұзақ отырып, сары жұрт боп барә жатқан соң кеше ол өздеріне қараған үлкен ауылдың қақ жартысын бөліп алып, осы арада аударылып қонды. Тәңірберген осынау бір аласапыран аяқсы бастаған кезде ояздан келген қонаққа қуанып, жылы шыраймен қарсы алды. Қонақ жігіт — Торшолақ бала бұрынғысынан да гөрі семіріп, май басып лықылдап кетіпті. Төр алдына жайған ала жібек көрпенің үстінде, ақ мамық жастыққа шынтақтап жатыр. Қол-аяғы қысқа жігіт қанша көсілсе де, кескен томар секілді. Ояз кеңсесінде істегелі кеулі өскен. Алғашқы кездескен бетте-ақ Торшолақ баланың қатар жүрген қазақ жігіттерінің бірін қасына жуытқысы келмейтін ниетін таны-

ды да, Тәңірберген қара мұртын салып қойып, жымиып отыр.

Торшолақ бала үлкен шаһарда оқып жүрген Жасағанбергенді де жақтырмай:

— Со жігітті қойшы,— деп тістеуік аттай кіржің етті,— өзі қызық жігіт, қазіргі дүниенің екіге қақ бөлінгенін білмейді. Буржуазия...— дей түсті де, мұндай сөзге мына жұрттың түсінбесін біліп,— бай мен кедейдің арасындағы тыныш орында өзі қалмақ. Әй, айналайын-ау, ол болмайды. Болмайды деймін,— деп күшене сөйлеп еді; онсыз да, быттиған қарасұр бетінің қос алқымы ісініп, көзінің алдындағы күлтілдек майға көзілдірігі батып кетті.

Үлкен үйдің іргесі түрулі. Түндік ашық. Сықырлауық есікті шалқайта ашып тастаған. Әлі мал тұяғы таптай қоймаған үй маңындағы жас көктің исі түрулі есіктен талмай келіп тұр. Ішке Ақбала кірді. Басында ақ жаулық. Үстінде қынамалы көк мақпал қамзол. Ақ торғын көйлектің етегі малынып, сызыла басып кеп қонақтың алдына шашақты жібек дастарқан жайды. Сонан кейін де бір жанға көз салмаған күйі Тәңірбергеннен төменірек жерге отырып, сырлы тегештегі сары қымызды сапыра бастады. Торшолақ бала Ақбаланы көргенде басын көтеріп алды. Тәңірбергеннің жақында үйленген жас тоқалы жөнінде талай есіткен. Бірақ оны мұншалық сұлу деп ойламаған-ды. Торшолақ бала үй ішіндегі кісілерден қымсынбай, келіншектің ғажап сұлу, бірақ бір түрлі мұң шалған жүбау өңіне көз алмай отыр. Тәңірберген жас жігіттің әдепсіздігін жаратпаса да, жұрт алдында сыр бермеді.

— Қымыз ал! — деп ол қонағына сырлы зеренді ысырып қойды.

Торшолақ баланың осы жолғы жұмысы аса қауырт. Орда қонған болысы мен Қабырға болысына түскен алым-салық ол ішінен өне қоймағасын қасына екі солдат алып елге шапқан-ды. Мұнда келгелі бітіргені шамалы. Үш күн ұдайы Тәңірбергеннің аулына табан тіреп жатып алды. Аңдитыны Алдаберген софы. Осы бүгін бір ығытын тауып, софының ақ тоқалымен ауыл сыртындағы күркіреуікте кездеспек боп уәделесіп еді, Торшолақ бала кісілерден шаққа басып, сыртқа шықты. Күн кештетіп қалды. Өрістен мал келгесін жас келіншектің босана алмасын біліп, ол тезірек басып күркіреуікке барды. Өзі тасалап отырған көлеңкелі құба талдың арасынан бой көтеріп, ауыл жаққа созылып қарай беріп еді, талдың арырақ тұсы сылдыр етті. Торшолақ бала бұға қойды. Қазақ аулының із баққыш жастарынан қорқып, сыбдыр

шыққан жаққа үрейлі көзі үкідей бақырайып, тал түбінен сығалап қарады. Мес түйініндей мұрнының ұшы тершіп, көз әйнегі буланып бара жатты. Кенет көз тіккен жағынан бір шоқ талдың арасы ыдырап ақырын ашылды. Торшолақ бала күліп жіберді. Алдабергеннің кіші тоқалы — ел арқасына «Ақтуша» атанған меңсіз ақ келіншек әлденеге қысылғандай, тал арасынан бір бүйірлеп шыға берді. Етегіне желпіншек салған жібек көйлегі малынып, сызыла басып жақындап келді. Үстіндегі көк масаты жеңсізі құйып қойғандай. Әлі бала көтермеген балғын дененің бар бітімін қынап, айрықша, аш белін үзілдіріп тастапты.

Торшолақ баланың ауызына сөз түспей, жүрегі лүпілдеп барады. Алғашқыда келіншек тіпті ұялшақ тәрізденіп кетті. Тал арасында кездесуге көнгенмен жігіт жүзіне тура қарауға ұялғандай. Басына желең сала салған шашақты жібек шәлінің бір шалғайымен көзінен төменгі жағын тұмшалап бүркеп алып, жігіттен бетін жасырып қырындай берді. Торшолақ бала жақындап, құшақтайын деп еді, келіншек бетін бұрып, сырт айналып кетті. Келіншектің бұл қылығы онсыз да ынтық боп жүрген жігіттің ішін қыж-қыж қайнатты. Нәпсі уына өртенген жігіт дәл бір отқа түсердей боп тағатынан айрылып, демі дірілдеп барады. Келіншекті баурап құшағына тартпақ болғанда, ол тағы да қылымсып күліп, жігіт құшағынан сытылып шықты.

— Мырза жігіт...— деп жібек шәлінің жиегінен қара көзін қиғаштау тастады.— Абайла, біздің шал қызғаншақ.

— Қайтер дейсің... қызғанған қызыл итке жем болады деуші еді ғой.

Келіншек жігіт сөзіне ырза болғандай, сықылықтап күліп, бетін ашып жіберді. Қауызын аршыған жауказындай, аппақ екен. Оның үстіне мына ақ тоқалды өзінен әлдеқайда биік көріп, Торшолақ бала қорынып тұр. Өзінен әйелдің ұзын екенін білетін. Бұрын, бірақ көңіл өсіңкі жігіт: «Қайтер дейсің, төсек теңестіреді ғой»,— деп өзін-өзі алдарқатып жүрген-ді. Енді, міне... өзі ауаланып жүрген келіншекке төсекте кездеспей, төскейде кездесіп діңкесі құрып тұр.

— Мырза жігіт, мен енді кетейін.

Торшолақ бала сасыңқырап қалды.

— Қой, неге асықтың? Кел... кел отырайық.

Келіншек жігіт ырқына көне қоймай, қылымсып, тартыншақтап тұрғанда, аттың пысқырған дыбысы естілді. Екеуі бірдей жалт қарады. Сай бойымен ұрланып келе жатқан салт атты алғашқы сәтте Алдаберген секілденіп кетті. Ақ тоқалдың көзі атыздай болды. Торшолақ бала тал арасынан

созылып қарай түсті де, бұға қойды. Бұта түбінде дірдір етіп, бұғып отырған ақ тоқалға жетіп келді.

— Құрыдық...— деді ол сыбырлап.

— Біздің шал ма?

— Жоқ, жоқ.

— Енді кім?

— Кә-кә-лен...

— Қой, ол ұры Қарақалпақ асып кеткен жоқ па?

— Анық... анық сол. Екі тізесі аттың екі құлағын қағады. Енді... енді қайттім?

Ақ тоқал аяқ астынан көңілденіп сала берді.

— Кәлен дейсің бе? Екі тізесі аттың екі құлағын қағады дейсің бе? — деді, бұл кезде бойы үйреніп қалған жігітті сықақтап күліп.

Торшолақ бала келіншектің әзілін аңғармай, қауқарынан айрылып қалш-қалш етіп тұр.

— Мені... мені өлтіреді. Енді не істедім? Қайда тығылам? — деп сасқалақтай бергесін, ақ тоқал:

— Өзіңнің шыққан жерің ғой. Кел, мында тығыла ғой,— деп күліп, көйлегінің етегін көтере қойды.

Кәлен бұлардың тұсынан өтіңкіреп барып, аттан түсіп әуелі айыл тартпасын тартып алды. Сонан кейін көгалда отырған бай ауылға бойлап қарады да, ақ арғымаққа ырғып мінді. Сай бойымен ұрланып кеп, үлкен ақ үйге жабындының астынан, қысқа мойыннан ұмтылып еді. Ең әуелі оны Қаратаздың бәйбішесі көріп, ішке кіруге ғана шамасы келді. Тілі күрмеліп, өңі қуарып, жүкке арқасын сүйей құлады. Тәңірберген жабықтан сығалап түсі бұзылып кетті.

— Сақтаныңдар! Кә-лен!..

Торшолақ балаға еріп келген екі солдат осы үйде отырған-ды. Олар мылтығына жармасты. Тәңірберген қысылшаңда да өз бойынан қуат тауып:

— Атпаңдар. Қолға тірі түсіру керек,— деп кеңес берді.

Кәлен үйге аттың тұмсығын тірей тоқтады. Бір қолында қамшы. Екінші қолына шылбырдың бір шетін ұстап, ішке кіріп келді. Осы сәтті тосып есіктің екі босағасында жабысып тұрған солдаттар оған оқтаулы мылтығын төсей қойды.

— Қолыңды көтер!

Кәлен осылай боларын білгендей, шімірікпеген жоқ, екі солдаттың тасасында, құп-қу боп тұрған Тәңірбергенге қадалады.

— Байлаңдар! — деді Тәңірберген ақырып.

— Тоқта! Мен өз аяғыммен келіп тұрмын. Мені байлау қиын емес. Қатын-баламды босатыңдар!

— Құдай қаласа, қатын-балаңның қасына өзің де барасың.


— Ә, солай ма? — деді Кәлен сыбырлап. Өз ішінен «өзекті жанға бір өлім»,— деп түйді де, екі солдаттың басағына көз тастап өтті. Екеуі де көзге толы, әсіресе біреуі ірі денелі екен. Кәлен аққа мойын ұсынған кісіше екі қолын артына ұстап: «ал, байлаңдар» — деп тұра қалды. Ірі денелі солдат мылтығын іргеге сүйей сап, Тәңірберген әзірлеп тұрған қыл арқанды қолынан ала берген-ді. Кәлен қапылыста соқты. Солдат кезеп тұрған мылтыққа шап беріп, қолынан жұлып алды. Оны ішіне бір теуіп қалпақтай ұшырды. Ірі денелі солдат мылтығына ұмтылып еді, бірақ Кәлен қарсыласуға келтірмей, мылтық дүмімен қарақұстан соғып өтті. Тәңірберген зып беріп кереуеттің астына кіріп кетіп еді, Кәлен оның қайда кеткенін білмей, үй ішіне көз салып тұрғанда, көп кісі есіктің сықырлауығын сындырып, қадаларын көтере кіріп келді. Кәлен қарсыласпады. Мылтықты тізесіне салып бір омырды да, лақтырып жіберді. Анталап тұрған кісілер Кәленді бас салды. Қол-аяғын қыл арқанмен байлап, сыртқа сүйреп алып шықты. Осы ауылдың қатын-қалаштарына дейін жабылып:

— Ат көтіне байлаңдар!

— Қабырғасын сөгіп, бүйірінен өтін жарып алыңдар! — деп бір-бірінен даусын асырып, жамырап жатты. Ақбала Кәленнің көзіне түскісі келмей, ығыстап ішке кіріп кетті. Осы сәтте ырсылдап Торшолақ бала да жетті. Жолындағы кісілерді кимелеп кеп, Кәленнің қасына тоқтады. Ол Кәленді оязға тірілей апарғанның тиімді боларын біліп:

— Тоқтатыңдар бассыздықты. Бұл үкімет алдында қылмысты адам,— деді.

Жұрт жым бола қалды. Торшолақ бала сол бойда Кәленді қарулы күзетпен қалаға айдатып жіберді. Кәлен өзін өлтіре сабап жатқанда да қыңқ етпейді. Тіл қатпады да. «Жер түбіне айдасаңдар да, ажал жетпей өлмеспіз. Болат қанжар бір күні қап түбін жарып шығар. Сендермен сонда... сөйлесерміз!» — деп сілап, қанына қарайып кетті.



Екінші кітап

Сергелдең

Бірінші бөлім

I

Жалғыз түйелі шолақ көш күн кештете Көлқораның құлауына ілікті.

— Ау-ыл!..

— Ауыл!.. Ауыл көрінді! — деп түйе үстіндегілер шулап қоя берді.

Түйе жанында екі келіншек, екі жігіт жаяу-жалпылап келе жатқан-ды. Оқшау хабарға олар да еңсесін тіктеп елеңдесіп қалды.

— Ауыл дейсің бе? Алыс па?

— Маңайынан қара-құра көріне ме?

— Жайылып жүрген мал көп. Бай ауыл болу керек.

— Е, ендеше құдай берді! Адаспай, дәл келген екенбіз.

— Мынау соның аулы деп ойлайсың ба? Ол өзі малды жігіт пе еді?

— Ойбай, малды. Тоғы шайқалмаған жігіт қой. Терітөрсек жияды, табыскер. Жарықтық, жері де жақсы екен. Әй, Қалау, байқайсың ба, ана қарашы, ала бұтасы, ащылық сораңы кілк-кілк етеді. Нағыз түйе ұстайтын жер екен!

— Қазаны қандай екен иттің? Тойғызса болар еді?..

— Тіл тигізбе...

— Ой, енесін... асқа тойғызса болды.

— Не көріпті...

Екеуінің де қасы, кірпігі шаң. Жақ жүндері үрпиіп кеткен. Ылдиға құларда жұлығынан шұлғауы шыққан жаман қайыс етікпен баурайдағы бор бас кебірді бұрқылдатып, сырғанақтап басып, сөйлей түсті. Әсіресе, ықты, ірі қара жігіт ауыл қарасын көргелі жағы бір тынбады. Мына елдің жері, суы, шөбінің реңі жайында неше түрлі топшылау айтып, сөйлеп келеді. Олардан кейініректе екі келіншек түйеден қалмай, кебежеде бастары қылқиған балаларымен қатарласып келе жатты. Әлсін-әлі ас сұрап қыңқылдаған жас балаларын алдарқатып «шыдаңдар! — деп жұбатады,— әне Ебейсін ағаң-

ның үйі көрінді. Кішкенедесін жетеміз. Ой, сосын, несін айтасың, отты маздатып жағар. Ыссы астың буын бұрқыратып алдарыңа қояр. Сен же, мен же болар!»

Бұлар ауыл сыртында мал қайырып жүрген кісіге жолығып, Ебейсіннің қыстауын сұрап алды. Ығы мол, үлкен үйді көргенде, балалар кебежеден бастарын көтерді. Қып-қызыл тұмсықтарын созып, ілгері жақтан аңқып қоя берген мына ауылдағы малдың, көң-қоқырдың нісімен қуана дем алды.

Бұлар бөтен үйдің қорасына баса-көктеп кіруге именді. Көш басындағы ер-азамат келген бойда хабарлас қылды да, сыпайылық сақтап сыртта ініріліп тұр. Ірі төбет иттер қора түбінен бой көрсетіп үріп келеді. Әлі шам жаға қоймаған үлкен үйдің терезесінен кешкі оттың қызғылт сәулесі жылтылдады. Есік ашылды. Арғы жағынан қара киімді, төртпақ жатаған кісі шықты. Бұлар Ебейсінді тосырқап таныды. Ел ішінің тері-терсегін жинап, қалаға жиі қатынағалы татар байларына еліктеп, бойын күтіп ұстайтын болпты. Қара мақпал тақия, қара зегірен бешпент киіп, тырыштанып алған тақуа Ебейсін жұпыны жүдеу жігіттерге жатырқай қарады:

— Көрмеген кісімсің ғой.

— Мені білесіз... Мен Төлеумін.

— Төлеу?

— Иә, иә, Төлеу... Төлеумін.

— Жоқ, білмеймін.

— Құдай-ау, не дейді?.. Өткен қыста ғана Құдайменде болыстың оқудағы інісі екеуіңіз қонып кеткенсіз. Одан кейін де біздің үйде талай түстеніп... Есіңізде ме, шұқырда отырған жалғыз үй...

— Шұқыр?..

— Иә, иә, шұқырдағы жалғыз үй... Төлеу...

— Есімде жоқ.

— Не дейді?! Аға-еке-ау...

— Ии-и, пақыр қой әрмен! Халық үстінде жүрген азаматтың бір түнеп кетпейтін үйі бар ма? Соның қайсысы есінде тұратын еді,— деді де, Ебейсін бұрылып жүре берді.

Төлеу бөгемек болғандай ұмтыла түсті де, тоқтады. Саудагер жігіттің зегірен бешпент жағасын жырта жаздап керіп бара жатқан қызыл қоңыр мойнына көзі түсті. Сонан соң оның жон арқасы тұп-тұтас бітеу жаурынына көзі түсті. Әсіресе, оның осынша жалынып-жалбарынып айтқан бір сөзіне де құлақ аспай бара жатқан осы қазіргі қаннен-қапersіз керең түрін көргенде Төлеудің маңдайынан мұздай тер шықты.

«Ойпырмай, мұндай да болады екен ғой»,— деді Төлеу есін жия алмай жан-жағына алақтап. Күн қызарып батуға таяп қапты. Ауа бұлыңғыр. Кешкі жел шұғыл қатайып, бар әлем шаңытып зәріне мініп кетіпті. Төлеу күзгі күнінің қаңқыл суығын жаңа сезгендей, ығы құнысып, бүгежектеп ықтап кете берді. Сыртта ірілі-ұсақты түрған қатын-баласы есіне түскенде тіпті есі шығып, сасқан жігіт жаңа ғана жасқанып қалғанын ұмытып жүгіріп барды да, Ебейсіннің шалғайына оратылды.

— Ағаеке-ай, аясаңызшы.

Ебейсін қолын қағып тастады. Төлеу қайта жармасты.

— Ағаеке-ай, үй-ішіммен келіп тұр едім. Қараңғы түнде қайда барам...

— Онда менің шаруам қанша.

— Мұсылмансың ғой.

— Мұсылмандықты саған бердім.

— Астафиралла... не дейді?! Дәм-тұзымды талай татып едің ғой. Ақысын алсаң да...

Ебейсін тоқтай қалды. Етігінің тұмсығына қарап, ойланып тұр:

— Бәлкім... сататын бірдеңең бар шығар?

— Бар... бар...

— Нең бар?

— Бір құнаншам бар.

— Құнанша дейсің? Сосын?

— Сосын, бір жалпылдақ тайлағым бар. Алдына мұрын тесер бұйда-сайма.

— Бұйда-сайма дейсің, ә?

— Иә, иә, бұйда-сайма!

— Жүр, көрелік!

— Қолдағы мал қайда қашар дейсің... әуелі бала-шағаны жылы жерге орналастырсақ... Шешемнің де үзірі бар еді...

Ебейсін енді қайрылмады... Сыртқа шықты. Түйе үстінде жардай боп отырған ірі сүйек кемпірге көзі түсті. Өзінің әне бір кезде Құдайменде болыстың оқудағы інісін алып қайтқан сапары, қылшылдаған қыс, шұқырда отырған жалғыз үй мен Еламан, Рай есіне түсті. Кемпір де оны танып, амандасқысы кеп қалың киімді бойымен қалауыштан еңкейе беріп еді, Ебейсін кемпірді көзіне де ілместен сыздана басып өте берді. Төлеудің екі келіншегін ол тіпті кісі екен деген жоқ; екі келіншектің тұсына келгенде ол қайта тұтылып қалатындай тезірек басып өтті.

Ебейсін құнаншаны көре сала қолын сілтеді:

— Мынауың нашар. Біздің ауылдың сүт тайлағынан да төмен...

— Ағаеке-ау...

— Ә-й, аға-мағаңды қой!..

Ебейсін нарқоспақтан туған қос өркеш тайлақтың алды-артына шықты; тайлақтың омырауына үңіліп, жүнінен ұстап, құйрығын көтеріп көрді. Мұны да ұнатпағандай ол дереу қолын сілкіп кейін шегіне берді.

— Шаһарлы жердің базарына салсаң өтпейді. Мал ғып тұтынуға тағы кеміс. Мынауың сұлама өркеш, салқы төс, бақырауық жайсаң болғалы тұр екен. Мұндай мал жүріске де нашар. Бір көш жер жүрмей қолтығы ойылып қалады. Тегін берсең алмаймын.

— Ағаеке-ау, не деп тұрсыз... сіз айтқандай кеміс қоспақ емес, түс нардың тұқымы, ата малы! Мұсылмансыз ғой...

— Әй, пақыр, саудаға мұсылманшылық та, достық та жүрмейді. Мына түйеңді сатпайсың ба?

Саудагер жігіттің қырағы көзі жас балалар мен сырқат кемпірдің астындағы іңгенді шалыпты; өзі көріп жүрген түйелерден сөгерлігі артық, сиректы сары іңгенге көзі түскен бойда ындыны кетіп, алды-артына тығып жалақтап жүр еді.

Кемпір оған түйе үстінен түйіле қарады. «Мұндай екеніңді бұрын білсемші»,— деп ойлады да:

— Әй, балам...— деп Төлеуге қарады,— түйенің басын жетеле. Басқа ауылға барайық. Енді кідірсең мына қара бет түйені қойып, мені саудалар.

Төлеу түйенің басын кейін бұрды. Кебежеде мойны қылқиған жүдеу балалар ас сұрап қыңқылдай бастады. Қара кемпір оларға зекіп қалды:

— Түйеден лақтырып жіберейін бе?.. Тыныш отырыңдар! Күшіктей қыңсылап, бір жағынан сендер де жан алып біттіңдер ғой. Барды бермей отыр дейсіңдер ме?

— Бала ғой, ес білсе сөйте ме.

— Сен қыз, тыныш отыр!

Қыз ертеден бері тоңғанын да сездірмей тістеніп отырған-ды. Кемпір ұрысқаннан кейін жым бола қалған бөпелерін аяп:

— Ертек айтайын ба?.. Ертегім ертек, екі құлағы сеңгек, қырғауылы қызыл екен, құйрық-жалы ұзын...— дей түсті де, тоқтай қалды. Өзінің көңіліне бола жас балалар жоқ күлкіні ержақтарынан зорлап, сығып шығарғандай ғана езу тартты. Мұрындары қып-қызыл. Еріндері көгеріп, дірдектеп тоңып, кішкене қылқанақ тістері сақ-сақ етеді. Қыз бөпелерінің аянышты кескініне қарай алмай, жас кеп қалған көзін бұрып

әкетті: «Айналайындар-ай, қор болдыңдар-ау»,— деді ішінен. Сырқат анасының да түйе үстінде ырғалақтап мазасы кетіп келе жатқанын байқап отыр. Ілгері басқан сайын алдарынан бөрік бас нар шоқалақтар жиілеп, дүзген мен жыңғыл өскен теңіз жағалауының бытпылдығы бұралаңдай берді. Шамалыдан соң селдір, сұйық қамыстар кездесе бастады. Жел астында шайқалған қамыс сыбдырынан басқа ілгері жақтан әлде не ыңыранғандай боп еміс-еміс дыбыс құлаққа келеді.

Қыз ілгері қарай алмады. Ілгері жаққа қарайын десе-ақ, қарсы алдынан соққан ызғырық жел бетін қарып, құлақ-шекесі сырқырап шаншып кетеді. Тұла бойы тітіркеп күзгі жапырақтай қалтырап кететін болғасын қыз көбінше түйе үстінде қырындап желге сыртын беріп бүрісіп отыр.

Үлкен ағасының ыңғы түсіп кеткен. Үнсіз. Түйенің басын жетелеп бүгежектеп келеді. Қайда баратынын, тағы кімнен пана сұрайтынын өзі де білмейтін сияқты.

Күн батты. Ымырт үйіріліп, сырын білмейтін жат жер түксиіп, қарауыта бастады. Жел айдаған қаңбақ көш жанынан қарандап, кейінгі жаққа қарай қалбаңдап домалап өтті. Бұл сорлы да бас еркін билей алмай, жел қуған жаққа тентіреп жосып жүреді. Қайда барып, қай шұқырға құлайтыны белгісіз. Қыз өз ойынан өзі шошып кетті. Ызғырып соққан желмен бірге ілгері жақтан өршелене есірген теңіз толқыны ыңыранып анық естіле бастады. Алып кеудесі ақырын солықтап, ол да өзінің ашу-ызасын шағып жатқандай. Қырда өскен кісілер мұның теңіз сарыны екенін білмей, жат дыбысқа таңырқап қалған-ды. Іле-шала жүдеу көш жар басына іілікті, кенет үрпие қараған кісілердің көзі алдында ақ жал толқындар ереуілдеген шетсіз-шексіз теңіз түксиіп қарауытып қайнап жатты.

— Казинесі кең құдай-ай... көрсетпегенің көп екен ғой,— деді кемпір күрсініп. Онан бір кез Төлеуге жыны түсіп,— сорлы, теңіз жағасы деп ынтықты да тұрды. Сондағы тапқан Жиделі байсыны мынау ма? Адыра қалсын. Жері кең болғанмен пиғылы тар ел ғой,— деп еді.

— Елге тіл тигізіп қайтесің. Әлгі жалдаптан басқа кімге пана сұрап бардың? — деп қыз анасын қайырып тастады.

Төлеу үнсіз. Басқа үміт қалмаған соң ілгері жақтан талып естілген әлгі сарынның сырын білмесе де, әлдеқандай бір тіршіктің тынысы шығар деген дәмемен түйенің басын жетелеп, бүгежектеп келеді.

II

Ертеңіне Ебейсін көрші ауылдарды аралап, соғымға сойған малдың тері-терсегін жинап жүр еді. Ебейсіннің бұл ең сүйетін кәсібі: қырдан көшіп келген кісілер қораға таяу арада ғана кірген; төсек-орны әлі дұрыс жиналмай, абыр-сабыр боп жатқан ауылдардың итін арсылдатып семіз сары атпен ел шетіне кірді. Бұл кезде қазандық, пешін жөндеп, отының есік алдына үйіп, соғымын сойып алған үйлердің қайсысына кірсең де көңірсіп қазан толы ет буы бұрқырап пісіп жатқан үстінен шығасың. Дәп осылайша ел ішінен тері-терсек жинап жүрген Ебейсінді бір күні Тәңірбергеннің атқосшысы — ақи көз жігіт іздеп кеп:

— Мырза шақырып жатыр. Кәне, дереу атқа мін,— деді.

— Ебейсіннің беті балшықтан құйғандай боп қабарып тұратын-ды. Мына хабарды есіткенде бұрынғыдан бетер міз бақпай меңіреуленіп алды.

— Әй, саған айтам...

— Әкіреңдеме! Мұнда шаруам бар.

— Шаруаң қашпас. Ұят боп жүрер, мырза тез жетсін деп жатқан.

— Көрерміз.

Ақи көз жігіт кеткесін, кідірмей Ебейсін атқа қонды. Жаңа ғана майлы етке тойып, буы бұрқырап шыққан жігіт күзгі қара суыққа қыңбады. Түлкі тымағын көзіне баса киіп алды да, қарсы алдынан соққан желге қасқая қарап тартып кетті. Күн қанша суық болғанмен семіз сары аттың қос бүйірі тақымын қыж-қыж қайнатып келеді. Қыр басына көтеріліп, үлкен айдау жолға түсіп алғаннан кейін Ебейсін ендігі калған жерге қам жемеді. Осы жолдың басқа бір жаққа бұрылмастан Ақбауырда отырған бай ауылдың дәл үстінен құлайтынын білді.

Ол таяу арада ғана Шалқардан қайтып келе жатып, мырзаға соғып, базарға қосқан малының пұлын беріп кетіп еді. Мырзаның іле-шала іздеу сап, соңынан кісі шаптырып жатқанын жақтырмады. «Түсінсем не дейсің?» — деп бер жағынан дал болғансыса да, ар жағында, жүрегінің түсында бір күдік шаншудай қадалды да тұрды. Тон киген ауыр денесі сары аттың арқасында шайқалақтап келеді. «Бір шикілікті сезді-ау, ә? Өткен кездегілердің бірі ме, әлде осы жолғыны біліп қалды ма? Осы жолғысы болар...» — деп топшылап, кенет тыжырына қап, қозғалақтап отырды. Осы жолы да ол мырзаның базарға қосқан бір үйір жылқысының

үстінен үш аттың пұлындай пайда көрген-ді. «Қап, не қылғасың! Алысқа көз асырып жіберу керек-ақ екен»,— деп өкіне түсті де, кенет ол «әй, мейлі!..» — деп ойлап, қолын бір сілтеді. «Мейлі, білсе біле берсін. Онықін де біледі».

Осыдан кейін мазасын алып келе жатқан әлгі күдік сап болды. Бар болғаны: бір кезде берген қарызын қайтарып алған кісідей сезіп, көңілі жай тапты.

Ебейсін енді мырзамен беттесуден де тайынбайтынын байқады. Ертеден бері бұлаң құйрықпен келе жатқан семіз сары атты тебініп қалды. Осыдан кейін жүрісін бәсеңдетпеді. Күз айының қысқа күні жортып кеп Ақбауырда отырған малды-жанды ауылдың үстінен құлады. Ауылда адам, қара көп екен; қашаннан келім-кетімі үзілмейтін бай ауыл, әсіресе Жасағанберген құрт ауруға шалдығып, оқуын тастап келгеннен бері қонақтан көз ашпай қойып еді: Тәңірберген үйінің алдында қаңтарулы тұрған көп аттың күміс ер-тоқымдары жарқ-жұрқ етіп бұл ауылдағы бүгінгі қонақтардың түсі бөлек екенін пәш етіп тұр.

Тәңірберген әдетте күндізгі қонағын бәйбішесінің үйінде қабылдап, кіші әйеліне кешке жатарда ғана баратын. Тұтынған дағдысын қатты ұстайтын мырзаның осы қазірде қонақтарының арасында отырғанын білгесін Ебейсін үлкен үйге туралап келді. Сары ат үйірсіреп, қайта-қайта басын бұрып ап белдеуде тұрған аттарға оқырана бергесін, Ебейсін тебініп қалды.

Қара қатқақ жерді дүсірлетіп бастырып кеп, есік алдына тоқтады. Бойы мұздамай, қасы, кірпігі қырауытып буланып келген қалпы атын белдеуге байлай салды да, ішке кірді.

Төр алдында жатқан жуандар Ебейсінді көргенде бастарын көтерісті. Сырттан кірген кісіге кейбірі қолын көлегейлеп қарап, көзі көрмегендері «бұл қай бала?» деп жанындағыдан сұрады.

— Ебейсін ғой.

— Ә, Ебейсін бе? Е, с, бері кел!

— Жоқ, бері кел, өзімнің қасыма отыр!

— Ал, кәне, ауыл-аймақ аман ба?

— Бала-шағаң сау ма?

Ебейсін өзіне осынша ықылас білдіріп шұрқырасып жатқан кісілерге омырауын аша қоймады. Қайсысы қай елдің — байы, қай рудың — «қара сақал», «ақ сақалы» екенін де түстеп танымады. Ішке кіріп келе жатып, төр алдында дуадақтай-дуадақтай боп теңкиіп жатқан жуандардың сырт тұлғасын шолып өткен-ді. Ол қолдасып амандасып жатып, мына кісілердің май жаққандай жылтыраған сақал-мұртына

қарап, бұл үйден сыбағалы қонақасын жеп алғанын шамалады.

— Ебейсін қарағым, осы сен таяу арада қалаға барып қайттың ба?

— Иә, ақсақал...

— Базарға түскен екенсің ғой? Биыл мал сыңайы қалай екен?

— Мал арзан...

— Апыр-ай, ә?! Арты жақсылық болса жарар еді...

Осы кезде Тәңірберген кірді. Амандаспақ боп қолын соза түрекелген Ебейсінге ол көз қиығын да салмай, киімшең бойымен сыздана басып төрге шықты. Ебейсін мырзаның қылығына құрттай зәбірленген жоқ.

Ол тек біртүрлі таңданған кескінде түсынап етін бара жатқан Тәңірбергенге салбыраған бөрі қабақ астынан салқын ғана көз тастады. Жайшылықта жұмулы жүретін көзінің жанарында, айрықша сазарып үнсіз қарағанда адам бойын мұздатып жібергендей суық ызғар бар екен.

Қонақтар ыңғайсызданып қалды да тымақтарына жармаса бастады.

— Тәңірберген-жан, біз енді жүреміз.

Тәңірберген шешіле қоймай, басын жай ғана изей салды.

— Бауыр сенікі болғанмен Жасанжан бәрімізге ортақ, жөні басқалау бала ғой. Саржамбас боп жата бермей біздің ауылға да кеп, бой жазып қайтсын.

Тәңірберген бұл жолы да үндемеді. Қонақтар бір-біріне қарап, ымдасып алды да, жапырылып түрегеле бастады. Олар шыққасын да ызаға булығып отырған Тәңірберген бірден үндемеді. Қонақтардың сыртта ауыл итін шұлатып аттарына мініп, қош-қош айтысып кетіп бара жатқан дыбыстарына құлақ сап отырды да, кенет есіне шаруасы түскендей Ебейсінге оқыс бұрылды.

— Әй, алаяқ! Бірге тумасаң да осы ауылдың бір адамындай боп бауырымызға кіріп жүруші едің. Сөйтсем, кісі хақын жеуге келгенде, сен қара бетке алыс-жақынның бәрі бір екен ғой.

Ебейсін ертеден бері көзін төмен салып меңіреуленіп отырған-ды. Кенет ол күліп жіберді. Онда да, бөккен балшықтай тобарсыған жалпақ бетінің бір жері бұлк етпестен, тек қана бір танауымен мырс етті. Тәңірберген жарыла жаздады.

— Ой, сұмырай! Бұл сұмырай басқаны қойып, енді бізге ауыз салмақ қой. Солай ғой? Ар қайда, а?

Енді оған Ебейсін таңдана қарады. Өңінде «не деп отыр, мынау? Ар дегені не?» — деген сұрақ бар; ол, әдетте ел ішінен жүп-жұрқа жинап, не әлде базар базарлап қайтқанда, жол бойы алған, бергенін есептеп «пайдам», «залалым» немесе «ұтқаным», «ұтылғаным» деген екі ауыз сөзбен бүйірінің бір жағына тығып тастаушы еді. Бұның ойлап шығарған түті жоқ. Өмір заңы осылай: ұтсаң — өрісің толы мал, қазаның толы — ас. Кеңілің қош, түнде тыныш ұйқтайсың. Ал ұтылсаң — ішер ас, киер киімге жарымайсың. Өз қатарыңның азы мен тозы боласың.

Ебейсін бас-аяғы екі ауыз сөзбен айтылатын осы бір опоңай ұғымды мырзаның осынша қиындатып отырғанына мәз болды. «Ақымақ екен ғой, мынау!» — деп түйді ішінен. Артының іздеушісі мықты малдарды, сол жолы Жем бойы мен Ырғыз, Торғай жақтан келген Шөмекей саудагерлеріне сатып, алысқа көз асырып жібермегеніне өкініп:

— Не қылса да... менен бір қате болды,— деді міңгірлеп.

— Қате емес! Бұл қиянат. Біяге істеген қиянатың,— деді Тәңірберген Ебейсіннен екі көзін айырмай, сұп-сұр боп қадалып. Әншінде қырына алғысы келгенде ол басқа кісілерше бет жыртысып, айтысып жатпай-ақ көңіліндегі ойын көбіне қасы мен қабағынан аңғартып, сыртын суық ұстап отырып та жылан арбаған торғайдай тұралатып тастаушы еді. Осы жолы оған күші бұрын әзірлеп қойған ауыр сөздің бәрін айтты. Неғұрлым опасыздығын бетіне басқан сайын, солғұрлым амау да мырзаның өзіне істеген озбырлықтарын бірінен соң бірін есіне ала берді. Өзгесін қойғанда өткен жылы осы Тәңірберген сенімді-сенімді деген жігіттерден қол ұйымдастырып, Ебейсінді бас қып бір түн ішінде түрікпен жеріне аттандырды да жіберді. Сапары сәтті боп, со жолы түрікпеннің бір үйірдей жылқысын қуып әкелді. Және жылқыны ала сала ауылға тартқан жоқ. Олар Тәңірбергеннің ақылын тыңдады: ар жағында түрікпенмен күнде жауласып, аты белдеуде тұрған Адай, Табын рулары бар. Жылқы алған жігіттер қуғыншыны адастыру үшін ат ізін әдейі алысқа тастап, Адай, Табын елінің үстін басып орағытып келген-ді. Тағы да осы Тәңірбергеннің айтуы бойынша олар өз ауылына да білдірмей, түнде, ел жатқасын ғана келді. Онда да, жылқыны ауылға жақындатпай, бір тасаға ініп тастап жалғыз кеп хабар берді.

Осы араға жігіттердің де, жылқылардың да болдырып жеткенін айтты. Әсіресе, сүргінге ұшыраған жылқыларды бір күн қозғамай, солығын басып алғанды жөн көретінін айтып еді, Тәңірберген көнбеді. Керек десе, атының терлігін

де құрғатпай, келген ізімен қайта қуды. Түрікпеннен қуып әкелген Текежәуміт үйірін Ұры шыңына, шатқал арасында жасырын ұстайтын жылқыларына қосып жіберді. Бұны да бейқам ел ұйқыда жатқанда бір жанға білдірмей істегендіктен шеттен келген сонша көп жылқы суға батқан тастай жым-жылас жоқ боп кетті. Сүйте тұра, бұған «кісі хақын жедің»,— дел қожаңдайды. Түрікпен жылқылары кісі хақы емес пе? Сонша тегін олжадан не татырып еді? Ер-азаматы ат үстінде әзір тұратын жауынгер елдің жылқысын қуып әкету оңай боп па еді?

Ебейсін үндемеді. Тәңірберген итсің, нәсілсіз қайуансың деп, жер-жебіріне жетіп тілдеп жатқанда да, ол жұмған аузын ашпай, қабағы салбырап, тобарсыған қалың беті ішкі сезімін аңғартпай тұтас сіресіп тұнжырап отырып тыңдады.

— Әй, залым, есітемісің?..

— Не-ні?!

— Малымды жедің.

Ебейсін түкке түсінбегендей, ныгын қозғады да қойды.

— Малымды қайтарып бер! — деді Тәңірберген зіркілдеп.

— Мақұл, мырза. Ақшалай аласың ба, әлде малдай қайтарайын ба?

Тәңірбергеннің аузына сөз түспей қалды. Ебейсін қойнынан бір буда ақша алып базардағы машықпен асықпай, шытырлатып, бір-бірлеп санап шықты да, Тәңірбергенге ұсынып еді, Тәңірберген қолын соза қоймағасын асынып отыр деп ойлап:

— Ауылдық жерде мал түк болмайды. Мырза, мен базар нарқымен беріп отырмын,— деп ақшаны алдына тастай салды.

— Жоғал!.. Шық үйден!..

— Жарайды, мырза. Екіншілей тек базарға басқа кісіні жұмсарсың.

Ебейсін артық салғыласпай, тұрып жүре берді.

III

Күз басынан бері қызыл шұнақ жел қылшылдап тұр. Қара жер тоң боп қатып қалды. Шық түспеген шөп басы пышырлап құп-құрғақ. Теңіз беті де көптен бері тұманданбай, түтігіп қарауытып жатты. Күнде ертеңгісін шағырмақ ашық аспанға суық қоралаған жүдеу күн көтерілді.

Биылғы күз жылдағыдан гөрі ұзаққа созылатын. Жауын-шашынсыз ызғырған қара қатқақ суықтың зәрі сынбай, осы

бір қылашылдаған қалпымен қарлы қысқа қалай ұласқанын аңғартпай қалатындай еді.

Ойда жоқта көк жүзін бұлт торлады. Жел басылды. Ілешала қар қыламықтап, жер бетін жеңіл кірбік басты; жыл басынан етек-жеңі кең жүрген шаруа ертеңгісін ояна сала бір түн ішінде бар дүниені аппақ қып басып салған қарды көргенде, қорқып кетті. Отын, шөбін тасып, қора-қопсысын қамдап, қыс жабдығына қауырт кіріспесе болмасын байқады. Осыған ойы талпынса да, қолы бармай желкесінен кежегесі кейін тартып жүргенде күн райы өзгерді. Теңіз беті буланды. Жыл бойы мал тұяғы тимеген жағалаудың қау шөбі шыққа малынып, күзгі күн қанжылымданып былжырап тұрды да, ақырында құйып жаңбыр жауды.

Мал баққан ала көбең шаруаның онан сайын зәресі ұшты. Аузын ашса айтатыны қолдағы азғана малдың қамы: «Ай, биыл тағы сорлап қалмасақ қайтсін. Осыдан кейін аяз соғып, жер қатып, көк мұздақ болатын шығар. Кәдімгі мал ішін бұзып, қой-ешкінің тұяғын қиятын мұздақ...» — деп қорқып отырғанда, күн райы шұғыл өзгеріп, бұл жолы тағы да шаруа ойының ізінен шықпады. Жауыннан кейін екі-үш күн қатарынан шырадай ашық болды. Шөп басы шықтанып, бетеге, жусан бөртіп, бүрлене бастады. Желсіз сары шуақта осының алдындағы қар мен жаңбыр суынан кейін миы шығып езіліп кеткен жер реңі қазір өзгеше. Қазір көктем қайта келгендей бет жағы бусанып жатқан. Сонан бір күні түн ортасы ауа бергенде ышқынып қара дауыл соқты. Есік, терезелер сартылдап, жапқышы ашық қалған пеш көмейі гүрілдей жөнелді. Үскірік жел суырған жусан түбінің топырағы әп-сәтте-ақ жалаңаштанып ырсиып қалды. Қатты жел сөлін сығып алған сары дала тақтайдай таңқылдап кеуіп қалды. Ірі қаралар ық іздеп, қой-ешкі бүрсеңдеп қора түбіне сүңгіді. Сыртқа шыққан кісі үскірік желге шыдамай жалт бұрылып ішке тығылып жатқаны.

Төлеудің үйі жар басындағы балықшылар ауылына орналасты. Кешегі қара суықтан кейін сабалап жауып кеткен алғашқы қармен араласа қимылдап жүріп, көптеп-көлемдеп жерқазба салып алды. Төлеу мен Қалау есіктің орнына алаша ұстаймыз деп қайта-қайта қолдарын үрлеп, ысылдап-пысылдап жатқанда, мына жақта Кенжекей мен Балжан бар шаруаны тындырды: балшық иледі, ішке кесек тасыды, қазан орнатты, Айғанша да жеңгелерімен жағаласып жүгіріп жүр. Қолы, бет-аузы балшық-балшық. Жұмыс істегеніне, аға-жеңгесіне жәрдем бергеніне мәз. Қазір қазан орнатып, от жағып үй ішінің рақаттанатынын ойлап, осы суықта маза-

сы болмай, бүрсеңдеп жүрген ықылассыз кісілердің арасында қара көзі ұшқындап, ұшып қонып, зыр жүгіріп жүрген жалғыз өзі ғана. Ағаларына айтқанын істете алмаса да, екі жеңгесіне мәгіби. Бір ананы, бір мынаны істе деп, Балжан мен Кенжекейдің тізесін бүккізбеді. Күні бойы қыз күлкісі, қыз үні құлақтан үзілмеді.

Қара кемпір қызына дән риза. Күліп қояды. Кейде қос ұлына да көз тастап шытынып қалады. Әттең, осы кішкентай қыздың талабын құдай ана екі ұлына бермеді-ау!

— Қазан көтеріңдер, балалардың қарны ашты,— деді кемпір келіндеріне.

— Отын жоқ қой, әже,— деді Төлеу.

— Ей, заман-ай! Әйел ерге, ер жерге қарайды деген осы. Балам-ау, отын болмаса, құдай айтқан түйе бар. Қолыңа кетпен ал, қасыңа келіншектеріңді ерт. Сүт пісірімдей уақытта бір түйе отын әкелесің.

— Ой, қойшы. Күн суық... Кісі бетінен басады.

— Жұмыс істесең — жылынасың.

Төлеу түрегелді. Келіншектеріне бұрқылдап кейіп жүріп, күпісін киді. Белін буды. Бөксесін көрпемен орап ап отырған сырқат шешесінің алдынан бұртаңдап әрлі-берлі өтіп жүріп, хал'н сұрамақ түгіл, көз қиығын да тастамады. Апыр-ау, осы шіркін кімге ұқсаған. Әкесі марқұм ақжарқын болатын. Үйір-үйір малы кең далаға сыймай жатса да, қашан көзін жұмғанша қатын, баланың қамын ойлап жарғақ құлағы жастыққа тимеп еді. Өзінің де қол қусырып отырған кезі болмапты. Әттең, не пайда, кәрілік пен сырқат қабаттап кетті. Әсіресе, осы сырқат өзіне қатты жабысты. Оң жақ бүйірінен қанжардай қадалып тұрып алды. Құттай қозғалса бар денесі қан-қақсап жаны бірге шыға жаздайды. Іштен жабысқан дерт сүйек-сүйегін сырқыратып алып бара жатса да қиын кезде бала-шағаның берекетін алмайын деп, күш қайтқан бойдан қайрат шақырып келеді. Бірақ кәрі дененің қажыры қаншаға жетерін кім білсін.

Кемпір күрсінді. Таң атқалы тыным көрмей жүрген қызын ойлап ана жүрегі егіліп отыр.

— Айғаншажан-ай, шаршадың ғой, азырақ дем алшы.

— Жоқ, жоқ, апа...

— Салқын тиер, тым құрыса сыртыңнан киім киші.

— Жоқ, апа, дәнеңе қылмайды.

— Әй, қыз, айтқанды тыңдайсың ба, жоқ па. Қайт кейін...

Айғанша бір шелек үйіндіні қып-қызыл боп көтеріп, сыртқа ала жөнелді. Қап, мына қызды-ай, сорлы балаға сал-

кын тимесе қайтсін. Осының бәрі Қалаудан ауыспайтын шаруа. Құдай қылса қайтесің, есікке қамсау істеген соң басқа шаруа бастан асып жатса да қайрылмай, жүк үстіне сұлай кетті. Қара тонмен басын бүркеп алды.

— Әй, жарқыным, тұр. Ана қызға жәрдемдес.

Қалау тон астында қобыр-қобыр қимылдап қозғала түсті де, тым-тырыс тына қалды.

— Әй, тыңдайсың ба, саған айтам...

Қалау бұл жолы да басын көтермей, тон астынан күңкілдеп бірдеңе деді де үні өшті.

Сыртта ит үрді. Түйе бақырды. Ата-бабадан бастап боқтаған Төлеудің бейпіл даусы естілді. Қара кемпір балықшылар естіп қала ма деп жерге кіріп барады.

Балжан мен Кенжекей бір-бір құшақ отын әкелді. Лаулап жанатын томар жусан. Кешегі жаңбырдан кейін екі-үш күнгі жадыра шуақта басы шашақтанып, бүрлене бастапты. Қатарынан екі құшақ жусан ішке кіргенде, әлгінде ғана өлі кесек пен су топырақтың сыз иісі кісі тынысын ауырлатып тұрған үйде кенет дала шөбінің иісі бұрқырап қоя берді.

Кенжекей от жақты. Жалпылдақ отын лаулай жөнелді. Қара қазан асты қапелімде қызыл шоққа толып, от сәулесі жарқылдап, ту-ту түнеріп тұрған қашық бұрыштар да лыпылдады.

Қазандық алдына төсек жайылды. Сырқат кемпірден бастап тоңған-жаураған қатын, балалар отқа жақындады. Түгі шыққан боп-боз беттер отқа қызып, қуқыл реңдерге қан жүгіре бастады.

Қалау басын көтерді. Таңырайған шолақ танауын жоғары созды. Түтін шалған от иісімен дем алды.

— Тамақ істедіңдер ме, әй?

Айғанша сықылықтап күлді.

— Жұмысы ауыр ғой, тамақ беріңдер.

— Әй, қыз... тыныш отыр, шашыңды жұлармын! — деді Қалау. Күлкісін тия алмай, сықылықтап жатқан қарындасына тағы бірдеңе дегелі оқтала түсті де оқыс тоқтады. Сыртқа құлағын тікті. Үйге қарай келе жатқан кісілердің аяқ тықырын есітті. Үсті-басы сықырлап екі балықшы кірді. Күні ұзын су үстінде болып, жел қағып, суық соққан беттер қара қошқылданып бартиып ісінген. Қарлыққан дауыстарымен «кеш жарық»,— деді. Қолдарына ұстай келген балықты қазандық жанында жатқан отын үстіне тастай салды. Тірі сазандар сап-сары бауыры ошақтан түскен от сәулесіне шағылысып бір-екі шоршып аударылып түсіп еді, бұрын балық

көрмеген Төлеудің кішкентай балаларының көзі атыздай боп аналарының бауырына тығылды.

Мөңке мен Дос ошақтың алдына тізе бүкті. Жылы жерге кіргесін-ақ қасы мен кірпігіндегі қырау еріп, сіркедей тамшылар мөлтілдей қалды. Балықшылар бел шешіп отырмады. Өздерінің үстіне көшіп кеп үй боп ірге тұрғызып жатқан кісілермен әлі үйренісе қоймаған. Кібіртіктеп әңгіме де туа қоймады. Әрі-бері үнсіз отырғаннан кейін екі балықшы мыналардың жаңа қоныстарына құтты болсын айтты да, үйді-үйіне кетті.

Кенжекей мен Балжан балық союға кірісті. Кішкентай балалар аузын ашып қызықтап қарап тұр. Қалау мен Төлеудің де есі кетіп ентелеп қапты. Көп ұзамай балыққа тоятынын білген ағайынды жігіттер көңілденіп, жымыраңдап күле бастады.

— Апыр-ай, берекет теңізде екен!

— Айтары жоқ. Қара жерге қолдан егіп шығарған астықтай емес, рақат мыналарда екен ғой. Қорадағы малың сияқты сары сазанды үй іргесінде жатқан мына теңізден күнде шетінен ұстап әкеп соя береді-ау, шамасы.

— Төлеу аға, сен... сен уылдырығына қара. Майға бөктірген тары сияқты. Ойбай, әне бір аппақ қуығы не?

— Әй, балаларым,— деді қара кемпір.

Қалау мен Төлеу соққы астында бұққандай мойнын ішіне тығып, тына-тына қалды.

— Жаңа тілектің үстінде тұрсыңдар. Реті келді. Тайлақты сойыңдар! — деді кемпір.

Қатар отырған ағайынды жігіттер көзінің астымен бір-біріне қарап, қуаныштарын жасыра алмай, күліп жіберді.

Төлеу тілге келмей пышақ іздей бастады. Үй шаруасына арам өліп бара жатса араласпайтын Қалау да алақанына түкіріп құлшынып шыға келді. Шолақ танауы қаттырақ шуылдап, әркімге ыржалақтап бір қарады. Онан есік алдында күйіс қайырып жатқан тайлақтың қасына барды; алды-артына шығып жалақтап жүріп «осының бәрі ет-ау,» — деп ойлап, тайлақтың қарамына көңіл тойып жабу сыртынан қомын, өркешін басып көрді; әсіресе, тіп-тік өркеш жас қыз емшегіндей тері астында тырсылдап, тып-тығыз май сауса-ғын батырмай қайта теуіп жібергенде, Қалау «о-оһо» деп күліп жіберді. «Әлгілер қайда. Істері бітпейді. Неге кешігіп жатыр»,— деп Қалау аға-жеңгесіне түтігіп, ызалана бастады.

Әйелдер арқан іздеді. Өреше жақта табақ, шелек даңғырады. Көп ұзамай пышағын, арқан-жібін, ыдыс-аяғын

алып, сырқат кемпірден басқалары дабырлап опыр-топыр боп сыртқа шықты.

Қара кемпір іште жалғыз. Жаңа қонысқа кеп орналасып жатқан балаларына әркездегідей жақсы тілек тілеп, көңілін аққа ұйытып отыр. Тілі — дұғада. Құлағы — сыртта. Тайлақ бақ етті. Иттер ырылдасты. Келіндерінің шаңқылдаған дауысы шықты. Іле-шала Қалау мен Төлеу жылы буы бұрқыраған етті ырсылдап көтеріп әкелді. Тай қазанға толтыра ет салды. От жақты. Ет піскенше шыдамай өкпе-бауырды турап қуырдақ қуырды, көңірсіген ет иісі үй ішін алып кетті.

Көңілді кісілер қауқылдасып жатыр. Қатынның да, еркектің де қолында бір-бір қасық; майлы қуырдақ быжылдап жатқан қара қазанның жанында сойдауылдай екі жігіттің кешкі көлеңкелері ерең-серең етіп, үңіреңдеп ашқарақтана ұмтылып жүр. Үй сыртындағы ұлыған жел, сүйегіңнен өткендей суық, өкірген теңіз, осы қазір мыналардың бірде-бірінің ойын бөлген жоқ. Кешегі қара суықта ығы жоқ мидай жазық даламен күн-түн қатып көшкендері, онан тас бүйрек Ебейсіннен көрген зәбірлері ұмыт боп есінен шығып кеткен. Майлы етке тойып қызара бөртіп алған кісілер жиі-жиі күліп, әзілдесіп, алдындағы асты бір-біріне ысырып, «сен же», «мен же» боп мәре-сәре.

Ертеңіне кеш оянды. Түндегі еттің тоғы басылмаған. Бойлары ауырлап, сүлесоқ тартып, үйқы басып, қайта-қайта есіней береді. Асқа да, іске де ықылассыз.

— Тұрыңдар, етті тұздаңдар,— деді Төлеу келіншектеріне.

— Сабыр ет, балам,— деді кемпір.

— Неге, әже.

— Қалған етке көршілеріңді шақырып жібер.

— Ой, атасына нәлет! Шақырмаймын.

— Ақылыңды шашпа, балам. Көп тілегі — көл деген. Батасы тиер.

— Батасын...— деп Қалау боқтап жіберді.

— Батасын бастарына шайнап жақсын. Ертеңгі күні өзіміз аш отырамыз ба? — деді Төлеу.

— Әй, ақылсыз балаларым-ай! Ертеңгі күндеріңді ойлағасын айтып отырмын ғой. Адам күні адаммен деген емес пе...

Қалау мен Төлеу көнбеді. Қалау түсініксіз бірдеңелерді айтып, бұрқылдап отыр. Ал Төлеу қатын, балаларға ақырып, үйдің ішін бір шыбықпен айдап қырып жібере жаздады.

Қара кемпір ішінен тынып шөгіп қалды. Ақылының

жеткен жері осы болғасын ұрысқаннан не пайда. Құлқынының қамынан басқа уайым-қайғы жоқ. Ертеңгі күні есіне кіріп шықпайды. Тайлақ етті таусылған соң қайтем дейді екен, бұл пақырлар. Ел ұлтаны — балықшылар. Мал, дүниесі болмаса да, іргесі бұзылмай бүтін отырған ауыл. Жөн білген кісіге ендігі жерде мына тас бауыр дүниедегі жалғыз жанашыр, жақының да, тумаң да, туысқаның да осылар. Жан бар жерде қаза бар. Ертеңгі күні үй ішінен біреу ауырса, кіріптарлық көріп қиындық іс басына түссе жер басқан пенделе көзіне көрінетін қасыңдағы қараң. Кеше ошағыңа таған қылып қақсаң да қасыңнан орын бер, босағаңа паналат деп қысылып келгеніңде, құшағын ашып қарсы алды. Ер-азаматы жабылып үй салып берісті. Жаңа балығын бөлісіп жатыр. Хан бол, қара бол мейлің, әркім сыйлағанның құлы. Орайы келіп тұр. Себеппен от басыңды көрсетіп, танысып, білісіп, жылы-жылы сөйлеп жүздерін жылытып алсын деп ойлаған ойын да ұқпаған.

Қара кемпір түрегелді. Келіндеріне ақылын айтып, басқарып-төскеріп жүр. Тайлақ етін екі қазанға бөліп салды да, ауылдастарына хабар берді. Қонақтар келгенше теңді шешкізіп, өздерінің әне бір болып-толып тұрған кезден қалған көне шапан, көне ішіктерді шығарды. Ал түгі қырылған көне кілем, көне текеметтерді төрге жайғанда жаңа ғана жел ызғыған жүдеу үйдің іші жайнап кетті. Қара кемпірдің өзі де таңырқап қалды. Қарны ашқан кезде Төлеу шіркін осы дүниелерге көз алартып тап-тап беретін. Бір жолы орта қап астыққа сатпақ боп жатқанда, үстінен шығып, ақырып, айбарымен алып қалды. Соңыра, өлгесін өздері білсін, ал көзі тірі тұрғанда, қорғап қалатын қауқары бар. Жер түбінен бермен қарай атадан балаға мирас боп қолдан қолға өтіп келе жатқан көне көздей ыстық дүниелерден өлмей айрылмақ емес. Өзіндік оқшау тірлігі бар киелі, қасиетті дүниелер. Бұның қайсысын алсаң да баяғы құдіретті ата-бабаларының ұлылығының ізі сайрап жатыр. Мына көне кілем, көне текеметке арғы-бергі заманның талай игі жақсыларының тәні тиді, иісі сіңді. Күйеуі болыс боп дүниені дүңкілдетіп тұрған ана бір айбарлы кезде, еңсесі биік ақ орданың төрінде осы кілем, тап осы текемет жатты. Бұның үстіне бай да, батыр да, би де отырды. Жармолдадан лау жегіп, күміс қоңыраулатып келген ояз начальнигінің өзі де осы кілемнің үстінде ақ жастықты қолтығына басып көлбеп жатып еді-ау! Ой, дүние-ай, соның бәрі, енді мінекей көрген түстей! Айтсаң — сенбейді. Өзгені қойғанда, алдымен өзіңнің балаларың сенбейді.

Қара кемпір теңнен шыққан көне киімдерді қолына алып бір-бірлеп анықтап қарады. Жас кездегі досын көп жыл өткен соң қартайған шағында қайта көргендей. Өзі сияқты бұлар да тозған. Жеңінің аузы қиылған. Түгі қырылған. Бояуы оңған. Жылдар бойы жүк астында жатып, жадынан шығып ұмытылып умаждалып мыж-мыж боп қалған көне киімдер ажары тайып, әжім түскен көне беттей.

Қара кемпір көңілі бұзылып бара жатқанын байқап, бойын тежеп қалды. Тыстан осы үйге беттеп келе жатқан кісілердің топырлап басқан аяқ дыбысы естілді. Қара кемпір орнына барып отырды. Басында балықшылар өз үйіне кіргендей, ештеңеден именбей, қауқылдап сөйлеп кірген-ді. Бірақ төрге жайып тастаған қызыл ала төсеніште көргенде, тіл, жағы байланғандай тына қалды. Бастап кірген Мөңке мен Дос та күн сәулесінен қымсынғандай, төмен қарап, аяқ киімдеріне көз тастады. Кейін кіргендер де алдындағы үлкендердің ығында ұйлығып, бір-бірін шынтағымен нұқи бастады.

— Өй, аяғыңды шеш!

— Аяғыңды шеш!

— Шеш...

— Шеш!

Қара кемпірдің ауру қажытқан өңіне ажар кіріп, насаттана түсті. Баяғы шаршысына кеп тұрған кезде үйіне келген кедейлеу кісілер дәл мына балықшылардай төрге беттей алмай, сипақтап есік алдынан кететін. Ол кезде ықыласы түскеніне ғана рай білдіретін...

— Неге іркілдіңдер, төрге шығыңдар,— деді үй иесі кемпір.

Балықшылар жапырлап аяқ киімдерін шеше бастады. Жас жігіттер Мөңке мен Достың соңын ала төрге шыққан соң да бір нәрсені бүлдіріп алатындай, берекеттері кетіп отыр.

Біраздан кейін бойлары үйренді. Қара кемпірдің көзін ала бере астарындағы кілемнің мап-майда түгін ескек қажап көк мүйізденіп қалған алақандарымен абайлап сипады.

Қара кемпір оны да байқады. Өзінің топшылауы бойынша осыдан кейін мына балықшылар бұны жапырлап ортаға ап ата-анасын, руын, тегін сұрауға тиіс. Көре қал, арғы-бергі тегінде батыр болған, бай, би, болыс болған кім бар,— деп қадалады. Олар сұраймын дегенше қара кемпір қай атасында қанша қора қой, қанша үйір жылқы болғанын есіне алды. Онан өзінің күйеуі жеті жыл болыс боп, жалпақ елді жапырып билеп тұрғанда қанша қыз ұзатып, келін түсіргенін, қалың мал, киіт, ас-тойлардағы сан түрлі сый-сияпаттарға

дейін есіне түсіріп шығып, енді мыналар сол жайлы қашан сұрар екен деп іштей әбігерленіп отыр.

Біразға дейін ешкім үндемеді. Сөзге шорқақ Дос басын бауырына алып, томаға-тұйық отыр. Анда-санда қазан жаққа көзінің астымен қарап, бұл кезде бір қайнап қанды көбігін сапырып жатқан жас тайлақ етінің иісімен қуана дем алып қояды.

Ал Мөңке кемпір күткен жаққа аяқ баспады. Кеш бойы ол кемпірден келіспеген бір нәрселерді сұрап, жер шалғай, *жол алыс, жеткенше қиындық көрген шығарсыңдар деді.* Бұл жақ қонысқа қалай екен деді. Онан ырызық-несібесі бірыңғай суға қарап отырған кісілердің қыр қазағынан біраз айырмасы барын айтып, қайда бір келіспеген өнімсіз әңгімелерді айтып ежіктеп кетті. Ата қонысын тастап көшіп, кәріпшілік хал бастарына түсіп отырған кісілердің көңілін делбегісі келді ме, қайтті, келесі жолы қарт балықшы теңіз жағасының тірлігін тіпті тасырта мақтап, күнделікті қазандық балығы мен шабындығын, отынын, суын көйтті. Соның бәрінде де қара кемпір қарт балықшының сөзіне жөндеп құлақ аспай, салғырт тыңдап, шала ұғып отырды. Қарт балықшының сөзіне ықылассыз, құлықсыз ілесіп, ернінің ұшымен жай ғана жауап қатады. Әлде де болса, ата-тегіне оралар деген әлсіз үміт көкірегінде сөнбей күл арасындағы шоқтай кәрі көңілін жылытып отыр.

Жастар жағы кеш бойы жұмған аузын ашқан жоқ. Үлкендер алдындағы дағдылы ибалығын сақтап, шәкірт балаша монтиып алған-ды. Қонақасыдан кейін ғана тілдері шыға бастады. Әнші, домбырашыларын арасына алып, өз алдарына шоғырланып отырды. Бетінен оты шыққан қара торы жігіт домбыра тартты. Бұндай жердегі әдет бойынша ауылдың алты ауызын айтты да, домбыраны қасындағы жігітке ұстатты. Ол қысылып қап, арғы жағындағы біреуге асырып жіберді. Домбыра осылай қолдан қолға өтіп, жүздерін жел қаққан жылтыр қара балықшы жігіттерді аралап шықты. Жаңағы қара торы жігіттен кейін жеке ән салуға ешқайсысының жүрегі дауаламады. Үй толы халық тұйыққа тірелгендей аңтарылып қалғанда, жігіттердің арасында үркердей боп бірыңғай отырған он шақты қыздың ішінен біреу шырқай жөнелді. Қара кемпір көзін уқалап жіберіп, қайта қарады. Бәтір-ау, мынау Айғанша ма, әй? Бәсе ертеден бері қасындағы біреу бірдеңе десе де беттерінен оты шығып, еріндерін тістей алатын осы ауылдың ұялшақ қыздарын қайрап отырған-ды. Ән бастар алдында да Айғанша қасындағы қыздардың құлағына бірдеңе деп сыбырлап, баста-

рын шұлғытып құптатып алды да, салмақты жүзін жоғары көтеріп, сезімге шабатын сыршыл дауыспен шырқай жөнелді. Балықшы жігіттер қыз әніне іле қосылып, өздерінің суыққа қарлыққан жуан дауысымен дүрілдетіп көтеріп әкетті.

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге алайын аттың терін
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұрақ белім,—

деп баяу басталғанындай қоңырлау баяу созып кеп, арманын ауырлатып бітірді. Ән үзіле бергенде қара торы жігіт ұшып түрегелді:

— Осындай жігітті де күйікке салған қыз шіркіндер қандай қатал еді!

Жұрт ду күлді. Ұялшақ қыздар беттерін қалқалап, төмен қарап, қызарып кетті. Тек есік алдында мұздай босағаға бетін сүйеп ұйып қалған келіншектер жаңағы қара торы жігіттің не дегенін, мына жұрттың оған неге күлгенін аңдамай қап, бір-біріне қарады. Мына ән келіншектердің үнемі сырқырап ауырып жүретін жерін бір-бір басып өтті. Баяғы ата-ана үйінде өткен қыз кезін — қысқа күнін, елін, жерін, суын, аға-жеңгесін еске салып, жаны жабырқап, мұңайып тұр. Төр алдында, бозбалалардың арасында ән салып отырған қыздың ішіндегі ең бір кішкентай кімі жұпыны, көзге қораш қызға да қызықтап қарады.

Кенжекей боп-боз. Ұйқысы кеп қыңқылдаған кішкентай қызын бауырына қысып алған. Көзіне құйылып кеп қалған жасты кірпігімен көлегейлеп, ернін тістелей береді. Әншейінде өңін алдырмайтын Балжан да тап қазір көңілін құйын соғып өткендей құп-қу.

Балықшылар әлгі бір ала қалжың, ақтай күлкіден тыйылып, тоя жеген астан кейін денесін ауырлағандай төр алдында жамбастап теңкиіп-теңкиіп жатыр. Күні бойы жағалау кілегейленіп қата бастаған теңіз үстінде боп, бойын суық алып шаршап келген кісілер енді қазір қандай қиындықты басынан кеше жүрсе де, өздерінің өмірінде де аз ба, көп пе, қуанышты шақтары болғанын ойлап, тірлікке тәубе қып жатқан-ды. Мына кісі-қарағa лық толған үйде су сепкендей тынып қалған жұрт кенет дір етті. Еңселерін шұғыл көтеріп ап, қорыл шыққан жаққа қарады. Қалау қара көлеңке бұрышта жарға жауырынын сүйеп қалғып отырған. Осынша жұртты баурап ұйытып әкеткен ән тоқтаған кезде, қасақана дәл осы сәтті аңдып отырғандай қор етті де өз дауысынан өзі селк ете қап басын көтеріп алды. Бірақ беті бұлк етпеді. Өзіне

жан-жағынан оқтай қадалған көздерді көрді де, қабағын қайта жұма қойды.

Қара кемпір қысылып қалды. Баласының бет өртеген ұяты бірақ сол бойда есінен тез шықты. Кемпір көңілін басқа бір әсерлі күшті сезім баурап алған. Қызын жаңа көргендей боп отыр. Кеш бойы қызынан көзін айырмады. Ақ жарқын, ашық мінезіне қарап, балаларымның ішіндегі әкесіне тартқан жалғыз осы қызым деп жүретін. Бүгін тағы да соған көзі жетті. Бір көргеніне қарамастан балықшы ауылдың қыздарын билеп-төстеп ұршықтай үйіріп әкетті. Қызының әнші екенін осы кеш алғаш рет көрді. Бұдан бұрын да талай топқа түсіп, ысылып алған сияқты. Әнді бастағанда тұс-тұстан өзіне сұқтана қадалған көздерден күттай да қымсынбастан әдемі қара қасын керіп тастап, бетінің ұшына қан тепсінген жүзін жоғары көтеріп, бар жанымен беріле айтады екен.

Қара кемпір жағасын ұстағандай болды. Қызым үйде — қылығы түзде деген осы. Иә, өзіміз де қыз боп өстік. Ата-ана байғұс қолында өсірген қызының қай қылығын біле беруші еді!

Қосылып айтқан әнді қара кемпір өз өмірінде алғаш рет көріп отыр. Бұлардың елінде үрдіс емес салт. Бұлар жақта айт, той, бастаңғы, шілдеханаларда — көл-көсір боп қанша халық жиналса да, бір кісі, екі кісі, тіпті әрілегенде үш кісі боп айтқаны болмаса, дәл мыналардай үй толы кісінің бәрі қосылмайтын. Және мыналар жазбастан Батақтың Сарысының әнін айтты. Сарының әнін өзі де жақсы көретін. Әне бір жылы Сарының сүйген жары — Қыз Қосанды көргені бар. Ол кезде өзінің келіншек кезі. Ерте көктем болатын. Шіркін, несін айтасың, қазақ үшін көктем айының орны бөлек қой! Қыс бойы әр шұқырда бір-бір үйден бұйығып, көрбасыр боп отырған шаруалар көктем айына көкірегі шерленіп аңсап жетеді. Күн жылынып, жер ала қанаттана бастағаннан үй ішін асығыс жинап, түйеге теңдейді. Жігіттер жақсы кимін киіп, жақсы атына мінеді. Кеш түсісімен бестен, оннан топтасып ап сұлу қыз, жас келіншегі бар ауылдыториды. Көктем айының талмаусыраған тәтті түнінде епті жігіттер талай ашық ауыз аңқауды қан қақсатып кетіп жатады. Ертеңіне түк көрмегендей көш бастап бара жатқан қыздың жанынан атын әдейі ойқастатып, күміс ер-тұрманы күн сәулесіне шағылысып жалт-жұлт етіп өтеді. Тіл қатуға жер тар. Көштегі кісі-қарадан қаймығып, көңіліндегі сезімді көзбен ғана жолдап, жалт етіп бір қарап, қыз жүрегіне шоқ тастап кететін еді-ау. Өткен күнде белгі жоқ. Өз қызығы өзімен кетеді. Қыз Қо-

санмен кездескеннен бері қанша уақыт өтті. Уыз бетке қаншә әжім түсті. Қанша шаш ағарды.

Қыз Қосанды ерте көктемде көрді. Жыраларда ақ жолақ қар жатқан. Жер әлі дегди қоймаған Малды, жанды ауылдың көші тырнадай тізіліп, жым-жырт далада жығыр-жығыр қозғалып келе жатады. Тақтайдай жазық далада бөгеліс болмаса да, жыра, сайлардан өтерде қиындық көріп, жүк артқан түйелер сабырлап қап, іркіс-тіркіс боп жайлауға беттеп келе жатқанда, ұмытпаса Торанғыл сайы... жоқ, жоқ, Тобылғылы сайдың бас жағында бұлар бір бай ауылдың көшіне кездесті. Иттер құйрығын қайқайтып ырылдаса қалды. Екі ауылдың ер-азаматы ат үстінде ніріліп, тіладесіп алды да, үзеңгі қағыстырып, қау-қау сөйлесіп қатар жүріп кетті.

Жас жігіттер кейін қалған көшке қайрылып кеп, көңілі құлап жүрген қыздан мүше алды. Сол бойда бірін-бірі шаужайлап, қау-қауласып шаба жөнелді. Бойына ылғал тартыг жатқан көде, көкбекті даланы дүсірлетіп, қапелімде көзден ғайып болды. Қатар әңгімелесіп бара жатқан екі ауылдың ересек азаматтары қара үздіріп бір қырдан асып түсті. Кейін қалған көш жосылып қалған ат тұяғының ізімен жүріп келе жатқан-ды. Екі ауылдың ер-азаматы ұзамапты. Тобылғылы сайдың аяқ жағында ніріліп тосып тұр екен.

Екі ауыл қатар қонды. Көкке тойған ұсақ малдар жағы жедел қонданып, алды төлдеп екі ауыл осы жұртта жіпсіз байланып ұзағырақ отырып қалды. Күн санап жас төлдер көбейе бастады. Сауылатын малдар мен ақ үрпіленіп желіндеп тұрған аналық малдар өріске бармай, ауыл маңында шұбартып жайылып жатты.

Қардан жаңада арылған дала күндіз көктем айының шуағында маужырап, бусанып тыныс алады. Алыста сағым ойнады. Ауыл бет алдындағы тобылғы өскен терең сайдың күн түспейтін көлеңке бетінде сары тап қар жатты. Кешегі күні үш ай қыстап кеткен жүзі суық қонақ ұмытып қалдырған белгі-бұйымдай. Күн санап көк көбейді. Басқа жер жаңа-жаңа тебіндей бастаса да, Тобылғылы сайдың арғы күнгей қабағында балапан көк масаты түктеніп тұтасып қалды. Басы бүрленіп келе жатқан көде, бетеге, жусандардың бауырынан да балапан көк қылтиып, ертең әлі-ақ әл бермей қаулап кететін құдіретті жас күштің алғашқы бір қуанышты белгісіндей боп кісі көзіне шоқтай басылды.

Қыстаудан шыққан ауылдың кәрі, жасы, ой, несін айтасың, көңілді. Түзде көбірек жүргісі келеді. Түндігін ашып тастаған алты қанат ақ үйдің іші жасауға тіреліп жайнап

тұр. Үй ішінен де тыстағы көктем нісі бір сәт үзілмей, күндіз-түні кісі бойы жеп-жеңіл сергек. Жас жүрегің лүпілдеп соғып, үнемі әлденені аңсап, әлденені қиялдап арманың үздігеді де жүреді. Ат тұяғы баспаған алысқа сапар шеккің, жаңа бір ел-жұртты көргің келеді. Алғашқы күндері-ақ қатар қонған екі ауыл бір-біріне ерулік беріп, шақырысып, араға аяқ-табақ қатынап қалды. Әсіресе, жастар жағының жолы болды. Екі ауылдың қыз-бозбаласы күн батса ауыл сыртындағы қара жалға жиналып, таң атқанша асыр сап ақ сүйек ойнады. Белбеусоқты, көрші-көрші, хан көшін ойнады. Енді бір кезде алтыбақан тепті. Алтыбақанға қыз бен жігіт қатар тұрып, кезек-кезек аспандап жүріп қосылып ән шырқады.

Ол күндері екі ауылдың жастарының аузында — Қыз Қосан. Бәрі ынтық. Бәрі құмар, әнін соған арнады. Сөзін соған бағыштады. Бірақ бнік қабақ, ашаң бойлы, ақ сұр қыз салқын. Бір жігітті бойына жуытпады. Со жылы Сары екінші рет қолға түсіп Жармола түрмесінде жатқан-ды.

Бір жолы алтыбақан теуіп жүрген қыз бен жігіт аңдамай Сарының әнін шырқады. Жастар тына қалды. Келесі кезекте ән айтқалы әзірленіп тұрған Қыз Қосанға қарады. Қыз Қосан төбеге келген ай сәулесінің астында жүзі бозарып, мұңайып алтыбақанға сүйеніп тұрып қалды.

Осыдан кейін ойын-сауыққа ешкімнің зауқы шаппай, күндегіден ерте тарады. Ертеңіне Қыз Қосан ауылы көшіп кетті... Ой, опасыз сұм дүние-ай! Өткен өмірде белгі жоқ. Сен із-түзсыз өткенмен соңында өкшеңді басып, көктемдегі көктей қаулап бұл дүниеге біз білмейтін басқа бір қауым келеді. Олардың өздерінің көктемі, өздерінің қызығы мен қуанышы болады. Қыз Қосан тепкен алтыбақанға біз білмейтін басқа бір қыз бен жігіт қатар тұрып, ай сәулесінің астында ынтығына арнаған әнін айтып үздігеді. Сен бармағыңды тістеп өткен дүниеден кейін басқалар да өтеді.

Қара кемпір күрсінді. Кенет көңілсіз тартып, ірі денесі көрер көзге кішірейіп шөгіп кетті. Шамның майы таусылды. Үй іші қоңырайып, қайта жүдеп, бұрыш-бұрышта отырған кісілердің тұлғасы қарауытып,- зорайып көрінді.

Мөңке мен Дос түрегелді. Бұның алдына кеп, құлағына еңкейіп бірдеңе деді. Қара кемпір түк те түсінбеді. Ол тек осы үйдегі қалған үлкендердің де ана екі балықшымен шалғайласа жапырлап тұрып, Төлеу мен Қалудың қолын қысып сәлем беттеп бара жатқанын көрді. Қара кемпір өзінен өзі көңілсіз тартты. Үй ішіндегі әнге де, әңгімеге де зауқы шаппады. Кейде титықтап қажыған кәрі денесіне қайрат шақы-

рып, өзін өзі зорлағандай боп, жанындағы жастарға құлақ асқысы келсе де, кәрі өмір саябырлап сабасына қайта түспеді. Я, тән тозады, жан да тозады. Тек қашан көз жұмғанша, кісінің жады тозбайды. Тасқа қашап жазғандай тірлік ізі жадында сайрап тұрады екен. Күндердің күнінде адамның түбіне жететін, ішінен кеміріп үңгіп, жеп жататын жалғыз жебір жауың болса, ол, тегі, осы жадың болар-ау!

Қара кемпір шаршады. Өз денесін өзі ауырлап тезірек жатқысы, тезірек ұйықтағысы, берекетін алған бар нәрсенің бәрін ұмытқысы келді. Бірақ мына жастардың әзір тарайтын ойы жоқ. Бәрінен бұрын Айғанша талатын емес. Қара торы беті нұрланып, гүл-гүл жайнап кеткен. Қоңыр көлеңке үйде қап-қара көзі де қатты ұшқындап, бір әннен соң бір әнді шырқап отыр. «Е, алла, біз көрмеген қызықты осы қарағым көргей еді де!» — деп ойлап, бейуақ кеште балапан басқан ұяда қонақтап қалған үлкен құстай ұйқы қысқан көзінің ағы айналып кетіп отыр.

IV

Келесі күні қара кемпір төсек тартып жатып қалды. Алғашқыда алып-жұлып бара жатқан ештеңе болмас, қайтадан аяғыма басып кетермін деп ойлаған-ды. Бірақ күн санап денесін топырақ басқандай тұла бойы көтертпеуге қарады Ауруы деңдеп әкетіп бара жатқан денесі әл-дәрменінен айрылып, бір дегеннен көз жанары сөніп кетті. Ол енді бетінің бері қарамасын білді. Үй іші тегіс ұйқыда жатқанда бұл таң атқанша кірпік ілмей шығады. Түнімен қайдағы-жайдағыларды ойлап, өзінің ертеректе дүние салған ата-анасын, кіндік кесіп, кір жуған жерін, басынан кешкен баяғы бір балдай тәтті жастық шағын, қатар-құрбыларын, оң босағада өткізген қызықты қыз дәуренін ойлай кеп әрқашан ең соңында күйеуін есіне алады. Бұрындары дәл бұндай жағдайда дұғасына кіргізетін. Бұл күндері ішінен күбірлеп: «көп ұзамаспын, қасыңа мен де барармын. Күт мені» — деп тынысы ауырлап дегбірсізденіп, демігіп жатады.

Өмірінің ақырғы күндерінде қара кемпір бір жанның бетін көргісі келмеді. Балаларының бар қылығы жынына тиді. Талап қып талпынайын деген ойлары жоқ. Кежегесі кейін тартқан тоғышар сорлылар қызыл іңірде жатқанына қарамастан күнде сәске түсте шаққа оянады.

Қонақтар кеткесін ертеңіне үйдің ішін қағып, сілкіп, от басын сыпырып отырыңдар деді. Кірген-шыққан кісілердің аяғының астында шаң-шаң боп жатқан мына бір ілініп алар азғантай дүниесі құрғырды тең арасына буып-түйіп қойың-

дар деп қанша қақсаса да, не келіндері, не балалары құлақ аспады. Уһ, құрсыншы. Өзіңнен күш кеткесін кімнің сөзін кім тыңдайды дейсің.

Осы бір ит ыржыңмен үш күн өтті. Төртінші күні де ассусыз ызғыған үйде ешқайсысы тұра қоймады. Еркегі де, әйелі де оқта-текте көзін ашып ап басын көтере түседі де, қайта жатады. Сонан олар сәске түсте шаққа тұрды. Ұзақ ұйқыдан беттері ісіп кеткен екен. Кемпір қара тырнағына дейін күйіп жатыр. Осы үйде қазан көтеретін шама жоқ. Аш балалардың төсектен тұра сала аналарына қыңқылдап, мазасын ала бастағаны анау. Ал мына иттердің миына кіріп шығып жатқан жоқ.

Төлеу төсектен керіліп-созылып шаққа тұрды да, сыртқа шықты. Іле-шала ышқыр бауын шала-пұла байлап ысылдап-пысылдап ішке жүгіріп кірді.

— Түрі жаман!.. Ғаламат! Мына дауылға ұшырамай, баспана салып алғанымыз қандай абырой болды,— деп қуанып еді; пеш түбінде екі ұрты салбырап, қалың қабағын қарс жауып жатқан кемпір мырс етті:

— Қасқа кедейдің күні осы да: отырса да — тәубе, тұрса да — тәубе.

— Әже-ай, мені тақымдай беретін болдың-ау. Баяғы бағың, баяғы дәуреніңді аңсай бермей барға қанағат қып тыныш отырмайсың ба,

— Мына шіркін не дейді. Баяғың не, мен кешегі күніме зар боп отырған жоқпын ба?

— Ол күн де жоқ... аңсамай-ақ қой.

Кемпір шаншыла бір қарады да, шоқпыт көрпемен бөксесін шапшаң қымтап ала қойды; үй ішіндегі жандарға ызғар шашып, сыртын бере бұрылып алды; әлгіден кейін у жұтқан кісіше үнсіз шөгіп қалғандай еді; бір кезде ол қайта көтеріліп:

— Мейлің, мен жасарымды жасадым. Жақсылыққа да, жамандыққа да тойдым. Ендігі қалған өміріме рақат тілеп отырғам жоқ, о дүниеден иман тілеп отырмын. Кәрі саулықтың өміріндей өмірім қалды ма, жоқ па. Бір тұтам тірлікте сендермен мал үшін жаманатты болатын жайым жоқ. Тіспей, тыныш отыр әрмен. Мал сенің өзіңе... кесер келлеңе керек. Қала берді ана үпірлі-шүпірлі сары қарын балаларыңа керек.

Төлеу тіл қатпады. Екі келіншек екі жерде бүрісіп отыр. Жақ жүні үрпиген жүдеу балалардың ойынға зауқы жоқ. Жел ызғыған мұздай үйде бұйығып, аналарының баурына тығыла түседі. Әлгіден кейін кемпір жасқа булығып, ызасы

ішіне сыймай кеудесі көтеріліп-басылып отыр. Ит өмірдің осылай аяқталарын біледі ме. Басқасы басқа болсын, ал ана көзін'ң қарашығындай кішкентай қарақтары қыңқылдап ас сұрағанда қайда кетерін білмейді. Ұяда шырылдаған сары ауыз балапан. Сорлы балалардың аузына ас әкеп салатын әке сиқы анау. Қатыгез өмірдің өздері үшін қызығы қалмай бара жатқанын байқаған сайын осы күні күнәкәр көңліне қайдағы бір кісі жаны түршіккендей жаман ойлар келетін боп жүр. «Байсыз, баласыз өмір сүрмеген екем»,— деп ойлайды. Онда екі ұлдың тірі күйігін тартпас едім. Мына келіндері де басқа бір дені дұрыс кісіге әйел боп, сорлылардың бақыты ашылып, түндігі бүтін үй астында түтін түтетіп отырар ма еді, кәйтер еді. Онда мына нақыр балалар да жарық дүниеге келмес еді ғой. Қаршадайынан жоқшылықтың зарын тартып, кінәсіз пәк жүрегі жер баурынан нәр ала алмаған көк шөптей шерлеп өспес еді-ау!

Уһ, қайтейін, баяғы асып-төгіліп жатқан ағыл-тегіл байлық көзден бір-бір ұшты. Оны аңсап отырған бұл жоқ. Өз басы осы күні жоқшылыққа да көніп алды. От басының тыныштығын тілейді. Құдай балаларына бақ бермесе де, талап бермегеніне ғана қынжылады. Осы шіркіндер бірдеңе десең бетіңнен алып арп етеді. Ата-ана байғұс ұрысса ақылын айтып ұрысады. Сен қайбір өзегіңді жарып шыққан балаңнан өш алайын, есеп айырайын деп ойлайсың.

Баяғыда үш баламен жесір қалғаннан бері, бұл шіркіндер, біле білсе анасы сорлыда басқа тілек болды ма. Күйеуінен қалған қорадағы малды көз алартқанның біріне талатпай, тайталасып өмір сүрді. Өзінен әл кеткесін ғана желіден мал кетті. Оның үстіне ата қонысын тастап көшкелі дертіне дерт жамады. Ата-анасын, күйеуін жерлеген, балаларының кіндік қаны тамып, тер иісі сіңген жерін тастап көшіп бара жатқанда, дәл бір ішін ит тырнағандай болды. Туған жерден бекер көшті. Теңіз жағасына келгелі Төлеу өнімсіз істің соңына түсіп алды. Етік жамайды. Желіде түйесі толып тұрғандай мұрындық жонады. Осы қазір таспа сыдырып отыр. Кіші баласы — Қалау төр алдында күпімен басын бүркеп ап, қорылдап ұйықтап жатыр; осыдан ол ас ішерде ғана оянады; ас үстінде қазан ұстаған әйелмен жағаласып, қасығы қолында жүргенін көргісі келмей, қарт ана дені сау кезде сыртқа шығып кететін. Ауырғаннан бері бетін іргеге беріп, теріс қарап жататын боп жүр.

Кіші баласы бүгін тіпті кеш оянды; ұйқыға бөккен беті манаурап, көзі ісіп, қабағы жұмылып кеткен. Жастық батып, жайсыз ұйқтағаны көрініп тұр: уқалаған көндей боп

жастық батқан бүтін бір жақ беті мыж-мыж боп жапырылып қапты. Жастықтан басын көтерген бойда ол от жағылмай, қоламтасы мұздап жатқан қазанға қарады. Онан ағасы мен екі жеңгесіне сүзіле қарап, біртүрлі наразы қабақпен тұнжырап отырды да, кенет дүңк етті:

— Мына үй кісіні аштан өлтірер.

Қалауда мойын жоқ; бастың құр өзін кеудесіне қондыра салғандай; бас пен иық тұтасып, жауырын жағы күдірейіп тұратын домаланған бадамша жігіт. Басы домалақ. Мұрны да мес түйініндей доп-домалақ. Құлағы екеш құлағына дейін домаланған томай құлақ еді.

Кенет Қалау елең етіп басын көтеріп алды. Кіші жеңгесінің өз баласын оңашалап алып шығып қолына күлше ұстатқанын көрді. «Балалары жесе болды. Бұларға басқа кісі аштан өлсе де бәрібір»,— деп ойлап, бала қолындағы күлшені көзімен бағып отыр. Күлшені көргесін Кенжекейдің кішкентай қызы да анасына жетіп барып:

— Апа... нан!..— деп қыңқылдады.

— Айналайын, далаға барып ойнап келе ғой.

— Нан, нан бер!..

— Қарағым-ай, жанымды жегідей жедің ғой. Бар болса, анаң сорлы сенен аяйды дейсің бе.

— Апа, нан... Нан...

Кенжекей шыдамай Балжанға бұрылды:

— Әй, наныңның шетінен бір сындырып бершi!

Балжан зілдене мырс етті:

— Е, саған нан ба...

— Әй, залым! Мен өзіме сұрап отырғам жоқ, мына есін білмейтін нәрестеге бір үзіп берсең қайтеді.

Балжан Кенжекейге атып жіберердей боп түсі бұзыла қарады; ол, бірақ, бұл жолы да үндеген жоқ; мылтығын кезей түсіп, тартып алғандай, күндес әйел ішінде тағы бір кек тұншығып қалды.

Қалау күлше ұстаған балаға жетіп барды. Бала шар етті. Балжан атып тұрды. Баласын қорғаған тағыдай қайнысының қолын күлшеден тайдыра қағып жіберді де, баланы бауырына тартып алды:

— Аулақ жүр! Ойнайтын кісің мен емес.

Қалау күлшеден күдер үзсе де, қайнылығын арқаланып жеңгесін шымшылай бастады. Балжан бірақ шімірікпеді. Ақ сұр жүзін сырт салып, сазарып отыра берді. Қалау өшіге түсті. Тақа болмағасын жеңгесінің жанына отырып ап, ығымен ығын қаға бастады. Жеңгесі оған да мізбақпай қойғасын, Қалау ызаланып кетіп жұқа шаптан бұрап үзіп алды;

бірақ ұзын бойлы, ақ сұр келіншек шыбын шаққан құрлы көрмеді.

Қалау тұрып кеткісі келіп еді, бірақ үй ішіндегі кісілердің өзіне назар аудара бастағанын байқады. Онан сайын намысы өртеніп, кішкентай томай құлағының ұшы дуылдап қызарып отырды да, өткір кездіктің ұшын жеңгесінің қарына пісіп алды; қан шыт көйлектің жеңін жуып кетті; Балжан сәл ғана ауырсынғандай жұқа танауы дір етті.

— Тyһ, залым! Мына имансызда жан жоқ шығар,— деп күбірлеп, Қалау тұрып кетті.

Ішке Айғанша кірді. Он шақты қылыш балықты кендір жіпке сағалынан тізіп алған. Осы дауылда желге қарсы жүгірем деп алқынып қапты. Басына тартқан қызыл шәлі орамалы сыпырылып желкесіне түсіп, қалың шашы дудырап кеткен. Қасы, кірпігі құм. Соған қарамай екі бетіне қан ойнап, ақ тісі маржандай тізіліп, күлімдеп кіріп келгенде, ертеден бері бүрісіп отырған жандар бастарын көтерді.

— Балық...

— Балық...

— Алақай, Айғанша апам балық әкелді,— деп әсіресе, аш балалардың ажары кіріп, шулап жатыр.

Түсі өзгермеген қара кемпір ғана. Қызының қолындағы балықты көріп, көршілердің бірінен сұрап алды ма деп ойлады.

— Сен неғып жүрсің? Балығың не?

Айғанша қолындағы балықты қамыс үстіне тастай салды да, екі жеңгесіне иек қақты:

— Әй, қатындар, балықты сойыңдар!

Кенжекей мен Балжан түрекелді. Айғанша бет-аузының құмын сүртіп, көзіне түскен балапан шашын кейін қарай қайырып қойды. Анасының өзінен жауап күтіп, көзін айырмай отырған қатал кескінін байқап тұр.

— Әй, қыз, қайдан келдің деймін?

— Ұрыспайсың ба?

— Бірдеңені бұлдіріп келген шығарсың?

— Ештеңе де бұлдіргем жоқ... апеке, тек кейімеші.

— Жарайды, айта ғой, қайдан келдің?

Айғанша күліп кеп, анасының жүзін алақанымен қысып өзіне қарай бұрды:

— Өзің-ақ айтшы! Ана жақта жалғыз үй төбең шошайып отырмаушы ма едің. Ал, бұл жақ көңілді...

— Жә, болды! — деді кемпір зекіріп.

— Бұл жақ керемет. Ана жағың ауыл, мына жағың ауыл... Әне жерде ақ үйлі промсол.

Төлеудің де діңкесі құрып отыр екен.

— Бәсе, Айғаншажан, анаңа өзің айтып ұғындыршы...— деді ол.

— Апам түсінеді ғой. Солай ғой, апа, бұл жақ көңілді ғой ә?

— Мына шіркін қайтеді? Кісіге тығылмай, ары отыршы. Қарық болсаң келдің ғой, Жиделібайсыныңа. Өзің қайдан келдің?

— Мен бе? Мен бағана промсолға барып едім... қатындар балық сойып жатыр екен.

— Ал сойса қайтеміз?

— Жоқ, жай айтам... Ақысына балық береді екен.

— Ал?

— Сосын, бір орысқа жетіп барып, мен де балық сойысайын дедім...

— Кет әрмен!

Сонда да болса Айғанша анасына күле қарап, жаңа ұрыспауға уәде еткенін есіне салып еді; ашулы кемпір ауырып отырғанына қарамай тез тұрып, келінінің қолынан сойып жатқан балықты жұлып алды да, сыртқа апарып итке тастады. Ізінше қайтып келіп, қызына кәрін жиып қадала қарап:

— Ой, әдепсіз! Намыссыз... қыз арын аяққа таптап... Орысқа жалданып, жұмыс істегеніңнің алды-арты осы болсын! — деді.

Үй іші қара кемпірдің қандай қатал мінезін де көтеріп үйренген-ді. Тек, қолдағы баланың кішісі болған соң басқалардан қарағанда, қайта, Айғанша еркелеу өссе де, анасы шын тіктелген жерде жым болатын. Айғанша ас сұрап қыңқылдай бастаған балаларды бауырына тас қып қысып алды да, құлазыған көңілсіз үйде көз жасын күшпен тежеп булығып отырып қалды. Қалау қабағын қарыс жауып, бірдеңе деп бұрқылдап сөйлеп отыр. Аузындағы астан қаққан анасына Төлеудің де атарға оғы жоқ. Ауру кемпірге бата алмаса да, ызасын кімнен аларын білмей, үй ішіндегі әлі жететін кісілердің қыбын аңдып бағып қапты.

Осы кезде есік ашылып, ішке Мөңке кірді. Қолында бір асымдай балық.

Жағаға көшіп келгелі Төлеудің үйіне жиі қатынап, қамқорлық етіп жүрген кісі. Ол, әсіресе, қазіргідей қазан қайната алмай отырған кезде қол ұшын көбірек беріп, жүдеу жандарды жарылқап тастайтын.

— Төрге шық, Мөңке аға,— деп Төлеу ұшып түрегелді.

— Рақмет, шырағым. Осы арадан кетем. Шаруам бар...

— Ой, тәйірі, шаруа қайда қашатын еді...

Қара кемпір мырс етті. Төлеу түсі бұзылып, анасына ызалы жүзбен қарады. Мөңке ештеңе байқамағандай ырғалып қойып:

— Төлеу шырағым,— деп әңгімесін бастады,— бала-шағалы жігіт көрінесің. Ұялма, бізден асымдық балық алып тұр.

— Рақмет, Мөңке аға. Әуелі құдай, қалды өздеріңе сеніп отырмыз.

— Біздің қайбір бақ-дәулетіміз тасып тұр. Тірлігің — теңіз. *Тек әйтеуір қара жерге қолдан егіп шығарып жатқан* жоқпыз. Құдай берген ырзық несібе болғасын, барымызды бөле-жара көрейік деген ғой біздікі.

— Дұрыс қой... құдайдан қайтсын. Әй, не қып отырсың, қазан көтер!

Кенжекей маздатып от жақты. Жалпылдақ отын лезде тұтады... Қызыл ұшқыны сіркіреп, сытыр-сытыр жанып кетті. Күні бойы көлеңке басып тұнжырап тұрған бұрыш-бұрыштарға да лыпылдап от сәулесі түсіп, үй ішіне қабақ жапқызбады. Сырқат кемпірден басқаның бәрі ентелеп қазан маңына жақындады. Қалау ғана қозғалған жоқ. Ін аузын баққан мысықтай беті буланған қазанға қыбыр етпей қарап қапты. Балық маңына біреу жақындай қалса, іштей қызғанышпен түсі бұзылып кетеді. Қазан қайнағалы Төлеу де мазасыз.

Сүр балықтың иісі шыққан кезде ол, әсіресе, шыдамынан айрылып:

— Отты, отты молырақ сал,— деп Кенжекейдің жанын ала бастады.

— Әй, жарқыным, келешекте қандай талабың бар? — деді.

Мөңке қазанға ас әкеліп салатын азамат түрін ұнатпады.

— Ол жағын ойлағам жоқ, Мөңке аға...

— Сөз болғаныңа болайын. Мына қылқандай балалардың келешегін сен ойламағанда кім ойлайды.

— Бәсе десейші...

— Әй, апа, қойшы... сен тыныш отыршы! — деп Төлеу кіржіңдеп қалды.

Қара кемпір үндемеді. Төлеу тағы да үңіреңдеп қазанға қарады. Онан Кенжекейге қарады. Астан басқаның бәрін ұмытып, осы қазір ол қарт анасы мен қарт балықшының өзіне қадалған салқын назарын да сезбеді.

— Енді түсір, езіліп кетер,— деді ол Кенжекейге.

— Жә, шырақ,— деді Мөңке,— қазандағы балық қайда қашар дейсің. Сен, кәне ендігі тірлігің жөнін ұқтыршы. Қатын-баланды қалай асырайсың?

— Қайдан білейін... қолдағы бірлі-жарым қараның ағын ылаждамасақ...

— Жарайсың!.. Айналайын-ау, бұл араға түйеңнің түкке де керегі жоқ.

— Неге? — деді Төлеу міңгірлеп.

— Теңіз жағасында отырған кісі түйенің желінін тартып, жүрек жалғай алмайды. Ал теңізді саусаң өзіңдей қайратты жігіт бір үйді қалайда асырайды.

Жаңа ғана жайраңдап отырған жігіт кенет жүні жығылып сүмсиіп кетті.

— Төлеу қарағым, қармақ жұтқан балықтай, келімге келмей кейін тарта берме,— деп Мөңке күлді де,— үлкеннің тілін алатын бала болсаң, асылы, сен басқаны қой да, балыққа түс,— деп кеңес берді.

Төлеу түк деместен төмен қарап тұнжырап қалды.

— Ей, басыңды көтер! Мөңке ағаңның ақылын дұрыстап тыңда. Жөн білген кісіге жалғыз түйесін беріп сатып алатын ақыл,— деді қара кемпір.

— Жоқты айтасың-ау... Балықты қалай аулаймын.

— Е, балық аулаған кісі сенен кем бе?

— Кем емес, әрине. Бірақ, ол менің өмірі істемеген кәсібім ғой.

Мөңке күйіп кетті.

— Қой, Төлеу, баланың сөзін соқпа. Балықшы боп теңізде туған кісі жоқ. Ықлас қойса үйренбейтін несі бар.

— Ықлас жоқ қой. Құрсын, қашанғы қақсай берейін,— деп кемпір кем талап балалардан қажығанын жасырмай, күрсініп қойды.

Мынадан кейін Мөңке кідірмеді. Ертеден бері үлкендердің әңгімесіне араласпай, пеш түбінде қос тізесін құшақтап үнсіз ғана отырған қызға барды:

— Осы балам болмаса, сірә, басқаларың еңбекке жоқсыңдар-ау деймін.

V

— Ау, суға бармайсың ба?

— Е, саған барған ба.

— Есің дұрыс па? Үйде бір ұрттам су жоқ.

— Жоқ болса қайтер дейсің, сен барасың да.

— Мен өткен жолы ғана әкелгем.

— Ештеңең кетпес. Бұл жолы тағы әкелерсің,— деді Балжан.

Кішкене баласын алдына алып, құрақ көрпе үстінде күйеуімен тақымдаса қапты.

Кенжекей күйеуіне қарады. Еш уақытта күйеуін дәл осы казіргідей жек көрген емес. Онан кек толы көзі ұшқындап күндесіне қарады. Күнде-күнде өзін ызаға булықтырып шыршық атқызып қойып, шімірікпестен шаруасын істеп отыра беретін уыздай жап-жас келіншекке жүгіріп барып, оның ана бедірейген бетін осып-осып алғысы кеп кетті. Тым құрыса тілдеп сөккісі кеп еді. Аузына сөз түспей, қып-қызыл боп булығып ызалы жас көзіне кеп қалды.

— Әй, селтиіп неғып тұрсың? — деді Төлеу.

Кенжекей аузын ашса көзінен жас қосыла шығатындай сезді. Төлеу түрекелді. Сыртқа шығып бара жатты да, кенет Кенжекейге қатарласа бере тоқтай қалды.

— Бол, суға бар!

— Күнде-күнде мен...

— Я, сен барасың!

Кенжекей қозғалмады. Төлеу қарулы қолымен жағасынан қылғындырып ұстады да, есікке қарай сүйрей жөнелді. Кенжекейдің кішкентай баласы шыр-шыр етіп анасының шалғайына жабыса бергенде, Төлеу оны аяғымен бір қағып, жалп еткізді. Содан кейін тіпті әй-шайға қаратпай Кенжекейді есікке сүйреп апарып, бар пәрменімен сыртқа итеріп жіберді.

— Өлтірем... жоғал!

Ащы суға үйренген балықшылар тұщы су іздемейтін; ал қырдан келген кісілер балықшылар ішкен суға көндікпей ауыз суды айдамалдап Ақбауырдан алдырып отырған-ды.

Кенжекей түйеге міне сала басқа-көзге төпелеп, тайрақтатып желе жөнелді. Көзінде жас; ішін күйік өртеп барады; бір қырдың астына түсісімен даланы басына көтере зарлап қоя берді: көрген зәбірін, жеген таяғын айтып, мұң-зарын шағып келеді.

Кешегі қара дауыл басылған. Бірақ күн әлі бүркеу. Көк жүзін сұрғылт бұлт сіресіп басып апты. Қыламықтап қар түседі. Жер реңі бүгін тіпті жүдеу. Айрықша күзді күнгі қара кеңірдек жусанның түбін қазып ырситып тастаған қара кеңірдек жусандар сорайып-сорайып шөгірленіп қалған. Жол бойы желіп келе жатқан түйенің құлбақайын қағып, қайта-қайта сүріне берді. «Мына сорлыға не болды?» — деді Кенжекей шытынып. Онан соң жылап қалған баласын ойлап,

мазасы кете бастады. «Үйде Еркем де жоқ еді. Жұбатса болар еді-ау. Әй, бірақ... жағдайлары белгілі ғой».

Кенжекей келе сала түйені құдық жанына шөгерді де, ыдыстарын суға толтыра бастады. Су ішкісі келген түйе тынышсызданып, Кенжекейді жүргізбей шелекке мойнын соза берді. Кенжекей бір-екі ерт жасқап көрді. Тақа болмаған соң тұмсығына салып қалған-ды. Үркек іңген атып тұрды. Кенжекей бірден бұйдаға жармасып:

— Ой, жамандатқыр Шөк... шөк! — деп сілкіп-сілкіп қалды.

Сары іңген бақ етті. Кенжекей онан сайын ызаланып, ұрғалы ұмтыла түсті де, тоқтай қалды. Сары іңгеннің түйе боп бақырғанын алғаш рет көрді. «Мұрнына құрт түсіп ауырып жүр еді»,— деп ойлады. Жалма-жан ол су толтырып жатқан ыдыстарын қоя сап, сары іңгенді суаруға кірісті. Сары іңген су ішіп жатып та мұрындық батқан мұрнын ауырсынып, ауық-ауық шелектен басын көтеріп пысқырып қояды.

Кенжекей өзіне де, сары іңгенге де оңай соғып жүрмегенін ойлады. Әсіресе, теңіз жағасына көшіп келгелі бір үйлі жанның ауыртпалығы сары іңген екеуінің мойнына түсіп, отын-су тасып сабылып жүр. Бір кездерде басқа түйелерден сөгерлігі артылып тұратын сиракты іңгеннің қазіргі мыжырайған түріне көз тоқтатып қарай алмады. Екі өркеші жығылған. Бұрын желкілдеп тұратын жібек жүнін шаң, тозаң басып, тер қатып, екі қолтығы мен шабының түсы жоса-жоса боп сабын көбіктеніп қапты. Оның үстіне Төлеу қыста шұлғауыма салам деп мойын шудасын күзеп алып, ұсқынын қашырып қойған. Кенжекей сары іңгеннің басындағы ауыр халді жаңа көргендей боп тұр. Суға қанғаннан кейін жаны жай тапқандай боп жерге басын салып, сұлық жатқан іңгеннің жанына келді. Іңгенге жабырқау жүзбен мұңдана қарап тұрды да, кенет күйеуі мен күндесін құттай да жазғырудың қажеті жоқ екен-ау деп ойлады. Жазығы болсын-болмасын мейлі әркім әлі жеткеніне зәбір береді екен ғой. Сары іңген адамға көнбейтін асаулығының арқасында зәбір көрді. Төлеу мен Қалау талай сабады. Басын жарды. Бір жолы тіпті көзін шығара жаздады. Еншілес түйесін бақыртып сабап жатқанда Кенжекейдің дәті шыдап тұра алмайтын. Ара түсе алмасын білгесін көрмеген кісі боп жүре беретін. Көзінде жас мөлтілдеп бара жатады.

Сары іңген қыста туып еді. Алғашқы көрген жас төл болғасын үй іші тегіс қуанды. Кенжекейде тіпті ес қалмады. Тостағандай қап-қара көзі мөлдіреген әп-әдемі ботаның қа-

сынан шықпады. Ботаны құлап қалатындай көрді. Сондай қорқыныш енесінде де болды. Алғашқы күндері ботасын өлердей қызғанды. Сауыны болғанда ғана сауыншы әйелді бауырына жібергені болмаса, басқа кезде ботаның қасына жақындаған кісіні шайнап тастайтындай тісі шықырлап, көзі қанталап жынданып жүрді. Ол тіпті өзінің ауыр толғақтан кейін денесін жия алмай, аяз қысқандай боп қалшылдап тұрғанын сезбеді. Ана жатырының шырыны әлі кеуіп үлгірмей, мап-майда бұйра жүні буланып тұрған көк шулан ботаның үстіне түсіп, ыңырсып ніскелеп өліп бара жатты.

Кенжекей ботаны ауыз үйге алғызды. Анасымен бірге астын құрғатты. Қолымен жем берді. Соған үйренген бота берегірек келгесін алдына қойған жемді алмай, Кенжекейдің соңына ыңырсып еріп жүріп мап-майда масаты тұмсығымен қолын ніскейтін. Кенжекей әлдеқалай жасқамақ болса да, бала мінездес бота көңіліне ауыр ап қап «фуф!» деп ыстық демін бетіңе бүркіп қалатын-ды. Осы бота өскесін тіпті сұлуланып, жібек жүні желкілдеген сары іңген болды. Кенжекейдің ыңғайына қарап сары іңгенге үй ішінің де ықыласы бөлек боп, дәл бір киелі малдай қастерлеп қарады. Басқа боталарға сірге кигізіп, ерте суалтып жатқанда, сары бота қашан сүт тайлақ болғанша енесінің бауырында арда еміп жүрді. Бері келгесін де бұның күтімі бөлек болды. Мұрны кеш тесілді. Мінілмеді. Кенжекейді ұзатар алдында ғана ұстап, үстіне кілем жапты. Тұлымына үкі тақты. Қыз жасауын артып, қалауыш ортасына қыздың өзін мінгізді. Асау іңген жол бойы кез келген нәрседен, дыбыстан үркіп, елеңдеп отырды. Кенжекей бір пәлеге ұшырайтынын іші сезді. Басқа көлікке ауысып мінгісі келді. Енші аты — құла жорға жетекте бос келе жатқан-ды. Ол бірақ қалай құлақ қағыс қылудың есебін таппады. Құдалардан қысылды. Күйеуіне бата алмады. Жеңгесі еріп келе жатқан-ды. Кенжекей желек астынан бұрылып кейінде келе жатқан жеңгесіне қарады. Оны жеңгесі байқамады. Бір топ қызбен ат үстінде әзілдесіп, әлденеге мәз боп күлісіп келеді екен. «Ұзатпай жатып ұмытқаны ма?» — деп ойлады Кенжекей. Жақын кісілер арасында келе жатып та жалғыздығын сезе бастады. Қыз дәурені неге қысқа болады екен деп қиналды. Онан сайын қыз дәуірінен келешектегі тірлігінің мүлде басқа болатынына шүбаланбады. Алдағы өмірдің басқалығын ауылдан шықпай жатып сезе бастады. Ата-анасы ұзатып сап тұрып қыз астындағы түйенің тізгінін басқа кісінің қолына берді. Кенжекей ендігі жерге өмірі де осы ірі қара жігіттің қолында екенін білді. Ол тек алдағы өмірінің қалай

болатынына көзі жетпеді. Алдағы өмірін ойласа дәл бір түбі көрінбей қарауытып жатқан суға түсер алдындағы кісідей жүрексінеді. Кенжекей ата-анасының қолынан сары іңгеннің бұйдасын үнсіз алып жатқан ірі қара жігітке үрейлене қарады. Бірақ сол бойда өзін өзі жұбатып, ата-ана аясынан кетсем де алдымда қайын енем, күйеуім бар деп ойлады. Жол бойы күйеуімен қатарласып жүргісі келді. Сөйлескісі келді. Бірақ оған ірі қара жігіттен ыңғай болмады. Екі күннен бері алдына түсіп ап түйе басын үн түнсіз жетелеп келеді. Неге үнсіз? Не ойлап келеді? Өз басындағы қиындық оның басында да бар ма екен?

Кенжекей ірі қара жігітті көзінің астымен бақты да отырды. Жігіттің қақпақтай кең жауырыны мен сұңғақ бойына суйсінді. Тек оның қамшы сабын сығымдап ұстаған қолының сырт жоны қарауытқан түк екен. Күжірейген желке бітімінен де бір аңғар кісінің морт сынатын кеж, қыңырлығын байқап, соңырағы күні оның осы мінезінен қиындық көрмес пе екем деп ойлады. Онымен алғашқы кездескенін есіне алды. Үш күнге созылған той таң алдында ғана тарады. Кенжекей шала шешініп, қалжыраған бойымен төсекке құлай кеткен-ді.

Сол үстіне жеңгесі кіріп: «Еркем,— деп сыбырлап, жас жуған бетін қайын сіңлісінің төсіне басты,— ал айналайын, құдай бұйрығы... әзірлен. Қазір келіншектер әкеледі».

Кенжекей есін жиям дегенше жеңгесі шамды сөндіріп шығып кетті. Сыртта біреулер күбірлегендей болды. Сонан соң жырқылдап күлген жәркелеш топ арасынан бір кісі бөлініп шығып, ақырын басып жақындап келе жатқандай болды. Сөйткенше болмай сықырлап есік ашылды. Кенжекей қараңғыны бетке ұстап ұрланып келе жатқан кісінің сол... анық соның өзі екенін біліп, іргеге қарай ытқып түсті. Керегеге көгіне тіреліп, торғын көрпе астында бір уыс боп дір-дір етіп жатқан-ды. Анау төсек жанында тұрып ысылдап-пысылдап шешінді де, ұлықсат сұрап жатпастан үн-түнсіз кеп құшактай алды. Кенжекей қарсыласпады. Дөрекі жігіттің ыстық демі өртеп, тікендей мұрты күн тимеген тамағының астын қытықтады, қыз қыбыр етпеді. Түнімен жігіт құшағында тіласіз талықсып, өз ұятына өзі өртеніп жатты. Ертеңіне бір жанның бетіне қарай алмады. Онан келесі күні де беті өртеніп, көзін төмен сап жүрді. Өз өмірінде үлкен өзгеріс болғанын сезді, бірақ не боп, не қойғанын білмеді. Ол түннен бет өртеген ұят қана есінде қапты. «Қыз дәурені құрсын. Бір көрінген қызғалдақтай екен ғой»,— деп ойлады Кенжекей. Жол бойы да осы ой қинап келе жатқанда қыз көші Ханжа-

лына ілікті. Бнік қара жалдың арғы жағында қақ суы жалтыраған кең көгал жатты. Келіншек түсуіне тураласп, таяу арада ғана көгі таптамаған жасыл сабатқа аударылып қонған көп ауыл құжынап қоя берді. Келіншек жолына қарап отырған ауылдың кәрі-жасы дүркіреп сыртқа шықты. Қызылды-жасылды киінген үкілі, сәукелелі, шолпылы қыз-келіншектер топ-топ болып қаптап келе жатты. Таяққа сүйенген кемпір-шалдар, үйір-үйірімен шапқылаған балалар да көп. Жастары ән шырқап, қалғандары абыр-жабыр боп келіп қалған шұбар ала жынды көргенде сары іңген құлағын жымып ала қойды. Асау іңген әлден үркектеп, танауы шуылдап, басын жетелеп келе жатқан аттылының алда-артына шығып ойқастай бастады.

Кенжекейде ес-түс қалмады. Қызыл-ала топ таяла бергенде алда келе жатқан кемпірлер етегіндегі құрт-ірімшіктерді уыстап шашып-шашып жіберді. Бәрі де келіншекке шашуға тырысып, уыстап лақтырған мұз кәмпиттер мен қатқан құрттар, ірімшіктер Кенжекейдің басына, көзіне тиіп сатырлап жауып кетті. Кенжекей қатқан құрттың бірнешеуі басына қат-қабат тигенін, көзін шығара жаздағанын, тіпті бір рет көзінің оты жарқ ете қалғанын да сезген жоқ. Ол өзін ойлаған жоқ. Ол сары іңгеннің жалт-жұлт еткен көзін көрді. Ал сары іңгеннің бұйдасын тартып шегіне қалғанын көргенде жан-дәрмен қолына ілінген бір нәрседен жабысып ұстай алды. Дір-дір етіп, тілі жеткенінше тәңіріге сыйына бастады. Сонан арғы жағы есінде қалмапты. Сары іңгеннің бұйдасын жұла ытқи атылғанын ғана біледі. Сонан кейін ақ үзікті аппақ ауыл, қызыл-жасыл топ, алыста шұбартқан малдар бір-бірімен араласып бар дүние ұйқы-тұйқы болды да кетті. Кенжекей түйеден құлап бара жатып «өлдім» деп ойлады.

— Сол арада өліп кеткенім дұрыс еді,— деді Кенжекей.

Той бұзылды. Өмір де бұзылды. Тобығы шығып, төсек тартып бір айдай жатты. Кенжекей сары іңген жайын кейін білді. Кенжекейді жыққаннан кейін тіпті тайрақтап тұлап, қыз жасауын быт-шыт қып шашқан.

Аттылы кісілер жабылып қуып, асау іңгенді сойылдап сабап шаққа ұстапты. Төлеу сойып тастамақ боп кіжінгенде, анасы тоқтатыпты. Сары іңген кісіге көнбейтін өжеттігінен жазсын. Ал, мен қандай қылығым үшін жақпадым деп ойлады Кенжекей.

— Оған жазығым жоқ еді ғой,— деп налып, сары іңген жанында жер шұқып отырған.

Бай ауылдан бір әйел келді; бас-аяғы түзу, кнімі таза,

бірақ жүдеу өңінде жабырқау ажар бар. Әлдекандай бір күнәсі бетін өртеп тұратындай, кісі алдында қысылып көз назары төменшіктей береді екен. Кенжекей бұны бейтаныс келіншектің әдептілігіндей көріп, бір көргеннен іш тартып қалды. Келіншек ақырын ғана амандасты.

— Сәлемет бол! — деп Кенжекей сәл мүдіріп қалды да, бейтаныс келіншектің мұң шалған ұяң жүзіне білдірмей көзінің астымен қарап қойып,— құрбым, айыпқа бұйырма, бұрын көрмегесін танымай жатырмын,— деді.

— Мен... мына қырдың астында отырған ауыладанмын.

— Осы арада Тәңірберген деген байдың ауылы бар деуші еді...

— Иә, соның ауылы.

Кенжекей шелегін жерге қойып жақындай түсті. Бұрын көрмесе де, мына келіншектің мұңды жүзі мұның қасіретті жанына жылы тиіп барады.

— Құрбым, атың кім?

— Атым... Ақ-бала.

— Ақ-ба-ла?! — деді Кенжекей.

Келіншек жүзі қызғылт тартты. Көзін төмен салып жел астында қалтырап дір-дір қаққан жусан басын сипалап күрмеле түсті.

— Біз де бөтен кісі емеспіз,— деді Кенжекей. Ойламаған жерден танымайтын адамға шешіле бастағанына оның өзі таң қалып отырды да,— жағаға биыл көшіп келіп едік,— деді.

Ақбала бір дегеннен-ақ мына келіншектің балықшылар ауылынан келгенін білген-ді. Баласы мен бұрынғы күйеуінен бір хабар естуге құштар боп жүргенде құдай айдап бұған кездескеніне қуанды. Оның өзі тиіп тіл қатқанына тіпті қуанып, нінағашы мен шелегін жерге қойды.

«Бала жылап қалатын болды-ау»,— деді Кенжекей қынжылып. Бірақ әйел мұңын ақтарып, әңгіме қызығына түсіп кеткеннен кейін бала да, бай да есінен шықты. Бүйдасы бос жатқан қашаған іңгенді де ұмытты.

— Енем қатыгез. Бірақ обалына не керек, әділ,— деп ол тосын бір әңгіме бастады.

Ақбаланың мұңды жүзі әсер етті ме, ол әйтеуір осы дүниеден өзінің қасіретіне ортақтасатын, шерлі серік тапқандай сезді; не де болса Ақбала екеуінің арасын білдірмей, тілсіз табыстырып тұрған жақындық бар еді.

— Біздей төмен етекті әйел емес. Күнінде болып-толған. Күйеуі өлгеннен кейін, бір ауылды билеп-төстеп, еркек орнына жүрген әйел.

— Көргені көп кісі десейші. Қорғаның мықты болды ғой?

— Не қылған... менің сорыма қарай ол да ауырып, әл үстінде жатыр.

Сары іңген түруға ерінгендей ертеден бері мойны жетер жердің жусанын ернімен үйіріп жеп жатқан-ды. Біраздан кейін маңайында ауызға ілінер шөп қалмаған соң итініп ауырлау түрегелді.

Құдық жанында бір-бірімен бас түйісіп қалған екі ақ жаулыққа сары іңген сұлы көзін салғырттау тастады да, бұйдасын шұбатып жөнеле берді. Әңгіме қызығына түскен Кенжекей оны байқамады.

Ақбаламен сырласқан сайын көңіл шері тарқап, жылы су бүріккен көндей қасаңы жібіп бара жатты.

— Қайын сіңлім бар. Бойжетіп отыр, өзі бір мың болғыр. Адамы тап келсе, бір үйдің шаруасын дөңгелентіп әкеткелі тұр. Қайдам, сорлы баланың таланына қандай жігіттің тап келетінін...

— Әйелдің әйел болуы еркекке байланысты көрінеді ғой.

— Сөз бар ма! Ата-ананың аясында отырғанда қай қыз бақты, базарлы емес.

— Е, де! Күйеуге шықты дегенше қыз бақыты қызыл иттің аузында кетті дей бер.

— Құрсын десейші! Көктемде бір көрінген қызғалдақтай, қайран, қыз дәурені қысқа ғой. Кей есуас қыз сорлыны үлбіреп тұрған шағында үзіп алып, үйтілген терідей ұйпалап тастайды-ау... Сол әзбірін қайтерсің. Сосын «қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады»,— дейді бұлар. Басында мен де бір үйлі жанның еркесі едім. Енді, міне, сонан не қалды?

Кенжекей қасіреті Ақбаланың жүрегін қоса улап, кеудесін өксік қысып барады. Онан сайын Ақбала тұк айта алмай, төмен қарап, ернін тістелей берді.

— Мені қойшы... менің боларым болып, бояуым сіңді. Осы күні құдайдан қайын сіңлімнің, сол қарағымның ғана бақытын тілеудемін,— деді Кенжекей.

Ақбаланың ойынан өз баласы кетпей отыр; алты айлығында емшегінен айырып, төркін жұртына тастап кеткелі әлі бір хабарын есіте алмай қойды.

Кенжекей тағы өз мұңын ортаға салып, күйеуінің кіші әйелін жақсы көретінін зәбірленіп, жаны күйіп айтты:

— Уһ, қайтейін!.. Қатын сорлының қолында не тұр. «Қатын ашуланса қазан қайнатар» деген рас қой. Біз ашу-

лансақ ыдыс-аяқты лақтырамыз. Есік алдында жатқан итті тебеміз. Түйе сауғанда желінін қаттырақ сығып... а-а-а, айтпақшы...

Кенжекей жалт қарап, сары іңгеннің бұйдасын шұбатып, ұзап бара жатқанын көрді.

— Ой, сорлы басым-ай! Соры арылмаған жазған басым-ай!

Сасқанда Ақбаламен қоштасуға да шамасы келмей, ұзын көйлектің етегі аяғына оралып, сүріне-қабына жүгіре жөнелді.

Сары іңген Белараның кезіне қарай жүре жайылып бара жатқан; бір кезде кейінгі жақтан алау-далау боп етегі далпылдап келіп қалған әйелге бұрылып қарады да, май бұлакілге салып желе жөнелді. Теңіз жағасына көшіп келгелі осы іңген қырдың қара оты мен тұщы суын өгейсіп, бұрынғы жайылған өрісіне аңсары ауатын да тұратын. Басы босаса қашып кететін болғасын тар қып тұсап жіберетін-ді.

Кенжекейдің зәресі ұшты. Сары іңгеннің үстінде су толы бөшке мен оған тең ғып артқан ауыр мес болатын. Сол мес желген түйенің бүйіріне былқ-былқ соғып, аударылып бара жатты. Кенжекей жылы сөзбен түйе жанын жібіткісі келгендей сары іңгенге: «қарағым, шырағым», деп жалынып көріп еді; бірақ әйгілі қашаған іңген Кенжекейдің ойын білгендей, енді тіпті желге бет қойып, Белараның кезіне қарай тартты; бұл беті елсіз жапан түз; ұры-қары жүретін жер; бәрінен бұрын биыл қасқыр көбейіп, осы өңірдегі ауылдың күнде бір малын жеп, тынышын алып тұрған-ды. Кенжекей жаны ышқынып, түйеден қалмай жүгіріп келеді. Көзіне тер құйылды.

Белараның кезінен әрі асып, сар бұйратқа кіріп, елсіз жазыққа бет қойғасын түйе ұзай берді.

— Арам қатқыр сары іңген... Жамандатқыр сары іңген!

Кенжекей бір жығылып, бір тұрып жүгіріп келе жатыр. Шамалыдан кейін даусы шықпай, тамағы кеуіп қарлығып қалды. Мес аударылып түсті. Түйе үркіп, мұрны шуылдап тайрақтай жөнелді. Сілесі қатқан Кенжекей еңіреп отыра кетті.

VI

Таңірберген күндегі дағдысынан ерте оянды. Күн әлі шыға қоймапты. Түндігін жауып, есігін түсіріп, кілем, те-

кемет ұстап тастаған жиһазды бай үйдің іші елең-алаң шақтағы бозғыл сәулемен көлеңкеленіп тұр екен.

Киіз үйдің әрқашан кісі бойын құп-қунақ қып сергітіп тұратын дағдылы салқын ауасын жас мырза оянған бойда сезді.

Түнде кеш жатса да ұйқысы қанып қапты. Тек аязырақ денесі тоңазынын деген. Сыртта қара суық жел ызылдайды. Бір-екі рет ауыл шетінен ит үрді. Мал қайырған кісі болуы керек, ық жақ беттен, алыстан еміс-еміс дауыс есітілді. Ауыл үстінің дағдылы дыбысына жас мырза жөндеп құлақ аспай, өзімен бір көрпе астында бір бүйірін қыж-қыж қайнатып жатқан келіншегіне қарай аударылып түсті. Ақбаланың сұлу денесін атлас көрпе астынан да анық көріп, қалың шашын, түлкі сағақ аппақ мойнын, жұп-жұмыр нығының басын шолып өтті. Елең-алаңдағы бозғыл сәуле, қайта бір есептен жас келіншек өңін көлеңкелеп жұмсарта түскен.

Тәңірберген келіншегін құшақтағысы кеп оқтала түсті де, өзін тежеп қалды. Өткен түні келіншегі ренжіп:

— Саған қолым жеткеніне мәз болып, ата-анамның алдынан өтпей әруақтан аттап кетіп едім. Сенен сұраған өтінішім болсын: әке, шешемді шақырып ырза қып жібер,— деп бұған тосын бір тілек айтып еді.

Ақбаланың жайын ұғады. Артынан ата-анасы келмей, іздеусіз кетіп бара жатқанына зәбірленеді. Ақбала өтініш айтпаса да, Сүйеу қартты шақырып, жүзін жылытып алу өзінің де ойында бар. Ел ішінде сөзі сыйлы қарттың бетін бері қаратса, түбі бір рудың тізгіні қолына тиері анық.

Тәңірберген, бірақ, бұл ойын бір жанға сездірмеді. Ақбалаға да ішін ашпады. Ақбала оның үндемегеніне ыза-ланып, кеше кешкісін сырт айналып жатып қалған-ды. Сонысынан қозғалмаған екен. Ұйқы үстінде де түндегі ашуы тарқамай, қасын түйіп ширығып апты.

Тәңірберген түрегелді. Сыртқа шықты. Үй сыртындағы қырға қарай бет қойып келе жатып, күз айының ызғыған қара суық желіне, бұлтты аспанына қарады.

Онан өріске айдайтын мал қамымен ерте тұрып, бүрсеңдеп жүгіріп жүрген сауыншы әйел, жалшы жігіттерге көз қиығын салып келе жатып та, қайын атасы ойынан шықпады. Қызыл көз тентек шалмен татуласу жағын ойлады.

Қанша айтқанмен болыс ағасының мықты пана болғанын осы күні біліп жүр. Болыс ағасы тұрганда етек-жеңін кең ұстайтын. Ел ішінің дау-шарына ашық араласпай, те-

қіз жағасын жайлаған жалпақ елге ылғи жақсы жағынан көрінетін. Әдетте бір жан бұның не істегелі жатқанын білмейтін: бір істі істердің алдында бұл су түбіне батқан тасша жым-жылас жоқ боп кетіп, сонан бір күні бар шаруасын бітіргесін жақсы ат, жүйрік тазы, сәнді киіммен бойы жарқырап шығатын; мықтысы әлсізін талап, қырқысып жатқан қиянаты мен күнәсі мол дүниеде күнәһар болмай, тал бойын таза сақтап жүрген жалғыз кісі бір өзі сияқты; түн болса ұйықтаған ауылдың сыртын торып аш бөрідей жорытып мал барымталап, қыз алып қашып, сарт-сұрт сойылдасып қансырап құлаған кісі өлімінен, зорлық-зомбылықтан бейхабар жүрген пәк жан. Ондай жерде ол адам баласына жазығы жоқ, өзімен өзі жүрген күнәсіз жан сияқтанып қара мұрты қиылып, жымиып қана тұратын.

Оны осы сәтте көрген кісі: «апырай, мына баланың иман жүздісін-ай!»— деп ойлаушы еді.

Болыс ағасы өлгелі бұрынғы мінезінің бәрі қалды. Ағасының кегін қуған жігіт бір топ солдатты бастап кеп, тал түсте, толы халықтың көзінше Кәленнің қатын-баласын байлап әкетті. Онан кейін де балықшылар ауылымен ашық тартысқа түсіп, Кәленді ұстатып, өзіне қарсы келгеннің бәрін құртты. Енді бұрынғыдай біреудің ығын паналамай, жауласқан жерде бойын көрсетіп қап жүр. Соның бәрінде де ол болыс ағасының бір қатесін ұмытқан емес. Қара күшке қаттырақ басқан ағасы ел ішіндегі арқа сүйер адамдарынан айрылып, алды-артын жалаңаштап алып еді.

Осыны жүрегіне қатты түйген жігіт кейінгі кездері қол күшін молайтып, төңірегіне қара-құра топтап жүр...

Тәңірберген үйге тез оралды. Тілінің ебі бар бір кісіні дереу шақырып алды; еркін дәйексіздеу демесең, өздеріне қарағанда Алдаберген софыдан кейінгі үлкені осы еді.

Тәңірберген қайын атасымен екеуінің арасында дел-дал дәнекер болуын өтініп еді; анау құлшынып кірісетін пейіл білдіріп жүгініп отыра қалды:

— Мырза, маған сен. Сүйеу қарт қатты ғой, бірақ қара тасты жібіткен тіл бір шақар шалдың зәрін қайтара алмаса кесіп-ақ таста.

Тәңірберген тым елпілдеп тұрған, тез пейіл кісіні жақтырмайтын.

— Жә, жолың болсын! — деп оны шығарып салды.

«Ақбала қуанатын болды»,— деп ойлады Тәңірберген. Әншейінде кісі таң қалғандай талай үлкен істерді қолынан атқарып жүргенде, өзіне дәл осынша ырза болып көрмеп

еді; осы жолы ол мына болмашы ғана нәрсені бір жайлы қылғанға мәз болды. Әлгі әзірде суға кеткен Ақбаланы асыға күтіп отырған үстіне софы ағасы кірді. Қасында Тәңірбергеннің бәйбішесі. Ол екеуінің арт жағын ала тағы бір топ кісі үнсіз кіріп келе жатты.

Тәңірберген алғашқыда мыналардың келісіне мән бермеді. Ет жегісі келгенде софы ағасының дәл осылай қасына кісі-қараны молырақ ертіп, шұбалып жүретін жайын білуші еді; ол тек мына кісілердің арасынан әлгі әзірде Сүйеу қартқа жіберген кісіні көргенде түсі бұзылып кетті.

Софы да бар ызғарын бетіне жиып келген екен. Керек десе, қасына еріп келген кісілердің жайғасып отырғанын күтпей, төрге шыққан бойда тіктеліп Тәңірбергенге қарады.

— Бетіңнен қағар бір пенде табылмай, тиюсыз кетіп жүрсің. Үлкен-кішінің бәрін басынып алдың. Е, немене, өзіңнен басқа кісі жоқтай зукеңді салып кеткенің.

Тәңірберген софы ағасына ыңғай бермей, сызданып отыр.

— Әй, бала,— деп Алдаберген софы енді асасының ұшын інісіне ызғарлана безеді,— уа, бетіңді бұр. Бермен қара. Бірге туған бауырластығымды сыйламасаң да алдыңа ақ сақалымды салып, үлкендік ете келіп отырмын. Рас, сен Сүйеудің қызына үйлендің. Құда түсіп қолынан алған жоқсың, оның аруағын аттап зорлықпен алып отырсың. Жә, оныңды қайтейін, оныңды тіпті құп дедік. Ежелгі бір жауымыздан ең есе алып бергендей көріп едік...

Тәңірберген бұл жолы да бастапқы мізбақпаған қалпынан қозғалмай, шаралы сұлу жүзі сыздап, шалқайып отыр. Алдаберген оның үндемегенін өзінше түсінді. Інім ұятын мойындаған екен деп кәрі софы енді тіпті өктемсіп, кең танауын көтере сөйлеп кетті:

— Сен немене, бүгінгі күні есіңнен танған сияқтысың. Қызын алдым деп, қу кедейді аулыңа шақырып жатқан көрінесің. Бізді сыйлайтын болсаң ол қақпас шалды шақырмайсың. Ол — жауың. Жаудан жақындық іздеме. Осы отырған бар кісінің, мына қыздай алған жалғыз жарың — бәйбішеңнің де өтініші бұл,— деп Алдаберген софы Ақбаланың өз аяғынан келгенін әдейі қағытып өтті.

Сыр бермей отырған Тәңірберген осы арада жаны ауыратын бір жеріне аңдаусызда біз сұғып алғандай танауы әнтек дір етті. Қара сұр бәйбіше ертеден бері қыбыр етпей, қарсы беттен күйеуін бағып отырған-ды. Тәңірбер-

генің жаны дір еткендей болғанын байқағанда оның өз жанын да біреу бұрап үзіп алғандай болды.

Алдабергенге еріп келген кісілер бастарын бауырына алып мұлгіп отыр еді; сөйтсе олардың баққаны бар екен. Софы пәтуәсін айтқанда олар да шұғыл құптап, бастарын шұлғып құнжыңдады да қалды:

— Иә, біз саған салмақ салғалы келдік.

— Бір тілегімізді берер деп келдік.

— Сүйеу картты ауылыңа шақырып, кешегі болыс ағаңның аруағын аяққа баспа. Дұшпанға таба қылма.

Осы тұста Сүйеу картқа жұмсаған кісісі сөзге араласып:

— Тәңірбергенжан, софы ағаңның сөзіне құлақ сал...— деп мәймөңкелеп келе жатыр еді, Тәңірберген күйіп кетті.

— Ой, жексұрын... көрінбе көзіме, жоғал! — деп, оның жасы үлкендігіне қарамай, жекіріп тастады да, есік жақта отырған өзінің атқосшысы — ақикөз жігітке иек қақты.— Жинал. Сүйекеңе бар. Қызын қолынан ала алмадым. Кешірсін. Бауырынан шыққан баласын тастай ма, қызына келсін. Қол қусырып күтіп аламыз. Соңыра еліне ырза қып, ырғап-жырғап жөнелтем. Сүйекеңе осы сөзімді жеткіз де, өзің бастап ертіп әкел!

— Құп, мырза. Өз сөзіңдей қып жеткізейін!

Ақикөз жігіт тұра жөнелді.

Үй іші жым-жырт. Мынадан кейін бір жан қозғалуға қорыққандай, қыбыр етпей отырған-отырған жерінде сілейіп қапты. Дәл соның үстіне Ақбала келді. Иінағашын сыртқа қалдырып, екі шелек суды алды да шолпысы сылдырап, сызыла басып ішке кірді. Үй толы кісіні ішке кіргесін көріп, жақында түскен жас келіншек қысылып қалды. Күндесі жаққа қарамауға тырысты. Төр алдында дөңбектей боп отырған көк сақалды, ірі денелі софыға бұрылып, көп ішінен оның бір өзіне ілтипат етіп, оң тізесін сәл бүгіп сәлем беріп еді.

— О, бетпақ, көрінбе көзіме!.. Жоғал! Жоғал! — деді Алдаберген софы қолымен бетін көлегейлеп, сырт айналып.

Долылық буып, жарыла жаздап отырған бәйбіше өзін қостайтын адам шыққасын көтеріліп кетті:

— Ойбай, ойбай!.. Мына тоқал... Қуарған қу тоқал жетті ғой менің түбіме,— деп дауыс салып далаға жүгіре шықты.

Ақбала құп-қу; кінәсін анық сезбесе де, мына кісілердің алдында бір айыбы болғанын білгендей қолынан шелегі тү-

сіп кетті; кісі бетіне қарай алмай, көзін төмен салып қор болған қалпы, софыға сәлем еткен жерден жылжи алмай сілейіп тұр.

Тәңірбергеннің де тап қазіргі түрі адам аяғандай; әшейінде сыртқа істейтін мінезін үйге істеп, қандай ойын да қатын-балаға қасы мен қабағынан аңғартып, сыздап бойын суық ұстап отыратын жігіт тап қазір біртүрлі. Далаға шыққасын да долылығы басылмай, ауыл айналып ойбай салып жүрген бәйбішесіне тұк істей алмай отыр.

— Сен істеріңді істедің. Жас тоқалдың жолына осы отырған бәрімізді қабаттап қойып бауыздадың.

Ендеше сен қылғанға мен қылдым... Өзім тірі тұрғанда ол ақшұнақ шал бұл ауылдың топырағын басса көрейін. Бұл ауылға келер болса, менің өлігімнің үстінен аттап келеді,— деп Алдаберген софы анық жаулыққа бет бұрды. Осыдан артық тілге келмей, нөкерлерін ертіп шығып кетті.

Тәңірберген түрегелді. Дәл бір соққыға жығылғандай боп бойын ала алмай тұрған Ақбаланың қасына келді.

— Жә, жасыңды тый. Онан да ертең әке-шешеңді күтіп алу жағын қарастыр.

VII

Тәңірберген бір топ ағтылы кісінің алдында ақ арғымақты ауыздыққа керіп, сыдырып келе жатты; ол жаңа ауылдан шыға сала қамшы басып еді, бұлай ұзап шыққасын ат екпінімен іштегі алай-түлей сезім басылып, астындағы Текежәуміт айғырының басын тартып, ақырын аяңға басты.

Айғыры қызып алған; екі көзі оттай жайнап, ауыздығын қарш-қарш шайнап, кейде Тәңірберген қос тізгінді қарысып тартқанда денесі қызған айғыр жолдан шығып кетіп, көлденеңдеп, бүйірлеп жүріп отырады; қалған уақытта пысқырып қойып, көстектеп керіліп аяңдап кеткенде, соңында келе жатқан аттылылар ілесе алмай, амалсыз желіп отыратын.

Ақ арғымақтың алдынан арты бинік; әсіресе, жалпақ сауыры төңкерген қазандай болып тықыр түгі жылтырап тұратын.

Тәңірбергенге ақ арғымақтың аяңы ұнайтын. Жолға шыққанда көбіне осы атты мінетіні содан; басқа қасиетінен бұрын оның бауырын керіп аяңдайтын көшелі, кербез жүрісінен біртүрлі жанға жайлы рақат тауып, астындағы ат емес, қайық сияқтанып кетуші еді. Тәңірберген ауылдан шыққалы әлі қыбыр еткен жоқ. Арғымақтың тас төбесінде шаншылған қос құлағына көзін қадап апты; айрықша, сыр-

тынан қарағанда сұлу денесі ерге құйып қойғандай; екі нығының басы тіп-тік боп, тура алдына қарап отырған нығыз қалпынан енді қайтып қозғалмай, айғырдың аяңына ұйып, ойы тербеліп тыныштық тапқан.

Денесі суынғасын арғымақ тіпті ұрынбай, басын шұлғып тастап, бір қалыппен баяу жүріп келе жатты. Әлі де болса Тәңірбергеннің қабағында кірбің бар; жаңағы оқиға өзіне жаман әсер қалдырған; қанша ұмытайын десе де көңіл кірі ылайланған судай боп софы ағасы мен бәйбішесінің қылығына ренжіп келеді; көзі тірісінде көңілі толмаса да, кешегі болыс ағасының бір артықшылығы болатын; әрине, о да тайыз, тоңмойын еді; оның да өзінен шығатын бір түйір ақылы болмаса да, тым құрыса осындайда пайда-залалын біліп, үнемі інісінің аузына қарап отыратын.

Құдайменде өлгелі софы ағасына жел бітті. Тәңірбергенді баласынып, билікке таласқысы кеп, әр кезде үлкендігін арқаланып қиғылық ұрып жатады. Абыралыға қараған ағайын-туғанды азғырып, өзіне айдап сап қойғаны анау.

— Ақылсыз сорлы, қолына билік тигенде не бітірем дейді екен...— деді Тәңірберген тыжырынып.

Осы қазір өзінің жалғыздығын қатты сезіп келеді. Бір үміті — оқыған інісі. Оның елге келуі көп кісіге желеу болды.

Осы өңірдің игі жақсылары оқыған зиялы жігітпен дидарласуға құштар боп, көп күннен бері дүмелеп ауыл үстін басып жатыр. Бәрінің де арғы ойы белгілі: оқыған жігіт соңырағы күні сырқатынан тәуір боп қызметке орналаса қалса, қысылған жерде оны өздерінің бір кәдесіне жаратпақ.

Тәңірберген мырс етті. Әдемі бетіне ащы мысқыл шауып, іштегі ызасы мен ызғарын анық танытып сұп-сұр боп тоқтады. Құдай-ау, осы заманның кісісі қандай ұсақталып кеткен! Әлдекім болса бір сәрі. Ат басындай азамат... игі жақсы деп жүрген ығай мен сығайыңның істеп жүргені осы. Түбіне найза бойламайды деген Рамбердінің де қулығы көген басынан асқан кезі болмапты. Мал өсіріскен арғы жер, онан арғы дүние өртеніп жатса да бәрі бір. Жә, жә жалғыз Рамберді ме? «Өзің не бітірдің?» — деген тосын сұрақ шаншудай қадалды. Тікен үстіне отырғандай кенет ыңғайсызданып қозғалақтап қалды. Ауылдан шыққалы алғаш рет ол жан-жағына бұрылып, жусанды, бетегелі сары далаға көз тастап өтті. Сонан соң қайта тыныштalып, көк қасқа ерге нығыздалып жайғасып отырды да, ойлы көзін тағы да алдына, ақ арғымақтың қамыс құлағына қадады. Ат құлағы

кейде алыстап, көгілдір ауада көз ұшында қылтылдап отырады. «Бәсе, өзің не бітірдің? — деді ат құлағына көзін тігіп, қадала түсіп. Болыс ағаң қаза тапқалы шаруаға шындап қарадың. Ебейсінге есеңді жібермей, базарға қосқан малыңның құнын өндіріп алдың. Тағы да, міне мал қуып келе жатырсың. Прием жылы Кәлен қуып әкеткен бір үйір жылқының құнын өндіріп алмақ боп қаһарыңа мініп келесің.

Тәңірберген тұнжырай түсті. Тізгін ұстаған қолы сұлық түсіп, көк қасқа ердің қасына асылып қалды. Ат басын бұрып ізінше кері қайтып кеткісі келді. Онан ағасының өлімін тез ұмытқанына ренжіді. Өлім суық па, әлде өзім қаталмын ба деп ойлады. Өзім қатал болармын деген ой көңілін жеңе берді. Бірге туған бауырының бетін жапқан топырақ суымай жатып, көңілінен шығып та кетіпті. Көзі тірісінде де ол сорлыны тайыз көріп, тақымы толмай жүретін. Қазір софы ағасын менсінбейді. Сонда... бәтір-ау, ағаларыңнан асқаның қайсы? Солар жүрген ескі жолдың шиырынан шыға алмай, мал барымталап, жоқ қуып жүрген жоқсың ба? Былтырғы бүліктен кейін, мына боз дала бұрынғы бойкүйез тірлігін қайта тапты. Біраз тыныштады. Бірақ онан арғы дүние бар түгін бетіне шаншып, түтеп келе жатқанын байқамапты. Жоқ, байқадың! Байқап жүрсің! Үлкен шаһарларды айтпағанда, тіпті мына кішкентай Шалқарға барған сайын беті қатты бір заманның кейпін танитынсың. Әне бір жолы темір жол жұмысшыларының ереуілін көрдің. Жұмысшылар лек-лек болып көше бойлап өткенде, өздері құдай көретін татар байының құты қашып, көк дүкеннің есік-терезесін жалма-жан жауып ала қойды. Шын сасқанда көп бөлмелі үйден тығылатын тесік таппады. Көшедегі халық тарағасын да татар байы өзіне өзі келе алмай: «Заман бұзылды бит. Алар сені аями, бас кесер бұзықтар» — деп күбірлеп отырып еді. Шаһарлы жерің солай болғанда, осы өз ауылың тыныш па? Тыныш деген түкпірдегі далаңа қарашы. Жыл сайын жұтқа ұшыраған кедей ауылдар теңіз жағасына көшіп кеп, балықшылар ауылының қарамын молайтып жатыр...

Ат пысқырып қалды. Тәңірберген шошып оянғандай болды. Ой билеген бойын жиып ап, енді байқап қараса, тізгін еркі өзіне тиген ат алдындағы бір биік сары төбеге тұмсық тірей тоқтапты. Қасына ерген қосшылары да Тәңірбергеннің ойын бөлуге бата алмай, кейінректе ніріліп тұр екен. Жаным-ау, мынау қай ара? Қайда тұр? Неге тұр?

Тәңірберген тізгінін жиып ап, ер үстіне дұрыстalып

отырып, төңірегіне қайта көз салып еді. Сол жақ қапталында шымылдықтай созылып көлбеп жатқан Беларанды көрді. Сонан кейін ғана жер шамасын болжады. Өзінің осы жолға не мақсатпен шыққаны да есіне түсті. Сол-солақ екен, ат тұмсығын тірей тоқтаған мына биік сары төбе де жігіт көзіне оттай басылды. Осы сары төбенің арғы астында балықшылар ауылы отыр. Өткен жолы Ақбаланы алып қашпақ боп бір топ аттылы түн қатып ұрланып кеп, осы төбенің астында, дәл осы арада иіріліп тұрған. Ат пысқырмасын деген сақтықпен бәрі де күні бұрын аттарының тұмсығын тұмылдырықтап байлап алып еді: келген бойда Ақбалаға астыртын хабар салды да, өздері ауыл торыған ұрыдай ат жалын құшып, ілгергі жақтарына көз тігіп тұрғанда, кенет біреу қарап етті. Тәңірберген шыдамай, ақ арғымақты тебініп қап, тобынан үзіліп ілгері шыға бергенде, ар жағынан ес-түсі жоқ Ақбала жан ұшырып кеп, аттың мойнына асыла кетті. Әлі құрып, алқынып жеткен келіншекке бұ да ат үстінен шұғыл еңкейіп, аш белінен құшақтай алып еді.

Ой бітсе де Тәңірберген осы бір ыстық елестерді қия алмай, көңіліне іркіп тұр. Туған-туысқанын ренжітті: бірақ ол бүгінгі ісіне, бәрінен бұрын Ақбаланы риза қып әкесіне кісі жібергеніне көңілі бітіп кетті де, арғымақты қамшымен тартып қап, сары төбенің басына шауып шықты. Кешегі қара дауылдан кейін жел басылып, шырадай тынып тұр еді: бұлттан арылған көк аспан жарқырап ашылыпты: тек сонау шалғай шетте, көкжиек пен көк теңіздің дәл бір жымы білінбей жалғасып кеткен жерінде теңгедей ақ бұлт көрінеді: о да аспаннан жылжып түсіп көк теңіздің бетінде адасқан сеңдей боп ығып бара жатқандай; теңіз беті тып-тынық; әшінде ашу-ызасы бойына сыймай өкіріп шулап жататын сонау аңғар бет, ашық айдын тап қазір толастап тыным алыпты. Бүкіл ұлы теңіз күн сәулесінің астында керіліп аппақ боп жалтырап жатыр екен. Сары төбенің басына шауып шыға келгенде теңізге бергі жағынан мінбелеп төніп тұрған қара жардың нақ ұшар басына салған жерқазбалар да құжынап қоя берді. Өткен жыл аң аулап жүріп, Ақбаланы көргісі кеп, Еламанның үйіне әдейілеп кеп түскенде, балықшылар ауылы мұншама көп емес еді; қазір әлдеқайда қарамы молайып, шоғырланып, екі қанаты жайылып кеткенін ұнатпай, ауыл мөлшерін көзімен шолып келеді, ол әдейі ішінде шөгіп қалған реніштi қайта тұтатқысы келгендей, өзінің балықшылар ауылынан мал даулап келе жатқанын тағы да мысқылмен есіне алды.

Қасындағы бар кісісімен Дос үйіне түсті. Қарақатын сасып қалды. Бәрінен бұрын от басында жаюлы жатқан тулақты қайда тығарын білмей, көйлегінің етегімен жауып жалп етіп отыра кетті.

Тәңірбергеннің қасындағы дембелше жігіт жетіп кеп Қарақатынды теуіп жіберді.

— Ой. бүйіріңді тесіп шыққыр. Мынау біздің мырзаның құла байталының терісі ғой.

Аққемпір ақырын жылысып сыртқа шығып кетті; әшінде басынан бір сөз асырмайтын Қарақатын бұл жолы жұмған аузын аша алмай, бір уыс боп бүрісе қапты. «Әтеңе нәлет, ақылсыз иттің ұстап бергенін қарашы»,— деді Дос ішінен. «Осы тулақтың көзін құрт»,— деп қанша қақсаса да, қатынына тілін алдыра алмай қойып еді.

Осы кезде Мөңке бастаған бір топ балықшы ішке кіріп, есік алдына үнсіз тұра қалды. Басы иіліп кеткен Дос оларды байқаған жоқ.

— Неғылса да бізден бір білместік болды,— деді ол міңгірлеп.

— Жо-жоқ, бұл білместік емес. Бұл біздің мырзаға біліп тұрып істеген жаулығың. Жау кісінің ісі.

— Жазықсызбын демеймін. Тәңірберген шырағым, не істесең де қолыңдамын.

Тәңірберген түк деместен суық томсарып отыр. Осы түріне қарап әлгі дембелше жігіт әлдеқандай бір іш есеппен оның бұл арада бар ерікті өзіне беріп қойғанын шамалады. Мыналарды қырына қатты алса қателеспесін біліп:

— Иә, қолымызға түстің. Ұрлығыңмен ұсталып отырсың, тырп етіп көрші сен, кәне,— деп әлдене түсті.

— Шырағым, не істесең де...

— Қой, әрі! Не істерімізді өзіміз біледі. Жоғымыз жалғыз құла байтал емес. Сендерден Кәлен айдап әкеткен бір үйір жылқының құнын тұтас өндіріп алғалы келдік,— деп әлгі жігіт ауыр үкімді де өзі айтып салды; қарсы дау айтуға, деректесуге келтірмей. Досты жан-жағынан қысып, жан алқымға таяп бара жатты. Тәңірберген оған суық қарап:

— Жә, менің малымды түгендеуші сен болсаң да қой енді,— деп тыйып тастады да,— адаспайтын адам жоқ, ол кезде Еламан мен Кәленнің бүлігіне біраз адамның ергені рас. Біраз жаманға жел бітіп, найзасын төбемізде шошаңдатты. Талай малымыз жаудың тақымында кетті. Онан, бірақ Тәңірбергеннің өрістегі малы ортайған жоқ. Құдай құрағанды адам шашып тауыса алмады. Қайтер дейсің,

қарны ашқан күні құла байталды сойып жесе аға-жеңгемнің маған істеген бір базынасы шығар,— деп, әлгі пысықай жігіт тарылтып қойған дүниені Тәңірберген бір ауыз сөзбен кеңітті де тастады.

Қарақатын қуанғанынан жылап жіберді. Жаңа ғана жерге кіре жаздап отырған Дос та басын көтерді.

Тәңірберген енді есік алдында иін тіресіп тұрған балықшыларға қарап, айырықша Мөңкеге қадалып:

— Ағайын, жылқыма жау боп тидің. Күшің барда аямадың, қолыңнан келгеніңді істедің. Бірақ,— деп айтар сөзін сабырмен салмақтай түсіп,— мен оларыңды білместік болар деп кешірдім, кештім, ағайын,— деп бұлар күтпеген кесім айтқанда, Дос үп-үлкен басымен ұшып түрекелді. Жүгіріп кеп, Тәңірбергеннің қолын қысып:

— Рақмет, қарағым. Күшке иілмейтін ағаңды бір ауыз жылы сөзіңмен жығып кеттің, жеңдің бізді,— деп көңілі босап, жыламсырай бастады.

Әңгіменің артын бағып тұрған Мөңке осы арада шыдамай, суырылып ілгері шықты:

— Әй, Дос! Ат құнын кешкенге осынша жылағаның не, уа, азамат құнын арқалағандар да отыр ғой төріңде!

Жұрт тына қап, тегіс Тәңірбергенге қарады. Тәңірберген бұған дерек қайтара алмасын біліп де, өзінің дәл осындай қысылған кезде істейтін машықты тәсіліне бағып, есітпеген боп елеусіз қалдырды.

Дос қай жағын қуаттарын білмей, қиналған кескінде көзін төмен салып отыр еді.

— Ой, жетесіз ынжық,— деп Қарақатын ұшып түрегелді,— сен ынжық болғасын бізді нт те, құс та басынады. Әйтпесе, сен мына жаман Мөңкені төбеңде тайраңдатып, үйіңе келген құдайы қонағыңды тілдетіп қояр ма едің. Ойбай-ау, адам жуымайтын үйіңе мырза жігіт үлкен басын кішірейтіп келіп отырған жоқ па? Достық көңілмен күнәңді... қандай ауыр күнәңді кешіріп кеп отыр. Жаман нт-ау, соны неге ұқпайсың?

Дос басын көтерген жоқ. Бірақ көре көзге бұзылып, тұнжырап бара жатты. Қарақатын одан сайын долданып, түтіп жердей боп қасынан кетпей тепсініп тұрып алды. Тақа болмағасын ол тапжылмай отырған күйеуін жағасынан жұлқылап зорлап тұрғызды.

— Намыс бар ма өзіңде! Мына қақбасты қу, айдап шық үйіңнен!

Дос Мөңкеге тура қарамаса да, сүзетін бұқадай басын бауырына алып бетпе-бет кеп түйіліп тұр.

Қарақатынның «қақбас» дегені Мөңкеге қатты батты; осы жасқа келгенше досы түгіл дұшпанынан есітпеген сөзі еді; әшінде төбесінен таяқ айырмайтын жаман қатынын Достың осы тұста бетінен қақпай, өзіне қарсы шабалаңдатып үргізіп қойғанына тіпті ыза болды.

— Әй, Дос, мынауыңа қой дейсің бе, әлде маған кет дейсің бе?

Дос морт сынып:

— Шық үйден! — деді ақырын, бірақ бет бақтырмайтын зілді үнмен. Мөңке оның қатты бұзылған түрін танығы; тілін алмаса, осы тұрғанда оның төбелесуден де тайынбасын біліп:

— Ой, құдай-ай, жігіт деп жүрсем, сенің де құның бір байталдық қана екен ғой,— деп Мөңке оған біртүрлі жиіркенішпен қарап тұрды да бұрылып жүре берді.

VIII

Тәңірберген балықшылар ауылынан көңілсіз аттанды. Еламан мен Кәленнің көзін құртса да, бұл ауыл басшысыз қалмапты. Оның жолына енді Мөңке кесе-көлденең тұрып, қараборбай шал қарсыласқандай қауқары барын танытты.

Тәңірберген Досқа қарады. Дос көзін тайдырып әкеті. Үндей қоймайтын дөкір жігіт. Балықшылар арасында беделі бар. Төңірегіне қара-құра топтай алатын болар деп ойлады Тәңірберген. Дәл атқа қонар жерде оның көзі бір қызға түсті. Салған жерден қыз ажарына қайран қап, тіпті оның үстіндегі ұсқынын алып тұрған ұнамсыз киімін де байқамады. «Тәңірім-ау, мынау көңге шыққан қызыл гүл ғой»,— деп ойлады да, ат тізгінін ұстап тұрған Досқа еңкейді:

— Дос аға, мынау кім?

— Төлеу деген жігіттің қарындасы.

— Тө-ле-у?..

— Иә, Төлеу деген жігіт. Сен біле қоймассың, қырдан биыл көшіп келген кірме.

Тәңірберген қыздан көзін айырмады. Қараған сайын көңілін құмарлық билеп, көз жанары кірпік арасында ұшқындап бара жатты:

— Со-лай де!

Дос мына қызға мырзаның ықыласы құлап кеткенін байқап:

— Тамаша бала,— деп мақтап, онсыз да тұтанғалы тұрған отқа май тамызғандай болды.— Өзіндей қыздар

дұрыстап от жағa алмайды. Ал, бұл пақыр промсолда жұмыс істеп, бір үйлі жанды асырап отыр.

— Тұрмыстары нашар болды ғой?

— Обалы жоқ. Үйі толған ер-азамат. Иттердің бірі талап қылсайшы. Үлкен-кішісі осы баланың мойнына мініп отыр.

— Аты кім?

— Айғанша.

Тәңірберген қыз атын ішінен қайталай берді: «Айғанша!.. Айғанша!..» Қыз үйінің күйсіз, ағаларының еріншек, жалқау болғанын да ол өз ішінен жақсы нышанаға жорыды. Соның бәрі мұның өз есебінің дәл үстінен түсіп, құпиялы қуанышпен қыздан көзін алмай тұр.

Өзіне сұқтана қадалған көзді Айғанша алғашқыда байқаған жоқ; әлгі бір әзірде балық сойып жүріп, басына немқұрайды тарта салған бір шаршы орамал сыпырылып желкесіне түсіпті. Жайшылықта да ие бермей орамал астынан бұрқырап шығып кете беретін қалың шашы қазір тіпті желкілдеп жүгіріп келе жатыр еді; ауыл үстіндегі түсі бөлек кісілерді көрді де, жақындап келгесін жайлап жүрді. Аттарына мінсе де әлденеге іркіліп тұрған кісілердің жанынан өтті. Көп ішінен тізгіні жиылмай, аңырып тұрған қара мұртты сұлу жігітті көрді. Қатарласа бере қыз да оған бұрылып қарады. Тәңірберген амандасқысы кеп оқталғанда Айғанша ұялып жігіт тұсынан тезірек жүріп кетті. Тәңірберген кісіден қысылмайтын. Айрықша әйел нәсілінің алдында аруағы басым отыратын. Осы жолы мына қыздың өткір қара көзіне шыдай алмай, кірпігін қалай қаққанын сезбей қалды; Айғанша қайрылмай жаурынына түскен қос бұрымы бұлғақтап, жүгіріп бара жатты. Үйге жақындай бергенде жылаған жас баланың даусын есітті. «Кенжекейдің келмегені ме? Аман болса жарар еді»,— деп ойлап, үрейлі көңілмен ішке мазасыздана жүгіріп кірді.

Жылай-жылай сілесі қатқан бала бұл шақта әбден көгеріп, ықылық атып жатыр екен. Ол баланы жұбатам деп өткен түні таң атқанша ұйқы көрмей, арпалысып шығып еді; өзі жұмысқа кеткесін баланы бір жан жұбатпаған. Ауру кемпір іргеге қарап жатыр. Өлер алдында үй ішіндегі жанжалдың жүзін көргісі келмей, қатты түңіліп безініп алғандай. Екі ағасы — Төлеу мен Қалау екі жерде сазарып отыр. Балжан болса күндесінің баласына бауыры жібімейтін әшиіндегі безбүйрек қаталдығына басып бір шетте өз баласымен оңашаланып алыпты.

— Құдайдан үміттерің бар ма? Мына баланы неге жұбатпайсыңдар? — деді Айғанша. Оған ешқайсысы тіл қатпады.

— Бұның шешесін неге іздемейсіңдер?..— деді Айғанша ызалы жас көзінде діріл̆деп.

Екі ағасы бұл жолы да тіл қатпады. Екеуі екі жерде тұнжырап, меңіреуленіп алыпты.

— Мынау үй емес, мола ғой... мола! — деп Айғанша еңіреп жылап жіберді де, далаға жүгіре шықты.

Ол кеткесін де бір жан қыбыр етпеді. Тек ауру кемпір қол таянып, басын көтеріп, ырсылдап отырып, екі ұлы — Төлеу мен Қалауға қарады.

— Ана байғұс... құдайдан бала тілегенде сендердей боларын білген дейсің бе. Басқаны қайтейін... сен екеуің әлгі қыздың сорына жаралдыңдар ғой,— деді де, әлі құрып жата кетті. Кезерген ернін қырқып тістеп алған. Оқтын-оқтын кеудесін өксік қысып, ығының селк-селк етіп жатқанын ешқайсысы байқамады.

Түс ауа Кенжекей келді. Үсті-басы ебіл-себіл. Төлеу оның адам аяғандай түріне көз салмай, тақымының астына басып отырған қамшысын ұстай түрегелді.

Кенжекей күйеуін көрген жоқ. Арқасындағы местi былқ еткізіп босағаға тастай салды да, бұл шақта тіпті үні шықпай, қып-қызыл боп булығып ықылық атып жатқан баласына ұмтылды:

— Сорлы-ай!.. Байғұс балам-ай!..— деп зарлап кеп, баланы жерден көтеріп алды.

— Түйе қайда?

Кенжекей сырт жағынан зәрін төгіп, түнеріп келген күйеуіне көз қиығын да салмай, кеудесінен емшегін шығарып баланың аузына тосты.

— Сорлы балам-ай, өлуге қалыпсың ғой...

— Әй, түйе қайда?

— Өз балаң емес пе... жұбатсаң қайтеді?

— Түйе қайда деймін?

— Түйең арам қатсын! Борша болсын! Қара өкпе тисін түйеңе!

Өткір қамшы сартылдап жауып кетті. Кенжекей сонда да тырп етпеді. Тек бір қолымен басын сөлекеттеу қорғаған күйі емшегін ала алмай, ықылық атып жатқан нәрестесін бауырына тас қып қысып алды. Өз бойымен баласын қорғағандықтан өткір қамшы енді көбіне әйелдің басына тиіп, сырт жонын таспадай тіліп шыпылдап жатыр. Кенжекейді бір жан арашаламады; Кенжекей болса өлімге де пей-

ілсияқтанып дыбысын шығармай, ернін қырқып тістеніп алыпты.

Бір рет қамшы қарақұсқа тиді де, Кенжекейдің көзі қарауытып, талықсып кетті. Сонан қанша уақыт өткені белгісіз, көзін ашса... басы қорғасын құйғандай көтертпейді. Қамшы тиген денесі алаулап жанып, өртеніп барады. Тек бала сорған бауыры ғана жып-жылы.

IX

Тәңірберген артында қалған шаруасын тиянақтап жүретін-ді; осы жолы да ол аттанар алдында ауылда қалған жігіттеріне ертеңгі күні құда-құдағилардың келуіне қамдастырып қоятын жабдық жөнін мұқияттап тапсырып кеткен екен. Қиқар бәйбіше қарсылық көрсетті, бірақ сүйеніші мықты Ақбала бұл жолы тізгін еркін бермеді. Әке-шешесінің келуіне қарсы, буулы жатқан тең-тең жүктерді шешіп, төр алдына бұрын бір жанның жамбасы тимеген асыл төсеніштер жайды. Үй ішінің дүние-жиһазын бұзып қайта жинап, ең аржағы соңыра әке-шешесіне беретін қамқа тон, құндыз ішіктерді бөлек шығарып қойды.

Тек Сүйеу қартқа жіберген кісісі кешігіп жатыр. Тәңірбергеннің де аяғы алысқа түсіп кетті. Ол кеткелі екі күн болса да, әлі қайтып оралған жоқ; ұзын құлақ хабарға қарағанда, балықшылар аулынан шыққасын промсолға соғыпты; бірақ онда ұзақ айналмапты; теңіз жағасына келіп жатқан Теміркемен тілдескесін алдын кештете атқа қонып, Орда қонған болысына қарай тартып бара жатқанын осы ауылдың малшылары көріпті; бірақ мұндағы кісілер мырзаның мұнша неге жаны дызығып жүргенін білмей, аң-таң боп отыр еді; Тәңірберген қасындағы бір атқосшысын ауылға қайтарып: «ертеңдері оралам. Күтіп отырған қонақтары келіп қалар, қамсыз болмасын»,— деп Ақбалаға арнап сәлем айтып жіберді. Ақбала басқа кісінің сөзіне шүбәланса да Тәңірбергенге сенетін; әсіресе, оның ісінде қателік болмасына сенетін-ді; әке-шешесінің келетініне Ақбала енді күдіктенбеді. Ауыл іші абыр-сабыр. Ақбаланы қуантпақ боп жүріп желөкпе жұрттың өзі күпсіп барады. Өздері айтқан сөзге басқадан бұрын олардың өздері иланып, күткен қонақтары шынымен-ақ келіп қалғандай көріп, көп шуылдақ қауырт әзірлікке кірісті. Олардың болжамы бойынша құда-құдағилар бұл кезде ауылға анық тақап қалды. Енді көп зарықтырмай, әне-міне дегенше келіп қалатындай көріп, қыр үстіне бір кісіні отырғызып қойды. Көз ұшынан

бір қара көрінсе де, бала-шағалар дүрлігісе шулап шапқылап келіп Ақбаладан сүйінші сұрап жатты.

Ақбала үлкен әзірлікті әке-шешесі келгенсін істемек боп кейінге ірке тұрғысы кеп еді. Бірақ желігіп алған жалпылдақтар жас келіншекке бой бермеді. Оны сырттан билеп, кейін қонақтар келгесін де үлгіретін істерге алдын ала ыссылай кірісіп бара жатты. Олар Ақбалаға ақылдаспай, қонақтармен бірге болады деген осы ауылдың көңілдес кісілерін алғыза бастады. Ең аяғы қонаққа соятын малдарды да өріске жібермей, оң босағаға байлап қойды. Пышақ қайраулы, қазан асулы. Бұл ауылдың қазіргі даярлығы дәл бір қыз ұзатып, келін түсіретін ауылдың әбігерінен бірде кем емес.

Кешеден бері Ақбала ауыл-аймақтың алақанында. Бұрын бәйбішенің шашбауын көтеріп жүрген әйелдер енді онан сыпырылып шығып, балға үймелеген шыбындай бәрі Ақбаланың төңірегіне үйіріле қапты.

— Біздің сал келіншек қандай сұлу! Беу, бұрын көзіміз байлаулы болған ба, неғып байқамадық екен,— деп кекселеу бір әйел Ақбаланың ажарына сұқтанып еді, басқалары оған дүрсе қоя берді:

— Е, ол кезде сен нені байқаушы едің, бәйбішенің шашбауын көтерем деп көзіңе шел бітпеді ме?

— Төбемізде тайраңдамадың ба?

— Иә, тілімді қышыта берме, сен қатын.

— Бәйбішені қайтейін, сал келіншекке ол күндестігінен істесін.

— Апырай де. Сал келіншекке берген сенің зәбірің осы отырған бәріміздің сүйегіміздің өткен.

— Апыр-ай де! Сен дозақы қар көрінбеші көзімізге.

— Көрінбе!

— Көрінбеші көзіме!

— Ие-не, кет!

— Жоғал!

— Жоғал!

— Тұтақ!

— Тұтақ!

Үй іші шаң-шуң болды да кетті. Ақбаланың ара түскеніне қарамай, көп қатын бір қатынды масқаралап айдап шықты. Өз араларындағы жек көретін жалғыз қатынды қуу оларға дәл бір жау қашырғаннан кем болған жоқ: бірінің сөзін бірі бөліп, бірінің тастап кеткенін екінші, үшінші біреулері толықтырып абыр-сабыр болып жатыр еді: кешет бір әйел Ақбаланың әңгімеге араласпай, оқшау шетте қо-

қырайып отырғанын көріп, қасындағы бір әйелді түртіп қалды. Ол арғы жағындағы бір әйелді түртіп қайсысы қайсысын кінәларын білмей бір-біріне қарап ернін тістеп, беттерін бір-бір үзіп алды: басқа кезде болса бір сәрі; бетім-ау, масқара-ау, енді не бетімді айтайын. Қазіргідей артынан ырғап-жырғап әке-шешесі келе жатқан келіншектің қабағын құрттай кірбең шалғаны да күпірлік қой. Сұмдық қой. Иә, иә, бұнан асқан сұмдық бола ма. Келіншектер кенет бәрі бірдей үркіп қап көйлектерінің етегі дүркірей түрекелді. Бәрі бір дәнге үймелеген ерекше бір сайрауық құстар сияқтанып жабырлап кеп, Ақбаланы орталарына ала үйме-жүйме боп отыра қалды.

— Не арманың бар.

— Жоқ, жоқ, арманың жоқ.

— Арманы жоқ.

— Қайдан болсын.

— Иә, иә, жер басқан пендеде әке-шешесін сендей ғып күтіп алған әйел бар дейсің бе!

— Осының бәрі күйеуіңнің арқасы.

— Солай!

— Соның арқасы!

— Піш-піш.

— Шу-шу...

— Несін айтасың...

— Айтатыны жоқ, сал жігіт сен дегенде...

— Иә, иә, сен дегенде...

— Несін айтасың, мырза жігіттің жаны жоқ қой.

— Жаны жоқ...

Бұрындары Ақбала әке-шешесін шақырта алмай зар боп еді; енді әке-шешесін күткелі жаны иненің ұшында: үйден де, түзден де тыныштық таба алмай, әлденеге іштей әбігерленіп бітті. Ондайда күлерін, не жыларын білмей күпті көңілін жас пен күлкі қабат қинады.

— Неге кешікті екен?

— Қайдам...

— Келер...

— Келіп қалар...

— Байғұс ата-анаң да сенің жүзіңді бір көруге зар боп...

— Зар боп...

— Аңсап...

— Екі көзі төрт боп...

— Байғұстар, жете алмай келе жатқан болар.

— Көбі кетіп, азы қалды...

— Аз қалды.

— Енді келіп те қалар.

— Келер ме екен? Кешікті-ау.

— Бұл кешіккен бе, баяғыда келіншектер ата-анасын жылдап күтетін.

— Қыз артынан келу де сын. Ана сорлының қызына арнаған бір жасауы бітсе де, бір жасауы бітпей ел айнала жүгіргенін көрген жоқсың ғой сен.

Ақбала ұланды. Кәдімгідей ұланып құрбы келіншектер арасында көңілі жадырап ақсары жүзі нұрлана түседі. Келіншектер әлі сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр. Құдды жел шайқаған жас құрақтай судырлап ақ жаулық тартқан бастары түйісіп үйме-жүйме бола қалады. Ақбала құрбы келіншектердің ықыласына дән риза. Олардың бар айтқаны құлқынынан шығып қосыла күптап отырады да, кенет түсі бұзылып кетеді. Әкесінің қаттылығы есіне түседі. Оның ақ кірпігі, қызыл көзі, осқырынған ызалы ащы мысқылы есіне түскенде ол қара суықтағы жапырақтай қалтырап: «Құдай-ай, өзің қолдай гөр! — деді күбірлеп,— жерге қарап қалмасам қайтсын.... қорқам!»

Кенет бір дыбысты құлағы шалып:

— Біреу келді ғой. Солар... Солар болар,— деп асығыс түрекеліп, сыртқа жүгіріп шығып еді.

Үй іргесінен тұяғы сыртылдап өтіп бара жатқан сиырлар екен. Тағы да Ақбала лезде жабырқап, бет өңінің бояуы оңып сала берді. Әлгіде әке-шешесі келіп қалғандай көріп, от алған дәрідей лап берген қуаныш енді қазір үміті алданғаннан кейін лықсып қайтып, көңілін тағы қайтадан қорқынышқа босатып берді. «Келмейтін шығар» деп ойлап мұңайып тұрған үстіне қара сұр бәйбіше келді.

Дәл бір Ақбаланың көңіліндегі күдігі мен қаупін білгендей жайраңдап күліп кеп, бүйірлеп тоқтады.

— Ау, әлгі ауыл боп күткен құда-құдағымыз қайда? Не хабар бар.

Ақбала үндей алмай, іштей қалтырай бастады.

— Мынаның есі дұрыс па? Неге үндемейсің? Артынан әке-шешесі келе жатқан кісіге ұқсамайсың ғой.

Ақбала сасып тұрып, қалай күлімсіреген байқамай қалды.

— Есің дұрыс па? . Әке-шешеңнің қуанышы есіңді алып кеткеннен сау ма? Күйеуің қайда жүр?

— А-а, кім?

— Күйеуің! Күйеуің қайда деймін?

— Қайдам...

— О несі тағы? «Тоқал байдың бауыр етінен жарала-

ды» — демеуші ме еді? Саған жөнін айтпағанда маған айтар деп пе едің.

— Маған да айтқан жоқ. Бірақ... келіп қалар...

— Ие, жер жұтпас, түбі бір келер. Ал... бірақ сенің әкешешең келмейтін болды.

Ақбала сәл қозғалса құлап түсетіндей сезді. Көз алдындағы нәрсенің бәрі теңселіп, табаны астындағы жер мен үстіндегі алты қанат үй де, уығы, керегесі пышырлап, түндігі сыпырылып бара жатты. Қасындағы құрбы келіншектердің де жүзі қашықтап, жапан түзде жалғыз қалып бара жатты. Бет өңі аппақ. Тек әлгі жасқаншақ күлкі айыға қоймаған әдемі қызыл ерні ғана дір етті.

— Тарқат мына дырдуыңды,— деді бәйбіше ақырып.

Ақбала дәрменсіз бір қимылмен қарсылық білдіргісі келгендей боп еді: бірақ оған жүрегі дауаламай жасқаншақтық жеңіп, аузын сәл аша түскен күйі кірпігі жыпылықтап, бір түрлі аянышты кескінде тоқтап қалды.

Адуын бәйбіше Ақбаланың көзінше айқай сап қонақ күтіп отырған ауылдың бар әзірлігін быт-шыт қылды. Қонаққа соймақ боп байлап қойған малдарды шешіп жіберді. Ақбалаға қолқабыс беріп, қызмет істеп жүрген келіншектерді де қуалап, әп-сәтте ауыл үстін лаң тигендей етті.

Сонан кейін ол Ақбалаға қайтып келді:

— Осы желіккенің де жетер. Төбемізде тайраңдата беретін жаман балықшының ауылы емес, бұл. Тыйыл енді.

Осы кезде бір топ кісі дабырласып кеп, Алдаберген үйінің алдына тоқтады: ашулы, ызалы топқа Ақбала еріксіз назар аударып еді, көп кісінің ішінен осыдан үш күн бұрын Сүйеуге жіберген ақикөз жігітті көрді. Бет-аузы қан, басын ақ шүберекпен таңып алыпты.

— Қу шұнақ шалдың кімді қорлағаны? Кімді басынғаны, ә? — деді Алдаберген софы ақырып.

Ақбаланың ішке кіруге ғана шамасы жетті. Сүлдері құрып, төсегіне жете алмай, жолда тұрған адал бақанға асыла кетті.

— Тұр. Мырза жігіт кеп аттан түсіп жатыр,— деп көңілдес бір келіншек сүріне-қабына жүгіріп кірді.

Ақбала жаңа байқады: күннің қызылы семіп, батып кетіпті. Іші жасауға тірелген бөлке, кең бөлменің күнбатысқа қараған қос терезесі көлеңкеленіп, әйнектің ар жағындағы дүние қарауытып түн құшағына ықылассыз кіріп барады екен.

— Құдай-ай... Не пиғылымнан таптым...

— Қайтесің, шыда!..

Ақбала көз жасын күшпен іркіп қалды. Сырттан күйеуінің кіріп келе жатқанын байқап, қайғы соққан денесін әрең билеп, сүлеленіп басып қарсы барды.

X

Жасағанберген сәске түс кезінде сыртқа шықты. Басында құндыз бөрік, нығында ішік. Елге келгеннен бергі әдеті бойынша ол бүгін де төсектен тұрған бойда үй сыртындағы ақ құмның басына шығып бой сергітіп қайтпақшы еді. Бірақ сол бойда суық қапқан денесі тітіркеп, тоңазып кетті де, үлкен үйдің күн шуақ бетін ықтап тұра қалды.

Қасына Тәңірберген келді. Бұл екі жігіт бірге туса да, түрі-түсі бір-біріне ұқсамайтын. Еш нәрсеге зауқы шаппайтын, ілмиген жүдеу жігітке Тәңірберген тоқтала көз тастады.

— Жасанжан, бүгін қалайсың? Ұйқыңды қандырып тұрдың ба?

— Жақсымын, аға.

— Іншәлла, енді жаман болмассың. Туған жердің топырағы кісіге майдай жағады. Көре қал, көп ұзамай етке шыға бастайсың.

Сырқат жігіт кіржің етті. Тәңірберген түк сезбеген кісідей маңқиып тұр. Сұлу мұрты жілік майын жаққандай күн астында жылтырайды. Алыстан ыңыранып, талып естіліп жатқан теңіз сарынына құлағын салып, тың тыңдап алды да, інісіне бұрылды:

— Байқайсың ба? Осы теңіз ашулы-ау! Өкіріп жатқанын көрдің бе? Мынау өксігі.

— Ища-а!.. Күн суыта бастаған екен?

— Мезгілі ғой.

— Иә, әр нәрсенің мезгілі бар. Суықтың да, кәрілектің де...

Тәңірберген інісіне көлденеңнен көз тастады. Інісінің қызарған танауы мен сұрғылт жүдеу бетінде бозамықтанып үрпиіп кеткен түктерге қарап тұрды да, көзін тайдырып әкетті.

— Шәй іштің бе?

— Жоқ... Асқа тәбетім шаппайды. Жүрегімде запыран тұрады.

— Жүр, шайды біздең іш!

— Ауылда... отын жағы қалай?

— Отын?

— Кеше... софы ағамның бәйбішесі сауыншы әйелге терек бермей, шаңқылдап жатқанын көріп едім.

— Сондайға көңіл бөліп қайтесің.

— Күн суытты... бейшаралар тым құрыса от жағып, үйлерін жылытып қойса,— деп Жасағанберген қатарласып келе жатып, ағасына жалтақтап қарай берді.

Тәңірберген үндемеді. Бет өңі бір лезде салқын тартып сыздап ала қойды. Осыдан кейін ол тік тұрып күтіп алған Ақбалаға да ыңғай бермей:

— Шайыңды әзірле! — деп әмір етті.

Ақбаланың аяғы ауырлап қапты; қайнысы болса да Жасағанбергеннен қорғалап, қысылып, бойын жасыра берді; қара дақ секпіл шала бастаған аппақ жүзі мұңданып, кісі алдында көзін төмен сап жүретін бопты. Ақбала күйеуі мен қайнысының алдына дастарқан жайып, шай жасап, бәйбішеге бәрін әзірлеп берді де, ас үйге шығып кетті.

Тәңірберген осы әйелінің өзіне түк жазығы жоғын біледі. Бар істеген әрекеті — әкесі мен осы ауылды татуластырып, жау кісілердің жүзін жылытып жіберсем деген оймен екі араға делдал дәнекер болғысы кеп еді; онысы аяғында өзіне соққы боп тигенін көріп, Ақбаланы ішінен аяп отыр; кейде тіпті кешкісін төсек салар кезде бұрынғы әдетпен осы әйелінің қасына жатқысы кеп, аңсары ауып, ауаланып кетеді; енді сәл ғана жібісе болғаны өзінің осыған дейін қолдан істеп жүрген қаттылығынан айрылып қап, Ақбаланың ыстық құшағына кіріп кетерін білді. Онан кейінгі еркек мінезі өзіне белгілі... Тәңірберген қатайып ала қойды.

Ақбала шығып кеткесін, ол шайды асықпай, баптап шайқап ішіп отырып:

— Жасанжан, осы сен кедейдің сойыл соғарысың. Бірге туыссақ та, біздең гөрі ішің соларға бұрып тұрады. Ал, кедейдің қызына үйленуге қалайсың! — деп інісіне сұлу жүзін жартылай бұрып, көзінің қиығымен Жасағанбергенді бағып отыр.

Жасағанберген ағасының анық көңілін танымай, мұны әлгі бір сөздің орайына қарай айтылған әзіл болар деп топшылады.

— Әйел алуға да қабілет керек көрінеді. Ауылға аң келсе қора түбінде жатып үретін софы ағамның ала мойнақтары секілді, нансаң, өз басым қыз-қырқынға қырсыз-ақ боп туыппын,— деді күліп.

«Қуын... Қайда бұрып бара жатқанын қара!» — деді Тәңірберген ішінен.

— Мына жар басындағы балықшылардың аулында бір Ләйлі бар, тек Мәжнүні болмай құрып жүр.

— Тағы не пәле шығардыңыз, аға?

— Шырағым-ау, қатын алу, бала сүю құдай бұйрығы емес пе. Қалай туласаң да, соңыра сен де бір ноқтаны басыңа киерсің.

— Ну и к черту. Қойыңызшы!..

Тәңірберген інісіне таңдана қарады. Ендігі әңгімені оңаша отырып сөйлескісі кеп:

— Дастарқанды жина,— деп әмір етті.— Өзің де шыға түр!

Бәйбіше күйеуімен тақымдасып отырып шай құйып бергені болмаса үй ішінің шаруасына араласпайтын. Ол ауыз үй жаққа бір-екі рет дауыстады. Ешкім үндемеген соң бәйбіше енді қаһарына мініп:

— Әй, керең болдың ба? Самауырды әкет! — деп дауыстады.

Ақбала ішке кірді. Самауырды әкеткелі көтеріп жатты да, кенет сәл еңкейіп бәйбішенің құлағына аузын тақап:

— Басқа сөз таппадың ба! — деп зығырданы қайнап, тістене тіл қатты.

— Адыра қал! Төркіні жоқ, тұл тоқал! Сені ме... сені енді төбеге ұрып отырып жұмсаймын,— деді бәйбіше шаңқылдап.

Ақбала көзіне жас кеп қап, самауырды ала жөнелді. Жасағанберген атып түрегелді.

— Жас адамсыз, оқымасаңыз да қалаға барып татар байларымен араласып жүресіз. Әлден екі әйел алғаныңыз ұят қой! Масқаралық қой! — деп бозғыл беті ду етіп, саусақтарының ұшы дірілдеп, өңіріндегі түймелерін тартқылай бастады.— Ну... ну, настоящий степной феодал!

Қатты ашу кеудесін қысып, қып-қызыл боп булығып алды, біразға дейін өзіне өзі келе алмай, ақ торғын орамалмен маңдайын сүртіп, теңселіп жүрді.

— Ей, шырағым,— деді Тәңірберген,— сөктің екен, бізге түсіндіріп сөк. Жасы үлкен кісіні сөгетін боқтық сөзге біздің тіліміз де кенде емес шығар.

— Үлкен... үлкен... Аузын ашса жасы үлкендігін сәдеттеп шыға келеді. Кіші болғанша күшік бол дейтіні тағы бар. Мен, бірақ... Кхе, кхе... күшік бола алмаспын!

Жасағанберген күрк-күрк жөтеліп жүріп ішігін киді, бөркін киді, түрме белбеумен белін буды да, төр алдында міз бақпай сазарып отырып қалған ағасына көз қиығын салмастан сыртқа ата жөнелді. Есік алдында жатқан иттің

аяғын басып кетті. Қыңсылап қалған итті қайрыла бере қамшымен тартып жіберді. Әлі де ашуы тарқамай, ызаға булығып ілелі арық жүзіне қан жүгіріп, дуылдап апты. Кеудесі сырылдап, танау қағып ентігіп жүр. Дірілдеген қолымен жаңа ит ұрған қамшыны тобылғы сабынан қысып ұстады да, төңірегіне көз тастады. Төбеге кеп қалған шағырмақ ашық күннің нұры жарқырап, жаз бойы мал жайылмаған қора маңының қау шөбі — сары солма, теріскен, изен, жусан,— сарғайып-ұзарып солып, күзгі жел астында дірілдеп теңіз бетіндей толқып жатты. Ал оның арғы жағында күн нұры шалған шағыл бұйрат шұбартады.

Апырай, осы әлем, осы мына дүние бір қалпынан танбайды. Адам адам боп жаралғалы талай сойқанды басынан кешіп келе жатса да бұл патшағар бір былқ етпейді-ау! Дүниені төбесімен тіреп жүргенситін жаңағы мырзаның өзі болмашы бір нәрсеге күйіп-пісіп, қит етсе жасы үлкендігін арқаланып зілденіп жатқан түрі анау. Осы төңірек бірін бірі алдау, арбау, ұту, түкке керегі жоқ ұсақ бақай құлықтар қанша! Ал мына үстіндегі заңғар биік аспан, ай мен күн, жер, су, тас, тау, анау жарықтық Беларан, бүтіл айдай әлем өзгерсейші, сірә. О баста дүние дүние боп жаралғаннан бері жер басқан тірі жәндіктің бірін алаламай, қажетке жарағанын қылдай бөліп пейлі мен мейіріне қарық қып қояды. Тым құрыса жаңағы мырзаша бір рет қанасынан асып сыздамай, апыр-ай, осы жарықтықтың баягы бір қоңыр күйінен жазбай, бей-жай боп маужырап тұратыны тамаша. Адамзаттың осы мына далада асқан айнымас досы жоқ. Қолдан келсе далада көбірек болу керек. Иә, иә, далаға шығып аң аулап сейілдеп қайтайын. Сейіл... сейіл, серуен! Серуендеп қайтайын.

Жасағанберген атқа мініп, тазыларын ертіп жүріп кетті. Әуелі құм ішінен қоян іздеді. Онан қара адыр қатқақты ат тұяғымен тасырлатып бастырып жортып бұйратты шарлап, түлкі қақты. Аң қашпады. Жас жігіт те құлық қойып, іздеп жүрген жоқ: күні бойы сандалып жүріп-жүріп, кешке қарай қалжыраған кезде Белараның басына шықты. Бұрын Бел-аранды мұншалық биік деп жүрген жоқ-ты. Басына шыққасын байқады: басына шыққанда кенет кісі табаны жерден үзіліп, көкке шырқап бір-ақ көтеріліп кеткендей әсер алды. Сол сәтте осынау бір көз алдында керілген шетсіз, шексіз жазық дала да қол-аяғын созып жібергендей болды. Жасағанберген үнсіз сарылған мылқау далаға енжар қарап тұрды да атын тебініп қалды. Ауылға қайтқысы келмей, ақ арғымақты жалғыз аяқ ешкі ізге салып, шың қабағын қиялап,

теңіз жағасына құлады. Күн суытқалы теңіз беті түтігіп, зәрлене қарауытып ыңыранып жатқан. Қатар алдында су қоюланып, дөңбектей ауыр толқындар ақырын түйіліп келеді. Жағалау тіпті толқымай, ақ қаймақтанып кілкілдеп жатты.

Жасағанберген осыларды сырттай салғырт сезініп, бытпылдық, шоқалақ арасымен атын ақырын бастырып келе жатты. Шоқалақтың бірі — үлкен, бірі — кіші. Бәрінің төбесіне жыңғыл өскен. Қызыл сирақ қырбық жыңғылдар шоқалақтың жон-арқасына ұйлығып өсіп бөрік бастанып жалбырап тұр. Әдетте ештеңеге қызықпайтын жігіт теңіз жағасының жүдеу көрінісіне енжар көз сап, шоқалақ арасындағы жалғыз аяқ жолмен атын жай бастырып келе жатыр еді.

Сырт жағынан:

— Уай, бұл қайсысың! — деген дауыс шықты. Жас жігіт ат басын тартты. Мөңке деген балықшы шалды көріп, домалап аттан түсе қалды. Мөңке осы жігіттің ана жолы урядник тергеуінде шыр етіп Кәленге ара түскенін ұмытқан жоқ еді.

— Шырағым, жасың кіші болғанмен, жолың үлкен. Құдай айдап ауыл үстіне келе қалған екенсің. Үйден дәм татып кет,— деді Мөңке.

Жасағанберген енжар сұлық тұрған. Қарт балықшының қолқасына көне салды. Бұрын-соңды балықшылар ауылында болған жоқ-ты. Жерқазбалар оған көр тышқан илеуіндей көрінді. «О, тәңірі... Мынау ін ғой»,— деді ішінен. Әсіресе балықшы шалдың үйіне кірер жерде Жасағанберген буыны қалтырап бара жатқанын байқады. Ішке қарт балықшының соңынан қорғалақтап басып кіргесін де аяғын көсіле алмай етек, жеңін жинап, бір уыс боп отырды.

— Балам, патшаның өз басы әңгімелі болып жатыр деген не? — деді Мөңке.

— Рас, ақсақал.

— Апыр-ай, ә! Біз... мына қара халық жер басқан пенделеде патшадан асқан мықты бар деп ойламаймыз ғой, жүдә. Көкте құдай, жерде патша деуші едік. Балам-ау, сонда патшамен жауласып жүрген кім?

— Патшамен бе?

— Я.

— Қалай десем екен? Бір сөзбен айтқанда, ақсақал, төңкеріс болды.

— Төңкеріс? Патшаны төңкермек боп жүр ме?

— Я, солай.

— Не қылса да, олар да осал болмады ғой Текті жерден шыққан шығар?

— Жоқ, олар осы өздеріңіздей кедейден шыққан кісілер.

— Солай ма? Е, онда патша бағы қайта бастады десейші. Иә, иә, мың асқанға бір тосқан...

Жасағанберген қоштасып жүріп кетті. Жас жігіт балықшылар ауылынан көңілсіз аттанды. Осыларды теңізден басқа түк білмейтін керең кісідей көретін. Күйкі тірлік қажап, ығыр болған жандар да, күн сайын қазандық балық ұстап қатын, бала асыраудан басқа ой да, арман да жоқ қой дейтін. Енді байқаса бұлардың да ұғымы өзгеріпті. Жер тәңірісі деп жүрген ақ патшаны ана жақта жағадан алып жатқан бір құдырет күштің барын бұлар екеш бұлар да сезіп елеңдесіп отыр. Бір ғажабы соған қынжылған бір адамды көрген жоқ. Ең аяғы жаңағы жаман шал да патшаны табалағандай болды. Иә, табалады! «Мың асқанға бір тосқан деді... Апыр-ау, бұл заман не боп барады?» — деп ойлады. Жас жігіттің ат соғып қалжыраған денесі енді тіпті қатты титықтап, тас тиген жапалақтай салбырап қалды.

Оның жабырқау аттанғанын көрген кісілер әр түрлі топшылады. Мәселен, Мөңке: «бай мырзасы үйімізді қомсынды»,— деп ойлады. Судыр Ахмет: «іші-сырты бірдей боп, сылқиып тойып кетпегесін қонақтың қабағы қайдан ашылсын»,— деп ойлады. Ал, Жасағанбергеннің келеріңде төңірегіне сұқтанып көз салып келіп, кетерінде сүлеленіп, ығы түсіп бара жатқанын Қарақатын тіпті басқаша түйді. Ол балықтан үсті-басы су-су болып келген күйеуіне де қайрылмай, үй жағалап жүгіріп жүр:

— Не білгенің бар? Мына арадағы бай ауылдың мырзасы келіп кетті ғой. Балықшы ауыл атансақ та, құдайға шүкір, жұрттың азы мен тозы емеспіз. Бай ауылдың маңдай алды жігіттерін өзіміз аяқтандыруға қарадық. Ана жолы, Тәңірберген Ақбаланы тоқалдыққа алса... енді оқыған мырзасын тағы біз аяқтандырғалы тұрмыз. Көрерсің де білерсің, әлгі жігіт біздің Айғаншамызды... не, не аспандағы айымызды әкетейін деп жүр.

— Сен оны қайдан білдің?

— Ай, ойбай-ай! Мен білмейтін пәле жердің астында. Жігіттің бетіне былай бір қарадым да, бәрін біле қойдым. Қызды көрем деп ауыл үстін көзімен тінтіп келіп еді. Қызды көре алмағасын, әне, әнекей... ұнжырғасы түсіп сүмірейіп кетіп барады. Ой, неқыласың! Мырзаның сыртынан

қарап тұрып, қыбым қанғаны сонша... өз санымды өзім үзіп-үзіп алдым-ау!

Қарақатын келесі жолы әңгімені үдете түсті:

— Несін жасырайын. Қазір Тәңірбергенмен арамыз жақын ғой. Аулына барғанымызда ол бізге Айғаншаны інісіне алып бергісі келетін ынғайын танытып еді. Жастардың арасына жеңгелік ет деп еді. Оқыған жігіттің мына келісі тегін емес екенін білдім, бірақ жігіттің біздікіне түспей, жаман Мөңкені сағалап келгеніне күйіп кеттім. Өзіміздің қызға жетіп бардым да, ал, сорлы, үйден шықпа! — дедім. Сені көрейін деп жігіт келіп отыр, бай ауылдың бағлан мырзасы дедім. Бірақ, сен де осал қыз емессің, шошаңдамай отыр былай,— деп қызды қозғалтпай қойған мен... мен ғой,— деп өз ісіне ырза боп кеткені сонша, ол ана қатынның қолын құшырлана сүйіп, қысып-қысып жіберді.

* * *

Мөңке мен Төлеу ау қарап қайтты. Екеуі де қатты шаршаған. Екі-үш күн шамасында қатқан көкше мұзды сықырлатып қатар басып келеді. Үнсіз. Төлеу тіл қатқысы кеп, бір-екі рет оқталса да бата алмады. Көптен бері қарт балықшының қабағы қатыңқы. Еламан, Рай, Кәленнен айрылып, сағы сынып жүргенде тағы бір тосын пәле тап болды. Қатар отырған көңілдес екі үй көптен бері біріне бірі қатынамай қойды.

Қарақатын жайы өзіне белгілі, бұл арада Мөңке Доскa ғана өкпелі. Қатын-бала арасына іріткі салып, осыншалық ұсақтап кетті. Басқасын қойғанда, ол шіркін ауыр өмірдің азабын бірге арқалаған кешегі қанжығалас жолдас емес пе? Жер түбінен бірге жасасып келе жатқан тату-тәтті шағын бүгінгі күні бір ғана түс шайысудың тұсында қалай ұмытты?

Мөңке бұны еш жанға айтпаса да, үнемі ішінен ойлап қиналып жүр. Доспен ренжіскелі жалғыз болатын. Қысқа қарай жалғыз кісіге балық аулау қиын болғасын қасына Төлеуді серік қып қосып алды.

— Асымдықтан ауысқан балықты көршіңе бөліп берерсің,— деді Мөңке айрылысар жерде.

Төлеу үйіне бұрылды. Есік жақта отырған Кенжекей күйеуін басқалардан бұрын көрді. Күндесінен гөрі бұрыныраң түрегелсе де, сонан артық ықыласқа жүрегі дауамады. Бұл жолы тағы да өзінен аруағы басым күндесіне жол беріп, кейін шегініп кетті.

Балжан жайшылықтағы сыздаған суық қалпын бұз-

бай, ақырын түрегелді. Төлеудің су киімдерін шешіндіріп жатып:

— Көйлегің кірлеп кетіпті, шешіп бере ғой, жуып тастайын,— деп күйеуінің ықыласын өзіне аударғысы келген күндес әйелдердің тіл тапқыш сықырлығына бақты.

Кенжекейдің өңі сынық. Қазір оның балалары да бұйығы. Бұрынғыдай жоқты сұрап, жөнсіз қыңқылдамайды. Осы үй өз анасын шеттетіп жүргенін сезген балалар күн санап реніш пен ызасын іштеріне жиып, дықтанып өсіп келеді.

Кенжекей болса қазір күйеуінен көңілі суып алды. Күндіз күйкі шаруамен күн өткізсе де, түнемелікке қарай өз халіне азарланып, ызаға булығып, жүрегі жарыла жаздайды. Бірақ дыбысын шығармай, жас сәбиін бауырына тас қып қысып алады. Ол, әсіресе өткен түні таң атқанша ұйықтай алмай, күйеуі мен күндесі жатқан жаққа құлағын тігіп, қасіретке уланып жатыр еді. Бір ыстық қол бұны басынан сипады. Онан денесін сипап үнсіз жақындай берді. Кенжекей дір етті. Күйеуім екен деген ойдан жүрегі жарыла жаздап, бауырындағы баласын тастай салды да, түн жамылып ұрланып келе жатқан әлгі ыстық қолға бұл да шап беріп қысып ұстай алды:

— Сен бе?

— Тсс-сс .. мен ғой.

Қараңғы үйде қойнына келген адамның жүзін көре алмады. Даусы да сыбырлап шығады: тек ыстық демі мен тыныс алуы біртүрлі. Ауа жетпей тұншығып бара жатқандай танауы оғаш шуылдап кеп, келіншектің қойнына кірді. Ыстық демі әйел денесін күйдіріп барады. Төсек тарлық еткендей өз бойымен Кенжекейді іргеге қарай ысырып, салған жерден қызылға түскен бүркіттей, әй-шайға қаратпай тықсырып бара жатты. Басқа кезде Кенжекей мына қимылдың сөлекеттігін бірден білер еді. Қазір оның өзі де сөніп қалған жүрек жалынын қайта тұтатып ап, қойнына кірген еркекті құшырлана құшақтай алды:

— Сенсің бе?

— Иә, мен... менмін...

— Көз жасым саған да жеткен екен ғой...

— Иә, иә, жетті... Келдім... Келдім... жеңеше...

Кенжекей жан ұшырғандай шапшаң серпіліп іргеге тығыла қалды, дір-дір етеді. Қалау енді әй-шайға қарамады. Әлгіден кейін іле-шала ұмтылып, Кенжекейді қайта құшақтамақ болып еді; Кенжекей қорған іздегендей ірге жағында жатқан кішкентай баласына жабысты. Қалау оған да тоқтамағасын күйік көтерген әйел ұятты қойып:

— Құдай-ау,— деп үйді басына көтере айқай салды.— Ендігі көрсетпегенің осы ма еді! Бұл қай қорлығың?

Қалау тоқтар емес, арсыз өлермендікпен үнсіз ұмтылып әйелдің аузын басып, қолын қайырмақ боп еді. Кенжекей оны дәл кеудеден түйіп жіберді.

— О, қара бет... кет! Кет енді!

Қалау кереуеттен дүрс етіп құлап түсті. Үй іші тастай қараңғы. Бір жан үндемеді. Төлеу де үнсіз. Кенжекейдің төсегінен қол созымдай ғана жерде, кіші әйелінің қасында жатыр. Інісінің қылығын құптағандай тырп етпей жатқанына әйел жаны, әсіресе, қатты қорланды. Тар төсектегі алыста оянып кеткен жас баласына да бұрылмай, жастықты бауырына тас қып қысып алып өксіп-өксіп жылады.

Ертеңіне Айғанша Кенжекейдің қасына жатты. Айғанша отырғанда Кенжекейге ешқайсысы көз аларта қоймайды.

Бұл үйде Айғаншадан ықпайтын Қалау ғана. Ол бүгін тағы бір тосын ермек тапты. Төр алдында шалқасынан жатып, Кенжекейдің үлкен баласына:

— Әй, Өтеш, бері кел! — деп әмір етті.

Ағасының қолы батып қалған жеті-сегіз жасар сары бала қозғала қоймап еді: Қалау басын көтерді. Төсегінен құйрығымен сырғанап түсіп, ес-түссіз дірілдеп тұрған баланы жұлқып қап, жалп еткізді. Онан баланы қайта тұрғызып алды да, көзіне көзін тігіп ежірейіп қарап:

— Менімен бірге туғаның рас па? — деді.

— Р-рас.

— Онда жылама.

Өтеш жасын жұтып, дір-дір етіп тұр.

Қалау енді оған:

— Күл! — деп ақырды.

Өтеш жас мөлтілдеген көзімен ағасына жалына қарады.

— Ой, күсік, күл дедім ғой саған.

Өтеш ыржиды. Қалау осы балаға не айтқанының бәрін істете алатынына ырза болғаны сонша, арғы жағынан түк тепсінген таңқы танауы шылдап күле түсті де, тағы да тез ғана түсін суыта қойды:

— Сен, осы кімнен тудың?

Қарт әжесі Өтешті «сүт кенжем» деп емшегінен ерте айырып, өзінің бауырына басып өсіріп еді. Өтеш Кенжекейден туғанын біліп, ішінен жаны үзіліп тұрса да, анаға деген ыстық сезімін сыртына шығарып көрген емес. Дүниедегі ең жақсы көретін кісісіне жылы сөзін айта алмай, дәл бір тілі байланған сақау адам сияқтанып ішінен булығып жүретін.

— Ой, залым! Үндемеуін қарашы. Әжемнен тудым деп бер жағымен ғана айтады екен ғой.

Өтештің басы ілініп барады. «Ие... ие...» деп, енді бірдеңе десе ызақор бала жылап жіберетіндей, иегі кемсеңдеп, көз жасы дірілдеп тұр.

Қалау онан сайын баланың жер-жебіріне жетіп:

— Сен ана жаман қатыннан тудың,— деп Кенжекейді көрсетіп еді, Өтеш өкіріп қоя берді.

Анадағы оқиғадан кейін Кенжекей қайнысының бетіне қарамайтын: үй ішінде әлдеқалай қарсы келе қалса теріс айналып кетіп жүрген. Сонан бері Қалау жеңгесіне өлердей ызалы, өшігіп алды.

— Әжеңнен туғаның рас болса, мә мына көсеуді ал! Ана жаман қатынды ұр! Тек, аяма, қатты ұр! — деп ол баланы тағы бір пәлеге айдап салды.

Ағасы берген көсеуді Өтеш қос қолымен қысып ұстауын ұстаса да тырп етпей көгеріп тұр.

— Ә, залым... анаңды аяп тұрсың ба? — деп Қалау қайрай түсті. Және рақымсыз ағасының қатал қабақ астынан тырп етпей бағып отырғанын көргенде, жас бала бұрыла алмады: өреше жақта үй шаруасын істеп жатқан анасына жүгіріп барса да, тап бір ұрар жерде қолы батпай, көзін жұма қап еді, сол сәтте сырт жағынан дауыстаған:

— Ой күсік, ұр! — деген әмір есітті.

Бала көтеріп тұрған көсеуді қалай сілтегенін білмей қалды. Көйлекшең отырған Кенжекейдің қарына темір көсеудің тұмсығы кіріп кетті.

Кенжекей демін ала алмай, көгеріп отырып қалды. Бір кезде ғана баласына бұрылды. Онда да ашу-зілсіз:

— Ай, Өтешжан-ай, саған не дейін... баласың ғой әлі! — деп ақырын күйініш білдірді де қойды.

Өтеш көзіне жас құйылып тұрса да жұрт алдында жылай алмай, жүрегі дірілдеп көгеріп, бозарып қатты да қалды.

Бұған Қалау мәз боп санын соғып, күліп жатқан. Ертеден бері інісінің бала-шағаларға істеген бар бүлігін үнсіз бағып отырған Төлеу, кенет шыдай алмай, інісіне жетіп барды:

— Ой, ит... тұр!

Қалау ағасының қатты бұзылған түрін таныса да, онан айылын жимай күліп жатыр. Төлеу теуіп жіберді.

— Шық үйден!

Қалау атып тұрды. Ағасына көзінің астымен қарап, таңырайған шолақ танауымен шуылдай дем алып тұр.

— Шық үйден! — деп Төлеу оны жағасынан ала беріп еді, Қалау ағасының қолын қағып жіберген бойы ең бір жан-

ды жеріне қойып жіберді. Алғашқыда оны баласынып, аңсыз тұрған Төлеу темірдей жұдырық дәл жүректің тұсынан тигенде шалқалай барып жауырынымен жар тірей құлады; інісіне көзі түсіп еді: мойын жоқ, құлақ жоқ, бұзаушық сабындай ғана шұнтиған басын ішіне ызғармен тартып алып, ағасының қарсы алдында сүзетін бұқаша күжірейіп, төбелеске әзір тұр екен. Төлеу бір кісіге дербес әлі келетін; әсіресе, қара төбелеске қарулы еді; ол тұра сала інісіне үлкен ызғармен тістері ақсиып ұмтыла берді де, анасының көзіне көзі түсіп, тоқтай қалды. Екі күннен бері анасының тілжағы байланып, үй ішімен ыммен ғана ұғысып жатқан.

— Тұра тұр, бала... Бұл үйде енді қай жеңгеніміз қалармыз,— деді Төлеу ентігіп, ауыр дем алып.

Баларақ кезінде томай құлақты тай теуіп, бет сүйегі жарылып кеткен болатын; сонан бері бір жағына қарай тыртық сияқтанып, ыржиып тұратын беті күлімсіреген әзірде мүлде қисайып кетті:

— Болсын... оған да тұрам.

Төлеу анасының қасына барды. Бірақ қара кемпір онан көзін аударып, аласа үйдің төбесін жапқан қисық-қисық шабақтарға қарап жатыр. Көз жанарына күл сепкендей қарашығы сөніп, салқындап, тірліктен қашықтап кеткен екен. Ол тек баласына басын ғана изеп, «бар сенгенім сен едің. Сенен де қол жудым. Тым құрыса анаңның бетін жапқаның күтсең қайтеді»,— деді әлгі қылығын кіналағандай.

Ішке Айғанша жүгіріп кірді: табалдырықтан аттай бере анасы жатқан жаққа үрейлене қарады, тез басып кеп, бас жағына тізерлеп отыра қап, мұздап бара жатқан қолын ұстады.

Қара кемпір қызының қолын сүйді. Анасының бұрынсоңды мұншалық елжірек кезін көрмеген Айғанша үрейленіп кетті:

— Апа!.. Апаеке!..

Кемпір үн қатпады. Кенет әлсіз саусақтары ақырын жазылып, қызының қолын уысынан қоя берді. Демі үзілер сәтте көрпе астында жатқан ірі денесін ышқына бір созып, қол-аяғы керіп тастағандай сіресе қалды. Тісі түскен ауызы ақырын ашылып, тап жаңа ғана бас жағында отырған қызына қарап жатқан көзі де кенет шақырайып шыныланып кетті. Анасының неге бүйткенін түсінген Айғанша өкіріп жылап, құшақтай алды. Екі келіншек екі жерден дауыс салып, балалар үрпиісіп, үй іші у-шу болды да кетті.

Дәл осы кезде есік ашылып, мойнына ат дорба салған сегіз-тоғыздағы бала басын ішке сұқты. Қара кемпірдің

жардай денесі мен у-шу боп жатқан қатын, балаларды көргенде жас бала зәресі ұшып, басын кейін тартып алды: аржағында, отынның тасасында тығылып тұрған Судыр Ахмет баласының тез оралғанын көріп, дедектеп жүгіріп барды:

— Не болды? Не боп қалды?

— Жылап жатыр.

— Кім?

— Бәрі... бәрі жылап жатыр.

Судыр Ахмет үй жақтан шыққан тарғыл дауыстарға құлақ салып селтиіп тұрды да, кенет:

— Ә-ә-ә! — деп басын изей қойды,— кемпір әл үстінде жатыр еді. Дұрыс... дұрыс! Иманы жолдас болсын. Жүр... жүр, кеттік! Мына арадағы Әліби ауылына барайық!

— Иттері қаппай ма?

— Қаппайды. Қасыңда мен жүргенде неден қорқасың?

— Жұрт қайры-садақа бермесе қайтем?

— Тек әрі! Басқа кезде бермегенмен ауыз ашарда қолы ашылып кетеді.

Биыл қораға кірерде Судыр Ахметтің жалғыз атын қасқыр жеді. Оның үстіне балықшылармен түс шайысып, әсіресе Мөңкенің сырт орай бергені қатты батты. Дос бауырына тартқанмен Қарақатыннан ештеңе ауыспай, қазан қайнатып отырған асымдық балықтан қағылып, үйітіліп отыр. Кей күндері қазан көтермей, мұздай үйде бұратылып аш жатады.

Басқа амалы қалмағасын ораза ұстағалы Судыр Ахмет үлкен баласына жарамазан айтқызып жүр. Торы аттың жем дорбасын мойнына салған баланы қолынан жетелеп жүріп аяқ жетер жердегі үйлерді аралатып шығады. Қабаған иті бар үйлерге қараңғы түскесін өзі ертіп апарады. Шекпеннің шалғайымен жасқап жүріп:

— Бар, бар! — деп бір қолымен баланы ішке қарай итермелейді.

— Ұялма! Жарамазан айтқан сауап. Сауабы шаш етектен. Мойныңдағы бір парызыңнан құтыласың. Ойбай-ау, оразада айтқан жарамазанға қай мұсылман қуанбайды!

Бала беттемей шегіншектей түседі. Кешкі ауыз ашарға өзегі талып жеткен кісілер алдындағы асқа қайдағы бір қиягелдінің көз тіккенін ұнатпай тыжырына қалатынын байқап жүрген-ді.

— Әке-ау, бір жан қуанбайды. Мына сор маңдай қақылдап болды ғой... дорбасына қос уыс қара тары сал да шығарып жіберші,— дейді.

— Ә-ә, сүйдей ме?

— Сүйдейді.

— Десе дей берсін. Ал сен олардың... дінсіз кәпірлердің сөзін тыңдама. Жарамазаныңды айт, садақасын ал... сосын шық та жүре бер.

— Ие, қойшы...

— Қойы несі? Қойы не мына албастының. Өзің не қылған тіл-азарсың. Бет моншағың үзіліп кете ме. Қыз емессің ғой сен. Бар дегесін, бар енді! Қалай бастайтыныңды ұмытқан жоқсың ба? «Бір келген он екі айда жарамазан...»

Судыр Ахмет сыртта, отынның тасасына тығылып қалады: ал бала әкесіне жалтақтап қарап қойып, кешкі от сәулесі терезе әйнегінде жылтыраған үйге қарай аяқ басады. Ақ пен қызыл арасында ауыз ашып жатқан кісілердің үстіне кіреді. Үн-түнсіз ас алып жатқан кісілерге назарын тіктеп қарай алмай, тілерсегі дірілдеп тұрып суыққа қарлыққан жіңішке даусымен жарамазан айтады. Кей үй жүдеу баланы аяп қос уыс қара тары береді. Кей үй бір көзгелдек Қоңырат жүгерісін баланың дорбасына сап, құдай қалаған күні ат дорбаны толтырып алып қайтады. Ат дорбадан ауысқан бірдеңе болса Судыр Ахмет шекпеннің шалғайына салып, әйеліне сырттан дауыстап, сүріне-қабына кіреді:

— Уа, қатын... қайдасың? Ыдысыңды даярла!

Сыр мінез Балбибі бүгін олжалы қайтқандарын біліп, қазанға су құйып, от тамыза бастайды. Күні бойы терезесі қырауытып мұздап отырған үйдің қазаны астында от маздап, аш кісілердің жүдеу жүзіне нұр жүгіре бастайды.

Олжалы қайтқан күні Судыр Ахмет өзін тежемей лепіріп, шалқып отырады:

— Қатын, торықпа! Құдай қаласа осы оразаның тұсында өзіңе қыстық азығыңды жимп берем. Тек, ерте бастан күтініп, қаптарыңды әзірлей бер.

XI

Ертеңгі шайдың дастарқаны жиналғалы әлдеқашан; қазір түс те таяу; сырттағы сықырлаған сары аязға қарамай, төбеге кеп қалған күн терезеге төніп, Сүйеу қарттың жайдақ бір бөлмесін шуаққа бөлеп жадыратып жібергісі-ақ келіп тұр; соның өзінде Сүйеу қарттың жүзінен зәрі қайтатын емес; көз алабы бүгін әсіресе қып-қызыл; аржағында тұтай алмай, түтігіп отырған ашу бар; ертеңгі шайды ішкен жерден қозғалмай, тіп-тік боп тура алдына қарап сыздап

отыр; кірпігін анда-санда бір қағады; онда да, ызалы ашу қысқанда ғана ақ кірпігі қырғи қанатындай лып-лып етеді.

Кемпір азғана малдың астын жайлап кеп, енді түскі астың жабдығына кіріскелі жатыр еді; әлі күнге өздігінен отыра алмайтын болғасын айналасын көрпемен қоршап мүйеттеп қойған кішкентай Әшім әжесін көре сала талпынып, қолын созып жылай бастады.

— Ой, заржақ... заржақ! Даусын қарашы... Даусы тұп-тура шекеңнен шығады. Аузына құм құйып қатыра қояр ма еді,— деді Сүйеу қарт кірпідей жиырылып.

Кісі баласы түгіл, өз балаларына еміреніп көрмеген жан. Ол тек балаларының ішіндегі кенжесі болғасын Ақбаланы жақсы көрді. Онда да Ақбаланы оңаша-оңашада ғана еркелетіп, сірә, бір қатты жақсы көргенде бетінен сүймей, құр ніскелеп, көйлегінің омырауын құшырланып шайнап-шайнап тастаушы еді.

— Жұбат!.. Жұбат, жағына жылан жұмыртқалағырды! — деді Сүйеу.

Кемпір баланы алды. Үйге қанша кіріп-шығып жүргенде жазатайым шалына көз қиығын да салмайды. Кәрі көңіл қатты қалған; ана бір кезде Тәңірбергеннің арнап жіберген кісісіне қамшы ала жүгіріп, басын жарып сабап жібергенде, бұл қызы үшін шыр-шыр қағып арашаламақ боп еді, шал бұның өзін қоса сабады; кемпір қанша таяқ жесе де тілін тартпады. Тәңірберген ертеңгі күні өшін Ақбаладан аларын ойлағанда қарт ана тіпті не болғанын білмей, ойбай салып шашын жұлып еді.

Қазір көршілер де қатынамайды. Бұрынғы әдетпен жазатайым келе қалған кісілер шалдың түрінен жасқанып, істік ұшында отырғандай ұзақ айнала алмай жылысып кетіп қап жүр. Кейінгі кезде салық көбейді. Халық бір салықтан құтылып, «уһ» деп дем ала бергенде ояздан жаңа жарлық кеп, ауылнай, болыстар етегі далпылдап елге шабады; жауыр аттай ығыр болған халық қыр басынан бір қара қылт етсе де, иманы таяқтай болып: «ойбай, келіп қалды!» — деп зар қағып қоя береді.

Алудың аты көбейіп кеткесін халық бірін-біріне шатыстыра бастады. Ел іші кейін оның да әдісін тауып, салықтың әрқайсысына өздерінше ат қойып, түстеп-таңбалап алатын болды. Биыл, мәселен, қыс түскелі «ақ қой» деген салық шықты. Үй сайын он-он бестен жиған қойды қыс ішіне қалаға айдап бара алмайтын болғасын қан-жоса ғып сойды. Терісін сыпырып алған қойларды ақтандық қып қатырып шана-шана қып қалаға жөнелтіп жатқан еді.

Түс кезінде Ебейсін кірлі:

— Салаумалейкум...

Сүйеу үндемеді.

— Ақсақал, үй басы тағы екі қойдан салық жинап жүрміз...

— Салық?.. Ол қандай салық?

— «Ақ қой» салығы.

— «Ақ қойды» алып біткен жоқ па едіңдер?

— Тағы еселеп түсті.

— Е, енді еселеп жейміз де! Жерсің... жерсің...— деп Сүйеу қарт Ебейсіннің көнмен қаптағандай тобарсыған бетін көзімен атып отырды да, кенет:— Ал!.. Ал!..— деп ашы дауысы оқыс шаңқ етті. Ашу қысқандағы әдетпен әр сөзін күзендей шаңқылдап, үзіп-үзіп айтып.— Ал!.. Ал!.. Ақ қой аз болса, қара қойды қоса ал!.. Қосақтап ал!..— деді де, тыйылды. Енді қайтып үндемеді. Осы ашу келесі күні де тарқамай, қан-сөлсіз аппақ беті бұрынғысынан гөрі қаттырақ жыбырлап отыр еді. Кенет ол сыртқа күл төгуге бара жатқан кемпіріне тоқта дегенгей белгі етті. Қайрылып тұрған кемпіріне көзін салмай, қырыстанып қырын қарап отырып:

— Келінге жолық... Қазір жолық... Жылы толды. Көңілінде қандай ойы бар екен. Біл! — деді.

Үсіп өлген Итжеместің әйелі әлі жесір отыр. Сүйеу қарт келінінің өздеріне қараған жігіттердің ішінен ноқтаға толық көрген біреудің етегінен ұстағанын тәуір көретін. Кемпір шалымен жанжалдаса бергісі келмей, Әшімді көтеріп жесір келіншекке барды.

— Шырағым, мені атаң жіберді. Не ойы бар екен деп сөз салып отыр.

Келіншек Әшімді алдына алып отыр еді; алғашқы сәтте бұлтиған аппақ беті ду етіп қызара қап, іш толқыны өртеген жүзін Әшімге тасалады. Біраз үнсіз отырып барып, көз жасын сүртіп, көңілін тоқтатып алды:

— Ерте ме, кеш пе, осы сұрақтың алдымды бір тосарын білім едім. Мен не дейін? Ене-ай, мен мұңдықтың қойным құтсыз болды ғой. Қайныңмен алты ай отасқанда бойыма бір шала сүйектің бітпегенін айтсайшы. Мына құсаған бір шаранам болса,— деп Әшімді бауырына аналық мейірмен құшырлана қысып, сүйіп алды.— Байсырап бара жатқан мен жоқпын... Қайныңның қара орнын құлатпай, ақ некемді осы оттың басында ақтап өтер едім ғой.

Қарт ана қосыла жылады. Өзегін өртеп бара жатса да ашы өксігін сыртына шығармай, ішінен булығып, жаулығының бір шетімен бетін басып отыр. Жалғыз қызының

қорлықта жүргенін есіткелі жүрегі нашарлап, басқа біреудің қасіретін көрсе көңілін тоқтата алмай қалатын.

Қарт ана көңілін басқасын да біразға дейін өзіне өзі келе алмай, жесір қалған уыздай жап-жас келіншекті аяп отыр. Бір жағынан оның кешегі жаман Итжеместі ұмыта алмай, осынша арманы үздігіп жүргеніне таң қалды: «Еркектей емес, әйел байғұс жар қазасын ұзақ жоқтап, артын күтіп отыра береді ғой. Еркек шіркіндер ғой опасыз келетін. Көзі тірісінде бақа басты еркек те алтын басты әйелдің арын аяққа басып, үстінен жүреді. Өлгесін төсектегі орны суымай жатып, сұқақтап әйел іздей бастайтынын қайтерсің бұлардың».

Шерін тарқатып жылап алған екі әйел етті үнсіз жеді, үнсіз отырып шай ішті. Қарт ана күн кештете Әшімді көтеріп кеткелі жатыр еді.

Келіншек:

—Сөз сала келген екенсіз... сізден бүгін қалғанымның реті келмес,— деп көзін төмен салып, қысылып тоқтады. Кемпір таңдана қараған күйі іркіліп отыр.

— Бір қайныңа көңілім ауады... Бірақ, не пайда, оның басы бос емес, әйелі, бес бірдей баласы бар.

Кемпір жақтырмады. Әйел үстіне барған Ақбаланың көрген күні есіне түсіп:

— Ай, қарағым-ай, соның бәрін жастықпен айтасың ғой. Әйтпесе, көңілің қалаған кісің қолыңа тиеді екен деп, басыңа сор жамап қайтесің. Бір еркекке телінген екі қатын бір аяқтан ас ішкен екі қаншық емес пе? Бір-біріне көз алартпай күн кеше ме? Етегіңе оратылып жатқан балаң жоқ, не де болса бір басың ғой, өзіңдей соқа бас біреу табылар. Бұл ауылға айналма. Өзіңнің қор болмас жағыңды ойла! — деді де, шығып кетті.

Сүйеу қарт үйде жалғыз отыр екен. Ол кемпіріне сұрақты кескінде шаншыла қарап, кірпік қақпай бағып қалды. «Айт, не бітіріп келдің?» — деп әмір етіп тұр.

— Келіннің сыңайын байқадым...

— Иә, не деді?

— Бізге қарағаннан ешкімді қалап отырған жоқ.

Сүйеу қарт осқырына мырс етті. Кемпір жесір келіншектің ендігі тағдыры осы кесір шалдың қолында екенін білетін. Сүйеу үнсіз. Ашулы беті жыбырлап тура алдына тесіле қарап отырып қалғанын көрген соң енді кемпір ызалана бастады. Кемпір Ақбаланың босанып ұл тапқанын есіткенді. Кемпір Сүйеу қарттың қызын аузына алмаса да, үнемі ойлап ішінен уланып жүрген жайын білетін.

Бұрын шалын аяп көп сырды тісінен шығармай тістеніп жүрсе де, осы жолы өзі тиісіп:

— Шүйінші... Қызың ұл тауыпты! — деп осыған дейін жасырып келген оқшау бір хабарды айтып салды.

Сүйеу селк етті. Кемпіріне жалт қарады.

— Неге тесірейесің. Нанбай отырсың ба? Сенбесең, бар, көршілерден сұра! Бұл жиен баланың аты Құдайберген көрінеді,— деп кемпір ақырындап отырып та ащы тілін ызақор шалдың жанына сұғып-сұғып алды.

— Не дейді?.. Не деп отыр, мына найсап? — деп Сүйеу кемпірінен көзін тайдыра берді. Осыдан кейін сүт пісірімдей үнсіз отырды да, кенет өзінен өзі осқырына мырс етіп,— Құдайберген дейді? Бұл күшігі — Құдайберген... Әкесі — Тәңірберген. Ал, ал, әнебіреулер Алдаберген... Жасағанберген...— деп ызалы сөздер алқымына тығылғандай, үзіп-үзіп сөйледі.— Әй-әй, о несі? О несі екен?.. Абралы аулының балаларын Құдай береді... Алла береді... Тәңір береді... Жасаған береді... Әй, сонда біздің балаларымызды кім берген екен? О несі, әй?

Кемпір тысқа шығып кетті. Сүйеу қарт әлгіден кейін тағы да ұзақ үндемей, ішінен булығып құрсауланып қалғандай еді. Кемпір кеткен бойда ол тез түрегелді. Кемпірдің есік алдындағы қарды сықыр-сықыр басып ұзап бара жатқан аяғының дыбысына құлақ сап отырды да бала жатқан кереуетке жетіп барды. Қызыл көз теке сақал шалдың қатал мінезінен қорқып зәрезат боп қалған бала қасына келген шалды көргенде, дәл бір жылан шаққандай шар етті.

Сүйеу жиен немересін жылағанына қарамай, тас қып бауырына қысып алды. Көңілін босатпау үшін әншейінде әдейі қырсықтықпен ішінде тұншықтырып жүрген көп күйік, көп қасірет, кенет қолдан істеп жүрген қаттылығын тесіп өтті. Қатты көңіл күрт босап, құлап кетті. Сонан кейін өзін де, жасын да тоқтата алмай, солқылдап жылап:

— Сорлы балам... жетімегім...— деп жиен немересін бауырына тас қып қысып, иіскелеп, аймалап жатты.

* * *

Келесі күні Есбол қария келді. Есбол бұл өңірге қараған ның үлкені. Және сирек көретін сыйлы кісі болғандықтан Сүйеу қарт оған ерекше ықлас білдіріп, сыртқа шығып күтіп алды.

— Кемпір, от жақ. Қазан көтер!

— Сүйеу қарағым, үй ішін әбігерлеп қайтесің. Кісі қар-

тайған сайын барған үйінің қазанынан гөрі қабағына қарайды екен. Көңіліңді білем ғой. Көңіліңе ризамын.

— Көңіл қонақасы болмайды.

— Қой, кәйтесің...

— Жоқ, Есбол аға, тіліңді алмаймын. Және жаман ініңқонаққа қазанын билетпеуші еді...

— Өй, сөзің бар болсын,— деді Есбол қарсыласқанның қажетсіз екенін біліп, шиқ-шиқ күліп.

Қолы ашық Сүйеу табан аузында бір тоқтысын сойып, жары етін қазанға салды. От жағып, қазан көтергенсін-ақ қонақ күткен үй көңілденіп сала берді.

— Есаға, ауыл-ел аман ба? — деді Сүйеу жадырап.

— Шүкір...

— Қыста қыдырмаушы едің. Қандай шаруа қозғады екен деп ойлап отырмын.

— Рас айтасың. Кейінгі жылдары көршілеріме де қатынаудан қалып ем. Не сұрайсың, бұтағы сынып ойда болған кәрі еменнен қуат қайтқан, көз көрмейді... Сырқаттана беретін болдық.

— Е-е! Күлге шөккен кәрі бура болдық қой.

— Мендей емес, сен әлі шымырсын. Әрі жассың да ғой,— деп Есбол кәрия басы салбырап кеудесіне түсіп отырып шиқ-шиқ күлді.

Осыдан кейін әрқайсысы өз ойымен болып, алдарына келген шайды үнсіз ішті. Есбол бір-екі рет білдірмей бастасына көз салып өтті. Сүйеуге ол оқшау бір шаруамен келіп отыр. Бір ай бұрын Ақбала оған кісі жұмсап: «Әкемнің бетін жұмсартып берсін»,— деп сөз салды. Есбол қария Еламанның ағасы болса да, бұл арада оны осы елдің сыйлы атасы деп әдейі айтып отыр. Бір жағынан қатыгез әкесіне осы қариядан басқа бір жанның бет ажары өтпесін есептеп, қысылған кезде ойлап тапқан амалы еді.

Есбол қария Сүйеудің көңілді отырғанына қуанып, «інішалла, жолым болар»,— деп ойлады.

Шай ішілді, дастарқан жиналды. Үй іші оңашарып, бастас кісілер жеке қалған кезде Есбол кәрия әдейі келген шаруасын тура айтпай орағытып арыдан бастап келе жатқан-ды.

Қызының атын есіткенде Сүйеу:

— Атама!.. Атама кәпірді!..— деп ақ кірпігін ашумен қағып құп-қу боп кетті.

— Ау, жарқыным, әлі де айтар сөзім бар, әуелі тыңдап алсаңшы.

— Жоқ!.. Жоқ!.. Тыңдамаймын.

— Қой, Сүйеу, сені де жөн демеймін. Қолында қызың отырғасын жауың шақырса да баратын ретің бар еді.

Сүйеу ендігі әңгімеге тіпті құлақ аспай, суық жүзін сырт салып отыр. Есбол басын шайқады.

— Қартайсаң да қаттылығың бәз-баяғысымен қарап тұр екен. Адам тозса да, осы ит мінездің мұқамайтынынай... Иілетін түрің жоқ екен. Сөйтетініңді білсем де, Ақбаланың мүшкіл халын есіткенсін шыдай алмай келіп едім... Жә, амал қайсы, қойдым...

Жалпылдақ шамның майы таусыла бастаған; жарығы әлсіреп, сәулесі шам түбіне ғана түсіп тұр. Үй іші, әсіресе, бұрыш-бұрыштар түксиіп қарауытады. Төр алдында отырған қарт қонақтың сырт жағындағы жалғыз терезенің әйнегіне сабалап жауған қар сырт-сырт соғып, ызғырық жел ызыңдайды. Үй іші жым-жырт. Сүйеу бармағына толтырып алған көк бұйра насыбайды екі танауына кезек тосып, ызалы ашумен қатты-қатты тартып қалды. Көз алабы қызарып, аппақ құдай беті жыбырлап зәр төгіп отыр. Алдарына келген асты да үнсіз жеді. Жаңағы әңгімеге енді қайтып оралмады.

Тек Сүйеудің кемпірі екі шалдың ұрысқан кісідей үнсіз отырғандарын ұнатпай:

— Іңілеріңнен не хабар бар? — деп қонағына тіл қатты.

— Шүкір, хат келіп тұрады.

— Түрік жерінде соғысып жүр дей ме? Сол рас па?

— Рас.

— Алда пақырлар-ай! «Кебенек кигеннен түңілме» деген. Бір күнгідей болмас, келіп те қалар.

— Не, тірі болғасын күдер үзбейсің ғой, қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі...

— Біз де баласын өсіріп жатырмыз...

Екі інісін еске алса Есбол қарияның көңілі бұзылып қоя беретін-ді. Еламаннан қалған жалғыз нәресте сөз болғанда *қария тіпті солқылдап кетті.*

Сүйеу кемпіріне жалт қарады:

— Бар... бар! Сүйреңдемей сорпаңды әкел!

Осыдан кейін жас та, әңгіме де тыйылып, үй іші тағы да тым-тырыс болды.

— Ас-су ішілгесін Есбол қария күн кешкіріп қалғанына қарамастан қайтпақ боп жинала бастады. Жүрер алдында ашуы әлі де тарқамай, сыздап отырған Сүйеуге бұрылды:

— Айта кетейін: Таңірберген де ерегіске басыпты. Сен ұлмесең о да шарт сынатын.

— Сынсын!.. Күл-талқаны шықсын!

— Ақбаланы қоя беретін түрі бар.

Сүйеу осқырына мырс етті. Бірақ шімірікken жоқ. Безеріп алған күйі үнсіз қала берді. Оның жүзін барлап қарап отырған Есбол қария қанша қатты болғанымен осы тұста бір босаңсымағанына шошығандай боп, басын шайқады. «Бұл не жан! Патшағардың аржағы бітеу болар».

XII

— Мырза, ауылға да келіп қалдық. Ана көрінген, жарықтық, Ақбауыр! — деп ақикөз жігіт кенет айқайлап жіберді.

Жеңіл көк шанаға жеккен қос құла көшір жігіттің қуанышты даусына елең етіп, құлағын тіге-тіге қалады. Қос құла қыс айында, дәл осындай ұзақ жолға шыққанда мінетін мықты аттар. Теңіз жағасы мен Шалқар қаласының арасында қыс бойы сарнап жататын кіреші жолын қар басып сапты. Ала-бөле Аяққұмнан өтіп, теңіз жағасына жақындаған сайын жүргіншілер жолы қиындай түсті. Аттар жол сүрлеуінен жаңылып, күресін қарға ұрынып омбылап қап отырды. Үш күндік жол адамға да, аттарға да батты. Әсіресе, тері алынбаған тоқ аттар бойын ауырлап барлығып қалған-ды.

Ілгері жақтан үрген иттің даусы шықты. Ауылдың қарасы көріне қоймаса да, ит даусын есіткен аттар ықыластанып, ширақ басып сыдырып кетті. Бұл шақта тықыр түгі тегіс терлеп, буланып қарауытып алған. Козлода отырған жігіт көбіне қос құланың тас төбесінде шаншылған құлағын, сом тұяқтар сіреу қарды күрт-күрт басқан сайын дір-дір еткен жалын, буланған қазан бетіндей тер бұрқыраған жалпақ сауырын жоғарыдан көріп келеді. «Басқа малдай емес, жануар жылқы, ауылды адамдай сезеді-ау! Ана қарашы, қамшы салғызбай желіп кеткенін»,— деп ақикөз жігіт ат мінезіне сүйсініп қалды.

Сеңдей тұтасқан сіреу қарды мықты аттар күтірлетіп бұзып келеді. Енді тіпті аз қалды. Ілгері жақта көрінген, әне бір қырқаға шауып шықса, оның арғы жағында бай ауылдың қыстауы тиіп тұр. Күн ұзын мал жайымен жүрген малай қатындар қазір қолы босап, қазанға ас салып, маздатып от жағып, үй ішін көңірсітіп қойған болар. Келген бойда қос құланы қораға кіргізіп, жылы жабулап, қаңтарып байлап тастайды. Сонан соң... сонан соң, ой, несін айтасың, қолы босайды, үш күнгі жол азабын ұмытып, мырзамен бірге тақымдасып ап жылы, жарық үйде сүр ет иісі-

мен қуана дем алып рақаттанып отыратынын ойлап, ақикөз жігіт әлден көңілдене бастады. Ән салғысы кеп кетті. Ән салуға тек қасындағы екеуден қаймықты. Әсіресе, Тәңірбергеннен көбірек қаймықты. Тәңірберген қасына ерген қарашаларын онша бойына тартпай, үйде де, түзде де белгілі бір мөлшерде ұстайтын. Өзге кісілер мен өзінің арасына шекара қойып, аржақ-бержақ қып ұстайтын тәртібі қатты жігіт еді. Ол тек осындай жолға шыққанда мүлде өзгеріп кететін. Дәл бір қыз қойнынан шыққан жігіттей, көңілі жадырап, әзілшіл, әңгімешіл боп, салт жүрсе ұзақ жол қысқарсын деп әдейі жарысып-жарысып алатын-ды.

Осы жолы... ақикөз жігіт шанасына өлік салып әкеле жатқандай. Күн ұзын даусын есітпеген соң түсіп қалған жоқ па деген күдікпен абайлап кейінгі жағына көз салып қояды. Қараған сайын Тәңірберген де, Ебейсін де үйқы мен ояу арасында басы бұлғақтап келе жатты. Жеңіл шана сары табан қарды төс темірімен сыр-сыр тіліп, ағызып келеді. Ауық-ауық шана қар астында көміліп жатқан бұтаға баурын соғып шайқалып кетсе, қатар отырған екі жолаушы қоса шайқалақтап ықтарының басы қағысып қалады. Екеуі де сүлесоқ. «Ауылға келіп қалдық»,— деген көшір жігіттің қуанышты даусына селт етпеді. Ілгергі жақтан көрінген Ақбауыр да, жылы үй, буы бұрқыраған сүр ет те миына кіріп шығатын емес. Әсіресе, тері-терсек жиятын жігіттің түкпен ісі жоқ. Қабағы салбырап, қалың беті қабарып, меңіреуленіп алыпты. «Енеңді...— деді ақикөз жігіт ішінен,— шен тимеске шен тиюін! Астыңнан жел ызғып, козлода қақайып отырсаң, көрер едім әуселеңді».

Аттар қалың қарды күтірлетіп басып, омбылап келеді.

— Ойпырмай, қыстың репеті жаман екен! — деді ақикөз жігіт жалтақтап мырзаға қарап.

Тәңірберген бұ жолы да үндемеді. Ақикөз жігіт оның әлденеге іштей қиналып келе жатқанын байқады. «Тағы да ренжісіп қалмады ма екен?» — деген күдік ойынан шықпады. Әне бір түста түс шайысса да, бұл екеуі бірақ кейін табысқан-ды. Әсіресе «ақ қой салығы» тұсында қатты табысып, суысып қалған жүздерін жылытып алған болатын. «Не де болса тегін емес»,— деп түйді ақикөз жігіт. Не де болса, Тәңірбергенге қаладан шығар алдында бір пәле тап болды. Қаладан шыққанға дейін мырза орасан көңілді жүрді. Жұрттың бәрін асықтырып «болшы, бол»,— деп жанын алып бітті. Шаруа жайымен ұзағырақ жүріп қап, ауылды сағынып, қаладан қашып шыққандай боп еді; жолға шығатын күні бұларды таң қараңғысынан оятты.

Ұйқылы көзін уқалап, асығыс жиналып жатқан үстіне сүріне-қабына татар байы келді. Түс жоқ, өң жоқ, табалдырық теп-тегіс болса да, есіктен кірер жерде сүрініп кетті. Тәңірбергенді оңашалап, әлденені сыбырлады да, «бәрі бітті!.. Құрыды!.. И-и, айтпа!.. Айтпа!» — деп зарлап отыра кетті. «Патшадан айрылдық»,— деп қара сырмақ тақияны жерге атып ұрды. «Не дейді? Өңім бе, түсім бе?..» — деді Тәңірберген сенер-сенбесін білмей. «Өңің... Өңің! Қазір, айналайын, жамандықтың, бәрін өңіңде ғана көресің. И-и, айтпа! Айтпа!» — татар байы опасыз дүниеден көңілі қалып біткендей, қолын сілкіледі де қалды. Сонан соң тақиясын жерден алды. Бірақ басына киюді де, жолға шыққалы жатқан жолаушы жігіттермен қоштасуды да ұмытып, түсініксіз бірдеңелерді шүлдірлеп сүріне-қабына басып шығып кетті.

Тәңірберген үстіне киіп жатқан қасқыр ішігі иығынан түсіп, аңырып тұрып қалды. Аяқ астынан есіткесін бе, мына сұмдық оның санасына жете қоймады. Сенгісі кеп тұрса да шүбәланып қала берді: «Дума?.. Патшасыз қалай болады?» Ақикөз жігіт Тәңірбергенге қарауға бата алмады. Тәңірберген өң мен түстің арасындай дел-сал күйде шанаға отырды. Жол бойы үнсіз салбырап өз ойына өзі ашуланып келе жатты. Татар байынан есіткен сұмдықты тісінен шығармады.

Жол бойы бір ауылға қонып, бір ауылға түстеніп келе жатып та ол ақ патша құлады дегенге сенер-сенбесін білмеді. Бұнан бұрын да талай патша болған. Романовтар тұқымы үш жүз жыл бойы Ресейде патшалық құрып келе жатқанын білетін. Әдетте патша құласа оның орнына басқа бірі тақка мініп айдай әлемді тітіретіп уысында ұстап отыратынын да білетін. Бірақ бұл жолғысы бұнан бұрынғысының бірде біріне ұқсамайтын сияқты. Бұл жолы патша әулеттері түп-түгел тақтан тайып, үкімет басына ата-тегі басқа біреулер келген дейді? Сонда олар кім? Патша әулеті болмаса да, ақ нәсілді инабатты кісі ме? Патша жолын тұтына ма, не әлде осы мына астан-кестеңі шығып жатқан дүниеден өз сүрлеуін салып кете ме?

Жә, қол жетпейтін қашықты былай қойғанда, ендігі жерге өздері араласып жүрген төменгі жақтың әкім-қаралары қайтер екен? Бұлар да өзгерер ме екен?

Тәңірбергеннің басы қатты. Жанын қинаған бірде-бір сұрақка жауап таба алмай, қатты торыққан кезде еңсесін тіктеп, ойлы көзін қар басқан аппақ далаға тастады.

Басқа кісілердей шаруа жайын сыртына шығарып айтпаса да, бұл өзі көп нәрсені ішінен ойша түйіп жүрегін-ді. Ауыр ой қинап отырғанына қарамастан жас мырза қыс ажарын қасындағылардан кем байқап келе жатқан жоқ. Жолшыбай бұлар соққан ауылдың бәрінде де мал қырылып жатты. Өз ауылының маңында да аяғынан жайылып жүрген қара-құраны көре алмай, «қолға қарап қалған екен ғой. Өлім-жітімнен құр болмас»,— деп ойлады. Ол тек алдағы жылы қыстың қатты болатынын білгендей, шөпті көп шапқызғаның дәтке-қуат қылды.

— Япырмай, жағдай ауырлап кетті-ау!..— деді ол жанында отырған Ебейсінге көз тастап.

— Иә, мырза, айтары жоқ...

— Түбі қайтер екен? Тақырға отырып қалмасақ кәйтсін!

— Тақырға отырған шығармыз.

Тәңірберген «не дейсің?» дегендей, Ебейсінге күдіктене қарады.

— Патшаң құласа — тақырға біз отырмағанда кім отырады,— деп Ебейсін дүңк етті.

Тәңірберген көзін кең ашып алды. Татар байы айтқан сұмдықты тағы бір кісінің ауызынан есіткеніне шошымады. Өзінің ауызы бармай келе жатқан осы бір оқшау жайды айтқанда да, мына... заңғардың бөккен балшықтай бетінің бір жері бұлк етпегенінен шошып көзін тайдырып әкетті. «Шамасы бұл да Теміркеден есітті-ау, ә? Кәпірдің ішіне қалай сыйып келді екен»,— деп ойлады. Сонан соң ол жол бойы талай басын қатырған қиын жайларға қайта-қайта оралып, үкімет басына енді кім келер екен деп ойлады. Патшалық бола ма, жоқ па? Халықты кім басқарады? Тәңірберген қанша ойласа да сауалына жауап таба алмады.

Олар ақ пен қызыл арасында ауыл шетіне кірді. Иттер жолаушы қарасын алыстан көрді. Тап бір түтіп жегелі келгендей алдарынан арсылдап үріп шыққа да, ауыл адамын танығасын құйрықтарын бұлғап қала берді. Ақикөз жігіт мырзадан қай үйге түсесіз деп сұрамады. Анадағы Сүйеу қарт жанжалынан кейін Ақбалаға мырзаның көңілі салқындап жүргенін сезетін. Осы жолы ол қасақана мырзаны Ақбала үйінің дәл іргесінен алып өтіп, бәйбішенің өсігі алдына кеп тоқтады. Ақбаланың іші күйсін деген ниетпен:

— Бәйбіше, сүйінші. Мырза келді,— деп айқай салды.

Тәңірберген сның әңгілігін ұнатпады. Алдынан күлімдеп шыққан бәйбішесіне де назар салмай, сұлу бойын салқын ұстап сызданып ала қойды.

— Төсегіңді сал! Қасымда кісі бар...

— Кісі бар?

— Я, көрмей тұрсың ба?

— Мынау ма? Ой, құдай шебер-ай, кісі деп қомпитқанға қаладан біреу еріп келген екен десем... Өзіміздің Ебейсін бе еді?!

Ебейсін бейбіше әзілін есітсе де елемеді. Ол бойын жеңілдеп төрге шығам дегенше қалашысы келген үй қапелімде кісіге толып кетті. Бәрі — ауыл адамы. Жаңалық есітуге құштар жандар алғашқы бетте қалашы қуанышымен дабдырлап келіп қалса да, ішке кіріп қызыл ала кілем жайған еңселі биік үйді көргесін бәрі де су сепкендей бола қалды. Әсіресе жас мырзаның томсарған түрін көргенде оның алдындағы әншейіндегі именшектігі ұстап, төрге шыға алмай есік алдында ұйлыға түсті.

— Ебейсін қарағым, әңгімеңді айта отыр. Қаладда қандай жаңалық бар?

— Тыныштық.

— Базарда не арзан, не қымбат?

— Оны қайтесің, ақсақал?

— Патша... қалай екен?

— Патша аман. Ауылға барсаң мені сұраған жанға сәлем айт деп жатқан...

Жұрт ду күлді; тек Ебейсіннің өзі міз бақпан жоқ, сирек сақалының мұзын добал саусағымен бір-бірлеп үзіп түсіріп, төр алдында көзін ашып-жұмып отыр.

— Ебейсін қарағым, соғыс бітетін бе?

— Жоқ...

— Апыр-ау, бітетін шегі бар ма өзінің?

— Е, бітіріп қайтесің. Кәпірлер қырлыса берсін.

— Шырағым-ау, соғыс салмағы бізге батып тұрған жоқ па. Азаматымызды қозыдай көгендеп әкетті. Алым-салығы да жұтатып барады. Үстінен жонып жеп отырған мал-тегеніміздің ада болдық. Қара азық емге жоқ. Қаптың түбін қағып отырмыз. Осының бәрі соғыстың лаңы емес пе?

Ебейсін олардың сөзін тыңдаған жоқ. Ол мырза үйінің сән-салтанатына назар аударып, осынша байлықты өз үйінің жиһаздарымен ойша салыстырып өтті. Мырза үйі базар болған күнгі жайма сияқты бар жиһазын бетке тосып, төргe төсеп, түскa ұстап қашан көрсең де жайнатып қояды. «Мақтаншақ! Малды да, дүниені де мақтаныш үшін жияды»,— деді Ебейсін ішінен. Осы жолы мырзадан көңілі қатты суып қайтты. Тегін олжаны жақсы көрсе де, дәл бір пайда түсетін жерде Тәңірберген білек сыбанып кірісіп кет-

пей, кір, ласқа үстін былғап алатындай сырттап шыға береді. Не бір жан алып, жан бергендей қарбалас қимылдарда қала саудагерлерінің қақпақылына бұны жалғыз тастап, өзі қырағы көзін алыстан салып жүреді. Ебейсін осы күні оны «өлі сыбаға» деп мысқылдап, ішінен боқтап жүретін.

Ебейсін үй ішіндегі кісілердің көзін ала бере төр алдында төсеулі жатқан қырмызы қызыл кілемнің түгін алақанымен сипап өтті. Мап-майда түгі қыз денесіндей қолына жылы тиіп барады. Соғыс болғалы қала халқының көп жиһазы осы ауылдан, осы ауыл болғанда, айрықша, Тәңірберген мен Ебейсіннің үйінен шығып жатыр. Осы жолы олар қаладан көп дүние алып қайтты. Бірақ Тәңірберген оның бірін білсе де, бірін білмейді. «Соны сезе ме екен?»— деп ойлап Тәңірбергенге көзінің астымен қарап қойды.

Тәңірберген үйге келгеннен бері де көңілсіз отыр. Үй иесінің қабағына қарап ауыл адамдары да шешіліп сөйлесе алмай, күрмеле түсті. Баста олар әңгіме есіткісі кеп қыздықыздымен кіріп қалса да, енді шығып кете алмай отырған-ды.

— Үйлеріңе барыңдар, жолаушылар енді дем алсын,— деп бәйбіше оларды шығарып жіберді.

Қыдырмалар кеткесін бәйбіше қара сұр жүзін күйеуіне бұрды:

— Мырза, інің төсек тартып жатқалы біраз болды. Кіріп шық.

Тәңірберген есітпеген кісідей, бетін сырт салып отыр. Ол кәзір інісімен ренжісулі. Өзіне не көрінгенін қайдам, соңғы кезде бір ісі оңына баспай иті қырын жүгіріп жүр. Сүйеу қарт жіберген кісісін соққыға жығып, дос, дұспан алдында масқара қылды. Соның салдарынан әне бір кезде софы ағасымен шәлкес кеп қалды. Ана жақтағы құдіретті төркініне арқа сүйеген бәйбішесі кәзір айтқанын тыңдамайтын боп барады. Ақбаламен де аралары салқындап кетті. Пайда серігі Ебейсін болса құдды қолда асыраған қасқырдың күшігіндей күн санап іші суып бойын аулақ сала бастады.

Жастар үлкенді сыйлап именуден қалып барады. Бірдеңе десең бетіңнен ала кетеді. Жасағанбергеннің шатқаяқтап жатқаны анау. Болыс ағасының орнын құлатпай өз алдына дербес үй етіп отырғызып қойғысы келген-ді. Сол оймен Тәңірберген қалаға жүрер алдында, бұрынғы екі қатынның үстіне жеңгесін алғанда, Жасағанберген бұлаңдалан боп:

— Не деген масқара. Қазақ байында қатын алудан бас-

қа қасиет қалмаған ба?— деп толы көптің алдында ағасын тілдеп тастады.

Тәңірберген үндемесе де, ішінен қатты кек түйді. Ашу үстінде бір жамандыққа анық ойы ауып: «ендеше, өз обалың өзіңе. Саған қор қылғанша, со қыздың қызығын өзім көрейін»— деп түйген-ді. Тәңірберген ойына алған істі ағайын-туманың ақылына сап, сары уыздай шайқап жатпайтын: ол тек ойлаған ісінің өзіне тиімді-тиімсіз жағын көздейді. Өзіне тиімді екенін сезсе ойын жүзеге асыруға асықпайды. Тірі жанға тісінен шығармайды да. Қарақшысын көз ұшына тігіп, ойша белгілеп алады да, көлігі мықты жолаушыдай бір әуеннен танбай тарта беретін. Ол Айғаншаны үйіне кіргізуге асықпады. Әуелі орын босатып алу керек екенін біліп, Шалқардан келе сала Ақбалаға қысымды қатайтты. Ақбаланың төсегіне жуымай, іште жатқан ызғарды анық сездіріп жүр. Ақбаладан туған нәрестенің әл үстінде жатқанын естісе де, қаладан келгелі әлі бір рет басын сұққан жоқ.

Ақбала күйеуіне кісі сап көңіліндегі сөзін жолдады. Бірақ ауыл арасының ынжық жігіті мырза алдында міңгірлеп:

— Ақбала жазығым жоқ еді ғой дейді. Сыртқа тебетін не жөні бар дейді,— деп келе жатыр еді, Тәңірберген:

— Жә,— деп тыйып тастады. Өздерінің арасындағы жағдайдың сыртқа шығып қалғанын жақтырмады,— мені қалай кіналайды. Соның кеулі үшін ағайын-тумаларыма қарсы боп, аяғына жығылайын деп әкесін шақыртпадым ба? Әкесіне қадірі болмағасын басқаға ренжіп қайтеді,— деп жауап қайтарған-ды.

Сонан бері Ақбала өз күйігіне өзі өртеніп, оңаша бөлмеге тығылып алды.

Тәңірбергеннен зәбір-жапа шеккен сайын баяғы балықшы аулында өткен күні есіне түсе берді. Алты айлығында ана бауырынан айырып тастап кеткен тұңғыш баласын ойлады. Ырымға сенетін әйел баланың көз жасы тегін жібермеген болды деген ойға көңілін ұйытты.

Кішкентай Құдайберген ауырғалы зәресі қалмады. Бұл баладан айрылса бай ауыл өзін бір күн ұстамасын білді. Онан сайын жалғыз талшығына жармасып, күйіп-жанып жатқан баланың қасынан кетпеді. Түнімен күзетіп шықты. Су берді. Қайта-қайта емізді. Бірақ бала сормай, кішкентай қылқанақ тісімен емшек ұшын қырқып тастады. Әрі беріден кейін емшегі қанады. Ақбала сәл ауырсынғаны болмаса, бала аузынан емшегін алмады. Қайта кезерген ыпыстық ернінен бала бойындағы қызуды қаттырақ сезіп, ыр-

сылдап күйіп-жанып жатқан кішкентай нәрестемен ана жаны қосыла қиналып шықты.

Сәске кезінде Тәңірберген келді. Ол бірақ бала жатқан бесікке жуымай, алыстан көз салып тұрған-ды. Ақбала күйеуіне көзінің қиығын кірпік астынан тастады да. тез тартып алды. Көптен бері көрмегесін бе, осы жолы қала үлгісімен қынамалы бешпет киіп, күміс сағаттың шұбыртпалы бауын сыртқа шығарып сызданып тұрған мына жас мырзаның үлкен қара көзі ұшқындап, аққұба бетіне қан ойнап ажарланып кетіпті. Сырттан аяз шалып ақ қылшық қырауланып келген қасы, кірпігі ішке кіргесін дымданып, сіркедей тамшы жылт-жылт етіп тұрды. Ақбала үндемеді. Оның бары-жоғын сезбегендей, бесік жанында күйбектеп баласының астын құрғатып жатты.

Тәңірберген шығып кетудің есебін таба алмады. Сұпсұр боп сыздап тұрды да:

— Балаң қалай?— деді.

— Әулиеге түнеп тапқам жоқ. Бұл сенің де балаң... Келгеніңе рақмет!

— Сөздің үлкені сенде болды ғой. Ие, ал...

— Шіреніп не қып тұрсың. Балаңды көрмейсің бе?

— Сенен есітсем де жарамай ма.

— Мен не айтам. Бір жапырақ баласын ойлауға да шамасы келмей жүрген әкеге не деуге болады. Балаң қалай дейсің?— деп Ақбала әдейі ызасына тигісі келгендей кекетіп,— балам ауру. Жаны қиналып жатыр, әне!— деп еді.

Тәңірберген:

— Иә, тағы не айтасың?— деді.

— Тоқалдан туса да, сенің балаң емес пе еді.

— Ал, сонан...

— Алы сол...— деп, Ақбала бұл арада айта қоймайтын ашулы сөздің ауызынан қалай шығып кеткенін байқамады. Үлкен қара көзіне жас құйылып кетті. Долылық буып алған әйел сонда да кірпігін қақпай, күйеуіне жас толы көзінің қарашығы ұшқындап қарады.

Тәңірберген Ақбаланың тап кәзіргідей сұлу кезін көрген емес; осы әйелінен оншалық суына қоймағанын да сезіп тұр. Тәңірберген қатты көңілінен қалай қайтқанын байқамады. Кикілжің ұрыс-керісті, ашу, араздықты тастау керек, татулыққа не жетсін деп ойлауы мұң екен аянышпен бірге көңіл түбінде сөне қоймаған уытты бір ыстық сезім тағы да қайта бас көтеріп алды. Осы әйелмен бірге өткізген тірлік өмірінің тәтті шағы есіне түсті. Балықшылар ауылына түн жамылып ұрланып барғаны, ауыл сыртындағы қыр астын-

да сенімді серіктерімен аттан түспей иіріліп тосып тұрғаны, кенет ілгері жақтан қараң еткен келіншек тұлғасы көз алдына кеп тұра қалды. Тәңірберген қаһарынан қайтып, үнтұнсіз шығып кеткісі келді. Оңашада ақылға сап қайта ойлағысы кеп тұр еді: бірақ күйік көтерген келінішек ентігіп кеп екі иінінен дем алып тұрып:

— Мен... мен осы үйдің пендесімін бе? Саған некелі қатынмын ба? Әл-де...—деп аз бөгеліп, ақырғы сөзін алқымына таяп қалды.

Тәңірберген шімірікпеді. Бір лезде ғана ол өзінің бастапқы суық қалпына қайта түсіп миығынан күліп тұр. Ақбала оның осы түрінен шошыды. Сарқылып айтқан сөзі де, көзіндегі жасы да оған тұк әсер етпегенін көрді.

— Я, сонымен не дейсің?

Ақбаланың тамағы құрғап қалды. Енді сәл кідіргенде, бала жатқан бесікке асылып еңіреп жылап жіберетін еді.

Тәңірберген:

— Ал... сосын?— деп, отқа итергендей өшіктіре түсті. Ақбала жасын тыйып алды. Өңінде жаңағы жүрексінген ажардан із қалмаған. Қансыз аппақ бетіне бір сәтте ызалы ашу білініп, Тәңірбергеннің сыздаған суық жүзіне ол енді жиіркенішпен қарады.

— Әлде... басым ашық жан болсам, маған ұлықсат бер!

— Ой, айналайын, рұқсат. Бар, жөніңді тап!

Ақбала бұны күтпеген-ді. Әдемі танауы дір етті. Тәңірберген бұрылып жүре берді. Осыдан кейін ол бәйбіше үйінде жатып алып, Ақбалаға қайда бір тентек, содыр жігіттерді жұмсап қысымын күшейте бастады. Ақбала олармен тілге келмей қызыл ернін қанын шығара қырқып сырт айналып кетті. Ауру баланың тәуір болғанына да қаратпай, қуып шығатын түрін танытты.

Ақбала қарсыласпады. Ұрысқан, кіналасқан жоқ. Енді тіпті жалынып-жалбарынғаннан да ештеңе шықпасын байқап, басына түскен іске бекініп қатайып алды. Тәңірберген келіп кеткеннен кейін бұған ешкім ас берген жоқ. Кешеден бері нәр татпағаны өзінің де есінен шығып кетті. Тамағы құрғап, шөл қысқасын қайта-қайта су іше берді.

Түнемелікке қарай баланың қызуы көтеріліп, тынышсызданып шықты. Ақбала үй ішінде аяғының ұшынан басып жүріп сөніп бара жатқан шамның әлсін-әлі білтесін көтеріп қойды. Баланың басын алақанымен ұстап көрді. Сонан ол таң алдында ғана бесікке асылып қалғып кеткен екен. Бірақ ссл бойда шошып оянды. Баурында жатқан баланы әлдекімнен қорғап: «Бермеймін... бермеймін...»—деп айқайлап

оянды. Көзін уқалап жіберді. Білтесін басып қойған аспалы шамның әлсіз сәулесі діріл деп, қара көлеңкелеп тұрған абажадай үлкен бөлме ішіне үрейлене қарады. «Жоқ, жоқ, бермеймін»— деді келіншек дұға қайталаған діншіл кісідей күбірлеп.

Кейін бәйбіше жұмсаған қатындар кеп баланы алғанда, ол бірақ қол қатпады.

— Кәзір... кәзір... емізіп берейін,— деді сасқалақтап.

— Қайтесің, ас береміз ғой.

— Иә, иә, ас беріңдер. Тек бие сүтін бере көрмеңдер. Әшімжанның ішіне бие сүті жақпады ғой.

— Мына баланы...

— Бала-а?.. А, иә, иә... кішкене күте тұрыңдар, қарны ашып қалар, емізіп берейін ..

Қатындар аң-таң. Бір-біріне қарады. Онан тағы Ақбалаға қарады. Әншейінде ауыр қозғалатын тәкаппар, пақ келіншек, кенет бір түрлі боп өзгеріп кетті. Мына қатындар не айтса да елп етіп қостап «кәзір... кәзір» дейді. Сасқалақтап, жанталасып жүріп, баланың жаялықтарын, көйлектерін іздеді. Бәрін тапқасын ғана көңілі біраз тыныштанды; қатындар есінен шығып кеткен сияқты; бесік жанына жайғасып отырды да, баласының көйлегі мен жаялықтарын асықпай, бір-бірлеп жиыстырып бүктей бастады.

Кенет Ақбала ұшып түрегелді. Осы баласы қырқынан шыққанда қырық құрақ шүберектен тіккен ит көйлегін көре алмай, қайдан іздесем екен деп дағдарып қалды. Жиюлы тұрған үй ішін, төсекті, жүктерді ақтарып, астаң-кестеңін шығарды.

— Шырағым-ау, не іздеп кеттің?— деді қағындар.

— Ит көйлегі жоқ. Өзім тігіп беріп едім.

— Кейін табылар. Баланы әкетейік... Бәйбіше күтіп қалды, кейіп жүрер...

Ақбала баланы әкеткенін көргісі келмегендей, сұп-сұр боп теріс қарап тұрып қалды. Бірақ бала жылағанда шыдамай жетіп барды. Жыламаспын деп ойлап еді; күйіп-жанып жатқан баланы бетінен сүйер жерде сүлдері құрыған бойымен бесікке асыла кетті. Көз жасын тежемек болған сайын кеудесі қабынып, жарылып кете жаздады. Сонда да дыбысын шығармай, бесікке асылған белі бүктетіліп, үнсіз егіліп солқылдап жатты.

— Қарағым, жасыңды тый.— деді мосқалдау бір әйел терезеден бәйбішені көріп.

Ақбала баласын соңғы рет сүйді.

— Сорлы жетімегіме көз қырларыңды сала жүргейсіңдер.

— Шырағым-ау, баланы уайымдағанша, ендігі жерге өз басыңның қор болмас жағын ойламайсың ба?

Жайнаңдап бәйбіше келді. Үстінде өрттей қызыл атлас көйлек. Қозғалса күн сәулесімен құбылып жалт-жұлт етеді.

— Киімдеріңді ал. Алдыңда салулы төсек, салқын үй әзір тұрған жоқ,— деді ол Ақбаланың қасына кеп.

Ақбала құлақ аспастан қатындарға басын изеді де, сұлу бойын салмақпен қозғап жөнеліп бара жатты. Бәйбіше сыртынан қарап тұрып ернін шығарды.

— Адыра қал... тастанды!

Жас бала кетіп бара жатқан анасына қолын созып, талпынып жылай бастап еді, бәйбіше:

— Ой, көрдемше ит!..— деп жерден көтеріп алып жатып, баланың бүйіріне қолын батырып жіберді.

Бала шар етті. Есікке барып қалған Ақбала жалт қарады. Баласына тағының тырнағы тигендей, жын ұрғандай жүгіріп келді де, бәйбішенің қолынан баланы жұлып алды.

— Мына сайқал қайтеді, әй? — деп бәйбіше есін жинап, қайта ұмтылғанда, Ақбала оны дәл кеудеден түйіп жіберді.

— Баламнан аулақ!..

— О, сорлы!..

— Өзің сорлы. Өлмей бермеймін.

— Бала ма саған?! Әй, қатындар, неғып тұрсыңдар, баланы тартып алыңдар!

— Жақындамаңдар! — деді Ақбала айқайлап. Жаулығы басынан сыпырылып түскен. Қалың шашы қобырап, есірік кескінде екі көзі шарасынан шыға аларып кеткен. Қанша қатын жабылса да әл бермеді. Бір қолымен бауырына тас қып қысып алған баланы қатындардан алып қашып, жансебелдікпен алысып жүр.

Бәйбіше сыртқа жүгіріп кеткен-ді. Кідірмей екі жігітті ертіп әкелді.

— Сенің әуселеңді енді көрейін. Баланы тартып алыңдар!

— Бермеймін... бермеймін баламды!..

Бәйбіше ертіп әкелген екі жігіттің еңгезердей бірі Ақбаланы бас салды. Екінші жігіт екінші қолына жармасып, Ақбаланы тырп еткізбей ұстап тұра қалды. Бәйбіше насатты

жүзбен жайқаңдап келді де, ана бауырынан баланы шырылдатып жұлып әкетті.

— Жыртқыш... жауыз-да-р-р!..

Екі жігіт Ақбаланың қолын артына қайырып ұстаған күйі сыртқа алып шықты. Екеуі де тіл қатқан жоқ. Ауыл шетіне апарып, бетін бұрып, айдалаға қаратып ұстап тұрды да:

— Жолың ашық! Енді тыныштықпен ың-шыңсыз кете гой,— деді ақырын.

Ақбала олардың бетіне қарамады. Жел ұшырып әкетіп бара жатқан жаулығын қайта тартты да, бет қойған жағына кете барды. Тек, әлі де болса шыр-шыр еткен бала үні жұлынын үздердей боп құлағынан кетпей қойды. Басына түскен шарасыздықты жеңе алмай, үнсіз жас алқымын буып солқылдап кете берді. Күн бүркеу. Қадау-қадау қар түседі. Кешке қарай сабалап жауып кететін түрі бар. Ақбала оны сезген жоқ.

Ауылдан ұзай бергенде, түйе мінген бір бала артынан қуып жетіп, алдын орады.

— Жеңеше, апарып тастайын.

Ақбала мына баланы Тәңірбергеннің жібергенін білді. Қайта-қайта алдын орап, кескестей берген балаға ол тіпті қарамай қойды. Бала түк шығара алмасын білгесін соңғы рет түйесін желдіртіп, қаптаддасып кеп, Ақбаланың алдына бір бума нәрсені топ еткізіп тастады.

— Киімдерің.

Ақбала оған да қайрылмады. Бет жағы жаяу борасындап жатқан қалың қарды омбылап басып кетіп барады. Әкесінің көк бет өжеттігі ұстап, өлгенін білместей боп ширығып алған. Не де болса ендігі көрер қиындыққа қабақ шытпай, әбден көніп, мойын ұсынып алған түрі бар.

Патша тақтан құлаған хабар қазақ даласына тез тарады; қыс айында кісі аяғы жете қоймайтын алыс ауылдарға да осы хабар дүңкілдеп естіліп жатты. Сонан бері талай уақыт өтсе де, ел іші дауыл соғып өткен теңіздей дабырасы басылмай қойды. Күн санап жаңалық хабар көбейіп барады. Неше түрлі алып қашты хабарлар расы бар, өтірігі бар — толқын-толқын боп еселеп естіліп, ел іші «енді не болар екен» деп елеңдесіп отыр. Жұрт кеш жатты. Қай үйде түннің бір уақытына дейін ұйқтамай бәр-бәрі от маздаған ошақ алдына жиналып, әркім әртүрлі топшылаулар айтты. Жамандықтан жүрегі шайлығып қалған халық келе-

сі хабарды үрейленіп күтті. Ауыл үстінен өтіп бара жатқан әлдекандай салт атты, салбыр қамшылы жолаушының қарасын көрсе де, елегізіп отырған кісілер қолын былғап, екі етегі далақтап жүгіріп барды. Патша тақтан құлағасын ел билігін Уақытша үкімет қолына алды. Бір үкімет дұрыстап билей алмайтын болғасын енді қос үкімет билейтін боптты деген қауесет те гу-гу. Қос үкіметтің қайсысын тыңдау керек, қайсысын тыңдамау керек екенін білмей ел ішінің тіпті берекесі кетті. Дегбірі кетіп, өздерінің бұрынғы бұйығы тыныштығынан айрылған кісілер біріне бірі қарсы шығып, бірінің сөзін бірі тыңдамай есіріп барады. Енді бір күні кешегі жылы приемға алынған қазақ жігіттері елге қайта бастады деген сыбыс шығып, ел іші елеңдесіп отырғанда, күн батар алдында қаладан Тәңірбергеннің кірешілері келді. Ауыл адамдары жиналып қалды: кірешілердің ішке кіріп бой жылытып алайық дегеніне қарамастан түс-түстан сұрақты жаудырып жатыр:

— Қалада не хабар бар?

— Уақытша үкімет қалай?

— Бұлардың патшасы бола ма екен?

— Жоқ.

— Іншалла патшадан жаман болмас.

— Әй, патша жұмысына алынған жігіттерден не хабар бар? Елдеріне қайтара бастапты деген не?

— Сондай сөз бар...

— Келген адамдар жоқ па?

— Біреу-жарымдап келіп жатыр деп те есіттік.

— Апыр-ай, мынау бір жақсылық екен.

Қуанышты халық кірешілерге ілесіп үйді-үйге кіріп, түннің бір уақытына дейін жатпай ошақ алдында гу-гулесіп, әркім әр түрлі топшылаулар айтып жатты.

Екінші бөлім

I

Еламан кір-кір шинельдің жағасын көтеріп апты; мезгіл-мезгіл вагоннан мойнын созып, ілгері жағына қарап қояды; кідірмей Ұлпан станциясының үйлері көріне бастады; аржағында Шалқар тиіп тұр.

Ұлпан станциясына поезд тоқтамайтын сияқты еді; Еламан да тоқтамағанын тілеп тұрған; станцияның деңгейіне келе бергенде, қатты келе жатқан поезд кенет табанын тірей қап күлдір-салдыр тоқтай қалды. Қашан жүретінін ешкім білмеді. Кейінгі жақтан тағы екі поезд келді. Екеуі де тоқтамай, тура Шалқарға тартып кетті.

Еламан станция алдында боп-боз боп жаурап жүр еді; жол бойында істейтін бір қазақ кездесіп, оны үйіне ертіп апарды. Еламан көпке дейін жылына алмады. Ыссы ас ішкеннен кейін ғана денесі жылынып, қалжырағаның анық сезе бастады. Үй иесімен әңгімелесіп отырып ұйықтап кетті. Сонан ертеңіне сәскеде ғана оянды.

— Поезға отырғызып жіберейін,— деді оған үй иесі.

— Көп күтіп қалармын.

— Жаяу кетпексің бе? Жер жаман, қиындық көресің ғой.

Еламан құлақ аспады. Асқа тойды. Ұйқысын да қандырып, әл жиып алған жігіт ендігі қалған жолға асықпай, бір әуенмен жүріп келеді. «Қиындық көресің ғой»,— деген теміржолшы қазақ сөзі есіне түскенде әлденеге мырс етті.

Қиындық!.. Көз ашқалы көріп келе жатқаны қиындық екенін қайдан білсін. Бірінен бірі ауыр. Бірінен бірі асып түсіп, басынан кешкен бұрынғы қиындықты соңғы қиындығы ұмыттырып келе жатыр. Басқасын қойғанда, соңына ерген жалғыз баурының сүйегін жат жерде қалдырып кеткенін қалай ұмытар...

Еламан жасын тежеп қалды. Көңілін бұзатын жайды ойламауға тырысып, балшықты сабырлап тез жүріп кетті.

Жерде әлі қар қалың. Тек, көк соқта, былжыр. Жан адам кездеспеді. Ілгері жақтан келесі разъездің қобдидай ақ үйі көрінеді. Бір-екі рет шолақ поезд кейінгі жақтан сыпыртып кеп, тұсынан зулап өте шықты. Жалғыз адамға ой қандай үйір .Оның үстіне, арасына айлап-жылдап уақыт түсе қоймаған күні кешегі қиындықтар қайта-қайта есіне түседі: «Түрік жерінің тау-тасы, қарлы боранына қарамастан орыс әскері шабуылдан кейін шабуылға шығып, үш жүз-төрт жүз шақырымдай ілгеріледі. Эрзрум қамалын алды. Онан Сарықамыс қаласын, Трапезунд портын басып ап, іле-шала Мосул операциясына әзірленіп жатты. Қырылғанына қарамай, тірілері өлген солдаттардың өлігінің үстін басып, жанталасып ілгері жүгіріп бара жатыр. Ақ түтек қар арасынан бірде сұр шинель, бірде найза ұшы қылт-қылт етеді. Оққа ұшқандар, сүзектен, аштан қырылғандар ақ қар үстінде қарайып қалып жатыр. Құдай-ау, адам қандай көп! Былайғы, бейбіт кезде бір адам әлдеқалай ажалы жетіп өлсе де, бүкіл ауыл боп жылап, қатындар басынан қарасын алмай бір жыл бойына жоқтайтыны қайда? Ал, мына майданда күн сайын, сағат сайын мың-мыңдап қырылып жатыр, қырылып жатыр, қырылып жатыр. Тірілері өлгендердің үстін басып, қарға омбылап ілгері кетіп барады. Түрік жеріне негұрлым тереңдеп кірген сайын солғұрлым кейінгі жақпен қатнас қиындап, оқ астында ілгерілеп бара жатқан солдаттар азық-түліксіз ашыға бастады. Оқ-дәрі жетіспеді. Жұмысшы батальоны — мың-мыңдаған қазақ, өзбек, қырғыз жігіттері қақаған суықта аш, жалаңаш жүріп орыс әскерінің соңынан темір жол тартып бара жатты. Құрылыс материалы жетіспеді. Қыс басында рельс таба алмай, бір ай бойы Вологда — Архангельск темір жолының рельсін сөгіп әкелуін күтті.

Қыс қатайып аштық пен суыққа ұшыраған жұмысшы батальоны қырыла бастады; тірілерінің де қауқары аз; әсіресе, інісі әлсіреді; бала жігіт аштықтан бұрын суыққа үсіп өлетіндей көргесін Еламан өз бойындағы жылы кимін шешіп берді. Соның өзінде әлсіреп қалған жігіт күндіз жұмыста жүргенде жаурап, күрегін қолтығына қысып ықтай беретін болды. Інісі бір құласа қайта тұра алмасын біліп, Еламан күндіз-түні көзінен таса қылмай жүрген-ді. Бір күні көмекке әскер келеді екен деген хабар тарады. Ертеңіне түс кезінде бір эскадрондай атты әскер кеп, шпал төсеп жатқан жұмысшы батальонының жанына тоқтады. Жылы орнын ренішпен тастаған солдаттар ызалы екен. Айрықша, бір ұзын бойлы, секпіл солдат ызғарын жиып келді; жұмыс

істеуге жарамай, күрегіне сүйеніп тұрған Райға көзі түскенде секпіл солдаттың егеудей жез мұрты тікірейіп кетті; Райға жетіп барып, әй-шайға қарамай, қақ бастан тартып жіберді.

Әлсіз жігіт қарсыласуға жарамай, жеңімен басын қорғап бұға берді; секпіл солдат қамшысын қайтадан шіреніп көтеріп алғанын көргенде, Еламан не болғанын білмеді; ытқып кеп, қамшының ұшынан ұстай алды; солдат жалт қарап, ұзын бойлы, иықты бір қазақтың сырт жағынан кеп, қамшыны жібермей тұрғанын көрді. Үсік шалған беті қарақошқылданып, іштей ширығып безеріп алыпты. Үлкен қара көздері де солдат жүзіне суық қадалып, тайсалмай тұрғанды.

— Ә, солай ма?! — деп секпіл солдат бір иығын алдына қарай төсеп жақындай берді.

Еламан мұның аяғы төбелессіз тарамасын білді; өз жағына көз тастап еді; қазақ жігіттер қозғала қояр емес; ал секпіл солдаттың сырт жағына төрт-бес солдат иықтасып тұрып қалған екен. Сонда да болса Еламан ығыса қоймай, секпіл солдатпен кеуде тірестіріп тұрғанда, кенет көз оты жарқ етті. Секпіл солдат ес жиғызбай, үсті-үстіне ұрып тастады; Еламаннның мұрны қанады. Оны бірақ ет қызу үстінде байқамады; таяқ батқан сайын өлгенін білмей, секпіл солдаттың жұдырығына қарсы ұмтылып, атылып кеп, қос қолымен оны алқымынан ала түсті; бойындағы бар ызакегімен ананы алқымынан сығып, буындырып бара жатыр еді; осы кезге дейін бұл екеуінің төбелесіне араласпай, қызығына қарап тұрған солдаттар енді Еламанға тап берді.

Сол кезде бұларға бір төртбақ солдат шауып келді де, аттан түсе қалды:

— Әй, тоқтаңдар!

Шекесі қызып алған солдаттар оны тыңдамады; Еламанды етпетінен жығып салып, тізерлеп басып отырып, бетке, көзге ұра бастады. Төртбақ солдат тыңдамайтын түрін көргесін білегін сыбанып алды. Сонан кейін өзінің осындай жерде жүрегі дірілдемей істейтін ежелгі бір жаужүректігіне басып, төбелесіп жатқан кісілерге жетіп барды; төрт солдатты төрт ұрып, мұрттай ұшырып түсірді:

— Марш отсюда!

Еламан өзін ажалдан құтқарған кісіні жаңа байқады; бет пішіні орыстан гөрі бөлектеу — орақ тұмсық, шүңірек көз, жар қабақ солдат Еламанға сырт жоны түк-түк қолын созып, күлімсіреп тұр:

— Сірә, жерлес болармыз.

Еламан жұдырық батқан жерін ұмытып кетті:

— Жерлес?

— Е, сен қазақ емессің бе?

— Қазақпын...

— Ендеше мен қазақ арасында туғам.

— Қазақ арасында?..

— Ие, қазақ арасында... Үй-ішім Шалқар қаласында тұрады. Мюлгаузен.

Еламан жас балаша ауызын ашып қапты. Мюлгаузен күліп кеп, оның қан аққан мұрнын қармен уқалап жіберді.

— Қайратты жігіт көрінесің. Қолыңның күші тіпті әлемет. Тек, жерлесім, тәсілің жоқ, төбелеске шорқақ екенсің.

— Солай шығар...

— Бұл арада біраз уақыт бірге болатын түріміз бар. Қаға берісте төбелестің тәсілін үйретіп қоярмын. Жоқ, сен күлме! Қазіргідей жаугершілік заманда төбелесе білген артық болмайды. Жә, оны кейін көрерміз. Әне, біздің командиріміз келе жатыр.

— Қайсысы?

— Ана, алдыңғы қара атты офицер. Штабс-капитан Рошаль.

— Бізге жақтасқаның үшін...— дей түсті де, Еламан тоқтап қалды. «Жазғырмас па екен?» — деген сөздің орыс-шасы аузына түспей, мүдіріп тұрғанын байқап, Мюлгаузен оның ойын өзі айтып жіберді: «Жазғыруы да мүмкін, тәуекел, сен тек әлгі секпіл сайтаннан сақтанып жүр»,— деп ескертті де, қара атты командиріне қарсы жүріп барды...

— Қасқыр жігіт,— деді Еламан Мюлгаузеннің сол жақсылығын ырзалықпен еске алып.

Патша тақтан құлағасын орыс әскері түрік жерін тастап, Трапезунд портына ағылды. Бас еркі өзіне тиген жұмысшы батальоны да күн-түн қатып Трапезундқа жетті. Мұнда келгесін Еламан Мюлгаузенмен бір-ақ рет кездесті. Ертеңіне Мюлгаузендерді кемеге отырғызып, елге жөнелтіп жіберді. Айрылысар жерде, Мюлгаузен бұған «Шалқарға кел, жұмыс тауып берем, депода бірге істейміз» деп шақырып кеткен...

Еламан сол уәденің ізімен досын іздеп келе жатыр; әлі бір байламға келе қойған жоқ; бір жағынан туған жерін, жар басындағы балықшылар ауылын да қимай, үйренген өмірге аңсары ауып ауалаңып кете береді.

Ол міне туған жердің шетіне жетті; бүгін ертеңгісінен

бері туған жердің топырағын басып келе жатыр; Шалқар қаласына да он-он бес шақырымдай ғана жер қалды; ілгергі жағындағы әне бір қары кетіп қоңырайып жатқан төбенің басына шықса, оның аржағында, сөз жоқ, қала үйлері құжынап қоя беретін болар. Қала үйлері әзір көріне қоймаса да, су тартатын қызыл водокачка үлек мойнындай сорайып, жолаушыға жер түбінен көрінетін еді-ау. Еламан кенет жүрегінің қатты соғып кеткенін сезді.

Баяғы баларақ кезінде жаңаны қыстаған ауылдар жер аяғы жіби бастасымен жайлауға көшетін; сонда кей жылдары осы Шалқардың үстін бойлай ағыла көшіп, сонау шеті Ырғызға дейін барып қайтатын; Абыралыға қараған ауылдар әне бір жылдары қалың жылқысын қара құрттай қаптатып, жайлау іздеп Жем бойына, Ойыл бойына асып кетті. Онда, өзі осы ауылдың жылқышысы еді. Со жылдары жол-жөнекей бай ауыл Ұлпан станциясының іргесіне үйлерін тігіп, бір жетідей отырып кететін; кейде, тіпті көктемді аяқтап, қашан қызғалдақ ұшқанша қозғалмайтын. Талай-талай елдерде боп, талай жерді көре жүргенде, жарықтық, Ұлпан маңының бір артық қасиеті бар: көктем айында қызғалдақ, сарғалдақтар жас жусанмен жарыса шығып, ала-бөле темір жолдың екі беті тұнып тұрады: өрттей қызғалдақтар жасыл жердің жүзін көрсетпей, жел соқса жалынша жалқылдап толқып жататын.

Бір жолы Еламан түнге қарай жылқыны темір жолдың арғы бетіне өткізіп, қоңырбас пен мортығы мол көл табанға жаймақ боп, жылқы соңында жарау атпен келе жатыр еді; ойламаған жерден Сүйеу қарт кездесті; Сүйеу қарт Еламанды жақсы көреді; о кезде де Еламанды өз атымен атамай, «жылқышы»,— деп бұрып атап жүретін-ді.

Ол кездескен жерден-ақ: «Ә, ә, Жылқышы, жылқы бағып жүрмін де? Бақ, бақ!» — деп әзіл-шынын араластыра, осқырына күліп тұрды да, «біздің ауылымыз осы арадан онша қашық емес. Қолың босаса кел! Келіп тұр!» — деді де, атын тебініп қалды.

Еламан қызарып кетті; жалғыз қалғасын да біразға дейін өзіне өзі келе алмай, ат үстінде қысыла күлімсіреп келе жатты; жаңағы ақ кірпік, қызыл көз шалға өз ішіндегі адам білмейтін құпия тірліктің тынысын сездіріп ап, соған бір жағынан қысылса, бір жағынан қуанып, ұят пен қуаныш жігіт жанын шымшылап қалатындай.

Сүйеу қарт бір қырдың астына түсіп көрінбей кетті. Жылқышы жігіт сол бойда жүзі нұрлана жарқ етіп: «Барам, барам!» — деп кең даланы басына көтере айқайлады.

Оқыс шыққан дауыстан астындағы ат елең ете қалды; жылқышылар жаз мінетін атын қыстай жақсылап бағып, күйлі шығаратын; тықыр түгі жылтырап тақымы астында жеп-жеңіл боп құлындай ойнап келе жатқан-ды. Еламан қос құлағын тас төбесіне шаншып алған жарау аттың құрықтай ұзын мойнына сүйсіне көз тастады да, тебініп қап ағыза жөнелді; жылқылар көрінбейді; шамасы бұл аралар-ға айналмай күнде жайылатын дағдылы жеріне жеткенше асығып, тез жүріп кеткен тәрізді. Аспан ашық; күн төбеден ауып барады, боз торғайлар көде түбіне ұясын салып, кіш-кентай тірлігіндегі болымсыз шаруасын бітіріп, көңілін бір-леп алғасын көк аспанда жағы сенбей, шыр-шыр етіп тұрып әлған; әлі күн ыси қоймаған ерте көктем кезі болғандықтан ойпаң-ойпаңда қардан қалған көзгелдек сулар мөлдірейді. Көк қалың болғанмен жерде әлі сыз бар; қар суын бойына тартып дегди қоймаған-ды. Шапқан аттың тұяғы жаз айла-рындағыдай жер жұлынын үзе жаздап үсті-үстіне топыл-дап, соңына шаң шұбалтып бара жатқан жоқ: қара қырыс-ты, құйқалы жерге тиген ат тұяғы құдды жалаң аяқ бала-ның жер басқанындай, салмағы сезілмей, не бір ентікпей, қос құлағын жымып ап, ұзын мойнын аққудың сұңғағындай созып, бауырындағы төрт аяғы көзге ілеспей, лыпылдап пыр-пыр етіп ағып келеді. Еламан ілгергі жағына көзін қа-дап, ат жалына жабысып құдиып апты, шапқан аттың екпі-німен қарсы алдынан соққан ескек жұпар желден жас жу-сан исін қуана сезіп келеді.

Жылқылар темір жолға жақындап қалған екен; қыстай мініп, жаз шыға қоя берген саяқ аттар шетке шығып ша-шырап кетсе де, ал орта тұсы тұтасып, қара жал көк айғыр-дың соңында шұбырып бара жатты; Еламан жаңа байқа-ды: жылқылар темір жолдың бергі бетіндегі қызғалдақты кешіп барады екен; алғашқы сәтте ол өрт емес пе деп қал-ды; жаз айларындағы ыстықта ақ селеу басы лау етіп, қызыл жалын ала қашқанда осылай болатын; дәл осылай ат шашасын шарпып, жалын кешіп бара жатқандай бола-тын. Жақындаған сайын Еламанға жылқы тұяғының астын-да жарпақ-жарпақ үзіліп қап жатқан қызғалдақтар қып-қы-зыл қан сияқтанып, шашасынан қан кешіп бара жатқандай боп, денесі тітіреніп кеткен-ді. Қан! Қан! Адам қаны. Ат тұяғының астында қырқылған Ұлпан өңірінің қызғалдағын-дай қанша қыршын жастың қаны шашылды; бір ғана түрік жерінде қанша қыршын басын қалдырып кетті...

Кенет, паровоз айқайлап жіберді. Еламан ой басқан еңсесін көтеріп ап, тура алдына қараса, бағана көз ұшында

көрінген қобдидай-ақ үйі бар разъезге кепті. Разъезде тұрған поезд ақырын қозғалып, жаңа жылжып бара жатыр екен.

Еламан жүгіріп барды да, бұл кезде қатты жүріп кеткен поездың соңғы вагонына жармасты.

II

Еламан депоға барды. Түйе қорадай аңырайған зәулім депо іші толған паровоз; кей паровоздың оты сөніп мұздап қапты, қайсыбірі ыстық буы будақтап ентіге дем алып тұр. Депо ішінде жүрген кісілер алғашқы сәтте ергежейлілерге ұқсап кетті, бәрінің де үсті-басы қарамай, сөйлегенде аппақ тістері ғана ақсияды.

Еламан Мюлгаузенді кімнен сұрарын білмей, алақтап тұр еді; жанынан екі жұмысшы өтті. Бірі — палуан денелі, ірі; екіншісі — ұзын бойлы, көзілдірікті. Кісі беліндей темірді екеуі де басынан көтеріп апты. Ырс-ырс етеді. Ауыр темір астында бүтіл денесі майысып, тізелері дірілдеп, қирналаңдап барады екен. Еламан қолдасқысы кеп кетті.

Еламан мына май-май жылтыр қара кісілердің арасынан Мюлгаузенді көрсе де танымасын білді. Кімнен сұрасам деп ойлап, жолында жатқан темірлерге, рельске, шпалға сүрініп жан-жағына қарап келе жатқан-ды. Әдейі аңдып тұрғандай, қатарласа бергенде бір паровоз шыңғырып айқайлап жіберді. Оқыс шыққан ащы дауыс шекесін жарып жібере жаздады және аңсыз келе жатқан кісі селк етіп, жол дорбасы қолынан түсіп кетті.

— Ә, бәлем, қорқыттым ба? — деді жуан дауысты біреу жоғарыдан, паровоз есігінен мойнын созып күліп.

Еламан есін жиям дегенше жуан дауысты кісі қарғып түсті. Еламан оны құшақтай алды:

— Петь-ка!..

— Ну, ладно, нежности потом. Әй, Яша,— деп Мюлгаузен күректей қолымен аузын көлегейлеп паровоз машинисіне дауыстады.— Давай, укатывай свою тележку.

Паровоз ыстық буы бұрқырап қарауытқан нар денесі түтін мен бу арасына сіңіп жоғалып бара жатты.

Еламан Мюлгаузеннің билеп-төстеп бұйырып жүрген түріне қарап: «осал орында жүрмеген болар» — деп ойлады; онан кім боп істейсің деп сұрағысы кеп еді; бірақ, осы кезде біреу «митинг!» — деп айқайлап, бұлардың жанынан жүгіріп өтті. Оны қалғандары қағып алып «митинг... митинг!..» деп бір-біріне жеткізіп жатты. Онан паровоздар

айқайлап, гудок аңырап, депо іші азан-қазан болды да кетті. Қарамай кісілер ісін тастай салып, тас еденді тасырлата басып жүгіріп бара жатты.

Еламан аң-таң. Мюлгаузеннен сұрағалы оқталды. Бірақ анау аузын ашырмай, жас балаша қолынан жетелей жөнелді. Депо іші бу, түтін, бірі кіріп, бірі шығып жатқан паровоз. Қарамай-қарамай кісілер. Еламан өзін қайда келе жатқанын білмеді. Сұрауға бата алмады. Бір ретті бар шығар деп ойлады.

Мюлгаузен Еламанды қолынан жетелеген күйі депоны жапсарлай салған үлкен ақ үйге келді. Мұнда халық лық толы. Бәрі жұмысшы. Ішін тірескен халық тұс-тұстан темекілерін будақтатып, көк түтін астында қыбыр-қыбыр етеді.

Еламан қолын босатып алғысы кеп еді; Мюлгаузен жібермеді. Қайта, темірдей саусақтарымен қыса түсті де, жолындағы кісілерді киіп-жарып итермелеп ілгері қарай жүрді. Төр жақта қара киімді біреу мінбеге шығып, қолын құлашына сермеп, бұған түсініксіз бірдеңелерді саңқылдап айтып жатты. Еламан қасындағы кісілерге қарады. Онан жаңағы мінбедегі кісіге қарады. Қанша құлақ қойып тыңдаса да, кейбір өзі білетін жеке сөздер болмаса бұның не хақында сөйлеп жатқанын түсіне алмады. Жалғыз бұл емес, басқа кісілер де ананың сөзін жөндеп тыңдамай, темекі шегіп, өзара күңкілдесіп, қайсыбіреулері жөтеліп жатты.

— Бұл не? Тағы да митингі ме?

— Ие, жолдас Мюлгаузен, митинг...

— Митинг емес, қазір мылтық керек, мылтық...

— Әрқайсының өз орны бар,— деді есік жақта тұрған біреу.

Мюлгаузен жалт қарады; Еламан да оны жаңа байқады: өзіне, әлгіде кездескен екі жұмысшының — көзілдіріктісі. Бұрын-соңды көзілдірік киген жұмысшыны кездестірмегесін бе, бағана алғаш рет көргенде-ақ оған тосырқай қараған-ды. Еламан мына сорлыны қазір Мюлгаузен түтіп жейді екен деп ойлаған Бір таң қалғаны Мюлгаузен үндемей, Еламанды жетелеп сыртқа шықты; қолынан жетелеп жүрген кісінің ұсқынын жаңа байқағандай, сыртқа шыққан бойда ол қайрылып тұра қалды; Еламанның үстіндегі кірлі шинеліне, арқасындағы қозы қарынындай томпайған жол дорбасына, сақал, мұрт қаулаған жүдеу бетіне күле қарады:

— Түріңе болайын!

— Қалай, кескініме келіп тұрған шығармын?

— Несі бар. Майданнан келгенде мен де сен сияқты едім. Қарындасым көйлегімдегі биттерді бір күн қарап тауыса алмағасын, ақырында өртеп жіберді.

Еламан сақылдап рақаттана күлді; ауылына тура тартып кетпей, досын іздеп тауып алғанына қуанды. Келе сала досының депоны билеп-төстеп кеткеніне де шексіз қуанышты; онымен бірге жүргенде осы дүниеде қиындық қалмай, бар нәрсе өзі істеле салатындай сезіп, кеудесі қуанышқа сыймай тұр.

— Сенің бұл қалада танысың бар ма еді? — деді Мюлгаузен.

— Жоқ.

— Онда біздің үйге жатарсың. Жүр.

Еламан өмірі орыс үйінде жатып көрген жоқ-ты; сол жай бетіне шіркей болды ма, ол әйтеуір бір ыңғайсыздықты сезіп іші қаламай жүрексініп тұрса да, Мюлгаузенге қарсы шыға алмады.

— Еліңе қайтасың ба, әлде бізде қаласың ба?

— Әлі шешкем жоқ. Сен қалай ойлайсың?

— Вот чудак. Өз жөніңді өзің білесің де...

«Вот чудак»,— деді Еламан ішінен. Жөндеп түсінбегесін бе, осы сөздің арғы астарында кісі зәбірленгендей әлде бірдеңе бар сияқты.

— Қала қойғанда... бұл қаладан маған жұмыс табыла ма?

— Табылар.

— Қандай жұмыс?..

— Ояз начальнигінің орнын сұрамайтын шығарсың?

— Оны қайтем, маған өзіме лайық жұмыс табылса болады.

— Ендеше қам жеме. Ертең өзім орналастырам.

Мюлгаузеннің үйі орталықта екен; терезе алдына оның дәл өзіндей жатаған, жуан терек өсіпті. Кішілеу қақпа о баста көк бояумен боялса да, қазір сыры кетіп, айғыз-айғыз боп, ашқан-жапқан сайын тот басқан топсасы сықырсықыр етеді.

— Біздің үй осы, көр! — деді Мюлгаузен әуелі қонағына жол беріп.

Ішке кіргесін өзі тұратын бөлмені көрсетті. Сонан соң оған жалғас кішкентай бөлмені көрсетіп, «Бұған сен тұрасын»,— деді Еламанға. Еламан бұ жолы да үндемеді; о баста бір рет ыңғайсызданып қалды ма, ол әйтеуір көпке дейін сол сезімнен айыға алмай тап бір суға түсетін кісідей әлде неден жүрексініп тұрды.

— Үй осы. Әскерге кетер алдында өзім салып беріп едім.

— Жаның көп пе?

— Қарындасым бар. Шешем бар. Е, міне дегендей болды...

Еламан төр жақтағы бөлмеден ақырын шығып келе жатқан ұзын бойлы кемпірге қарады; амандасқысы кеп оқталып еді, бірақ басы-аяғын малындырып қара киім киіп алған кемпір бұған ыңғай бермей, баласына мынауың кім деген кескінде жүзін суытып қарады.

— Саған айтып едім ғой. Менің майдандас жолдасым.

Кемпір Еламанға осыдан кейін ғана бұрылды; жанары салқын көк көзінің кірпігін қақпай, баласы жолдасым деп таныстырған кір шинельді кісінің бас-аяғын шолып өтті. Еламан тіл қатар деп дәмеленіп тұрған-ды. Кемпір ләм-мим *деместен бұрылды да жүре* берді.

— Шешем осы...

Еламан өзіне тиген бөлмеге кірді; дорбасын бұрышқа тастай салды. Кір-кір шинелін қайда тығарын білмей, қолына ұстап тұр. Кемпірді көргеннен кейін көңілсіз тартып қалды; бірге тұратын боп Мюлгаузенге уәде беріп салғанына өкінді.

III

Мюлгаузен айтқанын істеді. Ертеңіне Еламанды депоға жұмысқа орналастырды. «Темір көтересің. Ознобин деген шалмен бірге істейсің»,— деп оған тәптіштеп ескертті.

Еламан бір кісідей қайратты болатын; және темір көтеру қолынан келетініне сенді, өзімен бірге істейтін Ознобинді де салған жерден таныды. Кеше депода кездескен екі жұмысшының — көзілдіріктісі, жас шамасы алпыстан асқан. Еламанның бір байқағаны: ат жақты, ұзын бетіндегі бөлек-салақтың бәрі ұзын екен. Құлақ та ұзын; мұрын да салбыраған ұзын; ең аяғы бір нәрсені жақтырмай, тыжырына қалғанда кең маңдайға кесе-кесе тұра қалатын әжімдер де ұзын.

Екі баласы орыс-герман соғысында қаза тауыпты. Үшінші баласы — ең кенжесі — осы соғыста бір қолынан айрылып шолақ боп қайтыпты. Қазір ол осы қалада вагон цехта жұмыс істейтін көрінеді.

Еламан Ознобинді ұнатпады; тік бақай шал салған жерден жөн сөйлемеді; Еламанды таныстырмақ боп бригадир ертіп әкелсе, Ознобин депоның дәл кіреберіс аузында көзілдірігін сүртіп тұр екен. Қасына келген қазақ жігітін көр-

генде қарт жұмысшы қарамай кепка киген басын тік көтеріп алды.

— Қазақпын. Жұмыс істейін деп келдім,— деді Еламан оның кескінінен таңданған ажар байқап.

— Көріп тұрмын, түйең қайда? Түйеңді неге бақпайсың?

— Бұрын баққам, енді...

— Е, енді түйені құдайға тапсырып, депоға жұмыс істеуге келдім де? Жарайсың. Жақсы. Ендеше, кәне кел, мына жатқан темірдің бір басын көтер.

Ознобин алда, Еламан артта келе жатады; сондықтан қарт жұмысшы ауыр нәрсе көтерерде Еламанның қып-қызыл боп құлағының ұшына дейін дуылдап кететінін көріп жүрген жоқ; ал Еламан қарт жұмысшыдан көз айырмады; қарт жұмысшының ауыр салмақ астында күдірейген қу сүйек жауырынын, қылқиған мойнын, желкесінің шұқыршағына дейін көріп, «кәрі кісіге қандай қиын»,— деп ойлады. Түске тарта Еламан терлей бастады; майданнан жілік майы шағылып, жүдеп келген жігіттің, әсіресе, ауыр нәрсе көтерерде тілерсегі дірілдеп қоя береді. Бір таң қалғаны: кейінгі жақта келе жатып қанша бақыласа да қарт жұмысшыдан қиналған белгі байқалмады; қарт жұмысшы сонан кешке, жұмыс аяқталар кезде ғана сыр білдірді. Сыртта жатқан кісі беліндей күпшек темірді көтеріп ішке кіргізу керек болды; Еламан өзінің қайткен күнде де көтеретініне сенді; ол тек: «кәне, сен қайтер екенсің?» — деген оймен Ознобинге қарады; Ознобин оның сынап тұрғанын сезген секілді. Осы жолы да сыр бермеуге тырысса да, күпшек темірді көтеріп иығына салып әкетер жерде қарт жұмысшының тарамыс денесі дірілдеп, салмақ басқан жаққа қисайып кетті.

Осыдан кейін Еламан темір көтерер жерде ауырлау жағын өзі ұстайтын болды; оны Ознобин байқап жүрген. *Еламан бір жолы тағы да бұрынырақ кеп темірдің ауыр басынан ұстай берген-ді.*

— Тоқтай тұр,— деді Ознобин оған.

Еламан үнсіз бұрылды.

— Кәрі кісіні сыйлағаныңа рақмет. Бірақ, бала, өзіңді де ойла.

— Өзімді ұмытқан жерім жоқ...

Ознобин күлді:

— Менің кедейлеу қазақ досым бар. Қалаға келгенде біздің үйге түседі. Мал дегеннен байғұста жалғыз түйесі болады. Сауатын сауыны да, мінетін көлігі де сол. Оған

отын да артады, шөп те тасиды, қыста кіреге салып, сонан ақыр аяғында көктемде жалғыз түйесін құлағынан тартып тұрғызады. Қазір көктем кезі ғой, бала, абайла, сені де құлағыңнан тартып тұрғызып жатпайық.

Еламанның есіне жұмысшы батальоны түсті; ақ түтек бұрқасын арасынан ебіл-себіл кісілер елестеді. Қақаған қарлы боранда Сарықамыс қаласына темір жол тартып бара жатқан аш, жалаңаш қазақ, өзбек жігіттері әлсіреп ақ қар үстіне бұратылып құлап жатады; кейбірі әлденеге сүрініп құлайды. Сол арада бас көтеріп тұра алмай, өлгентірілгеніне қарамастан, қыбырлап ілгері кетіп бара жатқан кісілердің соңында қарайып қалады...

Кешке, жұмыс аяқталғасын қарт жұмысшы Еламанды үйіне ертіп апарды; вагон цехта істейтін шолақ қол баласымен таныстырды. Үшеуі қора ортасындағы құдық жанында тұрып, біріне бірі су құйып жуынды. Кешкі асқа Ознобиннің бала-шағалы үлкен семьясы тегіс жиналды. Ас үстінде бір жан үндемеді; Еламан бала-шағалы болғанмен тәртіпті, тату,тәтті семья екенін байқап отыр.

Ознобин қонағын астан кейін де жібермеді; әкелі-балалы екеуі ортаға алып отырып, түннің бір уақытына дейін сөйлесті. Еламан қарт жұмысшының күндізгі шаршағанын ұмытып, көңілді отырғанын байқады. Әшінде ескі кепканың күн қағары астында қыртыстанып тұратын әжімдері де жазылып кетіпті. Соғыста өлген үлкен баласынан екі қыз қалған екен. Кішісі — төрт-бес жастар шамасындағы күміс шашты аппақ қыз баланы — кеш бойы алдына алып отырып, Еламанға қаладағы көп жайды аңғартты; Еламан оның кейбірін есіткен; ол мәселен: қала халқы екі тарап екенін байқайтын; темір жол бойының жұмысшылары Мюлгаузеннің ықпалында болса, ал қала іші Селивановтың ықпалында. Селиванов Қазан университетінің соңғы курсін бітіретін жылы саяси айып тағылып, осы жаққа жер ауып келген жігіт. Мұнда келген бойда ол қала жастарын төңірегіне топтады. Жастардың көмегімен жатпай-тұрмай кітап жинады; азғана уақыттың ішінде көл жақ шетте тұратын етікші үйінің бір бөлмесінің төрт қабырғасын тіреп алды.

Қала халқы кейін оны «Селиванов кітапханасы»,— деп атап кетті.

Алғашқы кезде жастардан басқа келушілер болмады. Кейін олар тәсіл тауып ойын-сауық қойды. Ойын-сауыққа жастар өздерімен бірге ата-аналарын ертіп әкеп, ақырын-ақырындап бойларын үйрете бастады. Кідірмей Селиванов кітапханасы қала халқының бас қосатын кәделі орнына ай-

налды. Қала халқы бүтіл әлемде болып жатқан оқиғаға осы үйдің көзімен қарап, орыс-герман соғысының әлі тоқталмағанын, жауды жеңбей соғысты тоқтату уақытша үкімет басшыларының ойында да жоқ екенін есітетін; ал, орыс әскері болса төрт жылғы соғыстан қалжырап, мылтықтарын лақтырып, ұрыс даласынан күн-түн демей қашып жатыр. Ескі дүние қаңсыған ескі бөшкедей, әркім бір теуіп кәдеге асырмай тастады.

Уақытша үкімет бар сәтсіздікті большевиктерден көріп, қазір жер-жердің бәрінде де большевиктерді қысымға ала бастаған; жұмысшылар жасағы мен большевиктерді қолдайтын полктердің қаруын тартып алып, таратып жіберіп жатқанын, көсемнің тағы да подпольеге кеткенін қала халқы көбіне осы кітапханадан есітеді екен.

— Қазір жағдай қиын. Уақытша үкімет халық алдындағы көлгірлігін қойып, ашық қимылға кетті,— деді Озноби̇н сөзінің соңында.

Үй іші әлдеқашан жатып қалған, төрт-бес жасар қыз бала да атасының алдында отырып ұйықтап кеткен-ді. Бір кезде қарсы бетте тұрған ескі сағаттың жоғарғы жағынан құс бейнелі бір нәрсе көрінді; айдарлы басын сыртқа созып, дәл бір көкекше «көкекек»,— деді де, стол жанында әңгімелесіп отырған кісілер бұрылып қараймын дегенше көзден ғайып болды.

— Көкек он екі болды деді ғой,— деді Озноби̇н күліп.

— Ие, кеш болған екен. Мен енді қайтайын.

— Үйің қашық па еді?

— Жоқ, жақын.

— Қайда тұрушы едің?

— Мюлгаузеннің үйінде...

Озноби̇н алдына алып отырған немере қызын жұлқып оятып, жерге түсіріп жіберді; қонағына қон деп айтқалы тұрған сөзі көмейінде тұрып қалды.

IV

Еламан күндіз қатты шаршаған-ды, қазір түн ортасы ауып бара жатқанына қарамастан қабағында ұйқы жоқ; бойы бір түрлі сергек, көңілді; қарт жұмысшының үйінде өткізген бүгінгі кешке орасан риза; осы кешті ерекше бір жылылықпен қайта-қайта есіне алып, қараңғы көшемен ширақ басып келеді; қарт жұмысшыдан қалтқысыз, адал дос пейілін сезді; осы кеш өзінен бар сырын жасырмады; бұрын көңілі сезсе де, көзі жете бермейтін көп-көп сырдың

беті ашылды: мәселен, Мюлгаузен өзі ойлағандай мұндағы жұмысшыларды өргізіп тұрғызатын жалғыз құдірет күш емес екен; әкелі-балалы Ознобиндер Мюлгаузеннен гөрі Селивановтың жағында тұрғанын көрді. Еламан бұл екеуінің соңында да көп күш жатқанын біледі; әсіресе, вагон цех жұмысшылары түп-түгел қарт жұмысшының баласын қолдайды; ал Мюлгаузен жөніндегі ойын ашық айтып: «Қызу жігіт. Революцияның азаттық толғағын күткісі келмейді. Тек-тек деп біз тоқтатып келеміз. Өз дегеніне жіберсең қару-жарақ складын басып алып, бір күнде революция жасап жібермекші»,— деп күлді. Әкелі-балалы екеуі осы кеш Селивановты аузы толғанша мақтады; сол әсер етті ме, ол, әйтеуір Мюлгаузеннің қарындасына келіп жүретін ұзын бойлы, ақ құба жігітті жиі-жиі есіне алды. Осы жігітті депо жұмысшылары арасынан жиі көретін; осы бір иман жүзді ақ құба жігітті көрген сайын Еламан оны өзінің досымен ойша салыстырып тұрғанын байқап қалады. Жас жігітте кісі көңілін баурап әкететін қасиет бар; ол, әлде, жастығы ма? Әлде жұмысшылармен сөйлескенде, дәл бір қызбен сөйлескендей аржағынан мөлдіреп жаны көрініп тұратын қалтқысыз адалдығы ма? Қашан көрсең де (қыз қасында кетіп бара жатсын) оның ат жақты әдемі бетінде балалық пәктігі айыға қоймаған бір түрлі сүйкімді күлкі ұялжып тұратын...

Бір жолы жұмыстан қайтып келе жатқан. Теміркенің көк дүкені алдында Селиванов екеуі бетпе-бет кездесіп қалды; Селиванов қара май киімді қазақты көрген жерден күлімдеп жетіп кеп, қос қолымен қолын қатты-қатты қысып: «сені жақсы білем. Маша сыртыңнан таныстырған. Ознобин де сен туралы көп айтатын»,— деді...

Еламан үйге қалай жеткенін байқамады; шам жақпай, өз бөлмесіне үн-түнсіз ақырын өтіп кеткісі кеп, аяғын ұшынан басып бара жатқан. Мюлгаузен бөлмесінің есігі ашық тұр екен; Еламан тастай қараңғы бөлменің түп жағынан қып-қызыл боп жылтырай қалған темекі шоғын көріп, досының әлі ұйықтамай жатқанына таң қалды: білдірмей өтіп кеткісі кеп, үнсіз ілгері баса бергенде, Мюлгаузен, «Бері кел»,— деп гүж етті. Еламан ішке кіруге батпағандай босағаға сүйеніп тұр.

— Я қалай сыйлады! — деді Мюлгаузен аз үнсіздіктен кейін. Еламан қалай жауап берсем екен деп ойлады. Мына жігіт бұның қайда болғанын біліп, әдейі келуін күтіп жатқан сияқты.

— Неге үндемейсің? Қалай сыйлады?

— Жаман емес,— деді Еламан Мюлгаузеннің қарақғыда қос саусағымен қысқан темекісінен көзін айырмай. Мюлгаузен қараңғыда ысылдап-пысылдап темекісін сорғылап жатыр. Әлде не жайында сұрағысы келсе де, қалай бастаудың есебін таппады.

Еламан кеткісі кеп ыңғайлана берген-ді. Мюлгаузен:

— Жақсы қабылдады дейсің?!.. Не жайында сөйлестіңдер? — деді.

— Жай ғана... анау-мынау нәрселер жөнінде...— деп Еламан оңай құтылғысы кеп еді.

— Немене, маған сенбейтін болғансың ба? Сырыңды мөнен бөлектей бастадың ба? — деді Мюлгаузен даусы бұзылып.

Еламан күлді:

— Менде қандай сыр болатын еді.

Мюлгаузен шоғын сөндірместен темекіні лақтырып тастады, ақырын, бірақ ызалы үнмен: «Уйди! Спи!» — деді де, темір кереуеттің пружинасын күтір еткізіп, іргеге қарай аударылып түсті.

Еламан төсегіне барып жатты. Досын ренжітіп алғанын білді; өткен жолы да Мюлгаузен онан қарт жұмысшы жөнінде қиялап отырып көп нәрсе сұраған-ды.

Еламан біразға дейін ұйықтай алмады; бұрын басына келмеген бір ой қинап, қараңғы үйде көзі ашық жатыр: «Ознобиннің анық кеулін біліп отыру үшін, оның қасына мені әдейі жіберді ме екен? — деп ойлады. Бірақ ол ойынан тез айнып «жоқ, мүмкін емес. Мүмкін емес»,— деп түйді. Алдағы тірліктің қалай болатынын ойлап, өзінің ертеңгі күніне көз жібермек болды. Бірақ соның бәрінде де келешегі құдды үй сыртында түксиген мына қараңғы түндей тұнжырап, ертеңін болжатпады.

Үшінші бөлім

I

Тәңірберген Шалқардан келгеннен бері сауда досының ізін білдірмей үн-түнсіз кеткенін жақтырмай жүрген. Бір күні ол Ебейсіннің көл-көсір дүниемен қалаға жүргелі жатқанын есітті.

Сауда-саттығына кірістірмек түгіл бұл жолы оның, керек десе, алдынан да өтпей, үн-түнсіз ұрланып кеткелі жатқанына ыза болды. Қасына ақикөз жігітті алып, тез атқа қонды.

Қатты жүрген жолаушылар күн бата Көлқораның табанында отырған көп ауылдың шетіне кірді. Моржадан сары кидың түтіні будақтап, қай үйде де кешкі ауыз ашарға қауырт әзірлік боп жатқаны байқалады. Шеткі үйлердің иттері үре бастады.

Осы арада ақикөз жігіт әлденеге абыржып, жалма-жан атын тебініп жіберіп, алда келе жатқан Тәңірбергенге қатарласты:

— Мырза, бұрылайық... мына шеткі қыстау әлгі қызыл көз пәленікі...

Шынында да, алдарындағы ақ шоқалақ тасасынан Сүйеу қарттың жүдеу корасы көрініп, ат басы аумай еңкілдеп келіп қалған екен. Тәңірберген енді бұрылудың ыңғайсыз боларын білді. Не де болса енді сыр алдырмауға тырысып, ақ аргымақты тебініп қап, эшиіндегі бауырын керіп тастап көсіліп аяңдап отыратын әсем жүрісіне салды. Өзі де ығыспай, ат үстінде дұрысталып отырып алды да, Сүйеу қарттың қорасының дәл іргесінен өтетін жалғыз аяқ жолмен сар табан қарды күтірлетіп бастырып өтті.

Ебейсін үйінде екен. Кең қораның іші сығылысқан шана. Бірі бос емес. Тері-терсек пен тоң балықтарды таудай-таудай қып үйіп жалпақ ақ шаналарға бір-бір қызыл нар жегіп, жолға шығуға әзірленіп отырған үстіне кеп, Тәңірберген аттан түсті.

Ебейсін оны терезеден көрді. «Түлкі!.. Қызылдың нісін сезіп келдің-ау?» — деп тыжырына қап, тез киініп тысқа шықты.

— Мырза, сапар оң болсын!

Тәңірберген салқын амандасты. Ебейсін оның реніштi түріне қарамауға тырысты:

— Соғым сойып жатыр едік. Ниет дұрыс қой, дегендей келгеніңді қарашы. Кәне, ішке кірейік.

— Жә, өзің бар да көрпе-төсек салғыза бер!

— Көрпе салулы, мырза.

Қонақ кірер-кірместен жас келіншек үлкен ақ самауырға шай қойды. Қазанға ет салды. Қонақ жабдығымен лыпылдап кірген-шыққан сәйын қара көзі жалт етіп, құмарлық оты тұтап, төр алдында отырған қара мұртты сұлу жігітке бір-бір қарап өтіп жүр.

Қыз-келіншектің құлқына Тәңірбергеннің көңілі жүйрік болатын. Мына уыздай жап-жас келіншектің кісі алдында нәпсісін тежей алмай, көзге түсіп қала беретін кінәсіз аңқаулығын ұнатып отыр.

Ебейсін байқаса да, көңіл бөлмеді. Бұл күтпеген бір тосын әңгіме қозғады:

— Рас болса келінді қоя берді деп есіттік қой, осы.

— Иә, қатындар сыйыспады.

— Жақсы істегенсің. Қызыл көз шалдың белін бір сындырған екенсің.

Бұл Тәңірбергеннің кісіге аша бермейтін құлып астындағы сыры еді; ол Ебейсіннің жетелеген жағына баспай қойды.

Ебейсін мырзаның осал жерінен ұстағанын білді. Сонысына ырза боп, тобарсыған бетінің тоқын сындыра езу тартты:

— Енді төсек жаңғыртатын шығарсың?

Тәңірберген өз ойына сөз дарытпай, суық сазарып алған-ды. Осы тұста ол шұғыл жадырады. Тақымдап қоймай отырған Ебейсінге енді оның өзі тап беріп:

— Е, бәрекелді. Мына сөзің құлағыма жағып кетті ғой. Көздеп жүрген қызың бар шығар! — деді.

— Қызды өзің таңдайсың да.

— Жоқ, саған таңдатсам қателеспейтінімді біліп отырмын.

Ебейсін қонағының зілсіз әзілмен өзін жағалап келе жатқанын білді де, түрегеп кетті. Осыдан кейін ол Тәңірбергеннің қасында дәйек тұтып отырмай, бала орнында ұшып-қонып, үй шаруасын істеп жүрді. Қонағына ет бер-

ді, шай берді. Бұның бәрін аз көргендей, енді бір кезде кенет:

— Мырза, сусынға қалайсың? — деп сұрап, оған қонағы ыңғай білдіре қоймаса да, ішпесе аузынан қайтсын деген кісіше,— әй қатын, мырзаға сусын әкел,— деп әмір етті.

Тәңірберген таңданып отыр. Баяғыда бұған жаққаны — айтқаныңды қалт етпейтін. Кісі өлтір десең де бас тартпай, жұмсаған жағыңа бара беретін қасиеті демесең, басқа жағдайда бөрене сияқты бітеу болатын.

Сол жігіттің енді қазір ебедейсіз, доғал денесімен жүзік көзінен өткендей боп елпілдеп кеткені күдік туғыза бастады. Әлде неге қонақ көңілі ауырлап, сырлы зерендегі шұбатқа зауқы шаппай, ерніне тигізіп қайтарып берді.

— Бұл қалай болды? Тіпті алмадың ғой.

— Рақмет. Асыңды іштік қой. Сөйлеселік, отыршы өзің мұнда.

Ебейсін қонаққа көзін салмай, қайтарған ыдысты қолына үнсіз алды. Күтуші әйел қасында жалақтап тұрса да, қонақтан қайтқан сусынды оған бермей, өрешеге өзі апарып қойды. Осы арада әйелінің ісінен болмашы бір ілгіш тауып, ұрысып, буулы жатқан теңді сыртқа қарай дырылдатып сүйрей жөнелді. Ауыз үйге шыққасын ол сыртта жүрген біреулерге дауыстап, ар жағынан төрт-бес кісіні шақырып алды:

— Әзірсіңдер ме?

— Әзірміз.

— Ендеше, кәне, жүріңдер.

Ауыз үй абыр-сабыр. Әлгі кісілер ауыр теңді ырсылдап көтеріп сыртқа шығарып жатты. Шамалыдан кейін Ебейсін қонақ бөлмеге қайта кірді. Бірақ бұл кезде Ебейсін тымақ, тонын киіп, белін буып тыңқиып алған екен.

— Ал, мырза, сен жатып дем ала бер. Үйде сені күтетін кісі бар. Мен мына бір азғана нәрсені қалаға жөнелтіп келейін.

Тәңірберген бетін сырт салып отырған суық қалпынан жібімеді. Сауда досына қарамай, «кете бер» — дегендей қолын сілтеді. Ебейсін шығып кетті. Тәңірберген оның түп қазығы — Темірке екенін біледі. Татар байымен ыңғайласып алғалы осы жігіт дәл бір жуан қара еменге жабысып өскен шырмауықтай жоғары өрлеп бой созып барады.

Төсек салатын ыңғай байқалғансын Тәңірберген тысқа шықты. Толық ай төбеге кепті. Дала сүттей жарық. Қора ішіндегі бағанағы мол байлық әлденеден үріккендей түп-

тұтас көтеріліп кетіпті. Қаңырап бос қалған қораның арағырақ бір түкпірінде байлаулы тұрған ақ арғымақ иесін көріп, тізгінін созып ұмтылып оқыранып қойды. Шамасы о да «тастап кетті» деп шағынып, қарасырап тұрған сияқты.

Тәңірберген үй сыртына ұзап шықты. Ой билеген денесін ақырын қозғап, түнгі аязда құрыстап жатқан қарды сықырлатып сыздана басып келеді. Шыңылтыр қатты қар кей тұста шыныдай сынып, күтір-күтір ойылып, саптама етігі жуан санынан кіріп кетеді. Кірешілердің қарасы көрінбейді. Қысқы жолдың қашықтығын ойлап, көліктері тың тұрғанда салған жерден жіті жүріп, бір-екі қырдан асып кеткен сияқты.

II

Ертеңіне Тәңірберген күн шықпай атқа қонды. Теңіз басын айналып жүрудің біраз бұрыстығы болғасын қатты жел қарын үрлеп кеткен жалтыр мұздың үстімен тура салды. Ақ арғымақ тағалаулы еді; әшейінде төрт аяғы денесін ауырламайтын желқайық ат көкше мұзға түскеннен кейін желдей есіп, Тәңірбергеннің тақымы астында құп-қунақ боп ойнап келе жатты.

Оған тек ақикөз жігіт сор болды. Тағасыз ат тақыр мұзға түскесін бауырын жаза алмай, бүгежектеді де қалды.

Тәңірберген оны тастап кеткісі келмей әрі-бері қарайлап көрді де, тақа болмағасын қолын бір сілтеді. Тағалы ат тасырлата жөнелді. Көк айдын мұз көз ұшына асып керіліп жатыр. Шамалы жүргеннен кейін көз ұшында қыбырлаған қаралар көрінді. Мырза мыналардың жар басындағы балықшылар ауылының ер-азаматы екенін біліп, соға кеткісі келгендей ат басын бұрды. Қамысы бар қолтықпен басат-басатты сағалап ау-торын жайып жүретін балықшылардың бүгінгі күні бұлайша ашық айдынға шырқап шығып кеткеніне қайран қалды, бірақ іле-шала бір жәйді іші сезе қойды Былтырғы жылдан бері Темірке балығы мол көлдер мен басат-басаттарды бір өзінің меншігіне дәрбес қаратып ап, буларды ашық теңізге айдап салған-ды.

Тәңірберген әлденеге райланып мұртынан күліп қойды. Ақ арғымақты ақырын бастырып кеп, Достың жанына тақай бере аттан түсті. Сырт хабардан естуі бойынша Дос қазір көп балықшыдан шеттеп жалғыз үй қапты. Судыр Ахмет, Төлеу, Қалау сияқты төрт-бес кісі болмаса, негізгі қара тобыр түп-тұтасымен ұйтқысы бұзылмай Мөңке жағында қалған көрінеді.

Дос салқын амандасты:

— Сапар оң болсын.

— Әумин. Сыралғы алайын деп келе жатқаным.

Дос әзілге жоқ болатын. Мына мырза кекетіп тұр деп ойлап, өзінің осындай жердегі қыңырлығына басып:

— Міне, ал!.. Бәрі сенікі,— деп мұз үстінде жатқан бесалты қылағайды етігінің тұмсығымен теуіп-теуіп жіберді.

— Иә, балық нашар екен. Сонда бұл теңіздің баяғы көп балығы қайда?

— Әй, шырағым-ай, соның несін сұрай бересің. Бұл теңіздің балығын құрдым жұтып жатыр ғой.

— Құр-дым...

— Ия. Темірке деген құрдым шыққан жоқ па. Бұл татар байы құдайдың көк теңізін де біздей қызғыштап қорып, құлып астында ұстап тұр. Қылығы өтті ғой мұның бізге.

Тәңірберген Достың зығырданы қайнап, күйіп тұрғанын байқады. Дос қайта сөйледі:

— Қатын-бала аш, үйге барсаң талап жей жаздайды.

— Соның бәріне Темірке кінәлі ме?

— Енді кім кінәлі? Ашық теңізге айдап шықты. Мұнан артық не істесін?

— Әй, қайдам. Бар пәле Теміркеден деген дұрыс бола қояр ма екен...

— Енді кімнен?

Тәңірберген оның жауап күткен әңгімесіне әдейі тоқтамай, әрегіректе ау қарап жатқан балықшыны нұсқап:

— Анау кім? — деп сұрады.

Дос жаратпай қалды:

— Әлгі алжыған шал ғой.

— Мөңке ме? Оның жағдайы қалай?

— Оны қайтесің. Онан да, Тәңірбергенжан, әуелі жаңағы сөзіңді түптеші. Мүмкін, мен түсінбей жүрген шығармын.

— Ие, сен түсінбей жүрсің. Темірке қырына алса Мөңкені алды, сенде несі бар. Сен іргеңді Мөңкеден әлдеқашан ашып алған жоқ емессің бе?

— Онан бүгінде жөнім басқа.

— Ендеше жарайды. Теміркені көндіруді мен мойныма алайын. Ал, өзің ше?

— Мен бе?

— Ие, сен. Мен білсем, Мөңке іргесінен үйір алдырмайтын құтпан айғыр ғой. Шыныңды айтшы, өзіңе өзің сеніп, ертеңгі күні табан тіреп, тартысқа түсе аласың ба? — деп Тәңірберген оның қытығына тиіп мүлдем қайрай түсті.

Дос Тәңірбергеннің аржақ ойын аңғармады. Қандай сөзді де тура қабылдайтын дөкір жан осы арада оған өз көңіліндегі ойын ашық айтты:

— Тәңірбергенжан, несін қазбалай бересің. Егер сондай атты күн болып, Темірке көнсе, көрсе қал, бар балықшы Мөңкеден бір күнде сыпырылып шығады.

— Ә, солай ма? — деп Тәңірберген кенет енжар бола қалды. Иығына басын салып тұрған аттың буы бұрқыраған танауын алақанымен сипап қойды.— Жә, ендеше. Ертеңнен бастап өз абызыңдағы жігіттеріңді жиып ал да, ауыңды осы теңіздің қалаған жеріне сал.

— Курнос Иванды қайтеміз?

Тәңірберген қойын қалтасынан тілдей бір қағазды алып, Досқа ұсынды.

— Бұл не?

— Ұлықсат қағаз. Курнос Иванға көрсетсең — түсіненді.

Дос сенер-сенбесін білмей, бартиып, ісінген саусағымен ебедейсіз ұстап тұрған қолындағы тілдей қағазға қарай берді. Мұнысы запрет жерге ау салуға ерік берген қағаз; оның қаладан бітіріп қайтқан бір жұмысы осы. Темірке алғашқы сәтте бетбақтырмай: «иоқ-иоқ, ул болмайды. Ул жирләр қып-қызыл байлық»,— деп қасарып отырып алды. Осылай боларын алдын ала біліп келгендей, Тәңірберген түк сасқан жоқ. Ол мұртынан ғана күліп: «Ай, бай-ай! Сенің байлығыңды балықшыларға талатқалы отыр дейсің бе мені. Тегі, күндердің күнінде қолдағы байлықтан айрылып қалмау үшін де қорғанышы мықты болу керек емес пе. Мына балықшыларды азбен алдап қойып, өздерін қолыңда ұстап отырсаң, қораңды күзеткен иттен кем бола ма?» — деп татар байын түпкі ойына көземелдеп қойды да, осы рұқсат қағазды онан оп-оңай алып қайтып еді.

Дос қағазды қойнына басып алды. Тәңірберген қоштасып жүріп кетті. Ат басын промсолға тураласы. Ақбаланың промсолда көп тұрақтамай, таяу арадағы күндердің бірінде тоң балық тиеген кірешілерге ілесіп, Шалқарға кеткенін есіткен.

Тәңірберген бұл күндері Ақбаланың атын ауызға алмап еді; Ақбала деген әйелінің болғаны да есінен шығып кеткендей; ол жөнінде сыртқа сыр шығармай, өзінің жайшылық кездегі жайбарақат көңілімен Ақбаланы қоя берген күннің ертеңіне ел аралап кетті. Тәңірберген тіксініп қалды. Осы әйелге істеген өзінің қаттылығына қиналып,

көңілі сөгіліп бара жатты. Соны сол сәтте сезіп, босаңсып бара жатқан көңілін қайтадан қатайтып ала қойды. Көңіл түбінен байқаусызда басын көтеріп алған бір ғана босаң сезімді тез тапап тұншықтырып тастады.

Промсолда халық көп екен. Қалаға тоң балық апарып қайтқан кірешілер Тәңірберген келердің алдында ғана ораласыпты. Кіре тартқан түйелер Тәңірбергендікі, кірешілердің де тең жартысы Тәңірбергеннің жігіттері болатын.

Олар мырзаны көре сала жүгіріп кеп, жалпылдап амандасып жатты.

Амандық-саулықтан кейін Тәңірберген қартаң кірешіні оңашалап алып шықты.

— Қалай, көліктерің тың ба?

— Әлі мықты. Қоңы жығылған жоқ.

— Шаналарың қалай?

— Шана да мықты.

— Мыналардың жүгі әзір ме екен?

— Әзірі, әзір-ау... бірақ, мырза, бір-екі күн қатын-баланың қасында болып, кір-қоңымызды...

— Жоқты соқпа! Көліктерің тың тұрғанда қалаға қатынап қалу керек.

Өзі айтқан жерде мыналардың қарсы келе алмасын біліп, осыдан артық тілге келмей жөнеле берді.

— Қартаң кіреші қала қоймай, қатарласып еріп келе жатыр:

— Мырза...

— Жә, айттым ғой...

— Жоқ, ол емес, басқа...

— Ол не?

— Мырза... Еламан...

Тәңірберген тоқтай қалды; кенет қатты соғып кеткен жүрегін сап-сап деп басып алды да, өзінен кейіндеу тоқтаған қарт кірешіге бұрылмай, сыртын беріп тұрып ойланып:

— Не? — деді.

— Ела-ман...

— Я?

— Шалқарға келді.

— Оны кім айтты?

— Өзім көрдім. Ауызба-ауыз сөйлестім. Рай сол жақта қайтыс болпты.

Мына хабардың растығына Тәңірберген күдіктенбеді; осыдан кейін ол жолықпақ боп әдейі іздеп келген Айғаншаға соқпады; Курнос Иванның әзір тұрған асына да қарамай, атына мініп жүріп кетті.

Промсолдан ұзап шыға бере ол «апыр-ай, ә? Бұл қалай болды?» — деп ойлады. Соғыс ауыртпалығын көтерген халықтың қазір қоңторғай шағы. Халықтың осы бір өңі жұқарып тұрған үстіне мына бүлікшінің келгенін қарасаңшы. Балықшылар аулы мен бұл өңірдегі кедей ауылдар баяғы он алтыншы жылғыдай тағы да оның соңына еріп, өздерінің іргесін жалаңаштап кетпесіне кім кепіл? Онсыз да, осы күні Ожар Оспан бір жаққа, Рамберді бір жаққа тартып, өз ішінде де ауыз бірліктің берекеті кетіп тұрған түрі мынау!

Тәңірберген ширыға түсті.

III

Жол үстінде іштей бір байламға келген жігіт ел жатқанша екі-үш кісіні жан-жаққа шаптырып, бас-аяғы бір күннің ішінде игі жақсыларды жиып алды. Ертеңіне түс кезінде хабар тиген кісілердің алды топтанып келіп, Тәңірбергеннің үйіне түсіп жатты. Келген кісілердің ішінде бұл өңірдің белгілі ірі байлары — Мыңбай, Жүзбай, Жылқыбай бар. Семіз сары Рамберді де бар. Үзік-созық келіп жатқан кісілердің бас-аяғының тұтас жиналғанына қарамай жалақтаған жігіттер олардың бас-басына қой сойып, қазан аса бастады. Буы бұрқырап, ентіге дем алған ақ самауырлар қонақ күткен үйге қайта-қайта кіріп жатты. Түн ортасы ауып, таң алдындағы қалың ұйқының бір мөлшеріне келген уақытта асқа тойған жұрт өз денесін өзі ауырлағандай боп бір-бір жастықты қолтығына басып, жантайып жатып, үйқы қысқан қабағы жұмыла берді. Сол кезде біреу ат жайын әңгімеледі; өздері білетін жердегі жүйрік аттарды бірінен соң бірін мақтап отырып, жағалап кеп Тәңірбергеннің ақ арғымағына тіреліді:

— Бәйгеге қосып көрдің бе?

— Жоқ...

— Бекер бағын байлап жүрсің. Жануар, ақ арғымақ пырақ қой. Қанатты болмаса, тұяқты малға оған шақ келетін жылқы жоқ болар.

— Сөз бар ма, Көрұғылының қара атының тұқымы ғой. Текежәуміт жылқыларының несін айтасың, қуса — жетеді, қашса — құтылады.

— Дүние күйіп кетсе де, ендігі жерде Тәңірбергенжанша түрікпенмен дос болып, тұлпар мініп жүру керек қой.

Мұны айтқан бұлардың ішіндегі ең аңқауы — Жылқыбай еді; оған жалғас отырған Рамберді басын бұға, булыға мырс етті. Күлгенін ешкімнің байқай қоймағанын көргесін

басын көтерді. Ол тағы да Тәңірбергеннің көзін ала бере мына жағында отырған Мыңбайды жеңінен тартып, өзіне таман қисайтты. Өздерінен басқа ешкім есітпейтіндей етіп, мұрнынан міңгірлеп:

— Ойбай, мына қой баққан сорлының аңқауын қайтейін. Тәңірбергенді түрікпенмен дос боп, тұлпар мініп жүр деп ойлайды екен ғой. Ойбай, ойбай-ай...— деп қолын түңіле сермеді де, теріс қарап бұрылып жатты.

Төсек салатын боп, қонақтар сыртқа шықты. Жаңағы әңгімеден кейін Мыңбай мен Рамберді бөлектене берді.

— Мынау бізді неге шақырды екен?

— Қайдам, бір есебі бар шығар.

— Ие-е, сұм ғой, есепсіз аяқ баспайды. Байқайсың ба, бізді қатты сыйлап кетті-ау. Тегін бе осынысы?

— Қайдам, торғайды тұзаққа түсіру үшін тары шашушы еді.

Екеуі күлді. «Торғай» дейді де, күледі.

— Қалай десең де күшейіп алды. Қазір шаршысына келіп тұр. Бір жағы — сауда, бір жағы — ұрлық...

— Ие, солай, солай. Атаң қазақ «ұрлық түбі қорлық» деуші еді-ау. Осы жігіт тым керелеп бара жатыр. Көре қал, осының түбі бір пәлеге соқтырады.

Дұрыс айтасың. Түбі тергеусіз дүние жоқ. Жігіттерін жіберіп, түрікпеннің жылқысын қуып әкеліп жатады, өстіп жүріп бір күні біздің түрікпенге талатпаса қайтсін.

— Сүйтер, сүйтпей тынбас, бұл жігіт...

Кейінгі жақтан бұларды іздеген дауыс шықты; қонақ түскен үй төсектерін салып тосып отыр екен; тоя жеген астан кейін бойын ауырлаған қонақтар басы жастыққа тиер-тиместе ұйқыға кетті.

Тәңірберген ертеңіне қадірлі қонақтарына қайта мал сойғызып, ас-суын беріп жайлап отырып, ұзақ сонар әңгіме бастады. Тәңірберген осы отырған игі жақсыларға араларындағы үзілмей келе жатқан ашу-араздықты тастап, ендігі жерде бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығаратын кез жеткенін айтты. Қазіргідей түтеп келе жатқан дүлей дауылға ірге алдырмай, шеп құрып тұтасып алып, бір кісідей бірігіп қимылдауға шақырды. Бұған ру басы ақсақалдардың бәрі келісті. Татулыққа, ауыз бірлікке не жетсін, тату болсаң табақ қатынайды. Осындай жерде ең бір ішін алдырмайтын қыны — Рамберді де ауызбірлік сөз болғанда аналар құсап елп етіп қостай қоймаса да, ашықтан-ашық тағы қарсы болмай, күні бойы көзін төмен салып ыңылдап отыр.

Тәңірберген оның былқылдақтығын жақтырмай:

— Кәне, осыған бата қыламыз ба? — деп пәле басы боп отырған Рамбердіге қарады. Анау сонда да шешіле қоймай, тек Тәңірберген қадалып отырып алғасын ғана:

— Дегенің болсын. Бірақ, әй бала, сен өзің баяғының жолын білесің бе? Баяғының үлкендері осындай бас қосқан жерде «құр аяққа бата жүрмей-й-ді» — деуші ме еді, қалай...— деп міңгірлеп, сөзінің аяғын күмілжілеу қып шұбатып, екі ұшты ой тастады да, Жылқыбайдың сырт жағын ала бере көлбеп қисая кетті.

Тәңірберген екінші шаруасын — ең салмақтысын кейінге қалдырып отырған. Әуелі өзара ауыз бірлікті мықтап алса, екінші шаруасының қиындықсыз оп-оңай шешілетінін біліп еді. Ауыз бірліктің түрі әлгі болды. Ру басы ақсақалдар татуласу үшін де кешеден бергі бұл үйден ішкен-жегеннің үстіне тағы бірдеңе дәметететін сияқты.

Тәңірберген ренжігендей боп үндемей отырды да, бір кезде екінші шаруасын ортаға салды: естуі бойынша ұзақ соғыстан жілігі шағылған орыс әскері қару-жарақтарын тастап, майданнан қашып жатқан көрінеді. Он алтыншы жылы қара жұмысқа алынған қазақ жігіттері де еліне қайта бастапты. Орыс қалалары болса аш, жалаңаш. Ресей халқы қазір Уақытша үкіметке қарсы көтеріліс ашып, жер-жерде ереуілдеп жатыр. Ертең Уақытша үкімет құласа заман не болады? Онан кейінгі тірлік тұл боп, аяқ басқа шығып кетпесіне кім кепіл?

— Ойпырмай, Тәңірбергенжан-ай, бар пәлені үстімізге үйіп тастадың-ау.

— Апыр-ай де! Мынадан кейін дүниесі құрғыр тарылып, аспан алақандай, жер тебінгідей боп кетті ғой.

— Қайда барсаң да Қорқыттың көрі қазулы тұр десеңші.

— Енді не істеуіміз керек?

— Менің де айтайын дегенім осы еді. Қазіргідей ала қиғаш дүниеде алды-артын бірдей болжап отырған кісі ғана адаспайды. Ол үшін арамызда көзі ашық оқыған азамат болғаны жөн.

— Е, оны қайдан табамыз?

— Табылады. Ел арқа сүйейтін оқыған азамат Арқа жақтан шығып жатыр. Өзіміздің, мына Ырғыз бен Торғай жақта оқыған азамат аз емес. Олар ана жақта партия құрып, газет шығарып, Абылайдың ақ туының астына алаш азаматын топтап, үш жүздің баласының басын біріктіріп жатқан көрінеді.

— Апыр-ай ә?..

— Мынау, біз есітпеген жаңалық қой!

— Жақсылық десеңші. Ие. Тәңірбергенжан, тағы қандай хабар бар?

Тәңірберген мыналардың құштар түріне қарап, тас бауырын жібіткендей көріп, өзі де бірден көңілдене бастады:

— Арқа жақтағы азаматтар әзір бізге назар аудара қойған жоқ. Бізді бауырына тартатын емес.

— Ие, ие, оның рас.

— Енді қазір ақ патша құлап, ақ діңгегіміз үзіліп түрғанда, біз де еңсе көтеріп, елдігімізді танытсақ, ана жақтағы Арқа азаматтарына үн қоссақ. Олар бізге өз аяғынан келмесе, біз кісі жіберіп шақырсақ деп едім. Кәне, бұған қалай қарайсыңдар?

Жаңа лаулап отырған кісілер, кенет су сепкендей тына қалды. Көздерін төмен салып, тұқырайып отыр. Тәңірберген олардан көзін айырмай, шыдаммен жауап тосып отыр. Бір кезде Мыңбай:

— Қайдам, оның ретті қалай болатынын. Оқыған адамның бабы қатты болады деуші еді. Ойынан шықпай тәңірге жазып жүрмесек,— деп күдік айтып еді.

Оған мына жақтан Жылқыбай үн қосып:

— Арнап шақырғасын, әрине, салмақ сені мен бізге түседі. Шығыны да шаш етектен болатын шығар,— деп бұл кәдені өз басының оң көрмейтінін аңғартты.

Ендігі қалғандары Рамбердінің аузын бағып, аңсын аңдап отыр. Тәңірберген үнсіз. Келімге келгіштерінің өзі көнбей қиғаш тартып жатқанда, бұлардың ішіндегі ең бір қырысы қалың қыңыр Рамбердінің келістірмесін біліп, бұл ойынан да ештеңе шықпасын байқады да.

Рамберді сирек сары мұртының астынан бір мырс етіп:

— Оқыған азаматты сырттан іздеп қайтеміз. Шын керек болса, осы сенің үйіңде де бір оқыған бар емес пе,— деп ащы мысқылмен бір түйреді. Әшиіндегі үндемей жатып қабатын әдеті.

Осыдан кейін сөздері жараспады. Қонақтар үнсіз тарап кетіп жатты. Тәңірберген де сыр бермей, салқын қоштасып шығарып салды. Кешегі патша ағзамның қазақ даласында арқа сүйеген адамдарының сиқы әлгі... олардың қай-қайсысы да күншіл қатындай ауыл арасының бәсеке партиясынан бойы асып көрген емес.

Тәңірберген ел тізгінін ұстаған ігі жақсылардан тарығып қалды. Тым құрыса, осы қазіргідей жөн таппай қиналған кезде ақылдасар адам болмағанын айт. Ағаның сиқы — Алдаберген. Ақбаланы қуғалы софы ағасымен табысса да, оқыған інісімен бұрынғыдан бетер суысып, келімге келмей қиғаш тартып барады. Осы інісіне өзі де түсінбейді. Бір түндік астында бірге өссе де, өзінен гөрі оның ұстаған жолы басқа, жөн-жосығы да басқа. Кейде оны кедейлерге жаны ашып, ет бауыры елжіреп тұратындай көрсе, енді бірде кедейлерді де жақтырмай, тістеуік аттай кіржіңдеп қалып жатады. Сондай кезде ол інісінің қай жақты ұстайтынын білмей, дал болады. Соның бәрі әлде ілелі, сырқат жанның кісі жақтырмайтын кінәмшіл, шамшылдығы ма? Әлде құр мінезсіздік пе?

Іштегі, тыстағы жайларды ойлап, қатты қиналған Тәңірберген кешкісін ауыл сыртына шығып, сақырлаған аязда көз байланғанша жүрді.

IV

Темірке көңілсіз. Көптен бері арман етіп жүрген промсолды қолына түсіріп, жаңа-жаңа шаршысына келе бастаған кезде патша тақтан құлады. Үстінен үзігін ұшырып әкеткен үйге ұқсап, көңілі құлазып сала берді. Оның үстіне түрік майданынан Мюлгаузен келгелі кішкентай қаланың тыныштығы бұзылды. Езілуші тапты ереуілге шақырған ұрандар осы шаһардағы әтібірлі үйлердің маңдайшасына ілініп қалатын боп жүр. Сондай сөздер өз дүкеніне де үйір боп алғасын ол елең-алаңда тұрып, есігін бір қарап өтеді.

Әйтеуір сол дәтке қуат, қазір сауда талабы жақсы. Қазіргідей тар заманда оған, айрықша теңіз түпсіз байлық. Қыс бойы кірешілер тышқандай тасып жатқан тоң балықтар қалаға келген бетте қып-қызыл алтынға айналып жатқан-ды. Бүгін ел жата тағы да тоң балық артқан жиырма отыз түйелі кіреші кеп, терезе қақты. Дыбысшыл Темірке төсектен атып тұрды. Иығына бірдеңені асығыс іле салып тысқа шықты. Ол жеткенше күзетші шал қақпа ашып, алыс жолдан ауыр жүк тартып келген түйелер асықпай қозғалып, кең аулаға бір-бірлеп ақырын кіріп жатты.

— И, шушы қазақтар-ай... Неге кешіктіңдер? Осынша айналғандарың не?

— Кір-қоңымызды жудырып...

— Қой, қой енді! Сендер кір-қоңдарыңды жуып жат-

қанда, шоқыншық Ебейсін қаланы балық сасытып, алдымды кесіп кетті.

Кіреші қазақтар сөз таластырмады. Татар байының әр кездегі үйреншікті байбаламын үнсіз тыңдап, сары табан қарды сары аязда сықыр-сықыр басып жүріп тоң балықты кең қораның түп жағындағы қуысқа сатырлатып үйіп тастады.

Үнсіз қимыл үстінде ауыр етіктері ғана сықырлайды. Белінен жүгі түскен түйелер пысқырып қойып, бей-жай күйіс қайтарып жатыр.

Темірке ел қазағы әкелген нәрселерді жақсы көргенмен, олардың өздерін оншама бойына жуықтата қоймайтын. Әсіресе, от басына араластырмай, алысырақ ұстау үшін елден келген қазақтарға арнап салғызған қонақ жайы бар. Қазан-ошағы бөлек. Би-болыстар мен байлар болмаса, байырғы көп қазақты әлгі қонақ жайға түсіруші еді. Бүгінгі кірешілердің арасынан... дәм-тұзын талай татқан сыйлас үйінің жас келіншегін көргесін Темірке ол райдан тез қайтты. «Неге келді екен?» — деп ойлады. Қыз ұзататын, не келін түсіретін кезде, бай ауылдың дәл осылай бір кісісін қалаға жіберіп, керек-жарағын үйіп-төгіп әкететін бір әдеті болатын...

Темірке қалталы келіншекті қолынан шығарғысы келмеді. Алғашқы сәтте тіпті қалай жағынарын білмей, қалбалақтап сасып қалды. Мына келіншек Тәңірбергеннің кіші әйелі екенін біле тұрса да, оның көңіліне бола:

— Ә, бәйбіше, аман-сау барсың ба? Мырзаның денікары сау ма? — деп, Ақбаланы көре сала асты-үстіне түсіп жалпылдап жатты,— қазір заман жаман. И-и, шушы күні халықтың пиғалы бұзылған бит... Пәуескең қайда? Сыртта қалдыруға болмайды.

Ақбала Теміркені шаққа тоқтатты.

— Мен... мына кірешілерге ілесіп келдім.

— Оқасы жоқ, оқасы жоқ... Қазір бұрынғыдай бап талғайтын кез емес,— деп Темірке жуып-шаймақ болса да, өз ішінен боқтап: «ит қазақ байлықты басына жарата білмейді. Аларның байлығы арам өлген малмен тең»,— деді. Темірке кірешілердің мұнша көлікпен қалада айналмасын, жүгін түсіріп, бір түнеп шыққасын қайтарын білді. Керек-жарағын алғасын мына келіншек те ілесіп келген кірешілерден қалмас, қайтар деп ойлап, қонақ үйге жібермей, қасындағы кісілермен бірге өз үйіне түсірді.

Өздеріне осынша сый-сияпат көрсетіп жатқасын кіреші қазақтар әй-шәйға қараған жоқ. Сықырлаған қалың кнім-

дерімен төрге шығып, сарала төсектің үстінде тұрып шешіне бастады. Есік жаққа тастаса аржағынан біреу алып кететіндей, зілдей байпақты етіктерін гүрс еткізіп ірге жағына тастай салды.

Теміркенің әйелі сыртқа ата жөнелді.

— И-и, алла! Шушы қазақтар өз үйінде де итігін төрге шеше ме?

Темірке де осы өмірінде қазақтардан көңілі қалып, түңіліп біткен кісіше қолын сілкілеп зарлап қоя берді:

— Қой!.. Қой уларны! Бу шоқыншықлар отызға килсе, итігі алпысқа киләді...

Қонақтардың алдына дастарқан жайылды. Шай үстінде Темірке тағы да Ақбаланың асты-үстіне түсіп, кесесін өзі алып беріп «іш», «же» деп ерекше ықылас білдіре бастады. Ақбала қысылып барады. Бойын мықтап суық алыпты. Жылы жерге кіргелі тоңазығандай боп, бойы тітіркеп отыр.

— Бәйбіше, бұрын қалаға келіп пе едің?

— Жо-қ...

— Оқасы жоқ, оқасы жоқ... Бүйырса жаз айында да келерсің. Жазда қала әйбетірек болады. Көшелерде терек, талдар көктейді. Қала іргесінде көл бар. Тек теңіз жағасынан келген кісі көлді менсінеді дейсің бе?

Темірке қонақ келіншекке құлана қарады. Осы қарасы әне бір кездегі Судыр Ахметтің ұры, тышқан көзіне ұқсап, Ақбала түршігіп кетті. Аузындағы сөзін айта алмай, түсі қашып отырып қалды. Темірке оны қысылып қалды деп ойлап, ұзын мойнын ішіне тығып шықылықтап күлді. Қонақ келіншектің ұялшақтығын да, аңқаулығын да ұнатып, шықылықтап күліп, жанынан кетпей жүр.

— Шайдың қызылы кесілмесін. Бәйбішеге қызылын баса құй!..

Ақбала балық тиеген шана үстіне бүрісіп келе жатып от жаққан жылы үй мен ыстық шайды аңсаумен болған-ды. Бір-екі кесе ішті ме, жоқ па, кенет ол ештеңеге зауқы шаппай қалғанына таң қалды.

— Ертең қайтатын боларсыңдар? — деді Темірке кіре-шілерге қарап.

— Иә, бай, ертең қайтамыз.

— Бәйбіше ше?

— Ақбала... Ақбалажан...

— Мен... Менің асығатын ештеңем жоқ.

— Иә, нә, асықпа. Керек-жарағыңды асықпай ал. Өзім көмектесем. Ау, бәйбіше, шайың суып кетті ғой,— деді Темірке.

Ақбала не істеп, не қойғанын біліп отырған жоқ. Татар байының әр сөзінен шошып дір ете қап отырған-ды. Темірке «шайың суып кетті» дегенде, Ақбала алдына қойған кесені аузына қалай апарғанын байқамады. Ыссы шайды ұртап қалғанда, көзінен жас ыршып кетті.

Темірке оны байқамады.

— Орынбордан күні кеше көп зат әкелдім. Бәйбіше, жолды екенсің. Дәл үстіне келдің.

— Бай, сіз білмессіз. Мен-н...— деп Ақбала түсі бұзылып, ерні дірілдеп тоқтады.

Кірешілер келіншекке қорқа қарады.

— Ақбалажан, шайыңды іш!

— Иә, иә, шырағым, шай іш!

— Мынау жент. Женттен же!

— Апыр-ай, бай ағыл-тегіл ғып тастады-ау!

— Иә, көрсеткен құрметінде шек жоқ.

— Құрметті — тәркек етпе деген. Ішіңдер! Жеңдер! — деп кірешілер ауыз толтыра асап, қауқылдасып жатыр.

Ақбала алдындағы асқа қол созбай қойды. Теміркеге көз қиығын тастап, тез тартып алды:

— Бай, сіз менің жайымды білмей отырсыз. Мен... мен мұнда жел айдаған қаңбақтай..

— Шырағым-ай, ертең де күн бар емес пе,— деп қарт кіреші жақтырмай қап,— жайланып алғасын, жата-жастана жатып айтпайсың ба,— деп күңкілдеді де, Теміркеге бұрылып,— шынында да жол жүрген кісі жел айдаған қаңбақтай ғой. Және қыс айындағы жол қандай қиын. Тоңып шаққа жеттік,— деді.

— Иә, иә, шулай! И-н, балақайым, тоңғансың... тоңғансың енді,— деп Темірке жүгіріп барып, түп жақтағы көп бөлменің бірінен түлкі ішік әкелді. Ақбаланың қысылғанына қарамай, ішікті арқасына жауып жатып та,— тоңғансың... тоңғансың енді,— дей берді.

— Айтары жоқ, күн де керемет суық.

— Иә, иә, суық! Суық!

— Тоңып, шаққа жеттік.

— Тоңғансың! Тоңғансың! Мырзаның шаруасы қалай? — деді Темірке келіншектен көзін айырмай, бағып отырып.

Ақбала қатты соғып тұрған жүрегін тоқтатып алды.

— Мырзаның несін айтасың. Шөбі көп, қорасы жылы. Қыстан жақсы шығатын,— деп қарт кіреші бұ жолы тағы да Ақбаланың алдын орап кетті.

— Е, бәрекелде, жақсы екен...

— Құдай берген адам ғой. Бай, осы қазір базарда балықтың нарқы қалай?

— И, алла... сұрама, сұрама. Шоқыншық Ебейсін арзандатып кетті. Мына балықты жарты бағасына өткізе алсақ жақсы.

— Қап... осы сұмырай алдымызды орай берді-ау!

— Ол әлі де орайды. Қазақта «ұйықтаған — ұйқы алады, ұйықтамаған — жылқы алады» деген мақал бар. Міне, бұл жақсы... бик жақсы мақал.

Кірешілер керең кісідей, бей-жай отырып, сораптап шайларын іше берді. Темірке олардың тастан қашағандай жылтыр қара бетіне ызалана қарады. «Бұларда сөз өтпейді. Түйе... түйе, вит»...

— Алдаберген софы қуатты ма?

— Қуат-ақ...

— Ораза ұстаушы еді ғой? Аузын әлі ашпаған болар? Әй, ул бик ғажап кісі... Құдай жолын қатты тұтады... Софыға лайық заттар бар менде. Бұхардың ала жібек шапаны бар. Жайнамаздық...

— Айтқандай, бай... сізге мырза сәлем айтып жатқан. Жаз шыға теңіз жағасынан төбесін темірлетіп үй салмақшы. Темкеңе сәлем айта барыңдар, ағаш тасытып әзірлете берсін. Шебер ұста тауып қойсын. Ақша аямаймын. Ырза қылам деп жатқан...

— Иә, ул ақша аямайды. Өзім білетін қазақта ондай қолы ашық жігітті көргем жоқ. Басқан ізінде байлық шашылып жатады. Осы жолы қалада көбірек жатты емес пе. Елге қайтарда дүкенге кіріп, и-и, жаным... көк ала ақшаны, шушылай, уыстап алдыма тастай салды. Санаған жоқ. Келініңе ең қымбат жібектен көйлек бер деді. Мен онан аямайтын, бит. Тығулы жатқан қызыл атласты орап бердім. Өрттей... Өрттей қызыл. Асыл енді.

«Күйеуінің базарлығы екен ғой»,— деді Ақбала ішінен. Қызғаныш буған кеудесі көк камзол астында көтеріліп-басылып отыр.

Тағы да әйел нәсіліне тартып, қанға тараған удай, тұла бойын қызғаныш жайлап бара жатқанын сезді.

Темірке қонақ келіншектен көзін айырмады. Сәт сайын әр күйге бір түсіп, бір қызарып, бір бозарып отырған жат кескініне таң қалып: «Ауру емес пе?» — деп ойлады. «Мойныма мініп қалар пәле болғанда».

— Мықтап тоңғансың. Жылы жерге оранып жат. Ұйықтап тұрғасын жазылып кетесің. Ертеңге дейін керегіңнің

бәрін тауып қоям. Мырзаның үйіне не керек екенін білем. Мырза қымбат нәрселерді алады...

— Қам жемеңіз, бай. Бүгінде онан... менің жөнім басқа,— деді Ақбала.

Төр алдында көсіліп жатқан кірешілер аяқ-қолын қалай жиып алғанын байқамады. Ақбалаға ыза боп: «Қап, құртты-ау кісіні. Ас-су ішіп әлденіп алғанша тұра тұрса қайтеді екен»,— деді іштерінен.

Мынаны естігенде татар байы майы таусылған шамдай көз жанары сөніп кетті. Қабағы түсіп, бар денесі бір-ақ уыс боп бүрісе қалды. Есік жақта шәй құйып отырған күтуші қатынға күңк етті:

— Шорылдатып құя бердің ғой. Құдықтан суармасаң қазақты шайға қандыра алмайсың. Енді, жетер... қалғанын қонақ үйге барып ішсін.

— Ауылдан алып шыққан етіміз бар еді.

— Қонақ үйге барыңдар. Сонда асып жеңдер.

Қонақ үй есік-терезесінен жел үлеп тұратын жайдақ бір бөлме. Пеші түтін тартпайтын.

Жылы үйден шыққан кісілер мұнда келгесін шешінбей, қалың киімдеріне қымтанып үнсіз жатып қалды. Ертеңіне ерте оянды. Азын-аулақ пұлына шай, шекерін, кездемесін алды да, Ақбаламен қоштасып жүріп кетті.

Екі-үш күн жатқасын татар байының үйі Ақбаланы жақтырмай, қабақ шыта бастады. Басқадан бұрын Теміркенің әйелі сыйғызбауға қарады. Шамасы, сірә, сұлу келіншекке күйеуінің көзі түседі деп қорқып, қызғанатын сияқты.

Ақбала күйеуі қоя берген деген қорлық атаққа көніп еді. Оған енді осы бір жез қоңыраудай шұлдірлеген тік бақай татар келіншектің зәбірі батты. Бір сыласын тапса өзі де кетпекші. Бірақ... қайда барады? Бұл қалада татар байынан басқа жанды танымайды.

Ақбала оңаша үйде отырып қайта-қайта кірешілерді ойлап кете берді. Олар бұл күнде үйлеріне барды-ау деп ойлады. Құдай біледі, кәзір қатын-баласын қуантып, мәзмәйрам боп жатқан шығар деп ойлап, бір сәт өзі де сондай ыстық ұяны аңсап, шерлі жүрегі қатты сығылып кетті. Қимылсыз көзі жасқа толып барады. Бүгіндікке әлі нәр татқан жоқ. Бай үйіне баруға бетінен басты. Талап қылуға Темірке үйінің бұрышын айналса арам өлетіндей көреді. Сол үстіне Темірке кірді, қасында ілмиген ұзын бойлы біреу: үсті-басы ұн-ұн; татар байының дүкенінде жұмысшы боп істейтінін айтпай білгендейсің.

Ақбала түрекелді. Темірке сыпайылап жатқан жоқ. Ішке кірген бойда түйеден түскендей қып, турасын айтты:

— Саған күйеу керек пе?

Ақбала беті ашылмаған жас қыздай ду ете қалды.

— И-и, пақыр, неге ұяласың. Сауда тілі шолақ бит. Әнуар, сен де ұялма! — деп Темірке тасасына тығылып тұрған ұзын сарыға бұрылды. Оны қолынан жетелеп Ақбаланың қасына әкелді. Ақбала үнсіз. Басы иіліп кетті. Кенет, ол бір мұздай қолдың өз қолынан батылсыз ұстағанын сезіп, аяз қарығандай денесі дір етті. Қолын жұлып алды.

Темірке таныстыра бастады:

— Әнуар деген жігіт. Қаладан шушыдан артық жігіт таба алмайсың,— деді де, қалған шаруаны өздері сөйлессін дегендей сыртқа шығып кетті.

Оңаша қалғасын Ақбала көзінің астымен әлгі кісіге қарап еді. Үсті-басы ұн-ұн ұзын сары не істерін білмей, қипақтап тұр екен. Жас шамасын айыру қиын — көсе. Беті тұктеніп, ұзын мұрнының ұш жағы қызарып, бар бітімінен біртүрлі аяныш сезіледі. Келіншек өз басының қаншалық кемігенін біліп, жылап жіберді.

Темірке есік сыртында тұрып қанша тыңдаса да, әлгілерден дыбыс болмады. Сонан соң шыдай алмай, шыбықтап қайта кірді. Алғашқыда не болғанын түсінбей, келіншек пен жігітке кезек қарады. Екеуі де жаңа оңаша қалдырып кеткен жерінен қозғалмапты. Әсіресе, Әнуар әйел алдында көз жанары түсіп, салбырап тұр. Оның өзіне қалдырса, мына жас келіншекпен оңаша үйде бірге түнеп шықса да түк бітіре алмасын білді де, Темірке тез ақылға келді. Сырттан кіріп келген бойда ол Ақбала мен Әнуарды құшақтай алды. Бұл түрі, бейне, жарастықты жақсы жұбайларды көріп, сол екеуінің дәл бір қуанышының үстінен шыққандай.

— Бәрекелді... Бәрекелді!.. Жақсы болған. Жас кісілер шұшылай тез табыса бит. Әнуар, енді әйеліңді үйіңе апар,— деп осыдан кейін әй-шайға қаратпай, сүмелек сарыны итермелеп апарды да, Ақбаланың қолынан ұстатып еді. Ақбала қолын жұлып ап, Теміркені шарт еткізіп жақтан тартып жіберді.

— О, сұмырай! Бай емес, баспана іздеп жүрмін ғой мен.

Темірке қуарып кетті. Есін жиып тіл қатам дегенше, Ақбала сүмелек сарыны жетелеп сыртқа шығып та кетіп еді.

Төртінші бөлім

I

Елден қатынап жататын кірешілер мен қалашылар Еламанға соғады. Түнде — үйден, күндіз — жұмыстан іздеп тауып ап амандық-саулығын біліп кетіп жүру; үй иесі кемпірдің жақтырған-жақтырмағанына қарамайды; ауылдағы әдетін қалаға да істеп, киімшең бойымен танымайтын үйдің төрін кешіп кетеді.

Олар арқылы Еламан ел хабарына қанды, кәрі әжесі қайтыс боптьі. Сібірге айдалып кеткен Кәлен хабар-ошарсыз. Жар басындағы балықшылар ауылы болса, баяғы өздері бардағы бірлік-берекетінен айрылып, қырық пышақ боп қырқысып кеткен.

Осы жайды есіткеннен кейін Еламанға елдің тіпті қызығы қалмады. Оның ендігі қиналғаны — Есбол атасы. Атасының көзі тірі тұрғанда елге барып, дидарласып қайтқысы кеп жүр еді. Көктем шығып, күн жылынғасын Есбол атасының өзі келді. Атасының көзі нашар көретін боптьі. Еламанды даусынан танып, қолынан тас қып қысып алды да, үнсіз жылады. Ағайынды екеуі ауыз ашпаса да, аржағынан әр қайсысы Райды жоқтап жылап еді.

Еламан атасының ерте жатып тыныққанын қалады. Оған атасы көнбеді; Еламанды білегінен ұстап ап, бетіне тура қарап отырып Райдың қалай өлгенін сұрады:

— Тек, шырағым, түгін жасырма, толық айт!

Еламан ұзақ жолдан қалжырап келген кәрі атасына мына әңгіменің ауыр тиерін білді.

— Әй, балам, шыныңды айтпасаң тіпті үндемей-ақ қой. Адамды адам аяғаннан не болады, құдай аясын да.

Еламан жалтарудың жөні қалмағанын байқады. Шындықты айту керек. Қандай ауыр болса да жалғыз ініңді алған ажалдан ауыр тимес. Бұлтарма, болған оқиғаны, басыңнан кешкен бар-бар жайдың бәрін есіңе түсір. Сорлы кәриядан шындықты жасырып кәйтесің. Құдай аямаса, кі-

сіні кісі аяғанда тұрған не бар. Сен өзіңді өзің аяп басыңнан кешкен ауыр оқиғаны арада өткен күндердің арғы жағына тасалап, тығып тастап, бергі бүтін жағыңды жұртқа тосып басы аман, бауыры бүтін кісіше бей-жай жүрсең-дағы бәрі бір жаралы жыртық жаныңнан жел ызғып, өлген іниңнің орны үңірейеді де тұрады. Қашан көзің жұмылып қара жердің құшағына барып кіргеніңше тірі кісі бүгінгі күннің қызығы мен қасіретін ғана талшық етпейді. Тірлікте кісі ит жыртқан қара терідей пырым-пырым боп өткен сонау ұзақ сонар күндердің артына тастаған соқпағын да әрқашан еске алып тұру керек.

Жә, қалай боп еді? Еламан астындағы алашаның шетін бір жазып, бір бүгіп отырып, сол бір азабы мол ауыр күндерді есіне түсіріп шықты. Жат жер. Қылшылдаған қыс. Қатпар-қатпар қарлы таулар. Қалың түскен қар астында таңқылдап қатып жатқан жерге күрек жүзі батпайды-ау, батпайды. Құлаш сермеген сайын тоңға тиген күрек шақылдап қолыңа қайта теуіп, көк мүйізденіп қалған күс-күс алақаныңды ауыртады. Райжанның алақаны тіпті күлдіреп алынып қалды. Сонан соң Еламан ақ түтек борасын қар арасында қыбыр-қыбыр қозғалған кісілерді есіне алды. Сонан соң аласа ұзын барактарда ыңырсыған сүзек ауруларды есіне алды. Кейде жадырап күн ашылады. Ойда жоқта күн күркірейді. Алғашқы кезде ауылдан келген кісілер алланың аламатына таңғалып жағасын ұстап, тілін кәлимаға келтіріп жүрді. Сүйткенше болмай қыс айындағы бұлтсыз биік көк аспанның бір шетінен ақшуда түтін бұрқ ете қалады. Іле-шала ақ қар үстінде қыбырлаған кісілердің я арғы, я бергі жағынан доп жарылады. Ұрысқа үйренбеген аңқау кісілер жарқыншақтар зу-зу ұша бастағанда ғана зәре-иманы ұшып жата-жата қалады.

Орыс әскері түрік қалаларына кіргенде, кейбір құдайы қалаған кезде Рай екеуі кофеханаға бас сұғатын. Сырттан кірген кісіге күйген бидайдың иісі бұрқ ете қалатын ыстық кофехананың іші әрқашан буалдырланып тұрады. Шашақты биік тақия киген, бет әлпеті қазаққа келетін кісілердің жүзі кіреукеге бұдан көмескіленіп қоңырайып көрінеді. Олар сұр шинелді жүдеу кісілерге назар аударып қарамайды. Ол кезде Еламан меч Рай да ешкімнің көңіл күйі мен қабағына қарай қоймайтын. Жылы үйге кірер-кірместен-ақ суық алған бойы жазылып рақаттанып қоя береді. Әрі-беріден кейін өз денесін өзі ауырлап көзіне ұйқы тығылады. Рай екеуі басы былғақтап қалғып отырып, күйген бидайдың дәмі шыққан ыстық қара кофеге дорба түбінде

жатқан тастай сухарьді малып жібітіп жейді. Со бір күндер сіңірін созып титықтап шаршаған аттар да Еламанның көзінің алдында. Өрге қарай көтерілерде жануарлар соңындағы зеңбіректі сүйрей алмай төрт аяғы баурында тыпырлап қалады. Қара тер болған денесі, әсіресе, сықырлаған сары аяздарда қаттырақ буланып, танаудан шыққан демімен бет алдындағы бүтіл түгі аққырауланып түксиніп алады. Әскер жылжыған жолдың соңында ақ қар үстінде қарайып қалып жатқан аттар, адамдар. Әлдеқайда алыста атылған пулемет, қар басқан барак, бір түнеп тағы да ілгері тартып кететін жол үстіндегі әлдеқандай қос-күркелер де көз алдынан тізіліп өтіп жатыр... өтіп жатыр. Қалжырап жеткен кісілер қараңғы баракқа кіре сала киімшең бойымен қисая-қисая кетеді. Жамбасы жерге тиген бойда көзі ілініп кеткен кісілер қыбыр етпей қатып жатқанда таң алдында ызалы біреулер жұлқылап, жеті атадан боқтап жүріп оятады. Ұйқысы қанбай бүрсектеп, бұйыққан кісілер ысылдап-пысылдап жүріп сыртқа қақаған суыққа шығады. Таң қараңғысында әлсіз сәулесі дірілдеген ту-ту жоғарыдағы жұлдыздарға қарап, сүйек-сүйегінен өтіп бара жатқан ызғырық суық желге жүзін тіктей алмай, бүрсеңдеп, ықтап кете беретін әл-дәрмені құрыған кісілерге әрбір атқан таң өз өмірінің ақырғы күніндей боп көрінетін-ді. Иә, иә, сепкіл солдат сабағаннан кейін Рай кәдімгідей әлсіреді. Жұмыс аяғына қарай әлі құрығаны сонша, қолындағы күрекке сүйеніп тұра алмай, қар үстіне бұратылып отыра кетті. Еламан інісінің беті бері қарамасына көзі әбден жетті. Бейшара баланың санаулы күні қалғанын сезіп, бұның да көңілі қарайып жүрді. Бір күн бе, бір жеті ме, кім білсін. Жұмысқа шықса да, жел ызғыған баракта отырса да екі көзін інісінен айырмай жүрген-ді. Ол қарға етпетінен құлаған інісін көре сала жүгіріп барып жерден балаша көтеріп алды.

— Рай... Райжан!..

Рай көзін ашпады. Енді көп өмірі қалмағанын сорлы баланың өзі де сезіп, тірліктен аулақтай бастады. Еламан інісіне қарауға қорықты. Тынысы әлсіреп, танау қағып жатқан жас жанға көзі түссе, көңілі босап қоя беретін сияқты. «Жаным-ай, жалғыз бауырым-ай!.. Тым құрыса туған жеріңнің топырағына жеткізе алмайтын болдым-ау».

Жұмыс аяқталғасын інісін жас балаша көтеріп қайтты; ат қорадай ұзын баракта пеш жоқ, есік-терезесі аңғал-саңғал, қатты суықтарда есік, терезелерден үскірік жел ызғып

тұрғандықтан әдетте мұнда түнейтін кісілер киімшең жататын. Еламан мен Рай бір одеял астында құшақтасып жатушы еді. Еламан күндегіден гөрі айрықша, осы бүгін інісін өбектеп өз бойымен жылытқысы кеп тас қып құшақтап алды. Соған қарамастан жаны сөніп бара жатқан жігіт түнімен дір-дір етіп, әлсіз ғана ыңырсып жатқан; бұрындары қатты тоңғанда ағасының ыстық құшағына кіріп ап, таң атқанша тыным таппай аунақшы беруші еді; бұ жолы Рай тырп етпеді. Еламан інісінің осы мінезінен шошып, екі-үш рет «Райжан», деп дыбыс берді. Рай оған да үндемеді. Еламан ұйықтап жатыр екен деп ойлады. Оны енді қайтып мазаламады.

Түн ортасы ауа бергенде көзі ілініп кетті. Бірақ ілешала оянды. Інісін қымтаймын деп жүріп бұның өзі ашылып қапты. Ызғыған суық баракта жаурап жатыр екен. Еламан ұйқылы-ояу көзімен екеу ара жамылған одеялды өзіне қарай қырын тарта түсті де, кенет, тоқтай қалды. Құшағында жатқан інісінің бөренедей серейіп кеткен денесінен шошыды.

— Рай!.. Райжан!..— деді тастай қараңғы үйде даусы қатты шығып.

Дірілдеген қолымен құшақтай алса да, інісінің мұпмұздай бетіне беті тигенде, жалыны сөніп кетті. Сәкіден сырғанап түсті.

Жылаған жоқ; тек қапылыста қатты соққы тиген кісіше есі ауып отырып қалған-ды. Қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде ол өлікті ертеңге қалдыруға болмасын біліп асыға бастады. Қараңғыда сипалап жүріп, бірнеше кісіні оятып еді. Қалжырап жүрген жандар қалай жұлқыласа да оянбай, ыңырсып аударылып түсе берді. Еламан інісін көтеріп тысқа шықты. Түн. Тастай қараңғы. Қар сабалап жауып, жел ышқынып соғып тұр екен.

— Әй, тоқта!

Еламан ту сыртынан шыққан күзетші дауысын есітті. Күзетші суық тиіп қарлыққан даусымен боқтап, жүгіріп келе жатып мылтығын сатыр-сұтыр оқтап алды.

— Тоқта! Не алып бара жатырсың? — деп күзетші қабарын төге жетіп келсе де, өлікті көргесін өз ісінен ұялғандай міңгірлеп,— қайда апара жатырсың? — деп сұрады.

— Жерлеуге...

— Ә-ә! Ендеше, жарайды, бара бер. Жолдасың ба?

— Жоқ, інім.

— Ә! Жер тоң ғой. Жалғыз өзің жерлей аласың ба? — деп күзетші мылтықтың темірі қарыған қолын демімен

жылытпақ боп қайта-қайта үрлеп, үскірік жел өтінде тұра алмай ықтап кете берді.

Еламан барактың сырт жағындағы қырқа басына шықты. Бұл араның желі тіпті қатты екен. Қамсауы жоқ жыртық кимнен жел өтіп барады. Еламан бірақ сүйегін қарыған суықты бірде сезсе де, бірде сезбеді. Заман рақымсыз қатал боп тұр ғой деп ойлады. Қазіргідей, бауры қатты заманда кісі қатал болмаса құрып кетеді деп ойлап, ол қажыған жанын қайрай түсті. Жалғыз інісінің тоңдаған балықтай серейіп қатқан жансыз денесі ығын езіп барады. Әлсіздік пе, қалай, тынысы ауырлап ырсылдай бастады. О, құдай, есітесің бе пенденің зарын. Не әлде тас құлақ кереңсің бе, соңыма ерген жалғыз бауырымды жат жерге, мына жел ызғыған төбе басына дәтім жетіп қалай жерлеймін? Қалай? Қалай? Еламан сұп-сұр боп тістеніп алды. Осы кәзір, әсіресе, көңілі қарайып, бүйрегі безденіп қатайып алған. Шинельге оралған өлікті жанына қойып, тізерлеп отырды да, қабыр қазатын жерді қарақғыда сипалап қарынан тазартты. Жалғыз болғасын тақ атқанша үлгіре алмаспын деп қорқып, қатты қимылдап еді; қабыр қазылғасын асықпады; әсіресе, інісінің шинельге ораған денесін жерлер жерде не істерін білмеген кісіше алақанымен қабыр түбін сипалай берді. Інісі әлсірегеннен бері күнде төсек салларда дәл осылай оның астын жұмсағырақ етуге тырысып, түйіртпек бірдеңе болса қолымен жазып сипап отыратын. Осы жолы да інісінің ендігі мәңгілік мекенінің жайлы болғанын ойлап, қабыр түбіндегі тоң кесектерді асықпай, бір-бірлеп үгіп отырған-ды. Сырт жағынан «батальон, стройся!» — деген суыққа қарлыққан жуан дауыс естілді. Еламан отыра берді. Күнде таң қараңғысынан оянатын жұмысшы батальоны сапқа тұрып, табан астындағы қар сықырлап, котелоктер даңғырлап, ұйқысын аша алмаған кісілердің суыққа шалдыққан дауыстары қырылдап, барақ маңы абыр-жабыр.

— Ал, айналайын, жат енді,— деп Еламан түрегелді. Есік пен төрдей жерге барғасын төбе басында томпайып қалған жалғыз қабырға бұрылып қарады. Көзіне жас алмағанына таңғалды. Бөлімше командирінің анадай жерден айқайлап, асықтырып жатқанына да қарамай, ауырлау басып кеп батальонның кейінгі жағына тұрды.

— Қайда жүрдің?

Еламан оның өзіне ақырғанын, әлде өзге біреуден талап етіп жатқанын білген жоқ; білгісі де келмеді. Бөлімше

командирі оған қайта киіндей бастап еді; қазалылық бір жігіт оны жеңінен тартып, назарын аударып алды да:

— Ақырма! Қыз қойнынан келді дейсің бе оны. Інісін жерлеп келді,— деді ақырын, бірақ мейлінше зілді үнмен

Бұл күндері Еламан қатты ширықты; бір қыс ішінде талай рет үсіген беті қара қошқылданып түтігіп алды; бұрын да аз сөзді жігіт інісі өлгеннен кейін тіпті үндемей, ыза-кек тілін байлап тастағандай боп жүр; ол тек күнде екі мезгіл — ертеңгісін, кешкісін бір түрлі елеңдеп іштей әбігерлене бастайтын; онда да, жұмысқа барған-қайтқанда, бейне алдынан баласы шығатын анадай, інісін жерлеген төбе басына жеткенше тақаты қалмай асығып, алдында келе жатқан кісілерді де итермелеп болатын.

Райды жерлегесін бірнеше күн қатарынан қар жауып, төбе басындағы кішкентай қабырды басып тастады; Еламан қабыр басына айшықты таяқ шаншып қойды; патша құлағасын жұмысшы батальоны елге қайтуға жарлық алды. Ебіл-себіл кісілер лек-лек боп кетіп жатты. Қуанышты жұрт азан-қазан; тек Еламан кейінгі жақта қалып бара жатқан інісінің қабырына жалтақтап қарай берді; соңғы рет бұрылып қарап еді, қабыр басындағы айшық қар астынан созған інісінің қолы сияқтанып кетті; Еламан сап арасынан жалт беріп, жүгіре жөнелмек болғанда, оны қасында келе жатқан қазалылық жігіт ұстап қап еді...

Есбол қария ертеден бері ешқандай дыбыс шығармай, қара тақия киген ақ құйқа басы салбырап кеудесіне түсіп отырған. Осы араға келгенде, сабырлы қария шыдамай:

— Райым-ай... балапаным-ай,— деп көй-көйін сала өкіріп қоя берді де, теріс қарап жата кетті.

Еламан да жылады.

II

Осыдан кейін екеуі де үндемей, қатар салып қойған төсекке кимшең бойларымен қисая-қисая кетті. Ұйықтамады.

Ертеңіне Еламан ерте тұрып жұмысқа кетті. Беті іскен. Көзі қып-қызыл. Күні бойы жұмыс кезінде бір адамның бетіне қарамады. Тура кеп қалса да, тілдескісі келмей көзін тайдырып әкетті.

Кешке жұмыстан кеп, ас-суын ішкесін атасының қасына отырды. Ауыл жайын сұрады. Есбол қария ел ішінің амандығын айтып отырып, ойламаған жерден өзінің сыйлас тұстасы — кәрі әже жайын қозғады. Әжесі пақыр қа-

шан көз жұмғанша Еламан мен Райды аузынан тастамапты. Бас жағында күзетіп отырған кісілерге: «Қос қарағым аман оралса, көздеріңнің қырын сап, қамқор бола жүріңдер»,— деп тілек айта беріпті.

— Байғұс, сендер кеткесін қатты жүдеді. Үйқыдан қалды. Күндіз-түні бір тілек үстінде сарылып, сен екеуіңнің жолыңа дұғасын бағыштап, көңілін ақ жолына ұсына берді,— деп Есбол қария көзіне жас алды.

Атасының аузында бір тіс жоқ. Қандай жұмсақ асты да қызыл иегімен қайзап, жұта алмай, талмап отыратын аянышты халге жетіпті. Қолынан жетелеп жүрмесең, далаға кіріп-шығуы да қиын. Еламан қатар отырғанда атасына қарамауға тырысты. Жас шамасы әкесімен қатар болғанмен бұл кез атасының да бала болған шағы. Басқа кісілердің ықыласына кәзір оның өзі зар. Жетім баладай біреу-міреу маңдайынан сипағанын дәметіп тұрады.

Еламан атасын аяп, жұмыстан келгесін бір елі қасынан кетпеді. Көбіне екеуі оңаша қалады. Басы кеудесіне түсіп мұлгіп отырған қарт ата қасында ол өзінің әлі де бала екенін сезеді. Баяғы балалық шағын аңсап, шынымен еркелегісі кеп тұрады. Сондайда көзін жұмып жіберіп жүгіріп барып, қарт атасын мойнынан құшақтай алудың орнына, оқыс пайда болған сезімнен өзі шошып кетеді де, атасына білдірмей бетін бұрып күліп алатын.

Сирек болатын сезімін тежеп қалғанына соңынан ғана өкінеді. Басқа жұрттай, ішіндегі сезімді сыртына шығарып, жарқырап жүрмейтін тұйық мінезін мін көреді. «Кісіге жылуым жоғы сонан шығар»,— деп ойлады. Кенет, Ақбала есіне түсіп, жүрегі қатты-қатты соғып кетті. «Оған да жылуым болмаған шығар?» — деп ойлады. Осы ой келесі күні жұмыста жүргенде де жүрегін шымылдатты да жүрді. Жар басындағы балықшылар ауылының шет жағынан санағанда үшінші жер үй есіне түсті. Жер үйдің дәл төбесіндегі соқыр терезе, шымылдық пеш, жылауық есік соншалық анық елестеп, көзінің алдында тұрды да қойды. Озинобинмен қолдасып темір көтеріп жүріп те ол өз өмірінің ыстық ұясы болған осы жер үйді қайта-қайта ойлап, жаңа түскен жас келіншегі екеуінің төсегін, төр алдына жайған алашаны, төсек көрпені, ақ шинмен өрешелеп қойған қазан-аяқ жақты есіне алды.

Ой қажытқан жігіт кешкісін жұмыстан шаршап қайтты. Күндегі әдетімен қара май кнімін кіреберіске шешіп, бетқолын жуды. Бұл келсе Есбол кешкі намазын оқып жатыр екен.

Еламан қарт атасының сырмақ тақия киген ақ құйқа басы мен қылқиған мойнына, желкесінің ояздануып ішіне кіріп кеткен шұқыршағына сырт жағынан қарап тұрып, атасына жөндеп көңіл бөле алмай кеткенін ойлады. Күнде ерте тұрып жұмысқа кетеді. Бір ауыз орысша білмейтін атасы ұзақты күнге жалғыз қалады. Тым құрыса бір-екі күн қасында болғысы кеп, Еламан ертеңіне төсектен тұра сала Мюлгаузеннің үстіне кірді.

Мюлгаузен кеш жатып, ерте тұрып жүрген-ді. Ұйқысы қанбай, қабағы жабылып кетіпті. Үстіне кірген Еламанды көрсе де, көңіл бөлмей, ысылдап-пысылдап киініп жатты.

— Петька...— деп Еламан жүрексіне тіл қатты.

— Ну?..

— Көріп отырсың ғой...

— Түкті де көргем жоқ, айналайын, шектей шұбатпай турасын айтшы.

«Айтқанмен ештеңе шықпас» — деп ойлады Еламан.

Кейінгі кезде Мюлгаузен Ознобин мен Селивановтан арасын ашып, бір топ жұмысшымен ыңғайласып кетті. Қазір Еламанға да ішін ашпай, бұл білмейтін бір құпия шаруамен шұғылданып жүр. Жұмыс аяқталысымен жөнін айтпастан зым-зия жоқ боп кетіп, сонан үйге түн ортасы ауа, кейде тіпті таң алдында бір-ақ оралатын. Еламан Мюлгаузеннің арманы — кәйткен күнде де қару-жарақ түсіру екенін біледі.

— Черт побери, бір нәрсең қойған орнында тұрмайды. Ма-ша! — деді Мюлгаузен айқайлап.

Маша жүгіріп келді. Алдында алжапқыш. Илеп жатқан қамырын тастай жүгіріпті. Ұн-ұн қолын үстіне тигізбей, ілгері созып тұр.

— Бірдеңе дедің бе?

— Тарағым қайда?

Маша «өзің білесің де» — деп тілінің ұшына кеп тұрған сөзді айта алмады. Ұн-ұн қолымен көзіне түскен шашты ұстай алмай, кейін қарай шалқая беріп, білегімен ысырып тастады.

— Слышишь, тарағым қайда?

— Іздейін...

— Тез! Бол!..

— Қазір... қазір...

Еламан өтінішін айтқысы келмей, кетіп бара жатыр еді, Мюлгаузен гүж ете қалды:

— Ну, не айтайын деп едің?

— Бір... болмашы ғана нәрсе...

— Ол не?

— Қарт кеп қалды, бір-екі күн қасында болайын деп едім...

— Жақсы сылтау табылған екен.

— Жұмыстан қашып тұрғам жоқ...

— У тебя слишком много родных. Маша, асың дайын ба?

— Қазір... қазір.

— Тездет!

«Айтпай-ақ қою керек екен» — деді Еламан ішінен. Көңілдес кісілердің бөлек тұрғаны дұрыс қой деп ойлады. Атасын жөнелтіп салысымен үй іздемек болды.

III

— Сонымен, Мөңке қалай? Жағдайы жақсы ма?

— Әй, балам-ай, әзір жер басып жүр демесең, ол байғұста не жағдай болсын.

— Балалы болды деп есіттім ғой?

— Ие, құр қол емес, күл шашары бар.

— Дос екеуінің арасы қалай? Әлі қырбай ма?

— Қырбайың не? Айрандай ұйып огырған ауыл емес пе еді. Тәңірберген іріткі салып, оларды да екіге бөліп жіберді ғой. Қазір Мөңке мен Дос бір-бірінің есігін де ашпайды.

Еламан артық сұрамады. Қанша діниіне берік болса да, Тәңірбергеннің аты аталған жерде әрдайым осылай ішінен тынып, булығып қалатын әдеті. Есбол оны байқады ма, жоқ па, белгісіз, біраз уақыт дағдылы әдетімен көзін төмен салып мұлгіп отырды да:

— Балам, бері келші,— деп Еламанды қасына таман жақындатып алды. Еламан қарт атасының бұл жолы оқшауырақ бір шаруа жөнінде сөйлесетін ойын біліп, сұрақты кескінде тосып отыр.

— Ата балаға сыншы деуші еді. Баяғы жасырақ кезіңде басқа балалардан көрі сен қарашыл, бауырмал едің-ау. Соған қарап, өсе келе кісіге қайырымның мол бола ма деуші едім. Қаратаздың жылқысын көп бақтың ғой. Жылқы мінезін білетін шығарсың? — деп Есбол тоқтады.

Еламан мұның арты қайда соғарын білмесе де атасының арыдан қозғаған түрінен сақтанып, бойын жиып отыр.

— Кең далаға кішкентай үйірін сыйғызбай, тырқыратып қуалап болатын сәурік айғыр бар да, қыдыр дарыған байдың кереге жал құтпан айғыры бар-ау. Мен де сені

келешекте сол құтпан айғырдай үйіріне жайлы, ақылы алдында, ашуы соңында жүретін зәбірсіз жан бола ма деуші едім. Сен өзің солдат болам деп бойыңдағы бар қасиетіңді со жақта тонатып, жұрдай боп қайтқаннан саумысың осы? — деп Есбол қария мырс-мырс күлген бойы басын шалқая көтеріп алды да, інісіне нұры тайған кішілеу көзін сығырайтып, сынай қарады.

Еламан мына әзілдің тегін емесін білді. Мұның аржағында жасы үлкен ағаның әлде назы, әлде өкпесі жатқанын сезіп, анық салмағын шамалай алмаса да, әлденеге ыңғайсыздана бастады. Бірақ сыншыл көздің алдында сырын сақтап тұтас отыр. Есбол қария оны енді жалтартпай, нақ адал шынын айтқызғысы келді де, әлгі бір әзілден лезде тыйыла қап, өзінің дағдылы кездегі салмақты ажарына ауысты.

— Балам, сен осы Ақбаланың қайда жүргенін білесің бе?

Еламан мұны күтпеген екен. Алғашқы сәтте өз сезіміне өзі өртене жаздағандай ду ете қалды да, тез сабасына түсті. Тек енді оның ертеден бері үлкен алдындағы ибалы жүзіне бір сәтте ызалы ажар білінгендей боп, танауы қусырылып, құп-қу боп тоқтады. Демі де дірілдей түсті.

— Оны... қайтем? Қажеті қанша маған? — деп жібімес көңілін танытып келе жатыр еді, Есбол қария:

— Ие, әлгі айтқан сәурік айғыршыласаң Ақбала сенің сауырлап қуып жүріп талайтын кісің. Оның саған істеген ісіне орай енді сенің еселеп кек алатын ретің келіп-ақ тұр,— деп қабақ шытып, ренжіп қалғандай болды да, біраз отырып барып қайта сөйледі.— Араларың суып, шалғай тартып кеткендерің рас та шығар. Бірақ, балам-ау, ол Сүйеудей жақсының жалғыз қызы емес пе еді. Сүйеу сен үшін сол жалғызын көрмей, қара тастай қатайып алған жоқ па! Балаға деген ата-ана көңілі белгілі еді ғой. Тірі бала түгіл өлген баланы да ұмыта алмай, қай кезде де ата-ана көңілі үңірейіп тұрмаушы ма еді. Қанша қатты болғанымен іштен шыққан баланы көрмей кету Сүйеуге де оңай боп жүр дейсің бе?

Еламан үндемеді. «Маған оның несін айтады екен?» — деп атасымен тек ішінен дауласып отыр.

— Ол баланың анасы еді ғой,— деді Есбол бір осал жері осы болар деген оймен.

— Ие, бәсе! Анасы болса шала туған нәрестені алты айлығында...

— Жә! Біліксіздің білмегенін кешірмесең білгендігің

кәне? Ақбаланың тұрмыс-халі нашар деп есітем. Сүйеу де ол сорлыға жібімей қойды. Біздей емес, ол заңғар кешіруді білмейді ғой. Көңілі бір қалған кісінің жүзін ақырет сапарында бір-ақ көреді ғой ол.

Еламан ішін алдырмай, сазарып отыр; Есбол қария оған барлай қарап өтті; бірақ ол сөзімді көтереді екен деп, інісін қажай бермей, орайлы жерінде ойындағы барды айтты да, тоқтады. Осыдан кейін ол тағы бір жетідей жатып, мауқын басқандай болды. Еламан арқылы қала ішіне хабар салып жүріп, бір күні елден келген қалашыларды білді де, тез жиналды.

Жүрер алдында ол жазылы түйесін есіктің алдына шөгеріп қойып отырып:

— Балам, сен осы бізге хат жазған сайын Бедір деген досым бар деп жарияға жар салып жатушы едің ғой? — деді.

Еламан қысылып қап, қозғалып қойды.

— Әлі доссыңдар ма?

— Доспыз...

— Осы кейде тып-тыныш отырған үйге үлектей арқырап келетін сол ма?

— Сол!

— Е, дегендей, дегендей! — деп қария басын изеп, тағы бір кез ойлы кескінге ауысып салбырап шөгіп қалды. Осылай отырып та кісі көңілін әріден топшылап біліп отыратын қария осы әңгімеге інісінің құлықсыз тартып, шолақ қайырған бір-бір жауаптарынан көп жайды аңғарды. «Ой, әттегене-ай!.. Аралары суысып кеткен екен ғой»,— деп түйді де, Еламанға қайта жүз бұрып:

— Баяғы бала кезімізде әкем марқұм: «атты сыртына, адамды ішіне қарап білем»,— деп отырушы еді. Кісі сырын ұғу қиын ғой. Түріне қарап дос таңдау да қиын. О да бейне мінезін білмейтін атқа мінгендей, қай жерде тұлап түсіріп кетеді деп қыпылдап, тақымыңды қысып алғандай сенімсіз күйде болатын шығарсың,— деп тағы мырс-мырс күлді.— Тілекпен дос болмайды, тең кісілерге достық өзі келеді. Ондай дос қайда! Оның орны бөлек қой. Өз басым ешкіммен дос боп көргем жоқ, тең адам кездеспегендіктен емес. Оның бір пәлесі — дос кісілердің арасында да бірдейлік бола бермейді. Олардың да өз арасынан артық-кемі шығып, кемі кіші орында жүреді. Қиыны осы.

Еламан қолма-қол дерек қайтаратын әзір жауап кісісі емес еді; ол, әсіресе, осы жолы асықпады; әуелі қария сөзінің аржақ-бержағын қарап, ішінен ойша салмақтап алды.

Көп сөзі көкейге қонса да аға ақылының кейінгі тұсына қарсы айтатын дауы бар. Түсін ашып айтпаса да, әлгі сөз аңғарында жұмбақ түйіндей бір түйткіл қалды. Өз басы Мюлгаузен екеуінің арасындағы (осы қазір күн санап жіңішкеріп бара жатқан) достықтың түпкі орайын басқаша түсінетін: ол бір тілі, діні басқа кісілердің қиын кезде іштей табысқан көңілі болатын.

Еламан қарт атасын құптамаса да, түс ашып қарсы сөз айтпаған күйі оның арғы ойының аяғын тосып отыр.

Есбол қария соны байқады да, ойлы жүзін жоғары көтеріп:

— Жә, балам,— деп сөйледі,— досың болар, болмас, ал бірақ жолдас тапқаның жақсы. Сырт жерде жігіт жолдасымен сыйлы.

Еламан атасын құптап басын изеді. Есбол тағы да тоқтап қалды. Ондайда көбіне қарияның басы кеудесіне түсіп, көзін ашып-жұмып мұлгіп отырғандықтан бет-ажары анық көрінбеді. Осы сәттегі көңіл-күйін, қандай ойда отырғанын болжау қиын.

— Мұнда келіп жұмыс істеп жатыр екенсің, жолдасыңның дені орыс екен. Сырын білмейтін халқым. Тек ертеректе көп білетін бір ұлама кісінің «өнерді орыстан үйрен» деген сөзі құлағымда қалып еді. Жас та болсаң өмірдің ойы мен қырын көп көрдің. Сен татпаған зәр қалды ма! — деп қария кеудесін кере күрсініп алды да:— Біз білмейтін жаңа бір жолға түсіпсің; замана жолы ғой! Теңіз кешіп, тор сүйреткеннен жаман болмас деп пәйімдеймін. Қай заманда да өнерлі озған. Тәңірім алдыңнан жарылғасын! Бізге қарайлаймын деп, бұта түбіне аяғынан оралған торғайдай боп жүрмегейсің. Елге иек сүйегесін, шүкір, біз де жаман емеспіз. Азын-аулақ мал-тегеніміз бар,— деп жақсылық пен жамандықты жер түбінен ойлайтын ақылгөй қария Еламанның қол-аяғынан тұсауды алып кетті.

IV

Есбол атасы кеткелі Еламан өзінің жалғыздығын анық сезіп жүр. Ешқайда бармады. Ешкіммен кездеспеді. Жұмыстан шықса — үйге келеді. Үйде де тіл тауып шүйіркелесетін кісі жоқ. Маша кешке қарай Селивановпен қыдырып кетеді. Мюлгаузен де үйде аз болады. Ал Мюлгаузеннің шешесін жек көреді. Үйде отырғанда Еламан оның көзіне түсе бермейді. Басқа кісі тұгіл өз ішінен шыққан балалары-

мен де шүйіркелесе қоймайтын ұзын бойлы, арық кемпірдің әлі бір рет кісіге түсі жылып, езу тартқанын көрген емес. Қашанда оның қансыз беті сүп-сүр боп табытта көзі ашық жатқан өліктей өңінен ызғар есіп тұратын.

Түздай көк көздің жанары салқын. Қанша зер салып жүргенде Еламан осы кемпірдің жазатайым көзі талып, кірпігін қағып қалған бейқам кезін көрген емес. Жайшылықта бір жанға көз салмағансып жүргенде, оқта-текте қапыңды бағып аңдып отырып, көк көзін бір бүйірден оқтай қадап, тесіліп қарап қалады. Еламан өзіне бір бүйірден қадалған кемпір көзін байқағанда әрқашан жалаңаш тәнін мұз қарып алғандай тітіркеніп кететін.

Қанша уақыт бірге тұрғанда осы зақғар Еламанға тікелей кеп тіл қатпады-ау! Оны өз атымен де атамады. Жүзбе-жүз отырғанда іші жылымай, құрсауланып алса, сыртынан тіпті атарға оғы болмай, тілі, діні басқа жігітті жазбастан «антихрист» деп арам астай жиіркеніп отырады. Оны Еламан біледі.

Осы күн шаршайтынды шығарды. Кей күндері жұмыстан шыққасын адам қатарлы көсіліп жатып дем алатын ыстық ұяң болар ма еді деп аңсап келеді. Сондай кезде қас қылғандай, үнемі алдынан ұзын кемпір шығып дәмесін ұзіп тастайтын. Үйде Маша болса бір сәрі.

Анасы сияқты Маша талдырмаш, сұлу болғанымен, бірақ бет әлпеті онан бөлек. Қасы, кірпігі қара. Анасының жақпас бір қылығын көрсе, кәдімгідей қынжылып, жіңішке қасын түйіп ала қояды. Басқа кезде жас қыздың ат жақты келген аппақ жүзі жас бала тәніндей үлбіреп, кісі алдында әдеппен ызылып тұратын ұяң; әсіресе, оңаша отырғанда ойға шомып, көз жанары өз-өзінен мұңданып сыры тереңдеп, жанындағы кісінің жүрегін улы дерт жанап өтетін. Биязы майда даусын көтермей, ақырын сөйлегендіктен әдетте оның үйде бар-жоғы сезілмейтін; үй ішінде аяқ басқаны, отырған-тұрғаны білінбей, салалы саусақтары майысып тұрған сымпайы қыздың алдында қандай дөрекі жан да амалсыз әдеп сақтайтын.

Қыз ұясының тыныштығын бұзатын Мюлгаузен ғана. Ол жұмыстан келгенде үй-ішіне арыстан кіріп кеткендей жуан, зор даусы гүр-гүр етіп, солдат етігі жаман еденді сындыра жаздап, солқ-солқ басып жүреді.

— Маша, тамағың қайда? Бол!

Еламан бұндайда өз бөлмесіне кетіп қалады; жұмыс кезінде де Мюлгаузеннің көзіне түспеуге тырысты.

Көптен бері алғаш рет бүгін тілдесті. Онда да Мюлгаузен алғаш рет жаңа көрген кісідей, қазақ жігітінің ірі палуан тұлғасына сүйісіне қарады.

Түрік жерінде тап бір тірі аруақтай, ілмиген арық болатын. Сонысына қарамастан төрт солдатпен жалғыз алысқан ерлігіне сүйсініп, осы қазақ жігітіне бірден ықласы құлап еді. «Ақымақ!.. Ознобинның ықпалына түсіп барады. Бірақ... әлі кеш емес. Ертеңгі күні дружина құрғанда да бізге дәл осындай қайратты жігіттер керек қой»,— деп ойлап Еламанды тағы да барлай бастады.

— Слушай, сен осы... Неге көрінбей кеттің?

Еламан миығынан күлді. «Ол менен емес қой. Мен жел астындағы жас көк емеспін бе. Жел қалай соқса да, елбеңдеп қоя бермеймін бе»,— деп ішіндегі бір назды айтқысы келсе де, тілі жетпесін білді.

— Жұмысың қалай, ұнай ма өзіңе? — деді Мюлгаузен.

— Жұмыс болғасын бәрі бір де. Анасы алай, мынасы былай деп таңдап жататын қыз емес қой...

— Чудак ты. Сөзінің сықын. Вот что, дорогой, қаласаң ертеңнен бастап қасыма алуыма болады.

— Рақмет! Осы жұмысым өзіме ұнайды.

— Ознобинді қимай отырсың ғой. Ну, что ж, это твое дело. Ал, маған сенің Ознобинің де, Селивановың да ұнамайды.

— Білем...

— Білсең, митинговать етуді қою керек. Жер-жерде көтеріліске даярланып жатқанда, қазір бәрін тастап жұмысшыларды тек қана қаруға шақырған мақұл.

— Мен білсем, олар да қаруға қарсы емес еді ғой.

— Оларды менен артық білмейсің. Олар революция толғағының әбден деріткен шағын күтеді. А революция не беременная баба! — деп Мюлгаузен ызаға булыққандай, қып-қызыл боп атып түрегелді. Аласа, тар бөлменің еденін солқылдатып, есікке дейін барды да, ізінше кері қайтты.

Еламан тырп етпестен көзін төмен салып отыр. Қарт жұмысшы жағын қолдап, қарсы дау айтқысы келсе де, аузына сөз түспей қойды. Онан сайын қабағы түсіп тұнжырай берді. Мюлгаузен оның қасына кеп, зілдей қолын иығына салды:

— Сен үй іздеп жүрген көрінесің ғой?

Еламан қызарып кетті.

— Ие, іздеп жүрмін.

— Немене, саған осы үй тар болды ма?

Еламан мырс ете қалды. Мюлгаузен столдың қарсы бетіне шығып онан екі көзін айырмай тұрған-ды.

— Не дури, үй жетеді,— деді де, шығып кетті.

Еламан қызыл іңірден жата қалғысы келмей, көшеге шықты. Елден келген кісі-қара жоқ па екен деп ауаланып тұрды Қас қарайды. Жүдеу аспанда жұлдыздар жыпырлап қоя берді. Еламан қала шетінде күміс теңгедей жалтырап жатқан көл жағасына барды. Желсіз түнде жағалаудағы балапан құрақтар сыбдырламай мұлгіп қапты. Көл беті қарауытады. Анда-санда балық шоршып су шалп етеді. Әрегіректегі қоға арасынан үйректердің қыр-қыр еткен даусы шығады. Еламан Арал теңізін есіне алып, жым-жырт жағалауда біраз жүрді. Жаңа кірген жылы жаздың желсіз, жұмсақ түнін тамашалады. Түн ортасы ауып кеткенін байқамапты. Ол қайтқанда кішкентай қала көзін жұмып ұйқыға кеткен екен. Көл жақтағы тар көшенің екі беті бір өңкей жапырайған аласа үйлер болатын. Қараңғыда олар жерменжексен боп шөгіп кеткен. Көзге қораш қарауытып, жым-жырт дүние құшағында қабақ жұмып мұлгіп қапты. Ана бір жолы үй іздеп жүріп осы көшеде болғаны бар. Осы үйлердің талайының есігін әшты. Ол қазір қараңғы көшені бойлап келе жатып жапырайған аласа үйлердің бірінен бірін айыра алмады. Қараңғыда бәрі бірдей сияқты; шынында гой мына үйлердің өмірі әр басқа; қайғысы да, қуанышы да басқа; бір үйде жас сәби жарық дүниеге кеп көршілері жиналып, шілдехана істеп апақ-сапақ боп жатса, ал екінші үйде басқа бір тірлік өмір көгенінен үзіліп түсіп, оған да осы қазір көршілері мен ағайын-тумалары жиналып, садақа істеп у-шу боп жылап жатпасына кім кепіл. Төргі бөлмеде молдалар мұлгіп қалған. Беті ашық құранды тізесіне қойып, күбірлеп оқып отыр; молдалар адамның басын алланың добы дейді. Алланың добы... Еламан мырс етті. Күнде жұмыстан қайтып келе жатқанда, Ознобин үйінің алдында у-шу боп доп ойнап жатқан балаларды көретін. Олар — балалар, ал мынау алла... он сегіз мың ғаламды тітіретіп билеп тұрған алла. Екі аяғымен кезек теуіп қуалап жүрген добы доп емес, адамның басы. Қараңғы көше, кенет допқа... жоқ, жоқ, басқа кәдімгі адамның басына толып кетті. Құдды сабағынан үзілген қарбыздай, көшеде домалап бара жатқан бастар... адамның бастары, анау Еламанның, ал анау Ақбаланың басы...

Еламан түршігіп кетті. Жан-жағына сергек қарап, тезірек жүріп келеді. Жаңағыдан кейін ешнәрсе жөнінде ойлағысы келмесе де, өз еркінен тыс әр нәрсе есіне түсіп киіп

кете береді. Әсіресе, Ақбаланы есіне алып: «алланың добы... Доп... Доп... доп!.. Қанша домаладың. Қандай болды екен? Өзгерді ме екен?» — деп ойлады. «Өзгермеген болар. Жоқ-қ, өзгерген шығар». Ақбала!.. Ақбала... Бұның өз өміріндегі үздіккен дерті. Жүрер алдында қарт атасы да соны қозғады. Жылдар бойы жүрегін сыздатып жатқан тоңды демімен үрлеп жібітпек болды. Көңіл тоңы оған жіби ме? Еламан кенет өзінің осы ойын ұстап ап, «көңіл тоңы?» — деп қайырып сұрады; «көңіл тоңы... тоқта! Соған... әуелі кім кінәлі?» Көңіл тоңы... Арғы жағында мұз боп қатып жатқан тоң. Тоң. Тоң. Соған кім кінәлі? Кім? Бұл бірінші рет басына келген сұрақ еді. Тұтқиыл киліккен ойдан қараңғыда қимылсыз көзінің қарашығы қаттырақ тұтап ұшқындап кетті. Көңіл тоңы... соған сорлы әйел кінәлі ма? Қанша кінәлі? Адамның басы алланың добына айналып, Тәңірбергендердің тепкен жағына домалап жатқан жоқ па?

Еламан ой басқан денесін ауырлағандай еңсесі қайта түсіп ақырын жүріп келеді. Кәрі атасының жүрер алдында айтқан сөздерін есіне алды. Тап сол арада атасының сөзі құлағына кірмеді; қайта кәрі ата сөзі ызасына тиіп, ашуын тұтата түскендей болған-ды; үйткені оның ойында адалдық қана тұрыпты. Енді ойлап қараса, кәрі атасы бұған адамгершілік жолын айтқан екен. Иә, адамгершілік жолын айтыпты. Адамгершілік, адалдық... Бауырлас екі сезім. Бұл екеуінің арасына жік қоюға бола ма?

Еламан үйге келгенін байқамады. Сыртқы есікті ашар-ашпастан ақ үйреншікті қорыл үйді тітірентіп қоя берді. Осы қорылдан ол кей күні ұйықтай алмай шығатын. Еламан шам жақпады. Қараңғыда аяғын еппен, ұшынан басып келді де, қорыл шығып жатқан бөлменің дәл жанындағы есікті ашты. Төсекке жатқасын да көпке дейін ұйықтай алмады. Адамгершілік жайын ойлады. Ежелден бері исі қазақтың бойын өсірмей, бейне бір жегі құрттай іші-бауырын үңгіп жеп келе жатқан қырсықтар — жер дауы, қалың мал дауы, қисапсыз барымта, айтыс, тартыс алауыздықтарды ойлады. Кешегі түрік жерінде нақақ төгілген қан, ащы тер, көз жас жайын да ойлады. Апыр-ау, осы адам баласы бір-біріне неге қатал? Құрттай көңілі қалса, кешегі арасынан қыл өтпейтін тату-тәтті кезін тарс ұмытып, жаулыққа басып кететіні несі!? «Ойпыр-ау, жаулықтың аржағында жауыздық тұрған жоқ па?!» — деп ол тағы да қашаннан бері көкірегін тырналап жүрген өзінің көкейкесті ойына қарай қиялап бара жатқанын байқады. Осы ойдан құтыла

алмағанына ызаланады. Тезірек ұйықтап қалғысы кеп ол әдейі ертең ерте тұрып жұмысқа баратынын есіне алды. Ескі кереуеттің пружинасын салмағымен сықырлатып, іргеге қарай аударылып түсті. Онан бәрі бір ұйықтай алмасын сезді де, жұмулы көзін ашпастан басының астында жатқан жастыққа қолын созды. Қараңғыда жастықты бүгерлеп баурына басып ап, бір кез етпетінен жатып көріп еді; оған да болмасын байқағасын бар болмысын баурап алған ойды еркіне жіберді. Ол енді шалқасынан аударылып түсіп, қолын желкесіне салып, қараңғы үйде көзі ашық жатыр. Кәрі атасының со жолы жүрер алдында түйесін есік алдына шөгеріп қойып отырып әріден орап айтқаны да осы еді. Сорлы әйелдің қатеге толы өмірін көңіл таразысына сап, ақ-қарасын анықтамапты-ау! Қызғаныштан құтылмайынша әділдік болмасы белгілі. Өзін көлденең кісінің орнына қойып, сабырлы, салқын ақылмен ойлап қараса, шынында, бар пәле бір кісіден... бір ғана кісіден болыпты. Балықшылар ауылының бас көтерген ер-азаматына қырғидай тиіп, Кәленді Сібірге айдатқан сол. Рай екеуін әскерге ұстап берген сол. Сорлы әйелдің бақытын бұзған тағы сол. Кемді күн тұтынып, қызығы басылғасын, тағы да ол өзінің аямас қатал дығына басып, жазықсыз жас келіншекті қуып жіберді. Сонан кейін о да ашынып, қыс ішінде кірешілерге ілесіп, көз көрмес, құлақ есітпес жаққа шығынып кетті. Осы бір өжет мінезі оны қай кезде де басқа көп әйелдерден өзгерек етіп, оқшаулап тұратын еді-ау! Өз басы оны осы мінезі үшін де көбірек қадірлемеуші ме еді? Сол Ақбаланың енді қазір осы қалада тұратынын есіткелі Еламан тыныштығынан айрылды. Оның алаңсыз көңіліне бір бөлек әбігер тап болды. Осындайда Есбол атасының кетерде айтқан сөзі де қамшы болып, «көрсем», «кездессем» деген жасқаншақ бір ой көңіл түбінде бас көтеріп жүр.

V

Көктем күні кешке тақағанда аңырап гудок айқайлады; «сауыны болған қара нар боздады»,— деп Еламан мұны әрқашан өз ішінен әзілге айналдырып жүруші еді; жұмыс аяқталысымен үйлері бір жақта тұратын жұмысшылар күндегі дағдылы әдетпен тез-тез ыңғайласып, топ-топ боп бара жатты. Бір-екі жұмысшы Еламанға бұрылып кеп, бірге қайталық деді. Еламанның өз есебі бар-ды. Ол жас жігіттерге кете бер деді де, көзінің қиығымен Мюлгаузенді бағып тұр. Мюлгаузен Еламанның өзін тосып қарайлап тұрғанын бай-

қады ма, жоқ па, әйтеуір мойын бұрып қарамады. Күні бойы ескі паровоздың астына кіріп, сыз жерде шалқасынан жатып жұмыс істеген-ді. Сонан қашан жұмыс аяқталғанша тырп етпеді. Жұмыс аяғында ғана бет-аузы қара майға былғанып, кішкентай торай көзі жылтырап шықты. Үстіндегі май-май комбинезонды сыпырып тастады да шолақ майка сыртынан жеңіл жадағайын киді. Еламан түрік жеріндегі қиын күндерді есіне алды. Бұны бір ажалдан осы жігіт құтқарды. Онан кейін де талай жақсылық істеп, қиын кезде көзге көрінуімен келе жатыр. Әлі есінде: Рай қайтыс болғасын Еламан үнсіз салбырап меңіреуленіп алды. Жұмыс кезінде де өз қайғысымен оңашаланып жүрген-ді.

Бір күні Мюлгаузен келді. Әшіндегі әдетімен арсалаңдап келді.

— Еламанушка, ну, халің қалай?

Еламан жұмысын істей берді. Мюлгаузен таңданып қап, Еламанға қарады. Еламанның көзінің алдында мұз боп мөлдіреп қатып қалған бір түйір моншақтай ғана жасты көрді.

— Саған кім тиді, а?

Біреу тиді десе болғаны — қолында өлетін.

Еламан осы жігітті, әсіресе, жұмыс үстінде жақсы көреді. Қандай ауыр жұмысты да көппен бірге істеп жан-тәнін салып жатқанын көргенде бұл әрқашан сүйсініп қалатын.

— Қайтпаймыз ба? — деді Еламан Мюлгаузеннің қасына кеп.

— Қайта бер.

— Сен... сен қайтпайсың ба?

Мюлгаузен жауап қатпады. Еламан оның қыңырлығын байқаса да, дәл осы сәттегі өз көңілін билеген достық сезімнен қайта алмады. Күліп кеп Мюлгаузенді құшақтамақ боп еді...

Ол:

— Ну, отстань ты! — деп қағып тастады.

Еламан жас баладай зәбірленіп, кенет жалыны сөніп кетті. Оны да, өзін де иттің етіндей жек көріп, иығы салбырап сыртқа шықты. Асылы Есбол атасының айтқаны рас: терезесі тең дос табыла бермейді; ал, бірі артық, бірі кем кісілердің достығы, тегі, ақсақ кісінің аяғы тақылеттес сау аяғынан ақсақ аяғы неғұрлым қысқа болса, солғұрлым кем с аяққа салмақ көбірек түсіп, қаттырақ ақсайды. Мюлгаузен екеуінің достығы да ептеп бір аяғынан сылти бастады. Оны сездің. Алдақашан сезгенсің. Сезгенсің. Ендеше осыған халақтай жабысып нең бар? Жақсы-жаман болсаң да, өзіңе

тиген азғана тірлікті кірлетпей, тудай төбеңде көтеріп жүр. Мынау дос, немесе, мынау мықты, анау бақты екен деп, көрінгенге аяқ асты болатын көңілі жоқ. Кездемесін бұлдаған Темірке сияқты достығын бұлдайтын болса, амалы қанша, ендігі жерде жалғыз жүріп соқпақ тартар.

Еламан күні ертең басқа үйге шықпақ боп шырығып келе жатқанда, көк дүкеннің алдынан бұған бір әйел қарсы кеп қалды. Түсі жылы ұшырағасын, шұғыл көңіл аударып, анықтап қараса, о тәңірі... Ақбала! Еламан тәуекелі жетпегендей тоқтай қалды да, қайта жүрді; тыныш жүрегі дір етіп, жұдырықтай боп жиырылып, алақымына кептеліп қалғандай; құлағының ұшы дуылдап, қызарып бара жатқанын сезіп, бұрынғы әйелімен кездесер алдында өңін билеп алғысы келсе де, бір толқып кеткен көңілін баса алмады; дәл бір өрге қарай жүгірген кісідей, келесі жолы тіпті тынысы ауырлап, ентіккендей боп, арбалған көзін Ақбаладан айырмай келеді.

Ақбала қарсы алдынан өзіне қадалған көзді сезіп, жабырқау жүзін жоғары көтере берді де, төбеге ұрғандай тоқтай қалды; оның да түсі лезде бұзылды; әсіресе, алғашқы сәтте сүйген жігітін көрген жас қызша аппақ беті дуылдап қызарып тұрып, Еламанға бір ғана сәт жасқанбай тура қарады; шамасы осыған ғана жетті; келесі сәтте әлденеге жүзі жасып, қоңырайып, көз жанары мұңға бейімделіп сөніп бара жатты. Еламан оны жылап жіберетіндей көрді; «құдай-ау, қандай жүдеу»,— деп ойлап, қатты соғып тұрған жүрегі аянышпен қысылып кетті. Қара мақпал жеңсізінің қос өңірі қырылыпты. Басқа киімдері де ескірген.

Еламан Ақбаланы әйелі өлген нашарлау біреуге күйеуге шығыпты-мыс деп есіткен; хал-жайының нашар екенін есіткенмен, ол бірақ тап мұншалық азып кеткенін білмеуші еді. «Ә» дегенде аузына сөз түспеді. Басқа пейлі болмаса да, онымен адамша сөйлесудің керек екенін біліп:

— Ақ-бала-ай!..— дегенде аянышты дауысы ышқынып кетті.

Келіншектің қансыз беті кенет ашулы ажармен қатайып алды. Еламан енді тіл қатам дегенше Ақбала жүре берді.

Еламан бөгемек болғандай, ілесіп ұмтыла түсті де, тоқтады. Аузындағы сөзін айта алмай, жасқаншақтық жеңіп, шала ашылған ернін жия алмай тұр: «Қайрылмас па екен? Тілдескісі келмегені ме? Солай ма? Неге!» Ақбаланың сұлу бойы шамадан тыс шалқайып кетіпті. Қолы да, нығының басы да қозғалмай, дәл бір құяң болған кісідей сіресіп қапты. Әйел намысы буып бара жатпаса қайтсін? Ол, әй-

теуір, осы өмірде талай қорлық көрсе де кісі алдында кішірейіп көрмеген тәкаппар басын тым жоғары ұстапты. Жаны шын күйген кезде еңсесін езген жоқтық пен жүрегін сыздатқан өкініштi, әәбір-жапаны да елең етпей, қайта, осы бара жатқанда әлдекімге оның өзі қыр көрсетіп: «мен әлі бұрынғы Ақбаламын» — деп әшіндегі өрлігіне басып барады-ау, шамасы.

Еламан әлі де болса осы әйелді басқаға қимайтынын білді; бір жағынан оның өзінен кеткенмен, басқалардан бақыт таба алмағанына қиналды. «Қайран, Ақбала!..»

Ақбала қайрылмады; тынысы тарылып, әдемі жұқа танауы әлгіден де гөрі қаттырақ қусырылып кеткен. Оның өліктей қуарған аппақ бетінде екі қара көзі қаттырақ ұшқындап, қос қарашығы жана түскен. Дәл бір жаны шығар алдында аяқ серпіп ышқынған аңның көз жанарындай. «Жоқ, жоқ, біздің арамызда түк те қалған жоқ. Бәрі біткен... бәрі өл-ген, өлген, өлген...» Тамағын жас буып, тынысы бітіп бара жатты. Бір-екі рет құлап қалатындай сезіп, қалжыраған бойына қайрат шақырып, ерні күбірлеп, тәңірге жалбарына бастады.

Жаңа көк дүкеннен шам сәукелесін сатып алған-ды. Жаны ышқынып келе жатып шеңгелін сығып жіберді де, шыны шөлмек сынып кетті. Ақбала сонда да уысын жазбады. Алақанын шыны сойып кеткеніне қарамай, тас қып түйіп алған саусақтарының арасынан қан сорғалап келеді.

Ақбала үйге қалай жеткенін байқамады. Есін дұрыс білмейтін есірік халде. Алдынан жүгіріп шыққан естиярлау екі бала оның түсінен шошып, кейін шегініп кетті. Тек есін білмейтін кішкентай бала күндегі әдетімен «апалап» жүгіріп кеп, Ақбаланың етегіне жармасты. Ақбала аяғына оралып, «апалап» жатқан баланы тез еңкейіп көтеріп алды. Бірақ оны қайтерін білмей, ақыл-есінен айрылған кісіше аңырып тұр. Қалжыраганы сонша, келесі сәтте тіпті сұлдері құрып, қол созымдай жердегі төсекке жете алмай, тұрған жеріне сылақ түсіп отыра кетті. «Өзі кінәлі... Бәрі... бәрі өзінен. Менің де, өзінің де... баламыздың да осы күйге ұшырағаны, оның өзінен»,— деді ішінен, бейне біреу кінәлі кім деп сұрап, ақ-қарасын ашқалы жатқандай. Шыны тілген қолынан қан ағып, солқылдатып шыдатпай бара жатты. Бірақ долылық буған әйел қолының қатты ауыра бастағанын да сезбей, әлдеқандай қайсар көктікпен бұрынғы күйеуінің кінәлерін тізіп қадала түсті. «Мұз үстіне шықпа деп қанша жалындым. Тыңдаған жоқсың. Ал, сен дауыл боларын білдің. Ие, ие, білдің... білдің... Біле тұра мұзға шықтың.

Мені сүйгенің бекер. Сүйген түгіл сыйлаған да емессің. Ие, ие... сүйсең, сөзімді тыңдар едің ғой. Сен өзіңнің қыңырлығыңа... ит мінезіңе бастың.

Мұз үстіне шықтың. Орыс байын өлтірдің. Мені сүйсең... тым құрыса, сен дүниеге келгелі тұрған балаңды ойласаң, орыс байын өлтірмес едің ғой. Жоқ, жоқ, сен ешқайсымызды да ойлаған жоқсың».

— Сен кінәлісің... сен... сен...— деп Ақбала ішін өртеген ызаны тежей алмай, кенет айқайлап жіберді. Қансыз беті құп-қу. Кеудесін ащы өксік қысып, солқылдап жылап жібере жаздады. Бірақ дыбысын шығармай булығып тоқтап қалды.

— Апа, қан!

— Қан! — деді естияр екі бала шырқырап.

Ақбала олардың не деп тұрғанын білмей, екеуіне алмакезек қарады. Балалардың бетіндегі үрейді көрді.

— Апа, қан... қан...

Ақбала қолындағы қанды көрді; қаны қашқан мұздай ерні дір етіп, сөлекет езу тарта түсті де тыйыла қалды. Көзінде құйыла жаздап тұрған жасты ол енді тежемей, еркіне қоя берді. Дыбысын шығармай, тістеніп алғандықтан көбінше Ақбаланың әдемі жұқа танауын іш толқынындай ащы өксік керіп-керіп кетеді; беті жыбырлап, еріндері ауық-ауық аяныштy күйде дір етіп, ажарын бұзып кетіп тұр.

Ақбала қалжырағанын сезді.

— Уһ, құрсыншы осы итшілік өмір!..— деп қапалы көңілі торығып күрсінді. Енжар бір қимылмен астындағы алашаның шетін қайырып жіберді де, әйнек тілген алақанын топыраққа басып қолымен тіреп отырып қалды.

Ол әлі түк сезіп отырған жоқ; қара көлеңкелене бастаған үй ішінде үш жетім баланың өзінен көз айырмай, үрпиіп бұрышқа тығылып тұрғанын да байқамады. Әйнек тілген алақанынан қан көп ағып, солқ-солқ соғғанда ғана ауырсынғандай болады.

Әнуар келді. Есікті ақырын жапқаны сонша, Ақбала оның келгенін байқамады. Әншінде бірге отырғанда да оның бары-жоғын байқай бермейтін-ді.

— Жай... отырсың ба? — деді біреу қатарласуға бата алмай, сырт жағына тоқтап.

Ақбала түрегелді. Шам жақты. Моржасыз жалпылдақ шамның білтесін көтеріп жатып, әлдеқалай үстіне көзі түсіп еді. Ақ бәтес көйлектің кірлегенін бұрын неғып байқамағанына қайран қалды. «Қалай азып кеттім. Тым құрыса үстімді кірлетпей, жуып тұруға болады ғой»,— деп ойлады.

Жаңа оның неге аяған себебін де енді білді. «Жоқ, жоқ, дұрыс істедім. Онымен кездесуіміз мүмкін емес... мүмкін емес...» Әнуардың әлі жауап күтіп сырт жағында салбырап тұрғанын білсе де, үндемеді. Ас даярлады. Қайда барса да Әнуар салақтап соңынан қалмай жүр. Ақбала жүрсе жүріп, тоқтаса о да тоқтап көзін төмен салып күтіп солбырайып тұрады.

Алғашқыда Ақбала көңіл бөлмесе де, әрі-беріден соң оның мына қылығы ызасына тие бастады. Ақбала кенет тоқтай қап, соңынан үнсіз еріп келе жатқан сүмелек сарыға жалт қарады:

— Не керек?

— Жай... тек...

«Есі дұрыс па?» деп ойлады.

— Ақ-ба-ла... айналайын, кешір...

— Түсінсем не дейсің. Не деп тұрсың осы сен?

— Өзің білесің ғой, оншақты күннен бері ауырып, үйдің берекетін кетіріп алдым...

— Оның несі айып, кім ауырмайды дейсің...

— Жоқ, былай... не қып дегенім ғой... Бүгін тәуірмін. Құдай қаласа ертең жұмысқа шығамын.

— Ет қызуымен ерте тұрып кеткен жоқсың ба?

— Жоқ, жоқ қазір тәуірмін. Менің айтайын дегенім...

Әнуар мүдіріп қалды. Осы түрі бейне жүгіріп келе жатқанда алдынан жарық кездескен кісінің жүрексініп тоқтай қалғанындай. Осы қазір оны қолтығынан демеп сүйемелдеп жібермесе, өздігінен аяқ баспайтындай.

— Не, не айтайын деп едің?

— Айтқым келгені... тек, ренжімессің...

— Жоқ, жоқ, не дегенің...

— Айналайын-ай... сен кейімеші, тек.

— Неге кейимін?

— Мына балаларға ана бол. Ендігі жерде екі жарты бір бүтін болсақ дегім кеп еді...

Ақбала көзін төмен сап, үнсіз тыңдап тұрған-ды. Әнуар сөзін аяқтағанда өзінің осы халін мысқылдаған жас келіншектің жабырқау жүзіне болмашы ғана күлкі білінді. Бұл үйден қазір... тап осы қазір кету керектігін, әйтпеген күнде мына сүмелек сарының тілегін қабыл алмай болмайтынын білді. Онсыз да өзі жайында қала ішінде өсек көбейіп, кейбір қылжақтар «некесі қиылмады демесең, түнемелікке төсектері қосылып кетеді екен» десіп жүр.

— Мені қайтесің. Басың жас қой, балаларыңа — ана, өзіңе — жар болатын жөні түзу әйел табарсың. Қыздай

қосылған күйеуіне опа бермеген жан, саған не опа беретін еді. Қош бол, Әнуар.

— Жоқ, жоқ, не дегенің... жібермеймін...

Ақбала оның сөзіне құлақ аспады. Аз ғана киімін жиыстырып алды да, қазан жанында бір түрлі қимастықпен көздері жаудырап тұрған балаларға бұрылды.

— Ал, айналайындар, сау болыңдар...— деп, бұйығы балалардың бетінен сүймек боп бауырына тарта берді де, кенет тоқтай қалды. Естияр екі баланың көзінен мөлтілдеген жасты көргенде ғана, осы сәттегі өзінің қатал ойынан шошып кетті. Ана жақта, жат кісілердің қолында қалған кінәсіз кішкентай сәбилері кенет есіне түсіп, ана жаны бор боп егіліп қоя берді. Қолындағы түйіншегін лақтырып жіберді де, жалма-жан тізерлеп отыра қап, өзіне тығылған жетім балаларды құшақтап бауырына қысты.

— Апа... апа, кетпеші.

— Кетпеймін... айна-ла-йын... Ендігі жерде не көрсем де сендермен бірдей көрем.

VI

Әнуар жұмыстан ерте қайтты. Қабағы түсіп кеткен. Осы келе жатқанда қала ішінің ауасы қапырық тартып, күйген кесек иісі қолқа атып тұрғанын да байқаған жоқ. Теміркенің көк дүкенін айнала бергенде, ар жағынан арбаның доңғалағындай домалап, доп-домалақ біреу шыға келді.

Әнуар әдепкіде оның кісі екенін, әлде шыныменен арбаның доңғалағы екенін айыра алмай, көзін уқалап жіберді. «Бұл пәлеге қайдан кездестім. Қарызын сұрайды-ау, тағы да»,— деді қынжылып. Бұл осы қаланың Темірқеден кейінгі алаяман саудагері — Қазалы мен Қамбаштың балығын бір қолдан сатып алып, вагон-вагонмен Орынбор, Орскіге жөнелтіп жататын белгілі татар байы еді.

Ол домалап жетіп келді.

— Ә, Әнуар эпанда, аман-сау барсың ба?

— Шүкір, бай...

— Түсің қандай боп-боз. Аурудан тұрғансың ба?..

— Ие-е...

— И-и, сорлы... жүдеп кеткенсің. Жүдеусің, жүдеусің, өлесің енді. Қарызыңды қашан қайтарасың?

Әнуар ер батқан аттай қипақтап қалды. Татар байы тап жаңа ғана көргендей оның басы-аяғына қарап шықты, ертеңнен қалдырмай қарызымды әкеліп алақаныма сал деді де, тұра жөнелді. Әнуар үйіне шаққа жетті. Сүлдері құрып есік жаққа отыра кетті.

Балалар шулап қоя берді. Талап жейтіндей, жан-жағынан жармасып қойны-қонышына қол жүгіртіп жатыр. Әнуар балаларының көзіне тура қарай алмай, сырт айнала берді. «Енді қайттым? Құдай-ау, әділдік қайда? Мыналар мені түтіп жемей ме? Мені... қалай қуады?»

Ақбала Әнуардың жұмысқа бара сала қайтқанын жақтырмады. Бір жаманшылықты жүрегі сезсе де, өзі айтпағасын сұрамады. Әнуар күрсіне берді. Күні бойы бұл үйде бір жан үндемеді. Кешке шам жақпай, күннің қызылы семер-сембестен жатып қалды. Ертеңіне жас балалар ерте оянып, қыңқылдап ас сұрай бергесін Ақбала басын көтерді. Үш баланың аржағында іргеге қарай бүктеліп жатқан ұзын сарының жұмысқа баратын уақыты болса да, әлі тұрмай жатқанын көріп бірдеңе болғанын білді.

— Әй, Әнуар, тұрмайсың ба?

— Ал, тұрдым... тұрғанда не істейін.

— Жұмысқа бармаушы ма едің?

— Һым!.. Қайдағы жұмыс.

— Сені жұмыстан қуды ма?

— Жоқ...

— Жұмыста барсың ба?

— Жоқпын... Ауырып жатқан кезімде менің орнымға басқа біреуді алып қойыпты.

— Балаларды қайттік?

— Балалар ма? Білмеймін...

Ақбала тысқа шықты. Басқа барар жері болмағасын базарға келді. Сапырылысқан халық ішінен таныс кісі іздеді. Бір-екі шала таныс кездесіп еді, бірақ жүрегі дауамады. Олардан кейін де талай таныстарына кездесті. Бірақ бұрын қарыз сұрап көрмеген жан қай танысына да жүзбе-жүз келгенде беті шыдамай, жалт беріп тайып кете берді. Қолына ештеңе түсіре алмай анық қалжыраған кезде қайтқысы келді. Кешеден бері нәр татпағанына қарамай осы қазір оны шөл қысып, кезерген құрғақ ернін әлсін-әлі жалап қояды: шілде күні тас төбеде шақырайып тұр; шаңдағы бұрқылдап сар табан болған базар түс ауа тіпті қапырық боп кетті.

Бүгін азаннан бері қыж-қыж қайнаған халықтың шет жағы сөгілгені болмаса, түс ауса да алаңман-сатаңдар әлі көп; қазір қайта ақшасыз шерменделер тарап, базарға жиналған қалың көптің арасынан қалталылар мен жалақтаған жалдаптар сақадай екшеліп шыққан; осы сәттен бастап сауда-саттық ерекше жанданып, қыза түскендей; базардағы халық та біртүрлі әбігерленіп, құйқылжып, жаны ды-

зығып әрлі-берлі жүгіре бастады; шаң-шұң дауыстар шығады; саудагерлер сүйекке таласқан иттей, бірінің қолындағысын бірі тартқылап бір тиын үшін өлімін сатып өзеуреп жатыр...

Ақбаланың жаны қыдыра бастады. Қолына ештеңе түсіре алмасына көзі анық жетті. Ың-жың, ығы-жығы халықтың арасымен жүріп келе жатып, кенет тұра қалады. Өзін қағып-соғып кетіп жатқан кісілердің бірін көріп те, сезіп те тұрған жоқ. Енді қайттім? Ендігі тірлігімнің жөні қалай болады? Күнін көре алмай отырған кісіге мұсалдат боп отырсың... Жетім балаларды қалай тастайды. Ие, ие, балалар... Сорлылар!.. Таланына анадай ынжық әкенің тап болғанын айт. Ол байғұсты мыналар тірілей талап жейді ғой.

Ық бетке шықты ма, кенет нан мен жаймада тұрған неше түрлі тағамның иісі аңқып қоя берді. Тағам иістері оған тағы да аш балаларды есіне салды. Мыны айналып кеткендей, бір сәт алақанымен бетін басып, көзін жұмып тұрып қалды. Көзін ашуға қорықты. Жаймада тұрған неше түрлі тағамдарды көрсе зығыры қайнап, қолға түспейтін тірі күйіктей боп кетеді. Ақбала бір жанға көз салмай, шаң-шұң боп жатқан халықтың арасында төмен қарап мұңайып келе жатыр еді; кенет, тоқтай қалды; «О, тәңірім...» — деп, дәл бір аруаққа сыйынғандай түсі қаша күбірлеп, қуанғаны, әлде қорыққаны белгісіз, көзі түскен нәрсенің алдында біртүрлі боп дірілдеп кетті; енді сәл кідірсе басқа біреу байқап қалатындай қорқып, май топырақ арасынан шеті шығып жатқан он теңгені табанымен баса қалды; тышқан інін көрген пілдей, тырп етпей басып тұр; біреу-міреу байқап қалды ма деген қорқынышпен жан-жағына қарады; құдай оңдағанда тірі жан көрмепті; әркім өз шаруасымен әлек боп, біреу нан, біреу айран саудалап абыр-сабыр; мұртты полицей қамшы ұстаған қолымен бүйірін таянып алған; бұнымен мүлде жұмысы болмай, аржағындағы біреулерге қарап еркек қаздай қоқиланып тұр екен. Ақбаланың жүрегі орнына түсіп: «Е, құдай, өзің жар бол! Өзің қолдай көр!» — деп, тәңірге тілі жеткенше сыйына бастады.

Кенет, бұрын басына келмеген бір үрей жүрегіне шауып, буындары дірілдеп кетті; ол енді базардағы осынша халықтың өзіне назар аудармай қойғанына күдіктенді; басқасынан бұрын әлгі мұртты полицейдің тұк білмейтін кісіше әрі қарап, сырт айналып тұрғанында бір пәле бар тәрізді.

Адалдығын сынау үшін әдейі істеп тұрған жоқ па? Солай-ау, шамасы?

Базардан шыға қашқысы келсе де, тек сол арада үйде қалған аш балалар есіне түсіп, өзін өзі әзер тоқтатты.

Осы кезде нан сатып жүрген бір кемпір бұған қарай ойыстап келді:

— Жаңа пісірген былқылдақ нан. Өзі арзан. Он-ақ теңге!

Ақбала дір етті; осыдан кейін ол басқа кісілерді қойып, екі көзін нан сатушы кемпірден айырмады. Қанша рет оқталса да ыссы шоқ басқандай табанын қарып, күйдіріп бара жатқан он теңгені ала алмады. «Осынша қысылатынным не? Қысылатын не бар? Қолынан түсіп кеткен ақшасын қай кісі еңкейіп алмайды. Мен де еңкейіп...»

Байқаусызда біреу оның ақшаға созған қолынан ұстай алды. Ақбала селк етіп, қорыққаннан шыңғырып жібере жаздады.

— Екі қабат емес пе едің? — деді арбаның доңғалағындай домаланған семіз татар күліп.

— Жоқ... жоқ...

— Онда оқасы жоқ. Әйтпесе, бала тастайтын едің.

Ақбала түсінбеді. Тек, оның астарлап сөйлеген түрінен қорқып: «құдай-ау, өзің жар бол!» — деді дәл бір толғақ қинаған әйелдей.

Домаланған татар байы кете қоймады. Үй ішін Орынборға қойып, өзі мұнда сыбай-салтаң тұрғандықтан әйел затына құштар, әсіресе, бетінің ажары бар әйел көрсе қызыл көрген күшігендей шұрқырап түсе қалатын.

— Әнуар әпенде қайда?

— Үйде.

— Базарға бір өзің келдің бе?

Қарызын сұрай ма деп қысылған Ақбала тіл қата алмай, басын ғана изеді.

— Көрдің бе, бүгін бір жан қалмаған. Бұлардың көбі сенделіп босқа жүреді. Зато, бұл базар!.. Базарға ақшалы да келә, ақшасыз да келә. Өзі ештеңе алмаса да, өзгелердің алғанын көруге келә көбі. Қай заттың нарқы қаншаға көтерілгенін білу үшін, кімнің қалай саудаласқанын көру үшін келетін бездельниктер де бар. Бұл базарда...— деп саудагер татар, кенет қалтасын қолымен баса қалды. Ақбаланың жаны зәр түбіне кетті. Саудагер татар келесі сөзінде: «Бұл базарға біреу-міреуден түсіп қалған нәрсені қағып әкету үшін жүргендер де бар»,— деп айтатындай көріп, қуысты келіншек қысыла бастады. Оның аузынан осы сөз

шықса болғаны, табанымен басып тұрған он теңгені тастай сап үйге қарай зытқысы кеп тұрған-ды. Саудагер татар сөзін тыңдап тұрған біреу бардай, жан жағына сақтана қарап алды да, келесі сәтте Ақбалаға еңкейіп,— бу базарда қалтаман жуниктер де бар. Аларны қой... қой!..— деп әжім басқан шандыр беті бір уыс боп жиырылып қолын сілкілеп жүре берді.

Ақбала демін бір алды. Өзінің осынша қорыққанына күлкісі келді. Күн кештетіп қапты. Құжынаған көп халық азайып, базар ауласы босауға қараған. Приказчиктер дүкенін жаба бастапты. Бір орнында тапжылмай тұрған жалғыз Ақбала ғана. Енді ол сонысынан қысылып, жан-жағына асығыс көз тастады. Не де болса тезірек бір жағына шығу керек екенін білді. Жүрегі қаттырақ соғып кеткеніне қарамай, етігінің шаңын сүрткен боп, дірілдеген қолын ертеден бері табанымен басып тұрған теңгеге созды...

VII

Ақбала таң алдындағы тәтті ұйқының бір тұсында шошып оянды. Үрейлене басын көтеріп алды Біреу есікті дүрсілдетіп қағып шыдатпай барады. Жалғыз терезесіне кнім түтқан үй тастай қараңғы. Ұйқылы көзі ештеңе көрмесе де, баурына тығылған үш баланың арғы жағында ер кісі жатқаны есіне түсті:

— Әнуар .. Әй, Әнуар...

— А-а, не... не?

— Тұр, біреу есікті қағып тұр.

— А?! Ол кім?

— Білмеймін.

— Әй, ол қайсың?

Есікті қайта қақты; бұл жолы және жаман есікті сындырып жіберетіндей, үсті-үстіне дүрсілдете бастады.

— Аш... аш!..

Ақбала тез тұрып шам жақты. Әнуар есікке барды. Әлі де болса, ол «ашайын ба, жоқ па?» — деген үрейлі сұрақпен Ақбалаға жалтақтап қарай берді.

Ақбала оның сүйеу тілеп тұрғанын біліп, қасына барды.

— Бұл кім? — деді Әнуар.

— Құдай үшін аш!

— Кім де болса мұсылман ғой,— деп күңкілдеп, Әнуар есікті жартылап аша түсті де, тез жапты Қалтыраған қолы ілгекті сала алмады. Түсі құп-қу. Салпылау біткен астыңғы ерні дір-дір етеді.

— Ойбай, құрыдық... Ұ-ры..
— Ұры сенің неңді алар дейсің.
— Өзімізді өлтіріп...
— Өзіңнің де ешкімге керегің жоқ. Аш есікті!
— Жоқ... жоқ...

Ақбала Әнуарды итеріп жіберді де, есікті өзі ашты. Арғы жақтан еңкіштеу келген ұзын бойлы біреу ішке лып беріп кірді де, есікті ішінен іліп ала қойды. Үй ішіндегі жандарға ол енді назар аударам дегенше Ақбала сырт айналып жүре берді. Буын-буыны кенет қалтырап қоя берген аяғын әзер басып барды да, төр жақта сығырайған соқыр шамды сөндірді. Осы кезде біреулер сыртта дабырлап үй іргесінен дүрсілдеп жүгіріп өтті.

VIII

Ақбала бейуақта кеп есік қаққан ұзын бойлы кісіні бірден таныды. Әнуар аша түскен есіктің арғы жағында тұрғанда шырамытып: «Құдай-ау.. өңім бе, түсім бе?» — деді. Өңің дегендей ол есікті қайта қақты. Ақбала есікке ұмтылған-ды.

Еламан да өзінің бұрынғы әйелін бірден таныды да есік алдында тырп етпей тұрып қалды. Ізін өкшелеп қуған кісілердің ұзап кеткенін, не әлде бұның сыртқа шыққанын аңдып үй іргесінде тығылып тұрғанын білмеді.

Көшеде кісі аяғы басылса да, бұл үйде әлі бір жан қыбыр еткен жоқ; керек десе шам жақпады; жарықтан гөрі қараңғыны қалайтын сияқты; Еламан мен Ақбала екі жерде тұр; Ақбала тым-тырыс үйде қаттырақ дем алуға да қорықты; қозғалайын десе, құлап қалатындай сезді. «Өңім бе, әлде түсім бе?» — деген күдік көңілінен кетпей қойды.

Бір кезде бұл үйде өзінен басқа әйелдің жоғы есіне түсіп, үнсіз қозғалып жүріп төсек қамдады. Қараңғыда байқамай, жолда тұрған шелекті қағып кетті. Бос шелек даңғыр еткенде, үшеуі де дір ете қалды. Ақбала сәл бөгеліп, бойын билеп алды да, шелекті жолдан алып қойды. Көрпе-төсек тапшы болғасын Еламан мен Әнуарға төсекті бірге салып, өзі балалардың жанына қисайды. «Жұрттың айтып жүргені бекер болғаны ма?» — деді Еламан ішінен. Қалай болғанда Ақбаланың мына сүмелек сарымен бірге жатпағанына дән риза. Үй іргесінен біреулер жүгіріп өтті. Еламан елең етіп, сырттағы дыбысқа құлағын тіге қалды: «Мені іздеп жүр-ау? Мюлгаузендер кәйтті екен? Қуғыншылар менің соңымда кетті. Я, ж, сүйтті. Қап не қыласың. «Ә» дегенде бәрі ойдағыдай басталып еді. Қала шырт ұйқыда жатқан;

тек бұлар темір жолға жақындай бергенде станция жақтан паровоз айқайлады; тосын шыққан дауыстан Еламан дір ете қалды; жер бауырлап жата қалғысы келсе де қарақғыда қатар қозғалып келе жатқан Мюлгаузенге көзі түскесін ғана көңілі орнына түсті.

Темір жолдан өткесін көп жүрмеді, таса-тасаны бетке ұстап кеп, оқшауырақ тұрған тас үйдің іргесіне жата-жата қалды. Тас үйдің бет алдында жалғыз шам желге шайқалып қалтырап тұр екен. Қарақғыда өз баурына түскен кішкентай сәулесі дір-дір етіп, шаммен қоса шайқалды. «Күзетшісі қайда» деп ойлағанша болмай, көз тіккен жақтан біреу қарақдап шам сәулесіне жақындап келе жатты.

— Маған ұлықсат етші! — деді Еламан сыбырлап.

— Үніңді өшір, иттің баласы,— деді де, Мюлгаузен машықты бір әдетпен үлкен қара кездікті аузына кесе тістеп ап, жер бауырлап еңбектей жөнелді. Еламан лезде көз жазып қалды. Шыдамсызданып қайта қарағанда Мюлгаузен күзетші солдаттың сырт жағын орап барып қалған екен. Күзетші оны сезген жоқ. Қолынан түсіп кеткен бір нәрсені алғалы еңкейе бергенде... Мюлгаузен бұта түбінен атып түрегелді. Асығыста бұта түбінде жатқан бос банкіні аяғы қағып кетті. Солдат жалт қарады. «Тоқта! Атам!» — деп айқайлап иығынан мылтығын алам дегенше, бұ да ытқып кеп ауыр денесімен үстіне қона кетті. Солдат шыңғырып жіберді. Мюлгаузен қара кездікті дәл жүректің тұсына көміп-көміп алды. Шүберек секілденіп сылқ етіп шөге кеткен жансыз денені тізесімен түйіп қап қисайта салды да, дереу қару-жарақ складына жүгірді.

— Тез!.. Тез қимылдаңдар! Лом қайда?

Мюлгаузен мен тағы бір-екі кісі темір ломды салып жіберіп, құлыпты бұзып кірді; қарақғыда сүрініп-қабынып сипалап жүріп ат қорадай складтың түп жағынан тайлап буған бесатарларды көтеріп әкеп, бұл кезде есік алдында әзір тұрған кісілердің иығына арқалатып жіберіп жатты. Алты жеті жігіт ауыр жүктің астында ырсылдап бүгежектеп жүгіре жөнелді; олардың соңын ала келген Еламан қарақғыда екі кісі қолдасып көтеріп әкелген нәрсеге иығын тоса берген-ді. Осы арада тарс-тарс мылтық атылды.

— Тастаңдар... Қашыңдар!..— деді Мюлгаузен.

Қарақғыда біреулер дүрсілдеп жүгіріп келіп қалды. Мылтықтар әлгіден де көрі үдеп атылып, оқтар зу-зу ағып жатты. Еламан иығындағы нәрсені атып ұрды. Бірнеше оқ төбесінен зу-зу ағып өтті. Еламан оқтан жасқанып бұғып қап Мюлгаузеннің соңынан жүгіре жөнелген-ді. Жолында

жатқан күзетші солдаттың өлігіне сүрініп құлай жаздап, жер таяна берген-ді: қолына бесатар ілікті. Еламан бесатармен қоса оқшантайды да алды. Сол екі арада ол Мюлгаузеннен көз жазып қалды. Және ізін өкшелеп ырсылдап келіп қалған қуғыншыларды көрді. Алды-артына қарамай жан ұшырып жүгіре жөнелді. Шамын сөндіріп ұйықтап жатқан қалаға кірді.

Көшеден тағы біреулер жүгіріп өтті. Терезе алдында бір-екі кісі күбірлеп тұрған секілденіп, Еламан төсек астында тығулы жатқан мылтыққа қолын созды. Мылтықтың мұп-мұздай теміріне қолы тигесін ғана көңілі сабасына түсті.

Бір кезде жазғы таң саз берді. Терезеге тұтқан қара шапанның шалғайынан алғашқы сәуле сығалады. Әнуар басын көтерді. Жөтелді. Сонан соң өз денесін өзі ауырлағандай боп сүлеленіп түрегелді. Ақбала онан көз айырмай жатыр. Аяқ басқанында сөлекет бірдеңе барын байқады. Ұзын кісі аяғын ұйықтан суырғандай солаң-солаң етіп, етпеттеп қалады екен.

Ұзын бойы бүктетіліп, аласа есіктен салбырап шығып бара жатты. Ақбала Еламанның да Әнуарды салқын қабақ астынан бағып жатқанын байқап, әлденеге қысыла бастады. Өзінің осы үйде баспана үшін тұрғанын айтқысы келді.

Ақбала Тәңірбергеннен кеткелі нәпсісіне қатты тыйым салғандай боп жүрген. Талай жігіт жалындап келсе де, әйел боп селт етпейтін. Соған өзі де таңғалып: «шынымен сөніп қалғаным ба?» — деп ойлайтын. Әнуар шығып кеткен бойда, ол кенет Еламан екеуінің арасы жақындай түскендей сезді. Үй ішінен еркек исі аңқып қоя берді. Сонымен бірге осы жігіттің баяғы бірге тұрған кездегі тер исі, балық исі сіңген ірі, кесек денесін, күс-күс алақанын сезді. Онан сайын келіншек осы қазір бұрынғы күйеуімен оңаша қалғанын соншалық анық сезіп, жігітін күткен қыздай жүрегі лүпілдеп дір-дір етіп жатты. Бірақ, қозғалуға қорықты.

Еламан да тырп етпеді. Ақбала жаққа бірнеше рет көз қиығын тастады. Екеуінің арасында үш бала танауы пысылдап қаннен-қапersіз ұйықтап жатты; ал, балалардың арғы жағында үн-түнсіз жатқан келіншек денесі үй ішіндегі ала көлеңкеде көмескі қарауытады. Еламан жеңіл көрпе астынан жас келіншектің діріл буып ақырын көтеріліп-басылған кеудесі мен қалған бар мүсінін де анық көрді. Онан сайын тұла бойын тәтті құмарлық билеп, денесі ді-

рілдеп, көзі тұманданып кете берді. «Құдай-ау, енді қайттім?» — деді қиналып.

Тағдыр салған шарасыздыққа көніп, бұл дүниедегі ең бір жақсы көретін әйел жанында, қол созымдай ғана жерде жатып та қозғала алмады.

Үй ішіне жарық түскесін Ақбала түрегелді. Еламанның ояу жатқанын біліп, ол жаққа әдейі көз салмады. Шамасы келгенше сыр алдырмауға тырысып, әр қимылын іштей қадағалап ақырын қозғалып бара жатыр еді.

Еламан басын көтерді:

— Ақ-ба-ла!..

Ақбала тоқтай қалды. Өз атын оның аузынан естігенде, тәтті у қанына тарағандай тұла бойы шымырлап қоя берді. Даусы шығып та кете жаздап, тек өзін күшпен тежеп қалды. Онда да ышқынған демін ішіне тартып өліктей қуарып, ернін қырқа тістеп алды да, тап ана жолғыдай бір ауыз тілге келмей жүре берді. Сыртқа шыға сала тарқатылған жіптей сүлдері құрып, қалжыраған бойымен босағаға сүйене кетті. Екі алақанымен бетін басып, дыбысын шығармай солқылдап жылады. Ыстық алақанынан мұздай жас жылып ағып, жеңіне сорғалап бара жатты.

IX

Түндегі оқиға есіне түскенде Еламан басын жастықтан жұлып алды. Мюлгаузендер қолға түспеді ме екен? Түндегі оқиғадан кейін қала іші әбігер боп жатқан шығар? Еламан асыға бастады. Тез-тез киінді. Енді тек үн-түнсіз кетуді лайық көрмей, сыртта жүрген Ақбаланы тосып отырғанда есік ашылды. Ақбала ішке кірді. Сабырлы Еламанның әлде неге шыдамсызданып тұрғанын байқады.

— Ақбала... мынаны орайтын бірдеңе табылмас па екен? Осында бір жерге тығып кетейін деп едім...

Ақбала кір арасында жатқан өзінің ескі көйлегін алып берді. Еламан қолындағы мылтықты шүберекке орады да, Ақбалаға ұсынды.

— Кісі көзі түспейтін бір жерге...

Ақбала өзіне ұсынған мылтықты үнсіз алды. Тысқа шығып кетті, көп кідірмей қайтып келді. Еламан келіншектің жабырқау мұңды жүзінен көзін айырмай қарсы жүрді.

— Рақмет, Ақбала! Не айтатыны бар, түнде сен болмағанда...

Ақбала қолын көтеріп, дәрменсіз бір қарсылық көрсеткендей болды. Еламан аузындағы сөзінен жаңылып, жас келіншектің мұңға толы аппақ кескініне таңдана қарап: «Құдай-ау, мынау баяғы Ақбала ғой. Өзгермепті ғой. Құдды... құдды баяғысы»,— деп ойлады.

Осы қазір өзінің баяғы Ақбаласын қайта тауып, оны бар мұңы, бар қасірет-қайғысымен құшағына алып қысып тұрып сүйіп алғысы кеп кетті. Өздеріне тиген осы бір оңашада екеуден-екеу отырып ұзақ-ұзақ сөйлескісі келді.

Ақбала шай қойды. Кешегі он теңгеге алған екі қадақ ұнның соңын қағып күлше істеді. Сәлден кейін тандырға пісірген ыссы нан нісі ұйықтап жатқан балалардың танауын қытықтады. Үш бала үлесінен қалғандай көздерін уқалап, басын тез-тез көтеріп алды. Танымайтын түсі бөлек кісіге тосырқап қарады.

Еламан ыссы күлшенің шетінен ауыз тиді де, қайтарып берді:

— Балалар жесін...

Балалар Ақбаланың қасына кеп қылқиып тұрып алды. Ақбала нан ұстатып жатып оларға суық жүзбен қарап еді, жетім балалар жым боп, қолдарына ұстатқан күлшені жеуге де бата алмады.

— Барыңдар! Ойнаңдар! — деп Ақбала балаларды сыртқа шығарып жіберді де, қайтып келді. Еламан отырған көрпенің шет жағын басып отырып жатып, ұзын кірпік астынан ақырын көз тастады. Еламан Ақбаланың айтатын әңгімесі барын сезді. Енді айтады-ау дегенде әлденеге іш толқының билей алмай, жұбау жүзінде жасқаншақ күлкі күмілжіді. Демі ауырлап ентіккендей боп отырды да, кенет келіншек тез-тез сөйлеп кетті:

— Қайтейін, құдайдан болған шығар... Баста бір қате-лес-тім...

— Құдайлық іс қой... қайтесің...— деді Еламан қысылып, қып-қызыл боп.

— Жоқ, жоқ... бәрі... менен. Артыңды күтпедім. Үйіңді құлаттым. Жөргектегі бір жапырақ балаңды тастап, қас жауыңа қатын үстіне шықтым. Мен... мен кінәлімін...

Ақбала алақанымен бетін басып, бүк түсіп отыра қап еңіреп қоя берді. Ара-арасында ащы өксікті ішіне тартқанда дәл бір жалын жұтқандай боп, екі ығының басы дірілдеп кетеді.

Еламан көзін басқа жаққа салып боп-боз боп сазарып алды.

— Менен, мен кінәлімін,— деді Ақбала солқылдап.

Еламан жұбатпады. Ақбала жасын тыйды. Көңілін тоқтатып, тыныштalып ап қайта сөйлегенде Ақбаланың даусы салмақты шықты:

— Тым құрыса қонақасы беріп, сый-құрмет көрсете алмадым. Қаладағы кісінің көрген күні осы. Желіде байлаулы малың жоқ. Бәріміз бір кісінің қоңымен...— дей берді де, көзін төмен салып қысылып тоқтады. «Жұрттың айтып жүргені рас болғаны ма?» — деп ойлады Еламан. Қайтадан қоңырайып көңілсіз тартты. Есіне өткен өмірі түсті. Баяғы бір бай ауылының жылқысын баққан жалшылық кезін ойлады. Онан орыс байына жалданған азабы мол ауыр күндер, сықырлаған сары аяз, борасын қар, жаңа қатқан жас мұз... екі кісі қатар жүрсе сына жаздап сықыр-сықыр етіп майысып жатады. Онан Ақбалаға үйленген азғана қуанышты күндері есіне түсіп, осының бәрі күні кеше ғана басынан кешкен азабы мол ауыр мехнаты сияқтанып, қайда бір қан қақсап ауырып жүрген жеріне тиіп жігіт жанын сырқыратып жіберді. Ол күрсінді. Осыдан кейін әңгімелері жараспады. Үнсіз отыру екеуіне де ыңғайсыз бола бастағасын Еламан түрегелді. Кетудің де, кетпеудің де есебін таппай қипалақтап қозғала бастады.

— Ол өзі... қайда істеуші еді?

— Ешқайда істемейді. Бос.

— Жұмыс табылмай жүр ме?

— Білмеймін.

Еламан Ақбаланың жанына бататын жайдың бірін баспады; Тәңірбергенді тілінің ұшына алмады.

Ақбала Еламанға алғыспен ұзағырақ қарай отырды да. көзін тайдырып әкетті. Әдетте, ер кісіден гөрі әйел көзі қырағылау. Әйелдер, әсіресе өздері жақсы көретін еркек бойындағы ине жасуындай өзгерісті бір қарағаннан байқаушы еді; Ақбала да мына Еламанның баяғы балықшы жігіттен мүлде басқа екенін аңғарып отыр. Қолпылдаған қазақы киімнен гөрі орысқол киімі қонымды. Қара мұрты қалың өсіпті. Жалданып тұратын дөңес мұрны мен үлкен аузы қашан да болса оның кесек бітіміне жарасымды үйлес тауып, ер пішінін ірілеп тұратын. Соның үстіне енді қазір Еламанның өңіне бұрын болмаған суық ажар пайда болыпты. Тұнжыраған қалың қабақтың дәл астынан кісі өңіне біртүрлі сазарып карайтын үлкен ала көздің алдын әлден ұсақ әжім торлаған. Қос самайында қалыңдай түскен ақ шаш та жайшылықта ішін аша бермейтін осы бір мейліншe ұстамды жігіттің кейінгі жылдары талай қиындықты

басынан кешкенін пәш ете ме? Солай ма екен? Оның бетіндегі әжімнен Ақбала өзі істеген қиянаттың ізін көргендей боп іштей тітіркеніп қалды. Оған қарауға жүзі шыдамады. Өткен оқиғаны ойламайын, ұмытайын десе де, өз кеудесіне оқыс оянған сезім өкінішке айналып, тікендей қадалып түйнеп тұр.

Осымен әңгімелері бітіп қалған еді. Еламан қоштасып шығып кетті. Ақбала ана жолы алғаш рет кездескені секілді бұл жолы да біртүрлі сезімі ауырлап, өзіне де, оған да ырза болмай келе жатқан-ды. Теміркенің көк дүкеніне қарай бұрыла бергенде алдынан ұзын сары қарсы шықты. Еламан оған көз салмай, өтіп кеткісі келсе де, кенет тоқтай қалды.

— Жұмыс таптың ба?

— Жоқ...

— Темір жол бойында істер ме едің?

— Ойбай, шырағым-ау... жұмыс таңдайтын кез бе... Былай, әйтеуір.

— Ендеше жүр.

Еламан жан-жағына сергек көз тастап келеді. Көшеден солдат көрсе болғаны жалт беріп бұрылып кетеді.

Олар депоға келді. Жұмысшылардың қабағы түсіп кетіпті; Еламанға назар аударmай, үн-түнсіз жұмыстарын істей берді. «Түндегі оқиғаның... сәтсіз аяқталғаны ма?» — деп ойлады Еламан. Мюлгаузенге баруға бата алмай, шеткерілеу тұрған қарт жұмысшыға келді.

— Ал, батыр, сөйле... сөйле! — деді қарт жұмысшы; басы-қасында болмаса да, түндегі оқиға жайында бұ да хабардар сияқты.

— Мұнда не боп жатыр? — деді Еламан.

Қарт жұмысшы оған таңдана қарады да, көзін тайдырып әкетті. Оның мұндағы жағдайдан бейхабар екенін байқады.

— Келісті ештеңе боп жатқан жоқ...

— Қалай... қалайша?

— Түнде бір кісі қолға түсіпті. Қалалық түрмеде жатыр.

Еламан жаман хабардан тітіркеніп қалса да, қарсы сөз айтпады; тек тал қармаған кісідей түнде қолға түсуге қарағанда істеген тәсілін есіне алды.

— Жоқ... жоқ, мүмкін емес...— деді Еламан безектеп.

— Бәрі мүмкін. Сендерден бәрін де күтуге болады...

— Не дейді?! Шын айтасыз ба?

— Сенбесең, қалалық түрмеге бар.

— Бұл қалай? Қалайша...

Карт жұмысшы Еламанға кіналай қарады:

— Ақылдасып істеген артық болмайтын еді ғой. Маған неге айтпадың?

Еламан шынын айтса, Мюлгаузенді ұстап берерін білді. «Тентек шалыңа сездірме»,— деп қатты тыйым салған сол, соның өзі.

— Жасыратыны жоқ, саған ренжіп қалдым. Табансыздық істепсің..

— Қашан?

— Түнде.

— Сіз не деп тұрсыз?

— Мен есіткенімді ғана айтып тұрмын. Мюлгаузен сені, бізді тастап қашып кетті. Саған қарайлаймыз деп жүргенде бір кісіміз қолға түсті деп жүр.

Еламан Мюлгаузенге жетіп барды.

— Петь-ка!..

Мюлгаузен оған ақырын бұрылды:

— Сенің мұндай екеніңді кім білген... Қор-қақ!

— Әуелі болған істі біліп ал.

— Знать, не хочу. Ну, кому говорят! — деді Мюлгаузен ақырып. Еламан қозғалмады. Ызаға булығып, құлағының ұшына дейін дуылдап қызарып алды.

— Жанжалдың керегі жоқ. Еламан қарағым, кетейік... кетейік,— деп Әнуар оны жеңінен тартқылай бастады.

— Тоқтай тұр.

— Тоқтайтын түгі жоқ. Мынаның түрі жаман екен.

Еламан оны итеріп жіберді.

— Сен, осы не деп тұрсың? — деді ол Мюлгаузенге түсі бұзыла қарап.

Жұмысшылар бір жанжалдың боларын біліп жүгіріп кеп екеуінің арасына тұра-тұра қалды.

— Бұларың ұят? Тарқандар! — деді карт жұмысшы екеуіне де суық қарап.

X

Еламан жұмыстан көңілсіз қайтты; бір ісіне ырза емес; ең алдымен өзіне ызалы; әсіресе, әлгі сүмелек сарыны бір сөзге келмей жұмысқа орналастыра салатын кісіше сонша-лық сеніммен ертіп әкелгені орынсыз бопты.

Еламанның бір әдеті: не істесе де әдейі артынан өзіне ырза болмау үшін істейтін сияқты; осы кезге дейін өзіне көңілі бітіп көрген емес; өзге кісілерге қарағанда өзін жігерсіз, қырсыз, жасық көреді: көңілі таныған нәрсені қо-

лымен істер жерде дәл ана Мюлгаузенше бір шауып тастамай, іштей былқылдап жүреді; басқасын қойғанда өзіне Мюлгаузеннің көңілі салқындап бара жатқанын баяғыда байқады; онан сол бойда іргесін ашып ала қоюдың орнына итыржыңмен әлі жүр. Ақбала екеуінің арасында да бір былқылдақтық басталды. Ақбаладан ажырасқалы екі-үш жылдан асыпты. Қандай қимас жағдайда да жетесінде намысы болса бір сезімді сары аурудай соза бермей, ендігі бір жағына шығатын кезі жетті. Қайрауы жеткен жоқ па? Ал қайрауы жеткен сезім де бір, қынаптан суырған қылыш та бір; қынға екі қылыштың сыймайтыны сияқты, бір көңілге екі түрлі сезімнің де қатар сыюы мүмкін емес; енді қазір сенің де жек көруің мүмкін; күнәкәр әйелдің нақ бір қатал айыптаушысы болудың орнына, Ақбалаға кездескелі тыныштығынан айрылады.

Еламан үйге көңілсіз келді; Мюлгаузеннің жаңағы «қорқақ» — деген сөзі де қорлық таңбасындай боп тұр. «Қашанғы басынады... осылай арымды аяққа басқыза берем бе?» Еламан ызалы еді; кітап оқып отырған Машаны көргесін ғана азырақ түсі жылыды. Маша оны байқамады; алдында алжапқыш, басында бір шаршы орамал; жұмысшылардың келуіне қарсы құлақты кастрюльді қайнатып қойып, кешеден бері қызығына түсіп алған кітапқа қадалып жатыр еді.

Сол үстіне Мюлгаузен келді:

— Асың әзір ме?

Маша қолындағы кітапты қайда тығарын білмей, сасып қалды.

— Асың...

— Әз-ір...

— Тез, әкел!

— Қазір... кішкене күте тұр.

— Күте тұр?

— Ие, ие, жарты сағатта...

— Жарты минут күтетін уақытым жоқ. Күні бойы не істедің?

Маша ернін қанын шығара қырқып тістеп алған. Мюлгаузеннің көзі қыз қолындағы кітапқа түсті.

— Селиванов сені де бұза бастаған екен. Мынау соның кітабы ғой?

Маша өлмей айрылмайтындай кітапты қос қолымен тас қып қысып алды; бірақ Мюлгаузен әй-шәйға қарамады; қыз қолынан кітапты күшпен жұлып ап, енді отқа атпақ болғанда, Еламан жолын кеселеп тұра қалды:

— Мұның жарамайды.
— Былай тұр! Ну-у-у!..
— Ұялсаңшы Пет...
— Калбит-т...

Мюлгаузен түйіп жіберді. Еламан былайғы кезде Мюлгаузеннен жүрексінетін сақтығын ұмытып кетті; енді араласса ақиқат төбелес болатынын да ойламай, жүгіріп барып отқа атқалы жатқан кітапты жұлып алды. Мюлгаузен ашу қаптаған бойын ауырлағандай ақырын бұрылды. Тілге, дерекке кеп жатпастан Еламанды қойып жіберді. Бір ұрғаннан-ақ Еламанның мұрны қанады.

— Өлтіреді. Төбелеспеңіз... төбелеспеңіз! — деді Маша шырылдап.

Осы кезде кемпір кеп, қызын қатты шеңгелімен қысып ұстады; сонан әрі қарсыласуға келтірмей өз бөлмесіне сүйреп апарды да, есігін жауып алды.

Бұл кезде Мюлгаузен мен Еламан шиедей боп төбелесіп жатты; екеуі де үнсіз; екеуі де бірін-бірі аяған жоқ; әріберіден кейін Мюлгаузен өз күшінің артықтығын байқағасын анадан айылын жимай, үй ортасында талтая басып тұрып алды; Еламанға ұмтылмайды; Еламанша жан-тәнін сап ырсылдап та жүрген жоқ; бұлшық еті ойнаған қыпқысқа қолын мысықша шалт сілтеп, қайымы келгенде ғана ұрады; онда да қолында өлгісі кеп, кіжініп ұмтылған Еламанды дәл кеудеден, кейде аш бүйірден нұқып қалған сықылды; соның өзінде қолының басына қорғасын байлағандай, тиген жерін тесіп жібере жаздайды.

Мюлгаузеннен гөрі Еламанның бойы ұзын; қолы да ұзын болғанмен ол әлі бір рет Мюлгаузенді ұра алмады; онан сайын қаны қайнап, қапысын тапса ұрып жыққысы кеп кіжініп жүрген; бір кезде қолы Мюлгаузеннің жағасына тиді; сол бойда қос қолымен бірдей жабысып, алқымынан сығып буындыра бастады, Мюлгаузен буынып, көзі аларып бара жатты; қанша бұлқынса да кекті шеңгелдің уысынан босана алмады.

Еламанда үн жоқ; жұтқыншағын жұлып алмай тынбайтындай, тістеніп жабысып жатқан-ды. Мюлгаузен жандәрменін сала бұлқынып шалқалап шегіне берген күйі Еламанды шойындай жұдырықпен дәл ауыздан қойды; Еламанның қолы жазылып кетті. Ауыр денесі гүрс етіп ұршықтай үйіріліп түсті.

— Кәне, кел!.. Келсейші!..— деді Мюлгаузен.

Еламан аузы толы қанды түкіріп тастады; ананың жеңгеніне мұсе тұтпай, төбелеске шақырып тұрған мысқылды

түріне көзінің астымен қарады. Ессіз өшпенділік бойын қаптап, ызалы жолбарысша ытқып атылды. Бейқам тұрған Мюлгаузен сақтана алмай ұрғызып ап үлкен имек тұмсығынан қан білінді. Мұны көргенге Еламан ертеден бері жеген таяғын ұмытып аруақтанып кетті:

— Ә, солай ма екен!

Мюлгаузен мұрны қанағанын енді ғана білді; әсіресе, Еламанның насаттанған, шат түрі ызасына тиді, осыған дейін бір орында тапжылмай тұрып ап, өлерін білмей ұмтылып жүрген Еламанды бір-бір ұрып мұрттай ұшырып тұрған жігіт, мынадан кейін Еламанға оның өзі тап беріп, шойындай жұдырықпен дәл құлақ шекеден қойып жіберді.

— Ал, бұл қалай екен?

Еламан есін шаққа жиды; бірақ бұл жолы тұра алмай, жұдырық тиген құлағы зыңылдап шаншып жатқан; Мюлгаузен оған тап берген бойы бір қолымен төбе шашынан тік көтеріп тұрғызып алды да, қан жуған бетіне қойып жіберді. Еламан қарсы сілтемек болған қолын көтере алмай қалды. Қолы басынан аса ербең етіп, тақтай еденге гүрс етіп құлап түсті. Мюлгаузен төніп кеп:

— Төбелес балық аулау емес, абайла! — деді де, табанына нәл қаққан зілдей етігімен тақтай еденді солқылдата басып шығып кетті.

Еламан оны қанталаған көзімен үнсіз жөнелтіп салды, осы қазір оны өлтіргісі кеп, көңілі қарайып жатқанын сезді; орнынан атып тұрды, үлкен селебе пышақтың мұздай сабын қатты кекпен қысып ұстап, Мюлгаузеннің артынан іле-шала ұмтыла түсті де, тоқтады: қанша қанына қарайып тұрса да, баяғы Тентек Шодырдан кейін оған кісі өлтіру біртүрлі жиіркеніште көрініп, селебе пышақ уысынан сусып түсті.

Еламан өз бөлмесіне барып жатып қалды. Ертеңіне жұмысқа шықпады. Тамаққа да тұрмады. Кешегі төбелестен кейін оны көргісі келмеді. Онымен бірге тұрудың, әсіресе онымен бірге жұмыс істеудің тіпті қиын екенін ойлап, түнімен көз ілмей шықты.

XI

Кешегі төбелестен Еламанның үстіңгі ерні күлдіреп ісіп, оң көзінің алды қанталап кеткен. Осыдан қорынды ма, әйтеуір жан адамға хабарласпастан үн-түнсіз жүріп кеткелі жиналып жатқан-ды. Күтпеген кісісі — Селиванов келді.

— Слушай, дорогой, мен бір жайды естіп кеп тұрмын. Маша айтты.

— Шүйінші сұрағандай ештеңе жоқ еді ғой...

— Оның рас. Бірақ, сенің кеткелі жатқаныңды да жөн дей алмаймын.

— Әркімнің өз ісі өзіне жөн.

Селиванов оны кетіп қала ма деп асығып, қаланың екінші басынан қара тер боп жүгіріп келген-ді. Азырақ отырып демін басып алды.

— Кәне, айтшы, ауылға барғанда не істейсің?

Еламан кнім-кешегін үнсіз жиыстыра берді. Селиванов темекісін орап отырып, бір-екі рет оның салқын жүзіне көлденеңнен көз сап қойды. Дене бітімінде олпы-солпысы көп, ірі, кесек. Қимыл-қозғалысында да әр кездегідей іштегі сезімін тежеп қолдан ауырлата түскендей, біртүрлі ебедейсіз баяулық бар.

— Еламан, бері келші.

— Айта бер!

Селиванов оның қыңырлығына күліп, басын шайқады:

— Революция бір кісінің, тіпті бір халықтың ісі емес, революция, айналайын, бар халықтың ісі. Ендеше, біз осындағы орыс жұмысшыларымен бірге жергілікті халықты да баулып, баурымызға тарта беруге тиіс едік. Оны істемедік. Бұл қате ме? Қате! Ал мұндай қатені кешіруге болмайды.

Селиванов тұтатып алған темекісін шекпей, лақтырып тастады. Сөйлегендегі әдетпен көк көзі ұшқындап, қызынып апты. Сусылдақ ұзын шашы көзіне түсе бергесін үй ішінде ерсі-қарсы жүріп, қайта-қайта басын кейін қарай сілкіп қалады. Оған да болмағасын ұзын шашына салалы саусағын сұғып жіберіп, бар шашын бір-ақ ұстап артына қарай сипап тастап еді; Еламан осы арада ғана байқады. Селиванов тегі салалы ұзын жігіт болғанмен білегі тап бір жас баланың білегіндей нәп-нәзік екен. Қызынып сөйлегенде қан ойнап шыға келетін әшиіндегі боп-боз жүдеу бетінде де шыншыл адалдық бар.

Бір кезде Еламан есіне түскендей, шұғыл бұрылды. Екі бірдей қолын шалбарының қалтасына сұғып жіберген.

— Біздің ішіміздегі жалғыз қазақсың. Шынымды айтайын, сен арқылы осы төңіректегі қазақтарды революцияға тартсам деп жүр едім. Сен қалай кетесің, ә? Жоқ, жоқ, сені ешқайда жібермеймін. Мюлгаузенмен сыйыса алмасаң...

— Соның сөзіне сен де сенесің бе?

— Оның сөзіне?

— Иә, қорқақ дегеніне?

Селиванов күлді. Бір қолын Еламанның нығына сап, жүзбе-жүз тұра қалды.

— Оған әзірленіп қайтесің. Ол жөнінде біздің өз пікіріміз бар. Мюлгаузенмен сыйыса алмасаң... ну, что же, маған кел. Орын жетеді, бірге жатамыз.

Еламан басын шайқады.

— Шынымен-ақ кетпексің бе?

— Ие, кетем.

— Ну и ну!..

Еламан үйде қоштаспақ болды; бірақ оған Селиванов көнбей сыртқа ере шықты.

— Сау бол! — деді Еламан.

— Жарайд, сау бол! Бізді ұмытпа.

Іштен Маша жүгіріп шықты. Еламан қызды ат үстінен құшақтап, маңдайынан сүйді.

— Сау бол, айналайын!

Маша газетке ораған бір нәрсені Еламанға ұсынды.

— Бұл не?

— Ал, ал! — деді Селиванов та қостап.

Еламан орауын жазып қарамастан қойнына тықты. Көшеге шыққасын қарт жұмысшыға соққысы кеп, аттың басын бұра түсті де, тоқтады; «қай бетіммен көрінем?» — деп ойлады; жолшыбай ол Ақбалаға соғып, өткен жолы тығып кеткен бес атарды тақымына басып алды. Ақбаланың үнсіз сұрақпен қадалған көзіне қарамай, тез жүріп кетті. Бұрын да аз сөзді, тұйық жігіт кешегі оқиғадан кейін тіпті көңілі суық тартып, тас түйін боп бітеуленіп алған.

Кешегі күні түрік жеріне жалғыз інісін жерлеп, көңілі құсаланып, шерлеп қайтса да, Шалқарға келгелі еңсесін қайта тіктеп еді; темір жол бойына жұмысқа орналасты; су кешіп, тор сүйреткен өнімсіз еңбектен гөрі осы тірлігі өзіне ұнап жүрген; ендігі арманы — Ақбаладай ажарлы болмаса да, ақыл-есі бүтін бір әйелге үйленіп, баласын қолына алу еді; кешегі төбелестен кейін сол ойының тасталқаны шықты; ендігі тірлікте ешқандай қызық қалмағандай бар нәрсеге немқұрайды қарап келеді; астындағы жаман тұғырдың жайсыз жүрісін де сезбейтін сияқты; ат болып бауырын керіп аяңдамай, кішкентай қамшыласаң да жүрісінен жаңылып, зілдей қып қорт-қорт желіп, жұлыныңды үзіп жібере жаздайды. Тағы бір бәлесі: қаладан шықпай жатып қарасырап, жол-жөнекей ұшырасқан жалғыз-жарым үйлерге оқыранып аяғын баспай тұрып алды.

— Шуу-у! — деді Еламан тебініп. Ат құйрығын сілтеп қап, тағы да қорт-қорт желіп кетті. Туған ауылына келе

жатса да, осы жолға Еламан ықылассыз. Ол тек үш күндік ұзақ жолды көлігі тың тұрғанда түнгі салқынмен өндіріп алғысы кеп, бір әуеннен танбай жүріп отырды.

Кенет Маша сыйлаған нәрсе есіне түсті. Жалма-жан орауын ашып қараса, қоңыр мұқабалы кішілеу кітап. Және Мюлгаузен отқа атпақ болғанда, өзі жұлып алатын тап сондағы кітап. Еламан жабырқау ғана күлімсіреді. Орысша түгіл, осы өмірінде өзінің ана тілінде әлі бір кітаптың бетін ашып көрмеген жігітке мына кітап дәл бір ішіне кіргізбей есік, терезесін тас қып жауып алған үйдей жұмбақ қалпында қала берді. Түсінбейтін жазуларға ұзақ қарағасын көзі талып, тез жалығып кетті. Ол тек кітаптың бірінші бетіндегі шоң мұрын, салалы ұзын сақалды шалдың суретіне қайран қалды. Үй бұрышында ілулі тұратын орыс құдайының дәл өзіндей. Онан бір айырмасы — орыс құдайы Еламанға әрқашан да ұзақ аурудан тұрған секілденіп ілелі ақжем бетінен қасірет көретін. Ал, мына сақалды шалдың бітімі онан көрі кесек, қаһарлы...

Еламан кітапты қойнына қайта тықты.

Алғашқы күні ол Ұлықұмды ең бір жіңішке тұсынан кесіп өтіп, төте жолмен Қарала, Көпке тура салды. Келесі күні ондай жүріске жаман аты жарамағасын, күндізгі ыссыда құдығы бар көленкелі жерді сағалап, алдын кештете атқа қонды; Еламан екінші күнгі жүрісте іш есебі бойынша Боташқа жетіп қонбақшы; бұрын Боташ маңында сыңсыған ауыл отыратын-ды; бүгін қалайда жетіп қонғысы кеп түн ортасы ауғанша жүрді. Ай әлдеқашан батқан. Аспанда бұлт бар. Күн батса да күндізгі ыстық басылмай, жел тынып қапырық боп тұр. Маса ызыңдайды. Еламан қалжырады. Шабан атты қамшылауды қойып, ер үстінде былқ-сылқ етіп келеді. Қараңғыда ат құлағын әзер көріп, үйқы қысқан көзін алдына тігіп келе жатқан. Түн ортасы ауа сәл босаңсып қалғып кеткен екен, астындағы ат әлденеден үріккендей осқырып тұра қалды. Еламан бойын жиып ап, ат үстінен ұмтылып ілгері жағына көз тікті. «Бұл шамада сай жоқ еді ғой? Әлде... әлде мынау Тобылғылы сай ма?»

Дала жым-жырт; түн қатқан жалғыз жолаушының алдын кеселеп суық қарауытып жатқан сай бойынан шегірткелер шырылдап қоя берді; Еламан қараңғыға көзін тігіп тұрғанда кенет кейінгі жақтан тосын дыбыс шығып, тұла бойы түршігіп кетті; көңілге болмаса астындағы ат та жат дыбыстан сескеніп, тақымы астында дір-дір ете қалғандай

болды; сәлден кейін әлгі дыбыс қайта шықты; байғыз дауысы бұл жолы да о дүниенің дәл өзінен шыққандай бір түрлі булығып естілді.

«Шамасы, сірә, бұл маңда қора, мола болды ғой», Еламан аттан түсті. Көптен көлікке мінбей, сүйегі қатып кеткен кісі кешеден бергі жүрісті ауырлап, қара еті жыртылып қалған екен.

Еламан аттың ерін алып, тарлау ғып тұсап жіберді; аржағында шөпке басын созбай сұлық келген ат осы арада біртүрлі ыңдыны ашылып, ауыздығын алғанша шыдамай, сай бойының көгіне ерекше бір ықыласпен ұмтылды; соған қарап Еламан сай бойындағы шөптің негізгі дені мортық екенін топшылады; мортыққа аузы бір тиген жылқы әдетте осылайша жерден басын алмаушы еді; мына ат та ауыздығы сылдырап, ара-арасында пыр-пыр етіп қойып, жас қозы етіндей елжіреген көкті етектей ернімен үйіріп, морт-морт күйсеп жатты.

Қараңғыда Еламан мортықтан басқа тағы қандай шөп барын байқамады; бірақ, сөйтсе де, далада өскен жігіт сай бойында жусанның да барын сезіп, неше түрлі шөп арасынан ашыған көжедей аңқыған өзгеше бір қышқыл иісті қуана таныды; тынысы ашылып, кеудесі кеңіп кетті; бір кезде басқа жердің шөбіндей емес, шамасы, ылғалы мол сай бойының көгі мына ыстыққа шалдықпай, әзір жан сақтап, көктемдегі балбыраған балауса қалпымен қарап тұрған сияқты; әлі күнге шашақтанып тұрған көк майқара жусанның сол бір кісі көзінен жас шығарғандай қышқыл иісін Еламан бір сәт көзін жұмып тұрып, құшырлана жұтты.

— Қайран дала!.. Жарықтық, осы жусан дәрі-ау!..

Еламан ат тұсарлығынан келетін мұздай көкке бауырын төсеп, көміліп жата кетті. Салғаннан қатты ұйықтаған жігіт ертеңіне сәскеде ғана оянды. Аты да тыңайып қалыпты. Қалың қау арасынан түрегелген Еламанға ат бұрылып қарап оқыранып қойды.

Еламан қарсы баурайдан қиялап көтеріліп бара жатып, түнде түнеп шыққан сай бойына көз салып еді; шөбі күйіп кеткен жүдеу далаға қарағанда, шынында да, мына сайдың реңі басқа; сай табанынан жылама бұлақ ағатын ана бір орта тұсының реңі айрықша бөлек; қақалып өскен қалың қауды ол жаңа ат омыраумен жарып өтті; бұлақ бойын қуалап өскен қызыл сирақ тобылғы жасыл сабат арасында бой созып, таң шапағымен алаулап, өрттей жанып, бір қапылыста қыз белінен түсіп қалған қызыл торғын белбеу сияқтанып тұр.

Енді бірде түндегі байғыз есіне түсіп, Еламан ат үстінен бұрылып, артта қалып бара жатқан сайдың арғы бетіне көз тастады. Түндегі қисыны дұрысқа соғыпты. Сайдың арғы қабағында жалғыз тас бейіт қалқиып тұр. Бұл Тәңірбергеннің әкесі — Абралының бейіті. Ендеше, мынау Тобылғылы сай. Құдайменде ауылының кешегі жылдары мал жайымен Ұлықұм бойын өрлей көшіп, алты ай жаз Тілеуқабақ жерін жайлап, күзге қарай қыстау-қорасына қайтқанда жолшыбай біраз күн отырып кететін күздігі — малды ауылдың мықты бір белкөтермесі осы Тобылғылы сай. Бай ауыл сонан қашан қыс түскенше табаны аумай, ұсақ төлін ығы мол сай бойына айдап сап, арқасын тамға тірегендей боп, күзгі қара суыққа да қайыспай отыра беруші еді. Осы ой үстінде Еламан Құдайменде ауылында жылқышы болған жас кезін еске алып, қапалы көңілі қайта мұңдана бастады. Жеті жыл жылқышы бопты. О да өкінішке толы, ізсіз өткен өмір. Не істемекші? Туған жерге барып тағы да қара борбай балықшы бола ма?

Туған жер? Нелер ықылым заманнан бері ата-бабалары жайлап, ұрық шашқан, өскен, өнген жер. Өскен?.. Өскен елде осындай өнеге қылық бола ма? Кішкентай ел кең далаға сыймай, бірін-бірі сауырлап, талап, қырқысып келеді. Бүкіл бір халық өзі үшін, не кейінгі ұрпақ үшін түк бітірмей, өкінішпен бармағын тістеп өтіпті. Ата-бабаның ат арқасы мен түйе қомында өткен тірлігінде берекет қанша? Бір-бірінен мал барымталап, жер даулап, қыз алып қашқаннан басқа тірлік әрекет болмапты. Мына меңіреу сар дала жалғыз жортқан жолаушыға түк білмегенсіп мелшиеді. Сонда оған тіл бітіріп сөйлетер ме еді! Қыздың көз жасы, жігіттің қаны тамбаған топырақ бар ма екен бұл аралар да!

Еламан күрсініп қойды. Ыссыға қалмай, тезірек жеткісі кеп, жаман атты тебіне түссе де, күн астында күйген мидай жазық дала шетсіз-шексіз. Бір қырдың ар жағынан сондай және бір қыр көрініп, алдамшы үміттей ілгері тартады. Әрі-беріден соң тақымы талып, мазасы кете бастады. Онан сайын шексіз сар дала сары аурудай созылып, жалғыз жолаушының көңілін құлазыта түсті. Не көл, не өзен жоқ, биыл шөп те ажарсыз. Ақселеу мен таспа боз, кер жусан жер бауырынан бой алып өсе алмай шемендеп, шерлеп қапты.

Екі күн жол жүргенде Еламанға жөні түзу бір ауыл кездеспеді; Арал-Есейдің үстінен өтіп бара жатқанда ғана ол түйе жайып жүрген Пірман, Шірманға жолықты; ұры-

қары көп болғасын жаман бай шалдар малшыларына сенбей, құрығын қарына іліп, қалың түйе шетінде абай боп жүр екен. Олар Еламанға жөндеп тілдеспеді; оның жер бетінде бары-жоғы бірдей.

Жаңа ғана бері қарай қайырып, айдап салған түйелер қайта шашырап, қайсыбір жаңбырлы жылы қақ тұратын көл табанға құлаған-ды; бірақ ащылық, сораң болмаса қазоты мен торғайотыға табан тіреп жайыла қоймай, қашаған шұнақ нардың соңына еріп, желге өрлеп бара жатты. Қалың түйенің қапелімде арты түріліп, алды аржағындағы жусанды сары бұйратқа шашырай кіріп, ұзап бара жатты.

Пірман, Шірман әлсін-әлі түйе ұзаған жаққа тыныш-сыздана қарап тұр.

— Қап, ана шұнақ нағды-ай. Осы жамалдатқығды биыл соғымға сойып алмасам, Шығман атым құғсын-ау.

— Қой, сандалма. Шұнақ нағ әкем мағқұмнан қалған ескі көз. Сойғызбаймын. Бала, базағлықты көп әкеле жатығсың ба? Атыңның ағтындағы бөктеггенің не?

Еламан атын тебініп қап жүріп кетті. Осыдан қашан теңіз жағасына жеткенше бір ауыл кездеспеді. Боташта да екі-үш үй ғана отыр екен. Бірнеше жыл қатарынан жаз бойы жаңбыр тамбай, тақыр жер таңқылдап кеуіп, құдықтарда су тартылған. Әсіресе, қазіргідей ыссы шілдеде малы мен жанына ауыз су іздеп, әр құдықты сағалаған күйсіз шаруалар бұрынғыдай бір араға бас қосып, іргелі үлкен ауыл боп отыра алмай, бет-бетіне ыдырап ығып кетіпті. Әр құдықта бір-бір үй. О да болса сусыз шөл далада кісі өзегін талдырып зарықтырып барып соғатын болымсыз тірлік.

— Сорлы елім, келешегің не болар? — деп Еламан шөбі күйіп, шаңы шығып, қаңсып жатқан қу далаға жүдеу көңілмен құсалана қарады. Ойлап қараса, өзі де осы даланың шерлеп өскен бір өсімдігі сияқты. Осы далаға тамырын жайып болымсыз тірлік үшін тайталасып келеді. Мына дала ана етегінен шыр етіп түскенде алғаш рет арқасы тиген жер. Кіндік қаны тамып, тер иісі сіңген мына сұрқай, жүдеу жер әрқашан да Еламанның жүрегін шоқтай ысытып тұратын. Әсіресе, ана бір кезде жат ел — түрік елінде жүргенде туған жерін қандай аңсады. Дәл бір әзиз ананың ыстық жүзіндей аңсап, іші арманға толып, құсаланып жүретін. Тек сабырлы жігіт сағынышын сыртқа шығармай, улы шерді жүрегіне жия беріп еді; енді міне, екі күн бойы жүдеу елін, жұтаң жерін көріп, онсыз да қасіретке толы күйікті жаны қатты күйзеліп келеді. Бір жағынан шөл

қинап, кезерген құрғақ ернін жалап қойды. Ат тізгіні қолынан түсіп, қайғы қажытқан бойы босаңсып, ерге шөгіп қалды.

Елсіз, сусыз далаға Еламан кеуде қысқан аянышпен ұзақ-ұзақ қарап:

— Соры арылмаған елім,— деп дыбысы бітіп, тұншығa сыбырлап,— мал бағам деп, осы далада өзің де мал боп бара жатырсың. Аузыңнан ақ май ағызса да қайтейін, басың бірікпей, шіл боғындай бытырап бара жатқаныңды көргесін,— деп келесіде тіпті іш толқынын тоқтата алмай, ат жалына бүгілін негі кемсеңдеп кетті.

Түске тарта күн қатты ысыды; жолаушы қапталында қалбаңдап еріп келе жатқан көлеңке қазір тас төбеге келген күннен бұғып, аттың бауырына кіріп кеткен. Еламан орамалмен аузын байлап алды. Астындағы ат шыдаса қалайда құдығы бар бір жерге жетіп тоқтағысы келді.

Атын қаттырақ қамшылап, тебініп қойып, теңіз толқынындай түйдек-түйдек боп жатқан дала дөңдерінен асып келеді. Күн төбеден ауа бергенде биік қара жалдың басына жаман ат танау қағып ентігіп шыққанда, соның аржағында, дәл ылдида тұрған жалғыз қыстауды көрді. Ескі қыстау — ескі көздей, оттай басылды; ұмытпаса, ана жылы Федоровты өлтіріп, Рай екеуін Шалқарға айдап апара жатқанда жолшыбай осы үйге тоқтаған; шұқырда отырған сондағы жалғыз үй... Тегі, бұл үйді сонан бері тірі жан қыстамаған. Төбесін қопарып, үрлік, шабағын сыпырып әкетіпті. Есік-терезелері үңірейіп, ай далада жалғыз үй отырған жандардың ыстық ұясының тас-талқаны шыққанын пәш етіп тұр.

Еламан жасқа булыққандай боп тамағы бүлкілдеп, босаңсып бара жатқанын сезді де, өзін өзі тежеп қалды. Қиын жол қажытқан ба, кешеден бері көңілшек боп кетті.

Қандай жандар еді. Әсіресе, ер көңілді ананы айт! Басына іс түскен кіріптар кісілерге бір тоқтысын сойып беріп, сый-құрметпен жөнелтіп салды; осы үйдің жас қызы да жүрек түбінде сөнбей жатқан бір шырақ; өзі қатарлы қыздардан оқшау көрініп еді; уыздай жап-жас бала бір кісіден именбей жүгіріп кеп, қоламтадан жаңа ғана алған ыссы күлшені Еламанның қойнына тығып жіберді; кінәсіз жанның кішкентай ғана ықыласы; соның өзі кіріптар кезде қарлығаштың аузымен су тасып тамызған жанкиярлығындай боп, есінде қапты.

— Қайда екен? Тірі ме екен, пақырлар?

Еламан аттан түсті. Тақымына басып алған бесатарды несіз қораның көзден тасалау бір түкпіріне тығып кетті. Былай шыға бере қираған ескі тамға соңғы рет бұрылып қарады. Ескі қыстау құласа да, өз өмірінің ең бір қиын кезінде кездескен ғазиз жандарды жаманатқа қиғысы келмеді. Бұл дүниеде олар да бар шығар, жерге шашылған ырзық-несібесін теріп жеп, тірі жүрген шығар деген әлсіз бір үмітті талшық етіп, тілегі үзілмей кетіп барады.

XII

Жар басындағы балықшылар қазір екі ауыл боп бөлініп, іргелерін ашып отыр. Оның бірі — Мөңкенің ауылы. Екіншісі — Дос ауылы деп аталады; бұл ауылдың дені кешегі жылдары малы жұтқа ұшырап, басқа күн көрісі қалмағасын теңіз сағалап келген келімсектер; ішінде Төлеудің, Судыр Ахметтің үйі бар.

Дос ауылы атанған бұл ажарлы, мол ауылдың бас-аяғы жүзден асады. Екі ауылдың арасы онша қашық емес. Сонан келе алғаш рет ірге ашып, бөлек қонғалы бір-біріне қатынамай, бітіспес жаулықпен аралары ырсиып ашылып кетті. Тәңірбергенге арқа сүйеген Дос пен Төлеудің қазір теңіз жағасында істемей жүрген қиянаты жоқ. Мөңкеге қарсы екеуі тізе қосып, көп кедейді төңірегіне топтап ап, үлкен ауыл боп айбарын шығарып отыр. Екеуі де күйлі. Қалғандарында да Тәңірбергеннің бір-бір сиыры, түйесі, биесі. Құрығаны қой, ешкі сауады.

Биыл көктем шыққалы Дос пен Төлеудің қатын-баласының аузы аққа тиді. Қалғандары ол екеуі сияқты ағарған ашыта алмаса да, шайына сүт қатып, көже, бұламығының бетін бозартып отыр. Бір жаманы — теңіз жағасында, шілде айларында маса, сона көп. Қандай малды да жарып тастайтын болғасын, бұл ауыл биыл жаз шыққаннан бері қолдарындағы бірді-екілі қарасын күндіз өріске айдап, Белараның сыртындағы жазыққа жайып жүр. Орталарынан кісі бөліп, кезектесіп бағады.

Бұлар бұрынғыдай бірыңғай теңізге қарамай, тірлігінің бір ұшы малда кетті. Күнде өріске мал өрер кезде ауыл үсті ұрыс-керіс, шаң-шұң боп жатады. Ұрыс шығаратын Судыр Ахмет пен Қарақатын. Ол екеуі күнге күйіп мал соңында жүргісі келмей, кезегі келсе де, жоқты сылтау қып, сөз шығарып жататын.

Судыр Ахмет бүгін де бір сылтау тауып, өзінің орнына әйелін жіберді; оған қысылған жоқ; қайта соның дұрыс болғанын күн ысығасын білді; түс кезіндегі шыжғырған ыстықта сыртқа шыға алмай, салқын үйде жаны рақат тауып жатыр еді. Сол үстіне Тәңірбергеннің бір жігіті келді. Екеуі оңаша үйде азырақ күңкілдесті де бір пәтуаға келгендей тез-тез түрегелді. Көңілге болмаса Судыр Ахмет алар аңын көргендей, ұры тышқан көзі ойнақшып кетті. Тәңірберген жіберген жігіттің алдына түсіп, дедектеп басып, сыртқа алаң-далаң боп жүгіріп шықты. Әлде неге мәз боп сауысқанша шықылықтап күлген бойы жалаң аяғымен май топырақты бұрқ-бұрқ басып кеп, есік алдында байлаулы тұрған ірі қара аттың қасына барды.

Тәңірбергеннің жігіті оған осы арада бірдеңе деп тіл қатып еді; бірақ ықыласы басқа жаққа ауып кеткен Судыр Ахмет оның сөзін жөнді тыңдамай, жалақтап ірі қара аттың алды-артына шықты.

— Е-е, айта бер. Құлағым сенде,— деп Судыр Ахмет ана жігітті сөйлетіп қойды да, аттың аузын ашып тісін көрді. «Ой, әттегене-ай, кәрі екен ғой»,— деп, санын соқты. Ол бірақ өзіне жамандық жуытпайтын әдетпен жүдеу көңілін сол бойда делбеп: «менің қай бір ақы-пұлым күйіп барады. Әйтеуір жоқтан... қара жаяудан тәуір ғой. Ауыл арасында аяқ артуға жараса болды да. Қай кісі мен құсап бұның аузын ашып, тісін көріп жатар дейсің. Түріне қарайды да, пай-пай, ат болғаныңа болайын! Жануар есік пен төрдей екен деп сыртына қарап сүйсініп тұрады ғой. Соңыра сау болса, бұл нар қарақ «Ахметтің қара аты» атанып кетеді-ау. Пай-пай, ауызға толығын-ай. Жә, жә, арқасы құтты болсын жануардың»,— деп ойлады да, Тәңірберген жіберген жігіттің қолынан ұстай ап, алақанына алақ-нымен шарт еткізіп салып қалды:

— Сөзім — сөз. Мырзаңа сәлем айт, білуші алла, бәрін реттеймін.

— Сөзіңді жұтпассың...

— Айналайын-ау... ау, ау, бұл Ахаң айтпайды, бір айтқасын сөзінен таймайды ғой.

— Ал, сау бол!

— Сау бол! Сау бол!

Тәңірбергеннің жігіті жүріп кетті. Судыр Ахмет қара аттың жанынан шыға алмай, сипақтап жүргенде қасына екіүш балықшы мен Дос келді.

— Ау, Ахмет, ат құтты болсын.

— Рақмет... рақмет...

— Ал, Аха, Тәңірбергеннің арқасында тақымың атқа тиді. Жүрімің ұзарды.

— Сөз бар ма! Ойбай-ау, Тәңірбергенжан өлген ата-анаңды тірілтіп бермеді демесең, адам қолынан келер басқа жақсылықты шаш етектен келтірді ғой.

— Жануар, өзі де есік пен төрдей екен. Енді мұның құйрығын майламайсың ба?

Судыр Ахмет басқадан ішіп-жегенде болмаса, өзі ешкімге ештеңе татырмайтын шығымсыз кісі еді; ол қолға түскісі келмеген кезде тез жөн табатын жылпостығына бақты:

— Несін айтасың... несін айтасың, Тәңірбергенжан біздің жарылқап жатыр ғой. Құдай бермегенді... ау, ау. Досау. Тәңірбергенжан берді емес пе? Ең аяғы мына Төлеудің жаман інісін де жетегіне алып, қара нардай сүйреп, кеудедегі бір кісінің қатарына шығарған жоқ па? Жарлыңды жарылқап, жаманыңды адам етсе, кәне... кәне айтшы... айтыңдаршы — Тәңірбергенжанға қайтып жаныңды бермессің? А?.. А?

Осы сәтте шеткі үйлердің бірінен шаңқылдаған әйел даусы шығып, бұлар елеңдеп қалды.

— Төбелестен сау ма?

— Бұл қайсысы?

— Басқа кім дейсің... Төлеудің екі кераузы шығар. Қырқысып жататын әдеттері емес пе?

Шынында қара кемпір қайтыс болғалы күндес қатындар кішкентай нәрсеге де қағысып қала беретін. Шешелерінің ыңғайын байқаған балалар да — алакөз, араз. Асқа да, асыққа да таласады.

Кенжекей көп аса баланың арасына түспейді. Бар пәле — Балжаннан шығады. Өз баласын ана қатынның баласына араластырмай, «сенің жауың үйдің ішінде. Ана Өтәлі — сенің жауың. Түбі сенің ажалың сонан болады» — деп жас сәбиді әрқашан жаулыққа баулып отыратын.

Ес білген сайын екі қатынның баласы бір оттың басына сыймауға қарады.

Бүгінгі жанжал да екі баладан басталды. Екі бала жұмыста жүрген Айғаншаға сыртынан таласып, бірі: «менің апам»,— деп; екіншісі — «жоқ, сенің апаң емес, менің апам» — деп өзеуреп, біраз ырғасты. Өтәлі жеңер жерін білмей тұрған-ды. Аңдысып үйренген бала бір кезде аяқ астынан ақыл тауып:

— Айғанша менің апам... Айғанша екеуміз әжемнен

тудық,— деп інісін жеңгеніне мәз болып, балапан әтештей қоқиланып шыға келді.

— Әжеңнің садағасы кет. Сен ана жаман Кенжекейден тудың,— деді бұлардың әңгімесіне құлағын салып отырған Балжан.

— Сен жаман Кенжекейден тудың, жаман Кенжекейден тудың. Ай-ай... ай-ай,— деп ана бала анасының сөзін қағып ала қойды. Енді бұл бел алып, кіжіңдеп Өтәліге жетіп барып:— Сен жаман Кенжекейден тудың... Ай-ай, сен жаман Кенжекейден тудың,— деп аузын қисаңдата бергесін, Өтәлі інісін ұрып жіберді. Бала шар етті.

— Өлді-ау... мына арам ит сені өлтірмей тынбас,— деді Балжан.

Кенжекей баласының мұңайып қалғанын көріп, амалсыз ара түсті:

— Жоқты соғасын-ау. Жас бала арамдықты қайдан білсін.

— Бала ма ол!.. Ол балшыққа батқыр жеті басты пәле ғой.

— Пәлелік өз басыңнан кетпесін. Балаға тиіскені несі!

— Ой, сорлым-ай! — деп Балжан зілдене күлді де, шылбырды есіп отыра берді.

— Өзің сорлы! Еште сорың арылмасын!

— Әй, қоясың ба, осы? — деп Балжан қыл шылбырды қолына ұстай түрегелді. Күндесіне қараған көз жанары суық. Қансыз өңінде рақымның ізі жоқ. Күндесінің көзінен көзін айырмай, сүп-сүр боп тістеніп алған күйі жетіп барды. Кенжекей де алдына алып отырған екі жасар қыз баласын жерге қоя сап, тіктесе кетті.

Бұл жолғы ұрыстың түрі бөлек боларын білген балалардың әлден үрейі ұша бастады.

— Сен, осы қоясың ба, жоқ па?

— Ал, қоймағанда не істейсің?

Балжан не істейтінін ойлап келген. Көз ілестірмей қолындағы қыл шылбырды Кенжекейдің мойнына бұғалықтап салып алды. Сонан әрі қарсыласуға, ес жинауға шамасын келтірмей, күндесін дәл алқымынан қыл шылбырмен буындырып сығып алды да, ыққа салып сүйрей жөнелді.

— Өлдің .. өл-дім...— деді Кенжекей. Бір дегеннен үні бітіп, тұншығып бара жатты. Кенжекей жан таласа бастады. Бірақ қалай бұлқынса да, аяғы жерге тимей, ет жеңді толық денесі топырақ-топырақ боп дырылдап сүйретіліп бара жатты.

Жәрдем сұрайын деп еді, дыбысы шықпады. Қыл шылбыр жалаңаш мойнын темір құрсаудай сығып, буындыра бастады. Қараторы беті кәпелімде қарақошқылданып, булығып ісіп, адам шошырлық халге жетті. Таңдайы кеуіп қалды. Тілі аузына сыймай ісініп бара жатты.

— Өл-дім!..— деді ол, бірақ даусы шықпай, аузынан ақ көбік ағып қыр-қыр етті.

Екі жасар қыз баланың үрейі ұшып кеткен. Анасының соңынан қалмай, тұрып-жығылып шырылдап жүр. Ал, Өтеш көгеріп қатып қалған Кенжекейден туды деп айтпасын деп, ол әрқашан анасына сұстиып сыртын суық ұстап жүретін-ді.

Осы жолы кішкентай қарындасының шыр-шыр еткен даусына шыдамады. Және анасының әлсірегенін көрді. Алғашқыда анасы суға кеткен кісіше жан себелдікпен жағаласып еді. Енді қазір қолдары шүберектей салбырап, денесімен бірге сүйретіле бастады. Соны көргесін бала:

— Өлді... өлтірді,— деп шырылдап, қара аттың жанында тұрған кісілерге жүгірді.

— Ағажандар-ай... барыңдаршы, тезірек барыңдаршы.

Дос қасындағы кісілерді ертіп Төлеудің үйіне жүгірді.

— Өлтірдің, жібер!.. Уа, жібер леймін! — деп Дос айқайлап келеді. Балжан оның сөзін құлағына ілместен бағана бір дегеннен қыл шылбырмен қылғындырып алған Кенжекейді үй айналдыра сүйрей берді.

Дос жүгіріп келген бетте Балжанды түйіп жіберді. Тізерлеп отыра қап, дірілдеген қолымен Кенжекейдің басын сүйеді, тамырын ұстады. Кенжекей түк сезбеді.

Көзі бір жанға түспей, аузынан ақ көбік ағып, ессіз-түссіз жатыр. Қыл шылбыр мойнын күлдіретіп, терісін сыдырып тастапты. Қатын-бала жиналып қалды. Ішінде Қарақатын бар. Қара атты желі басында қалдырып қалбалақтап Судыр Ахмет те жетті.

— Кісі өлген бе? Сұбыхан алла... Не болды? Уа, не болды? — деп анталап тұрған кісілерге қарады. Мән-жайға қанып алғасын, ол кимелеп ілгері шықты.

— Ал... ал, айтпады демеңдер, мына тоқал кісі өлтіреді. Ау, ойбай-ау, оның арғы аталары кісі өлтіріп, қан ішкен көрінеді ғой. Мен соны білдім ғой.

— Қан ішсе ішкен де шығар, кәпірдің түріне қарасайшы, көкпеңбек қой.

— Заңғар-ай, көк кебеженің аузынан қара құлыпты бір алған емес-ау.

— Ау, ау...— деп Судыр Ахмет жұрттың сөзін бөліп,

бастырмалай жөнелді,— сен көк кебежені айтасың ба... бұ заңғар өз ішін де қара құлып астында ұстайды емес пе. Құрсын, дүние күйіп кетсе де, ақ домбырадай аңқылдап тұрған әйел алу керек қой.

Бір кемпір Кенжекейдің басын сүйеп, аузына су тамызды.

— Сорлы-ай!.. Соры қайнаған балам-ай!

Кешке Төлеу келді. Сол бойда Дос оны ауыл шетіне оңашалап алып шығып, өзі жоқта үйінде болған оқиғаны баяндап келе жатыр еді, Төлеу сонан арғы жағын тыңдамай:

— Қайтесің, бұл араға араласып; обалы жоқ. Өзіне де со керек,— деп тұрып жүре берді.

XIII

Төлеудің үйі кәдімгідей қоңданып қалды. Төлеудің өзінен көрі қазір Тәңірбергеннің қосшылығында жүрген інісі — Қалау табыскер. Жаз бойы ол ағасының үйіне азық-түлік пен киім-кешекті науадай құйып жатыр. Мырзаға еріп қалаға барған сайын қолы құр қайтпайды. Тақа құрығанда қоржынның екі басын шай, шекерге сндалап әкеледі. Кейбіреулер мұнша мол табысты жаман Қалаудың бойына сыймсыз көреді. Келер жері кең екенін сезетін.

Бұл өңірдің халқы емге таба алмайтын қара азықты да кейінгі күндері Қалау пұттап-сандап әкеп тастап жүр. Орамал-шаршыда есеп жоқ. Екі жеңгесі мен бөпелері қос-қостан көйлек киді. Ал Төлеу білте мақпалдан бешпет, шалбар киіп, азғана уақыттың ішінде үй ішінің иығы бүтінделіп қалды.

Қалаға соңғы барған сапарында Қалау қарындасын қарқ қып, атлас көйлек, көк сауыр кебіс, мақпал қамзол әкелді. Мұның бәрі бұрын Айғаншаның өңі түгіл түсінде кимеген киімі еді. Қоныс ауып теңіз жағасына көшіп келгеннен бері қыз басымен бір үйлі жанның тауқыметін мойнына алып, жұмыс істеді; тым құрыса қыз байғұстың кемді-күнді қызығын дәуірлей алмады; берегірек кеп жоқтыққа бойы үйреніп алғасын ол тіпті бап талғамады; осы өңірдің балықшыларындай иығына ілінгенді киіп, қалай болса солай жүрем деп өзінің қыз екенін де ұмытып кеткен екен.

Кіші ағасы әкелген киімдерге Айғанша қатты қуанды. Көптен бері қыз жүрегін дәл мұндай шаттық билеп көрмеген сияқтанды. Киіммен бірге қыз көңілі қоса түлегендей; мынадай қала тігіншісі тіккен шап-шақ, ып-ықшам киім-

дерді кигенде қыз мүшесі жұтынып шыға келді. Айрықша, қынамалы көк мақпал қамзол қыз бетін қылдырықтай үзіліріп, бұрын кең киімнен байқалмайтын кеудесі кенет қатты көтеріліп, қос жұдырықтай томпайып, атлас көйлек астында тып-тығыз боп шіреп тұра қалғанда, Айғаншаның өзі де азырақ қысылып қап, екі бетінен оты шығып дуылдап тұрып, дыбысын шығармай күліп жіберді. Өзінің қыз екенін алғаш рет осы арада ғана мақтанышпен қуана сезіп, қара көзі шоқтай жайнап кетті.

Аға-жеңгесінің алдында әшкінде иба сақтап отыратын әдепті қыз осы жолы ешкімнен именген жоқ; қаласа тіпті өзінің қыз екенін, бой жеткенін, киінгенді жақсы көретінін де жасырғысы келмеді.

— Жеңеше, жараса ма? — деді сәнді бойын жеңгесінің алдына тосып.

— Құтты болсын. Өзіңе өлшеп тіккендей, шап-шақ-ау, шап-шақ...

— Ағам келгенше мына ауылға барып қайтайын ба?

— Өзің біл, айналайын. Тек, ағаңның көзіне түсіп қалма? Сол ауылға барғаныңды жақтырмай жүр ғой.

Айғанша ағаларының Мөңкені ренжіткеніне ырза емес. Туған жерін тастап жағаға көшіп келген жылы, қиын кезде өздеріне осы кісі ғана қол ұшын берген. Асымдық балығына дейін екі үйдің қазанына бөліп сап отырғанын қалай ұмытады? Бәрінен бұрын анасы әл үстінде жатқанда Мөңке мен Әлиза кезек келіп, күндіз-түні қасында күзетіп отырды. Кейін анасы қайтыс болғасын да, қиындықта осы екі жан қастарында болды. Ең аяғы қара суықта қатып қалған тоң жерді талай қарулы жігіт қаза алмай, кетпен жүзі тасқа тигендей шақылдап жатқанда, осы Мөңке кеп: «жақсы көретін жеңгем еді. Кәне, маған беріңдер» — деп қайланы қолына ап, анасының қабырын жалғыз өзі қазып шығып еді.

Айғанша Мөңке мен Әлизаны өлердей жақсы көреді. Екі ағасының наразы болғанына қарамай, еңбек ақысын алған сайын баласы жоқ жетім кемпірді елеп, бір-екі әшмәшке шәй апарып беріп тұратын. Айғанша соны үй ішінен жасырғыштап қойнына қысып әкелгенде, Әлиза әрқашан тебіреніп кетіп:

— Айналайын, рақмет! Мұңсыз бол! Кешегі өз қолымнан жерлеген он қарағым тіріліп кеп, үстіме үй тігіп бергендей болды ғой,— деп маңдайынан сипайтын.

Киімін көрсеткісі кеп, қуанышы қойнына сыймай жүгі-

ріп келген қызға, осы жолы Әлиза әлде неге тіксіне қарады:

— Шырағым-ау, не боп кеткенсің?

— Жараспай ма?

— Саған кім жарасар-ау... Тек мұны кім әкелді?

— Кіші ағам.

— Қалау ма? — деп Әлиза қайырып сұрады. Оның адам боп табыс тапқанына шүбә келтіргенін жасырмай тұр.

— Шын, шын айтам. Кіші ағам әкелді,— деді Айғанша қызараңдап.

— Е, онда құтты болсын. Қуанышыңа ки,— деп Әлиза қыз көңіліне бола, жай ғана айта салды.

Айғанша ренжіп қайтты; айналасының бәрі — жұпыны, жүдеу жандар толған. Көбі ішер ас, киер киімге зар боп отыр, соларды көре-тұра көп ортасынан жалғыз өзінің оқшауланып, тап бір айт-тойға баратын кісіше малынып киініп алғаны қыздың өзіне де әбес көрінді.

Кісі көзіне түспейтін жерлермен үйіне тезірек жеткісі кеп, жеделірек басып келе жатыр еді; аңдып тұрғандай алдынан Қарақатын шыға кеп, жолын кес-кестеді.

— Беу, адам-ай мынау біздің түсімізге де кірмейтін киім ғой. Дәуде болса бұның әр қайсысы бір-бір қара шығар. Қыз-ау, көзіңдей көріп киейін, ертең кетеріңде маған мына көк мақпал қамзолыңды беріп кетерсің.

— Қайда кеткенде?

— Құдай-ай, бой жеткен қыздың қайда кететінін білмейсің бе?

— Не деп тұрсың сен қатын?

Қарақатын Айғаншаға енді сықырлы жүзбен жымыңдап қарады; бұл түрі, бейне: «Сайқал қыз, сырыңды жасырмай-ақ қой. Сен білгенді мен де білем. Жүрген-тұрғаныңның бәрі менің алақанымда. Ізің сайрап жатыр»,— деп қыздың аржақ көңілін аңғарып тұрғандай екен. Айғанша ештеңе білмейтінін айтты. Қарақатын оған әлде де болса сенімсіздеуне қарап тұрды да, кенет қызды бір қолымен өзіне қарай тартып, әлде нені құпиялап сыбырлап еді. Айғанша қорыққандай, бойын аулақтап шегініп кетті:

— Жоқты соқпа! Бұл кіші ағамның қаладан әкеп берген базарлығы.

— Тұтақ! Соны да аға деп... Сол жаман не табыс табатын еді. Тек, әйтеуір сенің арқаңда «өлмегенге өлі балық кездесіп», мырза жігіт қол ұшын берген де. Соның көтермелеуімен...

Айғанша жүгіре жөнелді. Қарақатын аяқтай алмаған сөзін дәл бір лақтырған тастай Айғаншаның соңынан айқайлап айтып жатты; оны, бірақ, Айғанша есіткен жоқ; қос самайындағы қан тамырлары жарылып кететіндей шаныша соғып, құлағы шыңылдап кетті. Төлеу ау қарап кеп, төр алдында көлбеп жатыр екен. Есіктен сүріне-қабына кіріп келген қарындасына ол тіксіне қарап, басын көтеріп алды:

— Айғаншажан, не болды, жай ма?

Есік алдында отырған Кенжекей ұшып түрегелді. Қайын сіңлісінің әлде неден қатты шошып, қуарып кеткен өңіне үрейлене қарады:

— Не болды, қарғам?

— Жеңеше-ке-ай...

Айғанша Кенжекейдің құшағына құлай кетті. Зәбір көрген балаша жеңгесінің ныңына бетін басып солқ-солқ етті. Іштегі ызасы тарқағасын ғана басын көтерді. Ендігі Айғаншаның бетінде бір тамшы қан жоқ. Көзі құрғақ. Тек, іштегі ашудың ізін танытқандай әдемі қара қасы ширығып, көзінің дәл үстіне түйіле қапты.

Әлі үндемеген қалпы Айғанша үстіндегі киімдерін асықпай, бір-бірлеп шешіп үйдің ортасына үйді де, сосын ғана ағасына бұрылды.

— Мы-на-сын...—деп ол үюлі жатқан киімдерді көрсетті,— иесіне апарып бер!

Төлеудің арманы — Тәңірбергенмен жекжат болу. Осы ойын көптен бері жүдеу көңіліне жұбаныш етіп жүрген-ді.

Таяу арада Тәңірберген теңіз жағасына келді. Осы жолы қайткен күнде де есебін тауып, қызды көндіріп алып кетуге келген түрі бар. Жағаға келген бойда жас мырза Төлеуге жолықты. Бір сөздің кележағында ол: «қысқа қарай балық аулауды қоярсың, өнімсіз еңбекке өңменіңді салып қайтесің. Менде қағыр атандар бар. Қыста қалаға кіре сал, пайдасы шаш-етектен», — деп тиімді кеңес беріп, Төлеуді емексітіп тастап еді.

Әлі татпаған тәтті қиялын тентек қарындасы таптап тастағандай болды.

— Мөңкенің үйіне кетіп бара жатқаныңды көріп едім... Ә, құлағыңа құйып, үйретіп жіберген екен ғой.

— Менен аулақ жүріңдер!

Төлеу түк айта алмай тыйылып қалды.

XIV

Осы күні Мөңке қажып жүр. Кәрілік пен жоқшылықтың үстіне қасындағы қарасынан айрылып, арқа сүйер адам қалмай, алды-арты тақырлана бастады. Есік, терезесін жұлып алған көптеген жерқазба аңғал-саңғал боп үңірейіп тұр. Тәңірберген соңына сұғын қадап түсіп алды.

Сұм жігіт осы тұста Теміркемен тізе қосып жіберді де, Мөңкеге қарасты бар жігітті ашық теңізге айдап шықты; ал ашық теңіздің дауылы қатты, балығы аз. Мөңке қара басының күн көрісіне қиналып жүрген жоқ. Қашаннан балыққа жұлдызы жанып туған сыралы жан теңіз суын бұл арадан басқа жаққа ағызып әкетпесе, кәрі сырласы қарт Арал орнында тұрғанда күн көріске тарықпасын біледі.

Мөңкені қинайтын жай басқа: кешегі қиын кезде Дос пен Төлеудің азғырғанына ермей, қасында қара боп қалған азғана серіктері бар. Көбі өмір көрмеген жас. Осыдан бірер жыл бұрын Мөңке оларды алғаш рет бөлтірігін ерткен кәрі көкжал сияқтанып, қиын еңбекке баулып, теңізге алып шыққанда, тіпті жас еді; сонан бері олар қайта оң мен солын таныды; шетінен күшті, қайратты жігіттер; Мөңкені өлердей жақсы көреді; қандай қиындықты да Мөңкемен бірге көруге пейіл. Өздері үндемесе де, қазан көтермей аш жатқан күндері қатын, балалары күңкілдеп мазасын алып бітеді.

Достың жігіттері ауын балығы көп жерге таңдап салып жүр. Қазаннан ауысқан балықты қап-қап қып Теміркенің промсолына тапсырып, қолма-қол қант пен шайын алып жатыр. Ішім-жем қара азық та соларда. Мөңке аулының іші күйсін дегендей олар қақтаған балықтарын әдейі сыртқа шығарып, жаутылдатып кермеге жайып қояды.

— Әне, ана ауылдың аузынан ақ май ағып отыр. Мөңкемен қос кіндік боп, бауырың жабысып қалса да, араңды үз. Ана ауылға көшіп барайық. Мүйізің шықса осы күнге дейін Мөңкені сағаладың ғой, ендігі жерге Достың панасын сұрайық,— деп қатын-бала қыңқылдап, құлағының құртын жей бергесін кейбіреулер қажи бастады.

Кейінгі күндері үш жігіт үн-түнсіз Достың қасына көшіп кетті. Мөңке оларға «қал» деп жабысқан жоқ. Ертеңіне төрт үй Достың ауылына тағы көшіп алды. Мөңке көңілсіз. Үйде де, түзде де тіл қатпай томсырайып алды. Қасына ерген жас серігі — Рзаға да күні бойы көк теңіз үстінде жүргенде бір ауыз тіл қатпады. Талай сенген кісісі жемежемге келгенде Тәңірбергеннің тауығы боп, дастарқанына

шашқан азғана дәнге сатып кетті. Осыдан кейін Мөңке қасындағы ендігі қосшылары жөнінде де: «қарындарың қаттырақ ашқан күні сендер де ана жаққа жалт беретін шығарсыңдар»,— деген оймен сенімсіздене қарайтын. Қарт балықшы ендігі қалғандардың ішінде жас серігі — Рзаға ғана сенеді. Рза баяғы түйеші Жалмұраттың баласы. Ана бір жылы әкесі мұз үстінде үсіп өлгесін шешесінің ақылымен ол балықшылар ауылына көшіп алған-ды.

Он сегізге биыл толса да қаршадайынан қара жұмыс істеп шыныгып алған Рзаның қол-аяғы салалы, ірі. Аздаған албырт, қызба демесең айтқанынан қайтпайтын бір бет, өжет. Қара жұмысқа қарулы. Бел ескекке отыра қап, табан тіреп есе жөнелгенде, алқа бел ұзын қайық шапқан аттай зулайды.

Теңіз үстіне шыққа Мөңкенің қолын қимылдатуға ырза емес. Мөңке соны әзілге айналдырып:

— Бала, мен осы күні қамыттан шыққан кәрі ат сияқты боп барам ба, қалай? — деп күлетін.

Бұл екеуі бүгін де есірік желге қарамай көк теңізбен алысып жүріп, ұшанға салған ауларын қарап шықты; үсті басы су. Екі қары салдырап, белі талып шаршап қапты. Мөңкеге қәрәған ауылдың өзге жігіттері де бұл кезде үсті-бастары су-су боп жағаға шығып жатыр екен.

— Аналар балық ұстады ма екен? Біліп қайтшы!

Рза тез барып келді:

— Балық ұстай алмапты.

— Өзім де солай ойлап едім. Түнде дауыл аламат қатты боп еді. Өздерінің ау-құралы аман ба екен?

— Екі тартым ауынан айрылыпты.

— Е, бәсе... кешегі дауыл нені шыдатсын. Үлкен теңізде ағыс қатты ғой.

— Өздері де салымсыз...

— Жә, табалап қайтесің. Онан да, бала, сен бері кел. Мына азғантай балық бізге алты ай азық болмас. Асымдығыңды алып қал да, қалған балықты ана жігіттерге апарып, бірдей қып бөліп бер.

— Мақұл,— деп елгезек жігіт тез пейіл білдірді. Осы жасында талай кісіні қолынан өткізген Мөңке мына жігіттің пиғылы кешегі Достан да, Төлеуден де басқа екенін байқап жүр. Рза аз дүниенің өзін көптей көріп, қолындағы барды басқа ісілермен бөліскісі кеп тұрады...

Бір топ атты теңіз жағалауындағы жолмен сыдыра шоқытып бұлардың дәл жанынан өтті. Сәнді киінген өңшең

жас жігіт. Өздері шетінен көңілді, шат. Ақ үйлі промсолға беттеп, ат үстінде әзілдесіп, күліп-ойнап бара жатты.

— Мынау Тәңірберген ғой,— деді Рза.

Мөңке аттылы топты салқын қабақпен жөнелтіп салды. Тәңірберген жаз бойы теңіз жағасын торуылдап кетті. Қасына ерген кісілердің айтқанына сенсең, осы келісінде қорақопсысы, шабатын шөбінің қамымен жүрген секілді.

«Әй, қайдам...» — деп Мөңке жұрт аузындағы сөзге сенбей, запы боп қалған жүрегі жаманшылыққа ауа берді. Мынау өзі білетін Тәңірберген болса, анық ойын әзір дабыра қылмай, былайғы жұрттан бүркемелеп жасыра тұру үшін таратқан лақабы боп жүрмегей. Қалау бастаған он жігіт... Он жігіт ойынан кетпейді. Бір күн ішінде із-тұзын аңғартпай жер жұтқандай зым-зия жоқ болды. Қайда кетті? Сұм жігіт тағы бір жаққа астыртын жұмыспен аттандырып жіберген жоқ па? Бұнысы қандай ылаң тағы да? Әй, заңғар-ай, басқан ізін білдірмейді-ау, сұм!

Қарт балықшы көңілсіз қайтты. Күнде ұрыс-керістен арылмайтын үй бүгін құдай оңдап тыныш екен. Балкүміс көңілді, күйеуінің келуіне қарсы оттың басын сыпырып, балығын асып, шайын қайнатып қойыпты. Әлиза да ажарлы. Жас баланы алдына алып, ыңылдап жұбатып отыр.

— Балық қалай?

— Қазандық қана.

— Ас-суың әзір. Балкүміскан жақсы ғой. Анда-санда текетірес мінезі болмаса, тілінен де, қолынан да келеді.

— Ал қоспақ мінезі ұстаса бақырып, үстіңе құса салады,— деп Мөңке күліп еді.

Әлиза Балкүмістің көзін ала бере Мөңкеге: «Қой, ойбай, тыныштық керек»,— деген кескінде алдына алып отырған баланың тасасынан ымдай бастады.

Мөңке түсінді де төр алдына қисая кетті. Ойынан он жігіт шықпай жатыр. Қалау бастаған он жігіт... Мөңке бір жолы үйіне келген Айғаншадан кіші ағасының қайда кеткенін сұрағысы кеп оқталса да бата алмады. Осы жайды ойлаған сайын қарт балықшының күдігі қалыңдай түсті. Кешке төсекке жатқасын да түннің бір уақытына дейін ұйықтай алмады. Өзіне сыртын беріп теріс қарап жатқан әйеліне қарай аударылып түсті. Аяқ жетер жердің қыбыр-сыбырын басқадан бұрын осы бәлекей қатынның білетініне күмәнданбайтын.

— Балкүміс...

— Әу?

— Сен не білдің? Тәңірберген теңіз жағасына келуін жиілетіп кетті ғой?

— Сен соны да білмейсің бе? Көз бар ма өзіңде? Әлде сенің көзің шырыш сасыған балықтан басқаны көрмей ме?

Мөңке енді бірдеңе десе бұлдіріп алатындай қорықты да, үндемеді.

— Тәңірбергеннің жайын білмейсің бе? Ана жылы Ақбаланы аларда да осы Судырақты бауырына тартты. Сонда да астыңа ат мінгізем деп емексітіп кеп, өз шаруасын бітіріп алғасын Судыраққа өкшесін бір-ақ көрсеткені қайда?

— Оның ендігі көз тіккені кім?

— Қойшы... мазамды алмашы! Сенімен сөйлессең өстіп жарым жасың кемиді,— деп Балкүміс ызаланып, екеуара жамылып жатқан көрпені өзіне тартып алып, теріс қарап жатып қалды. Мөңке үнсіз. Балкүміс оның жастыққа басы тиер-тиместе қор ете қалатын әдетінен қорқып: «мұнда дауа жоқ, ұйықтап кетеді. Кәпірдің балықтан басқа ойы жоқ... Мен ғой сорым қайнап, осыған пенде боп жүрген»,— деп ойлады. Сонан кейін түкке түсінбейтін микеще шәкіртіне ыза болған ұстаздай, ірге жақта үнсіз жатқан Мөңкеге мысқылдай бет бұрды:

— Әй, су патшасы — Сүлейменім, ұйықтап кеткен жоқсың ба?

—Жоқ, ояумын.

— Оныңа шүкір,— деп Балкүміс әлсіздеу күлді.— Есің дұрыс па, шалым-ау. Тәңірбергеннің көзі түскендей бұл екі ауылда неше қыз бар еді? Екі ауылдың айы да, күні де Айғанша емес пе?

— Қой әрі! Біреудің жалғыз қарындасын кірлеме.

— Кірлеп, мен оның бетіне күйе жағыппын ба? Жалғыз болса қайтеді. Жалғыздікі бітеу бола ма екен?

— Әй, найсап, қой енді!

— Мен неге қоям. Тыныш жатқан кісіні түрткілеп оятып алады да, қой-қой деп кіжінгені несі. Жалғыздың талайын көргенбіз. Жалғызынан қалай жабысқанын білмей қалатын.

— Тұһ, саған дауа болмас,— деп Мөңке түңілгендей, басын көрпемен бүркеп алды.

Осыдан Балкүміс қашан қалжырап, көзі ұйқыға кеткенше сөйлеп жатты — Мөңке де ояу; әйелінің жаңағы айтқандарының жаны бар: Алдаберген мен Тәңірбергеннің жігіттері биыл жаз бойы жағадан пішен шапты; пішеншілердің

соңы әлі көтеріліп кеткен жоқ; көк құрақты құлатып салғаннан кейін, қазір олар Қарамоланың сыртындағы қалың жантақты шауып жатыр.

Тәңірберген оларға қосылған жоқ. Қасындағы қосшы-қолаңымен теңіз жағасына ақ шатыр тігіп, қайта-қайта қой сойғызып, ойын-сауықтатып жатқан-ды. Кейінгі күндері қаладан керуен ағылып, Тәңірбергеннің жағадағы қыстауына ағаш-тасты үйіп тастады. Шебер ұсталар қала үлгісімен асты-үстін тақтайлап келісті үй салды. Тәңірберген үй біткенше басы-қасынан кетпей, шырғатылып жүр. Екі әйелінің екі үйі тұрғанда үшінші үйді шұғыл салғызғанына жұрт қайран. Білгісі кеп сөз тартқан кісілерге жас мырза шешіле қоймады; «үй көптік ете ме, Жасанжан да оқуын бітіріп, елге келіп жатыр»,— деп екі ұштылау жауап беріп жүрген-ді.

Бәлекей қатынның жаңағы сөзі бұған біраз сырдың бетін ашты; осы орайда кешегі күні қыздың үлбіреп киініп келгені де Мөңкенің есінен шықпай, көңіліндегі күдігі күшейе бастады. «Ақбаланың орнын Айғанша баспақ па? Мына үйді Айғаншаны кіргізу үшін салған-ау, шамасы?»

Түнімен ой қажытқан қарт балықшы таң алдында ғана көзі ілініп бара жатқан-ды. Оқыс шыққан дауыстан шошып оянды. Іле-шала Әлиза мен Балкүміс оянып, көздерін сипалап сыртқа жүгіре-жүгіре шықты. Ай қызарып батыпты. Таң алдындағы түн қайта тұтасып қоюланып келе жатты. Бұлардың ауылы жым-жырт, тыныш. Тек іргелес отырған Дос аулына бір бөлек әбігер тап болған. Таң алдындағы тәтті тыныштықтың шырқы бұзылып, үлкен ауылдың бар кісісі сыртта жүр. Арлы-берлі жүгіріп, құйқылжып, у-шу, азан-қазан.

Жел сол ауыл жақтан еді; ық жақтағы кісілерге у-шу ішінен бір-бір сөз естіліп қап тұр. Ала-бөле бір жас әйелдің ышқынып шыққан ащы даусын есіткен қарт ана дір ете қап қалтырап қоя берген қолымен жанында тұрған Мөңкеден ұстай алады.

— Мынау... тегін емес. Кім де болса, біреу сорлап қалды ғой,— деді.

— Ішке бар! Жата тұр!

— Жоқ, жоқ, менен қорықпай-ақ қой. Алғашқыда жүрегім көтеріліп кетіп еді... Қазір қайта басылды.

— Мынау кім? Балкүміс пе, әй? Қайт! Қайт! — деді Мөңке айқайлап.

Балкүміс жалаң бас, жалаң аяқ. Ұзын көйлектің етегін қайырып, ышқырына қыстырып апты. Қызарып батқан ай

сәулесінің астында ақ шыт көйлегі бозамықтанып, у-шу боп жатқан ауылға қарай жүгіріп бара жатты.

Балықшылар ұйқылы-ояу көзін уқалап, үйлерінен жүгіріп шығып жатыр.

— Мынау не дауыс? Мына ауылда не боп жатыр?

— Мен де дал боп тұрмын.

— Сірә, кісі өлген шығар. Мына бір шекеңнен шыққандай жас әйел даусын байқайсың ба, баласынан айрылған — ана, әлде жарынан айрылған — келіншек қана дәл осылай қақсап қалатын еді ғой,— деді бір қартаңдау балықшы.

Мөңке Әлиэаны құлап кететіндей қорқып, қолтығынан сүйей қалды.

— Жүрегің жаман... ішке барып жата тұр дегенді тыңдамайсың...

— Ойпырмай, мына әйел даусы менің де сай-сүйегімді сырқыратып барады. Бұл кім болды екен?..

— Тоқташы... тыныштаңшы! — деді қарт балықшы Дос аулына шыдамсыздана көз жіберіп.

Таң білініп, төңірек бозамықтана бастады; теңіз жақтан таң алдындағы дағдылы салқын самал соқты. Дос аулы әлі абыр-сабыр; ауыл үстін аттылы кісілер басып кетті; бес-алты кісі жаралы біреуді аттан түсіріп, қолдасып көтеріп ішке кіргізіп жатты. Онан сайын қарт балықшының күдігі қалыңдай түсті. Әне бір кезде қырда отырған кедей ауылдың пішеншілері теңіз жағасына кеп, қостанып жатқан. Бір күні олар кешке қарай қарт балықшының үйіне кеп жайланып ас-су ішіп кетті. Ас үстінде әңгімелесіп отырып, тосын бір жайды айтты: «Тәңірберген түрікпеннен жылқы алғызып, тау ішінде адам аяғы баспайтын жерге тығып ұстап отыр»,— дегенде, қарт балықшы сенбеп еді. Соның расығына көзі енді ғана жеткендей боп тұр.

XV

— Өлген күйеуін жоқтап тірілткен қатынды көргем жоқ. Бар, айт, қойсын қақсай бермей,— деді Тәңірберген ақикөз жігітті шақырып ап.

Ақикөз жігіт үнсіз шығып кетті. Тәңірберген жаманат хабардың осы өңірдегі халыққа тез тарап құлақтанып бара жатқанына қынжылды. Екі елдің арасында үзілмей келе жатқан құғын, сүргін, барымта, кісі өлімі сияқты бар-бар жаманатты соңыра бұның үстіне үйіп-төгеді. Бар жаманатты бұнан көреді. Күле кіріп, күңірене шығатын ел ішінің ежелгі дағдысы.

Тәңірберген ақпкөз жігіттен кейін Дос пен Төлеуді шақырып алды. Азаматы қаза тапқан үйлерге бір-бір ірі қара беретінін айтты.

Дос та, Төлеу де үндемеді. Екеуі де мырзаға тура қарамай көзін төмен салып жер шұқылап отыр.

— Өлік шығынын да өзім көтерем. Тек, жылап-сықтауларын тоқтатыңдар, тыныштандырыңдар.

— Айтып көрейік...

Тәңірберген бұл екеуін суық қабақ астынан шығарып салды. Бұрын-соңды дәл бұндай сәтсіздікті көрген емес. «Қолапайсыз қыр дуадағына қайдан жуыдым»,— деп ойлап, қайта-қайта Аяққұм бойындағы қайын атасын ызалана еске алып отыр.

Түрікпен ішіндегі тентек ру — Текежәуміттің іргелі, ірі байының жылқысына көптен көз тігіп жүретін. Бұл байдың аты шулы Жөнеут ханмен астарлас екенін біліп, жалғыз аттануға жүрексінді. Жігіттеріне шөп шапқызған боп жаз бойы жағаға жатып алған да ол бір жағынан осы жайды да көздеп жатты. Аяққұм бойындағы қайын атасына сенімді кісісін жіберіп, астыртын сөйлесіп, келісіп алды да, түрікпен жеріне екі ауылдың сайлы жігіттерін іріктеп аттандырды. Екі жағы да ең бір жау түсіргіш, мықты жігіттерін сайлап шығарып еді.

Тәңірберген жақтан Қалау бастаған он жігіт атқа қонды. Көбі қырдан келген кірмелер. Тәңірберген өз жігіттерін таң алдында, жағадағы ел ішірт ұйқыда жатқанда атқа отырғызды. Аттанар алдында Қалауды оңашалап шығарып алып, сақтық жайын қатты ескерткен-ді. Түрікпендер таң алдында жылқыға тиген жауды біліп қап, белдеуде әзір тұрған аттарына міне-міне қуыпты. Тәңірбергеннің жігіттері жылқыны тастай қашпақ болған. Ат жалына жабысып қаша жөнелмек екен, оған бірақ Тілеуқабақ жігіттері көнбеген; және қарабайыр қазақы аттардан түрі бөлек түрікпен жылқыларын көргесін Тілеуқабақ жігіттерінің көзі қызығып желігіп кетіп, әншиіндегі жау түсіргіш содырлығына басқан; жылқыны ілгері оздырып жібергенде, жүйрік атты жиырма-отыз жігіт ізін өкшелеп келе жатқан қуғыншыларға қарсы...

Үстіне Мөңке кірді. Тәңірберген оның тегін келмегенін білді де, сұлу жүзін суық ұстап, сазарып алды.

Мөңке төрге шығып отырған бойда Тәңірбергенге тіктеліп қарады:

— Әй, жарқыным, өз арамызда не істесең де алдыңа шыққан адам жоқ еді ғой. Басқаңды қайтейін. Іргесі бү-

тін отырған бір ауылды екіге бөліп иттей ырылдастырып қойғаның аз ба еді. Талауың мен тонауыңа біз жетпеуші ме едік.

— Сенің қимаң қышымасын...

— Халыққа батқан іске мен қалай қайыспаймын.

— Ендігі жоқтаушысы сен болсаң, халық та келіскен екен.

— Түрікпен төскейде малың, төсекте басың қосылған бауырың емес пе еді. Малға бола ағайын елмен араздастырдың...

— Қой, әрі! Қыртпа өйтіп. Менің өз малым өзіме жетеді. Түрікпеннен мал алғызсам, мына қасыңдағы қара сіңір кедейлерге бөліп беру үшін істегем. Жақсылығымды да жамандыққа шығарып отыратын жауым бар екенін білем. Әй, қайссың барсың?

Еңгезердей екі жігіт сып беріп кіріп келді. Тәңірберген оларға иегімен Мөңкені сілтеп, «мынаны алып кет!» — дегендей болды.

Екі жігіт үн-түнсіз жетіп кеп, қарт балықшыны тырп еткізбей екі жағынан ұстады да дедектетіп сүйреп ала жөнелді. Қарт балықшы есік алдына барғанда қатты бір бұлқынып, артына қайрылып тұрып:

— Қазақ пен түрікпен арасына от тастап, бітіспес жаулыққа бастадың. Ертеңгі күні осының арты не боларын ойладың ба? — деп зіл тастап кетті.

Бұның арты тегін бітпесін Тәңірберген де білді. Осы жолы оның жігіттері қара үздіріп кете алмай, қуғыншыларды ауыл іргесіне дейін ізіне сап ертіп әкепті. Және ол жорыққа қатысқан жігіттерден қайта-қайта сұрап отырып, Қалаудың кісі жаны түршіккендей бір қаталдығын есітті. Түрікпендер жағынан аты жүйрік бір жас жігіт ұрыс үстінде ерекше көзге түсіпті. Көп жылқыны ілгері оздырып жіберіп, қаша ұрыс салған қазақтардың алдына шығып ап, жолын кес-кестей берген. Осы жігітке Қалау талай шүйлікken екен; бірақ аты жүйрік жігіт жеме-жемге келгенде жалт беріп, сойыл астынан сытылып кете берген; тіпті бір айқаста түрікпен жігіттің күші басымдау түсіп, Қалауды ұрып жығa жаздапты.

Қалау әбден өшігіп, ізіне түсіп жүріп, ақыры оның атын құлатыпты. Түрікпен жігіт аттың астында қалған аяғын үзеңгіден шығара алмай, бұлқынып жатқанда Қалау ағызып кеп, ат үстінен мойнына қыл шылбыр тастап сүйрей жөнеліпті.

Күн кештете қуғыншылар қара үзе бастады. Және қазақ

жеріне кіргесін бұлар айылын жимаған. Қасқажол, Қаратамақтың деңгейіндегі елсіз, сусыз жазыққа тоқтап, бір түнепті. Қол, аяғын қыл шылбырмен байлап тастаған тұтқын жігіт от сәулесінің жанында тұнжырап отырған түсі суық кісілерден тірі қалдыра көріңдер деп жалынып зар қағыпты. Кейбіреулер шыдамай босатып жібергісі келсе де, Қалау шімірікпепті. Кешегі соғыста жараланған бір жігіт сол түні таң алдында жан тапсырды. Қалау кісі жаны түршіккендей бір қаталдыққа іштей бекіп, бар қаһарын бетіне жиып алған. Тұтқынның жанына бір кісіні жолатпады. Ертеңіне жігіттерін таң біліне оятты. Бәрін ілгері аттандырып жіберді де, кісі зары құлағына кірмейтін меңреулікпен қол, аяғы байлаулы жатқан тұтқын жанында тұнжырап тұрып алды. Оның ар жақ ойын аңғарған тұтқын енді тіпті шыр-шыр қағып: «өлтіріп кет»,— деп жалынған екен. Қалау түк шімірікпестен атына мініп, ұзап кеткен кісілерінің соңынан шаба жөнеліпті.

Мұны есіткенде Тәңірбергеннің төбе шашы тік тұрды. Елсіз-сусыз далада қол-аяғы байлаулы қалған түрікпен жігіті көз алдынан кетпей қойды. Қашан әлі құрып, азаппен өлгенше, жапан түзде шыр-шыр етіп жәрдем сұрап жатқан болар?

Тәңірберген Қалауды дереу шақырып алды. Қалау мырзаның қуып жібермек боп қаһарына мініп отырған көңілін сезген сияқты. Құлақ жоқ, мұрын жоқ, домаланған бұзаушық басын бауырына алып, үнсіз кірді. Тайынатын түрі жоқ. Тәңірберген мына жігітті өзіне жауықтырып алғаннан гөрі дәл осындай біреуді қолында ұстап отырғанның бөтен болмасын біледі.

— Ой, жексұрын... кет!..— деді Тәңірберген ақырын, бірақ бет бақтырмайтын ызбарлы үнмен.

XVI

Балкүміс әкесінің үйінен ашулы келді. Есік алдында жатқан итті бір тепті. Онан бұрқылдап сөйлеп жүріп жолында тұрған ыдыс, аяқты лақтыра бастады. «Ендігі кезек менікі болар»,— деп түйді Мөңке.

— Су патшасы Сүлеймен... отырсың ба?

Мөңке ойлаған ойының дәл келгеніне таңданбады. Әкесінің үйінде кімнің не дейтіні бұған белгілі. Әсіресе, Қарақатынның айтатын сөздері көкірегінде сайрап тұр. «Сорлы! Күйеуге шыққасын да сорың арылмады, ығың жылтырап әлі бір көйлек киген жоқсың. Екі қу қақбастың отымен кі-

ріп, күлімен шығып жүрсің»,— деп Қарақатынның барған сайын қызын ширықтырып жіберетінін біледі. Қарақатынның осы күнгі есі-дерті Балкүмісті бұнан айырып алып, өзінің айтқанынан шықпайтын біреуге қосу. Көздеп жүрген кісісі де болатын. Ол кісісі, бірақ жараланып, есі-түсінен айрылып жатты.

— Осы үйге пенде болғаныма жылдан асты. Үстіме нығым жылтырап әлі бір көйлек кимеппін.

Мөңке мырс етті.

— Мынау неге күледі, әй?

— Әулиелігіме күлем...

— Адыра қал! Қатын, баласын асырай алмай жүріп, бұл жаманның әулиесі қалғанын қайтейін.

— Е, айта түс. Сөзіңнің төркінін танып отырмын.

— Тұтақ! Сен сөзге түсінетін бе едің. Сен бірдеңе түсінсең, осы үйдің отынымен кіріп, күлімен шығып жүрмін. Ебіл-себіл түрім мынау.

— Я, түрің келісіп тұрған жоқ. Бетіңе түгіңді шаншып ап түйіліп келіпсің.

— Менің түгім денеңе қадалды ма?

— Қадалмағанда ше... Ұрыс жоқ жерде ұрыс шығарасың. Кәне, айтшы, саған не жаздық? Жазығымыз не?

Балкүміс басылып қалды. Мөңке оның сөзге тоқтағанына таң қалып, жағасын ұстағандай боп отырған-ды. Бір кезде Балкүміс қайта көтеріліп. Қолға алғанға жұбанбай, қақылдап жылап жүрген баланы Әлизадан жұлып алды.

— Сенің не пәлең бар, осы? Сен алсаң бала жылай бастайды.

— Маған қайт дейсің. Табанына сүлік салып жатқаным жоқ. Бала шағатын жыланым жоқ. Алақаныма салып аялағаннан басқа...

— Тұтақ! Аялап қарық қып жүрген шығарсың...

— Әй, қоясың ба, жоқ па?..— деді Мөңке.

— Әкіреңдеме. Ал, қоймаймын. Ал... ал, қоймағанда не істейсің?

Мөңке қолға ілігетін бірдеңе іздегендей, үй ішіне көз салды. Әлиза жер түбінен бірге жасасып келе жатқан кәрі серігінің қатты бұзылған түрін таныды. Әншейінде ол Мөңкенің ашуына ара түсіп, ерлі, зайыпты екеуінің арасында шыбыжық болатын.

Бұл жолы Әлиза бірің өл де, бірің қал дегендей. Есік алдында жатқан ала қапты алып, ауыл сыртына қарай ұзап

барады. Балкүмістің шаңқылдаған дауысы бір қырдан асқанша естіліп тұрды.

Үйге ренжігенде Әлиза әрқашан тезек теруге шығатын. Кісілер бірін бірі ренжітеді, біріне-бірі зәбір береді. Ал жер олай емес. Ана пейлі сияқты жер пейлі қашанда бір қалпында. Әлиза далаға шыққан сайын бір жасап қалады. Ауылдан ұзап, қыр басына шықса, өмірі түс шайыспаған көне танысын көреді: мына жақта Кендірлі сай, ана жақта Талдыбеке. Анау шұбартқан Ақбауыр. Ал осы өңірдің жел жағында жоталанып көлбеп жатқан ана қара тау — кәрі Беларан. Бұл жарықтықты халық басынан кешкен қуаныш, реніш, қайғы, қасыретке үнсіз айғақ боп мелшиеді де тұрады. Кейінгі баласының біріне толғатқанда, уһ, құдай-ай, ұмыта бастапты-ау... Я, Әділжан ба, әлде Жаңылжан ба, әйтеуір осы екі баласының біріне толғатып шырқырап жаны қиналғанда, Әлиза әулие-әнбиелермен бірге осы Беларанға да сыйыныпты. Оны өзі білген жоқ. Оны артынан құрбы келіншектері айтқанда, Әлиза құттай да қысылған жоқ.

Неге екенін қайдам, оған осы мына кәрі Белараның кісі қиналғанда желеп-жебейтін әруағы бар киелі жер сияқтанады да тұрады. Атын атағанда да басқа жұртқа ұқсап тұрасынан қойып қалмай, «жарықтық Беларан»,— деп пір тұтып атайтын.

Қанша айтқанмен үйде кісі өзін даладағыдай еміи-еркін ұстай алмайды. Үйде от басындағылардың қасы мен қабағына қарайсың. Көңіл күйін ойлайсың. Үйде сөзің өлшеулі, қимылың есептеулі. Біреуден қысыласың. Біреудің көңіліне қарайсың. Енді біреуден айбынасың. Әлиза далада өзін дарқан сезінеді. Үй ішінде үндемейтін аз сөзді, ұстамды ана, ауылдан ұзап шықса болғаны көкіректегі шер-шемені дертіп, сары далада сарнап қоя береді. Көбінше Белараннмен сөйлеседі. Теңізбен тілдеседі. Көзіне түскеннің бәр-бәріне: ұшқан құс, жүгірген аң, малмен адамша сөйлеседі; жерге түспей төбеңде шыр-шыр еткен боз торғай тәрізді кішкентай, әлсіз жәндіктерді әрқашан аяп, желпжебеп, қамқор болып ақылын айтып жүреді. Кісілер сияқты бұлардың арасында да алакөз бар. Қапыңды тосып жүретін тісті, тырнақтылар, жазықсыз зәбірлеушілер бар. Қиянеткерлер барын білетін.

Бүгін бірде-бір нәрсе қарт ананың назарын аударманы Төбеде шақырайып тұрып алған шоқтай ыстық күн, желсіз қапырық ыстық, жалаң аяғын қарып күйдіріп бара жатқан қайнаған топырақты да сезген жоқ. Қарт ана

кешке дейін үйге қайтпай, сары даланы жаңғырықтырып сарнап жүрді. Опасыз сұм жалғаннан шеккен зәбір-жапасын айтып зарланды; бір кез балаларының атын атап, осы бір тарыққан кезде оларға мұң шаққандай болды. Кешке қарай Әлиза қалжырады; тамағы қарлығып, даусы тарғылданып жыртылып шықты; қабы төзекке толғасын да үйге қайтпай, ауыл сыртындағы қара молаға тартты.

Әлиза аңырап кеп, өзгелерден оқшауырақ жатқан он қабырдың басына тоқтады:

— О, боталарым, жатырсыңдар ма?

Әлиза қабын тастай салды да мола жанына тізе бүкті. Құран оқыды. Дұғасын бағыштады. Сонан соң алақанымен сипалап, мола маңын қоқыр-соқырдан тазартты. Жел айдап әкелген шөпті, қаңбақтарды алып тастады.

Балаларының басына келген сайын бұрын сыбағаларың деп піскен балық, нан әкелетін. Соның бәрін ол баласының аты жазылған кісі бойы құлпы тастың үстіне қойып кететін. Ұшқан құс, жорыған аң жесе де, өлі әруаққа сауабы тиер деп ойлайтын. Бұл жолы Әлиза құр қол келгеніне өкінді. «Дәметіп қалды-ау, құлындарым»,— деп ойлап, көңілі қобалжи берді.

Басқа жұртқа мына жатқан он қабыр топырақ үйген он төмпешік боп көрінсе де, ал өзі үшін бұның бірі — Әділ, бірі — Лағыл, енді бірі — Жаңыл. Еншісін беріп өз алдына бөлек шығарған бір ауыл. Ана жүрегінің тап қазіргідей у жұтқан шерлі кезінде іздеп табар өрісі.

Қарт ана балаларын өлдіге қимайды. Бәрінің түрі, түсі қылуа мінезі көкірегінде сайрап тұр. Он баласының қайсысын қашан көтеріп, қандай асқа жерік болғаны есінде. Қайсысының толғағы ауыр болғанын да ұмытқан жоқ. Тұңғыш баласына үш күн, үш түн толғатып қатты қиналған кезде ырым істеді. Үлкен аталарынан қалған ескі жүгенді үрлікке асып, әулие-әнбиелерге жалбарынып зар қаққаны бар. Онан осы баласын емшек сүтіне жарыта алмай, ерлі-зайыпты екеуі естерінен танды. Абырой болғанда жаз бойы қақтаған қақпыш балыққа көрші ауылдан ала туша сатып алып, тұңғыш баласын ешкі сүтімен асырап еді. Тұңғыш баласы төртке шығып өлді. Тілі тәтті болды. Онан кейінгі балаларының да өзгеше бір былдырлақ тәтті тілі мен кісі тоймас қылуа мінездері көкейден кетпейді. Ақырында қайсысынан қызылша шығып, иттиме тиіп, сүзекпен ауырып, қанша күн жатып, шырақтай сөніп барып ата-анасының көз алдында үзілгені есінде.

Әлиза қабыр үстіне қолын соза құлап түсті. Жөргекте

жатқан баласын бауырына қысқан анадай кішкентай қабырды құшағына алып, топырағын сүйіп жатып солқылдап жылады: «Қарғаларым... құлындарым... сорлы анаң қажыды ғой. Қашан қастарыңа аласыңдар?»

Әлиза күн ұясына қонғасын ғана басын көтерді. Кеудесін кернеген іштегі ащы күйікті сыртқа шығарып, сарқып алғаннан кейін бойы біраз жеңілдеді. Кеудесі кеңіп, жүрегінің басын шалған ащы запыран айығыпты. Дүние азабынан көңілі алыстап, өңі салқын тартқан. Бұл пәнидің баянды ештеңесі жоғына көңілі жеткен. Бүгін біреуге бетін берсе, ертең сыртын тосып қайқайып жүре береді. Ойлап қарасаң — байлық, барлықтың, бақыттың арты бір тұтам. Қарқ қылдым дегені еркексіреген қатынның бір ықыласындай ғана баянсыз...

Әлиза үйге жалыны сөніп, көңілі суық тартып салқындап келді; алдынан ұрыс даярлап қойған Балкүміспен де жұмысы болмады. Оның бір сөзіне құлақ аспады.

Осы ұрыс ұзаққа созылып, үй ішінің берекеті кетіп тұрған үстіне бір күні Еламан келді. Еламанды басқалардан бұрынырақ көрген Әлиза жүгіріп барып, бас сап құшақтай алды. Мауқын бассын деген ниетпен Мөңке айырмады.

Балықшылар жиналып қалды. Үйдің іші тарлық ететін болғасын Мөңкенің айтуымен жас келіншектер сыртқа төсек жайды. Шай қайнатып, қазан көтерді. Мөңке ауылының қазіргі бетке шығары жиналып, Еламанды ортаға ала отырды.

— Ал, Еламан қарағым, хал-жағдайың жақсы ма?

— Шүкір.

— Сені де көретін күн бар екен ғой.

— Апырай де!

— Тура Шалқардан келдің бе?

— Иә.

— Сені келеді деген кімнің ойында бар. Арқа-етек кеңігендей кез болса, өзім іздеп барып, дидарласып қайтармын деп жүр едім. Келгенің дегендей болды,— деді Мөңке.

Еламан өзі жөніндегі әңгімеге аяқ баспай, тартынып қала берді. Мөңке қатар отыр еді; ол Еламанның өңіне тіл қатарда ғана тура қараса да, қалған уақытта көбіне көзінің қиығын салып қояды. Еламан қатты өзгеріпті. Бет ажары кәдімгідей кексе тартқан. Көзінің алдындағы бұрынғы ұсақ әжімдері тереңдеп, басынан кешкен ауыр өмірдің айғағы тәрізденіп тұр. Бұрын біреумен тілдескенде әлде неге іштей мәз болған адамдай, екі езуі жылмай үнемі мығынан күліп отыратын жігіттің қазіргі түрі тіпті басқа. Әлде қалай езу

тартса да аржағында бір қатал күш ырқына жібермей, тізгіндеп тежеп қала беретін сияқты. Сонан ба, күлкісі де көп жағдайда тістенгендей боп сазарған өңі селт етпейді. «Картэжең мен Рай есіңе түсіп кісі-қара алдында көз жасыңды тежеп, қатайып отырсың ба?» — деп ойлады Мөңке.

Бұл кеш бір жан үйіне қайтпады. Түн ортасы ауып, таң алдындағы қалың ұйқының бір уақыты болғанша балықшылар Еламаннан өзі болып қойтқан жақтың әңгімесін сұрады.

Әдепкідей емес, қазір Еламан әңгімеге аса ықыласты. Туған жеріне келді. Дос-жарандарына қауышты. Осы қазір де солардың арасында қалтқысыз адал жандардың өзіне деген ыстық ықыласын көрді. Кешегі, жол үстіндегі жабырқау көңілі біраз жадырап қалды. Жол үстінде жалғыз келе жатып тірлігі таусылған жанша бар нәрсенің бәрінен торығa, таусыла ойлағаны бекер бопты.

Үйрін қайта тапты. Үйреншікті таныс өмірдің құшағына енді. Төбеңдегі мына қара көк аспанға, жымыңдаған жұлдыздарға қарашы. Осы ауылдың арқа бетінде көлбеп жатқан жарықтық Беларан анау. Алып жотасы қараңғы түнде көмескі сезіледі. Ұлы теңіз үй іргесінде ақырын солықтап жатыр. Сонан соң балық исі мен теңіз беттен соққан самал. Күн райына қайта-қайта зер салып қадағалап қараған кексе балықшылар, ошақ жанында от сәулесінен бірде беті, бірде көсеу ұстаған қолы көрініп қараңдап жүрген әйелдер. Құдай-ау осының бәрі баяғы бала кезінен білетін бір әуеннен танбай келе жатқан баяу өмір. Солай ма? Жо-жоқ, қалай десең олай де, балықшылар ауылында да өмір өзгерген. Мейлі сол баяғы жапырайған жаман жер үйлер, сол баяғы жүдеу тірлік, жоқшылық, сол күн, аспан, жер өзгермесе де, бұлардың тірлігінде елтеген өзгеріс бар. Өткен өмір өтті, кетті, ол енді қайталанбақшы емес. Басқаны қойғанда Рай інісінен айрылды. Күміс күлкісі сыңғырлап, шоқтан қара көзі жайнап жүретін ерке мінезді Бөбек бұлардың үстіне енді еш уақытта кіріп келмейді. Ер көңілді Кәленнің орнын кім толтырады. Жиын топтың арасында ығы асып дос көңілін өзінің нар тұлғасымен қуантып айқайға басып ән шырқайтын күн де өтті. Жә, жә, Еламан, еңсеңді көтер. Елге келіп, еңсең түсетін жөнің жоқ. Өлген — өлді. Тірілерге — өмір тіле. Талпын, талап қыл. Көкірегінде қоздап бара жатқан көңілсіз ойға Еламан қатты тыйым сап, тежеп тастады да, ертеден бері өзінің аузына қарап отырған кісілерге назар аударды. Оларға түрік жеріндегі қырғын соғысты, қарлы қысты, аштан, суықтан, жау

оғынан мың-мыңдап өлген кісілерді жыр ғып айтты. Ара-арасында ол сөзінен жаңылып қап, есіне түсіре алмай қиналып отырады да, кенет тоқтаған жерін қайта жалғап әкетеді.

Кемпір-шалдар көзіне жас алды. Еламан оларды босаңсыта бергісі келмей, әңгіме бетін өзгертіп, қазіргі дүниенің бай, кедей боп екіге қақ айрылғанын баяндады. Екі тап, екі өкімет. Бұрынғы патша тұрған қалада қос өкімет қатар өмір сүріп тұр.

— Сонда... қалай? Елді, жерді, суды екіге бөліп ала ма?

— Апыр-ай, мынау рас болса, сұмдық екен?

— Қой, олай болмас.

— Әй, тоқтаңдар! Еламанды тыңдайық.

— Ал, Еламан шырағым, атаң қазақ екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды деуші еді. Бұлар қалай?

— Кедейлер жағы Керенскийді құлатып, өкіметті өз қолдарына алмақ.

— Апыр-ай, ә? Оған шамасы келе ме?

Бір шал Еламаннан түрік елі жөнінде сұрады. Балықшылар елеңдеп бастарын көтеріп алды. Кейбір діндар кісілердің аруағы қозып кетті:

— Е-е, айналайын, «ер түрік» елін айтшы!

— Стамбулда болдың ба?

— Жарықтық Стамбул шаһары пайғамбардың жасыл туын тіккен жер ғой!

«Әлі баяғылары» — деді Еламан ішінен. Не айтады бұларға? Не көрдім дейді? Рас, Кавказ тауының аржағында жатқан мұсылман елінде болды. Алғашқыда «Тілі, діні бір бауырымыз» деп, жан тартып жүрген түріктер бұларға дәл бір соғыс бітіп, елге қайтпақ боп жатқанда қиянат істеді. Соғыс кезінде бізден қолға түскен тұтқын деп, кемеге тиегелі жатқан жұмысшы батальонының жігіттеріне жабысты. Қазақ, қырғыз, өзбек жігіттерін тұзаққа түскен торғайдай шырылдатып алып қалмақ болды. Оны қалай айтса да, мына кісілердің бәрібір сенбесін білді. Өйткені түрік елі жөнінде есіткендері басқа: пайғамбардың жасыл туын тіккен ел, ер түрік елі, діннің орнаған жері, Стамбул шаһары, адам баласының о дүниеде, ләухіл Махфузда болмаса, бұл пәнде көрмейтін ұжмағы. Кісі қиялы жетпейтін көлдариядай байлық пен бақыт, һүр қызы, ғашық жар тек осы түрік патшалығының топырағына бұйырмыс деп ойлаушы еді.

Енді қараса атаң қазақ өздерінде жоқ жақсылықтың бәрін Қап тауының аржағында деп қиындата беріпті. Бүкіл бір елдің атадан балаға мирас қып, бір ұрпақтан екінші

ұрпаққа қалдырып келе жатқан ежелгі үміті, көкейкесті арманы, бала жастарынан құлағына сіңген ертегісі... Соның бәрі қу домбырасын құшақтап ел ақтап жүретін ежелден емінсек қарт жыраулардың жыры мен үлкендердің аңыз-әңгімесінен, қожа, молланың хадис-аятынан тарап кеткен құр дақпырт, алып қашты аңыз, лақап екенін Еламан осы барған сапарында көріп қайтып еді.

Еламан үндемеді. Ертеден бері ерекше бір ықыласпен ден қойып тыңдап отырған кісілердің тәтті үмітін қырқып тастады да, түрегелді.

Балықшылар сенер-сенбесін білмей, таңданған кескінде бір-біріне қарады.

XVII

Бұл түні балықшылар таң алдында ғана тарады; үй іші төсек салғанша Еламан ауыл сыртына шығып, бой жазып қайтты; үй іргесінен басталатын ұлы теңіз таң алдындағы самал желге толқымай, ақырын тыныс алып, солықтап қана жатыр екен. Еламан балықшылар аулының жік ашып бөлініп кеткенін есітсе де, олардың тап мұншалық жүз көріспей жауласып кеткенін білмеуші еді; Дос ауылы таяқ тастамдай ғана жерде отыр; олар, әрине, Еламанның елге кеп, Мөңке үйіне түсіп апақ-шапақ боп қуанысып жатқанын есітті де; сонан келе бір адам бұлай қарай аяқ баспады. Басқалары білместікпен істесін, ал Досқа не жорық. Жауласса Мөңкемен жауласты. Оған Еламанның жазығы қанша? Керек десе, тіпті бұлардың ашу-араздығының арасында да болған жоқ. Басқаны қойғанда осы келісінде Еламанның жолы өзгерек емес пе? Жат жерге жалғыз інісін жерлеп қам көңілді боп қайтты.

Өзі жоқта қарт әжесі де дүние салты. Тым құрыса соны ойласа нетті? Елде жүргенде тілі тиіп, түс шайысқан жері жоқ еді ғой.

Еламан үйге ат соққан денесін ауырлағандай боп келді; Мөңке бір қарағаннан осы сәттегі оның көңіл-күйін топшылай қойды.

— Қауымдарың ортайып қалған ба, қалай?

— Иә, солай.

— Басқа басқа болсын, оған не болды?

— Ай қарағым-ай, жұрттың бәрін өз кеуліңе қарап өлшейсің-ау. Ол тоңмойын келмейді, күтпей-ақ қой.

Еламан Достың қылығы қарт балықшының жанына бататынын аңғарды.

— Сен баяғы қиын кезді басынан бірге кешкен ағам

деп қимайтын шығарсың. Ендеше біліп қой, Дос ағаң қазір өткеннің бәрін ұмытты. Жалғыз шабақты қылдай бөліп жеген күндерді де ұмытты.

— Со-лай де?!

— Ие, солай. Қазір оның сыйынатын пірі, сүйенетін құдіреті де — Тәңірберген. Осы күні бізбен де Тәңірбергенге арқа тіреп отырып сөйлеседі.

Еламан түсін алдырмай, төмен қарап отыр.

— Жә, менің сөзімді қайтесің. Мен бейбақтың қай жерін басса да, шерлі күйік сарнап қоя беретін болар,— деп Мөңке күлді де, төсегіне бармай, киімшең бойымен қонағының жанына қисая кетті.

Кеш жатқандарына қарамай балықшылар ертеңіне ерте тұрды. Еламан да ерте оянды. Шай үстінде ол тосын бір хабар есітті. Достың анасы — Аққемпір таяу арада ғана қайтыс бопты. Ендеше ескі қазақ салтында өлік артын күтіп отырған жағдайда алыстан келген кісіге іздеп барып сәлем бермей, үйінде тосатын әдет бар. Бәлкім, Достың Еламанға сәлем бере келмеген себебі де осы болар.

Еламан шайды тез доғарды; қасына екі-үш шалды ертіп, іргелес отырған Дос ауылына — айбарлы, үлкен ауылға беттеп келеді. Артында ішіп-жейтін қоры болғасын ер азамат теңізге шығуға асықпайтын тәрізді. Күн көтеріліп қалса да, шай-суын ішіп жайланып болмапты. Кейбіреулер Тәңірбергеннен алған бір-бір қарасын өріске ұзатып сап қайтып келе жатыр. Әне бір келіншек басына қара жамылып түзге бет қойып барады.

Еламан қарт балықшыдан бұл ауылдың таяуда ауыр қазаға ұшырағанын есіткен-ді. Тәңірберген қазір түрікпен жеріне жасырын жорық-жортуылдар жасап, жылқы қуып алатынды шығарыпты. Қашаннан көрші отырған екі халықтың арасына от тастап, бұл өңір білмейтін тағы бір түсі басқа бүлікті бастапты....

Қарақатын сыртта жүр екен. Үйіне туралап келе жатқан кісілерді көрді де, сып беріп ішке кіріп кетті. Қарақатынның салақ жайын білетін Еламан өздері жеткенше от басын қағып-сілкіп салсын деген ниетпен әдейі ақырын жүріп келеді.

— Аға күйлі. Көңілі түссе қой сойғандай да шамасы бар.

— Онан басқалары қалай? Олар да малды ма?

— Бұл ауылда мал ұстамайтын үй кемде-кем.

— Е, сөйтіп... бұларды жарылқап тұр де?

Шалдар күлді:

— Кімді кімнің жарылқап отырғаны бір аллаға ғана аян.

— Түсінсем не дейсің...

— Ол заңғардың тәсілінде түп жоқ қой. Өзің ойлап қара. Жазатайым бір малы өле қалса, құнын өндіріп алады.

— Қалайша?

— Ой, шырағым-ай, Тәңірберген тірі болса ретін табады. Анада бір балықшыға өлген малының құны толғандай қып шөп шапқызып алды.

Еламан үндемеді.

— Солай болғасын тайлақты енесіне қосып өріске айдап жіберді не, «сүтін іш, қоңын қисайтпа!» — деп, балықшыларға бір-бір қарасының майын берді де.

— Оны айтасың ба... Оның аржағында Тәңірбергеннің тағы бір мықты есебі жатыр: сауынға берген малы арқылы ол мына Дос пен Төлеу сияқты кедейді қол-аяғынан байлап алып отыр ғой.

— Төлеу?.. Сіз, осы Төлеу дедіңіз бе?

— Иә, Төлеу...

— Апыр-ай, ә?

— Сен оны білмейсің. Сендер солдатқа кеткен жылы қырдан көшіп келді.

Еламан тұнжырай түсті. Тәңірбергеннің әрісі ішіне қадалған тікендей боп жүрегін сыздатып келеді. Түрікпендер тегін қалдыра ма? Олардың бір тентегі ертеңгі күні егеспен желігіп есе аламыз деп аттанып шықпасына кім кепіл? Төлеу? Аты таныс. Кірме болды. Көшіп келмей жатып Тәңірбергеннің қойны, қонышына кіріп алған. Тұтастығыңнан айрылғасын Тәңірберген тасыраймағанда кім тасырайсын. Мына карттардан есіткендері шын болса қазіргі қылығының бәрі бұрын-соңды бұл өңірдің бір байы істемеген тәсіл. Алаңғасар мен аңқауды қолға түсіретін анық тұзақ. Бір есептен бұл оның құлығы болса, екінші жағынан қолынан күш кеткен кісінің әлсіздігі.

Айтқанын тыңдамай, уысынан шығып бара жатқан кедейлерге әмірі өтпесін білгесін ендігі жерге беріммен ғана аузын алып, жарамсақтанып ұстамақшы-ау?!

Дос Еламанды салқын қабылдады; оның ұсынған қолын ықылассыздау қысып, сәлеміне орай ернін ғана қимылдатты Күйеуінің ыңғайын байқаған Қарақатын да қозғалмады. Көрпе-төсектері жиналмай, шашылып жатқан төрге отыру ыңғайсыз болғасын қонақтар кірген бетте көзімен орын іздеп үйлығып тұр.

— Көрпе сал! — деді Дос.

Қарақатын құлықсыздау қозғалып, шашылып жатқан төсектерді аяғымен теуіп іргеге таман ысыра салды.

Қонақтар аядай жерге тығылысып отырған бойда, Еламанға еріп келген шалдың бірі құран оқыды. Еламан үй ішінің ыңғайын ұнатпай отыр. Дұға артынан қазалы кісілерге көңіл айтар жерде шешіле алмай күрмеліп қалды. Өзін күшпен зорлағандай боп:

— Дос аға, ауыр қаза иығыңа батып отыр екен. Бір сен емес, жарықтық баршамызға ана еді ғой. Құдай бұйрығына кісі ара тұра ала ма. Артының қайырын тілейік,— деді.

Дос тағы да ернін қимылдатты. Еламан қанша шешілейін десе де, Дос осыдан артық пейілге баспай, басын бауырына алып бітеуленіп отыр. Еламан оны тілге келтірудің қиын екенін көрді. Түндегі Меңке сөзінің шындығына көзі жаңа жетті.

Ескі салт бойынша құран оқығаннан кейін өліктің артын күтіп отырған жан ашыр жақындары ас-су қамдайтын. Соған ыңғай білдіруші еді. Қарақатын қол жая келген кісілердің көңілін онан да суытты:

— Әй, не қып отырсың? Мойныңа неге су кетті? Шешең жаңа өліп, оң босағаға қойып отырған жоқ едің ғой. Төлеудің үйіне Тәңірберген мырза кеп, сені күтіп отыр.

— Күте тұрар...

— Мынау не дейді, әй? Мырзаны күттіріп қоятын сен кімнің шекіресісің. О, шірік!

— Әй қатын, жап аузыңды! Мына кісілерге шай қой.

— Есің дұрыс па? Шайының жабдығы толып тұрған кісідей...

— Қысқарт! Шай қой!

— Шай қой, шай қой!.. Сенің талқы қара суыңа кім зәру дейсің.

Еламан қасындағы шалдарға кетейік деген ыңғай білдірді. Шалдар да шаққа отыр екен. Еламаннан пәрмен болғасын тез-тез түрегеп, есікке қарай беттеді. Осы арада күтпеген бір оқиға болды; қонақтар есіктен шығар жерде Қарақатын сайқылана күліп кеп, Еламанның алдына кескестеді:

— Қайным-ау, неге асықтың? Неден үріктің? Келуіңнен кетуің тез болды ғой!

Еламан Қарақатынның бір қиқарлыққа басқалы тұрғанын білді. Не де болса сыр бермеуге тырысып, оның күлкі ойнаған жылтыр қара бетіне салқын қарап, сабырмен тосып тұр.

Қарақатын:

— Бұл қалай болды? Әңгімеңді де айтпадың,— деп құйқасы көрінген сүйық қасын сайқылана керіп,— бірақ «ел құлағы елу», біз де естіп жатырмыз. Әңгіменің қызығы сенде көрінеді. Қайта табысыпсыңдар ғой,— деп бетіне мысқал шауып мырс ете түсті де, түсі тез бұзылды. Енді бір сәтте күлкіден тыйыла қап, қара сұр беті тастай боп бозара қалды.

Еламан Қарақатынның аямасын білді; мына түріне қарағанда Еламанның жаны ауыратын ең бір осал жерін тауып ап, тап қазір Ақбала жайын айтуға оқталып у-зәрін тіліне жиып алып қойған екен. Еламанның тұла бойы түршігіп кетті. Жол бермей, алдын кес-кестеп тұрған қатынды ығымен қағып тастады да, үн-түнсіз жүре берді.

— Мына ит қайтеді, әй?

Еламан қайрылған жоқ. Ашу иектеп, түтігіп кеткен. Ел анасы болған кешегі қадірлі жан — Аққемпірді еске алды: «тірісінде сыйламап еді, өлгесін де байғұстың артын дұрыстап күтпей отыр екен».

Мұнан кейін Еламан ешқайда шықпады. Мөңке ауға кетіп, оңаша үйде жалғыз қалса болғаны Әлиза жетіп кеп, қасына отырып көз көрген қайнысымен ұзақ-ұзақ сөйлеседі. Алғашқы күндері айтқаны — Бөбек жайы. Бөбек бақытсыз болды. Ожырай төбесінен таяқ айырмайды. Райымен көңілі жақын болғанын ожар жігіт кешірмей, әлі күнге бетіне шоқтай қарып басады да отырады екен. Бір рет Бөбекті жығып сап, ішіне тепкенде Бөбек талып қап бойындағы бес айлық баласы өлі түсіпті. Сонан бері қарай Бөбектің талма ауруға ұшырағанын айта кеп, Әлиза қатты күрсінді:

— Өткен қыста келіп, бір айдай жатып кетті. Сорлы бала қашан кете кеткенше Райды есіне алып, көз жасы омырауын жуды да отырды. Құрсыншы, қайсы бірін айтайын. Рай екеуінің бір-біріне ықыласы басқа еді ғой.

Еламан анықтап қараған сайын Әлизаның нұры тайып, титықтап тозған кәрі өңінен Бөбекті еске салғандай болмашы ғана ұқсастықты байқап қап отыр. Бұл күнде аппақ болған бұйра шашы мен келтелеу қыр мұрны әлі де болса баяғы бір сұлулықтың ізін танытқандай. Келесі күн түс кезінде Балкүміс баласын көтеріп әке-шешесінің үйіне кеп-ті. Мөңке балықтан орала қоймаған-ды. Үй ішінің осы бір толас шағында Әлиза істеп жүрген шаруасын тастай сап, Еламанның қасына кеп отырды. Еламан келгелі айтып тауыса алмаған тағы бір әңгімесі бар сияқты. Соны байқа-

ғасын Еламан қолындағы домбырасын ірге жаққа сүйей салды да, кәрі анаға бет бұрды.

— Сен білмейтін не сыр бар. Қанша бала тусам да, қолым құтаймады. Менің бауырымды суалтып, жердің астын қуантып жатыр,— деп көзіне жас алды.— Құдай мені тақырлады. Қызғалдақтарымды кеудемнен үзіп әкетті. Сосын қайтейін... Бұл байғұс та көз ашқалы су кешіп қара борбай боп жүрген бір шал ғой, тұяқсыз өтпесін деп... Мөңкеге мына бір бәлекейді алып беріп едім.

Еламан осында келгелі Қарақатынның қызын ұнатпай, жыны құрысып жүрген-ді. Сөйтсе де ол Әлизаның көңілін ауламақ боп:

— Дұрыс болған,— деп қостады.

— Ай, шырағым-ай, қай бір жетіскеннен істеп отыр дейсің. Менікі құдай алдында көңілім таза болсын деген далбаса да, әншиін. Ақылымнан алжасып жүрген кезім емес пе. Кісісін таппаппын. Мөңкенің басын көбейтем деп жүріп, от басына қырсық егіппін. Қос уыс оттың басы күнде ұрыс болғасын берекет қайдан болсын.

Еламан үндей алмай, жер шұқып отыр.

Әлиза қайта сөйледі:

— Шырағым, өзің білесің, бұл күндері менің қыз ұзатып, келін түсіретін кезім еді ғой. Құдай сонша баланың бірін қойды ма? Қандай қарақтарым еді. Қара жер түгіл кісіге көріп беруге қиюшы ма едім.

Шерлі ана әр кездегідей көкірегі қарс айрыла күрсініп алды да:

— Мен бейбақ ене бола алмас па едім,— деп көз жасын бір сықты. Бірақ ол Еламан күткендей егіліп жыламай, босаңсып бара жатқан көңілін тез билеп ала қойды. Келесіде ол тіпті байыппен кең отырып сөйледі,— Мөңке сорлыны да көрдің ғой. Қартайып бітті. Басы жұмыр пенде тірі жүргесін бәрін көреді, бәріне көне береді екен. Басқасын қайтейін, ең аяғы бір сүйектің басын тістескен Достың істеп отырғаны анау. Тәңірбергеннің тіліне еріп, ағаңмен жауласып іргесін жалаңаштап кетті. Осы жанына қатты батып жүр.

Әлиза тұрып кеткесін де Еламан шам жағылмаған қоңыр кеугім үйде ауыр оймен сұлық отырып қалды; жылағысы келді; бірақ көзінен жас шықпады. Екі күн үндемей сүлесоқ жүрді де, үшінші күні Сүйеу қарттың аулына тартып кетті.

XVIII

Сүйеу қартқа қараған кедей ауыл биыл қыстан күйсіз шығыпты. Неше түрлі алым-салықпен ұсақ қараны құртып алып, азын-аулақ ірі қараны үстінен жонып жеп азайтып отырған шағы екен. Кедейленіп қалған ауыл жылдағы дағдысы бойынша биыл бауырын көтеріп көше алмай, ескі қыстауларында отырып қалыпты. Тек кейін күн ысысымен теңіз жағасында маса, сона көбейіп, қолдағы азғана қараны ұстау қиынға айналғасын аударылып қоныпты. Онда да қыстауларынан ұзамай, теңіз жағасынан қозы көштей ғана жерде — Арандықырдың сырт жағындағы жалпақ жазықта отыр екен.

Еламан ел орынға отыра кеп аттан түсі. Сүйеу қарт соңғы қозысын сойып, қазан көтертті. Қайын енесі де пейілді. Еламанға деген бұрынғы пейілдері құрттай да өзгермегенін көрсеткісі кеп, сасқалақтап жүгіріп жүр. Соның өзінде бірде болмаса да бірде басқаланып қалған көңіл байқалып қап отырды. Бұл отырғанда Ақбаланы бір жан ауызына алмады. Бірақ Еламан бәрінің ойында Ақбала отырғанын біледі. Келе салып кетудің лайықсыз екенін білсе де, Сүйеудікінде бір күннен артық жата алмады.

— Ата... қайтқым кеп отыр,— деді Еламан.

— Неге асықтың?

— Шаруаларым бар еді...

— Е!.. Е!.. Шаруаң бар ма? Онда рұқсат!

Еламан тік мінез, тентек шалдың қай жағынан шығарын білмей, іштей ығысып отыр. Сүйеу қарт оның жасқаншақтығын жақтырмай жалт етіп суық көзін жылдам тастады. Дәл бір тазы көрген текедей оған одырайып, осқырына қарады:

— Бұйымыңды айт!.. Іркілме!..

— Қарсы болмасаңыз... жиеніңді...

— Ә!.. Ә!.. Балаға келіп пе едің? Ал!.. Ал!.. Бағу қиын боп бара жатса, ауыл арасы қашық емес, әкеп тастарсың.

— Рақмет, ата!

Сүйеу қарт енді қайтып Еламанға жүз бұрмады. Өзінің осындай жердегі жібімес қаталдығына бағып, алып кеткелі жатқан жиен немересіне де назар салмай, бетін бұрып бір қырын отырған.

Кемпір екі жыл бауырына басқан баланы қимай, қоштасар жерде жылап жіберді. Осы арада Ақбаласын ашық-тан-ашық есіне алып:

— Жалғызымның көзі едің...— деп күйікті ана үйреншікті көй-көйіне салып бара жатқанда, Сүйеу қарт:

— Тәйт!.. Тәйт, найсап!..— деп зәрін төге зекіп, тыйып тастады.

Еламан баласын алып жүріп кетті. Қаттырақ жүріп отырғасын кешке қалмай, ақ пен қызыл арасында балықшылар ауылына жетті. Ауыл үсті апақ-сапақ. Балықшылар Еламанның қуанышына құтты болсын айтып, кіріп-шығып жатыр. Мөңке мен Әлиза тіпті мәз. Олар Еламанның қайтадан үй болып, үстіне шаңырақ көтеріп жатқанын көргендей.

— Орны бар оңалар деген осы. Кеше біреу едің, бүгін екеу болдың. Енді, шырағым, үйлен.

Еламан ақ жаулық тартқанның бәріне ұрынғысы келмеді. Бос тұрған төсекке бір түнеп, бел суытып кететін бозбала емес. Ол қазір өзінен көрі кішкентай Әшім жайын көбірек ойлады. Әшімді өз баласындай бағып-қағатын рақымды ана тапсам деп жүр. Оның үстіне қол қусырып қарап отыру қиын болып барады. Балық аулайын десе баладан шыға алмады. Әшім мазасыз. Қолға алғанды жақсы көреді. Ыңылдап ән салмай, жай көтерсең де жұбанбайды. Әлі күнге әжесін іздеп, түнемелікке қарай кішкентай қолымен Еламанның төсін сипалап шығады.

— Еламанның балажандылығы бұл ауылға аңыз болды.

— Қайным-ау, саған үйленудің керегі жоқ екен. Бір үйге әйел болуға жарап қапсың.

— Е-е, енді тек басыңа ақ салсаң жетіп жатыр,— деп қылжақ келіншектер оны жүргізбей қойды.

Сырқат бала мұнда келгеннен бері шырақтай сөніп барады. Ас талғайды. Ағарған ішкісі келеді. «Ауыртып алмасам қайтсін?» — деп қорқып, Еламан баладан басқа дүниенің бәрін ұмытты.

XIX

Айғанша кешкісін қарт балықшының үйіне келді. Жұмыстан шыға сала келгені көрініп тұр. Үстінен шикі балық иісі шығады. Қолы, киімдері шырыш-шырыш.

Қарт балықшының үйіне қымсынбай, еркін кірген-ді. Түсі басқа кісіні көріп, тоқтай қалды.

Мөңкенің үйінде қонақ жатқанын білетін; бұл ауылдың қадірлі кісісі екенін де есіткен. Бірақ әлі көре қоймаған-ды.

Айғанша мына бала көтеріп жүрген кісінің сол екеніне құттай да күмәнданбады. Тек оның нақ бір бала баққыш

аналарша бәйек боп жүрген түріне таң қалды. Бала жұбансын деп әнін де дәл бір мейірбан қарт аналардың құлаққа жайлы қоңыр даусына сап, баяулап созып ыңырсып жүр:

Балам менің қайда екен,
Қыздарменен тойда екен,
Қызыл алма мойнында
Қыздар оның қойнында...

Қонақ ішке кірген кісіні байқады. Әнін тия қойып, ақырын бұрылды. Айғанша оны бірден таныды. Ірі денелі, алакөз жігітті көргенде тыныш жүрегі дір етіп: «Сол!.. Сол ғой!..» — деп ойлады. Соның аржағында қуаныш көтерген қыз құшақтай алатындай жүгіріп келсе де, бірақ ана кісінің өзін танымай, тосырқап тұрған түрін көріп бөгеліп қалды. Ілгері созған қолын да баурына жиып ала қойды.

— Қарындас, кешір...— деді Еламан тани алмағанына қысылып.

— Мен Төлеудің қарындасымын.

— Төлеу?..

— Есіңізде ме?..

— Апыр-ау... Төлеу-у дейсің бе?

— Ие, ие, Төлеу! Ана жылы сізді Шалқарға апара жатқанда... шұқырда отырған... Есіңізде ме?

— А!.. Шұқырда отырған жалғыз үй ме?

— Ие, ие, жалғыз үй. Біздікіне бір қонып кетіп едіңіз. Онда әжем тірі еді.

Еламанның есіне бір лезде бәрі түсті. Інісі — Рай. Қарлы боранда қолын қарыған темір кісен. Жапан түзде жалғыз отырған үй. Екі келіншегі бар ірі қара жігіт. Ағаш төсек үстінде бөксесін көрпемен орап алған нардай қара кемпір.

— Алда ай-на-лайын-ай!..— деп Еламан тез ұмтылып кеп, қызды маңдайынан сүйді.

Анасы қайтыс болғаннан бері Айғанша үлкен кісілердің ықыласын іші қалап тұратын. Әсіресе, анасының көзін көрген кісілерден көбірек дәметуші еді.

— Әжең қайтыс болды ма?

Айғанша басын изеді.

— Қашан?

— Осында көшіп келген жылы.

— Жарықтық жақсы кісі еді. Топырағы торқа болсын. Ал, айналайын, хал-жайларың қалай? — деді Еламан қыздың үстіндегі балық сасыған шырыш-шырыш киімдеріне қарап.

— Жағдай... жағдайымыз осы...

Әлиза келді. Әңгіме үзіліп кетті. Мөңке бұл күні балықтан кеш қайтты. Үсті-басы малмандай су. Зерең жүзді жылтыр қара беті бартиып іскен. Көзі жұмылып кетіпті. Соққыға жығылғандай боп екі иығының басы салбырап, құр сүлдерін сүйреп кіріп келе жатты.

Айганша оны құлап кететіндей көрді де, жүгіріп барып қолтығынан сүйей қалды.

— Айғаншамысың? Амансың ба, қарағым.

Еламан қарт балықшының бұрын-соңды дәл мұншалық мұқалғанын көрген емес-ті. Олардың бүгін тағы бос қайтқанын білді.

Шай-суларын ішкесін, балықшылар Мөңкенің үйіне жинала бастады. Ертең тағы ерте тұрып теңізге шығатындарына қарамастан олар күндегі дағдыларымен түннің бір уақытына дейін тарамай, ұзақ отырды.

— Мына бір есірік жел сендерге сор боп алды-ау,— деді Еламан.

— Айтатыны жоқ. Желге қарсы ескекті тарта-тарта екі қарымыз салдырап қалды.

— Ол ештеңе емес қой. Ескегім сынып қап, мен тіпті ығып кете жаздадым.

— Апырай, ә?!..

— Енді ескексіз қалдым...

— Ой, тәйрі, қысылатын несі бар. Судыр Ахмет ескек істеп береді ғой.

— Иә, ол Судырақ баяғыда Елағаңа келістіріп ескек істеп берген!

Балықшылар ду күлді. Жалғыз Еламан міз бақпан жоқ. Теңіз оған таныс. Жаз ортасы ауғасын-ақ ұлы теңіздің жел-құзы күшейеді. Су астында жүргенмен балық та басқа мақұлықтай ық іздеп, жайылым таңдап теңіз түбінің толқымайтын тыныш жерлерінде — қамысты басаттар мен қопақты көлдерде жүреді.

Ашық теңізде ажарлы, ірі балықтар ғана болады; бірақ оны аулайтын арнаулы ау-құрал бұларда жоқ; бұлардың жаман ауына жазатайым ірі балық түссе де, шірік торлар бір бұлқынғанға шыдамай жыртылып кете беретін.

«Қайда барсам мықтысы әлсізін тонап шырылдатып жатқан дүние. Басқасы бір сәрі. Көк теңіздің балығын қорадағы малындай қорығаны қалай? Бұнысы қай зорлығы?» — деді Еламан ішінен.

Мөңке шай ішіп терлегесін жан шақырғандай болды.

— Аға-жеңгең іздеп қалар. Үйіңе қайт, қарағым,— деді ол Айганшаның ұзақ отырып қалғанын байқап.

Айғанша бүгін өзі біртүрлі. Ертек тыңдаған баладай, кеш бойы Әлизаның ығына негін сүйеп, үнсіз ұйып қапты. Өзін баурап алған ойдан осы отырғанда көз жанары ауырлап, ұзын кірпігі ақырын қозғалады.

Үй іші жым-жырт. Май шам түтіндеп жанып тұр. Сыртқан азынаған есірік желмен бірге өкірген теңіз сарыны үзбей естіліп тұр. Әлгі бір ренішті әңгімеден кейін балықшылар үндемей, ішінен түйіліп отыр. Жас бала әке алдында ақырын тыныс ап, ұйықтап кетіпті.

Қызбалау Рза балықшыларға шыдамсыздана қарады. Сонан соң Еламанға бұрылды:

— Мына Тәңірберген тыныстыны тарылтып барады. Кей күні осы ауылдың қазаны қайнамайды. Бұған не дейсің? Аштан өлсең де аяқ серіппе, үнсіз өл дейсің бе?

Еламан Рзамен бірге өзгелердің де осы сауалға жауап күтіп отырғанын байқады. Не дейді? Өлермен болсаң отқа түс деп ызалы жандарды Тәңірбергенге айдап сап, ана жылғыдай тағы да аранға жыға ма?

— Жоқтың бәрін жек көретін кісіміздің көргеніміз жөн болар ма екен? Теңіз жайы маған да мәлім. Балық — қашаған. Ал, ашық теңіздегі балық кең даланың тағысындай, қуып ауламаса қолға түсе бермеуші еді ғой.

— Елаға-ау, біз қумай жүрміз бе. Қуа-қуа таңымыз айрылар болды ғой.

— Оны да білем.

— Білсең, бізден кінә жоқ. Балық болмай құртып жүр.

— Апыр-ай, ау көзін қақпай қойды-ау.

— Сірә, балық бір жаққа ауып кеткен шығар.

— Жоқ, жігіттер, баяғыда біз аулап жүрген кезде бұл теңіз балықсыз болмайтын. Мына Мөңке ағаларың біледі, өз аяғынан жайылатын мал секілді, балықтың да теңіз астында өрісі бар. Өрісін таппай жүрген шығарсыңдар.

Үй ішіндегі әңгімеге ертеден бері Мөңке араласпай отырған-ды. Еламанның өзіне тіреп айтқан сөзіне ол мырс етіп күліп жіберді.

— Ие, сен жақсы айттың. Балықтың да теңіз астында өрісі болады. Тек, шырағым-ау, Тәңірбергендер балықтың да, малдың да өрісін тартып алып, өлмесең тұрма деп тұрған жоқ па.

Еламан қысылып қалды. Мөңке енді тіпті іріленіп қызына сөйледі:

— Әне бір жылы да Тәңірбергеннің тіліне ерген Темірке біздерді дәл осылай ашық теңізге айдап шықпады ма. Сонда Кәлен күйіп кетіп: «бұл қара шекпеннің байы қазып

шығарған теңіз емес, құдайдың құдіретімен пайда болған, бәрімізге бірдей теңіз»,— деп еді. Ол патша кезі болатын. Енді, міне. Керенский тұсында да Тәңірбергендер теңдік бермей қойды. Құдайдың кенже ұлындай боп қара жер мен көк теңізді қоса билеп отыр. Бүгін олар қатын-балamыздың аузындағы асын тартып жеп отыр. Ертең астыңдағы қайығыңды аударып ап, өзіңді теңіз түбіне батырып кетпесіне кім кепіл. Е, соның бәріне көне береміз бе? Құдай салды, біз көндік дейміз де отырамыз ба?

Жастардың да зығырданы қайнап отыр екен. Айрықша Рза мәз. Бұрын Мөңкені қанша жақсы көрсе де, бір реніш бүйірінің түбінде жататын. Талай рет қиянаткердің қолында өлетін жерде де, осы шал өздерін етектен басып, тоқтатып қала беретін.

Рза сүйсініп кетті:

— Мөңке аға-ай, жақсы айттың-ау! Бәсе, біз қасқырдан қашқан қояның жатырынан түсіп қалған сұр көжек емес едік қой. Бізді де бір қазақ қызы мақтанышпен тумап па еді. Қашанғы бас қорғап бұға береміз.

— Ие, сүйдеші! Бұта түбінен бойымыз асатын күн бола ма!

— Шіркін, Қандыөзектің аузына ау құратын күн туса, қарық болар едік-ау!

— Дәмең зор екен. Қандыөзектің аузына қақпан құрылғалы қашан.

Қартаң балықшылар күрсінді. Жастар дағдарып, Мөңкеге, онан Еламанға қарады.

Еламан мұның арты тыныштықпен бітпесін біліп, іші мұздап отыр. Басқалары албырт жастықпен істесін, ал қарт балықшының көтерілгені не? Әлде, кім білген, өмір бойы қорлық көріп, зығырданы қайнап келген жан осы арада Еламанның елге келгенін де күш көрді ме? Сүйтті ме екен?

Еламан алдында ұйықтап жатқан баласын бешпетінің шалғайымен қымтап қойып, көп алдында кеудесін көтеріңкіреп алды:

— Жә, жігіттер, бұға бергеннен де берекет шамалы екені рас. Тек, сендер жау мықты екенін ойладыңдар ма?

— Ойладық, Елаға.

— Ендеше, ертеңгі күні жау жеңсе де өкінбейтін болыңдар. Кейін өз іштеріңнен кінәліні іздеп, көз шұқитын болсаңдар Тәңірберген, Теміркелермен тіресудің керегі жоқ.

— Біледі, Елаға.

— Біз бәріне де бел буғанбыз.

— Не көрсек те бірге көрейік. Тек, бізді де бір бастаңызшы!

— Жә, ендеше тараңдар!

Балықшылар ақырын тарай бастады. Рза басқалардан әдейі бұрынырақ шығып, Айғаншаны есік алдында күтіп алды:

— Шығарып салайын...

Айғанша ыңғай бермей, үнсіз кетіп барады. Үйі жатып қалған екен. Айғанша шам жақпады. Қалаудың қорылынан құлақ тұнып тұрған қараңғы үйде қолымен сипалап жүріп, Кенжекейдің қасынан төсегін тауып алды. Шешінбей, киімшең бойымен қисая кетті. Тек жатар алдында бала жастан бойына сіңген үйреншікті әдетпен көйлегінің етегін төменірек түсіріп қойды.

Осы кезде кіші әйелдің төсегінен Төлеу басын көтерді.

— Сен осы қайда жүрсің, ә?

Төлеу ана жолы киім тұсындағы реніштен кейін қарындасына қатты келе алмай, жүзі тайып жасқаншақтай беретін-ді. Осы жолы да наразы бірдеңелерді күңкілдеп жатып Қалаудың қорылына қосылып ұйықтап кетті.

Айғанша ұйықтай алмады. Мөңке үйінен ширығып кеткен жаңағы ызалы жандар көз алдында. Ертең олар Тәңірбергенмен мықтап бет ашыспақшы: я жеңеді, я жеңіледі. Осы жайды Еламан ашық айтты. Еламан! Қызық-ау! Оны тосырқамай, бірден танығанын айт. Ол баяғыда да дәл осындай еді. Осындай ма еді? Рас, басқа кісілерден бөлектеу көрінген. Ол кезде Айғаншаның өзі де нақ мұндай емес-ті. Ол кезде үй ішінен басқа ешкімді көрмейтін. Қыс айларында қалаға қатынаған Ебейсін секілді біреңсаран саудагерлер мен үсті-басы сықырлаған кірешілер жол үстінде отырған жалғыз үйге бір-бір қонып кететін. Олардан басқа тірі жанды көрмей жаппай түзде жабайы өскен жас қызға, шынында да, сол жолы балықшы жігіт бір-түрлі оқшау көрінген. Қол-аяғындағы темір кісені де оның сырын өзге ешкімге ұқсатпай, тобынан бөліп даралай түскен. Осы дүние кісісінен өзге нәсілді бір жан ба? Әжесі айтатын ертегілер мен қиссалар мекенінен туған бұғаудағы батыр ма? Ел қамын жеген ер ұл ма еді?

Сонан бері балықшы жігіт қыз көңілінде дараланып өсе берді; оның бет ажарын әлі бір рет ойламап еді; осы жолы да Айғанша оның сондағыдан қанша өзгергенін ойлаған жоқ; содан бері оның қайда болғанын, қандай елдердің топырағын басқанын, тағы қандай қиындық қасірет шеккенін ойлап, екі ағасы екі жерде қорылдап жатқан көрдей

қараңғы үйде көз ілмей шықты. Қараңғыда неше түрлі қорқынышты суреттер бадырайып, бірде зындан, бірде тоғыз қабат Торғауыт, Қап тауы елестеп жатыр. Мына жігіт соның бәрін бұзып-жарып өтіп, ақыры, міне, арып-ашып туған еліне кеп, «тоқсан үйлі тобырына», баласына қауышты. «Әйелі неге күтпеді екен?» — деп ойлады Айганша таң алдында көзі ұйқыға кетіп бара жатып.

* * *

Балықшылар қайықтарын суға үнсіз салып, екі-екіден бөлініп мінді. Еламан мен Мөңке бір қайықта. Кешегі қара дауыл бүгін таң алдында басылып, жел шырадай тынып пты. Соған қарамастан бір көтеріліп кеткен ұлы теңіздің ашу-ызасы әлі басыла қоймаған. Әлі күнге өз-өзінен долданып, қарауытып қайнап жатыр. Алып бойын кернеген ыза бар. Аңғар беттен сәл ғана жел соқса да шұғыл кәріне мінуге, қайта түтігуге әзір тұрғандай.

Еламан теңіз ажарын ұнатпай, қайта-қайта көз салып андасып келеді. Әдетте ау қараған балықшымен жағаласып, қиғылық ұрып болатын шағалалар көрінбейді. Бар шағала Қандыөзектің үстіне үймелепті. Өлермен қомағайлықпен қайта-қайта шүйлігіп кеп, төсімен суды шалп еткізіп соғып қалады. Аудағы балықты іле алмағанына ызаланып, жан даусын сала шаңқылдап жоғары қарай қайта көтерілгенде, жаңа шыққан күн шапағына ақ қанаты күмісше тұтап жарқылдап кетеді.

Рза күліп:

— Байқайсыңдар ма, ана шағалалар бізге балықтың өрісін сілтеп жатыр-ау,— деп шағала мінезіне өзінше топшылау жасады.

— Жарықтық Қандыөзек балықты ғой. Достың жігіттері қырып алып жүр.

— Балық бүгін де басып қалған болу керек. Әне, көрдіңдер ме, шағалалар қан талапай қып жатыр.

— Өздері көрінбейді. Ауға әлі шықпаған ба?

— Күндегі әдеттері емес пе. Малдарын өріске айдап, балалы қатындай шырматылып жүрген шығар.

— Біз құсап асымдық балыққа зар боп отырса көрер едім. Қарындары тойғасын керенаулана береді ғой.

Мына сөз Мөңкеге жақпай қалды:

— Қой, жоқты соқпа. Олардың жайын менен сұра. *Іштеріндегі бас көтерері кем талап болғасын қалғанына не* жорық. Қолдарындағы бір-екі қараны сылтау қып, балықтан бойын тарта бастады. Қырдан көшіп келгендері тіптен

кәсіпшіл емес. Су кешіп балық аулағаннан гөрі әлі де болса малды тәуір көреді.

Бұлар тереңге салған ауларын суырып шықты. Түске тарта жел қайта көтеріліп, толқын басы бұйралана бастады. Оқта-текте шілде айының мазасыз бөгелек желі килігеді. Онсыз да көк толқын үстінде шыбындаған аттай секектеп, шоршып тұрған қу қайықтарға қапылыста құйындай соғып, төңкеріп кете жаздайды.

— Осы бір бөгелек жел мазаңды алып бітеді.

— Теңіз үстінің құйыны ғой. Кәпірдің бетінен аулақ.

Балықшылар жағаға шықты; ауларды суға шайып, теңіз түбінің тосабынан тазартты. Соның арасында үйлеріне жүгіріп барып жүрек жалғап кеп жатты. Күндіз теңіз үстінде балықшылардың тынышын алып болған есірік жел кешке қарай басылып, шырадай тынып, қара құйрық қамыс басы қозғалмай қалды. Соның өзінде теңіз суы күндегі шарасына сыймай, жарыла жаздап ісініп барады. Аңғар жақта әлі де өксік бар. Аңғар бет кешкі көлеңкемен түп-тұтас тұнжырап, суық қарауыта бастаған екен. Еламан осы бір болмашы белгілерге қарап, алдағы түн тымық болғанымен ертең тағы да дәл бүгінгі уақытта жел көтерілетінін топшылады.

Күн кештете шағалалардың ұйқы-тұйқысы шықты. Ертеңгі күннен олар да біртүрлі мазасыздық сезгендей, теңізге қонбай азан-қазан боп топ-тобымен қарбаласа қанат сермеп, жоғарылай ұшып бара жатты.

Еламан бастаған балықшылар қайықтарына қайта отырды. Олар кешкі тымықта Қандыөзектің аузына он қайықпен ұмар-жұмар келді де, осы арадағы Дос пен Төлеулердің ауына ауларын жарыстыра төгіп шықты.

Рза қайығын тез қозғап, Еламанның қайығына қатарласты.

— Байқайсыз ба, ешқайсысы қол қатпады-ау. Асылы, өз көлеңкеміздің өзіміз қорқып келген екенбіз.

— Даурықпа. Әне, анау Курнос Иван.

— Қайсы? Анау ма?

— Сол.

— Ә, қан шелек. Көрген екен ғой.

— Көре берсін. Біз ұрланып кеп ау салған жоқпыз.

Басқа жігіттер де қайықтарын есіп кеп, Еламан мен Меңкенің жанына жинала бастады. Бәрінің көзі жағада. Ығына мылтық асқан жалғыз жаяу бұларды сыртынан торуылдап жиекте жүрді де қойды.

— Аң аулап жүрген шығар.

— Қайдам, адам аулап жүрмесе қайтсін.

Еламан кісілерін теңіз үстінде топтап алды да, тұп-тура жағаға салды. Көзін Курнос Иваннан айырмай келеді. Бұлар жағаға тақап келе бергенде Курнос Иван кейінгі жағына бұрылып, қол бұлғап еді. Қамыс арасынан бір топ кісі жүгіріп шығып, Курнос Иванды араларына ала тоқтады.

Еламан жанжалды қаламаса да, Курнос Ивандардың мына қылығын жақтырмады. Жағаға жақындай бере өз жігіттеріне көз салып еді; бұлар да тайсалатын емес. Ескек, таяуларын әлден ыңғайлап, қысып апты. Кейбір Рза секілді қызбалау жігіттер күні бұрын тығып қойған жуан сойылдарын шығара бастады.

— Жігіттер, жанжал шығарушы болмаңдар,— деді Еламан.

Он қайық жағаға жақындаған сайын ескектерін бір әуенмен тартып, қол саласындай боп қатар жылжып келді де, жиекте тосып тұрған кісілердің дәл қасына тұмсық тіреді.

Ең алдымен Еламан секіріп түсті. Қалғандары да қайықтан түсе-түсе сап, Еламанды орталарына ала ық тіресіп жұдырықтай түйініп алды. Курнос Иван өз кісілеріне көз тастап, асығыс шолып өтті де, аналарға қарсы жүрді.

Еламанға бетпе-бет тоқтады:

— Заңды неге бұзасың?

— Қандай заң?

— Қандыөзектің аузы запрет. Теміркенің жері.

— Теміркенің арқалап әкелген теңізі жоқ. Бұл теңізден мына Мөңке балық аулағанда Теміркең дүниеге келді ме екен? Сен оны білесің бе? — деп Еламан оған салқын қабақ астынан сыздана қарады да, жүре берді.

Курнос Иван қолдағы күші кем соғарын білгесін тиісе алмады. Еламанға қарсы Дос пен Төлеудің жігіттерін көтеріп, ертеңге дейін қалың тобырды әзірлеп қою керек. Осы ойға табан тірегеннен кейін дереу Тәңірбергенге жүгірді.

XX

Тәңірберген қазір теңіз жағасындағы шаруаларын жиектеп қалған-ды. Өз ауылынан келген пішеншілер қанша шапқанмен өндіре алмағасын өткен жолы үме салды. Онан соң еңбек ақысына кейін бір-бір тоқтыдан беретін боп, Дос пен Төлеудің жігіттерін жалдап, көк құрақты құлатып тастады. Шалқардан әкелген шебер ұсталар да кәзір Ақбауырдағы қора жанынан көп бөлмелі үй салып жатыр. Қала сәнімен көк шатырын көтерді.

Күнде басына бір барып, қырағы көзімен бақылап қайтады. Келешек тірлігінің ыстық ұясын көрген сайын жігіт көңілі қуанып, әлі татпаған тәтті үмітін осы үйдің бітуіне қаратып жүр.

Қарындасын құтты жеріне қондыру Төлеудің де ендігі бір үлкен арманы. Жақын арада күйеу баласы болғалы тұрған жігітке қонақасы бергісі кеп, жанын жалдап жүрген-ді. Сәті бүгін түсті. Пішен шапқан ақысына алған тоқтыны өріске жібермей, оң босағаға байлап қойды. Ендігі жерге қыз бен жігіт жні кездесіп, жүздері ашыла берсін деген аржағында бір есебі болғасын күйеу қасына басқа ешкімді қоспады. Және Тәңірбергенді әдейі Айғаншаның жұмыстан шығатын кезіне туралап, ақ пен қызыл арасында ертіп әкелді.

Балжан мен Кенжекей кедей үйдің бар жылтырағын бетке тұтып, төрге төсек сап қойған екен. Төлеу үйге жақындағанда жүгіріңкіреп барып, қонағының алдынан есік ашып, ілгері өткізіп жіберді. Есіктен басын сұқпай жатып ол іште қыздың жоғын байқап, табалдырықтан аттай бере тоқтай қалды. Қонақ төрге шығып отырам дегенше ол Кенжекейді ымдап, сыртқа шығарып алды:

— Айғанша қайда?

— Жұмыстан қайтқан жоқ.

— Оттапсың. Жұмыстан әлдеқашан шықты.

— Кейде балық көп болса түннің бір уақытына дейін ұстап қалатыны бар ғой.

— Жоқты соқпа! Ол қыз дәуде болса мына ауылда, Мөңкенің үйінде отыр. Тез бар да ертіп әкел.

Тәңірберген үй ішіндегі ыңғайсыздықтың жөнін байқаса да, түк білмеген кісіше қаннен-қаперсіз отыр. Төлеу қонақ алдында кешірім сұрағандай, қипақтай бастады.

— Сорлы бала анасын ұмыта алмай, өгейсіп жүр. Әлиза маңдайынан сипағанға...

Сырттан дыбыс шықты. Төлеу құлағын тіге қалды. Күткен кісісі болмағасын қайтадан қипақтап: «Әлгі найсап неге кешікті?» — деп ойлады. Не істерін білмей, терісі тарылып отыр еді, есік ашылды.

— Келді ме? — деді Төлеу, Кенжекей ақырын жапқан есіктің аржағында кіре алмай тұрған тағы біреу бардай, шыдамсызданып мойнын созып қарап.

Ішке Қарақатын кірді. Төр алдында отырған Тәңірбергенге бұрылып, әдеппен амандасты. Сонан соң ол Төлеуге бұрылып:

— Көшпей-қонбай қыз жоғалтқаннан саусың ба? — деп сайқылана күлді.

— Шық үйден!..— деді Төлеу ақырын, бірақ ызалы үнмен.

— Қой, айналайын!.. Сен қыз жоғалтып күйініп тұрсаң, мен сол қызыңның... сол жүзі қараның бір жігітпен кетіп бара жатқанын көріп, жарыла жаздап кеп тұрмын.

— Не-е? Не деп тұрсың, сен?

— Ойбай-ау, қызға қырық үйден тыйым болар еді. Сендер беттен қақпай, бұйдасын мойнына салып жібердіңдер.

— Жұмысың қанша менің қарындасымда...

— Енді, әне өзіңе жұмыс тілеп алып жатырсың...

— Ол қандай жұмыс?

— Көресің қандай екенін.

— Әй, айналайын, аспанды үстіме құлатсаң да тұрасын айтшы.

— Айтпас деп пе едің.

— Айт шапшаң!

Қарақатын Төлеуге шабынып жетіп барды:

— Біз де қыз асырап едік. Бірақ, біздің қызымыз ер кісіге қарамай, иманы бетінде үзіліп тұрып еді. Ал, сендердің қыздарың...

— Тоқтат!

— Мен неге тоқтатам. Аға, жеңге боп бірің қыз ұятын қорғай алмадыңдар. Екі қатының кепелеп ішкен астан басқа білері жоқ. Беттері белдей боп отыр, міне. Қыздарың болса... кетті әне, түрмеден қашқан қашақпен қол ұстасып.

— Не .. Не дедің, әй, сен қар?

— Өзің қар! Қара бетсің! Айғанша айың еді. Жабығыңнан Еламан ұрлап әкетті.

Төлеу есік алдында жатқан тоң шотты іліп ап, жын ұрғандай сыртқа ұмтылды. Ертеден бері ешкімнің көзіне түспей, елеусіз отырған Қалау да осы арада жуан дойырды сығымдап ұстай түрегелді. Үй ішіндегі бір жанға көз салмай, қабағын түйіп тұнжырап алған күйі ағасының соңынан бұлкілдеп ере берді. Ызалы жігіттер сыртқа жүгіріп шыққалы оқтала бергенде, аржағынан бір топ кісі сау етіп кіріп келді. Ішінде Курнос Иван мен Дос бар.

— Төлеу, тоқта!

— Жібер!

— Қыратын болсаң кейін де күн бар. Ал қазір тұра тұр. Шаруа бар,— деп Курнос Иван бөгемек боп еді, көзіне қан толып алған ағайынды жігіттер Курнос Иванды

қағып жіберіп, ата жөнелмек болды. Сол сәтте ту сыртынан Тәңірбергеннің:

— Қайт кейін! — деген даусы шықты. Төлеудің қолынан тоқ шот түсіп кетті. Тәңірбергенге қарай алмай, жігері жасып жым болған күйі ізінше кейін қайтып кеп, Курнос Иван мен Достың тасасын ықтай отырды.

— Мырза, мына Мөңке ауылы бүлік бастады. Айылын жимастан кеп, бар ауын запрет жерге төгіп кетті. Не істейсің маған, мықты болсаң тіпп көр деп, күш көрсетіп отыр,— деп Курнос Иван зығырданы қайнап, түгі сыртына тепкен шолақ танауы қаттырақ шуылдап тоқтады.

Тәңірберген сүп-сүр боп отырған-ды. Мына хабарды қыбыр етпей тыңдады.

— Бұған сен қалай қарайсың? — деп ол Досқа бұрылды. Оның ішін алдырмай, басын төмен салып отырған түрін ұнатпаған екен.

Дос еңсесін тіктеді. Әлі де болса бір кісіге көз салмай, қабағын жауып апты.

— Ежелден бері бүлік басы Еламан. Мынау сонан шыққан сойқан.

— Ендеше кесімін өзің айт. Теңіз сенікі, тентек те сенікі.

— Кесім қысқа. Ауларын сыпырып алу керек.

Тәңірберген Досқа барлап қарады. Әншінде үндемей жүргенмен шынтуайтқа келгенде осы кісінің жаулық ниеті қатты ұстап, қасарып алатынын ұнатты.

— Дос ағам дұрыс айтып отыр. Күш көрсететін немелер ғой, сендер де бас-аяқтарыңды жинап, тұтасып алыңдар. Аянатын ештеңе қалмаған секілді.

Курнос Иван мен Дос бас изеп құптады да, есік алдында тұрған екі балықшыға әмір берді.

— Жинаңдар жігіттерді!

Олар жүгіре жөнелді. Курнос Иван жанында отырған Төлеуді түртіп қалды:

— Ерлігіңді енді көрсет!

XXI

Балықшылар ерте тұрды. Ешқайсысы әмір-бұйрық күткен жоқ. Кімнің не істеу керек екенін әр қайсысы өз ішінен ұғып, үнсіз тұнжырап алған күйлері ескек, таяуларын алып жатыр. Рза Еламанның көзін ала бере жуан жиде қаданы ескекке қоса қолтығына қыса кетті.

Жаңа үйден шыққанда жел шырадай тымық еді; теңіз

жағасына кеп қайықтарын суға салғанда балықшылардың бетіне болмашы ғана салқын леп соқты. Тәжірибесіз жастар бұны теңіз бетінен ескен таң самалы деп қалды. Бұны тек Мөңке мен Еламан жақтырмады. Қыл жиекке біткен көк құрақтар кенет қатты желдің қаһарын сезгендей болады. Құрақтардың сасқалақтай сусылдап, қалтырай қалғанын жақсы нышанға жорымай, «күн райы бұзылады-ау, шамасы»,— деп ойлады.

Келесіде биік камыстардың басы суылдап, тымық теңіз ырғалып ісіне бастады. Теңіз бетінде толқын көрінбесе де, сонау аңғар беттен, тереңнің дәл өзінен шүйлігіп лықсып келе жатқан құдірет күш бар ма, суға салған қайықтар әлден секектеп, жағаға сығылыса берді.

— Ал, жігіттер, тезірек қимылдаңдар. Жел көтеріліп барады, сірә дауыл болатын шығар,— деді Еламан асықтырып.

Әзір тұрған жігіттер кешегідей он қайыққа екі-екіден бөлініп мінді. Сол бойда қайықтың қара құсын кешегі ау салған жерге туралап тартып кетті. Шалт алған қос-қос ескектер құс қанатындай лыпылдап, он қайық ақ езуленіп тұмсығымен суды айырып келеді.

Жел көтеріліп кеткен. Ашық теңіз өкіріп, жал-жал толқындар ереуілдеп ойнақтап кеп онсыз да малтығып келе жатқан қайықты кеудесімен қағып тастайды.

Еламан мен Мөңке бір қайықта. Бас ескекке Мөңкені қойып, өзі бел ескекте отырған Еламан көзінің қиығын жағадан айырмады. Жағалауда тірі жан жоқ. Промсол жақ жым-жырт.

— Курнос Иван ана жылы жоқ боп кеткен жоқ па еді?..

— Қаңғып-қаңғып қайта келді ғой.

— Жел қатайып кетті-ау!

— Дәнеңе етпейді. Ау өзектің ішкі бетінде болғасын, көре қал, камыстың ығы жел жібермейді. Тымық.

— Солайы солай. Тек, қайдам, өзекке жеткенше бүйірден ұрған толқын есіңді тандырмаса...

Еламан ескекті Мөңкемен бірдей алып келе жатқан. Оны бағанағы ой қайта мазалап, тынышсызданып кетті де, бұрылып ілгері жағына көз тастады.

Оны билеген ой Мөңкені де мазалап келеді екен. Мөңке ескегін тартпай, бір сәт қалт еткізіп судан көтеріп алған бойы:

— Біздең басқа бір жан теңізге шықпағаны қалай? — деп күдігін аңғартты.

— Бәсе, ешкімнің жоғы несі? Осылары тегін бе?
— Түсінсем не дейсің.
— Қарап қалулары мүмкін емес еді...
— Әлде,... сенен сескенді ме?
— Әй, қайдам...

Бұлар Қандыөзекке кірді. Мөңкенің айтқаны расқа соқты: ашық теңіздей емес, ішкі қолтықтың ығы мол. Қанша дауыл болса да, қамыстың тасасы қатты толқымай, ырғалаған теңіз бетімен ирек толқын жүріп тұр екен.

Бұлар ағылып келген беті ескекті қайықтың кеперіне қайыра-қайыра салды да, шап беріп аудың құлағына жармасты. Қандыөзектің аузына құрған аулардың көзі балықтан құр емес екен. Көлдің қара мөңкесі мен ұлы теңіздің кешегі ағыспен келген ажарлы, ірі балығы аралас түсіп, сіресіп бөгіп қапты. Сары бауыр сазан мен неше түрлі күміс шабақ, айна көз, қара көз балықтар қыз өңіріне таққан күміс теңгедей жалтылдап тұр. Аудың құлағын көтергеннен-ақ әлгі балықтар тобына тас тигендей қатты әбігерленіп, жұлқа тартып, шапыр-шұпыр болды да қалды.

Еламан баяғы балықшы кезі есіне түсіп:

— Әп-п бәрекелді!..— деп, дәл бір сол кездегі жалынмен құшырлана ұмтылды. Тапырлаған балықтар қалаш құйрығымен су сабалап, үсті-басын селіктіріп жібергеніне қарамады. Ірі балықтар мол денесімен суды шайқап, бұлқынып қалғанда Еламан, әсіресе, қатты шабыттанып, теңіз үстін басына көтере күліп жіберді.

— Мөңке аға, мұнда кел! Асау немелер ал беретін емес.

Басқа жігіттер де көңілді; бәрі балықтың қызығына түсіп, қауқылдасып жатқан-ды. Сол сәтте қырық-отыз қайыққа мінген жүз қаралы кісі тар өзектің екі бетіндегі қамыс арасынан шыға-шыға келді. Кейбір сабырсыз ұрда-жықтары ұзын ескекті ызғарлана көтеріп апты.

Бәрін бастап келе жатқан Курнос Иван. Астында сүйір тұмсық ақ қайық. Қолында қос ауыз мылтық. Дос, Төлеу, Қалау, Курнос Иваннан қалмай қайығын қаптал дастырып келіп қапты. Көп балыққа қарық боп жатқан қас ауылдың жігіттерін көзімен атып, үнсіз тақап келе берді.

Еламан оларды басқалардан бұрынырақ байқады. Өздерінің қапыда бара жатқанын көріп аудың құлағын қоя берді.

— Қамданыңдар! — деп айқай салған бойы дереу ескекке жармасты.

Алғашқы қарбаласта ана жақтың бас-аяғын байқамапты. Түйіліп келіп қалған жауды тосып тұрып, енді анықтап

қараса, өздерінен төрт-бес есе көп. Және Курнос Иванның қайығымен жаға буды боп қатар қозғалып келе жатқан төрт-бес жігіттің бәрінде де мылтық бар. Қалғандары да құр қол емес. Ең құрығаны ескек, таяуын көтеріп әзірленіп алған.

Еламан қол күшінің негізгі салмағы Достың жігіттері екенін көрді.

— Мыналардың аяйтын түрі жоқ. Еламанжан, қарсыласпа, қан төгілер,— деп Мөңке елден бұрын ескегін лақтырып тастады.

Еламан дір-дір етеді.

— Әттең, құдай-ай, мұны білмедім ғой...

Курнос Иванның екі көзі Еламанда. Мылтығын кезеп апты. Қарсылассаң күшпен таптап кететін түрін танытты. Еламан әлі де болса өзінен әмір күтіп тұрған жігіттерді шолып өтті:

— Қаруларыңды тастаңдар!

— Неге?..

— Мұнан да өлгеніміз жақсы еді ғой.

— Жә, сөзді қойыңдар!

Жігіттердің қолынан қайың ескек түсіп кетті. Аналар соны күткендей, қайықтарын қаттырақ есіп келді де, Еламан мен Мөңкені орталарына ала қоршап тұра қалды. Алғашқы келген бетте Төлеу Еламанды қақ бастан құлаштап ұрды. Еламан бұғып қап, ұзын таяқ қара құсты сипай өтіп, қайықтың кенеріне соғып, ортасынан қақ бөлінді. Төлеу қапы кеткеніне күйініп, ызамен қайта ұмтылып еді. Бұ жолы Еламан өзіне сілтеген таяудың шолақ басын денесіне тигізбей, шап беріп ұстай алды. Сонан әрі тартысуға келтірмей, таяуды Төлеудің қолынан жұлып алды да, жұрттың басынан асыра лақтырып жіберді.

— Ойбай-ай, мынаның зәбірін-ай! Мылтығыңды берші.

Курнос Иван Төлеудің қолын қағып тастаған бойы қайығын тез қозғап кеп, Төлеу мен Еламан екеуінің арасынан кимелеп кірді.

Құр қол Еламанның кеудесіне мылтығын кезеп:

— Қозғалсаң атам! — деп екі көзін айырмай қыбын бағып тұрды да, өз жігіттеріне:— Кірісіңдер! — деп әмір етті.

Әпербақан жігіттер тап-тап беріп, Мөңке мен Еламанның ескек, таяуын өз қайықтарына салып алды. Қалғандары ауға жармасты. Осы кезде жел де жынданып, күшіне мініп бара жатты. Ана жақта ұлы теңіз өкіреді. Бұлақтап тұрған өзектің ішкі сағасы түтіге бастады. Ағыс

күшейіп, аядай жерде шоғырланған көп қайық секек қағып, бір-біріне бүйірлеп жанап кеп шақыр-шұқыр соғысып қалады.

Дос қайығымен үнсіз халықтың арасын кимелеп жарып кеп:

— Әй, Еламан! — деп жұрт назарын аударып алды. Қайығының тұмсығын Еламанның қайығына тіреп, ызғармен төніп,— мынау болғанда,— деп қолындағы ақ таяудың салмақты басымен Мөңкені нұсқады.— Мынау болғанда осы арада суға батырып кетер едім. Әттең, сен боп дің-кемді құртып тұрсың.

— Саған қазір кім болғанда да бәрі бір емес пе. Мөңкеге қол көтерген адам маған тоқтайды дейсің бе. Бәріміздің де суға батырып кет.

— Сен бала, тайтаңдай берме! Сенің жайың маған белгілі. Тұрған жерің бүлік. Бір рет кештім дедім ғой. Ал, бірақ екінші рет кездессең оңдырмаймын.

— Енді кездеспеспіз. Енді кездесе қалсақ, былай тарамаспыз.

— Болсын.

Курнос Иванның әмірімен Дос пен Төлеудің жігіттері әп-сәтте бұлардың бар ауын балығымен қоса қайықтарына тиеп алды.

Еламан қанша үндемейін десе де, мына қиянатқа шыдамады:

— Әй, Иван, бұл қай зорлығың? Николай заманы өтіп еді ғой.

— Ха-ха-ха! Қазір Керенский заманы екені есіңнен шықты ма?

— Есімде. Керенскийдің де кедейге теңдік әпермесін білгем.

— Сенің теңдігің түрменің түбінде. Ал, мыналар,— деп Курнос Иван Мөңкенің жігіттерін көзге нұқып, табалап тұрып,— сенің желіктіргеніңе ерем деп ау-құралдарынан айрылды. Ертең қатын-баласына асымдық балық тауып бере алмай жерге қарап қалғанда сөйлесем сендермен,— деді.

Осы сәтте Рза таяуды қаттырақ басып қап, қайығын ытқытып жетіп келді:

— Елаға, өзекті жаңа бір өлім. Мына қорлықты көргенше қолында өлейік те!

Еламан да зығыры қайнап, шаққа тұрған-ды.

Соны сезгендей Мөңке басу айтты:

— Осыларға сөзіңді шығын қып қайтесің. Иван мен

Доста не билік бар. Бұлар Тәңірберген мен Теміркенің бізге үргізіп қойған қарғылы төбеті емес пе.

Дос пен Төлеудің жігіттері мәз-мәйрам. Ал, мыналар ауларынан айрылып ұрыға тоналғандай боп шықты. Үнсіз топты ілгері өткізіп жіберіп, Еламан мен Мөңке кейіндеу келе жатқан.

Кенет, Мөңке мырс етті.

— Ағаң қалай? Жараған бурадай шабынып, күшіне мініп алғанын көрдің бе?

— Ай, Мөңке аға-ай, не айтатыны бар. Адам шіркін де ит секілді итаяғына ас құйғанның пендесі емес пе.

— Солай! Кетті ғой әнекей! Бір Дос емес, кешегі бар досың бауырыңнан сыпырылып шығып, жау жағына жарық берген жоқ па. Қанды көйлек жауыңның айтағына еріп, өзіңді қапқан күйігін қайтерсің.

— Апыр-ай де! Бұлар, әдетте осылай біріңді біріңе айдап сап құртады ғой.

Мөңке үнсіз қостап басын изеді. Қатын-бала теп-тегіс сыртта жүр екен. Балыққа кеткен ер-азаматтарының келуін күтіп, қазандарына су құйып, отынын әзірлеп қойыпты. Ең аржағы балық соятын шыптасына дейін жайып, пышағын қайрап отырғанын көргенде Еламан да, Мөңке де жерге кіре жаздады. Алдарынан шапқылап жүгіріп шыққан балаларға қарай алмай, кінәлі жанша көздерін төмен сап үнсіз өтіп кетті.

XXII

Үш күннен бері Мөңкеге қараған ер-азамат теңіз үстіне шыққан жоқ. Үш күннен бері бұл ауылда бір үй қазан көтермеді.

Балкүміс сияқты әйелдер күңкіл шығара бастады.

— Аузымызды кептіріп қойды ғой. Мұнан келмегенінің өзі жақсы еді.

Еламан жігіттерді жұмыссыздық аздырып бара жатқанын көрді. Бұрын бір-екі тартым ауын ермек қып теңіз үстінде жүретін жігіттер үйден шықпай, қатын-баланың арасында беймаза бола бастады. Реніш, ұрыс-керіс көбейді.

— Мына қорлықты көргенше өлгеннің өзі артық еді.

— Ие, аясатын не қалды. Жаумен жауша алысатын...

— Елаға, бұған не дейсің? Баяғы патша заманында да жауға намыс бермей, жығылсаң да жағаласып кетпеп пе едің?

Еламан жауап бермей, үн-түнсіз тұрып кетті. Тәңірбергенді өлтірудің оңай екенін білді: бірақ онан ғасы тұрған

аш-жалаңаш жандардың есесі тола ма? Онан кек қайтса, кешегі жылы өзі — Федоровты, Кәлен — Қаратазды өлтіріп еді...

Еламан әлі де болса Тәңірбергенге тілдескісі кеп, түс кезінде іздеп барды. Тәңірберген кешегі сәтсіз жорықтан кейін жұрт көзіне түсе бермейтін; ол әсіресе түс кезіндегі ыстықта тысқа шықпай, жеңіл шатырдың іргесін түргізіп тастап жұмсақ төсекте жатқан-ды.

— Елаға... төрге шық!

— Жоқ, осы арадан кетем.

— Неге... қонақ бол! Әй, қайссың барсыңдар!..

Ақикөз жігіт бастаған екі дәу кіріп кеп, есік алдына тұра-тұра қалды. Тәңірберген бойын билеп ала қойды. Алғашқы бетте амандық-саулық сұрап жылы шырай берсе де, анау шаруасын айтар жерде сұлу жүзі суық тартты. Ауқұралдарын қайтарып беруін сұраған Еламанға ол тіпті көз салмай, қырыстанып сөйледі:

— Теңіз менікі емес, Теміркенікі. Теміркеден теңдік алғың келсе, Шалқарға бар.

Еламан сыр бергісі келмесе де, құлағының ұшы дуылдап бара жатқанын сезді.

— Теңіздің қожасы Темірке.

— Солай де! Жанжалға барғым келмей, бітім іздеп келіп едім. Сен, өлмесең тұрма деп екі ауылды бір-біріне айдап сап, қырылыстырып қойып, қызығына көлденеңнен қарап отырмақсың-ау, шамасы.

— Не десең де ерік өзіңде...

— Солай де?

— Иә, солай..

Еламан тұрды да жүре берді. Мұнда келгеннен бері Мюлгаузеннен көрген зәбірін ұмытқандай боп жүрген-ді. Мына жағдайдан кейін тағы да қатты зәбірленіп, кеудесі кекпен қарайып келеді. Бейбіт отырған ауылға қару әкелгісі келмеген-ді. Енді байқаса бұл жақта да берекелі тыныштық қалмапты. Қарудың ауылға да керегіп қалғанын байқап, бір жамандыққа ойы ауа бастады.

Тәңірбергенге барып қайтқанын ешкімге айтпады. Күйлері тайып бара жатқасын бір күні Мөңке екеуі Талдыбекенің бойынан былқылдақ жас тал кесіп қабадан тоқыды. Бұл екеуіне Рза мен тағы бірнеше жігіт қосылды. Алғашқыда олар ермек тапқанына мәз болды. Қабаданды тоқып болғасын ғана қиындыққа кездесті: суы тыныш, қопақты көл болмаса, қабаданды тереңге салуға болмайтын...

— Не істеп қайттыңдар? — деді Әлиза екеуінің бірдей ерте оралғанынан күдіктеніп.

Еламан үндемей, төрге өтіп кетті. Баласын бауырына қысып отырып, іргеде сүйеулі тұрған домбыраны қолына алды. Салған жерден сарнап қоя берген көңілсіз саз кеш болғанша домбыра шегінен түспеді. Қылқылдап сағаға кеп қайтып, аржағында айта алмай булығып жүрген талай-талай мұң мен зарды осы күймен жеткізіп, өксіп-өксіп алатындай.

Әлиза мен Мөңке үнсіз тыңдап отыр. Балкүміс әкесінің аулына барып келді. Қарақатынға қатты ұқсайтын қалақтай қара сұр беті түтігіп алған. Кімге тиісерін білмей, ыдыс-аяқтарды теуіп қап, есікті сарт еткізіп ашып-жауып, өзінен өзі бүлініп бұрқылдап жүр:

— Қайдан келді қаңғып? Аузымызды кептіріп қойды ғой!

Еламан тартып отырған күйінен жаңылып кетті. Домбыраны қойып, сыртқа шықты. Күн батып барады екен. Еламан моржаларға қарады. Ас қамдайтын кез болса да бір үйдің моржасынан түтін көрінбеді.

Қарсы кездесіп қалған қатып-балаларға көз салмай, төмен қарап өтті. Осы күндері әлдекімнің баласы жылай қалса да, ас сұрап жатқан жоқ па екен деп шошып кетеді... «Құдай-ау, енді қайттім? Не істедім? Әлде, осы...» — деп ойлап, көз жанары ұшқындап кетті. Үйге қайтып келді. Үй ішіндегі жандарға көз салмады. Иесіз қораға тығып кеткен бесатар есінен шықпай, төр алдында түсі бұзылып отырған; кенет қыз даусы көңілін бөлді. «Айғанша ғой?» — деп ойлады. Ау-құралдан айрылғалы есінен шығып кеткен екен.

Айғанша еңбек ақысына жазғызып алған бір асымдай балықты жөкеге орап, қолтығына қысып әкеп, есік алдына елеусіздеу қып тастай салды. Бұрынғыдай ақжарқын емес, жұбау кескінде көзін төмен салып кеп, кішкентай Әшімді маңдайынан сипады да, бір жанға лəм-мим деместен шығып бара жатты.

— Қызым, жай жүрсің бе? — деді Мөңке.

Айғанша тоқтай қалды. Бірден жауап бермей, ойлы кескінде көзін төмен сап, тоқтап тұрды да, кенет шешілгісі келмей:

— Тек, жай...— дей салды. Жүгіре басып шығып кетті.

Айғаншаның бір жанға сездірмей есік алдына тастап кеткен балығын іле-шала Балкүміс ішке алып келді.

— Қайыр-садақаның алды келе бастады. Бұған да шүкір!

— Бұны кім әкелді?

— Әлгі қыз.

— Алда айналайын-ай! Қанатымен су тасыған қарлығаштай, біз қиындық көрген кезде осы бала бір көрініп қалады,— деді Әлиза тебіреніп.

— Сені қайтсін. Үйіңде бойдақ жігіт жатпаса, балық әкелмек түгіл басын да сұқпас еді.

Еламан баласын көтеріп тысқа шықты. Көңіл бөлмейін десе де, Балкүмістің сөзі тікендей қадала берді. Қарақатын секілді Балкүміс те ұрыс тілеген кезде себеп іздемейтін. Ондайда оған өзі тиісетін біреу табылса жетіп жатыр.

Әлиза сыртта жүрген Еламанның құлағына шалына ма деп Балкүміске ернін қысып ымдап еді; онысы қайта отқа май құйғандай болды.

— Е, мен неден қысылам. Елден шыққан ұятсыз менақ болайын.

— Мына найсап қайтеді, әй?

— Сендер... сен екеуің-ақ бет моншақтарың үзіліп, оңнан-солдан ұяла беріңдер.

— Ау, қойсаңшы!

Балкүміс өршелене түсті. Мөңкенің шыдамы осыған ғана жетті. Қасында жатқан келдекті ұстай алып:

— Бүйтіп қор болғанша,— деп ақыра ұмтылды. Әлиза ара түспек боп еді; ашулы Мөңке оны да бір итеріп тастап, былқ етпестен отырған Балкүмісті құлаштап қойды.

— Ойбай, өлдім, өлдім,— деді Балкүміс.

Мөңке енді тіпті басы-көзіне қараған жоқ. Бойын қаптаған бар ыза, бар кекті бір-ақ ақтарып, Балкүмісті қолымен де, аяғымен де тепкілей берді.

— Саған не болған? Еламаннан ұялсаң еді,— деді Әлиза.

Мөңкенің қолы сылқ түсіп, шүберекше салбырап кетті.

— Әлиза-ау, осы күні мен тірі жүрмін бе? Мен... мен өлген кісімін ғой. Жақсының да, жаманның да алдында күніне бір өлем. Менде... мен сорлыда не тірлік қалды. Мына ит маған несін сәдет қылады? Сәдет қылатыны жөргектегі баласы ма? Керегі жоқ. Алып кетсін! Есбол... әне жетпістен асты. О да баласыз. О да өлген жоқ. Әлиза-ау, айта берсең маған бала емес, маза керек. Мына екі аяқты айуанына айтшы... Өзің айтып ұғындыршы. Осы үйге пенде болғы-

сы келсе, ұрыссыз, ың-шыңсыз тыныш отырсын,— деді Мөңке дәл бір зәбір көрген баладай жыламсырап.

Әлиза үнсіз егіліп отыр.

— Мен бала сүйем, бас көбейтем... дегенмен құдай құрамайын десе құрсақтағыны алады. Құдай қойғанда, бүгінде баламның алды отыздан асыпты .. Қайда... қайда олар? — деп қолын күйікпен қалшылдап созды да, өкіріп жылап жіберді.

Әлиза бүк түсіп, тізесін құшақтап қалған. Оқта-текте өксік буып, солқ-солқ етеді.

XXIII

Үйінде емізулі баласы қалған қатындар жұмыс аяғына жаны дызығып жетті. Сойып жатқан балықтарын да жиыстыруға шамасы келмей, тұра-тұра жүгірді. Жалғыз Айғанша ғана қозғалмады. Ағаларымен арасы суысып кеткелі үйіне баруға ықылассыз. Кіші ағасын қай кезден жек көретін. Жақсы көретін ағасы Төлеу де өзгеріп барады. Үй ішіне ырза болмай, үнемі төмен қарап тұнжырап отыратынды шығарды. Басқалардан бұрын қарындасын көзінің қырына қаттырақ ап, суық қабақ астынан бағады да отырады. Сол кезде Айғанша өзін қоярға жер таппай, қай ісімнен қате шығады деп қорғалақтап қысыла бастайтын боп жүрген-ді. Ол жұмыс аяқталса да үйге қайтуға асықпайтын.

Айғанша бүгін тіпті кеш шықты. Күзетші шал оған күдіктеніп қапты. Бойына балық тығып бара жатқан талай келіншекті ұстағаны бар. Айғаншаны тап солардай тоқтатып қойып тінтіп жатпаса да, шығар ауызда жол тосып тұрып қыз бойын көзімен сүзіп өтті. Айғанша түк сезбеген кісіше тұсынан өтіп кеткісі кеп, тезірек басып келді де, қатарласа бере тоқтай қалды:

— Тінт! Тінтсейші!

— Сенен сұрамаймын. Кете бер!

Енді бірдеңе деуге ызалы жас көзіне кеп қалды да, Айғанша сыртқа атып шықты. Аңдаусызда есік алдында тұрған Кенжекейді де қағып кете жаздап, кимелеп тоқтады:

— Сен мұнда не қып тұрсың?

— Ағаң жіберді. Ертіп алып қайт дегесін, амалым қайсы, сені күтіп тұрғаным ғой.

— Мені күзетіп тұрмын десейші. Қия басқызбайды де. Басқан ізіңнің бәріне аңду салып, күзет қойды де.

— Айналайын-ай, сай-сүйегімді сырқыраттың-ау...

— Сондай-ақ мен сенімімді қашан жоғалтып едім? Әлде, Теміркенің сарала балығы секілді бой жеткен қызды да

күзетшіге бақтырып қоймаса сенбей ме екен? — деп ашулы қыз ызалана күлді де, бір ауыз сөзге келмей бұрылып жүре берді.

Күнде жұмыстан шыққаннан кейінгі әдеті бойынша жуынып алғысы кеп, күн астында жалтырап жатқан ақ тымықты кешіп барды. Бір қолымен алдыңғы жағынан көтеріңкіреп алған көйлегінің етегін тізесінің арасына қысып тұрып, беті-қолын жумақ боп еңкейе берді де, кенет тоқтай қалды. Созған қолы су бетінде асылып, салбырап тұр. Айғаншаның көптен бері өзін өзі анықтап көргені осы еді. Қара торы бетінің өңі еркін күн қағып қалыңдай түсті демесең, қазір де атжақты әдемі. Үш жағы келтелеу біткен қыр мұрны тіпті мінсіз. Жұмыстан шаршап шыққасын ба, көз жанары ғана кірпік астында қалжырап, жұмылып кете жаздап, бұған тұнық түбінен соншалық бір салқын қарап тұр. Айғанша судағы бейнесінен көз алмай тұрып қос самайындағы бұйра балапан шашын алақанымен уыстап жиып алды да, кейін қайырып қойды. Үлкен кісіден мақтау есіткен балаша кенет құпиялы қуанышқа кеудесі толып кетті. Ажарлы екеніне Айғанша сірә де шек келтірмейтін. Тек кейінгі жылдары кексе қатындар арасында жұмыс істеп, бойын күтуге мұршасы келмей жүрген-ді. Бұрын соның бәріне көңіл бөлмесе де, осы қазір ол әлде неге өзінің елеусіз өтіп жатқан өміріне налып кетті. Әлгі бір азғана қуаныш тұтана түсті де, тез сөнді. Жиекке шыққанда қыз жүзі тіпті жабырқау тартып, өзін күтіп тұрған жеңгесіне көз салмай, жанынан үнсіз өтті.

Жел тынған. Теңіз де тынып, ашық айдын ақырын тыныс алып, солықтап қана жатыр. Жаңада кірген жылы күздің сары шуағында кісі көңілін әлдилеп ақырын тербеткендей рақат тыныштық бар. Оқта-текте аңғар жақтан көңіл ашқандай қоңыр самал соғып, қимылсыз тұрған құрақ басы сілкініп сыбдырлап қалады. Ұлы теңіз аппақ. Қиғаш түскен күн астынан қарағанда көз ұялады. Көк жүзінен қызғыш шапақты күміс сәуле төгіліп тынымсыз жыбырлап жатады да, ара-арасында ұшқын тұтап жылт-жылт ете қалады. Айғанша әсіресе, сол кезде күн шалған теңіз бетіне көз тоқтатып қарай алмай, кірпігі жыпықтап кетеді. Көңілінде құрттай да реніш қалмапты. Бүтін дүние осы бір сәтте өз жүрегімен үнсіз жалғасып, бір тілдің үстін басып жатқандай сезіп, су шайып жатқан қызыл жиекпен ақырын жүріп келеді. Күн кешкіріп, көлеңке басы ұзарып қалыпты. Айрықша жағалаудағы бала құрақтардың бауырына көлеңке тұнып, құпиялы сырмен қарауыта бастаған.

Айғанша өткен жолы осы уақытта, дәл осы арада Ел-

аманға кездесті. Сонда да дәл осындай тілсіз тыныштықты қалап, көзі түскен нәрсенің бәріне жақсы сырласындай жүрегі лүпілдеп қуана қарады. Осы кездесуді қалаған Айғанша еді. Үйдегі жанжалдан кейін айтары көп сияқтанып асығып болған. Бірақ, бір ғажабы, бір-бірімен кездескесін екеуі де үндемеді. Бейуақ кеште өз іштерінен тыныштық іздегендей. Айғаншадан да гөрі Еламан тұйықтау болды. Айғанша онан жөн сұрағысы кеп, іштей әбігерленіп бітті. Соның бәрінде де жанына бататын бір жерін ауыртып алам ба деп жүрексініп, батылы жетпей тоқтап қала берді. Осы жігіттің өзінен мүшелі жас үлкен екенін білді. Басына ақ жаулық түсісімен бақытсыз болған талай құрбы қыздарды көрсе де, әлде неге екені белгісіз, ол өзінің келешегінен қорықпады. Баласы әкесіне қандай сенсе, осы жігітке де шын кеуілмен сеніп жүр. Жасы қырыққа келе қоймаса да, самай шашын әлден ақ шалып, кең маңдайын қасірет ізіндей әжім осып тастаған осы бір кесек тұлғалы жігітте көп сыр жатқандай. Бірінші күні ол бар жайын ақтарып салса да, келесі күні қайта кездескенде үндеген жоқ. Айтар сыры әлі де көп болғанымен өзіне осы жолы қатты тыйым салып, бойын тежеп қалғаны анық. Бұ да оның ұстамдылығы ма? Әлде, өз басының қасіретін айтып, қыз жүрегін улай бергісі келмеді ме? Сөйтті ме екен?

Ой билеген Айғанша судырлаған бал құрақтың арасына қалыңдап кіре түсті де, тоқтады. Оның қажыған кескінін осы қазірде көз алдына келтіріп, анық елестетіп тұрып, жан ауыртқан аянышпен ернін қырқып тістеп ала қойды. Осы адамға деген аяныштан кенет тынысы тарылып, ақ шыт көйлек астында қыз кеудесі қабынып, қатты көтеріліп, еңтігіп дем ала бастады. Осыған дейін көз тігіп тұрған көк құрақтың қара құйрық басы кешкі самал астында ақырын ырғалып қыз жүрегіндегі сырға ілтифат білдіріп, үнсіз құптағандай еді. Теңіз беттен мап-майда ескек жел соқты. Өз ойымен тұрған Айғанша оны сезген жоқ. Тек бала құрақтар бар тобымен біртүрлі шұғыл қуаныш білдіріп, сыбдырлап шаттанып қалғандай болды.

Теңіз жағасында тірі жан жоқ. Кенжекей қайын сіңлісіне таңдана қарап, кейіндеу тұр. Көңілге болмаса қайын сіңлісі бұрынғысынан басқалау. Үйде отырғанда да бұлар білмейтін белгісіз бір ой оны әрқашан баурап ап, өзімен өзі оқшауланып қала беретін. Әне бір күні ас ішіп отырғанда қолынан қасығы түсіп, ой билеген көзінің қарашығы адасып, алдындағы астан, жанындағы ағалары мен жеңгелерінен де сырғанап, ауып кете бергенін байқады; бір жақсысы

оны Кенжекейден басқа еш жан байқамады. Кенжекей Төлеу мен Қалаудың көзін ала бере қайын сіңлісін сақтандырып, ақырын түртіп қап еді. Айғанша дір ете қалса да, салмақты қалпын бұзбады. Ағаларының алдында былайғы кезде де көзін жартылай жауып тұратын ұзын кірпігін со жолы Айғанша тіпті қозғауға ерінгендей ақырын көтеріп, «бірдеңе бұлдіріп алдым ба?» деген үнсіз сұрақпен жеңгесіне қарап еді.

Кенжекей қазір соның бәрін әлденеге есіне түсіріп, ойланып тұрды да, қайын сіңлісіне қатарласты:

— Еркем, қайтайық.

— Жеңеше...

— Ау, қалқам?

— Жеңеше... сен осы ағама ғашық боп қосылдың ба?

Кенжекей шошып кетті. Төлеу мен Қалау қарындасына сенбей ізіне аңдушы салып қойғанда да, ондай ойдан бұның өз кеулі таза еді; сақал-шашына әлден ақ еніп, егде тартып қалған кісі мына Айғанша секілді уыздай жас қызға жар болудан гөрі әке болуға лайықты сияқтанып, ішінен қынжылып үнсіз отырып қалды.

Айғанша да әлгі сөзді ыссылай айтып салғанын білді. Сонысына енді оның өзі қысылып, жеңгесін тас қып мойнынан құшақтай алды. Кенжекей Айғаншадан сырын жасырмайтын. Көп жайына қайын сіңлісінің өзі де қанық: басқасын былай қойғанда кейінгі жылдары күйеуінен көңілі қатты суып, іштей алыстап кетті. Сондықтан ба, ол өзінің баяғы қыз кезінде күйеуіне ғашық боп, қашан ұзатылғанша іштей лаулап өртеніп біткенін есіне алғысы келмейтін-ді.

Кенжекей қайын сіңлісінің сауалына амалсыз шешіліп:

— Ай, қалқам-ай! Менің жайым өзіңнің көз алдыңда өтті емес пе. Бәяғыда ғашық болдық па, жоқ па, осы күні өткен өмірім өзіме де көрген түстей. Көктемде қызғалдақ көз алдап бір көрінеді демесең, күзді күні қаңтардың қара суығы соққанда жер байғұста не сиық қалушы еді. Жеңгеңнің басынан қаңтардың қаһарлы суығы соғып тұрған жоқ па? Менен не сұрайсың. Сен бақытты бол! — деп қайын сіңлісін маңдайынан сипады.

Айғанша аңдаусызда жақсы көретін жеңгесінің ең бір жаны ауыратын осал жеріне тиіп кеткеніне өкінді. «Сүйікті жеңешем! Асыл жеңешекем!» — деп сыбырлап, ыстық ернімен Кенжекейдің бетін сүйіп-сүйіп алды.

Бұл кезде күн батып кетіп еді. Теңіз бетінде көлеңке кәдімгідей ауырлап, ол жақ түп-тұтас қарауыта бастапты.

Тек әлі қызылы сембеген күннің әр тұста үзіліп қалған үйір-үйір сәулелері ғана күңгірт құбылып, лыпылдап сөніп жатыр екен. Бір бетті тұтас алып, түксиіп қарауытып келе жатқан ұлы теңіз осы қазір ақырын солықтайды. Бұл түрі, бейне күліп жатып көз жұмып, қалың ұйқыға бас қойған алып бір тірліктің ақырғы тынысы, үзілер шағы сияқты еді. Әлдеқайдан өгіз шағаланың өкірген даусы естілді. Келмей қалған жұбайын кешкі мекеніне шақырып, мазасызданып қиғылық ұрып жатыр ма?

Айғанша жеңгесінің мойнынан құшағын жазып алды:

— Жеңеше, сен кете бер. Мен... мына ауылға соғам.

— Қарғам-ау, бұның қалай болады? Ағаң білсе...

— Мейлі, білсе біле берсін,— деді де, Айғанша жүріп кетті. Мөңке ауылына бет қойып, кешкі ымыртта көзден таса боп, ұзап бара жатты.

XXIV

— Қыз бен жігіт кеше тағы кездесті. Қыздың өзі іздеп барды. Құрсын, беті ашылып бұзылып болған ғой.

Қарақатынның аузынан шыққан сыпсың сөз үй мен үйдің арасында сумаңдап жүрді де, бір күні қыз ағасының құлағына да шалынды. Төлеу есіткен бойда үй-ішінің тасталқанын шығарып, екі қатынып сабап, екі бұрышқа тығып қойды. Ызалы жігіт сол күні қарындасының жұмыстан қайтқанын да күтпестен жын ұрған кісідей жүгіріп Мөңкеге барды. Сәлем берген жоқ. Әй-шәйге қарамай, қарт балықшыны оңашалап сыртқа алып шықты. Мөңке Төлеудің мына келісі тегін емесін қатты бұзылған түсінен танып. Онсыз да араздыққа бет алып бара жатқан екі ауылдың арасын тым құрыса осы тұста ушықтырғысы келмеген қарт балықшы түсін жылытып отырып:

— Жайшылық па, шырағым? — деп сыпайы жөн сұрады. Қарт балықшының момын жүзін көргенде, дөкір жігіт өзінің адуын түрінен ыңғайсызданып қалған сияқты. Арғы жағындағы ақтарылғалы тұрған ашулы сөздерді ол тура бастамай, әуелі жанында жел шайқап ырғалып тұрған бір шоқ сарсолмаға қол созды. Осындайда шөп екеш шөп те көлеңдеп көзге түсіп жынына тиіп біткендей, жел астында ырғалған сарсолмаға бұл қолын созып ұмтыла бергенде, о да бұлаң етіп, басын ары алып қашып, дәл ұстар жерде уысынан шығып кетті. Шөптің мына қылығы онсыз да зығыры қайнап отырған жігіттің тіпті ызасына тиді. Құйрығын басып отырған жерінен ол жедел көтеріліп, ұмтылып

барып, ызасына тиіп болған сарсолманы шеңгелін толтыра уыстап жұлып алды да, лақтырып жіберді.

— Жел айдаған қаңбақтай жер-суымды тастап, қара іздеп қастарыңа келіп едім. Құйрық-жалым қысқа еді. Қыз бала болса да қасымда қара боп жүрген жалғыз қарындасым еді. Мына Еламан інің азғырып жарық көңіліме жара сап жүр.

— Қой, жарқыным, өсек шығар...

— Жоқ, шын.

— Өз көзіңмен көрдің бе?

— Көрген кісі бар.

— Кім? Кім ол өзі?

— Қайтесің, ақсақал! Онан да, ана жігітіңе айт! Қарындасымнан аулақ жүрсін. Әйтпесе...

— Іркілме, шырағым. Әйтпесе не істейсің, оныңды да айт.

— Аяғын қырқам. Айғырлық қылатын неме ғой, ат қып тарттырып жіберем!

— Е, бәрекелді. Ер екенсің. Сәлеміңді айтайын.

Төлеу түрды да, жүре берді. Жер шұқылап отырып қалған қарт балықшымен де қоштасқан жоқ.

Жамандықтан жүрегі шайлығып қалған қарт балықшы мына жігіттің жаулыққа кеткен түрін жақтырмады. Тым құрыса Еламанды алдын ала сақтандырып қойғанды жөн көрді. Төлеудің қайрылмайтын түрін байқағасын шапанының шалғайын қағып бұ да түрекелді. Бүгін бұл ауылда бір оқшау қонақ бар. Ол — Құлтума. Ана жылы осы ауылдың кісілері мұзға ыққанда бұның бір аяғы үсіп ақсақ боп қалған-ды. Сонан соң ол балықты тастап өз еліне кеткен. Сонан бері қара үздіріп, хабар-ошарсыз жүріп, өткен аптада ойда жоқта келді. Еламан Құлтуманың келгенін сылтау қып, екі қолы алдарына сыймай бостан-босқа қарап отырған кісілерді Рзаның үйіне жинап ап еді. Мәңкенің ішке кіргенін бұлардың еш қайсысы байқамады. Үй толы кісі Еламанды орталарына ала отырыпты. Қызбалау жігіттердің делебесі қозып «е, пәлі!» — деп көтермелеп қояды. Еламан бұл отырыста тіпті бір түрлі. Әншейіндегі өзінің қой аузынан шөп алмайтын жуас қалпынан күрт жадырап, тап бір арқасы бар айтулы жырауларша тақымының астына бір жастықты басып апты.

Ақ домбыраны қос шегін қабат сабаламай, саусағының ұшымен тыңқылдатып шертіп отыр. Үй ішінде аңтарылып, аузына қарап қалған бір жанға көз салмай, күлімдеген жүзін жоғары көтеріп жадырай түсті де, кенет тамағын кенеп

қойды. Сонан соң салған жерден шырқай жөнелмей, осы өңірдің елі жақсы білетін ойнақы әннің басын баяу алып:

Басына шаулып шықтым Айрықтың,
Даусымнан құйқылжыған айрылыппын.
Он екі ай қыз көрмеген сорлы басым,
Қатынға тезек терген қайрылыппын,—

деп даусы жетпей бара жатқасын осы арада домбыраның қос шегін үзетіндей кіжініп, қаттырақ қағып-қағып жіберді.

— Уә-ә-де!

— Қайтсін-ау байғұс, ағынан-ақ жарылып отыр-ау!

— Өзі ме шығарған?

— Әй, бәдік болғыр, бұл Батақтың Сарысының Жармола түрмесінен қашып шығып, еліне қайтып келе жатқанда шығарған өлеңі ғой.

— Болса болар. Ал бірақ мына Еламанның аржағы бұзық. Сары ағасының сылтауымен, тап осы арада қу бала, өз көңілінен хабар беріп жатпасын.

Мөңке төрге шықпай есік алдында Еламанға қарап тұрған-ды. Ән үзіле бергенде ол:

— Еламан қарағым, бері шығып кетші,— деді.

Еламан қолындағы домбыраны Құлтумаға салды да, сып етіп түрекелді. Мөңкенің артын ала сыртқа шығып, үй жанында ұзарып қалған көлеңкеге екеуі қатар отырды. Мөңке оған Төлеудің сөзін түгел жеткізді де, «кәне, бұған не дейсің?» — деген сұрақты кескінде бағып қалды.

Еламан өзінің ойлауға да қорқатын нәрсесіне қыз ағаларының қалай ауыз барғанына қайран.

— Төлеудің түрі жаман, абайла,— деді Мөңке.

— Құдай-ау, Төлеуді қайтейін. Мен қыздың көңілін біле алмай қор боп жүрмін ғой.

— Қыз кет әрі болмаса қайтесің?

— Онда тайынарым жоқ.

— Алып қашасың ба?

— Жоқ, тал түсте, төрт көздерінің түгелінде алып кеп, үйіме кіргізіп алам.

— Оны істете ме? Екі бірдей ағасы бар. Аржағын зерттесең — піл табан Тәңірберген жатыр. Аңдысса — алады, алысса — жығады.

— Мен де жалғыз емеспін ғой.

— Сондағы арқа тірерің кім?

— Сен ше? Сенің де төңірегіңде біраз тобыр бар емес пе?

Мөңке кәдімгідей назырқап, жер шұқып отыр.

— Ой, қарағым-ай! Саған пана бола алатын менде не қауқар қалды. Тым құрыса баяғыдай қысылшаңда қара ағаштай нықтасып тұра қалатын ірген бүтін болса екен. Қасымда Кәлен де жоқ. Менен не сұрайсың. Мен де теңіз жағасынан қызыл қанат шабақ алып жеп жүрген кәрі қарабаймын.

— Мөңке аға, назырқамашы, еңсеңді көтерші.

— Ыңғыңнан басып тұрса еңсең қалай көтерілер.

— Қаладан ала келген... қаруым бар еді...

— Ол қайда?

— Осы арадан бір күншілік жерде тығулы жатыр. Қолға тисе қантөгіс боп кете ме деп қорқып едім. Оған мыналар қойды ма... «Өлермен болсаң отқа түс»,— деп шаптан түртіп, намысыңды шұқып отырып алды ғой.

Мөңке Еламанның осы қазір неден де тайынбайтын түрін байқады.

— Абайлау керек.

— Енді тайсақтайтын ештеңе қалмады.

— Шырағым-ау, сен осы не деп отырсың?

— Мөңке аға, жігіттерді жи. Қорлыққа көнгенше — өлгеннің өзі артық. Ендігі жерге күшке — күш көрсетіп, төбелессе төбелесеміз. Әйтеуір бір жанға есе жібермейміз.

— Мейлің білсін. Бір есептен осының да дұрыс шығар.

Ашулы жігіт үйге кірместен тұп-тура промсолға тартты. Айта алмай жүрген аяулы сезімін осы қазір қалайда сыртқа шығаратынын біледі. Айғаншамен ашық сөйлеспеске амалы қалмады. Қыз көнсе де, көнбесе де, осы бүгін күн кештете атқа қонбақшы. Қаладан келе жатып, қырдағы көне қыстауға тығып кеткен бесатарды әкеліп ау-құралынан айрылып отырған ызалы жандарды бір қимылға бастауға бел байлайды. «Сендермен сонан кейін сөйлескен дұрыс болар»,— деді ішінен.

Еламан ауыл алдындағы тік жарды қиялап түсіп, теңіз жиегімен жеделдете жүріп келе жатыр еді; промсолға тақай бергенде, кейінгі жақтан шар-шар еткен бір жаман дауыс шықты. Еламан шошып кетіп жалт қарап еді; сүйтсе Судыр Ахмет... астында қара аты. Әншейінде қоқырайтып киетін киіз қалпағы көзіне түсіп кетіпті. Боз шекпеннің екі етегі далпылдап, ес-түссіз шауып келе жатыр. «Мұны Шалқарға кетті деп еді ғой? Сонан қайтқан беті ме? Өзінің даусы қандай жаман»,— деп ойлағанша болмай, Судыр Ахмет нар қарасын борбайлап, Еламанның тұсынан шауып өтті.

— Аттан!.. Аттан!.. Жау кеп қалды! Жау... Жау...

Еламанның жүрегі мұздай болды. Ашу буып шыққан

жігіт мынадан кейін ілгері жүрерін, әлде кейін қайтарын білмей, екі ойлы боп тұр.

Бір топ балықшы Еламан мен Мөңкенің төңірегіне жиналып, дабырласып жатыр.

— Елаға, енді қайттік... Судырақтың айтқаны рас болды. Мына Ұлықұм бойындағы ауылдарды жау шауыпты,— деді Рза.

— Ол не қылған жау?

— Тәңірбергеннің бүлігі... Түрікпендер. Қазақтан кек аламыз деп шығыпты. Қазіргі беті қатты көрінеді,— деді Рза.

— Өтірік болар, шыққан жері сенімсіз екен,— деді біреу.

Еламан мына хабардың шындығына шүбә келтірмеді. Кейінгі кезде Тәңірбергеннің жігіттері Жөнеуіт ханның Текежәуміт ішіндегі бай құдасын шапқанын ел іші үрейлене айтып жүрген-ді.

— Жігіттер, бас-аяғымызды жиып әзір отырайық. Тәңірберген мен Досқа хабарласыңдар. Тым құрыса осы түста ала ауыздықты қойып, тізе қосып қарсы тұралық.

— Елаға, бұнан ештеңе шықпайды. Тәңірберген жігіттерін алып кеткелі жатыр.

— Қашқалы жатыр де? Өз қолымен істеген бүлікті өз мойнымен көтеріп алуға да жарамады ей! Үй іргесіне жау келсе, *әркім өз басының амандығын ойлап, бытырап-бытырап кететін ежелгі әдетіміз ғой.* Ақтабан Шұбырындыда да сөйткенбіз. Апыр-ай, қиындықта ел басын қоса алмай-ақ қор болдық-ау,— деп Еламан жігері құм боп отырды да,— жә, қайтеміз. Кететін кісіге жол ашық. Тәңірбергенсіз жерде де осы халық тірлігін істеуші еді ғой. Кәне, жігіттер, отырмалық. Қамданыңдар. Мен... кеудемде жаным болса, ертең кешке оралам,— деді де, түрегелді.

Шалқардан мініп келген жаман атқа ер салып, түс ауа жүріп кетті. Бұлардың өз ауылы сияқты Дос ауылында да үрей қалмай,у-шу боп жатқанын байқап барады. Жөнеуіт ханның қаталдығы бұл өңірдегі елге пәш. Жөнеуіт хан десе, әсіресе, Қоңырат, Шымбай жаққа қалашылап барып қайтқан астықшылардың зәре-құты ұшып тұратын. Еламан олардың әрқашанда қаннен-қапersіз отырған қазақ ауылдарына құйындай тиіп, қан қақсатып қырып кететін қаталдығына қанық. Қатал жау қатерін тігіп тұрғанда ішінен ыдырап жатқан халықтың басын біріктіре алмай, бұл жолы тағы да қапыда кетеміз бе деп қорықты. «Апырай, осы алауыздық халық бойына түскен құрттай, іштей азды-

рып, кеулеп кіріп бара жатыр-ау! Дертке айналып кетті-ау! Үмітсіз наукастай, шипа болар жолын таппай зарлай-зарлай кетпесек қайтсін түбі»,— деп ойлап, әр кездегідей ашы өксік кеудесін қысып, ат үстінде бүгіліп бара жатқанын сезді де, бойын тез билеп ала қойды.

Түс ауса да күн ыстығы қайтқан жоқ. Елге келгелі жаман аттың бүйірі шығып тойынып қалған екен. Еламан тоқ атты аяса да, қазіргі асығыс жағдай билеп, ауылдан шыққалы сыдыра шоқытып келе жатқан. Ақ пен қызыл арасында Беларанның кезінен асып түсті. Топырыш жаман атқа қайта-қайта қамшы салып, борбайлап шауып, қалың бұйратқа кіре бергенде ілгергі жағынан түйдек-түйдек шаң шықты. «Жау ма?» — деп ойлады Еламан. Суық үрей жүрегіне шауып, ілгері жүрер-жүрмесін білмей тұрғанда, шаң арасынан жылқылар көрінді. Іле-шала жылқышылардың кешкі ауадан қиқу салған әмірлі ашы даусы естілді. Алаяқ көк жылқылар тыныш даланы дүбірлетіп, селдей қаптап келіп қалды.

Жылқы соңынан көш көрінді. Бұлардың да жүрісі суыт. Шаңырақ артқан түйелердің жанына байлаған шелектер, жез құман, жез легендер даңғыр-дұңғыр етіп, дүрлігіп қатты жүріп келе жатты. Қаталап шөлдеген қатын, балалардың еріндері кезеріп кетіпті. Қас-кірпіктері шаң. Көздері шүңірейіп, ін түбінде жылтырайды. Осы ыссыда көліктері де қара тер боп сабылып келе жатыр екен.

Еламан көш басындағы кісілерді іркіп, ат үстінен бір-екі ауыз тілге келді:

— Ойбай, жаудан қашып келеміз.

— Көп пе?

— Көрген жоқпыз. Біздің аржағымызда отырған бір ауылды шапты...

— Өздерің қайда паналамақсыңдар?

— Білмейміз. Бетіміз — теңіз жағасы.

— Ендеше, осы беталыстарың дұрыс. Алдарыңда балықшылар ауылы бар.

— Шырағым, өзің кім боласың?

Еламан жауап берместен атын қамшы басып шаба жөнелді. Тоқ ат қиналып қайта-қайта құмалақ тастап келеді. Бір бауыр жерден кейін-ақ өрге қарай шапқандай өкпесі қарлығып, ырсылдай бастады. Жүрісі секілді шабысы да жаман. Төрт аяғын төрт жаққа сілтеп, түйеше тапырақтайды. Еламан оның өлгеніне қарайтын емес. Шабысы жайылып бара жатса болғаны өкшесімен дереу қос өкпесіне тепкілеп, басқа-көзге сабалай түседі. «Шүу-шүу, жануар!

Апыр-ай, қайдам... Үлгіре алсам жарар еді. Мына жаман-датқыр далаға тастамаса қайтсін? Үлгірсем жарар еді?»

Жарты жолдан ауғанда ат әбден болдырды. Тұла бойы малшынып тегіс терледі. Қолтығы мен шабы көбіктеніп, бұлана бастады. Екі бүйірін соғып ырсылдап келе жатып, жазатайым тұяғын жусан қақса да сүрініп кетеді. Бір кезде ол алдындағы үлкен қоңыр төбені баурайлап, ылдиға қарай шауып келе жатқан-ды. Осы арада алдыңғы аяғын індігешке тығып алған ат омақата құлады. Алаңсыз отырған Ела-ман ер үстінен ұшып кетті. Ат мойнынан асып екі-үш рет домалап түсті. Бірақ, ол сол бойда бет-аузы құм-құм боп ұшып түрекелді. Жүгіріп барып шылбырға жабысты. Тізгінінен жұлқылап қайта-қайта тартып еді; жығылған аттың көзі алара берді. Бір кезде танауынан қан кетті, қара терге селіккен денесі дірілдеп, бүйірін соғып, ырс-ырс дем алып жатты.

XXV

Ұлықұм бойында ніп тіресіп отырған Тілеуқабақ ауыл-дарын түрікпен шапты деп есіткенде, Тәңірбергеннің жүрегі мұздай болды. Қайын атасына қарасты бай ауыл Ұлықұм бойын жайлайтын-ды. Жау талап малы, жаны шапқынға ұшырап қалмады ма екен деген қорқыныш көңілінен шық-пады. Сыртқа шығарып айтпаса да, өз ішінен олардың оқ-қағар боп, жау жолында жатқанын дұрыс көрді. Малды, жанды бай ауылды шапқасын түрікпендердің тоқмейіл тартуы мүмкін. Жайлауда отырған жалпақ елге ішкерілеп кірмей, Ұлықұм бойынан ырғап-жырғап кейін қайтып кетер деп ойласа да, қорқыныш кірген көңілі қобалжи берді. Осы сапары түрікпендердің қазақтардан кек алмақ боп, қанына қарайып келе жатқанын іші сезеді. Ендеше олар жолында отырған ауылдардың тырнағына іліккенін талай бермей, қаһарын Тәңірберген ауылына тігіп келе жатпасын.

Тәңірберген суық хабар құлағына тиген бойда бір жігіт-ті хан жайлауда қаннен-қаперсіз отырған өз ауылына шап-тырды: «Тез көшіп, қалаға жақын отырған қалың елдің ішіне кірсін. Мен де кешікпей жетем».

Түрікпендердің хабарын есіткелі жағадағы жұртта ес-түс қалған жоқ. Ала-бөле Досқа қарасты жігіттердің қаба-ғы жабық. Жұрт сыңайын жақтырмаған жас мырза теңіз жағасынан тез кеткісі келді. Тек күндіз жүрсем жау көзіне түсіп қалармын деп қорықты. Сырт өңі салмақты болса да, іші ала құйын, үйқы-тұйқы. Жігіттерге буынып-түйініп жол-ға әзір отырыңдар деп әмір берді де, өзі сыртта, жан-жағы-

на жіті барлап, көз сап жүрді. Күн батпай қойды. Жас мырза мезгіл-мезгіл промсолдың сырт жағындағы бнік шоқалақ басына шығып, төңірекке көз сап жүрген.

Бір жолы қасына Қалау келді. Қатарласуға бата алмай, бір қадам кейін тоқтап:

— *Мырза,— деп күңк етті. Даусы ұнамсыз. Аузына су* толтырып алғандай, тілін тістеп былдырлап сөйлеп,— осы мәку-сәку не керек, өзің былай... бата алмасаң... билігін маған бер. Қарындас менікі ғой. Құдай алдында да сұрауын өзім көтеретін боп, күнә-сауабын мойныма алып, қойныңа сап берейін,— деп оғаш тілек білдірді.

Тәңірберген кейінірек тұрған жігітке суық жүзін салмақпен бұрды. Жер-жебіріне жетіп тапап тастағысы келгенде дәл осылай қарайтын.

— Мені қатынсыз, қарындасыңды байсыз қалады деп қорқасың ба? Өй, нәсілсіз ит!

Томай құлақ тапжылмады. Тәңірберген ыза болып: «Ой, малғұн, кет»,— деп ақыра жаздап, өзін-өзі әзер ұстап қалды. Мына жігіттің осынша бір қайсарлықпен басын *бауырына алып, тұнжырап тұрған түріне таңдана қарады.* «Бұған кісі өлтіру қиын болмас»,— деп ойлады да:

— Сенің қарындасыңды қайтем. Соңына сөз ерген қыздың керегі қанша? — деді.

— Ол өсек.

— Өсек емес, шын. Қарындасыңды маған бергің келсе, әуелі анауыңның жүрімін қысқарт. Күйексіз қошқардай, сен қуалап жүрген жоқ па?

Қалау бұрылып жүре берді. Тәңірберген оның қатты ширығып кеткен түрін байқады. Кешегі күні Дос пен Төлеудің қолынан келмеген жаманшылықтан мына жігіттің жүзі таймайтынын танады. Оның көзін құртса, теңіз жағасындағы елдің біраз наразылығы да жеңілдеп салар еді.

Күн кештете теңіз жағасына көп ауыл құлады. Көліктері *қара тер. Үсті-бастары шаң. Айдаған малда есеп жоқ.* Әсіресе, жылқылар шаң арасынан жоны шұбартып, үйір-үйірімен шығып жатты. Жас мырза алаяқ көк жылқыларды тани кетті. Құдай-ау, мынау Ұлықұмды жайлайтын қайыч атасының атақты көк алалары ғой? Тегін болса жарар еді? Тәңірберген атына мініп, теңіз жағасына құлаған ауылдың алдынан шықты.

Қайын атасы Тәңірбергенге жылап көрісті. Әшейінде көзі толмайтын жылқыларын қазіргідей қысылшаңда қайда тығарын білмей, теңіз жағасының қамыс-қопағын пана көріп осы жаққа ойыстап кепті.

— Жолымыз болар. Саған кездескенімізді айтсайшы.

— Әрине... кездескеніміз жақсы болды. Бір-ақ... Мен жүргелі тұр едім...

— Қой, жарқыным, ешқайда кетпейсің. Жібермеймін. Бұл араның ой-шұқырын білесің...

— Мына балықшыларға тапсырармын...— деп мырза енді қайын атасына да ыңғай бермей жүре сөйлесті.

Тілеуқабақ байының Әли деген баласы бар еді. Тіршілікте бір жаннан беті қайтпаған тік мінез туралығымен ауызға іліге бастаған қара сұр жігіт-ті.

— Әй, жезде! — деп Әли атын тебініп кеп, жүзбе-жүз тоқтады,— біз тыныш отырған ел едік, бүлікке бастаған сен болатынсың. Жау сенікі. Жеме-жемге келгенде «өлмесең тұр»,— деп түрікпендердің тырнағына бізді ұстап беріп, өзің тайып тұрмақ екенсің ғой.

Тәңірберген жас жігіттің орынсыз қызбалығын мысқылдағандай, күле қарады:

— Е, кім үйдеген?

— Ендеше, әкеммен неге дұрыстап сөйлеспейсің.

— Қой, шырағым. Үлкенді сыйлауды сенен үйренбеспін. Онан да, сен, ақылды жігіт болсаң, ана ніріліп тұрған көшке бар да, жар астына апарып орналастыр. Қатын-балалар шөлдеген шығар. Бұл арада тұщы су Ақбауырда, біздің қорада ғана бар. Осы ауылдағы местерді жинап, үй тіккенше сендер су әкеліңдер. Ал біз,— деп Тәңірберген қайын атасына бұрылды.

— Ие, айналайын...— деп Тілеуқабақ байы жас балаша елп ете қалды.

— Ал, біз қамсыз болмайық. Жігіттерді жияйық.

— Дұрыс... дұрыс айтасың, айналайын...

Тәңірберген әлгіден кейін балдызына кісі екен деп көз салмады. Бір ауылдың сөз ұстап жүрген бағылан мырзасын ойламаған жерден, оп-оңай ғана ұйпалақтап қол балаға айналдырып жіберді. «Саған лайығы сол» дегендей ол бай мырзасын суға жұмсады да, өзі қолынан тастамайтын тобылғы сапты қамшымен ауаны ақырын жайқап, қасына қайын атасын ертіп анадай жерде ніріліп тұрған көшке қарай кетіп бара жатты.

— Қап, мына түлкінің қорлығын-ай! — деді Әли.

Тәңірберген ертеңіне күн шықпай оянды. Қайын жұртын, маңайы күл мен балық қабыршақтарына толып, қоқыр-соқыр боп жатқан балықшылар ауылына араластырмай, шөбі қау, ауасы таза жерді таңдап апарып оқшау шет-

ке өз алдына дербес бір ауыл ғып отырғызды. Мөңке ауылына хабар салмады.

Тілеуқабақ руының жас жігіттері көп екен. Жау жоқтағы жел өкпеліктері болмаса өңшең қайратты жігіттер бір-бір атты ойнақтатып, бір-бір шоқпарды алдарына кесе өңгеріп ап, келсең кел деп алақанына түкіріп тұрған ығай мен сығай.

Тәңірберген сүйсініп кетті. Өзіне де қызу пайда боп қайын атасына қамсыз отырмау жағын айтты. Дос аулы мен қайын атасы ауылының ер-азаматын іріктеп, шоқтай екшеп алды. Аты жүйрік жігіттерді жау бетке шығарып, Беларан, Қаратөбе, Ақшақұдық секілді биік басына қарауыл қаратып қойды. Қалғандары да күні ұзын аттан түспей, теңіз жағасына, аз аяға жиналған қалың ел сергек отыр.

Тәңірбергеннің ақылымен жас қыз, сұлу келіншектер үстіне ескі-құсқыларын киіп, беті-қолдарын жумай күлді-күйелеш боп жүр. Енді ел қораға кіре ұзатылайын деп бұғағынан үзіліп тұрған Тәңірбергеннің сұлу балдызы бар еді. Қазір оны тану қиын. Үстіне сауыншы әйелдің киімін кигізіп, қарына топатай шелек іліп, әлем-жәлем қып қазан-аяқ жақтан шығармай қойды. Бұрын мұндай киім киіп көрмеген ерке қыз өзінің қазіргі қораш қалпына бойы үйренбей жүр. Таныс кісілердің алдында басқадан бұрын оның өзі ұялып бітті. Өзінің осы бір мүшкіл халын мысқылдағандай боп, кісі алдында қылымсып оқыс күліп қап, қысылған бойын қайда тығарын білмей қалады.

Теңіз жағасына келгелі бай ауылда дамыл жоқ. Қыз жасауы мен бай үйдің асыл қазыналарын киізге орап, теңтеңімен қамыс ішіне жөнелтіп тығып жатыр. Олар осылай екі күн сабылды. Үшінші күні Жөнеуіт ханнан хабар болмай кеткесін көп кісіден қорқыныш тарқады. Теңіз жағасының маса, сонасы талап, берекетін алып бара жатты. Оның үстіне қырға үйренген малдар ойдың шөбінен отын ала алмай, жүдей бастады. Тәңірбергеннің қайын атасы мал ажарынан қысы-жазы көз алмай, сәл ғана қоңы қисайса да жаны шығып отырушы еді. Ол кең жайлауға асықты.

Тәңірбергеннің әлде де бір-екі күн ерулеп күте тұрайық деген сақтығын құлағына ілмеді. Күн шығар-шықпастан үй ішін оятты. Қамысқа тыққан теңдерді алғызып, түйелерге артқызып, әпі-шәпі боп жатқан үстіне Жөнеуіт ханның жігіттері сау ете қалды. Әрдайым аңсыз кезді көздеп жүретін әккі жау; осы жолы да құрайыштары андыздап, жабындыдан шыға-шыға келді. Сол бойда аттарына тақымын қысып,

қиқу сап, қаптап кетті. Қамсыз отырған ауылдың ер-азаматына ес жиғызбай, ағызып келе жатып қылыштарын жарқылдатып, үсті-үстіне мылтық атып жіберді. Жігіттер белдеуде тұрған аттарына міне алмады. Қатын-балалар у-шу боп, дүние-мүліктерін тастай қашты. Бүкіл ауыл тайлы-таяғымен қамысқа тығылады. Әлн бастаған Тілеуқабақ жігіттері жер қайысқан малды қуалап апарып, Қандыөзектің алқымындағы қалың қамысқа тықты.

Тыныштығы бұзылған маса, соналар дуылдап кетті. Үстіне келген малдарды талап, қан-жоса қып сойып тастады. Маса, сона шаққан малдар қайыру бермей, қамыс ішінде жосып сыртқа қарай шыға қашып жатыр. Қойлар маңырап, түйелер боздап, аттар кісінеп, иттер ұлып, балашағалар жылап, қамыс іші у-шу.

Қатын-бала, мал-мүлікпен ешкімнің жұмысы болған жоқ. Әркім өз басын қайттады. Судыр Ахмет те осы көптің ішінде шекпенін басына бүркеп апты; қара аттың қолтығына кіріп, жанын қоярға жер таппай зарлап жүр. Маса шаққан сайын баж етіп ыршып түседі.

— Ойбай... ойбай, жарып кетті,— деп сарнап, шекпенінің екі шалғайымен қарсылап желпіп отырды да, қары талғасын,— құдайы құрғыр-ай, түрікпеннің оғы да осы сары масаның тұмсығындай-ақ болар. Қамыс арасынан шығайықшы,— деп сипақтады.

Осы кезде өрт бұрқ етті. Түрікпендер аттылы кісінің бойынан асатын ну қамысқа кіруге қорқып, шет жағынан өрт жіберіпті. Тұнып тұрған қамыс от тиген бойда лау етіп, қалың өрт не бермей гүріледеп ала жөнелді. Қарақошқыл түтін түйдек-түйдегімен атылып, қызыл жалын үрей ала жалақтап селдей қаптап келе жатты.

— Ойбай, қырылдық!

— Өрт!

— Өрт!

— Өрт кеп қалды!

Қамыс арасы ұйқы-тұйқы. У-шу, азан-қазан. Жан сауғалап өрттен қашқан кісілер кімнің қайда кеткенін білмеді. Тәңірберген де атына міне сап, нар қамысты жарып шаба жөнелді. Осы бұлан-талан ішінде қасындағы жігіттерінен айрылып қалды.

Өрт исін сезген сиырлар өкіріп, құйрығын шаншып ап шығына жөнелді. Жылқылар да не бермей кетті. Құлын, тайларын араларына ала жаны ышқынып жүйткіп барады. Осы бетімен дүсірлеп кеп есі шыққан жылқылар Қандыөзекке гүмп-гүмп қойып кетті.

Ағысы қатты өзектің екі беті бірдей тік жар. Мал түгіл адам шыға алмайтын. Тәңірберген Қандыөзекке мінбелеп тоқтады.

— Жануарлар-ай, қырылады-ау, енді!

Су беті жылқыдан көрінбеді. Түйдек шоғырымен пыр-пыр етіп, өзектің арғы бетіне сеңдей тұтасып жүзіп барды да, жарға тірелгесін бәрі де кейін қарай жалт бұрылды. Қайтар жолда кәрі-құртаң аттар мен буаз биелер әлсіреп, өз денесін өзі ауырлағандай салмағымен су түбіне бата бастады. Құлын, тайлар Қандыөзектің қатты ағысына шыдамай, су ішінде басы қылтылдап ығып бара жатып, жаны ышқына шыңғырып кісінеп жібергенде Тәңірбергеннің төбе құйқасы шымырлап кетті.

Тәңірберген кісі өліп жатқанда да көзіне жас алмайтын зәтті қатты жігіт еді; көз алдында суға кетіп қырылған жылқыны көргенде шыдап тұра алмай, ат басын бұрып жүріп кетті. Ит тұмсығы батпастай нар қамысты тереңдеп жарып келеді. Бетін қамыс тілгілей бергесін, қолымен бетін көлегейлеп, ат жалына еңкейіп апты. Соның өзінде көк қияқ қамыстар жалаңаш қолына, бетіне, мойнына шыпшып ұрып, қан шығарып тіліп кетіп жатты. Көзін ашайын десе ұйтқыған ащы түтін удай қариды. Ақ арғымақтың да үнемі қамысқа төсеп келе жатқан қошқар тұмсығы мен қаз мойнын қамыс жаралап тастады. Денесіне түскен жарақатты ауырсынғандай әрі-беріден кейін арғымақ аяқ басқан сайын дір-дір етті.

Кейінгі жақтан апатқа ұшыраған халықтың неше түрлі аянышты, тарғыл даусы ызың-ызыңдап құлағынан кетпей қойды. Енді бірде ол іштей қалтырап, әлденеге шошып қалды. Мына тарғыл дауыс апатқа ұшыраған халық үні емес, ана жолы Қалау қолға түсірген түрікпен жігітінің жан даусындай; қол, аяғы байлаулы күйінде айдалада жалғыз қалған жігіт тәңіріден тезірек ажал тілеп, шыр-шыр етіп жатқандай...

Тәңірберген атын тебініп, қамыс арасына тереңдеп кіре түсті.

Өрт етек алған сайын қамыс ішіндегі жан-жануардың есі шықты. Айрықша үйір-үйір жылқылар құйындай жүйткіп жосып жүрген. Бір кезде жөн таппай сасқан жануарлар өрттің астына қарай ұмтылды. Нөпірі, түйдек шоғырымен селдей қаптап, дүсірлеп келген беттерінде отқа түсердей боп көздері қанталап, танаулары пыр-пыр етеді.

Жалын арасында жан даусын сала шыңғырып кісінеп, әлдеқалай алды бөгеле қалса да кейінгі жақтағылары кіме-

леп, бірінің үстінен бірі қарғып, өрт астында ұйқы-тұйқы болды. Күйрық-жалы күйген жылқылардың репеті жаман. Олар өрт астынан шыққасын да қайыру бермей, құлындай шырқырап шығынып қаша жөнелді. Жөнеуіт ханның жігіттері қуып әлек болмай, қараулыға іліккенін атып құлата берді.

Қой, ешкі, қатын-бала аяқ астында қалып жатыр. Қамыс іші көк түтін. Біреуді біреу көрмей, ана баладан айрылып, ызы-шу болған халық өрт астынан жүгіріп шыға бастады. Үстіндегі киімдерін өрт шалып, бет-ауыздары түтігіп кеткен. Қолы-басын қамыс тіліп, қан сорғалап тұр. Олар өрт ішінен жүгіріп шыққанда, дәл алдында қамыс шетінде анталап түрікпендер тұр еді. Түстері суық. Сеңсең құрайыш астынан шүңірек көздері зәр шаша қадалады. Ат үстінен мылтықтарын кезеп, өрттен шыққан кісілерді айдап әкеп бір араға иіріп жатты...

Қолға түскен кісілерде ес-түс жоқ. Жөнеуіт ханның жігіттеріне қарсыласпай, айдаған жаққа қарай топырлап жүріп келеді. Алғашқы лектің ішінде Әли, Қалау, Төлеу, Дос бар. Судыр Ахмет сүріне берді.

Алты-жеті түрікпен жар басындағы балықшылар ауылынан бір қора кісіні айдап шықты. «Мал-мүлкіміз жоқ, бізді қайтер дейсің»,— деген оймен, бұлар үйлерінен қозғалмаған. Қамысқа тығылған халықтай емес, әзір бұлардың қыры жығыла қоймапты. Үсті-бастары бүтін. Мөңке, Рза, Құлтума қатар келе жатқан-ды. Бұлардың үстіне бір қора әйелді айдап әкелді.

Рза Айғаншаны алыстан таныды. Әлгі бір қарбаласта орамалын жоғалтып апты. Қалың қара шашы бұрқырап, қыз жүзін жауып кеткен. Үстінде қызыл шегі бар ақ шыт көйлек.

Шамасы, құрбашы[1] болу керек, басқаларынан гөрі өзгешелеу киінген бір түрікпен ақ арғымағын ойқастатып кеп, Айғаншамен қатарласты... Ат үстінен еңкейіп әлде не деп тіл қатып еді. Айғанша үндемеді.

— Құдай-ай, қор болдық-ау! — деді Рза өзінің дәрменсіздігіне күйініп.

— Бізді қайтер екен, ә? — деді Құлтума балдағымен шойнаңдап ырғып басып.

— Кім білсін...

— Атар... ма екен?

— Атса ататын шығар.

---

[1] Қолбасы деген мағынада.

Құлтума сүрініп кетті. Осыдан кейін буыны дірілдеп, балдағы тайып кете бергесін Рза оны қолтығынан алды.

Түрікпендер әйелдерді асықтырып, қамшы сілтеп қуалай жөнелді. Рза Төлеудің екі әйелін көрді. Кішкентай қызы ере алмағасын Кенжекей көтеріп алды. Айғанша көппен бірге топырлап жүгіре түсті де, кенет тоқтай қап, кейінгі жақта келе жатқан Әлизаны қолтығынан алды. Мөңкенің жөргектегі баласын етегіне салып алған кәрі әйел жүгіре алмай, алқынып аяғын әзер басып келе жатыр екен.

— Қор болдық-ау! — деді Рза тістеніп.

XXVI

Түрікпендер жылқыларды үйір-үйірімен айдап әкеп, Белараның бет алдындағы кең жазыққа иірді. Малдарды айдап апару үшін сақадай он жігітті таңдап алды. Көшкенқонғанда жүк артатын кісілер өз алдына.

Оларды бөлек алып шығып, топырлатып айдай жөнелгенде қатын-балалар у-шу болды.

— Санай бастады! — деді Құлтума сыбырлап.

Мөңке жаңа байқады: бір сызық бойына тізіп қойған үш ауылдың ер-азаматын түрікпендер басынан түсіп санап келеді екен. Тоғызға дейін санап кеп, оныншы кісіні саптан сүйреп алып шығып жатыр.

Әли Төлеумен қатар тұрған-ды. Бай мырзасының әзір қыры жығыла қоймапты. Етегін шалулаған боз шекпеннің белін бумай, сыртынан желбегей кие салған. Қамшысы да қолында. Үрейлі халықтың арасында түрікпендіктерден көз қиығын айырмай, буын-буыны дірілдеп боп-боз боп қуарып кеткен. Оныншы болам ба деп зәресі қалмай тұрған. Қатер өзінен өтіп, қатар тұрған Төлеу оныншы болғанда Әлидің жүрегі орнына түсті.

— Бауырларым-ай!..— деді Төлеу сасқалақтап. Қатар тұрған кісілер оған көз салмауға тырысты. Анада ес жоқ. Мойнына бұғалық түскен асаудай өзін саптан алып шықпақ болған екі түрікпеннің табанын жерге тигізбей сүйрей жөнелді. Қауқиған қара сеңсең бөрік астынан шүңірек көздері айнала төңіректі қапысыз бағып анталап тұрған түрікпендер осы арада оқыс селт етіп еңсесін тіктеп алды... Бірнешеуі бірден сөйлеп қауқылдаса бастады. Шеткері тұрған бірі атын омыраулатып келді де, өткір қамшымен Төлеудің арқа-жонын остырып тартып-тартып жіберді. Төлеудің төртбақ палуан денесі бір-ақ уыс боп бүрісе қалды. Сонан

кейін жұмған аузын ашпай, жыландай ысқырған қамшы астында қайқаңдап жүгіре жөнелді.

Түрікпендер бұған мәз боп рақаттана күліп жатыр. Тек бағанағы құрбашы күлген жоқ. Қысып ұстап алған қамшы сабымен басындағы ақ сеңсең құрайышты көзіне таман ысырып қойды. Қалақтай қыр мұрны сопақша бетінде жалданып тұр. Имек мұрнының үш жағы үстіңгі ерніне тиер-тимес қана. Күнге күйген қайыс қара беті жыбыр етпей, шүңірек көзімен қазақ жігіттерін қыбырсыз бағып қапты. Әсіресе, қамшы астында қайқаңдап қоя берген жаңағы ірі қара жігітті көргенде, Хиуада тұратын ағылшын офицері есіне түсті. Сыртынан «сары сайтан» — деп атайтын ағылшын офицері әне бір жолы өздеріне қару-жарақ беріп, қазақ жеріне жөнелтіп жатып: «қарудың мықтысы — қаталдық»,— деп ескертті. Сонан кейін өзінің Индия мен Таяу Шығыс елдеріндегі тәжірибесін айтып: «қараңғы халық қара күшті көбірек сыйлайды. Қазақ, қарақалпақ, өзбек болсын, шапқан ауылының он адамнан біреуін атып кет. Онан халықтың ештеңесі кетпейді. Есесіне сендерден екіншілей дірілдеп тұрады. Қорыққан ел қарсы тұра алмайды»,— деп кеңес берген-ді.

— Ис-е, тура айтқан, қорыққан елдің қарсы тұра алмайтынын көріп жүр. Осыдан бір ай бұрын бұларды Жөнеуіт ханның өзі бастап апарып тал түсте Дұрды Қылыш ауылын шапты. Ырқына көнбей қойған кедей ауылды қан жоса қып қырды. Дұрды Қылыштың екі інісін өлтірді. Соқыр шайрды қолға түсіре алмады, ауылдастары қамыс арасына тығып жасырып қалды...

Құрбашы есік пен төрдей арғымақтың үстінде қамшы ұстаған қолымен бүйірін таянып, бір жағына қисайыңқырап отыр. Оқта-текте суық жүзін жібітпей, көп ішінен Мөңкеге қарап қояды. Мөңке де осы түрікпеннен көзін айырмайды.

Құлтума:

— Келіп қалды. Енді қайттік? — деп Мөңкеге тығыла түсті.

Түрікпендер жақындаған сайын Құлтума жанын қоярға жер таппай, балдағымен ырғып, Мөңкенің бір ана, бір мына жағына шыға берді. Еңгезердей сіңір қара түрікпен жарық ернін жалап қойып, қамшы сабымен қазақтарды бір-бірлеп кеудеге түртіп санап келеді. Мөңкеге үш кісі ғана қалды. Қыпылықтап тұрған Құлтума бір ырғып Мөңкенің арғы жағына шықты. Сіңір қара түрікпеннің суық жүзі жалт етіп, қадала қалып еді, Құлтума жерге кіріп кете жаздады. Қол-аяғынан әл кетіп, сілейді де қалды.

Сіңір қара түрікпен екі бүктеп алған қамшы сабымен Мөңкенің кеудесіне қаттырақ түртіп қап:

— Тоғыз,— дегенде, мына жақта тұрған Құлтума шыңғырып жіберді.

Екі түрікпен оны сүйрей жөнелді. Құлтуманың қолынан балдағы түсіп кетті.

— Ағажандар-ай... бауырларым-ай құтқарыңдар-р!..— деп жалғыз аяғымен демеп баса алмай, жалтақтап қайта-қайта артына қарап жерге сүйретіліп шырылдап бара жатты. Оған қараған түрікпен жоқ. Келесі ондықтарды сүйрелеп ауыл үстін у-шу, азан-қазан ғып жатты.

Құрбашы қасындағы кісілеріне бірдеңе деп тіл қатып еді. Олар аттарын тебініп қап, әлгі ондықтарды жан-жағынан қоршап тұра қалысты. Бәрі де мылтығын бір қолымен кезеп, шүріппені басып қалуға әмір күтіп тұр.

— Ойпырмай, мыналары сұмдық қой.

— Жауыздар-ай...

— Сорлыларды... атар ма екен?

Құлтума жан-жағынан үңірейген мылтық аузына көз тоқтатып қарай алмай, қолымен бетін басты. Төлеуде де алғашқы асаулық қалмаған. Амалсыз мойын ұсынып, басын нығына тығып жиырылып апты. Ат үстінде анталап тұрған өзінің жендеттерін көргісі келмегендей, көзін төмен салып тұр. Соның өзінде ол құрбашының қамшы ұстаған қолын кенет қаһарлана көтеріп алғанын басқадан бұрын көрді. Анталап тұрған түрікпендер мылтығын кезеп, ортада ұйлыққан үрейлі кісілерді қараулыға алды. Түрікпендер де, қазақтар да демін жұтып тынып қалды. Бәрі де құрбашының жоғары көтеріп алған қолына қарап, түс жоқ, өң жоқ қатып қапты. Қолын төмен сілкіп қала ма, жоқ па деген үреймен үнсіз бағып тұрған-ды. Құрбашы қолын сілкіп қалғанда бірнеше мылтық дәл қасынан тарс-тарс атылды. Төлеу өзін атқан сіңір қараға жалт қарады. Өзіне оқ тигенін білді. Тек қай жеріне тигенін білген жоқ. Ол өзінің жас екенін ойлады. Өмір сүргісі келетінін ойлады. Соны мына сіңір қараның неге білмейтінін, бұл қаныпезерге қалай ұғындырудың керек екенін білмеді. Оның мейрімсіз түрін көрді. Дәрі түтінімен мылтықтың үңірейген аузын көрді. Онан сайын өлгісі келмеді. Осы кезге дейін қадірін білмей келген мына жарық күн мен нұрлы аспанды, ана жүзіндей ыстық жерді енді қайтып көрмейтінін айдан анық білді.

— Жауыздар!

Сіңір қара бір атқаннан құлата алмағанына ызаланды ма, ірі тісі ақсиып кетті. Ол екінші рет атқанда Төлеу қос

қолымен кеудесін баса қалды. Тағы бір оқ басына тиіп, оң жақ шекесінен қан сорғалады. Төлеу сонда да құламай, тізесіне басып шөге кетті. Қолына іліккен жусандарды қармалап, осқылап жерді тырналай бастады. Көз алдында жаңа ғана шалқып жатқан көл, теңіз, Беларан, өзін атқан жаңағы сіңір қара түрікпен зым-зия жоқ боп өзімен бірге түпсіз меңіреу құрдымға із-түзсыз батып бара жатты. Төлеу басын астына ала жансыз денесі сылқ етіп шөге кетті.

Құлтума оқ тиген бойда жан тапсырды. Жаны шығар алдында басын көлегейлеген қолын бір серіпті де, отырған жеріне жантайып жығыла кетті.

Тілеуқабақ руының бір жігітіне оқ қағастау тиген еді. Жігіт қаша жөнелді. Құрбашы атын тебініп қалды. Қашқан жігіт құтыла алмасын біліп, дүсірлетіп төніп қалған жауға жалт қарады. Құрбашы сыпыртып кеп машықты қалпынша шабатын жағына қисая берді. Жігіттің сол жақ иығынан ала, ақ көйлектің жағасынан шыққан қылша мойнының сағағынан сыр еткізіп, өзіне қарай тарта шауып өтті. Жігіт басы сабағынан үзілген алмадай жерге домалап түсті. Жөнеуіт ханның жігіттері бұған да мәз болып қауқылдасып қалды.

Қалған он бір кісіні түрікпендер бір-бір оқпен жайғара салды. Сонан кейін мұндағы түрікпендер шапқыласып мал басына кетті. Кейінірек қалған қыз-келіншектерді осылай қарай айдады. Қыз-келіншектер көш жерден дауыс салып жылап келеді. Айғанша ағасын бірден таныды.

— Сорлы аға-екем!.. Бауы-рым-м-м!..

Қол-аяғынан әл кетіп, қасындағы бір әйелге сүйенді. Бір жан жұбатқан жоқ. Айғанша ағасының қан-қан өлігіне қолын соза ұмтылды. Бір түрікпен атын ойқастатып, қыздың алдын кеселеді. Құрбашы оған ақырып, тыйып тастады. Айғанша жүгіріп барып ағасының өлігін құшақтай алды.

— Бауырым... Аға-екем!..

Түрікпендер қалған қыз-келіншектерді айдай жөнелді. Ішінде Төлеудің кіші әйелі мен Таңірбергеннің балдызы — бай ауылдың сұлу қызы бар.

Құрбашы Айғаншаны күтіп, қарайлап тұр. Айғанша кенет құрбашының көзін ала бере атып түрегелді. Құрбашы жалт қарады. Қыздың қолындағы кездікті көрді.

— Жақындама!..— деді Айғанша. Құрбашы табан жерден тап берді. Арғымақты ытқытып кеп көзді ашып-жұмғанша қамшымен кездік ұстаған қыз қолын нақ білегінен тілдіріп өтті. Қыз шыр етіп отыра қалды. Кездік түсіп кетті.

Құрбашы күлімсіреді. Ат үстінен қатты созылып, жерде жатқан кездікті іліп әкетпек болды. Мөңке осы сәтті тосқан екен Кездікке қолының ұшы жаңа тие берген құрбашының желкесіне қарт балықшы қосна кетті. Енді бір қимылмен оны ат үстінен жұлқып түсірді.

— Атты ұста!

Айғанша шылбырға жармасты. Мөңке арғымаққа бірақ ырғыды. Айғанша да Мөңкенің таралғысынан ұстап қатарласа берді. Мөңке қызды іліп алды да, ат басын Белаөранның кезіне туралап ағыза жөнелді. Үш түрікпен ілесе қуды.

Төлеуді ататын сіңір қара түрікпеннің көк қасқа арғымағы салған жерден суырылып шықты. Ол, бірақ боз арғымаққа жете алмасын біліп, ығынан бесатарын алды. Ағызып келе жатып, жалғыз қолымен көздеп атып жіберді. Ок Мөңкенің басын жалап өтті. Қарт балықшы ат жалына еңкейіп, бұғып келеді. Қайта-қайта көз қиығын қуғыншыларға тастап жалтақтай берді.

Боз арғымақ ұзын мойнын ұшқан құдың сұңғағындай созып жіберген Тастақ жерді тасырлатып, пыр-пыр ұшып келеді. Бір кезде ілгергі жақтан күркіреуік көріп, қос құлағын жымып алды. Жар кемерден ырғыр жерде бар денесі бір-ақ уыс боп жиырыла қалды. Қос аяғын бауырына қысып ап, қоянша ырғып күркіреуіктің аржағына топ етіп жеп-жеңіл ғана түсті де, сол бойда бауыры қайта жазылып көсіліп шаба жөнелді. Қаз кеудесін қарсы алдынан соққан желге төсеп, құйрық-жалы суылдап құстай ағып пыр-пыр етіп келеді. «Жануар-ай, қандай асыл мал едің»,— деп ойлап, қуғыншыларға бұрылып қарап еді. Көк қасқа атты түрікпен әлденеге кейіндеп қалған екен. Оның алдына енді кейінгі екеуі түсіпті Аттары жете алмасын білгесін үсті-үстіне атқылай бастады.

Алғашқы оқтар Мөңкенің жан-жағынан зу-зу ағып өтті. Келесі бір ок атқа тиді. Боз арғымақ әлдеқалай сүрініп кеткендей болды. Бойынан әл кеткенін сезген жануар соңғы рет жан ұшыра кісінеп, шапшып атылып қаз мойнын астына ала құлады. Мөңке мен Айғанша домалап түсті. Мөңке бет-аузы құм-құм боп ұшып түрекелді. Жалма-жан қолынан ұшып кеткен бесатарға жармасып бір тізелеп отыра қалған күйі ізін өкшелеп келіп қалған түрікпенді атып жіберді.

Түрікпеннің қанһарлана көтерген қылышы ұшып кетті. Тізгіні де қолынан шығып, ат жалын құша құлады Мөңке екінші түрікпенді де құлатты. Сөйткенше көк қасқа атты

түрікпен келіп қалған екен. Екі жолдасының көз алдында оққа ұшқанын көрсе де қайтатын емес. Қырғыш тұмсық, қалақ қара беті түтігіп кеткен. Жалбыр жүнді қара құрайыш астынан қадалған көзін қарт балықшыдан айырмай, тістері ақсиып кіжініп апты. Өзінен оқ бойы алда келе жатқан жолдасының ат үстінен мұрттай ұшып түскенін көріп, жалғыз қолымен кезеп ұстаған мылтығын көтеріп атып жіберді.

Мөңке онан бұрынырақ атып еді; бірақ оғы біткен мылтық от алмады, түрікпен атқан оқ Мөңкенің дәл кеудесінен тиді.

— Хош бол, қара-ғым!..

Айғанша қарт балықшыны құшақтай алды. Сол кезде ағызып келген түрікпен ат үстінен созылып, еңкейе берген бойы қорғансыз қызды көкпар лағындай іліп әкетті.

XXVII

Артынан қуғыншы шықпасын білген Жөнеуіт ханның жігіттері ешкімнен айылын жиған жоқ. Қазақ ауылдарынан шауып алған малдарды қара құрттай қаптатып, ел көшкендей боп айдап келеді. Қайтар жолында әдейі елсізбен жүрді. Құландының қалың бұйратын басып өтіп, Қасқажол, Қаратамақ тұсында тағы да теңізге құлады.

Бұл маң Арал теңізінің сыпыра батыс беті; осыдан Қарақалпақ шегіне жеткенше тік жар, қатпар-қатпар көк шың. Құлауын тауып түспесе көлікті кісі түгіл жалғыз-жарым жаяулар да теңіз жағасына маңайлап бара алмайды. Бұл араларда құдық жоқ, елсіз шөл. Көп жүрген қалашылар мен ел тонаушы ұрылар ғана теңізге төнген құз-шыңдардың белгілі-белгілі тұстарында тар арасынан жарып аққан мұп-мұздай бұлақ суын ойында ұстап, дәл үстінен құлатып отыратын.

Мыналар да суы бар жердің бәрін біледі екен. Беларанан аттанғалы малы-жаны әлі бір рет судан тарыққан жоқ. Алғашқы күні ат-көлікті аямай, жіті жүріп отырды. Ұзақ жолды түнгі салқынмен өндіріп тастағысы кеп, үдере тартып отырып, елсіз үстіртке шықты. Ертеңіне ертелете тұрып, тағы да қауқылдасып атқа отырды. Арттан шаң шықпағасын енді олар асықпады. Жер аяғы алыс. Көп малды шаңға тұншықтырып, тырқыратып қуалай бермей, үйір-үйір қып бөліп, отын алғызып әуенімен айдап келеді.

Мал айдайтын да, жүк артатын да қазақ жігіттері. Олармен бірге төрт-бес түрікпен үнемі мал басында жүрді.

Көз жазбай торуылдап отыратын қатал. Алғашқы күні қашпақ болған бір жігітті табан аузында атып тастады. Сонан бері мал айдаушыларды үнемі алдарына салып, ілгері оздырып жіберіп, қыз-келіншектен дәмесі барлары кейінде, көш басында келе жатты. Олар алғашқы күні-ақ тұтқындағы қыз-келіншектерге сөз салды. Мұндай жердегі Жөнеуіт ханның салты бойынша қолы жеткені қалағанын әкетпей, таңдауды қыз-келіншектің өздеріне берді. Қыз-келіншектер ауылдан шыққалы шапанын басына бүркеп ап, ат үстінде сыңсып келе жатқан-ды. Іштерінде үн шығармаған Балжан ғана. Балжан басына түскен үмітсіз халді біліп, бірден қатайып алды.

Түрікпендердің ендігі басшысы осы сіңір қара болатын. Кешеден бері ол Айғаншаға қайта-қайта қиястап кеп қасынан кетпей қойды.

Соның бәрінде де Айғанша тіл қатпады. Сіңір қара жақындаса сырт айналып, үнсіз безеріп ала бергесін, бір рет ол көк қасқа арғымақты тебініп қап үзеңгі қағыстырып кеп, қыз астындағы аттың тізгінінен ұстады. Осы арада өжет қызды өзіне қарай қатты жұлқып бұрып алды. Айғанша тайсалмады. Сіңір қара түрікпен қара елтірі құрайыш астынан көзін қадап, демін ішіне ызғармен жұтып алған-ды.

Ол күле білетінін де көрсеткісі келгендей, күтпеген жерден жымиды. Соның өзінде жылтыр қара беті жылымай, тек тістеніп алған жұп-жұқа еріндерінің арасынан ақ тістері ғана ырсиды.

— Көнесің, әйтпесе күшпен көндірем,— деп қыз көзіне кірпік қақпай, тап бір арбағандай қадала қарап тұрды да, ілгері жүріп кетті.

Тәңірбергеннің балдызы бұлардан кейіндеу қап, сыртынан бағып келе жатқан-ды. Сіңір қара кеткен бойда сұлу қыз астындағы күрең жорғаны тебініп қап, тайпалтып кеп Айғаншамен қатарласты.

— Құрбым, қасарып қайтесің. Шара қалмады ғой. Көнсейші.

— Өзің көнгенсің ғой?

— Қайтем. Қалағаныңа ти деп отыр ғой, өзім әне бір жастауының етегінен ұстаймын.

— Құтты болсын! Тойыңа шақырарсың.

— Тұтақ! Таңдағаныңа тимесең, соңыра тастағанына зар боларсың.

Кешке қонған жерде Тілеуқабақ байының қызы бір түрікпеннің жетегінде кетті.

Айғанша екі күннен бері аузына ас алмаған-ды. Оған бүгін су бергізбей, қысымды қатайта бастады. Түс ауа шөл қинап ерні кезеріп, ерсіз жайдақ ат үстінде отыра алмай, белі үзіліп бара жатты.

Күн кештете түрікпендер Қасқажол, Қаратамақтың деңгейіне жетті. Ұзақ жүрістен көліктің белі талғасын осы араға аялдамақ. Шың үстіндегі қотыр қара, баялыштарды қолымен жұлып, құшақ-құшақ қып әкеліп, маздатып от жақты. Қыз-келіншектер ас пісіріп жатқанда көңілді шапқыншылар түнгі оттың сәулесінде қауқылдасып сөйлесіп отырды. Қара сіңір түрікпен ғана әңгімеге араласпай, кеш бойы көзінің астымен Айғаншаны бағуда. Осының әмірі бойынша бұл түні де түрікпендер қызды орталарына алып, отты айнала жатты.

Айғанша алақанын жастанып, от жанына қисайды. Осы түн соңғы түн. Бүгіннен қалса Қарақалпақ жеріне кіріп, аяғы алысқа түсіп кететін еді. Айғанша қозғалмады. Жүзі суық кісілер жан-жағынан көзін тігіп аңдып жатқанын білді. Түн ортасы ауа бергенде ұйқы қатты қысты. Әсіресе, таң алдындағы тәтті ұйқы талықсырата бастағанда, өз қолын өзі тістеп қырқып алды.

Қанша сақ болғанмен шапқыншылар ұзақ жортуылдан талған екен. Түн ортасы ауа тегіс ұйқыға кетті. Іштеріндегі ұзақ аңдысқаны — қара сіңір түрікпен. Айғанша ала бөле осыдан қорқатын. Ол қор ете қалғанда қыз сақтықты ұмытып басын көтеріп алды. От сөніпті. Салқын күл арасынан сақшының ояу көзіндей боп жалғыз шоқ қана жылтырады.

Айғанша дір ете қалды. Бірақ, сол бойда көңілін тоқтатып, отты айнала жатқан түрікпендерге қарады. Бойы мұздаған түрікпендер бұйығып, бір-біріне тығыла түсіпті. Сіңір қараға жалғас жатқан екі кісінің арасынан аяғының ұшымен өткендей саңылау көрді.

Айғанша ұмтыла түсті де, тоқтай қалды. Жүрегі қатты соғып кетті. Кішкене кідірсе жарылып кетердей сезгесін қос қолымен кеудесін қысып, сәл тоқтап алды да, қайта жүрді. Жаңағы қыл көпірдей көрінген жерден өтсе де, артына қарауға қорықты. Мылтығын бауырына қысып, қалғып отырған күзетшіден көз қиығын айырмай, аяғын ұшынан басып, ақырын-ақырын ұзай берді.

Түн тастай қараңғы. Жұлдыздар сирек; тұңғиық түбінде қадау-қадау жылтырап, сөнер шырақтай боп діріл қағып тұр. Дала таңы әлі белгі бермесе де, бірақ тап қазір таяу қалғанын сезіп, Айғанша жүгіріп келеді. Бұта түбін қонақ-

таған құс бір рет аяғы ғстынан пыр ете қап еді. Айғанша шыңғырып жіберe жаздап, алақанымен ауэын баса қалды. Көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. Мына жым-жырт дүние тағы да үрейге толып, екі өкпесін қолына алып құстай ұшып келе жатқан. Бір кезде таң саэ берді. Көз жетер жер кеңейіп, шығыс жақ сарқабақтана бастады. «Олар да оянған болар?» — деп ойлады қыз. Сіңір қара түрікпен бәрін аяғынан тік тұрғызып, ізіне түсіп қуып келе жатқандай болды.

Айғанша бір жерге бой тасалай тұрғанын жөн көрді. Жүгіріп келе жатқан бетінен жалт бұрылды. Ізінен адастырғысы кеп, қызғылт тастақтың үстін басып жүрді. Шың үсті жазық, жасырынатын жер жоқ болса да Айғанша теңізге төніп, жарланып тұрған көк қатпар шыңға бет түзеді. Шын қолға түскендей болса, шың басынан төмен қарай құлап кетпек боп, осы ойға іштей бекіп алып еді.

XXVIII

Жар басындағы балықшылар ауылы ауыр қайғыны әзер көтеріп тұр. Мөңке, Төлеу, Құлтумадан басқа тағы он бір кісі қаза тауыпты. Есі шыққан халық алғашқы жау шапқан күні өлік жайын ойламаған-ды. Ертеңіне ғана Әли мен Дос үш ауылдың ер-азаматын жинап ап, қаза тапқан кісілерді қара молаға жерледі. Бұларға жайшылық кездегі көп кәденің бірін істеген жоқ. Жорық кезіндегі өлік жөнелткендей топырақпен жүзін жаба салды. Өліктерді жерлеп бола бергенде, қамыс арасынан Тәңірберген шықты. Кнімдерін қамыс жыртқан. Беті, қолын қамыс тіліп шиедей қып тастапты.

У-шу болған ауылды көрді. Бұндағы жайды біле қойды. Қазалы ауылға соқпай, жайлауға тартып бара жатқан-ды. Тілеуқабақ байы күйеу баласының алдын орай жүгірді:

— Тәңірбергенжан... тоқта... тоқтай кет!

Әкесінің соңынан Әли жүгірді. Бу да қолын бұлғап айқайлап келеді. Тәңірберген амалсыз қайырылды. Ат үстінде тұрып күтіп алды.

Тілеуқабақ байы ауыр денесін әзер қозғап ырсылдап жүгіріп келді де, күйеу баласының қолын қос қолымен қысып ұстай алды; бір сөзге келмей бетін ат жалына сүйіп еңіреп жіберді. Тәңірберген көз салмай, ат үстінде сазарып отыр.

— Тәңірбергенжан-ай, енді қайттім? — деді Тілеуқабақ байы жас жуған бетін жоғары көтеріп.— Ішпей-жемей жиған малдан айрылып, сорлап қалдым ғой, мен бейбақ.

— Бекем бол! Құдай салған іске көнбеске лажың қайсы.

— Құдайы құрсын... ойбай-ай, қу тақыр боп қалдым ғой...

— Қой, ата! Мал ашуы — жан ашуы. Жаның күйгесін айтып тұрған шығарсың. Бас амандығын тіле. Бас аман болса, кедейліктен өлген кісіні көргем жоқ. Мына балықшылар ауылы да табылған торта-шабағын жеп күнелтіп отыр ғой.

Әли әңгімеге араласпай, әкесінің сырт жағында тұрғанды. Жездесінің сөзінен «ыснен ештеңе дәметпе»,— деген ойын анық аңғарды.

— Әй, әке, бұл безбүйректің сырын білгендей болған жоқ па едің. Бұған жылағанша, ендігі жерде теңізге жалынғанның өзі дұрыс. Жасыңды тый, жүр,— деп Әли әкесін жетелей жөнелді.

Тәңірберген атын тебініп жүріп кетті. Ыңғайсызданып барады. Бірақ сол бойда жуып-шайып: «Осының өзі дұрыс болды»,— деп ойлап, қайын атасынан тез құтылғанына қуанды!

XXIX

Жау шапқан ауылдар астан-кестен. Қатын-балалар жылап, аман қалған ер-азаматтар бір-біріне көрісіп, у-шу боп жатқан-ды. Түс кезінде осы ауылға бір кісі келді. Есін шала біледі. Мылтық па, әлде таяқ па, қолында бір нәрсе бар. Оны да көтеруге әлі келмей, жерге сүйретіп тәлтіректеп келе жатты. Бірдеңеден қармап ұстағысы келгендей ауық-ауық қолын ілгері созып, «су-су!..» — дейді.

— Мынау кім, әй?

— Елағаң емес пе?..

— Сол, сол!..

Халық жиналып қалды. Біреу жүгіріп барып су әкелді. Еламан шелекті екі қолымен бас салып, суға басын тығып жіберетіндей құнығып ішті.

— Сорлы өлуге қалыпты ғой.

— Құдай оңдап ел шетіне жеткенін айт!

Еламан өзі туралы айтып жатқан бір сөзді есіткен жоқ; суға ерні тиер-тиместе маңдайынан бұрқ ете қалған терді сүртуге шамасы келмей, басы кеудесіне түсіп, қалжырап отыра кетті. Кенет, әлдене есіне түскендей басын шұғыл көтеріп, үнсіз тұрған халыққа қарады:

— Үлгірдім бе?..

Ешқайсысы үндемеді. Еламан атып түрегелді. Бір жігітті жағасынан алып:

— Не болды, айт! — деп сілкіп-сілкіп қалды.

— Елаға, айтатын да ештеңе қалмады...

Еламан бірдеңе дегелі аузын аша түсті де тоқтады. Жас жігіттің жағасынан ұстап алған қолдары безгек буғандай дірілдеп барады.

— Не дейді... не дейді, құдай-ау...

— Он төрт кісіні атып кетті. Ішінде Мөңке, Төлеу, Құлтума...

— Көп жігітті алып кетті.

— Қыз-келіншектерді де әкетті.

Еламан бәрін ұқты. Кең танауы қатты қусырылып, сүп-сүр боп дір-дір етіп тұр. «Әттегене-ай, үлгіре алмаған екем ғой. Енді қайттым?»

Еламан сауалына жауап іздегендей үнсіз сазарып тұрған жігіттерге қарады.

— Көп пе?

— Көп дейтін көп те емес. Тек бәрінің мылтығы бар...

— Кеткендеріне қанша болды?

— Бір күн...

«Бір күн?..» — деді ішінен.

— Айдаған малы бар, онша ұзай қоймаған болар,— деді Әли Еламанның аржақ ойын аңғарғандай.

Еламан қалың қабақты қара сұр жігітті танымады. Бірақ, кім де болса оның жау қууға әзір тұрған ызалы түрін көрді.

— Жігіттер, біз де ел едік қой. Тірі қалғандарымыз тым құрыса жау қолында кеткен бауырларымыздың...

— Шырағым-ау, құр қол қалай...

— Сөз емес! Енді бізде де мылтық бар.

— Бір мылтық қана.... Өзің біл, халықты қырып алмасаң болғаны.

— Қой әрі! Қол қатпағанда аман қалғаның белгілі. Ұл, қызың жау қолында шырылдап барады... Ал, сен бұта түбіне тығылған торғайдай бас қорғап қалмақсың ба? Кәне, Тілеуқабақтың жігіттері, былай шығыңдар!..— деді Әли айқайлап.

Еламан түсі басқа жігіттерге таңдана қарады. Ол әсіресе Тілеуқабақ жігіттеріне әмір беріп, бір сәтте шоқтай екшеп жинап алған мына қара сұр жігітке сүйсініп тұр. «Оты бетіне шығып тұр екен»,— деп ойлады Еламан.

Жау шапқан ауылдың жаңа ғана сағы сынып, жүдеп тұрған жігіттері кенет еңсесін тіктеп ала қойды. Қамыс арасында қалған аттарды құрмалап ұстап ап, ерттеп жатыр. Ер таппағандары жайдақ міне сап, сойыл, шоқпарын алды-

на өңгеріп апты. Еламан көптің арасынан Досты көрді. Қолында Курнос Иванның қос ауызы. Өзіне қарасты жігіттерді бастап шығыпты. Еламан байқамаған болды.

— Әзірсіңдер ме? — деді ол айқайлап.

— Әзірміз, Елаға!

— Ал, тартыңдар!

— Тартыңдар! — деді Еламан айқайлап.

Жаудың онша ұзай қоймағанын білді. Бесатарын оқтап тақымына басып алды; астындағы Тілеуқабақ байының бәйгі көгі еді; кешеден бергі жортуылда мейіздей боп жарап бауырын тартып апты; әлі талмаған; құрықтай ұзын мойны тегіс терлеп, қос құлағын алдына тігіп қатты сыдыртып келе жатты.

Түс кезінде бұлар көз ұшынан шаң көрді. Еламан мұның түрікпендер екенін білді де, дереу атқа тақым басты. Жігіттер де Еламанның ойын сезгендей, ауыздыққа керіп сыдырта шоқытып келе жатқан аттардың басын қоя берді. Сойыл-шоқпарын кіжіне көтеріп алған жүз қаралы жігіт жым-жырт даланы дүбірлетіп, зор қаһармен түйіліп келе жатты.

Бейқам бара жатқан түрікпендер бұларды байқай қоймады. Тек ту сыртынан тосын дүбір шыққанда ғана жалт қарап, қуғыншының қарамынан қорқып қалды. Кейбіреулері қаша жөнелмек боп еді; қара сіңір түрікпен қылышын суырып ап көк қасқа арғымақпен алдын кес-кестеді.

— Қайт! Қайт кейін!..

Сіңір қараның әмірімен алты-жеті түрікпен Тілеуқабақ байының жылқыларын қикулап қуа жөнелді. Осы екі арада қуғыншылар сойылдарын бұлғап келіп қалған-ды. Сіңір қара түрікпен он-он бестей кісімен тосқауылда күтіп тұр. Қуғыншылардың қарамы көп болғанымен мылтығы аз екенін көргесін жүрек тоқтатқандай. Тақа болмай бара жатса, жүйрік атпен жау шебін жарып өтіп жесткізбей сытылып шығып кетерін білді де, көк қасқа арғымақты тебініп қап, қаптап келе жатқан жауға қарсы шапты.

Сіңір қара жорық-жортуылды көп көрген-ді. Осы жолы да оның жүзі ығыспады. Қуғыншылар арасынан кеше балықшы ауылын шапқанда көзіне түспеген түсі басқа бір кісіні көрді. Батыр тұлғасы да басқалардан бөлек. Ақ шыт орамалмен басын шарт байлап апты. Қарсы шапқан жауды көрсе де, түк айылын жимаған күйі өз жігіттерінің оқ бойы алдында келе жатты. Қолындағы бесатарын оңтайлап ұстап, түйіліп бетпе-бет кеп қалған екен. Кекпен қадалған үлкен ала көзіне дейін осы балықшының осал жау емес

екенін пәш етті. Сіңір қара жеме-жемге келгенде айқастан тайқып кетті.

Көк қасқа арғымақтың басын шұғыл бұрып алды. Жау алдын орағытып кеселеп шауып бара жатып үсті-үстіне атып жіберді. Қалғандары да сүйтті.

Бірнеше балықшы аттан ұшып түсті. Бір оқ Еламанды сол жақ иықтан ұрды. Еламан әдепкіде ат тізгінінен айрылып қалам ба деп қорықты. Көзі бұлдырап бара жатты.

Әлн үзеңгі қағысып қатарласа берді. Еламанның қолынан түсіп бара жатқан бесатарды қағып алды. Денесі қызып алған жүйрік атпен ағызып келе жатып тақырды тасырлатып қашып бара жатқан түрікпендердің ішінен көк қасқа арғымақтыны іздеді. Ат екпінімен ұрған қатқыл желден көзі жасауралы. Тастақ жермен тасырлатып шапқан ат тұяғынан шаң ұшпай, тек қиыршық тастар шақылдады. Әлн ат жалына жабысып кекті көзін артына жалтақтап қарап қашып бара жатқан сеңсең бөріктілерге тігіп алған. Көк қасқа арғымақты таныды. Үстіндегі сіңір қара түрікпенді енді ғана танып, ағызып келе жатып ат үстіндегі машықпен қарауылға іліге бергенде атып жіберді. Көк түтін көзінің алдын алып, сіңір қара түрікпен көзден үзіліп кетті; «Тимеді-ау» — деп қорқып еді; дәрі түтіні сейіле бергенде, сіңір қара түрікпеннің ат сауырынан сыпырылып түсіп бара жатқанын көрді.

Түрікпендер құрбашының сүйегін жау қолында қалдырғысы келмеді білем, кейінірек қалған екі жігіт ағызып келе берген бойы ат үстінен қатар еңкейіп жіберіп сіңір қараның денесін екі жақтан көтеріп іліп әкетті.

Балықшылар қиқулап қуып барады. Тек Еламан ғана бір топ кісімен кейінде қалды. Жаралы бойын билей алмай, ат жалын құша бергесін, екі жігіт оны аттан түсірді. Әлидің ақылымен оқ тиген жеріне дереу киіз күйдіріп басты.

— Мал-жандарды құтқара алдыңдар ма?

— Құтқардық, Елаға...

— Бәрін де ме?

— Жоқ, бәрі емес...

—, Біздеи шығын көп пе?

— Бір жігіт өлді, үш кісі жараланды.

Осы кезде Рза жүгіріп кеп, Еламанды құшақтай алды; сонан соң қалған жігіттерді де бір-бір құшақтап:

— Ағаеке-ай, сендерді де қайтып көретін күн бар екен ғой,— деді.

— Қалғандарың қайда?

— Келе жатыр...

— Ай... ған...

— Айғаншаны білмеймін. Өткен түні қашқан...

Еламан жігіттерінің бас-аяғын жинап алды да, дереу атқа қонды. Неше түрлі күдік, қорқыныш көңілін ұйтқытып келеді.

Қайтар бетінде олар қанатын жазып қаптап жүрді. Сырын ішіне бүгіп жым-жырт боп жатқан меңіреу даланы жүз қаралы жігіт сүзіп шықты. Биік-биіктің басына шығып, бірнеше кісі қатарласып тұра қап дауыс қосып айқайлай-айқайлай тамақтары қарлықты.

— Жан ұшырған қыз, бұл кезде, бәлкім ауылдан шыққан шығар,— деді Әлн.

Еламанға да осы ойдың қисыны бар секілденді. Ауылға тезірек жеткісі кеп асыға бастады Шаршағандарына қарамастан енді олар еш жерге аялдамай, түнгі салқынмен жортып отырып таң алдында ауылға жетті.

— Айғанша... келді ме?

— Жоқ...

Еламан Рза бастаған он жігітті жасақтап, тағы да қызды іздеп қайтуға аттандырды. Олар үш күн сабылып іздеп таба алмай, қалжырап қайтты. «Сау болмады»,— деп түйді Еламан. Ас-сусыз, көліксіз, жалғыз қашқан жас қыз аштан өлді ме? Әлде, адасып кетті ме?

Кішкентай Әшімін қолына алғаннан бері көзінен екі елі таса қылмайтын-ды. Осы күндері ол баласының бары-жоғын да ұмытқандай боп, оңаша үйде жалғыз жатыр. Халін сұрай келген кісілерге ыңғай бермей, көбіне іргеге қарап сазарып алатынды шығарды. Әлі бір рет дұрыс ұйықтаған жоқ. Ауыр ойдан қалжырап көзі ілініп бара жатса, кенет қара жамылған қатындардың зары құлағына кеп ұйқысы шайдай ашылады. Қанша үйдің шаңырағы құлады. Қанша тірлік өшті. Қандай армандар қырқылды. Құдай-ау, адам баласы не боп барады? Іргелес отырған екі халық бірінің жеріне бірі жау боп кіріп, әлі жеткені әлсізін талап жатса, адамның аңнан айырмашылығы қанша?

Жарайды, олар бұны тегі жаттығынан түрікпендігінен істесін. Ал тегі бір Тәңірбергендердің де жер түбінен бері істеп келе жатқаны осы емес пе?

Еламан түнімен көз ілмеді. Ақбаланы ойлады. Денесі түрік жерінде қалған інісін ойлады. Сонан соң әкесін...

Әкесінің өлімін ойлады. Бір елдің ішінде, бір топырақты қатар басып жүріп те бірімен бірі төбелесіп, әлдісі әлсізін талап, қырылысып, қырқысып жатқан халық.

Еламан таңның қалай атқанын байқамады. Екі көзі қып-қызыл. Бетінде бір тамшы қан жоқ. Батпан зіл басқан бойы ауырлап, басы мең-зең боп түрегелді. Рәйсті шақырып алды:

— Мөңке болса жоқ. Бұл ауылдың ендігі сенері өзіңсің. Не ойлап жүрсің сен осы?

— Өзіңізбен ақылдассам деп едім.

— Менің айтарым: өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі кісі тірлігін істейді. Қатын-бала күйзеліп қалмасын. Талап қылыңдар.

— Құп, Елаға. Өзіңіз қалайсыз?

— Әй, шырағым-ай, қайғыдан кісі өлмейді екен. Мен ештеңе қылатын емеспін.

— Мүмкін, тірі шығар... табылар...

— Әлн ақылды жігіт сияқты. Ендігі жерге сонымен ынғайлас бол!

— Мақұл, Елаға.

— Ол пақырлардың күні кәзір сендерден де төмен боп қалды ғой. Теңізге үйреніп кеткенше қатын-балаларына қазандық балық беріп, қарасып тұрыңдар. Адам күні адаммен деген...

— Мақұл, Елаға!

— Жә, енді бара бер!

Ертеңіне қаза болған кісілердің жетісін берді. Түс ауа үлкендер бастаған мол топ ауыл сыртындағы қара молаға барып құран оқып қайтты. Бірін-бірі сүйемелдеп, «ой бауырымдап» дауыс салып барады.

Қаратөбе басында Еламан жалғыз қалды. Бағана, құран оқығанда отырған орнынан қозғалмай, иығы салбырап шөгіп қапты. Сыртынан қарағанда қыр басына қанаты талып кеп, төсін тасқа соғып қонған қыран тәрізді. Мола басынан тарап бара жатқан халықты көзімен жөнелтіп, ауыр оймен тұнжырап отыр.

«Ел боп еңсеңді көтере алмай-ақ, кез келгеннің табаны астында тапталып кете берер ме екенсің?» — деді Еламан күрсініп.

Бәлкім, таланыңа салғасын көре беретін шығарсың. Шарасыздық та — шерменделік. Бірақ басқа түскеннің бәрін көрсең де, көнгенің қалай? Осы қазақ неге көнгіш? Аштыққа көнуге болар, ал бірақ, қорлыққа көнген қасиет пе? Ел намысы үшін ерлері еңсе көтеріп, айқайлап шығып ұран тастаған, топтасқан кезі бар ма? Көненің көзі ғой деп қариялардан жөн сұраған кезі болды. Қанша жасаса да олардың осы өмірден түйген зәредей де сабағы болмапты.

Арғы-бергі заманнан ауыз толтырып айтар жақсылық таза алмағасын олар өз елінің тірлігін ұзақ сонарға сап, баяғы заманда өткен даңғой батырын, сасық байын, қызыл тілін безеген жезтаңдай биін мақтап, жөн сұраған кейінгі ұрпаққа тірліктің жолын қиындата түседі. Енді бірде көп біледі деген қариялардың өзі келешектің қамын ойлаудан гөрі кейінгі жағына жалтақтап, жастардың ілгері басар үміт-арманын бетке қағып қайырып әкеп көне заманның сүрлеуіне сала береді. Көне заманды көксеп отырып кейкейде көзін жұмып, қолын қиял мұнарына алысқа сермеп, Қап тауының аржағында жатқан қалың ел бар, бақыт, байлық, ғашық жар, hүр қызы — бәрі сонда деп осы өмірден көрем бе деген қызықты да қиындатып жібереді.

Еламан солдатқа алынғанына өкінген жоқ. Осы жолы ол қариялар айтатын Қәп тауының аржақ, бержағын түгел көріп қайтты. Әсіресе, Кавказ тауын жайлаған кішкентай елдердің тірлігі оған көп ой салды; ұйықтап жатқан кеще ойға тас тиіп оятқандай болды; сонан бері өз басының қайғысын ел қасіреті жеңіп, шерлі жүрегі сыздап қайтты. Ата-бабаларының бір ісіне ырза емес. Үстіне кісі кіргізбейтіндей, кең далаға сыймай, мал жайып жатқаннан не ұтты? Талай заманнан бері жер дауы кішкентай елді жегідей жеп, ала ауыздық асқына түскен. Соның арқасында ит-құсқа таланып, таяқ жеумен күн кешіп келеді. Кеше де өздерінен он есе күші аз жауға қарсы тұра алмады. Таланды. Тоналды. Алдағы уақытта әлі қанша таланбақ!

— Апыр-ай, бір қайғыңнан бір қайғың асып түсіп, тіпті қайғыруға да мұрсаңды келтірмей барады-ау! Ыстық ұяң — аулыңның сиқы мынау. Мен қимайтын не қалды? Бәсе, не қалды енді? — деп Еламан, кенет ұйқыдан оянғандай ой басқан еңсесін көтеріп алды.

Қарындасындай болған кешегі кінәсіз жан есіне түсті. Өкініші мен өксігі көп өмірінің жалғыз ғана қуанышындай боп үміт ұшқынын тұтатып еді; бір жарқ етті де о да сөнді.

Еламан түрегелді. Жаралы денесін ауырсынып, талықсып барып таяғына сүйеніп қалды. Кетер алдында жасқа булыққан көзі шеткі он қабырдың жанына жақында ғана пайда болған он бірінші қабырға түсті. Дүние қасіретін көп шеккен қарт балықшының қабыры. Бұл пақыр да енді міне балаларының қасынан кеп, қара жердің суық құшағына еніп, м: дгі-бақи тыныштық тапты.

Еламанның көзінен ыстық жас қат-қат тамды.


— Кешір! Үлгіре алмадым,— деді күбірлеп.

Ендігі тірлік жөнін ойлағанда есіне қайта-қайта Шалқар түсті. Ондағы орыстардың тірлік қаракеті тіпті басқа. Іргелі үлкен елдің ішкі сырын болжап білген емес. Тек бір аңғарғаны: үлкен елдің арманы да үлкен. Патшасын құлатса да, халық бойындағы ыза әлі басылмай, бейне дауыл алдындағы ұлы теңізше ісініп, шарасынан шығып жатқан қаһарлы бір күшін сезгені бар.

Еламан таяққа сүйеп тұрған бойын жиып алды. Іштей бір байламға кеп, ширығып тұр. Не көрсе де ендігі жерде жаңа өмірге бет бұрмақ болды.

Алдын кештете ел-жұртымен қоштасып, Шалқарға бет қойды. Күзгі жел кешке қарай шұғыл суытты. Ала бұлтты аспан сең жүзген теңіз бетіндей, сапырылысып, жөңкіп көшіп жатты. Осы көрініс те оның өз көңіліндей ұйқы-тұйқы. Шамасы, сірә, мына аспанның да қары, жауыны, қара нөсерімен бірге осындай ала бұлтты ызғырық шағы болатын сияқты. Ең аяғы бұлт екеш бұлт та соның біріне тоқтамай, толастамай, кең аспаннан жол тауып үздіксіз көшіп жатады екен-ау!

Еламанның сең соққан балықтай сергелдеңге түскен жаны соқтықпалы өмірден соқпақ іздеп, баяғы Шалқарға бет қойды.



Үшінші кітап

Күйреу

Бірінші бөлім

I

— Кіріңдер! Ну! — деді Мюлгаузен ауызғы бөлмеден бір бөлек кісінің аяқ тықырын естіп.

Бұл шыршық атып дызыққанмен, бірақ аналар асығатын емес. Кірер алдында күйбектеп шала жабылған есіктің арғы жағында күбір-күбір сөйлесті. Қайсыбірі құдды ән айтатын кісідей суыққа шалдыққан өңешін қырнады. Біреулер темекісін сөндірді. Қызыл шоғы жалтыраған темекі тұқылын тақасымен басып ырғап жатыр... Сонан бір кезде қорбиған кнімдерінің сыртынан айқұш-ұйқыш қару асынған бес-алты кісі тақтай еденді топырлап басып кіріп келе жатты. «Аника воин»,— деді Мюлгаузен ішінен. Қолдан істеген орындықтар мен столдан басқа түк дүниесі жоқ аңырайған жайдақ бөлме.

— Кісілеріңді даярлаңдар, аттанамыз.

— Қайда?

—Жем бойына.

— Астыққа кеткендерден хабар болды ма? — деді Оэнобин. Ішінен сыбырлағандай үні шықпай қалғаны сонша-лық, өз даусын өзі әзер есітті.

— Жәрдем сұрап жатыр.

— Тағы да Дутов па?

— Ну, барыңдар! Тездетіңдер!

Бөлімше командирлері жүгіре жөнелді, тек қарт жұмысшы қозғалмады. Мюлгаузеннің назар аударғанын күтіп, қысы-жазы басынан тастамайтын қара май кепкасын шеңгелімен сығымдап қысып апты. Еңкіштеу келген ұзын бойы аласа үйде амалсыз ніліп, кешкі көлеңкедей салбырап тұрған-ды.

— Жағдайлары қалай екен?

— Ол арасын білмедім.

— Оқ-дәрілері аз еді. Сен... дивизияға хабарластың ба?

— А-а?

— Дивизияға.

Мюлгаузен үндемеді. Ал Озноби қайта сұрауға жүрегі дауамады. Өзі бірдеңе десе осы жігіттің әрқашан тыжырына қалатын түрін ұнатпайды.

— Дивизияға хабарлас Жем бойына бізден гөрі олар жақын ғой,— деді қарт жұмысшы.

— Иә, тағы не айтасың?

— Менің естуім бойынша Жем бойында біздің кісілерден де басқа астық жинап жатқан тағы біраз ұсақ отряд бар көрінеді. Қазіргідей қысылтаяңда бәрінің басын қосып топтап жіберсе, біз жеткенше олар Дутовқа қарсы табан тіреп соғыса алар еді...

Мюлгаузен орнына отырды. Столда жатқан қағаздың бірін қолына ұстады да, бірақ оқымай ары ысыра салды. Әлденеге мырс етті.

— Бізге сырттан комиссар іздеудің қажеті жоқ қой...

— Мен ойнап тұрғам жоқ.

— Мен де шын айтам.

Озноби лəм-мим деместен бұрылып жүре берді. Кепкасын да кетіп бара жатып киді. Иығының басы салбырап, екі қолы жең түпке тек әншейін іле салғандай жанында салақтап барады. «Кәрі қырт»,— деді Мюлгаузен.

Озноби шыққан есік іле-шала қайта ашылып, ішке ақсары қыз кірді.

—Бізге комиссар келе жатыр,— деді қыз.

Мюлгаузен қыз өңіне қабақ астынан қадала қарады. «Дура! Комиссар күйеу тауып беретіндей мəз болуын».

Қыз телеграмманы стол үстіне тастай салды да, жүгіре басып шығып кетті. Оңаша қалғасын да Мюлгаузен телеграммаға одырайып алыстан көз тастап тұр. «Хромы сықырлап келеді екен ғой»,— деді ішінен. Темірдей саусағымен телеграмманы бүріп алды да, умаждап-умаждап лақтырып жіберді. Сырттан бірсу келе жатқандай болды. Мюлгаузен кілт тоқтады. Желке жағы күдірейген қысқа мойны құяң болғандай бұрылмайтын. Бұл жолы да ол бар бойымен бұрылып, қасқырша еңсеріле қарап тұрды да, қайта жүріп кетті. Көшеге қараған қос терезенің алдына келді. Сыртқа көз тастады. Екі қабат үйден бойы асып, қысыжазы терезеге жоғарыдан төніп тұратын терек қазір тіпті қатты шайқалып тұр. Жапырақтары сыбдырлаған бұтақтарда маза жоқ; әсіресе, жел астында сықырлап майысқан жуан теректің ық жақтағы бұтақтары тынымсыз жалпылдап жер сабалап жатты. Алыста паровоз айқайлады.

Мюлгаузен дивизия командиріне хабарласқысы келді. Көк сукно жапқан столдың үстіндегі телефонға қолын созып түсті де, шоқ тигендей тартып алды. Бұрынғы дивизия командирі Ембі түбіндегі ұрыста қаза тапқан-ды. Оның орнына келген кісімен көңілі жараспай жүр. Екеуі әлі кездескен жоқ. Іттің аты қалай еді: Хан-Дауров! Ал, телефонмен сөйлескен сайын теке-тірес кеп қала береді. Көбіне оның ін түбіндегі аюдай гүрілдеген даусын есіткісі келмей, трубкадан құлағын бұрып әкететін-ді. Құдай біледі, айтқанына көнбегесін ендігі жерде уысынан шығармай тізгіндеп ұстап отыру үшін мына комиссарды әдейі жіберіп отыр. Келсін. Тежеп көрсін. Хромын дал-дұл қылайын. Хан-Дауров. Өзі офицер көрінеді. Патша құлағаннан кейін қызылдарға өткен. Бізге қайбір бауыры бітіп барады дейсің. Күні құрығасын, амалсыздан келіп жатыр. Жаңадан келген кісі бұндағы жағдайдан бейхабар. Халыққа нан, әскерге қару жетіспейді. Атаман Дутов Орынборды басып алғаннан бері бұлардың халі бұрынғыдан да қиындады. Петроград, Москвамен қатынас үзілді. Азық-түлік пен қару-жарақтың келер көзі байланып, онсыз да аш-жалаңаш отырған халықтың жұтқыншағын буып тастады. Ала-бөле жұмысшылар семьясы ашыға бастаған соң төрт-бес күн шамасында бұлар шағын отряд ұйымдастырып, Ознобиннің шолақ қол баласын бас қып, Жем бойына астыққа жіберді. Ертең-бүрсігүні келіп қалар деп отырғанда, әне, тағы да бір пәле тап болды. Бұлар жетем дегенше бейшараларды қырып тастамаса қайтсін.

Мюлгаузен не істерін білмей тұр еді; дивизия штабынан телефон соғып, Дутовтың айдап салуымен Ақбұлақ, Мартөк маңының халқы бүлік бастағанын хабарлады. Сонан соң «Тез аттаныңдар! Қиын боп жатыр»,— деп әмір етті.

Мюлгаузен станцияға жүгірді. Жаз бойы ыстық боп тұрған-ды. Кешеден бері күннің райы шұғыл бұзылды. Терістіктен соққан салқын жел іштен шыққан кісінің ығын алып, қойны-қонышын кеулеп ызғытып жіберді.

Топырағын үрлеп тақырлап тастаған жер тақтайдай. Аяғыңды басқан сайын дәл бір мұз үстімен келе жатқандай тақыр жер табаныңа соғып, зың-зың етеді. Сары топырақ сусылдап борап жатыр. Қасы, кірпігі қапелімде топырақ-топырақ боп қалды. Тісі шықырлады. Тездету керек. Қазір адам ашуы бетіне шығып тұр. Бұндай заманда бүліншіліктің үлкені, кішісі болмайды. Үюлі жатқан дәріні тұтату үшін ұшқын да жетеді. Бүгін бір жерден бұрқ еткен

бүліншілікті сол сәтте дереу басып тастамасаң, күні ертең өрттей лаулап етек алып кетеді.

Желге қарсы қарап жүре алмаған соң, Мюлгаузен көбіне бір қырындап келеді. Әлгіде бөлімше командирлерін жүгіртіп жібергені ақыл болған. Соның арқасында, әне, станция алды абыр-сабыр. Аттанар алдындағы қарбалас: қысқа-қысқа әмір-бұйрықтар. Сасқалақтаған шолақ дауыстар. Даңғаза, дабыр. Котелок, флягалардың салдыры. Жәшік-жәшік патрон көтерген, пулемет сүйреткен жауынгерлер абыр-сабыр эшелонға тиеліп жатты. Ұзын эшелонның кейінгі жағындағы жайдақ вагондарға жайғасқан зеңбіректердің жотасы қарауытады.

Мюлгаузен вагондерді жағалап жүр. Маузері салақтап санына соғады. Маңдай жағына қиғаштап қызыл шүберек байлаған дөңгелек бөрікті бір шекесіне қисайтып осқырта киген. Шыдамсызданып, әлсін-әлі сағатына қарап қояды. Көзіне түскен командирді шақырып ап «тездет»,— деп дігерлеп жүрген-ді. Дивизия штабынан тағы да жарлық алды. Бағанағы әмірін аяқ астынан өзгертіп жіберіпті. Мюлгаузен дивизия командиріне дереу телефон соқты. Бірақ бұл аузын ашам дегенше трубканың арғы жағынан гүрілдеген жуан дауыс киіп кетті:

— Сендер қозғалмаңдар. Бүліншілікті басуға Ташкент отрядын жіберіп отырмыз.

— Біз де әзірленіп...

— Дутовтың атты әскерінің аяғы ұзын. Қазір мұнда болса, ертең сендерден шығуы мүмкін.

— Бұл жаққа мүлде соқпауы да мүмкін ғой.

— Иә, мүмкін.

— Сонда да отыра береміз бе?

— Не бұйырсам — соны орындайсың. Солай! — деді Хан-Дауров. Сонан соң біраз үнсіз тұрды да,— отрядыңда тәртіп нашар деп естуші едім,— деді.

— Енді жөнделер, комиссар жіберген көрінесің ғой.

— Ол әлі барған жоқ па? Алло! Ал-ло, жолда бірдеңе боп қалмасын. Дереу іздеу сал. Ал-ло... алло! — деді Хан-Дауров ана жақтан айқайлап.

Мюлгаузен трубканы лақтырып жіберді. Сыртқа жын ұрғандай жүгіріп шықты. Есік алдында бір топ жауынгер тұр екен. Өзіне жалма-жан ілтипат білдіріп, екі айрылып жол берген жігіттерге көз салмай ортасын жарып өтті. Қолын қалтасына сұғып жіберген. Түйіп алған жұдырығы қалта сыртынан бадырайып білініп барады. Отряд орналасқан екі қабат үйге тақай бергенде, бұған салт атты біреу қатар-

ласты. Күпісі мен тымағына қарап, сен де мұңы-мұқтажы бітпейтін емінсек ел қазағы боларсың деп ойлады.

— Салаумалейкүм, Петька.

Мюлгаузен тоқтады. Ат үстінде әзер отырған күпілі қазаққа көзі түскенде таңданып қалды. Жел өтінде қалған ат құйрық-жалы суылдап ықтап кеткен сайын бұл құлап қала жаздап, қамшы ұстаған қолымен шоқтыққа жабыса қалады. «Ауру ма?» — деп ойлады Мюлгаузен.

— Саған келдім.

— Вот, чудак!

— Отрядыңа ал.

— Менің түйем жоқ саған бақкызатын,— деді де, Мюлгаузен жүре берді.

Күпілі қазақ қатқыл жерді дүрс-дүрс бастырып кеп, Мюлгаузенмен қатарласа бере аттан асығыс домалап түсті. Осы арада ол шыңғырып жібере жаздап, көгеріп тістене қалды.

Мюлгаузен оны құлап кетеді екен деп қорықты. Бір қолымен сыртынан құшақтай сүйемелдеп, екінші қолымен күпінің омырауын жұлқып ашып жіберді. Сол жақ нығының тұсында шыт көйлектің сыртына өткен қанды көрді.

— Мынау не?

— Жай...

— Жараланғанбысың?

Күпілі қазақ маңдайынан білінген терді сүртті. Бірдеңе дегелі кезерген ернін қинала ашып келе жатыр еді.

— Сөзді қой. Емдел! — деді Мюлгаузен.

— Мені... отрядыңа ал.

— Соңыра тағы да төбелесіп жүрмейсің бе?

Еламан басын шайқады. Мюлгаузен емделгесін келерсің деді. Еламан атын жетелеп, көше қаптамымен ақырын ілбіп келеді. Былтырғы жылы теңіз жағасындағы ауылдан аттанып шыққанда бірден ат басын Шалқарға түзесе де, былай барғасын толқи бастады. Мюлгаузенмен төбелесі есіне түсті. Көрместей боп ат құйрығын кесісіп кеткен кісімен тағы да қайта кездесудің қиындығын ойлады. Балықшылар аулына қайтып барудың да мүмкін емес екенін біліп, айдалада ат үстінде былақ-сылақ етіп келе жатқанда бұған бір топ қалашы кездесті. Ұлықұм бойын қыстайтын бір ауылдың ер-азаматтары екен. Ел қыстауға кіргесін бала-шағаға қыстық азық қамдамақ боп Қоңырат, Шымбайға базар базарлап қайтқалы шығыпты. Соқа басын жер бетіне сыйғыза алмай жүрген Еламан қалашыларға ілесіп кете барды. Жат жерде бір жыл тентіреді. Әуелі Қоңыратта

болды. Алғашқы төрт-бес ай ештеңені талғамай қолына түскен жұмыстың бәрін істеді. Сонан соң тұрақты кәсіп тапқысы кеп Хиуаға, Хожеліге, Үргенішке барды. Бірақ бұл өңірдегі аты шулы бес қаланың біріне тұрақтай алмай, осы биыл жаз шыға Адай еліне келді. Бұл жақтан да ыңғайлы кәсіп табылмады. Екі қолын алдына өңгеріп қарап жүру тағы қиын болғасын салт атты жолаушы ел жағалап Шалқарға қарай қиястап келе жатқанда, айдалада бұған ұрылар кездесті. Атыс үстінде нығына оқ тиді. Қолға түсетін қауіп төнгенде астындағы күрең қасқа атпен қашып құтылып еді. Былтырдан бергі көрген бейнет, шеккен азаптың бәрі салауат.

II

Еламан лазаретті ұзақ іздеді. Біреулердің сілтеуімен көл жақтағы қисық көшелердің біріне түсті. Басында «табам ғой» деген тәуекелмен жөндеп сұрап алмағанына өкінді. Мезгілдің қай шама болғанын болжау қиын, кешеден бері көк жүзін бұлт басып түнеріп тұрған. Бір кезде батыс жақта шоғырланған қап-қара бұлттардың сонау көкжиекке тіреліп жері жалтылдап шоқтай қызара бастады. Еламан қараңғы түскен соң таба алмаспын деп қорқып, тезірек жүріп кетті. Күпісі мен тымағы ат үстінде ыңғайлы болса да, жаяу жүргенде бойын ауырлап ырсылдай бастады. Сеңсең тымағын қолына алып, пысынаған басын желге қаққызды.

Темір жол бойында тас барақтар болатын. Лазарет солардай көп бөлмелі, еңселі, биік үй болар деген оймен көзіне түскен кіші-гірім үйлерге назар салмай келе жатқан. Кенет далада өскен кісі дағдыланбаған бір жаман күлімсі ніс қолқасын атып жіберді. Сүйтсе, сыртын ақтаған аласа үйге ық жағынан келіп қалған екен. Бұндай лазареттің түрік жерінде талайын көрген. Жаралылар, ауру, сырқаулар әдетте жалаң матрац үстінде сұлап-сұлап жататын. Қолын асқан, басын таңған кір-кір кісілер. Қолқа атқан күлімсі дәрі иісі, ыңқыл-сыңқыл... Еламан осының бәрінен өлердей жиіркенетін. Ұзақ жатып қалмасам қайтсін деп, қорқып келіп еді. Құдай оңдап лазаретте орын болмады. Ұрыс үстінде қанын тоқтату үшін оқ тиген жеріне киіз күйдіріп басқан-ды. Қазір сол арасы қарақошқылданып долбарып ісініп, ністене бастаған екен. Ақ халатты қыздар ұрысқаны әлде аяғаны белгісіз, әйтеуір «ай-ай»,— деп басын шайқап жүріп жарақатын жуды. Дәрі-дәрмек жақты. Таза шүберекпен таңып байлады да, екі-үш күннен кейін қайта кел деп қоя берді.

Еламан сыртқа шыққанда ымырт үйіріліп қалған екен. Бағанағы салқын желдіңептеп әрі сынғаны болмаса, әлі азынап тұр. Үй алдындағы терек басы суылдап шайқалады. Ақ шүберекпен қатты таңған нығының басы ауырғаны болмаса, осы қазір көңілі сергек.

Жан-жағына жылдам көз тастап, ширақ басып келеді. Осыған дейін дүниеден түңілгендей боп жүр еді; әсіресе былтыр түрікпендер шауып кеткеннен кейін тірлік таусылғандай көрінді. Енді қазір сонысына күліп келеді. Адам баласы қызық қой. Кейде кішкентай нәрседен көңілің күйген терідей құрыса қаласың. Сол кезде осынау айдай әлем тарылып басы-аяғы бір-ақ уыс боп кетеді. Тар дүние тас шеңгеліне алып, қол-аяғыңды жазғызбай сыға береді. Сыға береді. Шыдамаған кісі шөлмектей сынып жатады. Өзі де сына жаздады. Көкірегі қарайып, көзіне қан толып жүрді. Жүзі ыстық жарық дүниенің әлі қызуы сөнбегенін, аспанда ай мен күннің барын, адам баласы мен жан-жануарға нұрын төгіп тұрғанын сезбеді... Енді қазір көңілі орныққан соң қараса... о, тоба, кәрі дүние бәз-баяғы қаз-қалпында. Ай орнынан атып, күн орнынан батып тұр. Біреу бақытты, бай, өрісі толған мал. Үстінде — үйі, құшағында — қатыны. Біреу — бақытсыз. Еңбек үшін жаралған екі қолы мен бойындағы күшінен басқа бұл өмірде сенері де, сүйенері де жоқ. Тауыққа шашқан тарыдай, таланына біткен там-тұм несібесін теріп жеп, осы дүниеде о да тірлік кешіп жүр. Жер басқан адам түгіл, ұшқан құс, жүгірген аң екеш аң да өзінен кейінгі ұрпақ үшін күн-түн қатып жортады. Тірлік — тартыс. Ендеше тайсақтаудың жөні жоқ.

«Келіп қаппын ғой»,— деді Еламан отряд орналасқан үлкен үйдің алдында тұрғанын көріп. Кешкі асын ішіп алған жауынгерлер өздерінің жатар алдындағы ұсақ-түйек шаруаларына кірісіпті. Біреу шинеліне түйме қадап, біреу шалбарының темекі шоғы күйдірген жеріне жамау бастырып әлек. Біреулер әңгіме айтып, енді біреулер ыңырсып ән сап отыр. Ат қорадай кең барақтың шам жарығы шала түскен, әне бір арғы басында бес-алты жауынгер бір темекіні бөліп шегіп, қызыл шоғы жылтыраған құттай тұқылды қолдан қолға жағалатып қыдыртып жатты.

Еламан ауылдағы күй талғамайтын әдетпен мол күпінің бір шалғайын астына төсеп, көлбеңдей бойымен қисая кетті. Шаршағанын жамбасы төсекке тигесін ғана сезді. Ұйқы жеңіп көзі ілініп бара жатқанда да сақал-мұрт өскен жүдеу бетінен бағана қараңғы көшемен келе жатқандағы аяң күлкі айықпады. «Әлі сол сүмелек сарының үйінде тұра ма

екен. Мүмкін, басқа үйге... жә, жә, ертең сұрастырамын. Қазір ұйықтау керек Ұйықтау керек... ұйқы.. ұйқы!» — деп күлімсіреп жатып көзі ілініп кетті.

Ертеңіне таң қараңғысынан оянды. Ұйқысы қанбапты. Неше күннен бері ат соғып қалжыраған денесін қозғай алмай, сүйек-сүйегі сырқырап жатыр. Барақ ішіне көз тастады. Оянуын оянса да, бірақ басқалар да төсегінен тұра қоймапты. Кейбіреулері есінеді. Кейбіреуі темекі тұтатты. Ұйқылы-ояу көзбен көк түтінді қомағайлана сорып, қақалып-шашалып жатыр.

Топырлап біреулер кірді. Жауынгерлер апыр-топыр түрегелді. Ұйқысын аша алмай жатқан Еламан қалай атып тұрғанын білмеді. Босаға жақта соқыр шам сығырайған даладай кең бөлме іші кенет ерейген-серейген кісілерге толып кетті.

Еламан күпісі мен тымағын былай алып қойды. Ештеңенің мәнісіне түсінбесе де, абыр-сабыр боп жатқан кісілердің ынғайымен айналып олар не істесе, бұ да соны қайталады. Желең бойымен жүгіріп, сыртқа шықты. Тар есікке үш-төрт кісі қатар кеп қап, таласып нық қағысып өтті. Қорада сарылдап ағып жатқан мұздай суға көппен бірге талассып-тармасып жуынды. Онан күпісі мен тымағын киіп, көппен бірге аралас-құралас сыртқа шықты. Онан жауынгерлердің бойына қарай сапқа тізіліп жатқанын көріп, саптама етік киген аяғы күпінің шалғайына оралып, сүріне-қабына кеп өзіндей өңкиген ұзын бойлы біреудің қатарына тұра қалды. Несі дұрыс, несі бұрыс шығып жатқанын ойлаған жоқ. Оны ойлауға шамасы да боп жатқан жоқ. Қазіргі халіне өзі де қайран. Қазір дәл бір ағынды суға салған қайықтай. Бір дегеннен бас еркінен айрылып, тезі қатты бір өмірдің ағынына түсіп табанын жерге тигізбей дедектетіп ала жөнелді. Қайда апаратынына көзі анық жетпейді. Осы мына шым-шытырық дүниеден жөн тауып, қашан оң мен солыңды айырам дегенше ықтырып апарып бұрын-соңды көрмеген, білмеген беймағлұм бір жағадан шығарып тастамасын кім білген.

— Ендігі жетпегені осы еді.

Еламан селк ете қалды. Төніп келген Мюлгаузенге жалт қараса да, көзіне тіктей алмай назары ауып кетті.

— Марш отсюда!

Еламан лажсыз саптан шықты. Мюлгаузен бір сызық бойында тізіліп тұрған отряд сапын жағалап келеді. Жем бойындағы кісілерден кешегіден кейін хабар болмай кетті.

Атаман Дутовтан аман құтылу қиын Дәтке қуат қыла-

тыны: Ознобиннің шолақ қол баласы. Ірә бір ажалына көрініп қан тартып тұрмаса, талай соғысты басынан кешкен тәжірибелі жаумигер бұл жолы да бір тәсіл тауып, адамдарын аман алып шығар деген үмітте.

Мюлгаузен әскер сапының алдында ақырын басып жүр. Комиссар да кешігіп, жынына тиіп тұр. Кешегі күні келіп қалар деп тосып отырғанда оқшау бір хабар алды. Ақтөбеден поезға отырған комиссар жолшыбай Ембіге келгенде аяқ астынан қатты ауырып, поездан түсіріп ап қапты.

— Кісі жіберейік,— деді Ознобин.

Мюлгаузен үндемеді. Есітпей қалды ма деп ойлаған қарт жұмысшы жаңағы ойын қайталап айта бастап еді, Мюлгаузен:

— Со жақта арам қатса да жіберетін кісім жоқ,— деді.

Жұрт таңырқап қалды. Мюлгаузеннің ығын алып үйренген кісілер, бірақ, бұл жолы да тіл қата алмады. Ознобин түк сезбеген кісідей, жапырайған май-май кепкасын көзіне басып киіп төмен қарап отыра берді. Отряд командирінің арғы ойын біледі. Шамасы келсе осы жігіт қолындағы билікті басқа біреумен бөлісуге ырза емес. Әсіресе, комиссарға жұладызы қарсы. Кейінгі кезде дос пен дұшпан аузында ілтипатпен атала бастаған осы бір шетінен мейлінше ұстамды, инабатты кісілер, оның ойынша қызу қанды командирлерді тізгіндеп, тежеп отырғаннан басқа қайраны жоқ. Комиссарлардың басы мен аяғына қара сүрік киіп сықырлап жүргеніне дейін Мюлгаузеннің жынына тиетін.

Телеграфта істейтін ақ сары қыз жүгіріп келді. Өңі құпқу. Анталай қалған кісілерге түк айта алмай, шиедей қызыл ернін қырқып тістелей берді. Жұрттың онан сайын әбігері ұшты. Мюлгаузен қыз қолынан телеграмманы жұлып алды. Көзі түскен бойда:

— Ну вот... откомиссарились! — деді.

Ознобин екі ұмтылып шаққа тұрды. Мюлгаузенге жеткенше бірнеше рет сүрінді. Ол қағазға қолын созам дегенше долылық буып алған Мюлгаузен уысындағы телеграмманы күлдей қып жыртып-жыртып шашып жіберді. Қарт жұмысшы бірдеңе дегелі аузын аша түсті де, ерні жуыспай аңырып қалды.

III

Мұнда келгелі Еламанның аяғы жерге тимеді. Бүгін де түске дейін уақыттың қалай өткенін байқаған жоқ. Ертеңгі асты апыл-ғұпыл іше сала моншаға жүгірді. Онан сақал-мұртын алдырды. Онан қала сыртындағы киім-кешек складына

жүгірді. Күндіз де қолына шам ұстап кіретін тастай қараңғы складтың бір басында ат-көпір боп үйіліп жатқан ескі киімдерді аударыстырып жүріп бойына шақтап шинель алды. Күпіден құтылған бойы шинель кигенде құп-қунақ боп кетті Еркін тарлау ма, қалай. Ірі денесіне әдепкіде шап-шақ сияқты көрініп еді; сыртқа шыққаннан кейін қимылдап, қозғалайын десе екі ныгының басын құрыстырып қысатының байқады. Қолын құйттай ілгері соэса да, үстіндегі баланың киімі сияқтанып сидиып білегі шығып кетеді.

Еламан мына шинельден бөтен кісінің иісін сезді. Кісіқара аз көшемен әлдеқандай ән әуенін ыңылдап келе жатып ол қайта-қайта еңкейіп, үстіндегі шинельдің о жер, бұ жеріне қарай берді. Күпісі мен тымағынан құтылғанша асығып жүріп, жаңа ғана шығына сұққан киміне жөндеп қарамаптыау. Тарлығын былай қойғанда мына шинель осы тірлікте талай кісінің иінін адақтап кеп, есін тандырып тозған шағында бұған тап болған. Жеңінің аузы мен жағасы қиылған. Жаугершілік заманда ылғи жорықта жүріп тәніне су тиіп жарымайтын жаулнгерлердің тер иісі ала-бөле жағасында аңқып тұр. Талай мойынның кірі мен шайыры сіңген жағаға қанша қарамайын десе де, көз қиығы шалып қалады. Кіркір жаға тақым қажаған терліктей жылтырап, жазатайым желкесіне жанасса да мұп-мұздай боп басылады

Еламан жиіркенетінін байқады. Ойын басқа жаққа аударғысы кеп, балықшылар ауылын есіне алды. Олардан хабар үзгелі, мінекей, аттай бір жыл. Достан көбірек қорқады Рзаның ырқына көнбей балықшылар арасын ушықтырып жүр ме? Әлиза пақыр не күйде, өлі ме, тірі ме? Еламанның ойында осы жайлар тұрса да көзі қайта-қайта үстіндегі шинельге ауа береді. Сұр шинельдің өңіріндегі саусақ сыйғандай тесікке қарап қапты Оқ тесті ме, әлде темекі шоғы күйдірді ме? «Өліктің үстінен шешіп алған жоқ па екен» деген күдік түйсікшіл көңіліне тікендей қадалады. Бұрынғы иелері кім? Жер басып жүр ме? Не әлде пақырлардың бұл дүниеден татар дәмі, тартар мехнаты таусылып, осы мына ойраны шығып жатқан дүниенің бір түкпірінде белден қазған қос аршын жерде томпайып жатыр ма? Қалай болғанда да мына ит-сілікпесі шыққан сұр шинель талай жанның тірлігін таусып кеп, енді сені тапты. Тас қып қысқан темір шеңгелінен босанып көр. Тынымсыз тағдырдың айдап, дүниенің талай түкпірін шарлаған ізіңнің ендігі жерге қанша тұтамы қалды. Шорт үзілген жіптей, ізіңнің де ақырғы таусылар шетіне жетіп, сұр кебініңді иініңе жамылып тұрмасаң нетсін. Адам ізі бітетін ақырғы межеге аяғы-

ның ұшы тиіп тұрса да, дәмелі көңіл әрқашан ілгергі күнде ұзақ сонар тірлігі жатқандай жайбарақат жүретінін айтсайшы Иә! Қашан жан тапсырар зауалды шағы жеткенше қай солдат үстіндегі сұр шинельді соңыра сүйегін орар сұр кебінім деп санайды.

Көңілсіз ой баурап алған Еламан көше шетінде белуарынан жерге кіріп кеткен бәкене үйлердің іргесімен ілбіп келеді. Басы салбырап кеткен. Енді есіне Рай түсіп, сорлы балаға туған жердің топырағы бұйырмады деп ойлады. Сол, сол-ақ екен, есіне Мөңке түсті. Құлтума түсті, Төлеу түсті. Түрік жерінде қырылған... онан түрікпендер атқан .. онан мұз үстінде үсіп өлген кісілер көз алдынан тізбек, тізбек боп өткенде, ту сыртынан, екі жаурынның арасынан шымырлап суық тер шықты. Тілерсегі дірілдеп, теп-тегіс жермен келе жатып сүріне берді. Апыр-ай, мына қара жер неткен тойымсыз. Дүние дүние болып жаралғалы бұл патшағар жас деп бесіктегі сәбиге жаны ашымапты. Кәрі деп көне көз кәриян-ақ қабақ шытпастан нелер ықылым заманнан бері маңдайындағы бір-бір тұтам тірлігін төбелессіз тыныш өткізбей, тістісі тістімен, тырнақтысы тырнақтымен ұстасып, жыртқыш хайуандарша қырқысып жатқан есуас адам баласын үйір-үйір, ұрпақ-ұрпағымен жайпап алып кенеусіз құрдым түбіне тығып жатыр, тығып жатыр... Жұмаршағына жұғын болсашы. Қанша да болса көпсінбей қылғып жұтып алады да, баяғы осыдан жүз мың, он мың жыл бұрынғы меңіреу күйінде өз бойындағы бір тасының мұрты шағылмастан бедірейеді де тұрады бұл заңдар. Мына сұрапыл соғыс тоқтап, мына халық титықтап қолынан қару түскенше, мына сұр шинельді солдат ығынан жұлып тастағанша әлі қанша қан төгіледі. Әлі қанша қыршын сыбағасына тиген бір тұтам тірлігін дұрыс жасай алмай, жау оғынан мұрттай ұшып, қай жыра, қай сайда, қай окоптың түбінде қансыраған кеудесін қос қолдап қысып қалары бір аллаға ғана аян.

Еламан өзін жаным сірідей деп ойлайтын Өзі соған сенетін. Шынында түсі суық ажал бұған талай рет тіктеліп келсе де, әлі де татар дәмі таусылмады ма, бұл бейне шанышқыдан жырылған шабақтай соның бәрінен аман қалып келе жатқан. Ендігі жерге... Еламан сүрініп кеткендей болды. Ойы мұлт кідіріп, салмақты жүзінен сөлекет күлкі білініп қайтты. Ендігі жерге қайдам? Әй, бірақ, неше сірә шыбын жаның сірідей берік болса да, мына сұр шинель үстінде тұрғанда сенім шамалы. Бір қанышпезердің оқшантайында сенің де сыбағаң сақтаулы тұрған болар. Еламан ши-

нель өңіріндегі оқ түйреп өткен тесіктен көзін тайдырып әкетті. Ақырын басып отрядке келді. Жаңағы жабырқау ойдан кейін жыртығынан жел ызғыған үйдей көңілі құлазып кетті. Бүгін төсектен тұрып жатқандағы ойы басқа еді; киім-кешек алып, үсті-басын жаңалаған соң Ақбалаға барып қайтпақ болған. Енді қазір бір нәрсеге зауқы болмай, енжар сүле-соқтық еңсесін басып тұр. «Адам тірлікке тек бір-бірімен аңша ауыз салып таласу үшін келе ме. Бітірер шаруаң, тындырар ісің сол ғана ма»,— деп ойлап, көшеде қару-жарағы сартылдап жүрген кісілерге салқын қабақ астынан көз сап өтті. Ана жақта аштықтан ісіп, кеуіп жатқан қатын-баласының аузына ас салудың орнына, құдай-ау, бұл сорлылардың мына жүрісі не. Өмір-бақи көрмеген-білмеген қайдағы бейкүнә біреулерді я өлтірмек, я өзі өлмек боп екі көзі түк көрмей қанына қарайып жүр.

Еламан екі қабат үйдің алдына келіп тұрғанын көрді. Қайтымы жоқ ашудай көмейіне кеп қалған ызалы ащы сұрақты осы арада ол шарасыз тежеп, кейін қарай қайта лықсытып жіберді. Жұрттың көзін ала бере жүк астына жасырған ұрлықтай, жанын алған жегі сауалды енді қайтып бас көтермейтіндей етіп тереңіне тығып тастады. Сонан соң жұртқа таныс салмақты ажарын бет өңіне киіп алды да, ақырын басып ішке кірді. Ознобин мен Мюлгаузен іште де, тыста да көзіне түспеді. Қалған кісілер тегіс үйде екен. Тек бәрі үнсіз. Бәрінде де түс жоқ, өң жоқ. Бұрын дәл қазіргідей қолы бос кезде казарма іші араның ұясындай адамға сыймай бірі кіріп, бірі шығып сапырылысып жататын. Таң атар-атпастан сартылдап ашылып, жабылған есік те қашан ел аяғы басылғанша тыным көрмейтін-ді. Енді қазір өлік шыққан оттың басындай ана шеті мен мына шеті ат шаптырымдай кең казарманың оқыс жым-жырт боп тына қалғаны оғаш көрінді. Еламан ішке кіруін кірсе де, ары баспай босағада тұрып қалды. Әркімге бір қарады. Жүзі жылы көрінген қартаңдау бір кісіге тілдескісі кеп еді, ол бірақ сырт айналып кетті.

Еламан көшеге қайта шықты. Шиннелінің шалғайына жұққан күйеге көзі түсті. Жерден кесек алып, күйенің үстін ысып-ысып жіберді. Өзі жоқта мұнда бір оқиға болды ма екен,— деп ойлады. Тағы неге жорырын білмей, жайлап басып көшеге шықты. Көшенің арғы бетіндегі алаша үйлердің үстінен асып, сол анау ала шабыр бұлт жүзген аспанға қарап тұрған-ды. Кенет бір мұздай күдік көңілін қарып алды. «Әлде, осылар мені жаратпай ма? Солай болар. Не қылса да кісіге жақындаса алмайтын жұғымсыз, жексұрын

жан болдым». Көше құлазып тұр. Күлдей майда сары топырақ ығы жоқ аңыраған көшеде сусылдап борап жатыр. Жалаң шинельден жел өтіп бара жатқан соң Еламан ыққа бұрылып жағасын көтеріп алды. Мюлгаузен қайда. Жемге аттанамыз дегені не болды. Жерге сыймай елтең-селтең жүргенше жорыққа аттанғанның өзі дұрыс еді.

Еламан не істесем деп ойлап, жан-жағына енжар көз сап тұрған. Кенет көшенің арғы бетінде кетіп бара жатқан аққұба келіншекке көзін тіге қалды. Алғашқыда Ақбала екен деп қалып еді, түрі, тұлғасы, кнім киісі, кербездігі, тіпті аяқ басқан сайын арқасында ақырын былғаңдап, толқып бара жатқан жуан қос бұрымына дейін құдды Ақбаланың бұрымынан аусайшы.

Апыр-ай, біреуге біреу қандай ұқсайды. Мына кездейсоқ келіншектің ғажап әдемі ұқсастығына әлі де болса таң қалып тұр. Әлгі бір сұр шинель жайындағы ойдан кейін бұршақ соққан қоғадай бұның өз ішінде қаусап жапырылып қалған шерлі көңілі қайта еңсе көтеріп, қоразданып дүр-дүр сілкініп алды. Ақбаланы көргісі кеп кетті. Шинельнің жағасын қайырып тастады. Желге қарсы тосқан бет әне бір Ақбалаға жаңа үйленген жылдары мұз үстінде балық аулап жүрген кездегідей тоңуды білмей ду-ду етеді. Жаңа ғана еңсе басқан жабырқау көңілі жадырап, қол-аяғы жеңіл боп жүгіргісі кеп кетті. Адам неге ұшпайды екен деп ойлады. Оған өзі күлді. Осындайда кісі қиялланып, қайдағы бір оғаш ойдың қайдан келетініне таң қалып, басын шайқады.

Ертеден бері бет түзеп келе жатқан жағын анық-қанық ойлаған жоқ-ты. Ол енді қараса, кішкентай қаланың қазақтар тұратын көл жақ шетіне шығып кетіпті. Қисық көше. Ағашсыз, талсыз, ақталмаған, бірінен-бірі аумайтын бәкене үйлер Еламан оларға көз тоқтатпай үстірт қарап өтті. Алабұртқан көңіл бұлардан басқа және бір нәрсеге ауаланып, жан-жағына қарап тұрған-ды. Кенет иек созымдай ғана жерден кесек дуалын күн мен жел жеп құмын шығарып кебірлеп тастаған жермен-жексен бір үйді көрді. Сол сәтте жүзі жылып қоя берді. Және тыныш жүрегі лүпілдеп қатты-қатты соғып кеткеніне қарап, мынау үйді, мұнда тұратын кісілерді де біле қойды. Бір жыл бойы туған елден жырақта жүріп қайсы бір түндері кірпік қақпай сарылып ойлағанда осы үйді әрқашан сағынышпен еске алатын. О, жасаған, басы жұмыр пендеге пейлі түсіп көрмеген осы мына тас бауыр дүниеден қайта-қайта іздеп тауып ала беретін жер бетіндегі бір ыстық ұясы. Кәрі көңіл маңдайы аумай тауып

әкеліп тұр. Бұған Еламан таңданбады. Көз жанары қаттырақ ұшқындап кетті. Жолында тұрған құман, легендерді салдыратып, қаға-маға кіріп келді. Үш сары бала үрпиіп тұр.

— Бұл үйдің кісілері қайда?
— Әкем жұмыста.
— Ал...
— Апам ба?
— Апам-м?! Апаң кім?
— Ақбала.
— Ә, Ақбаланы «апа» дейсіңдер ме?
— Әй-әй апа дейміз.
— Е, тіпті «әй-әй апа» дейсіңдер ме?
— Я, анау да, мынау да, мен де «әй-әй апа» дейміз.
— Ал, «әй-әй апаларың» қайда?
— Жұмыс іздеп кетті.

Еламан әкесінен аумайтын үш шикіл сары баланы маңдайынан бір-бір сипады да сыртқа беттеді. Еңсесін тіктеп төбесіндегі ала бұлтты аспанға қарады. Онан ұзай бере әртына қайрылып, жаңа өзі шыққан көрдей үйге қарап еді; іште қалған әлгі үш шикіл сары бала терезеге жабысып бұны көзімен ұзатып тұр екен Мес түйініндей мұрындарын қырық құрау әйнекке жапсырып тастапты. Еламан бұрылған кезде, әйнектің арғы жағынан бәрі бірдей ыржиып күлімсіреді. Еламан да езу тартты. Ақбалаға кездесе алмағанына өкінді. Осы кезге дейін кежегесінен кейін тартып келген керенаулығын тастап, талпынып жұмыс іздеп шыққанына қарағанда күн көрісі тіпті қиындаған-ау! Екі қолына жалынбаса бұл дүниеде басқа құдыреттің қалмағанына көзі жеткен. Бір есептен бұнысы жақсы.

Еламан өзіне қайран. Кеюдің де, күйзелудің де жөнін таппайды. Бір кезде бір түндік астында бірге тұрған-ақ шығарсың. Бірақ қазір жөнің басқа болғасын, не көрсең де бетіңнен жарылғасын деп тыныш қалдырудың орнына, осы сорлы әйелдің соңынан қалмай қойды. Сондағы көздегені не? Оның да, өзінің де берекетін алғаннан басқа бітірері бар ма. Ойлап қараса: осы әйелмен бірге де тұрыпты. Бөлек те тұрыпты. Жаны үзіле жақсы көріпті. Соның бәрінде де бір байқағаны: осы әйел өлмей құтыла алмайтын еншісіне тиген өмірлік сыбаға ма деп қалды. Бүкіл денесіне көк тамырын жайып емін-еркін неленіп алған. Сәл-сәл есіне алса, ойласа болғаны сарылып кетеді. Бір жыл бойы ат басы алысқа ауып, ту-ту Қоңырат, Шымбай, Үргеніш жақта жүргенде де осы әйел бір сәт ойын босатпады. Талай рет ашы-

нып та, мзаланып та көрді. Бауыр етін дал-дұл айырып, көк тамырларын пытырлатып үзіп, жадынан жұлып тастағысы келді. Бірақ онысы құр кіжінуден аспады. Күші жетпеді. Әдетте әйелсіреген еркектің әлдеқалай ауаланып жүріп, бірер күн түнеп кеткен сұлулары болады. Бірақ олар жадында қала бермейді. Ал, тегі, сірә, дүниеге келген кісінің бір өмірінде бір-ақ рет кездесетін бір-бір әйелі болатыны ғой.

Еламан қақпа алдында тұрған күзетші жанынан өтті. Іштен гүжілдеген жуан дауыс шықты. «Мені іздеп қалған жоқ па екен?» — деп ойлады. Ішке кіргесін де ілгері озбай, есік алдында тұрған жауынгерлердің сыртын ала тоқтады.

Мюлгаузен түтігіп алған. Үйді ерсілі-қарсылы кезіп зіркілдеп сөйлеп жүр. Бұл білмейтін біреуге қаһарын төгіп, кіжініп-кіжініп қояды:

— Бұның бәрі соның кесірі. Соған бола жіпсіз байлап қойған жоқ па.

— Өзінен хабар бар ма? Қашан келеді екен?

— Ну, подожди ты... Иттің асыраған баласының хромын дал-дұл қылмасам ба..

— Кімді айтып тұр? — деді Еламан жанында тұрған біреудің құлағына еңкейіп.

— Комиссарды

— Комис-сар?

— Ә-ә! — деді Еламан бәрібір түкке түсінбесе де басын изеп.

— Олардың денесін қашан әкеледі? — деді бір ұяң жүзді жас жауынгер.

— Бүгін кешке.

— Аман қалғаны жоқ па екен?

Мюлгаузен жауап бермеді. Жаңа ғана жалына қол апармай өрекпіп тұрған жан кенет зәрі сынып, су сепкендей сөне қалды. Сұрақты жүздерінен әлі де бір әлсіз үміт үзілмей тұрған жігіттерге көз салмастан ақырын басып шығып кетті.

Еламан төсегіне қисайды. Кірпік арасында қарашығы жылтыраған көзін үй төбесіне тігіп жатыр. Бұл кезде Ақбала үйіне келген болар деп ойлады. Әлгінде қарайлап күте тұрмағанына өкінді. Жұмыс тапты ма екен? Кішкентай балалар «Әй-әй апасына» бұның іздеп барғанын түсіндіре алса жарар еді-ау.

Еламанның ұйқы қысқан көзі кішірейіп, ақырын-ақырын жұмылып барады. Кереует қырында жатқан қолы да сал-

мағымен сырғып түсіп көпке дейін қапталында салақтап тұрды.

Кешкісін отрядты станцияға апарды. Кішкентай қаланың бар халқы осында жүр екен. Кідірмей күн батыс жақтан соңына жалғыз қызыл вагон тіркеген күлді-күйелеш паровоз көрінді. Ыстық буы бұрқырап ысылдап-пысылдап кеп станцияның алдына тоқтады. Жаңа ғана гу-гулеп тұрған халық су сепкендей тына қалды. Еламан да көппен бірге демін жұтып, үрейлі көзін ілгері тігіп тұрған-ды. Жиынның деңгейіне келе бере тоқтаған паровоздан біреу түсті. Темір басқышты тық-тық басқан аяғы тап бір шекеңе шеге қаққандай шық-шық тиеді. Жұрт шыдамай қозғалақтап кетіп еді; жаңағы кісі қызыл вагонның есігін салдыр-гүлдір ашты. Лап қойған халық үйме-жүйме боп барса да, есікке жете бергенде алдынан жер жарылғандай аңтарылып тұра қалды. Астық тиеген вагонның есігі алдында қылышпен кескілеп тастаған қан-қан денелер жатыр екен. Халықтың есі шығып кетті. Әсіресе, қатын, балалар у-шу. Бір жас келіншек шыңғырып жіберді. Екі жағынан сүйемелдеген әйелді сүйреп, ілгері ұмтыла түсті де, келесі сәтте жан берген кісідей құп-қу боп талықсып кетті.

Еламан жас келіншекті жыға танымады. Бірақ бір жерде көрген сияқты. Әлдеқайдан Ознобин келді. Кешегінің арасында жағы қуарып жүдеп қапты. Көйлек жағасынан мойны сорайып шығып кеткен Карт жұмысшы келіншекке қайрылды. Бірақ ессіз, түссіз, талықсып жатқан келіншекке не дерін, не істерін білмей, ұзын бойы иіліп тұрды да, кенет қолын ызалана сілкіп жөнеле берді. Топшысы бүгілген ұзын қолымен алдындағы біреулерді итермелей бастады. Бір жанға көзі түспеді. Ал көзі түскен кісіні таныған жоқ. Есірік көзі әйнек астында ақшаңдап, соқыр кісіше жұрттың үстінен жоғарылап қарайды. Қолтығынан сүйемелдемек болған біреудің қолын қағып тастады.

Еламан карт жұмысшының түрінен қорықты. Жолында тұрған кісілерді итермелеп, ұмтылып кеп қызыл вагонге карт жұмысшымен қатар жетті. Келе сала қолтығынан сүйеді. Ознобин оны да көрмеді. Тіпті қарынан тас қып ұстаған қарулы қолын сезбеген сияқты. Қалың кием астынан кәрі дене суықта жаураған малдай қалшылдап ұшып барады.

Еламан мұның тегін емесін білді. Қолын қоя берсе карт жұмысшы құлап қалатындай. Вагонге мінер жерде оны тағы біреулер сүйемелдеп қолтығынан демеп жіберді. Осы арада ғана Еламан қан-қан өліктердің арасынан жұмысшы-

ның шолақ қол баласын таныды. Ознобин де баласын бірден таныды. Бірақ көзілдірігі буланып кетті. Өлік жанына тізерлеп отыра қап, су қараңғы болған кісіше құп-қу жүзін жоғары көтеріп, дыбысын шығармай тістеніп алды. Сонан бір кезде есін жиып, алдында жатқан қан-қан өліктің әуелі шашын сипады. Дір-дір еткен қолы төмен қарай жағалап, басын, маңдайын, бетін сипалап отырып: «Андрюшам... балам... балақайым-ай»,— деді.

Халық теңселіп кетті. Әсіресе, маңдайындағы бір-бір азаматынан айрылған ата-аналар аңырап, өліктерге ұмтылды. Басына қара салған әйелдер дауыс салып кеп, жолын бөгеген кісілерге қарамастан жан-жақтан қолдарын созып жатты. Еламанның есі шықты. Кенет біреулердің солқылдап жылап жүріп, ұзыннан сұлап-сұлап жатқан өліктерді көтеріп әкете бастағанын байқады. Ознобиннің шолақ қол баласын да төрт-бес, жігіт қолдасып көтере бергенде бұның сырт жағынан «бетін жапсаңдаршы!» — деген реніштті дауыс естілді. Еламан үстіндегі шинелін асығыс шешіп, бұл кезде айқұш-ұйқыш қылыш осқан қан-қан жүзі шалқалап вагоннан түсіріп алып бара жатқан өліктің үстіне жаба салды.

IV

Ертеңіне Еламан Селивановты іздеп Совдепке екі рет барды. Екеуінде де Селиванов болмады.

— Депоға, жиналыс өткізуге кетті,— деді есік алдында отырған әйел қағаздан басын көтермей.

Еламан депоға барды. Сыртта тірі жан жоқ екен. Оның есесіне зәулім бөлек депо іші халыққа лық толы. Екі жағына аңырайтып ашып тастаған есіктен ініпірескен кісілердің жылтыраған май-май жаурынын көрді. Депоның түп жағынан, кіреуке түтін арасынан отын сөндірген паровоздың алып тұлғасы қарауытты. Со жақтан тіл-жағына сүйенген біреудің саңқылдаған даусы құлақты жарып барады.

Еламан ініпірескен кісілердің ара-арасымен жылжып ілгері озды. Біреудің аяғын басып кетті. Анау атып жіберердей алая қарады. Еламан кінәлі кескінде ыржиды да, үндемей ілгері өтіп кетті. Алдында тұрған кісілердің иығының арасынан сығалап ілгергі жағына көз тіксе, қақ төрде, қолдан істеген аласа мінбеде Селиванов сөйлеп тұр екен. Еламан мұнда келгелі оны көрмеген-ді. Енді байқаса бұл білетін кездегіден құйттай да өзгермепті. Қолын сермеп

сөйлегенде костюмның шолақ жеңінен сидиып шығып кете беретін білегі құдды жас баланың білегіндей нәп-нәзік. Сонан өзі де қорынатын сияқты. Мына халыққа өзінің қазіргі жасынан әлдеқайда ересек көрінуге тырысып, балғын үні бастыға қоймаған даусын әдейі қолдан жуандатып тұр. Алым-берім шаруа жайын сұрасқанда болмаса, сампылдап тез-тез сөйлеп кеткенде Еламан әлі күнге орыс тілін тосырқап қала беретін. Ден қойып тыңдап қараса, мынаның айтып тұрғаны: жер түбінен бермен қарай от пен судай шарпысып келе жатқан кедей мен бай, бітпес жаулық, ар, намыс, атыс, шабыс. Сонау түн-түнек заманда бостандық, теңдік іздеп бар ғұмырын тайталасқан арпалыста өткізген ата-бабаларды да адақтап айтып кеп, сөзінің соңын кешегі ақтар кескілеп өлтірген жиырма алты азаматқа тіреді. Жаудың жауыздығын айтып, ауыр азадан әлі есін жия алмай тұрған халықты қайта-қайта кекке қайрады. Еламан ілгергі жағында тұрған біреулердің ығының басы дір-дір еткенін байқады. Ал жанында тұрған жас жігіттер болса көз жанарына кек жиып, жұдырығын түйіп-түйіп апты. Мына бала жігіттің сөзі Еламанның өзін де үйіріп әкетті. Кеше жиырма алты жігіттің жау кескілеген қан-қан денесін көргенде де бұның тұла бойы дәл осылай бір ысып, бір суынып еді.

Жиналыс біткесін Еламан жалғыз қайтты. Үйді-үйіне үнсіз тарап бара жатқан халық арасында о да ілбіп барады. Бала жігіттің жаңағы көкірегіне қонған сөздерін қайта-қайта тірілтіп есіне түсіріп келеді. Бұрын-соңды басына келмеген кейбір тосын ойға кәдімгідей таңырқап тұрып қалады. Қимылсыз көзін тура алдындағы әлде бірдеңеге қадап тұрады да, кенет мырс етіп күліп, жүріп кетеді. Халықпен халық ғұмыр бойы бір-біріне қатыспаса да, тегі, сірә, бір аспан астында, бір жерді қатар басып жүргесін, тірліктер ұқсас бола береді екен-ау. Бұрын орыстарды кәпір деп, қаршадайынан құлағына жаулықты сіңіргеннен басқа, ата-бабалары бұл халықтың қай сырын білді. Қай мұңына құлағын түрді. Енді байқап қараса, бұлардың да өздерінің жаны күйгенде ел намысы мен ел арын ұран қып айқайлап шыққан Жанғожасы, Сырымы бопты. Кісеннен қолы босамай кеткен кешегі Батақтың Сарысындай ызалы, қиқар ұлдары да ту-ту сонау арғы заманнан бері әділет үшін алысып отырыпты. Асылы халықпен халық бір-бірімен бостандық жолында ғана табысады-ау. Кеше арыстай жиырма алты азаматты бір қабырға қатар жерледі. Үнсіз түнерген кісілер қабыр кенерінде үйіліп жатқан қызыл топырақты

түс-түстан дүрсілдетіп тастай бастағанда, қазаға жиналған орыс-қазақ тегіс жылады. Еламан сонда бетін алып-салып, улап-шулап жатқан орыс әйелдерінің арасынан жас жуған жүзін жаулығының шетімен басып, үнсіз егіліп тұрған бір қазақ келіншегін көрді.

Со жолы көзіне жас алмаған жалғыз кісі Ознобин ғана. Қарт жұмысшы кәрі денесінен қайрат шақырып бекініп алған. Қолтығынан ұстамақ болған кісілердің қолын қайта-қайта қағып тастай берді. Әйнек астында шатынаған көз жанары құп-құрғақ. Басқа өліктермен бірге баласының да денесін қабырға сап жатқанын көргенде тіксініп қап, бетін бұрып әкетті. Сонан қайтып қозғалмады. Қабырға топырақ саларда да түкке түсінбеді. Ашулы көзі әйнек астында шатынап, ыза-шу боп кеткен халыққа алая қарап шықты. Қарт жұмысшының қылығына Еламан таң қалды. Ең бір шыдамайтын тұста да мынау темір сүйек кісінің кәрі көңілін салқын санаға жеңдіріп алған бекемдігі ме, не әлде безбүйрек қатыгездігі ме?..

Ығы жоқ, аңыраған көшеде топырақ борап жатыр. Жапырағы судырлаған теректер жел астында елбектеп басын шұлғи бастады. Еламан шинелінің жағасын көтеріп алды. Мына желдің тамылжып тұрған дүниенің шырқын бұзып жібергенін қарашы. Бір жақсысы, ыққа қарап жүру жеңіл. Артынан жел итеріп, дедектеп жүгіріп келе жатқан.

Кенет алдында есік пен төрдей жерде кетіп бара жатқан біреуге көзі түсті. Жүдеу. Үстінде қап сияқты дорбиған қоңыр пальто. Мойнында ала шарқат. Не түймесі, не белбеуі болмаған соң, қолпылдаған пальтоның қос өңірін қаусырынып, кішкентай денесі бір уыс боп бүрісіп апты.

Еламан онан көзін айырмады. Кім де болса, мынау айдаудан қайтқан біреу. Ана жылы Федоровты өлтіріп, кісені сылдырап Орскіге дейін барғанда, ол осындай кісілердің талайын көрген. Еламан оған қатарласып қалғанын байқап, кілт тоқтады. Ат бойы, атан бойындай алға жіберген соң ғана қайта жүрді. Арестант кимін киген жұпыны кісіге көбіне ұзақ сырт жағынан қарап, оның қалқиған құлағы мен қылкиған мойнының желкесіндегі шұқыршағын көріп келеді. Мойны құс еттеніп, пальто жағасынан шығып кетіпті. Ақ жем бетінде жалқылдаған ілелі қызыл таңдақ бар.

Еламан қол созымдай кейінде келе жатты. Мына кісіге анықтап қараған сайын «асылы, адам баласы өлімге оңайлықпен мойын ұсынбайды-ау»,— деп ойлады. Жалғыз адам ба, жер бетіне қылтып көрінген болмашы тірлік дүниеден оңайлықпен кете ме? Күз ауып, қарлы қыс тақаған шақта

үлкен жолдың көбелігінен сабағын шаң-тозаң басқан нәзік өсімдік кездесетін. Үстінен талай рет мал да, адам да жүріп өткен. Талай-талай жүргіншінің аяғы астында да таптал-ған. Талай арба доңғалағы белінен басып өтіп, майып боп, сабағы сынып жатса да, қашан қыс түсіп, қарлы боран соқ-қанша жансебелдікпен жуық арада өліп болмайтын өсімдік сияқты, мына пақыр да бірде қатыгез өмірдің астына түссе, енді бірде тырмысып бетіне шығып, бұл күнге жеткен. «Мұнда үйі, туған-туысқаны болды ғой, шамасы» — деп түйді Еламан.

Арестант тоқтады. Еламан да тоқтады. Арестант әскер-ше киінген қара торы жігіттің бас-аяғына қысқалау көз тастады да, қасына келді.

— Орысша білесің бе?

— Аздап...

— Темір жолшылар отряды қайда?

— Жүріңіз! — деді Еламан. Басында отрядты сұрағанына таңданып қалса да, соңынан, мүмкін, танысы бар шығар деп түйді. Еламан қатар жүріп келе жатып оның қайта-қайта өзін барлап қарағанын байқады.

— Ұлтың кім?

— Қазақ.

— Отрядта сенен басқа қазақ бар ма?

— Жоқ.

— Командирлерің қайда?

— Өзінде.

— Кел, танысалық. Петр Дьяков.

— Еламан.

— Бұл қалада енді бір танысым бар деуіме болады,— деді Дьяков күлімсіреп.

— Қалай... сіз бұнда ешкімді...

— Я, өзіңнен басқа танысым жоқ.

— Бұнда бұрын болмап па едіңіз?

— Жоқ. Не қылады?

— Жоқ, жай. Міне мынау — штаб,— деді Еламан кіші-леу екі қабат үйдің алдына келгесін.— Сау болыңыз.

— Біз әлі кездесеміз,— деді де, Дьяков жылдам басып екінші этажға көтерілді.

Есік алды лық толған кісі. Қару-жарағы сартылдаған кіл өңшең әскери кісілер. Дьяковты көргенде үстеріне түйе кіргендей, елең етіп, одырая-одырая қалысты. Дьяков жұрттың өзіне осылай қарағанына үйренген-ді. Ол, бірақ ешкімге қарамауға тырысты. Омырауы ашылып кеткен пальтоның өңірін дұрыстап қаусырынып алды. Ұлтарған

етігін сүйретіп, сырп-сырп басып кеп, түп жақтағы ақ сырлы үлкен есікті аша берген-ді.

— Пардон,— деп, бір жас жауынгер есікті жаурынымен басып тұра қалды.— Саған кім керек?

— Мен осында...

— Жоқ, сен Совдеппен шатыстырып тұрсың. Мұнда отряд командирі тұрады. Командир! Понимаешь?

— Мюлгаузен бе?

— Иә, сол.

— Ендеше, мен Мюлгаузен жолдасқа келіп тұрмын.

— Онда кідіре тұр. Сенен де басқа күтіп тұрғандар бар.

Дьяков мына кісілердің бәрін күтсе, жуық арада отряд командиріне аяғы жетпесін білді. Және ауызғы бөлменің ауасы тар екен. Келген кісілер темекі шегіп, бойындағы ніс-қоңыстың бәрін осында қалдырып кететін сияқты. Дьяков қалтасынан мөр басқан қағаз шығарды.

— Бәрібір жібермеймін. Мына азаматтарды көресің бе, бұларда да бір-бір құлаш мандат бар.

Жауынгерлер қарқ-қарқ күлді. Дьяковтың көзінің алдында қалталанып тұрған күлтілдек ет жыбырлап, оқыс тартып-тартып қалды.

— Оқы! — деп, ол әмір еткенде, қағазын қайта ұсынды. Жас жауынгер қыңа қоймады. Қағазға көз қиығын селқос тастаса да, басындағы бір-екі жолын оқыр-оқымастан кірпігі жыпылықтап кетті. Үсті-басын асығыс жөндеді. Жаңа ғана жаурынымен басып тұрған есікті де, ол енді жалмажан өз қолымен ашып:

— Кіріңіз!.. Кі-ріңіз!..— деп, ілтипат білдіріп жатыр.

Дьяков асықпады. Ішке кірер алдында мыжырайған ескі кепкасын қолына алып еді, сұйық шашының алдыңғы жағы селдіреп қашқандықтан ба, кепка астында күн тимеген кең маңдайының екі шекелігі шығып жарқырап қоя берді. Жас жауынгер ашқан есіктен ол сабырлы салмақпен ақырын кірді. Соңынан есік жабылған бойда жас жауынгер сүлдері құрыған кісіше, сылқ етіп отыра кетті.

Дьяков отряд командирінің үстіне жүрексініп кірді. Кірер жерде, шәкірт балаша, басынан кепкасын алғанын ұнатпады. Қайта киюдің ыңғайсыз боларын байқады. Үстіндегі арестант кнімінен де қорынып барады. Жаңағы жауынгер сияқты отряд командирі де бұны бойына қарап, бұралқы біреуге жорып жүре ме деген оймен қорғалақтай басып келді.

Мюлгаузен қағаздан жүзін көтермей, алдына кеп тоқтаған кісінің әуелі аяғына қарады. Аяғында ұлтарған етік. Әсіресе етік ішінен қимылдатқан башайлары білініп тұр

— Мені... сіздің отрядқа жіберді.

Мюлгаузен етіктен көзін алып, алдында тұрған кісіге ауыр жүзін ақырын көтерді. Бұл қараған кезде Дьяков екі аяғына кезек басып, қипақтап қалды. Қысылған бойын қайда қоярға білмей таяу тұрған орындыққа отырды. Бір қырын отырғанмен, отряд командирінің салқын қабақ астынан қадалған көзін сезіп, тізесінде тыныш жатқан кепканы қозғай бастады.

— Алдақашан келетін едім. Жолшыбай ауырып...

— А-а!

— Ауырып қалғаным.

— Ә-ә...

— Дәрігерлердің қолына бір түссең, әсіресе мендей, hхе... хе... кісілерді жуық арада жібере қоймайды ғой. Қашып шықтым.

— А-а?

— Қашып шықтым.

— Түсінгенім жоқ. Өзің кімсің?

Дьяков әлгіде жас жауынгерге көрсеткен қағазды отряд командирінің алдына тастады. Мюлгаузен асықпай оқып шықты. Жанынан темекі алды. Қағазға орар жерде қолы дірілдеп темекісі шашырап кетті. Сіріңкеге су тиген бе, қанша шақса да от алмай, бірінен соң бірі уатылып жатты. Отряд командирі ызаланып, құлағының ұшы дулдап бара жатты. Құдай оңдағанда, келесі бір сіріңке от алды.

Мюлгаузен темекі түтінін кең танауынан бұрқ-бұрқ шығарды. Дьяков өзіне қарай жұлгеленіп қалқып келе жатқан көкшіл түтінге жалтақтап қарап, орындығын ысырып қойды.

— Қалаларың әжептеуір екен. Ал, шынымды айтайын, бұлай ғой деп...

Дьяков булыға бастады. Демі жетпей бара жатқасын алақанымен аузын басып қиқылдап жөтелді. Шашы қашқан әжімді маңдайынан қапелімде салқын тер білінді. Алақаны да дымданып қоя берді.

— Астмам бар еді.

Мюлгаузен темекісін анда-санда бір бұрқ еткізіп қойғаны болмаса әлі үнсіз.

— Теміржол, депо бар екен. Жұмысшы қанша? — деді Дьяков.

— Да-а,— деп Мюлгаузен көзін тайдырып әкетті. Үстіне арестант кимін киген көксау кісі сол бойда ұмыт болды Енді қайтып оған назар салмады.

— Танысалық — Дьяков Петр Данилович.

Мюлгаузен түрегелді. Дьяковтың қолын созғанын көріп, бұл өз қолын артына ұстады.

— Музыкамен күтіп ала алмадық. Кешір.

— Оның керегі қанша?

— Осынша неге күттірдің?

— Мені күтіп жүрсіңдер ме? Неге?

— Эх, тоже мне комиссар! Сенің арқаңда қанша кісіміздің қырып алдық.

Дьяков алақаны дым болғасын, көк тамырлары бадырайған қолының сыртымен маңдайын сүртті. Тағы да жөтел қысып, қып-қызыл боп булығып бара жатты. «Қайда тар жерде тосады. Мынау не деп тұр. Өзінің есі дұрыс па? «Кісімізді қырып алдық дегені не? Әй, мынау кетіп барады ғой. Тоқта!» — дегенше болмай, отряд командирі сызданып басып шығып кетті.

Дьяков жұлгеленген темекі түтінін кепкасымен қағып, желпіп жіберді. Ерні кезеріп, тамағы құрғап қалды. Көзімен су іздеп отыр. Отряд командирінің жаңағы қылығына қайран. Хан-Дауровтың жаратпауында негіз бар екен. Екі сөзінің бірінде Мюлгаузеннің ешкіммен есептескісі келмейтін өзімшілдігін айтып, ығында кетіп қалма деп, қайрап жіберген-ді. Жолшыбай ауырып, ауруханаға түсіп әлек-шәлек боп жүргенде, дивизия командирінің ескерткен сақтығы есінен шығып кетіпті. Есінен шықпағанда да, қанды көйлек жау емес, тап дұспаны емес. Және бірге істескен соң, тіл табысып кетерміз деп ойлады. Бір есептен командирдің басқадан бір демі үстем болғаны дұрыс. Командирге аздап өктем болған да жарасады. Аздап зәбір бергенде де тұрған ештеңе жоқ. Ойлап қараса: көз ашқаннан бері көріп келе жатқаны зәбір. Әке-шешесі ерте өлді. Өз қолы өзінің аузына жеткенше аға-жеңгесінен зәбір көрді. Онан «Скороход» фабрикасында жұмыс істеп жүріп жандарм қолына түсті. Онан кісенін сылдыратып Сібірге айдады. Он жыл жер астында шахтада жұмыс істеді. Патша тақтан құлар алдында бір топ кісі қашты. Орынборға келе бергенде қолға түсіп, бұны саяси сенімсіз кісілердің эшелонына мінгізіп, Орта Азияға айдап жіберді. Осының бәрінде де оның өмір жолында кездескен кісілер — құй фабрикант, құй полицей, құй, мейлі, түрме начальнигі болсын, мейірі түсіп маңдайынан сипаған бір жан болмапты. Бәрі өктем. Бәрі озбыр. Және озбырлығын бірінен-бірі асырғысы кеп бәстесіп қойғандай. Неше түрлі қорлық пен зорлықтың кісі басына келмейтін қиын жолдарын ойлап табатын. Олар, бірақ, жау

болатын. Сондықтан зәбірленбейтін. Ал достан көрген зәбірдің қандай болатынын ол әлі көрген жоқ.

«Жаңағы қайда? Келмейін дегені ме?» — деп ойлады Дьяков. Күзетшіден басқа жұрттың бәрі кеткен. Көп бөлмелі үлкен үйдің іші аңғал-саңғал. Сыртта жел ызылдайды. Ауызғы бөлмеде жарға ілген сағаттың бір әуенмен тықтық соққаны ғана естіледі. Айдай әлемнің үстінен зіл батпан салмақпен салбырап басып келе жатқан сырттағы түн осы қазір ішке де еніп, бұрыш-бұрыш тұнжырай бастады. Батысқа қараған қос терезенің әйнегінен әлгіде батқан күннің қызыл шапағы өлеусіреп сөніп, түнге тұтасып бара жатты.

Дьяков отряд командирінің ораласын білді. Үй ішінде қисайып дем алуға лайық нәрсе көзге түспеді. Қас қарайғасын сыртқа шықты. Күзетшімен сөйлесті. Бірақ, желең бойынан жел өтіп бара жатқан соң ізінше ішке қайта кірді. Бағанағы қылжақбас жауынгер комиссар келді деп жар сап қойған сияқты. Күзетші жауынгер бұған ізет білдіріп, сыпайы сөйлесті. Сөз арасында бір рет бұған «комиссар» деп те салды. «Комиссар» — деп, Дьяков мырс етіп, өз халін өзі сықақтағандай болды. «Комиссар... дыңдай комиссар. Шалқар теміржолшылар отрядының комиссары!»

Дьяковтың қалжыраған жүзінен мысқыл айықпады. Үйқы басқан бойы ауырлап, стол жанында алақанына басын сүйеп отыр. Самайында үнемі білеудей боп бадырайып тұратын көк тамыр оқтын-оқтын алақан астында тыпырлап, жас бала жүрегіндей лүп-лүп соғып кетеді. Ауызғы бөлмеде жарға ілген сағатта да тыным жоқ. Тық-тық-тық... Тық-тық... Апырм-ай, мына түн қандай ұзақ. Лүп-лүп.... Тық тық...

Дьяков түрегелді. Қараңғы бөлмеде аяғын абайлап басып әрлі-берлі жүр. Анда-санда күркілдеп жөтеледі. Жатқысы келді. Әншейінде ұйқы қысқанда ол төсектің барыжоғына қарамай, жаман пальтосын жерге жайып жіберіп жата кетуші еді. Бұл жолы ыңғайсызданатын сыңайын байқады. Айдауда жүрген кісілердің арасында Түркстан Армиясының дақпырты керім еді; алғашқы алған әсері оңша емес. Хан-Дауров дивизия командирлігіне жуық арада ғана тағайындалған. Не болса ол болсын, бұл өзі бір екі ығына екі кісі мінгендей еңгезердей екен. Іліміген әлжуаз болғасын ба, бұның өз басы қызу қанды қайратты кісілерге қызығып қарайтын. Хан-Дауров бұған ұнады. Шешіліп ұзақ сөйлесті. Оның айтуынша, Түркстан Армиясы ұйымдасқанға дейін Ақтөбе маңында ондаған ұсақ әскер бөлім-

шесі боптьі. Шалқар теміржолшыларының жасағы сияқты, соның бәрі жоғарыға сөз жүзінде ілтипат білдіргені болмаса, ол іс жүзінде бой ұсынбаған. Кейінгі кезде солардың басын қосып, полктар, дивизиялар құрыпты. Шалқар, Қазалы, Жосалы, Ақмешіт, Ташкент теміржолшыларының қарулы жасағы да ендігі жерде Түркстан Армиясына бағынады. «Тек Мюлгаузен бағынғысы келмейді» — деген-ді Хан-Дауров.

Дьяков қалжырады. Таң алдында столға басын салып бірер сағат мызғып алды. Оянса, терезе әйнектері бозарып, үй іші сәулелене бастаған екен. Дүние-мүлкі жоқ үй іші аңғал-саңғал. Жым-жырт. Тек ауызғы бөлмедегі сағат қана талған жоқ: тық,.. тық-тық...

Дьяков түрегелді. Алақаны күйіп, басы айналып тұр. Кешеден бері нәр татқан жоқ. Соған қарамастан асқа да зауқы шаппай, тамағы құрғап шөлдеп түрегелді. Кеше қора ішінен құдық көрген-ді. Сыртқа шықты. Тітіреп кетті. Кешегідей емес, бүгін күн ашық, бірақ әлі салқын екен. Бұл құдыққа жете бергенде көк қақпадан былғары курткалы біреу кірді. Соңында ерейген-серейген екі кісі бар. Дьяков түсін танымаса да, соңындағы кісілерге зілденіп сөйлеп келе жатқан ана шолақ курткалыны шырамытты. Амандасқысы келсе де, бірақ оның қайрылмасын байқады. Шекеңнен шыққандай мұздай суға ысылдап-пысылдап жуынды. Осы қызметке келіскенім қате болған жоқ па деген күдік көңілін ауырлатып тұр. Жүдеу жүзі кірбиген. Суық алған бойында діріл бар. Алақанымен аузын басып күрк-күрк жөтеледі Мюлгаузеннің жаңағы ашулы түрі бұның кешеден қалған үрейін ұлғайтып, үйге жақындаған сайын аяғына тас байлағандай әрең-әрең қозғап келеді. Ішке кірер-кірместе бұны бұғақты біреу тоқтатты. Өзін осы отрядтың старшинасымын деп таныстырды.

— Е, дегендей. Маған керек кісі екенсің,— деді Дьяков.

— Сізге жеке бөлме таба алмадық. Әзірше бір кіші командирмен жата тұрасыз.

— Оқасы жоқ.

— Кейінірек.

— Аш шығарсыз. Жүріңіз, асханаға апарайын.

— Еркіңіз білсін.

V

Еламан осы күннің ертеңіне Совдепке соқты. Көк шатырлы үлкен үйдің алды халыққа толы екен. Кара киімді

қала халқының арасынан Еламан ел қазағының тымағын көрді. Олар ауылдағы мінезін қалаға да істеп, атын тізгінінен жетелеп кеп есік алдына байлай салады да, болмашы жұмыспен бастықтардың үстіне баса-көктеп кіріп жүр.

Қабырға болысының екі қазағы базарға мал айдап әкелген екен. Бірақ малдарының пагорнойы жаңсақ шығып, шырғатылып жіпсіз байланып қапты. Ел қазағынан әрқашан ілгіш іздеп үйренген базар басы бұлардың малдарын сатқызбай, бірнеше күннен бері матап ұстап тұрған көрінеді. Олар Еламанды көре сап, анадайдан «ойбай қарағымдап» етегі далақтап жүгіріп келді. «Мұндағы бастықтардың ішінде тамыр-танысың жоқ па?» — деп жатты да жабысты. Еламан ешкімді білмеймін деп ат-тонын ала қашса да, аналар болмай, екеуі екі жақтан шаруасын айтып шаужайлап жатыр.

— Сілейбановты білетін көрінесің ғой?

— Ептеп қана...

— Е, сол болады. Осы арадан ептеп-септеп құтылып кетсек жетіп жатыр. Сонан артық таныстықты қайтеміз. Қыз айттырып, құда түсер дейсің бе, ол орыспен.

— Жарайды, сөйлесіп көрейін.

— Е, бәрекелді, өркенің өссін, шырағым.

— Көсегең көгерсін.

— Апыр-ай, жауда да бір көзің болсын деген рас екен-ау!

Селиванов қалалық мекеме басшыларымен кеңес өткізіп жатыр екен. Сыртын былғарымен тыстаған бнік қара есіктің арғы жағынан біреудің саңқылдаған даусы анық естіліп жатты. Еламан ұзақ айналып қалам ба деп тұрғанда, күтпеген жерден жиналыс бітті Жаңа ғана жалғыз Селивановтан басқалары жұмған аузын ашпай тым-тырыс отырған кісілер, кенет жиналыстың тез аяқталғанына қуанып кетті ме, әйтеуір орындықтарын дыр-дыр қозғап, жапыржұпыр түрегеп жатты.

— О, кого я вижу!

Еламан есіктің арғы жағынан өзіне қолын созып келе жатқан бала жігітті көрді. Бұ да қуанып кетіп, құшақтай алды. Екеуі құшақтарын жазбастан мәз боп күліп Селивановтың көп терезелі кең кабинетіне кірді.

Еламан табалдырықтан аттай бере тұрып қалды. Кең қабинеттің қақ төрінде қызыл масаты жапқан жалпақ стол. Сырлаған орындықтар. Көз тартар жалтырағы көп телефон.

— Осы қаладағы мықты бастық өзіңсің бе, қалай?

— Түбі осы орынға өзің отырасың. Ал жай жүрсің бе?

— Мен...— деп Еламан шаруасын айтуға ыңғайлана бастағанда, қызу жігіт оны киіп кетіп:

— Сені кеше бір жерде көрдім ғой. Тоқта, қайда?..— деді.

— Сен жақсы сөйледің.

— Жиналыс біткен бойда, іле-шала іздедім. Бірақ атың аузыма түспеді. Ұмытып қалыппын. Сен ренжіме.

Еламанның айтуға ыңғайланған шаруасы әлі де ернінің ұшында тұр. Тек мына бала жігіттің тап қазір сөз тыңдайтын ықыласы жоғын көріп, амалсыз тоқтап қалды.

Селиванов қабағын қатуланып түйіп апты. Ұзын сырағы сереңдеп кең бөлмені кезіп жүрді де, кенет Еламанға жетіп кеп иығына қолын салды. Тіл қатады екен деп дереу жүз бұрған Еламанға ол, бірақ, назар салған жоқ. Бос сақтап тұрған қолының саалы саусақтарын шашының арасына сүңгітіп сүғып-сүғып жіберді. Төбе шашын уысы толғанша бұрап ұстады да, көзін тас қып жұмып тұрып қалды. Еламан да қыбыр етпеді.

— Қанша кісімізді қырып алдық. Бірақ амал қайсы, соғыс... соғыс...

— Я, соғыс,— деді Еламан қостап.

— А-а?

— Соғысты айтам.

— Я, соғыс... айтпақшы, осы сендердің командирлерің қайда?

— Қалада.

— Қазір қайда?

— Кім білсін, станция жақта жүрмесе...

Селиванов Еламанның тас қып ұстап алған қолын сәл босатса көз жазып айрылып қалатындай, ауызда отырған секретарь әйелге жетелеп ала келді.

— Мюлгаузен станцияда жүрген көрінеді. Кісі жібересің бе, әлде телефон арқылы жалғасасың ба, әйтеуір дереу маған келсін!

— Жарайды, айтайын.

— Айтқанда... оның мінезін білесің ғой...

— Білем.

— Қиын кісі.

— Я, солай.

— Ал, кәне, шаруаңды айт! — деді Селиванов Еламанға бұрылып.

— Осында бір таныс әйел бар еді...

— Так, так...

— Тұрмысы нашар. Мүмкін болса, соған...

— Жәрдем сұрай ма?

— Жоқ, бір жерге...

— Кешір,— деп Селиванов оның сөзін бөліп, сырт жағында шар ете қалған телефонға қол созды. Әлдекіммен шапылдап алым-берім сөйлесті де, трубканы іле салды. Бет өңіне қалжыраған ажар пайда болды. Аяқсыз қалған әлгі әңгімеге қашан оралғанша шыдамай, саусағының ұшымен стол шетін тықылдатып отырған Еламанға бұрылды,— сен осы қай жерден едің?

— Аралданмын.

— Онда сенің жерлестерің. Понимаешь, базарға жылқы айдап әкелген. Қағаздары дұрыс емес.

— Ауылда қолы хат танитын кісі жоқ. Қателесіп кеткен шығар.

— Ұрлық мал болуы мүмкін.

— Жо-жоқ, ұрлық емес. Нақақ күйдірме сорлыларды.

— Сен қайдан білесің?

— Маған олар жаңа есік алдында кездесті. Қалаға бара жатқасын ауылдастарының кездеме, шай, шекер ала кел деп қосқан бір-бір малы.

— Әй, қайдам...

— Рас. Рас айтам. Қайтарып бергіз!

— Жоқ, бұл менің қолымнан келмейді.

— Түсінсем не дейсің...

— Шын айтам. Мен келіскенмен Мюлгаузен көнбейді. Оның мінезін білесің ғой.

— Мына жылқылардың оған керегі қанша?

— А как же! Отрядке ат керек. Бәрін бірдей сатып алуға қаржы жоқ.

— Сонда тартып ала ма?

— Айта көрме. Тартып алуға ешкімнің де хақы жоқ.

— Ал, мынасы не?

— Бұл заңсыз мал. Заңсыз, понимаешь.

Бұлардың үстіне Совдепте істейтін біреу кірді. Кең кабинеттің төріне жеткенше өзінен-өзі қысылып, кібіртіктеп басып келді де, қолтығына қыса кірген папканы қолының ұшымен ғана ұстап Селивановтың алдына жайды. Селиванов оған тіпті көз салған жоқ. Мына орынға отырғалы кәнігіленіп алған әдетпен ана кісі әзірлеп тұрған қағаздарға көз жүгіртпестен сойдақтатып қол қоя салды да, алып кет дегендей ишара етті.

Еламан енді оның өзіне бұрыларын білді. Жаңа ана сорлыға зәрін жайған жүзінен енді жұп-жұмсақ жылылық теп-

сінеді. Апыр-ай, кісі қандай қателеседі. Мынау, кеше депода қыруар халықты бір өзінің аузына қаратып алған бала жігіттен мүлде басқа. Кеше бұл екі көзіңді бақырайтып қойып, саған өзінің бар дегенін істейтін нақ бір кісі арбайтын әзәзілі бар аруақты сықыршыдай еді. Ауызынан шыққан әр сөзі жетесіз біреу болмаса, кеудесінде жаны бар кісінің қан тамырын қатты-қатты соқтырып, көкірегіне кек тұтатып жіберіп еді. Ал, мынау... қаршадай басынан біреуге бүйідей түксиіп, сұсымен сескендіріп жатса, ықыласы түскенге райланып жылы жүзін жылтыратып, бойындағы сезімін бейне бас білген тайдай оңай билеп, оп-оңай құбылып отыр.

Еламан оны жек көріп кетті. Совдепке жүз жерден бастық болғанмен мұның Мюлгаузеннен асып ештеңе істей алмайтынын білді. Ал Мюлгаузенге жалынғысы келмеді. Осыдан кейін сәті түспеуге қараған Ақбаланың шаруасы да есінен шығып, атынан айрылған ауылдастарын аяп іші нт жыртқандай боп отыр. Осы бейшаралар өмір бойы баққан малының рахатын көре алмай-ақ қойды. Қазақ малы қашан да қолды боп бүйдасынан тізіліп, достың да, дұшпанның да жетегінде кетіп жатады. Ісі оңалып ілгері баса ма деп дәмеленген тұсы мынау. Не қылса да бағы жанбайтын талаңы тастай халық. Келдектің қай басын басса да, қайрылып кеп осы сорлыларға тие беретінін қайтерсің.

Еламан кетуге ыңғайлана бергенде, Селиванов онымен шаужайласа түрегелді.

— Шаруам бар деп едің ғой?

— Жоқ. Жай әншпін...

— Түсінсем не дейсің. Жаңа ғана шаруам бар деп едің ғой?

— Иә, бар еді...

— Ал құлағым сенде.

— Әлгі әйелді бір жерге жұмысқа...

Селиванов ұмытып бара жатқан бір асығыс шаруасы аяқ астынан есіне түсті де, стол үстіндегі қағаздарды тез-тез жиыстыра бастады. Қайта-қайта көзіне түсіп кете беретін сусылдаған құрғақ шашын қажымай-талмай кейін қарай сілкіп қалады. Еламан өзінің мына шаруасынан да түк шықпайтын болар деп ойлады.

Селиванов ілулі тұрған шинелі мен кепкасына жармасты. Үсті-үстіне шарылдап жатқан телефонға қайырылмай, есік алдында қоңырайып тұрған Еламанды қолтығынан алып қоярда-қоймай сүйрелеп сыртқа шықты. Сонан соң ол Еламанмен қатар жүріп келе жатып су жаңа шинелінің түймелерін салып, сыптай боп алды.

— Сен біздің саясатымызды түсінесің ғой. Біз көшпелі халықты отырықшы ел етіп, қала мәдениетіне тартпақпыз. Ол үшін, понимаешь, жергілікті халықтың азаматтарын осы бастан жұмысқа тартуымыз керек. Ал, қазақ әйелдерін құшақ жая қарсы аламыз.

— Ендеше ,мына келіншекті.

— Ол қайда?

— Үйінде.

— Маған ертіп әкел. Сендерді теміржол асханасында тоса тұрам.

Еламан жүгіре жөнелді. Қара торы беті ду-ду жанып, үлкен көзі ұшқындап алған. Ақбала төр алдында терезеден түскен шуаққа бетін тосып отырып, сонау қыз күнінен қалған ескі көйлегін жамап отыр екен. Үй ішіндегі бір жанға бұрылмай тұп-тура өзіне келе жатқан Еламаннан бұ да екі көзін айырмай, инені көйлекке түйрей сап асығыс түрегелді. Ақбала есін жиям дегенше Еламан жетіп кеп қолынан ұстады. Жөнін айтпастан, әй-шәйге қаратпай дедектетіп ала жөнелді.

Ақбала көшедегі кісі-қарадан қысылып барады. Бір рет тас қып қысып алған Еламанның шеңгелінен қолын босатқысы кеп еді, оған, бірақ, Еламан көнбеді.

— Жұмыс істегенің жақсы. Ешкімге тәуелді болмайсың.

— Білем ғой.

— Рас, алғашқыда қиын болады. Бірақ төзу керек.

Ақбаланың жүдеу жүзіне жабырқау күлкі білінді. Осы түрі, бейне: «төзбей келем бе. Бұнан артық маған кәйт дейсің»,— деп көңіліндегі бір назды аңғартқандай.

— Біраздан соң үйреніп кетесің,— деді Еламан.

Ақбала тағы да езу тартты:

— Талайға үйрендік қой. Біз осы... кімге бара жатырмыз?

— Тезірек жүрейік. Күтіп қалған болар.

Ақбала амалсыз жүгірді. Соның өзінде желге қарсы омыраулап басып келе жатқан мына ала көз ірі жігітке іле-се алмай, үнемі қол созымдай кейін отырды. Бір есептен онысы жақсы болды. Бағана алғаш рет кездескенде ол Еламанға жөндеп қарай алмаған-ды. Аласа есіктен еңкейіп кіріп келе жатқан жігіттің осы күндері сәл ғана есіне алса да ет баурын елжіретіп қоя беретін боп жүрген ірі тұлғасын көрді. Көзіне жас тығылды. Ыстық қан өртеп бара жатқан жүзін жоғары көтере алмай, қашан ол кете-кеткен-

ше кірпігі көлегейлеген көзін астындағы төсеніш көрпеден алмаған-ды. Ол енді Еламаннан екі көзін айырмай келеді. Желкесіне шөгеріп киген бөрік астынан шыққан қос самайындағы шашы аппақ. Ұрты мен көзінің алдын торлаған сай-сай әжімдер қазір былтырғысынан да гөрі тереңдеп, бет сүйектері ет пен тері астында бадырайып-бадырайып шығып, кәрілік шіркіннің көңілсіз көлеңкесі кәдімгідей-ақ деңдеп қапты.

— Әне, бізді күтіп тұр екен,— деді Еламан.

Ақбала ештеңе көрмеді. Тек Еламанның иек қаққан жағына қайта қарағанда алдарынан доңғалағы көшеге төсеген түйртпек тастарға тиіп селк-селк етіп өтіп бара жатқан түйелі арбаның арғы жағынан ұзын бойлы орыс жігітті көрді. Ол темір жол асханасының алдында бір ақ халатты жуан сары әйелге бірдеңе деп, жан-жағына шыдамсыздана көз сап тұр екен. Арбалы түйенің тасасынан шыға келген Еламанды көргенде аққұба жігіт қуанып кетті. Ал Еламанның жанындағы келіншекті көргенде көк көзі ұшқындап қоя берді.

— Ehe-e! Ал, таныстырмайсың ба?

Еламан үндемеді. Селиванов оған жалт қарады. Төмен қарап тұнжырап алған жігіттің түрін көріп, сақылдап күліп жіберді. «Мынаның қызғаншағын қарай көр»,— деп ойлады. Еламанның сыртын ала тоқтаған тостағандай қара көзі мөлдіреген сұлу келіншекке жақындап келе жатқан-ды. Еламан оның жолын кес-кестеді.

— Қайтесің. Тимe.

Селиванов ақ халатты әйелге күбірлеп, Еламанның тасасына тығылып тұрған келіншекті ымдап еді. Ақ халатты әйел быртиған жуан саусақтарын халаттың етегіне сүртіп ыржиып келді де, Ақбалаға қолын ұсынды. «Мен не істейін?» — дегендей Ақбала көзінің астымен Еламанға қарады. Еламан оған «қолыңды бер» деп ымдады. Бұлай танысу өздерінде үрдіс болмағандықтан, Ақбала әлі де болса ұялып ернін қырқып тістеп алған. Көзін төмен салып қысылып тұрып өзіне ұсынған орыс әйелінің қолын болар-болмас қана қысты да, тез тартып алды.

— Атыңды айт,— деді Еламан.

— Ақбала.

— Менің атым Марфа. Марфа апай деуіңе де болады.

Ақбала жұмған аузын ашпады.

— *Мен тамақ асам. Сен маған жәрдем бересің. Су тасисың, ағаш жарасың,*— деді Марфа.

Ақбала бір жанға назар салмай үн-түнсіз тұр. Еламан түсінбегенін байқап Марфаның сөзін қазақшалап еді; Ақбала бұл жолы да үндемеді. Тек төмен салған көзін жерден көтерместен ақырын қозғалып барып, анадай жерде үйіліп жатқан ағаштардың арасында жатқан балтаға қолын созды.

VI

Дьяков кейінгі вагонге мінген-ді. Бұнда Ознобиннің взводы орналасқан екен. Бірақ олар арасында комиссардың бары-жоғын байқамаған сияқты. Жақында келген комиссар әзір жұрт көзіне түсе қойған жоқ. Үстіндегі кнімі де осы отрядтегі көп кісінің біріндей қарадүрсін. Ескі шинель, жапырайған ескі құлақшын кинген қағылез арық кісі бағана Шалқардан шығарда орнынан ақырын жылжып бара жатқан поездың соңындағы вагонге жүгіріп мінгенде, бір жан оған назар аудара қоймаған-ды.

Дьяковке де өзінің елеусіз халы ұнайды. Ол есік алдында отырған жауынгерлердің сырт жағына шықты. Поезд бір жерге тоқтамады. Талай разъезді кейінге тастады. Ұлпан станциясынан да өтті. Темір доңғалақтар төменгі жақта сартылдап, Шалқардан шыққалы сыпыртып келеді. Телеграф бағаналары жол жиегінде көзге ілеспей лыпылдап қалып жатыр. Оның арғы жағында көз тоқтатар қарайған бұдыры жоқ мидай жазық дала бауырын жазып көсіліп кеткен. Биыл бұл даланың шөбі қау. Бетеге, боз атаулы, әсіресе, қазір бояуы оңып ұзарып солыпты. Темір жол бойында отырған разъезд, станция болмаса, осынау көл-көсір даланың қалған жағындағы тірлік қадау-қадау. Кейде көз ұшына тырнадай тізіліп көш өтеді. Бір рет темір жол бойында жападан-жалғыз отырған үйді көрді. Итарқа ғып тіккен қоңыр үзікті үйдің шаңырағынан ақшыл түтін шығады. Үй маңында ботасын ерткен жабулы түйе тұр. Тұсынан дүрсілдетіп өтіп бара жатқан поезға түйе мойнын бұрып, құдды мына бұйығы даланың бойкүйез енжарлығының анық айғағындай боп көз ұшында кәукіліп қала берді.

— Өмір осылардікі,— деді қырма сақалды жауынгер.

— Ана қара!

— Қайда? Ол не?

—Ақтар!

Оннан астам атты казак алыстағы сары белге шауып шықты. Оқ жететін жерге жақындамады. Бір бауыр жерге дейін поезбен қапталдасып отырды да, бұлар зеңбіректен

атқылай бастаған соң кейіндеп қала берді. Жауынгерлер олардың тұқ-тұқиянын қалдырмай боқтап, өзді-өзінің орнына барып отырып жатты.

— Бұлар барлаушылар.

— Түрі соған келеді. Сонда, қалай... негізгі мол күші кейінгі жақта ма?

— Құдай білсін, қалайда сақ отыру керек.

— Я, бұл иттер әрқашан қапылыста соғады.

— Комиссар, мынаны енді орнына салып қойыңыз!

Дьяков қолындағы наганды жаңа байқады. Жаңағы қарбаласта қолына ұстағаны болмаса, бір оқ атпағаны есіне түсті, сонысынан қысылып қап, наганды жалма-жан кабурына тыға салды. «Мені біледі екен ғой»,— деп ойлады. Бұлардың арасында өзінен шені жоғары командир жоқ, сонан келе жаңағы қарбаласта әрекет істей алмағанына ыңғайсызданады. Осы күнгі халі өзіне оңай тиіп жүрген жоқ. Тек әйтеуір бір дәтке қуат қылатыны: Шалқарға келген үш-төрт күннің ішінде бұндағы жағдайға қанып алды. Алғашқы кезде бұл жақта алып-жұлып бара жатқан ештеңе жоқ сияқтанған-ды. Шалқар болса біреу біліп, біреу білмейтін, бас-аяғы бір-ақ уыс қала сияқтанып еді. Сүйтсе ұлы жолдың үстінде жатқан қалаға осы қазір дос пен дұшпан бірдей көз тігіп отыр екен Бір жағына Москва, Орынбор, Самар қалаларын алып жатса, ал екінші жағында Арал, Ақмешіт, Әулиеата, Ташкент, Түркстан. Екі жаққа бірдей қол созып, Азия мен Европаны бір-біріне жалғап тұрған темір жол бойындағы станция. Вагон оңдайтын цехы, паровоз оңдайтын депосы бар. Қала халқының жарыға жуығы жұмысшы. Қазіргідей аласат кезде атаман Дутовқа іргесін алдырмай тұрған айдаладағы қамал қаланың бірі екен.

Дутовтың атты әскерін Дьяков әлі көрген жоқ. Сырт хабардан естуі бар, тәсілі баяғы татар-монғол атты әскеріне келеді. Кең далада жел құйынша жүйткіп жосып жүретін жойқын. Татар-монғол әскеріндей бұлардың да аты жүйрік, қаруы сайлы. Бұлар да қапыңды іздейді. Күтпеген, бейқам тұсыңды табады. Тұтқиыл тиеді. Және олар ұрыс тәсілін сақтап, шеп құрып соғыспайды. Кең далада жүйткіп жүрген атты казактар бүгін бір қаланы шапса, ертең бейқам отырған басқа бір қаланы, не станцияны талайды. Ал Түркстан армиясы бытыраңқы. Әлі күнге басаяғын жиып топтасып бола қоймаған армия Дутовтың жел құйын әскерін қай жерден тосарын білмеді. Аты жүйрік әскердің ізіне түсіп, өкшелеп қуа алмады.

Осы бір ел іші әбігерге түскен аласат кезде бұл өлкеде Ташкент, Ақмешіт, Қазалы, Жосалы, Ақтөбе теміржолшыларының қарулы жасағы ұйымдасыпты. Ал Шалқар теміржолшыларының жасағы қотан шетін күзеткен қатал сақшыдай кірпік қақпай тұр.

Дьяков байқап жүр: Мюлгаузен соғыс өнеріне жетік. Отрядта темірдей тәртіп. Дьяков келгеннен бері отряд бір күн қарап отырған жоқ. Ертеңгі астан кейін қала сыртына шығып, сартылдап соғыс өнерін үйреніп жатады. Мыңға тарта кісісі бар отрядты екі эшелонға бөліпті. Бір эшелонда — штаб. Екінші эшелонда — әскер. Және төрт жайдақ вагонның кенеріне қалқалап тай-тай мақта үйіп, ортасына зеңбірек орнатқан. Алғаш ұйымдасқан күннен бастап Мюлгаузеннің отряды Ембі мен Арал қаласының екі арасын жаудан қорғап, темір жол бойымен дамыл алмай арлы-берлі жосыды да жүрді. Осы екі арадағы бір қалаға жау тиді деген хабар жетсе-ақ ол поезға тиеніп ап тартып кетеді.

Бұлардың қазіргі маңдай түзеп келе жатқаны — Соль-Елецк. Күнбатыстан үш жүздей Орынбор отряды кеп ұрысқа кірісіп кетті. Бұлар Соль-Елецкіге жақындаған сайын соғыс қызып, бытырлаған мылтықтар мен күркіреген зеңбірек даусы анық естіле бастады. Шалқар отряды Соль-Елецкінің шығыс жағындағы разъезге кеп тоқтады. Қатты келе жатқан поезд кенет тоқтағанда вагондар бір-біріне соғылып, күлдір-салдыр болды да қалды.

— Не болды? Неге тоқтады? — деді ол қасынан өтіп бара жатқан бір теміржолшыға.

— Ілгергі жақта жол бұзылды.

— Жөндеп жатыр ма?

— Я.

— Қашан бітеді?

Теміржолшы бұған жауап бермей, ілгергі жақта жүрген біреулерге қолын былғап айғайлап жүгіріп кетті. Мюлгаузен сағатқа қарады. Атысқа құлағын салды. Соль-Елецкінің батыс жағынан, алыстан бірде құдды долылық буғандай пулемет пен мылтық даусы қосылып түтеп атылады, іле-шала әлсіреп үні өшіп құлақтан үзіліп бара жатады.

Мюлгаузен өздерінің қатарында, екінші жолда тұрған әскери эшелонды көрді. Бүлікшілерді басуға жіберген Ташкент отряды осы болар деп ойлады. Бұлардың тұрғанына біраз болған сияқты. Күлді-күйелеш паровозда сес жоқ. Желі басында шөккен нарша оты сөніп мелшиіп қапты.

Мюлгаузен Ташкент отрядының командирі — Жасағанбергенді жек көретін. Қызылдар жағына кейінгі кезде

өткен бай мырзасының киген кнімі де, меннен көкірегі де тегі жат екенін айғып тұрғандай болатын. Мюлгаузен оған өз аяғынан іздеп барғысы келмеді. Жасағанбергеннің де бұған іздеп келмесін білді. «Келістік-ау! Дивизия командирі бұрынғы ақ офицер, ал мынау бай ауылдың мырзасы»,— деп ойлап, ызаға булығып тұрған үстіне Дьяков келді. Қасында бір топ командир.

— Не істейміз? — деді Дьяков.

Мюлгаузен оған көз салмай, әмірлі жүзін комиссардың қасындағы командирлерге бұрды:

— Кісілеріңді дайында! Қалаға шабуыл жасаймыз.— Осы кезде біреу бұның сырт жағынан:

— Подожди, голубчик,— деді, ін түбіндегі аюдай жуан дауыс гүж етті. Мюлгаузеннің түсі бұзылып кетті. Бірақ өңін берген жоқ. Өзінен екі есе үлкен еңгезердей ірі кісіге бұл төменгі жағынан қарады. Мына кісінің бар бітімі бөлек: анау-мынау кісіге мұрт болуға жарап қалатын қалың қастан тал-тал қылдар сояуланып бүйе аяқтанып тұр. Көк көзі үлкен. Және дөңгеленген аңғалақ үкі көз. Ат жақты ұзын бетінде білемдей-білемдей бұлшық еттер бар.

— Мюлгаузен сен бе? — деді ол.

— Өзің кімсің?

— Танымай тұрсың ба?

Мюлгаузен қарсы сұрағы қате болғанын білді. Үкі көз командир манжамды шеңгелімен Мюлгаузенді ығының басынан ұстады. Темірдей саусақтар былғары курткаңың сыртынан батып бара жатты.

— Жібер! — деді Мюлгаузен.

Дьяков Мюлгаузенмен қатарласып кеп құлағына сыбырлады. Мюлгаузен азырақ ыңғайсызданып қалған сияқты. Қоқырайған бөркін көзіне түсіріп басып қойды. Сұпсұр бетінде сөлекет күлкі білінді.

— Таныған секілдісің ғой.— деді анау.

— Таныдым.

— Ендеше менің әмірімді тыңда. Атты казактар кейінгі жақта бүлік сап жатыр.

— Жаңа, біз келгенде аман еді ғой.

— Осы қазір телефонмен хабарлады. Григорьевка станциясын талқандап, темір жолды қиратып кетіпті. Сен әскеріңмен сонда тарт.

— Бұндағы бүлік ше?

— Бұларға өзіміз де бірдеңе істерміз.

Мюлгаузен ренішін жасырмай ықылассыз кетіп бара жатты. Қашан қарасы ұзағанша Хан-Дауров оның кү-

жірейген желкесі мен төртбақ жүп-жұмыр денесін салқын қабақ астынан жөнелтіп салды. Сонан соң дөп-дөңгелек үкі көзін үнсіз тұрған Дьяковке тастады.

— Қалай орналастың?

— Жаман емес.

— Ал, мынауың қалай екен?

— А, ол ма?.. Ол... менімше...

— Жә, енді бәрі түсінікті.

Хан-Дауровтың жаңағы сауалына бұл алғашқыда мән берген жоқ-ты. Былай шыққасын ойланып қалды. Мюлгаузенді жамандайын деген ойы жоқ еді. Хан-Дауров қалай ұғып қалды деп ойлап, жол бойы қиналып болды.

Атты казактар Григорьевка станциясының тас-талқанын шығарыпты. Қызылдарға іші бұратын кісілердің үйін өртеп, дүние-мүлкін талап әкеткен. Талай семья баспанасыз қапты.

Мюлгаузен бұнда азын-аулақ әскер қалдырып ілгері жүріп кетті. Бірақ былай шыққасын рельсін қопарып тастаған жерге тұмсығын тірей тоқтады. Жауынгерлер жапырлап түсе-түсе қалды. Күрек, қайлалар шақылдап, қызу кірісіп кетті.

Көп кідірмей көз ұшынан шаң шықты. Атты казактар көгілдір ауада ұзын найзалары қылтылдап әр жерден атой беріп ереуілдеп жүрді де, кенет ары қарай шаба жөнелді. Қапелімде көзден ғайып болды. Олардың қайта оралып соғарын білген Шалқар отряды жұмыс істеп жүріп те бойынан қару-жарағын тастамады. Еламан шпал тасып жүрген-ді. Ақтар ғайып болған жаққа көппен бірге бұ да қайта-қайта мойын созып қарап жүрді де, әрі беріден соң есінен шығып кетті. Келесі бір шпалды көтерейін деп жатып, кенет Ақбала есіне түсіп, күн қаққан өңі жұмсарып қоя берді. Жұмысқа орналасқаны жақсы болды деп ойлады. Үйреніп кеткенше қиын боларын біліп, әсіресе, алғашқы күндері кішкентай қолы босаса жүгіріп барып жүрді. Аспазшы әйелдің қанден иті қырсық болды. Ақбалаға өшіккен ит аспазшы әйелдің жуан балтырының тасасынан ырылдап, кішкентай қылқанақ тістері сақ-сақ етті де жүрді. «Мына шіркін қайтеді»,— деп, осы иттен Ақбала кәдімгідей жасқанатын.

Еламан алғашқы күні Ақбалаға көп қолғабыс берді. Су тасыды. Ағаш жарды. Үюлі жатқан ағаштарды жара келгенде бір қайыңға балтасы батпады. Тұла бойындағы толған безге балта жүзі шақылдап зік-зік етіп алақанына қайта тебе берген соң бұл бір рет кіжініп сілтеп еді. Ыңғы-

ның басы шаншып кетті. Еламан қолынан балта түсіп, кіржініп отыра қалды. Ақбала жүгіріп келді. Еламан балтаға қолын қайта соза бергенде, бұл балтаны аяғымен ары ысырып жіберді. «Енді не істеймін?». «Сен осылай менің қасымда жүр».

Еламан сол күні өзін қандай бақытты сезді. Ақбала үндемеді. Соның өзінде өзгеше бір тыныс алып, лүпіп соққан жүрек толқыны сыртқа шауып, аппақ бетінің ұшына жеңіл қан жылдам соғып алаулап қайтып тұрды. Көбіне көзін төмен салып арғы жағындағы анық көңілін көлегейлегендей боп жүрсе де, ауық-ауық жанары жалт етіп бұған бір қарап қалады. Үлкен қара көздің жанары жігіт жанына шоқтай тиіп, тұла бойын шымырлатып қоя беретін. Апырмай, осы пейіл, осы бір тілсіз ықлас баяғыда неге болмады екен? Сонан бері бұл бір мысқал өзгерді ме? Сол кезде де өз басы дәл осындай еді ғой? Осындай ма еді? «Осындай ма едім?» — деп ойлап, Еламан нығынан басқан шпал салмағын сезбей, қыбыр-қыбыр жұмыс істеп жатқан кісілердің арасында сұлық тұрып қалды. «Осындай ма едім?.. Иә, ол кездерде бұнан гөрі жас едім. Шашта ақ, бетте әжім жоқ еді». Еламан мырс етіп күліп жіберді. Жабырқау жүзіне мысқыл араласа мұңды күлкі шауып, бетіндегі әжімдері молая түсті. Не қыласың, сол кезде осындай болғанда бұл екеуінің басындағы бүгінгі бақытсыздықтың бірі болмас еді ғой.

Бұл өкініш Еламанның басына кейін келді. Сол күні ол қасында өзімен бірге қозғалып жүрген аппақ сұлу келіншекті ғана көрді. Келіншектің бетін, қолын, көзін көрді. Қуанышын көрді. Күлкісін, сөзін естіді. Бұл екеуін сол күн бір-біріне іштей ұмтылдырып, бұрынғыдан да жақындатып тастады. Оны Ақбала да, Еламан да білді. Бұның ақыры қайда апарып соғарын, бірақ ол күні бұл екеуі ойламап еді. Еламан білдірмей жылжып өтіп жатқан, сонан кейінгі уақыттың бәр-бәрінде де Ақбаланы бір сәт есінен шығармай үнемі сарылып ойлап жүрсе-дағы, екеуінің соңырағы күнгі келешегі қалай боларынан хабарсыз. Ол жайында ойлаған жоқ. Тіпті ойлағысы да келмеді. Ол тек азғантай тірлікте адам баласы шегер азаппен бірге көрер қызығы, татар ләззаты да бар екенін дәтке қуат қылды. Ой, дариға-ай, осы мына тас төбеңдегі көк аспан астында құлазып жатқан аңғал-саңғал дүниенің бір жері болмаса бір жерін жылытып, ыстық ұяға айналдырып тұрған өзің өлердей жақсы көретін бір әйелдің болғанына не жетсін. Осы бір өзгеше жаратылған жалғыз жан үшін сен басыңды тауға да

соғасың. Күйіп-жанасың. Жаның үзіліп өлердей жақсы көріп тұрып, кейде, құдай-ау, бір жанға араша бермей өл қолыңмен буындырып өлтіргің келетінін қайтерсің. Бүл неліктен? Неге бұлай болды екен? Жақсы көріп тұрып, жек көруге бола ма? Сол мүмкін бе?

— Ақтар!

— Қайда?

— Әне!

— Бізге қарай салды.

— Дайын-да-лың-дар!

Еламан ыңғындағы шпалды атып ұрды. Жүгіріп барып темір жолдың таса бетіне жата қалды. Көзіне құйылған терді жеңімен сүртіп тастады да, созылып ілгергі жағына көз салды. Атты казактар жазық дала бетімен селдей қаптап келе жатты. Түйдек-түйдек шаң арасынан жалаңаш қылыштар зәр төге жарқылдайды. Олар арғы жағынан қалың көпірімен қаптап келді де, жолдарында кесе-көлденеңдеп сұлап жатқан сайға құлады. Кенет жер жарылып сонша көп әскерді ұмар-жұмар жұтып әкеткендей болды. Түйдектеліп келіп қалған жаңағы аттар да, адамдар да жоқ. Зәр төге жарқылдаған қылыштар да ғайып болды. Тек терең сайдың арғы қабағында ат тұяғынан көтерілген шаңның етегі жайылып ыдырап бара жатты. Және ат тұяғының дүбірі құлақтан кетпеді.

Еламан гранатты ыңғайлап алдына қойды. Сонан соң мылтық қарауылынан сығалап ілгергі жағына көз тігіп бағып жатыр еді.

— Зеңбіректі оқтаңдар! Жақын жіберіп атыңдар! — деген Мюлгаузеннің айғайы естілді.

Атты казактар сай қабағынан қаптап шыға-шыға келді. Еламан осыдан бұрын да талай ұрысқа қатысқан. Соның бәрінде қашан ұрыс қызып кеткенше қорыққан кісі тәрізденіп бір түрлі көңілі қобалжып болатын. Осы жолы да ол жауға кезеген мылтығының қарауылы шоршып тұрғанын байқады. Лүпілдеп қатты-қатты соққан жүрегін басқысы кеп оң қолын кейінгі жағына созып, баяу жел астында ақырын ырғалып тұрған бір шоқ жусанның басын жұлып алды. Екі көзі алдында. Аттардың да, адамдардың да түрі, түсі айқындалып дүбірлеп келіп қалған жау әскерінен екі көзін айырмай, қайсысын қарауылына бұрын аларын ойлап жатып жаңағы уыстап жұлып алған жусанды иіскеді. Осы қазір не істегенін өзі де жақсы біле бермейтін сияқты. Тек көк майқара жусанның аңқыған ашы иісі мұрнын жарып жібергенде бұл қолындағы шөпке жалт қарады.

Өз еркінен тыс істеліп жатқан осы бір істерге таң қалғандай езу тартты.

Атты казактар келіп қалды. Бұлардың шебінен бытырлап мылтық атылды. Еламан жусанды лақтырып жіберді. Ащы жусан исі әсер етті ме, әлгідей емес, көңілінің қобалжуы басылды. Бойындағы аздаған дірілді де тоқтатып, күрең атты солдатты көздеп атып жіберді. Тап жаңа ғана қыратын кісідей қылышын оңды-солды сілтеп кіжініп келе жатқан сары сақалды солдаттың қолынан қылыш ұшып кетті. Тізгіні босағанын сезе қойған күрең ат жалт берді. Солдат ерден ұшып түсті.

Бұл кезде жайдақ вагонға орнатқан төрт зеңбірек қатар күркіреді. Қырылғанына қарамай қайта-қайта ұмтылып жатқан атты казактарға пулеметтен де оқ себеледі. Оқ тиген аттар шыңғырып кісінеп, ағызып келе жатып мұрттай ұшып түседі. Атты казактардың алдыңғы легі әп-сәтте жусап қалды. Кейінгі жақтағылар ат басын асығыс бұрды.

— Жарайсыңдар, жігіттер! — деді біреу. Еламан бұны кімнің айтқанын білмеді. Жаңа жан алып, жан берердей ұрыс кезінде ол қатарында жатқан кісінің кім екенін байқаған жоқ-ты. Ұрыс саябырлаған кезде назар аударып қараса — Ознобин екен. Соңғы баласы қаза тапқалы Ознобин көрер көзге тез қартайды. Күн қағарын көзіне басып киген жыпырайған май-май кепканың астынан шыққан шаштың бұл күнде бәрі аппақ. Бұрын да аз сөзді кісі — баласы қаза тапқалы тіл жағы байланғандай сазарды да жүрді. Ірә бір амалсыз жағдайда болмаса қазір оны ешкім мазаламайды. Еламан жаңа әлдекалай көзі түсіп еді. Қарт жұмысшының әншейінде бір-бір жіппен іле салған сияқтанып тұратын бөлек-салағы көп, икемсіз ұзын денесі ұрыс үстінде қол-аягын баурына алып жып-жинақы бола қапты.

Кеңірдегі сорайған ұзын мойнын иығына сұғып алған. Бұрын қыр мұрнының қырғыштай арқасына тұрмай әлсін-әлі төмен сырғып кете беретін көзілдірік те қазір көзінің алдына қона қалыпты. Винтовканы қысқан қолына дейін басқа кісілердің қолындай дірілдемей, қарауылды сығалап қапты. «Құдай біледі, мынаның атқаны қате кетпейтін шығар»,— деді Еламан ішінен.

Дьяков шеп бойын жағалап жүгіріп кеп, Еламанның қасына жер бауырлап жата қалды. Сұп-сұр боп жүрстін жүдеу бетіне қан тепсініпті.

— Қалайсың? — деді ол Еламанды шынтағымен түртіп қап, күле қарап.

— Жаман емес...

— Жігіттер әкесін танытты. Қалай ойлайсың, жаңағылардың қайтып соғуы мүмкін бе?

— Қайдам...

— Менімше, соқпайды...

— Мүмкін, соқпаса соқпас,— деді Еламан комиссардың көңілді кескініне қызыға қарап. Түрік соғысында байқағаны бар: жайбарақат кезде көзге түсе қоймайтын қайсыбір қарапайым жуас кісілерді қызыл қырғын соғыста танымай қаласың. Екі нығын жұлып жеп жүрген кісілерден көрі қайта осындай момын жандар ержүрек боп шығатын. Әншейінде қой аузынан шөп алмайтын жуас болғанмен, ұрыс үстінде бір түрлі желік пайда боп делебесі қозып шыға келетін. «Жаңа жау қашқан кезде айқайлап жіберген осы болды-ау»,— деп ойлады Еламан.

— Мына күннің тамашасын-ай!

Еламан жаңа байқады: шынында да шілде айының ақырғы сары шуағы тамылжып тұр екен. Бағанағы баяу жел тынған. Көгілдір аспанда аудаң-аудаң ақ бұлт қалқиды. Ауадан дәрі түтіні айыға қоймады демесең, жаңағы ұрыстан кейін көкжиегі қашықтап кеңи түскен ұлан байтақ дала өзінің дағдылы тыныштығын қайта тауыпты. Әрегіректе қауқиған қара жусан түбінен әуелі бір шегіртке шырылдады. Сол сол-ақ екен, темір жол бойын қуалап шыққан шоқ-шоқ ақ селеу мен боз жусандардың түбінен бірнеше шегіртке қатарынан шырылдап қоя берді. Ұрыс басталғаннан кейін саршұнақтар да іннен шықты. Дәрі иісі айыға қоймаған ауаны жатырқағандай қап-қара дымқыл тұмсығын көкке созып жыбырлатып тұрды да, ақырын-ақырындап жусан арасынан бой көрсете бастады. Дьяков жыбырлап жан еніп келе жатқан жан-жағындағы осынау далаға аңтарылып аузын ашып қарап қапты. Шалқайып заһарға тартып кеткен мына тас-төбеңдегі зеңгір көк аспан, мына жарқыраған нұрлы күн, тамылжыған сары шуақ, жапан түзде ғана болатын мына жым-жырт тыныштық бұның өз басы кешкен тірлігінде өмірі көрмеген бір таңғажайып дүниесі. Жасырақ кезінде Петроградта өткен күндері есінде аз қапты. Арада ұзақ жыл өткесін ойлап қараса, бар өмірі сонау Сібірдің қарлы бұрқасынында, көрдей қараңғы шахтада өткен сияқты. Аласа шахтада еңсеңді көтеріп, тіктеліп жүре алмайсың. Аяғыңның асты шылқыған су. Езілген көмір. Үстінен басқан салмақты көтере алмай сықырлап майысып тұрған бөренелер кейде шарт сынып, төбеңнен қара көмір қиқымы сау-сау төгіледі. Қараңғы үңгір

іші айқай-шу. Жанталасқан кісілер. Жылтылдаған фонарь жарығы...

— Дайындалыңдар!

Дьяков жерден басын көтеріп алды. Мюлгаузен қолында маузер. Дөңгелек бөркін көзіне түсіріп басып киіп алған. Темір жол бойын қуалап орналасқан әскер шебінің оң қанатына қарай жүгіріп барады екен.

Тағы да көз ұшынан бір түйдек шаң көрінді. Бұл жолы, бірақ, құрсанып жатқан шепке жүрегі дауалап жақындап келе алмай үш жүздей атты әскер бағанағы сайдың арғы жағындағы сары төбе басына топталып шоғырлана түсті. Бұлар зеңбіректен атқылай бастаған соң атты казактар бір орында тұрақтай алмай алыстан ойқастап құлдырап шаба жөнелді.

VII

Осы жорықтан Дьяков аса көңілді қайтты. Осы жолы ол алғаш рет ұрысқа қатысты. Көңілінде соңыра ұрыс үстінде өзін ұстай алмай жұртқа күлкі болам ба деген қаупі болатын. Алғашқыда азырақ көңілі қобалжығаны рас. Бірақ о да ұзаққа бармады. Ұрыс қызып кеткесін ол қайта былайғы жайбарақат кездегіден көрі өзін еркін ұстаған секілді. Ала қиғаш ұрыс үстінде Мюлгаузен бұған бір-екі рет бұрылып қарады. Құдай біледі, бұны байқау үшін әдейі сынай қарады.

Қалай десең, олай де, осы жорықтан бұның көңілі біраз көтеріліп қайтты. Дала. Таза ауа. Ащы иісі бұрқыраған жусан әлі мұрнында тұр. Дертке шипа, дәрі, дауаһы шөп! Со сапары және дала күні ыссы да, суық та емес, жаз бен күз айының аралығындағы біраз ғана күндерде болатын сары шуақ көк пен жерді, жан-жануарды, бүтіл айдай әлемді маужыратты да тұрды. Көңілге болмаса осы жорықтан ол былайғы күндері елемей аяқ үсті жүре беретін анау-мынау ауру-сырқауларынан айығып, бұйығы бойы біраз сергіп жеңілдеп қайтқан сияқты.

Жорықтан келгесін де қол қусырып қарап отырған жоқ. Әскер ойынынан кішкене қолы босаса жұрттың басын құрап жинап алады. Осы бүгін де ол жауынгерлерге Ресейдің қазіргі халы — ішкі, сыртқы жайын әңгімелеп жатқан-ды. Қас қылғандай кейінгі жақта отырған бір қартаң жауынгер қор ете қалды. Жұрт күліп жіберді. Қартаң жауынгер көзін ашып алғасын да түк қысылмаған қалпы: «түнде күзетке тұрып шығып едім»,— дей салды.

Отряд командирі бұнымен есептесіп жүрген жоқ. Теріс ыңғайын танығасын бұ да оның көзіне түспеуге тырысты. Тек жорықтан келгесін ол екеуі бір рет бетпе-бет кездесті. Онда да жауынгерлердің өз ара күңкілдеп отырған наразылығын есіткесін отряд командиріне лажсыз барған-ды. Мюлгаузен әр кездегідей үстіне кірген комиссарға түсін берген жоқ.

— Жігіттер шаршаған секілді. Үсті-бастары да кірлепті. Егер, қарсы болмасаң...

Үй іші жым-жырт. Бұрын дәл осындай тыныштық орнаса ауызғы бөлмеден қабырғаға ілген ескі сағаттың тықылы естілетін. Таяуда о да тоқтап қалған-ды.

Мюлгаузен дәл қасынан комиссардың құдды өрге қарап жүгірген кісідей көкірегі сырылдап ентігіп дем алғанын есітті. «Мына бейшараның сау күні жоқ екен ғой,— деп ойлады. Бір есептен басы мен аяғына қара сүрік киіп сықырлап алған біреудің келмегеніне шүкір. Бұл бейшара жылы жер, жайлы төсек болса, жетіп жатыр. Ұмытпай түрғанда старшинаға жағдай жаса деп тапсырып қояйыншы»,— деп ойлады Мюлгаузен, Дьяковтың жаңағы әңгімесіне орай жауап тосып отырғанын байқап:

— Қарсы емеспін,— деді.

— Жарайды. Тек артынан ақылдасып істемедің деп...

— Жоқ. Дегенің білсін.

Дьяков ендігі жерге тіл табысып кетерміз деп дәмеленіп еді; бірақ ол ойлағаны болмады. Жұрт көңілін ішінен ұғып байқап жүр: осы жұрт оның комиссарлығын сыйлағаннан көрі аурулығын аяйтын сияқты. Бұнда келгелі он күннен асты. Сонан бері әлі бір кісі мұң-мұқтажын айтып алдына келген жоқ. Отрядке тірелген бар шаруаны бұрынғыдай Мюлгаузен шешіп жатты. Бұнда келгелі ол өзінің елеусіз жағдайын пайдаланып күндіз-түні жауынгерлермен араласқұралас. Оны келді-ау, кетті-ау деп елеп жатқан кісі жоқ. *Онан етек-жеңін жиып именбейді де.* Қайта өзімсінген көңілмен оны бірі асқа шақырып, бірі жанынан орын ұсынып үнемі қамқорлық көрсетеді.

Осылай жүріп ол бұндағы көп сырға қанды. Совдеп пен отряд арасы алакөз. Ынтымақ-бірлік жоқ. Мюлгаузен Селивановтың жастығын, тәжірибесіздігін пайдаланып белден басып кете береді. Тағы бір байқағаны: отряд командирі халықтан көрі қолындағы күшке сенеді. Оған салсаң: халық өз алдына, қарулы күш өз алдына. Ел ұлтаны қазақ... Мал баққан момын халық болса да, баяғы арғы заманда батырлары көп бопты. Бір ғана осы өңірде Көтібар батыр, Арыс-

тан батыр, Есет батыр бопты. Еламанның да жетінші атасы Тойғожа деген батыр көрінеді. Көп соғыстың бірінде оң аяғын жуан саннан садақ көктеп кетіп, қансырап ұшына тнетін болған соң сынықшыға кескізіп тастапты. Сонан ел арасына «ақсақ бөрі» атанып кетті дейді. Ендеше, бұл ел қазір ғана қолына құрық, қауға ұстап мал соңында тірлік кешіп кетсе де, баяғы заманда іргесінен жау арылмай, ер-азаматы ат үстінде жортуыл-жорықта күн кешкен. Сырты жуас көрінгенмен ер-азамат бойындағы ерлік ірілігі екі талай сын сағатта жарқ етіп бой көрсетеді. Еламан қай тұста осалдық көрсетті?

Дьяков осының бәрін бір күні отряд командиріне құлақ-қағыс қып айтып еді, Мюлгаузен үндемеді. Дьяков та сыр бермей шыдаммен тосып отыр. Сөйлескісі келмегені ме екен деп ойлап, енді не істеудің ретін таппай отырғанда, Мюлгаузен мырс етті.

— Тағы не айтасың?

— Мен болдым. Мүмкін өзің бірдеңе дерсің?

— Солай де...

— *Я, осы жағдайды бір ойласаң деймін...*

— Сонда... сенің ойыңша бір ауыз орысша білмейтін киргиздарға...

— Қазақ де.

Мюлгаузен мүдіріп қалды. Ол енді өзінен байқалған осы бір болмашы ғана жасқаншақтыққа жыны келіп, осыған дейін күшпен тежеп отырған бойындағы дүлей ашу сыртқа ақтарылып кетті.

— Киргиз! Тағы киргиздер.

— Пәлі! Шарадан шығып кеттің.

— Сен шарадан шықпай тұрсың ба? Бір ауыз орысша білмейтін... кісілермен ұрыс үстінде ымдасып жүрмекпіз ғой. Солай ғой, ә?

— Үғысу оңай. Тіл үйрену тіпті қиын емес.

— Брось! Олар тіл үйренгенше...

— Олар да үйренсін. Олардың тілін өзіміз де үйренейік.

— Мен үйренбеймін. Үйренгім де келмеді. К черту! Ал олар орыс тілін үйренгенше соғыс та бітеді.

— Халық соғыс біткесін де керек.

Мюлгаузен тағы да мүдіріп қалды. Аузына сөз түспей, ызаға булығып қып-қызыл боп кетті.

— Халық... халық! К черту! — деді айқайлап. Бұнда, бірақ, ашудан көрі байбаламы басым. Дьяков енді неғұрлым салқын қанды болуға тырысып:

— Өз қолымен құрысқан өкімет құдды жүрегін жарып шыққан баладай халыққа да ыстық көрінеді ғой,— деді.

Мюлгаузен үй ортасында үнсіз тұр. Екі қолын былғары курткасының қалтасына сұғып жіберген.

— Жергілікті халықты бойымызға тарта бергеніміз жөн,— деді Дьяков.

Мюлгаузен жанынан темекі алды. Тұтатып жатып Дьяковке алғаш рет көзін тоқтатып қарады.

— Комиссарсың ғой. Сенің шаруаң ғой, бұл.

— Ендеше Еламанды аулына жіберем. Жерлестерін жинап әкеледі.

— Мейлің білсін.

Дьяков жылдам басып сыртқа шықты. Мюлгаузен үй ортасында үнсіз тұрып қалды. Өзінен өзі мырс етті. Бұны отряд өміріне араластырмаспын деп ойлап еді; осы арада жаңағы ілмиген әп-әлжуаз кісінің билікті қолына қалай алып кеткеніне таң. Бір жұбанышы: ертеңгі күні оның мына ісінен ештеңе шықпасына кәміл сенеді.

«Сен көксаумен сонда сөйлесермін»,— деп ойлап, зәрі мен зілін соңырағы күнге сақтап тұр.

VIII

Ақбала бүгін үйге күндегіден кеш қайтты. Арбакеш орыс тағы да мас болып қалған ба, шіркін неме, бүгін жұмыс аяқталып жатқанда келді. Амалы қайсы, шаршап отырғанына қарамастан бір бөшке суды жалғыз тасыды. Қара жұмысқа әлі де үйрене алмай жүр, белі ауырып, екі қары салдырап қалды. Аяғы да басқызбайды. Балаларға алып қайтқан топатай шелектегі сорпаны ауырлап, қараңғы көшеде дем алып отыр. Іргесінде көл болғасын ба, осы қаланың түні салқын. Үстіндегі су тиген шыт көйлек былжырап денесіне жабысып қалғанын қарашы.

Не қылса да осы жұмыс өзіне ауыр тиіп жүр. Жиі шаршайды. Бұрын істемеген кәсібі болғасын басында жүрексінді. Тілі басқа орыс әйелдерінің арасында жалғыз болатыны да оңай соқпады. Көз қорқақ, қол батыр деген рас. Басында бәрі қиын көрініп үрке қарап жүрсе де берегірек келгесін бойы үйренді. Зәті орыс демесең аспазшы әйел... (атына тілі келе бермеген соң «Сары апа» деп өзінше атап жүр.) Ия, заты орыс демесең Сары апасы бір мың болғыр. О да болса құдайдың қарасқаны да. Қақақтап тұрған бір көк

көз сары тап келсе қайтер едің. Уһ, қайтейін, мен көрмеген, мен көнбеген не бар. Оған да көнер едім де.

Көсегесі көгергір, әзір, әйтеуір Сары апасы жақсы. Орыс деуге ауызы бармайды. Бір дегеннен-ақ бұған рахымы түсіп, аяушылық білдіріп жүр. Үйде кішкентай жетім балалардың барын білгелі күнде кешкісін ауысқан асты топатай шелекке құйып береді. Обалына не керек, қасында бірге істеп жүрген қатындардың бәрі де қайрымды. Қолы сәл босаса жүгіріп кеп Ақбалаға жәрдем бере қояды. Аяйды ғой. Еламан да аяйды. Қалада болған кезде асхана маңында айналсоқтап, алыстан көз сап жүргені. Талай рет оның дап-дардай басымен осы маңдағы үйлердің бұрышынан сығалап, не әлде теректің тасасынан ұрланып қарап жүргенін көрді. Кейде тығылып тұрған тасасынан шығып, бұның қайда бір әлі құрып тұрған үстіне келеді. Бұның қолынан балтаны үн-түнсіз алып, үюлі жатқан ағашты әп-сәтте жарып береді де, терін сүртпестен кетіп қалады.

Кеше де солай болды. Ақбала маскүнем арбакеш әкелген бір бөшке суды жалғыз тасыды. Әскери эшелоннан түскен кісілер абыр-жабыр боп, Сары апай мойын бұруға мұршасы келмей, жанталасып жатқан-ды. Әрі-беріден кейін Ақбаланың сілесі құрыды. Екі шелек суды қары салдырап, әзер-әзер көтеріп жүрген үстіне... тағы да ол келді. Әр кездегідей бұның қолынан шелекті үнсіз алды. Ақбала оның жүретін жолынан ығысып кейін шегініп тұрды. Қобырап кеткен шашын жаулық астына жинақтап қайта тартты. Сонан соң басындағы ақ шыт орамалдың бір шетін тістеген күйі, екі шелек суды қаңбақ құрлы көрмей алдынан әрлі-берлі өтіп зырлап жүрген жігітке күлімсіреп қарады да тұрды. Еламан көзін жерден көтерген жоқ. Оңашасын тауып кездескенде болмаса көлденең кісінің бәрінен қысылып, құлағының ұшына дейін қызарып алатын әдеті. Кейде тіпті Ақбала артығырақ сұқтанып қараса да берекеті кетіп қысыла бастайды.

Ақбала жүзі жылып күлімсіреп тұр. Мына түрімен қазір-ақ тасып болады. Жұмыс аяғы да тақау. Бүгін екеуі бірге қайтар. Бәлкім... бүгін кешкі қоңыр салқынды бетке ұстап түп-тура көл жағасына тартар. Мейлі білсін. Соның дегені болсын. Ол нені қаласа да қарсы болмас еді. Бүгінгі таңда ол не істейім десе де, қайда барам десе де, өз басы осы мына ала көз ұялшақ жігіттің жанында жүрсе болғаны. Онымен қол ұстасып қатар жүрсем бұл жалғанда қабақ шытпас едім деп ойлады. Тіпті онан қайда барамыз, не істейміз деп жөн сұрамастан жетелеген жағына жұмулы көз-

бен еріп кете берер едім деп ойлап тұрғанда қасына Еламан келді. «Жүр, кетейік!» — деп айтады екен деген үмітпен Ақбала жігіт жүзіне шыдамсыздана қарап еді; ол бірақ, көзін қашыртып басқа жаққа қарап тұрып «мен енді кетем»,— деді. Ақбала «бара ғой»,— деп қалай айтып салғанын байқамады. Еламан үн-түнсіз ұзап бара жатты.

— Жігітің бе? — деді Сары апа.

Ақбала үндемеді. Сары апа еңкейіп бетіне қарап кірпігінде дірілдеген жасты көрді де, кейін шегініп кетті. Ақбала жұмыс аяғына дейін әзер шыдады. Үйге шаққа жетті. Еш нәрсеге зауқы шаппады. Есі-дерті тезірек қараңғы түссе екен деп тіледі. Тезірек ұйықтағысы келді. Ұйықтағанда ғана кісі басындағы ауыртпалықты ұмытады ғой. Алысты да, жақынды да ұмытады. Кісі өзін де ұмытады. Ақбала күрсінді. Осы бүгін көзі көп нәрсеге жетті. Еламанның әлі сол баяғыша сүюін сүйгенмен, бірақ кешірмегенін білді. Бұрынғыша бір-біріне құштар боп тұрса да, ендігі қалған тірлікте бір түндік астында түтін түтетіп тұру бұйырмыс емес екеніне де осы бүгін көзі анық жетті. Сүйіскен жүрек лапылдап жалын атып тұрса да, баяғыда бір қалған көңілге күші жетпейтін болғаны да. Қалған көңіл шыққан жан деп бекер айтпаған ғой.

Басына түскен шарасыз халге амал таппасын білген соң Ақбала ішінен тынып шөгіп қалды. Көзінен жас та шықпады. Еламанды да жазғырған жоқ. Ол сорлының да жазықсыз екенін біледі. Соған қарамастан жазатайым қолқабыс беруге келе қалса, осы жолы оған «кет!» деп айтатынына да күмәнданбады.

— Уһ, құрысыншы бәрі де,— деп күрсінді де, Ақбала қараңғыда қасына қойған шелекке қол созды. Кешегі күні жөндеп ұйықтай алмады. Бүгін келе салысымен жата қалармын деп ойлап еді. Жалпылдақ шамның соқыр жарығы сығырайған ала көлеңке үйде шикіл сары балалар күтіп отыр екен. Әнуар күнде кешке қарай тот басқан ескі мылтығын алып күзетке кететін. Үш бала Ақбала кіріп келгенде ұшып түрегелді. Ересек боп қалған екі бала Ақбаланың кешеден бері қабағы келіспей жүргенін байқайтын. Байғұс балалар жалпылдап:

— Әй-ай апа! Шәй ішесің бе? — деп бәйек боп жатыр.

Ақбала топатай шелектегі сорпаны жерге қойды. Ертеден бері күшпен іркіп келген ызалы жас кішкене босаңсыса құйылып кеткелі тұр.. Ақбала долылық буған жүзін балаларға көрсетпей сырт айналып тұрып, үш сәбидің маңдайынан сипады.

— Әй-әй апа... Шаршадың ба? Үйықта, жат, төсек салып берейік.

Ақбала кісі алдында көлгірсіп көрген емес. Осы балаларға да құшағын ашып өліп-тірілмегені белгілі. Көңіл қошы болмаған кезде қасындағы көзіне көрінген тірі жан осылар болғасын кейде түтіп жеп жібере жаздайды. Соған қарамастан осы шіркіндер өзін жақсы көреді. «Әй-әй апа» деп шығарда жаны басқа. Өздерін көп аса еркелете бермейтін осы бір зәті қатал келіншек зәуде бір маңдайынан сипай қалса да бұл пақырлардың төбесі көкке жеткендей болады.

— Ал, кәне, беті-қолдарыңды жуыңдар. Ыдыс-аяқтарың қайда? Ас құйып берейін,— деді Ақбала.

IX

Жар басындағы балықшылар ауылына Бөбек кеп жатқалы бір жеті. Ауыл арасы онша қашық болмаса да күйеуге шыққалы бұл жаққа сирек қатынайтын боп жүрген. Бұл жолғы келісі оқшау. Жарымжан апасы ауырып қалды деп есіткесін тақаты қалмады. Ел қыдырып жолаушылап жүрген күйеуін күтпестен кішкентай баласын алып жүріп кетті. Әлиза әзір Мөңкенің қара орнын күзетіп отыр. Көзім тіріде Мөңкенің шаңырағын құлатпаймын деп, ескі жұртта түтін түтетіп отырған сол.

Әлиза қазір мүгедек. Бір қолы мен бір аяғынан айрылғаннан бері қарға адым жер мұң боп от басында отырып қалған шағы. Бөбек келгелі күтімі жөнделді. Бөбек кірқоңын жуып берді. Төсек-орнын қағып салды. Уақытымен ас-суын ішіп, ерте жатып кеш тұратын болғалы жетім кемпірдің жүдеу өңіне қан жүгіріп келе жатыр еді, Бөбектің сотқар қайнағасы таяу күндердің бірінде шырт ұйқыда жатқан ауылдың итін шулатын шауып келді. Жолында түрған құманды құлатып, шіләпшін мен шелекті даңғыратып теуіп, қараңғы үйге баса-көктеп кіріп келе жатты.

— Атаңның көрі, кісілері қайда, көрдей ғой.

Бөбек шам жақты. Жұрттың зәресін ала келген күйектей қара сақалды кісіге сыртын беріп отырып, шошып оянған жас баланы бауырына қысып жұбата бастаған-ды. Қара кісі келе-сала дігірлеп:

— Тұр, жинал! — деді.

Бөбек баласын төсекке салды. Аспай-саспай ақырын түргелді. Қамшысын қысып ұстап әзірейілдей төніп тұрған ірі қара кісіге бетпе-бет тоқтады.

— Қайнаға, бұл да біреудің түтін түтетіп отырған үйі. Сәлем жоқ, сауқат жоқ, әкіреңдеп кімді басынасың.

— Әй!.. Атаңның көрі... не дейді мына мұндар, а? — деді қара кісі сасқалақтап. Бұл ғұмырда шүйкедей әйел түгіл осы өңірдің не бір өр көкірек жігіттері де бұлайша бұның қаһарына қарсы келе бермеуші еді.

— Ойбай-ай, мынаның зәбірін-ай! Жүр, алдыма түс! Байыңа апарып ауыл айналдыра сабатпасам ба, бәлем!

— Оның бәрі көріп жүрген қоқайым ғой. Кемтар апамды тастап кете алмаймын,— деді де, Бөбек төсегіне барып отырып алды.

— Ә, со-лай де?

— Солай...

— Ой, атаңның көрі, ендеше, сенің сазайыңды мен өзім берейін,— деп қара кісі ұмтылып кеп, міз бақпай отырған келіншектің бұрымын қолына орап-орап алды. Өзінің осындайдағы дағдылы машығымен жұлқи тартып тік көтеріп алды.

— Құдайдан ұялсаңшы! — деп сүйретіліп кеп шалғайына оратыла берген Әлизаны ол бір теуіп тастады. Енді бір қимылмен қамшыны қаһарлана көтеріп ала берген-ді. Бірақ бұл сілтеймін дегенше ішке біреулер жүгіріп кірді. Әли мен Рза қара кісіні тырп еткізбей қолын артына қайырып байлады да, үн-түнсіз сыртқа алып шықты. Мына екі жігіттің күшін сезгесін қара кісі қарсыласпады. Үй алдында байлаулы тұрған атқа да екі жігіт үнсіз мінгізді де, ауыл шетіне алып шықты.

— Ал, енді жөніңді тап!

— Ой, атаңның көрі! Тұра тұрыңдар, бәлем! — деді де, ірі қара кісі шаба жөнелді.

Әлиза бұл түні көз ілмей шықты. Бөбек те баласын тас қып бауырына қысып ап үнсіз жатыр. Екі әйел ертеңіне тұрғасын да түндегі оқиғаны тілінің ұшына алмай күн ұзын үй ішінде көзін төмен салып жүрді. Ертеңгі шай үстінде Әлиза сіңлісіне «бекер істедің ғой, шырағым. Әлі де болса үйіңе қайт»,— деп құлаққағыс қып еді, бірақ Бөбек тыңдағысы келмейтін түр білдірді.

Осы сіңлісі әне бір күйеуге шыққан жылы сотқар жандардың тепкісіне түсіп, жүн боп кетіп еді. Кейінгі кездері талдырмаш нәзік бойынан қайрат тауып, қара торы беті өзінің баяғы қыз кезіндегі өжет өр мінезімен өршеленіп алды. Ожырайдың ожарлығы бұл өңірге белгілі: Бөбектің жаңағы қылығын есіткен бойда әумесер жігіт әкіреңдеп

жетіп келмес дейсің бе. «Ай, сорлы бәлам-ай, сенің де күнің менен артық емес екенін білем. Жынды күйеуің сау болса алдағы күні талай өліп-тірілерсің-ау»,— деп ойлаған Әлиза екі күн бойы сіңлісін аяп көз ілмей шықты. Үшінші күні таң ағарып атып келе жатқанда қалжыраған кәрі әйел көзі ілініп барады екен. Бейсауат біреу балықшылар ауылының бар итін дүрліктіре қатты жүріп кеп, үй алдына тоқтады. Әлиза жастықтан басын көтеріп алды. «Ожырай болды-ау»,— деп ойлап, қол созым жерде жатқан Бөбекке қарады. Бөбек те ат тұяғының дүбірінен оянып, басына орамалын тартып жатыр екен. Жалғыз терезеден түскен елең-алаңдағы бозғыл сәуле жүдетіп көрсетті ме, әйтеуір сіңлісінің қара торы бетінің қаны қашып, боп-боз боп кетіпті. Қыңқылдап жылаған баланы Әлизаға ұстата салды. Басынан сыпырылып түскен ақ жібек орамалды қайта тартып, әлде қуаныш, әлде үрей көтергендей асығыс түрегелді. Қара мақпал қамзолдың жеңін кигенше шыдамай жүгіріп шығып еді.

Әскерше киінген біреу аттан түсіп жатыр екен. «Жасаған ием-ау, мынау... Райжанның ағасы ғой»,— деп ойлап, кенет қол-аяғынан әл кетіп, сүлдері құрыған бойымен есікке сүйенді. Бір жеңін ғана киген қара мақпал қамзол сусып нығынан сыпырылып бара жатты. Әскери кісі үзеңгіден аяғын ала берген күйі бұрылып қарады. Есік алдында қатып қалған талдырмаш бойлы келіншекті көргенде бұның да түсі қатты өзгерді. Ат тізгінін тастай сала «Бөбек... қарағым-ай» деп қолын соза ұмтылды. Бөбек ес-түссіз жүгіріп барып, құшағына құлай кетті. Еламан жас келіншектің маңдайынан сүйді. Кеудесі көтеріліп-басылып ентіге дем алып тұрып, Райды есіне алды. Жанарына жас толған көзіне таулы-тасты түрік жері елестеді. Қарлы қыс. Ысқырған жел. Бұрқыраған боран арасында қыбыр-қыбыр қозғалған кісілер. Құлаған кісілерді төрт-бесеуі жабылып сүйреп апарып, жол қаптalындағы шұқырға тастайды. Бір-екі күрек топырақпен бетін жаба салады.

— Бөбегім... мұндығым! — деді Еламан кезерген құрғақ ерні дірілдеп. Содан артық сөз аузына түспеді. Қашаннан бері көңіл түбінде қорғасын салмақпен шөгіп қалған мұң мен сыр қайта тіріліп, ұйқы-тұйқы болды да кетті.

Балықшылар ауылы ояна бастап еді; бұл ауылға келген кісіні елден бұрын көретін Қарақатын сыртқа жүгіре шықты. Жылаған баласына да қайрылған жоқ.

— Ойбай, енді не бетімді айтайын!

Оның барқыраған даусынан балықшылар аулының екінші шетіндегі Судыр Ахмет оянды. Ұйқылы көзін уқалап жіберіп төсегінен атып тұрды. Көйлекшең, дамбалшаң бойымен дедектеп есікке барды. Іннен шыққан суырдай ұзын мойнын сыртқа созып, ақжарғақ құлағын дыбыс сезген жаққа тікті. Қарақатынның даусын құлағы шалған бойда, жүзі кіріп, жымың ете қалды. Қарақатынның құлқын сәріден оянып, аяғына мініп кеткені тегін емес екенін біліп бұ да ақ дамбал, ақ көйлекпен сыртқа алау-далау боп жүгіре шықты. Әуелі Қарақатынды көрді. Сонан соң іргелес отырған Мөңке мен Әли үйінің екі аралығына тоқтаған жолаушыны көрді.

— Тфа... тфа-а! Мына пәлелер табысқан екен ғой,— деді ол.. Дәл мынадай жағдайда не істеудің және қайда, кімге жүгірудің керек екенін білмей, алғашқыда абдырап сасып қалды.

Балықшылар бір-жарлап көріне бастады. Әли мен Рза сияқты ерте тұрып теңіз жаққа беттеп бара жатқан талапкер балықшылар түсі басқа жолаушыны көріп, ізінше кері қайтты.

Бір-біріне іргесін тақап ыпыр-жыпыр отырған үлкен ауыл тез құлақтанды. Бала-шағалар көзін уқалап, сыртқа жүгіріп шығып жатыр. Көп кісі қапелімде Еламанның жанына жиналып қалды. Әли мен Рзаның екі езуі екі құлағында. Ал, Қарақатын кимешектен құлағын шығарып апты. Сұғанақ көзі Судыр Ахметтің иығының тасасынан жылтыңдап, осынша халық ішінен Бөбек пен Еламанның ғана қасы мен қабағын бағып қалған. Кенет әлденеге қатты құшырланып кетіп, қасында тұрған мосқал әйелді санынан бұрап үзіп алып еді, анау жалт қарағанда бұл жалма-жан негімен Бөбекті ымдай қойды:

— Ойбай, ойбай... бұл сайқалдың басқан ізі бүлік қой. Көре қал, осыдан кейін тағы да қан төгіс болады. Құримыз. Құримыз

— Тек, естіп қалар.

— Е, есітсе қайтейін.

— Елден ұят та.

— Несі ұят, кісі өлімі болайын деп жатқанда ұяты несі. Кеше алып қайтам деп келген қайнағасын қуып жіберді.

— Қойшы, құдай шебер-ай. Шүйкедей әйел алпамсадай еркекті қалай қуушы еді.

— Ай, құдай-ай. Көзің қайда? Ана жылғы Ақбаланы білесің ғой?.. Бұл сайқал да осы ауылдың дыңдай бір ер-

кегінің басын айналдырып алды емес пе? Иә, иә. Әлидің басын айналдырып алды ғой.

— Қойшы, әрі! Ауызың қалай барады.

— Ойбай, мынау не дейді. Қарап тұрмай ернімді қышытқаны несі — әй. Бұл әйгілі сайқал емес пе. Бетім-ау, ана жылы екі ауыл осы сайқалға таласып...

— Тyһ!..

— Тyһ дейтін түгі жоқ. Еркек иттерде ес бар дейсің бе? Ажарлы қатын көрсе ақыл-есінен танып қалады. Қызыл көрген құзғындай әукесін салып, шұрқырап үстіне түсе қалатынын қайтерсің. Ажарына адыра қалсын-ау! Ажарына ас құйып іше ме екен, сонда!

— Өш! Ой, масқара!..

— Иә, иә, масқара... масқара!.. Басқа әйелдің бәрі бітеу жаратылғандай...

Әли Еламанды үйіне алып кетті. Ішке сыймаған соң сыртқа төсек салынды. Еламанның бір байқағаны: бұл жақ, теңіз жағасы май тоңғысыз жылы. Шөптері де бітік, қау. Шыбын-шіркей азайса да, үй-іші мен күнгей-шуақтарда жаз айларындағыдай әлі де маса, сона ызылдайды.

Жиналған халық қала жайын сұрады: базарда не арзан, не қымбат. Мал жағы қалай? Өздерінде тышқақ лақ болмаса да, базарда қай малдың нарқы қанша, төрт түліктің қайсысы өтімді деп сұрады. Бұны кейбіреулер жақтырмады. Осы ауылдың ендігі бар ер-азаматтары Еламанға бұрылып, жаңа өкімет жайын сұрады. «Біздерді қашан жарылқайды! Байларды қашан құртады! Жер тәңірісі деп жүрген патшаны құлатқанда, бергі жағындағы байларға әлі жетпей жатыр ма?» — деп сұрап, көп кісі қауқылдасып кетті. Ара-тұра Судыр Ахмет сөзге араласып кетіп отыр. Осы қазір өзі көңілді. Ырғайдай ұзын мойнын қазан жаққа созып қояды. Әлгіде Әли семіз бекіре сойып, бір табақ қып қазанға салған-ды. Қазір осы ауылдағы басына ақ жаулық тартқан әйелдер қазан маңына жиналыпты. Сыртқа жер ошаққа орнатқан тай қазан қайнағалы алдақашан.

Қарақатын екі жеңін сыбанып апты. Басқа әйелдер сияқты ол ешкімнен именген жоқ. Беті буланған қазанға бір шынтағымен сүйеніп отырып, бірде дәмін көрген, бірде тұзын байқаған боп сорпасын шайып ішті. Көбігін сапырған боп сылтауратып, қазанның бет жағында жатқан шұрай кеспенің бір шетін ожау қасықпен шекіп алды.

— Қап! Мына қара албасты қарғадай шоқып құртатын болды-ау,— деді Судыр Ахмет.

Еламан күліп жіберді. Қанша берекесіз болса да бала кезден біте қайнаған ортасы. Соншалық бір бауыр басып тұла бойына түп түгел тамыр жайып жібергендікі ме, осындағы тірлік өзінің ет-бауырын елжіретеді де тұрады. Шетте жүргенде басқа түгіл осы мына Судырақты сағынатынын айт! Жар басында жыпырлаған балықшылардың жер үйлері мен жүдеу тірлігін, жалаң аяқ, ебіл-себіл қара борбай балаларын, жерін-суын, топырағын аңсап, қолы қарудан босаса қиялдап ойлап кетеді. Осы отырған жандардың күнкөріс кәсібінен бастап күнделікті қайғы-қуанышы, ұрыс-керісі, өсек-аяңына дейін өзіне соншалық ыстық.

Осыдан қашан Әлидің келіншегі тысқа төсек салғанша оның өңінен шаттық күлкі айықпады. Тіпті әбір-жапа шеккен жерлестерінің зығыры қайнап айтқан ызалы сөзін де бұл жайбарақат көңілде күліп отырып тыңдады. Тек аратұра осында келгелі көңілінен шықпай отырған бір үйді көзімен іздеп қалады. Енді бірде елең етіп: «осы Төлеудің үйі қайсы еді?» — деп ойлап, жыпырлаған жер қазбаларды шолып өтеді. Ақбала мен Айғанша есіне қатар түскенде, күн қаққан өңіндегі қуаныштың күлкі ғайып боп, қабағы түсіп тұнжырап отырады да, іле-шала қайта ұмытады. Өзін қоршалаған осы бір үсті-басы балық сасыған қара сіңір кісілердің болмашы бір сөзіне, не әлде мінезіне мәз болады.

Балық желінгесін де жерлестері түннің бір уағына дейін тарамай даланы басына көтеріп, қауқылдасып жатты. Кеш бойы Еламанның көзі бірнеше рет Кенжекейге түсті. Осы ауылдың қатындарына ымы-жымы қосылмады. Балық асып жатқан қазанға жақындаған жоқ. Өңі жүдеу. Үстіндегі киімдері жұпыны. Еламанның есіне Айғанша түсті. Қыз келбеті соншалық бір анық елестеп, күйік пен өкініш қос қабаттап көкірегін қысып жіберді. Көңілі босап бара жатқанын сезіп, ол әр кездегідей өзін тежеп қалды. Кенжекейдің қасына барып, хал-жағдайын сұрағысы кеп кетті. Сырт хабардан естуі бойынша қазір кішкентай үш баламен жалғыз тұрады. Жоқшылыққа жілігі шағылып жүрсе де, осы бір әзәзіл жуас келіншектің бітім-болмысында кісі көңілін өзіне аударып тұратын бір қасиеті бар. Қарақатын бинеп-төстеп алған қазанға бұл көз қырын да салмады. Қазан маңындағы қатындардың ертеден бері сытыр-сытыр жанған отынды ілгері ысырып қойып, жыбыр-сыбыр, піш-піш әңгімесіне де араласқан жоқ. Кішкентай қызын бауырына қысып, бір шетте бейжай ғана отыр. «Пақырдың халжайы қалай екен?» — деп ойлады Еламан.

Ертеңіне Еламанның өтініші бойынша Әли мен Рза бұл

ауылдың ер-азаматын жинады. Бас-аяғы екі жүзден астам мол жиын ауыл сыртындағы дөң басында шоғырланып отыр. Еламан сөзін бастамас бұрын бір шетте басын бауырына алып тұқырайып отырған Досқа көз тастады. Еламанмен тілдескен жоқ. Жаңа да бұның сәлеміне басын изеді де, түсін бермей өтіп кетті. Жанында Қалау. Тағы сондай оннан астам кісімен оқшауланып отыр. Еламан сөйлеп тұрып та көз қиығын солардан айырған жоқ, қазір дүние екіге қақ бөлінді. Қызыл мен ақ. Дос пен дұшпан. Екі жағы да бітпес егеспен ашынған. Бірін-бірі жерге тығып жібермейінше тынбайды. Екі жақтың тап осы бір тағдырлары сынға қатар түсіп, от пен судай шарпысып тұрған кезінде қызылдар жағы қазақ жігіттерінен қарулы жасақ құрмақшы. Еламан өзінің жігіт жия келгенін айтты. Балықшылар үндемеді. Бәрі де үн-түнсіз жер шұқылап отыр.

— Біз ешкімді зорламаймыз,— деді Еламан.

— Е, онда жақсы екен,— деді Достың жанында отырған бір жігіт.

— Бұл орыс пен орыстың соғысы. Қазақ араласып не бітіреді,— деп солардың тобынан тағы біреу дауыс көтерді.

— Сөзіңе болайын. Жаңа Елағам кедей мен байдың соғысы деген жоқ па? — деді мына жақтан аласа, бірақ нығыз денелі дембелше бір жігіт.

— Е, десе өзің неге бармайсың?

— Барсам барам. Ал, қайтесің?

— Қайтейін. Шалғайыңа оралып жабысар дейсің бе?

— Ха-ха!

— Жолың болсын!

Дембелше жігіттің намысы өртеніп, күйіп тұр. Әлде біреу өзін қостай ма деген үмітпен ол екі беті ду-ду қызарып. төбе басында отырған кісілерге жағалай қарап өтті. Жұрт жерден назарын көтермеген соң, ол ширақ басып ілгері шықты.

— Елаға, мен әзірмін.

— Рақмет.

Еламанның дәл қасында тұрған Әли мен Рза қатар тіл қатты:

— Осы ауылда аяқ артар көлік жоқ! Шетінен қара жаяу.

— Оған қарап тұрған не бар дейсің.

— Бәрі соған байланысты. Ат болса адам табылады...

Дос бастаған топ үн-түнсіз түрегеліп, сырттап кетіп бара жатты. Еламан кешегідей емес, бүгін сөзге сарақ. Әсіресе, мына жиын алдында үлкен көзінің қарашығы ауырлап,

кісі өңіне тіл қатар кезде бір түрлі салмақпен қарайды. Ол кісі қараның басын жиып алатын сыңайы барын байқағасын Рзаны Тәңірбергенге аттандырды. Қырық-отыз ат тауып берсін деген тілек жолдаса да арғы жағында сенімі аз. «Егер, бермесе не істейміз?» деген күдік көкірегінде тікендей қадалды да тұрды. Төбе басынан топ-топ боп тарап бара жатқан жігіттердің арасында аяғын ақырын басып келеді. Қасына осы ауылдың бір топ шалын ертіп Әлизаның үйіне бұрылды. Әлиза сыртқа шығып кеткен екен. Қонақ төрге жайғасқасын Бөбек қара шәйнекті қолына ұстай түрегелді. Оның шай қоятын ыңғайын сезген Судыр Ахмет:

— Бөбекжан,— деп тоқтатып,— ағаң асығыс. Балшейвектің бір асығыс шаруасымен жүр екен. Азаматым аман оралғасын, әлі талай шай да ішілер, ет те желінер. Қазір, айналайын, нан ауыз тигіз. Қысылатын түгі жоқ. Я, я, бұндайда ымыратын істесең болғаны,— деп бұл үйді де билеп-төстеп шыға келді.

Бөбек қонақтардың алдына нан қойды. Асқа ешкімнің зауқы шаппады. Нанның шетінен шымшып тістеп ымыратын істеді. Судыр Ахмет қазан көтеріп жатпаған үйде отыруға ықылассыз. Дастарқан жиналар-жиналмастан-ақ:

— Ал!.. Ал, кеттік! — деп шекпеннің екі етегін қағып, елден бұрын түрегелді. Басқа жұрт та үнсіз қозғалып сыртқа шықты. Еламан Әлизаны күтетін ыңғайын танытып, төр алдында жалғыз отырып қалды. Кісілер кеткесін көп ұзамай Әлиза ішке кірді. Бір жас келіншекке сүйеніп апты. Еламан жаққа көз тастап қысқалау амандасты да, төрге шықпай есік жаққа, қазандыққа шынтағын сүйеп отырды. Түсі сынық. Киімі жұпыны. Кимешек астынан шыққан шашы аппақ. Еламан сәл үнсіз отырғаннан кейін Әлизадан денсаулығын, хал-жайын сұрады.

— Әй, қарағым-ай, хал дейтін хал қалды ма. Өз жағдайың қалай?

— Шүкір.

— Соғыстың ішінде жүреді дейді ғой сені?

— Ондайымыз болады.

— Е-е. Дегендей. Өрт ішінде қамысты сақтайды деген. Бұйрықсыз ажал жетпейді. Ал ұзақ боласың ба, бұнда?

— Он шақты күндей...

— Е, шырағым, қайда жүрсең де аман болыңдар, әйтеуір,— деп Әлиза басын изей түсті де, Еламанға жүзін қайта тіктеп,— осы жұрттың не біліп айтатынын қайдам. Рас болса, сен Ақбалаға хабарласып тұратын көрінесің ғой,— деді.

Еламан қызарып кетті.

— Қайырымды болғаның дұрыс. Ол байғұс адасты ғой. Әйтпесе қай әйелден кем еді,— деді Әлиза.

Еламан тағы да соғатынын айтып, тысқа шықты. Бөбек есік алдын сыпырып жатыр екен. Еламан тұсынан өтіп бара жатып, оған көз қиығын тастады. Еркін өңі сынық демесең ажары таймапты. Қара торы бетінің аздап қаны тарағаң. Ал, қос самайындағы баяғы бір қыз кезіндегі бұйра балапан шашы осы қазір де сақиналанып, ширатылып ақ жібек орамал астынан бұрқырап шығып тұр.

Бөбек Еламанның назарын байқап басын жерден көтермей, иіле түсті.

X

Рза тез оралды. Тәңірберген Еламанның сәлемін үнсіз тыңдапты да, Рзаға ләм-мим деп тіл қатпастан бір жылқышы жігітті шақырып апты. Тәңірбергеннің әмірімен әлгі жігіт өрісте жүрген жылқыдан бір үйір атты қуып әкеп, Рзаның алдына салып беріпті.

— Сонымен... үндемеді де?

— Жұмған ауызын ашқан жоқ. О, заңғар-ай!

Еламанның ашаң жүзіне ащы мысқыл шапты. Мырс етіп күле түсті де, сол сәтте тыйыла қалды. Салмақты жүзі бір лезде сүп-сүр боп қатайып ала қойды. Бүгінгі күні бағы тайып аяқ асты боп жатса да, иттің баласының әлі де болса, дүмпуін сездіріп жатқанын көрдің бе.

Еламан қасына келген Судыр Ахметті байқамады. Тек жеңінен тартқанда ғана назар аударды.

— Бері... бері шығып кетші.

— Жай ма?

Судыр Ахмет үндемей, Еламанды жеңінен тартып қасында тұрған кісілердің арасынан оңашалап алып шықты. «Осының-ақ шаруасы бітпейді»,— деп ойлаған Еламанның назары басқа жақта. Әлидің үйінің алдына түсі бөлек екі кісі тоқтады. Аттары қара тер. «Кім болды екен?» — деген оймен Еламан мына екі кісіге жалтақтап қарай берді. Және ол оңашаланып шыққасын да мына Судырақтың сөзін бастамай, себепсізден-себепсіз күрмеліп отырғаны жынына тие бастады. Судыр Ахмет әуелі әлденеге қамығып, танауы суланып жылап алды. Иегінің ұшындағы бес тал сақалы шоршып кемсеңдей түсіп:

— Бәріміз де бұл дүниенің кемді-күнгі қонағымыз ғой. Өлмейтін кім бар,— деді.

Еламан осы қырттың күлуі де, жылауы да оңай екенін білетін. Сөйтсе-дағы әншейінде алдына түсіп сұңқылдай жөнелетін жанның тап қазір тіл қатар жерде осыншама тобанаяқтанып, тұспалдап бастаған түрі ұнамады.

— Еламанжан... бекем бол. Есбол атаң дүнне сапты. Жарықтық жақсы кісі еді. Иманы жолдас болсын!

Еламан дереу қамданып атқа қонды. Қасына Әли мен Рзаны алды. «Жүр»,— деп айтпаса да Судыр Ахмет те өзінің нар қарасына мініп, ойқастап шықты. Бұлар аттарын ауыздыққа керіп сыдыра-шоқытып отырып, түбектегі қазалы ауылға ел орынға отыра жетті, Еламан түнде байқамаған-ды. Ертеңіне ерте тұрып тысқа шығып еді, дала қара құрттай қаптаған кісі екен. Аттысы мен жаяуы аралас. Ат аяғы жететін жерге тегіс хабарлапты.

Мал жайын ойлаған шаруа күз кіргесін-ақ қыстауға жақындайды. Ықтасын іздеп әр шұқырда бір-бір үй отырады. Олар осындай оқшау себеппен қала үстінде, не әлде қыз ұзатып, келін түсіру сияқты ел арасының кәделі айт-тойларында ғана бас қосып қалушы еді. Есбол қарияға да екі болыстың қол астындағы халықтың ер-азаматы тайлы-таяғына дейін қалмай, тегіс жиналыпты. Сары шуақ күз бұл жаққа жаңа кірген. Қыс әлі қашық болса да, алыс жолға шыққан оты, суы басқа кісілер қалың киініпті. Әсіресе, шалдар жағының күпілі, тымақты бойы қорбаңдап, ауыл шетінде үйездеген малдай үйір-үйір, топ-топ боп жүр. Мал сойып жалақтаған жігіттер, ішек-қарын аршып сыпылдаған келіншектер мен ас басында жүрген асбазшыларда тыным жоқ; осы өңірдің иттері де қалмаған; сойылып жатқан малдың қан-жынын сырттай қызғанып ырылдасып тұрады да, шаңы бұрқ етіп таласа кетеді.

Өлікті жөнелту он-он бес кісіге жүктелді. Есболдың ет жақыны. Ертеңгі күні мына қырық рудан құралған жынның қыбын тауып, ырза ғып аттандыратын асаба осылар. Құйылып келіп жатқан көп халықтың үш мезгіл асын әзірлеп, көліктерінің оты-суын қандырып, ең аяғы үлкендердің дәрет алатын жылы суына дейін даярлап келтіріп тұруға міндетті еді. Сиыр сәскеде ет пісті. Сыртта жүрген халық жапырылып ішке кірді. Жас жігіттер қайың тегешті қайқаңдап көтеріп, төр алдына табақ-табақ ет тартты. Өлік шығатын кез жақындаған сайын ауыл үстінің әбігері ұлғайып, айрықша, асабалар қайта-қайта қыр басына шығып, мәслихат құрып, алдағы кәделер жайын кеңесті. Кәде жайы — ауыр. Үйір-үйір мал керек. Мына жиналған кісілерге уыстап шашатын қаржы керек. Есбол желісіне мал айналып,

бақ-дәулеті тасыған кісі емес. Халық атасы болған, аты бар, қадірлі, сыйлы қартты ауылдас ағайындар ажарлап, ортадан көмуге пәтуа қылады.

Асабаның ақсақалы — Сүйеу қарт, Есболдың көп жыл қанжығалас болған қадырман жолдасы. Бір жағынан сүйек тістескен құдандалы жекжат. Сүйеу сөзге сараң. Дүние, мал жайындағы ұсақ сөзге тіпті араласпайтын. Күні бұрын кеңесіп алмақ боп ауыл сыртына оқшауланып шыққанда да, ол шидем күпінің мол шалғайын тақымына басып, малдасын құрып тіп-тік боп отырды. Сонан қайтып қасында қауқылдап жатқан бір жанның бетіне көз салмай төбе басына жиналған жұрттың үстінен жоғарылап қарап отыр. Бағана Еламанға жұрт жабыла көрісіп, жылап-сықтап жатқанда да, Сүйеу қарт сыр бермеді. Көп алдында қайғысы мен қуанышын бірдей тежеп, азалдан өңін билеп үйренген болат Сүйеу шал бұл жолы да міз бақпай, безеріп отырып:

— Әл, ә, келдің бе? Келіп қалдың ба? Е-е!.. Кебенек кигеннен түңілме! — деп, қуанғаны, әлде кекеткені белгісіз, Еламанның қолын қысып тұрып, кескініне іркіле қарады. Сонан кейін, ол,— баланды бағып отырмыз. Өзіңе тарғақан... оның да жаны сірідей берік,— деп күле түсті де, тез тыйылды. Сонан қайтып үндемеді.

Сүйеу қарттан кейінгі ауыз дуалы кісі — Әліби. Туыстық жағынан табыспаса да, ежелден бері балықшылармен қыстауы қатар, Еламанмен көңілдес. Әлиза мен Бөбектің әкесі болған соң кешегі Мөңке деректі балықшылармен бауырлас. Және бұл өзі адам баласына көңілінде құттай аласы жоқ, ағалық әділ сөзін айтып, әрдайым ағына тоқтайтын кісі. Жиынды жерде жапырып сөйлемесе де, ел арасының ескілік әңгімесін бақкан сақұлақ саһада шал. Көбіне өңіріне түскен күйектей қара сақалын алақанымен ақырын сипап қойып, қалың қабақ, қалың етті манакөнек беті манаурап, ойға шомып отырады. Ретті жерінде жол тосып сөйлейді. Онда да қысқа қайырып, мықтап бір айтады. Аңысын аңдып, ақылға қонымды сөз айтқасын ағайын-туманың арасында абройлы.

Осы қазір он-он бес кісі Сүйеу қарт пен Әлібиді ортаға алыпты. Ауыл сыртындағы төбе басына оқшауланып ірілеп отырып, сүйек жуатын кісіні, қабыр қазатын кетпеншіні, құран оқитын молла жайын ақылдасып жатыр еді. Судыр Ахмет пен Нағымет келді. Баласы сот кеңсесінен қуылып, әңгімелі болғасын Нағымет қазір бұл жақтағы ағайын-туманы сағалап жүрген. Ана жақта баласының басына бұлт

айналып тұрғанын бұндағы ағайынға сәдеттеп, көңіл жетерлерінен қаржы жинап ала қайтатын ойы бар.

Нағымет өліктен өзіне ештеңе тимейтін сыңайын байқаған соң қабағы түсіп кетті. Енді бірде қатар отырған Судыр Ахметтің құлағына бірдеңе деп сыбырлап еді, Судыр Ахмет оны шұғыл қостап, басын изеп, құнжыңдап қалды. Сол, сол-ақ екен, Нағымет «сен үндемей тұра тұр» дегендей, Ахметтің тақымынан басып қойды да:

— Ағекемнің бір басты киімін мен алам! Жол менікі,— деп кимелеп ортаға шықты. Еламаннан төменірек жерде Әли мен Рәа қатар отырған. Жұрт үндемей қалған соң бұндай жерде ойындағысын ірікпей тура айтатын Әли ақырып тастады:

— Әй, көргенсіз. Көз ашқалы қол жайып, жалақтап жүрсең де, бүйірің бір шықпаған екен. Құдай құрамаған соң қол жайып сұрап, қазығыңа қара айналдырам дейсің бе?

— Ау!.. Ау, ағайын-ау...

— Уә, қой әрі! Тірінің алапасын тауысып, сен енді өліктің кебініне көз сүздің бе.

Біреуден бірдеңе жыратын ыңғайын сезгенде, Судыр Ахмет сияқты Нағымет те сөзге тоқтамайтын. Ондай жерде, әсіресе, осы бір өндіршегі сорайған, бір көзі соқыр, сүдіңсіз, арық қара кісі ар-ұятты жиып қойып, ойына алған іске өзеленіп кірісетін. Осы жолы да Әлидің сөзінен кейін ол дәл бір күйік көтергендей қалшылдап ұшып түрегелді. Сары төбенің басында дөңгеленіп отырған кісілердің қақ ортасына дедектеп жүгіріп шықты. Тымағын басынан жұлып ап, жерге атып ұрды. Соқыр көзі жұмылып жүретін. Бұл жолы тіпті бұрынғысынан да қаттырақ жұмылып, ал ана жалғыз сау көзі шырадай жанып осы отырған кісілердің бетіне жағалай қарап шықты.

— Ойбай-ау, мен... мен бейбақ арыстай азаматымның... со секілді асыл ағекемнің алапасына қызықтым ба? — деп ұзын мойнын ол, әсіресе, осы тұста өзеурей созып, қып-қызыл боп қылғына сөйледі. Қос шықшытындағы күре тамыры білеудей боп бадырайып кетті. Ол ніріліп отырған кісілерді жағалап шықты. Бірақ бір жан үндемеді. Бәрінің сырт беріп үнсіз сазарып алған түрін көргенде, Нағымет ызадан жылап жіберді. Енді ол көп ішінен Сүйеу қартқа жүгіріп барып, алақанын жайып, алдына тізерлеп отыра қалды:

— Ойбай-ау, мен алапаны қайтейін... Мен ата-бабам салған ақ жолға таласып тұрмын ғой.

— Тәйт!.. Тәйт!..— деп Сүйеу қарт күпісінің ұзын жеңімен жасқап,— омәй, омәй, шіркін-ау... Сен ақ жолдан...

ата-баба жолынан садаға кет. Қаргыс жолынан басқа жол бар ма сенде,— деп жекіріп тастады.

Нағыметтің беті қайтып қалды; бірақ жасыған жоқ; ол енді. Сүйеу қартпен қатар отырған Әлібиден төрелік іздеп:

— Есбол ағам... қандай ағекем еді... Оның қара бақайына... басып кеткен ізіне тұратын ба едім. Бүгінгі күні арыстай азаматым өліп, оң жақта жатқанда... халқым қара жамылып отырғанда, мыналарың... мені масқаралады. Масқара болдым... Қор болдым... Құрыдым! Құртты мені! Ойбай!.. Ойбай!..— деп өз басын өзі төпеп, еңіреп жылап жіберді. Судыр Ахмет сияқты бұ да өзінің күзен бел ұзын бойымен киреңдеп кеп Әлібидің аяғына жығыла кетті. Әлібі бойы түршігіп, тіксіне қарады. Осы ант соққырлардың әне бір кезде көршілес отырған бір ауылға істеген лаңы есіне түсті. Судыр Ахмет пен Нағымет жолаушылап келе жатып, ел сыйлайтын бір кісінің қазасының үстінен шығады. Қайғылы ауыл бұл екеуіне көңіл бөлмепті. Қаталап шөлдеп, әрі қарны ашып келген Ахмет пен Нағымет көңілсіз. Алдына ас-суларын ұсынып, ізет қыла қоймаған мына ауылдың ер-азаматтарына бұл екеуінің қаны қайнап отырады. Жанжал шығаруға өлік жолы ауыр. Жылап-сықтаған халық бір кезде өлікті сыртқа алып шығады. Ақырғы жолға бет бұрған кезде әкесі өлген екі жігіт халыққа қарап: «Әкемде кімнің қарызы бар? Мойнына парыз болмасын, айтыңдар»,— деген екен, осыған дейін орайын тосып отырған Нағымет ілгері жылжып:

— Менің алажағым бар. Қабенжан сот болып тұрғанда сен екеуіңнің әкең менің күрең атымды мініп кетіп еді,— депті. Халық сілтідей тынып қалады. Бұндай жағдайда алажақ кісіге ықырарын істеп, ырза ғып жіберу лайық. Әйтпесе мойнында қарызы бар өлікті көтеруге ешкімнің қолы бармайды.

Нағымет соны біліп:

— Әкеңнің мойнындағы қарызымды қайтар,— деп көп алдында қадала түскен екен. Сол кезде Судыр Ахмет шаңқ етіп:

— Әй, Нағымет. Қой, қоя ғой енді. Ойбай-ау, сол секілді асыл ағаң үйіңе қонақ боп келсе — астына ат мінгізіп, үстіне шапан кигізіп жібермейсің бе. Мына екі жаман неменің еңсесі түсіп кетті ғой. Алажағың бар-ақ шығар. Бірақ *қаза жолы ауыр ғой. Сен-ақ қия ғой. Көп болса көзі тіріде* ағаңның астына мінгізген атың болар,— депті.

Әлібз мына екеуінен сондай сойқан шығып кете ме деп қорықты.

— Әй, Нағымет! Есбол халық ағасы еді. Оны бүгінгі күні ақ жолға аброймен жөнелтіп салайық деп жатқанда, жарқыным, бұл қай қылығың. Уа, қой енді!

— Қоймаймын... Неге қоямын... Ортаңа ойбай салам. Ошағыңның күлін шашам. Бізді осал көрме, бас-аяғымызды жиғанда біз де бір ауылмыз. Бүйтіп «өлмесең тұрма» — деп шабыма түртіп, шамыма тие берсеңдер, шынымды айтайын, ошағына таған қып қақса да, күні ертең бар тобымызбен Орда-қонған болысына ошарыла көшеміз. Ал, сонда қайтесің? А? А?

Сөзге енді Судыр Ахмет араласты. Қақпа шекпеннің жағасынан өндіршегін созып, төбе басында дөңгелене отырған көп арасын кимелей кірді:

— Ау!. Ау! Нағымет ағекемді иттей талап, тұшы етіне ашы таяқ салып, кімді басынасыңдар... кімді ықтайсыңдар. Жоқ, жоқ, ондай қорлыққа көнетін кісің біз емес. Табанына қадалар тікенбіз, қарныңды қарнайтын қара пышақпыз біз...

Төбе басы уш-шу, азан-қазан болды да кетті. Жанжалды сүймейтін Әліби мына пәлелердің айқайы сырт халықтың құлағына шалына ма деп қысылып, қасындағы бір жігітке мойын бұрды.

— Жә, мына соқыр итті тыныштандыр. Сүйекке кіретін бір кісінің санатына ала ғой.

Судыр Ахметтің ақ жарғақ құлағы елең етті. Әуелі мына сөз құлағына жылы тиіп, жымың-жымың ете қалса да, іле-шала Нағымет алған алападан бұның өзіне тиер ештеңенің жоғын сезді:

— Ау!.. Ау! Әліби-ау! Нағымет Маралбайдың баласы болғанда, ау... ау, мен жерден шықтым ба? Со секілді арыстай ағамның жағалы бір киімін мен неге алмаймын. Ертеңгі күні халық алдында иығым жарқырап шықпаймын ба? Сондай асыл ағекемнің көзіндей көріп кием ғой.

— Ой, өңкей бәддуғаға ұшыраған найсап. Бәледен машайық қашып құтылыпты... Құрысын, мына пәлеге де бірдеңе беріңдер.

— Әлеке-ау, ештеңенің ыңғайы жоқ қой.

— Білем. Бірақ амал қайсы, қабір қазушылардың бірлігіне кірсін.

— Е, е, мынау ақыл! Ау, Есбол ағамның қабырын мен қазбағанда кім қазады?!

Әлн бір кісіге дербес әлі келетін қарулы жігіт еді; ол қо-

лындағы сегіз өрме бұзау тіс қамшыны ызалана қысып, ырғалып қойды.

— Әттең, не пайда... азаматым өліп арманның үстінде отырмын ғой, мен бейбақ. Әйтпесе, не қыласың, қызыл жонғып бөріктіріп алатын-ақ кісілер екен.

Нағымет пен Ахметтің лаңынан кейін жұрт біразға дейін үндемей, төмен қарап томсарып қалды. Әліби Сүйеу қарттың ашуға тығылып, суық жүзін сырт салып отырған түріне қарап, оның жуық арада сөзге араласпасын білді. Сүйеу қарттан кейін бұл жиынның аузына қарап отырған ендігі үлкен өзі болған соң Әліби еңсесін тіктеді. Үнсіз томсарған топқа көз сап өтті. Көңіліндегі сөзін бастай алмай, көпке дейін күрмеле берді. Тағы біраз уақыт ақ шалған күйектей қара сақалын алақанына толтыра уыстап отырды да, салмақты үнмен сампылдап дауысын өрлете сөйледі:

— Есбол бала да жоқ, пана да жоқ, жалғыз жетім шал еді. Көзі тірісінде жиған аз ғана малы азығы да, ел айналар қызығы да еді. Бүгінгі күні арамыздан жетім шал дүниеге салып, ысрат сапарына жол шеккенде... уа, мына артында қалған біздер оның аз ғана алапасына көз сүзетін сияқтымыз. Айтыңдаршы, сонымыз жөн бе? Біз асаба емес пе едік. Өз қолымыздан жайғарып, ажарлап жөнелтуге тиіс едік. Біле білсек, бізге жетім шалдың киімі де, тірнектеп жиған тиыны да керек емес. Жөн көрсеңдер, ағайын, суыртпақ жібін бойымызға жапсырмасақ деймін. Мына, қоңсылас отырған қалың ағайын Ағыс пен Көгіс бөліссін. Сүйегіне кірген шалдар алсын. Намазын шығарған молдалар алсын. Қабырын қазған кетпеншілер алсын, кесім осы болса қайтеді?

— Жөн. Дұрыс!..

— Айтқаның орынды.

— Ендеше, пәтуа осы болсын.

Сүйеу қарт пен Әліби шалғайын қағып түрегелді. Өзгелер де жапырлап тұрып жатты. Әли мен Рза қабыршы жігіттерді жинап алды да, ауыл жанындағы үлкен қорымға барды. Төбе басының жері қатты, қызғылт тастақ екен. Қандай қарулы жігіт білек сыбанып түссе де, бір бауыр жерге дейін арсы-күрсісі шығып қимылдағасын қажыры қайтып қала берді. Құлаштап сілтеген кетпен қиыршық тасқа тиіп, жүзі шақылдап тайып түсіп жатты.

Судыр Ахмет кештеу қалған-ды. Ол жолында тұрған кісілерді кимелеп сөйлеп келді де, бұл кезде жуан белден қазып тастаған қабырға қарғып түсті. Қабыр ішіндегі жігіттің қолындағы кетпенін әй-шәйге қаратпай жұлып алды.

«Ойбай-ау, бүгін жан аяйтын күн бе? Былай неге қазбайсың»,— деп құлаштап шаба жөнелді. Бұл қалай кіжінсе де қиыршық тас аралас құм мен қызыл сазға тиген кетпен жүзі шақылдап, бір сүйем батпай қойды Судыр Ахмет онан сайын өшігіп, ырс-ырс дем алып, әрі-бері кетпен сілтеді. Сонан соң қабырдың жан-жағынан анталап тұрған кісілерге көз салмай, кетпенін шыр айналып жүгіріп шықты. Мына жігіттердің жуық арада кезек сұрай қоятын түрін байқамаған соң ол қайта қимылдады. Бірақ, әлгідей емес, беті мүлдем қайтып қалған. Қолы батпай әлсін-әлі дем алып тұр.

— Мына бір кетпені құрғыр да ап-ауыр... Ұңғысына қорғасын құйған ба, қалай.

Жұрт қабыр басында күле алмай тұр. Судыр Ахметтің сырына қанық бір қу жігіт:

— Я, жаман қатын сияқты жаман кетпен де кісінің жігерін құм қылады,— деп қостап еді, Судыр Ахмет осы сөзді арқаланып жүзі жайнап қоя берді.

— Шіркін-ай, қаланың көкек бас ақ шоты болар ма еді,— деуі мұң екен. жаңағы қуақы жігіт жүгіріп барып анадай жерде жатқан ақ шотты әкеп берді. Судыр Ахмет екі алақанына алма-кезек түкіріп алды. Сонан соң қолға ұстауға ыңғайлы жеп-жеңіл шоттың сабына бір, басына бір қарап сүйсінгенін жасырмай жымыңдай түсті. Бірақ анадан туғалы жанын қинап жұмыс істемей, ісік өкпе боп кеткен кісі кішкенеден соң-ақ алқынды. Тап бір терісін сыпырған күзендей шотты сермеген сайын жалаңаш қабырғалары ыржың-ыржың етті. Тер сорғалаған беті түтігіп барады. Бұрын жаны кішкентай қинала бастағанда болмашы бірдеңені сылтауратып, жұмысты тастап қайқайып жүре беретін. Бұл жолы сүйтейін десе мына бір шетінен көргенсіз, сәкеку, жәркелеш, жарымес жігіттер жан-жағынан анталап, бұл шот сермеген сайын шуылдасып: «Ой, пәлі!», «О, бәрекелде!», «Шіркін жұмысты істесе Ақаң істесін де!», «Басқамызды білмеймін, ал мына Ақаңның қызметіне Есбол атамыздың аруағы риза болатын шығар-ақ!»—деп қош-қоштап көтермелеп тұр. Ой, өңшең нәсілсіз әтеңе наглеттер, жәркелештеніп жан-жақтан шуылдағанша, осындай кісі жаны қиналған кезде жасы үлкен ағаның қолынан ісін алып, қолғабыс берсе несі кетеді екен. Е, құдай, қара сирақ кедейлер, кешегі құлақ кесті құлдар, нәсілі жаман көргенсіз иттер, аға сыйлаушы ма еді. Ау? Ау, жер тәңірісі ақ патшаның өзін жағадан алып жүрген жарымес жындылар емес пе. Бұлар... бұлар ше, құдайды да сыйламайды.

Әлі құрыған Судыр Ахмет әрі-беріден кейін қолындағы жеп-жеңіл шотты зорға көтерді. Шоттың жүзіне жас баланың уысындай топырақ әзер-әзер ілінеді. Судыр Ахмет тақа ыза болды білем, бір кезде шотты лақтырып тастап, қабыр түбіне тізерлеп отыра қап топырақты ол енді қос қолдап осып-осып алды:

— Кетпен дейсің, шот дейсің... ал, енді бар-ау, өзіңнің қос қолыңның қасында соның бірі мүлік емес.

Әли қабырға қарғып түсті. Судыр Ахметті жас бала құрлы көрмей көтеріп ап сыртқа атып жіберді де, кетпенді қолына алды.

XI

Есболды жерлегесін өлікке жиналған қара құрттай қалың нөпір топ-топ болып тарай бастады. Атығысы, түйелісі, әйелі мен еркегі аралас шұбар жиын жан-жаққа бытырап кетіп жатты.

Ағайын-туғандары Есболдың жетісіне қара деп жабысса да Еламан бір күннен артық бола алмады. Ертеңіне ол асығыс жайын айтып, түс ауа атқа қонды. Жүрер алдында Есбол атасының басына барып құран оқыды. Есболдың жақсы көретін қара тазысы бұларға ере барды. Есті иттің іші бәрін сезетін сияқты. Қабыр басында қол жайып мұлгіп отырған кісілердің алды-артына шығып қыңсылап жүр. Жер астында жатқан жақсы жанашырын қимай қасындағы кісілерден көмек сұрағандай. Еламан осы итке қараймыч деп қайта-қайта оқып отырған құран сүресінен жаңылып кете берді. Ас ішпеген иттің екі бүйірі сұғылып кетіпті. Қыңсылаған өңінде кәдімгідей мұң бар. Бір кезде қара тазы төмен қарап сазарып алған кісілерден түк шықпасын сезгесін жас қабырдың топырағын ніскелеп, жаны дызығып шыр айналып жүгіріп-жүгіріп алды.

— Апыр-ай, мына иттің даусын-ай! Қанша кісі жиналғанда өлікті жаны күйіп жоқтаған жалғыз осы болды-ау,— деді Әли. Көңілшек жігіттер көзіне жас алды. Еламан жылламайтын. Әсіресе, дәл осындай өлік шығып бүкіл ауыл ызы-шу боп жатқанда оның көзінен жас, өңінен қан қашып сұп-сұр боп алатын.

Еламан құран оқып болған соң түрегелді Қалғандары да тұрып жатты. Қабырдың топырағын ніскелеп шауып жүрген қара тазы жерден басын көтеріп алды. Кетіп бара жатқан кісілерге қарап аза бойы қаза болғандай бір түрлі аянышты үнмен даусын созып ұли түсті де, қыңсылап шәу-шәу үрді.

Еламан қасындағы кісілердің бары-жоғын сезген жоқ. Өзіне орасан ызалы. Адам баласының зәті қатал ма, әлде көлгір ме? Не әлде қаталдық пен көлгірлікті көкірегіне қатар сыйғызып алып, жайшылықта бергі жағынан жүзін жылытып жылмиғаны болмаса арғы жағы мұз боп қатып жата ма? Мына дүниенің төрт бұрышын түгел жайлап алған адам бойындағы неше түрлі пасық мінездер—бақұмарлық, мансап, қулық, сұмдық, жер бетіндегі басқа да бар-бар зұлымдық пен жауыздықтың көзі осында жатқан жоқ па? Аға мен қарындас, ата мен бала, бір халық пен екінші халық қысқа күнде қырық жауласып тұтас бір дүниені екіге қақ бөліп, қырғын салып қанға бояп жатады. Жер басқан жандарды күн санап қан қақсатып күйзелтіп бара жатқан осы мынау лаң атаулы — соғыс, жаулық, қырғи қабақ, араздық, әділетсіздік, теңсіздік, қиянат, зәбір... Я, я, осының бәрі кісі бойына қанмен біткен пасық мінездердің сыздауықтай жарылып сыртқа шығуы ма екен? Еламан осы ойдан атасының үйіне кеп төрге шығып отырғасын да айықпады. Алдарына келген асқа да зауқы шаппады. Тағы да құран оқылды. Ауызын ашса жиналған жұрт шуылдасып өлікке иман тілеп жатты. «Бұлары да көлгірлік. Бәрі бергі жағымен ғана айтып жатыр»,— деп ойлады Еламан. Кетер алдында ол өлік артынан істелетін ендігі шаруа жайын сөйлескісі кеп оқтала түсті де, тоқтап қалды. Өлген кісіге ендігі кәденің бәрібір. Бүгінгі сый-құрметтен кейін соңыра ағылтегіл ғып жетісін, қырқын бере бер. Жылын бер. Сайып келгенде соның бәрі өлген кісіні сылтауратып артта қалған тірілердің бір-біріне істейтін ізеті, ымырасы. Есбол атасы өлді. Кемпірі былтыр дүние салды. Енді мына тұлсыз қалған үйге тұлға болатын тірі жан жоқ. Бағанағы қара тазы ғана есік-терезесін жауып бекітіп тастаған үйге анда-санда бір соғып, есік алдында қаңсып жатқан ит аяғын ніскелеп кетіп жүрер.

Еламан түрегелді. Есіктен шығып бара жатып Есбол атасының үйіне ақырғы рет бұрылып қарады. Күн жаққа қараған жалғыз терезесі бар, бас-аяғы бір бөлме. Бірақ есесіне, көл-дариядай кең. Қашан кемпірі қайтыс болғанша осы өңірдегі ең бір қонағы үзілмейтін, дастарқаны мол, меймандос үй еді.

Еламан сыртқа шыққан кісілермен есік алдында тұрып қоштасты да, жігіттерін ертіп жүріп кетті. Совет өкіметі орнағасын бұл жақтың болысын жалшыдан сайлаған еді. Мына болыс екі бетінен оты шығып тұрған жігерлі жас жігіт екен. Еламанның Әли арқылы жолдап жіберген сәле-

мін алған бойда жас болыс бұның шаруасына жанын сала кірісіпті. Бұл келсе жан-жаққа кісі шаптырып, аяқ жетер жердегі ауылдардың жігіттерін жинап жатыр екен. Көнбегенін күштеп әкел деп тәртіп берген көрінеді. Болыс ауылының үсті — ню-қию, аттылы-жаяу кісілер. Өңшең уыздай жас жігіттер. Әншейінде ұйқылы-ояу далада таңның қалай атып, күннің қалай батқанын білмей, мал соңында салпылдап жүретін бұйығы жігіттер енді бүгін бір араға бастары құралған соң ұлы дүрмекке түсіп, делебелері қозып апты. Еламанға жігіттердің ажары ұнады. Белдеуге атын байлап жатып ол іштен жас болыстың шаңқылдаған даусын есітті.

— Ожар Оспанның жылқышылары қайда?

— Келген жоқ.

— Хабар тиді ме?

— Тиген.

— Ал?

— Жігіттер кінәлі емес. Ожар Оспан жібермеді.

— Солай де? Ендеше...— деп жас болыстың кішкентай қара көзінен суық ұшқын лып-лып етті. Қылыш асынған қара киімді біреуге иек қағып:— Атқа қон, мылтығыңды асын. Жылқышыларымен бірге Ожар Оспанның өзін де алдыңа салып қуып әкел! Әуселесін сосын көрейін,— деді.

Еламан жас болысқа үнсіз қарап ойланып отыр. Я, заман өзгерді. Мыналардың пиғылы да өзгеріп, бүгін басқаша мінез көрсетіп жатыр. Мына жас болыс кешегі жалшы. Сауатсыз, надан, бірақ нәті дұрыс. Байлармен бұлайша сөйлескенде, бәлкім өздерінің қорлықта өткізген кешегі өмірінің көкіректе мұз боп қатқан ызғары әлі қайтып болмай жатыр ма? Кім біледі, арғы нәтінде өш алу, есе қайтару да бар шығар. Бірақ сайып келгенде бұның осы қазір Ожар Оспандардан алған есесі таптық күреске саятыны белгілі. Еламан жас болыстың байларға істеп жатқан озбырлығын көрсе де үндемеді. Бұрынғы жуандар ел ішінде әлі де болса үйірге түсіп айғырлық істеп жүргенде, бір есептен оларға ара-тұра осылай тізесін батырып қойып отыратын біреулердің де өз арасында болғаны дұрыс шығар-ау.

XII

Еламан түбектегі ауылдан ертелете аттанды. Аты мықты. Суыт жүріске өзі шыдаса, Шалқардан шыққалы бауырын тартып жарап алған күрең қасқа жар басындағы балықшылар аулына күн барында жеткізетініне көңілі кәміл.

Кісіден қателессе де бұл өзі жылқыға көзі жіті жігіт. Тақымы астындағы ат түгіл желі басында үйір-үйірімен үйездеп тұрған, не әлде құлын-тайын қасына алып құдық басынан шұбырып өріп бара жатқан жылқыға көлденеңнен көз салса болғаны, бұл жануарлардың қайсысының қандай екенін біле қоятын.

Күрең қасқа — қаны ыстық мал. Қамшы салғызбайды. Қайыс тізгінді қарысып тартып отырғанның өзінде әрі-беріден кейін денесі қызып, шым-шым тер тас-төбесінде шаншылған қос құлақтың түбінен шып-шып шығып алғаннан кейін, тіпті делебесі қозып көтеріліп кетеді. Сонан кейін еэуін айырған ауыздығын егеспен қарш-қарш шайнап, қарысып алған тізгінін қайта-қайта созып шаба жөнелетіндей жол бойы сүзе ұмтылып, сүзе ұмтылып отыратын ұрыншақ.

Еламан қазір күрең қасқаға әбден бауыр басып алды Қайда жүрсе де өзінен бұрын ол эуелі осы аттың бабын істеп, оты, суын қандырып жас құлындай түгін жылтыратып қояды. Күрең қасқа қазір тіпті күйлі. Түбектегі ауылдан шыққалы жүрген сайын желігі қозып, төрт тұяғы топылдап сар желіп келеді. Жететін жері қашық болса да, күйлі ат қоймады. Намаздыгер-намазшамда Беларанның сырт жағындағы боз жусанды бұйратқа ілікті. Сонан қашан балықшылар ауылына жеткенше көк теңіз жолаушының бір қапталын алып шалқып жатты. Аңғардан соққан баяу ғана ескек жел жол бойы күрең қасқа атты да, бұны да омырауынан қағып желпіді де отырды.

Еламан Әлидің үйіне түсермін деп келе жатқан. Ауыл шетіне кіре бергенде ат басын Достың үйіне қарай бұрып алғанын байқамады. Жә, бір есептен бұнысы да дұрыс. Араларындағы араздықты асқындыра бергенше ығытын тауып ашы көңілдің уытын қайтара бастағаны жөн. Ол шалқайса, сен еңкей. Түс шайысып жүрген қырғи қабақ кезде сен-ақ кішірей. Кішіліктен кемімейсің.

— Біреу келді ғой,— деді Қарақатын ат тұяғының тықырына елең етіп.

Дос төрге жайған алашаның бір шетін астына басып насыбай уқалап жатқан-ды. Қатынының сөзіне құлақ аспады. Қарақатын істеп жатқан шаруасын тастай сап, сүріне-қабына сыртқа шықты. Үй алдындағы жалғыз қазыққа атын байлап жатқан жолаушыны көрді. Ей, мынау Еламан ғой! Бетім-ау, өзі не боп кеткен. Үстінде тырысқан солдат кимі. Құрысын, құрысын, қатпа болған атандай қол-аяғы сыйдыпты да қалыпты. Күлкі қыштаған Қарақатын алақанымен

аузын баса қалды. Қан теппейтін қайыс қара бетін сырт айнала бере бір үзіп алды.

— Тұр, Еламан келіп аттан түсіп жатыр.

Дос насыбайын уқалай берді. Қарақатын қопырсып жатқан үй ішінен төсек-көрпе іздеп арлы-берлі жүгірді. Жаны қиналғанда аузына түсетін әншейіндегі бейпіл қарғыстар тілінің ұшына орала берген-ді. Еламан сәлем беріп кіріп келді.

Қарақатын қонаққа жүзін жылытып амандасып жатып та аяқ астында ат көпірі шығып жатқан дүниелерді іргеге қарай асығыс итеріп тебе-тебе тастады. Қас қылғанда, мына жаман неменің көк насыбайды мұқітіп қозғалмай отырғанын қарасайшы. О, шірік! Шірік!

— Қайным, жоғары шық.

— Рақмет, жеңеше.

— Жаман ағаңның есігін ашпайтын едің, осы жөнің түзу, жақсы келдің, қайным.

— Әй, сұқылдамай, шайыңды қайнат.

Қарақатын мырс етті:

— Ағаң осы.

— Әй, қатын...

— Көрдің ғой, бізді қорқытады.

Дос күлтілдеген қабағымен көзін жауып, меңіреуленіп алған. Қарақатын оған «тұтақ» деп ернін бір шығарды да, өреше жақта тұрған қара шәйнектің суын төге-шаша сыртқа ала жөнелді. Дос екеуден-екеуі оңаша қалғасын да үндемеді. Ақырған көк насыбайдың исі ертеден бері танауын жыбырлатып, тап бір есінеген кісідей аузын ашып түшкіре жаздап көзі жасаурап отыр. Еламан рай бермей қойған үй несіне қалай тіл қатудың есебін таба алмай басын көтеріп жан-жағына көз салып өтті. Сонан соң сырт жағында жатқан бір жастықты тартып алды. Жұмарлап қолтығына басты. Шай үстінде де сөздері жараспады. «Бекер келдім бе»,— деген өкініш қонақтың көңілінен кетпей отырған. Шайдан кейін ғана Достың құрысқан көңілі жібігендей болды.

— Балаңа соқтың ба, пақыр қалай екен?

Қарақатын сарқып ішкен шайдың шәмбесін сыртқа апара жатқан-ды. Күйеуінің сауалына қайрылып тұра қалды.

— Бар, бар, шаруаңды істе.

Қарақатын күйеуімен тақымдасып отырып алды.

— Бала жүдеу,— деді Еламан.

— Шала туды ғой. Сонан болар,— деді Дос.

— Не қылған...— деді Қарақатын.

Дос қатынына көзінің қиығын тастады. «Қойсаңшы енді»— деген көңілін аңғартты. Қарақатын, бірақ жүзін сырт салып, байқамаған боп отыр.

— Кісі баласын кісі баға ма. Құдай біледі, Сүйеудің қақбасы қаймағын алған көк шалап беретін шығар.

— Қой дедім ғой саған.

— Қой дедім, қой дедім. Сонан басқа білерің бар ма, сенің.

— Әй, катын... өлгің кеп отырмаса, қой енді.

— Сен бе өлтіретін. Тұтақ. Ой, шір...

Қарақатын күйеуінің қол созған жағына көз тастап жым бола қалды. Дос жаңа ғана насыбай уқалаған жұп-жұмыр жиде қаданы өзіне таман жақындатып қойды. Қарақатынның тырыли арық денесі көйлек астында қайқаңдап қоя берді. Отырса да, тұрса да ол енді көз қиығын қададан айырмады. Дос күтпеген жерден қонақ жігітпен шүйіркелесіп кетті.

— Енді үйлен, білдің бе.

— Өзімнің де ойымда бар.

— Ой-сойды қайтесің. Бас сал да үйлен.

Қарақатын қаданы білдірмей есік алдында жатқан отынның астына тыға салды.

— Мәку-сәкуді қой да үйлен. Шүйкебас алмай шыр бітпес деген,— деді Дос дұңкілдеп.

— Дұрыс айтасың. Тек, Дос аға, өзің білесің, мен әйелден аузы күйген кісімін ғой.

— Ажарлы қатын алма. Менің айтар ақылым сол.

— Қайдам, бұйырғанын көрерміз.

— Әй, бала, бұйырған-сұйырғанды ғой. Осы ауылда саған лайық бір қатын бар.

— Қайдам...

— Төлеудің үлкен қатынын білесің ғой. Дәл соған үйлен.

— Ой, құдай-ай,— деді Қарақатын қанша үндемейін десе де келеңсіз күйеуінің қылығына зығыры қайнап.

— Е, несі бар.

— Аты ұрғашы демесең, сол сорлыда еркектің кәдесіне жарайтын не бар дейсің.

— Не дейді, мына найсап.

— Қайным ондай салпы етекті қайтсін. Және сыбай салтаң да емес, соңына ерткен шнеттей баласы бар.

— Қоясың ба, жоқ па, сен осы?

Қарақатын күйіп кетіп, от көсеп отырған қолындағы күлді-күйелеш көсеумен жерді салып-салып қалды.

— Қой, қой деп сен-ақ кісінің аузына қақпақ боп құрттың ғой. Жұрттың бәрін өзіңдей қара борбай жаман балықшы көресің бе. Қыз таңдап жүрген жігіт салпы етек салдақыны қайтсін.

Дос тұнжыраған қалпын бұзбай әлгіде ғана оң жанбасына оңтайлап қойған қадаға қолын созды. Қарақатын күйеуінің қимылын бағып отырған-ды. Маңын қанша сипаласа да қолына ештеңе іліктіре алмай, әңгүдік шіркіннің аң-таң боп қалғанын байқағанда бұның қасы, кірпігі үйтілгендей қалақ қара бетіне мысқыл шапты. Насаттанып күле түсіп: «тұтақ, жаман ит»,— деді.

Дос жаңағының арасында зым-зия жоқ боп кеткен жиде қаданы көзімен іздеп үй ішіне айнала қарап өтті. Еламан бұлардың ұрысының ішінде болғысы келмей шинелін жамылып сыртқа шықты. Күн батыпты. Ала бұлтты аспанда жалғыз қадақ жұлдыздар жылтылдайды. Теңіз жағалауының күндізгі қағу желі басылып, қазір қапырыққа айналған. Ызыңдап маса шыға бастапты. Үй алдында қақтарулы тұрған ат несін танып оқыранды.

Еламан аттың ерін алды. Денесі суынса да терлік асты әлі де болса дегдн қоймай қос бүйірінен ыстық бу бұрқырап тұр екен. Еламан үйреншікті әдетпен күрең қасқа аттың түлкі сағақ сұлу мойнын сипап кеп жалына шеңгелін салып еді; осы аттың жалы онша қалың болмаса да керегеленіп тұрған қыр жоны уысын керіп кетті. «Жаңбырлығы жабық. Қазір бабында»,— деп түйді Еламан.

Сонан соң атты ауыл сыртындағы қалың бозға апарып тұсап жіберді. Қайтып келе жатып қара молаға соқты. Карт балықшыға құран оқыды. Әлі күнге басы қарайтылмаған. Қара дөңнің басында кішкентай балаларын қасына алып, өзінің сонау бір тірі жүрген кезіндей, өлгенде де өзгелерден жотасы асып, астаудай топырақтың астында дөңкиіп жатыр.

Еламан ауыр тартқан бойын ақырын қозғады. Түрегеліп жатып тізесіне жұққан топырақты қақты. Көз байланғалы теңіз беті қарауытып түксиіп алды. Промсол жақтан өгіз шағала өкіреді. Иттер үреді. Алысқа салған ауын қарап теңіз үстінен кеш оралған балықшылар промсол басын базар қып жатыр-ау шамасы. Шағалалардың қиғылық ұруына қарағанда, өздері, сірә сыралы қайтқан. Бұндай күндері Кенжекей жұмыстан кеш оралады. Төлеу қаза тапқалы Қалау «маған ти» деп, жесір әйелге күн көрсетпей жүрген көрінеді. Айғаншаның жақсы көретін сырлас жеңгесі болғасын ба, осы келіншек бұған да бір түрлі ыстық. Оның үсті-

не шиеттей жас баламен қалған жуас келіншекті аяйды Жаңағы Дос сөзі көңіліне қона кетті. Беті ажарлыдан тапқан опасы белгілі. Ендігі жерге баласын бағып от басының аз ғана ырзық-несібесін үлгіртіп отыратын әйел болса несі бар.

Осы оймен Еламан балықшылар аулының шетіне кірді. Көп үй кешкі асын алдына алыпты. Кей үйден теңіз үстінде толқынмен алысып титықтап қайтқан кісілердің қалжыраған даусы күңгір-күңгір естіледі. Тек осы ауылдағы ең үлкен есігі алдынан өте бергенде Еламан елең етіп, домбыра сағағында қылқылдаған күйге құлағын тіге қалды. Мынау Әлидің үйі. Күні бойы ескек тартып екі қары салдырап қайтқан жігіт енді қазір ақ пен қызыл арасында бауырына қысып алған кішкентай жиде домбыраның екі шегін емініп сауып отыр.

Ертеңіне Еламан ерте тұрды. Күндегі дағдысы бойынша ауыл шетіне шығып атына көз сап қайтты. Күрең қасқа кешегі тұсап жіберген жерінен тапжылмапты. Ертеңгі салқынмен құныгып тіскен қалың боздан басын алмай, ара-арасында рақаттанып пыр-пыр етіп қояды.

Жел көтеріліпті. Түнімен шырадай боп тынып жатқан теңіз беті түтігіп. қарауытып, ырғалып ирек толқын жүре бастапты. Еламан «дауыл болады-ау, сірә» деп топшылады. Бағана, бұл тұрған кезде Қарақатын көрпемен басын бүркеп ап ұйықтап жатыр еді; қазір о да оянған сияқты. Ыдыс-аяқ даңғырлайды. Үй ішіне бүйедей тиіп ұрысып жатқан қатынның барқылдаған даусы шығады. Еламан түнде түнеп шыққан үйге қарай біреу желкелеп итергендей ықылассыз аяқ басып келе жатып, бұл кезде сонау көз ұшында шағалалар шаңқылдап, қиғылық ұрып жатқан көк теңіз үстінде төсін толқынға соғып секектеген балықшы қайығына назар салды.

Таң қараңғысынан оянған балықшылар аулы әлі абыр-сабыр. Промсолда істейтін қатындар жұмысқа кетер алдында үйдегі шаруасын үлгіре алмай етегіне сүрініп жатты. Еламан кенет Кенжекейді көрді. Кенжекей қыңқылдап жылаған кішкентай баланың құлағына бірдеңе деп сыбырлады. Бала жұбанған соң басынан сырғып кеткен ақ жаулығын асығыс жөндеп, бұл кезде промсолға қарай беттеп бара жатқан қатындардың соңынан жүгірді.

— Еламанжан, сенде шаруам бар еді,— деді біреу бұны жеңінен тартып.

Осы кісіні ұнатпаса да үн-түнсіз ырқына көніп, жетелеген жағына кетіп барады. Үй сыртына ұзап шықты. Көгі қалың жерге қатар отырды. Судыр Ахмет тамағын кенеп

алды. Сонан соң отырған жері жайсыз болғандай сипақ қағып қозғалақтай бастады. Бөксе басып отырған жері кілкілдеген боз жусан, қоңыр бас, жоңышқа болатын. Бірақ Судыр Ахмет соның біріне тимей, созылып барып анадай жердегі қызыл бауыр изеннің ұзын бір талын үзіп алды.

— Еламанжан, сені жеңіл-желпі жұмыспен оңашалап отырғам жоқ. Уа, мына Жақайым Жетес би айтқан екен..

Еламан Судыр Ахметке шошына қарады. Судыр Ахмет өзінің жаңағы қоразданып едірейіп алған қалпынан кенет күрт өзгеріп, тамағына тас тұрғандай тоқтап қалды. Онан сайын Еламанның зәресі қалмады. «Тегін болмас»,— деген оймен ол енді үрейлі көзін негіндегі бес тал сақалын түбіне тас қып қысып алып, тұқырайып отырып қалған кісіден айырмады. Оның қос езулігінің тұсындағы жөн-жосықсыз жыбыр-жыбыр ете қалған бес-алты тал қыл да, тас қып жұмып алған көзі де, әсіресе, қос шекелігі қушиған ешкі басының екі қапталында қалқиған ана ақ жарғақ аламан құлағы жүрегі сезген жамандықты растап тұрғандай. Еламан әрі-бері қипақтап отырды да, ақырында төзімін тауысып ананы негін уыстап алған қолынан ақырын тартты. Судыр Ахмет көзін ашып алды. Бірақ телміріп қалған Еламанға көз салмай, алдынан өтіп бара жатқан ірі сары құмырсқаны көріп қалды, соған күзен бел ұзын бойымен ұмтылып барды да, қолындағы қызыл изенмен ұра бастады. Денесіне таяқ батқан құмырсқа аузындағы тістеп алған дәнді тастай қашты.

Еламанның етек-жеңі кеңіп сала берді. «Ой, берекесіз сорлы».

— Айтпасаң да естідім. Кенжекейге үйленгелі жатқан көрінесің,— деді Судыр Ахмет.

— Ой, сөзің бар болсын.

— Оу, ел құлағы елу деген... Сен жасырғанмен жаман ағаң есітті.

Еламан бұған не істерін — кейірін, әлде ренжірін білмей отыр.

— Ау! Ау, айналайын-ау! Сенің Кенжекейге үйленетініңді бір дегеннен білгем. Ойбай-ау, Еламанжан-ау, жаман ағаңның жүрегі жақсылықты жер түбінен сезеді ғой.

— Жә, қойшы.

— Қоятыны жоқ. Қатын алу құдай бұйрығы. Оны айтасың ба. Мен тіпті сені Кенжекейге сыртыңнан таныстырып жүргем,— деп осы арада Судыр Ахмет өзінің өтірігіне өзі иланып кетті де, құдды мешел болған баладай құйрығымен жылжып Еламанға жақындай түсті.

Еламан түрегелді. Судыр Ахмет те шалғайласа тұрды. Еламанның құлақ аспағанына қарамай, оның біресе — оң, біресе — сол жағына шығып, алдын орап емпеленделп басып келеді.

— Ал! Ал енді сен дегенде бұл ағаңның пейілі басқа. Сен дегенде ағаңның тілінің тиегі ағытылып кетеді. Жігіт сөзбен ажарлы болса, ал енді, айтпады деме, сен осал емессің. Осы жолы сені келіншек алдында ажарлап-ақ бақтым. Екі иығыңа екі үкі, басыңа бір үкі тағып ажарлап таныстырдым.

Еламанды реніш пен ыза қабат қысып, екі құлағына дейін дуылдап қызарып алды. Жанында бірдеңелерді былдырлап бүлкектеп еріп келе жатқан Судыр Ахметті бір түйіп, жалп еткізді. Балықшылар ауылы отырған тік жардың баурайын қиялап төмен түсті. Теңіз жағалауында қақалып, тұнып тұрған алабота, ащылық сораңды солдат етігімен пытырлатып басып келеді.

Құдай-ау, бұл не? Бұларға не болды? Патша құлады. Уақытша үкімет құлады. Жер-жердің бәрінде де халық қолына қару алып осы дүниенің төрт бұрышында тыныш тұкпір қалмай дүрлігіп жатыр. Ал, бұлардың түрі мынау. Жүдеу даланың баяғы жайбасар тірлігі. Баяғы, бой-күйез ауыл. Сол баяғы өмір бойы ұйқы мен ояу арасында ніндері түскен берекесіз жандар. Әлде бұлар да қара дауыл қаптай соғып кеткенде қамыс арасында ықтап қалатын шүрегей қоңыр үйректей ме? Анау ашық айдында ірі құстар бұршақ соғып мертігіп жатқанда, бергі жақта саяз, қызыл суларда солар жан сақтап аман қалатын еді-ау?

Еламан промсолға келгенін байқады. Күн түспей қысы-жазы қара көлеңкеленіп тұратын далалай, кең лабазда қазақ, орыс қатындарының жаулығы ағараңдайды. Олар сойып жатқан балығын жерге қоя сап, үстеріне кірген түсі басқа кісіге бұрылып қарады. Тек дөңгелек зерең жүзді келіншек қана мына жігіттің өзін іздеп келгенін біліп, шырыш-шырыш қолын алжапқышына сүртіп ақырын түрегелді.

Еламан тыныш жүрегі дүрсілдеп қатты-қатты соғып кеткенін байқады. Құлағының ұшы кенет шоқ басқандай дуылдап бара жатқанын байқағанда, ол: «әй, осы әдетім-ақ жаман...»— деп қынжылды.

— Маған келдің бе?

— Иә-ә...

— Сыртқа шығайық.

XIII

Еламан үйде жалғыз. Әлгі бір әзірде Әшімді арқалап, ұршығын алып қыдырып кеткен келіншегін күтіп жатыр. Кенжекейге үйленіп, бір түндік астында тұрғалы да біраз. Өз көңілі қаламаса да, келіншегі қоярда-қоймай қиылып отырып алған соң, ол екі-үш күн турасында әне бір жылы Ақбала екеуі тұрған ескі үйді оңдап кірді.

Еламан баяғы өмірді еске салатын бір нәрсенің ізін қалдырғысы келмеді. Есік-терезені қайта салды. Ескі шымылдық пешті бұзып, кесегін сыртқа шығарып тастады. Үйдің қабырғаларын ақ балшықпен майлап шықты. Балықшы ауылдың ер-азаматы Еламанға тегіс қолқабыс берді. Бәрі қуанышты, көңілді. Әсіресе, көз көрген кісілер Еламанның құлаған шаңырағын қайта көтеріп, өз алдына үй боп жатқанына мәз. Сәске түс кезінде үш ауылдың кәрі-жасы жиналып, Еламан мен Кенжекейді жаңа үйге кіргізді.

Кенжекейдің төсек-орнын Қалау алып қалған-ды. Күндіз кісі-қара бар кезде байқамапты. Кешкісін оңаша қалғасын бір жаяр алашасы да жоқ үлкен бөлме үңірейіп қоя берді. Жатар кезде Кенжекей балаларының астына не төсерін білмеді. Еламан келіншегінің қиналған түрін көріп тұр. Осы қазір бұның өзі де не істерін білмей тұрғанда, кенет сырттан дабырлаған дауыс шықты. Іле-шала Әли бастаған бір топ жас кірді. Бәрі Тілеуқабақ руынан. Ақ жарқын жігіттер әзіл-қалжыңдап күліп жүріп, қолтығына қыса келген алаша, текеметтерін төрге жайып, тұсқа ұстап, жаңа ғана аңғал-саңғал боп тұрған жұпыны үйді жайнатты да жіберді.

Көңілді жігіттер кеткесін үй іші қайтадан жым-жырт бола қалды. Төлеудің үш баласы мына түсі басқа жат кісіні жатырқап, үлкен бөлменің бір бұрышына тығылып апты. Еламан қасына жақындаса кейін шегініп ығыса түседі. Еламанға айрықша естияр боп қалған сары бұжыр баланың мінезі ұнамады. Сары баланың ажарында анық жаулық бар. Өздерінің жүдеу тірлігіне қайдағы біреудің көлденеңнен киліккеніне ырза емес.

Еламан сары баладан қысылады. Оның қысылатынын сары бала сезеді. Мына кісінің нәп-нән басымен кішкентай баладан осынша қысылып, үй ішінде көзін көтермей ықтап жүргенін қызық көреді. Әкесіндей кісіні ықтырғанына дән ырза. Өзінің күшін сезген сайын сары бала айбат шеге түседі. Тек бұл қанша қатайғанмен мына кісіге анасының ықыласы басқа. Сары баланың жынына тиіп жүрген тағы

бір жай: күндіз аласа үйде ұзын бойы өңкиіп ебедейсіз қозғалып жүретін осы ұялшақ кісі, күнде кешкісін шам сөнердің алдында көйлек, дамбалы ағараңдап шешесінің төсегіне кіріп бара жатады.

Алғашқы күні Кенжекей де қиналды. Күнде қасында жатып жүрген кішкентай балаларын ол қалай бөлектеудің есебін таба алмады. Көлденең кісілер барда бір сәрі. Ал үй іші оңаша қалса болғаны ұрысқан кісідей үндемейді. Көзінің астымен бірін-бірі бағып, отырған-отырған жерінде қыбырсыз қалады. Кешкі асты ішкеннен кейін Кенжекей балаларына төсекті бөлек салды. Үстіне көрпе жауып жатып та үлкен баласына қарамауға тырысты. Төсек жанында тұрып шешініп жатқан күйеуіне тіпті көз салмады. Сыртқа шығып бара жатып есік жақта сығырайған шамды сөндіре кетті. Сонан қайтып ораламады

Еламан да қараңғы үйде көзі ашық жатыр. Ет қызуымен үйленіп салса да, кейін ойлап қараса қатынның үш баласы бір оттың басына сыспайтын сияқты. Ала бөле бұжыр сары баладан шошиды. Еламан оқтын-оқтын басын көтеріп, балалар жатқан жаққа қарап қояды. Қараңғы үйде ештеңе көрінбейді. Шешесі жатқызғаннан бері үш бала қыбыр етпесе де, бірақ құдай біледі, ана бажбиған мысық көз сары әлі ояу. Оған Еламан күмәнданбады. Кенжекей де соны сезген соң ішке кіруге бата алмай жүр.

Қысқа түннің қай уақыты болғаны белгісіз. Бір кезде осы күнгі өз халін ойлап жатып «істеп салдым бір істі, ала оңғарсын бұл істі»,— деп әлдеқалай аузына түскен өлең жолын ішінен қайталап, ұйқы жеңіп қалжыраған өңіне сәлекет күлкі шауып жатқан. Сонан арғысын білмейді. Ұйықтап кетіпті. Қашанғы дағды бойынша күнде оянатын кезде көзін ашса таң әлі атпапты. Бірақ таң алдында туған толық ай тас төбедегі терезе әйнегіне бозамық рең беріп ақ сүттеніп тұр екен. Үй іші де ай сәулесімен бозарып, ана жер, мына жердегі нәрселердің бедері білініпті: есік жаққа тастаған солдат етіктің екі қонышы едірейеді. Өзі жатқан төсектің аяқ жағынан қазандық үстінде қонжиып алған құлақты дөй қазан қарауытады. Ал үш бала үстеріне жамылған үлкен көрпенің астында айқыш-ұйқыш жатыр. Таң алдындағы тәтті ұйқы талмаусыратқан. Бажбиған мысық көз бала да ұзақ аңдысудан қажыған сияқты. Танауы пыспыс еткен ана кішкентай екі баланың арасында көрпеден сирағы шығып, тоқты қошқардай мекіреніп жатқан сол сарының өзі. Еламан көзін ашқан бойда өзінің от жағындағы орынның бос екенін байқады. Жатпаған ба деген оймен

жанын сипады. Жаңа ғана жанынан тұрып кеткен жас келіншектің иісі жастыққа сіңіп қапты. Қайда кетті екен деп басын көтеріп іштегі, тыстағы дыбысқа құлақ тігіп еді; сыртта ерте тұрған балықшылар аулының күндегі дағдылы әбігері: ұйқысы қанбай оянған ызбай балалар ыңырсиды. Шаңқылдаған қатындар, салдырағаң ыдыс-аяқ, бір-біріне дауыстаған балықшылар.

Еламан келіншегін шыдамсыздана күтті. Қарағаннан қарап жатып тұла бойы тоңазығандай боп көрпеге қымтана түсті. Құлағы шалған кішкентай тықырға да елең етіп қара қазанның арғы жағындағы есікке тесіле қарап қалады. Кенжекей ішке балалар оянғасын кірді. Шайды сыртта қайнатып әкепті. Қара шәйнек бұрқ-сарқ.

— Балалар, тұрыңдар! Менің жұмысқа кететін уақытым болды.

Даусы ұп-ұяң. Жас келіншектің дөңгелек зерең жүзінде де зәр жоқ. Үй ішінде аяқ басқаны білінбейді. Ішке кіріп келе жатып та балаларынан бұрын іргеге қарап бұртиып жатқан күйеуі жаққа көз тастады. Еламан жаңағы құлақ-қағысты да бұның бір өзіне арнап айтқанын білді. Кенет көңілденіп кетті. Төсектен атып тұрды. Тез-тез киінді.

— Балаға лайық қандай жұмыс бар?

Кенжекей қасына кеп, күлімсіреп тұрған күйеуіне ғаңдана қарады. Мынау әзілі, әлде шыны екенін білмей, бетіне қарап аңырып қалды да, «әзіл болар» деп ойлап, істеп жатқан шаруасын үн-түнсіз жалғай берді.

Еламан көп ұзамай Кенжекейдің қолындағы балаларға құттай да алалығы жоғына көзі жетті. Өз баласынан көрі қайта күндесінен қалған баланың асты-үстіне көбірек түсіп бәйек боп жатады. Астың да жылы-жұмсағын әуелі өгей баланың аузына тосады. Қолдарына алғалы Әшімге тіпті ықыласы басқа. Жас сәби жүрегі де ана ықыласын алғаш рет сезіп, аз ғана күннің ішінде Кенжекейге бауыр басып кетті. «Жақсы істедім. Балаға жайлы болғасын не керек. Басқасы түк емес. Балаға жайлы болғасын... Иә, иә, айтары жоқ, жақсы болды. Жақсы істедім»,— деп ойлап, көзі ұйқыға кеткенше құдайға шүкіршілік айтып жатады.

Кенжекей күнде жұмысқа ерте кетеді. Кеш қайтады. Еламан келіншегі келгенше үй ішін қағып-сілкіп алдынан асын даярлап қояды. Аз ғана күн ішінде үй жанына отын үйіліп қалды. Бұрынғы жалғызлікті кезде күтімі болмай үсті-басы кір-кір боп жүретін балалар қазір мұнтаздай.

«Жақсы болды. Жақсы істедім. Бәрінен бұрын балаға жайлысын айтсайшы»,— деді Еламан ішінен. Жаңа үйлен-

ген кісілердің келім-кетімі көп. Және бұл ауылдың Еламанға ықыласы басқа, қазір әсіресе, Судыр Ахмет келгіш. Күнде ертеңгісін төсектен тұрған бойда қыт-қыттап күліп келеді. Есіктен кірер-кірместен-ақ осы үйдің балаларын айналып-толғанып, ең арғы жағы есіктің алдында жатқан итіне дейін жер-көкке сыйғызбай мақтай жөнеледі.

Еламан балықшылар аулының күнделікті күйбең-күйбең тірлігіне дәл баяғы кездей қазір тағы да бауыр басып кетті. Ең ақыры Судыр Ахмет кішкене кешіксе де ол кәдімгідей елеңдеп шыдамсызданып бітеді. Кеше ертеңгісін Кенжекей жұмысқа кеткесін Еламан сыртқа шыққа Судыр Ахмет нар қарасына мініп алған. Қатын-балаларымен қоштасып, ауыл-аймақ түгел естісін дегендей шаңқ-шаңқ сөйлеп шаруа жайын тапсырып жатыр екен. Сыртқа шыққан Еламанды көріп ол нар қарасын тебініп қалды. Ат үстінде қодиланып, қатты бастырып желіп келді.

— Аха, жолға шықтың ба?

— Қарап жата алмадым.

— Е, сапар оң болсын!

— Айтқаның келсін. Айтқаның келсін, Еламанжан. Кісіні қатын-бала өлтіреді ғой. Соңыра қыс түскесін үйелмелі-сүйелмелі қызыл қарын балалар ұядағы аш балапандардай ас сұрап шулай бастағанда, ойбай-ау, Еламанжан-ау, кірерге тесік таба алмай қаласың ғой. Сосын қатын-баланың қыс азығын жылы күздің басында қамдап алайын деп жолға шықтым.

Еламан үндемеді. Қабы мен дорбасын аттың артына бөктеріп ап, нар қараның үстінде нағыз ер-азаматтарша қодиланып кетіп бара жатқан Судыр Ахметтің сыртынан қарап, күліп қала берді. Тек келістіре алмады демесең, бұл пақырдың, әйтеуір әрқашанда ниеті дұрыс болады деп ойлады Еламан. Күні бойы ол Судыр Ахметті қайта-қайта есіне алып, мырс-мырс күлумен болды. Ертеңіне елден жинаған жігіттердің алды келе бастады. Еламан олардың балықшылардың үйіне бөліп орналастырды. Қолы кішкене босаса үйіне жүгіріп кеп, жас балалардың жағдайын істеді. Бүгін жұмыстан келе сала Кенжекей көрші үйлерге қыдырып кетіп еді. Күн батты, қас қарайды, Кенжекей кешікті. Үш бала сыртта ойнап жүр. Мысық көз сары екі інісіне әлімжеттік қып қожаң-қожаң етеді.

Еламан үй ішіне көз сап отырды да, кенет ойлы жүзін Кенжекей екеуінің төсегіне тіге қалды. Алғашқы үйленген күні өзінің масқара боп ұйықтап кеткені есіне түсті. Езу тартып күлімсіреді. Нәпсісімен алысқан еркектей емес,

асылы әйел нәсілінің ұяты барағырақ қой. Әлі есінде: алғашқы ақ некелі күні Ақбала да тап осы орынға төсек салып еді-ау! Еламан сол арада қатты соғып кеткен жүрегін қолымен баса қалды. Екі беті дуылдап барады. Тура қарауға дәті шыдамаса да екеуден-екеуі оңаша қалған үйде ақырын қозғалып төсек қамдап жүрген уыздай аппақ келіншегінің әр қимылын көзінің қиығымен бақты да тұрды. Ақбала әуелі қос бүктеулі киіз үстіне көрпе салды. Бас жағын биіктеп құс жастық астына Еламанның ескі тонын тастады. Сонан соң төр жақта жүк арасында жинаулы тұрған қызыл сәтен көрпені сақина толы саусақтарымен кеудесіне қысып әкеп, екеуіне салған төсектің аяқ жағына жәзып тастады. Еламан қозғалса — құлап қалатындай сезді. Құп-құрғақ тамағы кеуіп қалды. Қазір келіншегі тіл қатса даусы шықпай қалатындай қорықты.

Ақбала күйеуінің бары-жоғын байқамайтын сияқты. Шапанын басына бүркенді. Күйеуі жаққа көз салмастан қара сүрік кебіс киген аяғын салмақпен басып сыртқа шығып бара жатты. Сонан ол жуық арада оралмады. Келіншегі кешіккен сайын Еламан іздегісі кеп әлденеше оқталды. Тықыршып барады. Жаңа Ақбала сыртқа шығып бара жатып соңынан ақырын жауып кеткен есікке жетіп барады да тоқтайды. Неге кешікті? Бірдеңе боп қалмаса не қылсын? Я, құдай, өзің жөн бере көр.

Сырттан сытыр шықты. Еламан ытқып барып орнына тұра қалды. Бұл үрейлі қуанышпен қараған есіктен Ақбала кіріп келе жатты. Екі беті боп-боз. Әдемі танауы әнтек қусырылып кеткен. Қазіргі түрінде құдай салды мен көндім деп, неге болса мойын ұсынып көнген кісінің кейпі бар. Ығының басынан сыпырылып түскен шапанның бір шалғайын сүйретіп келді де, төсек жанына тастай салды. Бірбірлеп шешкен басқа кимдерін де сол араға тастады. Ертеден бері сарсылып күтіп тұрған күйеуіне көз салмастан шамды сөндіріп, от жақтағы өзінің орнына барып жата кетіп еді-ау...

— Ай, Ақбала-ай!— деді Еламан.

Үй іші құлазып қоя берді.

— Көп айналдық па?

Еламан селк ете қалды. Мынау ақиқат Ақбала екен деп қалып еді, сүйтсе Кенжекей ішке кіріп Әшімді арқасынан түсіріп жатыр екен.

— Көршінің әйелі шай ішіп кет деп жібермеді. Соның арасында Әшімжан да ұйықтап кетті...

— Ә, жақсы болған екен...

— Шай қояйын ба?
— Жоқ...
— Бір жерің ауырып отырған жоқ па?
— Жо-жоқ, жай...

Кенжекей сонан әрі қазбаламады. Ол тек күйеуінің құдды ұрлығы ұсталған баладай осынша қысылып қызарып кеткеніне таңданды.

Еламан сыртқа шықты. Өзіне өлердей ызалы. Кенжекей сезіп қалды-ау деген күдік маза бермеді. Сыртқа шыққасын да біразға дейін әлгі ойдың әсерінен айыға алмай ала құйын сезім ұйтқып өңіне шаба берді. Тұз-дәмі жараспай айрылысып кетсе де Ақбаладан көңілі құттай да суымағанын білетін. Бірақ бұрынғы әйелінің бей дауа індеттей тұла бойын түп-түгел жайлап, тамырын осыншалық терең-ге жіберіп алғанын білмейтін Енді қараса жүрегіне жыландай иретіліп кіріп апты. Неғұрлым табанына сап тапап, жаныштап тастағысы келген сайын солқұрлым оған өзінің күші де, құдіреті де жетпеді. Жыланды қырық бөліп тұрап тастаса да, бір жері болмаса бір жері қимылдап жататын. Со сияқты өзінің тұла бойын жайлап алған осы бір шұбар ала сезім де жуық арада өліп болмады.

«Ұмыту керек»,— деді Еламан Адал семья құрғысы келсе үзілді-кесілді ұмыту керек. Бауыры жабысып қалған түгі жоқ. Ұмыту керек. Бір кез ол бойын жайлап алған сезімді шыныменен жеңіп, бұрынғы әйелін ақи-тақи ұмытқан сияқтанып жүреді. Бірақ тап сол енді ұмыттым, тыныштық таптым деген кезде болмашы бір нәрсе Ақбаланы есіне қайта салады. Ондайда, ол мейлі, сыртқа шықса да, ішке кірсе де алабұртқан көңілі әлденені қиялдап аңсап, осы өңірдегі көзге түскен нәрсенің бәр-бәрі — анау аспан, мынау жер, су, топырақ — тек соны еске салады. Есік алдына шығып балықшылар аулының арқа бетінде жон арқасы күдірейіп жоталанып жатқан Беларанға қараса да, осы сайқал қатын көз алдына көлеңдеп тұра қалады. Ал өз үйінде оңаша қалу осы күні оған азап. Баяғыны еске салатын бір нәрсе қалдырмадым десе де, осы үйдің ішінде — ана жер, мына жердің бәр-бәрінде — Ақбаланың ізі сайрап тұр. Мына арада Ақбала екеуінің төсегі болды. Ана арада шымылдық пеш болды. Ал ана есіктің орнында бұрын күн жеп қуарып кеткен ескі есік болатын. Тот басқан топсасы кірген-шыққан сайын сықырлап зарлап қоя беретін болғасын, Ақбала екеуі «жылауық» деп ат қойып еді-ау! Алғаш келіншек боп түскенде осы үйге мына есіктен кірді. Еламанның келіншегін көреміз деп даңғаза балықшылар да-

бырлап жиналып қалды. Бірақ Ақбала олардың біріне көз салмай, тәкаппар басын тік ұстап кеп, тап осы аласа есіктен иілмей кірді. Еламан басын соғып ала ма деп қорықты. Бері келгесін де ол осы есіктен келіншегі кірген-шыққан сайын зәресі қалмай қыпылдап болатын. Жаз шықсын, сосын, бәлем «жылауық» итті жұлып алып тастамасам ба деп тісін қайрап жүрген-ді. .

«Оның бәрі өтті-кетті. Енді ұмыту керек»,— деді Еламан. Бірақ бүйдеп қанша айтса да өлгесін болмаса, бұл тірлікте ұмыта алмасын сезіп тұр. Анада бір рет есіне түсіп тыныш жүрген көңілін түбіне дейін шайқап лайлап алды. Сонан бері кішкене оңаша қалса әзәзіл сайтандай бұрынғы әйелі көз алдына тұра қалады. Оңаша үйде жалғыз отырса бір сәрі қатын-балаларының арасында да көңілі құлазып қоңылтақсып отырады. Онан сайын Еламан Кенжекейден қысылып, бейне таза төсекке лас аяғымен шығып кеткен кісідей әсерде Жарты көңілі бұрынғы әйелінде жүргенде ол өзін жарымжан кісідей сезді. Еламан от басында сыр бермеуге тырысты. Тақа болмаса, осы бір іші-бауырын тырнап бара жатқан ащы сезімді жақында үйленген әйеліне сездіргісі келмей, үй ішінде отырғанда үнемі көзін төмен салып, сүп-сүр боп тістеніп алатын.

Кенжекей алғашқыда Еламанның түріне қарап, «ауырып тұрған жоқсың ба?»— деп сұрап жүрді. Ондайда күйеуінің әлденеге ыңғайсызданып қысылып қалатынын көрген соң кейін сұрауды да қойды. Ондайда жуас келіншек кінәні өзінен іздеп: «неге көңілсіз? Әлде мен жақпас бірдеңе істедім бе?»— деп ойлап, күйеуінің алдында қысыла бастайтын. Берегірек келгесін күйеуінің қабағындағы кірбеңге Кенжекей де үйренді. Кейін, тіпті көңіл бөлмейтін болды.

Оның есесіне Еламан тыныштығынан айрылып, күйзеліп жүр.

XIV

Еламан Шалқарға бір ай дегенде шаққа оралды. Қасында осы жолы елден жинап алып қайтқан жүз қаралы жігіт. Бәрінің астында жарамды бір-бір ат. Кейінгі күндері тақым жазбастан бірге болып үйренісіп қалған жігіттер теңіз жағасынан шыққалы ат үстінде әзіл-қалжыңдары үзілмей күліп-ойнап келе жатқан-ды. Қаланы көргенде бәрі де жым-жырт болә қалды.

Теміркенің көк дүкеніне тақап келе бергенде бұлардың алдынан екі жүздей кісі кесіп өтті. Қару асынғаны

болмаса әзір әскер тәртібіне үйрене қоймаған. Топырлап темір жолға қарай кетіп бара жатты. Еламан қара дүрсін киім киген кісілердің ішіндегі жалғыз әскерше киінген кісіге көзі түсті. «Мынау Мюлгаузен ғой». Мюлгаузен ауық-ауық ызалы жүзін артына бұрып, соңындағы кісілерге жекіріп қояды:

— Тезірек... тезірек жүріңдер!

Еламан қала орталығындағы екі қабат үйдің алдына кеп, аттан түсті. Күрең қасқаның тізгінін қасындағы бір жігітке ұстата сап, бұл қақпадан кіре бергенде арғы жағынан Дьяков та шинелінің жеңін асығыс киіп жүгіре басып келе жатты.

— Еламан! Дорогой! Ал, қалай?..

— Көбірек айналып қалдым...

— Оқасы жоқ. Ал?..

— Жүзге тарта жігіт әкелдім...

— Жарайсың. Рақмет. Ал, біздің халіміз жақсы емес. Есіткен шығарсың.

— Нені?

— Чехтар жайында естіп пе едің?

— Чех-тар-р?..

— Бәрекелде, сен әлі білмейді екенсің ғой. Ендеше кейін сөйлесерміз.

— Жолдас комиссар...

— Кейін... кейін сөйлесерміз,— деді де, Дьяков артық тілге келмей жүгіре жөнелді. Шинельдің түймелерін де жүгіріп бара жатып салды.

Еламан аң-таң. Оңаша қалғасын да комиссар айтқан жаңағы бір жұмбақ сөздердің түйінін ұстай алмай дал боп тұр. Чех деген кім? Олар не істеді?

Бнік көк қақпаның арғы жағында жігіттер ніріліп тұр. Керек десе әлі аттан да түскен жоқ. Күн батқанша осынша кісілерді бір жерге орналастыру керек. Басқа амалы болмаған соң Еламан лажсыз штабқа кірді. Штабта істейтін бір таныс жігіттен ол бұндағы жағдайға қанды: шынында да қазір жағдай шиеленісіп кетіпті. Владивосток арқылы еліне өтіп кетпек боп Сібір темір жолымен шұбатылып бара жатқан Чехословакия корпусы көтеріліс шығарыпты. Англия, Франция, Жапонияның Қиыр Шығыстағы қарулы күштерінің қолма-қол араласуымен олар Сібір қалаларын бірінен соң бірін басып алып, ел басына күтпеген жақтан қатер төніп тұрған көрінеді. Жаналықымға тығылған жас Республика қазір жер-жерден әскер жинап, абыр-сабыр. Шалқардан жиған екі жүзден астам кісіге Мюлгаузенді бас қып

тағайындап майданға жөнелткелі жатыр. Осы бір алағай-былағай заманда Түркстан армиясының бұрынғы жұмысшы отрядтарынан полктар, батальондар құрыпты. Шалқар теміржолшыларының отряды — «Коммунистер полкі» деп аталыпты. Ал, Дьяков шығыс майданына бара жатқан жігіттерді шығарып салмақ боп станцияға кетіпті. Еламан да станцияға шапты. Мюлгаузенмен қоштасып қалғысы кеп еді; бірақ бұл кезде еріктілер отрядын тиеген эшелон жөнеліп кеткен екен. Сұраған кісілердің бәрі де Дьяковты депоға кетті деді. Еламан күрең қасқаны станцияның бет алдындағы бір бәйтерекке байлады. Депоға бара жатып, қайта-қайта бұрылып асхана жаққа қарай берді. Асханаға кіріп-шығып жүрген ақ халатты жуан әйелді көріп: «Сары апа шығар»— деп ойлады. Депода жиналыс өтіп жатыр екен. Ер-азаматы майданға кеткен қатындар ендігі тірлігі қалай боларын білмей қиналады. Қыс болса келіп қалды. Отын-су жоқ. Азық-түлік жоқ. Керек десе жұмысқа кетерде етегіне оралған жас балаларды кімге қалдырарыңды да білмейсің деп, қара май киімді жүдеу қатындар жан-жақтан шулағанда Селиванов шыдамай атып түрегелді. Сусылдаған ұзын шашын кейін қарай сілкіп тастап, құдды жұрт алдына тақпақ айтуға шыққан жас баладай екі көзі ұшқындап:

— Қадірлі шешелер, құрбандықсыз — төңкеріс болмайды, төңкеріс кезіндегі қиындыққа шыдау керек...— деп қызына сөйлеп, білегі сидиған жіп-жіңішке қолын былғай бастаған-ды. Қасында тұрған комиссар оның шынтағынан тартты. Анау, сөзін бөлгенін жаратпай шытынып қап еді, Дьяков құлағына еңкейіп:

— Қайтесің. Онан да бұл бейшараларға жәрдем жағын ақылдасайық,— деді.

— Как же? Түсіндіру керек емес пе?

— Бізден кем түсінбейді.

— Петр Яковлевич, кешіріңіз, мен сізді ұқпай тұрмын.

— Ол жөнінде кейін сөйлесермiз. Ал, қазір мыналарға қандай көмек көрсетуге болады?

— Көмек?!

— Иә, отын тауып бере аламыз ба?

— Қалада отын бар ма?

— Иә, қала жағдайы қиындап кетті. Бершүгір шахтасын атты казактар қиратып кеткелі бұл қалада отын да жоқ.

Жыл басында жиып алған азғантай ағаш пен көмірді отряд өз қолына алып, күндіз-түні күзет қойып, паровоз-

дар мен депоның күнбе-күнгі қажетіне ғана лайықтап өлшеп беріп отырған. Дьяков Селивановқа өздерінің осы бір болмашы мүмкіндігін құлаққағыс қып еді; Селиванов ыңғай бермеген соң бұл да үндемеді. Көпшілік арасында тұрған Еламанды көріп, қасына барды:

— Жай ма?

— Жігіттерім әлі орналасқан жоқ...

Дьяков жанынан бір жапырақ қағаз алды. Хат таныймайтын жігіт оның тышқан іздетіп сүйкей салғанын ұнатпады. Және қағаз бетіне түскен сөз саны да аз болған соң өтініші осалдау шыққандай көріп, комиссар ұсынған қағазды ықылассыз алды.

Дьяков әрі-бері ойлап, көп балалы қатындарға көмір бергізді. Бұған қатындар қатты қуанды. Тек қартаңдау бір қатын өзіне тиген үлесінен бас тартты. Көп жылдан бері бір қазақпен тамыр-сүгірей екен. Күйеуі соғыста қаза тапқалы сол қазақ жесір қатынға жыл сайын қыстық отынын түсіріп беріп жүрген көрінеді. Сексеуіл мен қызыл түзгенге пеш тез қызады деп мақтанды әлгі қатын.

Дьяков осында келгелі отын артқан түйелерін көшеде жетелеп жүрген қазақтарды көретін. «Мынау бір ойланатын жай екен»,— деп түйді ішінен. Қала іргесінде қоныс тепкен қазақ ауылдарына Еламанды жіберіп алғаны жөн. Күн көрісі нашар үйлерге қыстық отын түсіріп берсек те осал болмас еді. Бір есептен бұның халық пен халықтың арасын жақындата түсетін жақсы дел-дал болуы да мүмкін.

Басы қатты ауырған Дьяков жиналыстың ақырғы жағына әзер шыдады. Кетіп қалуға қатындардан қысылды. Осы отырған қатындардың үйінде үйелмелі-сүйелмелі балалары бар. Үй шаруасынан ақ иық болған пақырлар енді қазір әскерге кеткен ер-азаматтарының орнында таңның атысы, күннің батысы салпылдап жұмыс істеп жүр. Бөліп берер көмегі болмаса да, бұл пақырлардың жүдеу көңілін сылапсипап жібергісі келді. Олар да тілеулес дос пейілін тапқанға мәз. Үйлеріндегі кішкентай жас балалары мен ертең тағы елең-алаңда жұмысқа баратыны есінен шығып, түннің бір уақытына дейін әрнәрсені бір әңгімелеп кетті.

Дьяков құлап қалатындай қорқып, сыртқа шыққан бойда Селивановты қолтығынан ұстады. Дала тастай қараңғы екен. Күндізгі сұйық сұр бұлт қазір тұтасып, көк жүзін қымтап алған. Әншейінде аспанға сыймай быжынап тұратын жұлдыздар көзін тас қып жұмып алғандай.

— Маған ренжіп қалған жоқсың ба? — деді Дьяков.

— Неге?

— Отын жөнінде... сені тыңдамай...

— Онда тұрған не бар... Біз Мюлгаузен екеуміз шиедей боп қалатынбыз.

— Иә, ол жігіт көңілге қарап жатпайтын. Бір есептен соныкі дұрыс. Бірақ... Ол менің қолымнан келмейді. Кісі көңілін ойлаймын деп, сірә бара-бара секемшіл боп кетпесем қайтсін. Ал, сау бол, мен енді полкке кеттім

— Жоқ, жоқ, Петр Яковлевич, сізді жібермеймін. Бізге барып, қонақ боп кетіңіз.

— Шын айтасың ба?

— Иә, шын болғанда қандай. Шай берем. Басқа бұйырғанын барғасын көрерміз.

— Жүр, ендеше! — деп Дьяков аяқ астынан жадырады. Жаңа ғана тұла бойын басып келе жатқан ұйқы да шайдай ашылып кетті. Селивановты өзіне қарай қынулап тарта түсіп,— мен қонаққа бармағалы қай заман. Он жылдан анық асты. Ол, ол ма, адамға ұқсап көңірсіген от басында күңкіл-шүңкілдесіп әңгімелесіп отырып ас ішпегелі де көп боптыау,— деп өз-өзінен қиялданып келе жатты. Дьяков көңілденген сайын Селиванов қысыла бастады. «Осы үйде не бар еді?» — деп ойлады. Қонаққа лайық астың реті жоқ сияқты. Рас, азғантай ұн бар. О да қажет кезінде нан пісіретін кісі болмаған соң сыртынан ұн бұрқырап тұратын ақ шыт қалта түбінде жататын. Сонан соң қағазға ораған қос уыстай тұз бар. Бір жерде селедканың кеуде жағы жатқан секілді еді. Сонан соң не бар еді?

Бұлар от жағылмаған мұздай үйге кірді. Үй іші тастай қараңғы екен. Селиванов қонағының алдына түсіп қараңғыда сипалап жүріп шелекте тұрған суды төгіп алды. Селиванов үркіп қап кейін қарай жалт бергенде, артында тұрған орындықты құлатты. Онан маңдайын қол жуғышқа соғып ап, тастай қараңғы үйдің іші салдыр-күлдір болды.

— Бәрекелде. Қонаққа шақырғаныңа болайын,— деп Дьяков мәз боп күліп жатыр.

Селивановтың өзі де мәз. Тағы бірдеңені бүлдіріп алмау үшін ол енді соқыр кісіше қолын ілгері созып, сақтанып ақырын-ақырын қозғалды. Кенет алдын сипалаған қолының ұшына іздеген нәрсесі ілікті. Бұған екеуі бірдей қуанып, қаумақылдасып жүріп шам жақты.

Дьяков қасында тұрған орындыққа бөксе басты.

— Жә, Петр Яковлевич, бұныңызға жол болсын? Қонақ болғаныңызбен бұл үйде қолың қимылдаса ғана аузың қимылдайды,— деді Селиванов.

— Көріп отырмын.

— От жағыңыз, ал мен еденді жуып тастаймын.

— Ой, қу бала-ай! Қонақ қып сыйлайды екен десем, мені әдейі жұмсауға әкелген екенсің ғой.

Бұл екеуі қалжыңдасып күліп жүріп үй ішін жинады, от жақты, еденді жуды, шай қайнатты. Селивановтан көрі Дьяков үй жұмысына ұсынақты боп шықты. Және жан-тәнін сала істеді. Бірақ ас-су ішіп денесі жылығаннан кейін бағанағы ұйқы бойын қайта қысты. Кірпігі-кірпігіне ілініп көзі жұмылып бара жатты. Осылай отырып ұйықтап кететін еді; осы кезде есіне Еламан түсіп: «Жігіттерін орналастырды ма екен?» — деп ойлады.

Қасына орындығын жақындатып отырған Селивановты сезбеді. Селивановтың көлденеңінен ұзақ қадалған аяныштты көзін де сезген жоқ. Кішкентай қағылез денесі орындыққа шөгіп кеткен. Кету керек екенін білсе де, ол, бірақ қалжыраған бойын қозғауға ерінді. Әрі-беріден кейін ұйқы мен ояу арасында ақылы шатаса бастады.

— Петр Яковлевич, жатыңыз,— деді Селиванов.

— А-а?

— Төсек салып берейін.

— Жоқ, жоқ, рақмет! Кетем.

— Кеш қой.

— Оқасы жоқ,— деп Дьяков аузын алақанымен басып есінеп алды. Сонан соң ертеден бері көтертпей отырған зіп-зілдей басын қатты сілкіп қалды. Ұйқы қысып, топырақ түскендей түйнеп отырған көзін ашып алса да, қарсы алдында тұрған шам сәулесі қарып, қолымен көлегейлей қойды.

— Петр Яковлевич...

— А?

— Өміріңіз қиын болған шығар, ә?

— Темекің жоқ па?

— Сізге шегуге болмайды ғой.

— Иә, солай. Маған шегуге болмайды. Сағат қанша болды екен?

— Екі.

— Қой, кетейін.

— Сізді шығарып салайын.

— Жоқ, жоқ, қайтесің,— деп Дьяков бетін ары бұрып, тағы да алақанымен аузын басып ұзақ-ұзақ есінеді. Сонан соң Селиванов әзірлеп ұстап тұрған шинелін көрмей, ұйқы қысып жасаураған қып-қызыл көзімен үй ішіне айнала қарап шықты.— Осы менің...

— Шинеліңіз бе?

— Иә. Қайда шештім екен?

— Менде. Келіңіз!

Дьяков шинелін киді. Сыртынан белбеуін байлады. Әрдайым оң жақ мықынын басып, салбырап төмен түсіп кете беретін кабур ішіндегі зілдей наганды ауырсынғандай ақырын көтеріп қойды. Сонан соң сыртқа шықпай-ақ, осы арада, іште тұрғанда қоштасқысы кеп Селивановқа бұрыла берді де, оның өңінен аяныштың анық ізін көрді. Оның жаңағы сауалы есіне түсті. Қалжыраған өңіне күлкі тепсінді.

Ему судьба готовила
Век краткий, имя славное,
Чахотку и Сибирь!

— Иә, бауырым, біздің ұрпақтың үлесіне тиген сыбағасы осы,— деп Дьяков жаңа ғана от жағып, ас пісірген жігіттің ып-ыстық қолын қысты да, шығып кетті.

XV

Дьяков командирлерге даярланыңдар аттанамыз деп әмір берді. Командирлер үнсіз құптап, жүгіре жөнелді. Бірде-бір жан қайда аттанамыз деп сұраған жоқ. Күн санап жағдайдың қиындап бара жатқаны бұларға аян. Кейінгі кезде майдан хабары бұндағы кісілердің көңілін жүдетіп тастады. Чехословакия корпусы басып алған бүтіл Сібірді алғашқы кезде Директория басқарып еді, қазір үкімет басына Колчакты отырғызды. Бір адамның басына нешетүрлі айбарлы лауазымның бәрін үйіп-төгіп жатыр. Одақтас елдер қолдаған Колчактың қарулы күші қазір бүтіл Сібір мен Шығысты қолына алып, жас Республиканың алқымына пышағын таяп тұр. Жалғыз Колчак болса бір сәрі. Қазір шамасы келсе Совет өкіметін тірілей түтіп жегілері кеп, жан-жақтан ауыз сап жатқан жаулар қанша. Ел басына күн туғанда ішкі жаулар да найзасы шошаңдап, о жер, бұ жерден бас көтере бастады. Бұл кезде ең арғы жағы байшыл ұлтшылдарға дейін әр қораның түбінен шәу-шәу үріп жатқан шақ.

Халық аш. Халық жалаңаш. Байлар мен кулактар егін мол шыққан жерлердің астығын сатып алып, астыртын ақтарға жөнелтіп жатты. Қызылдар бұны кейін білді. Дьяков бүгін азанда Түркстан армиясының штабынан құпия телеграмма алды. Онда: кулактар енді Жем бойының астығын (екі миллион пұттан астам астықты) сатып алып, жергілікті халықты аш қалдырды деп хабарлапты. Кулактардың қолындағы астықты дереу қайтарып алмаса халық би-

ыл аштан қырылады. Демек Түркстан армиясы да қатты күйзелетін еді.

Дьяков бұның бәрі атаман Дутовтың астыртын істеп жатқан әрекеті екенін білді. Бұлардың ашықтан-ашық көрініп кеп, қотанына тиіп тұрған әзір осы Дутов. Патша тақтан тайып, Уақытша үкімет құлағаннан кейінгі аумалы-төкпелі заманда ел билеп қалуға құмартқан есек-дәмелілер көбейіп жатыр. Ғайыптан тайып басына бақ қонып, бір түнде Юлий Цезарь боп шығуды аңсамай жүрген кемде-кем. Талай ала аяқ тақ пен тәжді арман етіп жыртық жабықтан аспандағы айға қол созып жатты. Атаққа құмартпайтын кісі жоқ. Ең арғы жағы патша тәжін соққан ұстаның да оңаша-оңашада алтын тәжді басына киіп көріп, өзін патша боп қалғандай сезінуі ықтимал.

Дьяков патша тақтан құлаған кезде Орта Азияның шалғай түкпірінде айдауда жүрді. Патша құлаған хабардың өзі бұларға жуық арада жете қоймап еді. Қазір ойлап қараса құлаған тақ қираған кеме сияқты екен. Құлаған тақ маңында да қарап боп су түбіне кетіп бара жатқан кісілер. Бұнда да уысынан шығып бара жатқан тірлікке жармасып жанталасқан қарбалас. Өз басына зобалаң туғанда кешегі өздерінің жанына теңгерген патша ағзамы мен тәжді, тақты, бүтіл бар қара орманды тастай-тастай қашқан алтын ық төрелер, бай-бағыландар, дәурені өткен мырзалар, әскерінен айрылған тұл генералдар, тұл офицерлер астанадан Орынборға ағылып жатты.

Бұл күнде бәрінің бағы қайтқан. Бәрі де баяғы аруағынан айрылған. Кешегі тасы өрге домалап тұрған кезде осы Дутов сияқты ондаған атаман қанатының астына сыйып кеткендей құдіретті кісілер, енді бұл күнде Орынбор атаманынан өздері пана іздеп, оның казачий шапанының қойны-қонышына кіріп бара жатты .

Дутов дәуірлеп тұр. Ірге тасы — ақ офицерлер. Қала берді юнкерлер мен кадеттер. Ал арқа тірер күші — Орынбор мен Орал, Троицкі атты казактары. Патша құлағаннан кейін ол Орынборға атты казактар полкін топтап, нығайып алды.

Дьяков осында келгесін білді: бұл өңірге атты казактар алғаш рет 1755 жылы ірге теуіпті. Сол баяғы генерал-губернатор Неплюев заманынан бастап бұл өлкенің мал баққан көшпелі халқын қойдай қырып патша ағзамына найзаның ұшы, қылыштың жүзімен бағындырып берген осылар. Онан берегірек келген соң бұлардың қылышы Орал, Орынбор, Орск жұмысшыларының төбесінде жар-

қылдады. Қысқасы: атты казактар қай кезден-ақ ақ патшаның шынжырдағы иті еді. Патша айтақтаған жерде үрмей қалған кезі жоқ.

Патша құлағаннан кейін де Орынбор, Орал атты казактары кез келген есалаң, әулекі ақ генералдардың айтағына еріп, екі қолы Совет өкіметінің жағасынан кетпеді. Ал Антанта айдап салған ақ генералдар: Деникин, Корнилов, Колчактар кезек-кезек қолына от ала ұмтылып жатты. Ақ генералдардың ішіндегі ең бір айлалы, жымысқы әккісі атаман Дутов еді.

Октябрь төңкерісінен кейін патшаның жоғын жоқтап шыға келген көп генералдан Орынбор атаманының бір артықшылығы бар: Орынбор атаманы өзге генералдардай бүтін Ресей қамын ойлағансып құлашты кең сілтеген жоқ. Өзгелерге ұқсап ол өзін Верховный Правитель деп, премьер-министр деп атамады. Не әлде Директория деп атап дабыра да салмады. Өзі қожалық жүргізген жерді Кумуч деп, Республика деп атамағаны да белгілі. Дутовта қуыршақ министрлер де болған жоқ. Бұл оның аз сыбағаға ырза болғаны, қанағатшылдығы емес. Кішіпейілділігі, сүйегіне біткен сыпайылығы да емес-ті. Асылы Орынбор атаманы өз шамасын жақсы білді.

Сондықтан да ол бар күшін топтап жиып ап, бір жағына үзілді-кесілді шығайыншы деген оймен бетпе-бет кеп белдесіп соғысқа түспеді. Әрдайым ұрланып кеп, тұтқиыл тиіп жүрген-ді. Сол жымысқы атаман енді қазір тағы бір әккі қулыққа басып, аш елдің азын-аулақ астығын сатып алып жүр.

Осы хабарды алған бойда коммунистер полкі Жем бойынан шықты. Бұнда келген бойда Дьяков коммунистер полкін бірнеше ұсақ отрядке бөліп, Жем бойына қаптатып жіберді. Қастарына жергілікті жердің кедейлерін қосып беріп, қаскүнем кулактардың тығып тастаған астықтарын індетіп тапқызып алып жатты. Екі күннің ішінде бұлар ол астықты мықты күзетпен Түркстан Армиясының штабына жөнелтіп жіберді. Осы екі арада ақтар да жан-жақтан күш жинап, Жем бойына топтанып жатты. Оны Дьяков та білді. Бұндағы жағдайды дереу дивизия штабына хабарлап көмекке әскер жіберуін сұрап еді. Хан-Дауров бұларға Жасағанбергеннің отряды баратының хабарлады.

Дьяков Жасағанбергенді көрген емес. Бірақ осы жігітті Мюлгаузен жек көріп, атын есітсе ызалана бастайтын. «Жарайды, келсін, танысармыз»,— деп ойлады Дьяков. Ташкент отряды келгенше бірер сағат көз іліндіріп алғысы

келді. Штаб орналасқан вагонге міне бергенде, кенет ол қалжыраған әлсіз бойынан күш кетіп, есік тұтқасынан ұстаған қолы жазылып бара жатқан сияқтанды. Сібірде жүргенде дәл осындай хал жиі болатын. Кей күні баракқа жете алмай, жарты жолға келгенде басы айналып тұрып қалатын. Осы қазір де ол вагонның басқышында көзін жұмып талықсып тұр. Кеудесі қысылды. Маңдайынан салқын тер білінді. Ол сәлден кейін бойын билеп вагонге кірді...

Кешке қарай барлаушылар оралып, осы маңға ақтар көп күш топтап жатқанын хабарлады. Астығынан айрылған ызалы кулактар да кісі-қара жинап, қаруланып жатыр деген соң Дьяков сақтана бастады. Өз ара ақылдасқаннан кейін қолда бар күшті темір жол бойына топтап жатқан-ды. Соның үстіне Жасағанбергеннің отряды келді. Бірақ олар коммунистер полкімен күш біріктіргісі келмегендей, ілгері озыңқырап барып өз алдына оқшау тоқтады.

Кешке қарай Дьяков Ташкент отрядының басшыларына барып қайтты. Жасағанберген жөнінде біраз естуі бар. «Бөрінің бөлтірігі» — деп Мюлгаузен жек көрсе де, осы жігіт жөнінде Еламаннан көп жылы сөз естіді: орысша оқыған. Бай ауылдың жас мырзасы. Үлкен ағасын он алтыншы жылы көтерілісшілер өлтірген. Ал кіші ағасы Тәңірберген мырза теңіз жағасын жайлаған жалпақ ел Жақайым ішінде ең малды, бақты, беделді кісі. Жасағанберген осы ағасымен қатты араздасып көрместей боп кетіпті. Еламанның айтуына қарағанда осы жігіт баяғы бір оқып жүрген кезінен бастап кедейлерге іші бұрып тұрады.

Жасағанберген шай алғызды.

— Сіздің полкта қазақ жігіттері бар көрінеді ғой? — деді ол әлденеге күлімсіреп.

— Иә, өз алдарына дербес бір рота.

— Командирі менің жерлесім. Екеуіміз бір ауылданбыз.

— Білем. Оның айтқаны бар-ды.

— Біздің үйдің жылқысын бақтым деп те айтқан болар?

— Обалына не керек, ол арасын айтқан жоқ еді.

Жасағанберген Дьяковке сенімсіздене қарады. Қан-сөлсіз жүдеу беті кенет әлденеге ду етіп қызара түсті де қайта бозарды. Дірілдеген саусақтарымен өңіріндегі түймелерін тартқылап, бір орында тақат тауып отыра алмай түрегеп кетті. Осыған дейін өзі көріп жүрген қазақтардан мына жас жігіттің бойында бір өзгешелік бар: талдырмаш денесіне ықшамдап тіккен әскери кнім құйылып қапты. Кісі өңіне оқта-текте сабырлы салмақпен сыр тарта қарап қалатын үлкен қара көзі, әдемі қыр мұрны, ат жақты ашаң жү-

зі, шынашағына алтын сақина салған салалы жіңішке сау-сақтарына дейін, осы аққұба әдемі жігіттің төре сүйек нәсілін анық танытқандай екен. Дьяков оның орыс тілін сонша-лық нақышына келтіріп таза сөйлегеніне таңданды.

— Қазақ аулының тірлігін сіз білмейсіз. Мәдениетті қауым алдында әрқашан бетімнің оты шығады,— деді Жасағанберген.

«Жап-жас басымен күйгелегін-ай»,— деп ойлады Дьяков. Болмашы нәрсеге осынша бүлінгеніне қайран. Осының бәрі ілелі сырқаттың салдары болар деп ойлады. Қошта-сар алдында Дьяков ақтарға қарсы күш косып әрекет етейік деп ұсыныс жасап еді; бірақ ол ыңғай бермеді. Дьяков қайталап айта берген соң ғана ол «көрерміз» дей сал-ды. «Неткен жан» — деп ойлады Дьяков. Пайдасы болмаса да қызылдардың қарасы көбейе бергені дұрыс. Жазатайым ақтар шабуылға шыға қалса, қасымызда тұрып қарап қал-мас деген үмітті ішіне түйіп қайтты.

Кеш түсісімен қалжыраған жауынгерлер қаруын құ-шақтап ұйықтап кетті. Дьяков күзетті күшейтті. Күзетші жауынгерлер болмаса сыртта өзінен басқа тірі жан жоқ. Айдаладағы разъездің азғана тұрғындары ас-суын қызыл іңірден ішіп, үйді-үйіне тығылып апты. Айсыз қараңғыда вагондар бір түрлі бітімі бұзылып қарауытып көрінеді. Қараңғыға қанша көз тіксе де өздерінен ілгері озып барып тоқтаған Ташкент отрядын көре алмады. Дәл бағанағыдай ол тағы да Жасағанбергеннің жап-жас басымен бұнша күйгелектігіне қайран. Осы жігітке деген арғы жағында аяныш та жоқ емес. Неге аяйтынын білмейді. Және бір таңқалғаны: Еламан осы жігітті сыртынан мақтаса да жа-ңа жолыққанда өліп-тірілген жоқ. Керек десе аман-түгел сұрасқаннан артық бір-біріне сөз тауып айта алмаған си-яқты. Неге бұлай? «Ай, адам арасы қиын-ау?»

Ол бағана мызғып алғанына дән ырза. Бойы сергек. Көңілі көтеріңкі. Түксиген қараңғы дүниеге көз тігіп, ши-рақ басып келеді. Мюлгаузеннің темір тәртібін қатты тұты-натын полк бүгінде қас қарайған бойда өзді-өзінің вагоны-на кіріп апты. Бар вагон үнсіз. Қайсы бірінен қорыл шыға-ды. Ұзын составтың бас жағындағы бір вагоннан ақырып әңгімелескен кісілердің күбір-күбір даусы естілген соң, Дьяков ішке басын сұқты. Сөз төркініне қарап мұндағы қазақ жігіттері екенін білді.

— Неге ұйықтамай жатырсыңдар?

— Ә, кәмсар! Кіріңіз!

Қазақ жігіттері темекі шекпейтін болғандықтан комиссар көбіне осылардың арасына кеп ұйықтайтын. Ығысып жол берген жігіттердің арасын сипалап жүріп, Еламанның қасына жақындады.

— Ақтар қайда? — деді Еламан.

— Сол иттер бір бүлікті бастамаса қайтсін.

— Бүгін түн бе?

— Кім білген. Көрініп келсе не арман бар.

— Иэ, олар тисе түнде ғана тиеді.

— Жігіттерің шаршаған болар. Әзір ұйықтай берсін. Күзетті күшейтіп келдім.

Аз үнсіздіктен кейін Дьяков қайта тіл қатып:

— Слушай, Еламан... теміржол асханасында істейтін әдемі келіншек кім? — деп еді.

Еламан дір ете қап:

— Оны қайтесің? — деді.

— Жоқ, жәй...

— Ол... менің бұрынғы әйелім.

Дьяков ыңғайсызданып қап, әңгіме бетін тез бұрғысы кеп еді, бірақ аузына сөз түспеді. Жаңағыдан кейін Еламан да,тырп етпей үнсіз жатты да, бір кезде Дьяковке қарай аударылып түсті.

— Судыр Ахмет деген сорлылау бір жерлесім бар еді... Сол бейшара із-түзсіз жоғалып кетіпті.

— Қалайша?

— Ел жағалап көп қыдыратын. Мен барда қатын-баланың қыстық азығын қамдаймын деп атына мініп, Шалқарға маңдай түзеп кеткен еді. Мен кеткесін көп ұзамай ауылға аты қайтып кепті. Ер-тұрманы, артына өңгерген ала қоржынына дейін аман дейді.

— Е, онда тірі шығар. Атынан айрылып қалған болар.

— Жоқ, ол аман емес. Бүтін ауылдың ер-азаматы түгел іздепті. Шалқарға дейінгі үш күншілік жердің сай-шұқырына дейін қарап шығыпты. Бейшараға адам қатарлы дұрыс ажалдың да бұйырмағанын қарасайшы.

— Жә, жә, қайғыра берме. Туу — ақиқат, өлім ақиқат. Бәріміз де өлеміз.

Қызыл вагонның іші тастай қараңғы. Қасында қатар жатқан кісі көрінбейді. Тек әр жерден қорылдаған дауыс естіледі. Сыртта жел көтеріліп кеткен сияқты. Дьяков іштегі, тыстағы дыбысқа құлағын тігіп, тың тыңдап жатты да, түрегелді. Тыныштығынан айрылып, тысқа шыққысы кеп ақырын жөнеле бергенде, Еламан қолынан ұстай алды.

— Қайда барасыз?

Еламанның алақаны тиген жер күйдіріп бара жатты. Кешеден бері осы жігіттің түсі кірмей кірбіиіп жүргені есіне түсті. Ол Еламанның басын ұстады.

— Ауырып жүрсің бе?

— Салқын тиді ғой деймін. Тұла бойым көтертпейді.

— Иә, қызуың мықты екен.

— Қайтер дейсің.

— Жоқ, сен енді қозғалма. Жат,— деді де, Дьяков ақырын басып сыртқа шықты. Қара суық жел қақап тұр екен. Дьяков жалма-жан шинель жағасын көтерді. Жан-жағына сергек қарап, құлағын тігіп келеді. Қанша қараса да бір жан көзіне түспеді. «Күзетшілер қайда?» — деп ойлап жүрегі мұп-мұздай боп кетті. Бір жауынгерді дереу Жасаганбергенге жүгіртті де, көзді ашып-жұмғандай уақыттың ішінде бүтіл полкты аяғынан тік тұрғызды. Осы екі арада Жасағанбергенге жіберген кісі оралып кеп, Ташкент отряды-ның зым-зия жоқ боп кеткенін хабарлады.

Дьяков бұның тегін емесін білді. Жағдайды анықтап қайтыңдар деп жан-жаққа барлаушылар жүгіртті. Ол әлі де болса күзетті күшейтіп, қауырт әзірлік жасап абыр-сабыр боп жатқанда, кенет әрегіректен мылтық атылды.

— Кім атқан? Жаңағы өзіміздің барлауға жіберген жігіттер емес пе екен? — деп жұрт елеңдесіп қалды.

Қараңғыда құйқылжыған кісілер. Тоң жерді топырлап басқан аяқтар. Сатыр-сұтыр оқталып жатқан мылтық. Эшелонның бас жағында отын сөндіріп мелшиіп қалған паровозға да кенет жан еніп ыстық буды будақ-будақ шығара бастады. Осы кезде шолғыншыға жіберген барлаушының бірі жүгіріп кеп:

— Комиссар қайда? Жау... ақ-тар...— деді де, сылқ етіп құлай кетті.

Дьяков басын сүйеді. Саусағының ұшына былжыраған бірдеңе тиді. Дьяков документін алайын деп қолын қойнына сұға берген-ді. Саусағының ұшы тағы да тап жаңағыдай былжыраған нәрсеге тиіп, қолын кейін тартып алды.

Дьяков жаудың жақын екенін білді. Өздері үшін осы қазір әр минуттың қымбат екенін көкірегі анық сезіп тұрса да ол асықпады. Қайта қауып-қатерді неғұрлым анық сезген сайын солғұрлым бар қимылы бір түрлі баяулап ауырлай түсті. Қолына жұққан қанды сүртікісі кеп маңайын сипады. Ыңғайлы ештеңе іліге қоймаған соң қолын шинелінің шалғайына сүртіп жатып «не істеу керек?» — деп ойлады. Бәсе, бұндайда командир не істеуге тиіс?

Дьяков біреулердің қараңдап жүгіріп келе жатқанын байқады. Олардың қандай оймен келе жатқанын сезгенде тағы да жаңағы сауал шаншудай қадалып: «не істеу керек?» — деп ойлады. Не істеу керек? Сібірде жүргенде бұларға Фрунзе келді. Айдауда жүрген саяси қылмысты кісілердің арасында астыртын құпия кружок ұйымдастырып бұларға соғыс ілімін үйреткені бар. Кейін бұлар оны «Фрунзенің астыртын әскери академиясы»,— деп атап кеткен-ді. Не істеу керек?

Үш-төрт кісі жүгіріп келді. Дьяков қараңғыдан Озинобиннің өңкиген ұзын бойын аңғарды.

— Комиссар, не істейміз? — деді ол.

— Өздерің... қалай ойлайсыңдар?

— Кету керек. Олардың күші басым.

— Иә, иә, кету керек.

Әлгі кісілердің ішінен біреу паровозға жүгірді. Іле-шала поезд ақырын жылжып қозғала берген-ді. Осы кезде бытырлап мылтық атылды. Оқтар тас бұршақтай жауып кетті. Гранаталар жарыла бастады. Кейінгі вагонға басакөктеп кіргісі келген казактар ат үстінде қиқулап, көпке дейін қаптадасып отырды.

Поезд қатты жүріп кетті. Бірақ атты казактар қалмай кейінгі вагонды шаужайлап шауып келе жатып, мылтықтан атқылай берді.

Екінші бөлім

I

Тәңірберген оянса таң жаңа атып келе жатыр екен Сібірлеген елең-алаң шақтағы сәулемен жасауға тірелген кең бөлме іші әжептәуір бозамықтанып, адалбақанға ілген жағалы киімдер мен есіктен төрге дейін төсеп тастаған түкті кілем, текемет бедерін бермен бере бастапты. Үйдің бір басына жиған жиһаз-жасаулардың төменгі жағында көк бас ер жатты. Мырза үй ішіндегі үйреншікті дүниелерге самарқау қарап жатып, көзі осы ерге түскенде: «Мен атқа мінгелі қай заман»,— деп ойлады. Биыл қыс үйден шықпай сары жамбас боп жатып алды.

Не қылса да биыл өзіне бірдеңе көрінді. Өзін қыс бойы ой қажап, моқап жүр. Соған жөнді себеп те жоқ. Былтыр күзде жағадағы елге Еламан кеп, жігіт жиып әкеткеннен бері мазасы болмады. Баяғыда қысы-жазы жылқыларын бағып жүргенде тиесілі еңбек ақысын дұрыс ала алмайтын жігіт еді, бүгінгі күні сол балықшылар аулында шіреніп жатып алып сәлемші арқылы ат сұратып жібергенде, өзінің қолқ етіп оп-оңай түсе қалғанына кейін қатты күйінді. Бәрінен бұрын бұлардың ендігі жерде сенен айылын да жимастан ойына не келсе соны істейтін дарқандығын сезді. Бүгін ықтияр-еркіңмен сұрап алса, ертең, күні ертең қораңа кіріп малы-жаныңды бұйдасынан тізіп әкетеді. Сонда сен не істейсің? Қай төреге барып шағынып, қай бинге жүгінесің?

Сол жолы Еламанның ізін ала Шалқарға барып, шаһардың бүгінгі тірлігінің бет алысын байқап қайтты. Бұрын сот дейсің бе, ояз начандігі дейсің бе-ау, бар шенеуніктің төрін кешіп араласа шығатын жігіт бұл жолы бір кеңсенің есігінен басын сұға алмады. Бұрынғы өзі білетін сарала ық төрелердің бөлмесінде түсі суық танымайтын кісілер отырды. Басшысынан кешесіне дейін үстіне былғары киіп, айқұш-ұйқыш қару асынып құрсанып апты. Олардың үстіне

кіруге бата алмаған соң, замана жайын сұрайын деп Теміркеге барып еді: татар байының екі ұрты солып, кішкентай тышқан көзі ін түбіне кіріп кетіпті. Бұны көргеннен-ақ аузын ашуға келтірместен қолын сілкілеп, зарлап қоя берді: «И-и, алла, сұрама, сұрама. Заман бұзылды, бит. Бұзылды, бұзылды!»

Сол жолы қаладан көңілі жүдеп қайтты. Сонан бастап бойы бұйығы тартып, бір батпан зіл еңсесін көтертпей бойын баса берді. Жан адамның жүзін көргісі келмеді. Ештеңеге зауқы шаппады. Ең арғысы ауыл адамы — ағайын, тума үстіне келе қалса да жыны құрысып, жылы бойына суық жел соққандай жиырыла қалатынды шығарды. Ал бұл ауылдың қысы-жазы үзілмейтін дағдылы қонақтарын бұрынғыдай дарқансыратып жібермей, келімсек көптің ішінен бірлі-жарым абыройлы, ажарлыларын ғана қабылдады. Қалған қыдырманы софы ағасына жіберіп, осы биыл ол қара сұр бәйбішенің үйінде оңашаланып жатып алды. Сырт көзге сыр бермегенсиді. Бірақ неғұрлым сырт өңі сұс жиып сазара түскен сайын, солғұрлым ішкі дүниесі ұйқытұйқы. Қалай болғанда да өзінің ежелгі бір тірі жаннан қымсынбайтын дағдылы тыныштығынан айрылып, осы күндері ол от басында, қатын, бала арасында ұсақ-түйекке ренжігіш, ызақор, ашушаң. Тәңірберген күрсінді.

— Мырза... ояу жатырсың ба?

Тәңірберген үндемеді. Қара сұр бәйбіше жасқаншақ күлкі білінген ернін қырқып тістеп алды да, қасында жатқан қатыгез күйеуіне имене қол салды:

— Әй... бері қарашы деймін...

Тұла бойы тоңазығандай, бұған созған қолында тоқтата алмаған діріл бар. Тершіген алақаны денесіне тигенде Тәңірберген тыжырына қап, қара сұр бәйбішенің сипалап келе жатқан қолын ығымен қағып тастады. «Осы-ақ күйлейді де жүреді екен. Ой, әтеңе нағлет доңыз».

Сықырлап есік ашылып, ішке малай қатын кірді. Аяғының ұшымен ақырын басып кеп кереуеттің аяқ жағында жатқан мырзаның етігін алды. Күндегі дағдысымен етікті ауызғы бөлмеге апарып тазалап әкеп, бұрынғы тұрған жеріне қойды да, артымен ақырын шығып кетті.

Тәңірберген от жаққа қарай аударылып түсті. Бірақ бұл жақта бұртиып жатқан қара сұр бәйбішені көрді. Сонан соң үстіндегі торғын көрпені аяқ жаққа қарай ызалана серпіп тастап атып түрегелді. Төсегінен созылып сыртқа көз салды. Жаңағы малай қатын жылытыратып тазалап әкеп қойған етікке аяғын сұғып жатты да, кенет өзінен-өзі мырс

етті. Ызалы өңінде ащы мысқыл тұрып қалды. Жылы төсектен шыққан бойы сырттың салқынын жақтырмай ығына жамылған жеңіл шапанның өңірін тез қаусырынып алды. Бай ауылдың малы өріске шығып ұзап кеткен. Әлі ұйқыдан оянбаған үйлердің терезе пердесі түрілмеген. Сыртта тірі жан жоқ. Тек малай қатындар ішке отын кіргізіп, күл шығарып, осыдан қашан ел тегіс жатып көздері ұйқыға кеткенше таусылмайтын өздерінің митыңдаған мігерсіз тірлігіне кірісіп кеткен.

Біз ештеңе түсінбейтін кеще болдық па? Не әлде заман түсініксіз боп бара ма? Жә, жарайды. Соңыра теңдік алсын, теңелсін делік. Сонда мына құлдардың бәрі шетінен төре, күңдер — ханша болғанда малды кім бағады, отты кім жағады, күлді кім шығарады? Мен бе? Менің бәйбішем бе? Тәңірберген тағы да мырс етті. Ызалы ұшқын лапылдаған ашулы көзін оңы мен солына жылдам тастап шолып өтті. Ақбауыр құмына арқасын тіреп отырған бай ауылдың бет алдында жалпақ қоңыр жал қысы-жазы көлбеп жататын. Бұл шақта тықыр көк тебіндеп қалған сол қоңыр жалдың қыр арқасын көкжиектен жаңа шығып келе жатқан күн сәулесі шалып, басқа жерден ерте бозамықтана бастапты. Осы қырқаның бергі, көлеңке жақ етегінде әлі де аппақ қар жатыр. Елең-алаң шақтағы малдар өріп кеткен ауыл үсті жым-жырт.

Тәңірберген софы ағасының жас тоқалына арнап салған еңселі биік үйдің іргесін ықтап өтті. Есігі жабық. Терезесі түсірулі. Ала мойнақтар үй алдында жатыр екен. Тұсынан өтіп бара жатқан Тәңірбергенге ірі төбеттер елең етіп басын көтеріп ап, жанары қып-қызыл көздерін суық тастады. Бірақ үрген жоқ. Осы үйдің кеш боталаған сары іңгені ғана үлкен қораның түп жағынан ыңырсыды. Жануар күндіз қасында болса да, кешке қарай түйеші шалдың ауызғы бөлмесіне алағын қазір қара құлақтанып қалған ботасын іздеп мазасызданады-ау! *Іштегі сезімді сыртына шығарып*, тілмен айта алмағаны болмаса, осы жануарлар жас төлін іздеп күңіренгенде адамнан бетер.

Тәңірберген төбесін күн шалған қыр басына шыға бергенде, дәл осы қырдың арғы жағынан екі салт атты жоғары көтеріліп келеді екен. Бұл ауылдың күтіп отырған кісісі жоқ еді; бұл кім болды екен деп Тәңірберген мезгілсіз уақытта суыт жүріп келе жатқан мына жолаушыларына таңдана қарады. «Ой, құдай-ай»,— деді Торшолақ баланы тақап келе бергенде ғана танып.

О да қыр басында тұрған Тәңірбергенді таныған сияқты. Етекке келе бергенде аттан түсті. Үсті-басын жөндеді. Қара тер атын тізгінінен жетелеп, қыр басына жаяу көтерілді. Жас жігіттің ілтипаты ішін жылытты білем, Тәңірберген жамырап сәлем беріп, қос қолымен қысып жалпылдап жатқан жолаушыларға жылы рай берді.

— А... сапар оң болсын.

— Әумин, Тәңірберген аға, бір асығыс шаруамен түн қатып келеміз...

— Е, не боп қалды, жай ма?

— Жақсылық хабар әкеле жатырмын. Құдай көктен тілегенді жерден берді. Бізге де күн туды.

— Күн... туды?!

— Я, Тәңір аға. Күн туды: Ақтөбеге ақтың әскері келді.

— Ақ болғанда... ол қай ақ? Мықтаса атаман Дутов шығар. Оның өзі үйге бөксесін тығып үрген ит сияқты маза алғаннан басқа бітірер дәнеңесі жоқ боп кетіп еді ғой.

— Жоқ, жоқ, бұлар басқа. Адмирал Колчактың әскері. Жер қайысады. Бүкіл Сібір соларда, қазір Орал тауын асып, әрі қарай шабуылдап барады. Осы жаз, құдай қаласа, Мәскеуді алып, бүкіл Ресейді большевиктерден тазартпақшы.

Тәңірберген шолақ танауы желпілдеп бара жатқан Торшолақ балаға сенімсіздене қарады. Колчак жайында бұдан бұрын да біреулерден есіткен. Оған шет елдер қару-жарақты ағыл-тегіл төгіп жатыр екен деген лақапты осы ауылдың үстінен өткен-кеткен қайдағы біреулер айтатын. Дуасыз ауыздан шыққан сөз болған соң, бірақ жас мырза солардың бірде-біріне сенбейтін. Ел арасының шұлғаудай шұбалып жүретін сүйретпе сөзі біткен бе?

— Сен не деп тұрсың, осы? — деп Тәңірберген енді Торшолақ балаға тіктеліп қарады.

Торшолақ баланың бүйректей бұлтиған беті мен құлағының ұшы қызарып кетті.

— Тәңір аға, шын айтам. Ақтөбеге келген ақтардың әскерін өз көзіммен көрдім. Сол өңірдің игі жақсылары артынып-тартынып барып жатыр. Қолбасшысы Чернов деген генерал.

— Апыр-ай, ә!

— Оны айтасыз ба, ақ патша тірі көрінеді.

— Ей, жарқыным, не деп тұрсың? Біздің күніміз батты деп жүр едік қой.

— Жоқ, Тәңір аға.

— Осыны мен де есіттім.

— Екатеринбургті алған Колчак әскері ақ патшаны да аман-есен босатыпты.

— Апыр-ай, ә! Періштенің құлағына шалынғай!

— Сонан соң, Тәңір аға, тағы бір жаңалық...

— Жә, жарқыным, жақсылықты тым көбейтіп жібердің. Осыны бойға сіңіріп алсақ та осал болмас,— деп Тәңірберген күлді де, қонақтарды үйіне ертіп әкелді. Көзді ашып-жұмғанша қой сойылды. Қазан көтерілді. Осындайда кісі ойын қасы мен қабағынан аңғарып, машықтанып қалған бай ауылдың жалақтаған жас қатындары қонақтар беті-қолын жуып төрге шығып отырам дегенше шай демдеп әкелді.

Шай үстінде Тәңірберген сөз қашыртпады. Көптен бергі өзінің жабырқау ойлы қалпын бұзбай қонақтардың кесесін алып беріп «іш», «же» деп отырған. Жұрт шайға қанып дастарқан жинала бергенде, бұл Торшолақ балаға бұрылды. Торшолақ бала жастыққа жантая берген-ді. Мырзаның тіл қататын сыңайын байқап кеудесін көтеріп алды.

— Сен, осы жаңа «артынып-тартынып» дедің бе? — деді Тәңірберген.

— А?.. Я, я, артынып-тартынып барып жатыр.

— Олар кімдер?

— Игі жақсылар. Ана жағы Жем, Жайық бойы мен мына жағы Ырғыз, Торғай өлкесінің игі жақсылары Ақтөбеге жиналып, қазақ жеріне кірген ақтарды құттықтап жатыр.

— Құр сөз бе, жоқ әлде ақтарға көрсетіп жатқан басқа да көмектері бар ма?

— Бар, бар..

— Я?

— Өздеріңдей игі жақсылар малдарын үйір-үйірімен айдап апарып жатыр. Ал татар байлары мен орыс байлары қаржы жинап дегендей...

— Е-е, ақыл кіре бастады де! — деп Теңірберген мырс етті де, тәкаппар сұлу жүзі қайтадан сүп-сүр боп сыздап ала қойды. Сонан кейін ол үндемеді. Шай ішілді. Ет желінді. Ұзақ жолдан шаршап келген қонақтарға сыртқа төсек салынды. Ертеңіне жас мырза төсектен тұра сала шұғыл шаруа қамына кірісіп, өзіне қарасты ағайын-тумасын жинап алды. Бірақ олардың ешқайсысымен ақылдасып жатқан жоқ. Үнсіз әмір тыңдап үйреніп қалған ағайын-тумасына үйлеріңді жық, жайлауға көшеміз деп бұл жолы да ол шешім мен кесімін бір-ақ айтты. Аспанның ала бұлттанып тұрған жайсыздығына қарамастан жас мырзадан әмір алған мал-жанды ауыл сол күні ұбап-шұбап көшіп кетті. Тә-

ңірберген тағы да бір жаңға ақылдаспастан сенімді екі жігітті ел орынға тегіс отырған кезде, Ақтөбеге аттандырып жіберді. Астарында қыстан қоңды шыққан бір-бір мықты ат. Жетекке алған бір-бір қосары тағы бар. Екі жігітті ауыл шетіне шығарып салып тұрып жас мырза: «Атты аямаңдар. Зорығып өлсе орнын толтырам. Мына Торшолақ бала тым тасыртып жіберді. Соның сөзінің түбін тексеріп, рас-өтірігін анықтап қайтыңдар!» — деп әмір етті.

Торшолақ бала жайлауда отырған жалпақ елді аралап кетті. Мұнда келгендегі мақсатын ашып айтпап еді, бірақ ел аралап жүрген жігіттің соңынан көз тігіп отырған Тәңірберген оның әр қадамын біліп отырды. Торшолақ бала түбектегі ауылдың осы өңірдегі игі жақсыларын жиып алды. Осы өңірдің бетке шығар ақсақал, қарасақалдарының басын қосып отырып, оларға Чернов деген генералдың көп әскерімен қазақ жеріне кіргенін айтты. Дінсіз кәпірлерге қарсы күресетін күн туды деп исі мұсылманның аруағын қоздырып тебірентіп апты да, сөзінің соңын өзінің шаруасына сайыпты. Қызылдарға қарсы күресу үшін Алашорда партиясы жер-жерден жігіт жинап жатыр. Пайғамбардың жасыл туы астына алаш әскеріп топтап, кәпірде кеткен есеміз, қорланған арымыз үшін, масқара болған дініміз үшін ғазабат соғысын ашамыз. Соған ат, қару-жасақ, киім-кешек керек деп, ел арасына жылу жинап кеткен көрінеді. Әншейінде басы бірікпейтін байлар, билер, атқамінерлер осы жолы Торшолақ баланың сөзіне иланып, үйір-үйір қойлармен бірге ірі қараларды да мұрнынан тізіп беріпті. Ақша да аз жиналмаған сияқты.

Тәңірберген мұртынан күліп жатыр. Аты Алашордаға деп жиналса да, бұның бәрі келешекте Торшолақ баланың қалтасына түскен тегін олжа. Қазақ сорлының малы ілгергі уақытта да талай ала аяқтың жетегінде кетпес дейсің.

Жарты айдың жүзі ауа бергенде Ақтөбеге жіберген екі жігіт оралды. Тәңірберген олармен оңаша отырып сөйлесті. Жас мырзаның қоспа сөзді сүймейтініне сыр мінез жігіттер осы жолдан өз көзімен көргендерін ғана айтты. Колчак әскері Ақтөбені алды деген бекер. Бірақ оның есесіне, Чернов деген Колчак генералының жер қайысқан көп әскері Орскіні алып, қазір қазақ жеріне кіріп келе жатыр.

Осы күннің кешіне қарай Тәңірбергеннің үйіне Торшолақ бала кеп түсті. Жас мырза бұл жолы оған рай берген жоқ. Қонақ асылары да ажарлы болмады. Ертеңіне жас мырза күндегіден көрі ерте тұрды. Шай-су ішкен соң сырт-

қа шығып, атқосшы жігітке әмір берді. Тәңірбергеннің айтуы бойынша өрісте жүрген жылқы ішінен жүз атты іріктеп айдап әкеп, ауыл шетіне ніріп тастады. Қыстай мінілмеген ақ аргымаққа күміс ер-тұрман салды. Ақ аргымақты бір қосшы жігіт қосарына алды. Тәңірберген туған-туыскандарының біріне тіс жарып әңгіме айтпады. Тек бәйбішесіне ғана «бір ай шамасында қайтып оралармын,»— деді де, қасына он шақты жігіт ертіп жүріп кетті.

Жас мырза жүрер алдында Торшолақ баланы үй сыртына оңашалап алып шықты.

— Ақтөбеге барам,— деді ол.

— Сапарыңыз оң болсын, Тәңір аға!

— Әуелі байқап көрем. Сен айтқандай мына Колчак қолынан іс келетін кісі болса, өзге жұртты білмеймін, ал өз басым қорадағы малымды мұрнынан тізіп берем.

— Тәңір аға-ай... черт побери, қазақтың иті жақсыларының бәрі сіздей болса...

— Жә! Сен, кәне, өз жөніңді ұқтыршы. Бұнда не істемексің?

Торшолақ бала қипалақтап қалды. Іле-шала ол өзінше жөн тапқан болып, қазақ жеріне кірген Колчак әскері жөнінде халық арасында үгіт-насихат жүргізем деді. Тәңірбергеннің салқын қабақ астынан сенімсіздене қарап тұрғанын байқап, Торшолақ бала қызарып кетті. Қысылғанда көзін қайда қашырарын білмей, қипалақтап тұрды да:

— Мырза,— деді күлімсіреп,— іниіздің жайын есіттіңіз бе?

Тәңірберген тіксініп қалды. Тірі жанға тіс жарып айтпаса да, Жасағанберген жайы қатты ойландырып жүр еді.

— Жасанжан шіріген жұмыртқа болды. Қызылдардың жағына шығып кетті,— деді Торшолақ бала.

«Е, қайда жүрсе де аман жүрсе болғаны» — деп ойлады мырза. Осыдан кейін ол Торшолақ бала жетелеген әңгімеге аяғын баспады. Жасағанбергеннің ешкіммен ақылдаспастан қызылдар жағына өтіп кеткенін естіген. Көп ұзамай інісінің Ташкент теміржолшыларының қарулы жасағына командир боп тағайындалғанынан да хабардар еді, Ол, бірақ інісінің бұл жолға не біліп түскенінен бейхабар. Жөнін ұқтырмайтын жаңа заманның бұ да бір өзі біле бермейтін оқыс қылығы болар деп ойлап қойған-ды.

Сәл үнсіздіктен кейін жас мырза:

— Тіл білесің. Бізбен еріп жүрсейші,— деп қайта жабысты.

— Әрине... сізбен барған,.. Сізбен жүруге өзім де құштармын. Тек, қайдан білейін... Сыртта ұзақ жүріп туған жерді сағынып дегендей...

— Е, ендеше дегендей, мауқыңды бас,— деді де, жас мырза атын тебініп қап, ілгері ұзап кеткен жігіттерінің соңынан шаба жөнелді.

II

Балалы әйелдің ұйқысы сергек; ал қойнына жігіт алған келіншектің сергектігіне жан тең келмейтін еді. Көктем таңы тақау қалғанын байқаған Торшолақ бала иығына басын салып ұйықтап жатқан келіншектің төсегінен білдірмей кеткісі келсе де, Алдаберген софының ақ тоқалы оянып кетті. Таң алдындағы тәтті ұйқы тұла бойын буған келіншек аузын алақанымен басып есінеді. Көктем исін үй ішінен де анық сезіп, «көзі ұйқыда, көңілі мас» қозғалмай жатыр. Киіз үйдің іші тастай қараңғы. Түндігі түсірулі. Есігі жабық. Тым-тырыс үй ішінде біреу ысылдап-пысылдап бөлек кереуеттен түсе берді. Келіншек ұйқылы көзімен күлімсіреді:

— Кетіп барасың ба?

— Ие-е...

— Неге асықтың?

— Өзің білесің ғой. Таң...

— Келші.

Жігіт ізінше кері қайтып, бөлек кереуетте жатқан әйелге созылып ернімен ернін іздей берген-ді. Жұп-жұмыр білек мойнына оратылып жыландай сығып қысып ала қойды. Қос бұрымы тарқатылып кеткен екен. Келіншек құшақтағанда қалың шашы бұның бетіне төгіліп, жас әйел жатқан төсектің ер кісілер құмартып тұратын ерекше исі де тұтқындап барады. Іркілген сайын басын айналдырып бойын алып бара жатқан соң Торшолақ бала басын сілкіп қалды. Таңның таяу екенін айтып, ыстық құшақтан әзер-әзер босады. Қараңғыда қалай жүрерін білмей тұрды да, кенет іргені жағалап есікке қарай қозғалды. Есікті жамылып тұрып сыртқа басын сұғып, әуелі жан-жағына көз тастап өтті. Таң алдындағы дала жым-жырт. Тірі жанның жоғына көзі жеткен соң аяғын мысықша ұрлап басып, үй сыртына қарай тартты. Көрші үйден қорыл шығады. Торшолақ бала күлімсіреді. Әлгідей емес, жүрегі орнына түскен соң, ол енді ақырын қозғалып ауыл шетіне қарай ұзап кетіп барады.

Маңайда дым дыбыс жоқ. Жан-жануар уыз ұйқы құшағында рақатқа шомып кеткен. Қара аспан қашықтап кеңейе

түсіпті. Жұлдыздар сиреген. Торшолақ бала төбе басына шыққасын кейінгі жағына бұрылып, кең жазыққа көсіле қонған бай ауылды бір шолып өтті. Көкке тойған малдар қыбыр етпейді. Сиырлар желі басында бір бүйіріне жамбастап, бей-жай күйіс қайырады. Жақында қонған көгал жерден неше түрлі өсімдіктің жұпар иісі аңқып, мұрнын жарып барады. Жас жігіт солардың ішіне көк майқара жусан иісін анық айырып, кеудесін керіп қуана дем алып тұр. Жұлдыздар сөніп біткен, аспан әлгіден де гөрі ақшыл тартып, алыс-жақындағы жерлердің дидарын анық таныта бастады. Бір кезде ауыл сыртындағы шілікті жыра бойынан шегіртке шырылдады. Даусы талып, демі үзіле бергені сол еді, Торшолақ баланың нақ қасынан, қол созымдай ғана жердегі ақ шидің арасынан басқа шегіртке шырылдап, бір-біріне таң сәріден дыбыс беріп өздерінің болымсыз тірлігін білдіріп жатыр. Жас жігіт алаулаған ыстық денесін таң самалына төсеп, бір сәт бойы сергіп қуана күлімсіреп тұр. Кенет, шапшаң қимылмен қақпа шекпенді иығынан сыпырып тастап, салқын көкке бауырын басып жата кетті. «Асығатын не бар... Бәсе! Азар болса бір күн кеш барармын»,— деп ойлады. Мына бір таптырмайтын ақылдың басына келгеніне қуанғандай, ақырын езу тартты.

Бүлінер іске адамның өзі бас болады: егер, ол бүгін ел аралап, шаруасын шаруалап кеткенде — қасқыр да тоқ, қой да аман еді, таң самалында көк майқара жусанға бір аунап көңілі өсіп тұрған жігіт бүгінгі татқан ләззатын осымен тыйып тастағысы келмеді Ел аралап қыдырып жүрген софыны бүгін-ертең келе қоймас деп ойлаған жігіт бұл ауылда тағы бір күнге ерулеп қалды. Ал, ауыл үйдің өсегі ұры иттей сұғанақ. Ертеңіне ошақ басына от алуға келген қатын әкетеді. Онан желі басында шұрқырасқан, суға барған қатындар бірінің аузынан бірі қағып алып, аяқ жетер жерге асырып жатады. Ең арғы жағы төркіндеп жүрген қатын екеш қатын да өзінің қонған, түстенген үйіне шала тастап бықсытып кетеді. Ол шаланы сол ауылдың әр қатыны бір үрлеп, ақыры ғаламат өртке айналып, кесапаты кеселдіге тиіп, біреу өледі не мертігеді. Торшолақ бала мен ақ тоқалдың өсегі де ел ішіне алдақашан әйгіленіп, гу-гулеп жатқанды. Ол екеуінің ашына екенін бес жасар балаға дейін білді. Бұл өңірдегі барша жұрт білетінін тек бұл екеуі ғана сезбеді. Сондықтан ол екеуінің ендігі ісі соқыр кісінің ұрлығындай болып бара жатты. Жігіт пен келіншек неғұрлым басқан ізін білдірмеуге тырысқан сайын, солғұрлым айналада-

ғы жұрт бәрін көріп, бәрін біліп сыртынан беттеріне түкіріп отырды. Бірсыпыра жұрт:

— Кәрі шалға тиген қыршын жаста не сын бар. Белінің күші, бетінің ажары тұрғанда теңін іздейді де, пақыр. Төрде жатқан қонақ от жағынан қол салып, көрпе астында қол қысса да жас кеуіл бір өсіп, жапырағын жайып марқайып қалмай ма? — деп топшылап, ақ тоқалдың жеңіл жүрісін салауат көреді.

Қайсы біреулер кәрі софыны жерлейді:

— Қызыл иек шалдың қызымен жасты қызға үйленгенін айтам-ау! Ол қақбастың өзіне де осы керек! — деп кәрі софыны табалап жатса, басқа біреулер мына жатқан Торшолақ баланы тілдейді:

— О, сормаңдай!.. Ол сормаңдайдың жүріп-жүріп кеп, ақыры салпы етек сайқалға тап болғанын қарасайшы.

— Беу, адам-ау! Осы ауылда не көп, қыз көп емес пе? Көшкен ауылдың жұртында қыз ұмыт қалып жатқан жоқ па?

— Беу, алда-ай! Адам азайын десе қойсайшы. Қайдағы бір сайқалдың етегіне шырмалып, бұл пақырдың басына сонша не күн туып барады екен.

— Әй, құдай-ай! Біреудің қаңсығы біреуге таңсық емес пе. Еркек шіркіннің қай оңғаны бар. Әйтпесе, сақалы тер сасыған кәрі софы жайлаған жұртта не қасиет қалды дейсің,— деп алып қаштысы көп ел іші гу-гулеп, ду-дулап жатты.

Осы сыпсың кәрі софының құлағына шалынғалы алдақашан. Көптен бері ел арасында шұбатылып жүрген сүйретпе сөзді естісе де, ескермеген боп ішінен тынып жүрген-ді. Көрші ауылдан күндіз қонақ асын жеп алған софы алдын кештете атқа қонды. Ел жатар кезде ауыл шетіне тоқтады. Көгі қалың сай бойына атын тұсап жіберді де, үн-түнсіз үйіне кеп төсегіне жатып алды. Тоқалын тысқа шығармай, ірге жағына алып жатты. Торшолақ бала бұнан мүлде үш-төрт күннен бері бейхабар.

Дәм татып, кәнігіленіп алған жігіт ел теріс ұйқыға кеткен кезде тысқа шықты. Бұл ауылдың иті оған үйренген. Тайыншадай төбеттер үйдің іргесінен түрегеп жетіп келді де, «ой, сен екенсің ғой» — деп кешірім өтінгендей, құйрығын былғап қала берді. Торшолақ бала софы үйінің алдына кеп, жан-жағына көз тастап алды. Тыста тірі жан жоқ; тек бұлт арасынан жарқырап шыға келген айдың қиық шетіне қарап, көктен де өзіне ұрлықтас біреу тапқанына мәз болғандай жымиып күлімсіреді де, сып беріп ішке кірді.

Түндігі түсірулі үй тастай қараңғы болса да, кейінгі күндері машықтанып алған өзінің күндегі дағдысы бойынша әуелі қараңғыға көзін тігіп, үңіле қарап алды.

— Қайдасың?

Кәрі софы тоқалдың аузын алақанымен баса қалды. «Үндемесең үндеме. Қазір, бәлем, қолыма түсерсің»,— деп ойлады да, Торшолақ бала өзі білетін оң жақтағы шымылдық тұтқан биік кереуетке қарай қозғалды. Қолын солай қарай созып, аяғын мысықша басып келеді. Күні ұзын келіншектің ыстық құшағын аңсаған жігіт ел жатқанша шыдамай, жаны қыдырып ішке кіріп-шыға берген-ді. Жас тоқал жатқан кереуетке қарай бет қойғанда жүрегі дүрсілдеп кетті. Қыз көрпесін алғаш рет ашқалы тұрған бала жігіттей тақат-сабыры таусылып бар тілегі, бар жаны, жүрегімен беріліп, құлап бара жатты; сақтық та ойынан шығып, ыстық жалынмен ұмтылып келе беріп еді. Ілгері созған қолының саусағы жібек шымылдыққа тие бергенде арғы жағынан біреу бұның білегінен шап беріп ұстай алды. Торшолақ бала бұлқынып көріп еді... болар бейбақ емес, әлдекімнің күмпиген жуан саусақтары бұның қолының сүйегін сырқыратып сығып барады. Сөйткенше болмай:

— Әй, қатын... шам жақ! — деп бұйырды.

Малы қолына тиген софы асықпады. Ақырын төсектен түсті. Қараңғыда үйіне ұрланып келген кісіден кімсің деп жөн сұраған жоқ; ұрысып сөкпеді де: оны жас балаша бір қолымен көйлегінің жағасынан қылғындырып ұстап алды да, төсектен әлі тұра қоймаған тоқалына бұрылды. Ертеден бері бос сақтап жүрген екінші қолымен көрпе астында үнтүнсіз жатқан тоқалды бір жұлқып, төсектен жалп еткізді:

— Жақ шамды.

Софы шам жаққасын да асықпады. Кәнігі боп қалған қанды қол қасапшы сияқты, қолға алған ісін бабына келтіріп, бар кәдесімен асықпай-саспай істегісі келгендей. Торшолақ балаға әлі тіл қатқан жоқ; түріне қарамады да. Кісі назар аударуға тұрмайтын әншейін болмашы ғана бірдеңедей, өзі барған жаққа оны да дырылдатып сүйреп апарып жүр. Оны бағана бір рет алқымынан қылғындырып ұстап еді; маңжамды шеңгелі сонысынан енді қайтып жазылар емес. Софы бір қолымен есікті іштен бекітіп алды. Сонан кейін төсек үстінен бір-екі жастықты жерге құлата-құлата сап, құйрығының астына басып алды. Сонан соң ғана Торшолақ баланы алқымынан қылғындырып ұстап жүрген қолымен төмен қарай нұқып қап, от басына жалп еткізді. Тырп еткізбеді. Торшолақ бала күлге түбін тығып

қойған қара құманның қатарында үні шықпай қыр-қыр етіп қозғала алмай отыр. Софының жардай ірі денесінің қасында өзінің жас балаға ұқсап қалғанын көргенде ол тіпті тірліктен күдер үзді. Софы ашуланған кісі секілді емес, сыртында зәр жоқ; оған алғаш рет көз тастағанда ғана кәрі софының қабарған жалпақ бетіндегі тал-тал қылдар тікірейіп кетті.

— Ә, сұмырай!.. Жаныңды алайын ба? — деп ананың тамағынан қылғындырып алған темірдей шеңгелін сыға түсті. Торшолақ бала қырылдай бастады. Жайшылықта онсыз да сыздап, дертіп жүретін беті, дәл алқымынан сыққанда қанға тойған қандаладай қызыл қоңыр тартып, быртиып ісіп, көзінің алдындағы күлтілдек қалың етке көзілдірігі кіріп кетті. Оның осы түріне софы жиіркенішпен қарады. Кенет, осындай жиіркенішті хайуанның ақ некелі төсегін ластағаны есіне түскенде, зығырданы қайнап:

— Ә, пәруәрдігер!.. Бұ батшағардың бас-аяғы бір-ақ тұтам! Апыр-ау, бұл бетбақтың айғырлығының қаттысын қайтерсің,— деді.

— Ақса-қа-а-а-а... кісің!...

— Не дейді, әй мына бетбақ?

— Кісіні қор-қор...ла...

— Сен бе кісі?

— Тіл ти-гізбеңіз...

— Ал, тіл тигізсем не істейсің?

— Ша-ғынам...

Бетін көк шулан сақал басқан қалың қабақ, қалың етті еңгезердей ірі шал қап-қара боп түтігіп кетті. Ызаға булыққаны сонша, ол енді ентігіп, теріге жаққан идей майлы тер семіз бетіне шып-шып шықты.

— Ә, залым! Сазайыңды берейін... Сенен келген керді кейін көрермін.

Софы жайғасып отырды. Сонан соң Торшолақ баланы бір қолымен тапжылтпай басып отырған күйі өзінің шоқпардай жұдырығымен асықпай-саспай басқа, көзге дәлдеп былш-былш ұра бастады. Ақ тоқал үнсіз. Үрейлі қара көзінде аяныш жасы дірілдеп, ернін қырқып тістеп алған. Алдаберген софы «бұл батшағардың енді қай жеріне ұрсам екен» — деп ойлағандай, Торшолақ баланың бас-аяғына қарап алды. Оның шам сәулесімен жылтылдаған көзілдірігіне көзі түскенде бар пәле дәл осыдан болғандай-ақ:

— Ә, батшағар!..— деп зекіп, бажырайған көзіне былш еткізіп қойып жіберді. Көзілдіріктің күл-талқаны шықты. Көзі алдында күлтілдеп тұрған майды шыны тіліп, қан сау

етті. Торшолақ баланың көзі қарауытып кетті. Софы оны сонда да босатпай, қолы ауырғасын, енді бір уақыт жығып салып аяғымен теуіп іші-сыртын бірдей қылды. Әбден есінен танып жығылғасын жағасынан сүйреп, сыртқа шығарып есік алдында жатқан ала мойнақтардың итаяғының жанына тастады. Сол түні Алдаберген софы ақ тоқалды да көк ала торғайдай ғып, аулы айналдыра қуып жүріп сабап, Кішіқұм бойындағы төркін жұртына қуып жіберді.

III

Мырза бір топ жігітпен ілгері ұзап кетті. Жылқы айдағандар олардың қарасын бірде көрсе де, көбіне көз жазып қалады. Ондайда әлі де көктем ылғалы дегди қоймаған ақ кіршілдек құм бетінде жосылып жатқан ат ізінен көз айырмайды.

Екінші күні қас қарая бұлар Шалқарға жақындады. Мидай жазық далада анда-санда бір ұшырасып отыратын қыркаға көтерілген сайын ілгергі жақтарынан көз ұшынан қала шамдары жыбырлап қоя береді. Жылқы айдаған жігіттер «қалаға тоқтайтын шығармыз» — деп ойлаған-ды. Тәңірберген ол үмітті де тез үзді. Шалқарға соқпайтын сырт жолға түсіп ап тұп-тура Ақтөбеге тартты. Мырзаның күндіз жатып, түнде жүретін әдеті болушы еді; осы бүгінде түнгі салқынмен жол өндіріп тастамақшы-ау деп ойлады қосшылары. Шетке шашау шығармай, бас-аяғын жиып айдаған жылқылар мынау айсыз қараңғыда бұлтылдаған жондары тұтасып жайындай қарауытып келеді. Пыр-пыр пысқырады. Тастақ жерге келгенде қатты жүрген көп жылқының тұяғы дүбірлеп кетеді. Жігіттер үнсіз. Құрығын қарына іліп алған. Таң алдындағы тәтті ұйқы осы қазір бұлардың бәрін қалжыратып, белі талып, тақымы босап, ат үстінде былқ-сылқ етіп қалғи бастаған-ды. Қалай болғанын өздері де байқамай қалды. Осыған дейін ақырын басып келе жатқан астарындағы аттар кенет осқырып кілт тоқтады. Қапы қалған жігіттер кеудесіне түскен басын көтеріп алса, қарсы алдында мылтығын төсеп біреулер тұр. Бұлар есін жиям дегенше әлгі кісілер қолындағы қаруын жұлып-жұлып ап, тілге келместен ат тізгініне жармасты. Араларында сөз болған жоқ. Қолға түскендерге қоқан-лоқы көрсетпестен ың-шыңсыз ат басын кейін бұрды.

Тәңірберген әдепкіде жол тонаушы ұры ма деп қалғанды. Енді байқаса мыналардың жөні басқа. Басқа бір жаққа бұрылмастан тұп-тура қалаға әкеле жатқанын байқаған

соң, әлгі күдігінен тез айныды. Қолға түсірген жылқыларды Шалқар көлінің жағасындағы қалың қамысқа кіргізіп жіберді. Сонан соң тұтқындаған кісілерді ортаға алып сыдыра шоқытып отырып қалаға кірді. Бұл бір жұрт үйқыдан ояна қоймаған елең-алаң шақ еді; Тәңірберген алды-артынан қаумалап келе жатқан кісілерге көз қиығын тастады. Қару асынғандары болмаса киімдері қарадүрсін, қала кедейлері киетін киім. Көбі орыс. Арасындағы бір-жар қазағы да бұл танымайтын біреулер. «Осы кім?» — деп ойлап, ол ертеден бері бір кісінің бетін көруге құштар боп келеді. Ол, бірақ соңынан ерген үнсіз топтың алдына түсіп ап әудем жерде күрең атты сыдыртты да отырды. Жол бойы артына бұрылып қараған жоқ. Басында шошақ шлем. Қаптамында қылыш. Екі жауырыны қақпақтай жігіттің ірі денесіне қарағанда, қайта сұр шинельдің жағасынан қылқиып шыққан мойны жіңішке, салалы ірі денесіне үстіндегі шинелі де тар. Әсіресе қамшы ұстаған қолының бір тұтамдай білегі сыртқа шығып сыйдиып кетіпті. Киімге көзі қырағы мырза мына шинельдің бұған басқа біреудің иығынан ауысқанын біліп келеді. «Кім болды екен?» — деген ой қос үрей көңілін күпті қылды да тұрды. Жан-жағына мойын бұрып қарамаса да, өзі жақсы білетін кішкентай қаланың көшелері мен үйлерін көз қиығымен бағып келеді. Күрең атты жым-жырт көшемен сыдыртып отырып Теміркенің көк дүкенінің арғы жағындағы есік алдына күзет қойған екі қабат үйдің кең ауласына кірді. Осы арада ғана Тәңірберген көңіліндегі күдігін анықтады. Осыған дейін ол нығыз отырған. Кім де болсаң кейін тілдесерсің, дерекке келерсің, аты-жөнімізді білген соң бәлкім босатып қоя берер деген арғы жағында әлсіз үміт болатын. Күрең аттының кім екенін білгеннен кейін көңілі суып сала берді. Қасындағы қосшыларының қайта-қайта жалтақтап қараған назарын байқады. Тәңірберген оларға көз салмауға тырысты. «Итіміздің қырын жүгіріп тұрған кезі ғой. Қалай бассам да қадамым қатеге ұшырайды»,— деп түйді де, осыдан кейін ол бір жанға түсін бермей сазарып алды. Қора ішінде толып жүрген қарулы кісілерге де назар салмады.

— Қамаңдар мыналарды! — деді күрең атты. Штабқа қарай кетіп бара жатып.

Есік алдында бұған Дьяков кездесті:

— Ал, қалай?..

— Әкелдік.

— Ешкім көрмеді ме? Көзге түскен жоқсыңдар ма, әйтеуір?

— Жоқ.

— Олардың жақсы болған екен. Ал енді ішке жүр. Сөйлеселік.

Отряд командирінің кабинеті баяғы Мюлгаузен бардағыдан құттай да өзгермеген. Салмақ түссе сықыр етіп зарлап қоя беретін шегесі босаған орындықтар. Төрде арбиған нән стол. Еламан стол шетіне шынтағын сүйеп Дьяковке бір қырын отыр. Ішке кіргелі өзіне барлай қарап отырған комиссарға бұл әлі назар аударған жоқ.

— Жерлесіңмен сөйлестің бе? — деді Дьяков.

— Біздің сөзіміз баяғыда біткен...

— Бұларды қайтеміз?

— Білмеймін. Өзің шеш.

— Маған бір ой кеп отыр.

Еламан енжар бір күйде комиссардың сырт жағындағы терезеге көз сап отырған. Терезе алдындағы тұла бойы көк жапыраққа толған бәйтерек күн шығар алдындағы самал желге қырын шайқалып, ауыр бойы ырғалып тұр Әйнектің арғы жағынан судырлаған жапырақ үні естіледі.

— Колчак әскері қазақ жеріне кірді. «Түстік Армия» деп аталатын мол күш. Естуімше аэропланы, танкісі бар. Қолбасшысы Чернов деген генерал. Колчактың ең талантты, тәжірибелі генералы,— деді Дьяков.

Еламан әңгіме беті басқа жаққа ауғанын байқады. Және өзі жөндеп білмейтін тосын әңгіме болған соң, ол енді ықылас қойып тыңдады.

— Бұлар атаман Дутов емес. Нағыз қырғын соғыс енді болады. Соған әзірленуіміз керек.

— Әрине, қапы қалмау керек қой.

— Дұрыс айтасың. Әрекет істеуіміз керек. Сен генерал Черновқа барсаң деймін...

Еламан күлді.

— Шын айтам. Үстіңе мырзаның кимін ки. Қасыңа отрядтағы қазақтардан он шақты жігіт ал.

Еламан әлі де болса бұның ойын екенін, әлде шын екенін біле алмай отыр.

— Генералға сыйлық тарт. Қазақ жеріне кіргендеріңе қуаныштымыз де. Жылы сөзіңмен алдап іші-бауырына кіріп ал да, ал өзің осы барған сапарыңда қазақ жеріне кірген жау әскерлерінің күш-құрамы мен қару-жарағын біліп қайт. Бұның соңырағы күні бізге үлкен пайдасы болады,

Еламан түрегелді. Сол күні ол қас қарая бергенде күрең атқа Тәңірбергеннің ерін салды. Бүтіл отрядта Петр Дьяковтан басқа бір жанға жөн-жосығын сездірмеді. Сұраған-

дарға болмашы бірдеңені сылтауратып айта сап, құпия сапарға аттанғалы үзеңгіге аяғын жаңа сала берген-ді. Есік алдында тұрған күзетші Еламанға дауыстап сыртта бір әйел келіп тұрғанын хабарлады. Еламанның ат шоқтығына жармасқан қолы мен үзеңгіге салған аяғының буын-буыны дірілдеп қоя берді. «Сол, сол! Анық сол!» — деді ішінен. Еламанның бұл қалада онан басқа білетін әйелі жоқ. Жүрегінің дәл бұлайша кенеттен қатты соғып кеткені де тегін емес. Айтса да осы әйелмен кездесетінін және таяу арадағы күндердің бірінде кездесетінін білді. Осы жолы оның өзі іздеп келетінін де іші сезіп жүрген-ді.

Еламан әзір тұрған жігіттерін ілгері оздырып жіберді де күрең атты жетелеп қақпаға жүрді. Күзетші қолындағы әлсіз фонарь жарығынан Ақбала өңі бозғылданып жүдеу көрінді. Көшеде кездесіп қалғанда амандық-саулық сұрасқаны болмаса, Кенжекейге үйленгеннен бері бұрынғыдай іздеп барып жүрген жоқ-ты. Күн санап екеуінің аралары үнсіз суып бара жатқанын іштері сезетін.

— Амансың ба, Ақбала!

Ақбала қобалжу көңілін билеп сәл кідіріп тұрды да, әкесінің ауырып қалғанын айтты. Елден келген қалашыларға ілесіп осы қазір жүріп барам деді.

— Алда пақыр-ай, қашан ауырыпты?

— Білмедім.

— Сырқаты... қалай екен?

— Бұрын өмірі ауырмаған кісі ғой. Қатты жығылса керек.

Еламан бірдеңе деп міңгірледі. Бұнан кейін не деудің есебін таба алмай Ақбаланың алдында қипақтап қысыла бастады. Ақбала соны сезді білем, тез қоштасты. Еламан есін жиям дегенше, келіншек кербез бойын қымсынбай ұстап қараңғы көшеге сіңіп бара жатты. Жаңа қоштасар жерде күшпен тежеп қалған ызалы жас, үлкен қара көзінен ырши жаздап кірпігінде дірілдеп қалды. «Сенің әкеңнің ауру-сырқауы кімге керек. Неге келдім?» — деп ойлап, өзіне-өзі ызалана бастады.

Қалашылар қала шетінде иіріліп тұр екен. Ақбала жетекке бос алған жазылы түйеге отырды. Астына төрт бүктеп салған қалың көрпе жап-жайлы. «Иә, құдай, жолымды оңғара көр»,— деді ішінен. Үнсіз көш ырғалақтап тартып кетті. Бірінің бұйдасын бірінің артына байлаған түйелер жалғыз аяқ жолға түсіп ап тырнадай тізіліп келеді. Түн ортасы аумай бұлар Ұлықұмды қысқа мойыннан кесіп өтті. Жүк артқан түйелер сусылдақ құмға кірген соң аяқ алы-

сы ауырлап ыңырайып әрең қозғалып келеді. Ақбаланың тынышы кете бастады. Ауру әкесін қайта-қайта есіне алып, көзі тірісінде бақылдасып қоштаса алам ба, жоқ па деп мазасы кетіп отыр. Бір кезде қалашылар таусылмастай көрінген салқар құмның шетіне шықты. Бұлардың алдынан тағы да жусанды жазық дала басталды. Ақ ауыз атанға мінген арық кісі қалашылар көшін бастап келе жатқан-ды. Ұлы-құмды кесіп өтіп қатқыл жолға түскен бойда ол тағы да көлігін қынулап жедел жүріп кетті. «Осыдан танбаса жарар еді-ау»,— деп ойлады Ақбала. Қосүрей, қобалжу көңіл біраз саябыр-шыдам тауып тыныштала бергені сол еді, ол кенет дәл әкесінше ызалана мырс етті. Несіне іздеп бардым. Керегі қанша еді, сені кәйтсін, сенің ауру әкеңді кәйтсін ол. Қазір үстінде үйі, қойнында жары бар, сенен оты, суы, тірлігі, тілегі басқа; біреудің қайғысына біреудің қабырғасы қайысушы ма еді. Осыдан кейін Ақбаланың өңі суық тартып, түйе үстінде тіктеліп отырды. Айнала төңірегіне көз тастады. Көктем айының қысқа таңы таяу. Елсіз дала жым-жырт. Қыр үстінің көңіл ашар қоңыр желі өзінің осы бір кездегі дағдылы машығымен таң алдына тақай бергенде шұғыл салқындап, шымыр тартып бара жатты. Денесі тоңазыған соң Ақбала ығына шапан жамылды. Толық ай төбеге келіпті. Айнала төңірек сүттей аппақ. Жазық даладан жалғыз қадақ бұталар ұшырасады. Кейде олар көз ұшында көп боп шоғырланып, осынау аппақ сүттей ай сәулесінің астында андыздап түнгі салқынмен ел шетіне шығып жайылып жүрген қара-құралар тәрізденіп келеді. Ақ ауыз атанның үстіндегі кісі кеш алдында үн-түнсіз. Қалған қалашылар онан кейініректе әр түйенің үстінде бір-бірден отыр. Көш басындағы ұзын қарадан басқасын таң алдындағы тәтті ұйқы қинап бастағы былғақтай бастаған-ды. Кенет бір қалашы ән шырқады. Әуелі, ол Ақбала жақсы көретін «Қарғашты» бастады. Жым-жырт түнде тосын шыққасын ба, қалғып келе жатқан қалашылар селк етіп басын көтеріп алды. Ал дәнеңеге түсінбеген әңгүдік түйелер әдепкіде үркектеп жол қаптасына қарады. Ақбаланың да ұйқысы шайдай ашылды. Жас жігіт даусы «ә» дегенде ала қашқан аттай шырқай жөнелсе де, бірте-бірте баяулап көкірегі толы сыр мен жырды мына қасындағы қалғып-шұлғып келе жатқан қалашыларға шерткендей, жайма-шуақ сазға көшті. Осы әнді баяғы қыз кезінде ауыл сыртында алты бақан теуіп тұрып Ақбаланың өзі де дәл осылай көмеймен созып қоңырлап баяу ғана айтатын.

«Ой, Қарғаш, сен кәйтесің мен дегенде.

Боламын мен сергелдең сен дегенде»,— деп ол, әсіресе осы бір жолдарға жанын салып, іштей үздігіп тұрып айтқанда, жүректегі бар жалынын бүтіндей бір адамға арнап айтатын. Ақбаланың көңілі қайда бұрып тұрғанын құрбы қыздардың бәрі білетін. Олардың білетінін Ақбала да сезетін. Бай ауылдың бұлғақтаған жас мырзасына ынтық көңілін ол, бірақ сол жылдары, құдайдан да, адамнан да жасырған емес-ті. Сөйткен жігіттен не опа тапты. Құшағындағы балаңды шырылдатып тартып алды да, өзіңді өлмесең тұрма деп тентіретіп қуып жіберді. Ақбала күрсінді. Тағы да көңілі босап бара жатқанын байқап: «маған не болды» — деп, таңданды.

Қалашы жігіт келесі жолы Батақтың Сарысы мен Мұхиттың әндерін шырқады. Осыған дейінгі қоңыр сазды әндерді қоя салып күтпеген жерден ащы даусын көкке шаншылтып Мұхит пен Сарыға алма-кезек шырқап-шырқап алды да, қолмен үзгендей кілт тоқтады. Айлы түн қайта жым-жырт. Қалашылар түйе үстінде қарауытып, ілгерілі-кейінді итініп келеді. Таң алдының салқын желі шұғыл қатайды. Ақбала ыққа қарай бұрылып, шапанының өңірін қаусырынып алды. Ішінен әлгі әннің тоқтап қалғанына қынжылып отыр еді, қалашы жігіт бұлар күтпеген тосын бір әнді аңырата жөнелді. Ән аты — «Әлима». Қатал әкенің қалауымен кәрі шалға қырық қараға сатылған қыздың ат жетпес, атан жетпес жерге ұзатылып кетіп бара жатып артында қалған ел-жұртымен қоштасқан зары. «Ә» дегеннен-ақ удай ащы тырнақ, Ақбаланың ішін осып-осып алды. Қалашы жігіт сарнатқан мына мұңды әндегі Әлима да бұның дәл өзіндей бақыты ашылмаған мұңдық сорлы. Жас жүрегі шершеменге толы. Қыз жанының қай жерін басса да Ақбаланың қасіретке толы көкірегі қарс айырылып аңырап қоя береді. Ақбала мына әнді қанша тыңдаса да, Әлима қыз аузымен айтылған бар зар бұның өз жүрегін жарып шығып жатқандай. «Кезінде көл шайқаған Әлима едім ..» Құрысын, айтатын несі бар, қысқа өмір ит жыртқан қара терідей ырым-жырым боп өтті ғой. Кезінде қай қыз көл шайқамады дейсің: Қимылсыз көзінен бір түйір жас мөлт етіп тамып кетті. Оны бірақ Ақбала байқаған да, білген де жоқ.

Таң алдында қалашы көші шілікті сайдың бойына тоқтады. Түйе белінен жүк түсірді. Ұйқы қалжыратқан кісілер сай бойының тықыр көгіне шекпенін жайып ұзыннан сұлап жата-жата кетті. Сол бойда қор ете қалды. Тек жалғыз Ақбала көз ілмеді. Әкесі бұрын-соңды ауырмаған-ды. Мына кісілердің айтуына қарағанда, бірден қатты жығы-

лыпты. Және бір дегеннен Ақбаланы іздепті. Тез алғыз деп кемпіріне әмір берген көрінеді. Ақбала жол бойы жүрегі сезген бір жамандықтан шошып келеді. Бәрінен бұрын қатал әкенің осы кезге дейін түсін көрмек түгіл, от басында атын ауызға алғызбай қойған қызын ауырған бойда іздеу салғаны тегін емес сияқты.

Ақбала хабар тиген бойда тез жиналды. Темір жол асханасында жұмыс істегеннен бері тірнектеп жиған тиын-тебені болатын. Және өзімен бірге істейтін орыс қатындары орталарынан ақша жинап берді. Ақбала әке-шешесіне шай, *шекер, көйлек-көншек алды. Көз ашқалы көні ағармаған* әкесінің мына жаңа заманда да қоң жия алмағанын қатынаған кісілерден естіп жүретін.

Ақбала асыға бастады. Қалашылардың тұрғысы келмегеніне қарамай жұлқылап оятты. Қара шәйнекке шай қайнатып, қаладан алып шыққан ас-суын алдарына қойды. Тең-тең жүкті түйеге қайта артып күн қызбай тұрғанда жүріп кетті. Әкесін көзі тірісінде көрсем болар еді деп ойлап, жол бойы бір тілек үстінде түсі боп-боз болды да отырды. Ұзақ жолдың үшінші күніне қарағанда осы өңірді жайлаған ауылдың баңғыда Бөбекті ұзататын жұртында, Жаман Боташтың арқа жақ бетінде отырған Сүйеу ауылының шетіне ілікті. Кедей ауылдың бір үйір қойы төбе астындағы тепсеңде кішкентай ауыздары әзер-әзер ілігетін қырбық көкті қуалап жайылып жүр екен.

Ақбала қой шетінде жүрген қойшы баладан әкесінің халін сұрап еді. Әкеңнің әлі ақыл-есі дұрыс, көңілін сұрай келген кісілерді таниды деген соң, Ақбаланың жүрегі орнына түсті. Бұл кіргенде Сүйеу қарт биік жастыққа жаурынын сүйеп, үлкен қырлы мұрны қатты қусырылып екі иінінен ентіге дем ап жатыр екен. Сүйеу қарт ауырғаннан бері бұл үйде бірде-бір жан даусын көтеріп сөйлемей, кірген-шыққанның бәрі аяғын ұшынан басып жүретін. Енді қазір ауру баққан үйдің көптен бергі дағдылы тыныштығын бұзып, жібек көйлегінің етегі дүркіреп сүріне-қабына кіріп келе жатқан мына кісінің басқа ешкім де емес, өзінің төсек тартып жатқаннан бері ішінен үнсіз сарылып күткен, сабыршыдамын, тақатын тауысып күткен қызы... жан дегенде жалғыз қызы екенін білді. Басын жастықтан көтерейін деп еді, оған бірақ кеудесі қысылып бара жатқан соң, өзінің әлсіздігіне ыза боп ақ кірпігін шұғыл серпіп қалды. Көп күннен бері жанары жуасып солғын тартқан көзі дәл осы қазір өзінің әдеттегі отты өткірлігін қайта тауып, ақ кірпік астынан ұшқын лыпылдап кетті. Әкесін көргенде Ақбала да

осыған дейінгі өзінің бетін қарып өртеп тұратын ұятты ұмытты. Осы қазір ол тек әл үстінде жатқан әкесін көрді. Басқа жұртқа қаһарлы, қатал болса да, бұның өзіне әркез оттай ыстық боп тұратын әке жүзінің әбден арығанын көрді. Әне бір ата-ана тілін алмай, ақ жолды аттап кеткеннен бергі екі арада өткен есепсіз көп уақытта көмескіленіп қалған әрбір әке мүшесін қайта көргенде, өзіне-өзі шамасы жетпей көңілі босап бара жатты.

Ішке асығыс кірсе де, әкесінің көзіне көзі түскенде бөгеліп қалды. Аяғын ақырын басып кеп, бөлек жастықтың жанына отырды. Екеуі де үндемеді. Ақбаланың соңын ала кірген ауыл адамдары ілгері озуға бата алмай, ніріліп есік алдында тұрып қалды. Осы ауылға келін боп түскелі артынан төркін жұрты қатынамай, ата-анасын сағынып жүрген жас келіншектер мен көңілшек кәрі қатындар әлден егіліп, жаулық шетімен ауыздарын басып тұр. Кейінгі жақтан бір қатын кеудесін кере күрсініп: «Аһ, қайтейін!» — деп қалды.

Сүйеу қарт ыстық алақанымен қызының қолын қысып алды. Ақбала солқылдап жылай берген соң Сүйеу қарт жұбатпақ боп күшін жинап көріп еді, оған, бірақ, өзінің де өксік қысқан кеудесі қатты қабынып демі жетпей бара жатты. Сонан соң ол ірге жаққа бетін бұрып тістеніп алды. Бірақ қызының қолын босатпады. Қолын сыртынан сипап отырып, кенет алақаны сары мүйізденіп қатайып кеткенін байқады. «Ай, айналайын-ай, саған да оңай боп жүрген жоқ екен ғой» — деп ойлады. Жүрегі дүрсілдеп, танауы бұрынғыдан да гөрі қаттырақ қусырылып шыңылтырланып бара жатты.

— Бар... бар. Шешеңе бара ғой енді,— деді Сүйеу қарт сыбырлап.

Сырқат шалдың қалауы бойынша тағы да келім-кетімге тыйым салды. Алыс жерден әдейі көңіл сұрай келген кәдірлес кісілер болмаса, ауыл арасы бұл күндері аяқ баспады. Сырқат шалдың хал-жайын сырттан біліп кетіп жүр. Сүйеу қарт қызы келгесін екі күндей беті бермен қарай түсті де, үшінші күні қайта жығылды. Қасына Ақбала келгенде ғана жүзін бұрады. Қалған уақытта басының астын биіктетіп іргеге қарап жатады. Сырқаты жанына батса да, дыбысын шығармай үнсіз тістеніп алады. Ондайда есіктен бас сұққан кісілер көзі ілініп кеткен деп ойлайды. Әкесінің қиналып жатқаны жалғыз Ақбалаға ғана аян. Ішке аяғын ұшынан басып кірген-шыққан сайын әкесінің қышыр-қы-

шыр басқан азу тісін есітеді. «Құдай-ай, жар бола көр. Шыбын жанын сақтай көр».

Осы күннің ертеңіне сырқат тағы да беті бермен қарады. Ақбала түнімен әкесін күзетіп шықты. Ол тек таң атып үй іші тегіс сәулелене бастағанда ғана әкесінің жастығының жанында жас балаға ұқсап бүрісіп жата кетті. Сонан қашан оянғанын білмейді, бір кезде көзін ашса, үй ішінде біреулер даусын көтермей күбір-күбір сөйлесіп отыр екен. Әкесі басын көтеріпті. Үстіндегі көрпенің бір шалғайымен Ақбаланы жауып тастапты.

Сүйеу қарт:

— Міне... енді алланың аманатын тапсырғалы...— дей түсті де, тоқтап қалды. Сыртқа шығармаған сырын шешіліп айтып бара жатқанын байқап, кенет ол тастай боп қатайып ала қойды. Ақбала «тәуір боп кетер» деп дәмеленді. Елге келгеннен бері алғаш рет осы қазір ғана кәдімгі көк бет қайсар әкенің қияңқы мінезін көріп еді.

IV

Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті. Ақтар әлі Ақтөбеге кірмепті. Қала маңындағы қызыл әскерлерде берекет қалмаған. Жақындап қалған ақтардан әлден үрейі ұшып абыр-сабыр боп әбігерге түсіп жатыр екен. Еламан мыналарда Колчактың Түстік Армиясына қарсы тұратын қауқар жоғын байқады. Жақындап қалған жаудың күш-құрамын анықтап білместен мыналар құр әшейін қарасынан үркіп жатқан сияқты. Дьяковтың алдын ала әрекет жасап жатқан себебін де ол енді түсінді.

Ақтөбеден ары шыққасын-ақ бұларға жау әскері жиі кездесе бастады. Жылқы айдаған қазақтарды жол бойы кез келген жерде тексере берген соң, Еламан шені жоғары бір офицерге өтініш айтып, қасына кісі қосқызып алды. Сонан кейін бұлардың көзі ашылды. Еламан ішіне түйіп келеді. Осыған дейін кездескен әскерлер Түстік Армияның ілгері оздырып жіберген шолғыншы топтары боп шықты. Ілгері басқан сайын ақ әскердің ауыр салмағы әлі де кейінде жатқанын сезе бастады. Қашан Түстік Армияның штабына жеткенше жол бойы жер қайысқан мың-мың қол. Кең даланың жүзін басқан әскерлердің ара-арасында атты арбалар ақырын жылжып өтеді. Олар біте бергенде лек-лек боп келе жатқан атты әскерлер көрінеді. Бір полкпен бір полктың арасын үзбей құйғытқан пулемет тачанкалары, оқ тиеген түйелер көш-көш. Жуық арада арты көрінетін түрі жоқ.

Неше түрлі қысқа өңеш, ұзын өңеш зеңбіректердің арасынан нар түйедей жоталанып алты дюймді ағылшын зеңбіректері өтіп жатыр. Осынша көп әскердің бәрі де Ақтөбеге қарай ағылып барады.

Еламан биылғы жылдың өздеріне шынында да қатты сын болғалы тұрғанын білді. Жанындағы жігіттер де алда тұрған қиындықты бар жанымен сезіп келе жатқан сияқты.

Әли қастарындағы ақ офицердің көзін ала бере Еламанға үзеңгі қағысып кеп·

— Елаға, мыналарды байқадыңыз ба? — деді.

Еламан осы жігітті жақсы көретін. Қандай ренжіп тұрған жағдайда да оның бетіне жел боп тимейтін. Оның албырттығын ұнатпаса да, өзін ұстап:

— Әли,— деді ақырын ғана,— сақтық жағын ойламасқа болмайды. Өзіміздің жігіттерге ескертіп қойшы. Ендігі жерде мені өз арамызда да «мырза» деп атасын.

Әлидің аққұба өңі қызарып кетті. Еламан енді жуып-шайып:

— Со шіркіннің киімін киіп, атын мінсем де атағы қонатын емес,— деп күлді.

Түстік Армия штабы қазақ жеріне ертеректе орналасып қалған орыс диханшыларының поселкесіне жайғасқан екен. Еламандардың айдап әкелген жүзден астам жылқысын қабылдап алды да, өздерін үлкен поселкенің шет жағындағы бір орыстың үйіне орналастырды. Бұлар үй жанына аттарын байлап, үсті-бастарының шаңын қағып, енді есік алдындағы қарағай құдықтың мұздай суына беті-қолын жуып жатқан үстіне бір жас майор келді. Қасында тілмаш.

— Салаумәлейкум, бауырлар,— деп тілмаш кеудесіне қолын салып басын иді. Ал майор әлі де болса балалық мінезі бастыға қоймаған жеңілтек болу керек. Құндыз бөрік киіп, мақпал бешпет сыртынан қызыл түрме белбеу буынған қазақ жігіттерін қылжақтап қайта-қайта иегімен нұсқап күліп келе жатқан-ды. Бұлардың қасына келгесін де ол күлкісін күшпен тежеп тұрып, жүз жылқы айдап әкелген қазақ байы, сірә, осы болар деген долбармен Еламанға қолын созып еді; ойлағандай, бірақ, Еламан елп ете қоймады. Су қолын әуелі Әли әзірлеп тұрған сүлгіге сүртті. Сонан соң ғана салмақты жүзін ақырын бұрып, қылжақбас жігіттің күтіп қалған қолын кешеуілдеп алды.

— Здравствуй.

— Oho-o!..

Еламан еді оған назар салмады. Күн қаққан өңін суық тартып ала қойды. Жаңа, мына ақ офицердің көзінше Әли

ығына жапқан қара мақпал шапанның жеңін кимей желбегей салып тұр: «Бұлар құрмет білдіріп жатып та қомсынған көңілін жасырмайды. Итіне дейін өзін сенен артық сезіп, мысқылын мұртының астына жасырып жүретінін кәйтерсің. Хайуан өңкей».

— Жылқыларды қабылдап алыңдар,— деді Еламан.

— Алған, берген жөнінде қағаз...

— Оның бізге қажеті жоқ. Бізді генерал қашан қабылдайды?

— Қолбасы сырқат. Салқын тиген. Тұмау... Тұмау дегенді түсінесің ғой?

— Ертең қабылдай ала ма?

— Менімше... қабылдауға тиіс. Ал, бүгін кешірім өтінеді.

Еламан басын изеді. Қылжақбас майор тілмәшін ертіп, тездеп басып кетіп бара жатты. Әлн мен Рза мәз боп күліп:

— Бәлем сазайын алды!

— Өзіне де сол керек.

— Жоқ-ау, тіпте... Бізді көрсе, бұл иттердің үстіне түйе кіргендей болатынын кәйтерсің?! — деді.

Еламан қазақ жеріне кірген жау әскерінің қарамынан жүрегі шошып тұр. Бұлармен соғыс оңай болмайды. Айлатәсілге салмасаң құр күшпен ала алмайсың. Ойы орайға келсе, осы жолы мыналардың бір мықты офицерін тұтқындап ала кетсем деп тұр. Сонда сыйға тартқан жүз жылқы мен күміс ер-тұрманды ақ арғымақтың өтеуі қайтар еді ғой.

Еламан ақырын басып ішке кірді. Алдына алжапқыш байлаған әдемі келіншек үй ортасындағы столға ас даярлап жатыр екен. Үстіне кірген Еламанға қызыл шыт кофтаны шіреп тұрған көгершін кеудесін бұрды. Кісі өңіне қымсынбай қарайтын үлкен көк көзін кірпік астынан қадап тура қарағанда Еламан қайда кетерін білмеді. Былайғы кезде де әйел алдына именшек жігіт қызарып кетті. Самай шашы ақ бурылданып қалған дап-дардай кісінің осынша ұялшақтығы қызық көрінді ме, келіншек езу тартып күлімсіреді де, арғы жағында ыдыс-аяқ салдырап жатқан ас үйге қарай жүре берді. «Қазақ әйелдеріне қарағанда осы шіркіндер дарқандау келеді-ау. Уыздай жап-жас басымен әкесіндей кісіге тиісіп тұрады»,— деп ойлады Еламан. Азды-көпті жасаған өмірінде өз тірлігі екі әйелге ғана жанасыпты. Оларға үйленген күнін есіне алды. Екеуі де ақ некелі төсек салынғасын жатар алдында шапанын басына жамылып тысқа шығып кетті. Сонан қашан таң атқанша үйге кірмей қой-

ған-ды. Кейін қанша бірге тұрғанда да өзі білетін осы екі әйелдің еркекке еті үйреніп әдептен аттағанын көрген емес. Тар төсекте қатар жатқанда да бет қарып тұратын қыз ұяты нәпсіге қатты тыйым салып тізгіндеп қала беретін.

Ертеңіне ол күнмен таласа түрегелді. Сыртқа шығып, есік алдындағы қарағай құдықтың мұп-мұздай суымен бетіқолын жуды. Бұлар ертеңгі асын аяқтап бола бергенде, кешегі жеңілтек майор жүгіріп кеп генерал шақырып жатыр деді. Еламан ежелгі бір мұсылман дәстүрімен ас соңынан бетін сипады да, жігіттерін ертіп тысқа шықты.

Генерал Чернов бұларды штаб орналасқан үлкен ақ үйдің алдында күтіп тұр екен. Еламанның көзі бір дегеннен қолбасыға түсті. Түрік жерінде бұл біраз орыс генералын көрген. Олар қырда жайылған дуадақтай көзге толық болатын. Және шетінен алтын иық, ажарлы еді. Ал, мынау ілмиген арық. Үстіндегі киімдері де күйсіз. Күнге күйіп бояуы оңып кеткен көнетоз китель кәрі генералдың арық денесіне қолпылдап тұр. Кірбиген көңілсіз түрінде осы өмірден тауы шағылып, моқаған жанның енжарлығы байқалады. Кешегі күні қылжақбас майордың қолбасыға Омбыдан салқын тиіп, тұмауратып қайтты дегені есіне түсті.

Еламанға қолбасының сабырлылығы ұнады. Сарала киімі шұбатылып келе жатқан дала қазақтарына ол өзгелердей сықақтап қарамай, ойлы көзін салмақпен тастап тұр. Еламанмен қол алысып амандасқан соң генерал қасында тұрған тілмашқа бұрылды:

— Мырзаның бізге сыйлаған аттарын көрдім. Өңшең жарамды, жақсы аттар екен. Колчак үкіметінің атынан алғыс айтам!

Татар тілмаш дереу қазақшаламақ боп шүлдірлеп келе жатыр еді, Еламан:

— Қажеті жоқ...— деп тыйып тастады.

— Мырза, орысша білетін болдыңыз ғой! — деді Чернов.

— Қалада жні болам. Орыс байларымен араласым бар.

— Ә, жақсы. Осы маңның бір жерінен келдіңіз бе?

— Біздің жеріміз бұл арадан алыста. Арал теңізінің жағасынан келдім.

— О-о, шынында да еңбегіңіз зор екен. Неше күн жүріп келдіңіз?

Еламан бұндай сұрақтың болатынын біліп, күні бұрын жауабын әзірлеп келген-ді. Бес күнде жеттік деді. Генерал өзіне сыйға тартқалы әкеп тұрған атқа бұрылды. Екі жігіт — Әли мен Рза ақ арғымақтың екі тізгінінен ұстап тұр,

Соның өзінде ауыздығын шайнап, кең танауы пыр-пыр етеді. Ұзын мойнын күдірейтіп аққудай ніп алған.

Еламан байқап тұр: генерал Черновтың көзі жайнап кетті. Қасындағы кісілердің асау аттан қорқып сақтандырғанына қарамастан, генерал ақ арғымақтың қасына барды.

— Генерал мырза, абайлаңыз! — деді офицерлер.

Чернов арғымақтың жалын ұстады. Сонан соң тып-тығыз тықыр түгін сипады. Қолы түгіне тиер-тиместен-ақ арғымақтың денесі дір ете қалды. Тағы да осқырып, төңкерген қазандай сауырын бұған бұрып көлденеңдеп кетті. Жаңа шыққан сап-сары күн сәулесімен тықыр түгі жылтылдап көз қарып барады. Құйттай қозғалса да ат үстіндегі күміс ер-тұрмандар күн сәулесіне шағылысып жылт-жылт етіп тұр. Генерал Чернов арғымақтың қасынан келе алмады. Осындай арғымақтарды ол әне бір заман түзу жылдары патша сарайынан көретін. Алыстан қызыққаны болмаса, дәл осындай оты бетіне шыққан ыстық қанды деғдарлы жылқыға тақымы тиіп көрмеген-ді.

Генерал Чернов шын разы боп кетіп:

— Рақмет, мырза! — деп Еламанның қолын қайта қысты. Алақаны ыстық екен. Генерал Еламанды түскі асқа шақырды. Көктем сәулесіне нұрланып тұрған оңаша кең бөлмеде екеуден-екеу отырып сөйлесті. Чернов баяу басталған әңгіменің бір тұсында Арал өңіріндегі халық немен кәсіп етеді, балық аулай ма деп сұрады.

— Негізгі кәсібі — мал ғой. Балық аулайтындары да бар.

— Ә! Қызыл балық бола ма?

— Е, болғанда қандай.

Генерал Чернов азырақ ойланып, шайына салған қантты былғап отыр. Еламан алдындағы асқа ауылдағы әдетпен құныгып ұмтылмай, өзі көріп жүрген ақ сүйек мырзалардың маңғаздығына салып, асықпай баппен алды.

— Қазақтар қызылдарды қалай қабылдап жатыр? — деді Чернов.

Еламанның бұл бір күтпеген бейқам тұсы еді және ақ генерал осыған дейінгі өзінің сыпайылығын былай қойып, Еламаннан екі көзін айырмай бағып қалды. Еламан «ә» дегенде аузына сөз түспей қысылып қалды. Бірақ іле-шала жуып-шайғысы кеп сәл езу тартып еді, генерал Чернов:

— Неге күлдіңіз? — деді.

— Жоқ, жай ғана,— деп Еламан аяқ астынан райланып күле түсіп,— осылай сұрарыңызды біліп едім,— деді.

— Онда жауап бермей-ақ қоюыңызға болады.

— Неге, тақсыр?

— Күні бұрын ойлап қойған жауаптың шындығы шамалы.

— Жақсы айттыңыз,— деді Еламан күліп.

— Еліңізде оқыған азаматтар бар ма?

— Дегенмен, генерал мырза, сіздің жаңағы сауалыңызға жауап берейін.

— Мейліңіз білсін...

— Орыс халқы секілді қазір қазақтар да екіге бөлініп кетті ғой.

— Кедейлер жағы, әрине, қызылдарды қолдайды.

— Я.

— Демек, қазақтардың басым көпшілігі қызылдар жағында болды ғой?

— Я, солай.

— Мырза, сіз енді мынаған жауап беріңізші. Сіздің халық қызылдардың қасиетін мадақтап қаттырақ сыйлайды?

Еламан аузына апара берген кесені ерніне тиер-тиместе кері тартып алды. Жол бойы неше күн ойласа да, мынау тағы да қапысын тосқай тұтқиыл сұрақ еді. Ол біраз отырып барып:

— Бостандық ұранын,— деді.

Чернов түрегелді. Темекі шекті. Ақырын басып, арлы-берлі жүрді.

— Халық ұранға алданып жүр. Бостандық жоқ жерде құрғақ айқайдың қаттырақ шығатынын қайдан білсін, сорлылар.

— Қызылдар...— дей түсті де, Еламан мүдіріп қалды. Арғы жағындағы ойын айтуға тілі жетпей, қиналып, тоқтап тұрды да,— менімше, олар қара халықтың көңілін таба білді,— деді.

Генерал Чернов Еламанға ұзағырақ іркіле тесіліп қарады:

— Сонда... сіз қазақты бостандық сүйгіш халық демексіз бе?

— Әлбетте,— деді Еламан. Бірақ ол ертеден бері жылы шырай беріп отырған генералдың бет өңі кенет суық тартқанын байқады. «Әнтек айттым-ау»,— деп өкінді. Қатесін кейін түсінген жігіттің тұла бойы мұздап кетті, қатесін жуып-шаюға тырысып, Құранда айтқан: байлық барша жанға ортақ. Тек алла тағаланың көктен тастаған ырзық-несебесін бөліскенде бергі жағындағы кісілер біріне бірі қиянат, зорлық істеп, біреуге аз, біреуге көп тиеді деген.

— Әдемі айтқан екен.

— Құран сөзі болған соң қара халық бұны құдайдың өз аузынан шыққан ақиқат шындық көреді. Ертеңгі күні қарны ашса да алдындағы асын сіз бен біз тартып ішкендей боламыз.

Генерал Чернов әңгімеге ықылассыз тартып, тұсындағы терезеге бұрылды. Әйнектің арғы жағынан аудаң-аудаң ақша бұлт жүзген биік аспанның бір шеті көрінеді. Жел жоқ. Бұлт тасасынан шыққан күн сәулесі шақырайып көзді қарып бара жатқан соң генерал терезе пердесін түсіріп жіберді. Мына қара мұртты мырза бұған ұнады. Жер қайысқан қолды бастап, ұшы-қиыры жоқ кең далаға тереңдеп кіріп келе жатыр. Бұрын-соңды аяқ басып көрмеген осынау сыры белгісіз жұмбақ дүние жүрегін шошытады. Патша кезінде орыс генералдары осы өлкені жабайы, тағы халық мекені деп ойлайтын. Бұның өз түсінігі де осының о жақ бұ жағы еді. Баяғы Ермак жаулап алатын Көшім ханның қол астынан тоз-тоз боп кеткен көшпелі рулар мен тайпалар... киргиз-кайсактар мекен етеді деген үсірт ұғым.

Рас, кейін Харбинде эмиграцияда жүргенде Рошаль деген қарт досы бұған Шоқан Уалихановтың кітабын берді. Әуелде іші пысып зеріккеннен оқыса да, әрі-беріден кейін кітаптан бас алмады. Атақты хан тұқымынан шыққан Шоқан жап-жас жігіт кезінде Бүкіл Ресейлік география қоғамына мүше боптты. Киргиз-кайсактан осындай өткір ойлы, зерделі оқымысты шығады деп кім ойлаған.

Бұл шет елде сергелдеңде жүргенде, Колчак Сібірде үкімет құрды. Осы хабар құлағына тиген бойды бұл Омбыға келді. Омбыда қазақтың оқыған ұлтшыл азаматтарын көрді. Сырт түрі шыққан тегінен аумайтын осы бір азаматтардың сәнденіп киім киісінде, жүріс-тұрысында тап бір европа ақ сүйектеріне ғана тән паңдық пен маңғаздық бар еді. Қазақ жеріне кіргелі генерал Чернов бұл елдің талай шонжарларымен дидарласты. Олардың бәрі ұлық алдында өздерінің кісілік қасиетінен айрылып қап, жалпылдап иіліп-бүгіліп жататын. Ал, мынау... өзін терезесі тең кісіше байсалды, нығыз ұстайды. Көзқарасы да салмақты. Үлкен ала көзі тайсақтамай, әсіресе, кісіге тіл қатқанда тура қарап төтеп беріп қалады.

Генерал Чернов мырзаға сенгісі келді. Тіпті бар көңілінен иланып сеніп тұрып та, арғы жағынан бір шүбә айықпай қойды. Шығыс халқының зымияндығы жөнінде Европа саяхатшыларының естеліктерінен оқығаны бар. Ендеше мына қара мұртты мырзаның ту-ту Арал теңізінен күн-түн

қатып іздеп келгені рас па? Бұның сыпайы сөзі мен жылмиған жүзінің арғы жағында алдап соғатын зымияндық жатпасын. Генерал Чернов Еламанға көз қиығын күдіктене тастады. Шынында да, жер түбінен іздеп келу үшін кісі жүрегінде қандай ыстық махаббат жату керек. Әсіресе, қазіргідей басыңнан бағың тайып тұрғанда, саған қай кісінің емешесі үзіліп барады дейсің. Қанды көйлек достарың қасыңнан қашып, іргеңді жалаңаштап кетіп жатқанда, сонау Ермак пен Черняевтың баяғыда қылыштың жүзі, найзаның ұшымен бағындырған бұратана халықтан бүгінгі күші жан қияр дос шықты дегенге сену қиын. Сену қиын. Әуелі астыртын тексеріп алу керек.

Егер бұл қазақтың достығы рас болса, генерал Черновтың ішіне түйген бір ойы бар: күндердің күнінде бұл даладан тиянақты дос іздесе, түбі, сірә, осы қазақтан қол үзбеу керек. Бұлардың достығы дәйекті. Дүниеде өзіңмен ығы тең елдің бабы қатты. Олардың араздығы сияқты достығы да оңайға түспейді. Әлдеқалай көңіліне жақпай қалсаң да, екі арадағы бар кінәні саған артып, бәле-жәлені үстіңе үйіп-төгеді. Ал, қазақ байларының жөні басқа. Бұлардың достығы сату-саудасыз, тегін достық Бұларға кездескен жерде жылы шырай беріп, алдап-сулап арқадан қағып қойсаң жетіп жатыр.

Генерал Чернов үй ішінде ақырын басып жүріп, бір-екі рет бұрылар жерде Еламанға көз қиығын тастады. Одақтас елдердің әскери мамандары таяу күндердің бірінде бұнда келуге тиіс-ті. Генерал Чернов қазақ байын солардың алдында көз ғып ұстаса қайтер еді деп ойлады Несі бар, ертеңгі күні большевиктермен белдесіп күрескенде өздерінің жалғыз емес екенін, орыс жерінен шалғай жатқан осынау құс ұшпас қу далада да өздерін жергілікті жердің халқы қолдайтынын көрсін. Және мына келбетті қазақ көрсетуге тұратын кісі. «Я, тұрады»,— деп түйді де:

— Мырза,— деп Еламанға тіл қата берген-ді. Есік ашылып, ішке жеңілтек жас майор кірді.

— Генерал мырза, сыртта бір топ қазақтар күтіп тұр. Ойыл бойының байлары. Бес жүздей қой айдап әкелді. Колчак әскеріне тартқан сыйымыз дейді. Мүмкін, қабылдарсыз?

— Жоқ. Менің атымнан алғыс айтыңдар да, шығарып салыңдар.

— Құп, қолбасы мырза.

Чернов Еламанға бұрылды. Еламанның әлденеге күлкі

тепсінген өңіне бұл көзін тігіп қарап отырды да, өзінің жаңағы сауалына қайта оралды:

— Сіздің халықтың ең жақсы көретіні не? Мал ма?

— Жоқ.

— Енді не?

— Теңдік.

Генерал Чернов ызалана мырс етті. Осы халыққа бірдеңе көрінген шығар. Нелер заманнан бері қаннен-қаперсіз келген халық баяғыдан бергі шеккен қорлық, зорлығын жаңа сезгендей. Аштыққа, жалаңаштыққа көнсе де, ендігі жерге кемдікке көнетін бірі жоқ. Бұлар екеш бұлардың да айтып жатқан сөзі мынау.

V

Генерал Чернов Омбыға ерте көктемнің басында кеп еді; бұл кез қыс бойы тоңы ойылмай бітеуленіп жатқан Сібір қарының көбесі сөгіле бастаған шақ. Тіпті қайсыбір ағаш арасындағы алаңғыт-алаңғыт жерлер мен төбе-төмпешіктердің күнгей беттері қарынан арылып қарауыта бастаған. Бетімен бірдей ғып басып салған жыра, сайларда, сіреу қар астынан сылдырап су жүре бастады Харбиннен шыққалы қарт генерал Чернов ұйықтап жарыған жоқ. Екі жылдай сергелдеңнен кейін құдай жөн беріп, өз отанына оралып келе жатқанын қайта-қайта қуанышпен еске алады. Осы жолы ол кешегі алағай-былағай заманда басын қайттап кеткен талай-талай ескі достарына қауышады. Ендігі жерде не көрсе де қанды көйлек достарымен бірге көреді. Колчак көтерген ақ ту астында топтасып, қасиетті Ресей жері үшін қасық қаны қалғанша күреседі. Осы қуаныш оны ұйықтатпады. Әсіресе, шекарадан өтетін күні жүрегі алып ұшты. Таң алдында ғана қалжырап ұйықтап кеткен кісі іле-шала көзін ашып алса бозарып таң атыпты. Генерал Чернов ояна сала тұсындағы терезеге көз тігіп еді; көк жүзін басқан сұрғылт бұлттан мезгілдің қай шама болғанын біле алмады. Күннің шыққан-шықпағанын да болжау қиын.

Дала тастай тұман. Осыдан қашан бұлт ыдырап, көктен күн көзі көрінгенше тұман айықпады. Күн шыққасын да көк шолақ поездан кешеден бері сыпыртып келе жатқан ойлы-қырлы дала жүзі көрінбеді. Ақ сүт тұман, әсіресе ойпаң сайлардың үстін басып, ұйыған қатықтай дірілдеді де тұрды.

Генерал терезеге төніп апты. Терезе әйнегі бұның өз демімен буланып тершіп бара жатса, құдды жас баладай жалма-жан жеңімен сүртіп жіберіп ұмтылып қайта қарайды.

Қыс бойы сіреу қар астында тоңы тұтасып жатқан жерге тіпті ұқсамайды. Күн жылып, көктем шығысымен бұл жарықтықтың да алып бойын рақаттана керіп, тұла бойынан түп-түгел бу бұрқырай бастағанын қарашы. «Жер де адам секілді-ау» — деп ойлады генерал. Тек әйел нәсілді адам. Қыс бойы қар астында қол-аяғы қатып жатып та күн кішкентай жылат етсе, әйел нәсілі ұстай қояды. Өзін қанша тежейін десе де, бұл жарықтық та нәпсісіне әлі келмейді. Ондайда құдды көңіліне желік кірген әйелдей әдемі түгі сыртына теуіп құлпырып шыға келеді. Өзгеше бір тойымсыз ашқарақтық тап болып, әр бұта түбіне ұрық шашып, жер дүниені жас ұрпаққа толтырып шешек атқызып жібереді. Иә, дүние тозбайды. Жан тозады. Мына дүние қар мен мұз астында жатса да, жыл сайын бір жасарып, жігіттік жастық шағын басынан қайталап отырады.

Генерал терезеден көзін алды. Тоңазыған бойы жылы төсекті тілеп бүйығып бара жатқан соң, түрегеп шинелін киді. Қоңыр кеугім купе іші құлазып тұр. Харбиннен бірге мінген қасындағы серігі іргеге қарап ұйықтап жатыр. Көрші купеден қорылдаған дауыс естіледі. Төменгі жақта темір доңғалақтар сартылдап көк шолақ поезд кешеден бері сыпыртып келеді.

Поезд жалаңаш далада жетімсіреген жүдеу станцияға тоқтады. Генерал түсіп жатып «о, тәңірім, орыс жерінің топырағын қайта басатын да күн бар екен» деп ойлады. Осы ой әсер етті ме, аяғы жерге тиер-тиместе тыныш жүрегі лүпілдеп қатты-қатты соғып кетті. Азаңғы ауа ылғал тартып ауырлап тұр екен. Сыртқа шыққан бойда жел лебі білінген жаққа мойнын бұрып, ауаны аузымен балықша қарпып-қарпып жұтты.

Станция басындағы жым-жырт тыныштыққа таңданып тұрып, төңірегіне көз салды. Онан еңкейіп аяғы астындағы жерге қарады. Мына даланың тасын сипап, топырағын сүйгісі кеп кетті. Осы күндері қимыл-қозғалысы кәдімгідей ауырлап бұйығы тартып жүрген бойымен иіліп еңкейе берді де, жып-жылдам қолын тартып алды. Қарт проводниктің көз қиығымен бағып тұрғанын байқап еді. Генерал қысылып қалды. Сасқанда аузына әлдеқалай түсе салған бір әскери әуенді ыңылдап, бұрылып жүре берді. Еңкейіп алмақ болған тасты тыныш жатқызғысы келмегендей, етігінің тұмсығымен кезек қаққылап, қуалап барады.

Перронда тірі жан жоқ. Станция басындағы бес-алты үйдің кісі-қаралары тұрмаған. Есік, терезелері жабық. Тек темір жолға жақын орналасқан бір үйдің сарайынан қайта-

қайта сиыр мөңіреді. Генерал мал жайын білетін. Әскерге алғанға дейін ол Калуга губерниясының алыс бір түкпірінде ауқатты әкенің имениясында өскен-ді. Мынау ерте бұзаулаған қашар сиыр екенін топшылады. Көп бұзаулаған мама сиырлардай емес, қашар сиыр дағдылы кездегі сауынынан сәл асса, сүтке толған желіні шыдатпай сыздап бара жатқан соң дәл осылай мөңіреп азан-қазан қылатын әдеті.

Поезд ұзақ тұрды. Генерал ішке кірмей, вагон алдында ақырын басып жүр. Аяғынан аздап ылғал өткені болмаса, жылы киінген бойы әлі мұздаған жоқ. Ылғалды әуеде денеге тиетін ызғар сезілмейді. Түнімен еріп шыққан қар қазір тіпті былжырап, бет жағы көк соқталанып жатты. Әлгі сиыр мөңіреген үйдің ауласында айналасын мал өте алмастай ғып қоршап тастаған қарақат пен шие бұталары бар еді. Қазір олар да қарынан арылып, су-су бойы селігіп тұр. Генерал Чернов сыртқа шыққанда сол бұта бастарында бір топ шөже торғай шүпірлеп отырған. Өздері болымсыз бір нәрседен үрікті. Ұшса, қонса да тату тобын жазбай жүретін сорлылар кенет дүркірей ұшқанда, бұта бастары шұғыл сілкініп, мүп-мүздай тамшылар сіркіреп қоя берді. Шыққа малынған вагондардың төбесінен су сорғалап, жерге тырс-тырс тамады.

Кешегі манчжур елінен мына жердің аспанында, жерінде, суында не өзгешелік бар. Манчжурияда да қазір осы көктем, осы торғайлар, ала қанат қар, алыс-алыста мұнартқан қара орман, онда да дәл... дәл осындай жүдеу өмір.

— Әй, генерал, қалып қоясың. Мін! Тез! Тез! — деді проводник айқайлап.

Поезд жылжып бара жатты. Бір пәлесі: бұның өз вагоны тұсынан өтіп кетіпті. Генерал амалсыз жүгірді. Вагонның баспалдағында мәз боп күліп тұрған проводникке қарамауға тырысты. Генерал лауазымының қазір өз елінде қадірі қалмағанын білетін. Ол тек тым құрыса аппақ құдай басын сыйлайтын кісі қалмағаны ма деп қынжылды.

— Жоқ, тым жақсы жүгіреді екенсің,— деді проводник.

Генерал Чернов түсін бермей өтіп кетті. Купелес серігі бағана іргеге қарап жатқан күйінен әлі қозғалмапты. Қазір қайта қатты жүгіріп кеткен поездың ырғағымен кеспелтек толық денесі дір-дір шайқалып, танауы пысылдап рақаттанып ұйықтап жатты. «Бақытты жан екен»,— деп ойлады генерал...

* * *

Шетте жүргенмен генерал бұндағы хабарға қанық болатын. Ол білерде Колчактың көктемдегі дыз етпе шабуылының демі біткен. Бұл кезде қайта қызыл әскерлер Бугулме түбінде Колчак әскерлерінің тас-талқанын шығарып, ес жиғызбай дүркіретіп қуып келе жатқан сияқты еді. Генералдың бір таң қалғаны: Омбыда шығатын газет, журналдар жеңімпаз адмирал әскері жөнінде құтыртып жазып жатты. Ал жоғарғы ставкада жеңістен басқа сөзді ауызға алмады.

Генерал Чернов кімге сенерін білмеді. Бұл өзі орыс-жапон соғысына қатысқан кісі. Берегірек келген соң орыс-герман соғысына қатысып, жау тырнағы тәніне батып қалған жан еді. Ол, әсіресе, штаб маңындағы офицерлердің сөзіне сенбейтін. Оның ойынша штаб маңындағы офицерлер шетінен желөкпе, жылпос. Олар айтқан сөздің шындығынан гөрі алып қашты лақабы күшті. Қолбасылар мен көсемдердің құлқын тауып үйреніп қалған қулар қайдағы бір құлаққа жылы тиетін сөзбен майдан хабарын әсірелеп өсіріп айтуға әуес.

Генерал Чернов Колчакқа барды. Колчак:

— А, генерал, хош келдіңіз! — деп бұның қолын құшырлана қысып, креслоға отырғызды.— Ал, қалай жеттіңіз? Жолда қиындық көрдіңіз бе?

— Қазір қайда да оңай боп жатқан жоқ қой.

— Я, я, оныңыз рас.

— Сіздерді білмеймін, ал өзіміз анау-мынау қиындыққа қыңбаймыз,— деді генерал күліп.

Колчак заты жеңілтек кісі. Бұрын онысы өзіне де, өзгеге де ерсі көрінбейтін. Бұрын Қара теңіз флотының қолбасшысы қандай зиялы қауымның арасында отырса да өзін тізгіндеп тежеп көрген жоқ. Дәл бір ерке балаша отырған жерінде ешкімнен именбей өзін емін-еркін ұстап, басқа жұрттың бәрінен бұрын бұл қатты күлетін. Басқадан гөрі бұл батыл сөйлейтін. Үкімет тізгінін қолына алғаннан бері ол дарқандықтан айрылды. Қазір ретті жерін аңдып отырып, ыңғайы келгенде ғана сөйлейді. Онда да қабылдап отырған кісілерінің алдында өзіне-өзі көлденеңнен қарауыл қойып, аузынан шыққан әрбір сөзін мысқылдап өлшеп сөйлеп, өлшеп қана күлетін-ді.

Колчак сүйегіне сіңісе қоймаған сол әдетін ұмытып кетіп, өзінің әне бір дарқан кезіндегі елгезек мінезімен елп етіп, генерал Черновқа қосылып лекітіп күле түсті де, тез тыйыла қалды.

— Кішкене пұрсат беріңіздер. Бүліншілікті басып алайық. Сонан соң көре қалыңыз, бір күнгідей болмай Россия баяғы қалпына... кешіріңіз! — деп Колчак бұрылып, сырт жағында шарылдап жатқан телефонға қол созды.

Чернов байқап отыр: Колчак көңілді, сергек, Бұны қинаған көп күдік, көп-көп уайымнан ол аулақ. Харбиннен келген генералға көз қылғаны болмаса, ана жақта телефон соққан кісіге де бұл күшін сездіріп:

— Ақтық болады. Волга бойының биылғы астығы біздікі. Иә? Иә! Тек, биыл о жақта жауын қалай екен? — деді.

«Жоқ, бұлардың жағдайы жаман емес екен»,— деп ойлап, генерал Чернов та көңілдене бастады. Осыған дейінгі жабырқау жаны жадырап еңсесін тіктеп, Колчакқа қарай райлана қарады. Осы кезге дейін ел-жұртты тастап, қара басын қайттап кеткеніне өкінеді. Ендігі қалған жерге қасық қаны қалғанша Колчакқа қызмет істегісі кеп құлшынып отыр еді.

Рұқсат сұрап жас офицер кірді. Онымен шалғайласа ұмтылып тағы бір офицер кірді. Қолтығына қыса келген папкілерін ыңғайлап, Колчак алдында сыптай боп тұра-тұра қалды. Екеуі де сұлу бойын сәндеп киінген. Сәл қозғалса да күміс шпорлары шылдырап, терезеден түскен күн сәулесіне зер погоны мен қос өңірінде тізілген сары жез түймелері шағылысып қалады. Сақал-мұрттарына дейін, жаңа осында келердің алдында әтірлеп алғаны көрініп тұр.

Генерал Чернов тыжырына бастады. Оның жақтырғанжақтырмағанында бірақ аналардың жұмысы болған жоқ. Шіркіндер өтірік айтқанда шімірікпейді. Және бірінің ауызына бірі түкіріп қойғандай. Ана жақта өздерінің жеңімпаз әскерлері күшін қайта топтап, қаусырт әзірленіп жатқанын, таяу арада тағы да зор шабуылға шығатынын айтып жатып та жылпос жас офицерлер Колчактың көзін ала бере қайта-қайта кителінің өңірін сипап, белбеуін, портупейін жөндеумен болды. «Врут гады! Ұялсайшы! Беттері бүлк етпейді»,— деп ойлап генерал қара тырнағына дейін күйе бастады.

Жас офицерлер Колчакты жеңіс буына елтіп, мәз ғып алды да бұған көз қиығын салмастан хром етіктері сықырлап шығып кетті.

— Көрдің ғой, генерал. Дер кезінде келдің,— деді Колчак.

Генерал Чернов қостаудың да, қарсы болудың да жөнін таппай, былғары креслоны сықырлатып қипақтап қалды.

— Сенбеймін.

— А-а?

— Жаңағыларға сенбеймін.

— А... сенбейсіз бе? Ха-ха-ха! Я вижу, вы большой скептик.

Генерал күдігін айта бастап еді; бірақ Колчак оны тыңдамай, кіпп кетіп:

— Сіз Харбиннен келдіңіз. Ал, менің алдымда ұрыстың ішінен келген кісілер болады. Оларға сенбеске лажым жоқ,— деді. Бар жайды көріп, біліп отырған сәуегей кісінің көлденең сөзді құлағына ілмейтін кейпін танытты. Бұл жайында бұнан артық сөйлесудің қажеті жоғын аңғартып, бүкіл бір қабырғаға Ресей империясының картасын ілген даладай кең кабинетті ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Генерал жұмсақ креслода көміліп отыр. «Скептик»,— деп ол әлденеге Колчак сөзін ішінен қайталады. Сәтсіз аяқталған орыс-жапон соғысынан кейін осы сөзді бұл жұрт аузынан жиі естітін боп жүр. Чернов әдепкіде торсаңдап ренжіп қалатын. Бері келген соң бұған да еті үйренді. Жұрттың көзі жетіп тұрған нәрсеге де бұның сенімсіздікпен шұбаланып қарайтын әдеті шынында да, сүйегіне біткен бір кемшілігі сияқтанып, ішінен үнсіз мойындап алған. Генерал Чернов мырс етіп ішінен күлді де қойды. Колчак кең кабинетті кезіп жүр, Алдынан ерсі-қарсы өткен сайын адмиралдың қара хром етік киген тертедей ұзын аяғын көреді. Тырна аяқ екен ғой»,— деп ойлап, сонан қашан өз орнына барып отырғанша кеудесіне түскен басын көтермей, ыңғайсызданып қысылып болды. Колчак жөнінде көп естігені болмаса, бұнан бұрын көрмеген-ді. Кешегі патша заманында сәті түспеді. Патша құлағаннан кейін бұл үшін тірліктің түк қызығы қалмағандай болды. Ендігі қалған өмірін дос-жарандардан аулақта, тілсіз тылсымдай тыныш бір түкпірде өткізгісі кеп шет елге кетті. Алғашқыда көз көрмес, құлақ естімес шетте жатқан Жапонияға шығынып кетсе де, кейін тағы шыдамай, бір табан да болса сорлы Отанына жақындап жүргісі кеп, Харбинге орналасты.

Колчак Харбинде екен. Ресей ішінен ыдырай бастаған соң, бұл да немістермен соғыстың қажеті қалмады деп ойлап Қара теңіз флотын тастап кетті. Генерал Чернов Колчакпен Харбинде де кездесе алмаған-ды. Сағаттан астам сөйлескеннен кейін Верховный правительмен салқын қоштасып, сүлеленіп сыртқа шықты.

Жоғарғы ставка сапырылысқан кісі. Дуадақтай-дуадақтай жуан интенданттар мен лыпылдап иненің көзінен өтіп

жүрген жылпос, жас офицерлер. Соғыс жүріп жатқан жердің картасын жазып ұстаған бір уыздай жап-жас офицер жүгіріп жоғары көтеріліп бара жатып, осы кезде жоғарыдан төмен түсіп келе жатқан бұны ығынан қағып кетті.

Өз көңілінде реніші ауырлаған сайын генерал Чернов Харбиннен бір ай бұрын келген өзінің қанжығалас кәрі досы — қарт генерал Рошальді қайта-қайта есіне ала берді. Черновқа таққан атақты осындағылар ол сорлыға да теліп, кез келгеннің аузында сықаққа айналып жүр. Бір жақсысы, ол, әйтеуір жалғыз емес. Офицер баласы бар. Зиялы семьядан шыққан тәрбиелі офицер.

Сырт жел екен. Генерал Чернов тітіреніп кетті де, жалма-жан шинелінің өңірін қаусырынып жылы жерден шыққан бойын қымтанып ала қойды. Көшеде қар еріп жатты. Ала-бөле атты әскерлер мен бауыры сары ала балшық пәуескелер тынымсыз ағылып өтіп жатқан орталық көшелердің қары қауырт еріп, жидіп езіліп кетіпті. Көктем кірсе де қыс ызғары қайта қоймаған Омбы даласының өкпек желі ызғып қойны-қонышына кіре берген соң, генерал шинелінің жағасын көтеріп алды. Солқылдақ рессорлы арба үстінде отырып та ат тұяғынан ұшқан қар суынан тыжырынып қалады. Әскерлер болмаса көшеде жай халық аз. Ағылшын шинелін киген орыс солдаттарының арасынан андасанда қоңыр кімді, жақ жүні үрпиген жүдеу біреулер көзге шалынады.

Қала кір. Сылауы түскен, қотыр-қожалақ үйлердің кіркір терезесінің әйнектері ішкі жағынан буланып тершіп тұр. Көктем шыққалы бір қар, бір жаңбырға селіккен сида теректер көше қапталында бұтақтары су-су боп шаян аяқтанып салбырап қапты. Бағанадан бері байқап келеді. Бір үйдің мұржасынан түтін шыққан жоқ. Генерал Чернов ештеңені көргісі келмегендей, көзі жұмыла түсті. Былайғы кезде де китель жағасы қолпылдап тұратын жіңішке мойнын жиырып ығына тығып апты. Мына кір, лас қала, жүдеу халықты көрген сайын көңілі ауырлап, жоғарғы ставканы да қайта-қайта есіне алады. Екі бетінен қан тамған әлгі бір дуадақтай-дуадақтай интенданттар, жалақтаған жас офицерлер, жайлы креслолар, жылы, жарық кабинеттер... сонан соң терте сирақ Колчак... Адмирал... Верховный правитель!

Ойы шатыса бастады. Әсіресе, Колчак жөнінде бір байламға келе алмады. Әскер тәртібінің қатал тезіне түсіп шыққанына қарамастан, Колчак мейлінше елпілдеген ақкөкірек кісі екен. Адмирал мундирін киіп, сап-сары ала боп

алған бойында мүлде менмен ірілік жоқ. Осыдан кейін ол Колчакпен қызмет бабында күнбе-күн кездесіп жүрді, соның бәрінде де Колчактың бірде болмаса да бірде осы өлкені патшадан кейін бір шыбықпен айдап отырған әмірші екенмін деп басқа жұрттан бойын биік ұстап, шіреніп отырғанын көрген жоқ. Ол қайта өзінің бұрынғы үйреншікті кәсібінен қол жазып қалғанына қиналатынын сезді. Су үстінің соғысынан басқа өмірді білмейтін, кешегі қарапайым көп адмиралдың бірі еді. Бүгінгі күні жер бетіндегі ең бір қиын тағдырлы елдің тізгіні қолына тиді. Халық аш, жалаңаш. Күші басым жауға қарсылық көрсете алмай қаша ұрыс сап шегініп келе жатқан әскердің түрі анау. Ел еңсесін езіп бара жатқан осынша қиындықты көтеру бұл сорлыға да оңай боп тұрған жоқ шығар. Басында ет қызумен биік басына бір көтеріліп қалса да, енді қазір осынау бір кісі басы айналатын биіктен қалай түсудің есебін таба алмай, алдына келген кісіден көмек тілеп жаутаңдап қарайтын сияқты.

Сонымен бірге Колчактың аса ұстамсыз кісі екені де бұның қырағы көзінен қағыс қалмады. Ойына алған ісін бір ыңғайлап бітіргенше жаны шығып, дызығып бітетін күйгелек. Ондайда екіленіп кететін қызба. Басқа кісіні тыңдағаны бір түрлі. Шегір көк көзінің қарашығы жылтырап, шын ықыласымен сығырайып қарай қалады. Қаймақтай жұқа ернінің екі шалғайлығына мысқыл жиып, жымқырып алады. Соған қарап алдына барған кісі «маған күліп отырған жоқ па»,— деп қуыстанып, қашан Колчак көзін тартып алғанша сөзінен сүрініп қала беретін.

Генерал Чернов кейін Колчакпен жақсы ұғысты. Чернозты, әсіресе Колчак қатты сыйлады. Оны әуелі Жоғарғы Ставканың бас интенданты ғып тағайындап еді; екі жұмадан кейін соғыс министріне орынбасар ғып бір-ақ жоғарылатты. Генерал Чернов жасының егде тартып моқап қалғанына қарамастан өзіне жүктеген ауыр жұмысқа жан-тәнін сала кірісті. Ұрыс даласында қансырап шегініп келе жатқан әскерді аралап, қиындық жағдайды өз көзімен көріп қайтты. Бугульме түбінде тас-талқаны шыққалы Колчак армиясының халі оңалмасқа қарапты. Соғысқа ықылассыз. Қажыған. Ұрлық етек алып кеткен; басқаны қойғанда, азғантай азық-түлік солдат қазанына түскенде, сұғанақ қолдар жан-жақтан тартқылап пышақ ұшынан бөліп әкетіп жатты. Ол, ол ма! Ұрыс ішіндегі офицерлер қатын-баласын қасына алып жүр. Көктемдегі шабуылда көптеген дүние-мүлік жиып апты. Қазір солар ағып-тамып аяққа оралғы

боп алған. Асхана, обоз, артиллерия арасында офицерлердің дүние-мүлкін тиеген арбалар да сықырлап кеп, тар көпір алдында кептеліп тұрып алады. Офицерлер әуелі арғы бетке қатын-баласымен бірге дүние-мүлкін өткізбек боп қиғылық ұрады. Ызалы солдаттар айқайлап у-шу боп жатқанда, кейінгі жақтан қызылдар кеп қап, боратып оқ астына алады. Қатер төнген кезде әркім өзінің басын қайттап, қолындағы қару-жарағын тастай-тастай қашып жатады екен. Генерал Чернов Омбыға келген бойда тұп-тура Колчакқа барып, өз көзімен көріп қайтқан сұмдықтарын айтқан еді. Колчак бұлан-талан болды. «Бәрін атам... асам...» деп айқайға басып бара жатқан соң генерал «Кінәлыларды ата бастасақ әскеріңіз офицерсіз қалады ғой» деп ескертті.

— Енді қайт дейсің маған?

— Әскерді семьядан тазарту керек.

— Е, тазартпайсың ба, кім қолыңнан ұстап тұр?

— Ол үшін сіздің атыңыздан бұйрық жазу керек.

— Жаз! Тек тез, тез істе!

Колчак қол қойған қатал бұйрық аэропланмен бар армияға дереу жөнелтілді. Арада екі-ақ күн өтті. Үшінші күні азанда Колчак генерал Черновты шақырып алды.

— Слушайте, генерал! — дей түсті де Колчак тоқтап қалды. Көңілсіз әңгімені бірден бастап кете алмай, тыжырынып отырды да.— Офицерлердің семьясы сен айтқандай көп те емес екен ғой,— деді.

— Бекер шүбаланасыз. Мен өз көзіммен көріп келдім.

— Маған армия басшылары хабарлады. Ал кейбір әскер басылардың семьясын қозғаудың қажеті болмас. Решіш, өкпеге қаламыз.

— Түсінбеймін.

— Ал, сізге, генерал, көптеген офицер онсыз да ренжулі екен.

— Мүмкін.

— Әскерді аралап шығып, бір ауыз жылы сөз айтпастан үн-түнсіз кетіп қапсыз.

Генерал Чернов темекі шеккісі кеп кетті. Қалтасын қарап темекі таба алмады. Айтарын айтып ап, енді екі көзін айырмай қарсы алдында қадалып отырған Колчакқа бұл әлі жүзін тіктеп қараған жоқ.

— Генерал, саған мен де ренжіп қалдым,— деді Колчак.

— Түсінем. Темекіңіз бар ма?

— Пожалуйста.

— Рахмет! Мәртебелі тақсыр, мені соғысқа жіберуіңізді өтінем.

— Жә, жә, ренжіп қалған екенсің ғой,— деп Колчак қипалақтап қысыла бастады,— әуелі, өзің дұрыстап ойландың ба?

— Ойландым.

Колчак шай алғызды. Жаңағы көңілсіз әңгімені ұмыттырғысы кеп, әр нәрсені бір айтты. Генерал Чернов айтқанынан қайтпайтын түрін танытып, үнсіз тұнжырап алды. Ақыры көндіре алмаған соң оны осы армияға қолбасы ғып тағайындап еді. Сонан бері бір ай өтті. Қазір өзіне өзі қожа, Колчактан да, Жоғарғы Ставканың жылпылдаған жас офицерлерінен де аулақтап іргесін бөлек сап алды. Тек Омбыдан қашықтап кеткелі армияны азық-түлік жағы қинайды. Кейінгі кездері қырғын ұрыстар күшейіп, оқ-дәрі, қаружарақ жағы да тақыл-тұқыл жетіспей қап жатады.

Осы жағдай жанын қинап жүргенде бір күні оны Омбыға шақырды. Омбыға келген күні кешкісін Министрлер Советінің мәжілісі болды. Мәжіліске үш армияның қолбасшысы түгел қатысты. Жол соғып шаршап жеткен қолбасшылар ықылассыз, енжар отырған. Әсіресе генерал Чернов қалғып кете берді. Басы қатты ауырып, сынып бара жатты. Мәжіліс түн ортасы ауа бергенде аяқталды. Ұйқы басқан бойын орындықтан әзер қозғап, сыртқа шыққанда көзі түк көрмеді. Тек қараңғыға үйренгесін ғана мәжілістен тараған кісілердің есік алдында тұрған машиналарға асығыс отырып, жөнеліп жатқанын көрді.

Генерал Чернов жаяу кетті. Кір, лас қаланың жыпырайған аласа үйлері ұйқыда. Терезелер көзін жұмған. Таң таяу сияқты. Көп кісі жиналған зал қапырық, ыссы боп еді. Сыртқа шыққан бойда таң алдында салқындайтын дағдылы Сібір ызғары сезілді. Көшеде тірі жан жоқ. Тек оқтатекте атты патрульдер кездеседі. Жүзбе-жүз қарсы кеп қалғанда болмаса, қараңғы көшенің бір басында кетіп бара жатқан бейсауат кісіге бұрылып барып тексеріп жатпайды. «Сен тимесең мен тимеймін» деген енжар көңілмен ат үстінде қалғып, тас көшені тақылдатып бастырып өтеді «Жаны ашитын бір жан жоқ. Бәрі немқұрайды қарайды» деп ойлады Чернов. Іле-шала мырс етіп күліп жіберді. Осы сөзімді Колчак төңірегіндегілер естісе, мені тірілей түтіп жер еді ғой деп ойлады. Онсыз да осы күні көп нәрседен үндемей құтылатын боп жүр. Бүгінгі мәжілісте де қайсы бір мәселеге келіспей қарсы боп отырса да, ол, бірақ, жұмған аузын ашқан жоқ. Қол астындағы әскерге тікелей қатысы бар

мәселе болмаса, басқа әңгімеге араласатын құлқы жоқ. Ұзын столдың екі бетін ала жайғасқан кіл қасқа бас, бұғақты, семіз кісілердің арасында жалғыз бұл ғана сүлесоқ, еңжар. Төбе шашы сұйылған аппақ басы кеудесіне түсіп, екі иығы салбырап кеткен. «Тезірек бітсе екен» деп отырған-ды.

Мәжіліс соңында Омбыға Одақтас Елдердің елшілері келе жатқаны сөз болды. Жұрт тына қап тегіс Колчактың аузына қарады. Осыған дейін де елшілер келеді деген сыбыс үйден үйге тарап, қала іші құлақтанып қалған. Екі адам кездессе, амандық-саулықтан бұрын бір-бірінен «елшілер келе жатыр дейді ғой»,— деп сұрайтын. Елең-алаңда көше сыпырған шалдар мен нан дүкенінің алдында өшіретте тұрған қатын, балалар, темір жол жұмысшылары құлағы түрік жүрген-ді. Енді бүгін сол астыртын хабар расталып, Министрлер Советінің ресми ашық мәжілісінде, Колчактың өз аузынан естігенде, қорыққаны, әлде қуанғаны белгісіз, үкімет мүшелері демін ішіне тартып тына-тына қалды.

Генерал Чернов ұйқы қысқан көзін әзер ашып қасында отырған көршісі — сауда министріне қарап еді; о да қапылыста соққы тигендей тапырайған қасқа басы иығына кіріп мықшиып кетіпті. Астындағы орындық әнтек сықыр етсе де, селк ете қап отырған. Кенет ол күтпеген жерден атып түрегелді.

— Мырзалар... мырзалар, мынау ғажап болды ғой! — деп айқайлап жіберді. Бірақ сол сәтте жым бола қап, «бұным қалай шықты?» дегендей әуелі қасындағы кісілерге, онан Колчакқа қарады. Үрейлі өңіне бір түрлі ұялжыған жасқаншақ күлкі біліне түсіп, бата алмай сөніп қап тұр. Колчак қабағын шытса, бұл жақтан бұның да түсі бұзылып өліктей қуарып кетеді. Ал жазатайым Колчак күлімсірей қалса, бұл тіпті мәз боп ыржалақтап қалады. «Құдайау, мынау да үкімет мүшесі ме? Мынау адам емес, несіне еркелеген ит қой». Генерал Чернов тыжырына түсті. «Колчакқа не болғаны?» — деп ойлады. Осындай сорлы кісілердің сорлылығын көре-біле тұра қасына қалай ұстайды? Қарауындағы кісілердің өзінен өресі озық болмасын деген пасық саясат па? Әлде сұлу келіншегіне бола ұстай ма екен?

Генерал Чернов тағы да мырс етті. Қасындағы кісілер бұған жалт қарап, одырайысып қалды. Генералдың бірақ жаратқан-жаратпағанында жұмысы болған жоқ. Ренішке уланып ішінен тынып отыр. Мына келе жатқан бай елдің елшілері. Естуі бойынша бұлардың қай-қайсысы да ана жақтағы өздерінің үкіметі атынан төтенше құқық алып ке-

ле жатыр. Колчак үкіметінің басына түскен қазіргі таңдағы қиындықты өз көздерімен көріп, біліп, қажет деп тапса қолма-қол жәрдем бере алатын шамасы бар. Ендеше, мыналардың істеп жатқаны не? Ертең елшілер келгенше Ресей басына үйіріліп тұрған қатер мен қиындық жайын осы қазір өз арасында талқыға салып ақылдасып алса қайтеді? Сирағы шығып, аш, жалаңаш отырған елі бар. Ұзақ соғыстан ақ иық болған әскерінің халі анау. Халық наразылығын күшпен басып отыр. Халық шыдамы қаншаға жетеді. Онсыз да осы күні орман арасында партизандар көбейіп барады. Пара, пайда, ұрлық анау етек алып кеткен. Неше түрлі алаяқ сұмдар адал жандардың арасына іріткі салып, бірді-бірге айдап салып атыстырып-шабыстырып отыр. Осыны неге ойламайды. Әлде осы жұрттың бәрінен жоғарылап көтеріліп алған соң аяғының астында қыбырлаған кішкентай кісілердің күнделікті күйкі тірлігіне көзі жете бермей ме? Солайы солай-ақ шығар. Бірақ бүгінгі күні іздесең қолға түсіре алмайтын ығай мен сығай кісілер — Ағылшын, Жапон, Француз, Америка елінің төтенше елшілері Омбыда бас құрғалы жатыр. Соны пайдаланып, мына елшілер алдына келелі мәселелер қоятын орайы бар еді ғой. Оның орнына дыңдай мемлекет қайраткері осынша ұсақталып, ертеңгі күні қонақтарды қалай күтіп алу жайын әңгімелеп кетті. Кешегі заманда патша ағзамға арнайы қонақ боп келген мәртебелі мемлекет басшылары мен қай елдің королі, қай принціне қандай салтанат көрсетіп, сыйсияпат істеген мәре-сәрелерін еске алды. Енді бір кезде ертеңгі қонақтарды түсіретін ажарлы үй іздеді. Сібірдің кішкентай қаласында көз тартатын көрнекті үй тіпті аз. Және күтімі де шамалы болған соң қонақ түсетін үйлердің ішін дүние-мүлікпен безендіріп қоюға бұйрық берілді. Бар бөлмеге парсы кілем жайып, алтындаған ыдыс-аяқтар мен вазалар қойғаннан кейін құбылып кетерін білді. Сонан соң өздері қонақ түсіретін үй сәнін баяғы патша сарайының сән-салтанатымен ойша салыстырып отырып, енді бір кезде соңырағы қонақасылар, банкеттер жайын әңгімеледі. Бұған бәрі аралласты. Бірінен бірі қалысқысы келмеген кісілер Колчак алдында қонақасы жөніндегі білігімен көзге түсіп қалғысы кеп, бірінің сөзін бірі бөле бастады. Қыза-қыза келгенде өздерінің Колчак алдында сақтайтын әншейіндегі ілтифат, ибаларын ұмытып дабырласып кетті. Тершіген ақ күйқа бастар төбеден түскен самаладай шам сәулесіне шағылысып, бір уақыт бір нәрсеге бәрі келісіп үйме-жүйме боп құнжыңдап қалса, келесіде қиқылдасып керісіп жатады...

Генерал Чернов Министрлер Советінің мәжілісінен көңілсіз шықты. Колчактан бастап, үкімет мүшелері мен Жоғарғы Ставка офицерлерінің бәрі ұнамады. Бәрі де бақ қуған болымсыз жандар. Бәрін жиғанда арғы жағынан сығып алар бір түйір ақылы жоқ, ойы жоқ бар білігі — күштінің құлқын табудан аспайтын жалпылдақ, жағымпаз министрлерді бұл, әсіресе, иттің қара тұмсығындай жек көретін. Осы жолы оларға тіпті қаны қайнап қайтып еді...

VI

Генерал Чернов Омбыда жүргенде Колчак Түстік Армияға жаңа міндет жүктепті. Колчактың бұл бұйрығы бойынша генерал Черновтың армиясы шабуыл бағытын шұғыл өзгертіп, енді қазір қазақ даласына қарай бет бұрыпты. Қазақ жеріне кірер жолда жатқан Орск қаласын бірден басып алмақ болған екен. Оған Орскіге бекініп алған қызылдар оқ жаудырып, Черновтың әскерін бір қадам ілгері басқызбай қойыпты. Бұны есіткен бойда Чернов Жоғарғы Ставкаға жүгірді. Ставкадағы бұны қолдайтын жалғыз кісі — карт генерал Рошаль. Көктемдегі сәтсіз шабуылдан кейін ұрыс тактикасын өзгерту керек деп қақсап жүрген кісінің бірі. Генерал Чернов сияқты бұл сорлы да бір шетте бөлініп қалған Түстік Армияны дереу осында алғызып, басағымызды топтап алуымыз керек деп жүрген-ді.

Генерал Чернов үстіне кіріп келгенде, кәді досы қып-қызыл боп ашуға булығып алған екен.

— Әскеріңнің халін есіттің бе! — деді ол есіктен кіріп келе жатқан Черновқа қарсы жүріп.

— Айтатыны жоқ...

— Ал, мен осылай боларын біліп едім.

— Менің армиямның бағытын өзгерткен себептерің не? Бұл кімнің басынан шыққан ой?

— Кім дерің бар ма, қазір білгіш көп қой.

— Колчак па?

— Әрине! Бар әмір соның атымен беріледі ғой.

— Түсінбеймін. Колчак әскери кісі емес пе, қазіргідей қиын кезде бүтін бір армияны негізгі күштен бөліп тастау ең алдымен соңыра өзінің халін ауырлатпай ма?

— Оны Колчак сені мен менен кем түсінбейді. Бұл арада басқа бір жағдай бар.

— Түсінсем не дейсің. Ол қандай жағдай? Қазір бәрімізге ортақ бір ғана жағдай бар. Қызылдардың шабуылын тойтарып, өлсек-тірілсек те шабуылға шығуымыз керек. Самар мен Саратовты басып алып, биыл қалайда... кәйткен

жағдайда да Деникин әскеріне қосылмасақ, бар үмітіңнің күлі көкке ұшты дей бер.

— Сенің әлі дәмең зор екен.

— Ал, сен ше?.. Сен қалай ойлайсың?

— Бізге не қарап тұр.

— Сонда теріс істерін де дұрыс дей береміз бе?

— Амалың қайсы. Сені мен біз қазіргідей қиын кезде бар әскерді бір жерге топтап, күшейіп алған дұрыс дейміз, ал олар жоқ, Түстік Армия Орынбор темір жолының бойымен шығысқа қарай жылжып, Ташкент, Бұхара, Хиуа арқылы Каспий асуға тиіс деп Колчак атымен әмір береді. Сонан соң амалсыз орындайсың.

— Омбыға қатер төніп жатқанда Каспийде не бар бізге?

— Оны Нокстен сұра.

— Но-кс?

— Я, бұл планның сырын сол ғана біледі.

— Түсінсем не дейсің. Сонда бұл ой Колчактікі ме...

— Әрине Нокстікі.

Генерал Чернов кәрі досының қасіретке толы қажыған жүзіне дал болып қарап тұрды да, жанындағы орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Кең маңдайын алақанымен арлы-берлі ысқылап үнсіз отырып қалды:

— О, тәңірім! Соңырағы халіміз не болады? Туземецтердің арасында, сахара шөлде қырыламыз ғой.

— Осындағы Наполеон сымақтар ғой сендердің обалдарыңа қалып жатқан.

— Апыр-ай, біздің жағдайымызға бірі құлақ аспай-ақ қойды-ау,

— Өз шамасын білмегеннен асқан сорлылық бар дейсің бе? Бұл жақта өзін-өзі қорғай алмай жатып та, видите ли, ана жақта Орта Азия мен бүкіл қазақ даласын жаулап алмақ. Мания величия. Иллюзия велико-русской державы! Сорлы ұрпақ!

— Николай Андреевич, енді не істейміз?

— Сен тезірек қайт.

— Өзім де асығыспын, бірақ, Николай Андреевич...

— Менің қолымда не тұр. Бар билік аналарда. Сенің де, менің де тағдырым солардың қолында.

— Ендеше, жүріңіз, адмиралға барайық. Соған айтып берейік.

— Түк те шықпайды!

— Неге? Сіздерге, соңыра Омбыны қорғау үшін де әскер керек емес пе?

— Керек. Бірақ, айналайын, есіңде болсын... Жә, құрсыншы. Көзі жетсін, жүр, өзің сөйлесіп көр.

Бұл күндері Верховный Правитель күндіз одақтас елдердің елшілерімен бірге боп Жоғарғы Ставкаға қас қарайғасын ғана бас сұғып жүрген-ді. Колчакты күні бойы күткен генералдар кешке қарай қарындары ашып шаршаған соң театр маңындағы кафеге барды. Алдына келген асты апылғұпыл ішіп сыртқа шықты. Шет жақтағы қараңғы, лас көшелерді қойғанда, бұл қаланың ең көрнекті көшесі — Любинский проспектімен де күн батқасын жан жүрмейтін. Көше бойындағы бағаналарда әлсіз фонарь жарығы сығыраяды. Әлдеқалай қала тыныштығын күзеткен атты әскерлер ұшырасады.

Бұлар жым-жырт көшемен үнсіз келе жатты. Шам жарығына қатарласып келе бергенде Чернов қасындағы серігіне көз қиығын тастады. Қарт генералдың былайғы кезде де китель жағасын жапырып, алқымына сыймай тұратын майлы бұғағы рессорлы арба шайқалғанда дірілдеп, қолы, ныгы бүкіл май басқан іркілдек ауыр денесімен бірге шайқалақтап қалады.

— Сен қашан қайтасың? — деді қарт генерал.

— Ертең-бүрсігүндері...

— Менің ұлым Евгений сенімен бірге кетем деп отыр. Қарсы болып едім, амал қайсы, көнбей қойды.

— Балаң ұнайды.

Қарт генерал үндемеді. Азырақ отырып барып:

— Бұнан кейін кездесеміз бе, жоқ па, кім білсін. Тірліктегі бір өтінішім болсын, жалғыз балам ғой, өзің қамқор боларсың,— деп бұның тізесі үстінде жатқан қолын сыртынан басып, қысып-қысып қойды.

Колчак үкіметі Любинский проспектінде бұрынғы Омбы генерал-губернаторының сарайында тұратын-ды. Ішке кірер жерде бұларға арғы жағынан сыртқа шығып келе жатқан Каргинская қарсы кездесіп қалды. Бұл Омбының атақты сұлу әншісі. Және Адмирал Колчакпен ашына жайы осы қаланың басшасынан кешесіне белгілі. Осы күні істі болған кісі Колчакке өз аяғынан тікелей бара алмағанда, әрдайым сұлу әншіні сағалайтын боп жүрген-ді.

Сайқал келіншек екі қарт генералға қатарласа бергенде өзінің еркек атаулыға істейтін еркіндігіне басып көгіршін кеудесін көтеріңкіреп алды. Сүрлеген қасын самайына қарай керіп күлкі тепсінген көз қиығын екі генералдың екеуіне де қылымси тастап, тәкаппар басын болар-болмас қана изеді де, Сібір кешінің салқындығына қарамастан қыс шық-

қалы шүберек жаппаған жалаңаш кеудесін самаладай шам нұрына жарқ-жұрқ ойнатып, жұмыр ақ білегімен ауаны жайқаңдай есіп өте шықты. Қарт генерал Колчактың өзінде отырғанын біле қойды.

— Көрдің ғой,— деді ол Черновқа.

— Иә-ә...

— Нөкстен кейінгі Омбы үкіметіндегі мықты — осы бикеш.

— Болса болар.

— Орыс патшаларының ежелден таланына жазылған сый-сыбағасы осы: еркек басқарып, әйел билейтін...

Колчактың есігі алдында отырған көмекшісі — уыздай жас офицер бұл екеуіне ілтипат білдіріп, лып етіп түрегелді.

— Адмирал өзінде ме?

— Өзінде. Бірақ азырақ күте тұрыңыздар.

— Іште біреу бар ма?

— Бобкин екеуі оңашаланып отыр еді...

Чернов мырс ете қалды Өздерінің беті қайтып тоқтап қалған бинк есікке тыжырына бір қарады да, өзіне жақын тұрған бос орындыққа отырды. «Амал қайсы, күтпегенде қайда барасың»,— деп ойлап, бинк есіктің арғы жағында оңашаланып алған екеуге ызасы қайнап отыр. Бұл дызықканмен, бірақ аналар асығатын емес. Бір сағаттай уақыт өтті. Қарт генерал қалғи бастады. Чернов үшінші темекіні шекті. Түрегелді. Тарс жауып алған бинк есік алдында арлы-берлі кезіп жүріп, Бобкин жөнінде өзі білетін әңгімелерді есіне түсіре бастады. Рас-өтірігін кім білсін, осы Бобкиннің арғы атасы поляк деген қауесет бар. Ерте бір заманда патшаға қарсы көтеріліске қатысып, Сібірге жер аударылған. Ол кездегі фамилиясы — Бонишевский. Бергі жағында Бобкин боп өзгертіп жүрген бұның әкесі болуы ықтимал.

Жә, қалай болса да Колчак «үкімет» басына келген күні осыған дейін бүтіл Омбыда тірі бір жан білмейтін осы бір мұжық тақылеттес можан-топай кісінің де жұлдызы жарқырап шыға келді.

Омбы үкіметінің ішкі ұсақ-түйек шаруашылығын басқаратын Бобкиннің ресми қызметі шамалы болса да, қазіргі құдыреті тіпті әлемет. Омбыға келгелі осы кісі жөнінде Чернов талай қызық әңгіме есітті. Бұл өзі шала сауатты, дөрекі, доғал басымен замана ағымын аңғаруға соншалық жүйрік. Былайғы жұрт патша құлаған күннен бастап заман

өзгерді, жолымыз болды, енді қарық болдық, кенелдік деп күпсіп жатқанда бұл дабыра-дуға араласпай, үн-түнсіз жүріп Колчактың іші-бауырына кіріп алды. Қай дәуірде қалай өмір сүрудің ретін көкірегі көш жерден сезіп тұратын Бобкин патша тағы құлап, патшалық жойылғанмен, елді, жерді билейтін біреудің болатынын білді. Қаласа осы дүниенің тас-талқаны шығып қирап, аты өзгеріп, Керенскийдің «Уақытша үкіметі» атана ма, не әлде Колчактың «Сібір үкіметі» атана ма мейлі. Соның бәрінде де жалғыз кісі қожалық етсе болғаны. Қалған көптің бәрі Бобкиннің дәл өзіндей малай. Екіншісі онан гөрі кішірек орындағы шағын лауазымды малай. Ал олардың арғы жағындағы сонау шұбартқан қара нөпір көп халық нақ бір ұры тонаған кісідей байлық-барлықтан, атақтан, шен-шекпеннен жұрдай өңшең қара сирақ малайлар.

Соны білген Бобкин бүкіл Сібір үкіметінде бір ғана кісінің құлқын табуға тырысты. Қалған көп малай, тіпті, әріленсе, шен-шекпені бар малайлар да өзіне тұк істей алмасына көзі жеткен-ді. Ең арғы жағы, кейінгі кезде Колчактың өзі көтеріп жүрген кейбір жылпос жас министрлер сөз бола қалса, бұл бетi-аузын тыжырынып: «Әй, соны қойшы. Оның қалай жоғарылап жүргенін білем»,— деп қолын бір сілтейтін. Шынында да Бобкин осындағы «үкімет» мүшесі боп жүрген пысықайлардың қайсысы қандай жолмен жоғарылап жатқанын білетін.

Бобкин қанша құдіреті асса да, оның дәл, бірақ, үстіне әскер басшыларын кіргізбейтіндей күш алып кеткенін білмейтін.

— О, жасаған! Бұл дүние не боп кеткен,— деді Чернов.

Қарт генерал көзін ашты. Аузын алақанымен басып есінеп алды.

— Дүние бұрын қалай болса, қазір де сол баяғысы. Бірақ дүние өзгергенмен адам құлқы өзгермейді. Нокс пен Каргинскаядан кейінгі Омбы үкіметінің қазіргі мықтысы осы кісі.

— О, тәңірім... тәңірім! — деді Чернов күрсініп,— құдіретің күшті ғой, сенің.

Қарт генерал күлді:

— Жер тәңірісінің қасында көк тәңірісі тұк болмай қалды ғой.

— Я, я, көк тәңірісі тірі жанға жазығы жоқ, өзімен өзі жатады да қояды. Бәрінен бұрын дүниені мыналар бұлдіріп барады.

— Тіпті тергеусіз кетті. Қалай бұлдіріп жатса да қашан орнынан түсіп қалғанша бір ісін теріс деп айта алмай, ішіңнен тынасың да жүресің.

— Қызықсыз, Николай Андреевич. Теріс істесе тәңірі бола ма. Құдайлар қателеспейді.

— Тек осы құрғырлар көбейіп барады. Көкте бір құдай, жерде бір бастық болса қандай жақсы болар еді бізге.

— Қазір өзі де соған келе жатыр. Жә, мына үйрек бас Бобкин қашан шығады?

Осы кезде бұлардың беті қайтып тұрған биік есік дыбыссыз ақырын ашылып, арғы жағынан кеудесіне құдды көпшік тыққандай жуан денелі біреудің тақыр басы жарқырап шығып келе жатты. Черновтың сөзі әсер етті ме, әйтеуір өзі күнде көріп жүрген Бобкин кенет бұған аумаған семіз үйрек сияқтанып кетті. Әсіресе бас сүйегі былқылдақ кезде біреу екі құлақ шекенің тұсынан алақанымен ақырын қысып қалғандай, шынында да, аумаған үйрек бас екен. Карт генерал бетін бұрып күліп жіберді.

Бобкин еркек қаздай қисық аяғымен екі жағына кезек аутаңдап байпаң-байпаң басып кеп, өзіне назар аудармай тұрған генерал Черновтың қолын қысты.

— Сәлеметсің бе, генерал?

— Ә, сәлем!

— Сен осы кешегі банкетте болмадың ба? Көзіме түспедің ғой?

Рошаль Черновтың жеңінен тартты:

— Жүр, кірейік.

Есік алдында отырған жас офицер лып етіп түрегелді. Бұл екеуінің алдында тағы да ілтипатпен кешірім сұрады да, адмиралға сіздердің келіп тұрғандарыңызды хабарлайын,— деді.

Екі генерал бір-біріне қарап биік есік алдында шарасы құрып тұрып қап еді. Бобкин бұлардың соншалық сызылған әдептілігіне ішінен күлді.

— Кіре беріңіздер. Қазір бір өзінен басқа ешкім жоқ,— деді де, қисық аяғымен қаздаңдап басып шығып кете берді.

— Жаңағы сенімен амандасты ғой? — деді Рошаль.

— Онда тұрған не бар?

— Жәй. Жоғарылайтын шығарсың.

— Қойшы.

— Жоқ-жоқ, бұл тегін емес. Жаңағы үйрек бас істі алыстан сезеді.

— Амандасқанын айтасың ба?

— Сол аз боп тұр ма?

— Е, ол менімен әр қашан... осылай бұрылып кеп аман-дасып жүреді.

— О, жасаған! — деп, енді қарт генерал жағасын ұста-ды.— Осы кісіні жек көрем. Менің жек көретінімді оның өзі де біледі. Соған қарамастан бұның менімен де сәлемі түзу. О несі екен, ә?

Генерал Чернов үндемеді, бірақ өзі ішінен осы үйрек бас-тың өмір жөніндегі, адам баласы жөніндегі ұғымы тым тұр-пайы-ау деп ойлады. Оның ұғымында жер басқан жан екіге бөлінеді. Бірі — бастық. Екіншісі — малай. Бобкин өзін ма-лаймын деп есептеді. Министрлер де малай. Ажарсыз кісі айнаға қараған сайын тек қана өзінің келіссіз сиқын көрсе-тіні сияқты, шамасы, сірә, маңындағы малайлар бұл сорлыға өзінің де осылардай екенін есіне салатын шығар. Иә, ақиқат солай!

Ендеше бұл байғұс әр қашан лас бірдеңеге тұла бойын түп-түгел былғап алған кісіше өзінен өзі жиіркеніп тұра-тын болар. Бұл пақырдың осы өмірде өзіне ұқсамайтын кі-сілерге ілтипат білдіріп тұратыны сонан ба екен? Ендеше, осы үйрек басың онша санасыз да болмас. Ал, саналы кісі-ге малай болу қандай азап.

— Кіріңіздер! — деді жас офицер есік ашып.

Үлкен кабинеттің түп жағында отырған Колчактың бет өңі көмескі. Тек иығындағы адмирал погонының алтын әрі күңгірт құбылады. Колчак газет ұстаған қолы тізесіне түсіп, үстіне кірген екі генералға бет өңі кірбіңіп қарады. Қалжыраған өңінде «Я, сөйлеңдер!» — деген үнсіз сұрақ бар.

— Адмирал мырза, менің армиям жағдайын есіткен бо-ларсыз,— деді Чернов мейлінше салқын қанды болуға ты-рысып.

— Есіттім.

— Егер, тез арада осы жаққа алғызбасаңыз...

— Жоқ, жоқ, бұл жөнінде әңгіме қозғамаңыз!

— Ендеше, біздің халіміз келешекте бұдан да қиындай-ды. Адмирал мырза, сорлы Ресейдің тағдырын шын ойлай-тын болсақ, келешек ұрпақтың қарғысына қалғымыз кел-месе...

— Жә, генерал! Айттым ғой, бұл жөнінде тіпті әңгіме қозғамаңыз. Одақтас елдерге уәде беріп те қойған едім.

— Түсінікті!

— Тағы қандай шаруаңыз бар?

— Ендігі жерде сіздерден қашықтай береміз ғой. Қа-

тынас та қиындайды. Соңыра, тіпті қатынасу мүмкін болмай қалатын шығар...

— Жә, жә, тым сары уайымға салынып кеттіңіз. Қиындық болады, әрине. Бірақ тап сіз айтқандай бола қоймас. Кәне, шаруаңызды айта отырыңыз.

— Қару-жарақ жетіспейді. Осы жолы, тым құрыса, сіздерден қару-жарақты жеткілікті ғып ала кетуім керек қой.

— Кейін... ойластырып көреміз.

— Жоқ, адмирал мырза, осы қазір болмаса, кейін мүмкін болмасын білем.

— Сіз кете беріңіз. Ана жақта әскеріңнің халі қиындап барады.

— Сондықтан да қару-жарақ керек.

— Артыңыздан іле жөнелтем. Бір обоз ғып жермен жөнелтем. Бас-көз боп апаратын сенімді офицер бар.

— Ол кім?

— Қазір осында келеді. Көресіз.

Генерал Чернов қайырып сұрауға бата алмады. Колчак өздігінен айта қоймады. Бай елдердің бабы қатты елшілерінің көңілін табам деп-ақ басы қатып жүр. Өзінен жауап тосып отырған Черновқа бұл көпке дейін көзін салмай, төмен қарап стол шетін тықылдатып отырды да, кенет күтпеген жерден басын көтеріп алды.

— Сізге көптен бері айтсам ба деп жүрген сөзім бар еді. Естуім бойынша, қарауындағы кісілердің тағдырына селқос қарайтын көрінесіз. Штабың жұмыс істемейді. Соғыста ерлік жасаған офицерлер мен солдаттарды орденге ұсынған әлі бір де бір қағаз көзіме түскен жоқ.

— Ол жөнінен кінәліміз.

— Бұларың жарамайды. Адам тағдыры ойыншық емес. Осыдан барған бойда...

Ішке полковник Федоров кірді. Жоғарғы Ставканың кезекші генералының қызметін атқарып жүрген офицер.

— Подполковник Борисов жөнінде қандай әмір беріп едім? — деді Колчак.

Федоров жауап бере алмай күрмеліп қалды. Таяу күндердің бірінде Колчактың әмірімен Каргинскаяның қазіргі күйеуі Борисовке полковник атағын беру жөнінде Жоғарғы Ставкаға документ түскен-ді. Федоров «сұлу келіншектің күйеуі болғаннан басқа орыс әскеріне ешқандай еңбегі сіңген кісі емес, кейін көреміз»,— деп Борисовтың қағазын кідіртіп тастаған. Бұл жағдай Колчактың құлағына тиді.

Және елшілерге қонақасы беретін күні Каргинскаяның өзі айтты. Қонақасыға шақырылған халық тегіс жиналған кезде Колчак келді. Колчак құрмет көрсетіп, қақ жарылып тұрған әйел-еркек аралас жиынның арасымен жүріп келе жатты. Төр жақта тұрған Каргинскаяның қолына еңкейді. Әнші әйелдің қолына ернінен бұрын Колчактың қолағаштай үлкен мұрны тиіп кетіп еді, Каргинская қолын тез тартып ала қойды. Колчактың көзі кейінірек тұрған Каргинскаяның күйеуіне түсті:

— Мәссаған! Бүгін сені полковник дәрежесімен құттықтаймын ғой деп келсем...

— Менің күйеуім полковник бола алмай жүрген жоқ, берген уәдеңізді орындай алмай жүрген өзіңіз,— деді Каргинская.

— Жоқ, жоқ, мүмкін емес...— деді Колчак.— Мен сол бойда әмір бергем.

— Ендеше бұл Омбыда Верховный Правительді де тыңдамайтын кісі шығыпты.

— Ол кім?

— Коля, сол... кім еді? — деп Каргинская күйеуіне бұрылды. Борисов әйелінің құлағына сыбыр ете қойды. Каргинская күліп,— я, некий Федоров... легок на помине.— Міне, оның өзі де келді,— деп, есіктен жаңа кіріп келе жатқан Федоровты негімен нұсқаған-ды...

— Борисов жөнінде мен қандай әмір беріп едім? — деді Колчак.

Федоров түк саспаған күйі Колчакқа тура қарап тұрып, дәрежесін жоғарылатқандай Каргинскаяның күйеуінің отан алдында еш қандай еңбек сіңірмегенін айтып келе жатыр еді; өзін әзер ұстап тұрған адмирал ақырып столды қойып-қойып қалды.

— Ах, ты щенок! Верховный Правитель сен бе, мен бе? А? А?

Федоров үнсіз. Бірақ бұндай жерде Колчак қаһарын төккен кісісін жаныштап тапап тастамай тоқтамайтын. Ол Федоровтың иығындағы погонды жұлып алды. Сонан соң қасында тұрған қарт генерал Рошальге табан аузында әмір етіп:

— Мына күшікті Түстік Армияға жібер! Разжирел! Обнаглел! — деді айқайлап.

Қарт генералдың қыбы қанып тұр. Оған салсаң — бар пәле осылардан келіп жатыр. Өздерінің майдандағы сәтсіздігіне ең алдымен Жоғарғы штабты жайлап алған дәл осындай желөкпе жастар кінәлі. Колчактан бастап бар

«үкімет» мүшесіне жалған ақпар беріп (ана жақта Колчак әскері қансырап қырылып жатқанда, ал мына желөкпелер бұл жақта) жеңіс дабылын қағып жұртты желіктіріп, әуейілеп болды деп ойлайтын. Бір Федоров емес, штаб маңынан желөкпе жастың бәрін... аластап қуу керек.

Колчактың қаһары аз болғандай, қарт генерал да Федоровты көзге шұқып:

— Әліне қарамай бұл өзі менменсіп кетіп еді. Қолынан түк келмейтін ісік кеуде. Осы жақта отырып ап «жеңіс, жеңіс!» деп шулаушы еді. Ал енді жеңістің қандай болатынын соғыстың ішіне барғасын көрерсің,— деді. Құп-қу болған Федоров погонсыз иығы салбырап сүлеленіп басып шығып кетті...

Осы күннің ертеңіне генерал Чернов әскеріне қайтты. Омбыдан поезбен шыққан-ды. Қайтудағы жолдың екінші күніне қараған елең-алаңда көліктерін қалдырып кеткен Қорған қаласына жетті. Осы арада азырақ аялдап, алдын кештете жолға шықты. Қасында бір топ кісі, ішінде ротмистр Рошаль. Баласы қасында жүргенде де кәрі досының көңіл күйі онша емес-ті. Бүгінгі күні жалғыз бала басын қатерге тігіп, көз көрмес, құлақ естімес жерге аттанып кеткеннен кейін сол сорлының көңілі тіпті құлазып кетті ғой. Құдай біледі, баласын енді қайтып көрмесін білді. Сонан келе қоштасқанда үндемегеніне қайран. Әлде қатерлі жолға қадам басып тұрған бала, құдды ақырет сапарына шығарып сап тұрған өлік тәрізденіп, ішінен үнсіз бақұлдасып қалды ма? Баласы кеткеннен кейін ол сорлы өзінің осынау қаңыраған аңғал-саңғал дүниеде енді тіпті жалғыз қалғанын, қартайғанын, тірі жанға керегі жоқтығын қаттырақ сезген болар-ау!

Генерал Чернов кәрі досын аяды. Поездан түсіп, машинаға ауысып мінгелі жүрісі өнбеді. Ағызып отыратын сарнаған айдау жол болмаған соң соқпаққа ұрынған машина баурын жаза алмай бүгежектеп келеді. Және неғұрлым ілгері жүрген сайын солқұрлым қызылдар қуып келе жатқан Колчак әскерінің жаралы солдаттары көбейе бастады. Босқан халық, ебіл-себіл әскер, шұбырған жаяу-жалпы кісілердің арасында доңғалағы сықырлаған арбалар, асханалар, жүк тартқан обоздар ақырын жылжып өтіп жатыр, өтіп жатыр Генерал Чернов өзінен басқа батысқа бара жатқан тірі бір жанды көрмеді. Келешегі қыл үстінде тұрған өздерінің сорлы отанын қорғау, азаматтық борыш пен ар-намыс бірінің ойында жоқ... Бұл дүние не боп кетті? Не болды?

Генерал Чернов қабақ астынан байқап келеді: ұрыс іші-

нен қашып шыққан офицер семьялары ұшыраса бастады. Көбі жаяу. Көлігі бары да келісіп тұрған жоқ. Сары ала балшыққа бауыры былғанған арба үстінде жүдеу әйелдер шүйкедей боп бүрісіп қапты. Генерал Чернов қызылдардың шабуылына төтеп бере алмай шегініп келе жатқан Колчактың мына екі армиясының халы қиын екенін біле жүргенде де, дәл бұншалық құлдырап кеткенінен бейхабар еді. Мыналарда қайрат қылар қауқар қалмаған. Соңына салып алған жауды Омбыға әкелгенше тоқтамас. Генерал Чернов одақтас елдердің елшілерін еске алды. Кеше қанша жалпылдасақ та іштері жібімей үнсіз тараған себебін енді білді. Құдай біледі, Колчактан түңіліп кетті. Қазір Колчактан кім сырт айналмай жатыр. Асылы, қиындық басыңа түспесін. Қиындық басыңа түссе, кешегі ажарлы күнде, алдыңда құрдай жорғалаған көлгір топтың ілуде біреуі қасыңда қалады ғой. Я, Колчактың күні өтті. Соны қазір Колчактан басқа жұрттың бәрі сезеді.

«Апыр-ай, бұл дүниеге не болды?» — деп ойлап, генерал жол бойы тебіреніп болды. Онан сайын осынау сұм дүниеден зейілі шығып, көңілі суық тартты Онсыз да осы күндері ескі сырқаты шығып, баяғы орыс-жапон, сонан соң орыс-герман соғысында тапқан ескі жарақаттары сырқырап ауыра бастап еді.

Қанша компайтқанмен Колчактың қолынан түк келмесін бұның өз басы баяғыда-ақ білген. Әлін білмеген әлек деп тауып айтқан. Я, я, бұл сорлы әліне қарамай мемлекет қайраткері болғысы келді. Оған, бірақ не ұлылығы, не қырағы көрегендігі жетпеді. Тым құрыса қиын кезде қол астындағы халықты дірілдетіп ұстайтын қаһары болмады. Онан бір кезде бұл ұлы қолбасы болғысы келді. Патша айрылып қалған ұлы қағанаттың іргесін қосып, бет-бетіне пышырап кеткен елдің басын біріктірсем деді. Оған, бірақ бұл сорлының бойында, солдат жүрегінде сөніп бара жатқан сенімді шақпақ тастай қайта тұтататын отты жалын жоқ еді. Өткір жігер де болмады. Қиын кезде қасына жинаған кісілерінің сиқы анау: үйрек бас Бобкин... жалпылдақ министрлер... қалғандары да оңып тұрған жоқ. Ел қамын ойлаудан гөрі бәрінің есі-дерті күштінің көңілін табу, қызмет бабында өсу. Бәрі де шетінен тай мінген тақымы бос баладай Колчак берген креслоны қос қолдап қысып отырған сорлылар. Жоғарғы Ставканың да сиқы анау. «Жеңіс, жеңіс!» деп дауырыққан, өңшең желөкпе жастар.

Патша құлады. Ескі ұяның күлі көкке ұшты. Соңғы бір үміті — Колчак болса — оның да күні тақау. Қатын-баласы

Петроградта қалды. Керек десе, қазір олардың бары, жоғы да белгісіз. Генерал Чернов осындай кезде Омбыдан аулақ кеткеніне мың шүкірлік етті. «Жақсы істедім. Осыным ақыл болды. Қолынан түк келмейтін, кіл өңшең меңменсіген ісік кеуде... Наполеонсымақтар... осылардан аулақ жүрген нің өзі жақсы»,— деп ойлады ол.

Суыт жүріс үшінші күнге қарағанда бұлар ат басын түстікке қарай бұрды. Сонан кейін бір жерге бел шешіп тоқтамастан қазақ даласына қалыңдап кіре берді. Арып-ашып әскеріне жетті. Кідірмей Орскіні алды. Қазақ жеріне кірді. Ілгері басқан сайын қызылдардың қарсылығы азайып, табаны сырғанып шегініп барады. Ертең-бүрсігүні Ақтөбені де алатынына шек келтірмеді. Қарауындағы офицерлер қайта көңілденіп «Жеңіс! Жеңіс!» — деп есіріп жүр. Тек генерал Чернов қана үнсіз. Омбыдан қайтқаннан бергі тұнжыраған көңілсіз кескінді жадырамады. Қасындағы кісілер қарт қолбасыны Омбы сапарынан тұмаурап ауырып қайтты деп жүр.

* * *

Ақтөбе қаласын қорғаған қызылдар күтпеген жерден қатты қарсыласты. Әсіресе, жұмысшы жасақтары төсек боп қырылып қалғанына қарамастан күші басым жауға қарсы кескілесіп тұрып алды. Ақыр аяғында жау әскері жан-жағынан қаптап, қысып бара жатқан соң ғана лажсыз қаланы тастап шегініп кетті.

Ақтардың алды Ақтөбеге кірді. Жас майор ұрыс боп жатқан жерден құйындатып шауып кеп, қара тер болған аттың басын генерал Черновтың дәл қасына келгенде тартты.

— Қолбасы мырза...

Генерал қамшы ұстаған қолын көтерді:

— Адал қызметіңе рахмет!

— Рад стараться!

— Шығын көп пе?

— Әзір белгісіз. Анық мәлімет жоқ...

— Қызылдардан қолға түскен бар ма?

— Тұтқын... қайдам, бар болса бар шығар...

— Ротмистр Рошаль қайда?

— Қалаға бірінші боп кірген әскер арасында кетіп бара жатқанын көргем.

— Аман ғой, әйтеуір?

— Оншасын біле алмадым, қолбасы мырза.

— Тауып ал. Тірі болса, маған тез жетсін.

Майор ат басын асығыс бұрып, келген ізіне қайта салды.

Генерал Чернов соңында ніріліп тұрған нөкеріне бұрылып қарамастан астындағы ақбоз арғымақты тебініп қалды. Ақ арғымақ «ә» дегенде аяғын кібіртіктеп алды да, бірақ іле-шала тез төселіп баурын керіп көсіліп аяңдап кетті. Соңындағы үнсіз топ аттарын амалсыз қамшылап, текіректеп желіп отырды. Ішінде Еламан бар. Рза мен Әли қасынан екі елі қалмай, қатарласып үзеңгі қағысып отыр. Елде мал, жанды сылтауратып, тезірек қайтқысы келсе де, мына ақ генерал іркіп жүр. Әдепкіде Одақтас Елдердің әскери мамандары келеді деп іркіп еді. Кейінгі күндері олар келмейтін бопты деген сыбыс шықты. Бірақ, оның есесіне, штаб төңірегіндегі офицерлер арасында басқа бір әңгіме айтыла бастады. «Колчак қисапсыз көп қару-жарақ жіберіпті. Сол келгесін күшейеміз»,— деген сөз бұндағы жұртқа желеу боп барады. Еламанның сырт түрі салмақты. Тұк білмеген кісіше қаннен-қапersіз маңқиып жүрсе де, үйде де, түзде де құлағын түрік ұстады. Жол жүргенде генерал Черновтың қасына жақын болуға тырысады. Тақа болмағанда көп дүрмектің арасында ілесіп, атын құйрықтастырып отырады.

Еламан келе жатқан қару жөнінде әлі анықтап біле алған жоқ. Тезірек қайтқысы кеп асығып та жүр. Бұлар кешіккен сайын Дьяковтың да зәресі қалмай жүргенін білді. «Ақтөбеден кейін қалайда ұлықсат алып, қайтуым керек»,— деп түйді.

Ілгергі жақтан шаң көрінді. Іле-шала торы шолақ атты жас офицер ағызып кеп, генералдың ақ арғымағына тұмсық тірей тоқтады. Оң қолын мойнына асып апты. Ақ маралдың сыртынан қан білініп тұр.

— Командашы мырза...

Генерал Чернов үн-түнсіз ақ арғымақты ілгері бастырып кетті. Қатарласып келе жатқан жас офицерге генерал репшті жүзін жартылай бұрып:

— Ұрысқа кіруіңе үзілді-кесілді қарсы екенімді білесің. Әлде ерлігіңді көрсеткің келді ме? — деді ақырын, бірақ зілді үнмен.

— Кешірім өтінем.

— Қолыңның жарақаты... қалай?

— Тұк те емес. Сүйегі аман.

— Бізден шығын көп пе?

— Иттер, қатты қарсыласты. Кісіміздің қырып алдық.

— Қолға түскен... тұтқын бар ма?

— Жоқ.

Генерал Чернов атын тебініп қалды. Жас офицер қолбасымен қатарласып келе жатып, артына әлсін-әлі жалтақтап қарай берді.

— Борис Борисович, мынау... кім?

— Біздің одақтасымыз.

— Хан ба?

— А?

— Сізбен дидарласуға қырғыз-қайсақтың ханы келді деп естіп едім.

— Кішкене көңіл делбеп қою үшін оны осылай атағанымыз да дұрыс болар,— деді Чернов езу тартып.

Жас офицер қолбасының арғы жағындағы ащы мысқылды аңғарған жоқ. Ол тек мына сары ала ық нөкердің арасында бұндағы бір жаннан қымсынбай өзін емін-еркін ұстап келе жатқан ала көз қазаққа қараған сайын таңданып: «хан болса болар»,— деп ойлады. Үстіндегі киімдері де ханға лайық. Ептеп шалғысына ақ түскен қою қара мұрты да ана қоңқақ мұрны мен ер тұлғалы басқа бар бітіміне үйлесіп тұр. Ана қарашы, қасындағы бір кісіге ден қойып қарамаса да, жол үстіндегі бар қыбыр-жыбырды ала көздің қиығымен бақылап бағып келеді. «Жұрт айтатын шығыс халқының зымияндығы»,— деп түйді ішінен.

— Мырза! — деп генерал Чернов көп нөкердің арасында келе жатқан Еламанға мойын бұрды. Еламан атын желдіріп кеп қатарласа берді.

— Мырза, танысыңыз, ротмистр Рошаль. Менің қатты сыйлайтын бір досымның баласы.

Еламан жас офицердің бет өңіне алғаш рет анықтап қарады да, көзін тез тайдырып әкетті. Сонан соң қамшы ұстаған қолын кеудесіне қойып, құндыз бөрік киген тәкаппар басын тағзым етіп сәл иді.

— Мәртебелі мырза, сізбен танысқаным үшін өзімді бақытты санаймын.

— Мен де

— Досымның досы маған да дос.

Ротмистр Рошаль бұған орай қалай жауап беру керек екенін білмеді. «Туһ, сайтан алғыр»,— деп іштей ыңғайсызданып, қысылып қалды да, қара мұртты қазақтан көзін қашырта берді.

Еламан бір көрген кісісін ұмытпайтын. Жадында жазылған хаттай сақталып қалатын-ды. Мына жас офицерді көргенде оның есіне ана жылғы түрік жері түсті. Қақаған қыс, қар басқан таулы-тасты дала, сүзек тиіп қырылған жұмысшы батальоны. Өлген-тірілгеніне қарамай түрік жеріне

ілгерілеп кіріп бара жатқан орыс әскерінің соңынан ілесіп отырып қару-жарақ, азық-түлікпен қолма-қол жабдықтау аса қиындаған кезде кейінгі жақтан жұмысшы батальоны келді. Қазақ, өзбек, қырғыз жігіттері оқ пен оттың ішінде сүрініп-жығылып жүріп, түріктер қиратып кеткен темір жолды салып жатты. Әлсіз кісілердің ісі өнбеген соң орыс әскерінің жоғарғы бастықтары бұларға бір әскадрон әскерді көмекке жіберді. Райжан сүзектен тұрған, әлсіз. Тарғыл бет солдат... әй-шай жоқ оны қамшымен бетіне тартып қалды... Сондағы атты әскер эскадронын бастап әкелген уыздай жас командир осы! Осының дәл өзі! Сондағысынан бет өңі өзгеріп жарымаған. Дәрежесі де өспеген. Сол жолғы Рошальдың астындағы қара қасқа атқа дейін есінде. Еламан, бірақ бұл офицердің өзін танымасын білді. Есіне салып айтып берсе де білу-білмеуі неғайбіл. Ол бір тірлігі тығырыққа тірелген ауыр кез еді. Соған тікелей қатысы болғасын ба, не әлде әлі күнге дейін есіне түссе ет бауыры елжіреп қоя беретін жалғыз інісі... Райжаны тағы да тыныш көңілін толқытып жіберді ме, әйтеуір мына офицердің жанынан кете алмады. Аты кішкене қалып бара жатса да тебініп қап, үзеңгі қағысып қатарласа кетеді.

— Қолыңыздың қаны тыйылатын емес қой.

— Я, йод жағу керек.

— Жоқ, киіз күйдіріп басқан жақсы.

— Не?!

— Киіз күйдіріп басу керек.

Ротмистр Рошаль күлді.

— Еркіңіз білсін,— деді Еламан.

— Қазір дәрігерге дұрыстап таңғызып алам.

— Генерал сізді жақсы көреді екен.

— Әкем екеуі бала кездерінен дос.

— Әкеңіз қайда?

— Омбыда. Осы сіздің есіміңіз?..

— Тәңірберген.

— Қалай... қалай дедіңіз?

— Тәңір-бер-ген.

— Таңир... бр-р- бр-р... тьфи, сайтан алғыр! — деді Рошаль күліп.

— Оқасы жоқ.

Осыдан кейін бұл екеуі тақым жазбай қатар жүріп отырды. Генерал Чернов анда-санда артына бұрылып, бұл екеуіне көз сап қояды. Ұрысқа кіріп шыққан жас офицердің желігі әлі басыла қоймаған. Ала көз қазақ анда-санда бір басын изеп күліп қойғаны болмаса, үндеп жарымады. Жол

бойы қатты күліп, ауыз жаппай үздіксіз сөйлеп келе жатқан жалғыз Рошаль ғана.

— Қазақ хандарында гарем... гарем дегеннің не екенін түсінесіз ғой?

— Әлбетте. Бізде тек оны харамхана дейді.

— Демек, сіздерде де болғаны ғой?

— Е, харамханасыз хан бола ма.

— Солай ма?!

— Халық хан сайламас бұрын, таққа отырғызардың алдында болашақ ханның әйелдері тұратын алтын сарай салынады.

— Қанша әйелге үйленуге хақы бар?

— Оны ханның қалауы біледі.

Ротмистр Рошаль шек-сілесі қатқанша күлді. Онда да жарақатты қолы ауырып бара жатқасын тоқтады. Еламан мына жас офицердің елгезек бала мінезін ұнатып, салмақты жүзіне сәл-сәл ғана күлкі тепсініп жымнып қойды.

— Тан... Танир.. Танир бр-р..— деп Рошаль тағы да өзінің ойнақы бала мінезіне басты,— кешіріңіз, мырза, есіміңіз қалай еді?

Бұл оның бесінші, әлде алтыншы рет сұрап тұрғаны. Соған орай Еламан да әзілге шаптырып күліп жауап берді:

— Баяғыда бізді оқытқан молдадан бір бала сабақ алды. «Әліп» деген арап әрпі ұзын таяқша болады. Осы әріпті молла қағазға тігінен бір тартып қалып: «аумаған нағыз таяқ» — деп түсіндіріп еді. Жаңағы сорлы бала «әліпті» жыл бойы жаттай алмай-ақ қойғаны бар емес пе. Молла сұраса әліптің аты аузына түспейді де, таяқ деп жауап береді. Сонымен бір жыл өтті. Келесі жылы балалар оқуға қайта жиналды. Өшігіп алған молла әліпті қайта сұрағанда, әлгі баланың «таяқ» деп жауап бермесі бар ма. Сонда онан молла да түңіліп: «түһ, патшағар! Сірә, сен таяқтан басқаны ұқпассың»,— деп, қамшымен басына тартып қап еді...

Рошаль бұған тағы мәз болды, жаралы қолын ауырсынып, сау қолымен шынтағының астынан көтеріп алған. Сонан бір кезде ол күлкісінен тыйылып, былқ-сылқ босаған бойын билеп алды. Ер үстінде дұрысталып отырды. Еламанға бұрылды. Бірінші рет осы қазір ғана көріп тұрғандай, оның басы, аяғын шолып өтті.

— Жаңағы кеще шәкірттей менің де басымнан таяқ айырғың келмейді ғой, шамасы. Сондықтан, сізді хан деп атауға бола ма? Сіздің ата-бабаларыңыз, шынында да хан болған шығар.

— Я, әкем де, әкемнің әкесі де хан болған. Менің өзім де ханмын.

— Міне, мынау Ақтөбе! — деп, бұлардың кейінгі жағында келе жатқан біреу оқыс айқайлап жіберді. Еламан жаңа байқады: қырғын соғыстан кейін босаған Ақтөбе қаласы сонау етекте, шаң мен түтін астында тұншығып жатыр екен. Әр жерден өртенген үйлер түтеп жанып, қара қошқыл түтін бұрқ-бұрқ етеді.

VII

Ротмистр Рошаль Омбыдан келген бетте қолбасыға адъютант боп тағайындалды. Сонан бері ол ат үстінен түскен жоқ. Қолбасының қолма-қол орындайтын тығыз бұйрығын ала салысымен құйындатып полкке, дивизияға шабады. Онан ізінше кері қайтып, қолбасыға ана жақта, ала қиғаш ұрыс ішінде жүрген әскерлердің хал-жайын жеткізеді.

Алғашқы кезде осы қызметі ұнаған. Кейін зейілі шығып, ұрысқа жіберуін сұрады. Қолбасы, бірақ оның өтінішіне құлақ аспай қойды. Бұл жөнінде тіпті сөйлескісі келмейтін ыңғайын таныған соң Рошаль да қасарыспады. Кейін бір ыңғайы келер деп ойлады. Осыған бел байлағаннан кейін жас жігіттің жүдеу жаны қайта жадырап, қайғы мен уайымды бір сәт бойына дарытпады. Ала-бөле кісі басы құралған жерде ол өзін шамадан тыс сергек ұстады. Жұрттың бәрінен ол көп сөйлеп, көп күлгендіктен кейде сырт көзге есірік сияқтанып тұратын.

Рошаль жалғыздықтан қорқатын. Кейде қызметтен кішкентай қолы босап, оңаша үйде жалғыз қалса түсі бұзылып тұнжырап қоя береді. Әке-шешесі есіне түседі. Шешесі қызылдар қожалық етіп тұрған қалада, ызалы, аш кісілердің арасында. Бұрын қасында келіні болатын. Я, келіні болған. Ал, қазір жалғыз. Қазір жұрттың бәрі жалғыз. Әкесі де жалғыз. Бұның өзі де жалғыз. Генерал Чернов та, Колчак та жалғыз. Соны ақымақтар ғана сезбейді, ал ақылды кісі сезгісі келмейді. Үйткені бір тұтам тірлікті тыныш жасағың келсе, өзіңді өзің алдарқат, жоқтан жұбаныш ізде, сенбесіңе илан. Я, я, илан. Адам баласы алдағанды, алдарқатқанды ұнатады. Неғұрлым кісі алданышқа иланып, есек дәмелеңіп жүрсе, солғұрлым желбуаз, лапырмайым келеді. Сол кезде өмір сүру де оңай. Я, я, сырқырап ауырып тұрған жараға шыңғыртып темір істік тыға бергеннен көрі жұмсақ алақанмен сылап-сипаған жеңіл. Ал ауыр өмір ныңына батқан сайын кісі жұбаныш іздейді. Өзін өзі алдарқататын

жұбаныш іздеп табады. Омбыдағы бір жұбанышы — ішкілік еді. Есін таңғанша ішетін. Кейде қонып қалатын. Кейде үйге таң ағарып атқанда келетін. Бір жолы түн ортасы ауа бергенде жолдастары қолтығынан сүйемелдеп әкеп, есіктен кіргізіп жіберді. Рошаль сол күні қайда болғанын, кімімен бірге болғанын білмесе де, бір ғажабы, үйге келгені есінде. Жалғыз қалғасын құлап қалмасам жарар еді деп қорықты. Босағаға сүйенген бойы толықсып, аяғын әзер-әзер басып тұрған. Су ішкісі келді. Бірақ қайдан іздерін білмей, тілі мен таңдайын қуырып бара жатқан сор дәмнен тыжырынып басын сілкіп қалды. Ілгері қарай баспақ болғанда, кенет қарсы алдында, кең креслода киімшең бойымен ұйықтап отырған әкесін көрді. Аппақ басы кеудесіне түсіп, иығы, қолы салбырап, бүтіл бар денесі ауыр салмақпен шөгіп кетіпті. Жас Рошаль төбеге ұрғандай тұра қалды. Удай мастығына қарамастан кәрі әкесінен ұялатын сияқты. Ол тек дені дұрыс кезіндегідей екі бетінен оты шыққанда ұялудың орнына арғы жағынан арсыз күлкі қыстап ие бермей бара жатқанын сезді.

Жас Рошаль ерніи тас қып тістеп алды. Сонан соң құдды әуеге асқан арқан үстімен жүргендей аяғын ұшынан басып төрге беттеді. Жолда жатқан бірдеңені қағып кетті. «Тс-с!» Әлде кімге сұсын жайып сұқ саусағын безей қойды. Кереуетке отырды. Етігін шешті. Қалған киімдерін де үстінен бір-бірлеп шешіп, көрпе астына кіріп теп-тез жата қалғысы кеп еді, оған, бірақ кительдің жоғарғы түймесіне апара берген қолының кенет жаны кетіп қалғандай. Саусағы жуыспай түймені тартқылап отырды да, қолы сылқ етіп тізесіне түсті. Қолына іліккен бір жастықты бауырына тартып алды да, отырған жеріне құлай кетті. Сонан ол ертеңіне түс ауа оянды. От жақпаған үй іші ызғып тұр. Әкесі жұмысқа кетіпті. Бірге тұрғаны болмаса, әке мен баланың бірін-бірі көрмегені қай заман. «Ішуді қою керек»,— деді ол өзіне. Телефон шылдырады. Елшілердің құрметіне қонақ асы береді екен. Соған бұны да шақыратынын хабарлады. Рошаль күні бойы екі ойлы боп жүрді. Кешке бас сұғып кетейін деп құлықсыздау боп келіп еді; сәулетті кең залға сәнді киінген зиялы жандар жиналып қалған екен. Жас Рошаль көңілі кетіп жүрген бір ақсары келіншектің жанында тұр еді. Каргинская келді. Қазіргі күйеуі подполковник Борисовтың қолтығынан ұстап келді. Атақты актриса барған жерін — мейлі хандікі, қаранікі болсын — ұршықтай үйіріп, билеп-төстеп әкететін. Ол жақындаса жұрттың бәрі (кәрің бол, жасың бол) балаға ұқсап, бас еркінен айрылып

қалатын-ды. Каргинская осы жолы да іштегілермен аман-даспай жатып, жас Рошальдың жанындағы ақ сары бикештің сәнді сұлу бойына сұқтанып:

— Ах, как вы пре-лестны!..— деді. Онан ол ақ сары келіншектің етегі малынған қара барқыт көйлегіне, алтын сырғасына, асыл алқасына балаша таңырқап, неше түрлі мақтауларды жаудырды.

Каргинская күні бүгінге дейін өзімнен асқан сұлу бар деп ойламайтын. Басқа бір әйел алдыма түсер деген қауіп болған емес. Аспандағы жұлдыздар жиі болса, ай да әдемі-леніп, анығырақ жарқырай түсетіні сияқты, көрікті әйел неғұрлым көп болған сайын, олардың көркі солғұрлым бұ-ның бір өзін ажарлай түсетіндей көретін. Оның ойынша: ажарсыз әйелдер ғана шүберекке әуес. О жер, бұ жерін шү-берекпен қымтап жұрт көзінен жасырғыштап болады деп ойлайтын Каргинская өз бойындағы құдай берген сұлулық-ты кісі көзіне жалаңаштап ашып тастап, атластай жарқыра-тып жүретін. Өзге әйелдерден гөрі әдетте оның көйлегінің жеңі шолақтау, иығының ойындысы төмендеу тұратыны со-дан. Оның аппақ жұмыр білегі мен қарының қай тұстан қосылып, буыны білінбей тұтасып кететінін байқау қиын. Жүрген жүрісі сырбаз. Аппақ жұмыр білегі дәл топшының тұсынан ақырын ғана майысып, салалы саусақтарын әдейі жұрт көрсін дегендей жайып тастап, екі иығының басы кезек ырғалып, жайқала басып жылысып бара жатады. Осы түрі қандай ұстамды кісінің де сезіміне шауып, көзін арбап алатын әзәзіл сиқыршыдай; бар болмысымен көзі түскен еркектің көңілін қытықтап: «Мені көр! Мені көр де, өзің-нің әйеліңе қара»,— деп уыттап арбап, ерлі-зайыпты кісі-нің арасына от тастап бара жатқандай. Онан сайын бұл қа-ланың кәрі-жасы түп-түгел Каргинскаяға қырыла ғашық боп, басқан ізіне таласып тәуап етіп жатты. Қала жастары Каргинскаяны неғұрлым жақсы көрген сайын, күндес әйел-дердің солғұрлым оған зығыры қайнап, іштері ызаға толып жүретін. Айрықша осы ақ сары бикешті атарға оғы жоқ еді; сонан келе, неге екенін қайдам, осы бір ана жөргегінен ұшып туған сайқал әйелдің алдында, көре көзге абы-ройынан айрылып, арбауға түсіп бара жатқанын байқамай қалатын. Осы қазір де Каргинскаяның алдында үндей ал-май, бір қызарып, бір бозарып тұр. Атақты актриса ақ сары бикештің көзіне кекесінмен күле қарап:

— Бүгін талай жігіттің жүрегін дірілдетерсің...— деді де, күйеуін қолтықтап жүре берді.

Ақ сары бикеш қысылған бойын біразға дейін билей алмады. Кінәсіз ұяңдықпен көзін төмен салып, жанындағы сыйлы жігітпен столға жақындады. Бұл кезде үлде мен бүлдеге бөленген кісілер — алтын нық офицерлер, генералдар, елшілер ұзын столдың екі бетін ала отыра бастаған-ды. Каргинская төр жақтан екі орынды қатар алып, біріне Рошальды ымдап шақырып еді. Рошаль басын сыпайы иіп алғыс айтты да, ақ сары келіншектің қасында қалды. Бұл күнде оңашасын тауып ұрланып кездескенде болмаса, осындай жиынды жерде атақты актрисадан бойын аулақ сап жүретін. Бәрінен бұрын Рошальға «мой мальчик» дейтіні ұнамайтын. Сол кезде мына балғын денелі келіншектің қасында ол өзін шынымен-ақ бала болып кеткендей көретін.

Ақ сары келіншек бәрін байқады: Каргинскаяның Рошальды шақырғанын, бірақ бұның бармағаны көріп ішінен ырза боп түлеп отыр. Шаттық сезім кеудесіне сыймай жүрегі лүпілдеп тез-тез соғып кетті. Онан сайын самаладай шам нұрында жалтыраған жалаңаш кеудесі көтеріліп-басылып, ыстық сезім билеген бойы алабұрта түсті. Кеш бойы Рошальдан басқа бір жанды көрген жоқ. Үйленейін деп жүрген жігітінің әлде неге бүлініп, әлсін-әлі құлағына еңкейіп сыбырлап айтқан ызалы сөздерін де ұқпады. Рошальге күлімдеген шат жүзін қайта-қайта бұрып, дірілдеген кірпік астынан көзін қадап қалады. Рошаль осынысын жақтырмай, тыжырынып қап отыр. Өзінің әйелі де дәл осы ақ сары бикештей кісіні көзімен қытықтап, бір түрлі қылымсып сайқылана қарайтын. Ұялы үлкен көзін тәтті ұйқы қысып, жұмылып кете беретін сияқты еді. Оны Рошаль бұрын байқамады. Я, байқамады. Сырт кескіні ептеп цыған қызына келетін қалың қара шашты арық қызға ол бала күнінен ғашық болды. Сүйетінін сездіре алмай, жас жүрек алабұртып үздігіп жүргенде, бір күні бұған қыздың өзі хат әкеліп берді. Бұл жолы қыз бұған бұрыңғыдай емін-еркін келмей, көзін төмен салып, қысылып кібіртіктеп басып келді. Әтір сепкен хатты бұның қолына ұстата салды да, үріккен лақтай ытқи жөнелді. Хатта «сені сүйем» деп жазған екен. Ол кездерде алды-артын ойламай, қыз ұятын ұмытып күйіп-пісіп жүретін. Ғашық болғаны да қызық: сезімі кітаптан үйренген, не әлде естияр қыздарға еліктеген секілденіп сөлекет көрініп тұратын. Сүйетінін қалай дәлелдеудің есебін таппай, қысылғаннан шиедей қызыл ернін қырқып, қайта-қайта тістелей беретін. Өз сезіміне өзі өртеніп, от басып жүрген есалаң, арық қара торы қыз Рошаль Түрік майданына жүргелі жатқанда өзін-өзі өлтірмек болды. Онысынан, бірақ ештеңе шы-

ғара алмаған соң, өзіне-өзі ызаланып, жылап жүрді. Рошальды шығарып сап тұрып «былай шыққасын ашып оқы»,— деп қолына хат ұстатты. Бұл жолы қыз ғұмырлық адал жар болатынына айғақ ретінде қолын қанатып, «некелі жарың» — деп қанымен ақ қағазға екі ауыз сөз жазған екен.

Екі жылдай майданда боп қайтып келгенде, ол баяғы тұлымы желкілдеген ап-арық қызды танымай қалды. Бұл қанша күйіп-жанса да, қыз оған бұрынғыдай өліп-тірілген жоқ. Қайта, бұл шақта балғын тартқан бойын жұрт алдында шалқайып ұстап, шағын ғана муфтадан жел тимеген ақ сүйрік саусағын ақырын шығарып жігітке созады.

Рошаль қыз үстіндегі киімдерден бұрын бір әйел баласынан көрмеген сән байқады. Мөлдей қара берен пальтоның жағасы мен жеңінің аузына асыл сусар бастырған. Сусары аса жалпақ та, аса жіңішке де емес. Басында да қара берен шляпа. Бір бүйірін үлпілдек ақ үкімен оқалап тастаған шляпа астынан қалың қара шашы бұрқырап шығып, бұйраланып тұрды. Қыз сәнінен көзі түскен сайын Рошаль өз бойынан қысылып болды. Әсіресе, алғашқы күндері аузына сөз түспеді. Қыз да шын сезімін сыртына шығармай, оңаша кездескен сайын көзін тәтті ұйқы қысып жұмылып кете беретіндей. Көбіне кірпігімен жарылап жауып кісі өңіне көзін тоқтатып, бір түрлі алыстап бұлдырлап қарайтын әдет шығарып еді... Керенский құлағаннан кейін көп ұзамай келіншегі Петроградтың бір ала аягымен шет елге қашып кеткенін естіді. «Я, қазір жұрттың бәрі бір-бірінен қашып жатыр»,— деп ойлады Рошаль. Ертеден бері ол жанындағы кісілерге қарамай жалғыз ішіп отыр. Әрі-беріден кейін әжептәуір қызып қалды.

Бұл кезде біраз тост көтерілді. Біраз арақ-шарап ішілді. Әдетте бір-жар рюмка ішілгеннен кейін көңілденіп қоя беретін стол басы аяз қысқандай әлі құрыстап тұр. Рошаль байқап отыр. Колчак та соны сезген болу керек, ол Америка елшісіне тіл қатты. Бірақ сөзін аяқтар-аяқтамаста ұшқалақтық істеп, елшіден бұрын өзі күліп жіберді де, ал анау міз бақпай сазарып отыра берді. Стол басындағы кісілер ыңғайсызданып қалды. Америка елшісіне ағылшын елшісі ренішпен қарады. Осы кеш, әсіресе, Франция елшісі Колчакқа ерекше ықылас білдіріп, жалпылдап жатыр. Колчак «үкіметіне» өзгелерден гөрі осының жаны ашығыш екенін Рошаль білетін. Онан басқаларының да жайы бұған қанық; ана бір жолы әскери делегация құрамына ілесіп Владивостокте болғаны бар. Олар жөнінде естуі де көп, мәселен: сәр

Эллиот орысша таза сөйлейді. Онысын орыс халқына өзгелерден гөрі өзінің бір табан жақындығын танытатын туыстық белгісіндей көріп әрдайым пәш етіп жүреді. Сөз төркінінен бүкіл Шығысты, оның ішінде әсіресе, Шығыс Сібірді жақсы білетінін аңғарасыз. Граф Мацудайра бұлардан бөлектеу. Жапон дипломаты екені сырт түрінен де, сөйлеген сөзінен де, айран шайқаған местей былдырлаған тілінен де көрінеді.

Тілдесіп отырған кісісіне сырын алдырмай ішінің бір астарын бүгіп қала беретін. Көзілдірік киген қысық көзін кісі жүзіне салмай, шолақ ерін астынан екі қасқа тісі ырсиып шығып, жылтыр жүзі зәрін ішіне жұтып жымиып қана тұратын. Бір кісінің сауалына тура жауап бермей, сөз арасына сөз салып түлкі құйрықтандырып бұлтарып кете береді. Сұраққа жауап бергеннен гөрі басқа кісіден өзі сұрағанды тәуір көретін-ді. Олар Колчактың алдына жиі барып, жымиып күлгенмен, Америка елшісінің әлгі астамшыл ірілігінен кейін Рошаль бұлардың бірде-біріне сенбеді. Ресей жерінде орыстың дәм-тұзын татып, одақтас болғансып жүргенмен ойлары бұзық; бұл елді өз елімен терезесі тең көрмейді. Қазіргі Ресейге дәл бір қаны сорғалап жараланып жатқан ірі аңның үстінен шығып, әрқайсысы әр мүшесін бөлісіп алғандай, осылардың қай-қайсысы да қызылға үймелеген жыртқыш. Анық жыртқыш.

Ротмистр Рошаль сұлу бикештің жиын ішінде жалғызсырап қалғанын байқамады. Екі иығының басы түсіп тұнжырап отырып қалған-ды. Ертеден бері Рошаль мен ақ сары бикешті бағып отырған Федоров дәл осы кезде түрегелді. Стол басында отырған жұрттың сырт жағын айналып кеп, ақ сары бикештің құлағына еңкейіп:

— Мына ротмистрді погонның бұлдіріп тұрғанын қарашы. Әйтпесе, Иванов марқұмның «сахарадағы христосынан» несі кем? — деп күлді. Бұ да осы бикеште көңілі бар жігіт. Сондықтан оның алдында Рошальды әрдайым кекетіп, сүйкеніп жүретін әдеті.

Рошаль түрегелді. Ызалы жүзін Федоровке бұрды:

— Күл!.. Күл!

— Е, несі бар. Жаназада отырғанымыз жоқ қой.

— Орыс халқының жаназасында отырсаң да, сенің ойыңа кіріп шығады дейсің бе?

— Ақы-мақ! — деді Федоров ызалана мырс етіп.

— Күл! Күліп қал. Шетелдің табаны астында таптаылып жатқан халық арына да күлерсің сен.

Федоровтың араққа қызып алаурап алған беті кенет қаны қашып құп-қу боп кетті. Бірақ Рошаль тілге келмей бұрылып жүре берді. Федоров соңынан шалғайласа шықты. Ақ сары бикеш те олардың соңынан іле-шала жүгіріп, Рошаль мен Федоровтың арасына тұра қалды:

— Мырзалар, бұларың ұят! Құдай үшін өтінем, қойыңыздар. Сырт кісінің көзіне түсіп, масқара боп қаларсыздар.

— Кешірім өтінсін. Әйтпесе мен бұл балаға...

— Ер кісіде ірілік болу керек. А вы плебей.

— Не дедіңіз?

— Ештеңе емес. Жүріңіз. Бірдеңені бұлдіріп алмай тұрғаныңызда бастығыңның қолына тапсырайын.

— Қауіпіңіз мықты болды ғой.

— Үндемеңіз.

— Жоқ, алдымен мына күшік кешірім сұрасын,— деді Федоров қасарысып.

Рошаль әлгі бір ауыр ойдан арыла қоймаған сияқты. Жарылап шеккен темекісін лақтырып тастады да, Федоровке жақындап тоқтады.

— Кешірім сұратам деп, әуре болма. Сосын, бұл арада жанжалдасудың қажеті болмас. Ертең де күн бар. Ертең қалаған жеріңде кездесеміз,— деп оған қолын созып еді, Федоров өз қолын бермей, бірақ қыр көрсетіп:

— Болсын!..— деді де, ақ сары бикешпен қоштасып кетіп қалды.

Оңаша қалғаннан кейін сұлу бикеш Рошальдің қолынан қысып ұстады.

— Мұның арты немен тынар екен? — деп ол жас жігітке жабысып тұрып үрейлене сұрады.

— Ертең көреміз.

— Әлгіден қорқам...

— Ал, мен сұлу келіншектердің күйеуінен ғана қорқам,— деп ол күлді де, бикешті қолтығынан алып, бұл кезде би басталған кең залға беттеді.

Ақтар Ақтөбені алған күннің ертеңіне Еламан ерте тұрып генерал Черновқа барды. Өзіне негімен нұсқаған бос орындыққа отырған соң: «мен елден шыққалы да біраз болты. Мал бар. Жан бар. Шөп шабатын да мезгіл болып қалды. Ұлықсат етсеңіз, қайтайын»,— деп еді, генерал Черков үнсіз қостап бас изеді. Колчак үкіметі атынан Еламанның кеудесіне медаль тақты. Осы қазақтың ықыласын өздеріне

аударғысы келген генерал ырза қыла түсейін деген ниетпен Рошальға біраз ұзатып сал, деп кеңес берді.

Ақтөбеден шықпай жатып Еламанның басына бір жаманшылық ой келді. Осы офицерді тұтқындап әкеткісі кеп, қасында торы шолақ атын қатар бастырып келе жатқан Рошальге ол көз қиығын білдірмей тастады. Рошаль бүгін бір түрлі жабырқау. Жолға шыққалы жұмған аузын ашқан жоқ-ты. Кенет Рошаль мырс етті. Көлденеңнен көз салған Еламан жас офицердің бет өңінде тұрып қалған ащы мысқылды байқады.

— Федоров деген бір досым бар еді,— деді Рошаль күліп.

Еламанның күн қаққан өңі кенет ду ете қалды. Бірақ сезік туғызбау үшін ол шұғыл жадырады. Қобалжып кеткен көңілін жуып-шайып күлкіге жеңдіріп:

— Оның кім? Баяғыда «әліпті» таяқ деп, молладан таяқ жейтін баладай біреу емес пе екен? — деді.

Рошаль бұл жолы әзілге ыңғай бермеді. Бет өңіндегі әлгі бір ащы ыза ақырын сөніп, салқын қанды сабырлы кескінге ауысты.

— Жоқ, ол ондай кеще емес. Сіз бен бізге де ұқсамайды. Ол өзі соғыс үшін жаралған кісі.

— Офицер болды ғой?

— Я, офицер. Сіз түсінесіз бе, жоқ па, білмеймін, әскери кісілердің тілінде «рубака» деген сөз бар.

— Е, пәлі! Ондай кісіні қазақтар «шаш ал десе, бас алады» дейді.

— Сіздерде тіпті дәлірек айтқан екен. Менің досым соның нағыз өзі.

— Бала ата-тегіне тартады ғой. Не қылса да досыңның әкесі де қылышынан қан тамған, әскери кісі болған шығар?

— Ол арасын білмедім. Менің естуім, әкесі әскер қатарында болмаған, купец. Қазақ өлтіріпті деп есіттім өзін.

— Бір жазығы болған да. Әбірі өтіп кетті ме, кім білсін, әйтпесе орыс байына қазақ қол қатпайды.

— Мүмкін.

— Рошаль мырза...

Сар желіп келе жатқан ат басын Рошаль сәл тежеді. Бірақ салмақты жүзін Еламанға бірден бұра қоймай, бүгін Ақтөбеден шыққалы тор шолақ аттың алдында таяқ тастамдай жерде ұшып-қонып құйрығы қылпылдап отырған сары шымшықты бағып қалды.

— Ол досыңыз қайда? — деді Еламан,— осында ма?

— Жоқ Жолда келе жатыр.

— Жол-да?

— Я, Омбыдан шыққан обозды басқарып келеді.

— Қанша мақтасаң да әкесі сияқты о да шаруашылық жағында жүрген біреу болды ғой.

— Жоқ, ол нағыз жауынгер командир, Омбыдан қаружарақ әкеле жатыр.

— Е-е!

— Мырза, біз алдағы уақытта тағы да кездесіп қалуымыз мүмкін.

— Қалай?

— Біз Аральскіде боламыз.

— Қашан?

— Көп ұзамас.

— Е, онда дегендей... біздің үйде қонақ боп дәм татарсыз.

— Танир ..— дей түсті де, Рошаль тоқтады. Осы бір есімге әр кездегідей тілі келмей қысылып,— мырза, осы бір кішкентай құсқа қараңызшы,— деп қамшы сабымен сары шымшықты сілтеді.

— Е, бұл бір жазықсыз сорлы. Кісіге үйір. Әсіресе, жолаушылап жалғыз келе жатқан кісіге кәдімгідей қара.

— Мен де соны айтайын деп едім. Кейбір үлкен теңіздерде кемені қайраңға соққызбай алдына түсіп бастап отыратын лоцман деген балық болады. Мына шымшық мінезінен соны аңғарам.

— Есітпеген елде көп деген...

— Не дедің?

— Жаңағы балықты айтам,— деді Еламан.

Рошаль жорытып кетті. Жалғыз аяқ жолмен тырнадай тізіліп келе жатқан кісілердің алдына түсіп алып, осыдан қашан ілгергі жақтан кішкентай қаланың аласа үйлері жынырлап қоя бергенше тартты да отырды. Жапан түзде жетімсіреп отырған жұпыны қаланың шеткі көшесіне кірді. Көзіне басып киген фуражканың күн қағары астынан оңы мен солына бірдей назар салып, қай үйге тоқтасам деп келеді. Қызылдардың жуық маңда жоқ екенін біледі. Өз есебі бойынша бұл арада Алашорданың отряды болуға тиіс.

Рошаль қаланың орталығындағы еңселі бипк үйге ат басын тіреді. Үсті-басының шаңын қақты. Беті, қолын жуды. Сонан соң ол қасына екі жас офицерді ертіп кішкентай қаланың шет жағындағы өзбек байының асханасына барды. Ертерек бір кезде кірешілерге ілесіп кеп әлдеқалай адасып қалған өзбек жігіті қазіргі күнде қанасына кеп байып алған. Аласа үйдің іші көк түтін. Қатығы тапшы болған соң

тұз бен бұрышты басып салған көк жасық астың иісі үй ішінің азғантай ауасын тарылта түсіпті. Төр жақ столда отырған екі орыс жігіт қызып қапты. Екеуі екі қыздың төсіне басын салып жыртылып-айрылған жарқыншақ дауыспен өздерінің аузына осындайда түсетін «Очи черные» — деп үйді бастарына көтеріп жатты.

— Көңілсіз емес сияқты,— деді жас офицерлер күліп.

Ротмистр Рошаль үй ішіне көз тастап өтті де, жаңағы жас жігіттердің қасындағы бос столға кеп отыра берген-ді. Стол үстінде құжынаған қара шыбындар ду ете қалды. Масаң жігіттер бастарын көтерді. Ертеден бері ұрынарға қара таба алмай іші пысып отырғандай, бірден бұларға тиісті:

— А, офицер мырзалар...

— Алтын иық төрелер кепті.

— Қош келдіңдер... сендердің денсаулықтарың үшін, ха-ха!

Рошальдің жанындағы бір жас офицер қып-қызыл боп атып түрегеліп еді, Рошаль оны етегінен басып тоқтатып қалды.

— Отыр!

— Мына иттердің...

— Қайтесің.

— Жоқ-ау, қорлығы өтіп барады.

— Көне бер. Ертең мұнан да ауыр қорлықты көресің,— деді де, ротмистр Рошаль есіктен еңкейіп кіріп келе жатқан ірі, қара бұжыр кісіге қарады. Жалғыз Рошаль емес, жұрттың бәрі алдарындағы ішіп отырған астарын қоя сап мына түр-түсі бөлек кісінің жойқын зор бітіміне қарады. Өзінің шашы өсіп, бет-аузын сақал, мұрт басып кеткен. Үстіндегі киімдері де бір түрлі. Қай киімі де өзіне лайықтап тікпей, басқа біреудің иығынан сыпырып алып кигендей. *Бұтындағы шалбардың шолтиған балағы сіңірлі жуан сирағының тұсарлығын жабуға жарамай, бура сан балтырдың бұлшық еттері жүрген әзірде бұлт-бұлт ойнайды.* «О, ғажап! Мынау нағыз гладиатор ғой»,— деп ойлап, Рошаль зор денелі кісіден көзін айырмай отыр.

Асхана қожасы — жұмаланған семіз қара өзбектің де есі шығып кетіпті. Бейне бақшасына түйе түскен диханшыдай қара бұжыр кісіге үрейлі кескінде қарап қапты. Өзіне қадалған көздерді сезсе де, бірақ бұжыр қара олардан айылын жиған жоқ. Ол тек аласа үйдің төбесінен жасқанып, басын бауырына таман сөлекет иіп апты. Өз үйіне келгендей ол жолындағы орындықтарды оңды-солды ысы-

рып оңашалау бір жерге отырды да, шал официантты қасына шақырып алды. Оның осы бір еркіндігі асхана иесіне ұнады.

Официант тамақ бергісі келмеп еді, қара бұжыр кісі:

— Немене, сенбей тұрсың ба? — деді.

— Ақшаң бар ма?

— Асқа тойдырмай жатып ақша сұрауын көрдің бе мына сұмпайдың, міне ақша! — деп бұжыр қара шалбарының қалтасын нығыздап толтырып алған қағазды шықырлатып сыртынан басып-басып қойды. Асхана иесінің екі көзі ұясынан шығып: «Мынау орыстың көпесін өлтіргеннен сау емес»,— деп ойлады. Шал официантты ымдап шақырып ап:

— Үндеме. Сұраған тамағын бер,— деп әмір етті. Сонан соң аяғын ұшынан басып кеп бұжыр қараның қасына тоқтады.

— Сәлеметсің бе?

— Сен кімсің?

— Мен... мен осы асхананың қожасымын.

— Сен де менің ақшамды тексере келдің бе?

— Жоқ, жоқ.

— Е, онда құлағым сенде. Айта бер.

— Өзіміздің мұсылмансың ба?

— Ия, мұсылманмын.

— Қазақсың ба?

— Қазақпын.

— Есімің кім?

— Оның саған қажеті қанша? — деп анау алара бір қарап еді, асхана қожасы:

— Айтпай-ақ қой... айтпай-ақ қой,— деп қолын сілкілеп шегініп бара жатты.

Бұл бұжыр қара Кәлен еді. Түрмеден қашып шыққалы бір жеті. Сонан бері ол елсіз даламен жүріп отырды. Ассыз-сусыз күн кешіп әлі құрып бара жатқан соң осы қалаға амалсыз бұрылып еді. Көшеде жүрген әскерлерді көріп іші мұздап қоя берсе де, сырт өңі салмақты. Асханада отырған жас офицерлерді көргенде де көңілі онша қобалжи қоймады. Қалтасында көк тиыны жоқ екенін де ойлап жатқан жоқ. «Іші-сыртымды бірдей ғып бір тойып алайын, сонан соң тірілей түтіп жесе де мейілдері білсін»,— деп ойлады да, алдына келген асты жапырып жеп жатыр еді, осы кезде Рошальдерге тиісетін әлгі масаң екі жігіт түрегелді. Қыздарын қолтықтап бара жатты да, кенет Кәленге көзі түсіп тоқтай қалды. Қара бұжыр кісінің алдында бо-

сап қалған соншама көп ыдыстарды көргенде жағасын ұстады.

— Мәссаған! Азық-түлік неге құрып кетті десем... Гаргантюалар обып жатыр екен ғой!

— Гаргантюа, а-ха-ха!..

Кәлен алдындағы астан басын көтермеді. Қылжақ жігіттің бірі қасындағы қыздарға сүйкімді бір қылығын көрсеткісі келгендей:

— Әй, әй, тамыр, тоқта! — деп тәлтіректеп басып Кәленге барды. Кәлен назар аударған жоқ. Табақ түбінде қалған қол басындай етті қарпып асап жіберді. Ет көк сіңір екен. Бұл кезде біраз әл жиып қалған Кәлен ішкен асының ақысын қалай төлеудің есебін таба алмай, шиқылдаған көк сіңірді асықпай ақырын шайнап отыр еді. Жаңағы масаң жігіт:

— Мұның аузында бір қойдың еті бар. Тым құрыса осыны алып қалайық,— деп қыздарға қарап күлді де. Кәленді қыл өңештен қыса қойды. Кәлен қол қатпады. Қылжақ жігіттің күлімдеген кескінін көріп ойнап тұрған шығар деген оймен аузындағы етті әрі қарай жұтып жіберейін деп еді, ет, бірақ, тамағынан жүрмей алқымынан алған жігіттің қолы өндіршегін сығып бара жатты. Бәрінен бұрын мына қылжақбас жігіттің қылығын ұнатпады. Кеждікке ғана біткендей кішкентай құлағының ұшы дуылдап, арғы жағынан ызалы ашу ақырын тұтап келе жатты.

Кәлен:

— Тамыр, қой енді,— деп ескертіп көріп еді, қылжақбас жігіт қарқ-қарқ күліп алқымынан алған қолын әлгіден де көрі қыса түсті. Кәленнің қара бұжыр беті қатты бұзылады. Ертеден бері көзінің қиығын айырмай отырған ақтың офицерлері де есінен шығып кетті де, жігітті итеріп қап еді, ұзын бойлы жігіт серейіп құлап түсті. Жұрт тына қалды. Қапы қалғанына өкінгендей анау атып түрегелді. Мастығы тарқап кеткендей. Мына бұжыр қараға жалғыз өзінің әлі жетпесін байқаған соң бұл жолы жолдасы екеуі қатар жүгіріп кеп Кәленді құлақ шекеден қойып жіберді. Кәлен екі жігітті шап беріп жағасынан ұстай алды. Сонан кейін қол жұмсап қарсыласуға келтірмей, өзінің дәл осындай қарбалас қимыл үстіндегі ежелгі бір машығына басып жіберді: екі жігітті екі жаққа қарай шегіндіре берді де, кенет шұғыл жұлқып қап маңдайын маңдайына сарт еткізіп, соғыстырып жіберді. Екі жігіттің көзі карауытып кетті. Тәлтіректеп қалған жігіттерді Кәлен бір-бір нұқып құлата салды да, тұк болмаған кісідей орнына кеп тамағын жей бас-

тады. Шал официант артымен шегіншектеп, офицерлердің столына қарай ығыса берді. Кәлен енді ақша сұрай қоймағасын шамалап қуана бастап еді, әскерше киінген екі қазақ кірді. Қолдарында найзалы мылтық. Кәлен қолға түскенін білсе де қозғалмай отыра берді.

— А... айда, тұр.

— Мені қайда апарасыңдар?

— Тексереміз.

— Әй, шырағым, мен бір қажып келе жатқан кісімін, қажай беріп қайтесіңдер.

— Ақсақал, сөзді қой. Документің бар ма өзіңнің?

— Мына орыстар болмаса, қай қазақ өзін қағазға түсіріп погорнайлатушы еді.

— Ақсақал, қиқаңды қой. Документің бар ма? — деп бір шикіл сары жігіт кіжіңдеп қоймаған соң, Кәлен оны ымдап қасына таман шақырып алды. Шикіл сары өзіне оңашалап айтатын бір құпиясы бар екен деп ойлап, «е, немене?» деп жетіп барып еді, «саған керегі дәкмент пе, міне, менің дәкментім» деп Кәлен стол астына таман көлегейлеп отырған қолының кір-кір бармағын көрсете қойды. Шикіл сары жігіт қызарып кетті. Қолындағы кезеп ұстаған мылтықтың найзасын ол енді Кәленнің кеудесіне тіреп тұрып:

— Тұр, алға түс! — деді ақырып.

Кәлен оған шімірікпей тура қарады:

— Әй, айналайын, шәлтеңдеме. Менің жанымды алатын әзірейілім сен болсаң да, асымды ішіп алғанша тұра тұрыңдар.

— Атамын. Тұр!

Кәлен енді үндемеді. Ызаға булыққан жүрен сары жігіт те екі беті өрттей дуылдап дір-дір етіп тұр еді, бұлардың қасына Рошаль келді.

— Сендер кімсіңдер?

— Біз осындағы Алашорда отрядынанбыз.

— Мен генерал Чернов армиясының офицерімін. Мына кісіге тимеңдер. Кете беріңдер.

Алашорда жігіттері шарасы құрып үн-түнсіз шығып кетті. Рошаль официант шалды шақырып ап Кәлен ішкен астың ақшасын төледі. Кәлен мына орыс офицерінің аржақ ойын аңғара алмаса да, абыржыған жоқ. Жайбарақат отырып асын ішіп жеп жайланып алды. Асықпай ауылдағы әдетпен дұғасын оқып бетін сипады. Сонан соң ғана түрегелді. Екі қолын артына салып, қасында үнсіз күтіп тұрған ақ офицердің алдына түсіп:

— Мен әзірмін. Әлгі мені қамайтын абақтыларың қайда? — деп сыртқа беттеп жүре берді. Қолға түскен кісі секілді емес. Мына түрі бейне ел қыдырған ерке кісінің қонған үйін билеп-төстеп: «Кәне, қайда жатамыз? Бізге салған төсек қайда?» — деп өктемсіп келген дағдылы бір еркіндігі сияқты.

Ротмистр Рошаль:

— Қайда кетем десең де ерік өзіңде. Ал, сау бол! — деді де, бұрылып жүре берді. Кәлен оның соңынан таңдана қарап тұрды да, басын шайқап: «апыр-ай, мынау бір әділ орыс екен»,— деп ойлады.

VIII

Еламан бет сүйегіне шақыр етіп қылыш тигенде көзі қарауытып кетті. Бойын билей алмай шапқан аттың шаужайынан сылырылып түсіп бара жатқанын ғана білді. Талықсып кетіп іле-шала есін қайта жиып алды. Бірақ жұмулы көзін ашқан жоқ. Өзінен гөрі жаңағы ақ офицердің айла-тәсілі әлдеқайда артық екенін білді. Құдай сақтап қайта қылыш қаға тиді. Әйтпеген күнде тірі қалуы екіталай еді; ақ офицер қайта оралып соғады-ау деп қауіптенсе де, қозғалуға дәрмен жоқ. Қан сауалаған бетін қолымен басып ойнақтап шауып кеткен ақтабан ат қайтып оралды. Қасына кеп оқыранып тұр. Еламанның жүрегі орнына түсті. Ақ офицердің жуық маңда жоқ екенін білді. «Жігіттер қайда? Оларға не болған» — деп ойлағаны сол еді, бір топ кісі дүсірлетіп шауып келді. Бірнешеуі домалап аттан түсе сала ес-түссіз жатқан Еламанға ұмтылды.

— Тірі ме?

— Басы аман ба екен?

— Қан көп ағыпты.

— Қанын дереу тоқтату керек.

— Қалай тоқтатамыз?

— Киіз күйдіріп басу керек.

— Киіз?

— Я, киіз.

— Әй, киіз табыңдар, тез!

— Кімде, киіз бар?

— Тоқымның шетінен кесіп алыңдар!

Құйқылжып жүгірген кісілер. Сасқалақтаған дауыстар. Бірі орысша, бірі қазақша сөйлеп абыр-жабыр. Біреу кеп Еламанның басын сүйеді. Біреу аузына су тамызды. Түтеген киіздің иісі шықты. Жанын қоярға жер тапқызбай сол-

қылдатып алып бара жатқан жеріне кенет біреу шоқ басып алғандай болды. Еламан дыбысын шығармау үшін тістеніп алған-ды. Даусы қалай шығып кеткенін өзі де білмей қалды. «Қолын ұстаңдар!» — деді біреу. Қан тоқтамаған соң қылыш шапқан жерге қайта-қайта киіз күйдіріп басып жатты. Соның бәрінде де Еламан шыңғырып жібере жаздап тістене қалады.

Жігіттер көтеріп арбаға салды. Атқа бишік үйірді. Доңғалағы майланбаған арба сықырлап ақырын қозғалды. Еламан осының бәрін сезіп жатыр. Арбаға салғасын көзін аша түсті де, ащы тер құйылып бара жатқан соң тез жұма қалды. Осынау бүтіл бар дүние-жер, аспан, өрт сәулесі түскендей қып-қызыл боп жалқылдап тұр екен. Еламан кезерген ернін қайта-қайта жалап су ішкісі келеді. Тұла бойында қызу бар. Ала-бөле екі бетінің ұшы шыдатпай өртеніп барады. Баяғы бір балық аулап жүрген жылдары осындай халді басынан жиі кешетін. Қылшылдаған қыстың күні бойы ашық теңіз үстінде боп қайтқан кісілердің кешке қарай екі беті суыққа шалдығып, дәл осы қазіргідей дуылдап күйіп бара жатады. Ондайда үйге жету қиын. Қарсы жел кеуденен итеріп бір қырындап бұрылып кете береді. Үйге кіріп-кірместен сырт киімін сыпырып тастап келіншегі маздатып жағып қойған отқа жақындайды. Иығында ішік. Қарсы алды маздаған от. Әрі-беріден кейін үлкен қазандықтың көмейі қызыл шоққа толып кетеді. Суық алған бойына сонда да жылу бармайды. Тек қос шекесі қызып, үсік шалған беттің ұшы тұз сепкендей тызылдап аши бастайды. «Отқа сонша түскенің не? Кейінірек отырмайсың ба?» — дейді Ақбала. Еламан қара қошқылданып бартиып ісінген бетін келіншегіне бұрып күле қарап: «Отқа шабынып кеттім білем»,— деді. Шабынып деген сөзді Ақбала ұнатпады. Осы бір ауыз сөз салқындап жүрген көңілін бұрынғыдан бетер суыта түскендей болды Кешке бір төсекке қатар жатқасын да Ақбала бұған тіл қатпай іргеге қарап үнсіз томсарып алып еді.

Ақ пен қызыл арасында бұлар кең жазықта отырған үлкен ауылдың іргесінен өтті. Әскерден жүрегі шайлыққан халық бұлардың қарасын көргеннен үйлеріне тығылып қалған болу керек, сыртта кісі-қара көрінбеді. Иттер де үрген жоқ. Әлі жол бойы Еламанның қиналған түрін байқап келе жатқан-ды. Ол мына ауылдың іргесіндегі сай бойындағы шауып тастаған жоңышқадан бір арқадай әкелді. Астына қалың қып шөп салғаннан кейін Еламан азырақ саябыр тауып, ұйықтап кетті. Сонан бір кезде оянса дала тастай

қарақғы екен. Бұлтсыз ашық аспанның жүзі жыпырлаған жұлдыз. Шалғай бір шеттен толық айдың төбесі қызарып көрінеді. Еламан оянған сәтте батыстың қай жақ, шығыстың қай жақ екенін айыра алмады. Мына ай тірлігін тауысып, сүлдері құрып батып бара ма? Әлде көзін жаңа ашқай шаранадай түксиген дүниеге бір түрлі жүрексінгендей боп таңдана қарап туып келе ме? Бір ізбен шұбырған ұзын обоздың бас-аяғы көрінбейді. Осынау жым-жырт далада пысқырған аттар мен арбалардың сықырлап ақырын қозғалған доңғалақтарының біркелкі үні ғана құлаққа кеп тұр.

Еламан әлде де болса жарақатын ауырсынып жатыр. «Бет сүйегім зақымдалған жоқ па екен?» — деп ойлады. Обоздың ілгергі жағында бара жатқан біреу ыңылдады. Еламан жанын шығарып ауыртып бара жатқан соң, ойым бөлінер ме екен деп бір кез осы әнге құлақ тігіп көріп еді, бірақ үйқы қысқан кісінің ыңылдап бастаған әнінің аяғы әлсіреп үзіліп кетті. Түнгі дала тағы да жым-жырт боп тына қалды. Топырлап басқан аяқтар, сықырлаған арба доңғалақтары. Ауық-ауық пысқырған ат, не түйе. Еламан осы бір дыбыстарға құлақ сап жатып, кейінгі күндері басынан кешкен оқиғаларды есіне алды. Айрылысар жерде генерал Чернов бұған Колчак «үкіметінің» атынан медалін берді. Сонан соң қолын қысып тұрып, адал қызметі үшін алғыс айтты. Еламан тақым жазбастан бірге болған соңғы төрт күнде генерал Черновтың өз басын қатты сыйлады. Генерал шын көңілімен алғыс айтып жатқанда, бұл ыңғайсызданып, тезірек кеткісі кеп тұрды. Өздерін бір күншілік жерге ұзатып салған жас офицер де бұған жылы ұшырап қалды. Қас жауың бола тұрса да, кісі алдау бұның құлқында жоқ екен. Кісі алдаудың қиын екенін көрді.

Рошальмен қоштасқаннан соң Еламан атқа қамшы басты. Күні бойы қасындағы кісілердің оқ бойы алдына түсіп ап, ауыздыққа керіп отырды Жолшыбай бұлар бір ауылға тоқтап, шаршаған атты алмастырып мінді. Келесі күні кешке қарай Шалқарға жетті. Еламан Петр Дьяковтың үстіне кірді. Екеуден-екеуі оңашаланып отырған сағатқа жуық әңгімеде Еламан осы барған сапарында басынан кешкен оқиғаны баяндап берді. Сөзінің соңында ол Омбыдан шыққан обозды айтты, қару-жарақты қалайда қолға түсіру керек деді Дьяков. Еламан бір күн демалады. Ертеңіне жүз қаралы жігітпен ол тағы да жолға шықты. Жым-жырт даланы дүбірлетіп тартып отырып Ырғыз бен Шалқар аралығындағы қызыл үйге жетті. Осы араға азырақ аялдады. Обоздың

бұл арадан өтпегенін білді. Әли бастаған төрт жігітті шолғындап қайт деп ілгері оздырып жіберді. Еламан суыт жүрістен шаршаған аттар мен адамдарды тынықтырып алды. Кешкі салқын түсімен атқа қайта қонды. Ертеңіне түс ауа бергенде ілгері оздырып жіберген Әли оралды. Олар Омбыдан шыққан обоздың жолындағы қалаға соқпастан далалық жолға түсіп ап, Ембіге тура тартып бара жатқанын хабарлады. Еламан атқа қамшы басып, өздері тосқан обоздың алдын орап шапты. Кіреші жолына жете бере әскерін екіге бөлді. Әли басқарған жігіттерді обоз келе жатқан жолдың өкпе тұсындағы терең сайға орналастырды. Еламан өз кісілерімен жолдың екінші бетіне бекінді. Кішілеу қоңыр төбенің астында аттарын тізгіннен тұқыртып ұстап отырған. Бұлар көз тіккен жақтан шаң шықты. Еламан әзірленіңдер деп әмір етті. Жігіттер аттарының айыл-тартпасын тартып алды. Сонан соң ақырын атқа қонды. Ауыр жүк тартқан түйелер маң-маң басып, атты арбалар сықырлап үлкен обоздың алды бұлар бұғып тұрған ұрымтал жерге келе берді. Азғантай күзет мүлде байқам: кейбірі арбакештің жанында аяғы салақтап отыр. Қайсыбірі фуражкесімен бетін жауып, арба үстінде ұзынынан сұлап жатыр. Бірнеше солдат қана жүк тартқан обоз жанында жол жиегіндегі жусан басын шалып оттап келе жатқан ат үстінде ілбіп отыр екен. Еламан оңы мен солына жылдам көз тастап, ат жалына жабысып әзір тұрған жігіттерге иек қақты. Сол, сол-ақ екен, сең қозғалғандай Еламанның ақбақай атымен құйрықтасып тұрған қырық-елу жігіт лап қойды. Дәл осы сәтте обоз жылжып бара жатқан жолдың арғыжағынан, сай бойынан Әлидің жігіттері де қиқулап шыға-шыға келді. Ақтардың көбі қаруын кезей алмады. Қайсыбіреулер қолындағы мылтығын оқтай алмай абыржып сасқалақтап жатқанда, тұтқылдан тиген жігіттер жайпап өтті. Тек қарсыласудың жолы қалмағанын байқаған қара атты бір офицер тұра қашты. Еламан Тентек Шодырдың баласын бірден таныды. Оның Колчактың қаһарына ілігіп дәрежесі төмендеп келе жатқанынан хабардар. Еламанның есі-дерті де жас Федоровпен жүзбе-жүз кездесу еді; Еламан оған табан жерден қосылды. Бұның астындағы осы жылғы ат ауызға ілігіп жүрген бір өңірдің алқты жылқысы болатын. Жайшылықта көз тартпайтын қорэш. Бауры салбыраған бие қарын. Арқасы да үлкен ерден ауыспайтын тұрқы кішілеу ат. Ал, бірақ, есесіне кеудесі кең. Арқасынан бауыр жағы жазық. Жазатайым қиқу шығып, тақым қысса түрі өзгеріп аруақтанып сала беретін.

Еламан атына сенді. Және ұзаққа жібермей өкпе тұстан қосылады. Қолындағы кезеніп алған қылыш жүзі жарқылдап, ат жалына жабысып келеді. Федеров қара аттың қос бүйіріне қанша тепкілесе де, арасы алшақтап ұзай алмады. Онан сайын қара атқа қайта-қайта қамшы басты. Жазық даламен жұлдыздай ағып бара жатып жалтақтап артына қарап қояды. Еламан ақбақайға қамшы салған жоқ. Мұндайда барын салып сілтерін біліп, тізгінімен демеп қояды.

Аралары жақындай түсті. Федоров кенет бұл күтпеген әдіс жасады. Астындағы аттың сірісін жапыра жалт бұрып алды да, еңкілдеп төніп қалған жауға тура салды. Еламан сасып қалды. Федоровтың ақсиған тісі мен қолындағы қылышқа көзі түскенде жүрегі дір етті. Қылышын кезегені болмаса, бұл әлі есік пен төрдей жерде кетіп бара жатқан офицердің қай жағына шығып, қалай қару жұмсайтынын ойлай қоймай ер үстінде тақымы бостау отыр еді. Еламан енді ынғайланам дегенше кіжініп ұмтылған кісілер бір-бірімен айқаса кетті Ал екпінімен ағызып өтіп бара жатып асығыс қылыш сермеген жоқ. Екеуі де алғашқы айқаста-ақ бір жағына шыққысы келген сияқты. Аттарының басын шұғыл тежеп қос аяқтап аспанға шапшыта тоқтады. Аттар жанынан түңілгендей шұрқырап кісінеп жіберді. Еламанның көзінің алдынан көк болат жарқ етті. Қорқыныш қолын күрмеді ме, бұл әйтеуір құлаш жазып қайрат қыла алмады.

Аттар еті қызып, көзі қанталап, екеуі екі жаққа ала қашты. Жел жоқ. Ауа қапырық. Бұл кезде еңкейіп бесіндікке барып қалған күн құбыла бетте шоғырланған қоңыр бұлтқа қорғалады. Әлем жүзін жеңіл кіреуке басып мұнартып тұр.

Еламан өз қимылының осалдау болғанына ызаланып, аттың басын анадан гөрі бұрынырақ бұрды. Федоров та тайсалмады. Оның екеуі де тап осы жолы қолы қалтырап қапы кетпесін біліп, ажалға анық басын тігіп, бір-біріне тайсалмай ұмтылып еді... «Иттің баласының қолы қарулы екен»,— деді Еламан ішінен.

Обоз таң алдында тоқтап қалжыраған кісілер аз ғана мызғып алды. Бүгін қалайда жеткісі келген кісілер күн қызбай қайта жүріп кетті. Еламан кешегіден гөрі бүгін тәуір. Арба үстінде жүзі жоғары қарап жатыр. Күн қызарып шығып келеді. Кешегі аудан-аудан ақша бұлттан айыққан аспан қазір көкпеңбек боп түпсіз дүниедей қашықтап кеткен. Әдетте жауынған кейін ертеңгілік теңізге шыққанында төбеңде дәл осындай биік аспан жарқырап тұратын. Теңіз көк. Аспан да көк. Тура қаратпай көз қарып алады. Ау салған жерге қайықтың тұмсығын туралап алған Еламан қос ескекті

бір әуенмен ақырын тартып келе жатады. Осы бір сәттің қызығын тамашалаған жігіт онша асықпайды. Теңіз үсті шырадай тынып тұр. Тек су малшыған ескек сықырлайды. «Осы ескегі түскірдің құлағына май жағып алайыншы. Өзі де тозды»,— деп ойлап, төбесіндегі көгілдір аспанға, көкпеңбек теңізге көзін қысып құмартып қарайды. Әлдеқайда шағалалар шаңқылдап, қомағай сорлылар қолға түскен олжасын бөліске алмай қиғылық ұрып жатады ..

Еламан көк аспан қарып бара жатқан көзін кірпігімен көлегейлеп жұма түсті де, іле-шала ашып алды. Көз алдында көк аспан. Көгілдір ауа. Шөбі құраған сұр дала да осы қазір реңі жұмсарып көкшіл тартып жатыр. Ағарып таң атқалы жерге қонбаған кіп-кішкентай сұр торғай күн қызар алдындағы көк мұнар ішінде қанатының ұшы дір-дір етеді. Көз ұшында шырылдап тұрады да, кейде құдды құлап түскендей құлдырап кеп қол созымдай ғана жерге ілініп тұрып қалады. Еламан кішкентай қозғалса осы бір бейкүнә сорлыны үркітіп алатындай қорқып қыбыр етпейді. Дала өмірінің баяу тірлігіне бойы үйренген сұр торғай арба үстінде жүзі жоғары қарап жатқан кісінің көз алдынан кетпей қояды. Еламан оның кіп-кішкентай тұмсығын, тілін, моншақтай қап-қара көзіне дейін көріп, өзінің сонау бір ата-анадан жастай жетім қалып бай ауылдың қозы-лағын баққан балалық шағын еске алды. Жалаң аяқ. Күс-күс табанның жарығына шөңге кіріп, аяғын ұстап шоқайып отырып қалады. Шөңгені суырып алып тастағасын да ауырған аяғын біразға дейін баса алмай сылтып жүреді. Бір рет ұшына тиіп, аяғы күп боп ісіп кетті. Бұл төсек тартып жатып қалған күндері қозы-лақты бағатын бала табылмады. Аяғының қатты ауырғаны соншалық, бір рет шырт ұйқыда жатып «апа!» деп жылап оянып еді.

— Елаға, қалайсыз? — деп Әли атын қатарластыра берді.

Еламан көзіндегі жастан қысылып қалды. «Үлкейгендікі ме, осы күні көңілшек боп барам»,— деп ойлап, Әлиге сездірмей көзін сүртті.

— Су жоқ па? Тамағым кеуіп қалды,— деді Еламан.

— Қазір. Тез алып келем,— деді де, Әли атын тебініп обоздың ілгергі жағына қарай шаба жөнелді.

Қас қарая бұлар Шалқар қаласының шетіне ілікті. Еламанды дереу дәрігерге апарды. Бет сүйегі аман екен. Қылыш тиген жерге дәрі жағып таңып тастады. Ертеңіне Еламан кештеу оянды. Көзін ашса, күн көтеріліп қапты. Төсегінің бас жағында орындықта еңгезердей біреу отыр

екен. Бұл назар аударам дегенше анау Еламанның оянғанын байқап атып түрегелді. Еңгезердей бойы өңкиіп кеп төсекте жатқан жерінен құшақтай алды. Еламан оны осы арада ғана таныды. Оған тығыла түскен күйі төсіне бетін басып үн-түнсіз жатыр.

Бір кезде ғана:

— Кәлен ағай, тірі екенсіз ғой,— деді.

— Аллаға шүкір.

— Сізбен де кездесетін күн бар екен ғой.

— Ей, шырағым-ай, адам шіркін ит жанды емес пе.. дәм-тұз таусылмаған соң сілбеулеп біз де жеттік қой. Ал, бала, бұнда келгелі сенің біраз жағдайыңа сырттан қанып жатырмын. Қосылғандарың құтты болсын.

— Рахмет, Кәлен аға.

— Сен қай кезден-ақ бізден көрі орыстарға бір табан жақын ең ғой. Жаңылмапсың. Орыстың жолын ұстапсың, оң болсын.

— Заман жолы болғасын жаңсақ баспаспын деп ойладым.

— Жөн, жөн. Ал, шырақ, жарақатың қалай? Жанға бататын ба?

Еламан өзіне Кәленнің кәдімгідей түсі қашып қарағанын байқады. Кәленнің көңілін көтергісі келді білем, ол, әйтеуір өз өміріндегі ең бір қатерлі оқиғаны күліп отырып айтты:

— Қайта, құдай оңдап, офицердің қылышы тайып тиді. Әйтпегенде іиіңнің жағдайы қиын болатын еді.

— Қылыш тисе темір өзек кім бар дейсің,— деп Кәлен де өз ішінен бір тәубеге келгендей боп отырды да, кенет қораздана күліп,— сайыстарыңның аяғы не болды? Әлде қылышпен бетіңді бір осқызып алған соң бас сауғалап қаша бердің бе? — деді.

Еламан қызарақтап қалды. Бірақ сонысын сездірмей күлкімен жуып-шайып:

— Баяғы Тентек Шодырдың баласы. Иттің қолы қатты екен,— деді.

— Е, солай ма? Ендеше, әкесінің кегін қайтармаса да, қармысын қайтарған екен,— деді Кәлен күліп.

Еламан Кәленнің жүдеу түріне жаны ашып қайта-қайта қарай берді. Баяғыдай түн қатып ұрлық қылу бойына лайық емес. Кәлен сияқты қайратты кісі табан тіреп істеп кететін аулы арасының азғантай кәсібінде берекет қалды дейсің бе? Еламан сөз арасында онан ендігі тірліктің жөнін жапсарлап сұрап көріп еді, Кәлен ыңғай бермей:

— Жұмысты қайтем,— деп қолын сілтеді.

— Неге үйдедіңіз. Жұмыссыз кісінің күні бар ма?

— Қартайдық қой.

— Пәлі, мына сөзіңізді жеңгеміз есітпесін. Кәрілікті мойынға ерте алғаныңызға таңым бар. .

Кәлен төмен қарап тұнжыраған күйі кенет күрсініп басын изей түсіп:

— Ай, Еламанжан-ай, кісі кәрілікті қанша мойындамайын десе де, елуден асқан соң баяғы бала кезінде тікен кірген, асық тиген, қыз шымшыған жеріңнің бәрі сырқырап ауырып тұратын көрінеді,— деді.

IX

Дьяков дивизия штабына шауып келді. Кешігетінін білді. Бірақ басқа лажы болмады. Жауынгерлер ас-суға ырза болмай, қайта-қайта шағым айта берген соң, ол бүгін асхананың жұмысын тексерді. Азық-түлік жағы тапшы. Ет, сүт, картошка солдат қазанына түспегелі қай заман. Оның үстіне аспазшы да келіспеген біреу. Азғантай дүниені ұқсата алмай жұрттың бәріне жеккөрініштi боп бітіпті. Дьяков мына аспазшыдан тезірек құтылып, орнына ұсынақты бір кісі табу керек деп түйді. Әзірше қасына көмекшіге бір кісі қосып берді.

Хан-Дауров қатал командир. Әсіресе кешіккенді ұнатпайтын. Дьяков аттан түсе сала шылбыр ұшын есік алдындағы бұтаға байлай салды. Үсті-басын жөндеуге де үлгірместен штабқа жүгірді. Дьяковтан басқа полк, батальон командирлері жиналыпты. Кеңес басталып кеткен сияқты. Бұл кіргенде Хан-Дауров сөзін кілт үзіп, дөңгелек үкі көзінің ашулы жанарын жылдам тастады. Дьяков іштегі кісілердің жүзін жөндеп байқаған жоқ. Дивизия командирінен кешірім сұрады да, ілгері озбай есік жақтағы бос орынға жайғасты. Бас киімін алды. Терін сүртті. Демін азырақ басқан соң айналасына абайлап көз салса — өзінің жек көретін кісісі — Жасағанбергеннің жанына отырыпты. Жасағанберген зәті ашуғақ, ұстамсыз жігіт болғанына қарамастан кісі басы құралған жерде байсалды бола қалатын. Осы қазір тіпті нығыз отыр. Жұпыны киімді кісілердің ішінде сәнденіп алған бойын салмақпен сыздап ұстайды. Қасындағы кісілерге қажетті жерде болмаса, басқа кезде көз қырын да салмастан, қалың қара шашын самай тұсынан алақанымен сипап қойып отыр. Жанындағы Дьяковты байқағысы да келмейтін сияқты. «Бөрінің бөлтірігі»,— деді Дьяков ішінен. Осы жігітке сенбейді. Жем бойындағы опасыздығы жүрегін

мұздатады да тұрады. Сол арада екі отряд күш қосып қоянқолтық қимылдап жібергенде ақтардың тас-талқаны шығатын еді. Сол оқиғадан кейін дивизия командиріне Жасағанбергеннің опасыздығын айтып, қатты шара қолдануын талап етті. Сол құлағына тиген бе, Жасағанберген де бұны жек көреді. Таяу күндердің бірінде бұл екеуі дивизия штабынан бірге қайтты. Жол бойы бір-біріне тіл қатпады. Тек әйрылысар жерде «Сібірде он жыл айдауда болыпсың ғой?» — деді Жасағанберген. Дьяков оның арғы жағындағы ойын аңғара алмады. Бірақ өзі өлердей жек көретін осы жігіттің бет өңіндегі ащы мысқылды байқады. Жасағанберген суық жымиып,— бірақ, ақыл кіре қоймаған екен, өзіңе»,— деді де, атын тебініп қап, шаба жөнелді.

Осыдан кейін бұл екеуінің арасы бұрынғыдан да гөрі кереқарланып қашықтай түсіп еді; Дьяков онан жүзін бұрып, тыжырынып отыр. Осы жігіттің өзге жұрттан бөлініп тыраштанып алған сұлу бойы да, мен-мен тәкаппарлығы да әрқашан ызасыча тиетін. Дьяков неғұрлым оны көргісі келмей сырт айналған сайын, анау да солғұрлым жынына тиіп орындығын сықырлатып шірене түсті. Қара хром етік киген аяғын ілгері созып жіберген. «Бөрінің бөлтірігі»,— деді Дьяков. Ызасы қайнағаны соншалық, ол қанша зейін қойып тыңдайын десе де, Хан-Дауровтың сөзін жөндеп ұға алмады. Хан-Дауров өткен түні бізге пластунский полктың бірнеше солдаты өткенін айтты. Қандыағаш пен Ембі түбіндегі ұрыстардан кейін ақтар едәуір есеңгіреп қалған. Әсіресе қатары селдіреп қалған әскер құрамаларының бас-аягын қауырт жинап, тағы бір шабуылға әзірленіп жатқан түрі бар. Егер бүгін-ертең шабуылға шықпай толас боп тұрса, сендер қорғанысқа кірісіңдер. Жатпай-тұрмай окоп қазып, бас-аяқтарыңды жинап бекініп алыңдар! — деп әмір етті. Хан-Дауров осыны ғана айтып үлгірді. Келесі сәтте жұрттың бәрі елең етіп, құлағын сыртқа тіге қалды.

— Жолдастар, тез жөнеліңдер! Полкке жетіңдер! — деді Хан-Дауров.

Командирлер сыртқа ұмтылды. Дьяков есік алдында байлаулы тұрған атына жетем дегенше ілгергі жаққа бірнеше снаряд жарылды. Аттар осқырып үркектеп қалды. Дьяков ала қашқан атқа шаққа мінді. Жазық жермен ағызып келе жатып жасаураған көзін ілгергі жағына тастады Өз полкін көре алмады. Оң жақтағы көршісі де көрінбеді. Ал сол жақтағы қанаттас көршісі — Жасағанбергеннің полкі еді. Олар жау әскерін ізіне салып ап, тақтайдай жазық даламен қашып келе жатыр екен. Дьяков бірнеше рет бұры-

лып, кейінгі жаққа көз тастап еді; Жасағанберген дивизия штабынан жаңа шығыпты Өздеріндей өліп-тірілмей қара атпен шоқырақтап келеді. «Иттің асыраған баласы»,— деді Дьяков.

Атыс үдеп барады. Пулеметтер демін үзбей тақылдап, снарядтар үсті-үстіне жарыла бастады. Дьяков ақ бақай етқа қамшы баса түсті. Қар көп түскен жылдары қақ тұрып қалатын көл табанмен құстай ұшып келе жатқан-ды. Дивизия штабы мен алдыңғы шептің екі аралығындағы сары қырқаға шауып шыққанда ғана ол ілгергі жағынан өзінің полкін көрді. Асығыс шегінген Жасағанбергеннің полкі сол жақ қанатын жалаңаштап кеткен соң бұлар күші басым жауға қарсылық көрсете алмай қаша ұрыс сап келе жатыр екен. Дьяков ағызып шауып келген бойда аттан домалап түсе қалды. Жанұшырған кісілерге бұл қарсы жүгірді:

— Тоқта! Қайт! — деп айқайлап жолын бөгеді. Бірақ оны бір жан тыңдамады. Жан сауғалап қашқан кісілерде ес-түс қалмаған. Кейбіреулер жолын кес-кестеп бөгемек болған командирді қағып кетті.

Дьяков қап-қара боп түтігіп алған. Мыналарды қалай тоқтатарын білмей сасқалақтап тұр еді. Кенет ол өзіне қарай келіп қалған бір еңгезердей ірі жануынгерге қарсы жүгірді. «Тоқта!» — деп айқайлады. Бірақ басқалар сияқты бұның да тоқтамасын байқаған соң, шап беріп оның қолындағы мылтыққа жабыса кетті. Жауынгер ештеңенің мәнісіне түсінбесе де, мына ілмиген әлжуаз кісі жұлқылап жатқан соң мылтығын бере салды. Дьяков қолына тиген мылтықты бұлғап:

— Жол-дас-тар, ал-ға-а! — деп айқайлады да, ілгері қарай жүгіре жөнелді. Артына бұрылып қарауға қорықты. Соңынан тірі бір жан ілесіп жүгірмеген сияқты. Тек жаңағы еңгезердей ірі жауынгер дәл өзіндей ес-түссіз үрейлі кісілердің дүрмегімен ілесіп жүгіре түсті де, анадай жерге барып тоқтады. Дьяков тағы біреулердің одырайып тоқтап тұрғанын байқады. Қазір я әрі, я бері болатын жер. Осы қазір тағы бір рет... оған, бірақ кеудесі қысылып булығып барады. «Ал-ға!» — деді Дьяков айқайлап. Жөтел буған даусы «...лға»,— деп шырылдап, басқа түгіл бұның өзіне де болар-болмас қана естіліп үзіліп бара жатты. Қос шекесіндегі көк тамырлардың қатты соққаны соншалық, кенет тарс етіп жарылып кететіндей сезінді. Буын-буыны қалтырады. «Құламасам жарар еді»,— деп ойлағанша болмады, жаңағы еңгезердей жауынгер бұны қуып жетіп қолтығынан сүйеді.

Бұлардың жанынан Еламан жүгіріп өтті. Дьяков оның айқай салған даусын есітпесе де, қап-қара боп түтігіп алған ызалы кескінін көрді. Ақсиған тісін көрді. Қолындағы кезенген мылтығын көрді. Көк бет қайсарлықпен долданып алған дәл сондай ызалы кісілер «алға! «Ал-ға-а!» — деп айқайлап ілгері қарай лек-лек боп кетіп жатты. «Айналайындар-ай! Жарайсыңдар! Жарайсыңдар!» — деді Дьяков. Әл-дәрмені құрып бара жатқанына қарамай, еңгезердей жауынгерден қолын босатып алды. Бірақ ол есік пен төрдей жерге де барған жоқ, жанына жарылған снарядтың толқыны соғып құлатты.

Дьяков бір кезде есін жиды. Кіреуке дүние ішінде біреулер қыбыр-қыбыр қозғалып зембілмен әлдекімдерді көтеріп әкетіп жатты. Кеудесін қысқан көк жөгел дем алдырмай буындырып барады екен. Дьяков сол сәтте қайта талықсып кетті. Қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде есін жиса, бағанағы кіреуке мұнар көзінің алдынан айықпаған. Құлағында шуыл бар. Әлдене гүрс-гүрс жарылған сияқтанады. Сол сәтте анау-мынау емес жер жұлыны үзілердей солқ етіп, үстіндегі палатка, астындағы койкамен бірге бұның өзі де шайқалып кетеді. Кейде дүние төңкеріліп бара жатқандай сезіп, әлсіз қолымен ауаны қармап қалады. Енді бірде мына көз алдында бұлдыраған кіреуке дүние қараңғы шахта сияқтанады. Құдды әлсіз тіреуіштер ауыр салмақ астында сықыр-сықыр майысып, кейбір қашық тұстары опыр-топыр құлап жатқандай. Шахтаның қараңғы түкпірінде қамауда қалды ма? Ауа жетпей демі бітіп тұншығып бара ма? Солай-ау? Тер көзіне құйылды. Алқына бастады. Тағы да есінен танып талықсып кетті.

Ұрыс толастаған бір кезде лазаретке Еламан келді. Мылтығын босағаға сүйеді. Есіктен төрге дейін қатар-қатар жатқан жаралылардың ара-арасынан Дьяковты іздеп тауып алды. Дьяков әлі ес-түссіз. Танауы қусырылып ерні кезеріп кеткен. Еламан аузына су тамызайын деп еді, оған, бірақ, су табылмады. Белдігіндегі қалайы құты да бос.

Дьяков талықсып жатып та дем ала алмай қиналып бұлыға түсетін сияқты. Көзінің алды көгіс. Кепка астында күн тимеген кере қарыс аппақ маңдайында түйір-түйір тер бұршақтары тұр. Еламан оның жанына отырды. Әлсін-әлі терін сүртіп отырып, осы бір әлжуаз сырқат кісінің бүгінгі ерлігін еске алды. Өзі куә болған оқиғаға сеніп тұрып та шүбаланып қала береді. Қан майданды кешіп жүрсе де, қашқан әскерді бірінші рет көргені осы еді. Қашқан әскерде құдды бір қасқыр тиген малдай ес-түс қалмайды екен. Әлі

есінде: Құдайменденің есігінде жүрген жылы бір үйір жылқыға қасқыр тиді. Күн ұзын ат үстінде жүрген кісілер кешке қарай қарны ашып, қол-аяғы мұздап тоңа бастады. Қасы, кірпігі — бетіндегі бар түгін қырау шалып түксиіп апты. Алды кеш бола бастағасын, Еламан қасындағы жігітті ас даярла деп қоска жіберген-ді. Ақ пен қызыл арасында жел көтерілді. Жоны қырауытқан жылқылар қыбыр еткен жоқ. Басқа жерге қарағанда көлтабанның шөбі шүйгін-ді. Бірақ қырға қалың түскен қар шөп бойын жасырып, тақтай бетіндей теп-тегіс дала аппақ боп керіліп жатқан. Бір кезде жел қатайып, қар беті түтігіп борай бастады. Еламанның астындағы қара жал құла ат — жаз бойы бір кісінің тақымы тимей құр шыққан күйлі. Қоң еті қалың, сіңірлі мықтылығына қарамастан құла ат желге шыдамай шыр айналып ықтап кетіп тұрған.

Еламан қарына ілген құрықты қолына алды. Үзеңгіге аяғын шіреп жіберіп, қар астындағы шөпті тұяғымен теуіп жеп рақаттанып пыр-пыр етіп жайылып жатқан жылқыларға көз тастады. Жылқылар әлі қыбыр еткен жоқ. Шет жағында жүрген саяқ аттар шашырай түскенмен, орта тұсы тобын жазатын емес. Құнан, тайларын араларына ап шоғырлана түсіпті. Тек мама биелер мен сары тіс сақа айғырлар күн райы бұзылғанын басқа жылқылардан бұрын сезді. Онда да қарын ашып теуіп жеп жатқан қара от — жусан мен изен борасын қар арасынан көрінбей кетті. Және бораған қардың қиыршық қатты ұшқындары кірпігіне сабалап, танауына, көзіне тыққылай бастады. Сонда ғана жел бетте жайылып жүрген мама биелер мен айғырлар жерден басын көтеріп, аузындағы үзіп алған шөбін шайнамай құлағын тігіп селтиіп тұрады. Күн батар алдында жаяу борасын үдеп, жер-дүние қарауытып түнере бастады. Еламан жылқылардың ық жағына шықты. Қара жал құла атты тырп еткізбей тізгінінен тұқыртып ұстады да айқайлап жіберді. Осы жылқылардың жон арқасын шымырлатып қоя беретін ащы дауыс. Жылқылар дір етті. Алғашқыда қалай қарай қозғаларын білмей қара отқа тойған бүйірлері қағысып опыр-топыр болды. Іле-шала қалың қарды күтір-күтір бұзған сом тұяқтар дүсірлеп шаба жөнелді. Күн батып көз байланған-ды. Кенет ілгері жақтан қара түнек ішінен қос-қос қызыл шоқтар андыздап қоя берді. Алда келе жатқан шұбар айғыр оскырып, соңында шұбырған жылқыларға қарай шегіншектеп тоқтай қалды. Қалған жылқылар да енді бір басса ұмар-жұмар құлайтындай опыр-топыр тоқтады. Шұбар айғыр жан даусы шыға азынап жібергенде, бүтіл жыл-

қы бар үйірімен осқырып кейін қарай жалт-жалт беріп жосылтып шаба жөнелді.

Еламан атқа қамшы басты. Үсті-үстіне айқайлап жылқылардың алдын орай шауып келеді. Әншейінде осы жылқылар оның «әу» деген даусынан дір-дір ете қалатын. Айрықша шұбар айғыр жерден басын көтеріп ап, жылқышы жігіттің ойын білгісі келгендей одырайып қарайтын. Бұл жолы қалай айқайласа да құлағына ілмеді. Жолында қалған жабағы, тайларға да қарамай, айсыз қараңғыда дүсірлеп жосып тартып бара жатқан жылқылардың жалғыз бақаны — жаңағы ойқастаған қос-қос қызыл шоқтар. Сол шоқтар қай жағынан жылт етсе де бұлар бүтіл үйірімен жалт береді. Еламан бірнеше рет жылқы селінің астында қала жаздады. Мың-мың тұяқ қалың қарды күтірлетіп дүбір салып бара жатты. Қараңғыда көп жылқының жоны тұтасып, сарқырап аққан топан суша түйдектеле түседі. Енді бірде жер қозғалып, осы даланың толқын-толқын дөңдері алдына түсіп домалап бара жатқандай. Еламан соған илана бастағанда астындағы ат бір жылқымен құйрықтасады. Сол жылқының бұлтылдаған сауырын көреді. Келесіде одан да көз жазып қалады. Керек десе қырауытқан кірпік арасынан астындағы аттың не құлағын, не басын көре алмай, тек жосылтып шапқан жылқылардың ырсылы мен тұяғының дүбірін ғана есітеді.

Еламан ілгергі жақта ұлы теңізге жарланып төнген құз барын білетін. Қараңғыда қайыру бермей келе жатқан мына жылқылар қазір түйдек-тобымен опыр-топыр құлайтындай. Еламан үсті-үстіне айқайлап, алдын орай шаба берді. Сол жолы тірі қалам деп ойлаған жоқ. Кейін қанша ойласа да қасқыр қуған жылқыларды қалай қайырып әкелгенін білмеді. Қос аллына кеп ат үстінен ес-түссіз құлаш түсті. Серігі ішке әрең сүйреп кіргізген екен. Со сияқты мына ілмиген әп-әлжуаз кісінің қашқан әскердің бетін қайырғанына таңы бар. Қаншә ойласа да осыған ақылы жетпей, «апыр-ай ә?!» — деп, дал боп отырған үстіне дәрігер кірді.

— Сен кімсің?

— Мен бе?

— Я, сен.

— Мен... коммунистер полкіненмін.

— Я, құлағым сенде.

— Доктор, халі қалай?

— Көріп отырған жоқсың ба? — деді дәрігер, бөгде кісінің бұл арада отырғанын жақтырмай.

— Ерні кезеріп жатыр. Су...

— Сестра!..— деді дәрігер айқайлап. Сырттан ақ халатты қыз жүгіріп кірді. Дәрігер қызға дүрсе қоя беріп,— бөгде кісіні кіргізбе дегенім қайда? — деді.

Еламан босағада сүйеулі тұрған мылтығын алып үн-түнсіз шығып кетті. Ақ халатты кісілер Дьяковтың жанына жиналды. Аузына су тамызды. Дәрі берді. Дьяков көзін ашты. Есін жиған бойда сезгені — кеудесінің қысылғаны басылыпты. Сығырайған көзін әзер ашып палатка ішіне назар салғаны болмаса қалжыраған бойын қозғай алмай жатыр. Күн жеген ескі палатканың шұрқ-шұрқ тесігінен бұлтсыз ашық аспан мөлдіреп көрінеді. Дьяков неге көзі түссе де, ақылы дал боп: «Бұл не? Бұл қай жер? Мен осы қайда жатырмын?» — деп ойлады

Кенет біреу бұның дәл қасынан су сұрады. Құдды жас бала даусындай ыңырсып қана шықты. Дьяков байқап қараса — еңгезердей ірі жауынгер қол созымдай жерде қанқан денесін қозғай алмай кірпігі қимылдап жатыр екен. Мынау бағана мылтығын қолынан жұлып алатын жауынгер. Нақ соның өзі. Бұ да жараланған болды-ау. Я, я, жарақаты ауыр сияқты. Бүгінгі күні басынан кешкен бар оқиға бір-бірлеп есіне түсе бастады: ақтардың шабуылы, өздерінің шегінгені... ес-түсін білмей қашқан үрейлі кісілер... құдды үстіндегі киімі өртеніп бара жатқандай... Дьяков өз басынан кешкен осы бір оқиғаны ойлауға, тіпті есіне алуға қорқып, қимылсыз көзін үй төбесіне қадап жатыр. Сібірде *айдауда жүргенде ол өз басының сәнаулы ғана күні қалғанын сезіп, ажалға мойын ұсынып алған-ды.* Бастан кешкен өміріне көз жіберіп қараса: беймаза тірлігінің азғантай тыныштығы да бұның өзіне бұйырмапты. Кей күндері төсегінде шырт ұйқыда жатып та бейне біреу буындырған тәрізденіп қара терге түсіп алқынып оянып жүрді. Қазіргідей қызыл қырғын соғыс түгіл дәл жаңағыдай төсегінде дамыл алып жатқан кезде де бұл талай рет өлімнен қалды. Жас бала білегіндей жіп-жіңішке дәрменсіз қолын зорға қозғап маңдайын ұстайды. Ыстық алақанын маңдайына апара бергеннен-ақ қос самайында былайғы кезде де баттыпп тұратын көк тамырлар лүпілдеп қоя беретін. Бүтіл денесінде жанталасқан жалғыз тірлік дәл осы көк тамыр бойында ғана қалғандай сезіп, тілі құрғап, таңдайы кепкен аузы дәрменсіз ашылып талықсып жататын. Қасында жатқан кісіге дыбыс берейін десе де даусы шықпайды. Таң атқанша өліп кететін шығармын деп ойлаушы еді. Ол, бірақ өлімнен қорыкпайтын. Осы жолы да ол өз басынан қорыққан жоқ. Оның әрекетін ұшырған жай басқа: бұл бағана еңгезердей жауын-

гердің қолынан мылтығын жұлып алып алға ұмтылуын ұмтылса да соңымнан тірі жан ереді деп ойлаған жоқ. Найзалары жарқылдап қаптап келе жатқан жау бұны бір қағып тастап, қашқан әскерді қуып жүріп қан-жоса ғып қырады екен деп қорқып еді. «Құдай сақтап, әйтеуір аман қалдық»,— деді Дьяков ішінен.

Бір кезде есік алдына жаралылар тиеген арбалар кеп тоқтады. Ыңырсыған дауыстар шықты. Зембіл көтерген кісілер кіріп-шыға бастады. Ақ халатты кісілер де әбігерге түсіп құйқылжып жүр. «Ұрыс күшейіп кетті-ау»,— деп ойлады Дьяков. Әрине, қызылдарда қарсы тұратын қауқар жоқ. Шамасы, сірә, ақтардың шабуылы күшейе түскен болу керек. Жаралылар да үсті-үстіне келе бастады. Кейінгі келгендердің көпшілігі Дьяковтың қоластындағы кісілер. Аратұра Еламанның жігіттерін де көз қиығы шалып қап жатыр. «Шығын көп болар» — деп ойлады Дьяков.

X

Екі күн толас болды. Үшінші күні азанда ақтар шабуылға қайта шықты. Хан-Дауровтың әмірі бойынша күші үздіккен қызыл полктер қарсыласпай шегіне бастады. Бұл күндері Дьяков тәуір боп полкке қайтып оралған-ды. Темір жол бойымен шұбырып келе жатқан полктың бас-аяғына көз тастаған сайын әскер қатарының әсіресе кейінгі күнгі ұрыстарда қатты селдіреп қалғанын байқады. Қолына қару ұстауға қауқары бар кісілердің де бірталайы жараланып, қолын, басын, аяғын таңып апты. Кейбіреулер өз аяғынан жүре алмаған соң қасындағы кісіге сүйеніп барады. Полкта үш зеңбірек болатын. Оның екеуі Қандыағаш түбіндегі ұрыста қираған-ды. Кешегі ұрыста қолдағы жалғыз зеңбіректің доңғалағы зақым тапты. Және снаряд та қалмаған. Тынымсыз ұрыстан титықтап жүрген жауынгерлер кәдеден шыққан зеңбіректі қалдырып кеткісі кеп еді; оған, бірақ Дьяков көнбеді.

Хан-Дауров дивизиясының үш полкі ақырын жылжып келеді. Алғашқыда көпке дейін өкшелеп қуып отырған ақтар қазір көз жазып қалды. Анда-санда тақтайдай теп-тегіс даланың бір шетінен түйдек-түйдек шаң көрінеді. Кейде ол он-он бестей атты әскер боп шығады. Қызылдардың қарасына көз жіберіп ілесіп отырады. Жазатайым бұлардың атты әскері көрінсе жалт беріп құйындата жөнеледі.

Қызылдар қалжырағаң. Соғысқа құлықсыз. Темір жолдың екі бетіндегі теп-тегіс жазық даламен қыбыр-қыбыр

қозғалып келеді. Далада тіске тиетін шөп жоқ. Еламан дала реңіне шошына қарады. «Ай, был... мал ұстаған халыққа қиын болар»,— деп ойлап, жүз қаралы қазақ жігіттің алдында күрең қасқа атты ақырын бастырып келеді. Генерал Черновтың штабынан оралып келгелі жүдеу. Қасындағы жігіттердің де үсті-басы шаң. Сақал-мұрт өскен. Күнге күйген жүдеу беттері түтігіп кеткен. Қалжыраған жандар ат үстінде басы былғақтап қалғып кете береді. Ала жаздай төсіне бұлт айналмаған аспан тас төбеңде шақырайды да тұрады. Күн шыға қайнап қоя беретін өрттей ыстық аптап осы даланың топырағына дейін күйдіріп жіберген. Жаз шыққалы бір тамшы тамбаған ала тағанақ жер шытынап жарылып, шаңдағы шығып жатты. Топырлап басқан аяқтардан тозаң көтеріледі.

Аттар да, адамдар да қаталап шөлдеп барады. Бүтіл полкта бір тамшы су жоқ. Осыдан қашан Шалқарға жеткенше су болмайтынын білгесін, Хан-Дауровпен күні бұрын келісіп алған Дьяков тоқтамай тартып келеді. Күн төбеден ауа бергенде бұлар Шалқардың қарасын көрді. Жауынгерлер көңілденіп қоя берді. Аяғын ширақ алып шапшаңдата жүрді. Бірақ олар қанша жүрсе де көрініп тұрған қала жуық арада жеткізетін емес. Алыстағы үміт тәрізденіп, әсіресе, су тартатын ұзын мойын водокачка көз ұшында бұлдырап тұрып алды.

Дьяков өздерінде Шалқарды қорғайтын қауқар қалмағанын біледі. Қажыған жауынгерлер ұрысқа ықылассыз. Оның үстіне оқ-дәрі тапшы, Жасағанбергенге сенбейді. Бір жақсысы, үшінші полк әзір тың. Снаряд жағы тапшылау демесең, оларда екі зеңбірек те бар. Ал Ақтөбе, Ембі, Жұрын теміржолшыларынан ұйымдастырған ұсақ отрядтарда қару-жарақ жағы нашар. Хан-Дауров оларды осындай шегінген кезде ақтардың жолына тосқауылға қалдырып отырады. Күші басым жау кеуделеп басып бара жатқанда да табаны аумай төтеп беріп тұрып алатын кіл өңшең ержүрек қайсар жігіттер. Кейінгі ұрыста олардың да қатары әжептәуір селдіреп қалды.

Хан-Дауров Шалқарды екі-үш күннен артық ұстай алмаймыз деді. Сонан артыққа шамалары жетпесін Дьяков та білді. Бұлар ақтарға Арал түбінде ғана тойтарыс бермек. Сол ниетпен қызылдар бұл жақтан қатары тың әскер бөлімдерін әкете бастады. Дьяков госпитальда жатқанда бұлармен қоян-қолтық қимылдап жүрген Қазалы мен Жосалы жұмысшы жасақтарын да бір түнде поезға тиеп әкетіп-

ті. Басқа жақтан көмек болмасына бұлардың бәрінің көзі жетті.

Дьяков алдымыздан, ас-су әзірлеп қойыңдар деп Еламан бастаған бірнеше жігітті қалаға шаптырды. Күнге күйген дала жым-жырт. Сілесі қатып қалжыраған кісілерде үн жоқ. Жым-жырт далада тек топырлап басқан аяқтардың дыбысы құлаққа келеді. Желсіз қапырық ауа шаңдап кетті.

Өлдік-талдық дегенде қалаңың қарасын көрді. Шет жақтағы үйлер жыпырлап қоя берді. Халықтың үрейін ұшырғысы келмеген Дьяков жаралыларды кеш түскенше көзден тасалау жерде ұстап тұрғанды мақұл көрді. Лазарет көл жағасындағы селдір ағаштың көлеңкесіне орналасып болам дегенше, жауынгерлер суға шомылып сергіп алды. Қару-жарағын бойына асып алған әскер қалаға лек-лек боп сап түзеп кіріп келе жатқанда алдарынан Еламан шықты. Қала халқы жайбарақат, тыныш деді, азық-түлік тауып, ас-су әзірлетіп жатырмыз деді. Сонан соң ол полкты бастап темір жол станциясының жанындағы ұзын тас үйге әкелді. Қорада құдық бар екен. Сыртқа жер ошаққа орнатқан тай қазанның ыстық буы бұрқырап, ас та әзір боп қапты. Жауынгерлер келе сала котелок, құтылары даңғырлап абыр-жабыр боп суға жүгірді. Ас-суын ішіп әл жинап алған әскерді Дьяков тағы да дереу көтеріп, қала шетіне алып кетті. Кейінде қара үзіп қалған ақтардың бұл араға бүгін жете қоюы неғайбіл еді; сүйтсе де Дьяков күші басым жау жеткенше күтініп отырғысы келді. Кісілерінің қалжырап жеткеніне қарамастан, түнімен окоп қаздырды. Жау әскерлерінің алдыңғы шебін осы арада біраз бөгемек. Арғы жағынан ат-көлігі шөлдеп жеткен жауға бір жұтым су татырмау үшін Шалқар көлін арт жақтарына ала бекінді. Өздерінің қол күші аз болған соң жау әскері жазатайым сыртын айналып қоршап ала ма деп қорқады. Осы қауіп Хан-Дауровтың да күдігін қалыңдата берген соң бұлар өзара ақылдасып алды да бар зеңбіректі оң жақ флангіге шығарды. Кейінгі күндері жергілікті халықтан жиған жасақты да қысылғанда ұрысқа салатын қосалқы күш есебінде кейінгі жақта ұстап отыр.

Дьяков көппен бірге жұмыс істегісі кеп еді; бірақ оған жауынгерлер ыңғай бермеді. Түн ортасы ауа бергенде Шалқар көлінің батыс жағына бекінген әскерлер окоп қазып бітірді. Қалжыраған жандар қолынан күрегі түсіп, отырған-отырған жеріне құлай кетті. Дьяков та солардың арасына қисайған-ды. Кешегі күні қатты шаршағанына қарамастан, таң алдындағы екі-үш сағат ұйқыға кәдімгідей қуаттанып

қапты. Басының ауырғаны кеткен. Тұла бойы да құп-құнақ. Көл жағасына барып салқын суға беті-қолын жуғаннан кейін тіпті ширығып сала берді. Қай заманнан бері ол өзінің дәл осындай көңілді, сергек кезін көрген емес. Көл жағасынан бір түннің ішінде белден қазып тастаған ұзыннан-ұзақ окопқа көз сап өтті. Түнде бітіріп тастағаны дұрыс болды. Я, я. дұрыс істеді. Аузына түскен бір көңілді сазды ыңырсып жүріп, сақал-мұртын қырды. Сонан соң үсті-басын тазалады. Күнге күйген шаң-шаң киімдерін қағып-сілкіп, күндегідей емес, ол бүгін әскерінің алдына бойын түзеп киініп шықты. Ұрыс-ұрыс арасында бір мызғып алып түк көрмегендей тұрып жүре беруге әбден дағдыланған жауынгерлер таң алдындағы қып-қысқа ұйқыдан оянып жатыр екен. Кейбіреулердің өзіне назар аударып қарап тұрғанын байқап, кенет ол қысылып қалды. Ыңырсып жүрген сазы үзіліп кетті. Көзінде ұшқындаған көңілді күлкі де бір түрлі орынсыз сияқтанып, кірпігімен көзін көлегейлей қойды. «Маған не болды? Себеп жоқ қой, тіпті»,— деп ойлап, өзін-өзі тежегісі кеп еді, бірақ осы бір аяқ астынан килігіп, көңілін алып-ұшырып бара жатқан шаттық сезімге әлі келмеді. Құдды қыз қойнынан шыққан жігіттей күлкі қыштап барады. «Қыз қойнынан шыққан жігіт...» Дьяков мырс етіп күліп жіберді. Жас ортасына кеп қалса да бұл өзінің әлі татпаған сезімі. Осы сөзді қарауындағы қазақ жігіттерінің аузынан жиі есітеді. Есіткен сайын түнімен құшақ айқастырып шыққан қыз төсегінен таң алдындағы тәтті ұйқының бір тұсында ғана түрегелген жігіт көз алдына келеді. Кісі ғұмырында сирек болатын аса бір ыстық сәт. Сыбағасына тиген аз ғана тірлігінде кісі басынан я кешіп, я кешпейтін қызық. Осы ләззатты бір татқан кісі өзі жасаған өмірдің ақтық сәтіне дейін ұмытпайтын шығар. Соңыра зауал жетіп көзі жұмылып бара жатқанда да өзінің азғантай тірлігінде көрген бар қызығының бәрінен бұрын ең алдымен осыны ғана еске алатын шығар-ау? Я, я, кәміл солай.

Дьяков әскерін аралап шықты. Бөлімше командирлерін жинап ап, ұрыс басталар алдындағы соңғы тапсырмаларды берді. Сонан соң Еламанды оңашалап, окоп алдындағы жазықтыққа қарай алып шықты.

— Ауылыңа барғың келмей ме? — деп күлімсіреп қатар басып келе жатқан Еламанға көзінің қиығын тастады. Еламан бұның әзіл, әлде шын екенін білмеді. Не деп жауап берерін білмей іркіліп тұр.

— Аралға дейін бізге бір жан көмек бермейді. Не де болса қолда бар күшпен күн көреміз.

— Білем.

— Хан-Дауровпен ақылдастым. О да құптап отыр. Атты әскеріміздің қатарын күшейтуіміз керек. Әйтпесе, атаман Дутовтың атты әскері күн көрсетпей барады.

— Елге барғанда... не істеймін, кісі жиям ба?

— Жоқ. Елден ат жинап әкел.

— Қанша?

— Қолыңа түскені біледі.

— Жарайды.

— Сен енді аттан. Қаласаң қасыңа кісі қосып ал.

— Кісіні кәйтем. Кісі бұнда да керегірек боп тұр ғой.

— Я, қазір қару ұстауға жарайтын әрбір кісі қажет.

— Мен... онда аттанайын.

— Аттан. Тек орныңа...

— Әлн қалады.

— Жақсы. Со жігіт маған да ұнайды. Ал, жолың болсын!

Еламан жігіттеріне барды. Ертеңгі асты бәрі бірге отырып ішті. Ас үстінде ол Әлнге елге жүретінін айтты. «Менің орнымa қаласың»,— деп ескертті де, көл жағасында қамыс арасында жайылып жүрген атына кетті. Бұл кезде Дьяков бір доңғалағы сынған ескі зеңбіректің жанында жау келетін жаққа дүрбіден қарап тұр еді, біреу сырт жағынан кеп шойындай ауыр қолын ығына салды:

— Ал, қалайсың?

Дьяков дивизия командирін күжілдеген жуан даусынан таныды. Дүрбіден көзін ап, қатарласып кеп тоқтаған Хан-Дауровқа бұрылды:

— Саламатсыз ба?

— Әскерің тынықты ма?

— Аздап...

— Жаудың қарасы көрінбей ме?

— Көз ұшынан бір шаң шығады.

— Солар ғой. Кәне, дайындықтарың қалай боп жатыр?

Дьяков жауап берем дегенше, Хан-Дауров зыттнған деп-дөңгелек үкі көзімен окоп бойын шолып өтті. «Қуын қарай ғой, бұның. Сібірдің шахтасында жатып он жыл соғыс тәсілін үйреніп келгеннен сау ма»,— деп ойлады да, Дьяковке түсін суытып қарады:

— Көлге арқаңды неге бердің?

— Осы дұрыс болар деп ойлаймын.

— Несі дұрыс. Соңыра шегінгенде қайтесің?

Дьяков күлімсіреді:

— Бәрін ойлай жүргенде шегініс есімнен шығып кетіпті.

— Бәлкім, шабуылға шығарсың?

— Жоқ, шабуылға да шықпаймын. Көріп жүрміз ғой, қашуға қалғанда кісі иненің саңылауындай тесіктен өтіп кетуші еді ғой.

Хан-Дауров қарқылдап күлді. Дьяков езу тартты да қойды. Жаңағы көз ұшынан көрінген шаң көңілінен кетпей тұр. Жау ма? Жоқ, әлде таңертеңгі салқынмен өріске айдаған мал ма? Әй, қайдам. Талай-талай көріп жүр, ауыл маңына әскер жуықтап кетсе, көшпелі ел үйін асығыс жығып, көзді ашып-жұмғанша ғайып боп тұратын. Бұлардың дәл қасынан біреу «жау» деп айқайлап жіберді. Хан-Дауров күлкісін кілт тыйып, Дьяковтың қолындағы дүрбіге жармасты. Кеше бұлардың өздері келген жақтан жазық даламен жау әскері қара құрттай қаптап келе жатыр екен. Хан-Дауров дүрбіден көзін ап, Дьяковке бұрылды:

— Бұлар да жетті.

— Тек, әттең... оқ-дәрі аз.

— Я, солай. Айтпақшы, сен жолға дайындал. Түркстан майданының штабына шақырып жатыр. Радиограмма келді.

— Оларға менің не қажетім болды?

— Барғасын білерсің.

— Қашан жүру керек?

— Қазір.

— Полкты кәйтем?

— Мұнда мен болам. Ал, сау бол?

Дьяков көп кідірмей соғыс басталатынын білді. Жүрер алдында Хан-Дауровке көз сап еді, дивизия командирінің былайғы кезде де білемдей-білемдей бұлшық еттер ойнап тұратын атжақты беті аса салмақты екен. Оқтан жүрегі шайлыға қоймайтын ержүрек кісі. Ұрыс үстінде жауынгерлермен аралас-құралас жүре береді. Жауынгерлер Хан-Дауровты ала-бөле сонысы үшін жақсы көретін. «Неге шақырды екен?» — деп ойлады Дьяков.

XI

Соль-Елецкі казактарының ерікті полкі Шалқарға бірінші боп жеткен-ді. Атаман Дутов осы полкты әрқашан қара үзіп кеткен жау әскерінің соңына салып, озғындатып жіберіп отыратын. Кейінгі жақтан қол күші келіп қосылғанша олар өз бетімен әрекет істемей, қашқан жаудың қарасын алыстан көріп отыратын.

Соль-Елецкі полкі бұл жолы аттары да, адамдары да шөл қинап жеткеніне қарамастан бірден шабуылға кетті. Қызылдардың қорғаныс шебін осал тұстан орағытып өтуге тырысты. Бірақ күні бұрын бекініп алған қызылдар іргесін алдырмады. Және қорғаныс шебінің осал жеріне қойған зеңбіректер жау қарасы көрінер-көрінбестен атқылап, алдыңғы лекті әбігерге салды. Әрі-беріден кейін Соль-Елецкі полкінің беті қайтып кешке қарай ұрыс саябырлады. Күндізгі ыстық аптап басылды. Оның есесіне, бірақ жаз айының желсіз тымық ауасы қапырыққа айналды. Қызу ұрыстан шыққан кісілер кешке қарай үстіндегі киімі мен қару-жарағын ауырлап, пысынап терлей бастады. Қатты тойтарыс алған Соль-Елецкі полкі кейін шегініп, көз ұшындағы қара жолдың басына шоғырланып жиналып жатты. Күн батар алдында жау қарасы молая бастады. Қаражалдың арғы жағынан тағы көп әскердің қарасы көрініп, шөбі күйген сұр дала жүзін шаңдатып, түйдек-түйдек боп келіп жатыр.

Хан-Дауров көл жиегіне бекінген коммунистер полкін аралап шықты. Қасында осы полктың рота, батальон командирлері. Хан-Дауров ақтардың бұл араға шөлдеп жеткенін білді. Ақтардың қазіргі тоқтаған жерінде бір тамшы су жоқ. Қаталап шөлдеп бара жатқан кісілер көз алдында жарқыраған көлді көріп тұрғанда өзін-өзі ұстай алмас, бас-аяғын жинап алған соң шабуылға шығар деп ойлаған-ды. Бірақ Чернов өйтпеді. Түн тыныш өтті. Тек таң алдындағы тәтті ұйқының бір тұсында аяқ астынан алай-түлей атыс басталды. Ақтар жіберген барлаушылар алдыңғы шептен ұрланып кіре бергенде, қызылдар сезіп қалған. Қалғып отырған кісілер атып-атып түрегелген. Көзін уқалап, оянып жатыр. Қараңғыда түк көрмесе де құр дүрмекке ілесіп бет алдына боратып оқ атты-атты да тоқтады.

Бұл түн қала халқы сергек жатқан-ды. Жаңағы атыс кезінде оянып кетті. Сыртқа шығуға қорыққан кісілер жүгіріп барып терезеден сығалады. Атыс кезінде тек Тәңірберген сыртта жүрген-ді. Қалаға ол кеше түс кезінде келген. Құлағы түрік жүретін жігіт алыс түкпірде жатып та бір ғаламат соғыстың ауыл іргесіне жақындап қалғанын сезді. Өзіне қарасты ауылды Қаралакөл бойына қондырған соң қасына қосшы-қолаң ертпей қалаға жалғыз тартып кетті. Бұл жолы ол қалада дүкен ұстап отырған бай достары Темірке мен Ебейсіннің үйіне түскен жоқ. Тіпті оларға хабарласпады. Бұрынғы достарынан бойын тартқан салқындық бар. Қаланың шет жағында тұратын кедейлеу қазақтың

үйіне түсті. Арғы тегін жақсы білетін. Әжесі ілгеріде Тәңірбергеннің аулында жылақышы боп істеген. Бай ауылға қатты ренжіген бір тұста тік мінез тентек жігіт қатын-баласын жетелеп қалаға тартып тұрған. Мынау сол кісінің баласы. Тәңірбергенге жүзі жылы, сәлемі дұрыс. Көшеде кездескен сайын жалпылдап асты-үстіне түсіп қалатын.

Жас мырза жүдеу үйге арнап кеп, аттан түсіп жатқанда сорлының тіпті есі шықты. Тәңірберген тым елпілдек кісілерді жаратпайтын. «Маған түктің керегі жоқ»,— деп айтқысы кеп еді. Бірақ қалбалақтаған мына сорлының жуық арада тыныштала қоятын түрі көрінбейді. Соны байқаған мырза: «Жә, жеткен жеріне тоқтасын»,— деп түйді де, қамшы ұстаған қолын желбегей киген боз шапанның сыртына салып, түк сезбеген кісідей маңқиып тұра берді. Жұпыны үйдің жүдеу өміріне көзі үйрене қойған жоқ. «Бекер келдім бе»,— деп ойлады. Бірақ ол ойдан тез айныды. Көзі жас келіншекке түсті. Күйеуінің қасында қонақ қамымен қымсына қозғалып жүр. Әдемі жас келіншектің аққұба өңі әлсін-әлі алаулап қызарып кете береді. «Осындай кісілер әйелден салымды болады»,— деп ойлап, жас мырза көзін келіншектен тайдырып әкетті. Мына жалпылдақ жігітті болмашы бір шаруамен жұмсап жіберермін деп ойлады. Басына келген оқыс ойға ол ішінен түлеп нұрланып кетті.

Шай үстінде ол бұндағы көп жайға қанды: қызылдар күші басым жауға қарсылық көрсете алмай, Ақтөбе, Қандыағаш, Ембі, Жұрын станцияларын тастап, темір жол бойымен шегініп келе жатыр. Қызылдардың алды Шалқарға келе бастаған. Бүгін азанда Ташкент теміржолшыларының отряды бір состав боп Шалқар станциясының алдына кеп тоқтаған. Тәңірберген тұрғын халық болмаса өзі сияқты сыбай-салтаң жолаушылардың шаһардан қашып жатқанын көрді. Бірақ арғы жағында бір ойлағаны болды ма, ұстамды жігіт абыржымады. Шай ішіп жайланып алған соң ол үй несін Жасағанбергенге жұмсады. Інісімен әуелі астыртын келісіп алғаннан кейін ел орынға тегіс отырған кезде үйден шықты. Иығына жамылған боз шекпеннің жеңін қараңғы көшемен келе жатып киді. Бұл келгенде Жасағанберген стол, орындықтар қойған оңаша вагон ішінде ақырын басып жүр екен. Ағасын көріп кілт тоқтады. Тіксініп қарады.

— Ел-жұрт аман ба?

Тәңірберген інісін үнсіз құшақтады. Қырағы көзі бірден байқады: әскери кнім інісіне қатты үйлеседі екен.

Жылтыр қара етік, сары ала қылыш, күміс шпор талдырмаш бойлы аққұба жігітке үйлесе қапты.

— Ауыл-ел аман ба? — деді Жасағанберген ағасының құшағынан босаған соң.

— Шүкір...

— Ал, жай жүрсің бе?

— Саған жолығайын деп келдім.

— Ұрысудан бастайтын шығарсың?

— Неге олай дейсің?

— Белгілі ғой. Қазақ байы үшін қойнындағы қатыны мен есіктегі малайынан кейін ұрысуға ыңғайлысы — інісі.

Тәңірберген мырс етіп күліп жіберді. Қысқа күнде қырық ырылдасатын ұялас ит есіне түсті. Алыста жүргенде біріңді бірің сағынасың, аңсайсың, іздейсің. Ал кездессеңақ ұялас иттей бір-біріңнің бетіңнен алып ырылдаса кетесің.

Тәңірберген сұлық отырып қалды. Жабырқау жүзінде көңілсіз күлкі тұр.

— Сендер үшін мен шіріген жұмыртқамын. Я, я, шіріген жұмыртқамын,— деп Жасағанберген сөйлеген сайын ширыға түсті.

— Жасанжан, отыршы өзің. Сөйлесетін шаруам бар, сенімен.

— Қалай тілдесең де — еркің. Қызыл жон ғып сабап алам десең де, ынқ етпеймін. Тек әуелі түсін мені. Түсініп ал. Арғы жағымда ит өліп жатыр менің. Ит... ит, білдің бе?

— Ой, айналайын інім-ай, босқа дыэалақтап отырсыңау? Орынсыз тиісіп, запы қылған жерім жоқ еді ғой, сені.

— Я, елден шыққан бұзықтарың мен ғой.

— Жасанжан! Саған не болған, жарқыным.

— Сен мені түсінген емессің. Түсінбейсің.

— Бекер айтасың. Сендей інім болғанына құдайға күніне мың да бір шүкірлік айтамын. Жасың жас болғанмен, біздей емес, сен көзің ашық, көкірегің қарақтысың. Келешекті жақсы топшыладың, айналайын.

— Кешір...

— Осы бетіңнен айрылма!

— Шаршадым. Шыдамым таусылып барады. Сыртым бүтін, ішім түтін...

— Бізді ойлап, қиналасың ғой. Қайтесің. Өз басыңның қор болмау жағын қара.

— Өз басың?!

— Я, бізден бақ тайды. Құдайдың қазіргі қалаған пен-

десі мына қара сирақ кедейлер. Келешек — осылардікі. Олардың жағына шыққаның дұрыс болды.

— К е к е т... кекете түс!

— Ақиқат адал шыным. Шын айтамын, айналайын.

— Сен мені түсінген емессің. Я, я, еш уақытта да түсінген жоқсың. Дінім үшін емес, күнім үшін жүргенімді білмейсің.

— Түк айыбы жоқ. Құранда айтқан пәтуа бар. «Күштіге қызмет қыл»,— деп алла тағаламның өзі де айтқан.

Жасағанберген ызалана күлді. Әлгі ашу жас жігіттің ілелі жүдеу жүзіне қайта теуіп, ду етіп қызара түсті де, лезде бозарды.

— Өзін ақтарда бұлардың құдайы мен құраны әзір тұрады. Ну и народ!

Жасағанберген жолында тұрған орындықтарды теуіп-теуіп жіберді. Күміс шпоры шылдырап, қатты жүріп кетті.

— Біздің түбімізге жеткен сендердің осы тоғышарлықтарың. Бас қосып бірігетін кезде, әркім өзінің амандығын ойлап бұта түбіне бұғып қалды. Қораны малға толтырса, қос-қостан қатын алса болғаны. Басқа дүние өртеніп жатса да бәрі бір. Ну и народ!

Тәңірберген көңілсіз тартып кірбіңіп отыр. Әңгімеге де ықыласы қалмады. Інісінің арғы жағындағы ойын жаңа ұққан сияқты.

— Со-лай де?..

— Я, солай. Қалай ойласаң солай ойла.

— Ой, сорлы бала-ай! Кімнің несі кетеді дейсің. Түбі сенің өзіңе...

— К черту! Маған бәрі бір.

— Бұрын сен бұндай емес едің-ау...

— Қандай едім?

— Жо-қ, бұрын басқаша сөйлейтінсің. Есіңде ме, баяғы біздің тасымыз өрге домалап, ту дегенде түкірігіміз жерге түспей тұрғанымызда, сен келешек кедейлердікі деуші едің. Жақсы кезімде жаманшылық шақырғандай көрінетінсің. Жасы үлкендігімді арқаланып саған ақырып тастасам да, арғы жағымда дәрменсіздік бар еді.

— Я, сендерді құртқан сол дәрменсіздік қой.

— Шынымды айтайын, сол кезде сен алдын болжайтын ақ етек ишан сияқты едің. Ал, қазір өртке қарсы жүгірген есалаң бала секілдісің.

— Не десең о де! Тек менің айтатыным: осы күні әулие көбейіп кетті. Әулие жетерлік. Әулиелік әркімнің қо-

лынан келеді. Қазір бізге солдат керек. Сенің мың әулиеңнен бір солдат артық. Сол-дат...

— Сонда... бірдеңеден әлі де дәмелерің бар ма?

— Дәме... дәме... Бұлар дәмесі болмаса аяқ баспайды.

— Е, өзің кәйтер едің?

— Егінге шегіртке түскен диханшыны білесің бе?

—Ал? — деді Тәңірберген інісінің арғы жағындағы ойын аңғара алмай, тосырқап қап.

— Диханшы ертеңгі күні астық алам ба, жоқ па деп ойламайды. Ол егінге түскен шегірткені қыра береді, қыра береді, қыра...

Жөтел буған жігіт, кенет қып-қызыл боп қиқылдады да қалды. Тәңірберген көзіне жас кеп қалғанын сезді. Інісін аяп: «Сорлы бала»,— деді ішінен. Қара көлеңке бейуақ кеште қарт әжелердің мейірбан жұмсақ даусына сап, мына сорлы баланы ертек айтып ұйықтатып тастар ма еді деп ойлады.

Жасағанберген жөтелін шаққа басты. Сілесі қатып қалжырағаны соншалық, жанынан жібек орамалды әзер-әзер алып терін сүртті. Ағасына екі рет көз қиығын тастады. Әлгідей емес, жүдеу жігіттің бет өңінен ашуы қайтып жуасып қалған.

— Кешір! — деді ол ақырын. Ағасына кінәлі кескінде көзін қорғалақтап тастап,— рас, хал қиындап кетті. Қара тобыр күш алып барады. Бұлар ана жылы болыс ағаңды өлтірді. Қазір қарсыласқанның бәрін қырып жатыр. Ертең кезек сені мен маған да жетеді. Қорадағы малыңды тартып алады. Үстіңдегі үйіңді жығып әкетеді. Сонан кейінгі тірліктің кімге қажеті бар? Онан да қолда күш тұрғанда қасық қаным қалғанша қарсыласып өлгенім артық емес пе? — деді.

Тәңірберген лəм-мим деместен тұрды да жүре берді. Жасағанберген таңданып қалды. Тәңірбергеннің қайрылмасын біліп соңынан еріп жүре түсті де, тоқтады. Әлде не дегісі келгендей аузы әнтек ашылып, ыржиып сөлекет күлімсіреп тұр.

Тәңірберген қатты жүріп кетті. Шамын сөндіріп, есіктерезесін тас қып бекітіп алған аласа үйлер қараңғы көшенің екі бетінде мүлгіп үнсіз қарауытады. Көшеде тірі жан жоқ. «Сорлы бала»,— деді Тәңірберген ішінен. Көңілі қатты толқып кеткені сонша, мырза өзі тоқтаған үйге қалай жеткенін де байқамады. Үйге тақай бергенде көлдің арғы бетінде бекініп жатқан әскер шебінің ұзына бойынан ұйқы-тұйқы атыс боп кетті. Шабаландап иттер үрді. Қораның

түп жағынан таң асырып қақтарып қойған Тәңірбергеннің аты оқыранды. Мырза атысқа құлағын сап үй алдында іркіліп тұр. Ойлы көзін көкке тігіп қалған-ды. Кенет қара түнек аспанның алыс бір шетінен жұлдыз ақты. Соңынан от саулап ағып барды да, сөнген шырақтай қап-қараңғы тұңғиыққа жым-жылас батып кетті. «Кім де болса бір жанның демі үзілді. Бір шырақ сөнді»,— деп түйген Тәңірбергеи тағы бір жан ашырымен қоштасқандай жүрегі сыздап тұр.

* * *

Келесі күні ақтар қалаға кірді. Онда да түске тарта атыс үдеп, екі жағы да жан аямай жағаласып жатқан бір кезде, атаман Дутовтың атты әскері қаланы қыр жағынан орағытып айналып өтті. Енді кідірсе қоршап алатын қауып төнген соң қызылдар қаланы тастап тез-тез шегіне бастады.

Тәңірберген жүрер алдында інісімен тағы бір тілдескісі келді. Осы ой оны жіпсіз байлады. Қым-қиғаш ұрыс қала іргесінде жүріп жатса да жас мырза селт етпеді. Және жұрттың бәрі қызылдар темір жол торабын өлмей бермейді деген ойда еді. Қалаға «ә» дегенде атаман Дутовтың атты әскерлері кірді. Іле-шала үсті-басы шаң-шаң жаяу әскерлер топырлап кіре бастады. Ұзын мойын зеңбіректер мен оқ-дәрі тиеген арбаларда есеп жоқ. Бұрын-соңды бұл көрмеген тұла бойы темір сауыт бір пәлелер көшені шаңдатып, қара қоңызша домалап кіріп жатыр... Жұрт есік, терезесін бекітіп үйлеріне тығылып алды.

Тәңірберген қызылдарға қарағанда мыналардың әскері әлдеқайда көп екенін байқады. Және қару-жарағы да мол. Топ-топ, түйдек-түйдегімен ағылып жатқан әскердің арты жуық арада біте қоятын емес.

Тәңірберген әскер аяғы басылғасын болмаса қала іші сапырылысып жатқанда жолға шығу қауіпті екенін білді. Бірер күн аңысын аңдамақ боп отырғанда бір топ солдат қораға кіріп, Тәңірбергеннің қақтарып байлап қойған атын алып кетті. Мырза онша қынжылмайды. Бір есебі болар деп ойлап, арқа етегін кеңдеу сап отырғанда ақтардың қолбасшысы аяқ жетер жердің бәрінен байлар мен би, болыстарды жинап жатыр екен деген хабар тиді. Әдепкіде барғысы келді. Бірақ соңынан ол ойынан тез айныды. Басы ауырғанын сылтауратып төр алдына төсек салғызып жатып алды.

Бұл күні ат үстіндегі алаш азаматтары мен осы қаланың қалталы көпестері генерал Чернов тоқтаған үйдің кең қорасына жиналып жатты. Көп жиынның кейінгі жағындағылар күбір-күбір сөйлеседі. Чернов шай алғызды. Қант салған шайды күміс қасықпен былғап отырып, үнсіз жиынға көз салып өтті. Қара киімді қала азаматтары сұр шапан киген қазақ байларынан іргесін аулақ сап, өз алдарына оқшауланып отырған-ды. Генерал көзі солардың арасынан мақпал тақиялы татар байына түсті. Темірке орыс генералының осы жолы анау-мынау емес, бір ауыр салмақты өздерінің иығына артып жіберетін ыңғайын іші сезіп, осында келгелі терісі тарылып, қабағы түсіп, бүрісіп-тырысып алған-ды. Өзінен генералдың көзін айырмай қойғанын ұнатпады. «И-и, алла, мені бұған айтып қойған, енді». Қолбасы қысқа сөйледі: жергілікті халық әскерді азық-түлікпен жабдықтау керек. Кнім керек. Ат керек. Ақша керек. Шілде айының қайнаған ыстығына қарамастан тұла бойы жайсыз суық сезгендей татар байының тобы кішірейіп, бір уыс боп бүрісе түсті. И-и, айттым, бит. Айттым. Айттым. Қасындағы кісілерге күңкілдеп:

— Есіттің бе? Осы күні кісі қарны тоятын ас таба алмай жүргенде, сонша әскерге... жоқ, жоқ, ондай байлық менде жоқ,— деп азар да безер боп қолын сілкіледі.

Жиналған кісілер қипалақтап, қиналған қабақ астынан бір-біріне көз тастады. Көпке дейін бір пәтуаға келе алмай, әрі толқып, бері толқып отырды да, ақыр аяғында қолдан келген көмекті аямаспыз деді. Генерал Чернов мына жұрттың ықылассыз түрін байқаса да, аңысын аңдап көргісі келді. Әдепкіде біріне бірі қарайлап, іштей аңдысатын әдеті ғой,— деп ойлады. Ертеден бері қолбасының сырт жағында тіп-тік боп аяғынан сарсылып тұрған штаб офицері ілгері басты. Черновтың құлағына еңкейіп бірдеңе деді. Чернов құптап басын изеді де, жиынға қайта көз тастады.

— Аралға дейінгі жер бізге қиын соғатын түрі бар. Алдымызда Ұлықұм, Кішіқұм жатыр. Онан кейінгі жақта елсіз, сусыз шөл дала. Бізге жол көрсетіп отыратын сенімді бір кісі керек.

Темірке басын көтеріп алды. Осы тұста ол басқалардан бұрын пейіл білдіріп, көзі күлімдеп жымың-жымың ете қалды. Жұрт тегіс оған қарады. Генерал да сұрақты жүзін енді осы қара тақиялыға бұрды:

— Сөйлеңіз!

— Ондай кісі бар.

— Ол кім?

Темірке қасында отырған Ебейсінді тақымынан түртіп қалды.

— Әй, жаным, оны сен тоже білесің, әлі.

— Жоқ, білмеймін.

— Білесің. Білесің. Екеуің бір ауылдансың бит.

— Жоқ, білмеймін.

Темірке қасындағы көршісінің бөккен балшықтай боп бітеуленіп алған меңіреу бетін көрді. Тобарсыған ерні мен жұмылып кеткен қабағын көргенде әр кездегідей іші мұздап қоя берді. Ебейсін бағана осы орынға құйрық басып жайғасқалы әлі қыбыр етіп қозғалған жоқ-ты. Темірке дің-кесі құрығандай боп:

— И-и, алла, менің ауызым жеңіл, жеңіл бит. Әйтпесе, Тәңірберген мырзаны осында отырған кісілердің қайсысы білмейді,— деді.

— Тәңір... қалай дедің?

— Я, тақсыр, Тәңірберген.

Генерал Чернов Теміркеге сенімсіздене қарады:

— Ол кім өзі?

— Тақсыр, ол сенімді кісі. Бай. Мырза.

— Арал теңізінің жағасынан ба?

— Я, я, сіз өзіңіз де білетін болдыңыз ғой.

— Білем. Жақсы білем. Ол қайда?

— Қалада.

— Бұнда неге келмеді?

— Тақсыр, оған хабар тимеген болар. Хабар тисе ол бұнда бәріміздің бұрын келер еді. Я, ол сондай тамаша жігіт.

Генерал Чернов қасында тұрған офицерге жүз бұрды. Офицер елп етіп, тіп-тік бойын ілтипатпен игенде, бұл құлағына сыбырлап:

— Есіңде ме, ол анада қызылдардың бізге жіберген жансызы,— деді.

— Я, білем.

— Ұстаңдар! Тек айрылып қалмаңдар!

XII

Еламан Кенжекейге үйленген соң, бұларға іле-шала Сүйеу қарт келді. Қолы ашық қарт жалғыз нарын бұларға айдап әкеп тастады. Еламан мен Кенжекей кедей үйдің ауызы-басына қараған жалғыз түйесін алғысы келмеді. Бірақ бұндай жерде өз дегенін істемей тынбайтын қиқар шал көнбеді. «Үйің толған шиеттей жас бала. Жаз айында

ақсыз отыра алмайсың. Ал, мына нар буаз. Алдағы жылдың басында боталайды. Балаларыңа ағарған болады»,— деп зорлағандай ғып тастап кеткен-ді.

Биыл жаз шыққалы Еламанның балалары аузы аққа тиіп, қарық боп қалды. Тек бір қиыны: жаз шыққалы жалғыз түйені қолда ұстау қиынға соқты. Және ауыл маңында ауызға ілігетін шөп жоқ. Қазір іздеген түйе өзінің бұрынғы бұл кездегі оты, суы мол дағдылы өрісін аңсап ұзап кетеді.

Тақа тынышы кеткен соң Кенжекей кейінгі кезде аяғын тар ғып тұсап жіберетін болды. Соның өзінде қарғып жайылған нарды ол бүгін Беларанның сыртындағы қара бұйраттан алып қайтты. Қайнаған ыссы құм аяғын қарып, қорғалақтап, баса алмай келеді. Қайтарда еріндері кезеріп, шөл қинап зәбір көрді. Төбеден ауған күн де қас қылғандай қызуы қайтпай шақырайып тұрып алды.

Түйе басын жетелеп келе жатып, қайта-қайта аспанға қарай берді. Көк аспанды жоғары өрлеп келе жатқан кішілеу қоңыр бұлттың терліктей көлеңкесі кейінгі жақтан жер бауырлап жылжып кеп қалды. Көлеңке жетектегі түйенің сірісін қаққан кезде Кенжекейдің ту сырты кәдімгідей-ақ қоңыр салқын леп сезді. Күн көзі көк аспанда шақырайып тұр. Бірақ тас төбеге келген терліктей қоңыр бұлт бауырынан жаңбыр сіркіреп қоя берді. Шаңдағы шығып жатқан сары даланың сол бойда тынысы өзгеріп, топырақ бетін жаңбыр түйірлері дымдап шұбарлап өтті. Осыдан кейін кәдімгідей-ақ табан қарыған ыстықтың аптабы қайтып, түйе жетелеген әйелдің тұла бойы жеңілденіп сергіп сала берді. Ол енді үйде қалған балаларын ойлап мазасыздана бастады. Тез оралам ғой деп көршілеріне де тапсырмай кетіп еді; естияр баласы Өтеш; оған сенім шамалы. Қайта күн санап осы баладан көңілі қалып жүр. Әкесі түзде жүргенде жалғызлікті анасына қолқабыс берудің орнына, осы шірік неменің өскен сайын пиғылы бұзылып барады. Кенжекейдің көзі тайса, қасындағы кішкентай інілерін жылатады. Ала бөле күндес қатыннан қалған кішкентай Әбілді көбірек зәбірлейтін. Сотқар бала осы жолы да Әбілді жылатып қойған екен. Кенжекей баурына басып айналып-толғанып көріп еді, бірақ бала жұбанбады.

— Ай, Өтешжан-ай, неге тидің? — деді Кенжекей.

— Ие, мен тиген шығармын, өзі жылауық.

— Сен... сен тидің, асы-ғым...— деді Әбіл жыламсырап.

— Бер... бер баланың асығын.

Өтеш артына тығып тұрған бір уыс асықты есікке қа-

рай шашып жіберді. Өзіне ара түсетін кісінің барын сезген Әбіл жылауын енді тіпті үдетіп, өкіріп:

— Қыжыл сақам,— деді.

— Ой, ант атқан, бер сақасын.

Өтеш өрешеге арқасын беріп міз бақпай безеріп алды. Дөп-дөңгелек мысық көзі анасы мен інісіне бір түрлі жаулықпен қарап бажбиып алған. Ана баланың сақасын оңайлықпен беретін түрі жоқ. Зәті жуас Кенжекей бала ұрмайтын. Оның үстіне Өтештің жолы басқа. Кішкентайынан кемпір бауырына басқан бала болған соң осы күнге дейін бұл шіркінге бөлек бір ықыласпен қайнысындай кастерлеп қарайтын-ды. Осы жолы сіркесі су көтермей шаршап келгені әсер етті ме, әйтеуір көзі бажырайып, тап бір Төлеуше түйіліп алған баланы жағынан тартып қалды.

— Бер... бер асығын жаныңның барында.

Өтеш жыламады. Қаны қашып құп-қу боп кеткен бетінің шапалақ тиген жері ғана ду етті. Және осы тұқымның еркектерінде болатын көк бет өжеттікпен анасына кірпік қақпай тура қарап тұрды да, қынаға боялған қызыл қоңыр сақаны ышқырынан алды.

— Сен... өз балаңнан көрі өгей баланы жақсы көресің.

— Өшір үніңді. Ол сенің інің... бірге туған бауырың...

— Тапқан екенсің. Сен ұмытқанмен менің есімде... Оның шешесі өзіңді үй айналдыра сүйрет...

Кенжекей не болғанын білмей қалшылдап кетті.

— Шық! Шық үйден! — деп айқайлап, тапжылмай тұрған балаға дәл бір түтіп жейтіндей жетіп барып, жерді теуіп-теуіп қап,— жоғал, хайуан! — деді. Баласын үйден қуып шыққасын да долы жас көзіне құйылып, дірілдеп, ентіге демалып тұр... «Доңыз, доңыз...» — деді ішінен. Осы баласы құрғырдың бар мінезі Төлеуге ұқсаған. Өскен сайын сол тұқымның іштар қызғаншақтығы мен қыңыр кежігі жеңіп барады. Әлден түрі мынау. Былайырақ барғасын бұлар да Қалау мен Төлеушілеп бір оттың басына сыйыспай, қысқа күнде қырық төбелесіп жүрмесе қайтсын. Соңыра ержеткесін осы мінезін Еламанға да істеп, тәтті тірліктің шырқын бұзар бұл сойқан. «Қалай түзеуге болады? Құдай-ау, енді не істедім бұған? Қандай амал бар?» — деп ойлап, оңаша үйде жаны күйзеліп отырған.

Кішкентай қызы қыңқылдап кеп етегіне оралды. Балаларының ең кішісі осы. Бұл күнде бұ да төртте. Құдай қарасқанда осы қызы ауру-сырқаусыз қол-аяғы балғадай боп өсіп келеді. Тек Әшімжан жүдеу. Қолға алғаннан бері іле-

сінен айықты. Соңғы кезде тілі дұрысталып аяғына басып кетсе де, сорлы бала етке шықпай-ақ қойды. Өзі аумаған әкесі болатын. Үлкен ала көзі, қоңқақ мұрны мен негіне дейін құйып қойғандай-ау, құйып қойғандай. Аяғы алысқа түсіп кеткен күйеуін сағынғанда Кенжекей істеп жатқан шаруасын қоя сап, осы баласының әкесіне қатты ұқсайтын бет әлпетіне телміріп қарап қалады. Кейде ол өз бетінше ойнап жүрген Әшімді жүгіріп барып құшырланып бауырына қысқысы кеп кетсе де, қалған балалардан бата алмайды. Осы балаға кішкене артығырақ еміреніп бара жатса да, Өтеш қызғанышпен қарап атып жібере жаздайтын болған соң, бұл өзін-өзі тежеп қалатын.

Еламаннан көптен бері хабар жоқ. Шалқарға барып қайтқан кісілер көре алмадық деп, бұның қосүрей көңілін қорқыныш билеп жүрген-ді. Осыдан бір ай бұрын ауру әкесіне Ақбала келіпті деп естіді. Осы хабар құлағына тиген бойда Қарақатын істеп жатқан шаруасын тастай сап, алау-далау боп жүгіріп келді.

— Ойбай-ау, не есіткенің бар?

Кенжекейдің дыбысы шықпай қалды. Қарақатын оның қуарып кеткен өңіне қарады да, қасына тізе бүкті.

— Естіп пе едің?

Кенжекей әлі құрып буын-буыны дірілдеп қоя берген бойын қасындағы қазандыққа сүйеді. «Көптен бері хабар болмай кетіп еді. Сорлап қалған шығармыз»,— деген суық ой жүрегін мұздатып барады.

— Сақ бол, ана сайқал төркініне кепті ғой,— деді Қарақатын.

— Кім?

— Ақбаланы айтам. Ал, көре қал, бұнысы тегін емес.

— Әкесі сырқат деген.

— Соған сенесің бе? Сол қызыл көзге қағынды келетін бе еді? Жұртқа зәрін жайып, жыландай ысқырады да отырады. Қызы да жөргегінен ұшынған. Осыдан көрерсің де білерсің. Мені әулие дерсің. Ол жүзіқараның Еламаннан дәмесі бар.

— Құдай-ай, қойшы.

— Сен аңқаусың.

— Жоқты соқпа.

— Сен ашық ауызсың. Жұрттың бәрін өзіңдей көресің.

— Алды разы болсын... қойыңызшы.

— Әй, мынаның есі дұрыс па? Қойы не, а?

— Бірді бірге шатпасаң тыныш жүре алмайсың ба?

— Ойбай-ай, енді не дейін. Мына шірік мені масқара

қылды-ау! Мен сорлы омырауымды ашып аңқылдап кел-сем... ойбай-ау, мына шіріктің зәбірі өтті ғой. Күні кеше ғана Төлеу шашыңнан сүйреп...

— Шық! Жоғал, жексұрын!

— Өзің жексұрын. Жер басқан жанның азы мен тозы-сың. Ертең қойныңдағы байыңды тартып алады. Сонда көрермін сенің әуселеңді...

Қарақатын ауылды басына көтеріп бат-бұттап сөйлеп барады. Кенжекей ауыл үйден қысылды. Үй ішінде үрпиі-сіп қалған балалардың бары-жоғын да сезбей шынтағымен ошаққа сүйеніп отырып қалды. Осы бір қаңқу сөз құла-ғын сарсылтқалы қашан. Құлақ аспайын десе де мына қа-ра албасты қойды ма. Кісінің жаны ауыратын осал жерін тауып алып, темір істікпен түрткілейді де отырады. О, заң-ғар-ай! Қасына жуып кетсең кіршіксіз тап-таза жанға да күйесін жағып кірлетіп шығарады. Енді, әне, ерлі-зайыпты екеуінің арасына от тастамақ. Осы күні қай кісі етегіне на-маз оқып жүр дейсің. Бірақ біреу адал болса — өзінің күй-еуі адал екеніне күмәні жоқ.

Кешкісін күндегі әдеті бойынша Кенжекей балалары жатқан төсектің шет жағына қисайды. Қараңғы үйде көз ілмей жатыр. Көңілін күдікке бергісі келмесе де, Қарақа-тынның күндізгі лаңы қайта-қайта есіне түседі. Таң алдын-да тақа қалжырағасын көзін жұмды.

Төлеу жер-суын тастап, жағаға көшіп келетін жылы Ақбаланы көргені бар. Екеуі құдық басында кездесті. Ақ-баланың ажары сынық жүр екен. Өздері сияқты шолақ дүниенің зарын тартып жатқан жоқ. Жас мырзаның сүйіп қосылған жары. Соған қарамастан арғы жағында аппақ сұлу жүзін жадыратпай үнемі ішінен шерлеп жүдеп жүрген жарымжан көңілін сезіп еді-ау. Жаңағы қара пәле мың жер-ден кірлемек болса да, құдай біледі, Ақбала да арын аттап жүрмеген шығар. Иә, ол байғұста не сын бар. Етінің қызуы, бетінің қызылы тарқамай жатып екі үйдің босағасын көрді. Беті ашылды. Базары қайтты. Бай мен баладан бірдей айрылды. Иә, ол бейбаққа да оңай боп жүр дейсің бе?

Кенжекей күрсінді. Даусы қаттырақ шығып кеткенін байқап, басын көтеріп қасында, кең төсекте айқыш-ұйқыш жатқан балаларға қарады. Арғы шетте жатқан бір баласы көрпеден шыққан аяғын ерең-серең сермеді де тыныштал-ды. «Өтешжан болар»,— деп ойлады Кенжекей. Балала-рының ішінде сол шіркін ғана мазасыз ұйықтайды.

Қарақатын айдап салса да, бұның өзінің арғы жағында Ақбалаға деген құттай да қызғанышы жоқ. Қайта есіне

алған сайын бағы ашылмаған байғұстың басындағы мүшкіл халды осы түн ол соншалық бар жан-тәнімен сергек сезді. Қасында ұйқылы көзімен кеудесін сипалап жатқан кішкентай Әшімге де бұрынғыдан көрі басқа көңілмен қарады.

Кенжекей күндегіден ерте тұрды. Балаларын көршісіне тапсырды да, алдына Әшімді алып ертеңгі салқынмен жүріп кетті. Ботасы ауылда қалған түйе ілгері жүрген сайын артына жалтақтап, аңырап боздап келеді. Ыстық тез түсті. Тас төбеге келген күн шақырайып тесіп барады. Түйе үстінде итеңдеп зықы кеткен бала әрі-беріден кейін қыңқылдап жылай бастады. Түс ауа бергенде бұлар жазық далада жалғыз шошайып тұрған Жетімқараға жетті. Осы шоқының етегінде қоңыр үзікті кедей ауыл отыр екен. Сыртта тірі жан көрінбеді. Күндізгі ыстық аптапта ауыл адамының бәрі ішке тығылған сияқты.

Кенжекей түйе басын шеткі үйге тіреді. Қозылар көгендеулі жатқан желі басына түйені шөгере бергенде іштен бір әйел шықты. Үй сыртын айналып көлеңке түскен іргенің үзігін жоғары көтерді. Ақ көйлек сыртына жеңсіз қамзол киген бойын кербез қозғап, ол енді ішке қарай ақырын беттей берген-ді.

Жолаушы әйел:

— Ақбала! — деп дауыстап, түйеден ұстай түскен қақпыш балықтар сатырлап, сүріне-қабына жүгірді.

Ақбала өзі танымаса да, ол танып атын атап жатқан соң үй алдында лажсыз іркіліп тұр.

— Ақбала апаң осы ғой. Бар. Бара ғой, айналайын.

Ақбала дір ете қалды. Бейтаныс келіншектің жанында томпаңдап келе жатқан қоңқақ мұрын қара балаға қарады.

— Амансың ба, құрбым.

Ақбала қасында ыржиып тұрған ақжарқын келіншекті көрді. Оның не дегенін есітпесе де, тіл қататын орай өзінен екенін біліп, болар-болмас бірдеңе деді.

— Танып тұрған шығарсың,— деді Кенжекей шалғайынан тас қып ұстап алған баланы иегімен нұсқап. Ақбала басын изеді. Бір түрлі сөлекет күлкі бет ажарын бұзып, біліне түседі де сөне қалады. Кенжекей «апаңа бар» деп қайта-қайта итермелесе де, аяғын баспай қойған ұялшақ қара баладан ол әлі көзін айырған жоқ. Әшім онан сайын қысылып Кенжекейге тығыла түсті. Бұрын-соңды бірде-бір әйелдің дәл мына келіншекше мейірімді мұңды көзбен мұншалық жаны үзіле қараганын көрген емес.

Әшімге тілін алғыза алмаған соң енді Кенжекей де сағы

сынып: «Ай, шырағым-ай, шыққан жатырыңды жатырқап, балалығың ұстап тұр ғой, не қылса да»,— деді ішінен.

* * *

Бұл күні Сүйеу қарттың үйі кешкі асты қызыл іңірде ішті. Көлік соғып шаршаған бала ас ішіп отырып ұйықтап кетті. Ақбала қонақ келіншек пен балаға төсекті бірге салып еді. Кенжекей жатар жерде баланы көтеріп апарып Ақбаланың төсегіне салды.

Ақбала түк байқамаған кісіше үй шаруасын істей берді. Күндегі әдеті бойынша кешкі астан кейін ауру әкенің жайын істеп, көк насыбай толтырған мүйіз шақшаны жастығының жанына қойды. Онан таң атқанша талай оянатын әкесіне шөлдеген-шөлдегенде мейір қандырып ішетін сусын әзірледі. Сонан соң жалпылдақ шамды есік жақта төңкерген шелектің түбіне қойып жатып, қонақ келіншекке көз қиығын тастады. Іргеге бетін беріп жатқан күйінен қозғалмапты. Ақбала шам жарығын басып қойды. Бұлтиған бетін алақанының үстіне сап, танауы пысылдап тып-тыныш ұйқтап жатқан баланың жанындағы бос орынға қисайды. Күнсіген айдарына бетін басты да баурына тас қып қысып алды. Әшім оянбады. Бұл да ұйқылы көзімен Ақбаланың кеудесін сипалап төсіне тұмсығын басты да тыныштады. «Құлыным. Сорлы жетімегім».

Бұрын Ақбала қатты ұйықтап жатып та сырқат әкенің сәл қозғалғанын сезетін. Бүгін ол баурындағы баласынан басқа бір жанды ойламады. Қонақ келіншек те есінен шығып кеткен-ді. Жазғы таң ауыл сыртындағы қоңыр шоқының ұшар басына шапақ шашып, түндігі түсірулі абажадай үй іші бозамық тарта бастағанда Кенжекей қозғалды. Балықшылар аулының ерте тұратын жайы Ақбалаға белгілі. Көлік соғып шаршап жеткеніне қарамастан қонақ келіншектің күндегі дағдылы уақытында оянатынын біледі. Ақбала ұйықтап жатқан баланың қасынан ақырын тұрып кетті. Сыртқа шығып шай қояйын деп жатыр еді, Кенжекей жанына кеп, қолынан ісін алды.

— Қатып қаппын. Әшімжан да оянатын емес. Маған бер, отты мен тұтата қояйын.

Ақбала «кәйтесің, өзім де үлгірем ғой»,— дегісі келді. Бірақ айта алмады. Бетіне жел боп тисе де, мына әкеден аржайы жанды ренжітіп алатындай көрді. Онсыз да осы байғұс екі елі қасынан қалмай, кірсе кіріп, шықса шығып жүр. Және көрген-білгенін айтып, салдырлап сөйлеп жатқанда өзінің жұмған аузын ашпай қойғанына қысылады.

Аққөңіл жанның ағыл-тегіл ықыласына орай осы тұста бұның да жүрегін жайып тастайтын реті ғой. «Не қылса да кісінің өзіне де күші жетпейтін кезі болғаны ғой»,— деп ойлады Ақбала. Әрі-беріден кейін ол қанша исінейін десе де, арғы жағында жүрегін мұздатып тұрған салқындыққа шамасы жетпесін біледі. Сонан кейін-ақ ол өзінің ежелгі бір тәкаппарлығына бағып, сұлу өңі сазарып алды.

Көңілдері жараспасын байқағасын Кенжекей үйде қалған балаларын сылтауратып, алдын кештете аулына қайтты. Ақбала ұзатып салды. Ботасына қайтқан түйе қамшы салғызбай желе жөнелді. Ақбала түйе үстінде селкілдеп бара жатқан келіншекті көзден таса болғанша ұзатып салды. Артып кеткен ажары болмаса да, қара торы, екі беті бұлтиған дөп-дөңгелек зерең жүзді. Дәнге тойған бұлдырық тәрізді тұла бойы да тығыншықтай екен.

Ақбала мырс етті. «Құдай біледі, күйеу жанды болар»,— деп ойлады. Я, түрі айтып тұр. Күйеуінің көлеңкесі сияқтанып, отырса да, тұрса да асты-үстіне түсіп өбектеп бітетін шығар.

Ақбала тағы да мырс етті. Сыртта тұрған самауырға су құйып, от тұтатып ішке кіргенде әлгі ащы мысқыл әдемі бетінде тұрды. Кешке баласын баурына қысып жатқасын да Ақбала өзінің ит-ыржыңмен өткен өмірін ойлады. Онан Еламан екеуінің арасын ойлауы мұң екен, бүгін тағы да ұйқысы шайдай ашылып кетті. Қимылсыз көздің қарашығы шырадай жанып шам жарығы сығырайып қана тұрған үйдің оң жақ ныгындағы жамау түскен кизге қадалып алды.

Ой, дүние-ай, о да бір дәурен екен-ау! Ақбалаға үйленердің алдында бір жыл бойы жылақышы жігіт келуін жиілетті. Әсіресе, ел қораға кіргесін ай сайын, апта сайын ат сабылтып келіп тұратынды шығарды. Қақаған қаңтар айында бай ауылдың жылқысын ұры-қарыдан күзеткен жігіт күндіз, түні аттан түспейді. Суық шалған беті қап-қара боп домбығып кеткен. Суық қапқан бойы сықырлап, сыртқы есіктен кіріп келе жатқанын көрген сайын бұл жиырыла қалатын. Әлі есінде: әке-шешесі ауыз ашуға отырған кезде Ақбала үй сыртындағы ақ шоқалақтың тасасында тосып тұрған Тәңірбергенге кездесті. Осы күннің ертеңіне сол қуаныш қыз жүрегінде сөнбей, шоқтай маздап тұрғанда жылақышы жігіт келді. Тәңірберген маңайынан жүре алмайтын үйге бұл емін-еркін кеп, атын қамыс қораның ығына байлап жатты. Қалың кнім киген бойы қорбаңдап, ат шылбырын белдеуге байлады. Бетіндегі боз қырауды алақаны-

мен бір сипап тастап, сары табан қарды сықыр-сықыр басып келе жатқанын көргенде Ақбала ызадан жылап жібере жаздаған-ды. Шапанын жамылып көрші үйге кетіп қалды. Бірақ қатал әке дереу шақырып алды. Ақбала дастарқан басына амалсыз келді. Бір қырын отырып шай құйды.

Еламан ұялшақ. Қашан кете-кеткенше қыз жаққа қарауға жүзі шыдамай көзін қашырта береді. Үстіне Ақбала кірсе екі беті дуылдап қоя береді. Ауызындағы сөзінен шатасып, қара терге түсіп қысылып бітеді. Көңілі жүйрік қарт қызына атып жіберердей боп қарайды. Ақбала басқа кезде қорықса да дәл осы тұста қаһарлы әке ашуынан қаймықпайтын. Қайта кеудесінде егес оты өршеленіп кетеді. Іште бұлыққан ыза сыртына шауып мысқыл күлкі бетінде тұрады. Шіркін жастық не істетпейді!

Ақбала күрсінді. Шай үстінде бұның миына кірмейтін түсініксіз бірдеңелерді күңгірлеп отыратын ынжық жігітті өзінің пысы басып отырғанын сезеді. Қанша келіп жүргенде ол сорлыға бір рет рай бермепті. Сонысы жөнсіздік пе, жоқ, әлде тәкаппарлық па? Кәйткен күнде де шектен асып кетсе сол тәкаппарлық та қаталдықпен парапар көрінеді ғой.

Ақбала көз қиығын құшағындағы баласына тастады. Ақбалаға бірден бауыр басып кетті. Сорлы бала шыққан жерін сезетін шығар-ау.

«Алғашқы күні осы баланың кімге ұқсағанын ойлаған жоқ-ты. Оған пұрсасы да болмаған. Бейтаныс әйел жанында томпаңдап келе жатқан қара балаға көзі түсуі-ақ мұң екен, өзінің ана жатырын жарып шыққан тұла бойы тұңғышы, тірі жетімегі, бір жапырақ бауыр еті осы бала екенін бір дегеннен бар жанымен сезе қойып еді. Кейін мауқын басқан соң оңаша үйде ойнап отырған Әшімге анықтап қарады. Қайталап қараған сайын осы баласының тұла бойындағы бар бітімі мен бет әлпетінен Еламаннан аумайтын ұқсастықты табатын. Әсіресе Әшімжанның үлкен ала көзі, кез негі, қоңқақ мұрны... құйып қойған әкесі. Мінезі де бұйығы, тұйық. Туғанда да осы бала үш айға дейін бір түрлі болды: емізетін мезгілінен асып кетсе де, бала боп мазасызданып жылаған емес. Қашан қол-аяғын шешіп, құндағынан босатып алғанынша оянбайтын. Жарығымның сол мінезі өскесін де өзгермепті. Қазір нағыз қолда тұрмай зырлап жүретін кезі ғой. Өзімен бірге ойнайтын бала іздемейді. Іші пысып жалғызсырайтын емес. Үш мезгіл ас берсең болғаны. Үй ішіндегі кісілерге ала көзінің астынан бір

қарап қояды да, ертеден қара кешке дейін өзімен өзі ойнап отыра береді. «Құдай біледі, жасында әкесі де дәл осындай болған шығар-ау»,— деп ойлап, Ақбала ақырын күлді.

* * *

Кенжекей үйіне ел орынға отыра жетті. Жол бойы басына қай-қайдағы ойлар келді. Бір күн, бір түн бірге болғанда екі әйел Еламанды аузына да алмапты-ау, Ақбаланың үндемеген себебіне түсінеді. Ақбаланың орнында болса, бәлкім, бұ да сүйтер еді ғой. Ол тек Ақбаланың әке-шешесіне түсінбеді. Еламаннан іштей алыстап кеткен. Ол сорлының бұл дүниеде бары-жоғын да білгісі келмеген бейтарап көңілдерін байқады. Жазығы не?

Қарақатын Кенжекейдің келуін күтіп отырғандай екен. Сүйеу қарттың аулына барып келгелі: «Ақбала мен Еламан қайта табысыпты»,— деген қаңқу сөз құлағын сарсылтып болды. Кенжекей басқы кезде көңіл бөлсе де, кейінірек керең болған кісідей құлақ аспай қойды. Соның арқасында болар, ақыры бір күні ауыл арасындағы сүйретпе бықсық сөз де сөнді.

Көп кідірмей Еламаннан хабар келді. Қалаға барған біреуден амандығын айтып, азын-аулақ шай, шекер беріп жіберіпті. Барам деген сөз аузынан шықпаса да, осы күннен бастап «келіп қалар» деген үміт Кенжекейдің кеудесінде шоқтай маздады да тұрды. Үй сыртынан әлдекалай дыбыс шықса да елден бұрын бұл елең етіп, тап бір қалыңдық ойнап жүрген қыздай жүрегі лүпілдеп қатты-қатты соғып кетеді.

Күндіз жұмыста болады. Кешке үйге келген бойда балаларына тамағын беріп, қызыл іңірден жатқызып тастайды да, өзінің көптен бергі дағдысы бойынша кебеже түбінде жатқан сүт тайлақтың жүнін алдына бір етек қып салып алады. Төр алдында айқыш-ұйқыш жатқан балаларының аяқ жағында отырып, тайлақ жүнін қылшығынан арылтып түтеді. Күйеуге шыққалы қатты өзгерді. Оны өзі де сезіп ішінен нұрланып күліп қояды. Осы күні Еламан десе ішкен асын жерге қоятын боп жүр. Азаматы үйде болса, балаларынан бұрын алдымен соның бабын істейді. Бір суыртпақ жіп тапса да, соның бойына жапсырғысы кеп тұрады. Биыл жолға шыққанда кигетін жеңіл қақпа шекпен тігіп бергісі кеп түйесі бар үйлерден бір-бір шүйкеден жүн сұрап алды. Тап бір тұңғыш рет ғашық болған қыздай өзінің осыншалық бір алды-артын ойламай ықыласы құлап кеткеніне қайран.

Төлеуден кейін еркек затынан жүрегі шайлыққандай боп жүрген. Қойным құр емес қой, ендігі жерге осы балалардың көлеңкесінде тірлік кешермін деп ойлап еді; алғашында күйеуге шыққысы келмей қанша толқыды. Ол тек осы жігіт дегенде Айғаншаның ықыласы басқа екенін білетін. Және ұрса, соқса да төмен етекті әйелдің еркексіз күні жоқ қой деп ойлады. Төлеудің таяғына төзіп едім, қайтем, ендігі қалған өмірімде Еламаннан таяқ жеп күн кешермін. Өгей әке де болса мына үш сәбидің арқа сүйейтін бір қамқоршысы болғаны дұрыс қой. Осы қарақтарымды әке қанатының астында адам қып өсіріп шығарсам деген оймен күйеуге шыққан еді.

Ол кезде Кенжекей еркектің бірінен-бірін айырмайтын. Оның ойынша Еламан ел азаматы. Өзінен ақылы да, ажары да артық. Және күйеуі халық құрметтеген азамат болған соң бетіне жел боп тиюге хақың жоқ. Ол отыр десе отырып, тұр десе тұрасың.

Кенжекейдің бұл ойы, бірақ Еламанға ұнамаған сияқты. Үйленген күннің ертеңіне ол: «Кенжекей, бері кел. Қасыма отыр. Сөйлесетін шаруа бар» ,— деді. Қанша жыл отасқанда Төлеу марқұм бұған — «әй қатын» деуден бір тынбаған. Ара-тұра ықыласы түскенде «біздің қатын» деп сөзін сәл ғана жылытатын. Ал мына күйеуі өзін ата-анасы азан шақырып қойған атымен атағанда, бұл пақырдың жүрегі жарылып кете жаздап еді-ау!

Сол күннен бастап Кенжекей түс көрген кісідей. Ол келсе осы үй қуанышқа қарық болады. Кенжекейдің қарсы болғанына қарамастан үй ішінің шаруасына киіп-жарып араласып кететінін қайтерсің. Өзі орасан ұсынақты. «Басыма бір шаршы орамал еркін жетпейді. Әйтпесе, бір әйелден нем кем»,— деп күліп жүріп, үй іргесіне отын-суды үйеді де тастайды. Ол, ол ма. Осы өңірдің кәрі, жасы тегіс сыйлайтын ат басындай азамат салпы етек жаман әйелін үйде де, түзде де көтермелеп, есіктегі басын төрге шығарады да отырады.

«Өңім бе, түсім бе?» — деп алғашқы күндері Кенжекей өзінің осы күнгі халіне жиі таңырқап жүрді. Сеніп тұрғанның өзінде жамандықты көп көрген жүрегі май ішкендей кілкілдеп бүтіл көңілін күдік жайлап кетеді. Ондайда осының алдында ғана көкірегінде гүлдеп келе жатқан қуаныштың тас талқаны шығады. Осы күнгі тірлігінің бәрі түс сияқтанып жүдеу көңілі қайта жабырқап, балық сойып жатқан қатындардың арасында қолынан пышағы түсіп отырып қалатын. Бұндай күндері үйге ықылассыз қайтады. Жұмыс

аяқталған бойда үйге жүгірген қатындардың соңында жалғыз қалады. «Өзімнің бұрынғы күнімді көріп жүре беруім керек еді»,— деген оймен қол-аяғын әрең қозғап келе жатып, кенет сонадайдан Еламанды көзі шалады. Жұмыстан қайтқан әйелінің алдынан шай қайнатып, үй жанында күйбектеп жүр. Кенжекей сыртта жүрген кісілер көреді-ау деп қысылады. Бұлтиған қара торы беті нұрланып күліп жібереді. Күні бойы өзін қажытқан күдіктің қайда кеткенін білмейді. «Е, құдай, ұзағынан бере көр».

Берегірек келген соң жақсылыққа бұның да бойы үйренді. Тіпті өзгелерден өзін кеммін деген ойдан қалды. Бәз біреуден кем болса да, ал қайсы біреуден қайта өзінің артық екенін сезді. Баяғы қорлық күндерін ұмытты. Ол тек оқтатекте жылаумен өткен жастық шағын еске алатын. Енесі өлгеннен кейін күндесінен көрмеген қорлығы қалмады. Жастық жалыны ерте сөнді. Теңдіксіз жас келіншек күтімсіз жас теректей, жер баурынан нәр ала алмай тұрғанда көктен нөсер төккен қандай! Беу, несін айтасың! Жас қайыңның жасыл жапырағы сарғайып жапалақтап түсе бастағанда, кенет гүлің қайта ашылып, құлпырып кете барасың екен ғой. Құдайдан ба, әлде адамнан ба, әйтеуір жастық шағын зая жіберіп алатын әйелдер болады. Кейін отыз бен қырық аралығына ілігіп еркек ықыласына ынтызар болған сарыторы шағында, құдайдан, сен, ондай әйелдердің жүрегіне шоқ түспегей деп тіле. Ондай әйелдер құдды аштық өтіп жүрегі үзіліп бара жатқанда аузына ас тиген кісідей тойымсыз, қомағай. Кеш көктеген махаббат кейін кісі өлгенде де өзіңмен бірге қара жердің астына түсетін көрінеді. Ал бұндай әйелдер соңыра қартайған шағында да өзінің ең бір отты кезіндегі бет ажарын бермей, баяғы бір балғын қалпымен қарап тұрады-ау! Беу, беу, сонысын қайтерсің!

Кенжекей иегін тізесіне сүйеп, қыбыр етпей отыр. Әлгі бір әзірде ықылас қойып түтіп отырған жүн қолынан түсіп кеткен. Күлімсіреген көзі үй ішіндегі бір нәрсені көрген жоқ. Осы ұяң күлкі кейін ұйықтағасын да келіншек өңінен айықпай, дөңгелек зерең жүзін нұрландырып, жұмсартып тұрды.

Ертеңіне ол күндегі дағдылы уақытынан кешірек оянды. Жұмысқа кетер алдында балаларына ас даярлап, асығып-үсігіп жатқан үстіне Еламан келді. Кенжекей істеп жатқан шаруасын тастай сап, балаларынан бұрынырақ жүгіріп барса да, Еламанның бүтін бір жақ бетінде ырсиған ат тұяғындай тыртыққа көзі түсті. Жаны зәр түбіне кетіп тұрып қалды.

Еламан балаларын бетінен сүйді де, кішкентай қыз баланы көтеріп алды:

— Өзің өсіп қапсың ғой. Ал, жағдайларың қалай?

Кенжекей есін жия алмай тұр. Еламанның бетіндегі жазылып біте қоймаған тыртыққа қарап қатып қапты.

— Әшімжан қайда? — деді Еламан.

— Атасында...

— Қалай, қарындарың ашып қалған жоқ па?

— Әшімжанның әкесі-ау...— деді Кенжекей.

Еламан Кенжекейдің өңіндегі үрейді енді байқап:

— Жә, қайтесің. Бұл ештеңе емес,— деп жуып-шаймақ болады. «Я, я, бұл ештеңе емес, жаныңның аман қалғанын айт»,— деп Кенжекей қостағысы келді. Бірақ аузын ашса өкіріп жылап жіберетінін сезген соң, Кенжекей үндей алмай құр ғана іштей қалтырап дір-дір етіп тұр.

— Шайың әзір ме? Әкел, шай ішейік,— деді Еламан.

— Қазір... қазір...

— Кенжеш...

Кенжекейдің қара торы беті кенет ду ете қалды. Есікті ашпақ боп ілгері соза берген қолын кейін тартып алды. Баяғы бір тұлымшағы желкілдеген жас кезінде ата-анасы ғана бұны дәл осылай атайтын. Кенжекей қатты толқып кеткен көңілін басып, күйеуіне сұрақты кескінін бұрғанда дөңгелек зерең жүзі боп-боз еді.

— Кенжеш... осы Ахаң сорлы шынымменен-ақ хабар-ошарсыз кетті ме?

— Я, ол байғұс... сүйтті ғой.

— Алда пақыр-ай!

Осы екі арада көршілер жиналып қалды. Кеш құлақтанған балықшылар үзік-созық кеп амандасып жатыр. Жұрттың соңын ала Дос та келді. Еламан оған өзгеше ілтипат білдіріп, түрегеп барып амандасты да, өзінің жоғарғы жағына отырғызды. Көрші келіншектер қолғабыс берген Кенжекей лезде шай-суын әзірлеп күйеуінің алдына кірсіз ақ дастарқан жайды. Атжал ғып сары бауырсақ төкті. Кісі басына бір-бір түйірден қант тастады. Содан соң дастарқан басына күйеуімен қатар отырып, шай құйды.

— Еламан шырағым, біздей емес, көзің ашық. Есіткен-білгеніңді айта отыр. Мына соғыс қашан бітетін? — деді үлкендер жағы.

— Жуық арада бір жағына шықса керек. Білетін кісілер солай дейді.

— Апыр-ай, э? Мынау бір жақсылық екен.

— Я, жақсы сөз — жарым ырыс.

— Ал, Шалқарды жау алды деген не? Сол рас па?
— Рас. Ақтар қазір Аралға қарай беттеп келеді.
— Көп пе?
— Жетерлік.

Шай ішіп болған жұрт көтеріліп сыртқа шықты. Ертеден бері үндемеген Дос сыртқа шыққан соң оңашалап жеке сөйлескісі келді білем, Еламанды қақпайлап шетке алып шықты. Еламан әуелі ауыл сыртындағы қорымға бұрылды. Он баласын қасына алып жатқан Мөңке мен Әлизаның басына құран оқыды. Дос-жараның дұғасы өлі аруаққа тиеді деп ойлайтын Еламан осында келген сайын қарт балықшыға құранды өзі оқитын. Оған бағыштаған дұғасына бар ықыласын сап, жан-тәнімен беріліп оқып кеткенде, ол әрқашан өзінің егіліп жылап отырғанын сезбей қалатын-ды. Осы жолы да дұға соңында бетін сипағанда саусағының ұшы жылып аққан жасқа тиді де, көзінің тұсына келе берген қолы кілт іркіліп, алақанымен бетін басып отырып қалды. Дос оған бір-екі рет көз қиығын тастады. Жұбатқысы келді. Бірақ дәл осындай дос көңілін демеп жіберетін жерде де бұл өзі тілі-жағы байланған кісіше жұмған аузын аша алмайтын, сөзге шорқақ жігіт еді. Еламан дыбысын шығармай ішінен күрсінді де, отырған жерінен сүлеленіп ауырлау түрегелді. Екеуі үнсіз тарасты. Еламан ауыл сыртына апарып атын тұсап жіберді. Үйге қайтқысы келмей ол әуелі теңіз жағасына барды. Қарт балықшының талай қайық салған жерін көзімен шолып тұр. Түс ауа үйге қайтып келе жатқанда алдынан Дос қарсы шықты.

— Кәне, жөніңді ұқтыршы? Қандай шаруамен жүрсің? — деп ол бағана айта алмаған сауалына оралып еді.

Еламан көп ішінде шешілмесе де, жеке кездескенде шаруасын Достан жасырмады. Ақтардың күші артық. Ақтөбеден бері қарай өздерінің табанын жерге тигізбей дедектетіп қуып келеді. Бірақ, олардың тойтарыс алатын жері таяу. Осы қазір қызылдар да, ақтар да Арал түбінде болатын алдағы үлкен бір қырғын шайқасқа әзірленіп жатқанын айтты. Ақтар Тәңірберген секілді шонжар байларға арқа сүйейді. Ал қызылдар жағы жер-жерге кісілерін жіберіп, ел ішінен ат жинап, азық-түлік жинап жатқанын айта кеп, ақыр соңында:

— Көз тігіп келгенім Тәңірбергеннің жылқылары еді,— деп өз жөнін ұқтырды,— жамандықты жер түбінен ойлайтын сұм емес пе. Жылқыларын жасырып тастапты. Бір жан білмейді.

— Қап, не қыласың. Қолға түссе онықі ақүйек адам мал болар еді-ау.

— Тәңірбергеннің жылқылары түлкі боп інге кіріп кетпесе, Кәлен табар деп сенем.

— Кәл-ен?..

— Айтпақшы, Дос аға, сүйінші. Кәлен Сібірден қашып келді.

— Алда байғұс-ай... Еңіреген ер-ай!

— Апырай де! Жанымыздың сірідей берігін қайтерсің. Тепкілесе де өлмейтін темір өзек екенбіз ғой. Тәңірбергендер тұқ-тұқиянымызды құртпақ боп жер түбіне айдатса да, темір торды талқандап келе бердік-ау,— деді Еламан күліп.

Діншіл Дос оның сөзін асылық көріп ішінен ұнатпай қалды.

XIII

Еламан ноқтаны үй іргесіне жатқан ер-тоқымның үстіне тастай салды да, есік алдында ойнап жүрген кішкентай қызын көтеріп ішке кірді. Бұл кезде кісі-қаралар кетіп, үй іші оңашарып қалған-ды. Кенжекей үй ішінің аз ғана дүниесін қағып-сілкіп тап-түйнақтай ғып жиып қойыпты. Балалардың үстінде де жаңа көйлек. Кенжекейдің өзі де қай заманнан бері сандық түбінде жатқан ақ шыт көйлегі мен түгі қырқылған мақпал қамзолын киініп сәнденіп апты. Дөңгелек зерең жүзінде лүпілдеген іш толқыны мен алаулап қайтып тұрған қызғылт нұр бар. Айлығының есебіне жазғызып алған жас балықты былқытып асып, қазан маңында жүгіріп жүр екен.

Еламан:

— Қолғабыс берейін,— деп қасына келіп еді.

Кенжекей:

— Жоқ, жоқ, саған түк істетпеймін. Бүгін балаларының қасында отыр, дем ал,— деп, Еламанды зорлап апарып балаларының қасына отырғызды.

Еламан әйелінің ырқына көнгенсіп, күліп отыра берді де, аңдаусызда оны сүйіп алды. Кенжекейдің бүйректей бұлтиған беті ду ете қалды. Басынан сыпырылып түскен жаулығын тез жөндеп, Еламанның құшағынан сытылып шықты.

— Саған не болды? Балалардан ұялмайсың ба?

Еламан асқа дейін балаларды ойнатты. Кішкентай екі баланы арқасына мінгізіп, төсек жайған төр алдында тізе-

сімен жорғалап жүреді де, ара-арасында түйе боп бақырып жатып алады. Балаларды ойнатудан гөрі осы балалардың сылтауымен өзі ойнап қалғысы келген сияқты.

Кенжекей істеп жүрген жұмысын қоя сәлып, күйеуіне бір түрлі жаны жылып қарайды. Бар қылығы мен бар ісі ойлаған жерінен шығады да тұрады. Ол үйге келсе-ақ от басының жүдеу тірлігі шұғыл жадырап қоя беретінін қайтерсің. Бәрінен бұрын осы бір жыртық өкпе балалардың жолы болып, ең аяғы Өтешжаны да әшейіндегі кірбеңшіл қасаң мінезін тастап, әкесімен қосыла ойнап кетеді.

Кенжекей асты түсіргесін де күйеуі мен балаларының ойынын бұзғысы келмей қазан жанында күлімсіреп отыр. Осы бір иманы бетіне шығып тұрған ірі денелі жігітке жар боп қосылғанына шүкіршілік қып, «е, құдай, осы қуанышыңнан айыра көрме»,— деп тіледі.

— Әй, осы үйдің үлкен баласы... астарың дайын болды ғой,— деді Кенжекей күліп.

Ас-суын ішкен соң Еламан сыртқа шығып кетті. Кенжекей балаларын бүгін күндегіден ертерек жатқызып, ұйықтатып тастады. Өздерінің төсегін де қызыл іңірден салды. Бірақ күндегі дағдысына бағып көрпенің астына кіріп жата қалған жоқ. Осы кеш ол құдды жігітін күткен жас қыздаршa ақ некелі төсектің ыстық бір сәтін асыға күтіп, тұла бойы тоңазығандай боп отыр. Еламан бір кісімен үй сыртында ұзақ сөйлесті. Құлаққа күңгір-күңгір дауыстары келеді.

Күйеуін күте-күте қалжыраған Кенжекей тақаты таусылған соң Еламанның ескі көйлегін қолына алды. Жыртығын жамайын деп еді, бірақ көңілі алаң болғасын ба, қайта-қайта жібі үзіліп, инені қолына тығып ала берді. Бір кез ол Еламанның осынша ұзақ айналғанына таңданып, ине-жібі қолынан түсіп кетті. Көз қиығы қымтаусыз тәніне түсті. Көйлегінің етегі жоғары түріліп, күн тимеген топ-толық аппақ балтыры әлгіде іс тігем деп қасына жақындатып қойған мөржелі шам сәулесіне атластай жарқырайды екен. Кенжекей өзін ақ жаулықты әйелдердің ішіндегі азы мен тозы деп ойлайтын. Алғаш рет ол өзінің сұлу тәнін көрді. Әлденеге қысылып кетті. Аяқ жағындағы көрпе астына кіріп жата қалды. Осы кезде Еламанның үйге қарай беттеп келе жатқанын байқап, төсектен атып тұрды. Қатты-қатты соғып кеткен жүрегін қолымен басып тұрды да, кенет ойламаған жерден Қарақатынның өсегі есіне түсті. Еламан ішке кіргенде бұл боп-боз жүзін күйеуінен қашыртып бұрылып кетті.

— Кенжеш... жай ма? Біреу бірдеңе деді ме?

Кенжекей аузына сөз түспей, қиналып ернін тістелеп тұрды да:

— Өзің білесің ғой, бүгінде мені кім ренжітетін еді,— деп тоқтады,— маған ұрыспағайсың. Неге екенін білмеймін, осы бақытымды өзіме өзім көп көрем. Айрылып қалатындай қорқам.

— Сол ғана ма?

— Сонан соң...

— Иә?

Кенжекей қырындай түсті. Астындағы алашаның шетін бір бүгіп, бір жазып, әлденеге іштей қиналып отырды да, кенет сонысын ерсі көріп күліп:

— Кейбіреулер айтады-ау,— деп тоқтады. Даусы дірілдеп кетті.

Еламан Кенжекейдің қасына тізе бүкті.

— Иә, Кенжеш...

— Жұрт сені... Ақбалаға телінді. Мен оған сенбеймін. Шын болып сенген күнде де, ол бейбақтың бағы жанбағаны болмаса, өзіміз көріп жүрген қай қатыннан кем. Қайтейін... көп болса қос қатынның бірі болам да. Мына қарақтарымның өз қолы өз аузына жетіп кеткенше жетімдік көрмей, әке панасында өссе, өз басым сенің қараңды алыстан көріп жүргенге де ырзамын,— деді Кенжекей.

Еламанның аузына сөз түспеді. Тамағы құрғап кеуіп қалды. Әсіресе Ақбаланың аты аталып, әңгіме беті анықтала бастағаннан-ақ оның күн қаққан қара сұр беті дуылдап кетті.

— Кенжеш... айналайын, құдай куә...

— Қарғанбашы. Саған сенем ғой.

— Жұрт не демейді. Жұрттың аузына қақпақ бола алмайсың.

Кенжекейдің көзінде жас тұр. Онысы өзіне де ерсі көрінді білем, күйеуінің алдында қысыла күліп:

— Маған не боп отыр,— деді.

Еламан Кенжекейді дәл осы қазіргідей еш уақытта жақсы көрген емес. Осы келіншектің биязы жұмсақ мінезі мен елжіреген жанын жақсы білетін. Тек оның тап бұншалық алды кең, ақылды, ұстамды екенін біле қоймайтын-ды. Еламан Кенжекейдің күн санап толығып келе жатқан тығыншықтай денесін құшақтап бауырына қысқысы кеп кетсе де, өзін тежеп қалды. Бұл бір ежелден өзіне қатал қарайтын жігіт. Бір ісіне ырза болмай үнемі ызаланады да жүреді. Бұған қуаныш та бір түрлі әсер етеді. Басқа жұрт қуанғанда көңілі өсіп, қарына қанат байлағандай, қаласа тіпті құс

боп ұша алатындай сезсе, ал бұның қуанғаны бір түрлі. Кейбір қатты қуанғандарында бұл қайта ауыр жүк көтергендей боп қалжырап қалады. Сонан болар кейін араға уақыт түсіп ұмытатындай болғанда да бұның баяғы қуанышы жуық арада тарқай қоймайды. Қуаныш ізін тұла бойынан түгел сезіп, құдды тәтті астан кейін тамсанып дәмін алғандай болатын да жүретін.

— Кенжеш... Ертең Сүйекеңе барып көңілін сұрап қайтсақ қайтеді? — деді Еламан.

— Дұрыс, барайық.

— Балаларды қайтеміз?

— Оған қысылма. Көршілер қарай тұрады ғой.

— Онда жатайық.

Кенжекей басын изеді.

Ертеңіне бұлар елең-алаңда оянып, тез жиналып жүріп кетті. Ыссыға қалмай ертеңгі салқынмен едәуір жүріп жол өндіріп тастады. Еламан Кенжекей мінген жазылы түйенің басын жетелеп бұлаң құйрықпен отырды. Соның өзінде бір жылжып кеткен тұяқ қыбырлап жүре бергесін жол қоймады. Түс ауа бұлар жуық арада ғана жұрт жаңартып, Жаман Боташқа қонған Сүйеу қарттың ауылына жетті. Ақбала әкесінің беті бермен қараған соң бір-екі күн турасында қайтып кеткен екен. Кенжекей іште кісі-қара отырған соң әдеп сақтап сыртта қатындардың арасында қалды. Еламан атын белдеуге байлады да, үйге беттеді. Сүйеу қарт тәуір болғалы қасынан кісі арылмайтын. Бүгін де дүние-жиһазы аз үлкен үйдің іші қауқылдаған көп кісіге толып отыр екен.

— Ассалаумалейкум!

— Әлиқсәлем, бұ қай бала?

— А, мынау өзіміздің Еламан ғой.

— Ал, шырағым, дені-қарың сау ма?

— Шүкір.

— Ал, сапар оң болсын.

— Әумин. Сүйекеңнің көңілін сұрағалы...

— Е-е, дегендей, бетің дұрыс. Үлкендерді ұмытпағаның жөн.

— Пақыр Сүйекең де тәуір, құдай қуат беріп, қазір, шүкір, беті бермен қарады. Ал, өз жөніңді айтшы. Жағадағы ауылдан шықтың ба?

— Иә.

— Жалғызсың ба?

— Жоқ, қасымда жолдасым бар,— деді Еламан.

Сүйеу қарт ертеден бері бұлардың әңгімесіне араласпай

үлкен үйдің оң жағына салған төсекте ақ көйлек, ақ дамбалмен тіп-тік боп қазықтай шаншылып отырған-ды. Ол осы тұста ғана жүзін Еламанға шұғыл бұрды.

— Жолдасым? — деп оның жауабын қайтарып сұрады. Ақ кірпік астынан шаншылған көзі өңменінен өтіп барады. Еламан бұлдіріп алғанын білді. Бірақ сыр бергісі келмей сыртын салмақты ұстап:

— Иә, жолдасыммен келдім,— деді.

— Е-е, ол қай жолдасың? Кім деген жолдасың?

— Келіншегім ғой.

Сүйеу қарт Еламанға қадалған көзін тайдырып әкетті. Енді қайтып ол жаққа назар салмады. Көйлек жағасынан қылқиған ұзын мойнын қыжырта бұрып ашық есіктен сыртқа қарап отырды да, кенет оқыс мырс етті. Өзінің қасында отырған тұстас қарияға бұрылып:

— Жолдасым дей ме, ей,— деп мырс-мырс күліп,— әй, әй, есіттің бе? Пұшық кемпіріңді сен де жолдас деуші ме ең? Жолдас! Жолдас! Есіттің бе, әй? Ендігі жерде бәріміз де кемпірімізді жолдас дейміз бе? А-а? — деп шатынаған көзін Еламаннан басқа кісілерге бір-бір қадап өтті. Үй іші жым-жырт. Жұрттың бәрі іштерінен үнсіз тынып, жапырлап қалды. Ызақор ашушаң шал ғана анда-санда ызалана мырс-мырс етіп қояды.

Ішке Әшім кірді. Үнсіз кісілердің түрін ұнатпағандай, жас бала үркектеп әркімге бір қарап алды да, төрде отырған әкесіне барды. Еламан Әшімді тізесіне мінгізді. Тылсымдай тынып қалғанда тілге тиек тапқандай боп:

— Балам-ау, бойың өсіп қалыпты ғой. Құдай қаласа, енді сенің оқуға баратын уақытың да жақын. Бір-екі жылда оқисың,— деп еді.

Сүйеу қарт Еламанға жалт қарады. Тік мінез тентек шал тағы да бірдеңе деп тастайды екен деп ойлаған кісілер іштей ығып үркектеп қап еді, бірақ құдай оңдап Сүйеу қарт үндемеді. Еламанға қадалған қып-қызыл көзінің кірпігін қақпай қарап отыр. Үлкен бармағына толтыра салған насыбайды қан-сөлсіз бетінде атжалданып тұрған қырғыштай мұрнына апарып, қатты тартып-тартып қалды. Ақырған ащы насыбайдан кейін тіпті молырақ жасауғай түскен қып-қызыл көзін әлі де болса Еламаннан айырмай өшіге қарағандай боп отырды да, кенет жым-жырт үй ішіне түгел есіттіре осқырынып қалды.

— Ал! Ал, оқуға бердің! Ал, балаң орыс болды. Ал, шашын бір қарыс қып қойды. Ал, тар шалбар киді. Сонда не болды? Саған иман әпере ме? О несі, о несі, әй!

Үй іші үнсіз. Қысылған кісілер қипақтап отырды да, бір-бірлеп кете бастады. Еламан үнсіз үйде ұзақ отыра алмай, кісілердің соңынан іле-шала тысқа шықты. Белдеуде үйірсіреп оқыранып тұрған атын ауыл шетіне апарып тұсады да, отқа жіберді.

Сүйеу қарт қазықтай шаншылған жерінен қозғалмады. Бармағындағы насыбайды да ніскеген жоқ. Әлденеге ызасы қайнап, ашу иектеп отырғандай еді, кенет ол:

— Әй, жолдасым, ішдәрет алатын су әкел! — деді кемпіріне. Ертеден бері ұршық созып отырған кемпір шалына жақтырмай қарап:

— Ай, сорлы-ай! Пайғамбар жасынан ассаң да осы бір ит мінезге әлің келмей-ақ қартайдың-ау, сен де,— деді.

Сүйеу үндемеді. Керең болған кісідей кемпір сөзін құлағына ілмеген күйі ежелгі бір қияңқылығына басып отыр:

— Еламанға сонша қадалып, не жазығы бар еді оның. Ұят істедің ғой,— деді кемпір.

— Жоқ-ау, оқуға берем дейді. Ал, бер, берсейші!..

— Ие, оқыса оқысын, заманы солай.

— Әй, қақпас, отыр! Отыр жөніңе! Сенің тілің сала-құлаш-ау.

— Иә, сенің де арғы жағың белгілі.

— Е, менің арғы жағымнан не көрдің?

— Бізде де көз бар. Сенің шымбайыңа батып отырған оқу емес, басқа.

— Не дейді! Не деп оттап отыр мына доңыз?

— Тұз-дәмі жараспаған соң кісіден көретін не бар...

— Оттапсың. Оттапсың. Ақылгөйің... Мәмлешіліп қайтейін мұның. Ондай ақылыңды басыңа шайнап жақ. Шық! Шық үйден!

— Жә, қойдым, жеңілдім. Сен сорлы қай қисығыңды мойындап едің,— деді де, кемпір үйден шығып кетті.

Сүйеу бармағындағы насыбайды кемпірдің соңынан шашып жіберді. Бет терісі қаттырақ жыбырлап іргеге қарап жатып қалды. Үй ішінде бір жан бетіне келмейді. Үлкен-кішінің бәрі бірдей бұғып жүргенін байқаған соң қаһарлы шалдың құрсанған ашуы кешке қарай тарқады. Жүзіндегі зәрі сынып, алыстан келген қонақтарына рай бере бастады. Еламанның қарсы болғанына қарамастан қолындағы азын-аулақ қойдан биылғы алған төлдің соңғы қозысын сойғызды да тастады. Қазан көтерілді. Кеш бойы қайта-қайта шай келді. Бағанағы теріс ыңғай, тік мінезден кейін тұнжырап қалған үй ішін Сүйеу қарттың өзі жадыратып отырды.

Ертеңіне де ол осы райдан қайтпады. Ертеңгі шай ішіліп болған соң Еламан жинала бастады.

— Ал, ата, мен жүрем. Көріскенше күн жақсы.

— Жүрем де?

— Иә, ата.

— Ым... Көріскенше дейсің, ә?.. Сендермен көрісетін атаңда қанша қауқар қалды дейсің. Енді көрісеміз бе, жоқ па! Бері келші, балам,— деп Сүйеу қарт кенет Еламанға ықыласы түсіп кетті. Зәті қатты қарт қасына тізе бүккен Еламанның қолын уысына қысып отырды да, көңілі босап бара жатқанын сезіп, кенет бойын бір лезде билеп ала қойды. Кезерген құп-құрғақ ернін Еламанның маңдайына тигер-тиместе тартып алды. Сүйеу қарттың ішкі тынысынан ақырған көк насыбайдың ащы нісі бұрқ етті.

Еламан не дерін білмеді. Тым құрыса қоштасар алдында сырқат шалдың көңілін дембеп: «Торықпаңыз, ата, әлі аяғыңызға мініп кетерсіз»,— дегісі келді. Оған, бірақ сырқат шал түгіл бұның өзі де сенбей тұрған соң үндемеді. Және басқа кісі болса бір сәрі. Ал, мына ақ кірпік, қызыл көз қияңқы шалдың мінезі белгілі: өтірік пен көлгірлікті жек көреді. Ол тегі Еламанды да соңысы жоқтығы үшін жақсы көретін-ді. Еламан үндемеді.

Үшінші бөлім

I

Ақтар табаны аумай темір жол бойымен жылжыды да отырды. Шалқардан кейін олар тіпті күш алып, қызылдарды тықсырып әкетті Қызылдарда қауқар аз. Жау жолына тосқауылға қалдырған жалғыз ірі құрама — Хан-Дауровтың дивизиясы. Қалғандары ірілі-ұсақ жұмысшы отрядтары. Олардың бәрі де жаз айларындағы тайталасқан ұрыстарда титықтап қажыған әскерлер. Қару ұстауға жарайтын кісілердің көбі жаралы. Шалқардан кейін оқ-дәрі тіпті әзайып, қым-қиғаш ұрыс ішіндегі кісілерге патронды сығымдап санап беретін болды. Өздерінен әлдеқайда күші басым жауға қарсы тұра алмаған соң ұрымтал-ұрымтал тұстарда тиіп-қашып тосқауыл жасайды. Титықтаған қызыл әскерлер таяу арадағы күндердің бірінде ақтарды ізіне салып, Аралға да келіп қалатыны белгілі еді.

Қазір Арал түбіне топталған қызылдар қауырт әзірлік үстінде. Осы бір жанталасқан қарбаласта Арал қаласына әрғы жағынан Қазалы, Жосалы, Ақмешіт теміржолшыларының көп-көп қарулы жасағы келді. Мына жақтан Түркістан армиясының қатары тың әскер құрамалары үсті-үстіне ағылып кеп, сыңсыған қалың қол аядай жерге шоғырланып жатты. Осы екі арада ақтар Сексеуіл станциясын алды деген хабар жетті. Арал енді қол созым ғана жер. Бірер күннен кейін темір жол бойымен жылжыған генерал Чернов пен атаман Дутовтың ағыл-тегіл әскерлері шөбі күйген сұр даланың жүзін жасырып, Арал түбіне де айдаһардай иретіліп келіп қалатынына бір кісі күмәнданбады.

Хан-Дауровтың әскерлері табан тіреп қарсыласа алмай сырғып шегініп келеді. Арбалары сықырлаған обоздар мен жаралылар, ауру-сырқау әскерлердің алды үзік-созық келе бастады. Енді көп кідірмей ақтардың алды Аралға жетерін бұндағы жұрттың бәрі білді.

Осы қарбаласта Арал түбіндегі қызылдарға Ташкенттен

көп әскер келді. Алғашқы күні Колузаев бастаған бес жүздей мадьяр отряды келді. Олармен шалғайласа келген келесі составтан мыңнан астам түрікпен түсті. Бәрінің басында бір-бір қойдың терісінен істеген сеңсең бөрік. Суырма қылыш сандарына согады. Ысқаяқ қара жігіттер вагоннан танауы пырылдап, үркектеп түскен қаз мойын арғымақтарға ырғып-ырғып мініп алды.

Осы қарбаластың алдында Аралға Петр Дьяков келгенді. Түркстан майданы ерекше мандатпен төтенше комиссар ғып тағайындап жіберіпті. Кронштадтан көмекке жіберген он тоғыз моряк бар қасында. Олар келе сала ірілі-ұсақ кемелерді жинап, қолма-қол Арал флотилиясын ұйымдастырды. Арал көпестері — Марков, Моисеев, Елисеевтердің әрғы бетке қатынап сауда-саттық жасап тұрған ірі-ірі кемелері — «Хива ханы» мен «Түркстан» теплоходына екі-екіден зеңбірек орнатып, пулеметтер құрып тастады.

Осынша көп әскерге азық-түлік шақ келмеді. Азық-түлік жоғарғы жақтың өзінде де жоқ еді; қолда жоқтың көзін таба алмай қысылған кезде Петр Дьяков жергілікті халықтан жәрдем сұрады. Бұларға Кәлен қол ұшын берді. Медетбайдың Төлегені мен Таушаның Жағалы бастаған Арал өңірінің кедейлері қайта-қайта қол ұшын беріп жатты. Жақын-жуық жердегі елдерден жинап әкелген жігіттер күнтүн демей Арал қаласының іргесінен окоп қазды. Басқа қазақтар да қарап қалған жоқ. Аядай жерге жиналып үймежүйме боп жатқан қыруар әскерге қазақ ауылдарынан азық-түлік пен тұщы су тасып, тырнадай тізілген түйелер көш-көш боп ағылып келіп жатты.

Осы күндердің бірінде Аралға Кәлен келді. Қасында қару асынған жігіттер. Аттары қара тер. Тәңірбергеннің сырт көзден жасырып шың арасына тығып жүрген бес жүздей жылқысын қуып әкелді.

— Көксау комиссар қайда?

— Оны қайтесің?

— Мына жылқыларды тарту қылайын деп едім.

Бұл кезде Арал қаласы берік бекіністе айналып қалғанды. Кісі бойы окоптың алдына темір тор құрып, қалқалап тай-тай мақта үйіп тастады. Әскер қатарына таяуда алған жігіттерді қала шетіне алып шығып, дүрсіл сап соғыс тәсілін үйретіп жатқан.

Дьяков солардың арасында жүр еді. Сәске түс кезінде күнбатыстан төрт атты шауып келді. Жау бетті шолғындап қайтуға жіберген кісілер екен. Ақтар Сексеуіл станциясын алғалы ілгері ұзап барып шолғындап қайтып жүрген кісілер.

Олардың қарасын көргеннен-ақ Петр Дьяков мықынын басып тұрған қара құмандай кабурды қысып ұстады да, қарсы жүгірді.

Шолғыншылар құйындатып шауып келді.

— Комиссар... жау...

— Алыс па?

— Жоқ... мына 68-разъездің арғы жағында... жер қайысады...

Дьяков шолғыншыларды штабқа жөнелтті де, өзі окопқа жүгірді. Ол ақтардың бұл арада бірнеше күн бас-аяғын жиып әзірленіп аларын, не әлде арғы жағынан ақтарылып келіп лап қоярын білмеді. Қайткен күнде қапы қалмай әзір тұрғандары дұрыс.

Окопке жете бергенде жөтел буды. Бұндайда жұрттың көзіне түскісі келмейтін Дьяков оңашалау бір қайрылыска тұра қалды. Алақанымен аузын басып қып-қызыл боп бұлығып жөтелді.

Әлде кім бұған: «комиссар» дегендей болды. Дьяков бұрылып қараса: қасында қылыш асынған қияқтай қара мұртты жігіт тұр екен.

— Ә, Әли...

— Немене, сырқаттанып...

— Жә, жәй ғана... Еламан оралмады ма?

— Жоқ.

— Хабар бар ма?

— Жоқ.

— Жігіттерің қалай?

— Жаман емес.

— Әзірсіңдер ме?

Әли түсінбеді.

— Жау жақын. Жігіттерің әзір болсын,— деді де, комиссар окоп бойын жағалап, ілгері қарай жүгіре жөнелді. Коммунистер полкінің оң жағында шеп ұстап жатқан мадьярлар отрядына тақап келе бергенде, кейінгі жақтан біреу: «әне, шаң шықты» — деп айқайлап жіберді. Суық хабар окоп бойымен сумаңдап тарап жатты:

— Шаң!

— Шаң!

— Қайда?

— Кәне?

— Әне, түйдек, түйдек! — деген қосүрей дауыстар жан-жақтан жамырай шықты.

Дьяков окоп кенеріне ұмтылды. Қатты соққан жүрегі кеудесін қағып, алқынып тұрып ілгері жағына дүрбіден қа-

рады. Алғашқыда ол тұк көрмеді. Қалай сығаласа да төмен ұстаған дүрбі әйнегі окоп алдындағы сары төбенің баурайына тіреліп, алақтаған көзі қайда бір қаңқиған адыр аспан мен теріскеннің қадау-қадау бұталарына түсе берді. Сонан соң бұл кеудесін көтеріп, қос шынтағымен жер тіреп алды да, ілгері жағына қайта қарады. Бұл жолы 68-разъездегі жалғыз ақ үйді көрді. Үй жанында қыбырлаған қара жоқ. Ал оның арғы жағынан, ту-ту қашықтан түйдек-түйдек шаң шықты.

II

— Міне, мынау Арал теңізі.

— Ға-жап! Өзі қандай көк!

— Дүние жүзіндегі таза теңіздің бірі дейді.

— Я, Эгей теңізінен кейінгі таза теңіз осы көрінеді ғой.

— Подполковник мырза, сіздің әкеңіз осы теңіздің жағасына алғаш промысл ашқан кісі көрінеді ғой.

Полковник Федоров ыңғай бермей, жіңішке ерні жымқырылып, тістеніп ала қойды. Қатарына үзеңгі қағысып тоқтаған офицерге көз салмай ат үстінде тұрып алысқа дүрбіден қарады. Сонау көз ұшында ашық күн астында шырадай тынып жалтырап жатқан көк теңіз бұл дүрбіден қарағанда жылжып кеп ат тұмсығының алдына тіреліп тұра қалғандай болды. Көз ұшынан қадау-қадау балықшы қайықтары көрінді. Олардан көрі берегіректе теңіз жағалауына салған кішкентай қаланың құжынаған үйлері, қисық көшелері мен портта тұрған кемелердің сырық мачталары андыздап-андыздап қоя берді. «Бұлардың бекінісі қайда?» — деп ойлады Федоров. Осы кезде астындағы ат тізгінін соза ұмтылып ілгері жүріп кетті де, әлгі көргендерін дүрбі әйнегінен біреу сыпырып тастағандай болып көрінді.

Федоров тілмашқа бұрылды:

— Мынадан сұрашы,— деп, өздерінен ат бойы кейін тұрған Тәңірбергенді негімен ымдады,— бұл араның халқы суды қайдан алады екен?

Тәңірберген өзіне тілмашсыз тікелей тіл қатпағанына қитығып қалды. Оның үстіне Теміркеге көңілі қалғасын ба, ол осы татар жігітті де жол бойы жаратпай жиырылып келе жатқан-ды. Татар тілмаш Федоровтың сауалын жалмажан қазақшалап:

— Подполковник мырза, шушы жерде құдық бар ма деп сұрап тұр,— деп еді, Тәңірберген:

— Құлықтың бар-жоғын жергілікті халықтан сұрау керек. Мен қайдан білейін,— деді.

— Сен проводниксің, бит.

— Білмеймін.

— Мырза, бұның жарамайды. Дұрыс сөзіңді айт.

— *Дұрыс сөзім осы. Бұл ара менің бұрын-соңды бол*маған жерім.

Татар тілмаш бұның сөзін Федоровқа дереу жеткізді. «Жез қоңыраудай шұлдірлеген сорлы»,— деді Тәңірберген тыжырынып.

Федоровтың полкі Арал түбіндегі 68-разъезге бірінші боп жетіп еді; еріндері кезерген, үсті-басы шаң-шаң солдаттар жапырлап аттан түсіп жатыр. Аяғы жеткендері бұрынырақ жүгіріп барып кішкентай ақ үйдің іргесіндегі алақандай көлеңкеге таласып бірін-бірі ысыра бастады. Бірсыпыра солдат үй алдына өскен жалғыз түп теректің саясына тығылып, кейін келгендерді арасына кіргізбей мүйіздеп жатты.

— Подполковник Федоров аттан түспей, кейінде келе *жатқан әскерлердің жолын тосып тұр.* Қасында *өзіне қа*расты офицерлер. Генерал Черновтың бұйрығы бойынша ол бар әскерді осы араға жайғастыруға тиіс еді. Көп ұзамай кейінгі жақтан атаман Дутовтың атты әскері көрінді. Алдыңғы лекте — Троицкі полкі. Онан кейін Соль-Елецкі атты казактары келді. Оларға шалғайласып Оралдың атты казактары жетті. Олардан кейінгілері де ұзын найзасын ызғармен безеп құйындатып кеп, кішкентай разъездің бет алдындағы жалпақ боз даланың жүзін шаңдатып көрсетпей кетті.

— Мыналар өңмендеп қайда барады? Орындары бұл ара емес қой,— деді Федоров.

Ротмистр Рошаль мырс етті.

— Олар орынды кәйтсін.

— *Кейін қайтару керек.*

— Әуре болмаңыз, олар енді қайтпайды.

— Неге?

— Бұлар өздерінен басқа кімді тыңдаушы еді.

Федоров үндемеді. Орынбор атаманына өзі түгіл генерал Черновтың да әмірі бірде жүрсе, бірде жүрмей ұзын арқан, кең тұсаумен құр-құрлап отырады.

Әр кездегідей атаманның әскері бұлардан іргесін аулақ сап, өз алдарына оқшау барып орналасты. Олардан кейін де шаң астынан лек-лек боп ағылып келіп жатқан әскерде қисап жоқ. Атты әскерлердің ізін өкшелеп қасы-кірпігі шаң-

шаң жаяу әскер полктары жетті. Кішкентай разъезд үсті қапелімде әскерге толып кетті. Ара-арасында үлкен мойын ауыр зеңбіректер өтеді. Азық-түлік артқан түйелер мен оқ-дәрі тиеген атты арбалар да екі күн ұдайына доңғалағы сықырлап, үсті-үстіне дамылсыз келіп жатыр. Әрі-беріден кейін разъезд үстін шаң басты. Қабағы қатыңқы кісілерде үн жоқ. Тек еселеп құйылып жатқан әскерлердің топырлап басқан аяқтары мен ат тұяғының дүбірі ғана құлақта тұр.

Бұл күндері Федоров көз ілмеді. Аттан да түскен жоқ. Қасындағы офицерлерді әлі де құйылып келіп жатқан әскерлердің алдынан шаптырып, күні бұрын белгілеп қойған жерге орналастырып жүр. Жарау атқа мінген жас офицер бұйрық алып шаба жөнеледі.

— Каппел корпусы келді. Қайда орналастырамыз?

— Полковник Могилевтің жазалаушы полкі келді.

— Бірінші Түркстан полкі келді.

Ығы-жығы әскер разъезд маңына сыймаған соң ендігі келген полктарды Федоровтың офицерлері ізінше кері қайтарып, арт жақтағы сары адырға жөнелтіп жатты. Шабуыл басталғанға дейін жау көзінен жасыра тұру үшін ауыр зеңбіректер мен броневиктер отрядын да бір қырдың астында ұстады.

Подполковник Федоров жау күшінің қаншалық екенінен хабарсыз. Олардың да қарап қалмасын біледі; бірақ қалай болғанда осы жолы өздерінің қол күшіне төтеп бере алмасына күмәнданбады. Бұларды ендігі қинап тұрған — су, 68-разъезден жалғыз құдық табылды. Суы кермек. Әйтпесе, кебіртек ойпаңнан қазған құдық суы кенерінен асып лықылдап тұр екен. Федоров құдық аузына құлып сап, қарулы күзет қойды. Осы кезде оған командашы шақырып жатыр деген хабар тиді. Федоров атын қозғай берген-ді. Үсті-басы шаң-шаң тағы бір офицер шауып кеп, қаратер болған атын қатарластырып тоқтады.

— Сапер полкі келді.

— Рошаль!

— Я?

— Сен мыналарды орналастыр.

Ротмистр Рошаль әзір тұрған-ды. Сапер полкінің офицері қатарласам дегенше Рошаль атын тебініп алға түсе берді. Федоров штабқа қарай беттеді. Күннен қорғалап, басын баурына ала берді де, көз қиығын құйғытып шауып бара жатқан Рошальдің соңынан тастады. Рошаль мен жаңағы сапер полкінің офицері жаз бойы жаңбыр тамбай

шаңдағы шығып бұрқылдап жатқан Арал маңының алаталаңақ жерін тасырлатып баратты.

Подполковник Федоров жалпақ сары белдің үстінде ығы-жығы боп сыймай әскердің арасымен атын ақырын бастырып келеді. Сепкіл басқан шикіл сары беті күн қағып тотыққан. Омбыдан шыққалы өсіріп қоя берген қира сары сақалы мен мұрты да күнге күйіп қып-қызыл боп тотығыпты. Үйқы қысқан көзі ісініп қызарған. Ала бөле тас төбеде шақырайып тұрып алған күннен зықы кетіп, қорғалақтап төмен қарап кетеді. «Шабуыл тезірек басталса екен»,— деп ойлады. Көзіне басып киген фуражканың күнқағары астынан байқап келеді: жүдеу кісілер қап-қара боп түтігіп кеткен. Еш нәрсеге зауқы жоқ. Көлеңке іздеп арбалар мен зеңбіректің іргесіне тығылған солдаттар үстіне ат тұмсығын тіреп келе қалса ғана амалсыз қозғалады. Әйтпесе, қасынан өтіп бара жатқан подполковникке бұлардың бірде-бірі бұрынғы елгезектікпен елп етіп ілтипат білдіре қоймады. Япыр-ай, бұлар ертеңгі шайқаста қайтер екен? Бар нәрсе бұлардың ықылас-ынтасына байланысты. Осы күдік кеудесіне оқтай қадалып тұр.

Бұл келгенде қолбасы шатырына құрама командирлері жиналып қалған екен. Федоров есік жақтағы бос орындықтың біріне отырды. Кеңес басталар алдында Черновтың адъютанты кісі басына бір-бір стакан су құйып еді; қаталап отырған командирлер алдына келген суды бассалды. Федоров қана суға қолын созбады. Қаназасы кеуіп бара жатқасын түкірігін тамсанып жұтынып қалып еді; құп-құрғақ тамағынан түкірік жүрмей, көз жасы ыршып кетті.

— Генерал мырза,— деді ол ақырын, бірақ осында отырған жұрт тегіс есітетін салмақты үнмен,— аттар да, адамдар да шөлден қырылғалы тұр. Бұған не істейміз, қандай амал бар?

Генерал Чернов шегіп отырған темекісін жерге тастады. Түтеп жатқан тұқылды тақасымен басып, ырғап-ырғап алды да түрегелді. Жалғыз Федоров емес, осындағы кісілердің бәрі өзінен жауап тосып отырғанын байқады.

— Мырзалар, сіздер ескермей жүрген бір жағдай бар,— деді қолбасы.— Ертеңгі шайқас көп соғыстың бірі емес. Сіз бен біздің тағдырымыз осы шайқаста шешіледі деп ойлаймын.

— Ол белгілі. Оны біледіз ғой, қолбасы мырза.

— Тұк те білмейсіңдер. Бұнда келгелі бүгін үшінші күн-

ге айналып барады. Жау жөнінде әлі түк мағлұматтарың жоқ. Білсеңдер бүйтер ме едіңдер.

Командирлер қарсы дау айта алмады. Кіртиген көзін алдында тұрған стаканнан айырмай тұқырайып қапты.

— Алдарыңда осал жау жатқан жоқ. Естуім бойынша, қызылдар көп күшті топтап жиып алған. Шабуылға шыққанша жау күшін анықтап білуіміз керек. Солай ғой, Александр Ильич? — деп Чернов пәтуә тілегендей атаман Дутовқа бұрылды.

Атаман Дутов басқа командирлердің бәрінен озып барып қолбасының дәл жанына отырып алған-ды. Кеспелтек сом денесі сонан қайтып қозғалмады. Хром етіктің қонышын тырсылдатып тұратын жуан балтырлы аяғын аяғының үстіне сап, суық жүзі сыздап отыр. Генерал Чернов тіл қатқанда да ол өзінің құйған тастай нығыз қалпын бұзған жоқ. Бәкімен тықырлап алғызған басын ақырын изеп қостағандай болды.

Чернов күліп жібере жаздап, өзін зорға тежеп қалды. Бір есептен осы Орынбор атаманының саясаты дұрыс деп ойлады ол.

Өзін бір жанға билеп-төстетпегені секілді, басқалардың да тізгініне жармаспады. Өз басының тәуелсіздігін сақтау үшін кешегі күні бұл орыс жерінде қойдай қоздап жатқан үкіметтің бірде-бірінің ығын сағаламады. Басқасын қойғанда. Орынбор атаманының адмирал Колчакқа да тізгінін бермегені белгілі.

Тәуелсіздігін сақтау үшін де тоқтаған жерде ол өз шатырын оқшау жерге тіккізіп жүр. Оқта-текте кездесе қалғанда генерал Чернов алдында да ол өзінің кеспелтек денесін бір имей, баяғы Орынбор атаманы боп дәуірлеп тұрғандағыдай өзін нығыз ұстайтын-ды.

— Жау шебіне кісі жіберіңдер. Федоров, сен жібер! — деді генерал Чернов.

— Құп, қолбасы мырза.

— Сонан соң жау шебін көздеріңнен екі елі таса қылмаңдар. Әсіресе, алдыңғы шепке кейінгі жақтан кеп қосылған әскер күшінен көз жазбау керек.

Командирлер кетуге ыңғайланып, алды есікке қарай қозғала бергенде, Чернов оларды бөгеп:

— Су болады. Ертең түстен қалмай он бес цистерна су келеді. Аттарға да, адамдарға да жетеді,— деді де, көп ішінен Федоровқа жекелеп қарап,— тек тіл болсын қалайда,— деді.

Федоров полкке келген бойда ротмистр Рошальді шақырып алды. Рошаль үнсіз кіріп әмір күтіп тұр. Федоров оған отыр деген жоқ. Өзін ұстайын десе де, осы офицерді көрсе саламақты өңі шұғыл бұзылады. Сондайда сонау бір кезден бері жүрек түбін мұздатып жатқан арғы жағындағы ызғарды аңғартып алам ба деп қорқады. Сол қауіптен осы күні Рошальмен тілдескенде назарын тіктемей төмен қарап түйіліп алатынды шығарды.

— Кісілеріңді даярла. Кешке ел жата барлауға барасың. Тіл керек.

Ротмистр Рошаль ләм-мим деместен бұрылып шығып кетті.

III

Ақтар 68-разъезге тоқтағалы Арал маңы қатты әбігерде. Әсіресе, кішкентай қала іші жанталасып жатыр. Иректірек тар көшелерде топырлаған халық. Өңшең қару асынған әскер. Солардың арасынан пулемет сүйреткен кісілер мен оқ-дәрі тиеген ат-арбалар қаланың батыс жағына қарай асығыс кетіп жатты.

— Кісі-қара қала орталығындағы екі қабат көк үй маңында тіпті көп. Қару-жарағы сартылдаған кісілер жан-жақтан шапқылап кеп екі қабат үйге жүгіріп кіріп, іле-шала қайта шығып жатқан-ды. Ақ пен қызыл арасында осы үйдің алдына өзге жұрттан түсі бөлек бір кісі кеп тоқтады. Осы ыссыда басына тері тымақ, үстіне шидем күпі киіп қорбиып алған. Бұ да аттан түсе салды да, асығыс кісілердің арасымен штабқа ұмтылып еді. Бірақ есік алдында тұрған солдат жолын бөгеді.

— Тоқта!

Жолаушы жөнін айта қоймай омырауға салып бара жатыр еді, солдат енді:

— Әй, әй, тамыр,— деп найзалы мылтығын кесселеп тұра қалды.

Жолаушы кеудесінен итерген солдатқа сеңсең тымақ астынан шаншыла қарады.

— Жібер. Штабта тығыз шаруам бар,— деді ол орыс тілінде.

Солдат күпілі қазақтың тегін кісі емесін топшылап байқады.

— Документің бар ма, өзің кімсің?

Жолаушы мынаның жібермейтін сыңайын байқады. Бастапқыдай емес, оның беті біраз қайтып қалған сияқты. Омыраулап ештеңе шығара алмағасын, ол енді таныс кезде-

се ме деген дәмемен штабқа кіріп-шығып жатқан кісілерге қарап тұрған. Іштен бір топ кісі дабырлап сөйлесіп шықты. Бәрі де командир. Үкі көз, ірі денелі командирден басқасын бұл танымады. Шамасы, Аралға кейінгі күндері келген әскерлердің командирі сияқты. Ішінде ақ сеңсең бөркі қоқырайған қапсағай қара бар. Күпілі қазақ жаңа осында келе жатып қала ішінде топ-топ боп жүрген түрікпен жігіттерін көрген-ді. Мына сеңсең бөрікті солардың командирі екенін топшылады.

— Жолдас командир...

Үкі көз командир күпілі қазақтың бетіне таңдана қарады да, тілге келмей өтіп кетті. Күпілі қазақ ыңғайсызданып қалды. Енді не істерін білмей тұрғанда іштен асығыс шығып келе жатқан Петр Дьяковты көрді. Күпілі қазақты анау да алыстан танып: «Еламан!» — деп дауыстады да, бнік басқыштан жүгіріп түсті.

Еламан ертеден бері жынына тиіп тұрған солдатты итеріп тастап, комиссарға қарсы жүгірді. Қолдасып амандасты. Төтенше комиссар бір қадам кері шегініп, Еламанның үстібасына қарады. Басын шайқап күлген бойы Еламанды оңашалап алып шықты.

— Қалай, білмеді ме, эйтеуір?

— Бірнеше рет тоқтатты.

— Ал?

— Кімсің деді.

— Сен не дедің?

— Не дейін. Аулымыз Кішікүм бойын жайлаушы еді. Мына Сексеуіл жақта тұратын нағашымнан алған түйем бар еді. Жамандатқыр дағдыланған өрісін іздеп кетіп қала береді. Әбден қажытып болды. Соны іздеп келем дедім.

— Жарайсың. Ал, аналар сенді ме?

— Оншасын білмеймін. Қойны-қонышымды тінтті де, сезікті ештеңе таба алмаған соң қоя берді.

Төтенше комиссар мәз боп күліп жатыр. Уысынан босатпай ұстап тұрған Еламанның қолын комиссар ырзалықпен қысып-қысып қойды.

— Ал, кәне, не бітіріп қайттың?

— Жүрегім шайлығып келді. Түрі жаман. Көптігінен жер қайысады.

— Апыр-ай, э?

— Айтары жоқ. Сұмдық, ғаламат...

Петр Дьяков бұны көз қиығымен бағып күлімсіреп тұр екен. Еламан оны кештеу байқады. Комиссардың кішілеу көк көзінің шалғайындағы қуақы күлкіден қысыла бастады.

— Сендерде бір мақал бар екен,— деді Дьяков күліп.

— Қандай? — деді Еламан қызарып.

— Ондай мақал орыста да бар. Бізде де қорыққанға — қос көрінеді дейді. Жә, басқа айтарың жоқ па?

— Броневиктері, самолеттері бар...

— Жарайды, шаршаған шығарсың. Үйіңе бар, ұрыс алдында тыныққ, дем ал.

Еламан кенет көңілсіз тартып, күн өткен жүдеу беті кірбіиіп қоя берді. Бойын басқан күпісін де ауырлап, қанша күннен бері жау ішінде жанын қатерге тігіп жүргенде түк бітірмей қайтқанына рёнжіп тұрған-ды. Жетегіндегі шөлдеген ат сулығын шылдыратып, бұлардың тұсынан су алып өтіп бара жатқан әйелдің шелегіне ұрынды.

— Атыңды суарып ал.

— Су жағы қалай, әлі тапшы ма?

— Тапшы. Ал аналар кәйтіп күнелтіп отыр екен?

— Емге жоқ. Көліктері де, адамдары да қаталап өлгелі тұр.

— Так-так...

— Бірақ олар күні ертең қарық болады.

— Иә, қалайша?

— Кейінгі жақтан цистернамен су әкелгелі жатыр.

— Сен оны қайдан білесің?

— Өткен түні Шикісу станциясында тұратын бір таныс қазақтың үйіне қонып ем. Өз көзіммен көрдім.

— Апырай, ә?! Цистерналары көп пе екен?

— Оннан асады.

— Дәл санын білесің бе?

— Дәл ме?

— Я, дәл саны?

— Дәл... дәл саны... құдай білсін дәл санының қанша екенін, әйтеуір көп, оннан асады.

Жаңа ғана жайбарақат тұрған комиссар кенет асығып кетті. Жүрсе-тұрса да салбырап санына соғатын зілдей кабурды бұл бір қолымен қысып ап, жүгіре жөнелді де, кілт тоқтады. «Сен кәйтесің, қаласың ба?» — деген кескінде қайрылып Еламанға қарап тұр.

— Ырғыздан алашорданың шонжарлары шығып, үш жүздей әскермен осылай қарай келе жатқан көрінеді. Генерал Черновтың әскеріне қосылмақшы. Есебін тапса соңыра шығыстағы мұсылман елінің біріне — не Ауған, не Иран өтіп кетпекші,— деді Еламан.

Дьяков жөндеп тыңдаған жоқ. Бар құлқы басқа жақ-

қа ауып асығып тұр. Штабқа тақай бергенде, көзіне түскен бір жауынгерді шақырып алды.

— Портқа жүгір. «Туркестанецтің» командирін тауып ал. Дереу маған жетсін.

Жауынгер жүгіре жөнелді. Дьяков қасында әлі түкке түсінбей аң-таң боп тұрған Еламанға бұрылды. Оны қолтығынан алды. Өзінен көш биік кісіге бұл төменгі жағынан қарап:

— 68-разъездің өкпе тұсына кеме бара ала ма? — деп сұрады.

Еламан комиссардың ойына енді түсінді. Сарышығанақ бұғазы жау әскері топталып жатқан жердің дәл өкпе тұсына тіреліп тұр. Сарышығанақ бұғазы мен 68-разъездің екі аралығында шөккен нардай боп жоны күдірейіп қоңыр жал жатыр.

— Сарышығанақ тайыз ба? — деді Дьяков.

— Тайызы тайыз, бірақ «Туркестанец» сияқты кішігірім кеме жүре алады.

Осы кезде еңгезердей біреу бұлардың қасына тоқтады. Оны Дьяков та, Еламан да байқаған жоқ. Әлденеге ауыздары жабысып қалған бұл екеуіне еңгезердей ірі кісі сырт жағынан келді. Ат үстінен созылып Еламанның иығына қолын салды. Еламан жалт қарады.

— Кәлен аға!

Кәлен аттан түсті. Күпі киіп қорбиып алған Еламанды құшақтады. Петр Дьяков штабқа жүгіргенде, бұл екеуі аттарын жетелеп кеп, іргесін құм басқан кішілеу ақ үйдің көлеңкесіне қатар отырды.

— Ағаң үйде қарап жата алмады. Сенің жаңағы көксау тамырыңа бес жүз ат айдап әкелдім. Тәйірі, Тәңірбергеннің малы мойнына қарыз болады дейін бе,— деп Кәлен кеңк-кеңк күлді.

— Жақсы істегенсің. Ол сұм осында.

— Қалада ма?

— Жоқ, ана жақта. Ақтармен бірге.

— Оны есіткем. Енесін ұрайын, ол тұлкі болса, осы күні өзім тазымын. Ал, бала, келін қайда?

— Осында.

— Қалада ма?

— Я.

— Е, онда бұл отырысымызға жол болсын. Келіннің қолынан шай ішпейміз бе?

Екеуі етегін қағып түрегеледі. Еламан қаланың құсқана жақ шетінде, портта істейтін жұмысшы орыстың бір

бөлмесінде тұрады екен. Бұл екеуі қораға аттарын байлап, беті-қолын жуып, төр алдына жайған төсекке отырғанда мына жақтан Кенжекей де қара шәйнегін қайнатып әкелді. Кәлен жаңа ішке кіріп келе жатыр, іргеде сүйеулі тұрған кішкентай қара домбыраны байқаған-ды. Жидеден шапқан домбыраны қолы білетін біреу бабына келтіріп күйлеп қойған екен. Кәлен көңілі түсіп кетіп қос шекті құшырланып қағып-қағып жіберді. Қолқалап сұратқызбайтын әдетіне бағып, айқайлап шырқап жібергелі күлімдеген жүзін жоғары көтере берген-ді. Кенет үй қабырғасында ілулі тұрған ақ қалпаққа көзі түсіп, кілт тоқтады. Домбыраны алдына көлденең тастай бере көзіне оттай басылған ақ киіз қалпаққа көңілдене қарап:

— Келін.— деп, шай құйып жатқан Кенжекейге бұрылды,— мынау... Судыр Ахметтің қалпағы емес пе?

— Сол байғұстікі. Әйелі бишара біз осылай көшерде әдейі келіп, жарықтық сендерді жақсы көретін, көзіндей көріңдер деп беріп еді.

— Е, оны тірі деді ғой.

— Еріккен жұрт ермек үшін айта береді де.

— Жо-жоқ, келін, тірісі тірі көрінеді. Соны біреу маған өз көзіммен көрдім деп өзеленіп айтты. Мына Арқа жақтағы қалалардың бірінде тұрады дейді. Боталы түйесі бар бір сақау кемпірге үйленіпті. Кемпірі қала халқының қой-ешкісін бағады, ал өзі жалғыз түйенің сүтін сататын көрінеді. Құлағы тосаң есітетін бопты. Бір күні көрші үйдің күнде сүт алып жүрген жас баласы кепті. Бұрын сүттің жартылығын екі теңгеден сатса керек. Қолына жарты летірлік шыны ұстаған бала есіктен кіре бере үй ішінде күйбеңдеп жүрген Судыр Ахметке «ассалаумәликем, ата» деген екен. Судыр ит көрген текедей едірейіп: «сүттің жартылығы үш теңге. Алсаң сол, алмасаң айда, қайқай»,— депті.

— Қойшы, қайнаға-ай,— деді Кенжекей күліп.

— Жоқ, рас көрінеді.

— Құдай шебер-ай, тірісінде тәлкек қылған халық со бейшараның өлімін де он саққа жүгіртіп болды-ау.

Кәлен рақаттанып күліп, шабыттанып кеткен қас жыраудай жанында жатқан бір жастықты жұмарлап тақымының астына басып алды. Еламан алдына қойған шайға қол созбай, көзін төмен салып, езу тартып отыр. Қалжыраған жұбау жүзінде назырқаған көңілдің әлденеге қиналғаны байқалады. Үндемесе де ол жаңа келіншегінің сөзіне іштей қосылды. Тірі кезде талай ит мінезін көрген жұрттың ол

сорлыны сүтке тиген күшіктей қылғаны рас. Өзге жұрт түгіл ол сорлы өле-өлгенше от басына өскен ошағандай өз үйінің де зықын алып бітпеді ме? Бірақ, не десең о де, ол барған жер құдды түлкінің баласын ұстап алған үйдей, қызыққа батып бір бой жасап қалушы еді! Халық қазір соны аңсап, нақ бір күдер үзіп ұмытар кезде де іздеуін қоймайды. Осы ақтай жын, ала құйын сорлы өткен жолы бұның өзінің де түсіне кірді. Жау ішінде жоғалған түйесін іздеген боп бір ауылға түстеніп, бір ауылға қонып сілбулеп жүріп Шикісу станциясына келген-ді. Ілгері жүріп кеткісі кеп бір тұрғанда, ол кенет станция маңында шоғырланған ақтың әскерін көрді. Дәу цистернаға жоғарғы жағынан сарылдатып су құйып жатты. Ауыл қазағының аңқаулығы жеңіп кетті білем. Еламан ақтарға қарап ат үстінде аңырып тұрып қалды. Бір кезде Еламан темір жол бойындағы ақтардың да өзіне назар аударғанын байқады. Аңқау бойы кенет аяз қарығандай қалтырап кетті. Ілгері өтіп кетсем сезік туғызып алармын деп, Шикісуға амалсыз тоқтап еді; станцияның жанында киіз үй тігіп отырған танысына түсті. Еламанға төсекті сыртқа салды. Қызыл іңірде білінген маса ел жатарда тіпті әлемет боп желсіз қапырық ауада сыңсып тұрды. Еламанның зықы кетті. Жастықтан қайта-қайта басын көтеріп ап, станция жаққа қарап қояды. Үй іргесіне тұсап жіберген аты да кәтерінен шықпай, шынжыр кісеннің шылдырына құлағын тігіп жатып, таң алдында ғана көзі ілініп кеткен екен. Со жолы ойламаған бір жай түсіне кірді. Сүйеу қарт берген түйе қайымай қысыр қалыпты. Алдағы жылға қолындағы қылқандай кішкентай балалары ағарғансыз қалатын болған соң, Кенжекеймен ақылдасып, қысыр түйені басқа бір елдің кісісіне сатыпты. Сауда бітіп, екі жағы да ырзалықпен қол қысысып отырған үстіне Судыр Ахметтің душар келе қалғаны бар емес пе. Астында әйгілі нар қарасы. Осы үйдің төрінде ілулі тұрған ана ақ киіз қалпақты төбесіне қоқырайтып киіп апты. Құдды осы ауылдың қатын-баласын қорқытқысы келгендей, өзі де ат үстінде айбат шегіп қоқиланып келе жатып, кішкентай тышқан көзі жылтырап, түсетін үйін тінткілей бастады. Е-е, е, бақ. Әне бір үйдің желісінде нар, белдеуінде ат байлаулы тұр. Түндігінен түтін шығады.

Судыр Ахмет нісшіл тұмсығын жел жаққа төседі. Былқып піскен жас ет нісімен қуана дем алып, нар қараны тебіне түсті. Ат басын тұралап келе жатқан үйге бірден түсе қалған жоқ. Ол әуелі ауыл шетінде кездескен кісіден мәнжайды сұрап алды. Еламанның қолындағы қысыр іңген-

нің үстіне бір қашар, бір қой үстеу беріп, алдына боталайтын буаз түйе сатып алғанын білді. Атын белдеуге байлаған соң әдейі бұрылып барып желі басында байлаулы жатқан іңгенді айналып шықты. Буаз іңгеннің ақ үрпіленіп қалған желінін ұстап көрді. Ішіне түйген бір есебі болды ма, негінің ұшындағы бес тал сақалын ұстап «ым-ым» деп басын изеді: «Жарықтық жас мал екен. Көз тиіп ілеліп қалмаса, бір үйдің ағарғанын айырады. Я, я, апыр-ай, мына жаман Еламанның ырысын қарай ғой. Келесі жылы қара сирақ балалары ағарғанды кешіп ішкелі тұр екен»,— деп ойлауы-ақ мұң екен, ана жақта ауызы кеуіп отырған өзінің балалары есіне түсіп, қабағы жабылып кетті. Ас ішісі бұрқыраған үйге қарай ықыластанып келе жатқан кісі, кенет осы арада тұсаулы аттай аяғын баса алмай дыбырлады да қалды. Алдынан үріп шыққан итті қамшымен тартып жіберді. Көзіне түскен нәрсенің бәрін түтіп жегісі кеп зәрін жүзіне жиып алған. Еламанның да ұсынған қолын алмай, қағып тастады. Үйде отырған кісілер жылдам ығысып, шет жақтан орын ұсынса да, бұл жолындағы төсекті шаң етігімен кешіп барып қақ төрге отырды. Салған жерден ол Еламанға дүрсе қоя беріп:

— Ой, атадан кем туған ит. Сен бе... сен асыраса да адам болмайсың. Ойбай-ау, бұл қара нар Науан ағамның көзін көрген ата малы емес пе еді. Қара шаңырақтың қара ырысы еді ғой. Сен... сен ырысыңды теуіп отырсың ғой. Ойбай, ойбай,— деп өз басын өзі төпелей жөнелді. Үй ішіндегі кісілер үрпиісіп қалған-ды. Құсы Еламанға қайта түсіп.— Ау, сен ит мені ағайын алдында қара бет қып отырсың ғой. Бұл қара нар ертең сүрікті күні жетіп өле қалса, басын өзім мүжимін деп жүрген осы ауылдағы есептегі мал емес пе еді? Өз ортамыздан кісі таппағандай, сен оны шетке асырдың. Қайдағы қаңғыған біреуге сатып... әй, әй, бұл сенің бізге істеген қай қастығың, а? А? — деп, ас түсірер алдында уыздай ұйып отырған үй ішін әңкі-тәңкі қылды.

Еламан аузын аша алмай, күлкіге булығып өліп барады. Бір жанды бетіне қарататын емес. Ал ана сырттан келген кісілердің сөзін тыңдамады. Олар өз малын мақтап, қазірдің өзінде желіні ақ үрпіленіп, боталайын деп тұрған іңгенді айтуы-ақ мұң екен, Судыр Ахмет енді тіпті құтырып кетті: «Ғұмыр бойы мал бағып ақ нық боп жүрген кісіні алдай алмайсың. Ботасынан қолда ұстаған мал қолда өскен балаңдай сыр мінез, қанықсың. Ал сенің буаз деп бағасын асырып бұлдап отырған түйеңді көрдім. Желініндегі ақ үрпі емес, шабы терлеген ақ сортағы болатын. Я, я, ақ сортақ,

ақ сортақ»,— деп, бір жанға жеңсік бермей бастырмалатып жіберді. Ата сақалы аузына шыққан дап-дардай кісі өзінің қисығына өзі иланып, өзеуреп кетіп еді. Үй толы кісінің ешқайсысы үндей алмады, діңкесі құрып, буаз түйе бұлардың өздеріне де қысыр секілденіп тығырыққа тірелді де қалды. Судыр Ахмет басылу орнына бел алып: «Тірнектеп жиған малды бұл неме уыстап, шеңгел-шеңгелімен шашты-ау. Ойбай-ай, қашанғыдан бұрын бұның сол күйігін кәйтейін»,— деп зарлап, сыр білмейтін бөгде кісілердің зықын алып бара жатты. Судыр Ахметтің талай мінезіне куә бола жүрсе-дағы Еламан оның мына қылуасына қайран қап күліп отыр. Үнжырғасы түсіп кеткен оты-суы бөлек кісілерге бұрылып:

— Ағамыз еді. Өзімен ақылдаспай істеген бір биліг ім еді. Үстіне келді. Айыпқа бұйырмаңыздар,— деп қиналған рай білдірді. Қонақтар сыртқа шықты. Өзара күңкілдесіп кеңесіп келді де, үстемеге алған бір қойды қайтарып берді. Еламан пайдасына қалған қойды сойғызып, бар етін қазанға салды. Қонақтарды жібермеді. Көрші-қолаңын тегіс шақырды. Судыр Ахмет қырғыштай тұмсығын қайта-қайта көтеріп, түрулі есіктен сыртқа көз тастап, ана жақта бұл кезде бір қайнап қанды көбігін сапырып жатқан ет иісімен қуана демалып қояды. Қазандағы еттен басқа дүние қамы естен шыққан. Өзі орасан көңілді. Үй толы кісінің арасында жалғыз өзі сұңқылдап сөйлеп отыр. Ара-арасында шақылдап күліп қояды. Жаңа ғана бет тырнап шыдей болған оты, суы басқа кісілердің ол енді асты-үстіне түсе бастады. Қызды-қыздымен отырып, құдай қаласа, соңыра қыз алып, қыз беріп екі жақ қарсы құда боп, екі ауылдың арасында, ой несін айтасың, дорба да, жорға да қатынатып тастады. Сол сөзіне басқа жұрттан бұрын тағы да Судыр Ахметтің өзі иланып сеніп қап, буы бұрқыраған ет алдарына келе бергенде қасында отырған қонақтың біріне «құда» деп айтып та салды. Ертеден бері күлкіге булығып отырған Еламан қонақтар кеткен бойда қарқылдап күліп төр алдына құлай кетті. Сонан шек-сілесі қатып, көзінен жас аққанша күліп жатып оянып кетті.

Сол бойда жастықтан басын көтеріп алды. Ұйқылы-ояу көзін уқалап жіберіп, жан-жағына қарады. Түнде тұсап жіберген аты анадай жерде, арқандаулы ала бұзаудың жанында жайылып жүр екен. Үй иесі екі-үш қарасын өріске қарай беттетіп айдап сап, енесіне боздаған ботаны жетектеп келе жатты. Күн едәуір көтеріліп қапты. Еламан түсінде

көрген жайларды есіне түсіріп, басын шайқап күле берген-ді...

«Сөзіміз ауыр болмасын, бейшара қызық болатын»,— деп ойлап, Еламан өзінің із-түзсіз жоғалып кеткен жерлесіне жаны ашып аяп отырғанын байқады.

— Ол да адам ғой. Өлсе өлген де болар. Бірақ оның судырақтығы өлуді біледі дейсің бе? — деді Кәлен, құрысып қалған тізесін жазып түрегеп жатып.

Бұлар сыртқа шыққанда күн батыпты. Теңіз беттен қатты жел көтеріліп, қора іші шаңытып борап кеткен екен. Көшедегі кісі аяғы басылған. Бір-біріне беттесіп кеп бата алмай айбат шегіп тоқтаған екі жақ — ақ пен қызыл — бүгінде бір оқ атпай қараңғы түннің күдігі мен қорқынышы ұлғайтып, үнсіз тұнжырап апты. Ел тегіс жатқан кезде Еламан Кәленді үйде қалдырып, қала сыртындағы қорғаныс шебіне тартты. Жаңа бұның алдында окопты Дьяков аралап кетіпті. Қанша күннен бері бел шешпей, окопта таң атырып, күн батырып жүрген жігіттер винтовкаға басын сүйеп қалғи бастады. Түн ортасы ауа бергенде Еламанды да ұйқы қатты қысты. Бар дүние жым-жырт. Тек қарауытқан окоп бойынан анда-санда ғана темекі шоғы қызарады.

Еламан қарақғыда түк көрмесе де, жау әскері шоғырланып жатқан сонау суық дүние жаққа көз тігіп тұрған-ды. Окоп кенеріне басын сап қалғып кеткен екен. Кенет тарс-тарс атылған мылтық даусынан шошып оянды. Түктің мәнісіне түсінбесе де, ұйқылы көзімен алты атарына жармасты. Өзі тұрған жер тыныш болса да, қорғаныс шебінің оң жақ қанатында қатты әбігер боп жатты.

— Не болды?

— Жай ма?

— Білмеймін.

— Командир қайда?

Шошып оянған жауынгерлер кісі бойы окоптан ұшып түрегеп жатыр. Мылтықтар сатыр-сұтыр оқталды. Жақын бір тұстан пулемет тақылдай түсті де, кілт тоқтады. Окоп бойы қайтадан жым-жырт боп тына қалды. Бірақ мына қараңғы түн мен күпті көңіл айнала дүниені үрейге толтырып тұр. Алдағы айқастың бірінші құрбаны жау қолында тұтқында кетіп бара жатқанынан бұлар әлі бейхабар болса да, осы түн өздерінің тірлігін жанап өткен бір жаманшылықты бәрінің жүрегі сезіп еді.

IV

Ротмистр Рошаль тіл алып келді. Сол бойда қаумалап ортаға алып қалған кісілердің арасында есін жия алмай ентігіп тұр. Көзіне құйылған терді сүртіп тастады. Тұс-тұстан дабырлап сөйлеп жатқан кісілердің бұл әлі бір сөзін ұққан жоқ. Жанынан темекі іздеді. Онан біреуден оттық сұрап алды. Қалтыраған қолымен темекісін тұтатып жатып, қасында үн-түнсіз салбырап тұрған тұтқынға көз салды. Темекісін тұтатып үлгірем дегенше желп етіп сөніп қалған сәуледен тұтқынның көз әйнегі құбылып кетті. Және осы бір қас пен көздей уақытта тұтқынның шалғысы салбыраған ұзын мұрты мен дәл сондай ұп-ұзын мұрнын аңғарып қалды. Рошальдің бір таңқалғаны: мына тұтқынның түкпен шаруасы жоқ, ол тек дабырлаған беймаза топтың арасына түсіп таң алдындағы тәтті ұйқының шырқы бұзылғанына ғана ренжіп тұрған сияқты. Жау қолына түскен кісі боп абыржып сасқан ажар жоқ. Қайта рабайсыз ұзын бетінде самарқау енжарлық бар, жел үрлеген сәуле желп етіп сөнгесін де Рошаль өзі әкелген «тілдің» қараңғыда қарауытқан сүдініне қарап көз алмай тұр.

Рошаль тұтқынды Федоровке жөнелтті де, солдаттарын іздеп тауып алды. Торы ат қасына келген иесін танып «мен мұндамын» дегендей оқыранып қоя берді. Рошаль торы аттың мойнын сипады. Келесіде қолы ат арқасына тиер-тиместе алақаны астындағы тұктері дір етті. Ер қажаған ат арқасының жауыры есіне түсіп, ертең ояна салысымен мал дәрігеріне көрсетейінші деп ойлады.

Рошаль қараңғыда сипалап жүріп осы маңнан өзіне орын тапты. Шинелінің бір шалғайын астына жайды. Тұңғиық қап-қара аспанның төсінде жыпырлаған жұлдыздарға көз тігіп жатыр. Ұйқы қысқан көзі топырақ түскендей түйнеп, кішірейіп жұмылып бара жатыр еді, кенет тап жаңа ғана басынан кешкен оқиға есіне түсіп, көзін ашып алды. Қалай десең де әйтеуір өзінің оқ қағары бар. Осы жолы да ілгері озып кеткен солдат жараланғанда тұтеген оқ астынан өзінің аман қалғанын айт. Рошаль күлімсіреді. Темекі шеккісі кеп кетті. Бірақ қалжыраған денесін қозғауға ерінді. Тұтқыннан тіл тартып сұраған жоқ. Тек тұла бойын тінтіп жүріп бірнеше документ тапты. 1850 жылы туған. Коммунист. Коммунистер полкында бөлімше командирі. Оған дейін Шалқар депосында жұмысшы боп істеген. Фамилиясы... қалай еді? Сквозняк... жоқ-жоқ, Озноб... Озно-бин. Я, *я*,Ознобин. Озно-бин. Рошаль тұтқынның атын

ішінен қайталап жатып ұйықтап кетті. Ертеңіне ояна салысымен түнде болған жағдайды ойлап түп-түгел есіне түсіріп шықты. Өзінің аман қалғанына ол тағы да іштей таңғалып, күліп басын шайқап қойды.

Рошаль түрегелді. Торы шолақ ат оқыранды. «Жануар шөлдеп тұр-ау. Суарып алар ма еді»,— деп ойлады Рошаль. Тым болмаса беті-қолын жуғысы кеп, құдық маңында үймелеген кісілерге барды.

Күзетші солдат бір жанды жуытпай безектеп тұр екен. Рошаль ештеңе шықпасын байқады. Түнде әкелген тұтқын есіне түсіп, штабқа барды. Бір жақ іргесін түріп тастаған палаткаға тақап келе бергенде іштен жыландай ысқырған дыбыс шықты. Ішке кірер-кірмесін білмей есік алдында тұрып, дыбысқа құлағын салып еді, ысқырған дыбыс зәрін шашып кеп, бір былқылдақ нәрсеге тигенде ащы үні ауада көміліп, шып-шып етеді екен.

— Ну, гад... айтасың ба, жоқ па?!

Мынау подполковник Федоров қой. Ой, сорлы-ай, қаһарына мініп алғанын қарашы. Ротмистр Рошаль оның шыршық атқан даусынан зығыры қайнаған жанның жылап жібере жаздаған түрін байқады.

— Ну, га-д...

Рошаль ішке кірді. Түндегі тұтқынды үй ортасына етпетінен жығып сап, қол-аяғын төрт қазыққа керіп тастапты. Тұла бойында шолақ дамбалдан басқа лыпа қалдырмай тырдай жалаңаштап апты. Шынысы сынған көзілдірік анадай жерге ұшып түскен. Үй ортасында ес-түссіз ырс-ырс дем алып жатқан тұтқынның екі жағында еңгезердей екі солдат. Федоров болса құп-қу. Тұтқынның желкесінен бір аяғымен басып, үстіне төніп дір-дір етіп алған. Рошаль кіріп келгенде, ол қысылып қалды. Сырт айнала бере терің сүртті.

— Іске сәт! — деді Рошаль.

Екі жендет қолдарындағы құлаштап көтеріп алған сүмбіні сілтер-сілтемесін білмей, ауада ұстап тұрып қалған-ды. Олар «не істейік?» деген кескінде бұрылып Федоровке қарап еді. Федоров өзі біліп істейтін нәрсеге бұны араластырып тұрғанына ыза боп:

— Соғыңдар! — деді ақырып.

Болат сүмбілер ысқыра жөнелді. Онсыз да қарт жұмысшының тұз сепкендей удай ашып дуылдап алып бара жатқан қан-қан арқасын темір сүмбілер тағы да шып-шып тіле бастады. Тұтқын сонда да дыбысын шығармай тістеніп алған. Қиналған сайын қап-қара боп түтіккен бетінен

тер бұршақтап, кеудесі көріктей күрсілдеп ырс-ырс дем алады. Рошаль көзінің қиығын Федоровке тастап еді, ол шімірігетін емес. Жіңішке ерні жымқырылып апты. «Ұр, соқ!» — деп қалш-қалш етеді. Қарт жұмысшы үнсіз. Темір сүмбі тілгілеген сайын төрт қазыққа керіп тастаған қан-қан дене бір созылып, бір жиырылып, қолы жеткен жердің топырағын тырнағымен осқылап айырып-айырып тастады. Әсіресе, аяғының астын қара тұқайымен қазып тастаған еді.

— Тоқ-тат! — деді Рошаль.

Екі жендет тоқтауын тоқтаса да, кейін шегініп кеткен жоқ. Қолдарындағы темір сүмбілерін көтеріп тұрып: «не істейік?» — деген кескінде Федоровке бұрылды.

— Соқ! Соғыңдар!

Екі жендет темір сүмбіні қайта сермеді. Темір сүмбілер тиген сайын күлдіреген теріні жалбыратып, сыдырып түсіп жатты. Қарт жұмысшы шыңғырып жіберді. Бірақ сонан кейін тағы да дыбысын шығармай тістене қалды. Керіп тастаған дене құдды үзілетін жіптей қалш-қалш етті. Тер бұршақтап көзіне құйылды. Тақа күші жетпей бара жатқан соң қарт жұмысшы қара топырақты көмейлеп асап, дір-дір етіп қатты да қалды.

Ротмистр Рошаль алты атарын суырды. Түтқынның ту сыртынан атып-атып жіберді де, оғы таусылған соң лақтырып тастады.

Подполковник Федоров оның кабурға қол салғанын көрсе де, қозғалған жоқ-ты. Бар іс біткен соң ғана Рошальды негімен нұсқап:

— Қамаңдар,— деді.

Жаңағы екі жендет Рошальдің бойындағы қаруын сыпырып алды. Иығындағы погонын да бір-бір жұлып, 68-разъездегі кішкентай тас үйдің бір бөлмесіне қамап тастады.

Подполковник Федоров болған жағдайды дереу барып қолбасыға хабарлады.

Рошаль ас ішкен жоқ. Бір жанмен тілдеспеді де. Көңілдес жолдастарына да үстіне келсе рай бермей, іргеге қарап жатып алды. Күні бойы құр тақтайдың үстінде қимылсыз көзін бір ноқатқа қадап жатты да қойды. Бөлме іші қапырық. Және жалаңаш. Еден беті бір елі шаң. Қолын желкесінің астынан алып қыбыр етпей жататын Рошаль кейде көзін осы еденге салады. Еденде күніне ішке екі рет кіріп котелокпен ас әкеп беріп кететін күзетші ізі жатыр. Бүтін бөлме ішінде жарға ілген ескі сағат-

тан басқа түк жоқ. Бұны қамағанда сағат тоқтап тұр еді; бұл тіліп қозғап жүргізіп жіберді. Сонан бері тыным жоқ. Әсіресе таң алдында сырттағы ығы-жығы әскер тегіс ұйқыға кеткен жым-жырт шақта түнімен көз ілмей шығатын жас Рошаль осы тот басқан ескі сағаттың тықылына құлақ салады. Түстік Армияға жүреден бір күн бұрын әкесімен үзілді-кесілді сөйлескенде бұлардың үйінде де, дәл мына сағаттай бір сағат тықылдады да тұрды. Бұл елшілерге банкет беретін күннің ертеңі болатын. Бұның басы ауырып оянды. Бірақ карт әкесі күндегі дағдысымен ерте тұрып киініп жатыр екен. Сөйлесетін сөзі болғасын тез кінді де, қасына барды. Бұл қаладан кететінін айтты. Карт генерал оның сөзіне құлақ аса қоймай, үй ішінен әлде нені ізден күйбеңдей берді.

Жас Рошаль жаңағы сөзін қайталап:

— Ертең генерал Чернов армиясына жүрем,— деді.

— Е, тағы не айтасың?

— Шын айтам, папа. Черновпен келісіп те қойдым.

Карт генералдың бетіндегі ұяң күлкінің ізі өшіп кетті:

— Мен де шын айтып тұрмын. Қазір әзілдің заманы емес. Отыршы өзің.

— Отырған-отырмағанда... бәрін келісіп қойдым.

— Е, онда маған айтудың қажеті қанша еді? Өзіңнің дегеніңді істейсің де. Құдай бетіңнен жарылқасын қарағым деймін де.

Ротмистр Рошаль лажсыз отырды. Карт генерал баласының бойын бергісі келмей, салған жерден сазарып алған кескініне көлденеңнен көз тастады:

— Чернов жақсы генерал. Өзім де онымен көптен бері доспын. Бірақ, балам, оның өз басы жақсы болғанмен әскерінің жағдайы қиын.

— Ендеше, оларға да осындай қиын кезде қол ұшын...

— Қол ұшын қалай бересің? Біз керек десе, оларға ең зәру, ең қажет нәрселерді — оқ-дәрілерді жеткізіп бере алмай отырған жоқпыз ба.

— Білем...

— Ал, ертең бұл күніміздің де айрылмаймыз. Әркім өз басын сауғалап кететін күн туады. Чернов бар әскерімен шөл далада қалуы мүмкін. Сен оны білесің бе?

— Білем...

— Түк те білмейсің. Білсең бүйдемес едің ғой,— деп генерал сөз қонбай қойған баласына қатты ренжігендей қолын сілкіп қалды. Ашумен біраз ықтырып алғысы кеп,—

осы сені түсінбей-ақ қойдым. Не ойлайсың? Қайда жүресің, кіммен жүресің? — деді.

— Өзім де білмеймін.

— А? Не?

— Нансаңыз, осы күнгі тірлігім өзімді де тойдырды.

— Әне, айтпадым ба, сендердің ұрпақтарың шетінен осындай. Жанбай жатып сөнеді, тумай жатып қартаяды. Ну и народ!

Жас Рошаль ішін алдырмай үнсіз томсарып отыр.

Қарт әке бір-екі рет көз қиығын тастады. Қанша ұрысса да оның салғыласпай төмен қарап сазарып алған түрінен шошыды. Баласына айтқанын тыңдата алмасын байқады. Амалы құрығаны соншалық, қарт генерал үй ортасында алақанын жайып аңырып тұрды да:

— Ай, балам-ай,— деп кенет адам аяғандай жүдеп кетті,— дүниеде сен білмейтін нәрселер аз емес қой. Мәселен, осы күні біз қит етсе ату жазасына бұйырамыз. Соның себебі не, соны білесің бе?

Жас Рошаль үндемеді. Қарт генерал басқадан жасырса да, бар шынын баласына айтуға бекінді. Трубкаға темекі толтырып бармағымен нығарлап басып-басып қойды:

— Атуға кесілген кісілерге екі дүние бір қадам. Өлімге басын байлаған жандар соғысқа жіберуін сұрап Колчакқа өтініш жазады. Біз қазір халықты осындай шарасыз халге мәжбүр етіп отырмыз.

— Мынау сұмдық қой...

— Тоқтай тұр. Сорақысын кейін көресің.

— Не деп отырсыз, папа?

— Я, я, біз қазір осындай ажалға басын байлаған кісілерді жиып ап генерал Черновтың армиясына жөнелтіп жатырмыз.

Жас Рошаль әке жүзіне таңырқап қарады. Не қылса да үнемі ұпқысы шала болған кісідей қабағы салбырап жүретін осынау бір олпы-солпы әке бойында өзі біле бермейтін талай нәрселер жатқан болды-ау. Қарт генерал «енді түсінген боларсың» — деп ойлап, еденге төсеген түкті кілемнің бір түрлі табанға жайлы рақатын бар денесімен сезіп жүрген-ді.

Жас Рошаль түрегелді.

— Мен ертең жүрем.

Генерал ақырын басып кеп баласының қасына тоқтады. Қанша таусылып айтса да, бетінен қайтпай сұп-сұр боп алған баласын иегінен ұстап жүзін өзіне қарай бұрды:

— Сен есалаң, не деп тұрсың, осы?

— Ренжімеңіз, папа...

— Ренжіме... ренжіме... Сен әлде шешең екеуміздің өзіңнен басқа баламыз жоқ екенін ұмыттың ба?

— Неге күлесің? Неңе жетісіп күлесің, а?

— Папа, кегімді қоя беріңізші.

— Тфу! Жарайды, бар, бара ғой. Қайда кетсең де еркің. Сен Рошальдардың тұқымына ұрпақ боп та жарымассың.

— Папа, өзіңіз-ақ айтыңызшы, Романовтардың аяғы аспаннан кеп жатқанда Рошальдар кімге тұлға болады дейсің?!

Генерал Рошаль бос креслоның біріне отыра кетті. Көзін жұмып, ыстық басын алақанына сүйеді. Жас Рошаль әкесінің қасына кеп иығына қолын салды.

— Біздің басымыздағы қиындықты жаңа өзіңіз жақсы айттыңыз. Кемді күн амандықты қуаныш көретін кез емес. Қазір қолдан келсе... тіпті қолымыздан ештеңе келмеген күннің өзінде де қазір біз Ресей империясын жан-тәнімізді сап қорғауымыз керек. Қорғауға тиіспіз. Соңыра орыс топырағындағы империяның соңғы тірегі Колчак үкіметі құласа, жаңа сіз өзіңіз айтқан асыл нәсілді әулеттер мен талай үрімбұтақ зәу-зәттердің күлі көкке ұшпай ма?

Үй іші жым-жырт. Қарсы қабырғадағы сағат қана жағы талмастан таңдайын қаққан баладай тық-тық соғып тұр. Мынау ұйқы-тұйқысы шығып жатқан астаң-кестең дүниеде күллі хаққа өзінің дегенін істеп баяғы бір ізбен мізбақпай тартатын да отыратын жер бетіндегі жалғыз мықты осы — уақыт қой. Я, уақыт... Уақыт... Жұмысқа баратын уақыт болыпты ғой деп ойлап, қарт генерал ауырлау түрегелді. Жауап тосып отырған баласына көз салмастан, ақырын басып сыртқа шығып кетіп еді. Сонан бері қарт әкесінен хабарошарсыз. «Өлі, тірісі белгісіз. Омбыдағы күндерін ойласа өзіне ызасы келеді. О да бір мақсатсыз, мәнсіз, өң мен түстің арасында өткен өмір. Омбы жастарының арасына түсіп, бар уақыты арақ ішу, мас болу, қыз-келіншекпен ойнап-күлумен өтті. Мастығы тарқағасын күнде ертеңгісін мең-зең боп басы қаңғырып оянады. Зілдей басын жастықтан көтере алмай, кешегі ішкен арағы кекірігімен қайта аузына кеп жүрегі лоблып жатып, ол «енді қою керек. Осы ішкенім жетер»,— деп өзіне-өзі қанша уәде берді. Ақырғы сөзін айтып ант-су ішті. Үйткені ол осыдан кейін үзілді-кесілді ішуді қоятынына шүбә келтірген жоқ-ты. Сол сеніммен күнде төсектен тұрады. Шала-пұла киіне сап қара кофе ысытып ішеді. Бірақ арақ зардабы жуық арада қайта қоймайды.

Әдемі мұрт қойған қағылез, ашаң жүзі бұрынғысынан гөрі қалқыңқы, көзінің алды да күлтілдеп ісініп тұр. Жас Рошаль айна алдына барып, өзінің күн санап азып бара жатқан түріне қанша рет қынжыла қарады. Өзіне ренжіген кезде үнемі кәрі әкесі есіне түсетін. Осыдан кейін жолдастары шақырған жерге барсам ба, жоқ па, деп ойлап, тершіген ып-ыстық алақанымен соңғы кезде сирек қырынатын боп жүрген сақалын қышырлатып уқалап тұрады. Бір жолы көз қиығы орындықтың арқасында ілулі қалған әкесінің кір-кір кителіне түсті.

Әкесі тазайын болатын. Қанына сіңген ежелгі бір дағдысы бойынша күнде ертеңгісін ерте тұрып, жұмысқа барар алдында өңіріндегі түймелерді жалтыратып ысқылап, үстібасын тазалап жататын. Қазір кәрілік қажытқан сияқты. Генерал Чернов Жоғарғы Ставкадан армияға кеткелі Колчакпен де тіл табыса алмай-ақ қойды. Колчак қырын қарағалы Жоғарғы Ставканы жайлап алған ала аяқтардан зәбір шекті. Әкесінің жан ашыр достары бұрын да аз болатын. Кейінгі кезде қасында тіпті қара қалмады. Жалғыз. Күші қайтқан шағында сөзін сыйлайтын, ойын ұғатын, пікірлес бір жан жоқ. Жалғыз баланың сықы мынау. Мастығы тарқаған-тарқағанда жас Рошаль кәрі әкесіне ала-бөле жалғыздықтың қатты батып жүргенін сезетін...

Жас Рошальдың тамағы құп-құрғақ боп кеуіп қалды. Үй төбесіне қадалған қимылсыз көзіне жас құйылып кетті. Бірақ кірпігін сонда да қақпады. Өкіріп жылап жібермеу үшін дыбысын шығармай тістеніп алды.

Разъезге поезд келді. Рошальды қамаған кішкентай ақ үйдің алдына кеп тоқтады. Ығы-жығы әскер жан-жақтан жүгіріп кеп жатыр. Разъезд маңы у-шу, азан-қазан. Сарылдаған су дыбысы естілді. Аттар оқыранып, түйелер бақырып, шелектер мен құтылар даңғырап, суға таласқан кісілер айқайлап керісіп разъезд басы әп-сәтте у-шу боп кетті. Рошаль басын көтеріп қарамаса да, өздері осынша өзегі талып күткен судың келгенін білді. Кезерген ернін жалады. Құдайдан дәмелері болса торы шолақ атты суарар деп ойлап жатқан, кенет әлдеқайдан алыстан күн күркіреді. Күтпеген тосын жағдай болғасын ба, Рошаль басын көтеріп алды. Мынау күн бе күркіреген, не әлде басқа бірдеңе ме деп ойлап та үлгірмеді, әлдеқайдан атқан ауыр снарядтар бұл жатқан үйдің үстінен сорғалап ағып өтіп, разъезд басына жиналған қалың шоғырдың қақ ортасына түсіп гүрс-гүрс жарылды. Үй іргесі дірілдеп, терезе әйнектері шалдыр етіп күл-талқаны шығып жатты. Төбеден топырақ сау-сау құйылды.

Снарядтар енді жүйдірмелетіп үсті-үстіне жауып кетті. Су толы цистерналар тас-талқаны шықты. Су лақылдап ақтарылып, темір жол бойы ағыл-тегіл боп кетті. Жаңа ғана суға таласып үйме-жүйме боп жатқан кісілердің есі шықты. Бөшкелері мен шелектерін тастай-тастай қашты.

Қалың қол тағы да сусыз қалды. Генерал Чернов әскерін суға қандырып алған соң ертең жоқ, арғы күні азанда шабуылға шықпақшы еді. Мына жағдай қолбасының бар ойын бұзды. Бұнан кейін не істерін білмей амалы құрып отырғанда, Каспий жағасынан генерал Нокс ұшып келді. Бұл ағылшын үкіметінің Орта Азиядағы бір белді кісісі.

Тарығып тұрған кезде келгесін бе, генерал Чернов қатты қуанды. Ағылшын генералы Черновпен қол алысып амандасты да, қалған орыс офицерлеріне көзін самарқау тастап басын ғана изеді. Генерал Черновты ол оңашалап бөлек алып шығып, бұнда келген шаруасын айтты. Түстік Армияның тағдыры Арал түбіндегі ұрыста шешілгелі тұр. Егер ертеңгі күні қызылдардың қорғаныс шебін талқандап бұзып өте алсаңдар, арғы жерде ағылшын әскері құшағын жайып отыр. Бізге жеткендеріңше де сендерге бергі жақтарыңда талай тілектес достарың қол ұшын береді. Красноводскіге дейінгі екі арада ешқандай қиындық көрмейсіңдер деді. Жақсылық пен жамандықты қатар ойлап отыратын орыс генералы одақтас елдің өкілін ықылас қойып әбден тыңдап алды да, онан, егер ертеңгі күні қызылдардың шебін бұзып өте алмасақ қайтеміз? — деп сұрады.

Ағылшын генералы жауап бермес бұрын әуелі Черновқа жүзін жайлап бұрып, жанары салқын көзінің астынан сүзіле бір қарады. Сонан соң қызылдардың қорғаныс шебін бұзып өтулерің керек деді. Орыс генералы да өзінің айтқанынан қайтпай, ал, егер, күшіміз жетпей бұзып өте алмасақ қайтеміз деді. Ағылшын генералы темекі шекті. Түрегелді. Ұзын аяғы сереңдеп арлы-берлі жүрді. Соның бәрінде де *ол орыс генералының өзінен көзін айырмай, әлгі сұрағына* жауап тосып отырғанын байқап, қан-сөлсіз жүзі шытынап, тыжырынып кетті. Қызылдардың қорғаныс шебін бұзып өте алмаған жағдайда, амал жоқ. Арал теңізінің батыс жағалауымен Қарақалпаққа тартасыңдар. Бұл жақ елсіз, сусыз. Біраз қиындық көресіңдер. Бірақ сендер бір сәт біздің көз қырымыздан тыс қалмайсыңдар. Қазақ пен Қарақалпақ жерінің шекарасында тұщы суы мол тұмсық бар. Сол араға арғы жағынан — Қоңырат, Шымбай, Үргеніш, Үшсай қалаларынан ақ атаман Фелишев, ақ офицер Сафар, Серов, Елисеевтердің отрядтары кеп, сендерді күтіп жатады. Ал

Аралдың бұрынғы көкжал көпестері — Марков, Мокеев, Кисиндер қаржы жағынан көмектеседі. Ол, ол ма, ана жақта Хиуа ханы мен Бұхар әмірінің де қол ұшын беруге әзір отырғанын баяндай кеп, ағылшын генералы сөзінің салмақтысын дәл соңында айтты:

— Колчак біздің сенімімізді ақтамады. Сондықтан қазір одақтас елдер Колчакты жабдықтауды қойды. Қазір бүкіл Европаның көз тігіп отырған кісісі — барон Врангель. Сосын, сізсіз, сәр генерал.

— Генерал Чернов алабұртып кеткен іш толқынын аңғартып алам ба деп қорықты. Алдақашан сөніп қалған темекісін асығыс тұтатты. Ащы түтінді құныгып қатты-қатты жұтам деп қақалып қалды. Оған өзі ызаланып темекіні лақтырып тастады. Я, қазір Колчактың күні өтті. Санаулы ғана ғұмыры қалды. Колчак үкіметі құдды қарап боп қирап су түбіне батып бара жатқан кеме тәрізді. Қазір ол сорлыдан жұрттың бәрі безіп қашып жатыр. Керегінде пайдаланды. Туын бірге көтерісіп, қошемет, құрметті үйіп-төкті. Кәдеңе жарамаған соң, қиналып қабақ шытпастан лақтырып тастады. Бүгін оны тастаса, ертең үмітін ақтай алмасаң мынау мені де әскеріммен бірге өлмесең омақат деп отқа итеріп тастап, сырт айналып жүре беретін шығар?

Чернов ағылшын генералына көз қиығын тастай түсті де, тартып алды. Бозамық кірпік астында үнемі қабақ жұмып мұлгіп тұрған сияқтанатын балық көзінің жанары салқын. Шынашағына сақина салған, сүйек-саягы арбиған қолымен аузындағы жуан сигарын түбінен сығымдап ұстап тұрып, орыс генералына тұнжырап қарады. Сонан соң ғана ол:

— Сіз әскеріңізбен Врангельге қосыласыз,— деп кейінге сақтап отырған ойын кетерінде ғана айтты. Тым құрыса әдеп үшін ақылдасып ырзалығын сұраса несі кетеді? Ол кезде орыс жеріне өздерімен бірге ала келген басқыншы елдің озбыр өктемдігі сезілмей қалады деп қорқа ма екен?

Генерал Чернов қаны қайнап тұрса да қарсы сөз айта алмай, тамырын жел қазып қара кеңірдектеніп қалған жусанды арлы-берлі қозғап, етігінің тұмсығымен түртікілей берді. Ағылшын генералы оның көңілін сезгендей, көзін айырмай тұр:

— Красноводскіден кемеге тиелесіңдер. Каспий теңізінің арғы бетіне өткен соң Қырымға жету қиынға түспейді. Сіз әскеріңізді Совет өкіметіне наразылық білдіріп жатқан жерлердің үстіменен алып өтесіз.

— Ондай жер бар ма өзі?

— Бар, генерал.

— Әй, қайдам?..

— Сіз, әрине, қажыған боларсыз. Ал, ондай жерлер бар. Мәселен, Терістік Кавказ бен Кубань, Дон жерлерінде халық әлі қаруын тастаған жоқ.

Генерал Чернов үндемеді.

— Сіздің әскеріңіз саны жағынан Врангельдің әскерінен кем емес. Врангельде қару-жарақ пен азық-түлік жетеді. Танкі де, самолет те көп. Ертеңгі күні сіздің армияңыз Врангельге қосылса, біздің Москваға шабуылдайтын күшіміз екі есе күшейеді. Сондықтан да сіздің Врангельге тезірек қосылғаныңызға тілектеспіз. Осы жайды есіңізге қаттырақ салам. Жә, сау болыңыз. Шабуылдарың сәтті болсын.

Чернов балық көз ағылшынның тез кеткеніне қуанды. Әйтпесе, қанша ұстамды болғанмен оты-суы басқа кісінің өз елінде отырып істеген өктемдігін көтере алмай түсі бұзылып тұнжырай бастап еді.

Ағылшын генералы аттанған бойда бұл бір топ кісімен алдыңғы шепке барды. Қасына ерген кіл құрама командирлері. Ішінде Тәңірберген де бар. Тәңірберген өз өмірінде бұнша әскерді көрген емес. Ол білерде жер қайысқан қол тек халық ауызындағы алып қашты аңыздарда ғана болатын. Қала берді кәрі жыраулар айтатын хиссаларда ел шетіне жау кіреді. Не әлде ислам діні үшін айқайлап ұран тастап Мұхамбет пайғамбардың жасыл туы астына нсі мұсылман жиналыпты, қол бастаған қас батырлар шеру тартып аттаныпты деген қауесет бар. Жырауды жек көргесін бе, жас мырза солардың бірде-біріне сенген емес. Құр лақап, қауесет деп ойлаған соң көңілшек кісілер жылап жатқанда да, бұл міз бақпай отырып тыңдайтын. Түнімен қақсаған кәрі жырау таң алдында тамағы қарлығады. Бір кезде үні шықпай, құшағындағы қу шанақты сабалап бар-бар етіп бақыра бастағанда, бұл тыңдамай тұрып жүре беретін-ді.

Тәңірберген бұнда келгелі көңілсіз. Аралға келген соң босанармын деген дәмесінен ештеңе шықпады. Кешелі-бүгін генералға құлаққағыс қып көріп еді; генерал Чернов жақтырмады. «Мырза, шыдай тұр. Ертеңгі ұрыстың ыңғайын қарайық». Шалқардан бері қараған жерде бұл талай соғысты көрді, қанша кісі қырылса да, соның бәрі-бәрі ат үстінің аударыспақ ойынындай алым-берім ғана болатын. Ал бұл жолы... екі жақтан топталған әскердің түріне қарап алда сұрапыл шайқас болатынын сезді. Алдағы шайқастан жүрегі шошиды. Мырзаның байқауы бойынша генерал Чернов осы шайқасқа Шалқардан шыққалы әзірленді. Ең таң-

даулы полктарын осыған дейінгі ұрыстарға салмай әдейі Арал түбіне әзірледі. Оқ-дәрі мен қару-жарақты да кейінге сақтады. Ең арғы жағы сығымдап ұстаған азық-түлікті де Аралға келгеннен бері ағыл-тегіл бере бастады. «Осы жолы жеңер»,— деп ойлады Тәңірберген. Күнге күйген кісілер қап-қара. Шөлдеген аттардың да сүдіні қашып, мықшиып кеткен. Осы араға оқ-дәрі артып келген түйелер ғана шөлдесе де сыр бермей сары шаңдақтарда шөгіп жатты.

Снарядтар жарыла бастады. Аттар үркіп тақым астында дір-дір етті. Тәңірберген ат тізгінін қарыстырып ұстап алған. Жұрттың бәрінде зәре жоқ. Тек генерал Чернов өңі әр кездегідей салмақты. Астындағы үркектеп осқырынған әк арғымақтың басын бұлтартпай, жау шебіне туралап тартып келеді. Әскер сусыз қалғаннан кейін ол бұрынғы ойын шұғыл өзгертіп, шабуылды күні ертең бастап жібергісі келді. Осы ойды өзгелер де мақұлдағаннан кейін, ол айқас алдында жау шебіне жақындап барып жер ыңғайын шолып қайтпақшы. Қанжығалас кәрі досының қамауда жатқан баласы да көкейінен кетпей қойды. Бар жағдайға Рошальдың өз аузынан қанбаса, подполковник Федоровке сенбейді. Бірден босатып жіберу керек еді. Кідірген сайын іс аягы ауырлап кетті. Қасындағы кісілер қатаң жазалауын талап етеді.

Генерал жау шебіне жақындаған сайын снарядтар жиі-жиі жарыла бастады. Адъютанттар істік темір ұшында отырғандай. Үркек аттар пырылдап басын алып қашып тұр. Бірақ генерал мізбақпады. Ақ арғымақты тырп еткізбей қос тізгінін қарыстырып ұстап тұрды да, бүйік төбе басынан жау бетке көз салды. Снарядтар тіпті жиілеп кетті. Сары төбенің шаңы бұрқылдап, ат үстінде үнсіз ұйлыққан кісілердің алды-артына жарыла бастады.

Генерал Чернов арғымақтың басын кейін қарай бұрды.

— Подполковник Федоров!

Федоров атын тебініп қатарласа берді:

— Слушаю Вас...

— Ротмистр қайда?

— Қамауда ғой, генерал мырза,— деп Федоров қолбасыға жалтақтап қарай берді. Бірақ генерал енді қайтіп үндемеді. Жаз бойы ығынан тастамаған ескі мундир күйіп, әсіресе, тұзды сортақ тепкен жауырын тұсы ағарып кетіпті. Генералдың ақшыл өңі де кейінгі кездері қатты тотыққан. Іші қабысқан астындағы ақ арғымақ күн көзінде қақсып жатқан бос бөшкелер мен шелектерге оқыранып, тізгінін сүзе ұмтылады. Жем жоқ. Шөп басы қозғалмай шырадай

тынып тұр. Қайнаған ыстықтан айнала төңірек кіреукеленіп қапырық тартты.

Генерал Чернов көзіне басып киген фуражканың күн қағары астынан байқап келеді: ығы-жығы әскер жүдеу. Неше күннен бері ашық аспан астында баспанасыз, ассыз, сусыз жатыр. Судан басқа нәрсеге ешқайсысының ықылас, құлқы жоқ. Генерал Чернов бір солдаттың жүзіне тұралап қарай алмады. Шалқар маңындағы ұрыста ерлік көрсеткен солдаттарға осы жолы өз қолынан орден тапсырмақшы еді; сол оймен ана жолы Омбыдан әкелген ордендарды ала шыққан. Жүдеу солдаттарды көргенде ол ойдан айнып қалды. «Енді кідіруге болмайды. Ертең... күні ертең шабуылға шығу керек»,— деп түйді ол.

Разъезге кеп аттан түсті. Қасына Федоровты ғана алды.

— Мұнда кіріңіз,— деп Федоров генералға ілтипат білдіріп, алдынан есік ашты.

Рошальді қамаған кішкентай тас үйдің іші күндіз қайнап кететін Қабырғалары кір, лас, төсеніші жоқ тақтай еденде жатқан Рошаль үстіне кірген қолбасыны көрсе де құлықсыз, ақырын түрегелді. Көзі ісіп кетіпті. Күлтілдеген ісік бетін сақал-мұрт басып, түксиген түрі тым жаман екен.

Чернов көзін тіктеп қарай алмады. Сыйлас досының жалғыз баласын көргенде жаны ашып, жүрегі дірілдеп тұрды да, лэм-мим деместен бұрылып жүре берді. Атына міне сала қамшы басты. Федоров та қатарласып шауып келеді.

— Генерал мырза.

Чернов тақымын қыса түсті. Тек разъезден ұзап шыққасын ғана ат басын тартты.

— Генерал мырза, қандай әмір етесіз?

— Сенің... өз ойың қалай?

— Ротмистр Рошальдың қылмысы ауыр. Жау әскері жөнінде ешқандай мәлімет ала алмай отырғанда...

— Жә! — деп ызалы генерал ақырып тыйып тастады,— ойыңды айт!

— Менің ойым... маған салсаңыз, басқаларға үлгі болуы үшін қатты жазалаған жөн.

— Жә, оның бәрі белгілі... белгілі...

— Менің ойым, оның офицерлік шенін сыпырып алып, ертеңгі шабуылда алдыңғы лекпен жіберу керек. Күнәсін қанымен жусын.

Генерал Чернов таңданғанын жасыра алмай ат үстінен бұрылып Федоровқа қарап қалды. Федоровтың безбүйрек екенін білетін. Оның қаталдығын кінәлаған жоқ. Ол тек өзінің ауызы бармай тұрған үкімді мына безбүйрек офицердің

жүзі шіміріқпестен соншалық жайбарақат айтқанынан шошынғандай

Генерал Чернов лəм-мим деместен ақ арғымақты тартып қап текіректетіп шаба жөнелді.

V

— Ел-аға...

— Ел-аға, қайдасыз?

Еламан ертеңгі асын алдына жаңа ала берген-ді. Мына жас жігіттердің дағдылы сыпайылығын сақтамай, жан-жақтан жамырап қоя берген үрейлі асығыс дауыстарынан шошып қалды. Өздерінің осында келгелі сəт сайын күтіп отырған сын сағаттың соққанын сезіп, аузындағы асын түнілешашала жұтып, атып тұрегелді.

Жұрттың бəрі анталап қарап қалған жаққа бұ да асығыс көз тастады. 68-разъездің бет алдындағы жалпақ сары белге қалың қол қаптап шыға-шыға келген екен. Олар осы арада аттарының басын тежеп шоғырланып іркіле түсті. Кейінгі жақтан лек-лек боп еселеп құйылып жатқан қалың непірді алдыңғы топқа жақындатып бас-аяғын жинап алды да, қылыштарын суырып қиқулап лап қойды. Ат тұяғы əлгіде ғана маужырап тынып тұрған дүниені дүбірлетіп алып барады. Көлденең созылып жатқан сары белдің шаңы аспанға шықты. Шаң арасынан ұзын найзалар шошаңдап, жалаңаш қылыштар зəр төге жарқ-жарқ етті. Ат тұяғының дүбірі əлгіден де гөрі үдеп қаһарлы қалың қол селдей қаптап етекке құлады.

Еламан қалтыраған қолымен қарауын іздеді. Оңы мен солына асығыс көз тастап, өзінің жігіттерін шолып өтті. «Əзірленіңдер!» — деп əмір еткісі келген-ді, бірақ бұның əмір-бұйрығынсыз да жігіттердің мылтығын оқтап жатқанын көрді де үндемеді. Окоп бойы абыр-сабыр. Сатыр-сұтыр оқтаған мылтық, жүгірген кісілер. Шолақ қайырған əмір-бұйрық:

— Пулемет дайын ба?

— Оқ жеткілікті ме?

— Гранаталарыңды əзірлеңдер!

Еламанның көбірек қорыққаны — өзінен қол созымдай жердегі пулемет ұясы. Пулеметчик уыздай жас жігіт еді. О да көппен бірге көзін алдына тігіп пулеметке жабысып қалған екен. Енді Еламанның көңілі орнығып, көзін алдына тастады. Қалың қол əлгіден де көрі жақындап қапты. Шоғыр түйдегі жазылмай толқын-толқын боп келеді. Сары да-

ла жүзін басқан шаң арасынан он шақты атты суырылып озып шығыпты. Еламан екі гранатты окоптың кенеріне қойып жатып та, көзін алдынан айырмады. Бойын аяз қысқандай азырақ діріл бар. Соған жыны келген жігіт әр кездегідей ұрыс алдында өзіне-өзі ызалана бастады. Оңы мен солына тағы да көз тастап шолып өтті де, шаң астынан суырылып шыққан әлгі он шақты аттыға қайта қарады. Әсіресе торы шолақ аттының түрі бұзық. Жалаң бас. Белінде белбеуі, иығында погоны жоқ. Күнге күйген сұр көйлектің омырауы ашылып кеткен. Сақал, мұрт басқан қап-қара бетінде тістері ғана ақсияды.

Еламан бір қарағаннан-ақ мынаның бұндай талай-талай айқасты көрген жырынды кісі екенін біле қойды. Өзгелерге ұқсап көп дүрмекке құр ілесіп бет-алды қиқулап келе жатқан жоқ. Қылышын қамшыдай сермеп алыстан айбат шегіп ұрынып шаппайды да. Осы келе жатқанда торы шолақ аттың қос тізгінін тежемей, не бос қоя беріп далақтап шаппай ер үстінде құйған қорғасындай боп жабысып апты. Ат үстіндегі әр қимылы есептеулі, өлшеулі. Өзгелерге ұқсап қылышын көкке сермеп, алыстан айбат шегіп келе жатқан жоқ. Қайта қылышпен бетін қорғағандай қолындағы безеп алған көк болаттың жүзі үнемі көзінің алдында жылтылдады да отырды.

Снарядтар жарыла бастады. Ағызып келе жатқан ақтар ат үстінен ұшып түсіп жатыр. Еламанның оңы мен солынан пулеметтер тақылдап, мылтықтар бытырлап қоя берді. Еламандар әлі үнсіз, әлі бір оқ шығарған жоқ. Жас пулеметчик те үнсіз. Қолы қарысқанша гашеткеге жабысып апты. «Жарайсың, жігітім»,— деді Еламан сүйсініп. Ол тек өзге жігіттердің шыдамсыздана бастағанын байқап: «Жақындатып атыңдар»,— деп әмір берді де, әлгі торы шолақ аттыны қарауылына алды.

О да Еламанды көзімен атып барады. Торы ат иесінің құлқын сезгендей қос құлағын жымып ап шөбі күйген сұр даламен зырқырап келеді. Шолақ құйрығын сілтеп тастап, бауыры жазылып аяғын лып-лып жеңіл алады. Шелектей үңірейген кең танаудың аржағынан қызыл еті көрініп пырпыр етіп төніп қалған-ды. Еламан көздеп атып жіберді. Атқан оғы төбесін жалап өтті. Сөйтті-ау. Солдат басын шұғыл бұғып, ілгері созған ат мойнына қарай еңкейе түсті. Бірақ көзін қарсы алдындағы жүзбе-жүз келіп қалған жауынан айырмады. Қапысыз қимылдайтын кездегі машықты бір әдеті болса керек, ол қылышын әлі көтерген жоқ. Тек бой-

ындағы бар қаһарын қылыш ұстаған қолына салып тістері ақсиып кіжіне түсті.

Еламанның жон арқасы мұздап кетті. Аса жақын жіберіп алғанын білді. Асыққаннан жөндеп көздей алмады. Қайта атуға үлгірмеді. Өйткені анау да шабуға ыңғайланып қылышын жарқ еткізіп қайқая көтеріп алып еді. Еламан енді басын қорғап жасқанып бұға қалды. Төбеге төнген қылыш қазір сыр етіп шауып түседі-ау деген суық ойдан тұла бойы сонау қара бақайына дейін қалтырап қоя берді. Ол енді өзіне төнген қатерден басқа бір нәрсені көрмеді де сезбеді. Торы шолақ аттымен қатар жеткен еңгезердей бір солдаттың окоп үстінен атын ырғыта бере бала жігітті шауып өткенін көрмеді. Ойда жоқта сап ете қалған комиссарды да көрген жоқ. Петр Дьяков окоп бойымен жүгіріп келе жатып, торы шолақ аттыны дәл қылышын көтере бергенде атып жіберді. Торы шолақ атты тақымы босап ерден сыпырылып түсіп бара жатқанын сезіп, жан-дәрмен ат жалына жабысты.

Тізгіні босағанын ат та сезе қойды. Қарсы алдында үңірейген окопты көргенде, қос аяғын баурына қысып, құлағын тас қып жымып ап қояншa ырғып кетті. Жоғары қараған Еламан үстінен ырғып бара жатқан торы аттың шала терлеген бауыры мен көгілдір ауаны есіп лып-лып еткен төрт тұяғын көрді. Және әлденеңің окопқа былақ етіп құлап түскенін байқады. Қараса... жаңағы солдат болып шықты. Қылыш ұстаған қолын астына алып, тар окоп ішінде бүктеліп жатыр.

Петр Дьяков бұның жанынан жүгіріп өтіп бара жатып «Грана-та»,— деп айқайлады. Еламан әлгіде ғана окоп кенеріне әзірлеп қойған екі гранатаға жармасты. Шоғырланып келіп қалған төрт-бес аттылыны көрді. Не дегенін өзі де білген жоқ, әйтеуір аузына түскен бір ызалы сөзді айқайлап, кісі бойы окоптан еңсесін тіктеп көтеріле берді де, гранатты жіберді. Екіншісін тағы жіберді. Ол бірақ осы мына алағайда-былағай боп жатқан дүниеден граната даусын есітпеді. Тек көз алдында бұрқылдаған қара топырақты көрді. Аяғын аспанға сермеп шапшыған аттарды, құлап бара жатқан солдаттарды көрді.

— Жарайсың,— деді Дьяков. Еламан сияқты, бірақ бұ да өз даусын өзі есіткен жоқ. Жүгіріп кеп үні өшіп қалған пулемет жанына жата кетті. Пулеметшінің қылыш шапқан қан-қан денесін ары ысырды. Гашеткаға тістесіп жабысып қалған саусақтарын шаққа жазды.

— Келіңдер. Кәне, жақындаңдар... иттің асыраған төлдері,— деді Дьяков. Үнсіз пулеметке тіл бітіп тақылдай жөнелді.

Ақтар шыбын жанын шүберекке түйіп алған. Төсек боп қырылғанына қарамай аттарын борбайлап, қылыштарын сермей ұмтылады. Жолында жатқан өліктерден атын ырғытып, тағы бір тобы түйдектеліп келіп қалды. «Гра-ната!» — деп айқайлады Дьяков. Бірақ даусы шықпаған сияқты. Мылтықтар қуырған бидайдай бытырлап, пулеметтер дем алмастан тақылдап жатыр.

Дьяков пулеметтен бауырын жаза бере, бұрылып жанжағына көз салды. Окоп бойынан ыңырсыған дауыстар шықты. Носилка көтерген біреулер жүгіріп өтті. Ұрыс даласының үстін басқан жүлге-жүлге түтіннің етегі ыдырап ойпаңға қарай ойысып барады.

Күн көтеріліп төбеге кеп қапты. Қапырық ауа кісінің тынысын ауырлатып жіберді. Петр Дьяков буынып бара жатқандай болған соң қалтыраған қолымен көйлегінің түймесін ағытты. Қасына келген Еламанға көзінің қиығын тастады. Қалжыраған өңіне күлкі тепсініп, «тірі қалдық-ау, әйтеуір»,— деген арғы жағындағы ойын аңғартты. Еламан да алқынып тұр. Өмір үшін жанталасқан жағаласта күн қаққан қара сұр беті темірдей қатайып кетіпті.

— Қарсы шабуылға шығамыз. Әзірленіңдер,— деді Дьяков.

Еламан жігіттерін тез көтерді. Кейінгі жақта, сай бойына ініріп қойған аттарға басқалардан гөрі Еламан бұрынырақ жетті. Ауыздығы сылдырлап сай бойының жусанын үзіп жеп тұрған мес қарын қараға ырғып мінді. Күрең қасқа аттан қол үзгеннен бері осы мес қараға үйрене алмай жүрген-ді. Осы жолы да ол астындағы аттың ықылассыз аяқ алысына ызасы кеп, қамшымен тартып-тартып жіберді. Мес қарын қара ыңыранып бір-екі тезек тастады. Сай бойының қарсы қабағына қиялай салып бара жатып жапырлап аттарына мініп жатқан жігіттерге көз тастады. Кейінгі жақтан Қостанай полкі көрінді. Алдындағы ақ боз атты командирдің ырқынан шыға алмай шаң астында шоғырланып түйдек-түйдек боп текіректеп келеді екен. Еламан өздерінің осы шабуылда Қостанай полкімен тізе қосып, қоян-қолтық қимылдайтынын білді. Тоқ ат денесін ауырлап, ырсылдай бастағанына қарамай жарқабаққа басқалардан бұрынырақ сыдыртып шыққан-ды. Бұның алдына біреу жүгіріп кеп әзір іркіле тұрсын деген Дьяковтың әмірін жеткізді. Қостанай полкі де тоқтады. Еламанның жігіттері аттан түсті.

Күн астында ніріліп отырып қалды. Сонан түс ауа атқа қонды.

Бұл кезде ақтар бас-аяғын жинап шабуылға қайта шыққан еді. Ақтарға қарсы Қостанай полкі ұмтылды. Олардың алдына Еламанның жігіттері түсіп кетті. Әли бастаған аты ұшқыр жігіттер салған жерден суырылып шығып, Еламанды шаң астында тастады. Қанша мінсе де тоғы басылмай, салқы қарны шерміп жүретін қара ат «э» дегенде сірә да артта қалатын. Қара аттың сырына қанық Еламан бұрын шаң астынан тезірек шығуға тырысып бір қапталын ала шабатын-ды. Бүгін көңіліне қобалжу енді ме, бұрынғы қатты тұтынатын дағдысы есінен шығып «шу» дегенде, қалың дүрмектің арасына түсіп кетті. Аттар бауырын жазып, көсіліп шапқанша түйдек-шоғырлары жазылмай бір-бірімен бүйірлері соғысып қап үзеңгілер шылдырап жатты. Салған жерден алдына түскен тобылғы торының артқы қос тұяғы бейне бұған қос уыстап топырақ шашқандай. Жаз бойы жаңбыр тамбаған кебір даланың құмын, кесегін бұның беті мен қара аттың ілгері созған басына жентек-жентектеп лақтырып келеді. Танауына топырақ толған қара ат әрі-беріден кейін қос бүйірін соғып ырсылдай бастады.

«Шіркін-ай, күрең қасқа болғанда»,— деп ойлады Еламан. Алдыңғы аттың тұяғынан ұшқан топырақ көзіне түсе берді. Еламан тізгін ұстаған қолын қайта-қайта ілгері созып алақанымен аттың көзін сүртіп қояды. Тобылғы торының шаңынан шыққысы келген Еламан шауып келе жатып өз атының басын оңға да, солға да бұрып көрді. Бірақ соның бәрінде де ана ат та қасақана бұның бұрылған жағына жалт беріп, құрық бойындай алда тер шыға бастаған сауры бұлтылдады да отырды. Бір тұтамдайын кескен шолақ құйрығын ауық-ауық шолтаң еткізіп сермеп тастап мына қара аттай емес, ол төрт аяғы денесін ауырламай пыр-пыр етіп құп-қунақ келеді. Көпке дейін қара аттан тер шықпай бұлыға береді. Шаң басқан құлағы мен қошқар тұмсығының тықыр түгі бозғылдана бастады. Шапқан аттан гөрі ауыр жүк тартқан ат сияқтанып екі өкпесін соғып ырс-ырс етеді Тер буған денесі қиналып тоқым астында дір-дір етіп келеді.

Қара ат тағы да тезек тастады. Онан сайын Еламан ызаланып: «Аузы оттан кетпейді, іші анау, балық жұтқан жайынның қарнындай салпиған»,— деп ойлады. Еламан жау шамасын байқағысы кеп қайта-қайта ілгері қарады. Соңғы қарағанда жау бозтөбенің баурайына құлапты. Тұлғалары іріленіп, түрі-түсі көрініп қалғанын байқап, ол енді

бұрынғы дағдысы бойынша өзіне ыңғайлағанын ойша таңдай бастады. Қылыштарын сермеп, қиқулап құтырынып шапқан жау түйдек-шоғырымен кеп ұмар-жұмар айқаса кететіндей еді; кенет күтпеген жерден аттарының сірісін жапыра жалт-жалт беріп бұларға жауырынан тоса зытып берді.

Қашқан әскердің кейінгі жағында қалғандарда зәре жоқ. Әлгіде ғана өздері селдей қаптап құлаған сұр төбенің бауырайында енді тырағайлап шауып бара жатып, жалтақтап артына қарап-қарап қояды.

Еламан қара аттың қалай көтерілгенін байқамады. Сұр төбеге жұрттың бәрінен бұрын шауып шықты. Қашқан жаудың соңына түсіп ылдиға қарай құлдилатып ағыза жөнелді. Осы арада ол бір сәт кезеніп алған нысанасынан көзін ала бере астындағы қара атқа назар сап еді — тұла бойы тегіс терлепті. Ұзын мойны құдды союға сүйреп апара жатқан аттың мойнындай созылып, қос құлағын тас қып жымып алған. Керегеленіп жатқан қою жалы екпіндеп соққан жел астында ерсі-қарсы шайқалып, төрт тұяғы жерге тиген сайын дір-дір етеді. «О, жануар-ай!» — деді Еламан ырза боп. Сөйткенше болмай, қара жал сары атты біреуге шаужайласып қалғанын байқады. Қара ат оның оң жағын алып келеді екен. Өзінің бейқамдығына ыза болған Еламан қара аттың тізгінін қатты жұлқып, шабуға ыңғайлы жағына қарай шапшаң бұрып алды. Қара ат енді ананың сол жағын ала қатарласа берді. Еламан көзіне құйылған терді қылыш ұстаған қолының сыртымен сүртіп тастап, емініп ілгері ұмтылды. Соны сезгендей анау да жалт қарады. Көзіне көзі түсті. Ағы айналып кеткен көзінен жан ұшырған үрей көрді. Еламан осы қазір оның бойында қарсыласатын қауқар қалмағанын байқады. Онан өлік исін сезгендей бетін қашыртып бұра берді. Шынында да оның қылыш астында бір уыс боп қалған денесі құла атқа өңгерген өлік тәрізденіп, жаңа ғана кіжініп ұмтылған жауға құлқы шаппай қалды. Қаһарлана көтеріп алған қылышын қынусыз сілтеді. Бұл қылыш сілтер-сілтеместен-ақ анау аттың арғы жағына аударылып түсті. Топырақ бұрқ етті. Үріккен ат қос аяғын артына қарай сілтеп қалды.

Еламан ерден аударылып бара жатқан денесін тез билеп түзеліп отырды.

Қапы кеткеніне жыны келіп, қолындағы қылыш сабын сығымдай түскен-ді. Осы кезде «қайт, қайт» деген дауыстар шықты. Еламан жаңа байқады: 68-разъездің бет алдында

қара құрымдай қаптаған жау шебіне еңкілдеп келіп қалған екен. Бұлар аттарының басын асығыс бұрып кейін қарай сәлды.

VI

Ақтардың тағы бір шабуылын тойтарды. Петр Дьяков темекі шеккісі кеп аңсары ауып кетті. Құты түбінде қалған сумен аузын шайды. Бір-екі рет жұтып еді, күнге қызып кеткен су жүрегін көтерді. Сонан соң жөтел буып шегі үзілердей қиқылдады. Тізе бүгіп дем алғысы келсе де, осы қазір отырса енді қайтып түрегеле алмастай сезді. Қалжыраған денесін окоп кенеріне сүйеді. Күн еңкейіп қапты. Күндізгі қапырық ыстықтың аптабы әлі қайтпаған. Оқта-текте ерттей жалын соғады. Окоп кенеріндегі жалданып үйіліп жатқан сары топырақ сусылдап бет жағы борап кетеді. Биік көк аспанда жөңкіп өтіп жатқан аудан-аудан алашабыр ақ бұлт. Ұрыс даласының үстін басқан түтіннің етегі ыдырап, аттар мен адамдардың өліктері үйме-жүйме боп қарайып жатқан ойпаңға қарай ығып бара жатты.

Дьяковтың ұрыс кезінде тас боп бітіп қалған құлағы қазір біраз ашылып, окоп бойынан ыңырсыған дауыстарды ести бастады. Біреулер жүгіріп өтті. Жаралыларды тиеген арбалар сықырлап кейінгі жаққа келіп жатыр. Ұрыс даласының үсті бір сәт ішін тартып тына қалды. Окоп маңында селтиген қадау-қадау жусандардың түбіне шегіртке шырылдады. Бір торғай окоп үстінен ұшып өтіп ілгері барып қонды. Сұр кесектей ғана кішкентай құс сұр жерге баурын басып білінбей жата қалды. Бұл сорлылар да жаңағы алапат ұрыстан аман қалғанына мәз боп, осы мына маужырап тынып тұрған айдай әлемге өздерінің кішкентай қуанышын паш етіп білдіріп жатыр-ау шамасы.

Дьяков күлімсіреді. Өзін қоршаған жарық дүниені жаңа көргендей жан-жағына бір түрлі таңырқаған кескінде зейін қойып қарады. Адам баласына қашан ақыл кірер екен? Кісінің бірден арқа етегі кешіп, денесі жайылып қоя беретін осынау тамылжыған тыныштықтың қашан рақатын көреді. Әрбір қырғын соғыстан кейін енді қайтып қолына қару алмайтындай көресің. Жә, бәлкім, ертеңгі соғыс жер бетіндегі ең соңғы, ең ақырғы зор майдан болар. Бүгін ақтар шабуылға шықпас. Ерген тағы да тойтарыс бере алсақ жарар еді. Тойтарыс берерміз. «Идут га-ды!» Петр Дьяков алғашқыда қате естідім бе деп қалды. Жаама-жан дүрбіге жармасты. Сары белден тағы да шаң шықты. Бұл жолы жаяу әскер-

лер алдына броневиктерін салып, тулары желбіреп лек-лек боп келе жатты.

— Дайындалыңдар!

— Дайындалыңдар! — деген шолақ бұйрық окоп бойымен сумаңдап тез тарады.

VII

Келесі күні Дьяков таң қараңғысынан оянды. Бірнеше күннен бері шала ұйқы боп жүргендікі ме, басы көтертпей сынып барады. Окоп түбінде қос шекесін алақанымен қысып отырды да, кенет басын сілкіп қап атып түрегелді. Осы күнгі өз жағдайына сыр мінез. Құдайдың құтты күні дәл осылай өз денесін өзі ауырлап әзер-әзер тұрса да, әрі-беріден кейін ұйқысы ашылып, басының ауырғаны да кетеді. Сүйтетінін өзі біледі, Дьяков бір-екі рет аузын алақанымен басып есінеп алды. Қорғаныс шебінің әр тұсынан бой көрсетіп, ілгергі жағына үнсіз қадалған күзетші жауынгерлер болмаса, басқа жұртта сес жоқ. Шамасы, сірә, кешегі қырғын ұрыста қатты қалжыраған кісілер таң алдындағы тәтті ұйқыға шомып, мылтығына сүйеніп қалғып-шұлғып отырған сияқты.

Петр Дьяков окоп бойын жағалап шықты. Бір жерден Еламанды көрді. Пулемет ұясының жанында басы кеудесіне түсіп қалғып отыр екен. Дьяков жау жаққа көз салды. Таң алдындағы дағдылы қараңғылық қазір ала-бөле аналар жақта тұтасып, жау әскерін көзден тасалап түксиіп апты. Кеше қатты тойтарыс алған жау түні бойы ызғарын ішіне тартып, үн-түнсіз жатыр. Дьяков олардың ызалы екенін білді. Кешегі күні қызылдардың бекінісін бұза алмаса да бұратала беті қайтпағаны белгілі. Бір есептен генерал Чернов кешегі күні қолынан келмеген қайратын бүгін көрсетіп, бұлардың қорғаныс шебін бұзып өтер. Я, я, бүгін олардан бәрін күтуге болады. Бәрі мүмкін. Бәрі мүмкін... Ажалға басын байлап алған кісілер неден аянсын. Және... өздеріне қарағанда олардың күші әлдеқайда басым. Қару-жарақтары сайлы. Дьяков бүгінгі қырғынның түрі басқа боларын білді. Бірыңғай қол күшіне салса, олардың үстемдік алып кетуі мүмкін.

Жазғы таң сібірлеп баяу атып келеді. Жел жоқ. Ақ нектеніп іргесі бозарып келе жатқан осынау бейқам дүние ештеңеден қаннен-қаперсіз. Төңірек тылсымдай тынып тұр. Күнде осы кезден бастап жағы сембей шыр-шыр етіп безектеп болатын боз торғай да бүгін үнсіз. Дьяков елегзігендей

боп төңірегіне тынышсызданa көз салды. Дәл осындай жан түршігерлік жым-жырт тыныштықты бұл әнебір жылдары Сібірде айдауда жүргенде басынан кешкен. Жұрт таң қараңғысынан оянып, топырлап жұмысқа кетеді. Жел ызғыған аңғал-саңғал баракта бұл күні бойы жалғыз. Қамсауы жоқ көне одеялдың астында бір уыс боп бүрісіп алады. Денесі күйіп-жанып қызуы қатты көтерілгенде еріндері кезеріп сандырақтап кетеді. Кейде ол есін жиғанда ішке тартқан демін сыртқа шығара алмай тынысы тоқтап, тұншығып бара жатады. Тұла бойы мұздай терге малшынып қалшылдап қоя береді. Сонан бір кезде тәуір болады. Есік, терезесінен жел ызғыған барақ іші құлазып, маңынан қара-құра іздеп елегзиді. Сол кезде тымқұрыса сыртта тұрған күзетшінің есік алдына таман жақындап келгенін, осынау қар бораған ақ түтек дүниеде бұның өзінен де басқа тірі біреулердің бар екенін, адамзаттың аяқ басқан тықырын есіткісі келетін.

Жауынгерлер ояна бастады. Окоптың ұзына бойынан шала ұйқы кісілердің есінегені естілді. Кейінгі жақтан оқ тасыған кісілер еңбектеп кеп сырғанап окопқа түсіп жатыр.

Күн әлі шыға қойған жоқ еді; окоптың әрегірек тұсынан әлдекім «бастады» деп айқайлап жіберді. Дьяков дүрбіге жармасты. Бұлардың ілгергі жағындағы сары белден шаң көрінді. Дьяков денесіндегі дірілді тоқтата алмай, бір түрлі абдырап сасып қалды да, оңы мен солына тез көз тастады. Мылтықтар сатыр-сұтыр оқталып, кейбіреулер гранаттарын әзірлеп окоп кенеріне қойып жатты. Әлимен қатар тұрған ұзын қазақ селебе пышақты тасқа ерсілі-қарсылы жанып-жанып ап, қынына қайта салды.

Дьяков оқ атпаңдар деп әмір етті. Сонан соң кейінгі жақта тұрған батареяларға дереу кісі жүгіртіп, оларға да қатты тыйым салды. Ақтар жазық кең далаға қанатын жайып лек-лек боп келеді. Шаң арасынан болат найзалар қылтылдап елең-алаңдағы бозғыл сәулеге күңгірт құбылады. Еңгезердей ірі солдаттың қолындағы ақ ту желсіз тымық ауада желбіремей сағасына оралып жиырылып қапты. Шеру тартқан қол алдында полк командирінің өзі. Сары жирен мұртының шалғысы салбыраған қапсағай арық офицер. Қолында суырма қылыш. «Қалып қойған жоқ па?» — деген күдікпен қайта-қайта артына бұрылып, өзінен қол созымдай ғана кейінде келе жатқан әскерлеріне қарап қояды. Шамасы, ілгергі соғыстардың бірінде оқ тиген бір аяғын ауырсынғандай сылтып басып, жусанды сұр далада жиі сүрініп келеді. Қалың қол қаптап сары белдің етегіне құлады. Осы арада полк командирі артындағыларға бұрылып

айқайлап бірдеңе деді де, алға қарай қылышын сермеп бұрынғыдан да көрі қаттырақ ақсап жүгіре жөнелді.

— Жолдас комиссар, бұнан артық жақын жіберуге болмайды,— деді біреу.

Дьяков оған назар аударған жоқ. Екі көзі алда. Мына келіп қалған жау — Пластунский полкі. Түнде өткен солдаттың айтуына қарағанда, осы полкта наразылық күшті. Бұлар, әсіресе, атаман Дутовтың Казачий полктерімен қырғи қабақ. Орскіден бері өткен соң-ақ бұлар орыс жерінен қол үзіп қашықтап кеткендерін ұнатпай, ішінен тынып әзер-әзер жүрген. Соны сезгендей полк командирі де солдаттарына қайта-қайта бұрылып, құлықсыз кісілерге осы бір қысылшаңда күш-қуат беріп келеді.

— Жолдас комиссар, бұдан артық...

Дьяков тағы да түк есітпей қалды. Құлағы да тас боп бітіп, басы зыңылдап кетті. Енді кішкене кідірсе жұлын жүйкелері шарт үзілетіндей шиыршық атып барады. Ол жау әскерінің төніп қалғанын көрді. Найзалы мылтықтар, түйілген қабақтар, топырлап басқан мың-мың аяқтар. Ол енді полк командирінің күнге күйген жүдеу бетінде сорғалаған терді де анық көрді.

Дьяков дірілдеген қолымен көзіне құйылған терді асығыс сүртіп тастады да, окоптан ырғып шықты. Уысында қысқан бір шаршы ақ шүберекті желпіп жазып жіберіп:

— Бауырлар, тоқтаңдар! — деп айқайлады. Бойындағы бар күш-қуаты осыған ғана жетті. Осыдан кейін не болғанын жөндеп білген жоқ. Полк командирінің солдаттарына айқай сап ұран тастағанын да көрмеді. Полк командирімен шалғайласып қатар келе жатқан бір ақ офицердің мұны атпақ болғанда, бірақ оны өздерінің ішінен біреудің атып тастағанын да көрмеді. Ол тек осы бір өмір үшін жанталасқан жағаласта мыналардың тілге тоқтап, ілгері аттамай тұра-тұра қалғанын көрді.

— Бауырлар... біздің жаққа өтіңдер!

VIII

Бұл күні генерал Чернов шабуылады ертеңгі салқынмен бастап еді; өзі де шабуылға шығатын әскерлермен аралас атқа қонып, ұрыс іргесіне жақындап барды. Қасында бір қора кісі. Ішінде Тәңірберген бар.

Биік қара жалға көтерілген соң ат басын тартты. Дүрбіні көзіне апарды. Бұл кезде бүгінгі шабуылды бірінші боп бастаған Пластунский полкі сары белден әрі асып түсіп,

қызылдардың қорғаныс шебіне еңкілдеп төніп қалған екен. Қарсылық көрсететін шамадан асса да, қызылдар әлі үнсіз. Бәрінен бұрын зеңбіректердің оқ атпай жым-жырт жатып алғанына таңданып тұрған. Кенет генерал қуарып кетті. Бірақ қыбыр еткен жоқ. Дүрбі буланып кеткендей болған соң ол әйнекті асығыс сүртіп, жұрттың бәрі көз тігіп қалған жаққа қайта қарап еді; қызылдар мен ақтар апақ-шапақ араласып кеткен екен. «Атаңа нәлеттер-ай!» — деді генерал. Қоңыр төбе басы құдды кісі өлігіне жиналғандай. Тіл қатуға бата алмаған кісілер Черновтан ат бойындай кейінде үнсіз ұйлығып тұрған-ды. Осы кезде бір офицер ілгері жақтан құйындатып келді.

— Қызылдарға өтіп кетті!..

Генерал Чернов қыбыр етпеді. Қасындағы бір кісіге көз салмай қабағы түсіп тұнжырап алған. Біраздан кейін ғана ол штаб начальнигін қасына шақырып, шабуылды қайта бастаңдар деп әмір етті. Штаб начальнигі үнсіз тыңдады. Лəм-мим деместен ат басын кейін бұрып, жөнелe бермек болғанда генерал оны қайта тоқтатты. Көзін жерден көтермей тұрған штаб начальнигіне бұ да назарын тіктеп қарай алмады. Күңгірлеген көңілсіз даусыпен: «Пластунский полктың қызылдардың жағына өтіп кеткенін әзір тістеріңнен шығармаңдар»,— деді. Штаб начальнигі басын ғана изеді де, екі офицерді қасына ап жүріп кетті.

«Өзімнен болды»,— деді генерал. Қанша ұмытайын десе де, жаңағы оқиға ойынан шықпай тұр. Не қара басқаның қайдам. Атты әскерлер болмаса жаяу әскерлердің арасында наразылық барын білді. Оларға сенуге болмайтынын да жақсы білді. Көңіліндегі күдікті анықтағысы кеп ол шабуылға шығар алдында жаяу әскерлер полкін аралап шықты. Үсті-басы кір, сақал, мұрты өсіп кеткен солдаттар қолбасы келді-ау, кетті-ау деп сәлт еткен жоқ. Тұнжыраған түрлерін ұнатпаған соң жанарынан арғы жақтарындағы құлқын байқағысы кеп еді; бірақ олар көзін қашырта берді. Қашан бұның қарасы үзағанша жаулық ниетін жасырмай үнсіз томсарып алған солдаттардан жүрегі шошыды. Полк командирінің не айтып, не қойғанын да жөндеп ұққан жоқ. «Бұларды ұрысқа қалай салам?» — деген күдікті ойдан көңілі ауырлап қайтқан-ды.

Генерал Чернов осы күні өзін кәрілік жеңе бастағанын сезіп жүр. Бұрын қол астындағы кісілердің құлқын жер түбінен сезетін. Бұрын аз қателесетін сияқты еді; және не істесе де жүрегі дірілдеместен істейтін. Кейінгі жылдары қадам басса қателесе беретін болған соң көңілінде күдік,

қорқыныш тұрады. Осы өмірдегі мықты бір қатесі — көктемдегі 249-шы номерлі бұйрық болғанын кейін білді. Көктем егісі кезінде қатын, балаға қолқабыс болсын деп жасы қырықтан асқан атты казактарды үйіне қайтарып еді. Енді байқап қараса сонысы азып-тозған әскер қатарына аз іріткі салмапты. Жаяу әскерлер мен атты казактар арасында қырбай араздық басталды. «Ия, бәрі өзімнен. Өзім кінәлімін»,— деді де, Чернов дүрбіні көзіне қайта апарды.

Екі полк шабуылға шығыпты. Олар қызылдардың қорғаныс шебінің алдындағы сары белге жаңа тырмыса бергенде, кейінде тұрған зеңбіректер жеделдетіп атқылай бастады.

Тәңірберген төңірегіне сергек көз сап тұр. Кешегідей емес, бұлардың бүгінгі тұрған жері қауіптірек. Снарядтар жүндей түтіп жатқан соң анау ұрыс даласының өзіндей дода-додасы шығып жатпаса да, бұлар тұрған бөлік қара жалдың басында да тыныштық шамалы. Үйдей топырақ кейде бұлардың алдынан, не артынан бұрқ етіп аударылып түседі. Және жақын-жуық жердің бірінен атқан кіші-гірім зеңбірекке ұқсамайды. Жағаға жақындап кеп қала үйлерінің үстінен асыра атып, анда-санда бір зәр шашып тұрған соғыс кемелерінің дәл өзі сияқты. Снаряд жарылған сайын Тәңірбергеннің астындағы үркек ат осқырып басын ала қашып тұр. Тәңірберген қандай қорқынышты сәттерде тұла бойы түп-түгел мұздап қоя берсе де, сырт өңі өзінің бәз баяғы салмақты қалпынан өзгермейтін. Тықыршыған атты тыпп еткізбей қос тізгінін қарыстырып ұстап алған; генерал Чернов көз тіккен жаққа бұ да ұзақ-ұзақ қадалады. Қанша қараса да, мына астан-кестеңі шыққан дүниеде не боп жатқаны белгісіз. Қай жағына көз салса да, шаң арасында шоғыр-шоғыр боп томпаңдап жүгіріп бара жатқан солдаттар. Ауылдан кеш өрген қойларды қатал бақташы да дәл мына солдаттардай алды-артына қарамай жонын бұлтылдатып қуатын. Тәңірбергеннің көзі жасаурап кетті. Оның үстіне солдаттар кетіп бара жатқан жерге снарядтар жауа бастады. Бұрқылдаған топырақ. Жыртылған ту. Жан ұшырып жүгірген кісілер. Жүлгеленіп жүзген дәрі түтіні. Ақ ту қайта желбірегендей боп еді. Бірақ шаң мен түтін жұтып көз жазып қалды. Жаңа ғана көз ұшында найзалары жалтылдап бара жатқан солдаттар сұр шаң арасына сіңіп кетті. Шынымен-ақ шалғы жүзіне іліккен қамыстай жусап қалды ма? Сүйтті ме? Тәңірберген генерал Черновқа қарады. Чернов дүрбіден көзін алған жоқ. Шала ұйқылы өңінің құп-қу боп қаны қашып кеткені болмаса, осы қазір

де ол орасан салмақты. Жас мырзаның жүрегі орнына түскендей.

Тәңірберген генерал Черновтан көзін алып, түткен жүндей дода-додасы шығып жатқан жаңағы жаққа қайта көз тікті. Қызылдардың зеңбірегі оғын енді окопқа жетіп қалған ақтардың үстінен асырып, ілгері тастап тұр. Бұрқылдаған шаң-топырақ басылыпты. Шыбын жанын шүберекке түйіп алған сұр киімділер ғана қарсы алдынан түтеп- атылған оққа қарамастан жүгіріп бара жатты. Сол жақтан ұрандаған дауыстар шықты. Қаптап жүгірген кісілердің арасынан біреу аяғынан қағып құлатқандай он-он бестен қалып жатқан. Кенет Тәңірберген сенер-сенбесін білмей көзін уқалап жіберіп, ілгері жағына қайта қарады. Жау шебіне жетіп қалған генерал Чернов әскерінің қарсы алдынан құдды қара жерді жарып шыққандай қалың қол қаптай көтерілді. Олар да найзалы мылтығын кезеп, үстіне кеп қалған жауға қарсы айқайлап өре-өре түрегелді. Екі жақ бірбірінің қолында өлетіндей-ақ шарт-шұрт айқасты да кетті. Тәңірберген өздерінің тағдыры осы шайқаста, тап осы қазір шешілетіндей сезді. «Жеңер ме екен, жеңілер ме екен?» — деп ойлап, тап бағанағыдай тағы да дегбірсізденіп кеткені соншалық, кейінгі күндері қатты ширығып алған жүйкесі шарт етіп үзіле жаздады. Тып-тыныш тұрған атты тебініп қалды. Ат ала жөнелгенде, бұл ырқына жібермей, қарыстырып ұстаған қос тізгінін ызалана жұлқып еді. Темір сулық езуін айырып жіберген ат тақым астында дір-дір етіп шегіншектеп барып тоқтады.

«Әй, жеңер дейсің бе?»— деген ой келді. Күдігін анықтағысы келгендей қасында тұрған кісілерге қарады. Бәрінде де түс жоқ, өң жоқ, танауы қусырылған боп-боз. Сабырлы Чернов та шыдамын тауысқандай сәл нәрсеге де қабағын шытына қалады. Осы кезде өздерінің арасынан біреу: «Біздің әскер қызылдардың қорғаныс шебін бұзды»,— деп айқайлап жіберді. Генерал Чернов әскерінің қырылғанына қарамай тірілері өлгендердің үстін басып қызылдардың окобына қарғып түсіп жатқанын көрсе де, соған сенер-сенбесін білмей тұр еді; мына бір қуанышты дауыс көңіліндегі күдігін тарқатып жіберді. Бір түйір жас көзінен мөлт етіп тамып кетті. Дүрбі әйнегі буланып, тап жаңағы ұрыс даласы көзінен ғайып болды. «Түу, сайтан алғыр»,— деп қысылып қасындағы кісілерге көрсетпей дірілдеген жасты сүртіп тастады. Дүрбіге қайта қараса, өзінің әскерлері окопқа баса-көктеп кіріпті. Генерал Чернов ең соңғы шешуші сәтке сақтап отырған Каппел корпусының тың полктарын ұрысқа

салды. Бірақ қызылдар бекінісін тастамай табан тіреп тұрып алды. Жаны қысылған кезде олар да кейінде тұрған Қазалы, Жосалы, Ақмешіт отрядын ұрысқа асығыс салып еді, үстерінен қара май кимін тастамаған теміржолшылар топырлап жүгіріп кеп, ақтардың офицер полкімен шартшұрт айқаса кетті. Тар окоп іші бұрқылдаған шаң, қашырлаған темір, ырсылдаған алыс.

Осы қазір үзілді-кесілді бір жағына шығатын — не жеңіп, не жеңілетін шешуші сәт еді; оны қызылдар да, ақтар да білді.

Генерал Чернов өзімен үзеңгілес тұрған атаман Дутовқа бұрылды:

— Александр Ильич, қазір ұрысқа атты әскер полкін салса қайтер еді?

Ағылшын генералы келіп кеткелі атаман Дутов көңілсіз жүрген-ді. Ертеңгі күні өздері Арал түбіндегі қызылдар шебін бұзып өтсе де, өтпесе де ол генерал Черновтан іргесін ашып алмақшы. Өзіне қарасты әскермен Жетісу өлкесіне өтіп, сәті түссе оның арғы жағында Үрімшіге бір-ақ аспақшы. Ендігі жерде генерал Черновтың қолына ілесіп, Каспийге баратын ойы жоқ.

Ағылшын әскеріне қосылса, өзінің кішкентай кеспелтек денесі көп мықтының арасында көзге түспей қаларын білді. Осы ойға табан тірегелі Орынбор атаманы генерал Черновқа да ыңғай бермей үнсіз сыздап алып еді; генерал Чернов қазіргідей жан алқымға таянған қиын кезде де өзінің қашанғы сыпайылығын сақтап, әмір етудің орнына ақылдасқан кісідей ойын аңғартқанына ырза.

Атаман Дутов жанында тұрған жас адъютантқа бұрылды: «Бастаңдар!» Адъютант шаба жөнелді. Іле-шала бұлар тұрған қара жалдың күншығыс жағынан Казачий полк қаптап шықты. Атаман Дутовтың атты әскері жау тобына тұтқиыл тиетін. Өздерінде зеңбірек те, шұбатылған обоз да жоқ. Оларды аяққа оралғы көреді. Әрқашан екі жақ егеске түсіп, не де болса бір жағына шығатын кезде бұлар қаптай ұмтылып көзді ашып-жұмғанша қызылдардың сыртын айналып өтетін. Сонан соң селдей қаптаған қол жолындағының бәрін ат тұяғымен жаныштап өтетін-ді. Осы қазір де олардың кезеніп алған қос құлаш найзалары көгілдір ауада қылтылдап зәр төгіп барады. Ат тұяғына ұшқан шаң түйдек-түйдек боп шұбалып қалды. Құрсанып жатқан жау шебіне тура шаппай, әр кездегідей орағытып сыртынан айналып бара жатты. Генерал Чернов та, атаман Дутов та тап осы қазір бір сойқанның боларын білді. Онан сайын шыда-

мы қалмай асыға күтіп тұр еді, арғы жақтан бұларға қарсы мың қаралы атты әскер шықты.

Генерал Чернов атаман Дутовқа бұрылды:

— Бұлар кім?

— Білсем не ғыл дейсің. Какой-то дикий полк.

— Моңғолдар емес пе?

— Жоқ, олардың аттары жерқұрт, есектің аз-ақ алдында болады.

— Құдай білсін.

Казачий полкке қарсы ұмтылған мына таңғажайып кісілердің үстіндегі ала шапан, басындағы дағарадай сеңсең бөріктеріне бұл екеуі қайран. Қанша қан кешіп жүргенде бұрын-соңды көрмеген әскер. Ырқына жібермей тізгінін тартқан қаз мойын арғымақтар салған жерден көсіле жөнелмей әзір ұзын аяқтары ерең-серең етіп қасқыр шоқақпен келеді. Тәңірберген мыналардың жау жүрек түрікпен жігіттері екенін білді. Ана жылы Жөнеуіт ханның жігіттері қазақ аулын шапқанда көрген-ді. Сонда да «ә» дегенде түрікпендер тым ебедейсіз көрінген. Оңға бір, солға бір ойқастаған аттардың басымен алысып өздерімен өздері әлек болды. Сонан бір кезде ілгері жақтағы қара жалдан түйдек-түйдек көтерілген шаң арасынан қаһарлы қалың қол шыға-шыға келгенде мына жақтан бұлар да ат басын қоя берді. Жаңа ғана ер үстінде бір түрлі ебедейсіз көрінген ысқаяқ қара жігіттер кенет құнып ат жалына жабыса қалды. Иесінің құлқын сезген аттар да қос құлағын жымып, ұзын мойнын ұшқан құдың сұңғағындай созып жіберді. Кең танауы пырылдап жазық далада жұлдыздай ағып келе жатты. Бұрын дәл мұндай түсі суық әскерді көрмеген генерал Чернов жалтақтап Дутовқа қарай берді. Әншейінде бұндай ұрыстарда қара сұр жүзі міз бақпай безеріп алатын атаман Дутов та осы қазір түрікпендерден көзін алмай қадалып қапты. Тайсақтамай бір-біріне қарсы ұмтылған екі жағы да енді-енді айқаса түсетіндей еңкілдеп жақындап қап еді; атаман Дутовтың жүрегі дірілдеп кетті. Екі көзі өзінің жігіттерінде. Жаудан бұлардың жүзі ығысатын емес. Ұзын найзаларын сұңгіте шаншуға әзірленіп ат құлағынан оздырып ұсынып апты. Алғашқыда бар оқиға дәл бұның ойлағанындай болды: ұзын найзалар ана жақтан кіжініп келген түрікпендерді қылыш сілтейтін жерге жеткізбей ат үстінен аударып тастады. Бұрындары бұндайда жау жүрегі тез шайлығып, қатары қалтырап қоя беретін. Сонан кейін-ақ суық үрей бойын алған жау шабуылға — жасқаншақ, қорғануға — шорқақ. Ұзақ қарсыласуға жарамай, шаң астында танауына топырақ

толып ырс-ырс дем алған аттардың басын асығыс бұрып жалт-жалт беріп қаша жөнелетін. Атаман Дутов алғашқы бетте мыналар да сөйтеді екен деп дәмеленген-ді. Бір сұмдығы: тістері ақсиып ұмтылған ысқаяқ қара жігіттердің қатары ыдырамады. Қайта ат үстінен ұшып түсіп жатқан жауынгер жолдасының орнына екі-үшеуі қатарынан ұмтылып, көре көзге күш алып барады. Сумаңдап жүрген ұзын-ұзын сұңғілердің арасында ержүрек түрікпен жігіттері жанталасып салғыласты. Жау найзасын денесіне дарытпай жарқылдаған қылышпен оңды-солды қағып жүріп, ақыры әйтеуір қол жетпей жүрген жаумен құшақтасып айқасты да кетті. Сонан арғы жағын генерал Чернов та, атаман Дутов та көре алмады. Ат тұяғынан ұшқан шаң арасында екі жақ ұмар-жұмар айқасып, қырылғанына қарамай бірін-бірі үнтүнсіз кескілеп шауып жатты. Үстіндегі кісісі құлаған аттар шаң арасынан ойнақтап шығады.

Генерал Чернов осының алдында ғана өздерінің жеңетініне құйттай да күмәнданған жоқ-ты. Әскерінің алды қызылдардың окобына баса-көктеп кіргесін-ақ ол осыған дейін өздерін маңына жуытпай қойған жау шебінің көбесі сөгіліп кеткендей көрді. Дәл осындай жағдайда бұрындары ол күшке күш қосып демеп жіберсе болғаны небір табанды, мықты жау да қарсыласуға жарамай құдды дауыл бұзған мұздай быт-шыты шығатын. Осы жолы олай болмады. Шеп құрып тұрып алған қызылдардың қатары міз бақпады. Иә, осы жолы өздеріне бірдеңе көрінді. Не болды? Не көрінді? Сондай-ақ бұлар жауды жеңу үшін осы жолы жан-тәнін салмады ма? Бұрынғыдай жігерлі күш, қайрат көрсете алмады ма? «Аянып қалған жеріміз болып па еді?» —деп ойлады генерал.

Не әлде басынан бағың тайған шақта ілгері басқан аяғың кері кетіп, бір қырсықтан бір қырсыққа ұрына бере ме екен? Генерал Чернов қырсық басы не болды? — деп ойлады Қызылдардың қорғаныс шебіне дүрбіден көз алмай қарап тұрып та осы ой бір сәт басынан кетпеді. Қырсыққа ұшырамағанда осы жолы қызылдарды сөзсіз жеңуге тиіс еді. Оның орнына, әне, қызылдар күш алып барады. Қызылдардың кейінгі жағынан әскерлер үсті-үстіне жүгіріп кеп, үйқы-түйқы алыс боп жатқан окопқа қарғып түсіп жатыр.

Мына жақта атаман Дутовтың полкы да түрікмендер полкын қашырта алмай шаң арасында жағаласып, үйқы-түйқы. Штаб начальнигі атын қатарластырып тоқтады.

— Енді не істейміз?

Чернов сұп-сұр. Қасында үнсіз ініріліп тұрған өзге офицерлер сияқты осы қазір оның өзі де енді не істеу керек екенін: білген жоқ.

* * *

Генерал Чернов осы жолы қайткен күнде де Арал қаласына баса-көктеп кіргісі кеп, қолда бар күшін аямай үстіне үстіне төгіп жатыр. Бұрындары бұндай жерде ыстық қанды командирлерді ырқына жібермей не істесе де әуелі алдыартын ойлап алатын. Бүгіннің артында ертеңнің барын ойлайтын. Осы жолы ол құдды қолы шықпаған ойыншыдай ызалы. Не де болса тезірек бір жағына шығып, не әрі, не бері болғысы келген сияқты. Үш күнге созылған қызыл қырғынның бүгінгі соңғы күні де жаулар табан тіреген жерінен тапжылмай тұрып алғаннан кейін бұл тіпті шыршық атып кетті. Өзінің әншейіндегі салқын қанды сабырлылығынан айрылып қолда қалған әскерін кейінгі жақтан топырлатып әкеп ұрысқа сала берді.

Бірақ қызылдар бұл күні де міз бақпады. Генерал Чернов ішінен тынып сазарып алған. Осы қазір ол: «енді не істеу керек? Енді қандай амал қалды?» — деп ойлап тұрған жоқ. Үйткені бар амалын тауысты. Және енді не істесе де өздеріне ем қонбасына көзі жетті. Генералдың күн өткен жүдеу өңі түтігіп кетті. «Бұл дүниеге не болды? Бізге не болды?» — деп ойлады. Осынша ұзақ жасаған кәрі өмірінің соңғы шағындағы ең соңғы шайқаста тас-талқаны шығып жеңілем ғой деп, бұл, сірә да ойлаған ба? Генерал Чернов тізгінін созып ілгері жүріп кеткен астындағы аттың басын тартты. Жанын жегі құрттай жеп бара жатқан жаңағы сауалға ол қайта оралып, «ел азды ма, әлде ер азды ма?» — деп ойлады. Осы Ресей күні кеше ғана айбары алысқа тараған аруақты ел емес пе еді? Ұлы елдің ұйтқысы шайқалып кетті. Апыр-ай, ғұмыр бойы темір бұғау астында тырп еткізбей буындырып ұстап келген осынау қара тажалды қайтып... қайтып қана уыстан шығарып алды екен? Осы тажал өздерінің түбіне жетті. Аяқ басқа шықты. Ел билігін ертең осылар қолына алады. Сонда өздері ұстап тұра алмаған дүниеге мына жалаң аяқтар тұлға боп не жарытады. Сорлы Ресей... Сорлы, сорлы... Сенің келешегің не болар? Енді бір он жылдан соң... жиырма, отыз жылдан соң қайтер екенсің? Елу жылдан соң не күйге түсер екенсің? Тентек баланың қолына түскен қуыршақ тәрізді мына жалаң аяқ құлдардың бір сотқары болмаса бір сотқары басыңды жарып, көзіңді шығарып, бұтыңды бұт, қолыңды қол ғып

ит сілікпеңді шығармай тынбас. Кім біледі, бұлар адам баласының келешегін тұйыққа тіреп, жер дүниені қарап қып жайлап алған топан су ортасында Нұқ пайғамбардың кемесіндей тағы бір талшыққа мәжбүр ғып жүре ме? Не боларын кім білсін. Келешекке көз жетпейді. Ал көне дүние қазірдің өзінде қолға ұстауға жарамай қирап жатыр. Қирап жатыр. Қирап жатыр.

— Қолбасы мырза...

Генерал Чернов дір ете қалды. Қаратер ғып шауып келген аттың басын қатарласа бере тартқан кісіге бұл назар сала қоймай, сонау көз ұшында түткен жүндей дода-додасы шығып жатқан ұрыс даласына қарап тұра берді.

— ...екі броневик қирады.

«Я, бәрі қирады. Қирап жатыр»,— деді генерал ішінен. Бұл дүниеге не көрінді? Неге бұлай болды? Нелер ықылым заманнан бері ғұмыр сүріп келе жатқан көне дүниенің кенет қаусап қоя берген себебі не? Неге бүйтті? Сондай-ақ біз өз еліміз бен жерімізді сүйе білмедік пе? Сүйттік пе? Кешегі жылы патша ағзам тақтан құлады. Туымыз жығылды. Арқа сүйер тірегінен айрылған жандар жел айдаған қаңбақтай бет-бетіне босып тентіреп кете барды. Сонда жат елде жүрегіміз сыздап жүріп те сүйген жарық мен жалғыз балаңнан көрі сорлы Отанымның тағдырына қатты рақ тебіренбеп пе едік? Колчактан шақыру келгенде қандай қуанды. Онан поезға отырған соң қашан шекараға жеткенше кірпік ілмей жүрегі лүпілдеп соға берді. Енді бір кезде поезд айдаладағы кішкентай разъезге тоқтады. Жұрт жүгіріп сыртқа шықты. Екі жылғы сергелдеңнен кейін алғаш рет аяғы қасиетті орыс жеріне тиді. Кәрі жүрегі қуанғаннан кеудесіне сыймай қатты-қатты соғып кетті. Кейін ол Омбыға келгесін де бірнеше күн қатарынан көшеде күбір-күбір орысша сөйлескен кісілердің үніне елеңдеп, еріксіз құлағын тігіп қап жүрді. Кейде тіпті оңаша бөлмеде жападан-жалғыз отырып та шала ашылған есіктің саңылауынан ана жақта ас даярлап жүрген кәрі орыс әйелінің сөзін құмартып тыңдайтын. Ең бір сүйікті әннің сазын тыңдағандай кәрі құлағының құрышы қанып, құрысқан көңілінің бар тамыры балбырап қоя береді. Шет елде өткен ұзақ екі жылда ол өзінің ғұмыр бойы ақ нық боп ыңыршағы айналып келе жатқан осынау сорлы елін соншалық бір аңсап, іші арманға толып құсаланып келіп еді-ау!

Я, қай заман, қай дәуірді алсаң да орыс ұлдары сорлы Ресейдің мерейі үстем болсын деп бойындағы барын беріпті. Қанын, терін төгіп, қажет болса жанын да беріпті. Я, я,

ел тағдыры сынға түскенде намысты қолдан берген жер жоқ еді. Ел шетіне кірген жауды тоқтата алмай қолдан күші кетіп бара жатқанда, жарықтық, ата-бабалары жау жолында топан боп қырылып жатып алатын. Сол анау Рюрик заманынан бермен қарай орыс тағдыры таласқа түспеген кез болмапты. Ойлап қараса осы орыс ел боп етегін жапқалы намысты қолдан берген жері жоқ екен. Етегі елпі, жеңі желпі жүріп те екі талай егеске түскен жерде ерлері ел арын ту ғып көтеріп, айқайлап шығатын. Сол батырлар қайда? Соларға не көрінді? Тірліктің шырқын бұзып жер бетін жалмап бара жатқан мына қара тобырға қарсы шаппай ма? Қан жоса ғып қырмай ма? Кешегі қасиетің мен киеліңнің бәрін қорлап, аяққа басып мылжалап жатыр. Бұл қалай? Түсінбеймін. Не қылса да сонау алыс заманда тірлік кешкен ата-бабалардың бірі болмаса бірі ел іргесін көтеріп қалап келе жатқанда, бір кірпіші құрғыр қисық қаланып кетті ме? Сүйтті ме екен? Соның кесірінен енді мінеу... қаусаған ескі дүние опыр-топыр құлап жатыр.

— Қолбасы мырза, біздің әскерлер шегіне бастады,— деді ұрыс ішінен шыққан бір жас офицер шауып келіп.

Генерал Чернов бұл хабарды тіпті селсоқ тыңдады. Қол созым кейін тұрған штаб начальнигін қасына шақырып алды. Ұрысқа броневиктерді сал деп әмір етті. Ағылшындар берген үш аэроплан да бүгін таң атқалы көкке қайта-қайта көтеріліп, қызылдардың бекінісін атқылап жүрген. Әлгі бір кезде жағада тұрған кемелерді бомбаламақ боп шүйліге бергенде, екеуін атып құлатты.

Үш күнге созылған ұрыс та аяқталып қалды. Шілде айының қайнаған ыстық күні кешке тақаған бір кезде генерал Чернов өз өміріндегі ең соңғы шайқастың демі біткенін білді. Қасында қораланып жиіліп тұрған үнсіз нөкерлеріне тіс жарып тіл қатпастан ат басын кейін қарай бұрып, осы араға бүгін елең-алаңда келген ізіне қайта салды.

— Жау қашты!

— Жау қашты!

— Қайда?

— Әне, күнбатыс жаққа қарай кетіп барады.

Окоп үсті у-шу. Қуанышты кісілер қырғын ұрыстан титықтап қалжырағанына қарамастан бірін-бірі құшақтап апақ-шапақ. Әлдеқайдан Петр Дьяков жүгіріп келді. Мына хабарға сенер-сенбесін білмей күлімдеген қуанышты жауынгерлердің әрқайсысына бір қарады. Дереу штабқа хабарлау керек. Еркін кештеу есітті. Бірақ дер кезінде есіткенде

де дәрменсіз. Қашқан жауды қуатын бұларда да күш шамалы.

«Жаудың күш-қуатын білу керек»,— деп ойлады Дьяков. Атын борбайлап штабқа шауып келді. Құрама командирлерімен ақылдасты да бәрінің ойы бір жерден шыққан соң, сол бойда дереу Еламанды шақырып алды. Екеуен-екеуі оңаша сөйлесті. Еламан күн кештете үйіне кеп, ұйықтап жатқан келіншегі мен балаларын оятты. «Болшы бол» деп асықтырып жүріп, қолға ілінген төсек-орынды алды. Кенжекейге қайда баратынын айтпады. Қайда баратынын әзір оның өзі де жөндеп білген жоқ-ты. Еламан қанша оятса да, ұйқысын аша алмаған кішкентай баланы көтеріп алды. Кенжекей екеуі қалған балаларын қолынан жетелеп тастай қараңғы көшемен жүгіре басып кеп жағада тосып тұрған кемеге мінді. Таң алдындағы тәтті ұйқының бір шамасында кеше Үшшоқының іш жағындағы үлкен қолтыққа кірді. Үнсіз қимылдаған кісілер Еламан мен Кенжекейді осы арадан жағаға шығарды. Кемеге тиеп әкелген үш қанат үй мен бір түйе, бір атты да жағаға шығарып, күн шықпай бұлардың қостарын тігіп берісті.

IX

Бұл өңірге ақтар әлі келе қоймапты. Ақтар келеді деген ой ешкімнің де басында жоқ сияқты. Малын жасырып, дүние-мүлкін тығып әпі-шәпі боп жатқан бір жан көрінбеді. Бұл өңірдегі ауылдар — байың бол, жарлың бол — мал баққан қазақтың ежелгі бір енжарлығына салынып, қаннен-қаперсіз ашылып, шашылып отыр екен. Еламан да оларды үркіте қоймады. Жөн сұраған кісіге Сыр бойының Жақайымы екенін айтты. Ағайын ұлтаны теңіздің батыс жағында жатқан соң бүгінгі күні туме-туысқан іздеп, бір түйе, бір аттың әуенімен көшіп келеді. Жас баламен ыссыда көшем деп көресіні көрді. Көлік жағы да тапшы. Жалғыз түйеге әрі жүк артып, әрі бала-шағаңды мінгізген соң қатты жүре алмайсың. Және, жануар буаз, жақында боталайтын болған соң бабына қарап, жүрісі өнбей келеді. Осы арада да үш-төрт күн ерулей тұратын ойы барын жөн сұраған кісінің бәріне айтты.

Еламан көшіп келген күннің ертеңіне ұлы теңіз жақтан баржа сүйреткен кеме келді. Кенжекей сыртта шай қайнатып жүрген-ді. Ол өздерінің жаппасына қарай түп-тура салған кемені көріп, іштегі күйеуіне асығыс дауыстады: «Әшімжанның әкесі, сыртқа шықшы». Еламан қозғалмады.

Түрулі есіктен сыртқа көз салып отыр. Кеме үй алдына кеп тоқтады. Кемеден Дьяков түсті. Қасында бір топ кісі бар. Бәрі қару асынған. Олар жағаға шыққан бойда жан-жағына сергек қарап шолып өтті. Жуық маңда көңілге күдік туғызар ештеңе байқалмаған соң Петр Дьяков қасындағы кісілерін ертіп Еламанның жаппасына қарай жүрді. Еламан сыртқа шықты.

— Ал, қалайсың?

— Ой, тамыр, сұрамаңыз. Ыссыда көшем деп қиындық көріп келем.

— Ой, сайтан алғыр. Өзің не деп тұрсың?

— Сыр бойының Жақайымы едім. Көкарал жақтағы ағайын-тумаларыма көшіп барам.

— Өтірік айтып тұрған жоқсың ба?

— Тақсыр, о не дегеніңіз. Міне — иманым, міне — жаным.

— Ну и ну! Қызылдарды көрдің бе?

— Қы-зыл?

— Немене, сен қызылдарды білмеуші ме едің?

— Ой, олар дінсіз кәпір ғой. Тәңірім ол кәпірлердің жүзін арман қылсын.

— Олар саған не істеді?

— Жаныма теңгерген жалғыз атым бар еді. Астымнан аударып ап, орнына мына мес қарын қараны берді.

— Бұны бермегенде не істер едің?

— Я, бұған да шүкір. Бірақ, әй неғыласың, өз атым жақсы еді.

Петр Дьяков шек-сілесі қатып күле берді. Момақан түрі шаруадан аумайды. Басында киіз қалпақ. Үй жанындағы көк құрақтан басын алмай бырт-бырт жайылып жүрген ана месқарын қара аттың тұсауымен белін буып алған. Үпірлі-шүпірлі балалары да түсі басқа кісілерге үрпиісе қарап кішкентай қоңыр жаппаның есігінен жылтың-жылтың етеді. Дьяков оның балаларын өздерімен бірге ала кетпек боп келген-ді. Бір есептен, бұның дәл осы бір ашылып-шашылып жатқан бейкүнә түрінің өзі дұрыс сияқты.

— Ақтардан хабар бар ма?

— Олар әлі келген жоқ.

— Е, онда дегендей. Былайырақ барып шолғындап қайтайық. Сен бізбен бірге жүр.

Баржаға тиеп әкелген аттарды жағаға түсіріп болысымен бұлар он-он бестей кісі боп жүріп кетті. Қыр жақтағы ақ үзікті бай ауылға маңдай түзеп сыдыра шоқытып келе жатқан-ды. Күн өткен бе, теңіз жағасынан ұзап шыға бер-

генде Еламанның мұрны қанады. Еламан қан саулап қоя берген мұрнын алақанымен басып, ат басын тартты. Қалғандары да іріліп тоқтай қалды. Петр Дьяков атын Еламанмен қатарластырып тоқтады да мұрнынан аққан қанды алақанына толтырып ап бет-аузына үйкеп жағып жіберді. Ақ көйлектің омырауына да қан шашырап, құдды сілейтіп соққыға жығып салғандай.

— Е, бәлем, сазайыңды тарттың ба?

— Өзіңе де сол керек.

— Ал, қызылдарды жамандайсың ба ендігәрі? — деп жігіттер күліп жатыр.

Бұлар қыр жақта отырған қойлы бай ауылға келді. Петр Дьяков қасындағы кісі-қараларымен ауыл шетіндегі қоңыр үзікті кішілеу үйге түсті. Еламан олардың соңынан ермей, аттардың жанында тұрып қалды. Кешеден бері жүз таныс боп қалған мына ауылдың кісі-қаралары Еламанның қасына жинала бастады. Еламанды мүсіркеп аяп: «құрысын, қарсыласып қайтесің. Атып тастар»,— деп ақыл айтып жатыр. Бір жас жігіт жүгіріп барып, құманмен су әкелді. Біреулер ағарған әкеп берді.

— Қызылдардың кісіге тимейді дегені қайда?

— Апыр-ай де. Асылы, ақ бол, қызыл бол, зәті басқа болғасын сену қиын ғой.

— Я, сақ болу керек. Әне, аналар шықты. Ал, шырағым, қарсыласпа. Аға, көке деп алдына түсіп жүгіре бер.

Еламан оларға алғыс айтты да қара атқа отырып жүріп кетті. Ауылдан ұзап шығып бір қырдың астына түскен соң бәрі оны ортаға алып шек-сілесі қатып күліп жатыр.

— Әлгілерге бізді келістіріп жамандадың-ау деймін.

Кенет көз ұшынан шұбатылып шаң шықты. Петр Дьяков аттың басын тартып тоқтай қап, күншығыс жаққа дүрбіден қарады. Түйдек-түйдек шаң арасынан шашырай шапқан аттылар көрінді.

— Еламан, сен жаңағы ауылға мыналардан бұрын жет.

— Мақұл.

— Абайла, сақ бол. Бізді сұлқитып жамандай бер.

— Тәжірибем бар ғой.

— Біз түнгі бірде сенің үйіңнің тұсына кеп тоқтармыз. Сол кезге үлгір. Ұмытпа: түнгі бір. Ал, қадамың қайырлы болсын.

Еламан қара аттың басын кейін бұрды. Ақтардан бұрын жетерін білген соң асықпады. Төңірегін бағдарлап шолып сыдыра шоқытып келеді. Жаңа ғана жайбарақат отырған ауыл үсті у-шу. Үстеріне келіп қалған әскерді кө-

ріп есі шығып кеткен кісілер үй мен үйдің арасында құй-қылжып жүгіріп жүр. Жан саугалаған жігіттер белдеуде тұрған тәуір аттарына міне-міне сала шаба жөнелді. Бір топ қыз, келіншек жағалаудағы қамысқа тығылмақ боп сай бойымен жүгіріп барады.

Еламан шеткі үйдің белдеуіне атын байлады. Үй иесі тапалтақ, қара торы жігіт — үрпиіскен қатын-бала арасында не істерін білмей сұп-сұр боп отырып қалған екен. Үстіне кірген Еламанға үндемеді.

Бұлар ес жиям дегенше ауыл үстіне ақтардың алды сау етіп құлады. Атты әскерлер тақап келе бере екіге қақ жарылып қоңыр төбе басында отырған ауылды қоршай шапты. Еламан мен үй иесі жігіт екеуі екі босағада жабысып тұрып сыртқа көз салды. Әскерлер үй іргесінен дүсірлетіп шауып өтіп жатыр. Алғашқы лекпен араласып қос-қос ат жеккен жеңіл арбалар ағыла бастады. Бәріне «максим» орнатқан. Олардан кейін іле-шала зеңбіректер көрінді. Сегіз аттан жеккен ағылашынның алты дюймдық зеңбіректері шаң арасынан жотасы қарауытып жайындай жылжып өтеді. Үстібасы шаң-шаң эскерлер шауып келіп, жолында тұрған үйлерге түсіп жатыр.

Кешке қарай өрісте жүрген малдар орала бастады. Солдаттар ауылға құлап келе жатқан қойлардың алдынан жүгіріп шықты. Қарсыласқан қойшыларды түйіп тастады. Қойларды үйір-үйірімен қуалап әкеп, қолға іліккенін ұстап сойып қазанға салды. Бір жирен сары офицер бағана қаша алмай қалған қатындарды жинап ап қой сауғызып жатқанды. Кейінгі жақтан тағы бір бөлек әскер кеп, әр үйге он-он бестен бөлініп түсті.

Еламан бұл кезде қой сойғандарға қолғабыс беріп жүрген-ді. Қасына келіп қалған қара мұртты төрені кеш байқады. Көзі түскен бойда қара бақайына дейін қалтырап кетті. Қара мұртты төренің екі жағында екі офицер. Түйе жүн боз шекпенді қара зегрен бешпеттің сыртынан желбегей киіп салған. Басында қара мақпал қалпақ. Сырт айналып жүзін бұра берген Еламанның жанынан ол көк атты ақырын бастырып өтті. «Тәңірберген»,— деп ойлап, онан көз қиығын айырмай тұр. Байқады ма, жоқ па... Тәңірберген үлкен ақ үйге туралап барды да, аттан түсті. Алдынан күтіп алған жігітке ат тізгінін ұстата салды да, жанындағы екі офицерді бастап үйге беттеді. Байқады ма, жоқ па? Ішке кірер жерде бұған бұрылып қараса — байқаганы. Тәңірберген сұлу бойын бір жағына да бұрмай, салмақпен басып ішке кірді.

Ептеп Еламанның жүрегі орнына түсті. Дегенмен қазан басындағы кісілердің арасынан сытылып шықты да ауыл шетіне ілірген қойлардың арасына кірді. Қой сауып жатқан қартаңдау бір әйелдің қасына бұғып отыра қап:

— Жеңеше, қозыны салайын ба? — деді.

— Қайтесің, қайным,— деді әйел ыңғай бермей.

— Осынша қойды сауу оңай дейсің бе... көмектесейін.

— Адыра қалсын. Жан қиналтып жатқам жоқ. Мына сандаттарға сүт сауып бергенше қозылардың емгені артық емес пе. Мыналарға көз ғып қойлардың емшегін сығып ермек етіп отырмын тек әншейін.

Еламан кете қоймай қипақтап көген басында жүр. «Қозыны салайын ба?» — деп сұрағанмен көгендеулі тұрған көп қозының қайсысын ағытарын білмейді. Тек көгендегі қозының қолды-аяқта тұрмай қаттырақ ұмтылғанына қарап шамалайды. Қолы көгенде болғанмен көзі Тәңірберген кірген жаңағы еңселі ақ үйде. Тәңірбергеннің көзіне түспеу керек екенін ішіне қатты түйді. Қазіргідей ашуы бетіне шығып тұрған кезде біреуді біреудің аяуы қиын. Әсіресе мына сұм өзі істей алмаған жамандықты ақтардың қолымен істеп, қастасқан кісілерін құртып жіберуден тайынбас.

Жирен сары офицер қой сауып жатқан қатындардың қасына келді. Шелектегі сүтті азсынғандай көк көзі шатынап тұр. Еламанға үндеген жоқ. Көген басында қой сауғызып бәйек боп жүгіріп жүрген жігіт ұнаған сияқты.

Еламан осы офицердің көзіне түсіп, сеніміне кіре бергісі келді. Бір кәдеме жарап қалар деген дәмесі бар. Қас қарайғасын ол Тәңірберген түскен үйге таяп барды. Есік алдына жиналған кісі-қараның сырт жағына тоқтады. Алдында тұрған кісілердің ығынан асылып, түрулі есіктен ішке көз тастады. Үлкен үйдің төрінде Тәңірбергенмен қатар отырған подполковникті таныды. Бет бітімі баяғы Тентек Шодырдан аумайды. Иттің үлкен имек мұрны мен кісі жүзіне қарашығын қадап тесіліп қарайтын кішкентай көк көзі әсіресе әкесіне қатты ұқсайды екен. Әкесі сияқты бұ да мұртын қырса да, бірақ оның есесіне сары қира сақалын өсіріп жіберіпті. Подполковник Федоров өзінен төменірек отырған тілмашқа бұрылып:

— Мыналардан сұрашы,— деп есік жақта қымыз сапырып отырған үй несіне негін көтерді,— қызылдардың кемесі бұл маңға келе ме екен?

Тілмаш подполковник Федоровты тыңдап алды да, елп етіп үй несіне бұрылды. Еламан оның сөзін есітпеді. Үй несінің оған не дегенін де есіткен жоқ. Ол тек үй несінің

тақиялы басын изеп, әлденені ықыластана құптағаныи көрді.

Татар тілмаш енді Федоровқа бұрылды:

— Қызылдардың кемесі кейінгі күндері жиі келетін көрінеді.

— Үстінде зеңбірегі бар ма екен?

— Бар... бар көрінеді.

— Жағаға жақындай ма екен?

— Подполковник мырза жағаға жақындай ма деп сұрап отыр.

— Жақындайды... жақындайды, тақсыр.

— Қай жерге келеді?

— Үшшоқыға. Сонан соң осы маңға кеп жағалаудағы жалғыз жаппаның жанына тоқтайды.

— Жаппа?

— Я, я, тақсыр, жаппа. Бағана келе жатқанда байқамадыңыздар ма? Теңіз жағасында жалғыз жаппа тұр ғой.

— Ол кім өзі, құл шыққан кісідей жалғыз үй отырған? — деді Тәңірберген.

Еламанның жүрегі мұздай болды. Алдында тұрған кісінің шығында жатқан қолы қалтырап бара жатқан соң тартып ала қойды. Екі көзін Тәңірбергеннен айырмады. «Бағана көрген болды-ау»,— деген күдік көңілінде қалыңдай түсті. Е, онда бұл кімнен тайынады? Қасындағыларға қол-аяғыңды матап ұстап бермей ме?

— Қызылдардың кемесін атқылауға қай жер қолайлы? — деді тілмаш.

— Біз мал баққан кісіміз. Бізден мал жайылымын, жердің оты-суын сұрасаң бір сәрі.

— И, алла? Бұл қаһар соққыр қазақтар ықылассыз болса ауызындағы сөзін айтқызға алмайсың.

— Бұларға енді қайт дейсің,— деді Тәңірберген.— Жау кемесінің жақын келетін жерін айтты. Сендерге қолайлы жер — Үшшоқы.

— Үшшоқы бұл арадан қанша жер?

— Он жеті-он сегіз шақырымдай. Солай ма, жігіттер? — деп Тәңірберген ішке кіруге бата алмай сыртта тұрған осы ауылдың ер-азаматтарына қарады. Олар онша елпілдемей жай ғана қоштады.

— Үшшоқыға алты дюймді төрт зеңбірек қою керек,— деді Федоров.

Ішке офицер кірді. Ол Тәңірбергенге қолбасшы шақырып жатқанын хабарлап еді. Өзін ұстай білетін қу ғой: мыналардың арасында да елпілдей қоймады. Осыған дейін де

ақ офицерлердің арасында қымсынбай тең отырып сөйлескені ұнап еді. Генерал шақырып жатыр дегенде ол орнынан ауырлау қозғалды. Керегенің басында ілулі тұрған қалпағын киіп, боз шекпенін иығына желбегей салды да, үй үшіндегі бір жанға көз салмаған күйі сабырлы салмақпен сыздана басып сыртқа беттеді. Оған ілесе Федеров та түрегелді.

Еламан кейін шегініп кетті. Қараңғылау қаға берісте тасаланып тұрған-ды. Тәңірберген мен Федоров бұның жанынан ақырын басып ұзап бара жатты. Генерал Чернов та осында болды ғой. Оның штабында бұны танымайтын кісі кемде-кем. Бұл арада енді құттай да айналауға болмайды. Үркер көтеріліп қапты. Құдай біледі, кеме келетін уәделі уақыт таяу. Бұлардың арасында болғанына ырза: ақтардың әскерінің санын білді. Қару-жарағын көрді. Ертең Үшшоқыға жақындамаңдар деп Дьяковқа дереу ескерту керек.

Ендігі қиындық: есебін тауып шығып кету. Бағана қой сауған қатындардың арасында жүріп байқады: қараңғы түсісімен жирен сары офицер ауыл шетіне күзет қойған-ды. Сонан бері бұл ауылдан бір адам ұлықсатсыз аяқ басқан емес. Тәңірберген кеткен бойда Еламан ішке кірді. Жирен сары офицердің алдында қолын кеудесіне қысып тұрып үйіне жіберуін сұрады.

— Үйің қайда?

— Осы арадан онша қашық емес. Әйелім сырқат еді. Бағана қой сауғызам деп айналып қаппын.

— Неге жалғыз үй отырсың?

— Сыр бойынан көшіп келе жатыр едім...

Жирен сары алдында басын иіп тұрған жігітке ежірейіп қарады. Еламан оның тебірене қоймағанын байқады. Сезікті көңілін жібітем бе деп балаларының жас, әйелінің сырқат екенін қайта айтты. Осы кезде үй иесі сөзге араласып:

— Тақсыр, бұл жігіттің айтқанының бәрі рас,— деді. Есік алдында үнсіз тұрған осы ауылдың ер-азаматтары да оның сөзін қостап:

— Бағана бейшараны қызылдар да сабап өлтіре жаздады.

— Мұрнын далдай ғып қанатты.

— Үйіне жіберіңіз, тақсыр,— деп тілек білдірді.

Жирен сары офицер Еламаннан көз айырмай тесіле қарап отырды да, әлгіде үй иесінен білген мәліметтерді қайталап сұрай бастады. Еламан шүбә туғызғысы келмей сұрақтың бәріне дәлме-дәл жауап беріп: қызылдардың кемесі Үшшоқыға жақындап келетінін айтты. Жирен сары офицер

сырттан бір солдатты шақырып алды да «мынаны өткізіп жібер» деп әмір етті.

Еламан қолын тағы да кеудесіне қойып, басын иіп алғыс айтты да, енді кетпек боп бұрыла берген-ді. Жирен сары оны тоқтатып:

— Бетіңдегі... ана тыртық не? — деді.

Еламан денесіндегі дірілді тоқтатып алғысы кеп, алақанымен әуелі бетіндегі тыртықты сипап өтті:

— Мынау ма? Тай теуіп еді...

Жұрт бұның бетіндегі тыртықты жаңа ғана көргендей жағаларын ұстады. Офицер алдында даусын көтеріп сөйлеуге қорқып, бір-біріне басын жақындатып, сыбырласып жатыр:

— Апыр-ай, ат тұяғы әлемет-ау!

— Қайта, құдай сақтаған...

— Я, жас мал болды ғой. Тай тепкен шығар.

Жирен сары бажбиған мысық көзін Еламаннан айырмай, сенімсіздене қарап қапты. Еламан қолға түскен шығармын деді. Сары сайтан енді бұны тексеріп, подполковник Федоровтың қолына апарып тапсыратын шығар.

Еламан не істесем деп ойлап, көзінің астымен аңдысып тұр еді.

— Бар! — деді жирен сары қолын сермеп.

Еламан сыртқа көңілденіп шықты. Бәрінен бұрын Тәңірбергеннің көзіне түспей аман-есен құтылғанына қуанды. Айсыз қараңғыда үйін шаққа тапты. Бұл келсе Кенжекей балалары ұйықтап жатқан төсек жанында тізесін құшақтап бүрісіп қана отыр екен. Еламанды көргенде ұшып түрегелді. Еламан есіктен кірем дегенше жүгіріп барып мойнынан құшақтай алды. Құдды біреуден зәбір көргендей күйеуінің иығына бетін басып тұншығып жылады.

— Кетейікші осы арадан. Кетейікші...

— Кенжеш... шыдамды едің ғой.

— Енді шыдайтын жайым қалған жоқ.

— Не-ге?

— Қорқам. Кетейікші.

— Сөз болғанша...

— Қорқам... қорқам...

— Балалар оянып кетер, ақырын. Кел, отырып сөйлесейікші.

Төсек шетіне қатар отырғасын да Кенжекей Еламанның кеудесінен басын алмады. Еламан да келіншегінің тығыншықтай толық денесін бір қолымен бауырына қыса түсіп, шашын сипап үнсіз отырып қалды.

Ұлы теңіз үй іргесінде солықтап ирек толқын жағаға ақырын ғана шылп-шылп ұрады. Шегірткелер шырылдайды. Жаңа ана ауылдан келген бойда арқасынан ерін алып кеңдеу ғып тұсап жіберген қара ат үй маңынан ауыз үйіретін шөп табылмаған соң, бүгін күндіз жайылған жеріне тартты. Кең тұсаумен қаргып барады. Еламан сырттағы дыбысқа құлағын салғырт салғаны болмаса осы қазір оның бар көңілі, бар ықыласы әйелінің үстінде. Әйелін аяйды: қайтсын пақыр. Мазасыз әскер өмірі бұның да зықын алып шаршап жүр. Былайғы күндері қанша сыр бермегенсіп күйеуінің көзінше жарқылдап күліп жүрсе де, балалармен оңаша қалса қай-қайдағы ойлар басына кеп кірбіңіп жүдеп отырады. Еламан ішін ашып айтпаса да, шыбын жаны үнемі қатер ұшында жүретінін біледі. Жазатайым жазым боп кете ме, қайтеді деген күдік көңілінен шықпайды.

Еламан күлді:

— Қорқатын не бар. Есіңде ме, баяғыда кәрі әжелер отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын темір өзек батыр туралы айтып отыратын еді-ау!

— Әне, сен тағы да әзілге айналдырып бара жатырсың. Үнемі сүйтесің...

Ішке зор тұлғалы біреу кіріп келе жатты. Еламан сығырайған май шамның жарығынан түрін айыра алмады. Тек оның репетінен үрейленіп, әйелін қолымен кейін ысыра бере атып түрегелді.

— Кәлен аға!

— Кәлен Еламанның арт жағында тұрған Кенжекеймен амандасты да, сонан соң суық жүзін бұған бұрып:

— Бері шығып кет! — деді.

Еламан үнсіз ере берді. Үй іргесінде бір топ атты ірілі-ұсақ түр екен. Еламан Кәленнің көп ісіне таңданбайтын. Оның не бір көзге түртсе көрінбейтін тастай қараңғыларда жаңылмай жол табатынын білетін. Баяғы бір ұрлық істеп, түн қатып жортып жүрген кездерде осы Кәленнің өмірі көрмеген бейтаныс жерлерден жалғыз өзі мал алып қайтқан сапарлары болды. Соның бәрінде де оның қалаған жеріне ат маңдайын аудармай тұп-тура алып баратын тапқырлығы аңыз боп кеткен-ді. Соған қарамастан оның осы мына тастай қараңғы түнде жапан түзде жалғыз үй отырған жаппаны қалай тапқанына қайран. Және оның осынша атты кісімен үй іргесіне дыбысын шығармай келгеніне тіпті дал боп тұр.

— Ал, сапар оң болсын!

— Әумин, айтқаның келсін.

— Жай жүрсіз бе?

— Ой, шырағым-ай,— деп Кәлен қарқылдап, рақаттанып күлді,— жаман ағаңның жай жүрген кезі болған ба. Басына бүлік тілеп ап жүреді ғой. Ағаң қазір де бір қауырт жұмыспен келеді.

— Иә?

— Сенің досың бар емес пе?

— Дос?

— Я, әлгі көкжөтел кәмісар ше?

— Петр Дьяков пе?

— Иә, сол. Кеше сол досың мені шақырып алып: «Әй, тамыр» деді, жігіттеріңді ал да ақтардың алдына түс деді. Жарайды, түсейін дедім. Әзір жауабыма ырза боп кетті ғой деймін, арқама қағып-қағып қойды. Ақ әскердің жолында отырған қазақ ауылдарына алдын ала хабар бер. Жол-жөнекей кездескен құдықтарды көміп тастаңдар деді. «Бұл әмірің бе?» — деп сұрап едім, енеңді с... ақылды ит екен, «жоқ, өтінішім»,— деді. «Е, онда өтінішіңді орындайын», дедім.

Еламан күлді. Кәлен оған жалт қарады:

— Неге күлесің? — деді жекіріп.— Сенің досың сонан соң маған «осыны істесең жасанды жауға жалғыз шапқан қас батырдың нағыз өзі боласың» деді. «Е, жарайды, болсам болайын» дедім. Ал, қалай, осыным дұрыс па?

— Әбден дұрыс.

— Ой, енеңді с...— деп Кәлен өзінің әр кездегідей ашық кететін еркіндігіне басып жіберді.— Осы халық сені қызылдарға иманын сатқан деп, тегі бекер айтып жүрген жоқ қой. Сен қайбір менің қамымды ойлап жатырмын дейсің. Қызылдардың мүддесі де көздеп жатқаның. Ал, сау бол.

— Жолдарың болсын.

Кәлен атқа мінді. Еламан үй сыртына ұзатып салды. Таралғыдан ұстап қатарласып келе жатып ол Кәленге ақ өскердің алды бүгін бұл араға құлағанын айтты. Ақтардың арасынан Тәңірбергенді көргенін айтқанда, Кәлен ат басын оқыс тартып тоқтай қалды.

— Ол не ғып жүр екен?

— Ақтарды елі, суы бар жерлермен бастап әкеле жатыр.

— Ә, солай де?..

— Солай.

— Ендеше, бәлем, тұра тұр! — деді Кәлен. Шекпенінің шалғайын тақымына басып, жуан дойыр қамшыны қолына

қысып ұстады. Осыдан кейін ол өзіне-өзі ант еткендей күбірлеп: «бұл даладан сендерге бір тамшы су татырсам Кәлен атым құрыр-ау, менің»,— деді. Тақым астында тықыршып тұрған атты тебініп қап шаба жөнелді. Аттарының тұяғын киізбен орап алған бір топ кісі құдды құм кешіп бара жатқандай дыбыс шығармай қараңғы түнге сүңгіп бара жатты. Бұлар да бірдейлік үшін түн қатып барады. Кешегі жылы ақ патшаға жігіт бермейміз деп қазақ даласы ереуілдеп атқа қонғанда ашынған жандардың аузында «бірдейлік» болды. Бірдейлік... бірдейлік... Бұлардан бұрынғы ата-бабалары да аттан түспепті. Қатын, бала қасында бір күн бел шешіп отырмаған. Еламанның жетінші атасы Тойғожа батыр — қалмақпен соғыста оң аяғын жуан саннан садақ көктеп кетіпті. Ұрыс үстінде осалдық көрсетсе жау марқайып кетер деп ойлап жаралы аяғын қанжығаға қайырып байлап тастап соғыса беріпті. Кейін ұшына тиетін болған соң сынықшыға кескізіп тастапты. Сонан ел арасына «ақсақ бөрі» атанып кеткен дейді. Тойғожа батыр не үшін соғысты? Бүтіл өмірін жорық пен жортуылда өткізгенде жетінші атасында қандай жүрек тебіренткен көкейтесті арман болды? Не әлде әңгүдік батыр әлсізге әлім жеттік істеп, қоңсылас отырған ағайынға қоқаңдай берді ме екен?

Онан кейінгі аталары — Тойғожадай батыр болмаса да бар өмірін барымта-қарымта соңында өткізді. Солардың бірі дүние қамын ойлап, басы жұмыр пендені бірдейлікке шақырған кезі болды ма? Рас, ілгерідегі аталардың бәрі ата-баба жолын қатты тұтынды. Тәрк етіп бұзбады. Ат жалын тартып мінген жастар өмірден өз бетінше жол табайын деп жұлқынып шықпапты. Төрде отырған үлкеннің аузына телміріп, солар бастаған көш соңынан қалмай жететкегі баспақша жұмулы көзбен еріп кете берген. Ата жолын тәрк етіп бұзбағаннан осы халық не ұтты? Не мұратына жетті? Ал, біз не ұттық? Еламан қараңғыға көзін тігіп ойланып тұрып қалды да, ілгері жүріп кетті. Аяғын ақырын басып келеді. Жолындағы шөп табан астында сытырсытыр жапырылады. Біздің не ұтып, нені ұтылғанымызды кім білсін. Ата-баба жолын тұтынғанда бүгінгі күні біздің ұрпақ қолына қару алып, осынау ереуілдеп жатқан тілі, діні басқа халықпен тізе қосып әділет-теңдік іздеп я шығар едік, я шықпас едік.

Еламан селдір сұйық қамыс арасымен жан-жағына сергек қарап келеді. Көңілінде қобалжу бар. Кенжекейдің үрейін алған қорқыныш бұның да жүрегін мұздатады. Құдай

оңдағанда, әйтеуір, Тәңірбергеннің көзіне түспеді. Жирен сары офицер... сезіктеніп қалған сияқты. Кісіге қарағанда, кәпірдің, бажбиған мысық көзі арғы жағынан өтіп кеткендей.

Маса ызылдады. Түнгі ауа тіпті қапырық. Күндізгі есірік жел түнемелікке қарай ішін тартып тыныш қалатын теңіз жағалауының сірә-дағы әдеті. Күні бойы толқынмен алысып титықтаған балықшылармен бірге түнемелікке қарай кәрі Арал да тыныс алады. Я, кәрі Арал сау болса ертең әлі-ақ есірік жынды жел қайта көтеріліп құтырып шыға келер. Ондайда өкірген теңіз ау қаратпай әлек қылатын. Қу қайықты қолды-аяққа тұрғызбай секектетіп ала жөнеледі. Жазатайым астындағы қайық бойын билей алмай көлденеңдеп бүйірін тоспасын. Бүйірін тоса бергенде ақ езуленіп ұмтылған толқындардың бірі болмаса бірі киліге қалса...е, онда иманыңды үйіре бер.

Асылы кісі қолда ұстаған сауын малы сияқты әрі-беріден кейін теңіз мінезіне де кәнігіленіп алатын көрінеді. Көз ашқаннан бері осы жарықтыққа иек асып, қатын, баланың күнделікті рызық несібесін көк теңізден алып жеп отырғасын қайтесің. Қанша айтқанмен қазір қол үзіп кетті. Әйтсе де, әне бір су кешіп, тор сүйретіп жүрген жылдары Еламан үй іргесінде өксігін баса алмай солықтап жатқан теңіз тынысын дәл бір көріпкел сәуегейдей топшылайтын. Еламан қараңғыға көзін тігіп келеді. Теңіз әлі көрінген жоқ. Тек кішкенеден кейін ілгергі жақтан жағалауға шылп-шылп ұрған бала толқынның баяу үнін құлағы шалды. Теңіз енді қашық емес. Еламан аяғын жеделірек басты. Кенет ілгергі жақтан, түксиіп қарауытқан тұңғиық ішінен біреу тып-тыныш суды иінағашпен салып қалғандай шалп етті. «Балық секірді-ау» деп түйді Еламан.

Жаңа ғана жел лебі жоқ еді; кенет қыл жіекті қуалай біткен жас құрақ басы жаппай сыбдырлап, әлгі бір кісі кеудесін қысып тұрған қапырық дүниеге жыбырлап жан еніп қоя бергендей. Еламан теңіз беттен оқыс соққан осынау көңіл ашар лепке кеудесін бұрды. «Енді кешікпей кеме де келіп қалар»,— деп ойлады. Ақтар орналасқан қыр жақтағы ауылдан бірде мал, бірде адам үні естіліп тұрған. Бір кезде мас солдат барылдап қоя берді. Оны біреулер іліп әкетті. Қосылып айтқан көп дауыс әрі-беріден кейін баяулап ақырын созып, осынау бір айдай әлемді еңселеп басып тұрған тас қараңғы дүниенің тағы да тыныстын тарылтып жіберді. Еламан қыбыр еткен жоқ. Қырдағы ауылдан талып естілген әнге құлағын тігіп қапты. Жаз айларындағы қыр-

қысқан қатты ұрыстарда кешке қарай екі жақ та қалжырайды. Атыс әп-сәтте тоқтап, титықтаған солдаттар таң атқанша тыныс алады. Талай күннен бері алай-дүлей боп түтігіп тұрған дүние кенет тына қалады. Қалжыраған жандар тұрған жеріне тізе бүгіп отыра-отыра кетеді. Үйқы буған бойын біреу мылтығына сүйеп, енді біреулер арқасымен окопке шалқая бергенде, әлдекім ыңырсып ән салады. Сондай әннейде жау шебінен шығады. Қалжыраған жұрт қозғалмайды. Құлаққа талып жеткен ән сөзі анық естілмесе де, зарлы саз бір дегеннен жүрекке шауып, сай-сүйегін сырқыратып қоя береді. Ән біткенде әр кімдер-ақ күрсінеді. Қалта түбін қағып темекі орайды. Құныгып тартқан ашы махорка түтіні көмекейге кетіп қақалып-шашалып қалады, іле-шала жұрт жым-жырт болады. Еламан бірақ олардың бәрі ояу екенін біледі. Бұның өзі сияқты осы жұрт та соғыстан ақ нық боп қажыды. Жазатайым жанына бататын бір жеріне тиіп кетсең болғаны тұла бойындағы сырқырап ауырып жүрген бар сыздауығы түп-түгел сарнап қоя береді. Жау жағасынан қолы кішкентай босаса артта қалған қатын, баласын, жер, суын, жолдастарын еске алады. Қатар жүрген қарулас орыс жігіттерін көріп жүр: олар жер жыртатын, егін оратын, шөп шабатын кезде әрқашан үй жайын ойлап қиналып тар окопта тұнжырап отырып қалады. Сондай кезде Еламанның басына қайда бір тосын ой кеп, осы дүниеде өзі түсінбейтін жайлар тым көбейіп кетеді.

Уәделескен уақытта кеме келді. Дьяков қу қайықпен жағаға шықты. Еламан оған көрген-білгенін айтты. Жау әскерінің саны мен қару-жарағы қақында білген мағлұматтарды берді. Сөзінің соңында ақтардың Үшшоқыға зеңбірек орнатып жатқанын ескертті.

Кеме кеткен соң Еламан үйіне қайтып келді. Қатын, балалары жатқан үлкен төсектің шет жағына қисайды. Шаршағаны соншалық, басы жастыққа тиер-тиместе ұйықтап барады екен. Үй жанында жатқан түйе пысқырып оянып кетті. Жастықтан көтеріп алған басы кенет қатты ауырып кеткен соң қос шекесін қолымен қысып отырды да, төсекке қайта жатты. Көзін қалай жұмса да, жаңағыдан кейін жазғы таң сарғайып атқанша ұйықтай алмады. Ойламайын десе де, оралып кеп есіне Тәңірберген түсе берді. Төсегі құрғырда да бүгін түйіртпек көбейіп кетті. Таң атқанша талай дөңбекшіді. Енді бір кезде ұйқыға не болды, бұл осындай кірпік ілмей шығатын түндер көбейіп кетті-ау деп ойлады. Бұрындары басы жастыққа тиер-тиместе ұйықтайтын. Қалай ұйықтап кеткенін өзі де сезбеуші еді.

Әлде осының бәрі жасқа байланысты ма? Жас демекші, өлшеулі шегі болған соң, өмір шіркін көзді ашып-жұмғанша өте шығады екен ғой. Тірлікте жұдырықтай басына тыныштық бермей тауға да, тасқа да соғып жүріп қырыққа қалай келгенімді де білмей қаппын. Қырықтың арғы жағында кәрілік те қашық емес. Бес-он жылда оны да еншілес қыласың. Лажсыз мойын ұсынасың. Ұсындым ба?

Еламан ойланып қалды. Түндігі түсірулі шаңыраққа қадалған қимылсыз көздерінің жанары қарағыда қаттырақ ұшқындап кетті. Тар төсекте тығыншықтай толық денесімен бұның бір жақ бүйірін қыж-қыж қайнатып жатқан Кенжекейдің ақырын алған тынысына құлағын тікті. «Көңіл қартаймайды» деген рас деп түйді. Жасыңды санап жүйкеңді құртады, әйтпесе көңілге салса өз басы әлі бала. Әне бір Ақбалаға үйленер алдындағы жап-жас қалпымен қарап тұр. Бойынан күші қайтқан жоқ. Өрге қарай жүгіргенде қандай биік басына да ентікпей шығады. Кейде оның діңкесін құртатын бір шарасыз жағдай бар: ес біліп, етек жапқалы тақым жазбай бірге жасасып келе жатқан біраз туыстары мен таныстары болатын. Қазір ойлап қараса қатары кәдімгідей селдіреп, Андрей, Итжемес, Құлтума, Мөңке, Әлиза, Есбол, Рай дүние салды. Судыр Ахмет сорлы да көз жұмды. Бұлардан басқа да қаншама қимас кісілер кетіп жатыр. Сыбағасына тиген бір тұтам тірлікте осы сорлылардың бірін жақсы көрді. Бірін жек көрді. Бірімен бауырлас дос болса, енді бірімен жүз жыртысыпты. Сонда бұларға не жетпеді? Жер жетпеді ме? Не әлде көңіл түбінен қос уыс қуыс орын жетпеді ме екен? Иә, тірлікте кісі бір-бірінің денесін шиедей ғып дақ салып, талас-тартыспен өткізеді ғой. Қалай болғанда да итшілеп өткізген аз ғана өмірде өзіңмен ащы, тұщыны бірге татып, бірге жасаған жандардың қазір көбі жоқ. Қатал тағдыр әуелі төңірегіңді тақырлап, сонан соң өзіңе ауыз салады. Ойлап қарасаң: осы дүниеден көз көргеп қимастарың ғана кетпепті, солармен бірге өзіңнің де баяғы бала, бозбала кездеріңдегі талай қимас ыстық шақтарыңды білдірмей ұрлап әкетіп, осы дүниесі құрғырың бір жағы опырылып құлаған үй тәрізденіп ортая береді екен. Көз көрген кісілерің кеткен сайын көңілің жүдеп, қоңылтақсып қалады екенсің.

Еламан қыбыр етпеді. Демін де алмай, тынысы тоқтап қалған сияқтанды. Күн жеп киізі көнерген ескі түндіктің шұрқ-шұрқ тесіктерінен сонау шалғай алыста жыбырлаған жұлдыздарға қарап жатыр Үйқысы әлдеқашан шырадай ашылып кетті. Жақсы көретін кісілерің қайтыс болған сай-

ын көкірегіңде шер-шемен ұлғайып қай-қайдағы көңілсіз жайлар есіңе түсе береді-ау, тегі. Сондайда кісі өз үйінде, қатын, баласының қасында жатып та жалғызсырап жапан түзде қалғандай сезінесің. Әлде соның бәрі кәріліктің салқыны ма? Солай ма? Басқа басқа болсын, өмірі моқауды білмейтін болат сүйек деп жүрген Кәленнің өзі де ана бір жолы аңдаусызда қажығанын аңғартып алды емес пе. Я, я не деп еді ол сонда? «Ай, шырағым-ай, кісі кәрілікті қанша мойындамаймын десе де елуге келген соң баяғы бала кезіңде тікен кірген, асық тиген, қыз шымшыған жеріңнің бәрі сырқырап ауырып тұрады екен»,— деп еді-ау. Жақсы айтты! Тауып айтты. Әркімнің де көңілінде жүрген көкейтесті сөзі ғой бұл.

Кең төсекте айқыш-ұйқыш жатқан төрт баланың бірі ұйқысырап былдырақтап сөйледі. Еламан ұйқысы сергек Кенжекей оянып кете ме деп қорықты. Ақырын созылып әлденеге мазасызданған баланы арқасына қағып ұйқытатып тастады. Үш қатыннан туған үш баланың басын біріктіріп, бір оттың басында ұстау бұған да оңай боп жүрген жоқ. Пақыр, кәйтсін, пейілі кең болғасын бәріне аналық мейір тауып, тапшы дүниені қызыл қарын балалардың аузына қылдай ғып бөліп салып отыр. Мына шіркіндер соңырағы күні өз қолы өзінің аузына жеткесін сол жақсылығын білсе жарар еді-ау!

Еламан әйелінің арғы жағында жатқан балаларға көз қиығын тастады. Бұлар қандай болар екен деп ойлады. Біз-ге ұқсар ма екен? Не біліп айтатынын қайдам, Дьяков, әйтеуір ол кезде жер басқан жанның бәрі бірдей болады дейді. Жә, жарайды, адам баласының көкірегінде алалық болмас. Осы жұрттың ішер асы, киер киімі, сөйлер сөзі бірдей-ақ болсын. Бірақ құдай бірдей ғып жаратпаса кәйтеді? Басқаны қойғанда бір оттың басында бір қазаннан ас ішіп, бірге жатып, бірге тұрып жүрген, бауырлас кісілердің арасында бірдейлік бола қоймаушы еді ғой. Олардың арасында да бірінің сөзі үстем. Бірінің өзі үстем. Бірі ертеден қара кешке дейін қоңынан күн өтіп, сылпылдап қой соңында жүрсе, енді бірі алшайып ат үстінен түспейді.

Түсінбеймін. Жә, құдай қаласа, жауды жеңіп, дегеніміз-ге жетерміз. Өмір өзгерсін. Қара борбай кедейлер теңдік алсын. Бірдейлік орнасын. Бірақ, бәтір-ау, осы халықтың ішер асы, киер киімі бірдей болғанмен құлқы бірдей бола ма? Сол мүмкін бе? Жылқышы боп жүргенде талай асауды бас білдіргені бар. Темірдей тақымға түскенде не бір заңғар асаулар да жіптіктей боп жүре беретін. Әрі-беріден

кейін тіпті үстіндегі кісінің құлқын көш жерден танып, тізгінді демеген жағыңа елпілдеп отыратын. Адам бойындағы асаулықты да, соңыра тақымға салып бас білдірсек бірдейліктен не қалады? А? Жоқ, түсінбеймін. Ақылым жетпейді! Кісі бойындағы құлқын бірдейлеп алмайынша, соңыра мына балалардың заманында да біреу артық, біреу кем орында жүрмесе кәйтсін.

Қатын, балалары рахаттанып ұйықтап жатты. Тек көңілсіз ойлар кішкентай жаппаның ішін улап, тынысты тарылта түскендей. Еламанның есіне қарт әже түсті. Кейінгі кезде бейшара айтқанынды есітпей, бірдеңе десең кимешегінен құлағын шығара бастайтын. Ауру жеңе бастағанын сезгенде, жарықтық, тіпті өлгісі келмеді. Өмірді қимағаннан емес. Артында қалып бара жатқан екі қарашығын ойлады. Күні бойы теңіз үстінде боп тоңып қайтқанда алдарынан от жағып, асын даярлап қоятын кісі жоқ деп уайымдайды. О, жарықтық-ай, жатқан жеріңнің топырағы торқа болсын! Сүйткен сорлы әжесін бұл қай заманнан бері есіне алып отыр. Осы кісілер қандай екі жүзді. Сәудегер сияқты сезіміне дейін бұлдап саудаға сап жүреді. Әйтпесе көзден тайған кісінің көңілден де кетіп ұмыт болатыны несі? Ауырған кісінің беті ары қараса-ақ бойың суып, іргеңді аулақ сала бастайсың. Ыстық жүзін топырақ жаппай жатып жүрегіңдегі жалын да сөніп, о дүниеге жөнелткен жақының — ең арғы жағы ата-анаң да болса — сен оп-оңай ұмыта саласың.

Еламан жер басып жүрген көлгір көптен өзінің де артықшылығы жоқ екенін ойлады. Өзіне деген реніш одан сайын ұлғайып көңіл түбінде ұйықтап қалған талай ойларды түртіп оятты. Кәрі әжесінен кейін Райды есіне алды. Құдай-ау інісін қалай тез ұмытты. Байғұс кәрі әженің Рай дегенде шығарда жаны басқа еді. Ауызын ашса: «қоңыр қозым» деп, балық аулап кеткен немересіне сыртынан еміреніп, айналып-толғанып отыратын. Еламанның көңілі босап кетті. Кәрі әжені қатты аңсап, сүйікті ыстық бейнесі бір сәт соншалық ап-айқын елестетіп кірпігін қақпай қимылсыз жатыр. Әжесі марқұм Рай екеуіне ұрысқан боп жекіріп сөйлеп отырғанда да кәрі жүрегіндегі жылылықты сездіріп ала беретін еді-ау. Жұлдыздар сөніп, кең аспан көкшілденіп, қашықтай түскен еді. Еламан жастықтан басын шошына көтеріп алды. Қатты соққан жүрегін үй іргесіне тірелген ат тұяғының дүсірі есіттірмей көміп жіберді.

— Ақ-тар ма? — деді Кенжекей де ұйқысынан шошып оянып.

— Әр нәрсеге үрейлене беріп қайтесің.

— Ақтар ма?

— Сен жата бер. Мен тысқа шығып...

— Жоқ, жоқ, сені жібермеймін.

Еламан мойнынан қарыстырып қысып алған Кенжекейдің қолынан қалай босанғанын білмеді. Таң ағарып атқан. Түндігі түсірулі үйдің іші бозарып қалған екен. Тасырлатып шапқан біреулер жолындағы жаман үйді тапап өтетіндей аттарын кимелетіп кеп есік алдына тоқтады.

— Әй, шоқыншық, шық үйден!

Еламан түндегі тілмаш татарды даусынан танып тұла бойы мұздап қоя берді. Түрулі есіктен тақым астындағы тықыршып тұрған аттардың аяғын көрді. Еламан Кенжекейдің құшағынан жұлқынып босанып сыртқа ентіге жүгіріп шықты. Ол ашық теңіз жақтан түтіні будақтап келіп қалған кемені байқамады. Үй алдында тұрған үш аттылының ішінен көзі бірден Тәңірбергенге қадалды. Анау, бірақ байқамаған кісіше қара мұрты қиылған сұлу жүзін жанында тұрған подполковник Федоровқа бұрып басын сәл изеді. Бұнысы «дәл өзі» деген ишарасы еді; татар тілмаш қылышын суырып ап:

— Ә, шоқыншық қазақ... Ақтөбеден бері қараған жерде қанша ақтың басын алдың? — деп ақырып атын тебініп қалды. Бірақ ол қылышын сілтеймін дегенше бұл атып жіберді. Татар тілмаштың қаһарланып көтеріп алған қылышы сұлық құлап қолынан түсіп бара жатты. Еламан сонан кейін оған не болғанын байқаған жоқ. Үйден шырқырап жүгіріп шыққан Кенжекейді ішке қарай қатты итеріп түйіп жіберді. Іштен у-шу болған балалардың даусы шықты. Еламан өліктей құп-қу. Енді бір қимылмен ол өзіне төніп қалған Федоровтан жалт беріп ырғып түсті. Кіжініп сілтеген қылыш жай оғындай жарқ етті. Тәңірберген астындағы осқырып үріккен аттың басына әлі келмей алыстап ықтап кетті. Ол тек сырттап бара жатып Еламанның ағы үлкейіп кеткен үрейлі көзін көрді. Қапы кеткеніне күйініп, кіжініп қайта ұмтылған Федоровтың ақсиған ызалы тісін, қолындағы жүзі жылтылдаған жалаңаш қылышын көрді. Осқырып үркектеген тарлан атты қылыштың қырымен аямай тартып-тартып қап, осы кезде өзін көздеп ата берген Еламанға табан жерден тап берді. Тарлан ытқып атылды. Мылтық тарс етті. Жалаңаш қылыш тағы жарқ етті. Еламанға сілтеген қылыш жүзі құдды бұның дәл өзіне төнгендей Тәңірбергеннің тұла бойы түршігіп байқаусызда басын бұғып қалды. Көзін қалай жұмып қалғанын байқамады. Ол үрейлі көзін қайта ашып алса, Тентек Шодырдың баласы басы

қатты тарлан атты тоқтата алмай ағызып барады екен. Ал, Еламанның қылыш шапқан қан-қан денесі жерде дір-дір етіп жиырылып, созылып жатты. Іштен шашы ода-дода боп Кенжекей жүгіріп шықты. Қылыш қағас тиген болу керек, Федоров ұзап барып қайта оралмақ болғанда жағаға кеп қалған кеме үстіндегі зеңбіректер күркіреді. Ауыр снаряд-тар алдын кес-кестеп гүрс-гүрс жарыла бастады. Еті қызып алған үркек ат далаға қарай ала қашты.

X

Ақтар Аралдан шегінгелі Тәңірберген төтен бір халде. Осы күні ойына алған іске елден бұрын оның өзі сенбей, жасқаншақтап тартынып қала береді. Соны өзі де байқай-ды. Сондайда: «осы менмін бе?» — деп ойлап, осы күнгі өзінің халіне көлденеңнен тосырқай қарайтын боп жүр.

Бұрын өзінің қандай болғанын жақсы біледі. Қанша бай, бақытты болғанмен ойына алғаны бұрын да оп-оңай орын-далып жатпайтын. Сол кездерде де бұның жолын кескен жаулары болған-ды. Бірақ бұрын басына қандай ауыр іс түсіп жатса да осы жігіттің ақыл-есі ашық күндей сайрап тұратын. Берегірек келгесін болыс ағасы өліп, бұл өңірдің билігі өз қолына тиді. Бүркеншік перде астында ұстаған бетін ашып тастады. Ел ішінің екі жақ айтыстарында жаға-дан алған қолдар жазылмай, тар өткел аузына тай-таласа кеп жүрді. Соның бәрінде де жас мырза қаһарлық тіккен дұшпанына қарсы істер әрекетін күні бұрын жер түбінен ойлап, тор-тұзағын жайып тастайтын. Сонан соң келешекте қайткен күнде де бұның дәл өзінің ойлағаны бұлжымай орындалатынына көңілі кәміл сеніп, сәл-сәл мысқыл шапқан сұлу жүзін жұрт алдында жоғары көтеріп ұстап, міз бақпай безеріп алатын. Сонан болар-ау, көлденең бөгде кісілер түгіл, тіпті тірлікте тақым жазбай қатар жүрген қанжығалас *достары мен қосшы-қоландарының өзі де жас мырзаның* арғы жағындағы ойын анық болжап білген емес. Мырза-ның арғы жағын аңғара алмай дал болғанда ел ішінде «алып кел», «жұлып келінде» жүретін епті жігіттер көбіне-көп, бет ажарын бағып, қасы-қабағының ыңғайымен айналып лыпыл қағып тұратын.

Осы биыл оған бірдеңе көрінді. Айрықша Аралдан бері қараған жерде ісі оңалмады. Бұған салса өз басы бұрынғы-сынан құйттай да өзгермеген секілді. Ақылы, айла-амалы бәз-баяғысы. Не істесе де өзінің бұрынғы машықты сақты-ғына бағып алдын ала аңысын аңдап, қабырғасына кеңесіп

істеп жүр. Баяғы бір тасы өрге домалап тұрған кезде кішкене көкірекке сап, күштеп жіберсе болғаны қандай қиын ісінің де көрер көзге сәті түсіп, оңға басып жөнделіп қоя беретін.

Ал, қазір өзіне не болғанын білмейді. Қазір де көңіліне алған ісін күні бұрын жан-жағынан ақылға салады. Сақ жігіт сүрінбеу жағын ойлап қам жасайды. Бірақ, бір ғажабы, неғұрлым аяғын ақылмен абайлап басқан сайын, о, жасаған, бір пәледен соң бір пәлеге душар боп арандап жатады. Әйтпесе, қазіргі халі өзіне лайық па? Жеңілген әскерге жол көрсетіп, жөн сілтеп, етегі далақтап шауып жүру — түзы жеңіл әлде біреулердің үлесі емес пе? Рас, заман өзгерген шығар. Бұрын жұрт бұған жол көрсетіп қосшылық етсе, бәлкім, ендігі жерде күштіге қызмет қылатын кезек бұған келген шығар. Бастапқы кездей емес, ол қазір басына түскен пақырлық халіне лажсыз мойын ұсынып, көніп алды. Оның қайран қалатыны басқа. Тап осы жолы қателеспейін деп күні бұрын құнттап қапысыз мұқият ойластырған ісі кейін көкейдегі көздеген жерінен шықпай, тағы да өзі күтпеген бейқам бір тұстан кеп соғады деп ойлаған жоқ-ты. Ана жақтағы орыс байлары мен татар байларының тірлігін көргесін бе, осынау кең даланы жайлаған керенау, кердең қазақ байларына, бұның сірә да, көңілі бітпейтін. Ата-баба салған жолды тәрк етіп бұза алмаса да, тым құрыса олардың осынау бойкүйез бөксе басарлығынан бойын аулақ ұстағысы келді. Өз басы ат жалын тартып мінген осы күнгі қазақ байларына ұқсап, басына түскен жақсылыққа да, жамандыққа да қысқа күнде қырық рет тәубе етіп, құдды күлге үйелеген түйеден от басында жалпиып жатып алған жері жоқ. Осы жолы да үстіндегі үйіңді жығатындай құйындатып келе жатқан беті қатты заман бұны төсегінде тыныш жатқызбады. Қазіргідей аяқ басқа шығып, ұйқы-тұйқы боп жатқан лайсаң, аласапыран дүнненің тамырын жаңсақтаспай дәл басып, болашақ ағымның бет аңғарын байқап қайту үшін ол әдейі Шалқарға барып еді. Қайтерсің, қала қулары бұны ұстап берді.

Ай, сірә, бар пәле Теміркеден болды-ау! Анық сонан болды. Генерал Черновтан қайтып келе жатқан күні осы сұмырай алдынан шыққан-ды. Мырза істі боп тұрғанын тіліпің ұшына алмаса да, татар байы бұның бар жайына қанық сияқты. Осы шіркіннің баяғы заман түзу кезде бұны көрген жерде қос қолдап ұстай алып, асты-үстіне түсіп, мал-жаныңды, ауыл-аймағыңды сұрап жалпылдап, өліп-тіріліп жататыны қайда? Бәсе, бұл жолы бірден күйген терідей

құрыса қалғаны тегін емес еді-ау. Ол сұмырайдың басына іс түскен кісіге рай бермейтін қашанғы әдеті. Бұл сезікті көңілін жасыра алмай, назарын сәл тіктеп қараса да татар байы қипақтап, көзін тайдырып әкете берді. Темір істік ұшында тұрғандай дызалақтап біткені ұнамап еді-ау! Әлдеқандай асығыс бір шаруасынан қалып бара жатқандай жанжағына алақтап, ауызындағы сөзіңді айтқызбай «и, и, алла»,— деп ішінен тікен қадалғандай тыжырынып қала берді. О, жасаған, әне бір кезде, осы сұмпайымен ауыз жаласып, алысып-берісіп жүріпті-ау! Иә, Темірке де опасыз боп шықты. Жақсы күніңде жігітке жолдас көп. Жанқияр дос боп жүргендер қиындық іс басыңа түскенде ғана сыналады. Осыдан кейін мырза қаладағы бір танысына хабарласпай, ішінен тынып кете барды.

Әуелде ол Алтықұдыққа дейін жол көрсетіп бастап апарсам, онан арғы жағына өздері бір лажын істер деп онша қысылмай арқа-етегін кең сап жүрген-ді. Осыған көңілі ұйығаннан кейін ол енді не істесе де генерал Черновтың ойынан шығуды көздеді. Жан-тәнін салып қызмет істеп, қазақтың кең даласын қайыстырған ағыл-тегіл мол әскерді жол бойы бір рет шөлге ұрындырмады. Қыруар әскердің бір күн қарнын ашырмай, шөлге ұрындырмай, оты-суы мол Ұлықұм мен Кішікұм бойында нің тіресіп, сыңсып отырған бай ауылдардың үстімен алып жүрді. Бұл өңірдегі елдердің нгі жақсыларын бір жолы ол Қарашоқатқа жиып алды. Сол арада тілінің ебін, бетінің ажарын салып, көлігі болдырған солдатқа мінер ат пен сояр малды, киер киімді өздерінің ықтияр еркімен үйір-үйір қып айдап алғызып еді.

Енді ойлап қараса, оның осы істеген ісінің бәрі өзіне қырсық боп жабысыпты. Тәңірбергеннің осынау аспан айналып жерге түскендей қайнаған ыстықта ақтарды сусыз далада шөлге ұрындырмай, жан-тәнін сап қызмет етіп жүргенін ана жақта қызылдар хабарланып, біліп жатса, ал бұл жақта генерал Чернов пен атаман Дутов мына жас мырзаның ақыл-парасатына дән риза. Жуық арада онан айырылатын ойы жоқ.

Тәңірберген істің аяғы насырға шапқанын білді. Ақылдымын, айла-амалым мен қулығымды жер басқан жанның бәрінен асырамын деп жүрген жігіт енді бүгінгі күні ең бір қапысыз сақ болатын жерде сүрініпті. Қыр қазағының ежелгі бір бос белбеу, бейқамдығына салынып кеткен. Күн орнынан шығып, ай орнынан батқанмен бұл күнде заманның өзгеріп, жұрттың пиғылы бұзылғанын жалғыз бұл ғана білмепті. Патша құлап, тақ қирап, қырдың кешегі көкжал

бөрілерінің басынан бақ тайып есіктегі құлынан қайбартып, қасы мен қабағына қарап қалғанын жалғыз бұл ғана байқамапты. Өзінен өзгенің бәрі — жақсы да, жаман да — заманына қарай амалын қарастырып, қатал кездің қаһарынан ығыстап, кісі көзіне түспейтін көлеңкеге тығылып жатса, о, пәруардігер, осы өңірдің ойдағы, қырдағы байларының ішінде бағы тайған жаққа ашықтан-ашық қызмет істеп, бой көрсетіп алған жалғыз бұның өзі боп шықты. Ал бір жанды бет жүзіне қаратпай, жолындағы қайрат көрсеткендердің бәрін қырып-жойып, жаныштап, тапап келе жатқан қызылдар осы мына ойраны шығып жатқан дүниенің ертеңгі анық қожасы. Қызылдарға осынша күшпен Колчак түк істей алмай жатқанда, есалаң сорлы-ау, сен күл шашып не бітірмексің? Сен қанша ашынсаң да бойыңдағы бар ызаң бала мысықтың бет тырнағаны құрлы әсер ете ме, бұларға? Тентек Шодырдың баласына Еламанды өлгірткенде не ұттың? Қанды көйлек жауыңа осы өмірде өзің ата алмаған оғың еді. Орайын тауып орыстың қолымен аттың. Бұл тұста да, сен бірақ соңырағы күні ақ-қараны ашқанда түптің түбінде ұтылатын өзің екенін ескермедің. Иә, ескермедің. Көріп жүрміз ғой: иесі қазаққа қандай қиянат істесе де заты орысқа зәредей де пәле жуымайды. Ал, қазаққа қазақтың кегін жібермесі анық. Көре қал, мына желі оңынан тұрып, есіріп бара жатқан қара тобыр ертеңгі күні Еламанның кегін сенен алады. Жә, не қылса да, итің қырын жүгіргесін істеген ісіңнің беті оңғарылмайтыны ғой, шамасы.

— Ну, гад! Құдық қайда?

Тәңірберген қолынан түсіп кеткен тізгінін тез жиып алды. Ала жөнелген аттың басын тежеп, артына қайырылды. Үзеңгі қағысып, қатарласып қалған жирен сары офицердің тұздай көк көзіне бұ да тайсалмай тура қарады да, ләм-мим деместен тебініп қалды. Иесінің ширыққан жанын сезгендей ірі көк ат пысқырып қап, аяғын жеңіл тастап желіп кетті. Қыстан қоңды шыққасын қалай мінсең де күш кемімейді-ау, тегі. Оты, суы кемдігіне қарамастан мына жануардың жүріс тілеп, ауыздығын қарш-қарш шайнап келе жатқанын қарашы! Іші у жалағандай боп өртеніп жатса да, зәті ұстамды жігіттің сырт өңі салмақты. Жаңағы жанжалдан кейін ол күміспен шолулаған көк бас ердің үстінде қыбыр етпей отыр. Көп кісі боп жүргенде алдына қара салмай елпілдеп, бауырын керіп аяңдап отыратын ірі көк аттың тас төбесінде шаншылған қамыс құлағынан көзін айырмай қадалып апты. Жаңағыдан кейін артына бұрылып қарамаса да, әлгі ызалы офицердің өзіне ту сыртынан қадалған көк

көзі тесіп барады. Аралдан бері қарай шыққалы осы жирен сары офицер мен Тентек Шодырдың баласының бұған қаны қатып алды. Қалғандарының да аяйтын ниеті жоқ. Тек әзір генерал Черновтың тәк-тәгімен жан сақтап келеді. Және бұнан айрылса мына далада жол тауып жүре алмайтын болған соң амалсыз.

Бастапқы кезде Тәңірберген бұлардан қайбартып ықтап жүрді. Қазір бұның да көңілі қарайып, қанын торсыққа құйып алған шағы. Жаңағы жирен сарыдан да, мына Тентек Шодырдың баласынан да жүзі ығыспады. Осы қазір басындағы бақ пен өрістегі үйір-үйір малдан, қойындағы жардан, ерттей ыстық күні жаныңды қоярға жер тапқызбай күйдіріп бара жатқан үстіңдегі мына аспан, мына жарық дүниеден көңілі қалып суынып алды. Басындағы бір жапырақ тірліктен де түңіліп, талақ деуге әзір. Қалжыраған жаны тек тыныштық қалайды. Бір жұтым су тілейді. Шегенді құдықтан қауғамен тартып алған мұздай суға қайта-қайта аңсары ауып, аузын қуырған ащы сілекейді тамсанып қояды.

Осы күндері шаруа жайы жадынан шығып кетті. Керек десе Шалқарға бара жатып, жолшыбай Қарала-Көпке қондырып кеткен ауылын ықылас қойып ойлап жүрген жоқ. Софы ағасына «менен хабар болғанша қозғалмаңдар» деп кеткен-ді. Сонан бері бір айдың жүзі. Бір орында ұзақ отырып қалды-ау деп қынжылады Мал тұяғы тигесін қоя ма. Шамалыдан кейін үй маңы сары жұрт боп, шаңдағы шығып кететін. Онсыз да биыл жер сыңайы жаман. Жаз бойы жаңбыр тамбаған қуаң жердің репеті ұнамады. Жылдағы шабындық жерлерге биыл тіске ілінер шөп шықпаған. Биыл қалай да алдағы қыстың мал баққан шаруаға ауыр сын боларын сезсе де, көңілі сүлесоқ енжар болғасын ба, әйтеуір ертеңгі тірлік қамы ойына кіріп-шықпады.

Неге екенін қайдам, ол мына өрттей ыстық күн астында қыбыр-қыбыр қозғалып келе жатқан арық аттарды аяды. Генерал Черновты аяды. Қанша күннен бері тақым жазбай, үзеңгі қағысып келеді. Шалқардан бері қараған жолда көз жазбай байқаумен отыр' аз сөзді, ұстамды, адамгершілігі мол. Еркін, не керек, басынан бағы тайғанда кездесті. Осы қазір дүниедегі бар қиындық бір өзінің басына түсіп тұр. Арқа тірер үкіметі құлады. Әскері қирады. Қолда қалғандарының түрі мынау. Мыналарға сенуге бола ма? Сенім?.. Тәңірберген мырс ете қалды. Қаттырақ күліп жібергенін байқап, қасындағы кісілерден қысылып кетті. Кейінірек

қалып қойған атын тебініп қап, желіп кеп генераламен қатарласты.

Генерал бір жаңалық айта ма деген үмітпен жалт қарап еді; Тәңірберген генералдың кеулін сезе қойып, көзін тайдырып әкетті. Аты да қипалақтап, бір орында кібіртіктеп басып, генералдың ақ арғымағынан кейіндеп қала берді. Ел кездесетін дәмелі жердің бәрінен өтті. Өзінің топшылауы бойынша елі, суы бар жер бүгін бұларға жуық арада кездеспейді. Ал, ертеңге дейін мына аттардың шыдауы негайбыл. Тұла бойы терге малшынып, шабы ақ сабынданып мықшиып кетіпті. Ат реңі мен адам ажарына қараса көңілі бұзылатын болған соң, Тәңірберген көбіне көзін тура алдына қадап алды. Елсіз дала жым-жырт. Қабағы қатыңқы кісілер үнсіз. Тек шөлге шалдыққан аттар әлсін-әлі танауына шаң толып пысқырып келеді. Әлсіз атқа індігеш те әуес. Кейде түбін жел қазып қара кеңірдектеніп қалған томар жусанның түбірі тұяғын қағады. Кейде көр тышқанның илеуіне аяғын тығып сүрініп кетеді. Әлсіз аттар алдыңғы аяғын іннен суыра алмай, тізе бүгіп қалғанда, қамсыз отырған кісі тақымын қысуға үлгірмей ерден ұшып кете жаздап, аттың шоқтығынан жабысып ұстай алады. Ат үстіндегі жүріске қанша берік болса да, осы бүгін Тәңірберген шаққа шыдап отыр. Өмірде істемегенін істеп ,әлгінде ат үстінде тақымы босап қалғып кетті. Сонан кейін де ерге отыра алмай, ұйқы мен шөл кезек қинап, ат соққан бойы былғақтап келеді. Бір кез тақа жаны күйзелгенде: «өмірдің де түк қасиеті қалмапты-ау»,— деп ойлады. Бәсе, бұл қимайтын не бар? Үстіндегі аспан ба, мына күн, мына жер ме? Не әлде, осынау ұры тонаған үйдей өзегі талған кісіге берер жүрек жалғайтын бір жұтым суы жоқ шөл дала ма? «Опасыз дүние» деп тауып айтқан. Көңіл қатты торыққанда бұл дүниенің тұла бойынан тырнақ ілінер түк табылмай кетеді-ау! Иә, қызығы таусылғанда бұл бейбақ та көңілің қалған қойныңдағы кәрі қатының сияқты құтыла алмайды екенсің.

Қажығандікі болар, осы келе жатқанда Тәңірберген ештеңеге құлықсыз, сүлесоқ, енжар. Шынына баққанда осы қазір оған ақтың да, қызылдың да бәрібір. Жер түбінен жағаласып келе жатқан өзінің ежелгі жауы — Еламанға да көкірегінде кек қалмапты. Осы дүниеде оның бары-жоғы, өлі-тірісі бәрібір. «Иә, маған бәрібір»,— деді Тәңірберген.

Теңіз жағасында жалғыз үй отырған қоңыр үзікті жаппаға Тентек Шодырдың баласын ертіп апарғанда да, құдай куә, бұл қан көксеп барған жоқ. Өзінен аруағы асып бара

жатқан соң осы бір тоң мойын жігіттің төбесіне төнген қылыш астында қалтырап, әке-көкелеп жалынғанын көргісі кеп барып еді; бірақ ол күткені де болмады. Тірлігіне қатер төнгенде қыңыр жігіт тағы да өзінің қайсарлығына басып кетті. Сонан ары қас пен көздей уақыттың арасында тірлік үшін тай-таласқан ұйқы-тұйқы болды. Төбесінде жарқылдаған қылыш астында өліктей қуарған Еламан... Еламанның ағы үлкен ала көзі... жаппадан күйеуі үшін отқа түсердей боп шырқырап жүгіріп шыққан Кенжекейдің өлермендігі .. сонан соң жиекке жақындап қалған қызылдардың кемесі, кеме үстінен гүрс-гүрс атылған зеңбірек, жүйкеңді жұлғандай тас-төбеңнен ысқырып төніп қалған снарядтар, осқырып шегіншектеген үркек тарлан... сонан соң, я, я, сонан соң Тәңірберген кеткісі кеп атының басын кейін бұра берді. Бірақ Тентек Шодырдың баласы бұның ырқына көнбеді. Тақымы астында дір-дір еткен аттың төңкерген қазандай сауырын жүзі жарқылдаған жалаңаш қылыштың қырымен аямай, тілдіріп тартып-тартып қап, тісі ақсиып ызалана ұмтылды. Еламан өзіне сілтеген қылыштан қорғанып, сол қолымен басын көлегейлеп шегіне берді... Сонан соң... бәсе, сонан соң не боп еді?

Бір әуеннен танбай елпілдеп келе жатқан ірі көк ат осқырып қалды Әлде неден үріккендей құлағын алдына оқыс тігіп, тізгінге не болмасаң осы қазір жалт беретіндей мінез көрсетті. Тәңірберген бойын тез жинып алды. Ол ілгері ұсынып, тас төбесінде шаншылған ат құлағының арасынан алдына көз салса, анадай жерде айдалададағы жалғыз түп қызыл түзген түбінде жуырда ғана қасқыр жеп кеткен ірі қараның сүйегі арсасы шығып ағарып жатыр екен. «Осы аралларда ел болуы мүмкін»,— деп ойлады Тәңірберген. Ер үстіне созылып айнала төңірегіне көз тастады.

* * *

«Япырмау, бұл қалай? Ел болу керек еді ғой?» — деп ойлады Тәңірберген. Көкжиекке қарай-қарай көзі талды. Басы айналды. «Күн өтті-ау»,— деп ойлап, қанша күннен бері ат үстінде қаққан қазықтай боп келе жатқан сұлу бойы осы арада бір сәтке ғана босаңсып, ыстық басын алақанына сап еді. Шекесін солқылдатып алып бара жатқан білеудей көк тамыр алақаны астында бұлқ-бұлқ соғып қоя берді. Тәңірберген құлап қалам ба деп қорықты. Ат үстінде толықсып кетті. Бірақ келесі сәтте қажыған бойынан қайрат шақырып, басын көтеріп, еңсесін қайта тіктеп алды; әлгі-

ден көрі басының ауырғаны аздап басылса да, бет ажары кірмей өңі кірбіңіп келеді.

Жасаураған көзін ілгері тастады. Шөбі күйген сұр төбелер сұр толқындай дөңбек-дөңбек боп көз асып кетіп жатыр. Қай жағына қараса да кенеусіз кең дүние. Шегі бар ма? Болса — қайда? Қашанғыдан бұрын мына меңіреу даланың сарылған түрі кісі жанын жалықтырып жеп барады. Дүние-дүние боп жаралғалы мына құба жон, құ мекенде, құдай біледі, кісі тұрмаған болар? Өзінде ат та болмас? Әзірет Әлінің үрім бұтағы түп-түгел шаһид боп қырылып кететін, әлгі... Кербаланың шөлі осы емес пе? Я, я, Кербала шөлі. Қалай еді? Жатқа білетін сияқты еді?.. Ей, жарандар, тыңлағын хикаятым. Кербаланың сөйлейін уалаятын... уалаятын.... сонан ары ше? Бәсе, сонан ары қалай еді? Уалаятын, уалаятын... кісінің жады да тозатын болғаны ғой. Сорлы Хұсайын... Иә, сорлы. Соры шаш етектен. Мына генерал да құдды Хұсайын секілді таланы тастай бақытсыз біреу.

Ана қарашы, у жұтса да — ішінде. Ішін ит кеміріп жатса да сыртын бермей сазарып алады. Басқа кісілер ат соққан денесіне не бола алмай, ер үстінде қозғалақтап, екі жамбасына кезек қисайып келе жатқанда, апырай, бұл заңғар, күні бойы қыбыр етпейді-ау. Қанша көз алмай баққанда, жол үстінде, бұның жазатайым дағдысынан жаңылып, белі босаңсығанын байқаған емес. Қанша көрсең де күнге күйген көйлегінің тер қатқан сортақ-сортақ жауырынын жұртқа тосып, соңында ілбіп басқан әскер алдында әудем жерде кетіп бара жатады. Тәңірберген қартаң генералға көбіне сырт жағынан көз салады. Генералдың күн астында шағылысқан аппақ самай шашы мен қылқиған мойнына, кір-кір жағасынан жарылып көрінген көк желкесіндегі бармақ басындай ғана шұқыршағына бұл көз айырмай ұзақ-ұзақ қарап отырады да, күн астында қажығандікі ме, кенет қарағаннан қарап көңілі босап Хұсайынның әскері қырылған Араб даласы да дәл мына Арал жеріндей болар-ау, деп ойлады. Онда да, құдай біледі, дәл осындай қайнаған ыстық. Онда да осындай шетсіз-шексіз сұр дала, сұр топырақ, сұр шөл. Қаталап өліп бара жатқанда аузыңа тамызар бір тамшы су жоқ.

Хұсайын әскері айлап жүргенде сусыз шөлдің бедері өзгермей безеріп алды. Міне кей мына дала да үш күннен бері өз сырын өзі ұрлап тылсымдай безеріп жатыр. «Кербала шөлі осы емес пе екен? — деген күдік, басынан кетпеді. Бәсе, мына даланың ыстық аңызақ желі де, бұлыңдаған бұ-

лыңғыр сағымы да, бұл бұрын-соңды көрмеген, білмеген басқа бір беймағлұм жат дүниенің сағымы желі. Өзін күйдіріп бара жатқан тас төбеңдегі осынау өрттей ыстық күн де араб аспанының күні сияқты. «Күн өткен болды»,— деп түйді Тәңірберген. Сүйткенше болмай, көзін қадап алған ат құлағы кенет алыстап, кіреуке тұман ішіне сіңіп, қарасы үзіліп бара жатты. Иә, күн өткен болды. Ендеше, ана сорлыға да сөзсіз күн өтті. Кербала шөлінде Хұсайынға да күн өткен болар. Тәңірберген өзін тағы да баурап әкетіп бара жатқан ой бетін басқа жаққа бұрғысы келсе де сәптіреген қиялы қайта-қайта оралып осыған соға берді. Келесіде ол сонау қиянаты мен қаталдығына көз жете бермейтін көне заманның құрбаны — Хұсайын, мына орыс генералына ұқсаған болар-ау деп ойлады. Таланы мен тағдыры ғана ұқсас емес, орыс генералына оның түрі, түсі, ісі, бойындағы бар қылуа мінезі ұқсас. Шөл далада әскері қырылып жатқанда қаназасы кепкен Хұсайын құдды мына орыс генералындай ерні кезеріп, жіңішке мойны қылқиып жағасынан шығып, желкесіндегі бармақ басындай шұқыршағына дейін қасындағы кісілердің көңілін босатып, көзінен жас шығарған болар. Құй кәпір бол, құй мұсылман бол, асылы, тағдыры бір кісілердің басындағы жайлар ұқсас бола береді ғой.

Тәңірберген өзінің тағы да ұзақ сонар уайымға салынып бара жатқанын сезді де, танжырақтаған ойын шұғыл тежеп, төңірегіне көз тастады. Баяғы құлазыған жым-жырт дала. Көз жетер жерде қарайған бұта жоқ. Сары аурудай сарылған түрі жанын жеп бара жатқан соң кенет ол ілгергі жақтан көзін алып, кейінгі жаққа бұрылып еді. Арт жағында қалып бара жатқан көл-көсір дала жүзі қыбыр-қыбыр басқан солдаттан көрінбейді екен. Жүдеу бетін жұн басқан солдаттар қару-жарағын бойына аспай, ер басына іліп, ыңыршағы айналған ат үстінде ілбіп келеді. Бұрынғыдай жорық кезінде сап түзеп, ондық, жүздіктерге ыңғайласып жүрмей, бетімен жайылған бақташысыз малдай кең далаға шашырап кеткен.

Бұлар Аралға дейін де бұлай емес еді. Аралға дейін ауыр ұрыстан ақ иық боп титықтап жүрсе де, қатал тәртіпке құлақ қақпайтын. Бас-аяғы жып-жинақы еді.

Арал түбіндегі ұрыста қатары қатты селдіреді. Басын, қолын таңып алған жаралылар көп. Қару ұстауға қауқары бар кісілердің өзі де қажыры қайтып мұқаған. Бұрынғыдай емес ұрысқа беттемейді. Тәңірберген байқап келеді. Генерал Чернов тоз-тоз боп кеткен әскерін ту түбіне топтап

алғысы кеп қанша күш салса да, тігісі сөгіліп кеткен дүние ырыққа көнбей ыдырап жатты. Бұлар әсіресе Үшшоқыдан бері қарай шыққалы қатты титықтады. Ат та, адам да болдырды. Үш күннен бері алдарынан әлі бір ел кездеспеді. Күші үздіккен аттар жүруге жарамай, танауынан қан кетіп теңселіп тұрып қап жатты. Кешеден бері зеңбірекке жеккен аттар зорығып, әсіресе, өрге салғанда тарта алмай тыпырлап қалды. Қара басын шаққа әкеле жатқан кісілер зеңбіректі жолда қалдырып кетпек боп еді; оған генерал Чернов көнбеді. Аттар тарта алмағанда, доңғалағы топырақ кіріп тұралап жатып алған зіл қара тас зеңбірекке солдаттарды жауып жіберді.

Ызалы солдаттар қазір ешкімнен де қыңбады. Ала-бөле жаны қиналғанда командирлердің көзін бақырайтып қойып, жер-жебіріне жетіп сыбап жатады. Бір жолы тіпті командиріне мылтық ала ұмтылған солдатты жирен сары офицер тоқтатып: «ақымақ, ататын кісің, әне, анау!» — деп Тәңірбергенге айдап салды. Тәңірберген түсін бермеді. Генерал тіл қатқанда болмаса, осы қазір ол басқа кісіге пейіл білдіре қоймайды. Ертеден қара кешке дейін жүргенде сыр бермей жол үстіндегі өзінің ежелгі бір машықты дағдысына басып, жан-жағына сергек көз тастап, назарына ілінгеннің бәр-бәрін бақылап, бағып, біліп, жадына түйіп келеді. Жаз бойы жаңбыр тамбаған дала сұрықсыз. Ащы соры бетіне шыққан ақ борпылдақ топырақ ат тұяғының астында бұрқылдап жатты. Маңайда көзге ілінер қылтанақ шөп күйіп кеткен. Шөп бойында сығып алар сөл жоқ. Көз ұшында бұлдырап сағым ойнайды. Шөл қинаған кісілерге мына сағым шалқыған су сияқтанып, соған кәдімгідей ауаланып аңсары ауып кетеді. Кейбіреулер тезірек жеткісі кеп тақымы астында теңселіп басқан әлсіз аттың терлік қажап ақ қаптаған болған бүйірін тепкілей түседі.

Тәңірберген бұлардың басындағы қиындыққа өзін кінәлідей сезеді. Аралдан шегінерде Тентек Шодырдың баласы теңіз жағалап жүрейік дегенде, бұл қарсы болды. Бірлі-жарым балықшы болмаса, жаз айында жағадан тірі жан таппайсың. Малды-жанды ауылдар теңіз жағасының маса, сонасынан қашып көктем шығысымен қырға көшеді. Суы мол тұшы құдықтар да қырда екенін айтқан соң, генерал Чернов бұның сөзін құптап, қыр жолымен жүріп кеткен-ді.

Енді мінекей, қас қылғанда сол қырдан ел де, су да кездеспеді. Осыншама көп әскер шөлге ұрынып, шаршап-шалдығып, ақыр аяғында бұның өз басына зобалаң туды. Адас-

қан шығармыз деген ой басынан кетпеді. Әйтпесе ат жалын тартып мінгелі дәл мұндай елсіз, сусыз шөл даланы көрген жоқ. Жазатайым адасқанда Тәңірберген бұрын жер реңіне, топырағына, шөбіне қарап топшылайтын. Сол машықпен ол кейде ат үстінен еңкейіп жіберіп, өздері келе жатқан осынау даланың топырағына, шөбіне көз салады.

Осы келе жатқанда ол өң мен түстей бір халде. Күнбекүн көзінің алдында болып жатқан қат-қабат оқиғаға сенер-сенбесін білмей, кейде ол ат үстінде қолынан тізгіні түсіп аңырып қалады. Ақылға сыймайтын істер көбейіп барады. Жер тәңірісі деп жүрген ақ патшаң, анау, аяғы аспаннан келді. О, сұмдық, бұлардың ғұмыр бойы құладық ұрып сыйынып келген құдайы жұлқұсуға жарамады. Сондай-ақ бұлардың сыйынған жер тәңірісі нашар ма еді? Әлде ол сорлының сүйенген сүйеніші әлсіз болды ма?

Тәңірбергеннің ақылы дал. Осы даланы жайлаған өзі білетін арғы-бергі замандағы қазақ байлары мен билерін, атқа мінерлерін есіне алады. Анау Жүзбай, анау Мыңбай, Жылқыбай, Итбай! Алғыр деген Рамберді. Сонан соң ол кешегі жылдары теңіз жағасынан промсол ашқан қарашекпеннің байлары — Тентек Шодыр, Ақсақ Жагор, Курнос Иван, Теміркелерді есіне алып тізіп өтті. Ойлап қараса солардың бәрі де қолында күш, бойында қайрат тұрғанда басқа дүние қамын былай жиып қойып, бар пейлі малға, байлыққа ауып, болған үстіне болса екен деп, көздері үңірейіп деп құныгып жүріпті. Жә, олар олар болсын, ал өзіңнің олардан асқан жерің қайсы? Болыс ағасы барда жүйрік ат мініп, жақсы кнім киіп, серілік құрып жүрді. Берегірек кеп билік қолына тигенде де келешектің қамын жеп, ертеңгі күннің күйтін күйттеудің орнына алдақашан сүйегі құрап қалған ата-бабаның аруағын құып, арын арлап кетті. Сонан не үтты? Не мұратына жетті? Кімді қарғап, кімді жарылқады? Осынау дүниеге көз салып қарашы. Кеше патшаны құлатып, бүгін міне Колчакты талқандап, қаһарына мініп алған мына қара құрымдай кедей кімді тыңдайды? Бұл дүниеде бұларға қарсы тұрып, қайрат көрсетер күш қалды ма?

Келешекте қара борбай кедейлерін қанша қарық қыларын кім білсін, ал, бірақ билік қолына тиген күні бұлардың байды құртары анық!

Тәңірберген күрсінді. Дүние кезек деген осы. Кеше тайраңдап жүрген дүниең тарылып, екі аяғыңды бір етікке тығып барады. Соңғы үміті — Арал болатын. Арал түбінде қызылдарды талқандаса, өздеріне азырақ бел көтерме бо-

ларын білді. Осы үмітті генерал Чернов та талшық етті. Осы жолы өздерінің жеңетініне солдаттардың да сенімі мықты еді. Асылы ат — шаппайды, бап — шабады деген. Әйтпесе осы жолғы шайқаста бұлардың әскері мен қару-жарағы аналардан әлдеқайда артық болғанын Тәңірберген де білді. Бұларда айрплан да болды. Ал генерал Черновтың тәжірибелі қолбасы екеніне сенімі кәміл. Сонан кеде Арал гүбіндегі шайқаста бұлардың тағы да тас-талқаны шықты. Қанша кісісі қырылды. Қаншама қару-жарақтан айрылды. Енді, мінекей, кешегі шайқастан есеңгіреп шыққан әскер құдды сең соққан балықтай есін жия алмай келеді. Көздері шүңірейген. Еріндері кезерген. Астындағы аттар да аяғын әрең алып, қыбыр-қыбыр қозғалады. Жоса-жоса тер ат түгін айғыздап ақ көбіктеніп кеткен бүйірінде қабырғалар бадыраяды. Аяқ басқан сайын тері астында ыржың-ыржың етеді. Өзінің астындағы көк ат пен генерал Черновтың ақ аргымағы, Тентек Шодыр баласының тарланынан басқа аттардың бәрі қазір құдды құлын тастаған бнедей екі бүйірі сұғылып ішіне кіріп кеткен.

Тәңірберген мыналардың аянышты түріне көз тоқтатып қарай алмай, назарын бұрып әкетті. Ер ойған қоңының қай жамбасына отырарын білмей, тынышсызданып қозғалақтап алды да, көк аттың қамыс құлағына көзін қайта қадады. Өзіне не болғанын білмейді, мыналардан көңілі кішкене босаса, қажыған жанына қабақ жұмып мүлгітпей басына басқа ой келеді. Тағы да Еламан есіне түсіп, бағанағы ойын үзілген жерінен ілгері жалғай түсті де, кенет тыйыла қалды. Арғы жағында бір түйсік тікендей қадалып: «мен осы... неден қуыстанамын? Неге қуыстанамын?» — деп ойлады. Бәсе, бұл дүниенің басқа тірлігі құрып қалғандай бар ойы сонан босамай-ақ қойғаны несі? Әлде біреудің алдында айыбын сезіп, ақталып кешірім сұрайтын көңіл бар ма, қалай? «Жо-жоқ! Тәңірбергеннің шектен шыққан жері жоқ»,— деді басын шайқап. Бар болғаны: сен қылғанға мен қылдым. Бәсе, сенен артық не қыппын. Күндердің күнінде қара қылды қақ жарған әділ төреші туып, ақ-қарамызды ашар болса, кейінгі ұрпақтың көзі жетер: біздің бәлеміз жоқ еді. Адамды адамға қасқыр қып айдап салып қойған заман. Заманым қасқыр болса мен қалай көгендеулі қозы болам? Тәңірберген кенет «қозы болмаймын! Қозы болмаймын!» деп мына меңіреу даланы басына көтере айқай салғысы кеп кетті. Қашаннан бері ішінде үнсіз жиналып шөгіп жатқан көп ыза, көп кек, кенет кеудесіне сыймай бара жатты. Қанша ұстамды болса да күйік көтергенде күнге күйген бетіне

ыстық қан шауып, шеке тамыры жарылып кетердей білеуленіп бұлк-бұлк ете қалды.

Тәңірберген шаршағанын сезді. Қалжырағаны бойында бұрынғы ұстамдылығының бірі қалмапты. Иектеп алған ашу алқымында тұр. Мына арық аттар, мына азған солдаттар сияқты бұны да шөл қинағалы әлдеқашан. Тісінің арасында топырақ қышырлайды. Терісі түскен ақ жарғақ ернін әлсін-әлі жалап, тамсанып қояды. Аузы құп-құрғақ. Қанша тамсанса да тілінің ұшына тұзды сортақ дәм келіп, түкірігі тұтқырланып әрмен жүрмей тыжырына түседі. Бірақ ол бұның бірде-біріне бұрынғыдай күйзелген де, қиналған да жоқ. Іштен тепкен әлгі ыза, әлгі бір күйік сыртқа жарып шыға алмай булығып басылғаннан кейін оған кенет бір түрлі енжарлық пайда болды. Етінен ет кесіп алып жатса да, сұлық көңілі селт етпейді, сүлесоқ. «Өлім осы ма? Кісі өлгенде осылай өле ме екен?» — деп ойлап, осы күнгі халі шынында да өлі мен тірі арасында әлдеқалай ілініп тұрғандай. Адам өмірінің ақыры әр кезде дәл осылай өкінішпен аяқталатын-ау, шамасы. Иә, қай ақын еді? Әне бір заман түзу кезде бұның аулынан шықпайтын қу домбырасын құшақтаған көп жыраудың бірі адам өмірін көкпарға теңеген. Ел ақтаған еміңсек кісілерді ежелден-ақ жаратпаушы еді; сол әсер етті ме, әйтеуір мына теңеудің арғы түбін ойламай, үстірт қабылдап мұртынан ғана күліп қойған. Келешекте ол өзін етке тойған есер жігіттердің кергісіне түсіп кететін көкпар болам екен деп еште ойлаған жоқ. Адам өмірінің қалайда көкпарға ұқсайтын бір жері болса, бұл өзін күштінің қолында кететін көкпардың лағы емес, аты мықты, қолы қарулы, тақымы темірдей көкпаршының нағыз өзімін деп ойлайтын. Енді қараса: дүниеге келген кісі — құй хан бол, мейлі, басынан бақ тайған күні білегі мықты біреудің тақымы астында көкпардың лағындай тартылып кете барады екен. Кешегі болыс ағасы сүйтті. Оның арғы жағында аузымен құс тістеген талай-талай ата-бабалары да дүниеден бармағын тістеп өтті. Сонан кеде келешекте өзінің де өмірді дәл осылай аяқтарын неғып білмеген. Білмедің бе? Жоқ білдің. Тек білмегенсіп, бөрі айбатыңды бетіңе жиып желке жүніңді үрпитіп жүрдің. Және жазмыштағы зауалды күнінің осыншалық тақау қалғанын сезбейтінсің. «Иә, сезбедім»,— деді ол ішінен.

— Ну, га-д, құдық қайда?

Тәңірберген бұрылып қарамаса да, мынау тағы да бағанағы жирен сары екенін білді. Онан басқалары да жол

бойы үзеңгі қағысып, бұның кейде оң, кейде сол жағынан қатарласа бере тіл қатады:

— Құдық қайда?

— Ауыл қашан кездеседі?

— Енді қанша жер қалды?

— Бұл шынын айтады дейсің бе. Көре қал, бізді елсіз далаға апарып, ассыз, сусыз қырғалы жүр.

— Генералға айту керек. Бұларға сенуге болмайды.

— Ну, га-д, құдық қайда? Көрдің бе, үндемейді, шаулып тастар ма еді өзін.

Тәңірбергеннің өңі құп-қу; әдемі қыр мұрнының жұқа танауы қусырыла түсті. Ер үстінде қыбыр етпей, екі көзін көк аттың құлаш созым мойнының ұшында қылтылдаған қамыс құлағына қадап алған. Мына боқтық-балағаттарды өзінің ежелгі бір төре сүйек тәкаппарлығына бағып, құлағына ілмеуге тырысып іштей қатайып тістеніп алған. Төзімі қаншаға жетерін кім білсін. Әкіреңдеген ызалы солдаттардан ығыр боп барады. Кісінің қадірін білмейтін иттерге сөзін шығын ғып ақталғысы келмейді. Жә, қажеті қанша. Өмірден беті қайтып, талабы пәс боп тұрған шағы ғой. Әйтпесе, бұл араның елі, жері, суы жас мырзаның жадында жазылған хаттай сайрап тұратын. Жылына әлде неше рет ісі түсіп Алтықұдыққа барып жүр. Қыста, жазда жүрген жері. Қыста кілем жайған көк сырлы жеңіл шанаға қасқыр ішік киген бойымен жайғасып отырып алады. Сонан қашан жол үстінде қонатын, я түстенетін ауылға кеп, алдынан иттер үріп шыққанша селт етпейді. Еті қызған семіз аттың бүтін денесі қырауытып, пыр-пыр пысқырады. Сары табан қарды сом тұяқтар күтір-күтір басып, бұның өзі біле бермесе де, бірақ бұны жақсы білетін әлдебіреудің қорасына кіріп, көшір жігіт хабарлас қылады; кешкі асын қызыл іңірден ішіп болысымен жатып қалған үйдің шамы жылт етіп, соқыр терезе ішкі жағынан сәулеленеді. Сүйткенше болмай, сыртқы есіктің аяз қарыған топсасы сықырлап ашылып, арғы жағынан шекпенінің жеңін сүріне-қабына киген біреу сыртқа жүгіріп шығады да, шабаландап үрген иттерді шалғайымен қуалап тастап, шанаға кеп: «Мырза, хош келдіңіз. Қонақ болыңыз. Түсіңіз»,— деп қол қусырып, ізет білдіргенше, ой, дариға-ай, бұл қозғалмайтын.

Ал, жаз айларында тас төбеде күн шақырайған ыссыда жүргенді қаламайтын. Түнгі салқынмен жол өндіріп жетіп қалғысы келген Тәңірберген қасындағы қосшыларына сенбей, не бір көзге түртсе көрінбейтін тастай қараңғыларда жолды өзі бастап тартып кетеді. Сонан бір жерге тоқта-

мастан сыдыра шоқытып отырып, ол көңіл түбіндегі көздеген жеріне ат маңдайы аумастан тұп-тура апаратын. Салт аттыға Алтықұдық пен Ақбауырдың арасы бес күншілік жол. Тәңірберген осы екі араның қай жерінде құдық бар, су бар, оты бітік өлке бар, қай ауыл қай құдықта, қай сайда отырады, руы кім, аты шыққан азаматы кім, ақсақалы кім екеніне дейін білетін-ді. Не қылса да, осы жолы өзіне бірдеңе көрінді. Соңында шұбырып келе жатқан мына қара нөпір қолға Аралдан шыққалы әлі бір тамшы су тауып бере алмады. Түнделетіп жүрген талай сапарында мейірін қандырып ат суарған не бір сулы, шегенді тас құдықтарға бастап апарады. Бірақ соның бәрінде де белгісіз біреу бұның алдын орап, жолындағы құдықтардың таспен өрген шегенін тарқатып алып топырақпен көміп кетеді. Бұрын жаз бойы өрісте малы шұбартып, нің тіресіп отыратын бай ауылдар да бұлар келсе үйін жығып, асығыс көшіп кеткен боп шығады. Кей ауылдың жұртында, қазан асқан ошақта қобырсып ыссы күлі жатады.

Тәңірберген бұның тегін емесін білді. Не қылса да, бұлардың бар жағдайын білетін бір әккі жау Аралдан шыққалы басқан іздерінен көз жазбай аңдып келеді. Ол кім? Тәңірберген тынышсыздана бастады. Айтқанының бірі орындалмаған соң мыналардың сенбеуі де ықтимал. Ақыры өзің болсаң қайтесің. Бұлардың ішіндегі арқа сүйейтін бір кісісі — генерал Чернов еді; қазір о да өзіне онша емес. Бояуы оңған фуражканың күн қағарын көзіне басып киіп алған. Астындағы ақ арғымағын бұның көк атымен қатар бастырып келе жатып, бұл жаққа көз тастап қояды:

— Мырза, құдық алыс па?

Қоңына ер батқандай Тәңірберген қипалақтап қалды. Көлденеңнен қадалған генералдың сұрақты салқын жүзіне қарамауға тырысты. Қанша күн жүргенде реңі өзгермей қойған мына ұшы-қиыры жоқ, жым-жырт меңіреу даланың құдығы мен суы қайда екенін қазір өзі де білмеді.

XI

— Әй, ананы көрдің бе?
— Қайсы?
— Әне, төбеңде қалықтап жүрген...
— Е, бұны мен де байқап келем.
— Бұрын жоқ еді.
— Иә, жоқ еді. Бағана біз құмға кіргесін зорыққан

аттар құлай бастағанда тап болды Әуелі біреу еді, қазір екеу... Әне тағы біреуі көрінді.

— Үндеме, бұлар әлі көбейеді.

— Бүркіт емес пе?

— Жоқ, бүркіт қасиетті құс қой.

— Ал мыналар?

— А хрен их знает.

— Осы құстарды ішім алмайды.

— Неге?

— Өздерінің қонатын кездері бола ма?

— Әрине Осылай көкте қалықтай береді дейсің бе?

— Әй. қыршымаңдар! Онан да бір жұтым суды айт!

— Иә, су! Сіміргенде шекеңнен шыққандай мұздай болса өзі.

— Ал мен өмірі мұздай су ішіп көргем жоқ. Әке-шешем кешегі күнге дейін тамағың ауырады деп, мұздай су ішкізбейтін.

— Соған көндің бе?

— Амалың қайсы.

— Ой, ақымақ!

— Әрине ақымақшылық. Соған қазір өзім де өкініп келем.

— Ақымақтың ақылы түстен кейін енеді деген...

— Қанша ойласам да мұздай судың дәмі қандай болатынын есіме түсіре алмай-ақ қойдым. Ал сен судың дәмі қандай болатынын білесің бе?

— Әй, мыналар осылай ұшады да жүре ме?

— Бұлар қонады да.

— Мен көргелі қалықтап жүр.

— Өлікке қонады.

— Ендеше көп ұзамай жолы болады де.

— Жә, жетер!

— Қорқасың ба?

— Сен қорықпайсың ба?

— Жоқ, өлімнен қорықпаймын. Тек соңыра мына жексұрындардың денемді шоқитынын ойласам жаным түршігіп қоя береді.

— О, жасаған. Мына азапты көргенше Арал түбінде оққа ұшқанның өзі артық еді.

— Әй, ана қара! Әне, біреуі сорғалады.

Солдаттар аңтарылып аспанға қарады. Тәңірберген де ілбіп басқан ат тізгінін қоя беріп, көзін көкке тастады. Екі қара құс ілгергі жақта үлкен қанатын көсілтіп жазып жіберіп көк аспанда қыбыр етпей қалқып жүр. Ал үшіншісі

олардан бөлініп бері қарай ойыстап келе жатқан. Кенет әлденеші қырағы көзі қиядан шалды да, қос қанатын қысып алып төмен қарай аға жөнелді. Көз ұшынан сорғалаған құс төмендеген сайын бар бітімі іріленіп, бас-аяғы апайқын көріне бастады. Тырнағын көрді. Суылдаған дыбысын естігендей болды. Қара құс аңырып қарап қалған кісілердің үстінен ағып өтіп, шаң астында шұбатылып келе жатқан әскердің кейінгі жағына көз асып жоғалып кетті. «Тағы біреудің аты құлады-ау»,— деп түйді Тәңірберген. Басқалар да осылай ойлаған секілді. Біразға дейін бір жан үндемеді. Солдаттар тұрып қалған атты шу-шулемей үнсіз ызамен екі өкпесін тепкілеп жатыр.

Құмға кіргелі Тәңірберген де көк атты жиі қамшылайтын болды. Қалай десе де кебіртек қатқыл жүруге жеңіл еді. Күн төбеден ауа бергенде бұлар бүгін қауқиған-қауқиған сары шағырдан басқа шөбі жоқ шағыл құмға киліқті. Арғы жағынан күші үздігіп келген кісілер құмды көргенде тіпті есі шықты. (Тәңірберген ызалы кісілердің ішінен жирен сарының құдды біреу алқымынан алып буындырып жатқандай қырылдаған даусын естіді).

— Көрерсің де білерсіңдер, мынау қызылдың кісісі.

— Жоқ, бұл бай. Малында есеп жоқ дейді.

— Болса болар. Бірақ бәрібір бұларға сенуге болмайды.

— Иә, бұлар бізді жек көреді.

— Ал осының бәрі генералдан. Кәрі қырт Федоровтың айтқанын тыңдамай, осының тілін алды.

— Иә, бәрі содан.

Ызалы дауыстар үдей түсті. Жирен сары офицердің төңірегіне оның дәл өзіндей екі көзі шүңірейген, ерні кезерген, бет-аузы жүн-жүн кісілер жаман атын тебініп емпелеңдеп бастырып жан-жақтан жиналып жатты. Тәңірберген тыйым салар деген дәмемен генерал Черновқа қарап еді; генерал мыналардың қаһарынан қайбартып ықтап бара жатқандай көрінді. Әншейінде осындай жорық-жортуыл үстінде маңайы кісі-қараға толып жүретін қолбасының жанында жүдеу адъютанттан басқа жан қалмапты. Тәңірберген өзі сияқты осы қәзір бұның да дәрменсіз жалғыздығын сезді.

Жирен сары тірі жаннан айылын жияр емес. Қайта генерал әдейі естісін дегендей, өзін қостап шуылдап жатқан көп сотқардың арасында күш алып, қырылдақ даусы қатты-қатты шыға бастады: «кәрі сайқал қыратын болды». Тәңірберген құлағын қанша тіксе де: өзі шала білетін орыс сөзінің бірін түсініп, бірін түсінбеді. Ол тек өзі түсінбеген сөздерді айтарда жирен сарының тұздай көк көзіне әр

жиып шатынай түскенін байқады. Және оның үн-түнсіз тартып бара жатқан генерал Черновтың ту сыртынан қаһарлана безеген кір-кір жұдырығын көрді.

Тәңірберген бұларда бұрынғыдай жауға қарсы қайрат қылар қауқар қалмаса да, әлі жеткенде аямасын білді. Ел жайлап отырған оты, суы мол жердің үстінен тезірек құлатпаса өзгеден бұрын осы бүгін өзіне кәдік екенін де іші сезіп, жан-жағына сергек көз тастап келеді. Мынау қай жер? Мұндай құмды бұрын-соңды көрмеп еді ғой? Ақшілінің құмы бұндай жұтаң болмайтын. Мынау басқа! Иә, иә, бұл басқа деп ойлап бет жағы борай бастаған шағыл құмға шошына қарады. Түс ауса да күн ыстығы әлі қайтқан жоқ. Қайта құмға кірерде жел көтерілді. Ат тұяғынан ұшқан шаң бұрқырап кетті. Қиыршық қатты топырақ сабалап бара жатқан соң бұл ыққа қарай бұрылып қырындап алған кісілердің аузы-мұрнына тыққыштап жатты. Тәңірберген аузын жібек орамалмен байлап алды. Соның өзінде қарсы алдынан соққан аңызақ аптап кішкене жүзіңді тіктейін десең болғаны бетіңді шыдатпай шарпып күйдіріп бара жатты. Аузы құмға толып кетті. Түкіріп тастайын деп еді; бірақ оған тіл кеуіп, құп-құрғақ аузында түкірік қалмады.

Аттар болдыра бастады. Сілесі құрып шаршаса да әзір тақым астында төзіп келе жатқан өзінің көгі мен Федоровтың тарланы, Черновтың ақ арғымағы Тәңірбергеннің шамалауы бойынша: қалғандарының мына құмды қысқа белден кесіп өтуге жарап-жарамауы неғайбіл. Сусылдаған ақ құмға ат тұяғы шашасына дейін кіріп, танау қағып ырсылдап тұрып қалады да, солдат етігінің өкшесі қос бүйіріне дүрс-дүрс тепкілей бастаған соң қайта жүреді. Бірақ бір бауыр жерге бармай қайта тұрады. Жүріп келе жатып мұртай ұшып құлап жатқан аттар бар. Бір жас солдат Тәңірбергеннің көзі алдында жынданды. Жас солдат ілбіп басқан ат үстінде екі нығының басы салбырап сұлық келе жатқан. Мына жүрттың таңдайын кептіріп бара жатқан шөлді бұл сезбейтін сияқты. Тас төбеңде қайнаған күн қызуы да бұған өтпейтіндей. Ол тіпті осы келе жатқанда атын қатар бастырып үзеңгі қағысып қалған кісілердің бары-жоғын да байқамай, жанары сөніп кеткен қимылсыз көзін алдына қадап телміріп алған-ды. Астындағы ат бикі шоқалақтап ылдилап түсіп келе жатып әлденеге сүрініп кетті. Әлсіз ат аяғын жия алмай тізесін бүгіп қалғанда қамсыз отырған солдат ат мойнынан ұшып домалап-домалап кетті. Ат сүрінген жерінде тапжылмай тұрып қалды. Онда солдаттың жү-

мысы болған жоқ. Ұшып түрегеле сала үсті-басының құмын қақпастан «су, су!» деп айқайлап ілгері қарай жүгірді.

Тәңірберген ат басын асығыс тежеп генерал Черновтан кейіндеп қала берді. Бір жақсысы: жүрттың зықын алған жел басылды. Даланың жедел көтеріліп, жып-жылдам тына қалатын жын ойнақ желі. Көнін көтере алмай сілесі құрып келе жатқан кісілерді қылжақ еткендей, жынды жел біраз зықын кетіріп жұлмалап-жұлмалап алды да, бір сәтте сап боп тыйыла қалды.

Тәңірберген құмның тезірек біткенін тілеп келеді. Аттар титықтап тұрып қап жатыр. Жаңағы ұйқы-тұйқы борасында жүрген сары офицер де аты болдырып кейінде қалды. Басқадан бұрын осы сойқанның көзіне түспеу керек. Аты лажға жарап тұрғанда жеделірек жүріп қара үздіріп кетер ме еді? Оған, бірақ іші-бауры қатқан аш атқа тартпа тұрмайды екен. Әсіресе айыл тартпасы босаған ер ат арқасында тұрмай лоқылдап ілгерілі-кейін кете берді. Ала-бөле ылдиға қарай етпеттеп жүргенде бұл ер-мерімен ұша жаздап, ат шоқтығынан тіреп қалады. Тақа зықы кеткен соң ақ шоқалақтың ығында қауқиған екі түп шағырдың жанына кеп тоқтады. Үшшоқыдан шыққалы аттан түсіп аяқ жазбаған жігіт табаны жерге тигенде, басы айналып кетті. Сүйенетін бірдеңе іздегендей маңайына қол созып қармалап қалды. Арқасы босаған көк ат та ер-тұрманын сылдыратып дүр-дүр сілкінді. Терге малшынған денесі қарап тұрып дірілдеп, солығын баса алмай ентігіп тұр.

Тәңірберген ат ажарын ұнатпады. Осы тұрғанда өзінің де әлі құрып, қаталап өліп бара жатқан соң құрғақ аузын қайта-қайта тамсанып жұтынып қояды. Тілі тас қайрақтай түрпі-түрпі. Түкірігі кеуіп кеткен құп-құрғақ аузында ұртын қуырған ащы кермек бар. Тәңірберген өмірде істемеген әдетін істеп көк аттың бауырындағы көлеңкеге аңсары ауып тұрғанын байқады Ол бірақ қазіргідей қалжырап тұрған кезде қисаюға болмасын білді де, көңіліндегі жасқаншақ дәмесін тез тыйып тастады.

Көк атты қайта ерттеді. Тізгін ұстаған қолымен ат шоқтығына жармасып, үзеңгіге аяғын сала бергенде көз қиығы кейінгі жақтан келіп қалған біреуді шалды. Бұл бұрылам дегенше ана кісі астындағы ырс-ырс дем алған аттың тер моншақтаған тұмсығын көк аттың құйрығына тақай тоқтады.

— Түс аттан!

Тәңірберген ішінен үрейленіп қалса да, сырт өңін бәзбаяғыдай салмақты ұстады. Үзеңгіге салған аяғын ала

қоймай, әмір етіп кіжіңдеп тұрған кісіге ақырын бұрылды.

— Иә, офицер мырза?..

— Түс аттан.

— Неге?

— Ах, ты урод!

Кейінгі жақтан он-он бес солдат аттарын тебініп келіп қалды. Тәңірберген генерал Чернов ұзап кетті-ау деп ойлады. Бұл үзеңгіден аяғын алам дегенше жирен сары аттан жұмалап түсе сала жүгіріп кеп құлақ шекеден қойып жіберді. Тәңірберген құлай жаздады. Абырой болғанда тізгін ұстаған қолы ат жалынан айрылмады. Басынан ұшып түскен қалпағын алуға да мұршасы келмеді. Жирен сары сырт жоны жүн-жүн жұдырығымен бұны тағы да дәл жаңағы ұрған жеріне қойып-қойып жіберді. Тәңірбергеннің көзі қарауытып кетті. Ат жалынан ұстаған қолы жазылып, серейіп құлап түсті. Есін жиса әлде неден үріккендей одырайып тұрған көк аттың алқымы астында жүзі жоғары қарап жатыр екен. Жирен сары бұның екі қолын екі тізесімен нығарлап басып, кеудесіне қонжиып отырып алыпты. Қалғандары да аттарынан түсіп анталап тұр. Тәңірберген олардың жүн-жүн бетін, шүңірейген көзін, ақсиған тістерін көргісі келмей, құдды жан алатын әзірейілдей жан-жағынан анталап төніп тұрған кісілердің арасынан алақандай аспанға қарады. Көк аспан күнге күйіп бояуы оңып бозарып кетіпті. Тәңірберген қол-аяғын қозғай алмады. Тіл қатайын деп еді, оған біраз дыбысы шықпады. Алқымынан сыққан жирен сарының тершіген алақанынан жиреніп барады. Тәңірберген мыналардан тірі құтыла алмасын білді. Қол-аяғынан әл кетіп құр сүлдері жатқан бойында шыр-шыр еткен соңғы ақтық дем әзер кеудесінде ғана қалған сияқты. Оны да мына жирен сарының темірдей саусақтары асықпай ақырын-ақырын сығып, жан алқымға таяп әкелді.

Әлсіреген Тәңірберген ауық-ауық көзі қарауытып кетіп, есін қайта жиып алған сайын анталап тұрған кісілердің арасынан кір-кір аспанды көрді. Бар болғаны алақандай ғана аспан. Және жас жуған қатынның жүзіндей сауыс-сауыс. Бір-біріңмен осыншама жаманатты боп жауласып тірлік кешкенде қай кісінің де өзімен бірге ана дүнеге ала кететін сыбаға-үлесінің болып болғаны осы ғана ма? Тәңірбергеннің жас толған көзінің жанары сөніп бара жатты.

Темірдей саусақтар сыққан тамағынан ішін өртеген ащы өксік әрі де, бері де өте алмай алқымында тас түйін боп тұрып қалды. О, опасыз сұм жалған! Опасыз! Опа-

сыз! Тәңірберген талықсып бара жатты. Тосаңсып қалған құлағына бір әлсіз дыбыс еміс-еміс естіле түсті де, жел үрлеген шырақтай желп етіп сөніп кетті. Өмір бойы өзімен бірге жасасып келе жатқан ақыл, санасы, жады, бүтіл бітім, болмысымен бірге жаңағы құлағына өлеусіреп талып жеткен еміс-еміс дыбыс та құрдым сияқты бір мақұрым тұңғиыққа батып жұтылып кетті.

Қанша уақыт өткенін білмейді, бір кезде Тәңірберген есін жиды. Кірпік арасынан көзі сығырайды. Бар дүние кіреуке тұман арасында бұлдырайды Қасында қараңдап қозғалып жүрген біреулерді байқаса да, бірақ бір жанның жүзін анықтап көре алмады. Құлағы әлі тосаң. Қол-аяғына да әл-қуат орала қоймапты. Бір жақсысы ол кеудесін езген бағанағы зіл батпан салмақтан бойы босап қалғанын сезді. Бағанағы тырнағы сояудай темір саусақтардың ізін ауырсынғаны болмаса, осы қазір алқымы да жирен сарының шеңгелінен босап, кішкене әл жисам басымды көтерер едім деп ойлады. Басы айналғандай болған соң Тәңірберген көзін қайта жұмды. Қайнаған ыстық құм үстінде шалқасынан тырп етпей тып-тыныш жатыр. Қалжыраған бойындағы бір мүшесін қозғаған жоқ. Осы қазір ол ана дүниенің дәл өзінен оралған тірлігіне рақаттанып, ұзақ уақыт көзін ашпай жұмып жатып, бағанағы (қазір оған бәрі де баяғыдай боп көрініп) өзін бір ажалдан арашалап алып қалған еміс-еміс дауысты есіне алды. Бәсе, сол не қылған дауыс? Кім болды екен? — деп ойлады.

Тәңірберген тұра алатын шамасы барын сезді, біреулер күбірледі. Іле-шала екі кісі екі жағынан көтерді. Тәңірберген көзін ашпаса да мына кісілердің өзін тап бір ұзақ жатқан әлсіз сырқатты сүйемелдегендей, екі жағынан сошалық абайлап ақырын ұстаған түріне қарап, бағанағы сойқандардың бұл маңайда жоқ екенін білді.

— Атына мінгізіңдер,— деді біреу.

— Генерал мырза, ол әлі...

— Дәнеңе қылмайды. Екеуің екі жағынан сүйемелдеп отырыңдар.

* * *

Генерал Чернов Тәңірбергеннің жанына екі кісі қалдырды да, аз ғана тобымен ілгері кетті. Қасындағы — кешегі Арал түбіндегі ұрыста тас-талқаны шыққан Каппель корпусынан қалған аз ғана кісілер. Бәрінің қаруы сайлы. Және жетекке алған аттың үстінде мүйеттеп артқан пулемет бар.

Тәңірберген азырақ әл жиды. Отырған жеріне қамшы сабына таянып түрегелді. Көк атқа да қасындағы кісілердің сүйемелдеуімен мінсе де, тақымы ерге тигесін-ақ қолаяғына қуат еніп қынуланып кетті. Сүлдері құрып тұрған бойында да, ат үстінің үйреншікті желігі оралғандай болды. Жаңа ғана сағы сынып, көңілі пәс боп тұрғаны жадынан шығып, үзеңгіге аяғын шіреп нығыздалып отырып алды. Ол тек астындағы аттың аяғын басуға ықылассыз түрін ұнатпады. Әншейінде үстіндегі кісінің ойын тізгін ұстаған қолы мен тақымының болмашы қимылынан сезіп, жол бойы қамшы салғызбай лыпылдап отыратын көк ат бағана тоқтаған жерінде тапжылмай сұлық тұрып қалғанды. Тәңірберген тебініп қап, аяғын кібіртіктеп алған көк атты құм ішінде қыбыр-қыбыр қозғалып бара жатқан кісілердің ізіне салды. Зорығып өлген аттар әр жерде қарайды. Құм ішінен жаяу солдаттардың аяғын сүйретіп басқан ізі көрінеді. Жосылған жаяу ізінен кейде қару, кейде киім ұшыраса бастады.

Тәңірберген көзіне басып киген қалпақтың шалғайымен жүзін көлегейлеп алған. Көз алдында қырылып жатқан мына әскерді көргісі келмегендей біразға дейін ол басын бауырына алып келе жатты да, кенет жүзін жоғары көтерді. Төбеден ауып екіндіге барып қалған күн енді қазір бұлардың қарсы алдынан шақырайып тұр екен. Тәңірберген кірпігі жыпылықтап жүзін сәл тайдырды. Бірақ көк зеңгір аспаннан көзін айырмады. Қайта аспан ажарына көзі түскенде құдды кәдір таңын көрген діндар кісідей өңі өзгеріп кетті. О, пәруәрдігәр! Жаратушы жалғыз ием! Осыған дейін не көрген, көзін таңып алып жүрген бе? Қанша күннен бері өздері жөн таба алмай адасып келе жатқан осынау көл-кесір дүние үстінде көкпеңбек боп түпсіз тұңғиықтанып, арман қарай шалқайып, заһарға тартып кеткен осы мына аспан адам баласының тірлікте ақылы жетпейтін қиын жұмбақтың бірі-ау! Өзі неткен шексіз! Бірақ шексізде де барып-барып бітетін, таусылатын шек болмаушы ма еді? Кісі ақылы жететін хақиқат па осы? Ал, осылай ойлаудың өзі күпірлік емес пе? Бәсе де? Қанша ақылы дария ғұлама бола берсін, адам зердесі жететін өре өлшеулі ғана. Ал, онан арғы дүние жұмбақ, құдырет ісі. Төбеңдегі көк зеңгір аспан да құдайдың құдыреті. Бұның керемет екенін білдің, бірақ бұрын құдырет сырына көз жіберіп ойлап көрдің бе?

Тәңірберген мырс етті. Ызалы бетінде ащы мысқыл тұрып қалды. Жә, бұрын басыңдағы аз ғана ой қорадағы мал мен қамбадағы дүние-мүліктен ауысты ма. Онан ауысса құ

нәпсіңнің құлы боп ана ауыл, мына ауылдағы қыз-қырқынға әуекеңді салып ақ көйлектің етегін қуалап жүрдің. Осы дүниенің тірлік қамынан басқа алдыңда ана дүние барын ара-тұра да болса ойлап, көңілін аққа ұйытып тәубеге кеп тұрса басыңдағы бір тұтам тірлікте күнәға бұншалық белшеңнен батпас едің ғой.

Апырай де! Арғы тегімізде аты шулы ақ етек ишан болды, әулие болды, ақылы дана кемеңгер болды деп әншейінде көкіп көйлегіңе сыймай жүресің. Бірақ солардың бірде-бірі үстіңде жарқыраған осынау көл-көсір кең аспанша барша жанға бірдей көңілі исініп, ықыласын алдына жайып тастамаған. Әркім өз құлшесіне құл тартқан заман. Оның бергі жағында өзіміз де құдайдың кең дүниесін қолдан тарылтып, көр тышқанша бас-басымызға бір-бір ін қазып ап күнделікті күйкі тірлікпен күйбеңдеп жүріп үстіміздегі осынау биік аспанды да жөндеп байқамаппыз. Ана қарашы, жарықтық, қандай биік және қандай кіршіксіз таза. Адамзаттың аяғы жетпей сорлап жүр. Көре қал, күндердің күнінде көкке қолы жетсе адам аспанды да былғайды.

Ал өзі қандай көк! Кәусардай! О, құдыреті күшті құдай, жаратушы жалғыз нем, мына аспан тап бағана бұндай емес еді. Бағана бетіне күл сепкендей сұрғылт еді. Жирен сары алқымынан сығып талықсып жатқанда мына көл-көсір әлем соншалық кішірейіп, не бәрі алақанның аумағындай кір-кір аспан көлеңдеп көзіне түсе берді. Әлде өліп бара жатқан кісінің осы дүниеден өзімен бірге әкететін сыбағалы үлесі әр кезде осындай бір-бір жапырақ қана бола ма екен? Шыр етіп жарық дүниеге келген кісінің маңдайына жазылған тнесілі сыбағасы — бір жапырақ сұрғылт аспан. Құй қожа бол, құй молда бол, құй көн, құй көнбе, мейлің, бәріңнің де жазмыштағы сыбағаң сол. Сол-ақ.

Бәлкім, осы дүниені опасыз дейтіні содан болар. Опасыз! Тәңірберген осы сөзді шыт-шыт боп кезерген ерні күбірлеп ішінен әлде неше рет қайталады. Опасыз, опасыз. Егер тіршілік кешкен дүниең опасыз болса, сен қалайша ақ жұмыртқа, сары уыз боласың. Бола алмайсың. Болғың келсе де қолыңнан келмейді. Біле білсең дүниенің төрт бұрышын түп-түгел жайлап бара жатқан осынау қиянат пен қасіреттің бәрін адам ойлап шығарып жатқан жоқ. Сол анау Лауқыл махфуз да тәңірінің қалауымен жазылған күллі хаққа ортақ іс. Құдайдың құдыреті. Не дедің? Құдайдың құдыреті дедің бе? Апыр-ау, осы айтып отырғаның софы ағаңның сөзі емес пе? Баяғыда осы Тәңірбергеннің жалаң аяқ жүгіріп жүрген бала кезінде бай ауыл ұстаған Жарық-

бас молла да осындай бірдеңені уағыздайтын. Айтпақшы басынан сәлдесін тастамайтын молданың бір шекесі жарық екенін бүткіл ауылға пәш еткен Тәңірберген еді-ау! Үлкендер дастарқан басына жақындап алдарына қойған асқа жаңа қол сала бергенде бұл жүк жиған іргені жағалап кеп, қақ төрде отырған молданың сыртына шықты. Басқа жұрт табаққа басын салып жібергенде, ауыл кісілерінің алдында әманда тақуа боп көрінгісі келетін молда қолының ұшын әрең созып, аузынан піссімілдасын тастамай отырған. Тәңірберген молданың сырт жағына тізерлеп бұғып отырды да басына дағарадай ғып орап алған шалманың жауырынында жатқан ұшына жіп байлады. Жіптің екінші ұшын қонақтардың сырт жағындағы кереге басымен бірдей қып жүк жиған көк сырлы кебеженің аяғына ілді. Ас желінді. Үлкендер қолын сүртті. Жарықбас молда батиқасын берді. Сонымен бүгінгі күннің бір шаруасын тындырғансып, енді тақымын жазып түрегеле бергенде, басындағы дағырадай сәлде ұшып түсті. «Бетім-ау, молдекеңнің басы жарық екен гой!» — деп, қазан-аяқ жақтағы қатындардың бірі қан ойнап шыға келген уыздай бетін үзіп-үзіп алды. Бұл кезде Тәңірберген есік жаққа қарай ығыстап, елеусіз көптің арасына шығып кеткен. Күлкі қыстап өлтіріп бара жатса да, өзін-өзі ұстай алатын бала, ұстаз алдындағы инабатты шәкірттей мүнтаздай боп сызыла қалған-ды.

Сол Жарықбас молда да Құдайменде үйінің кешкі асына жиналған ауыл азаматтарына осы дүниенің бар шаруасын түгендеп бітіріп алғандай үнемі ана дүниені әңгімелейтін. Софы ағасы секілді Жарықбас молда да бір өзінің аузына қарап телміріп қалған кісілерге назар салмай, кіртиген күпті көзін ашып-жұмып мұлгіп отырып, тасфиқ тартқан қолын оқтын-оқтын алысқа сермеп, жер басқан пенденің көзі тіріде көрем бе деген жақсылығының бәрін ана дүниеге апарып тірейтін. Кісі қолынан келмейтін сол болса құдайдың құдыретіне сайып, сұлдеріңнен айырып шарасыз бір халге матап қояды. Қандай әңгіме айтса да аузына ана дүние түседі: ысырат сапары, қиямет, қыл көпір, ұжмақ, тозақ. Сонан соң зауал шақта жан алуға келетін екі пері — Әзірейіл, Жебірейіл... Жарықбас молда осыларды үнемі аскқа тойып көңілін пірлеп алған кезде айтқасын ба, Тәңірберген жан шошырлық жәйтті жайбарақат тыңдайтын. Тіпті соңыра жанын алатын жендет періден де шайтаны сескенбейтін. Қайта жиі естіп зықы кеткен кезде, ол соңырағы күні өздерінің жанын алатын осы екі перінің түрі, түсі қандай екен? Кісі өлтіретін жендеттерге ұқсай ма екен деп

ойлайтын. Бұрын қанша ойласа да Әзірейілді көз алдына келтіре алмайтын. Жан алатын Әзірейіл қазір оған аумаған жаңағы жирен сарыдай беті, аузы жұн-жұн болар деп ойлады. Соны есіне алса болғаны тұла бойы түршігіп қоя береді. Ондайда жас мырза өз бойынан бұрын байқамаған бір осалдықты ұстағандай боп: «Ә, қорқасың ба? Жан алушының түрі жаман ба екен?» — деп жер-жебіріне жетіп табалай бастайды. Ендеше, сен қолыңнан келсе өлме, бір күн де болса, бір сүт пісірімдей уақыт та болса өмір сүр. Үстіңдегі көк зеңгір аспан да, төбесіндегі нұрлы күн де қайта-қайта осыны айтып есіне салып тұрғандай. Өлме, өмір сүр! Өмір сүр! Шынында да ол осы қазір өздерінің келешегіне көз жіберуге тырыспады. Керек десе астыүстіне шығып алағайда-былағай боп бара жатқан осынау дүниенің келешегі қалай болатынын ойлаған жоқ. Ол өзі қайтып оралған жарық дүние келбетіне қайталап қараған сайын өзінің осы қазір беті қатты бір ажалдан аман қалғанын, тірі екенін, осы дүниеде барын, татар дәмі әлі таусылмағанын жан-тәнімен соншалық анық сезді. Жә, жә, шыбын жан аман қалғасын бастан кешкен бейнеттің бәрі салауат. Бәрі ұмыт. Осы жолда көрген қорлығың мен шеккен азабыңды да ұмыт Ұмыт. Ұмыт.

Тәңірберген өзінің тірлігіне тәубе ғып көңілі тыныштала бергенде, кенет әлденеге ішінен күбірлеп: «Құдай зауалыңды берсін!» — деді. Адамның аза бойы қаза болғандай, осы бір кісі жаны сарқылғанда ғана айтатын қарғыс қапелімде қайдан аузына түскенін білмейді. Неге айтқанын да білмейді. Жо-жоқ, бұл айтқан жоқ, бұған біреу айтқан-ды.

Құдай зауалыңды берсін! Тап қазір естіп тұрғандай Тәңірбергеннің тұла бойы түршігіп, қамшы сабын қысып ұстаған қолы қалтырап кетті. Кім еді айтқан? Бәсе, кім? Сүйеуме? Жоқ. Қызыл көз қиқар шал көңілі қатты қалғасын бұл түгіл өзінің бауырын жарып шыққан жалғыз қызының да жүзін көрмей сырт айналып кетті. Араға қанша кісі сәлса да тілге келмей тас боп қатып алды. Енді кім? Ақбала ма? Жо-жоқ! Енді кім? Кім айтып еді? Әлде, түсінде есітті ме? — Түс — түлкінің боғы... Әй, бірақ осы қарғысты өңінде есітті. Сонда да бұл сырын бермей сыртын байсалды ұстаса да іші мұздай боп қалтырап қоя берген-ді. Осы қарғыстан әрқашан жан алатын әзірейілдей қорқатын. Құдай зауалыңды берсін.

Тәңірберген өмір бойы өз басына да бір зобалаңның ақихат туатынын анық сезіп, үйде де, түзде де, жатса да, тұрса да осы қарғыс оған маза бермеді. Тақымдады да жүр-

ді. Жүрегі жер түбінен сезген жаманшылықты күтті де жүрді, күтті де жүрді. Сол емес пе мынау?

Тәңірберген аяғын ілбіп басып келе жатқан көк атты қамшымен тартып-тартып қалды. Әлде неге іштей ширығып қайта-қайта қамшылап ақ шоқалақ басына қасқыр шоқақпен желіп шықты. Аттың болдырғанына қарамай тағы да тебіне бере көзін ілгері тастады. Генерал Чернов аз ғана кісімен әудем жерде кетіп барады екен. Бұл жетем дегенше аналар арғы жағындағы және бір шоқалақтың қарсы бауырайына тырмысып, іші-бауыры қатқан арық аттар өрге қарсы тыпырлап жатты Жануар ақ арғымақ қандай асыл мал. Ана қарашы, әлі құрып тұрғанның өзінде ақ шоқалақ басына сыр бермей ширақ басып шықты. Бергі жағынан болдырғансып үнемі бір күшін бойында сақтап қап отыратын жан аяр жабыдай емес, бұлардың тегі, дегдары басқа ғой. Бұл жануарлар қанша шапса да сыр бермей, шелектей танауы пырылдап ағып келе жатып, кенет мұрттай ұшып соңғы демі мен жаны бірге шығатынын айт! Құдай зауалыңды берсін! Кім еді айтқан?

Генерал Чернов шоқалақтың жонынан қылт етіп ары асып түсті. Көрінбей кетті. Оған ере алмай қалған кісілер шоқалақтың бергі жақ бауырайында қыбыр-қыбыр тырмысып барады. Тек генерал Черновтың адъютанты аналарға ілесе алмай аты тұрып қалды. Адъютант түсе сала тізгінінен жетеледі. Оған болмаған соң қалшиып тұрып қалған атқа қайта мініп, терге малшынған сауырын шартылдатып ұра бастады. Бірақ әбден сілесі қатқан ат құмға кірген аяғын қозғай алмай тізесі дірілдеп тұр. Ауық-ауық шегі үзілердей ішін тартып өңеші қыр-қыр етеді. Құдай зауалыңды берсін! Мынау, сірә, дегеніне жетпей тынбас. Тас тескен тамшыдай кісінің қара құсына қадалып, мынын шағып жатыр, шағып жатыр. Құдай зауалыңды берсін, зауалыңды берсін!

Тәңірберген қолымен құлағын баса жаздады. Аты болдырған жас офицер жынданып кете жаздап, зығыры қайнап зілдей етіктің өкшесі қара аттың ырсиған қабырғасына қайта-қайта дүрс-дүрс соғып жатты. Тәңірберген атты аяды. «Тиме»,— деп айқайлағысы кеп еді; оған бірақ ананың өрт сөндіргендей түтіккен долы түрінен жасқанды. Қара ат екі бүйірін тепкілеп жатқан темірдей тақым астында дірілдеп іш тастаған байталдай мықшиып тұрды да, Тәңірберген тақап келе бергенде гүрс етіп құлап түсті.

Тәңірберген қарамауға тырысты. Қалпақ шалғайымен жүзін көлегейлеп ап атын тебініп тезірек бастырып өтіп

бара жатқан-ды. Төбеден түскен әлдеқандай қалбаңдаған көлеңкені көзі шалды. Бұның не екенін анық білмей жатып, әлденеге тұла бойы тіксініп қалды. Аяғын баспай келе жатқан астындағы ат та елең етіп басын көтеріп алды. Тәңірберген жүрегінің дірілін басқан соң еңсесін тіктеп жоғарыға көз сап еді; бір ірі қара құс бұлардың төбесінде орағытып жүр екен. Үлкен қанатын далп-далп қағып қойып, сонау төменде, көз ұшында қыбырлаған кісілерге мойнын созып қарайды Тәңірберген қара құстың өңменіңнен өткендей өткір көзіне тура қарай алмай, жүзін тартып алды. Енді қайтып жоғарыға қарамаса да төбесінде қалбаңдап ұшқан қара құстың бірде алыстап, бірде жақындап жер бауырлап жосып жүрген көлеңкесін көзі шала берді. Тақа болмаған соң Тәңірберген басын бауырына алды. Көк сауыр ердің күмістеген қасына назар аударып: «осыны кімге істетіп едім?» — деп ойлады. Ол, бірақ ер соққан ұстаны есіне түсіріп те ұлгірмеді. Кейінгі жақтан мылтық гүрс етті. «Жаңағы жас адъютант емес пе екен?» — деп ойлады Тәңірберген. Мылтық даусының жаңғырығы кең далаға шыңылдап тарап ақырын-ақырындап сөніп бара жатқан-ды. Тәңірбергеннің құлағына тағы бір бөлек дабырлаған дауыс шалынды. Тер құйылған көзін уқалап жіберіп, ұмсынып ілгергі жағына қарап еді. Ілбіп басқан әскердің алды шағыл құмның шетіне ілігіпті. Аласалау бір шоқалақтың арғы жағында шөбі күйген сұр дала басталып, ту-ту сонау көк жиекке дейін бауырын жазып көсіліп жатты. Осы араға қаталап жеткен алба-жұлба кісілер бір-біріне алдарындағы даланы көрсетіп, солай қарай аттарын асығыс тебініп, әлсіз дауыстары қырылдап бірдеңе деп жатты. Тәңірберген олардың не дегенін тыңдаған жоқ. Құм шетіндегі кәржік қара жидені көргенде көзі кенет жайнап қоя берді. О, жасаған, сенейін бе, жоқ па? Ал, мынау... мынау... Жер аты абдырап сасқанда аузына түспей «мынау сол! Сол! Сол! Анық сол!» — дей берді. Анық сол! Генерал қайда? Ә, әне кетіп барады екен. Айқайлайын деп еді, бірақ даусы шықпады. Тамағы желім құйғандай жабысып, қанша зорласа да ана солдаттар сияқты бұның да арғы жағынан әлсіз дыбыс қана шықты.

Тәңірберген көк атты тепкілеп желіп кеп генерал Черновқа қатарласты:

— Генерал! Гене-рал, мынау... міне, мынау...

Генерал Чернов жас мырзаның түріне қарады. Сонан соң оның күнге күйіп қап-қара боп тұтігіп кеткен бетіне, көзінде мөлдіреген жасқа қарады. Сонан соң оның аузын-

дағы сөзін айта алмай, негі кемсеңдеп, шыт-шыт ерні дірілдеп бара жатқан аянышты кескінін көргенде генералдың өзінің де көңілі босап кетті.

— Мынау... міне, мы-нау-у...

— Таныс жер ме?

— Иә, иә...

— Сенің бізге ниетіңнің адал екеніне өз басым еш уақытта да шүбә келтіргем жоқ. Рақмет, мырза!

Тәңірберген артта қалып бара жатқан қара жидеге қайта-қайта бұрылып қарай берді. Жиде маңындағы топырақ реңі, шөптердің түрі-түсі, мына нар шоқалақтардың тұрпаты қайталап қараған сайын көзіне оттай басылып: «сол, сол!» — деп ішкі даусы арғы жағында үн сап жатты. Ендеше көре қал, көп ұзамай жер реңі тіпті өзгереді. Ат табаны батпайтын кіршілдек ақ құмайт басталады. Қар қалың түскен жылдарда ала бөле осы құмайтқа көк майқара жусан мен қызыл изен қаулап өсіп, дала жүзі сыңсыған шөптен көрінбей кететін. Осы өңірдің бір жерінде, ұмытпаса, әне бір маңдағы жазық тепсеңге ши өсетін. Сол өңір түптұтас сыңсыған ақ шиге қақалып тұнып тұратын. Бұл өңірдің Ақшилі аталуы да содан болар-ау. Биылғы қуаң бұ жақтың да шөбін күйдіріп жіберіпті. Түбін жел қазған дала жусандары бойын билей алмай бір-бір жамбасына жығылып қисайып-қисайып қапты. Құдды отқа үйтілгендей арасы шығып, қара кеңірдектеніп қалғанын қарашы.

Қуанышты жігіттің көзі әлі бір нәрсеге дендеп түскен жоқ. Көк ат аяғын ілгері басқан сайын өзінің кішкентай бала кезінен білетін осынау сүреңсіз бозғыл даланы ойы мен қыры жиі ұшырасып, қуанышты көңілі саябыр тақат таппай алып ұшып барады Тақа дәті қалмай асыққанда тақымы астында теңселіп басқан көк атты ол қос бүйіріне тепкілей бастады. Қатты торыққан кезде тап болғасын ба, көзіне түскен нәрсенің бәрі — осы өңірдің жері, шөбі, тасы мен топырағына дейін жас жігіттің көңілін толқытып есіне қай-қайдағылар түсе бастады. Алдарында көлденеңдеп жатқан әне бір алаша қырдың арғы астында Ақшилі сайы бар. Ақбаланы алып қашқан жылы өздеріне қараған бай ауыл Ақшилі бойын жайлады. Басқа жердің шөбі күнге күйіп қуара бастағанда да, ал Ақшилі сайы көктемдегі қар ылғалын жаз ортасына дейін сақтап, ат тұсарлығынан келетін қоңыр бас пен бидайықтың ара-арасында қош ністі көк жусан, жауқазын, жалбыз... жарықтық осы жалбыз бен жусанның ертелі-кеш мұрныңды жарып тұратын жұпар нісін айт. Бірді айтып бірге кетіппін-ау. Әй, сірә, неқылса да

күн өткен болды. Мына ғаламат ыстық пен қанықды кептіріп бара жатқан шөл-ақ шыдататын емес. Абырой болғанда Ақшиліге кездестік. Ақшилінің суы жетеді. Өздеріне қараған бай ауылдың жаз айларында ана қойнау, мына жондары шұбартып жататын жылқылар үйір-үйірімен кеп, бәрі бас қойып жабылып ішкенде де ши түбінен қазған сулы құдық төтеп беретін еді ғой. Иә, нә, төтеп беретін. Несін айтасың, бұл Ақшилінің суы аламат ғой. Тек алдын ала генералға айтып қою керек. Қаталап шөлдеп келген кісілерге ас пен суды аз-аздап бермесе, буын-буынына түсіп ашы өзегін қиып кетеді. Ашы өз-ек?

Мынау не? Көк аттың құлағы ма? Екеу, үшеу... атта үш құлақ бола ма? Танжырақтай бастаған сияқтымын. Күн өткен болды. Тәңірбергеннің басы айналды. Қасындағы кісілер бұлдырап, қайсысының астындағы қандай ат екенін айыра алмай, ақ, көк, қара түстер ұйқы-тұйқы араласып кетті. Үстіндегі аспан мен ат аяғының астындағы жер де толқын шайқағандай аутаңдап теңселіп бара жатқан соң Тәңірберген көзін жұма қалды. Тап ана жолғыдай тағы да басы көтертпей қос шекесі сырқырап сынып бара жатты.

Осы кезде тып-тыныш келе жатқан солдаттар әлде неге дабырлап у-шу болды да қалды. Кейбіреулер жаман атын борбайлап шаба жөнелген сияқты. Тәңірберген тас қып жұмып алған көзін сәл ашайын десе басы айналып құлап қалатындай қорықты. Сонан соң ол ілбіп басқан ат үстінде басы кеудесіне мұлгіп келе жатып, әнебір Ақбалаға үйленгенін еске алды. Тәңірбергеннің қалауы бойынша жас келіншектің отауын басқа үйлерден оқшаулап үлкен ауылдың оңаша шетіне таман оздырып, Ақшилі сайының нақ ұшар басына мінбелетіп тікті. Со жылы да шілде айының не бір қайнаған ыстықтарында терең сайға күн қызуы дендеп жете қоймады. Қақалып шыққан қалың көк сонан қашан күн салқындап, сары жағал күз ауғанға дейін бойына ылғал тартып, көктемдегі балауса қалпында балбырады да тұрды. Жаз бойы Ақбала ақ отаудың сайға қараған беттегі есігін жапқызбады. Келіншегінің ойын жас мырза да ішінен құп алды. Жаңа жұртқа жақында ауысып қонғандықтан үй маңындағы жас көкті кісі-қараның аяғы әлі таптай қоймағанды. Кейбір қадірлі қонақтар болмаса бай ауылдың үстін босатпай, күндіз-түні келіп, кетіп жататын көп қыдырма әдетте иба сақтап атын бір қырдың астына байлап жаяулап келетін. Сауын малдардың желісі де ауыл маңынан аулақта. Сондықтан кей жылдары бір жұртта табаны аумай ұзақ отырып қалғанның өзінде Абыралыға қараған үлкен

ауылдың ауасын жуық арада шаң, тозаң шала қоймайтын. Түндігі түсірулі, іргесі түрулі ақ үйлердің іші әрқашан қоңыр көлеңкеленіп, кереге көгінен соққан қағу жел кісі бойын құп-қунақ қып сергітіп отыратын. Жайлау үстінен жаз бойы есіп тұратын әдеттегі қоңыр самал кей күндері түнемелікке қарай шұғыл салқындап, ірә бір жібек көрпе астында бойы тоңазығанда ғана малай қатындар білдірмей кеп сықырлауық есікті сыртынан жауып кетеді. Ондайда Ақбала таң сәріден оянып, жігіт құшағынан шыққан жып-жылы бойына жеңіл шапан жамылады. Сыртқа шығып бара жатып түндігі жабық үйдің сықырлауық есігін екі бетке шалқайтып ашып тастағанда арғы жағынан, сай бойынан көк шөптің қош иісі бұрқырап ішке лап береді. Таң сәрідегі тәтті ұйқысын аша алмай мамық төсекте маужырап жатқан жас мырза салқын самал соққанда тұла бойы түп-түгел сергіп қоя беретін.

Бұларға қараған ауыл келесі жылы да көктем шығысымен Ақшиліге қонды. Бұл жылы қыс қатты болған-ды. Қырды басып салған сіреу қарға көктем күнінің қызуы жуық арада жетіп болмады. Жағалауды қыстаған ауылдар күн жылт етісімен қаптай көшіп шыққанда қыр әлі қыс ызғарынан айыға қоймай, қара жел ызғыған жонда ала қанат қар жатты. Көлігі сабырлап ұбап-шұбап көшкен ауылдардың алды қыс бойы құлазып жатқан кең жайлаудың шетіне іліге бергенде жаңбыр жауды. Көптен бері көк жүзінде ұйтқыған ала бұлт көп ауыл қорадан көшіп шыққан күннің ертеңіне қас пен көздей уақыттың арасында қоюланып, қапқара боп тұтасып аспан әлемін басып алды. Іле-шала жел де басылып, қара нөсер сатырлап құйып кетті. Жарым жолға келгенде жауын астында қалған көш лажсыз тоқтады. Итарқалап үй тігіп бірнеше күн ерулеп отырып қап еді. Әпсәтте жер беті телегей-теңіз боп кетті. Жаңбыр суы толған сай-жыралар ауыл іргесінде сарқырап жатты.

Үшінші күні жауын басылды. Жарқырап аспан ашылды. Шырадай желсіз тымық күн ерте көктемнің сары шуағына айналды. Биылғы жылдың бүтіл ылғалын бойына тартып алып балбырап жатқан қара құйқа жер күн шыққан бойда қоңы қызып буланып қоя берді.

Бұлар Ақшилі бойына үй тіккен күні ұсақ қаралар төлдеді. Қоңыр төбелердің күнгей бетінен жаңа-жаңа қылтиып көріне бастаған тықыр көк көктем айының сары шуағымен шұғыл көтеріледі. Ала-бөле Ақшилі өңірінің түбіт көгі тез көделеніп, түп жағы тап бір деріткен желіндей тып-тығыз боп сыртына теуіп шіреп шыға келді.

Со жылы Тәңірберген жаз бойы жас келіншегінің қасынан шықпады. Жазатайым бір жаққа жолаушылап бара қалса да сонан қашан үйіне жеткенше жаны қалмай дызығып бітті. Ауыл қарасы көрінер-көрінбестен ат үстінен мойнын созып, көгалда отырған ақ үйлердің арасынан Ақбаланың отауын іздеді. Сыртта қанша қыз, келіншек жүрсе де, күлтілдеген қызылды-жасылды киім арасында Ақбала сәні әрқашан оқшау.

Со жылы Ақбала қашан Ақшилі бойының көгі тапалып, бай ауыл жаңа жұртқа аударылып қонғанша бір өңкей қосетек ақ көйлек киіп жүрді. Оның сыртынан өңіріне сары зер бастырған жасыл қамзол киіп, үкілі биік сәукеле киіп, шытыра тағып, шолпысы шылдырап сызыла басып сыртқа шыққанда Ақшилі бойында отырған үлкен ауылдың кәрі-жасы түп-түгел жас келіншекке сұқтана қарап көз тігіп қалатын. Әйелге қызықпайтын софы ағасы да Ақбалаға көзі түссе: «астафираллә! Мына бейбақ кісіні діннен шығарар»,— деп ойлап, жүн басқан бетін жалма-жан бұрып әкететін.

Тәңірберген бұрын жол жүріп қайтқанда үнемі үлкен әйелінің үйіне түсетін. Бұған бәйбіше де, бүтіл ауыл да дағдыланып алған-ды. Ақбала келіншек боп түсіп өз алдына отау тіккелі жас мырза ол дағдысынан жаңылды. Алғашқыда бұған жас мырзаның өзі де үйрене алмай ыңғайсыздаңып жүрді. Әсіресе ауыл шетіне кірерде қатты қиналды. Қара сұр бәйбіше ата-енесінің денесі шыққан үлкен үйдің шаңырағын ұстап қалғанын сәдеттеп, «үстімнен аттап көрші, кәне» деп, бұның нақ жүрер жолында сыздап отырады. Осындайда өзінің ана жақта арқа тірер күші — төркін жұрты барын еске алып, атаңнан — атам, анаңнан — анам кем емес, терезесі тең іргелі бай елдің қызымын деп күш салыстыратын көңілі де аян. Қашан үстіне күйеуі кеп кіргенше қозғалмастай боп қорғасын салмақпен отырса да, құлағы сыртта. Ат тұяғының тықыры үй жанынан ұзай бергенде іші тар қызғаншақ бәйбіше шыдай алмай, ұшып түрегеледі. Жүгіріп барып жабықтан сығалайды. Жас мырза ту сыртынан оқтай қадалған көзді сезсе де сыр бермеуге тырысады. Бір жаққа бұрылмастан ат маңдайын Ақбаланың отауына туралайды. Мал тұяғы таптап үлгірмеген мақпал түкті көкті жайлап бастырып келеді. Бірақ соның өзінде күйеуі жолаушылап кеткелі құлағын сәукеледен шығарып сергек отырған келіншек елең етіп тез түрегеледі. Шолпысы шылдырап есікке ұмтылады. Тәңірберген бұрылам дегенше, ақ отаудан қара көзі ерекше бір нұрлы қуанышпен күлімдеп, аппақ

сұлу келіншек шыға келеді. Тәңірберген, басы қара сұр бәйбіше боп, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін үлкен ауылдың сыртта жүрген бар кісісі, осы қазір өздеріне сұқтана қарап көз тігіп қалғанын сезіп, қара торы бетіне қан теуіп сәл-сәл қысылса да, ал Ақбала бір жаннан именбейтін. Күйеуін қолтығынан сүйеп аттан түсіреді. Сонан соң көк сауыр кебістің қазық өкшесін қыдың-қыдың басып, тезірек озып барып алдынан ілтипатпен есік ашады. «Сонан соң... Я, сонан соң?.. Мыналарға не болды өзі?» — деп ойлап, Тәңірберген тас қып жұмып келе жатқан көзін ашып алды. Басының ауырғаны кетіпті. Ол былқ-сылқ еткен бойын билеп маңайына көз салып еді, жұрттың бәрі аттарын басқа, көзге сабалап ілгері қарай тырағайлап шауып барады екен. Алды ылдида жайылып жүрген тұсаулы аттарға жетіпті. Үш-төрт солдат тұсаулы аттарға өз атының ерін салып, апыл-ғұпыл алмасып мініп жатты. Қайсыбіреулер қашаған аттарды қуалап, ұзақ жолда тақымы талған аяғын баса алмай солтақтап сылтып жүр екен. Тәңірберген ілгергі жағынан көзін айырмай, астындағы танау қағып ырсылдап келе жатқан көк атты тепкілей түсті. «Ақшиліде ауыл отырған болды-ау»,— деп ойлады. Кімнің аулы екен? Танитын сыйлас біреу боп жүрмесе қайтсін? Апыр-ай, ә? Кім де болса айлап, жылдап әйел көрмей нәпсі зарын тартып келе жатқан мына үсті-басы кір-кір, ебіл-себіл, ызалы, аш кісілерді қандай бақытсыз сорлылардың үстінен құлатты екен?

— Мырза, ана қырдың астында отырған ауылды көрдің бе?

— А-а?

— Ауылды айтам. Әне!

— А. Иә, ау-ыл ..

— Үйлері аппақ екен. Сірә, бәй ауыл болар?

Тәңірберген бұдан кейінгі сөздің бірін есіткен жоқ. Өзіне-өзі сенбегендей, ол кенет көзін уқалап жіберіп ілгергі жағына әсығыс қарап еді, солдаттар ұстап мініп жатқан тұсаулы аттардың санындағы тай тұяқ таңбаны анық көрді. Тізгін ұстаған қолы мен бүтіл денесі безгек буғандай қалшылдап кетті. Ойпырмай, құдай-ай... құдай-ай.. Қатты соғып кеткен жүрегі көтеріліп аузына тығылды. Өзінен ат бойы алға түсіп кеткен генералға дауыстайын деп еді, оған, бірақ даусы шықпады. Және қарысқан жағы қозғалмады. Дір-дір еткен еріндері де жуыспай, тісі тісіне тиіп сақылдап кетті.

* * *

Ауыл іргесіне тақап келе бергенде көк ат тұрып қалды. Ызалы Тәңірберген қарғып түсті. Басын төмен салып тұрып қалған атты қақ маңдайдан тартып-тартып жіберді де, бұл кезде ана жақта әскер талап у-шу боп жатқан ауылға жүгірді. Ес-түс қалмаған. Қалпақ астынан сорғалаған тер көзіне құйылып удай ашытып барады. «О, құдай, не жазығым бар еді? Не пиғылымнан таптым?»

Әлі бітті ме, не әлде сүрініп кетті ме, әйтеуір ол жүгіріп келе жатып мұрттай ұшып түсті. Көзі қарауытып кетті. Қанша уақыт өткенін білмейді. Бір кезде есін жисa тап бір ішін күйік өртеп бара жатқан кісідей тырнағымен жер тырналап, солқ-солқ етіп жылап жатыр екен. Есін жиғасын да бірден солығын баса алмай ықылық атып өксіп-өксіп алды. Және бұның дәл құлағының тұсынан бір кәрі әйел қаһарлы даусыспен: «Құдай зауалыңды берсін!» Осы әйелден зәресі қалмай інге кірердей боп жүретін. Ақыры іздеп тауып үстінен төніп кеп қаһарын тігіп тұрғандай.

Тәңірбергеннің төбе құйқасы шымырлап қоя берді. Көзін ашуға жүрегі дауаламай тез-тез тілін кәлимаға келтірді. Түс деуге түс сияқты емес. Қорқынышты түстің өңінде қайталайтын жалғасы болмаса? Не әлде түс пен өңінің арасында аян берген аруақ па? Қалай болғанда да көріпкелі бар кісінің кәдуілгі өңіндегідей кәрі әйелдің даусын өз құлағымен анық есітті. Бір ғажабы сонан арғы оқиға да осы қазір болғандай сайрап тұр. Түрікпеннен жылқы алып келуге жіберген жігіттер оралыпты. Кіл қара кнімді кісілер таң алдындағы айсыз қараңғыда оралған, аттарының тұяғына киіз орап алғандай үн-түнсіз ақырын бастырып келсе де, ұйқыда жатқан ауыл шошып оянып сыртқа жүгіре-жүгіре шығыпты. Құйрық-жалы сүзілген қара аттарды дәл сондай қара кнімді кісілер тізгінінен жетелеп келе жатты. Киізге ораған өлікті қол-аяғын серейтіп қара аттың үстіне таңған. Өлікті жерге түсіртпей бас сап құшақтай алған кәрі әйелдің ащы даусы қара түнді қақ айырып барады. Кәрі әйел дауыс салғанда басқа жұрттың бәрі тына қалды. Бір жан жақындап бара алмады. Тәңірберген де желбегей жамылған шапаны иінінен түсіп сілейіп тұрып қалған-ды. Кәрі әйел құлақты жарып бара жатқан ащы даусын кілт тыйып, Тәңірбергенге бұрылып: «жалғыз баламнан айырдың. Қартайған шағымда жұлынымды үзіп жерге қаратып отырсың. Құдай сенің де зауалыңды берсін!» — деді. Кемпір үні құлағында тұр. Мына аспан, мына жер, су, бүкіл бар айдай

әлем кәрі ана үнін қайталап күңіреніп барады. Құдай зауалыңды берсін. Зауалыңды берсін. Зауал. Зау-ал. Зауал.

Тәңірберген у жеген иттей қыңсылап, жер тырналап жатыр. Көзі қызарып ісіп кеткен. Солқылдап жылап жатады да, өзін тоқтата алмай өксіп-өксіп қалады. Бетін жуған жас соргалап жерге қат-қат тамып, сұр топырақты шұбарлап тастады.

Тәңірберген боз торғай үнін жақсы көретін. О шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін көл-көсір далада салт атпен жолаушылап келе жатқанда, жым-жырт дүниеде жалғыз көңіл ашатын осы ғана. Бас-аяғы жас бала жұдырығындай ғана осы бір көмейінен күй төгілген құмық құстың ертеден қара кешке дейін жағы талмай, сонау шырқау, бүйікте шыр-шырлап, тілін жұлып алған алып мылқаудай жым-жырт даланың тұла бойын дыбысқа толтырып, жалғыз атты жолаушы жанын бір сәт жабықтырмайтын қасиетін-ақ қимайтын-ды.

Ол осы қазір тас төбесінде бір жоғарылап, бір төмендеп шыр-шыр еткен боз торғай үнін сезген жоқ. Жасын тыйғасын да шекесі сынып бара жатқан зілдей басын жерден көтере алмай біраз жатты.

Сұлдері құрыған әлсіз денесін әрең қозғады. Түрегеліп жатып тәлтіректеп кетті. Бұл етектегі ауылға жеткенше кейінгі жақтан үсті-үстіне еселеп құйылып жатқан атты әскерлердің талайы басып озды. Бәрі қызыл көрген тағыдай құтырынып алған. Қара дөңнен құлай берістегі кең жазықта қаннен-қапersіз отырған ақ үзікті ауылға аттарын борбайлап кіріп жатыр. Ауыл үсті у-шу, азан-қазан. Қайда тығыларын білмей үй-үйдің арасында шыр-шыр қағып жүгірген қыз-келіншек. Атылған мылтық. Тасырлап шапқан ат тұягы. Қан шыққан бөксесін сүйретіп үйге тығылып қыңсылаған иттер. Жылаған бала. Әлгіде ғана үй жанында ойнап жүрген баласынан көз жазып қалған қатындардың ойбай салған тарғыл дауыстары ауыл отырған өңірді басына көтеріп барады.

Тәңірберген неге де сүлесоқ, енжар.Бар түрі бейне: «Маған бәрібір»,— деп, болып жатқан оқиғаға бейтарап көңілін танытқандай. Бұл жеткенше солдаттар еңселі биік үйлердің талайына баса-көктеп кіріп, іштен мес-мес айран, кісі бойы сабаларды сүйреп шығып жатты. Әсіресе ауыл ортасындағы шегенді құдық басы үйме-жүйме. Даңғыраған шелек. Дабырлаған дауыс. Кісінеген ат. Генерал Чернов та сол маңда жүр екен. Тірі аруақтай Тәңірбергенге көзі түсіп тіксініп қалды. Бірақ Тәңірбергеннің көзі бір жаңға

түскен жоқ. Ымғының басынан сыпырылып түскен боз шекпеннің бір шалғайын жерге сүйретіп келді де, әй-шай жоқ су тұрған шелекке бас салды. Мейірі қанар-қанбаста генерал Чернов қасындағы бір офицерге ымдап «шелекті ал» дегендей ишара етті.

— Бұнан артық ішуге болмайды,— деді офицер. Тәңірберген құлақ аса қоймаған соң офицер қолынан шелекті жұлып алды. Тәңірбергеннің шелек кенеріне жабысқан қолдары шаққа жазылды. Суға аузы тиер-тиместе мұздай тер маңдайынан бұршақтап қоя берген-ді. Тәңірберген терін сүрткен жоқ. Қомағай көзі өзінен тартып алған шелектен айрылмай қалалып қапты.

Генерал Чернов оған барлай қарап тұрды да, қасына тоқтады.

— Мырза, атың тұрып қалды ма?

— Иә.

— Жақсы ат еді. Бірақ оқасы жоқ. Мына ауылдың жылқысын айдап алып келіңдер деп әмір бердім. Ең жақсысын таңдап мінерсің.

Тәңірберген үндемеді.

— Мынау бай ауыл боп шықты. Жолымыз болды. Ауыл ақсақалдары әне тұр. Мүмкін сөйлесерсің.

Тәңірберген генерал сілтеген жаққа қарап, анадай жерде үлкен ақ үйдің алдында үрпиісіп тұрған үнсіз топты көрді. Әншейінде ауыл үйге істейтін әлім жеттігінен айрылып, есінен танып қалыпты. Тәңірберген мырс етті. Генерал оны байқады.

— Таныс ың ба?

— Иә.

— Бұлар кімдер?

— Менің туыстарым.

— А?

— Бұл менің ауылым.

— Да-а,— деп генерал Тәңірбергеннен көзін тайдыра берді. Көп тұрақтай алмай қасындағы кісі-қараларды ертіп өзі тоқтаған үйге кетті.

Олардың жүзі арман ауған бойда ақ үйдің алдында үрпиісіп тұрған әлгі ауыл ақсақалдары Тәңірбергенге қарай жүрді. Даусын көтермей сыбырлап қана сөйлеседі.

Қара сұр бәйбіше басқалардан бұрынырақ жетті. Келе сала Тәңірбергенді құшақтай ап:

— Мырза-ау, не болдық? Не күйге түстік, ойбай,— деп зарлап қоя берді.

— Әй, келін, қоя тұр,— деді Алдаберген софы.

— Ойбай-ау, атеке-ау, қоятын не қалды?

— Жә, жетер енді. Әй, Тәңірберген, сен бе мыналарды бастап әкелген?

— Мен.

— Келістірдің. Үйтқысы шайқалмай отырған ауылымның үстінен әскер құлатып, аузы түкті кәпірге, әне, қасқырдай талатып жатырсың.

Тәңірберген сұлық тұр.

— Талатпа ауылымды. Мыналарыңды есебін тауып алып кет,— деді софы.

Қалған ағайын, тумалары мен қара сұр бәйбіше де кәрі софыны дерсу қостап:

— Тәңірбергенжан, біздің зарымызға құлақ ас.

— Иә, сүйт. Бала-шағаның көз жасына қалма.

— Тым құрыса талатпа.

— Бейбастағын тыйғыз.

— Кәпірлердің түрі жаман. Күйедей жалап барады.

— Басқамызды жыр демесе де, мыналар сенің тіліңді алар,— деп дабырлап жатты.

Тәңірберген қалжыраған бойын шаққа билеп тұр. Шөл қайта қинап қанын кептіріп барады. Бірақ су сұрамады. Осы тұрғанда неғұрлым өзін-өзі азапқа сап, жанын қинаған сайын, солғұрлым арғы жағынан ырзалық таба түсетін сияқты.

— Әй, не деп тұрмын саған? Мыналарыңды алып кетесің бе, жоқ па? Ауыл үстіне жау құлатып уа-ау, бізге істеген бұл қай лаңың,— деді кәрі софы ақырып.

Тәңірберген бұған да селт етпестен басы салбырап сұлық тұр. Софы ағасының қарсы алдынан қадалған көзін де, ашумен доларған қаһарлы кескінін де сезбеді. Кәрі софыдан кейінірек тұрған ауыл ақсақалдарының өңіне үрей пайда болды. Түстері бұзылып бір-біріне күдікті қабақ астынан қарап күбір-күбір тіл қатты:

— Жаным-ау бұған не болған? Мәңгүрт боп кеткен бе?

— Пері салқынын салмаса...

— Не де болса тегін емес. Тірі аруақ.

Діндар шалдар күбірлеп тілін кәлимаға келтіре бастады. Қара сұр бәйбіше де жасын тыйып, күйеуінен көзін айырмай бағып қапты. Қараған сайын көңіліндегі қорқынышты күдікті анықтай түскендей түсі бұзылып барады.

Тек Алдаберген софы сезіксіз. Жасы үлкендігіне қарамастан жас мырзаның өз сөзін әрқашан осылай зейін қоймай салғырт тыңдайтынына зәбірленетін. Келеңсіз софы бұл жолы да өзін қомсынып тұр деп қапты. Інісінің ірілік

астамдығына ызасы кеп, әсіресе, мына соңына ерген ауыл ақсақалдарының алдында өзінің сонша таусылып айтқан сөзін де жыр деп құлақ аспай қойғанына қатты зәбірленді.

— Е, құдай,— деп кәрі софы енді анық қаһарға мініп, күмпиген саусақтарының сырт жоны жүн-жүн қолын қызарып батып бара жатқан құбыла бетке созды. Софы ажарынан беті қатты бір қаталдықты байқаған шалдардың зәресі ұшты

— Атеке-ау, бізді құдайдың қарғағаны аз ба еді... саған не болғаны,— деп қара сұр бәйбіше қолына жабысып еді, кәрі софы келінін итеріп тастады да, қос қолын құбылаға қайта созып:

— Е, құдай! Мына ақ пен қызыл арасында, зауал шақта...— дей берген-ді.

Ертеден бері түк сезбей сұлық тұрған Тәңірберген софы аузынан шыққан соңғы сөзге тіксініп қалды.

— Жоғал! Жоғалыңдар! Жоғалыңдар! — деп айқайлап, тұла бойы түп-түгел қалшылдап кетті. Үрпиісіп қалған кісілердің әрқайсысына бір ұмтылып тап-тап беріп жүр. Мынадай бұрын-соңды мырзаның мұндайын көрмеген-ді. Еді-реңдеп тұрған кәрі софының өзі жұмған аузын аша алмай қалды. Інісінің айбатынан ығысып артымен шегіне берді. Қалғандарында тіпті ес қалмаған. Тәңірбергенге жалтақ-жалтақ қарап зытып барады.

Ауыл үсті әлі азан-қазан. Аузы аққа тиіп әлденіп алған солдаттар шын лаңды енді бастапты. Қолға іліккен дүние-мүліктің келешекте кәдеге жарайтын-жарамайтынына қарамай, көзге түскенін аттың артына бөктеріп жатыр. Бай үйлердің тұсына ұстаған жібек кілемдердің талайы қаңжығада кетті.

Әлгіде ауыл үстіне әскер құлағанда бой тасалай алмай қалған қыз-келіншектер қазір қатты әбігерде. Қайда тығыларын білмей жаны дызыққан қыздар жау талап жатқан ауыл арасында құйқылжып, ақ көйлектің етегі әр үйдің тасасынан бір көлең етеді. Әсіресе бір жас қыз еңгезердей ірі солдаттан қашып зытып бара жатты Солдат жеге бере ұмтылып қолын созғанда қыз жан даусы шығып шырқырап қоя берді Қыз соңынан шешесі жүгірді. Жел ұшырып түсірген жаулығына да қайрылмады.

— Бұл ауылдың еркектері қайда, ойбай! Арашаламайсыңдар ма?

Тәңірберген теңселіп тұр. Кейде көзі түк көрмей қарауытып кетеді Құлағы да тосаң Бірде шайдай ашылса да, іле-шала қайта тосаңсып түсініксіз бірдеңелер күңгірлейді.

Оқта-текте құлағы ашылғанда шыр-шыр еткен әлгі қыз даусына төбе құйқасы шымырлап қоя береді. Кенет біреу қолынан тартқан сияқтанады. Қайта оралып соққан жаңағылар екен деп, Тәңірберген тіксініп қап, кеудесіне түскен басын тік көтеріп алды. Сүйтсе қарсы алдында жас жігіт тұр екен. Иегі кемсең-кемсең етеді.

— Ағажан-ай, масқара бол-дық қой.

— А?

— Айтары жоқ. Софы ағаңның ақ тоқалы...

— Ақ тоқал?..

— Сол жеңгейді... бір солдат...

Тәңірберген сонан арғысын тыңдамады. Сонан ары не істеп, не қойғанын оның өзі де білмеді. Ертеңіне түс ауа оянса бүтіл денесі тап бір сілейтіп соққыға жыққандай. Сүйек-сүйегі сынып қол-аяғы қозғалтпайды. Алабөле қос шекесі жарылып бара жатқан басын құс жастықтан көтере алмай жатып, түндігін түсіріп ала көлеңкелеп қойған үй ішіне кірпік арасынан көз жіберді. Кешегі оқиғаны қанша ойласа да есіне бірі түсіп, бірі түспеді. Бар болғаны: жас жігіт сілтеген үйге қарай жүгіргенін біледі. Сонан соң есік алдында тұрған біреу — солдат па, не әлде өзін танитын ауылдас біреу ме — бұны ішке жібермей жолын бөгеді. Бұл оны итеріп тастады да, ішке кіріп барды. Түндігін жауып, іргесін түсіріп қоймпты. Күн батып бара жатқан кездегі күңгірт сәуле үй ішінің көлеңкесін қоюлай түсіпті. Тәңірберген табалдырықтан аттап кіре бере төрге көзін тікті. Алғашқыда түк көрмеді. Тек жиһазды үлкен ақ үйдің қара көлеңке қалыңырақ тұтасқан түпкі жағынан алысқан кісілердің ырсылдағаны естілді. Үстіне кірген кісіден қысылып қалған әйел: «мына шіркін кәйтеді, әй. Тұр... тұр, былай»,— деп төмпештей бастады.

Тәңірберген ілгері аттады. Көрпе, төсек жайған төрде, софы ағысының намаз оқитын дағдылы жерінде бітімсіз бірдеңе қараңдады. Құр қол екені есіне түсіп, көзі үйрене бастаған үй ішіне қарады Сипалаған қолына бірдеңе іліккі. Оның не екенін жөндеп байқаған жоқ. Не де болса қолына іліккен зіп-зілдей затты қысып ұстады. Әлгідей емес, енді үй іші анық көріне бастады. Солдат үстіне кірген кісі түгіл баурында бүгерлеген әйелдің басқа, көзге төмпештеп ұрған қарсылығын да елең қылмады. Бүкіл денесінде күн тимеген бөксесі ғана аппақ екен. Тәңірбергенге мынау жирен сары секілденіп кетті. Ол тістеніп, құлаштап қойып жіберді. Әйел шар етті. Бүтіл омырауы мен бетіне саулап кеткен жып-жылы қаннан жиіркеніп, басын бұрып қашырта берді

де, қапқа тыққан өлі еттей қапелімде былқ-былқ ете қалған жансыз денені үстінен аударып тастады. Тәңірбергенге тура қарауға жүзі шыдамай етегі түрілген көйлегін төмен түсіріп, бетін бұрып сырттап түрегеле берді.

— Амансың ба, қайным.

— Жо-ғал!

Ол сонан ары не болғаны білмейді. Үйге қалай келгені де есінде жоқ. Шамасы, сірә, бәйбішесі сүйеп әкеліп жатқызған сияқты. Кең үйдің оң жағына құрған ақ болскей кереуетте жатыр. Баяғы сәнін бұзбай ақ үйдің ішін айналдыра кілем ұстап, оюлы сырмақ, текемет төсеп тастапты. Түндігі түсірулі үйдің ішінде сырттағы ыстық сезілмейді. Көлеңке бет түрулі. Со жақ іргеден самал соғып, кереге түбінде қылтиған әлдекандай ажарсыз сұр шөп басы жел астында шайқалып дір-дір етеді. Алғашқыда байқамағанды: біраздан соң сырттa, кнізін түрген іргеде кісі-қара отырғанын аңғарды. Әлде кімдер жұбау даусын көтермей, ақырын күңгір-күңгір сөйлейді. Насыбай атқан біреу басқалардан көрі жиірек сөйлеп, үй іргесіне шырт-шырт түкіріп отыр.

— Көріңде өкіргір Кәлен-ай! — деді ол бір кезде. Бұның аузынан шыққан өкініш өңгелерінің де жанына аяздай батып отырған сияқты. Кейбіреулер күрсінді.

— Сол сойқанның сөзіне қалай сендік?

— Білмеймін... жазған басым қара басып...

— Иә, не қыласың... Қарала-көпте қозғалмай отыра бергенде гой...

— Жә, енді болар іс болды. Жүріңдер, мырза оянған болар.

Үй іргесінде отырған кісілер шалғайын қағып түрегеле бастады. Тәңірберген іргеге қарай аударылып түсті. Сықырлауық есікті ақырын ашып үстіне үнсіз кіріп келе жатқан мына ет жақын ағайын, тумаларына бұл рай бермей, жүдеу өңі сұп-сұр боп суық тартып ала қойды.

Алдаберген софы мен қара сұр бәйбіше өздерінің соңын ала кірген кісілердің алдына шығып, жас мырза жатқан бнік төсекке жақындады.

— Мырза, ағаң келіп тұр,— деді бәйбіше.

Алдаберген софы тамағын кенеп жөтелді. Кешегідей емес, бүгін кәрі софының қаһары қайтып жуасып қапты. Көк шулан сақал басқан шара табақтай бетінің терісі босап, бір түн ішінде ойсырап жүдеп шандыр-шандыр болған.

— Тәңірбергенжан, тұр, басыңды көтер. Мына солдаттарың аттанғалы жатыр. Шамаң келсе сұранып қал. Сенің

орнына жолды жақсы білетін жігіт тауып берейік,— деді кәрі софы.

— Тілмаш арқылы генералға тілдестік,— деді бәйбіше.

— Генерал қарсы емес. Өзі білсін деп отыр,— деді софы.

Тәңірберген іргеге қарап жатқан күйінен қозғалмады. Алдаберген софы аяғынан сарсылып әрі-бері тұрды. Інісінің жауап бермейтін сыңайын байқаған соң ыңғайсызданып жан-жағына қарап алақтай бастады. Қалған кісілер кәрі софының қолайсыз жағдайын көрмегенсіп, көзін жерден көтермей тұр.

Осы кезде сыртта әбігер ұлғайды. Бір топ атты кісінің осылай қарай беттеп келе жатқаны байқалды. Запы боп қалған иттер үре алмай, үйге бөксесін тығып қыңсылады. Тәңірбергеннің жүйрік сары тазысы ішке зып берді. Қайда тығыларын білмей әбігерге түсіп қыңсылап жүр. Бір солдат қару-жарағы сартылдап кіріп келгенде сары тазы құйрығын қысып кереует астына кіріп кетті.

— Мырза, жүргелі жатырмыз. Кнін,— деді де, солдат ішіне қайта шықты.

Тәңірберген түрегелді. Үй ішінде боп-боз боп өліктей қуарып тұрған кісілердің ешқайсысына көз салмады. Бәйбіше әзірлеп қойған кнімдерді киді. Беті-қолын жуды. Бір зерен қымыз ішті. Сонан соң кереге басындағы қамшыны алып ертеден бері өзінен жауап күтіп үнсіз телміріп тұрған ағайын, тумаларына назар салмастан есікке қарай бегтеп бара жатқан-ды. Қара сұр бәйбіше шыдамай, шалғайласып кеп:

— Мырза-ау...— деді де, жасқа булығып қалды.

Қара жал құла айғырды есік алдына әкеп көлденеңдеп ұстап тұр екен. Тәңірберген атқа мінді. Кең далада нөпірленіп кетіп бара жатқан әскер соңына ат басын тұралады. Бәйбіше жүгіріп кеп қапталдаса бере үзеңгіден ұстады. Дауыс сап жылауға Тәңірбергеннен қайнықты. Ызалы жас алқымына тіреліп ентігіп, жүгіріп келеді.

— Мыр-за... мыр-за-ау!!!

Тәңірберген құла атты қаттырақ тебініп желе жөнелгенде қалмай келе жатқан бәйбішенің қолы таралғыдан шығып кетті. Ала жөнелген ат ағынымен ілесіп аяғы аннан-саннан бір тиіп барды да, қолы ілгері созылып құлап түсті.

Тәңірберген шаба жөнелді. Кейінгі жағы құдды өлік шыққан ауылдай азан-қазан, у-шу. Тәңірберген сонда да қайрылмады. Астарындағы арық-тұрақ мәстегін тастап, бай ауылдың құрық көрмеген күйлі аттарына алмасып мінген солдаттар сұр даланы шаңдатып жіті жүріп барады. Алды

қара асып ұзап кетіпті. Тәңірберген құбыла беттегі қоңыр жалға шауып шықты. Осы арада ат басын сәл тежеп, кейінгі жаққа көз тастап еді; Ақшилі бойында отырған аруақты бай ауыл дәл бір дауыл соғып, ел ішінде едірейіп жүретін еңсесін едәуір жапырып ұйпалақтап тастағандай екен. Жас жуған бетін алып-салған қатындардың ойбайы әлі басылмаған. Ауыл маңы тіпті ажарсыз, жүдеу. Қай жаққа қараса да бұрынғыдай кереге жал құтпан айғырлар бастап, кең даланың беткей, бөктеріне сыймай жоны шұбартып үйір-үйірімен жүрген жылқылар көрінбейді. Ауыл маңында отын ала алмай басын жерге салып сұлық тұрып қалған, ыңыршағы айналған кіл өңшең арық-тұрақ аттар. Бәрінің де құйрығын келтитіп тілерсектен жоғарырақ кескен.

* * *

Түске тарта күн қатты ысыды. Шөбі күйген сұр дала бетінде қаптап келе жатқан кісілермен қапталасып еріп келе жатқан қоңыр көлеңке осы қазір тас төбеге келген күннен бұғып ат баурына кіріп кеткен.

Шөп басында ызылдаған шілде айының есірік желі күшейіп барады. Жел ат тұяғынан ұшқан сұр шаңды ұйтқытып жынша ызылдап құтырынып тұрады да, бір кезде өртгей ыстық жалын жүргіншінің қарсы алдынан соғады. Онсыз да ер үстінде шаққа отырған Тәңірберген жалын соққанда дәл бір ыстық темірмен бетін қарып алғандай болады. Аптап желден амалсыз жасқанып бір қырындап бұрылып отырады.

Қыбыр-қыбыр жылжыған әскерден басқа көз жетер жерде тірі жәндік жоқ. Жорытқан аң да, ұшқан құс та мына ыстықтан жан сақтайтын пана іздеп тығылып қалған сияқты.

Ақшіліден шыққалы қанша жүргенде Тәңірберген бір боз торғайды шаққа көрді. О-дағы қаталап шөлдепті. Кішкентай аузын желге ашып, екі өкпесін ырс-ырс соғып, боз көде түбінде бұғып қана жатыр екен. Үстіне келген аттылыны көрсе де, ұшқысы келмей, қара көзі жаутаңдап, бауырымен жылжып боз көде түбіне тығыла түсті.

Тәңірберген ақ шыт орамалмен аузын таңып алды. Тағы біраз жүргеннен кейін ілбіп басқан әскердің алдыңғы шебінде келе жатқан кісілердің ілгергі жағынан көк мұнар арасынан бұлыңдап таулар көрінді. Кең жазықта дара-дара оқшауланған таулар. Анау Боташ, анау Беларан, Бесшоқы. Қалың мұнар арасынан қылаң берген әне бір кішірегі —

Жетімқара. Ежелден бергі ата мекені. Кіндік қаны тамған жер. Адыра қалғыр, туған жер ғой, мынау. Бұның бәрі ізсіз өтіп жатқан талай тірліктің нелер ықылым заманнан бергі мелшиген тілсіз айғағы.

Бесшоқы Боташ, Белараң,
Тұрғанын қараш мұнарып,
Арзығұл, Керей бір табан,
Жатқанын қараш шұбартып.

Тәңірбергеннің жүрегі дірілдеп кетті. Демі жетпей бара жатқан соң, тізгін ұстаған қолымен ат жалын тіреп, көк бас ердің қасына кеудесін сүйеп бүгіліп қалды. Сонан ары ол көзіне келіп қалған жасты күшпен тежеп, іште булыққан ащы өксікке негі кемсеңдеп бара жатты. Бәрі құрыды. Бәрі бітті. Сеған осы жолы көзі анық жетті. Дін азды. Үміт қырқылды. Іргесін алдырмай келген ауыл-аймағың мен бауырларың анау азып-тозып кетті. Өзінің де саудасы бітті. Ал інісінің саудасы бітетініне құттай да кұманданғон жоқ. Қызығы біткен дүниеде кісі қимайтын ештеңе де қалмапты. Өліп-тіріліп жиған дүние, мүліктері де, ағайын, туыстары да жас мырзаның басына кіріп, шыққан жоқ. Осы қазір ол тек азды-көп тірлік кешкен осынау адыра қалғыр туған жердің құлазыған даласы мен қаңқайған тауларын көрген сайын құсалы жүрегі қарыс айрылып, ат үстінен құлай жаздап келеді. «Мына жол кісіні қажытты ғой. Сонан болар»,— деп түйді. Шынында Ақшиіліден шыққаннан бері екі күнгі жүріс аттарға да, адамдарға да қатты батты. Әсіресе тоғын баспай мінген аттардың шілде айының шыжғырған ыстығында қызыл майы шықты. Жаз бойы жан адам мінбеген ісік екпе семіз аттар тез барлығып, ырсылдап қалды.

Мына таулар мидай жазық далада жап-жақында көрінген сияқтанып тұрса да, жуық арада жеткізбеді. Тек күн кештете бергенде ғана қалың қолдың алды Белараның кезіне ілікті. Генерал Чернов оқ бойындай алда. Тәңірберген оның жанында үзеңгі қағысып келеді. Астындағы қара жал айғырдың екі бүйірі сұғылып кетті. Жол бойы жұмған аузын ашқан жоқ. Ауылдан аттанып шыққан күні соңынан қуып жеткен өзінің сенімді атқосшысы Ақикөз жігітпен де тілдеспей сұп-сұр боп сазарып алды.

Генерал Чернов бастаған топ Белараның кезіне тасырлатып шыға келгенде, күншығыс жақтарынан үлкен теңіз жалтырап қоя берді. Шөл қинап келе жатқан аттар суды көргенде сұлығын шайнап, оқыранып қоя берді. Тәңірбер-

ген қарыстырып ұстаған қос тізгінді жібермей, ат бәсын бірден Ақбауырға қарай бұрып алды.

— Тама-ша!..— деп генерал Чернов жоны күдірейіп жатқан Беларанға, онан күн астында жалтыраған көк теңізге, онан шұбатқан шағыл құм Ақбауырға қарап тұрды да,— мырза,— деп Тәңірбергенге бұрылды,— бұл арада тұщы су бар ма?

— Бар.

— Ендеше бүгін осы арада тыныгып дем аламыз. Ел бар ма?

Тәңірберген іркіліп тоқтап қалды. Генерал қайталап сұраған соң ғана «ел бар» дегендей басын изеп ишара етті де, атын тебініп ілгері жүріп кетті. Осы кезде подполковник Федоров жолындағы кісілерді киіп-жарып өңмендеп кеп Тәңірбергенмен қатарласты:

— Мынау бір таныс жер секілді.

— Мүмкін ..

— Бұл қай жер?

— Ылдидағы ана құм — Ақбауыр.

— Ақ...

— Мына қара жота — Беларан.

— Бил... түһ, сайтан алғырға тілің де келмейді. Бірақ таныс жер сияқты.

— Бұл араға баяғыда сенің әкең промсол салған.

— Ах, да-а!..

Тәңірберген подполковник Федоровтың қатты бұзылған ажарынан көзін айырмай бағып қалды. Федоровтың астында ұзын көк ат. Кешелі-бүгін тарлан тақымынан босап, қосарда келе жатыр. Сексеуіл станциясының бет алдында, Тебіренбес тауының қәукиген қара тұмсығының астында жалғыз үй отырған кедейлеу бір кісінің бәйгеге қосып жүрген аты еді; белдеуде тұрған атты түсі суық офицер немденіп, ерттеп мініп алғанда, жүдеу үйдің қатын-балалары еңіреп қоя берді. Үй иесі — орта жастағы капсағай қара жігіт қана дыбыс шығармай тістеніп алды. Үйінің үстіне әскер құлардың алдында бір күн бұрын Тебіренбес тауының сыртындағы жазықтықтан киік қуып қан сорпасы шыққан атты отқа жібермей, белдеуге байлап қаңтарып қойған-ды. Жаз бойы тісі қызылға тимей, қолдағы азын-аулақ қараның ағын алданыш қып отырған үй сол күні кеш боп қалғанына қарамай киік етін бір қазан ғып асып, таң алдында ғана жатыпты. Елең-алаңда ауыл үстіне сау етіп әскер құлағанда бұлар ұйқыда болатын. Белдеуден тарланның оқыранған даусынан оянып кетті. Ат тұяғының дүбірі-

нен шошып көйлек-дамбалшаң бойымен сыртқа жүгіріп шықты. Бірақ Федоров белдеудегі атқа бұнан бұрын жетті. Әйтпеген күнде ұшқан құс болмаса бұл өңірде жер басқан малда тарланға жететін жылқы жоқ еді. Байқап келеді: тарлан ат подполковник Федоровке де қатты ұнаған сияқты. Қашса — құтылатын жүйрік атты ол екіталай қиын кезге сақтап, Ақшіліден шыққалы қосарға алып келеді.

Жаңағыдан кейін Тәңірберген онан көз қиығын алмады. Подполковник Федоров әкесі марқұмның осынау тай-таласқан тірлікте іздеп тапқан жерін көргенде, тап әне бір жолы торгке салуға келгендегідей көңілі жүдеп кетті. Есіне теңіз жағасындағы екі-үш үй мен түйе қорадай кең лабаз түсті. Бірінен-бірін көшіріп алғандай бас-аяғы бір беттен аспайтын хаттарында әкесі марқұмның алыстағы баласына үнемі іштей мақтанышпен жазатын бір сөзі болатын. «Құдайға шүкір, әкеңнің жағдайы жақсы. Азиаттар алдымда дірілдеп тұрады. Промсолым да үлкейіп, байып жатырмын».

Байлығының сиқын баласы кейін көрді. Азиаттар алдында дірілдеді ме, жоқ па, ол арасына көзі жетпейді, ал әкесі қаза тапқан соң төбе басына жалғыз өзін жерлегені анық. Қабыр басына шанышқан ағаш крест түйе сүйкеніп, біраз уақыт бір жамбасына қисайып тұрды да, ақырында құлап түсті. Жел ызғыған жалаңаш төбе басындағы жалғыз қабырдың топырағын суырып үріп әкетіп, бүгіндері жермен-жексен етіп тегістеп тастаған болар.

Астындағы ат шегіншектеп, осқырып қалды. Подполковник Федоров қолынан түсіп кеткен тізгінін жиып ала койды. Еңсесін тіктеп, ат үріккен жаққа қараса, есіз қыстауға кепті. Қарсы алдында есік-терезесін алған несіз қыстау үңірейіп тұр екен.

— Тyh, сайтан алғыр,— деді Федоров неге ыза болғанын өзі де жөндеп білмей, шыныдай шатынаған көзімен әлдекімді іздеп.

Тәңірбергенді бір топ солдат ортаға алып тұр екен. Ызалы жандар тірілей түтіп жейтіндей қамшыларын үйіріп айқайлап боқтап жатты. Оған, бірақ жас мырзаның шаіітаны сескенетін емес. Қара зегірен бешпет сыртынан киген боз шекпеннің өңірі ашылып, аналардан тіпті аныкын жимастан жайбарақат тұр. Подполковник Федоров кимелеп кеп Тәңірбергенге ат тұмсығын тірей тоқтады. Шұғыл бұзылған өңі сұп-сұр Түймедей көк көз тесіп барады.

— Құдық қайда?

Тәңірберген бір жанға көз салмай сырт беріп тұрған

жүзін бұған да бұрмады. Подполковник Федоровтың дірдір етіп қамшы сабын қысқан қолы кенет қылышқа жармасты. Бірақ қынаптан суырам дегенше мына жақтан атын кимелетіп Ақикөз жігіт те жетті.

— Тақсыр... тақ-сыр...

Жұрт назары тегіс бұған ауды. Подполковник Федоров жарқ еткізіп суырып алған қылыштың ұшын ғана қынапта ұстап тұр.

— Тақсыр... тақсыр, мырза сіздерді алдап тұрған жоқ. Бұл біздің ауылдың қыстауы. Он шақты құдық болатын. Қаншама қыруар малды суарғанда суы ортаймайтын...

— Врешь, гад. Бұл бізді Аралдан шыққалы алдаумен келеді.

— Жоқ, жоқ, тақсыр. Алла атымен ант етем. Он шақты құдық болатын...

— Ах, ты, косоглазый холуй! Ол құдықтар қайда? Ну, жаныңның барында айт!

— Осы аранық балықшылары көміп тастаған.

— Балықшылар?

— Я, тақсыр, балықшылар Ақтың әскері келе жатыр деген хабарды естіп әдейі істеп отыр.

— Балық-шы-лар? — деді Федоров ойлы дауысын созып.

— Я, тақсыр. Ана жылы сіздің әкеңізді өлтірген кісілер. Өздері осы арадан онша қашық емес.

Тәңірберген сөзге араласпай сырттап тұр. Федоров оған назар аударып қарамаса да көз қиығынан босатпай бақылап тұрды да, атын тебініп қалды. Иіріліп тұрған әскер аттарын қозғап, Федоровтың соңына ерді. Қалың қол жымжырт даланы дүбірлетіп сыдыра шоқытып келеді. Кішкенеден кейін балықшылар ауылының желке жағындағы қоңыр төбеге шауып шықты. Төбенің арғы астында, теңізге төнген биік жардың нақ ұшар басына мінбелетіп салған жер қазбалар жыпырлап қоя берді.

Көз ұшында желкен көтерген көп қайық арғы бетке қарай маңып кетіп бара жатты. Сылқылдақ толқын шылпшылп ұрып жатқан жағада да, жер қазбалардың маңында да қыбырлаған тірі жан көзге түсе қоймады. Соған таңданды ма, қоңыр төбе басына шауып шыққан подполковник Федоров ат басын тежеп азырақ іркіле түсті де, қайтадан ағыза жөнелді.

Құжынаған қазбалар қаңырап бос қалыпты. Қолға іліккер лыпаларына дейін өздерімен бірге ала кеткен

— Өртеңдер! — деді Федоров.

Солдаттар аттарынан түсе-түсе сала жер қазбаларға от қойды.

Үйлердің жанында үюлі жатқан отындар лаулап ала жөнелді. Есік, терезелер иістеніп түтеп, пышыр-пышыр жанып, бір кезде үйлердің төбесі опыр-топыр ортасына құлады.

Әскер теңіз жағасына жайғасты. Шөлдеп келген аттар терін басып суытқанға шыдамай шұрқырап кісінеп, теңіз суына бас қойды. Кейбіреулері кешіп барып тереңірек жердің тұнығынан ішті. Солдаттар да кір киімін апыл-құпыл шешіп, мөлдіреп жақан теңізге гүмп-гүмп қойды.

Қалжырап келген кісілер ертеңіне кеш оянды. Тәңірбергеи шешінбей, астына жайған ақ тоқым үстіне қисая кеткенді. Түнімен теңіз беттен соққан қоңыр самал астында қыбыр етпей қатып қалған екен. Ертеңіне сергек оянды. Теңіз жағалауының түнгі дымқылы бұлар тұрам дегенше кеуіп үлгірді. Жел көтерілген. Ұлы теңіз өкіріп, үйдей толқындар ереуілдеп бой көрсете бастаған. Және теңіз жақтан түйдек-түйдек бұлт көтеріліп, қара қошқылданып түксиіп келе жатты.

Солдаттар ояна сала үсті-басының шаңын қағып, аттарына жүгірді. Генерал Чернов алдақашан оянған сияқты. Бұлар тұрған кезде ол ақ арғымақ үстінде айнала төңірекке барлай қарап тұрды. Тәңірберген жел ығында жалпылдаған шалғайын жиып қаусырынып алды да, атқа қарай аяңдады. Қара жал айғыр ұзамапты. Түнде тұсап жіберген жерінен сәл әрегіректе бір топ аттың арасында ыққа қарап тұр екен.

Бұлар тегіс атқа отырды. Қара құрымдай кісілердің алды ақырын қозғалып, қырға беттеп шыға бергенде, теңіз жағасының жынды есірік желі тіпті құтырынып кетті. Шаң көтерілді. Толқын басы ағарып, жағалаудағы селдір сұйық камыс суылдап шайқала бастады. Тәңірберген күн жауар деп ойлап еді; бірақ үйтпеді. Қатты жел ыдыратқан бұлт кең аспанда жүлгеленіп, көз ойдым алаңғыттар пайда болды. Көп ұзамай көк жүзін кілегей қысық бұлт шарбылады. Көшкен бұлт бауырында, төменде теңбіл-теңбіл қоңыр көленкелер жосып жүр. Ара-тұра шарбы бұлт тасасынан жарқырап шыға келген күн тас төбеде шақырайып кісі көзін қарып бара жатты. Сондайда Тәңірберген жанын саялайтын жер таппай, сонау ілгеріде жосып бара жатқан қоңыр көленкеге жеткісі кеп атын тепкілей түседі.

Биыл бұл жақ тіпті қуаң екен. Шөбі күйген сұр дала шаңдатып боран тұр. Ат тұяғынан ұшқан топырақтан

аспан тұтылды, шаң жұтқан аттар әрі-беріден соң тынысы ауырлап қайта-қайта пысқырады. Алғашқы бетте жаңбыр сіркіреген-ді. Сирек жаңбыр май топырақты бұжырлап, сұр даланың бет жағында қорасан шешек дағындай шұбар із қалды. Түс ауа бергенде жел басылды. Болар-болмас сіркіреп өткен сірке жауын бір сәтте бу боп ұшып үлгірді. Сонан кейін-ақ шілде айының ыстық ауасы адам бойын ауырлатып, құдды кір жайған үйдің нісіндей қапырықтана бастады...

Аттар аяғын баса алмай ырсылдап келеді. Жол қажытқан жүдеу жандарда маза жоқ. Тәңірберген ауылдан ерте шыққан атқошысы Ақикөз жігіттен көз жазып қалды. Ол пақыр Ақшиліден бері қараған азапты жолдың бір жерінде аты болдырып қалып қойды-ау, деп ойлады. Өзек жалғар оты, суы бар жерге тезірек жетсек деген дәмемен бұлар күндіз қайнаған ыстықта да бір жерге бел шешіп аялдамай, қыбырлап ілгері тарта берді. Беларанан ұзап, қысы-жазы құлазып жататын елсіз далаға қалыңдап кіре түсті. Әрі-беріден кейін қанша жүрсе де тіске тиер қылтанақ шөбі жоқ қызғылт тастақ дала басталды.

Бұл жақтың жолын Тәңірберген нашар білетін. Астыққа барып қайтқан қалашылардан естуі бойынша: осыдан былайғы жол қашан Қарақалпақ жеріне өтіп, сонау шалғай жатқан Қоңырат, Үргеніш, Шымбай қаласына жеткенше елсіз. Құс ұшпайтын қу дала. Жөнеуіт хан басмашыларының ежелден бермен қарай қазақ ауылын шауып, ырғап-жырғап қайтатын жолы. Осы мына кессе қан тамбастай боп безеріп алған далада солар ғана білетін жалғыз-жарым құдық болады. Ұлы теңізге мінбелеп төніп тұрған көк қатпар шыңның кейбір қиын шатқалы мен ұры жымдарында тас арасынан жылап аққан мұздай бұлақ ұшырасады деп, Қоңырат, Шымбайға қалашылап барып қайтқан көнекөз қариялардың айтып отырғанын есіткен-ді. Осы сөз ойында қалған мырза жол бойы төңірегіне көз тігіп қанша қараса да осынау құлазыған меңіреу даладан ондай тірлік ізін таба алмады. Өрттей ыстық күн жер-дүниені күйдіріп барады. Мидай жазық далада кісі саялайтын бұта жоқ. Теңіз суын ішкен аттардың іші кетіп, жолшыбай тоқтаған жерде отын ала алмай басын жерге салып мықшияды да тұрады.

Арал теңізінің бұл беті тік жар. Етегін күндіз-түні көк толқын сүзгілеп, гүрілдеп жататын кеңкиген бинік құз, қиялардан кішкене төмен еңкейсең де басың айналып қоя береді. Ілгері басқан сайын биіктеп теңіз жағасына құлайтын жол таппады. Алдарында әлі де Қасқажол, Қаратамақ,

Қоянқұлақтың қиын асулары жатты. Тәңірберген титығы құрыған әскерде бұдан артық жан созатын жағдай қалмағанын білді. Генерал Чернов та қазір тірі аруақтай. Белаяннан бері қарай шыққалы күн-түн қатқан ұзақ жүрісте оның аты да, өзі де қатты жүдеді. Әсіресе кейінгі кезде күнге күйіп қап-қара боп түтігіп кеткен жүдеу бетін сақал-мұрт басып, көзі шүңірейіп, ерні шыт-шыт боп жарылған. Соған қарамастан ол әлі де дініне берік. Ертеден қара кешке дейін тас төбеңде өртеп күйдіріп бара жатқан күн астында ілбіп басқан әскердің оқ бойы алдында ақ арғымақтың үстінде қазықтай боп қақшияды да отырады. Күнге күйген беті қазір тіпті түтігіп, тастай түйілген қабағынан қатқыл ажар айықпады. Кешелі-бүгінгі жолда әсіресе қатты әлсіреген жұрт жыра, сай бойында әр төбенің баурайында бестен-оннан қарайып қалып жатты. Генерал қырыла бастаған кісілеріне де қайырылған жоқ. Ендігі бар дедігі: тым құрыса қолда қалған кісілерін Қарақалпақ пен қазақ жерінің шекарасына аман жеткізбек. Ағылшын генералы уәдесінде тұрса — екі елдің аралығына арғы жағынан атаман Фелишев пен ақ офицер Сафардың әскері кеп азық-түлікпен күтіп жатуға тиісті. Бірақ бұған Тәңірберген сенбеді. Қазір ол екі жүзді адам баласы түгіл, көктегі құдайдың өзіне де сенбеді. Кісі басына іс түсіп қысылғанда желеп-жебейді деп ойлайтын әулие-әнбиелер мен әлдеқашан сүйегі құрап қалған ата-бабалардың аруағына да сенген жоқ. Бұл жалған дүниеде біреуге біреудің жаны ашиды екен, рақымы түсіп, етбауыры елжірейді екен деп ойлаудың өзі ақымақшылық. Өз басы бұл күнде ондай ойдан дәмеленбейді. Өзінің осы өмірден мықтап түйген бір шындығы бар: қайта тілі тәтті кісілер тас бауыр, қатал келеді. Қолымен қан шеңгелдеп тұрып та олар адам адамға бауыр, дос деп даурығады. Бұнысы да жендеттің бал үстіне білдірмей у сеуіп беріп тұрып, бергі жағынан жүзі жылтырап күлімсіреген көлгірлігіндей. Бұның өзі де құдіреті жүріп тұрған кезде дәл осылардай болды. Өмір бойы әлі жеткенін сауырлап талап келген-ді. Басынан бақ тайып, бойынан күш кеткенде, кеше өзінің ауылын мыналар талады. Кешегі Абралыға қараған асқақтаған аруақты ауылдың асын тартып ішті, атын тартып мінді, қыздары мен қатындарын көз алдында зорлап жатқанда көріп тұрып қол қата алмады-ау! Бұлар қолына түскенде балықшылар ауылын аяр ма еді? Қолына түссе қазір де кімді аяйды? Жә, түбін теріп қайтеміз, қай заманда, қай дәуірде кімді кім аяп еді? Жазғы күн қып-қызыл боп та-

лаурап батып бара жатқанда сілесі құрыған әскердің алды Қасқажол, Қаратамақ асуына жетті.

Әлсіз кісілер түнейтін жерді таңдап жатпай, әркім өзінің тоқтаған жеріне жантайып қисая-қисая кетті. Көпке дейін сыр бермей келген мырза да осы бүгін шалдығып жетті. Ат арқасынан сыпырып алған көк қасқа ерге басын салып, салдыраған қол-аяғы сырқырап ауырып жатыр. Денесі тиген жердің күн көзінде қайнаған ып-ыстық топырағы ала-бөле жауырынына шоқтай басылып, қалжыраған бойын күйдіріп бара жатты. Онсыз да тамағы құрғап, тілі аузына сыймай тобарсып кеуіп кетті. Аңызақ аптап ат тұяғынан ұшқан шаңды күні ұзын ұйтқытып, үйіріп әкеп бұның көзіне, құлағына, аузы мен мұрнына тығып болған-ды. Оқтатекте тамсана қалса да, тісіне тұрған топырақ шықырлайды Бағана сілесі құрып жығылған жерде, бұның дәл жауырыны астында жұдырықтай бір тас қалған екен. Әрі-беріден кейін сол тас денесіне батып, қыры тесіп бара жатты. Бірақ бұл қозғалуға ерінді. Қатты шаршағанына қарамастан көпке дейін көзіне ұйқы келмей қойды. Күн батысымен жұлдыздар быжынап қоя берген қара көк аспанға көз тігіп, осынау қызығы таусылған адыра қалғыр дүниеде өзінің бары-жоғын да сезбей сұлқ түсіп жатқан-ды. Қалай ұйықтап кеткенін сезбеді. Қалжыраған кісілер қатып қалған екен. Таң алдында бәрі шошып оянды. Не боп, не қойғанын алғашқыда бұлардың ешқайсысы білмеді. Ай әлдеқашан батқан. Таң алдындағы тастай қараңғыда абыр-сабыр боп құйқылжып жүгірген кісілер, айқай-сүрен, тарсылдап атылған мылтық. Ештеңеге түсінбесе де есі шыққан кісілер бет алды құла түзге тарсылдатып атып жатты.

Тәңірберген алғашқыда қызылдар келіп қалған екен деп ойлап еді, бар жағдайға ол кейін қанды. Белгісіз біреулер таң алдында ұрланып кеп, қаңтарулы тұрған аттарды алдарына сап қуып әкетіпті. Алғандары аяқ артар әлі бар аттар. Ішінде генерал Черновтың ақ арғымағы, подполковник Федоровтың тарланы. Тәңірбергеннің қара жал құла айғыры.

Тәңірберген көк қасқа ерге құйрығын басып отыра кетті. Бұны істеген Кәлен екеніне ол күйттай да күмәнданған жоқ. Аралдан бері қарай шыққалы бұлар тартқан бар тауқыметтің бәр-бәрі сонан. Бұлардың жолындағы ауылдарды күні бұрын көшіріп, құдықтарды улап, көміп кетіп отырған сол. Қарала-көп те қаннен-қаперсіз отырған бұның өз ауылын алдап-сулап ақтардың жүрер жолына көшіріп

өкеп, осынша арандатқан да сол. Ал мынау да анық соның ісі. Сол! Сол!

Тәңірберген басқаларға ұқсап жау қуып әкеткен атының соңынан жүгірмеді. Енді не істейміз деп есі шығып, сасқан да жоқ. Тіпті, керек десе қапыңды тоскан кезеңді жаудың осынау зымиян жаулық ісіне зығыры қайнап күйінбеген де сияқты. Бұ да адам баласының ежелден бері бір-біріне істеп келе жатқан көп қиянатының бірі. Несі бар, мұның мен зарың мына кірмейтін көлденең кісілер былай тұрсын, құдіреті жүріп тұрған кезде осының бәрі тіпті бауыр бауырға, қарындас қарындасқа істейтін қиянат. Қиянаттан көз ашқан кісі қашан жүрімі таусылып, өле-өлгенінше осы дүниеде әлі жетсе әлсізге қиянат істеп, зәбір беріп, табанына сап тепкілеп өтеді. Аң бол, адам бол, мейлі, осы өмірдің ежелден бергі заңы осы. Адам баласы басынан кешкен арғы, бергі тірліктің егжей-тегжейін білмек боп, жазатайым көш соңынан көз жүгірте қалсаң кешегі ата-бабаларының әр ізі аңырап, зарлап қоя беретіні де бәлкім содан болар-ау!

Жас мырза қабағы түсіп тұнжырап барады. Бұл сияқты генерал Чернов та болған оқиғаны жайбарақат қабылдады. Алдына тоскан атқа мінбеді. Қолына таяқ алды. Таяқтың ыңғайлы басынан ұстады да, жөн таппай ніріліп қалған әскерді бастап алға түсе берді. Тәңірберген түрегелді. Тәлтіректеп бір-екі басты да тоқтады. Соңында қалып бара жатқан көк бас ерге жанары сөніп кеткен көзін бей жай ғана тастап тұрды да, тастақ жерді топырлап басқан жаяу кісілердің арасында кете барды. Қазір оған атты бол, жаяу бол бәрібір сияқты. «Маған бәрібір»,— деді осы ойды өзі де құптап.

Ассыз, сусыз әлсіреген кісілер күн кештете Қасқажол, Қаратамақ асуынан асты. Көп адам кейінде қалды. Әлі құрығаң кісілер ере алмай жол бойы қалып жатыр. Тәңірберген де әлсіреді. Кезінде бір қара беріп тіккізген аяғындағы мына адыра қалғырдың бнік тақасы басқызбай келеді. Ыңғынан сыпырылып түсе берген соң ол түйе жүн боз шекпенді бағана тастап кеткен-ді. Қазір бойында қара зегірен бешпет қана қалды.

Сүйретіп басқан аяғын тас қаққан сайын Тәңірберген құлап қалатындай қорықты. Қатар жүріп келе жатып қақтығысып, біресе оң жағынан, біресе сол жағынан құлап жатқан кісілерге бұл қарамауға тырысып, көзін жерден көтермей қойған-ды. Бір кезде генерал Чернов есіне түсіп көзін ілгері тастап еді; бірақ ол қылтанақ шөбі күйген сұп-сұр

жүдеу далада тірі аруақтай қыбыр-қыбыр қозғалып бара жатқан ұсқынсыз кісілерді бірінен-бірін ажырата алмады. Қауқарсыз бойынан қару-жарақтарын алдақашан тастаған. Жол-жөнекей бас киімі мен бойындағы басқа да бар лыпасын бір-бірлеп тастап келеді. Кейбіреу көйлегіне дейін лақтырып, тырдай жалаңаштанып алған. Шаштары дудырап кеткен. Жүн басқан кір-кір бетінде кішкентай көздері ғана жылтырайды. «О, құдай!» — деді Тәңірберген. Құп-құрғақ боп кеуіп қалған тамағынан дыбыс шықпай, құр ғана қырылдады. Аяғын нық басқысы келсе де денесін билей алмай екі жағына теңселіп, толықсып тұрды да, кенет жоғарыға қарады. Бұлардың тас төбесінде ірі қара құстар қаптап толып кетіпті. Төменде қыбырлаған кісілерді торуылдап қалықтап жүр. Жас мырза мына құзғын құстардың арғы жағындағы көгілдір аспанға, қатты жел жыртып дода-додасы шыққан кешегі қоңыр бұлттың сілімтіріне ілдеп ықлас қоймай, тек әншейін көз сап тұрған. Кенет сүлесоқ, енжар көңіліне шок басып алғандай болды. Жаңа ғана бейжай көз сап тұрған шалғай қашықтан, сонау жұмбақ дүниенің дәл өзінен түсі басқа бір тірлік сезді. «О, жасаған! — деді ол ішінен— О, жасаған! Іші тар, қызғаншақ кісілерге не жорық. Бір-бірімен олар қайтіп қырқыспасын. Мына аспанға қарашы! Аспан екеш аспанда да тыным жоқ екен ғой. Бұлт пен жел қысқа күнде қырық рет жағаласып ұйқы-тұйқы боп майдандасады да жатады. Күн сонда туады. Ай сонда батып, түн мен күнді кезек жеңдіріп келеді. Ай мен күн батқан сайын қай кісі мезгілсіз сөнген үмітін көргендей боп көңілі мұңға бейімделмейді. Сен тек жер бетіндегі тірліктің бұнымен таусылмасын, түннің артында күн барын, қуанышы мен реніші аралас жүретін және бір жарық күн кеп жер бетінде ертең тағы жігерсіз өмір басталатынына сенесің. Сенесің бе соған? Мен сенем бе? Мына генерал сене ме? Мына сорлылар сене ме? Рас, ана әлсіреп жығылып жатқан жердегі кісілерді торуылдап ұшып жүрген жыртқыш құстар сенер. Я, олар сенеді».

Тәңірберген бойын билей алмай, аяғын аннан-саннан бір басып тәлтіректеп барды да тоқтады. Сүлдері құрыған бойын шаққа билеп қалды. Көзі қарауытып кетті. Қап-қара тұңғиық дүние кенет қып-қызыл боп алаулап бара жатты. Түксиген қараңғы дүниені серпілтпек боп қызыл жалын жалқылдайды. «Мынау өрт. Дүниені өрт алды»,— деп ойлады. Бәсе, әйтеуір өрт лебіндей ыстық жалын бегін шарпып күйдіріп барады. Жалқылдаған қызыл жалын арасынан бір кезде бітімсіз бірдеңе қараңдаған тәрізденеді. Келесі

сәтте жаңағы ажырата алмай тұрған қараңдаған нәрсе адам бейнесіне еніп, өртке қарсы жүгіріп бара жатқан өзге ешкім де емес, өзінің оқыған інісі тәрізденді. Тәңірберген інісін таныды. Інісінің мына оғаш қылығына таңданып қап, онан көз алмай қарап тұрды да кенет жарыла күлді. О,сорлы .. есалақ сорлы! Есі дұрыс кісі үстіне келген өртті қарсы жүгіріп өшіре ме? Ха-ха-ха!

Жас мырза есін қайта жиды. Есірік санасы да іле-шала қайтып оралып, үстіндегі ұшы-қиыры жоқ көк аспан мен жарқыраған күннің бәз баяғы күйде мөлдіреп тұрғанын көрді. Тек әлсіз буыны қалтырап бойын билей алмай толықсып кеткен сайын төбесіндегі көл-көсір аспанда, табаны астындағы жерде өзімен бірге теңселіп, шайқалып тұрды. Көк жүзінде репетсіз ірі құстар толып кеткен. Қанатын үсті-үстіне сілтеп, далп-далп қағады. Қара құстардың арғы жағында тұңғиық көк аспан мөлдірейді. Адам баласының нақақ төгілген қаны мен көз жасына керелеп ап, шөлдеген кісіге бір жұтым су татырмай безеріп жатқан безбүйрек жерге қарағанда, асылы бар-ау, мына аспан, он сегіз мың ғаламның үстіне үй көтергендей мына көк зеңгір аспанның рақымы мен әділдігінде шек жоқ. «Шын солай ма? Бар жұртқа бірдей әділ ме? Маған істегені, мына сорлыларға істегені де әділдік пе?» — деп ойлады ол. Сауалына жауап іздегендей жас мырза аспанға қайта қарады. Шаңқай көк аспан сол баяғы қол жетпес қашықта жарқырап тұр. Құбыла жақта батар алдындағы күннің соңғы қып-қызыл сәулесі дүниені теп-тегіс алаулап жалқылдайды. Тәңірберген күрсінді. Мына аспанның әділ болмауы мүмкін емес. «Жоқ, мына аспан әділ, әділ, әділ шексіз әділ!» — деп ол осынау опасыз жалғанға өзінің кеш байқаған пұшайман бір сырын бар дауысымен жар салғысы кеп кетті. Оған бірақ шамасы келмеді. Бұл кезде ол бар дауыстан жұрдай боп айрылған еді.